

**«ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ: ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ»(IVҚАБДОЛОВ ОҚУЛАРЫ) АТТЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ,
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, ҚР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ
ЛАУРЕАТЫ, ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ЗЕЙНОЛЛА
ҚАБДОЛОВТЫЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАНХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ**

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЗЕЙНОЛЛА КАБДОЛОВ: ПРОБЛЕМЫ МИРОВОГО И КАЗАХСКОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ»(IVКАБДОЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ),ПОСВЯЩЕННОЙПАМЯТИ
АКАДЕМИКА НАН РК, НАРОДНОГО ПИСАТЕЛЯ КАЗАХСТАНА, ЛАУРЕАТА
ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРЕМИИ РК, УЧЕНОГО,ОБЩЕСТВЕННОГО И
ГОСУДАРСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ ЗЕЙНОЛЛЫ КАБДОЛОВА**

COLLECTION

**MATERIALS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
“ZEYNOLLA KABDOLOV: THE PROBLEMS OFWORLD AND KAZAKH
LITERATURE STUDIES”(IV READINGS OF KABDOLOV) DEDICATED TO THE
MEMORY OF ACADEMICIAN OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, FOLK WRITER OF KAZAKHSTAN, A LAUREATE OF
STATE PRIZE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, PUBLIC AND STATE
FIGUREZEYNOLLA KABDOLOV.**

Атырау, 3-4 ақпан 2023

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Ә25

Редакция алқасы:

Идрисов С.Н. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор

Айбульдинов Е.К. – Ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор, PhD доктор

Қайырғалиева Г.Қ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректор аппараты жетекшісі, т.ғ.к.

Жүсіп Қ.Ө. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Бакирбекова А.М. – Ғылым департаментінің директоры, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Султангубиева А.А. – Көптілді білім беру факультетінің деканы, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

Абдрахманова Ж.М. – Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

Құрастырушылар:

Абдрахманова Ж.М. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

Аяпова Г.Б. – филология ғылымдарының кандидаты

Даулетова Г.Б. – филология магистрі

ISBN 978-601-262-495-3

«ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ: ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»(IV ҚАБДОЛОВ ОҚУЛАРЫ) мақалалар жинағы – 514 бет.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағына академик З.Қабдолвтың әдеби және ғылыми мұрасын, әлем және қазақ әдебиеттануының қалыптасуын, қазіргі кезеңдегі дамуын қарастырған және орта мектепте әдебиетті оқытуға арналған ғылыми мақалалар енгізілді. Жинақ әдебиеттану саласына қызығушылық білдірген ғалымдарға, мұғалімдерге, ізденушілерге және қалың оқырманға арналады.

ISBN 978-601-262-495-3

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2023
«ASU PRESS» баспасы

Құрметті конференцияға қатысушылар, қадірменді зиялы қауым!

Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Зейнолла Қабдоловты еске алуға арналған «Зейнолла Қабдолов: Әлем және қазақ әдебиеттану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Қазақ және Қырғыз Республикалары ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Халық жазушысы академик-ғалым Зейнолла Қабдоловтың туғанына 2022 жылғы 12 желтоқсанда 95 жыл толған еді.

Академик еңбек еткен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде желтоқсан айында өткен конференциядан кейін ғалымның туған жерінде жалғасын тапқан ғылыми жиын әлем және қазақ әдебиеттану ғылымындағы Зейнолла Қабдоловтың орнын айшықтап, мұрасын насихаттауға жол ашар қомақты үлес болары сөзсіз.

«Өлді деуге бола ма, айтындаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей, Зейнолла ағамыздың әдебиет саласын дамытуға қосқан үлесі, еліне жасаған қызметі ұшан-теңіз. Заманауи тақырыпта қалам тербеген ұлы жазушы көркемдік бітімі мүлдем бөлек бірнеше тың кейіпкерлерді қазақ әдебиетіне алып келді. Соның бірі - Мұхтар Әуезов бейнесі болатын. «Менің Әуезовім» роман-эссесі заман тақырыбын тереңнен тартып, бейнелеген, тарихи шындықты үлкен ауқымды көрегендік тұрғыдан жинақтап берген бірегей туынды ретінде барша оқырман жүрегіне жол тартты. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған роман Қабдоловтың көркем прозадағы көп жылғы шығармашылық ізденісінің бірі ретінде әдебиет тарихында ойып тұрып орын алды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде табан аудармастан жарты ғасырға жуық ұстаздық етіп, қазіргі күні әдебиеттанушы, тіл жанашары болып жүрген рухани сала өкілдері мен қоғам қайраткерлерін қалыптастырады.

Бүкіл қазақ халқына мол мұра қалдырып, елі мен туған жерінің мақтанышына айналған Қабдолов Зейнолла ағамыздың даналық ойлары, шешендік сөздері қазақ халқымен бірге үндесіп, мәңгілік жасай бермек.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін, келелі ойлар мен пайымды тұжырымдар жасалар ғылыми конференция қабдоловтану және жалпы қазақ әдебиеттану саласындағы тағы бір табысты қадам боларына сенімділік білдіремін.

Министр Саясат Нұрбек

Құрметті зиялы қауым, «Зейнолла Қабдолов: Әлем және қазақ әдебиеттану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысушылар!

Қазақ халқының шоқтығы биік тұлғасының бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Зейнолла Қабдоловты еске алуға арналған халықаралық ғылыми конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Хакім Абайды қазақпен қауыштырған Мұхтар Әуезов сынды заңғар жазушының шарапатын көрген Зейнолла Қабдоловтай тұлға – ғасырда бір туар, қайталанбас тағдыр иесі. Ол саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің теориясын негіздеуге арнап, әдебиетіміздің тарихында дара жолын салған тұлғалар шығармашылығын зерделейтін ірі дүниелер қалдырған ғалым. Ғалым-жазушының шығармалары, тіпті әрбір мақаласының өзі үлкен ғылыми зерттеуге тұрарлық ұлттық рухани құндылықтар қатарынан орын алады.

1956 жылы шыққан тырнақалды туындысы «Өмір ұшқынынан» бастап оқырманына жол тартқан көркем туындылары – әдебиетіміз үшін құнды дүние болып қала береді. «Әдебиет сынды ар ісінің» алдындағы абыройлы қызметін атқарған жазушы өз шығармаларымен ұлттық рухты шыңдады, өз дәуіріндегі жалынды жастардың үлкен мақсаттағы өмір жолын жас ұрпаққа өнеге ете білді. «Менің Әуезовім» арқылы шәкірттің ұстазға деген құрметін үлгі еткен еді.

Күні бүгінге дейін еліміздің жоғары оқу орындарының филология, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары студенттері басшылыққа алатын оқулық - «Сөз өнері». Осы үшін де Зейнолла Қабдоловтың ғылыми-педагогикалық мұрасы әлі күнге өзектілігін жоймаған өшпес мұра.

Атырау топырағынан түлеп ұшқан ғалым-ұстазды еске алуға арналған конференция барысында қазіргі кездегі мектепте әдебиет пәнін оқыту, әдебиеттану бойынша жаңа зерттеулер мен әдістемелік тәжірибелер ұсынылады деп сенемін.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев

Құрметті Саламат Нұрмұханұлы Конференцияға қатысушылар!

Сіздерді көрнекті ғалым, академик Зейнолла Қабдоловты еске алуға арналған «Зейнолла Қабдолов: әлем және қазақ әдебиеттану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Зейнолла Қабдолұлы қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ұстаз-ғалым.

Академик Зейнолла Қабдолов қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін үздік бітіріп, ҚазҰУ-да елу жылдан астам үздіксіз қызмет атқарды.

Ұлы ғалым, қаламгер Мұхтар Әуезовтың шәкірті ретінде ұстаз өнегесін абыроймен жалғастырды.

Ғылымға бет бұрған жастарға тәлім-тәрбиесін аямай, бағыт-бағдар көрсетіп, көптеген ғылым кандидаттары мен ғылым докторларына жетекшілік жасады.

Әдебиеттану саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырып, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырды.

Ширек ғасыр бойы университетіміздің әдебиет кафедрасын басқарып, бірнеше жыл «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін негізгі қызметімен қоса атқарған.

Университетіміздің дамуына белсенді араласып, Абай институтын ашып, қайраткер ғалым ретінде рухани игі бастамаларға үн қосты.

Ғалымның «Арна», «Жанр сыры», «Сөз өнері», «Әдебиет теориясының негіздері» атты зерттеу-сын-эссе, монографиялары оқытушылар мен студенттердің, тілші-ғалымдар мен жазушы-журналистердің қажет кітаптарына айналды.

Ғылыми-педагогикалық қызметпен қатар шығармашылықпен айналысып, «Менің Әуезовім», «Ұшқын», «Жалын» романдарын жарыққа шығарып, оқырманың жоғары бағасын алды.

Бұл шығармалар қазақ әдебиетінің Алтын қорына қосылды.

Бүгінде көрнекті ғалымның еңбектері қазақ ғылымына ғана емес, тұтас Түркі әлеміне ортақ рухани қазына ретінде бағалануда.

Конференцияда академик Зейнолла Қабдолов туралы орамды ойлар, ұтымды ұсыныс-пікірлер, әсерлі естеліктер айтылады деп ойлаймын.

«Зейнолла Қабдолов: әлем және қазақ әдебиеттану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына табыс тілеймін!

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры**

Аса құрметті зиялы қауым, конференцияға қатысушылар!

Баршаңызды заңғар жазушы, академик Зейнолла Қабдоловты еске алуға арналған «Зейнолла Қабдолов: әлем және қазақ әдебиеттану мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысының басталуымен шын жүректен құттықтаймын.

Қазақтың Қабдоловы атанып, сырлы сөзбен сурет салған Зейнолла Қабдолов бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеті мен журналистикасының майталман мамандарын дайындап шығарған, өмірінде жазушылық пен ғылыми-педагогикалық жұмысты қатар атқарған ерекше тұлға. Әрине, Зейнолла Қабдолов өмірінің жарты ғасырын ғылым мен білімнің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізді. Көптеген шығармалары мен зерттеулері Алматыда жүзе асырылды.

Дегенмен екінші мыңжылдықтың басында З.Қабдолов туған жері Атырау қаласына келіп, осы жердегі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде еңбек етті. Қазақ тілі мен әдебиеті, филология мамандықтарының студенттері мен магистранттарына сөз өнерінен дәріс оқыды. 2003 жылы дауылпаз ақын Махамбеттің 200 жылдығында «Елдік пен елдіктің ұраны – Махамбет» деген бас баяндамасын жасаған еді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Зейнолла Қабдоловтың 75 жасына, 80 жылдығына, 85 жылдығына арналған ғылыми конференциялар өткізілген болатын. 2022 жылы оқу орында ғалымның 95 жылдығына орай Ұлы Ұстазымыздың әлемдік және қазақ әдебиеттану ісіндегі сара жолы мен мол мұрасын насихаттау мақсатында халықаралық деңгейдегі конференция ұйымдастыру жоспарланды. Университет ғылыми кеңесі және ардагерлер ұйымы З.Қабдоловты есте сақтау үшін Атырау қаласындағы 40-шы орта мектепке Зейнолла Қабдолов атын беру туралы бастама көтерген еді. 2022 жылдың соңында ҚР Үкіметінің Қаулысымен №40 мектепке ғалым есімі берілді.

Осы конференция аясында Атырау университетінде ғалым атындағы жаңарған атаулы аудитория ашылды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ғалым мұрасын зерделеу ісіндегі жұмыстарын әлі де жалғастыра береді.

**Саламат Нұрмұханұлы Идрисов,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
Басқарма төрағасы-ректор п.ғ.к., профессор**

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

PLENARY SESSION

ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРЕР ТУЫНДЫЛАР

Қадыр Жүсіп

Каспий өңірі Академиясының Академигі, филология ғылымдарының докторы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры,

Ә.Кекілбаев атындағы әдебиеттану ғылыми-зерттеу

орталығының директоры

Атырау қ., Қазақстан

Академик жазушы Зейнолла Қабдоловтың жариялана бастағанына жарты ғасырдан асқан туындылары «ҰШҚЫН» және «ЖАЛЫН» романдары ХХІ ғасырдың, жаңа ғасырдың басынан бері үріп ауызға салғандай мөлдір күйінде баяғыша жанымызды аялай бірнеше рет баспадан шықты. Ендеше, халқымыздың ерекше сүйіп оқитын туындыларының қатарынан орын алып келген шығармалар туралы әңгімемізді байырғы және жас оқырмандарымыздың назарына ұсына бермекпіз. Зейнекең «Өмір ұшқыны» повесі дүниеге келгенде жас жігіт болатын. Жас болса да шағын жанр машығын бастан кешірмей, бірден повесть-роман жауапкершілігін қайыспай көтерген қаламгер батылдығынан өзіндік бір заңдылықтарды аңғаруға болатын тәрізді. Ол ұлы ұстаздарының сөз өнеріндегі ғажайып тәжірибе мектебінен өтіп, іштей дайындықпен бес қаруын бойына асынып, қалам азабына бас тіккен еді. Оның үстіне, қолға алған тақырыбы өзіне бес саусағындай белгілі жай-тұғын. Жазушы, ең алдымен, өзінің жақсы білетін өмір шындығын ақыл таразысынан өткізген.

«Әрбір қалам иесінің творчествосына темірқазық болып отырған туған жер ана дидарындай ыстық. Зейнолла да өзінің... творчествосына өзек болар өмір шындығын өзге жақтан емес, тек туған жердің топырағынан іздеп тапқан», - дейді жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов.

Туған жер дегенде, «өзінің бауыр басқан тақырыбы мұнай өндірісі, мұнайшы өмірі бәрінен бұрын Зейнолланың бала кезден қанына сіңген, ауадай сімірген тыныс-тіршілігі. Сәби кезінен көргені – мұнайшы, мұнай мұнарасы, тұзды топыраққа томырылған жер нәрі-мұнай. Міне, бұл жазушының қолына қалам алдырмай қоймады.

Ғасыр басында ағылшын капиталистері Ембіге кеп мұнай өндіре бастаған кезден-ақ халқымыз оның қоғам өмірінде алатын орнын, баға жетпес қасиетін білген. Ұлы Отан соғысында фашистермен шайқаста жеңіске жетуіміздің бірден-бір кепілі-мұнай болғандығы даусыз. Ембі мұнайы – «Қара алтын» даңқы әлемге әйгіленіп, алғашқы мұнайшылар, нағыз маман мұнайшы-жұмысшылар қалыптасты. Отызыншы-елуінші жылдары жергілікті ұлт өкілдерінен барлаушылар мен бұрғышылар қатары толықты. Мұнай Ембі өңірі тұрғындарының тіршілік көзіне айналғандықтан, мұнайшылық атадан-балаға кәсіби мұра боп жалғасын тапты, мұнайшылар әулеттері пайда болды.

Жер астынан тіршілік нәрін тарту, оны халық игілігіне айналдыру қыр сыры қалың романтика. «Ұшқын» романының басты тақырыбы-мұнай өндірісіндегі адамдар қарым-қатынасы, болашақ мұнайшы мамандығын алу үшін күрес жолын өткерген студент жастар өмірі, ғылым мен тәжірибе ұштастығы, шынайы махаббат, достық адамгершілік, парасат несібесі, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен ұрпақ сыйластығы, сүйіспеншілігі... Шығармадағы кейіпкерлер қатынасы арқылы ашылатын бұл сүбелі тақырыптардан терең тіршілік идеялары туындап, жазушының негізгі ой өзегіне қада қазық арқау болған.

Қаламгер өндіріс тақырыбын қозғай отырып, оның арғы тарихына да үңілмейді. Бұл өңірде мұнай қалай өндіріле бастағаны әңгіме арасында айтылады да, негізінен, соғыстан кейінгі уақыт қамтылады. Біз мұны «ҰШҚЫН» романының бас кейіпкері Тайманның әкесінің тағдыр жолынан байқаймыз. Ол тек жұмысшы ғана. Шығарма емеурініне қарағанда елде жұмысшы қолы жеткілікті де, ал ұлттық инженер кадрлары әлі тапшы. Роман көтеріп отырған мәселе-осы жетіспеушілікті толықтыру бағытында ойландыру. Өз топырағымызда тұнып, жер қойнында әлі ашылмай жатқан құпияны игілікке жарату жастардың үлесіне тиюі керек. Олардың қатары көбейгені дұрыс. Сонымен бірге мамандыққа жолдама беріп жатқан оқу орындары өз ой шарбағында тұмшаланып қалмай, өндіріспен қоян-қолтық сабақтастықты жүзеге асыруы шарт. Ғылым мен тәжірибенің шын мәнісіндегі тығыз байланысы осыдан туады. Ондай бауырластық болмайынша ғылымның өмірден алшақтығы көп қателіктерге ұрындырары хақ. Университет геология факультетінің студенттері мұнай өндірудің екінші әдісі тәжірибеде бар екендігін білмейтіндігі аңғарылады. Бұл ғылымның жаңалықтардан шеттеу дерегі ретінде келтіріліп, өмірде кездесіп тұратын мұндай жайларды автор көкейтесті проблемалардың бірі тұрғысында көтерген.

Шығармада студент-жастар өмірі, олардың тұрмыс-тіршілігі, білім жолындағы қилы қиыншылықтары мен ізденісі бейнеленген. Жазушы білім-ғылым жеңіл-желпілікті, сыбайсалтандықты, салдыр-салақтықты көтермейтіндігін шынайы көркем эпизодтармен қадап көрсетеді, қомақты шырғалаң қақтығыстар арқылы мамандық алу талпынысымен қабат жастардың жалпы азамат ретінде қалыптасу ерекшеліктерін қызықты жеткізген. Күні-кеше ғана қан майданды басынан кешірген ел жастарының тіршілікке, бейбіт еңбекке ықылас құштарлығы зор еді. Олардың кейбірі от ортасынан оралғандар, біразы майдан ауыртпалығын тылда жүріп те мойнымен көтеріп, жанымен түйсінгендер. Сондықтан да оларға бейбіт өмір мейлінше қымбат, ел үшін маман болу, еңбек ету бақыт. Сондықтан да олар әділетсіздікке, салбөкселікке, жағымпаздыққа, мәдениетсіздікке қарсы майдан ашады, кемшілікті бетке ашық айтудан тайсалмайды.

Романда қилы хикаялы қарым-қатынастармен үдете қызықтырып отыратын кейіпкерлер легі баршылық. «Ұшқын» романының әр кейіпкері бізге таныс, әрі бейтаныс. Таныс болатыны – олар өмірде жиі кездесіп жүретін типтілігі, бейтаныс болатыны – әрқайсысы өзіне тән мінез-құлқымен барынша айшықталған дара тұлғалар. Шығарма сюжетімен өз орнын ойып тұрып алған Тайманның әкесі – Дәурен, анасы – Айжан, Дәуреннің жұмыстасы, ел адамы – Науша, университет ұстаздары – Сапаров, Арманов, Мусин, аспирант Айбар, студенттер: Тайман, Саша, Жабас, Алмаз, Арынғазы, Қабен, қыздар – Зәуре, Нәдия...бәрі де тип. Бәрі де өмірде бар адамдар, жинақталған бейнелер және бір-біріне ұқсамайтын мінездермен көрінеді, демек, әрқайсысы мейлінше дараланған. Осынау кейіпкерлер тобынан, әрине, Дәурен, Науша, Тайман, Қабендерді ерекше атаған жөн. Бұлар жазушы ашқан, бұрын қазақ әдебиетінде болмаған жаңа бейнелер типі. Олар қазақ әдебиетіндегі байырғы кейіпкерлер галериясын толықтыратын жаңа бейнелер.

3.Қабдолов дилогиясының екінші кітабы-«Жалын» романы. Шығарма аттарында логикалық байланыс барын оқырман бірден байқайды. «Ұшқын» және «Жалын». От жалыны ұшқыннан қаулайды. Екі сөзде де астар бар. Үлкен еңбек жолындағы албырт жастық ұшқыны, талап-талпыныс, мамандық меңгергеннен кейінгі қайнаған еңбек, сол жалындап жану, қандай қиындыққа да төтеп беру, жанартаудай атылу... Жазушының Н.Хикметтен өз аудармасындағы:

Мен жазбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ,-

дейтін өлең жолдары романға эпиграф болып алынуы тегін емес. Бір кезде «Ұшқынның» жалғасын асыға күтіп жүрген оқушы қауым бірден оны жабыла оқығаны белгілі. Жаңа шығарманы мұнайшылар тіршілігі терең бейнеленген туынды деп халық тамсана табынды. Қабен, Сардар, Ізбек, Азамат сияқты кейіпкерлерінің ерлік істеріне

сүйсінді де, шығарманы тындырылған үлкен бір ырыздыққа балап мақтаныш етті. Сыншылар бұл романды қазақ жазушыларының үздік туындыларының қатарында атап, марапаттап жатты. Қазақстанның мұнай еңбеккерлері туралы жаңа кітап зерттеушілердің әлсін-әлі қайтып оралып тамашалайтын сөз маржандарының біріне айналды. Мұнайшылар өмірін бейнелейтін шынайы шығарма ретінде бағаланды. Әдебиетте нық орын алып, орыс тіліне аударылды. Одан шетел әдебиетшілері іліп әкетіп, өзге тілдерде сөйлеп, бейтаныс ел азаматтарын тәрбиелеуге кірісті.

Әркімді заман сүйреме,
Заманды қай жан билемек,-

деп данышпан Абай біліп айтқан ғой, сексенінші жылдардың аяқ кезінде «болашақ коммунизм құрушылар» қоғамында түбегейлі өзгеріс болды. «Қайта құру» сапырылысынан кейін Қазақ елі егемендік алып, тәуелсіздік туын тікті. Байырғы армани, қияли ұғымдар ертегілік күйінде қалды.

Осындай ұғым-таным төңкерістері әдебиетшілерге де қатты әсер етті. Коммунистік идеал дақпыртымен жазылған шығармалар туралы әрқилы ойлар туындады. Оларды қайтпек керек? «Қайта қарау керек» деген ұсыныстар жасалғаны бар.

«Бұрынғы жазылғандардан бас тартып, жаңа әдебиет жасалуы тиіс» деген де пікірлер айтылды. Әйтеуір не керек, жазушылар арасында біршама кереғар көзқарастар уақыт тезінен өтуіне тура келеді. Талай шығармалар тағдыры қыл үстінде тұрғандай осындай бір шақта, жұрт байқаған да болар, З.Қабдоловтың «Ұшқын», «Жалын» романдары орныққан тұғырынан еш мызғымады. Қандай ма күшті күдіктерге де қасқая қарсы тұра алды. Неге? Себебі, жазушы романдарында «коммунизм мұраты» жолында жанын пидә етуге дайын әсіре белсенді бір де бір комсомол не коммунист бейнесі жасалған жоқ еді. Халық игілігі үшін еңбек етіп жүргендер аузында «Компартия жасасын!» деген ұран да болмаған. Бұдан 40 жылдан астам бұрын жарық көрген бұл дүниелер ине-жіптен жаңа ғана шыққандай. Құдды, қаламгер осы жүрек перзенттерін жазған кезінде қоғамдық «асқаралы» идеяларды қаперіне де ілмеген секілді.

Данышпан өзінен ілгері жарты ғасыр өмір шындығын болжай біледі деген топшылау бар ғой. Зейнолла Қабдолов болжағыш қаламгер ретінде келешекке көз жіберіп алғандай, туар күндер шындығын қиял көзімен шолып қойғандай. Өткен жолды қайта қарау, адамның өзін-өзі сын көзімен қолға алып, тезге салуы деген секілді осы күндері жүзеге асып жатқан психологиялық төңкерістер бұл романда баяғыда ақ бейнелегеніне таңғаласыз. «Жалын» романындағы басты кейіпкерлер (Қабен, Сардар) ешкімнің үгіттеуінсіз, ешкімнің күштеуінсіз-ақ, өз жүрек қалаулары мен адамшылық ар жетегінде жүріп атқарған ғасырлық істерге тәнті боласыз. Шығарма қолға тиген кезде тұшына да қызыға оқып, кейін қайта оралмаған, «Жалынмен» танысқанбыз деген оқырмандарға тағы да қайталап бір тереңірек үңілуді кеңес етер едік те, әлі оқып үлгермеген жастарды жата-жастана оқуға шақырар едік. Сонда оның өміршендігін әркімде байқар еді. Туынды бар болмысымен қазіргі заман тамырының соғысын дәл басқандай. Дүниені дүрліктіріп жатқан Теңіз мұнай кенішінің пайда болуы өзінен ширек ғасыр бұрын дүниеге келген «Жалын» романындағы оқиғаны аудармай қайталайды. Өртке дейін ұқсас. Бұл – таңғаларлық нәрсе.

«Өнер өмір шындығынан туады» деген тұжырым белгілі. Ал романдағы бейнеленген шындыққа қарап, «өнерден өмір туғандығының» куәгері болып отырмыз. Өнер, яғни көркем шығарма өзінен кейін келер өмірдің өзін өрнектеп тастаған.

Бұл сөз жоқ, шығарманың өміршендігі еді. «Ұшқын» мен «Жалын» мақтауды қажет етпейді. Құр мақтау арқылы көрініп жүрген де шығарма емес. Бұл өз болмысымен ұзақ жылдар легі бойына өзеннің тереңіндегі ағысындай өмір ағымымен бірге келе жатқан шығарма.

Қос роман бүкіл Атырау, Маңғыстау мұнайшыларының әрі мен нәріне айналған. Қазақ жастары, яғни мұнайшылардың лек-лек, толқын-толқын, белес-белес, қабат-қабат, ерлік күші осы шығармаларға қарап бой түзеп, ой ұластырды, қиыншылықпен күресті. Ғасырлық туынды, міне осындай болмақ. Туғанына биыл 95 жыл толып отырған. Қазақстан

мұнайының жыршысы Зейнолла Кабдоловтың нұрлы қаламының мұндай мол сәулесіне болашақта да кенеле беруге жазсын!

ЗЕЙНУЛЛА АГА АР ДАЙЫМКӨЗ АЛДЫМДА...

Абдылдажан Акматалиев

КР УИАнын Чыңгыз Айтматов атындагы

Тил жана адабият институтунун директору, академик

Қырғызстан

«Мен сапарга жалғыз жол тартыптырмын» – деген атактуу башкурт акыны Мустай Каримдин ырынын бул сабын өзүмдүн тағдырыма байланыштуу ар дайым айтып келем. Себеп дегенде өмүр жолумда улуу инсан, чыгармачыл адамдар менен таанышып, кат алышып, кээ бири менен үй-бүлөлүк карым-катышта болдум. Алсак, Кыргызстанда – Чыңгыз Айтматов, Өзбекстанда – Зулфия, Мирмухсан, Адыл Якубов, Камиль Яшен, Каракалпакстанда – Түлөпберген Каипбергенев, Түркмөнстанда Берди Кербабоев, Керим Курбанепесов, Азербайжанда Анар. Ал эми Казакстанда болсо санак жетпейт. Ошентсе да алар – Абдиджамал Нурпеисов, Олжас Сулейманов, Заки Ахметов, Мухамеджан Каратаев, Калтай Мухамеджанов, Серик Киребаев, Сеит Каскабасов, Рахманкул Бердибаев, Оролхан Бөкеев, Турсунбек Какишев, Мухтар Шаханов деп тизме уланып кете берет. А мен сөз кыла турган үлкөн Адам Зейнулла Кабдолов. Мен анын атак-даңкын айтпай эле койсом болот, казак-кыргыз окурмандары жакшы билет. Зейнулла аганын Чыңгыз Айтматов менен достугу, кыргыз окумуштууларын тарбиялоодогу ролу жөнүндө макала жаздым, кыргыз-казак адабий байланыштары жөнүндө илимий конференцияларда жана Кабдоловдук окууларда бир топ эле докладдарды жасадым. Ошентсе да Зейнулла ага жөнүндө дагы бир жолу айткым келди, бул саам экөөбүздүн жеке чыгармачылык жана үй-бүлөлүк алака тууралуу азыноолак сөз болмокчу.

1979-жылдын октябрь айынын аягында илимий командировкага Алма-Атага бармай болуп, алдын ала кимдер менен жолугуша турганымды тактадым. «СССР Жазуучулар Союзунун маалыматы» деген калың китепти таап алдым. Казак акын-жазуучуларын, адабиятчыларын иргеп жаздым. Алардын арасынан Зейнулла Кабдоловдун дарегин да алдым. Алма-Атага биринчи барышым, кыш болуп калгандыктан күн кыска эле, саат бештерде эле караңгы түшүп калды. Казак илимдер академиясынын кызматкерлеринин жардамы менен мейманканага орноштум да дароо ишке киришип, телефонду бурай баштадым. Саат түнкү он болгонуна карабастан Зейнулла Кабдоловдун үйүнө телефон чалдым. Саламдашкандан кийин эле билип-көрүп жүргөндөй, эски тааныштай сүйлөшө кеттик. Дароо эле Зейнулла аганын айкөлдүгү, кең пейилдиги, жөнөкөйлүгү, жан дүйнөсүнүн тазалыгы, ак пейилдиги билинди. Алма-Атага келгендеги максатымды угары менен эртеси күнгө Казак университетине жолугушууга чакырды. Барсам, профессор лекция окуп жатыптыр, мени дароо киргизип, студенттер менен тааныштырып, дүйнөлүк жазуучу Чыңгыз Айтматовдун жердеши жана анын жаңыдан баштаган изилдөөчүсү катары лекцияны улантуумду суранды. Лекция суроолор менен коштолуп, кызыктуу өттү. Лекциянын аягында Зейнулла ага бир кызыктуу фактыны айтып берди. Көрсө, «Кызыл алма» аңгемесинин жазылышына Зейнулла ага себепкер болуптур. Чыңгыз Айтматовдун бул аңгемеси жарык көргөндө «Зейнулла Кабдоловго арнайм» деп эпиграф койгон экен. Мен Айтматов менен таанышканга чейин Зейнулла агай менен таанышкам. Айтматовдун «Кызыл алмасы» бизди аябай жакындатып салды. Лекциядан кийин үйүнө ээрчитип барды, үйү университетке жакын экен. Жолдо Казакстан Жазуучулар Союзуна кайрылдык. «Казак адабияты», «Жылдыз» редакцияларына баш бактык. Зейнулла ага жетине албай мени казак калемгерлери менен тааныштырып жатты. Кийин алар менен достошуп кеттим. Үйүнө келсек жолдошу Сауле апа жаркын маанай менен тосуп алды. Көп конокту күткөндөй жайыл

дасторкон экен. Казак, кыргыздын салты меймандарды тосуу жагынан башкалардан абдан айырмаланат эмеспи! Бир заматта мен мейман эмес эле, алардын үй-бүлөсүнүн бир мүчөсү болуп калдым. Зейнулла аганын камкордугу менен алгачкы командировкам ийгиликтүү болду. Ошентип, кийин Алма-Атага сапар алган сайын Зейнулла аганын үйүнөн бир чыны чай ичпей кетпей калдым.

Илимий эмгектин жыйынтыгы чыгып, «Ч.Айтматов жана кыргыз-казак адабий байланышы» деген монографиям «Илим» басмасынан чыкмай болду. Ал мезгилдин тартиби боюнча бир рецензент сырттан болушу керек эле. Илимий жетекчим, институттун директору Абдыкадыр Садыков агай менен кеңешип, китепке рецензент кылдык. Кол жазманы почта аркылуу салып жибердик. Абдыкадыр агай менен Зейнулла аганын достугунун башаты менин китебимден башталган. Көп күттүрбөй рецензия да келди. Мыйзам боюнча рецензентке гонорар төлөнүп берилди, почта менен жөнөтүлдү. Зейнулла ага мага алакандай кагазга кат жолдоптур. Анда гонорар алганына ыңгайсыз болгондугун жазыптыр. Анан кат алышып, майрамдарда открытка менен куттуктоо жиберип турдук. Эки-үч күндө телефон аркылуу кабарлашып, ал-жайды сурап дегендей. Мен «Кыргыз-казак адабий байланышын өнүктүрүүдө Чыңгыз Айтматовдун ролу» деген темада кандидаттык диссертацияны жактаганда пикир уюштуруп берди. Кызуу куттуктады.

Үй-бүлөлүү болгонумду сүйүнүч менен кабыл алды. Апамдын, жолдошум Дилинин алабалын сурап турду. Балалуу болуп, ысмын Чыңгыз Айтматов «Эльтуран» деп койгондо абдан сүйүндү. Эльтуранды дайыма сурап турду.

Кыргыз окумуштууларына Зейнулла ага жардам берүүгө шарт түздүм десем болот. Эң биринчи 1989-жылы Советбек Байгазиевди ээрчитип жай айында Зейнулла агайдыкына бардым. Илимий жетекчиси Абдыкадыр Садыковдун макулдугун алып, Зейнулла агайды Советбек Байгазиевге биринчи оппонент кылып дайындаткан элек. Сакем экөөбүздү Сауле апа меймандап, жакшы тилектерди билдирди. Кийин С.Байгазиев диссертациясын коргогондо Зейнулла ага, Абдыкадыр агай жана Сауле апа кыргыздын жайлоосунда эс алышып, үй-бүлөлүк достукту бекемдешкен.

Мезгил деген канаттуу куштай. Ана-мына дегенче, көз ачып-жумганча убакыт зуулдап өтүп, мен докторлук диссертациямды жактаганы калдым. Эсимде 1990-жылы 7-ноябрда адаттагыдай эле Зейнулла ага менен Сауле апаны Октябрь майрамы менен куттуктап калдым. Ошондо Зейнулла ага агалык кылып, мага диссертацияма тоскоолдук кыла турган айрым пенделер бар экендигин билдирди. Мен күтпөгөн кабар эле. Көрсө, айрымдар Алма-Атага барганда Зейнулла агага жолугушуп, менин диссертацияма барбашын өтүнүшүптүр. Мен дендароо боло түштүм. Бирок, бир мүнөттөн кийин эсиме келип, «Зейнулла ага! Сиз эгер бирөөнүн үйүнө чакырса барасызбы, барбайсызбы, өзүңүз билесиз. Ал эми Сиз диссертациялык Советтин мүчөсү катары келишиңиз керек. Бул – мамлекеттик?иш» – дедим. Зейнулла ага менин ички жан дүйнөмдү түшүнүп турганын дароо сездим жана ал мага «15-ноябрда машина жибергин барам» – деди. Айткан күнү Алма-Атадан Зейнулла ага, Заки Ахметов, Турсунбек Какишевдер Бишкекке келип түшүштү. Докторлук диссертация коргоо оңой эмес болчу, ал – 1990-жылдар учурунда. Советтер Союзу мамлекет катары жашап турган. Казак (З.Кабдолов, З.Ахметов, Т.Какишев), тажик (доктор А.Сайфуллаев), орус (М.Озмитель), өзбек (П.Шермухамедов), кыргыз(Ч.Жолдошева), дагестан (З.Османова) окумуштууларынын ж.б. берген илимий эн жакшы баалары менен илимий максатыма жетип – илимдин доктору болдум. Зейнулла ага сөзмөр, чечен адам эле, ар улуттан келген меймандарды чай үстүндө башкарып, сөз берип, күлдүрүп отурганы азыр да көз алдымда. Ал сүйлөгөндө сөздүн ширинин, жагымдуусун тандап алчу, ар бир адамдын жүрөгүн күн нурундай жылытчу. Баарыбыз жымжырттыкта студент катары мемиреп укчубуз.

Зейнулла ага мен башкарган диссертациялык советтин мүчөсү катары активдүү катышып турду. Ал оппонент катары, же кошумча колдоо катары сүйлөгөндө жамгыр төккөндөй токтобой, диссертациялык иштин маани-маңызын аңтарып, бардыгына түшүнүктүү кылып айтып берээр эле. Зейнулла ага бардыгын ынандырчу, айрым терс пикир

айтқандарды этияттық, маданияттуулук менен жибитип жиберген касиети да бар эле. Ал адамдын айкөлдүгүнө, кең пейилдигине баарыбыз тамшанчубуз. Ошону менен баары даай албаган сүрү да бар болчу. Бирок ал сүр бат эле пикир алышканда булут тарагандай тарап кетчү. Зейнулла ага жаштардын баарын «Айланайын» деп эркелетчү. Бул сөздү жөн эле айта берчү эмес, жан дүйнөсүнөн чыгарып, таза дилинен айтчу. Канчалык жашы өйдө болсо да кичи пейилдик, жөнөкөйлүк мүнөзү менен тартынбай, ачык-айкын, кеңири сүйлөшүүгө өзү шарт түзчү.

Зейнулла агайды Заки Ахметов, Лейла Ауэзова менен бирдикте 1992-жылы Эл аралык Айтматов клубунун сыйлыгын маркум Мухтар Ауэзовго тапшыруу учурунда чакырыш калдым. Кийин Чолпон-Ата шаарына Мухтар Ауэзовдун 85 жылдыгына карата өткөрүлгөн тегерек столго катышуусун өтүндүм. Бул өтүнүчүмдү кабыл алып, алтындай убактысын бөлүп, биз менен чогуу болду. Ала-Тоонун бермети Ысык-Көлгө түшүп, эс алып, черибиздижаздык. Казак тараптан Заки Ахметович, улуттук китепкананын директору, кыргыз тараптан Абдыкадыр Садыков, Лайли Үкүбаева болду. Ыр-күлкүнү айтпа! Зейнулла аганын адамдык касиеттери ачыла берди...

Зейнулла аганын алтымыш жылдык мааракеси болгондо мен Чыңгыз агайга барып, мааракени айтып калдым. Ал киши дароо мага куттуктоо сөзүн жаздырып, өкмөттүк телеграмма салып жиберүүмдү өтүндү. Мен тапшырманы аткардым. Анда жылуу сөздөр жазылган эле. Кийин Зейнулла агага билдирсем, «Ырас кылбадыңбы, көптөн бери Чыңгыз менен байланыша элекмин» – деген.

90-жылдардын башында Чыңгыз Айтматовго Казак Республикасынын Президенти Н.А.Назарбаев сыйлык тапшырып калды. Биз Алма-Атага чогуу бардык. Бизди А.Кекилбаев, К.Султанов сыяктуу мамлекеттик ишмерлер тосуп алды. Кечинде болсо бир ресторанга алып барышып мейман кылышты. Арасында Зейнулла Кабдолов, А.Нурпеисов жүрөт. Зейнулла ага менен Чыңгыз ага чер жазышып баарлашты, көптөн бери көрүшпөгөн достордун ынак экендиктерин өз көзүм менен көрдүм.

Зейнулла Кабдоловго «Кыргыз Республикасынын илимине эмгек сиңирген ишмер», «Эл аралык Айтматов академиясынын академиги» деген атактар берилди. Биз чын жүрөктөн куттуктап жаттык.

Жыйындарда, конференцияларда, тойлордо көп эле бирге болдук. Бирок, бир өкүнүчтүүсү Зейнулла ага, Сауле апа менен бирге сүрөткө түшүп койбопбуз. Дайыма чогуу болчудай жүрө берипбиз. Зейнулла аганы ар дайым көз алдыма тартып келем, керек болсо уктаардын алдында маркумду бир эскерип алам. Бул тирүүлүктүн парзы...

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ЛЕКЦИЯСЫ

Жанғара Дәдебаев

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры
dadebaev48@gmail.com
Алматы қ., Қазақстан*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Әуезов аудиториясы. Оқу жылының бірінші күні. Бірінші сабақ. шәкірттер иін тіресіп отыр. Мінберде – Зейнолла Кабдолов. Зейнолла Кабдоловтың оң жағында биік тұғырда, маңдайы жарқырап М.Әуезовтің өзі тұр.

Мінберге көтерілген ұстаз лекциясын бастап кетті...

«Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет – баладан дана тәрбиелейтін орын. Бұл да аз. Ұлттық университет - сол ұлттың есеюі, парасат әлеміндегі паспорты.

Қазақ университетінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айырықша бір аяулы жайы бар: заманымыздың ұлы жазушысы Әуезов Мұхтардың жарты ғұмыры осында өтті.

Қазақ университетінде біз де оқыдық. Бірақ, біздің бүгінгі шәкірттерден бір айырмамыз, аздап мақтаныңқырап айтсам, артықшылығымыз – Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдағанымыз дер едім.

Несін айтасыз, ғажап еді ғой!..»

Лектор Ұлттық университет туралы, Ұлттық университеттің ұлық оқытушысы Мұхтар Әуезовтің лекциясы туралы осылай толғанды.

Университет аудиториясындағы лекция туралы әркімнің өз ойы, өз түсінігі бар. Сол ойлардың озығын, сол түсініктердің тұнығын біз Зейнолла Қабдоловтың лекциясынан таныдық. Зекең өнер туралы қағидаларында: «Өнер туындысы ақыл-парасатқа толы болуға тиіс, адамды асқақ арманға бастай білуі керек», - дейтін. Осы қағиданың мәні мен нәрі Зекеңнің жазушы еңбегінің ерекшелігі, оның өмір шындығынан өнер туындысын жасау жолындағы еңбегі туралы лекциясында бірде гүлдей үлбіреп, бұлақтай мөлдіреуші еді, бірде өзі айтатын Прометей отындай ұшқын атып, жалын шашып маздап тұратын.

Лектор лекция тақырыбына қатысты, әлемдік эстетикадағы арғы дәуірден бермен қарайғы қадау-қадау теориялық қағидалар мен көне және одан кейінгі замандағы дүниежүзілік классикалық өнер ескерткіштерін өзара өзектес, кейде сатылап, кейде қатар таратып айтып келе жатқанда, студенттер бірте-бірте еңселерін тіктеп, көзімен де, көңілімен де лектордың сөзін бағып жым-жырт отыратын.

Лектор “Шегірен былғарыны” Бальзак бастан-аяқ қайта жазғандай, тоғыз рет адам танығысыз өзгеріске ұшыратса, Гоголь «Өлі жандардың» екінші кітабын қолжазба күйінде отқа жағып жіберіп, бастан-аяқ қайта жазғанын, ал “Ревизорын” бес рет өңдегенін, Флобер “Иродиадасын” он рет, Горький “Анасын” алты рет түбегейлі өзгертіп, жетілген үстіне жетілдіре білгенін толғай келіп, тыңдаушыларын әдеби шығарманың алуан түрлі прототиптері мен типтерінің арасына алып баратын, одан әрі жазушы лабораториясына, жазушы творчествосының психологиясына тереңдейді. Жазушы еңбегінің психологиясы мен жазушының жұмыс тәртібі туралы ойлар өзара тоғысып, сабақтаса бергенде, студенттер танданулы, толқулы күйге түсетін. Қайсыбір жазушылардың жазу дағдысы, әсіресе, кейбір қаламгерлердің өз бөлмесіне өзін қамап қойып жазу әдеті, енді біреулерінің өз кейіпкерімен өзі сөйлесіп, ой таластыруы, ал Г. Флобердің Бовари ханымның у ішіп уланып өлген сәтін суреттеп отырып өзінің де уланып қалғаны, дәрігердің көмегімен ес жиғаны студенттер үшін тосын, тіпті айрықша жағдай еді. Аудиторияда қалыптасқан осындай ахуалдан кейін лектор жазушы, жазушы еңбегі, әдебиет туралы ойларын жинақтап, мынадай тұжырым жасайды:

«Міне, жазушы деген! Оның тағдыры да, тіршілігі де түп-түгел бейнет – ар ісінің азабы. Бір күн емес, бүтін бір ғұмыр... Ғұмыр бойы... Ғұмыр...

Әдебиет – ардың ісі, десек, жазушының тағдыр талайына құдай жазған нәрсе – ар ісінің азабы. Шын суреткер сол азаптан шығады, шынайы шығарма сол азаптан туады. Қаламгер шеберлігінің өзі – сол, оның сөз үстіндегі жанқияр еібегі, көрер бейнеті, тартар тауқыметі».

Осы секілді жазушы еңбегінің шетсіз де шексіз, ғұмырының өн бойында, сөз өнеріне тұңғыш ден қою сәтінен соңғы демі таусылғанға дейін, толассыз созылып жататын қиын да күрделі әрі құпия сырға бай тұңғығы туралы жүректен қозғаған сөз тұтас аудиторияның ойын оятып, сезімін серпіп салғандай еді. Қай тұстарда ұстаздың жалындап айтқан ойлары тыңдаушысының ойын да жалынша лаулатып, ақылын алқынтып, жүрегін ентіктіргендей. Сөйтіп отырғанда, студенттер ортасынан бір қыз жазушыларға жаны ашып:

- Ағай, жазушы болу, жақсы жазу деген сонша қиын екен, өйтіп өліп-өшіп азап шеккенше, жазбай-ақ қоюға болмай ма? – деп, жазушы еңбегінің азабы мен бейнеті жанына батқандай болып еді.

Студенттің сұрағына берілген жауап жазушы еңбегінің тағы бір қырын ашып берді. Студенттердің көпшілігінің ұғымынша, жазушы өз шығармасын жазуға мүмкіншілігі болған

уақытта жазатын сияқтанатын. Ұстаз сөзіне баққанда, олай емес екен. Лектордың айтуына қарағанда, нағыз қаламгер қашан жазбауға мүмкіндігі болмаса, сол уақытта жазатын болып шықты. Нағыз өнер туындысы да өмірге осылай келмек екен...

Ұстаз қорытынды пікірлерін К. Паустовскийдің “Алтын роза” повесіне сүйеніп түйіндеді. Студенттерді, әсіресе, Шәметтің алтын роза туралы арманға, бақытты аңсауға толы аңызы мен оны жасау жолындағы бейнеті ерекше толқытты.

Шәмет мексикан соғысында ауруға шалдығады. Полк командирі әйелі қайтыс болған кісі екен, сегіз жасар кішкентай қызы Сюзаннаны өзімен бірге алып жүріпті. Полк соғыс жағдайында тұрған соң, командир әскерден денсаулығына байланысты босатылған Шәметке Сюзаннаны елдегі қарындасының қолына тапсыруды аманат етеді.

Шәмет жол бойы кеме үстінде Сюзаннаның көңілін жұбатып, түрлі әңгімелер айтады. Сол әңгімелердің ішінде алтын роза туралы аңызды Сюзанна ұйып тыңдайды. Алтыннан жасалған роза гүлінің дүниеде өте сирек кездесетіні, алтын розасы бар үйде бақ-дәулет, құт-береке болатыны, үйдің адамдары да, алтын розаны қолына ұстап көргендер де, тіпті оған саусағының ұшын тигізген жан да мұратына жететіні, бақытты болып, бағы ашылатыны туралы ой желісі Сюзаннаға қатты әсер етеді.

Шәмет аман-есен елге жетіп, командирінің қарындасына Сюзаннаны өз қолымен тапсырады.

Әскерден босанып, Парижге келген Шәмет қартайғанша қайыршылық жағдайында күн кешеді. Күндердің күнінде Шәмет кенеттен Сюзаннамен бетпе-бет кездесіп қалады. Сюзанна әкесінің көзін көрген Шәметтің хәлін біліп, өз жайын айта отырып, бала кезінде естіген аңызды есіне алады. Қоштасарда: «Маған бір жан алтын роза сыйға тартса ғой... Мұратыма жетер ме едім. Сенің кемеде айтқан аңыз-әңгімең әлі есімде», - деп қамығады.

Сюзаннаның әңгімесі Шәмет қарттың көңілін толқытады. Ол енді қалған өмірінде Сюзанна қыздың мұратына жетуіне жол ашатын алтын роза жасауға бел буады. Зергерлік шеберханалардың күні бойы жиналған шаң-тозаңын қоксық жинайтын қорапқа тастамай, лашығына таси бастады. Сол шаң-тозаңның арасынан күн сайын алтын ұнтағының түйіршіктерін іздейді. Ақыры, осы жолмен жылдар бойы жинаған алтын ұнтақтарынан Шәмет бейбақ арман еткен алтын розасына жетіп тынды. Алтын роза жан-жағына шаттық нұрын шашып, жайнап тұрды. Шәмет алтын розаны тапсырмақ болып Сюзаннаны іздейді. Сюзаннаның шетелге біржола кетіп қалғаны белгілі болады. Шәмет енді алтын розаны жастығының астына қояды, басын жастығына қояды. Көзі ілініп кетеді. Өмір қажытқан қарт солдат содан оянбады.

Ұстаз Шәметтің алтын розасының жасалуы мен шынайы әдеби шығарманың дүниеге келу сыры арасында жақындық барына нұсқады. Жазушының болмыстағы шындық құбылыстардың қалың тобынан жасығын емес, асылын ғана таңдап, талғап алуы, сөйтіп жазатын көркем шығармасына тек соны ғана арқау етуі туралы теориялық ойын тиянақтады.

Алтын роза туралы толғаныстар арқылы лектор студенттердің жаңа теориялық ұғымдарды толық игеруін қамтамасыз етумен бірге, олардың әдемі арман-тілектерін де тербетіп, бәріне ерекше бір аңсаулы, ынтызар күй, тебіренулі хал кештіріп қойған болатын. Сол сәтте аудиторияның жүрек лүпілін ұғып, оның жүзінде алаулап тұрған алқызыл нұрға көзі түскен жан әр студенттің көкірек көзінде бір-бір алқызыл раушан гүлі ырғалып тұрғанын сезер еді.

Аудиторияның жүзінде алаулап тұрған алқызыл нұр, бәлкім, ұстаз сабағындағы ой мен сезім тереңдігінен, парасат биіктігі мен пайым кеңдігінен туатын болар. Немесе лекция жүйесіндегі жалпы мен жалқының, дәлелділік пен бейнеліліктің, ғылым мен өнердің тоғысуы мен табысуынан жасалар... Шәкірт көңілінен әлгіндей раушан гүлдетуге ұстаз, мүмкін, күнінің нұры мен түнінің тыныштығын, көктемнің қызуы мен жазының жарығын, бойы мен ойындағы бар қуат-күші мен қабілет-мүмкіндігін, әйтеуір жаны мен жүрегіндегі, ары мен тәніндегі бар асылын, бүкіл ғұмырын арнау, зейнетінен бейнеті мол толассыз еңбегін түгел жұмсау арқылы барып жететін болар...

Ол тұста Қабдоловтың алқызыл раушанының сырын терең танымағанмен, алқызыл раушанның әр көкіректе жайқалып тұрғанын көрудің өзі-ақ көңілге керемет бір нұрлы шуақ таратар еді.

Ұстаздың ұлттық университет аудиториясында оқыған әр дәрісіндегі ой мен пікірдің тереңдігі мөлдір сезім мен асыл сырдың жанға рахат теңдессіз тамаша самалымен толқынданып, тербеліп тұрушы еді. Университетте, аудиторияда өткен жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ұстаз алдынан көңілін аршып, жүрегін нұрға, ойын сырға толтырып, жанын байытып, қаншама жас қанат қақты, солардың көкірек-көзінде Қабдоловтың алауын маздатқан алқызыл асыл раушаны қанша рет қауызын жарып, жұпарын шашты, қаншама жастың ақылын байытып, сезімін аялады...

Мұндай даралық пен даналық шексіз білім мен шетсіз шешендіктің, телегейдей терең ой мен парлаған парасаттың, асыл адамдық пен нағыз азаматтықтың өзара балқып тоғысқан, сөйтіп біртұтас толық қасиетке айналған тереңінде ғана бойға бітіп, ойға қонады. Табиғаттан асқан жомарт жоқ. Бірақ ол мұндай даналық пен даралықты өмірде ілуде біреудің ғана басына береді. Ондай баста баққа бергісіз дарқан дарын, асқан талант болады. Біздің заманымыздың осындай дарыны дарқан, таланты асқан айрықша айбынды тұлғасы, ғұлама һәм суреткер ұстазы Зейнолла Қабдолов болды. Зейнолла Қабдоловтың Ұлттық университет аудиториясындағы лекциясы сырлы да нұрлы, қазыналы, теңдесі жоқ аяулы әлем еді.

Зейнолла Қабдоловтың қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде басталған және жарты ғасырдан астам уақыт бойы сонда жалғасқан ұстаздық және шығармашылық еңбек жолы мазмұнды да мағыналы, жемісті де жеңісті, қалың қазақтың кісісі мен кішісі бірдей ғибрат тұтатын үлгілі де өнегелі, жарық пен сәулеге, нұр мен сырға бай базарлы да баянды жол болды. Осы жолда Зекең албырт оқытушыдан парасатты профессорға дейін, балаң байым белесінен ғұлама ғалым, дана тұлға тұғырына дейін өсіп-өркендеді, балапан қауырсынды талапкерден қыран қанатты Халық жазушысы, академик-жазушы биігіне дейін шырқады. Бұл жол Зекеңнің өзі үшін ғана емес, Қазақстан жоғары мектебі, Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстанның ғылымы мен білімі, әдебиеті мен өнері үшін де аса арналы, табысты да ағысты, жемісті де жеңісті ұлы даңғылға айналды. Бұл даңғылда бүгінде Зекең тәрбиелеп шығарған ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен доценттер, қыруар ақын-жазушылар, ұстаздар, көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері шеру тартып келеді.

Адамның адамнан алатын, адамның адамға беретін сыйының асылы – білім. Адамның адамшылығының өзі оның адамнан алған және адамға берген білімінің маңызы мен мәнінде.

Аспанның асты мен жердің үстінде шынайы білім беруден асқан ұлы істі таңдап алу оңай емес, сол аспан мен сол жердің ортасында шынайы білім берушіден асқан ұлы тұлғаны табу да сондай қиын.

Зейнолла Қабдолов - өз творчествосында, ғылыми және оқытушылық қызметінде парасаттылықты, суреткерлікті, шешендік өнер өрнегін интеллектуалдық бірбүтін асыл қасиетке айналдырған, шәкірттерін шынайы біліммен тербеп, тебіrentкен теңіздей терең, таудай алып тұлға, Қазақстан жоғары мектебінің ұлық ұстазы.

Ұстаздың рухына Алланың рақым етуін, Пайғамбарымыздың шапағат етуін тілеймін.

ӨЛЕҢ МЕН ӨНЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ ЖӘНЕ З.ҚАБДОЛОВ ТОЛҒАМДАРЫ

Зинол-Ғабден Бисенғали

филология ғылымдарының докторы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті профессоры

Алматы қ., Қазақстан

Бұл тақырып З.Қабдолов зерттеулерінде арнайы зерттелген емес. Оның жалғастық сипаты мен ерекшеліктері, тәжірибелік мәнінің аса маңызды сипаты бар. Сондықтан да бұл

мәселенің Зейнағаң еңбектері өзегіндегі жаңа ойларға, зерттеулерге негіз боларлықтай салмағы жеткілікті. А.Байтұрсынұлы Абай шығармашылығын зерттеудің кейбір мәселелерін айтқанмен оның «Ұлттың рухани көсемі» айналуы - кейінгі көптеген зерттеушілердің еңбектерінің де нәтижесі. Солардың бірі ретінде оның бастауында тұрған М.Әуезов пен оның әріптес-шәкірті З.Қабдоловты айтуға болады. Ол Абай шығармаларын, әсіресе, өлеңдерін зерттеуді қыркыншы жылдар соңында бастаған. «Абайдың лирикалары» атты алғашқы зерттеулерінің өзі ғылыми ортада жоғары бағаланды. Зерттеушінің Абай қарасөздеріне арналған еңбектері көп қозғалған, қарстырылған да емес. Сондықтан да осы еңбекте қарасөздер туралы зерттеулерге айрықша мағына қосады деп айтуға болады.

«Абай жолы» эпопеясында М.Әуезов қарасөздерді көп пайдаланды. Алайда бойын билеген сезімдер туралы толғамды пікірлерін уақыт-кеңістік әлемінде бейнелей алған жоқ. Оның басты себебі кеңес идеологиясының кесірлерінен сақтану еді.

Дүние танымдық ойларында үкімет саясатын ескермеудің салдарын жақсы білетін қаламгерлер оған қарсы күресудің небір күрделі тәсілдерін де қолдана бастаған. Мұны өздерінің дара ойларын жеткізуде талантты жазушылар шеберлікпен ұштады. Ең мықтысы ондай «шатақ» көзқарастарды күрделі түрлерге көшіріп, жұмбақтау ойлармен көмкеріп, көркем мазмұнға көшіру еді.

З.Қабдолов «Менің Әуезовім» роман эссесінде М.Әуезов қолданған әдістердің кейбірін пайданады және ұлы Абайның өзі қарасөздерінде қолданған тәсілдерді пайдаланады. Ол белгілі ойларды ортағы салғанда түсінікті мәселенің алуан түрлі шешімдері болғандықын оны оқырмандардың ойлануына қалдыруы болатын. Әрі осы тәсіл - қаламгердің көптеген шығармаларына тән.

Мәселен, «Абайдың ақандығы» атты мақаласында З.Қабдолов өзінің күрделі танымдарын былай қайырады: «Абай өзінің «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма? – деген бір өлеңенде басты ойларын былай түйіндейді:

«...Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!»

Осы екі жолда ақын өмірінің ащы шандығы жатыр».

Ақынның осы өлең туралы басты ойдың дара көрінісі осы. Автордың мақсатын аңғауға болады. Ойланып ой қосқаныңды байқайсың. Маңызды тарауша осылай өте шағын үлгіде, үш-төрт сөйлеммен ғана берілген...

* * *

Дәл осындай шағын үлгі келесі бөлікте де кезеседі: «Ол халқының жарқын келешегіне сенді және оның кетігін тауып қаланар кірпіші – жастар деп білді. Ақылы мен өсиетін соларға арнады. Бір өлеңінде:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексемедім.., десе.
Келесі бір өлеңінде: ...Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан!» –деп тоқтайды...

Қазақ халқының алғашқы ағартушылары Ш.Уалиханов пен Ы.Алтынсариннің игі мақсатын ілгері жалғап, прогресшіл идеяланын одан әрі өрістеткен мұндай тамаша түйінді кеменгер Абай ғана жасай алды »

(Бұл үзінділер З.Қабдоловтың 1950 ж. жазған мақалаларынан)

* * *

«Мен жоғары мектепке түсісімен ұстаз іздедім. Шарқ ұрдым. Өйткені менің үлгі көргім келді. Өнеге алғым келді. Жоғары оқу орнын ғана емес, ұстаздық мектебін, яғни даналық оқуын бітіргім келді. Ол үшін, әрине, Ұстаз керек, шын мәніндегі ұлағатты ұстаз іздеп табу керек.

Институтта сабақ беретіндердің бәрі ұстаз емес. Бір институтта мың оқытушы болса, сен үшін соның мыңы емес, бірі ғана ұстаз»...

* * *

«...және таптым мен соны: арманыма жеттім солай!»
(«Менің Әуезовім» роман-эсседен.)

* * *

Романнан тағы бір үзінді: « ...Мұхаң маған бір қиын сұрақ қойды.
«Өзің білесің, мен Құнанбайдың аузына «Адамның құны не болса, міні де сол болады» деген сөз салдым. Соңғы бірер жылда, әсіресе маған Лениндік сыйлық бергелі өз елімізде де, шет елдерде де тек қана менің шығармаларымның құны туралы айтылады, жазылады. Ал енді менің шығармаларымның міні, демек суреткер ретінде менің өзімнің мінім туралы сен не айтар еді?»

Сонымен талайдан індеткен пікірі болса да, жас жазушы батапқыда алып тұлғаның алдында жалтақтай жүрексініп тұтыға тосылып қалады. «Ашық айт!» деген соң ғана ойындағысын жайып салады.:

Айтсам,... Сіздің қазіргі мініңіз біреу-ақ..., Жазғаныңызды қолмен емес, машинкаға айтын жаздырасыз. Менің ойымша, көркем шығарманы, орысша айтқанда «диктовкамен» жазуға болмайды, Тек қана қолмен жазу керек. (Осының әсері «Абай жолында бар ма?..)

Бәлі, сен батыл да айттың, батыл сөйлеп ақыл да айттың. Жалғыз-ақ соған өкінбе

Осымен ұлы жазушы мен шәкірті арасындағы шағын диалог біреді. Бірақ, қазір біз өкінеміз...тек біз үшін ғана емес. Өнер сүйетін барша адамға маңызы зор бұл диалог осымен аяқталады. Ұстаз бен шәкірт бұл туралы ешкімге айтпай кетті.

Бір қызық ой З.Қабдолов Абай ақындығы, шығармашылығы туралы зерттеулерге қырқыншы жылдар соңына таман кіріседі. Мектептің соңғы жылдарынан бастап өлең жазып, ақындар айтысына қатысып қабілетті бала ретінде елге таныла бастайды. Абай шығармашылығы мен өлеңдері туралы Әуезов лекцияларын тыңдаған талантты жас, ұстазының жетекшілігімен «Абайдың лирикасы» тақырыбында студенттер шығармалар жарысында қатысып Қазақстанда үздік танылып, бүкілодақтық студенттер жарысында да Мәскеуе үздік орын алған талпкер неге осы тақырыпты, Абай шығармашылығын әрі қозғамады, тереңдемеді екен деген ойлар есімнен кетпейді.

Әрине, З.Қабдолов Абай өлеңдері туралы ойлардан, шығармашылық еркіндігі мен ел тәуелсіздігі, халқының бостандығы туралы ойлардан құтыла алған жоқ. Бұл ойлар ғалымды ғана емес оның Ұлы ұстазын да өмір бойы мазалады деуге болады.

М.Әуезов өмірінің қиын бір шақтары туралы жоғарыда аталған роман эсседі З.Қабдолов мына үзінділерде де келтірген...

Бірі Ташкент қаласында өткен Азия, Африка жазушылары бас қосқан мәжілісіндегі кездесулерде: «Ташкент менің қуанған кезімнің де, қураған кезімнің де куәсі»,-деп ерекше тебіреніске толы сөздер айтады. Сондағы бір кездесуде Камерун жазушысымен әңгімеде: «...бодандық құрымай өмір де өнер де болмайды» деген. Бұл отаршылық жайында қаламгер ашық айтқан пікірлердің бірі болатын. Өзі отар елдің қаламгері бола тұра

(Қазақстан да осы кезде Ресей отарының бірі еді) осындай пікірді шетелдік азушыға айтулың өзі қаламгер ерлігінің бір көрінісі тәрізді.

Сондықтанда ақынның кейбір жеке өлеңдері туралы астарлы толғамдарын әркез мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып отырған. Мысалы, «Абайдың бір өлеңі» тәрізді мақалаларда... (Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар.Т.4, Алматы: «Санат» 2007. –Б.311.)

Көлемі шексіз, шеті те көрінбейтін бұл тақырып мол қазына іспетті болғанмен биігіне көтерілу қаншалықты қиын болса. тереңіне бойлау мүмкін емес еді, әсіресе., бостандығы шартты елдердің ойшылдарына. Сыры таусылмас асыл мұра деп сол жылдарда З.Қабдоловтың өзі осы тақырыптың «жұмбақ күрделі» мәселері туралы ойларын ғылыми мақалаларда астарлай жазады, талай конференцияларда метафораларға орай айтты да.

Ендеше неге осы тақырыпқа, ақын өлеңдерінің құпияларына тереңдемеген? Сірә, «дарияның тұсынан құдық қазбас болар» демекші ұлы ұстазы зерттеу еңбектерінің басты арнасы болғандықтан..., тоқтаған болар деп ойлады. Әрі тап осы жылдары қаламгер ро-

ман жанрымен шұғылдана айналысып, 1955 жылдардан бастап «Ұшқын» повесін, кейірек «Жалын» атты роман жазады және түрлі шығармашылық мәселелері көбейе бастайды...

Көрнекті қаламгер Т.Әлімқұловтың Абай шыармашылығына арналған «Жұмбақ жан» монографиясы бар. Зерттеу сөз құдіретіне бас иетін талантты қаламгердің ұлы ақын шығармашылығы туралы ой-толғаныстарынан, оның өлеңдерімен сан мәрте сырласуынан кейінгі тоғаныс, тебіреністерінің түйіні іспетті шығарма. Әрі ол толғаныстардың негізі Мәскеу қаласында, әлем және орыс классикасымен жете танысу арнасында дүниеге келген. Қаламгердің Абай шығармаларының поэтикасы туралы ойларының сілемдері бақалатын зерттеулер бастау осында. Мұның бәрі «Жұмбақ жанда» анық көрінеді... Бұл жұмбақты қаламгер де шеше алмаған.

Ұлы Абайдың өзі де «Менде бір жұмбақпын» дейді ғой.. Ұлы ақын шығармашылығы туралы талантты қаламгерлердің талдаулары мен толғамдарарын оқи отырып, зерттеушілер жолыққан поэтикалық сырлы сөздердің сан қилы иірімдері алуан-алуан ойларға жетелейді. Қиын түйіндерге тап болғаныңды сезінесің. Мұндай қабат-қабат ой мен толқулы сезім тереңіне тартады, Күрделі ой түбіне жету мүмкін еместей көрінеді. Толқыған ойлар тұңғығына тірейді. Енді одан аттап өте де, бұрылып кете де алмайсың, ерекше күш, қуаттың қажеттігін көресің. Сондай қайрат пен күш, қуат іздейсің.. т.б.

Абай ойланының дара өрнектері оның қарасөздеріне де мол. Қағазға көшкен ойларының бейнелі кейіптері де аз емес. Интертекстерге ауысқандары да бар. Оған ойланған адам, Абай шығармашылығымен жете таныс адамдар жете алады.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын мұны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өзтім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.-
дейді ақын.

Абайды әркім түсінеді десек, сірә, қателесетін шығармыз. Оның өлеңдерін әр оқыған сайын соны ой, әсерге жолығып жұмбақ сезімдер тасқынына килігесің..., толқисың, тебіренесің. Ақын жүрегі мен ойын қозғаған сезімдер араға ғасырлардан өтіп оқырманға жеткендей. Ой толқындарының қуатты ағысы жүректі қозайды. Терең ойларға тартады. Мұның табиғатын айқындау үшін ерекше қабылет керек шығар. Сондықтан Абайды ұғу ғана емес, терең түсіну қажет.

Абайтанудағы, ақын әлеміне енудегі аса үлкен мәселе оның қарасөздері болатын. Оны зерттеудің бастауында тұрып, Кеңес үкіметінің ұлттық ерекшеліктерді жоюға ұмтылған саясатына қарсы түрлі әдіс тәсілдер арқылы қарасөздерді қорғаған М.Әуезовтің аса маңызды еңбектері мен зерттеулері болатын. Бұл зерттеулер мен ғылыми мақалалар болмағанда қарасөздердегі қабат-қабат сезімдер шұғыласына оранған философиялық ойларды тарту қиын. Олардағы терең ойлардың бір ұшын ұстасаң екінші тармағы жаңа әсерлер әуеніне бастап ой-сезімдерді тереңдетіп тосындау толғамдарға бастайды. Бәлкім

сондықтан болар бұл шығармаларды айрықша түсініп оқитын адамдардың жас шамасы да дүниетанымы да парасатты, сауатты адамдарға сәйкес келеді. Онда ұшырасатын діни, түркілік тіл оралымдары кеңесті идеологиядан үрейленген зерттеушілер мен сыншыларды шошытты. Қарасөздер өзегіндегі ойларда қайшылықты пікірлер көптігі тәрізді көрініп толғаныстарды бейнелеген сезімдер табы күрделі толғаныстардан көптігіне киліктіреді. Сөздерде қабаттасатын поэтикалық оралымдардың тосындығы, тілі мен архитектурасының сонылығы т.б. бейнелеу құралдырының көзтанысты мәтіндерден басқалығын көрсетті. Сондықтан да оған екінші бірі тәуекел етіп бара алмады.

3.Қабдоловтың Абайтану туралы ойларына, тіпті жазу, ойлану барысында бұрқ етіп бойын билеген сезімдерге лайықты пішім табуда қарасөздердің әсер, ыпалы аңғарылады. Көркем ойларға тамызық болғандай... Қаламгер осы үлгілерді кейініректе қолданған, әсіресе - «Менің Әуезовімде» қаламгер жұртшылық, әсіресе сауатты, зиялы

қауым жақсы білетін ойларды қайталамаған, оның есесіне оқырман ойлануына бағыт сілтейтіндей үлгілерді қолдаған.

Демек, қоғамдық өмірдегі қарапайым оқиғалар ортасындағы түрлі адамдар мен мінездердің тіршілік түйіндеріне байланысты тірліктерін бейнелеп синтиздік түрлерге сүйене жеткізуді ойланғандай..

Зейнағанның қарасөздерге байланысты дара ойлары бар. Бұл шығармалардың нақты сюжетке құрлымағандығын, оларда көркем мазмұнға байланысты бейнелеулерде ерекше еркіндіктің барлығын айтады. Онда адам образдарының сирек кездесетінін автордың, баяндаушының сезім ойларының басымдығын көрсетеді.

Замана ағартушылық ойларына байланысты туған үгіт, насихат, нақыл сөздердің де көп кездесетінін ескертеді. Жанрлық бағытта оқырманға, тыңдаушыларға өнеге берерлік философиялық шолуларға тән публицистикалық толғамдар екенін айтады.

Бұлар ақын өлеңдеріндегі ой-пікір, сезімдердің жалғасы не солардың бастауы тәрізді. Өлеңдерде бейнелеп жеткізе алмаған күрделі ойлардың тереңдеуі тәрізді т.б.

Абай бұл сөздердің бастауында–ақ «Ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін кім де кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» өз сөзім өзімдікі..» десе бұдан Абай қара сөздерінің мақсатын аңғару қиын емес.

Бұл сөздердің өзіндік ерекшеліктері де бар: «көлемі шағын», бірақ мазмұны бай, сөзге сараң мағынаға терең болып келеді.. Бірақ. Абай қарасөздерде нақты ойын белгілі бір жүйемен жан-жақты ашпайды. Ол құбылтып тереңдетеді... Тіпті өзімен өзі кеңесіп отырғандай, ара-тұра тыңдаушымен, оқушымен сырасатындай кейіпте жазады. Сұрақ та қояды., өзі оны тарататындай жолды да нұсқайды...

Осындай түрлі мақсаттар мен қаптаған ойлар жетегінде жүргендіктен болар, бұлардың құрлысы мен пішімдері де өзгелеу...мүқият ойланып – толғанып айтты дегенен гөрі ауызша айтылатын, сурып салма ойларға бейімдеу...тәрізді

Оның өлеңдеріндегідей қарасөздерінде өмірде өтіп жатқан құбылыстар мен түрлі оқиғаларға сол сәттегі ақын көзқарастарын жеткізуге ұмтылады. Оқырманды өзінше ойлануға болатындай деректері келетін тәрізді. Маңында өтіп жатқан оқиға, тартыс т.б. орай дара сипатты қоғамдық қатынастарында орны бар, мәні көріне бастаған күрделі мәселелермен қабаттастыратындай.

Бірақ ол ойларды Абай қарасөздерінің бәріне қатысты айтуға болмайтын да шығар. Негізінен өмірдегі күнделікті қарапайым мінез әрекеттерімен болмаса әрекетсіздігімен көзге түсетіндерді айтуға, талдауға болады. Қоғамдық мәні зор күрделі әселелерді қазақ қоғамының түрлі топтары қалай қабылдағанын осылар анық аңғартады. Тіпті сауаттылардың өзі оның ғылыми мәнінің тереңіне бойлап, ол туралы Абай айтқан пәлсапалық пікірлерге барабар емейді. Байдың халықты өнер-білімге, еңбекке шақырып қандастарын ой-санасын қозғауға, ойлануға, әрекетке шықырды. Ол сөздер пішімдерінің пәрменділігі мен қажеттігі туралы түрлі зерттеулерде біраз ойлар айтылды. Екінші жағынан қалың қазақ-

тың мұң-зарын, бейнеті мен қасіретін көріп отырып былқ етпейтін би болыстар мен атқамінерлерінің дүнеқоңыздығын ашады.

Абай қазақ ортасындағы әр алуан надандық мінездерден туындайтын сорақы әрекеттерді, қатыгездікті малмен жаппақ болған атқамінер билеуші топтар озбырлықтарының сұрқия әрекеттерін көрсетеді. Ұрлық пен өтірікті, қулық пен сұмдықтарды тыймақ түгіл азайтпағынын сынайды. Қалың бұқараны сауатсыздықта, надандықта ұстап отырған осылардың өтіріктері мен озбырлығы екенін айтады. Бұлар елдің өнер білім алып сана сезімінің оянуына басты кедергілер екенін көрсетеді..

З.Қабдолов Абайдың «он бірінші», «жиырма бірінші» - қарасөздерінде ауылдағы құркеуде байлар мен ұлықтардың арамзалық, жауыздық әрекеттерін әшкерелейді. Жалған мақтанға мәз болып, ұрлық қулығын тимағандарды әшкерелейді:

«Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі ұрлық ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылып алып, тағы да байимын деп леп жүр. Ұлықтар алып берем

деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарпайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымдыды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса мен моған керек боламын деп, к... қыздырып алып, өзін біраз ғана азық қылайын деп жүр.

Ұлықтар «пәлі-пәлі» бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп мынаны жеп жүр...».

Осы сөзде баяндалатын оқиғаларда сол кездің шындығы қаз қалпында, айқын баяндалып отыр дей келе З.Қабдолов «...бірақ бір айта кететін нәрсе, Абай өз ортасының жоғарғыдай жиіркенішті қылықтары мен мінездерін дәл көрсетіп, ащы тілмен түйрей сынаса да өз пікірінде дұрыс байлау шығара алмайды... Ұрлық жоғалса, « бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілдеіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтау-сыз кетекні ме? Ұрыны тыю оңай бола еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?»

З.Қабдолов 80 жылдардың орта тұсында ұрлықтың да зорлықтың да шығар жері, «қайнар көзі» болып отырған дәулеттілер мен байлар, елді билеушілер екенін атайды. Осы топ құрымай халыққа жарық жоқ екенін Абай айта қоймады дегендей пікірлерге келеді. Әрі мұндай қайшылықтардың ақын қарасөздерінде ғана емес, шығармашылығына кездесетініне тоқталады.

Ауыр еңбек пен жоқшылық жанын жеген көпшіліктің, сәл-пәл қарсылық көрсетсе жолсыз жаза көргендердің Абай мұңын жырлап, оларды әркез қолдағанын, көмектескенін білеміз. Солай айтып та жазып та келдік. Бірақ Абайдың өскен ортасы мен өмір сүруінің қалың қазақтың тіршілік үшін ауыр еңбек пен арпалыстарынан бөлек болды. Оның қиындық пен қайғыға батқан көпшіліктің жыртығын жамай алмайтыны анық еді. Осы ойлардың жетегінде жалғыздық көргенін, жалғыз болғанын түсінудің өзі Абай үшін қаншалықты азапты болғанын оның шығармашылық жолы мен шығармалары айқын көрсетеді.

Мәселен З.Қабдолов «Жиырма екінші» қарасөзінде Абайдың кейбір ойларын ашық айта алмағаны осы қайшылықтарға тереңдеудің қиындығынан деп біледі. Оны қалың бұқара мінезі мен азабы арасындағы қайшылықтарды жете түсіне түсіне алмаудан, деген тәрізді пікірлер айтады: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым. Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ.» ұлы ақын кейбір сөздерінде қалың елдің ауыр тіршілігін тілегінен айыра алмағандай... Бұған оның қарасөздері де айғақ: «...ұры, залым, қуларға» жеміт болып

жүрген шын момын бейшараларды аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды. Содан басқаны таба алмадым («Жиырма екінші сөз»)

«Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ой болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де озық кісіміз, өзіміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтамыз деп сайланады. Өздері түзеліп жеткен соң, енді елді түзерлігі-ақ қалған... Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны - бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе қолы тие ме?...

Енді ұры залым, сұм-сұрқия өзі де тыңдамайды....

Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» - дейді... (Сегізінші сөз). Олардың үгіт, насихат тыңдайын деген ойының жоқ екенін Абай жақсы түсініп, қара сөздерінде өзінің ғылымға, өнерге, еңбекке шақырған ағартушылық пікірлерін, үгіт-насихаттарын халық бұқарасының сауаттыларына арнады.

«Жетінші сөзде» «жас баланың да анадан туғанда екі түрлі мінезбен: ішсем, жесем, ұйықтасам және білсем, көрсем, үйренсем екен» деп туатынын айта кеп, адамдарды соңғысына шақырады. Надандығымызды білімділікке бермей таласқанда өлер-тілерімізді

білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз бұл дұрыс емес, білмегенді үйрену қорлық емес, қайта жалықпай іздену керек; «...естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы, жаманды тануындағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» («Тоғызыншы сөз») – деген ақылын айтады. Ал, адам білгенін, ұққанын ұмытпай ойына қалай тоқып алу керек екенін «Отыз бірінші сөзде» айтады, біз соны түгел келтірелік; «Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар; әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екіншісі, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибраттану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек. Үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек; егер ой кез болып қалса салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы, күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді, бұл төрт нәрсе күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер».

Абайдың бұл айтқандары – ақылды аздыраты, білім мен өнерден алыстатын дағды мен мінездерді ұқтыру ғана емес, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған, адамға үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие, оқуға, оқып білгенді көңілге тиянақтап тоқуға үйретер құнды пікірлер.

Абай өзінің «Жиырма тоғызыншы сөзінде» қазақтың кейбір ескі мақалдарын қатал сынайды. Шынында да көнелеу мақал-мәтелдердің ішінде бір кезде ел билеушілер мен атқамінерлердің тілек-мүддесінен туған, адамды адастыратын, зияндылары толып жатыр. Ақын соны әшкерелеп, мұндай сөздерге «сақ болу керектігін» жұртшылыққа түсіндіреді. Айтар пікірлері халықты еңбекке баулыған үгіт-насихаттарына тоғысады: «жарлы болсаң - арлы болма» деген мақалға Абай: – «Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенде жанынды қинап, еңбекпен мал тап деген сөз болса, ол ар кететұғын іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек, ол - арлы адамның ісі»- дейді. Немесе, «... сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ,» деген мақалдың да нағыз кертартпа, теріс пікірден туған нәрсе екенін ашып, бұл жерде де көпшілікті еңбекке тәрбиелейтін қорытынды шығарады: «сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой».

Абайдың қарасөздері. Бұл атау алғашында Абайдың бір топ шығармаларына поэзиядан өзге жанрда — қарасөзбен жазылғандықтан берілген. Оның шығарма жанрына қатысы шартты ғана деп көрсетілетінін З.Қабдолов өз зерттеулерінде айтып отырады.

Кейін келе-келе "бұл Абайдың өзіне ғана тән, өзі ойдап тапқан, демек, өзге қаламгерлерде кездеспеген дара жанр" деген тәрізді пікірлер көтерілді. Бұл ойлануды қажет етеді. Егер, шынында да, дара жанр болса, оның құрылымы мен поэтикасында тек соған ғана тән тұрақты белгілердің болуы керек. Ал қарасөздер құрамында проза жанрының алуан түр үлгілері кездеседі. Мұны ҚС жанрын анықтауға талпынған зерттеушілердің бәрі де айтады. Жоғарыдағы пікірлерімізде бұл туралы де айтылды.

Абай не жазып отырса да, оқушыға түсінікті болуды есте ұстағаны мәлім. Қарасөздар оқуға ауыр, түсініксіздеу тіркестерге кездескенде оның адресаты (арналған оқушысы бар) бар деген пікірлердің растығына көзің жеткендей болады. Мысалы, діни, кітаби-түркі тілді мол қолданған шығармалар мұсылманша сауатты, исламият пен дін философиясына ықыласты адамдарға арналған. Шәкірттері мен көпшілікке жазған шығармалар стилі мүлде басқа.

Қарасөздер тереңіне бойлау үшін дайындық керек. Бұл шығармалар, негізінен, "сөз түзелді, тындаушым, сен де түзел" дегендей диалогке бара алатын оқушыға арналады. Бұл жерде оқушы деген сөзді шартты ұққан жен. Өйткені қарасөздер кез келген адам оқып, тұшынып түсіне алады десек, қателесетін тәріздіміз.

XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиет аясында оқшау, өзгеше керінеді. Оны бірден ұғына оқып кету киын. Абай шығармалары туралы кезінде А. Байтұрсынов былай деген: "Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөздерінен басқалығы сонша әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосырқап отырарсың. Сөзі аз, мағышасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң,

азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайыра оқыса да түсіне алмайды.

Бірақ ол ауырлық (түсінуге ауырлық. — З. Б.) Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда.

Не нәрсе жайын жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын, сынақ болып табылады.

Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды, деген А.Байтұрсынұлының пікірлерін талдай келе З.Қабдолов Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау,

олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған атап көрсетеді.

Сөздерінің өзегіндегі мазмұн мен астарлы идеялық-эмоциялық баға біраз зейін мен зердені, оқушымен диалогты қажет ететіні анық. Мысалы, жиырма жеті, отыз сегіз, қырық үшінші т. б. сөздер. Көптеген сөздердің өзінде Абай тақырыпқа өрілген оларды тарқатып, оқушымен, өзімен-өзі диалогке барып отырады. Мысалы, екінші, үшінші, төртінші т. б. сөздер.

Қаламгер оқушыға қаншалықты түсінікті жазуға ұмтылса да тым қара-байырлыққа, жалаң насихат пен үгітке - жаландыққа бармайды.

Қарасөздер өзіне дейінгі қазақ әдебиетінде бар үлгілермен үндеседі, бірақ әуені өзге. Философиялық, дидактикалық, діни, кітаби-түркі лексикасы мен грамматикасын — абстракты шешендік пен тарихи-шежірелік сипаты мол тіл оралымдарын замана, қоғам, адам проблемаларын көркем бейнелей алатын нақтылығы мол образды түрге түсіреді.

Абай қарасөздерінің поэтикалық принциптерін анықтау үшін архитектуралық құрайтын элементтердің жасалу әдістері мен тәсілдеріне, байланысу жолдарына қарау керек, әрі оның сөздеріндегі ұлттық рух бейнелерінің өзгелеу екенін З.Қабдолов ақын шығармашылығына байланысты талай мәжілістерде үнемі айтып отыратын және оның кейбір ерекшеліктеріне де тоқталатын

Абай кезіндегі қазақ әдебиетінде, негізінен, үш түрлі стиль болды: жоғары стиль — кітаби-түркі, діни этикетті, дәстүрлі әдебиет стилі; орта стиль — мерзімді баспасөз және ағартушы демократтардың дидактикалық, насихаттық мақсатта жазған шығармалары; төменгі стиль — ауыз екі таралған фольклорлық шығармалар стилі. Қарасөздері шалқыған

шешендік те, әдейі әлеміштеу де, тақ-тұқ жұпынылық та жоқ. Абай айшықты сөз кестелерін, эпитет, теңеу, метафораларды үйіп-төгіп пайдаланбай-ақ, ұшталған әдіс,

жұмбақ тәсілсіз қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік типтер мінез-құлқын, іс-әрекетін аса шебер бейнелейді. Әсіресе ұры, қу, жылпос, надан т. б. бейнелеуде олардың ойлары мен сөздерін шебер пайдаланады. Осы мақсатта қаламгер жоғарыда аталған үш стильді де қарасөздері поэтикасында жемісті қолданады.

"Абайдың поэзиялық мұрасы туралы М. Әуезовтің пікірлерін келтіре отыра әдеби тілді қалыптастырудағы ролі туралы пікірлерінде, қарасөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар, ол - осы қарасөзді жазған ақын тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дережесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қарасөздерінің тілімен біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді", - деген пікірлеріне айрықша тоқталатын.

Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы ролі өлшеусіз. Оның шығармашылығында ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанға кең таралған кітаби-түркі мен

дәстүрлі қазақ әдеби тілі, ауыз әдебиеті үлгілері жаңа қолданыста жарқырай көрінеді.

Бүгінгі оқушыға түрі де, тілі де бейтаныстау көрінетін сөйлемдер Абай кезіндегі зиялы қауымға жақсы таныс әдеби үлгіде жазылған. Бұл туралы қазақ тіл білімінің аса көрнекті ғалымдары Р.Сыздық пен Ә.Хайдаров еңбектеріне шолулар да жасайтын.

Қарасөздер поэтикасына еліктеп, соның дәстүрімен шығарма жазушылар да болғандығын, әсіресе Шәкәрімнің прозалық шығармалары мен А. Жандыбаевтың "Жас ғұмырым, яки жастыққа ғафлат" аталатын романы туралы ескертеті. Әрі бұл шығарманың роман жанры деген атауға сай келмейтінін ескертуді де ұмытпайтын.

Қарасөздер туралы талдауларында поэтикасын анықтаудың оңай емес екенін З.Қабдолов оңай емес екенін көрсетіп отыратын.

Оның көркем шығарма екені бүгінгі таңда дау туғызбаса да, кезінде күдіктенушілер болған. Мұның басты себебі қарасөздердің түрлі ғылымдар мәселелерін де қозғайтын әмбебап сипатында. Мысалы, дидактика мен педагогика, мораль мен этика, публицистика мен эссе, ғылыми мақала мен тарихи очерк, дін-исламият пен философиялық тақырыптарды қозғайды. Сондықтан да оның поэтикасы көркем мазмұн

мен архитектоника, оның түрлі құрылымдық бөліктерінің композициясы арасындағы үйлесім, үндестікте. Ендеше, осы бөліктердің 11 көркем мәтінде (текст) атқарар қызметі, олардың өзара байланысы мен бір-біріне бағыныштылығы зерттелуге тиіс.

З.Қабдолов Абай не жазса да, қандай ой, құбылыс туралы толғанса да оған өз қатысын, әсерін, бағасын білдіретініне тоқтала келе шығармашылық процесс үстіндегі бойын билеген сезімдер толқынының бейнеленуіне көңіл бөліп, оның шығарма көркемдігінде рөлінің аз еместігіне тоқталатын. Өйткені осы шағын көлемді шығармаарында автор эстетикалық нысанды жай ғана әңгімелеп отырған жоқ, оған қатысын, бағалауын ұлттық рух сезіміне орай бейнелейді. Замана жаңалығын көрмеген туған халқының білуге, ұғуға, түсінуге мүлде тырыспаған аңқаулығына бірде жаны ашыса, бірде ызаланады. Бірде ақыл айтса, бірде мысқыл кекесінге кешеді, ашына сөйлейді.

З.Қабдолов жиі қолданатын қарасөздер синтаксисіне келер болсақ, оның сол кездегі мерзімді баспасөз бетіндегі көзтаным жанрларға (синтаксисіне) ұқсайтынын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, публицистикалық сипаты мол үшінші, отыз үшінші, жиырма бесінші сөздер, тарихи очерк үлгісіндегі қырық алтыншы, халық прозасы үлгісіндегі он жеті, отыз бесінші т. б. сөздер. Осы үлгідегі шығармаларды "Түркістан уалаятының газетінен" бастап өзге де жарық көрген мерзімді баспасөз туындыларынан, жарияланған жинақтардан көптеп кездестіруге болады. Алайда, ҚС ішінде тілдік, синтаксистік тұрғыда бұлардан бөлектенетіндері де бар. Мысалы, педагогикалық, этикалық, моральдық, дін, философиялық шығармалар. Мұның басты ерекшелігі—авторлық интенцияны, ұлттық рухты дәл бейнелеуге қабілетті көркем тіл, композиция, шығарма архитектурасында. Осылардан туындайтын ұлттық рухтың көркем мазмұнда.

Сондықтан да Абай қарасөздері жанрлық ерекшелігін білу үшін сол кезеңдегі жанрлар жүйесін ғана емес, Абай мұрасының сол кез әдеби контекстіндегі өзіндік ерекшелігін де жете білу қажет екенін З.Қабдолов ескертеді.

"Тегінде сонау Әлішер Науайдан тартып, XVI ғасырға дейінгі түрікше жазылған (тілдік айырымдары барлығын ескермегенде) әдебиеттердің ішіндегі көптен көбіне тен грамматикалық формалардың Абай шығармаларына да тәндігін, бұлар арасындағы сабақтастықтың барлығын мойындағанымыз сияқты, осы әдебиеттерге тән сөйлемдік жүйенің де Абай шығармаларына тәндігін мойындау керек", — деп жазған белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев еңбектерін атап талдай келе ондағы пішіндік, жанрлық сөйкестіктерді еліктеу емес үндестік, шығармашылық диалогқа бару деп ұғуға болады дейтін.

Абай шығармаларындағы Еуропа, орыс әдебиетінің әсері асыра бағаланып келді. Бұл әсер табиғаты соңғы жырдарда зерттеле бастады. Осы әсердің өңі мен себептерін қарасөздерге үңіле қарау арқылы байқауға болады.

Өмірінің соңғы жылдарында Абайдың негізгі бағыты - Еуропа, орыс әдебиеті емес, Шығыс. Алайда, бұл жерде ақын Батыстан мүдде қол үзген екен деген пікір туындамауға тиіс. Абай одан алғандарының бәрін енді Шығыстық негіз арқылы ой елегінен өткізіп, екшеп алады, өзінше пайдаланады. Мысалы, Абайдың дәстүрлі проза тілін халық тіліне жақындатқаны белгілі. Осы мақсатта ол батыстық (орыс әдебиеті тілі де) күрделі әдіс, үлгілерді түркілік, шығыстық негіздерге жақындата пайдаланады. Бұл тек қана халыққа

түсінікті болсын деген талап-тілектен туындамауға тиіс, оның негізінде түркілік, шығыстық табиғаты, дәстүрі мол қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігі (дамуының) болуға тиіс.

Әдеби тіл аса күрделі тіл. Ол өзге тіл ықпалына бірден ұшырамайды. Оған өте ұзақ уақыт керек. Абай заманындағы қазақ әдеби тіліндегі шығыс, батыс, татар, түркі әдебиетінің ықпалын тереңдей зерттейтін реттейтін кез келді.

XIX, XX ғасырларда қазақ әдебиеті көркемдігін әдеби тілдің өмірді бейнелеудің замана талабына сай, жаңа үлгілеріне тез көтерілсе, ол қоғамдық сана дамуының ішкі заңдылықтарына да тәуелді.

Мысалға, Абай Қарасөздері ішіндегі ең қысқаларының бірі он екінші сөзді алайық. "Кімде-кім жақсы дүр, жаман дүр ғибадат қылып жүрсе, оны ғибадаттан тиюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин сондай адамдар ғалымды шбадатқа ғылымы жетпесе де, қылса керек. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе керек, Әуелі - иманның иғиқатын (нану, сену. - 3. Б.) махкамлемек (берік, мықты, сенімді. - 3. Б.) керек, екінші — үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уа ләкин, кімде-кім иман неше нәрсе бірлән кәмеләт табатұғынан уа неше жерден бұзылатығынын білмей басына шалма орап, бірадар атын көтеріп, рузашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қылаң бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі андый шын діни шыншылдай жаны ашып тұрмаса салғырттың иманы бар деп болмайды" (Абай. 2-т.).

Сөйлемдер құрылымына көз тоқтата қараған адам бұл сөздің XX ғасыр соңындағы діни, кітаби-түркі мен дәстүрлі халық әдебиетінің сөйлеу тілі негізінде құрылғанын бірден аңғарады.

Қарасөздер бірден байқалатын үлгі - шешендік сөз үлгісі. Абай қаршадайынын бастап бұл өнердің небір дүлдүлдері сайысқа түскен дау, айтыс, тартыстарды көріп өскен. Есейе келе өзі де айтулы шешендердің біріне айналды. Өнерін ел басқару ісіне де қолданады. Қарасөздері шешендік өнер поэтикасының көп қолданылуы сондықтан. Ортаға күрделі ойды тастау, оны ұғуға жеңілдету үшін ой, мақсаты, мазмұны айқын жіктерге бөлу, болмаса жауабы дайын, дау туғызбайтындай сұрақтарға жүйелеу. Сол арқылы сөзін тыңдаушыға мойындату. Мысалы, бірінші, екінші, үшінші, төртінші т. б. сөздер құралымын қараңыз.

Абай Қарасөздері поэтикасы туралы айтқанда басты назар бұл сөздердегі тілдік элементтердің орналасуы мен қарым-қатынасқа түсуінің өзіндік ерекшеліктерінде болуға тиіс. Мысалы, ойды жеткізуде образды тіркестер, сөйлемдер қалай пайдаланылады. Осы қолданыстан қандай авторлық мақсат аңғарылады.

Абай қарасөздер арқылы өз сезімін жеткізуді, оған назар аударуды мақсат қылған емес. Онда байқалатын сыр, тебіреніс, сезім ернектері творчестволық процесс үстінде лүп ете қалған сезім ағыны. Оның образды сипатта берілуі, әрі ҚС поэтикасында басты роль атқаруы оның негізгі ерекшелігі болып табылады. Автордың тебіреніс үстінде ағылып жатқан ойларға, соларды жетелеп жүрген құбылыстарға деген бағасы, қинаулы. ашуы, кекесін-мысқылға келуі, толас табуы, ойға шомуы т. б.

3.Қабдолов қарасөздерде алдын ала белгілі ақиқат-аксиома сипатты шындыққа ұмтылу жоқ. Мысалы, тіпті оқу, өнер туралы ойларына Абайға тән толғаныс күмәндану да бар екенін айтады.

Қысқасы, Абайдың ғақлия-қарасөздер өз дәуірінің ақиқат шындығынан туған, танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні зор шығармалар. Түрі көркем, тілі де әсем, мазмұны терең, идеясы көбіне халық тілегімен ұлттық рухпен қабысып жатқан туындылар. «Әкенің баласы - адамның дұспаны, адамның баласы – бауырын»; «көңілдегі керікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады», «биік мансап - биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшын қыран да шығады» дегендер, немесе:

Бақпен асқан патшадан,
Мимен асқан қара артық.

Сақалын сатқан көріден,
Еңбегің сатқан бала артық!-

деген сияқты «Отыз жетінші сөз» талай тамаша нақылдардың жұртшылыққа соншалық кең, мол тарап, тіпті мақалға айналып кетуінің өзі, әлгі айтқанымыздай, Абай ғақлияларының құнды қасиетіне саяды.

Ол Абайдың өз заманындағы ағартушылық, демократтық, дидактикалық ағымдағы тұтастарынан басты айырмашылығы. Өзі мұқият ойланған, өмір тәжірибесі арқылы бастан кешкен, ұзақ толғанған ірі мәселелер туралы, қазақ қоғам алдында тұрған негізгі мәселелерді пайымдауда көзі жеткен, көңілінде әбден орныққан ойларына күмәнмен қарау. Менің көзім жеткен тәрізді толғамдар осы, ал өздерің қалай ойлайсыздар ол өз мойындарыңда дегендей... Осы айырмашылық оның қарасөздерінің дара поэтикасын туғызады. Ал оның көлемінің шағындығы мен құрылымының, тілінің қарапайымдығының артында адамзат қоғамына қатысты ірі ойларды, ұлттық рухты қозғау Абай қарасөздерінің дара көркемдік жүйесі жатыр. Нағыз талантты шыңармалардың қарапайымдығының астарында бойлап болмайтындай тереңдік пен аса күрделі ойлардың орналасатыны содан болар, бәлкім.

АКАДЕМИК-ЖАЗУШЫ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Бауыржан Жақып

Қазақстан Жазушылар Одағы басқарма төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - қазақ еліндегі киелі шаңырақ, талай марқасқалар дәріс беріп, талай таланттылар түлеп ұшқан ұлы орда. Оған ешкімнің дауы жоқ.

Біз университет есігін 80-ші жылы аштық. Сондағы атынан ат үркетін Ұстаз – академик – жазушы Зейнолла Қабдолов болатын. Ол кісі «Әдебиет теориясы» пәнінен дәріс беретін. Бірақ дәл сол жылы журналистика факультетіне Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған елу жасқа, Зекең өзі ертіп келіп, қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиевті таныстырды. «Сендерге «Әдебиет теориясын» осы Қадыр ағаларың оқиды,» - деді.

Қадыр аға сабақты өте қызық өткізетін. Ақын-жазушылар тағдыры жайлы, әдебиет әлемінің небір құпия-жұмбақтары туралы, шығармашылықтың теориясы мен тәжірибесі хақында өте әсерлі баян ететін.

Бірақ біз кейде филология факультетіндегі Зейнолла ағай лекциясына да қатысып жүретінбіз.

«Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет – елдің есеюі.

Қазақ университетінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айрықша бір аяулы жайы бар: заманымыздың ұлы жазушысы Әуезов Мұхтардың жарты ғұмыры осында өтті.

Қазақ университетінде біз де оқыдық. Бірақ, біздің бүгінгі шәкірттерден бір айырмамыз, аздап мақтаныңқырап айтсам, артықшылығымыз – Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдағанымыз дер едім.

Несін айтасыз, ғажап еді ғой!..»

Бұл шашын толқындата артқа тараған, отты жанары ұшқын атып, ерекше мейірім сәулесін шашып тұратын, аса ажарлы да бөлек бітімді Зейнолла Қабдоловтың өз сөзі.

Бүкіл ғұмырын Қазақ университетіне, қазақтың талапты жастарының жолын ашуға арнаған асыл ағаның алдын көріп, ақыл-кеңесін тыңдағанымыз үшін біз де бақытты ұрпақ

екенбіз. Біз – Зейнолла Қабдоловтың шәкіртіміз! - деп біз де өз артықшылығымызды жасқанбай айтатын болдық.

- «Асылы, Жан-Жак Руссоның байлауы дұрыс. Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау!» - деген қанатты сөзін жиі қайталайтын.

Қазақ ұлттық университетінің кейінгі жылдары сөзімен де, ісімен де мәртебесін биіктетіп, абыройын асқақтатқан тұлғалардың бірегейі де Зейнолла Қабдолов екенін айтуымыз керек.

«ҚазҰУ... Бұл – мен үшін атамның атынан кейінгі ыстық атау. Осы сөз не көзіме түссе, не құлағыма тисе болғаны, жүрегім елжіреп, көкірегім күйге толып қоя береді.

ҚазҰУ - өзінен бөлініп шыққан көп институттар секілді отау емес, орда», - деген сөзінің әр әрпін қалдырмай, тайға таңба басқандай етіп айтушы еді.

Енді бірде: «Шырақтарым, әдебиет дегеніміз - ардың ісі», - деген терең мағыналы ойын сөз өнерін төңіректен келген әрбір шәкірттің құлағына құюшы еді. Әдебиетке деген неткен тазалық, неткен қастерлеу десеңізші!

Асыл Зекең әр лекциясында әлем, орыс әдебиетінен небір мысалдарды, ұлы Абайдың:
Сылдырап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай...

...Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар Айға алыс.
немесе, Махамбеттің:
- Ах, Арқаның қызыл изені-ай,
Басы бір күрдек, түбі арал,
Қыдырып шалар аруана,
Кәрісі кімнің жоқ болса,
Жасы болар диуана.
Бір сынаған жаманды
Екінші қайтып сынама.
Тіріде сыйласпаған ағайын,
Құм құйылсын көзіңе,

Өлгенде бекер жылама! – деп төгілте бастап, Қасым, Мұқағали, Төлеген, Қадыр, Тұманбай, Сағи, Жұмекен, Фариза, Мұхтар өлеңдерінен ғажайып шумақтарды үзілдіріп үзбелеп, тізілдіріп тізбелеп жатқа оқығанда, поэзия деген сиқырлы әлемнің тұңғиығына әр шәкірт жүрегі сүңгіп кететін еді - ау! Сырбаз сөйлейтін, сымбатты жанның әр сөзі тасқа басқандай сұлу көрінетін. Тілінен бал тамызғандай бипаздап бастап, кейде жарасты әзіл-қалжыңмен аудиторияны дүр сілкіндіре күлдіретіні және бар. Шешеннің шешені еді. Кейіннен университетке оқытушы болып, кандидаттық диссертациямды Зекең өзі жүргізген Кеңесте қорғадым. Зекеңнің соңғы докторантының бірі болғанымды да мақтан тұтамын.

80-ші жылдың аяқ шені. Ұлы ұстаз «Әдебиет теориясы» пәнінен дәріс береді. Мен жүргізген «Әдебиет және журналистика» пәні ол кісінің сабағымен қапталдаса жүрді. Зекеңнің лабораториялық сабақтарын жүргізетін қазіргі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, танымал драматург Ермек Аманшаев екеуміз 204-дәрісханада емтихан алып отырмыз. Жауабы әлсіздеу болған 2-3 студентке «3» деген баға қойып қойғанбыз. Аудиторияға Зекең кіріп келді. Орнымыздан ұшып тұрдық.

–«Иә, емтихан қалай өтіп жатыр, - деп ведомостықа үңілді де, қабағы түйіліп кетті.

- Лекцияны академик Қабдолов оқыса, бұл балалар қалай үш алады!» деді.

Біз үнсіз, кінәлі адамдай басымызды төмен салбыраттық.

Зекеңнің сол сөзінен кейін «3» деген бағаны қоймайтын болдық.

2001 жылы 38 жасымда факультет деканы болып тағайындалдым. Сонда мен отырған кабинетке, Зекең әрдайым бір соғып өтуші еді. Қасында міндетті түрде бір-екі адам жүреді.

Есікті айқара ашады да: «Әулие аттаған оңбас» - деген!» деп бүкіл оқытушы, студенттерге естірте, сөйлей кіретін. Қазір ойласам, мен Абай, Мұхтар елінің перзенті болғандықтан ба, менің абыройымды көтеру үшін айтады екен-ау, ұлы ұстаз!

Бір есте қалғаны – Зекеңнің ұстаздық қызметіне 50 жыл толуы КазГУ-де ерекше аталып өтті. 15-қабаттағы мәжіліс залы халыққа лық толы. Академик-жазушыға сол күні айрықша құрмет көрсетілді. Зекеңді жақсы көретін шәкірттерінің өзі қаншама десеңізші! Мәжілісті сол кездегі университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов жүргізіп отырды. Академиктер Серік Қирабаев, Сейіт Қасқабасовтар, жүзінен ерекше шуақ төгілген Сәуле апа Зекеңнің қасында төрде отыр. Бір мезетте Төлеген Әбдісағиұлы Қырғыз мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің деканы, профессор Жылдыз Бақашеваға сөз берді. Қырғыз ағайындар Зекеңнің шәкірті екендігін айтып, зор ілтипат көрсетті. Ректорымыз ғажайып ақынжанды азамат, Жамбыл – Жәкеңнің тікелей ұрпағы. Өзі ерекше шабыттанып тұр.

– Енді біздің журналистер не дейді екен? – деп, мені ортаға шақырды. Ол жерде сөз сөйлеп тұрып алу артық еді. Мен бірден «Бәйтерек» деген Зекеңе арналған өлеңімді оқыдым:

"Ұшқын" болып ұштың да,
"Жалын" болып лауладың.
Әуелеп бір ұшқанда,
Әуезовтен аумадың.
Тебіrentтің Каспийдің
Толқын-толқын тауларын.
Өрімтал жас өскіннің
Жан-жүрегін жауладың.
Ақ самалдай аңқылдап,
Тербеп шабыт орманын.
Найзағайдай жарқылдап,
Ақ жаңбырдай жауғаның.
Күннің алтын нұры боп,
Күміс шыққа аунадың.
Махамбеттің сөзіндей,
Ағыл-тегіл сауладың.
Ұлы Абайдың өзіндей,
Аулақтан ой ауладың.

Мұхтар болып мұңданып,
Сәбит болып сыр бағып,
Ғабит болып шыңдалып,
Ғабиден боп нұрланып.
Қайсар жырдың күймесін,
Қасым болып таныттың.
Өлең сөздің түймесін,
Әбділда боп ағыттың.

Мөлдірлікке құлшынып,
Өстік біз де көктедік,
Зеңгір көкке шаншылып.
"Айналайын!" – деп келіп,
Құштың бізді қаусырып.
Атбегілер сипаған,
"Құлын!" көрсе, кекілден.
"Айналайын!" – деп келіп,
Сүйдің менің бетімнен.

Ардақты аға, сол сөзбен,
Сыйладыңыз бар бақты.
Сол сөзіңіз біздерге
Қанат беріп, самғатты.
Айдынына ойыңның
Аққу менен қаз қонып,
Жүріп келе жатасың.
Үнін естіп қайыңның
Сұлу, сырлы саз болып,
Кіріп келе жатасың.

Өлең сөзбен айшықтап,
Қара сөзбен жырладың.
"Адамның кейбір кездерін".
Зейін қойып тыңдадым,
Зейнағамның сөздерін.

Түн ұзақ та, күн – қысқа,
Басыңды бұлт шалмасын.
Сізге арнаған Шыңғыс та
Күздің "Қызыл алмасын".
Сыбдырласқан өзді-өзі
Жапырағың жетеді.
Сіз кіргенде КазГУ-ім,
Жарық болып кетеді.

Күннің түскен шуағы,
Бәйтерегім, теңселме.
Биік болып тұрады,
Өзіңменен еңсем де....

Зал ду ете қалды. Зекеңнің үлкен көздері төңкеріліп, ғажайып бір сүйсініспен маған қарады. Факультеттің атынан қылыш сыйладым. «Қылыш», – дей беріп едім, академик Қасқабасов «Махамбеттің жебесі», – деп түзетті. Сол сыйды Зекеңе беріп едім, ол кісі орнынан тұрып, айналып–толғанып, бетімнен сүйді.

Мен орныма барып отыра беріп едім, залдағы жұрт шулап қайта ортаға шығарды. Салт бойынша қару бергенде, сатып алу керек екен. Зекең қалтасына қол салды да, маған ақша ұстатты. Не керек, өлеңді аудитория керемет қабылдады. Кейіннен Зекең Атырауға барғанда, актерлер сол өлеңді жатқа оқыпты. Келген соң Зекең бір жолыққанда : – Атырауда сенің өлеңінді оқыды. «Сен кіргенде КазГУ-ім, Жарық болып кетеді» дегенді «Жап-жарық боп кетеді» деп қате оқыды. Қойшығұл Жылқышиевке айттым: Бауыржанның өлеңінің бір сөзін де өзгертпей оқындар дедім. «Жап-жарық» – деген лап етіп жанады да, тез сөнеді. Ал «Жарық» дегеннің сәулесі ұзаққа барады, – дедім. Осы өлең ұстазға ұнады.

Зекең дүниеден өткеннен кейін, Сәуле апайдың «Көрген түстей, сағымдай» деген күнделік– кітабы 2009 жылы жарық көрді. Сонда мынадай жолдар бар : «12 желтоқсан ... Бұл күні таңертең атасын құттықтауға Абылай ата-анасымен келіп, Бауыржан Жақыптың Зекеңе арнаған «Бәйтерегін» жатқа айтып берді. «Сен кіргенде КазГУ-ім жарық болып кетеді» деген жолдарын естіп, босады... (147-бет)

Абылай немересі сол ұзақ өлеңді ылғи жатқа айтып жүреді.

Ағамыз дүниеден озғанда, қайғырып жазған өлеңім «Ғұлама» деген атпен «Қазақ әдебиетінде» жарық көрді. Ұстазды жерлеп келгеннен кейін «Ритц-Паласта» оқығанда,

тебіренбеген жан қалмады. Жүректен шыққан сөз жүрекке жететіні рас-ау. Ол өлеңнің мәтіні былай болып келеді:

Естелік айтып Мұхаңмен жүрген
жаз күннен,
Еңкейіп кіріп, шалқайып шықтың
КазГУ-ден.
Тойларыңда, аға, шаттанып өлең
оқушы ем,
Бүгінгі жырды қайғырып тұрып
жаздым мен.
Бейнеңіз қалды күлімдеп күндей
тұратын,
Ғаламат жансыз ғасырда бір-ақ
туатын.
Қайталанбайтын шешен сөзіңмен
таныттың,
Алты алашымның арманын, мақсат,
мұратын.
Алатаудай асқақ, Жайықтай тұнық
тереңім,
Арқадай дархан, Еділдей ерке
еренім.
Тамырыңды жайып, жапырақтарыңды
шулатып,
Бұ дүниеден кеттің бе сен де,
кемелім!
Кешегі өткен ғұламалардың
көзі едің,
Ұлы Ұстаз болса, дәл соның Зеке,
өзі едің.
Айдай боп туып, судай боп аққан
елімнің,
Алтын да баулы, күміс те зерлі
сөзі едің.
Елбасына да бергенсің өзің
батаңды.
Шуағыңнан сенің бүкіл ақындар
от алды.
Үйретіп кеттің, көрсетіп кеттің
біздерге,
Қалайша сүю керек екенін
Отанды.

Қадым заманнан өмір мен өлім
арбасқан,
Айырылып Сізден, «аһ» ұрдық бүгін
марқасқам.
Заманалардың судырлағанда
парағы,
Келешек ұрпақ таниды Сізді
танбастан.
Асыл сөздегі қартаймас мәңгі,

Абызым,
Жылдардан жылға ортаймай жетер
аңызым.
Өзіңді жоқтап, домбыра күйі
шертіліп,
Ішегін тартып, жылайды өксіп
қобызым.
Аспанда бұлттар көз жасын төгіп
қалқысын,
Арнаған жансыз бүкіл ғұмырын
халқы үшін!
Өзіне-өзі сөзінен күмбез
тұрғызған,
Қыраным едің естілер даусың
шың-құздан.
Арыстаным ең, данышпаным ең,
еңсем ең,
Биіктігіңді ел парасатыңмен
өлшеген.
Кітаптарың мен шәкірттерің барда,
ел барда,
Өлмейтініңе, өшпейтініңе
мен сенем.
Рухыңыз тұрар КазГУ-дің мәңгі
төрінде,
Жүресіз шарлап қазақтың байтақ
жерінде.
Ұлы Әуезовтің әуезді үнін
сағынып,
Кеткендейсіз Сіз Мұқана барып
келуге...

Дүниеден озған соң, Зекеңнің орны ойсырап қалды. Бәріміз де нағыз ұстазды сағынып жүрміз. Бірақ «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» - дегендей, Зейнолла ағайдың көп-көп шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етеді.

Әр дәрісімізді Зекеңнің «Адам», «Өмір ұшқыны», «Ұшқын», «Жалын», «Жанр сыры» «Сыр», «Жебе», «Әдебиет теориясының негіздері», «Әуезовтің әсемдік әлемі», «Сөз өнері», «Арна», «Көзқарас», «Менің Әуезовім» кітаптарын жаңа буын, жас толқынға зейін қоя оқуға ұсынамыз, Зекең жайлы естеліктер айтамыз. Бұл - біздің шәкірттік парызымыз. Ендеше, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов лекциясы жалғаса бермек...

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ

Қансейіт Әбдезұлы

филология ғылымдарының докторы, академик

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті профессоры

Қара шаңырақ – Қазақ Ұлттық университетінде әр жылдары ұлтымыздың алыптары қызмет атқарды. Қазақтың кең байтақ даласының әр түкпірінен арман қуып, білім алам деп келген дарынды жастарына сабақ берді. Солардың барлығы да – білім

мен ғылымның әр саласында із қалдырған, өз биігіне қыранша самғап көтерілген дарабоздар еді.

Ұлтымыздың кемеңгерлері, Алаштың біртуар перзенттері – М. Әуезов, Қ. Сәтпаев, Ә.Марғұлан, Н. Сауранбаев, С.Аманжолов, І. Кеңесбаев, М. Қаратаев, Е. Ысмайылов, М. Балақаев, Т. Тәжібаев, Ә.Жолдасбеков, Б. Бірімжанов, Қ.Жұмалиев, Е.Бекмаханов, М. Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Т. Нұртазин, З. Ахметов, З.Қабдолов, Т.Қожекеев сынды ағаларымыздың осынау университетте әр жылдары сабақ бергендігі, шәкірт тәрбиелегендігі және әрқайсысының өзінің іргелі ғылыми мектептерін қалыптастырып кеткендігі жалғыз университеттің ғана емес, тұтас ұлтымыздың, мемлекетіміздің игілігі болды десек артық айтқандық емес. Отызыншы жылдардың ортасында қазақтың қаймағы болған арыстарымыз, руханиятымыздың көшбастаушылары репрессияға ұшырап, ұлтымыздың болашағына енді қалай қам жасаймыз деген тұста, Құдай қолдап, 1934 жылы Қазақ университеті ашылды. Алаштың бас көтерер азаматтары, қайраткер ұлдары мен қыздары осынау университет төңірегіне топтасты. Ұлтымыздың санасын оятып, болашаққа мықты буын тәрбиелеу миссиясы енді осы университетке жүктелді. Дәл осы тұста Қазақстанның түкпір-түкпірінен сталиндік режимнен ғайыптан аман қалған ұлт зиялыларының барлығы ҚазГУ-ге келіп ат басын тіреді.

Ұлттық саясаттың қайнар бұлағы да осы университет болды. Ұлттық ғылым мен білімнің іргетасы осы шаңырақта қаланды. Әлемдік деңгейдегі ғылымның үздік жаңалықтары да осы университетте бастау алып жатты. Бір ғана ұлтымыздың кемеңгер қаламгері, әлем таныған саңлақ жазушы Мұхтар Әуезовтің отыз жылға жуық табан аудармай университетте сабақ бергендігі неге тұрады?! Осынау университетте сабақ бере жүріп, әйгілі «Абай жолы» роман - эпопеясын жазды. Қазақ фольклорының тарихынан қайталанбас лекциялар оқыды, «Манастану», «Әлем әдебиетінің тарихы», «Алаштану» атты жаңа ғылыми курстың негізін қалады. Университетте сол 1950-60 жылдары оқыған, Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған, тағылым-тәрбиесін алған қаншама буын қазақ жастары кейін қазақтың қабырғалы қаламгерлері атанды. Олардың ішінде мемлекет және қоғам қайраткерлері қаншама. Айталық, кеше ғана дүниеден озған академик-жазушы, профессор Зейнолла Қабдолов «Менің Әуезовім» атты романында осының барлығын бейнелі тілмен төгілте суреттеді. Мемлекет қайраткері, Ә. Кекілбаев соңғы жылдары Әуезов тағылымын тереңнен тартып, өз мақалаларында қанша рет толғанды. Әуезов қаламының өз шығармашылығына тигізген игі әсерін айтты.

Ә. Қайдар, М. Жолдасбеков, Ә. Нұршайықов, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, Ә. Айтбайұлы, Р.Нұрғалиев сынды белгілі тұлғалар Әуезов дәрістерін әрдайым сүйсіне еске алды, қаншама естеліктер қалдырды. Әуезов салған ұлы жол, Әуезов еккен дән қазақ руханиятының бүгінгі тыныс-тіршілігінде де жарқырап көрінеді. Қазақ әдебиетіндегі Әуезов мектебінің, Әуезов дәстүрінің әсер-ықпалы әлі талай жүздеген жылдарға өз жарығын түсіреді.

Қара шаңырақ ҚазҰУ-нің алтын әріппен жазылған бір белесі, міне осылай Әуезов есімімен біте қайнасады. Бүгінгі осынау университеттің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында Әуезов ұлағатын қалайша еске алмай өте аламыз. Ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов туралы тағылым тарихын ұстазға шәкірт бола білген, өзі де Әуезов дәстүрін жалғастырып, соңынан қазақтың саңлақ қаламгеріне, ұлтымыздың ғұлама ғалымына айналған академик Зейнолла Қабдолов шығармашылығына табан тірей, ой тарқатсақ болады.

Мұхтар Әуезов 1934 жылдан көзі жұмылғанға дейін, яғни 1961 жылдың маусымына дейін Қазақ университетінде, қазақ әдебиеті кафедрасында ұстаздық қызмет атқарды. Қазақ әдебиеті тарихынан, Абайтанудан студенттерге дәріс оқып, әдебиет теориясы, әдебиеттану ғылымы, әлем әдебиетінің әйгілі тұлғалары, олардың шығармашылығы жайында сандаған оқулықтар мен оқу құралдарын, монографияларын осы қара шаңырақтың қабырғасында жүріп жарыққа шығарды. Осы жылдары қаншама шәкірт тәрбиелеп, бірнеше талантты әдебиетші жастарды ғылымға жетектеп әкеліп, ғылыми жетекшілік жасап, қазақ әдебиетінің білікті мамандарын дайындауға өлшеусіз үлес қосты. Мұханның сол кезеңдегі өмірінің куәсі

болған, жазушы төңірегіндегі орын алған барлық қалың оқиғалардың ортасында жүрген, солардың барлығын көкірегіне түйіп, ой елегінен өткізген жас шәкірт, жазушы Зейнолла Қабдолов бұл тақырыпқа кездейсоқ келген жоқ. Ұлы Мұханның бес жыл бойы шәкірті бола жүріп, кейіннен он жылға жуық бір кафедрада қоян-қолтық еңбек еткен жылдарындағы жүрегімен қабылдаған бар оқиғаларды төгілтіп кітап бетіне түсірді.

Кішкене шегініс жасасақ, сонау қиян түбіндегі Доссорда, Ембі – Атырау топырағында дүниеге келген бозбала Зейнолла Қабдолов сол тұста қол жетпес тұлға, ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің өзімен жолығам, сапарлас, тағдырлас боламын деп ойлады ма екен... Ауылда, мектепте жүргенде-ақ талант көзі ашылды. Аудан, облыс мойындаған ақын бала атанды. Сөйтіп жазушы, әдебиеттанушы – ғалым болам деген үлкен арман жетегінде жүрген жас талапкер Алматыға бірден ат басын бұрады. Қара шаңырақ, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің филология, яғни қазақ тілі және әдебиеті факультетіне 1945 жылы студент болып қабылданады. Тағдырдың жазуы, осы сәттіліктің өзі сол кезде ҚазҰУ-де ұстаздық етіп жүрген Мұханның арқасында тікелей қолдауымен жүзеге асады.

Академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі 1997 жылы «Санат» баспасынан жарыққа шықты. Көлемі 225 беттік роман-эссенің тақырыбы мен негізгі сюжеттік арқауы қазақ әдебиетінің классигі, заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің өмірбаяндық тағдырына, қаламгерлік, ұстаздық қызметінің үлкен бір белесіне негізделіп жазылған көлемді прозалық шығарма.

Ұлы Мұханның, Мұхтар Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған, сүйікті шәкіртіне, жылдар өте келе дос-інісіне айналған Зекеңнің таланты, дарыны ұлы суреткердің назарын бірден өзіне аударып, ғұлама ғалымның ұзақ жылдар бойында терең ілтипатына бөленді. Шәкірт Зейнолла Қабдолов та өз кезегінде ұзақ жылдар бойында Ұлы ұстаз еңбегін бір сәтке де көзден таса қылмай, әрдайым Мұханның, Мұхтар Әуезовтің әр жанрдағы, әр жылдардағы шығармашылық мұрасын жинаумен, жазумен, зерттеумен, насихаттаумен ғұмыр кешті.

Өзі еңбек еткен Қазақ университетінің филология, журналистика факультеттерінде студент жастарға арнап «Әуезовтану» атты арнайы курс дайындап, соны оқытуды өмірінің соңғы сәтіне дейін бірде-бір рет тоқтатқан емес. Осы еңбегінің түйіні ретінде Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына орай қаламгер Ұлы ұстазының рухына бағыштап, өзінің ұзақ жылдар бойы қимас асылындай жан дүниесінде тербетумен, ұштаумен, шыңдаумен келген еңбегін «Менің Әуезовім» атты романына ұластырды. «...Көрген жерден көзді арбап, көңілді қоса баурап әкететін ғажайып сурет – тағы да айтайын, – Әуезовтің өлшеусіз кең, керіле жарқыраған әжімсіз жазық маңдайы мен төбесінен тайғанай сусып барып самайға ұйлығып қалған – оң шекеде бір уыс, сол шекеде бір уыс – шөкім-шөкім бұлт тәрізді көк мамық шашы. Сократ – маңдай деген болады деуші еді, сол осы екен ғой деп сүйсіндім ішімнен, кеудемдегі күллі дірілмен түйсініп...», – деп алғашқы әсерді суреттеуден басталатын көп қырлы, қымбат дүниесі – роман-эссесі арқылы өзінің ұстазына мәңгілікке қалатын көркем сөзден ескерткіш соқты. (Қабдолов З. Әуезов. Алматы: «Санат», 1997, 22-б.). Осылайша қаламгердің әрдайым жүрегіндегі асыл бейне ұлы көркем туындының бас кейіпкері болып оқырманға тіл қатты.

Ұлы Мұханның ұлы тұлғасы бұл романда айырықша әсерлі, терең сөз құдіреті арқылы қазақ жүрегіне жол тартты. М.Әуезовтің ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен мерейтойына арналған біртуар дүние болды. Зекең қаламынан шыққан көркем прозаның барлығы, ғылыми-зерттеу еңбектері, бір сөзбен айтқанда тұтас адамдық, азаматтық, ұстаздық және шығармашылық тағдыры ұлы Мұханның суреткерлік әлемімен терең астасып жатты.

Роман-эссесе Мұхандай, Мұхтар Әуезовтей қаламгердің, суреткердің күллі жан дүниесі, адамдық болмысы, ұстаздық еңбегі автор көзімен бағаланып, авторлық баяндаулар арнасында ашылады. Романның негізгі оқиғалық арқауы – Мұхтар Әуезовтің 1930-1960 жылдар аралығында Қазақ университетінің (сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің) қазақ әдебиеті кафедрасында ұстаздық қызмет еткен кезеңінен бастау алады да, ары қарай лирикалық шегіністер, авторлық ремаркалар, кейіпкерлер диалогы арқылы ұстаздың осыған дейінгі тағдыр белестеріне де шолу жасалады.

Әсіресе, Мұханның балалық кезеңі өткен туған жері – Семей, Шыңғыстау, Бөрілі өңірінің суреттемелері, атасы Әуездің, немере ағасы Қасымбектің болашақ жазушыға әсері, ықпалы, Абай және оның ақындық айналасы, Мұхаңа үлгі болған Алаш арыстары, яғни оның ұлттық дүниетанымын оятқан, тарихи тағлым ұсынған ұлы ұстаздары туралы ой-толғамдар, 1920-30 жылдардағы белең алған тарихи, саяси оқиғалар тізбегі, сол тұстағы әпербақан, асыра сілтеушілердің кесірінен жазушының қудалауға түсіп, азап шеккен кезеңдері, барлығы роман ішінде терең, арналы, бірнеше тарауларды қамтитын әсерлі баяндаулар ауқымында сөз болады.

Осы эпизодтардың барлығын да жазушы бірде авторлық көзбен, бірде лирикалық шегіністер арқылы іштей сабақтастыра, жымдастыра отырып, кейіпкері Әуезовтің көзімен жіті қадағалап, жігін атуып, шығармасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші тарауларына енгізіп отырады. Тұтас бір желінің бойында шебер қиюласқан ғұмырбаяндық сюжеттер, авторлық толғамдар қамшының өріміндей жарасым тауып, күрделі тұлғаның бүтін бітімін, тұтас ғұмырын, қайшылықты тағдырын терең поэтикалық аяда суреттеп жеткізеді.

Образбен ойлау, төгілген тіл кестесімен сөйлеу автордың суреткерлік стилін, қаламгерлік қарымын анық аңғартады. Ең бастысы, романның барлық тарауларында сол романның өз кейіпкерлерінің бірі автор – студенттің танымы, көзқарасы арқылы университет ғалымдары мен ұстаздарының өміріндегі көп сырлар, көп шырғалаңдар өте әсерлі баяндалады. Әсіресе, осы оқиғаларды баяндау үстінде, автордың өткір де ұтқыр юморы, кей тұста сарказмға айналып кете баратын, оқырманын селт еткізетін терең сатиралық бейнелеулер ағыны, күлкілі эпизодтар мен адамдардың пұшайман күй кешуі, тағы да басқа тосын суреттемелер оқырманды өзіне тартып, сюжеттік арналарды ширата түседі.

Бас кейіпкердің бірі – Бегей (өмірдегі прототипі – профессор Белгібай Шалабаев) сабақ үстінде ұстасып, өз дегенінен бір елі шегінбей отырып алатын Мергеннің (Сафуан Шаймерденов, ол да роман авторы сияқты студент) іс-әрекеттері насырға шауып, бұл іс ушыға келе қазақ әдебиеті кафедрасының мәжілісіндегі бүкіл ұстаздар қатысқан үлкен жиынға ұласады.

Осы жиында барлығының сыйынары да, сүйенері де Әуезов болды. Осы эпизодтарда, әсіресе, Мұханның ұстаздық келбеті, ғалымдық болмысы, кемеңгерлігі, ең бастысы, суреткерлік тағдыры, трагедиясы, өмір белесі, жүрек қуаты, барлығы дараланып көрінеді. Бір қарағанда жазушы студент пен ұстаздың арасындағы тартысты романына саналы түрде енгізіп, оның көркемдік шешімін үлкен арналарға, биік белестерге көтеріп алып кетеді. Осының барлығын автор Әуезов тұлғасын танытуға түгелдей бағындырған.

Б елгілі Бегеймен ұстасқан студентті ұлы Мұхаң қорғауына алады. Осы арқылы күллі қазақ әдебиетіне олжа салған ұлы қаламгердің жай пендешілік, күнделікті тұрмыс-тіршілігінің өзінен ұлағатты, тағылымды оқиғалар өрбітетін автор өз ой-толғамдарын әрдайым ұлы Мұханның сөзі арқылы, ой-пікірі арқылы бағалатып отырады. Әсіресе, осынау оқиғалар үстінде көрінетін ұлы қаламгер Мұханның күллі ой-арманы, үлкен мақсаттары тереңіне тартады. Жазушы Мұхтар Әуезовтің өзін көбірек сөйлете отырып, оның күллі ішкі сырын ашуға тырысады. Осы орайда автордың: «Мұхтар тағдыры – қиын тағдыр. Өйткені ол – талант тағдыры. Ал талант жолы қашан да тар, тайғақ. Бірақ, осының бір-ақ өтеуі бар: ол суреткер өмірінің нақты деректері оның затты өнеріне көшуі. Ал, өмір өнерге көшкен жерден жазушы басталады. Сергей Есениннің өз қолымен жазған ғұмырнамасы жарты бет қана. «Өмір тарихымның, – деп аяқтайды автор сол жарты бетті, қалған деректерінің бәрі менің өлеңдерімде». Бұл тегін емес. Мұхтар Әуезовте де солай.

Гәп Мұхтардың бас-аяғы он жылдың ішінде үш рет үйленгендігінде емес. Әңгіме Мұхтар өміріндегі осы үш түрлі оқиғадан қазақтың сөз өнеріндегі үш түрлі көркем туынды – Кәмиладан «Қарагөз», Райхан мен Валентинадан «Үйлену» мен «Сөніп-жану» дүниеге келгенінде жатыр. Бұл – аз. Бұлар тұсындағы Мұхтар басынан өткен сезімдер мен сырлар, өзгелерін өз алдына қойғанда, тіпті «Абай» романындағы Тоғжан мен Әйгерім тағдырларына барып тоғысқан. Бұл бұл ма творчество психологиясының тереңіне бойлап байқасақ, Флобердің «Бавари - өзім» дегені дәл: Құнанбай мен Абай – бәрінен бұрын Мұхтардың өзі.

Бұлар ғана емес, сайып келгенде «Абайдағы» күллі кейіпкердің күллі сезімі мен сыры, ақылы мен ойы, парасаты мен философиясы – бәрі Мұхтардікі. Әуезовтікі! Бұл ғажап нәрсе», - деп келетін толғамдары пікірімізге дәлел (Қабдолов З. Әуезов. Алматы: «Санат», 1997, 200-б.).

Осы тұста роман сюжетіне автор сол жылдары университетте ұстаздық еткен, дәріс оқыған қазақ әдебиеті кафедрасының мүшелері: Дүйсен Байкенжин, Шой Ғалиев, Белгілі Бегей, Есенбек, Айсина, Мерген сынды кейіпкерлерді сахнаға шығарады. Бұл кейіпкерлердің әрқайсының прототиптері өмірде болған, яғни Мұхаңмен сол тұста, сол кезеңде бір кафедрада қоян-қолтық өмір кешкен, сабақ берген нақты тұлғалар. Елімізге белгілі әдебиеттанушы ғалымдар, профессорлар: Бейсенбай Кенжебаев, Белгібай Шалабаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Тұрсынбек Кәкішев, Мәскура Сармурзина, жазушы Сафуан Шаймерденов сынды тұлғалар роман-эссенің басты кейіпкерлеріне айналып, оқырманмен жүздеседі. Мұханды қоршаған ғылыми орта, студенттік тыныс-тіршілік бар болмысымен қайта тіріледі. Сол кезеңде ел басқарған, саясат тізгінін ұстаған партия қызметкерлерінің бейнесі де қаламгер назарынан тыс қалмаған. Орталық Комитеттің хатшысы Нұрымбек Жанділдин – соның бірі.

Әдебиет тарихындағы үлкен жаңалықтардың, іргелі сөздің әрдайым көшбасында, қайнаған ортасында жүретін Мұхаңның тағдыры ауыр, азапты болғанын, жазықсыз жапа шегетін, күйзеліске түсетін күндерінің көп болғанын қайта көз алдымызға елестетеміз.

Қайран қазағым-ай... Сол жылдары Мұхтар Әуезовтей асылымыздың тағдырын тәлкекке салып, алтын басын көпе-көрнеу қорлауға дейін барады. 1940 жылдардың басында жарыққа шыққан «Абай» романын «автор шығармасында тап күресін суреттемеген, Құнанбай бейнесін көкке көтерген, әспеттеп, айрықша сүйіспеншілікпен баяндаған, романдағы сөз болатын бай, манаптардың барлығының сән-салтанаты келіскен, шетінен шешен, көсем болып көрінеді», – деп, Әуезовтің ең таңдаулы, ең талантты туындысын ағаш атқа теріс мінгізіп, қара күйе жағады.

Сол кезеңдегі Жазушылар Одағының басшысы, Сәбит Мұқановқа бастатып, сол тұстағы танымал қаншама қаламгердің аузымен ұлы шығармаға қиянат жасалып, жолы кесіледі. Абай туралы романды қалың қазақ оқырманына оқытпау үшін ұлы шовинизм, коммунистік саясат барлық айла-шарғысын іске қосады.

Аталған романдағы осынау кейіпкерлердің әрқайсысының өзіндік болмыс-бітімі, кескін-келбеті, ішкі жан дүниесі, барлығы нақты оқиғалар үстінде көрінетіндіктен шығарма сюжетіндегі арналар іштей жымдасып, астасып, тұтаса келе бас кейіпкер Мұхтар Әуезовтің характерін жан-жақты ашуға қызмет етеді. Кафедра тіршілігіндегі қым-қиғаш аңдысулар, сан-қилы көңіл құбылулары, осы тұстағы бір қулығын, бір сұмдығын ішіне бүккен көп қыртысты адам мінездері, көзімен арбап, сөзімен алдайтын, момақан көрінетін кейбір оқытушы-профессорлардың іс-әрекеттері, барлығын Мұхаңның көзімен де бағалатып отыратын тұстар да романда көп кездеседі. Мұндайда автор күллі кафедраның құнын Мұхаңның бір сөзімен түйіндетіп отыратын эпизодтарға да жол ашады.

Ұлы суреткердің тағдырындағы елуінші жылдардың басында қайта басталған шырғалаң, қудалау, саяси қуғын-сүргін, барлығын автор өмірдегі шынайы көріністер арқылы, адамдар тағдыры арқылы терең аңғартады. Мұхаңның атақты «Абай» романы үшін басы дауға қалып, көре алмаушылар мен қызғаншақтардың, солақай сыншылар мен асыра сілтеушілердің талауына қалай түскені, қаламгердің осынау азапты күндер мен түндердің барлығын жүрегінен өткізетіндігі романда тарихи оқиғалар арнасында ашылады. Ұлы суреткердің жүрегіне оқ болып қадалған қаншама қиянаттар боямасыз сөз болады. Әуезов тағдырындағы ащы шындықтардың беті ашылады. Заман ызғары, шын таланттың жолын байлап, жанын жаралаған неше түрлі айла-шарғылар, қулық-сұмдықтар, өсек-жала, барлығы автор көзқарасы арқылы, нақты кейіпкерлер төңірегінде бейнеленетіндігі роман көтерген тақырыптық-идеялық жүктің ауқымын тереңдете түседі. Ұлы қаламгердің басындағы трагедия ешбір боямасыз нақты оқиғалар арқылы алдыңғы қатарға шығады.

Яғни, Мұхаңдай қалам қайраткерінің басынан өтетін сан түрлі оқиғаларды, тағдыр белестерін сол жылдардағы қазақ әдебиеті төңірегінде өткен әртүрлі тарихи, саяси-

әлеуметтік жағдайларды бір-бірілеп, сатылай, саралай отырып, асықпай-аптықпай баяндайтындығы қаламгер шеберлігінің арқасында оқырманға өте әсерлі жеткізіледі. Осы орайда жазушы өз романында Әуезов басындағы шығаланды төмендегідей суреттейді: «Әуезов жиырмаға жетпей, отыздан өтпей әуезовтігін танытты. Бас-аяғы он жылда, өзгелерін өз алдына қойғанда, сөз өнерінің інжу-маржаны секілді үш көркем туынды берді. Алайда, амал қанша сол үш туындының үшеуі де еңбектің зейнеті емес, бейнеті болып шықты: «Еңлік-Кебектен» кейін ескішіл Әуезов, «Қаракөзден» кейін ұлтшыл Әуезов, «Қилы заманнан» кейін алашордашыл Әуезов сыннан сынға ұшырап, соққыдан соққыға жығылып, ақыр-аяғында қасқа маңдайына «халық жауы» деген қара таңба басылды да қамауға алынды. Одан отыз екінші жылы жария баспасөз бетінде «жаздым, жаңылдым» деп ашық хат жазып әрең құтылады.

Мұхтар Әуезовтің ұзақ та, ұланғайыр шығармашылық сапарын, суреткерлік ерен еңбегін автор әр тарауда қиялай соғып әңгіме арқауына айналдырады. Осы беттерден Мұханның жеке пендешілік тіршілігі де, от басы, ошақ қасы тіршілігі де, ағайын-туыс, дос-жаранға қатысты мол өмірдеректік суреттеулер де өз орнымен, өз кезегімен көз алдымыздан өтеді. Олардың бірде-біреуі де Мұханның өміріне қатыссыз айтылмайды. Хакім Абай жырлағандай «соқтықпалы», «соқпақпыз» ғұмыр кешкен, қазақ руханиятына қайталанбас көркем мұра қалдырған суреткер қаламгердің тұтас тұлғасымен роман соңында оқырман қимай қоштасады. Осылайша роман-эссенің күллі эстетикалық әсері, көркемдік күші Мұхтар Әуезовтің өз туындыларымен қатар жарыса биіктей береді, биіктей береді.

Қорыта айтқанда, сөз зергері, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, академик Зейнолла Қабдоловтың аталған романы ұлы қаламгер Мұхтар Әуезовтің қара шаңырақ – Қазақ Ұлттық университетінде өткен өмір белесін, жазушы тағдырындағы азапты күндер мен шұғылалы сәттердің тарихын қайта тірілткен, яғни ұлы гуманист жазушының қайталанбас көркем бейнесін тұлғалаудың үздік үлгісі ретінде қазақ руханиятының алтын қорына қосылды.

Мұхтар Әуезовтің өмірден өткеніне де алпыс жыл толыпты. Мұханның асыл арманы туған елінің тәуелсіздігі еді. Бүкіл ғұмырын, күллі шығармашылық тағдырын осы жолға арнады. Алаш арыстарының арасынан атылып кетпей, алмағайыпта, елінің бағына аман қалды. Бүгін тәуелсіздігіміздің отыз бір жылдығы және саңлақ суреткер, ғұлама ғалым, әлем мойындаған заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің жүз жиырма бес жылдығының қатар келіп жатқандығы қасиетті тарихи сәт. Осының қадірін білуіміздің мән-маңызы айрықша.

ZEYNOLLA KABDOLOV'UNNÂZIMHİKMET ÇEVİRİLERİ

Лютфие Гювенш

*Erciyes Universitesi PhD докторы, түрік тілі мен әдебиетінің профессоры,
Түркия*

Sanat, toplumun anlayış ve zevkine göre yaratılır. Buna paralel olarak sanat eseri, kendisini yaratan toplumun anlayışını ve zevkini yansıtır. Sanatın önemli bir dalı olan edebiyat da toplumu anlatır, topluma ayna görevi görür. Edebî eserler, onları yaratan toplumun özelliklerinden ve şartlarından ayrı düşünülemez. Edebî eserleri ortaya koyan yazarlar da içinde yaşadıkları toplumdan etkilenir, toplumu yansıtan metinleri kaleme alırlar. Yazarlar, her sanatçı gibi hassas insanlardır. Diğer insanların göremediklerini görür, hissedemediklerini hissederler. Bazen toplumun diğer fertlerinin de gördüğü, hissettiği ama dile getiremediği şeyleri dile getirirler. Bazen de toplumun sorunlarını anlatarak bunlara çözüm ararlar. Yazarlar, yaşadıkları dönemin olumlu veya olumsuz yanlarını, gelişmelerini hem kendi çağlarına hem de kendilerinden sonraki çağlara eserleri vasıtasıyla aktarırlar. Bu açıdan edebiyat ürünlerinin konusu toplumdaki her şey olabilir. Bu konular arasında politika ve ideoloji de vardır.

Türk edebiyatında tarih boyunca birçok yazar, toplumun sorunlarını eserleri vasıtasıyla ortaya koymuş, bu sorunlara çözüm aramaya çalışmış; dolayısıyla da sosyal konuları ele alan

metinler yazmıştır. Bu metinler aynı zamanda politik ve ideolojik özellikler taşır. Böyle metinleri ortaya koyan yazarlardan biri de Nâzım Hikmet'tir. Nâzım Hikmet hayatı boyunca edebiyatçı ve sanatçı olduğu kadar politik kişiliğiyle de ön planda olmuştur.

Nâzım Hikmet, 1902'de Selanik'te dünyaya gelmiş, 1920'de bir gazetenin düzenlediği yarışmada "*Bir Dakika*" adlı şiiriyle birincilik kazanmıştır. İstanbul'un işgal altında olduğu günlerde Türk milletinin direnişine destek olan şiirler yazmıştır. Kitapları çok sayıda dile çevrilen Nâzım Hikmet, Türkiye dışında pek çok uluslararası kongreye de katılmıştır. Siyasi görüşlerinden dolayı hayatının uzun yıllarını hapiste ve yurtdışında geçirmiştir. 3 Haziran 1963'te kalp krizi sebebiyle vefat etmiş ve öldüğü Moskova'da toprağa verilmiştir.

Nâzım Hikmet, ilk şiirlerini hece ölçüsüyle yazmıştır. Moskova'da yaşadığı yıllarda özellikle "gelecekçilik (fütürizm)" akımının önemli isimlerinden Mayakovski'nin etkisiyle serbest biçimde, toplumsal içerikli şiirler yazmaya başlamıştır.

Onun şiirleri, sadece içerik özellikleriyle değil, biçim özellikleriyle de geleneksel Türk şiir anlayışından farklılık gösterirler. "835 Satır" adlı şiir kitabı edebiyat çevrelerinde büyük şaşkınlık yaratmış, dönemin ünlü şairleri Ahmet Haşım, Yakup Kadri gibi kişiler Nâzım'dan övgüyle söz etmişlerdir. O, 1936'ya kadar yayımlanan kitaplarıyla Türk şiirinde köklü değişiklikler yapmış; çağdaş Türk şiiri içinde geleneksel şiir anlayışını -Divan ve halk şiiri özelliklerini- eritmeyi başarmıştır.

Nâzım Hikmet, yaşadığı topluma her zaman duyarlı bir şair olmuştur. Türk Kurtuluş Savaşı yıllarında Kuvayı Milliye Destanı ile işgale karşı çıkan ulusal güçlere destek vermeye çalışan, vatansever Türk halkının büyük kahramanlığını anlatan Nâzım; halkının ekonomik, sosyal, siyasi vb. sorunlarıyla da ilgilenmiş ve toplumu ilerletmeyi, haksızlıklara karşı çıkmayı amaçlayan eserler de kaleme almıştır. Toplumu ilerletme, insan haklarına dayalı bir sosyal düzen oluşturma fikri onda çok ileri bir noktaya taşınmış, toplum için kendini feda edecek dereceye ulaşmıştır. O, kendisine bu işlerden vaz geçmesini söyleyen arkadaşlarına "Kerem Gibi" şiirini yazarak cevap vermiştir. Toplumun karanlıklarının aydınlığa çıkması için aydın insanın yanması gerektiğini söylemiştir. Şiir şu şekildedir:

Kerem Gibi

Hava kuşun gibi ağır!

Bağır

bağır

bağır

bağırıyorum.

Koşun

Kurşun

erit-

-meğe

çağırıyorum...

O diyor ki bana:

- Sen kendi sesinle kül olursun ey!

Kerem

gibi

yana

yana...

«Deeert

çok,

hemdert

yok»

Yüreklerin

kulakları

sağır...

hava kurşun gibi ağır...

Ben diyorum ki, ona:

- Kül olayım

Kerem

gibi

yana

yana.

Ben yanmasam

sen yanmasan

biz yanmasak,

nasıl

çıkar

karan-

-lıklar

aydın-

-lığa

Hava toprak gibi gebe.

Hava kurşun gibi ağır.

Bağır

bağır

bağır

bağırıyorum.

Koşun

Kurşun

erit-

-meğe

çağırıyorum...

Şiirin adı *Kerem İle Aslı* hikâyesine dayanmaktadır. Bu klasik aşk hikâyesinde Kerem, yıllarca Aslı'ya kavuşmak için acı ve sıkıntılara katlanır. Tam kavuştuğunu sandığı düğün gecesinde Aslı'nın giydiği gelinliğin sihirli olması nedeniyle düğmelerini çözemez. Bundan dolayı çok üzülür, "ah" çeker ve bu ahın ateşiyle Aslı'ya kavuşmadan yanarak kül olur. Nâzım bu hikâyeyi hatırlatarak toplumda istenen adalet düzeni kurulamasa bile Kerem gibi yanmaktan söz etmiştir. Aydın insanlara toplumun mutluluğu ve refahı için kendini feda etme fikrini vererek toplumun uyanması ve haksızlıklara başkaldırması için çağrıda bulunmuştur. Ona göre insanlığın aydınlanması için bazı aydınların çeşitli zorluk ve sıkıntılara katlanması gerekmektedir. Ama bazı aydınlar bu zorluk ve sıkıntılara yabancılardır. Şiirde geçen "o diyor ki bana" ifadesinde geçen "o" ülkenin sorunlarını bilen ancak sessiz kalmayı tercih eden aydınlardır; şairin bu işlerden vaz geçmesini söyleyen arkadaşlarıdır. Fakat Nâzım toplumu uyandırmayı ve mücadeleye çağırmayı hayatı boyunca kendisine görev edinmiştir. Zaten gerçek hayatı da hapisanelerde ve gözetim altında geçmiştir.

Kerem Gibi şiiri serbest nazım tekniğiyle yazılmıştır. Şiirin hem şekli hem de konusu orijinaldir. Bazı kelimeler tekrar edilerek (*ağır, bağır, yana yana*) şiirde hem ahenk sağlanmış hem de anlam güçlendirilmiştir. Bu şiir yenilikler açısından zengin olduğu kadar klasik Türk edebiyatına ait özellikler taşıması açısından da önemlidir: Şair Fuzuli'nin mısralarını hatırlatması, Kerem ile Aslı adlı halk hikâyesine yer vermesi gibi. Bu şiirde "hava kurşun gibi ağır" olmasına, "yüreklere kulakları sağır" olmasına rağmen şair umutludur. Gökyüzünde güneş yoktur, bazı aydınlar ülkenin sorunlarına duyarsız görünmektedir ama aynı zamanda hava "toprak gibi gebe"dir. Yani şairin savunduğu fikirlerin hayat bulması ve doğması çok yakındır.

Nâzım Hikmet'in Türk Edebiyatı yazarları arasındaki etkisi büyük olmuş, kendisini izleyen genç şairler de serbest şiire yönelmişler, onun şiirlerini örnek alan eserler kaleme almışlardır. Nâzım Hikmet Türk Edebiyatı dışında da etkisi büyük olan bir şairdir. Ondan etkilenenlerden biri de değerli Kazak sanatçısı ve yazarı Zeynolla Kabdolov'dur.

Kabdolov nesir türünde çok sayıda eser yazmıştır. Onun 1967’de ödül kazanan ve Kazak Edebiyatına damga vuran Sönmeyen Ateş adlı oyunu çok beğenilmiştir. Bu eser, yarattığı Kaben, Sardar, Taiman gibi karakterlerle sosyal mesajlar vermiştir. Kabdolov’un Kaben karakteri, toplumu için kendini feda etmeye hazır olan aydın insanın temsilcisidir. Sardar ise bir petrol işçisi olarak Kaben’in yanında olumlu bir karakterdir.

Bu oyunun başında açış konuşması Nâzım Hikmet’in Kerem Gibi şiirinin serbest çevirisidir.

“Менжанбасамлапылдап,

Сенжанбасаңлапылдап,

Бізжанбасақлапылдап

Аспанқалайашылмақ?”

“Ben yanmasam

Sen yanmasan,

Biz yanmasak,

Gökyüzü nasıl açılacak?”

Kabdolov bu çeviriyi serbest biçimde ve olması gerektiği gibi anlam çevirisi yoluyla yapmıştır. Sözlük anlamı dışında metnin anlamına göre yaptığı tercüme, eserinin verdiği mesaj bakımından da isabetli olmuştur. Bu eserin Kaben karakteri çerçevesinde verdiği mesaj, insanın sadece hayatta kalmak için değil, insana layık bir hayat yaşamak için yollar araması, her zaman uyanık kalması ve durup dinlenmeden bunun için mücadele etmesi gerektiğidir. Ona göre “Göğüsler tutkulu ateşle heyecanlandırılmalı, enerjiyle kıvılcımlanmalı, amaç için uğraş verilmelidir. Her kişinin, ışığın yanması, parlaması için sadece bir defa yanmaya ihtiyacı vardır. Bu karakterin olmadığı yerlerde, gelecekle ilgili hiçbir şey olamaz.” O, insanın hayatta iz bırakması için de, hayatının anlamlı olması ve toplumun değişmesi için de mücadele etmesi gerektiği fikrindedir. Eğer mücadele olmazsa, insan kendisinden sonraya iz bırakmazsa yaşaması ve ölmesi arasında fark yoktur. Şu mısralar bu fikri ifade etmektedir:

“Ұйықтап өтсең өміріңде,

Ұйқыңешибірқанбаса

Тірлігіңне, өлгеніңне,

Ешбірізіңқалмаса?”

“Hayatını uyuyarak geçiriyorsan,

Uykun eğer kanamıyorsa

Yaşaman ne, ölmen ne,

Hiç izin kalmasa?”

Zeynolla Kabdolov, Nâzım Hikmet’ten önemli bir çeviri daha yapmıştır. Bu da 1935 yılında şehir tiyatrolarında sahneye konan “Unutulan Adam” adlı oyundur. Bu çeviri de insan ve toplum hayatı için önemli mesajlar içeren bir metindir. Unutulan Adam, çok başarılı ve ünlü bir doktordur. Genç karısı onunla parası için evlenmiştir ve onu asistanı ile aldatmaktadır. Doktorun kızı ise evli bir adamdan hamile kalır ve gayrimeşru çocuğu doğurmak istemeyerek babasından kendisini küretaj yapmasını ister. Doktor küretaj sırasında yanlışlıkla kızının ölümüne sebep olur, vicdan azabı çekerek kendisini ihbar eder ve hapse girer. Hapisten çıktıktan sonra kendisinin unutulduğunu acı şekilde fark eder. Hatta onu her gün tıraş eden berber, ameliyat ettiği hastalar bile kendisini tanımamışlardır. Doktor, bütün bunları ölen kızıyla konuşur gibi anlatmış ve şu cümleleri söylemiştir: “Herkes unutmuş beni, unuttu kızım. Unutulmuşum; ne çabuk! Kitapçı camekânlarına baktım. Yalnız birinde tek bir kitabım duruyor. Onu da kitapçı orada unutmuş kızım!”

Unutulan Adam, toplumun unuttuğu bir doktorun dramıdır. Ama toplumdaki insanlara şöhretin, malın mülkün, mesleklerin kalıcı olmadığı; herkesin ve her şeyin unutulmaya mahkûm olduğunu anlatır. Tarih içinde binlerce yıldır milyonlarca insan var ve yok olmuş, hayatlar son bulmuş ve unutulmuştur. Yok olmak ve unutulmak aslında her insanın yüzleşmesi, kabul etmesi gereken bir gerçektir ki bu eser bize bunu hatırlatır. Meşhur sözdür: Sizi tanıyan son insan öldüğünde hiç yaşamamış olursunuz!

Bir edebî metin mutlaka başka metinlerle ilişkilidir, kendisinden önce yazılmış metinlerden izler taşır, etkilenir. Kendisinden sonraki metinlere de ışık olur. Sonuç olarak; Nâzım Hikmet ve

Zeynolla Kabdолоv iki büyük edebiyatçı, iki büyük fikir adamıdır. Kabdолоv'un bu çevirileri metinler arası etkileşim bakımından çok önemli olduğu gibi iki kardeş halk olan Kazak ve Türkiye Türklerinin etkileşimi bakımından da önemlidir.

Dinlediğimizi teşekkür ederim.

ВСЕЛЕННАЯ АКАДЕМИКА КАБДОЛОВА: СЛОВО И ОБРАЗ

Ананьева Светлана Викторовна

*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова КН МНВО РК,
Алматы, svananyeva@gmail.com*

Джумагалиева Узима Зинешовна

*докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби,
uzima8282@mail.ru
г.Алматы. Казахстан*

Аннотация. Новая литературная критика, новейшее литературоведение базируются на важнейших теоретических принципах корифеев теории казахской литературы. Образный стиль, сочетающий научную доказательность и яркость мышления, отличает книги, учебники и учебные пособия известного ученого-литературоведа, теоретика литературы, академика З. Кабдолова. Главным писательским капиталом ученый – мыслитель считал неповторимость, стилистическое своеобразие и идиоматичность языка. В статье раскрывается важность художественного перевода, который служит взаимообогащению литератур и культур, знакомству народов разных стран мира. Художественные тексты, принадлежащие разным литературам и культурам, находятся в орбите творческого взаимодействия. Вселенная академика З. Кабдолова занимает в литературном ландшафте Казахстана особое место.

Ключевые слова: роман-эссе, имагология, художественный перевод, творческая лаборатория, психология художественного творчества

В 1998 году за роман-эссе «Мой Ауэзов» З. Кабдолов удостоен Государственной премии Республики Казахстан. Идею создания романа-эссе подсказал в 70-е годы XX века Ч. Айтматов. Они дружили, великолепные рассказчики, мастера художественного слова, образно и точно излагающие мысли, влюбленные в литературу. Слушать их диалоги, вникать в суть происходящего таинства обмена творческой энергией, планами, которые должны были осуществиться, было так захватывающе интересно.

8 августа 2022 года в Национальной академической библиотеке

Республики Казахстан состоялась презентация переведенного на турецкий язык романа-эссе З. Кабдолова «Мой Ауэзов», изданного Международной организацией TÜRKSOY. Роман-эссе Z. Kabdолоva «Benim Auezov'um» открывается Предисловием Генерального секретаря TÜRKSOY, известного прозаика С. Раева. Это произведение, раскрывающее творческую лабораторию классика казахской и мировой литературы и его значение для мировой словесности, занимает исключительное место в ряду книг, монографий и научных исследований З. Кабдолова.

У каждого из авторов исследований свой Ауэзов. Концепты свой, иной, другой позволяют раскрыть имагологическую модель биографического повествования. В романе-эссе воссоздана история жизни главного героя – М.О. Ауэзова, который бережно оберегал тех, кого любил, от последствий травли и ареста. В 1921 году по незаслуженному обвинению писатель признан националистом и осужден. Трагические страницы жизни своего педагога

воссоздает автор произведения, раскрывая творческую лабораторию великого писателя и значение его творчества для мировой литературы.

Эстетика воздействия художественного слова Мухтара Ауэзова на родную казахскую литературу, всесоюзную литературу и мировой литературный процесс изучается многими исследователями, литературоведами разных стран мира. У академика З. Кабдолова важен личный нарратив, повествование, идущее от сердца и души. З. Кабдолов был глубоко уверен в том, что именно М.О. Ауэзов первым продемонстрировал миру всю мощь, красоту, пластичность и полифоничность казахского художественного языка, способного выразить тончайшие оттенки, любые грани эстетического и философского переживания.

Студентом политехнического института будущий академик-литературовед с интересом слушал лекции писателя в КазГУ имени С. Кирова. Произошла судьбоносная встреча. Студент встретил не только своего будущего педагога, но и наставника, впоследствии по-отечески опекавшего молодого ученого. По окончании университета, в который перевелся студент Кабдолов, его оставили работать на кафедре казахской литературы. Личные контакты известного прозаика и молодого преподавателя получили продолжение.

Будущий поэт и писатель, ученый-литературовед З. Кабдолов родился 12 декабря 1927 года в поселке Доссор Макатского района Гурьевской (Атырауской) области. В 1950 году с отличием окончил филологический факультет Казахского государственного университета и получил приглашение на преподавательскую деятельность. Литературная деятельность началась с поэзии. Его первые стихи привлекли внимание общественности, были отмечены на конкурсах. Переложенные на музыку «Жайық қызы» и «Туған ел» стали народными песнями.

Широкую известность снискал З. Кабдолов как прозаик. Романы «Ушкын» и «Жалын» собрали большую читательскую аудиторию и стали этапными произведениями в изображении рабочего класса, нефтяников и интеллигенции одного из нефтепромыслов Западного Казахстана. Поэтика художественной условности в рамках метода социалистического реализма, тонкая грань между реализмом и романтикой трудового подвига, осмысление жизненного пути героев, изображение становления их характеров привлекательны и для современного читателя.

Молодой прозаик рисует образы персонажей, среди которых рос, пишет о детстве и юности. Современники, устремленные в завтрашний день, стали героями его романов. Поэтизируются любовь к родной земле, народу, языку и традициям, суровой природе Прикаспия. Главные герои романа «Пламя», изданного на казахском, русском и вьетнамском языках, инициативны, добросовестны, настойчивы в достижении поставленной цели. Творческое отношение к профессии, высокие нравственные качества действующих лиц, жизнеутверждающее начало меняют общий тон произведения о рабочем классе и манеру повествования. Слово автора образно, емко, правдиво.

Интонации философского раздумья о многих сложных вопросах жизни, гражданском долге человека перед обществом, нравственной чистоте определяют своеобразный стиль романа. Важны монологи действующих лиц, их раздумья, сомнения, устремления. Воспоминания воссоздают прошлое и картины прежней жизни, в них социальный опыт и культурные ценности, передающиеся от поколения к поколению. Текст расширяет границы своего бытования.

В 1947 году молодой и талантливый литературовед принят в члены Союза писателей СССР. Его произведения, сборники рассказов и очерков издавались в Казахстане, России и Китае. Драма «Неугасимое пламя» поставлена на сцене Академического театра имени М.О. Ауэзова и областных театров.

Секретарь журнала «Жулдыз» и его редактор (1950-1957), заведующий сектором ЦК Компартии Казахстана (1957-1959), главный редактор газеты «Қазақ әдебиеті», секретарь Союза писателей Казахстана З. Кабдолов совмещал большую общественную работу с преподаванием в университете, где прошел путь от ассистента до профессора и заведующего

кафедрой, председателя Диссертационного совета Д 14 А.01.22 по присуждению ученых степеней доктора и кандидата филологических наук.

Не одно поколение выпускников филологических факультетов и факультетов журналистики вузов учится по его учебнику – «Сөз онері». Он – один из авторов учебника «Современная казахская литература» для старших классов средних школ. В Большой советской энциклопедии напечатана монографическая статья ученого по истории казахской литературы с древнейших времен до современного периода. З. Кабдолов внес неоценимый вклад в освещение «белых пятен» в истории культуры и отечественного литературоведении, в изучение творческого наследия и жизненного пути выдающихся деятелей нашего государства, раскрытие психологии художественного творчества и мастерства.

«Теория литературы» выдержала семь изданий и постоянно дорабатывалась автором. Его перу принадлежат книги «Природа жанра» (1964), «Взгляд» (1966), «Искусство слова и постижение его природы» (1976, 1982, 1992), «Стрела» (1971), «Русло» (1988), «Эстетический мир Ауэзова» (1986), «Проблемы жанра», «Школа мастерства», «Основы теории литературы», «Посвящение» (1988) и другие. Мы не можем предавать забвению лучшие научные труды наших старших коллег, мастеров слова. Сохраняя традиции и преемственность в литературоведении, мы обязаны включать их в историю отечественной гуманитарной мысли, перечитывая и переосмысливая, производя новые знания. Память о своем Педагоге, благодарность за то, что М.О. Ауэзов был в его жизни проходит лейтмотивом многих выступлений, статей академика З. Кабдолова.

Весной 1953 года в Московском университете была создана первая в Советском Союзе кафедра литератур народов СССР. Профессор М.О. Ауэзов по просьбе заведующей кафедры М. Богдановой читает увлеченно лекции по казахской литературе. Постоянно подчеркивает особую роль научных институтов и высших учебных заведений в систематическом изучении литератур народов СССР, подготовке кадров исследователей, критиков, переводчиков и преподавателей. Об этом продолжал заботиться З. Кабдолов, возглавляя кафедру теории литературы Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Главным писательским капиталом академик НАН РК З. Кабдолов считал неповторимость, стилистическое своеобразие и идиоматичность языка. Именно они теряются при переводе. Но перевод необходим, так как служит делу общения и взаимообогащения литератур и культур, помогает понять друг друга. Знакомство с чужим национальным миром, другим по языку художественным словом отрывает новые горизонты, привносит новое содержание, расширяет границы переводной и издательской политики.

Высочайшая оценка дана вкладу М.О. Ауэзова в мировую литературу в докладе Зейноллы Кабдоловича на Международной научно-теоретической конференции к 100-летию М.О. Ауэзова «Мухтар Ауэзов и мировая литература XX века» в Национальной Академии наук. Культурная и научная общественность страны, участники конференции из многих стран мира замороженно и внимательно слушали образную, яркую, филигранно отточенную речь литературоведа: «Абай – могучая скала казахской литературы XIX века. Ауэзов – вершина казахской литературы XX века. Для этих двух великанов мысли и разума не существует временных барьеров. Они будут шагать из эпохи в эпоху, из века в век. Абай во все времена Абай и Ауэзов также. Мухтара Ауэзова и Михаила Шолохова объединяет сила и красота таланта. Абай не только поэт-художник, но и философ-мыслитель в общечеловеческом масштабе. Талант Ауэзова как писателя, педагога, ученого развивался и ввысь, и вглубь, и вширь. И такая монолитная целостность не могла не привести Ауэзова к Абаю и Абая – к Ауэзову, проложив золотой мост между двумя гениями» [1, с.57]. Умение сравнивать доказательно, выстраивать образный ряд ассоциаций, раскрывать мотивы крушения ценностей конно-кочевой цивилизации остались в благодарной памяти гуманистических и любителей изящной словесности.

Любимый ученик М.О. Ауэзова – З. Кабдолов многое перенял у своего педагога. Писатель, ученый-теоретик, публицист, педагог З. Кабдолов покорял аудиторию эрудицией,

богатейшим багажом знаний, ясностью и четкостью изложения. Тонкий юмор, параллели с развитием мировой литературы украшали многие его выступления и доклады на Международных научных конференциях, заседаниях Диссертационных советов, «круглых столах», презентациях ... Дар слова объединял наставника и молодого педагога-исследователя.

Академик НАН РК С. Каскабасов считает своего старшего коллегу продолжателем дел А. Байтурсынова, М.О. Ауэзова, З. Ахметова. «То, что последняя его книга “Мой Ауэзов” была удостоена Государственной премии, не случайно. Будучи учеником Мухтара Омархановича, в этом романе он сумел показать обаяние Ауэзова как человека. Живую человеческую струнку он видел не только в тех, с кем когда-либо общался. Я с ним ездил в Париж в 2003 году. Он выступил в штаб-квартире ООН с докладом о творчестве Махамбета Утемисова, где блестяще изложил специфику поэзии поэта-бунтаря. Как лектор был уникален, аудитории никогда не пустовали, когда он читал свои лекции. Думаю, о нем еще будут созданы произведения».

Последние годы З. Кабдолов работал над романом о Махамбете и надеялся, что он станет этапным в его творчестве. Никогда не порывая связи с родиной, всегда откликался на приглашения Атырауского университета имени Халела Досмухамедова, побывал и на юбилейных торжествах Махамбета. Но Доссор, первенец нефтяной Эмбы, оставался его истинной любовью на всю жизнь, о нем он мог говорить долго, вдохновенно и самозабвенно.

Проблемы поэтики художественного произведения, актуальные вопросы художественного перевода интересовали Зейнолла Кабдолова не только с точки зрения теории. На казахский язык он перевел произведения русских классиков Александра Пушкина, Николая Гоголя и других, прозаиков XX века Виталия Закруткина, Льва Кассиля и т.д. На сценах областных и республиканских театров шли спектакли по пьесам А. Островского, М. Горького, Н. Хикмета в переводе З. Кабдолова.

Зейнолла Кабдолович бережно относился к памяти своих коллег, соратников, друзей. Его большое и щедрое сердце дарило радость и роскошь общения. Помнится активное участие, наряду с А. Нурпеисовым, М. Симашко, Ш. Елеукуновым, Г. Бельгером, в принятии решения о переименовании одной из улиц Алматы в улицу известного литературного критика Н. Ровенского, его блестящее выступление по этому поводу, посещение дома друга. «Н. Ровенский стремился раскрыть тайну слияния художественных кровей казахской и русской литератур, дать новое прочтение многих произведений русской литературы, обнаруживая дополнительные корни, питавшие ее гуманизм и вселенскую отзывчивость» [2, с.459]. Вовремя сказанное слово, порой, дороже многих страниц написанного текста.

Лекции, выступления академика З. Кабдолова на научных симпозиумах, форумах и конференциях самого высокого уровня динамичны, богаты лексически. Писатель, ученый-теоретик, публицист, педагог покорял аудиторию эрудицией, богатейшим багажом знаний, ясностью и четкостью изложения. Высокая требовательность, чувство личной ответственности и чуткость, доброжелательность, великодушие – доминанты характера корифея казахской литературы и литературоведения, что способствовало созданию особой, неповторимой атмосферы и на его кафедре, и на заседаниях Диссертационного совета.

По верному и объективному мнению писателя и литературоведа, доктора филологических наук, профессора Ш. Елеукунова, не раз высказываемого по отношению к старшему другу, как ученый-литературовед З. Кабдолов останется в истории филологической науки как основоположник теории казахской литературы. Его фундаментальный труд «Искусство слова» – настольная книга для студентов филологических факультетов университетов и институтов страны. «Знаменитое чеховское: “В человеке должно быть все прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли”, – о таких, как он. Те два года, что он был прикован к постели, очень чувствовались не только в литературных кругах, но и вообще на всех крупных общественно-значимых мероприятиях, где он мог преподнести казахское слово с таким вкусом и любовью, что слушатели, бывало, долго не расходились».

Умение радоваться успехам и достижениям своих коллег, вовремя разглядеть и поддержать молодой талант, способность мгновенно понять суть обсуждаемой темы, проекта, диссертации, рукописи и книги останутся в памяти тех, кто имел счастье быть рядом с ним. Его ученики работают на кафедрах казахской литературы и теории литературы, журналистики, русской и мировой литературы в вузах Казахстана и Кыргызстана. В памяти своих многочисленных учеников и последователей Зейнолла Кабдолович останется большим жизнелюбом, щедрым, талантливым ученым и педагогом. Рядом с ним всегда была Сауле-апай, верная спутница жизни, друг и единомышленник. Они шли по жизни рядом: хрупкая и изящная, но очень сильная духом Сауле-апай и величавый, неторопливый, харизматичный и обаятельный Зейнолла Кабдолович, радуясь успехам учеников, последователей, сыновей и внуков. Член правления Союза писателей Казахстана и Международного казахского ПЕН-клуба, З. Кабдолов имел ряд правительственных наград: грамоты Верховного совета КазССР, ордена «Дружбы народов», «Знак Почета», «Парасат», многие медали и литературные премии Союза Писателей СССР и Казахстана.

Просветительство как традиция родной литературы и культуры, проблема взаимовлияния восточной и западной культур, культура памяти, художественный текст в социокультурных контекстах, «современное» как проблема и многое другое находились в орбите научных интересов нашего юбиляра. Духовное обогащение молодого исследователя, особая значимость культуры и литературы, гуманитарного знания были для З. Кабдолова приоритетны. Он любил цитировать на защитах название поэмы Я. Смелякова «Строгая любовь», был требовательным и объективным научным руководителем и оппонентом.

Глубоким смыслом наполнено высказывание выдающегося педагога Я. Корчака: «Надо отыскать себя в обществе, себя в человечестве, себя во Вселенной». Вселенная академика З. Кабдолова вовлекает в свою орбиту всех, кто знал его. И это очень ответственно – нести звание его ученика и последователя, передавать все то, что вложил он в своих студентов и аспирантов, будущим поколениям, ведь воспитывает весь облик ученого-педагога, его умение вести задушевные беседы, его манера говорить и блистательные лекции.

Дело будущего – научные биографии, обобщающие литературоведческие исследования жизни творца, раскрытие своеобразия личности художника в единстве с эпохой и творческой средой; фильмы, книги и сборники статей. Его яркая жизнь достойна воплощения в разных видах искусства суверенного Казахстана.

Литература:

1. Мамраев Б.Б., Ананьева С.В. Международная научно-теоретическая конференция «М. Ауэзов и мировая литература XX века» // Ананьева С. Встречи, которые выбрали нас. – Алматы: Школа XXI века, 2004. – С.57-62.

2. Ананьева С. «Не быть прохожим на Сенатской площади...» // Ананьева С. Встречи, которые выбрали нас. – Алматы: Школа XXI века, 2004. – С.458-459.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ БЕН ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТ

Алмасбек Мауленов

филология ғылымдарының докторы, доцент

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

«Жамбыл» атындағы филологиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Қазақ ғылымы мен білімінде орны ерекше қасиетті де киелі саналатын жоғары оқу орындарының бірі және бірегейі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Осы университетте бар саналы ғұмырын сарп етіп еңбек еткен қазақ әдебиеті мен теориясын шәкірттер санасына ұялата білген аяулы ұстазымыз -Зейнолла Кабдолов. Ұстазымыздың өз сөзімен айтқанда «Өзінің уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын» ұстаз, - деген

қасиетті ұғымның ғажайып сырын тереңнен толғап, болашақ филолог мамандарға өз кәсібінің қаншалықты қымбат екендігін таныта білетін ғажайып сырына бүгіндері барша шәкірттері куәміз.

Ұлы ұстазы М.О. Әуезовтің жанында аяулы шәкірті бола жүріп әдебиеттің әсемдік әлеміне қалайша еніп кеткендігін «Менің Әуезовім» роман эссесінде жүрегінің бүлкілімен, сезімінің сырлы пернесімен ақтарыла отырып суреттейді. Ұстаз туралы сөзбен сурет салып, қазақ әдебиетінде өзіндік ерекшелігімен өрнектеген Қабдолов қолтаңбасын айқын аңғара аламыз. Осыншалықты ұстазына деген шынайы сүйіспеншілік пен інілік ізеттілік роман (эссе) барысында үлкен диапазонда аса зор ілтипатпен танылады.

Бүгінгі Х. Досмұхаметов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ұйымдастырып отырған халықаралық конференцияда З.Қабдоловтың ұстазына арнап жазылған «Менің Әуезовім» роман-эссенің аяқталмай қалған екінші кітабына байланысты ой толғамдарымды жеткізгім келіп тұр. Жан диалектикасын Академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың аяқталмай қалған «Дана дидар» екінші кітабының негізгі мазмұны, идеясы Алаш арыстарының аңсап өткен қазақ елінің Тәуелсіздік мұратымен етене қабысып, үндесіп жатқандығы.

Әсіресе, Кеңестік кезеңнің солақай саясатының небір адам бойламас, пенде ойлап таба алмас қасандық танытқан іс-шаралары нақты фактілермен баяндалады. Автор өзі де жазылуы бөлек романның неге бұлай аталғанын былайша толғап өтеді: « Роман болғанда, мұнда жай «роман» деп қоя салғаным жоқ. « Роман-эссе» дедім. Неге «эссе» ? Солай: эссе! Бұлай атағанда мен әдеттегі, Толстой айтқандай, кейіпкерімнің «жан диалектикасын» қуалап кететін көркем шығарманы, кәдімгі классикалық мағынасындағы роман жазуды, жай сөйлемей, сөзбен сурет салуды білмей отырғаным жоқ.

Мен одан қашып, еркін кеткім келді. Ал «эссе» дегеніңіз маған сол еркіндік үшін керек болды. Сөйтіп, мен романыма кібіртіксіз, есіліп, көсілетін шалқыма сипатын бергім келді », - дейді. Шын мәнінде де автор алған бағытынан, шығарма талабынан айнымай, ауытқымай көсіле шабыттанып Ұстазы туралы Асыл сөзден мәңгілік ескерткіш салғандай болады. Алаш арыстарының ел болу үшін егілте, төгілте еткен еңбектерінің еш кетпей бүгінгі Тәуелсіздік мұраттарымен ұштастырыла суреттелінеді. Өз ұлтын ерекше сүйе білу, оны ерекше жақсы көру сол кезеңде «ұлтшылдық» болып есептелгенін, соның кесірінен талай боздақтардың жазықсыз жапа шегіп, кейбіреулері жер ауып, кейбіреулері атылып кеткендері де ащы да болса шындық. Автор осынау бір қиюы кеткен кезеңнің тарихи ақтандақтарын ұстазы М.Әуезовтің Азия, Африка жазушыларының Ташкенттегі бас қосу халықаралық конференцияға барған сапарында «Ташкент-менің қуанған кезімнің де, қуарған кезімнің де куәсі» деген бір ауыз сөзімен талай тарихтың шежіресін шертіп береді.

М.О. Әуезовтей ұлы тұлғаның сол тар жол тайғақ кешуде қаншама қиындықтар мен қамаудан азап шеккендігінің куәсі боласыз. Сондағы бар кінәлары ұлтын жақсы көргендігі, ұлты үшін жан аямай, талмай қызмет жасағандығына берілген бағасы. Міне осының бәрі жазушының нақты детальдарымен баяндалып отырады. «Дана дидар» кітабының аяқталмай қалған ишарасынан ұстаз бен шәкірт арасындағы азаматтық сыйластықтың, ағалық жылы қомқорлықтың, інілік ізеттіліктің адами болмысын тереңірек ұғына түсесіз. Академик-жазушы ұстазының пайым парасатының кемеңгерлігін, ұлттар арасындағы достық қарым-қатынастың өлшеусіз екендігін Камерун жазушысы Бенжамен Матип кездесу барысында тереңірек аша түседі.

Осы бір кездесуді суреттеу барысында жазушы З. Қабдолов отаршылдықтың зардабы қаншалықты ауыр екендігін анығырақ пайымдайды. Оны біз мына бір эпизодтан көреміз: « - Бодандық деген – бейдауа, айықпас ауру...», - деген камерундық жазушы Бенжамен Матипке айтқызады. Өйткені осы ауру, осы дерт тәуелсіздік алған қазақ елінің бойында әлі де бар айықпас дерт екендігіне еш күмәнданбайсыз. Бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан осы бір тіл мәселесін түбегейлі шешуде әлі де дәрменсіздік танытып келетіні ақиқаттан алшақ емес.

М.Әуезовтің сол кезеңнің өзінде тіл мен ділге, ел мен жерге деген перзенттік борышына адал екендігінің көрінісін осы бір штрих-деталдардан аңғарасыз. Бенжамен

Матиптің өз халқының ағылшындар мен француздардың отарлық езгісіндегі ауыр трагедиялық хәлінің мүшкілдігін баяндағанында, сондай зобалаң қияметтерден өткен қазақ халқымен тағдырлас екеніне еріксіз бас изегендей боласыз. Ия әрбір халықтың өткені мен болашағына деген ұлы жазушының толғана тұрып ой қорытуы ащы шындықтың айқын көрінісі боп санаңда қалады. Оның осындай ой-толғанысын шығармада былайша беріледі. Енді шығарманың өзіне берейік:

« Мұқаң шыдай алмады:

- Кітап басыла ма?

- XX ғасырда жиырма бірінші жылы бүкіл Камерун мемлекетінің тарихы, медицинасы және діні туралы бар болғаны үш-ақ кітап басылып шықты. Ал жазба әдебиетті өрбіту тек еғнді ғана қолға алынбақ. Мұқаңның қабағы жабылып қалды, толғана келе тағы бір сұрақ қойды:

- Сонда қазіргі Камерун жазушылары қай бағытта, қандай мақсатта?

- Бодандық тәрбиесі – адамның ақыл-ойын аздыру. Біздің бірінші мақсатымыз – халқымызды ақыл-ой жетімдігінен, рухани азғындықтан құтқару», - деп аяқтайды. Ұлы Мұқаң мен енді ғана жазушылықтың қадамын басқан камерундық Бенжамен Матиптің сұхбаттасуынан бодандықтың халық үшін дүниедегі ең қасіретті трагедиясы екендігін барынша ұғына түсесіз.

« - Дүниедегі ең үлкен қасірет – бодандық қой. Бодандық құрымай, бостандық болмай, халықта өмір де, өнер де болмайды», - деген ойынан автордың дөп басып айтқанын аңғарасыз. Роман-эсседе З.Қабдолов кешегі өткен Алаш арыстарының азаматтық іс-әрекеттерін, арды ойлаған арда істеріне шыныменде бас игізеді. Сол кезеңнің зиялыларға деген халықтық түсініктің қаншалықты дәрежеде ұлық болғанын, соған лайықты тұлғалардың кісілік келбетінің сай екендігін қысқа ғана эпизодтар арқылы суреттей білген. Халқын жақсы көрген жайсаңдардың «халық жауы» болып жазықсыз жапа шегуі, бірі атылып, бірі айдауға түсіп халықтың сағын сындыруы да аса бір астармен аңыздала ашылады.

Сондай-ақ роман-эсседе Қазақстан тарихында ерекше орын алған тың және тыңайған жерлерді игеру барысы туралы ойлары, Кеңестер Одағы басшыларының жүргізген солақай саясатының зиянды және пайдалы жақтары салыстыра отырып суреттеледі. Н.С. Хрущевтің патшалық Романовтардың 300-жылда қазақ халқына жасай алмағанын біз коммунистер үш жылда жүзеге асырдық деп кеудесін қағуы да шындықтан алыс емес. Негізгі ой, астарлы дүние ұстаз М. Әуезов пен шәкірт З. Қабдоловтың адами қасиетке толы адамгершілік қасиеттері мен шәкірттің ұстазға деген терең сүйіспеншілігі барынша Қабдоловқа тән суреттелумен күнды.

Мысалыға сол кезеңдегі Қазақстан компартиясының екінші басшысы Иван Дмитриевич Яковлевтің қабылдауында болған кездесуде ұстазы М. Әуезовтің өз басының емес, ашаршылық пен жоқтықтан тентіреп, сырт ауып кеткен қазақ қандандастарының жағдайы қатты алаңдатаны еді. Міне осы жерде де Ұлы Мұқаң тектілігін танытып осы тың және тыңайған жерлерге түрмеде отырған тобырларды емес, жат жерде жапа шегіп жүрген қазақтарды шақыртуын кезекті келелі мәселе ретінде өтініш етеді. Әрине мұндай мәселе ол кезеңде оң шешімін таба қоюы екіталай дүние-тұғын.

Бірақ жұртының, елінің қамын, болашағын ойлаған арда азаматтың арлы ісі еді. Бұл да сол Мұқаңның елі үшін ғұмыр бойы ойланып, толғанып жүрген қасіреті екен ғой. З. Қабдолов ұстазы М. Әуезовтің өміріндегі соңғы бір екі жылда кең тыныстап, қуғын-сүргіннен ара-тұра қашық болып, сол кезеңнің ең жоғары марапаты Лениндік сыйлықтың иегері болып оралған сәтті де, тәтті іс сапарларынан сыр шерткені қандай ғанибет. Алпыс жыл ғұмырының тең жартысын қуғын-сүргінде өткізген Мұқаңның азда болса тынығып, барға қанағат, жоққа салауат деп мамыражай өмірінен қаншама әсерлі сурттер беріледі. Ия ұлы жазушының осы ғажайып сәттерінің ғұмыры бар-жоғы екі-ақ жылға жетеді. Осы бір тамаша жан, ұлағатты ұстаз, кеменгер жазушы жайындағы Қабдолов толғаныстарының орны ерекше. Оны сөзбен айтып жеткізу екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Шығарманы тек

оқып қана эстетикалық ләззат, ғибраттық тәлім аласыз. Бұл да болса Қабдоловтың қайталанбас қолтаңбасы екендігінің белгісі.

Қабдолов тәрбиесі деген осы болар дейсіз. Айтар ойын дөп басып, қайтарымсыз сөзі нысанаға айнымай тиіп жатады. Шеберліктің сан қырын меңгерген З. Қабдолов осы бір роман эсседе өзі айтқандай шалқар шабыттың, асау бермес Каспийдің жал-жал толқынындай өзгеше бір зор ынтамен жазғандай. Бірді жазып бірді айтпай кеткен болмас. Қазақ-қырғыз әдеби баланысының М.Әуезовтен бастау алғандығын, оның кәсіби тұрғыда дами түскендігін айрықша атап өткен орынды. Қырғыз елінің «Манас» эпикалық мұрасының тағдыры қыл үстінде тұрғанда, бар жұмысын кейінге қалдырып Мәскеуден ұшып келіп қорғап қалған Әуезовтің еңбегі ұшан теңіз. Роман-эсседе жазушы-ұстаз З. Қабдолов кешегі мен бүгінгінің бір-бірімен ұштасып жатқандығын, кешегісіз бүгінгінің күні бұлдыр болатындығын тайға таңба басқандай суреттейді. Бұл да бір жазушының тыңнан тапқан жаңа бір арнасы, жаңа бір бағыты болатын. Әттең, дүние! Жазушының жазған дүниесі аяқталмай қалды. Талай ғажайып сыр, талай тамаша жыр жазылар еді. Халқымыз барға қанағат еткен. Заңғар жазушы, ұлағатты ұстаз З. Қабдолов туралы талай мақалалар мен естеліктер жазылар !!!

СЕКЦИЯ 1 ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ – ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ

СЕКЦИЯ 1 ЗЕЙНОЛЛА КАБДОЛОВ – ПИСАТЕЛЬИ ПЕРЕВОДЧИК

SECTION 1 ZEYNOLLA KABDOLOV IS WRITER AND A TRANSLATOR

ӘОЖ 82-32

БІР МАҚАЛАНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

(Ә. Кекілбаевтың «Дүние ғапыл» жыр жинағына алғысөз)

Ғарифолла Әнес

филология ғылымдарының докторы

Құғын-сүргін құрбандары музейінің аға ғылыми қызметкері,

anes_gk@mail.ru

Алматы қ., Қазақстан

Талант атаулының бәрі – ақын.

З. Қабдолов

1999 жыл. Жыл ортасы ауа заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш ағаның 60 жылдық мерейтойы туралы ойласа бастадық. Әбекең бұл уақытта еліміздегі билік иерархиясында бесінші адам, Мемлекеттік хатшы... Қаламгерлік қайраты мен қайраткерлік даңқы шоң Шыңғыс аға Айтматовпен, көзі тірі классик Әбдіжәмил Нұрпейісовтармен қатар аталады. Том-том болып кітаптары шығып жатыр. Мерейтойлық мақалалар да әр жерден, там-тұмдап көріне бастаған кез.

Сірә да данагөй Әбекеңнің ұсынысы болса керек, 1997-1998-1999 жылдары күллі республика көлемінде дүбірлі іс-шаралар тоқтаусыз өтіп жатты. 1996 жыл жабыларда Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы» арнайы Жарлығы шықты. Мемлекеттік комиссия құрылды, төрағасы Әбіш Кекілбаев, комиссияның жауапты хатшысы белгілі жазушы Әлібек Асқаров. Көппен бірге сол беделді комиссияның жұмыс тобына еніп, мүшесі болдық. Ал 1998 жыл осы ретпен «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» жарияланды. Менің ойымша, осы жылы саяси-идеологиялық, ұлттық-руханияттық тұрғыдан қыруар шаруалар атқарылды. Біз әңгіме қылып отырған 1999 жыл болса «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деген ұлағатты ұранның аясында өтуде. Әбекең Алаштың Бас идеологы болып тұрған жылдары арнайы «Мәдениетті қолдау жылы» да аталып өтіп, оның соңы ұлттық мемлекет құру жолындағы батыл қадам – әйгілі «Мәдени мұра» бағдарламасына ұласқаны, әрине, басқа бір ұзақ әңгіменің сорабы.

Кімнің алғаш аузына түскенін білмедік, бірақ кейін қайталана-қайталана ел аузында мәтелге айналып кеткен: «Біз бұл өмірде Әбішпен замандас болғанымызға, тарихтың тап осы бір ұрымтал тұсында бірге жасасқанымызға бек бақыттымыз» деген сөздің шын мәнінде мақтанышпен еске алынар кездері-тұғын. Аяулы абыз ағамыздан көрген шарапатты жақсылығымызды жайып салып, жария естелік айтар кез әлі келмеген сияқты болады да тұрады. Десек те, санадағы сансыз сәулелі сәттерден үш-төрт жағдай жатсам-тұрсам есімнен кетпейді. Алғашқысы – 1994 жылы осыдан екі жыл бұрын дүниеге келген балапан «Арыс» қоры баспагерлік қадамын бастаған тұстағы, құданың құдіреті, қарлығаш кітабымыз алақандай «Бекет Ата» болып кіндігін кескендегі аян-баян. Оның беташар сөзі Үндістан сапарының алдында аяғын үзеңгіге салып тұрған Әбекеңнің қаламынан айналдырған бір-екі

сағатта жыр болып құйылған «Ел иесі, Жер киесі» еді... Шағын ғана төрткүл блокноттың оннан аса парағына мөлдірей төгілген маржандай түпнұсқа-қолжазбасы тәберік ретінде сандық түбінде әлі сақталып келеді. Оны тіптен Әбекеңнің Ақтаудағы музейіне өткізудің өзіне мынау жалған тірлікте көзің қимайды екен... Жоғарыда айтылған үш жылдағы комиссия жұмысы барысындағы Әбекеңнің сөйлеген, жазған-сызған қағаздарын жинақтап, 260 беттік «Үш белес» атты авторлық кітабын қолына ұстатқаным, ол да бір көңіл марқайтар сәт, ұмытылмас күндер-тұғын. Бүгінде жалпы қарасы жиырмадан асып жығылған энциклопедияларымыздың да жолын ашып, ақ батасын берген қайран Әбекең еді. Ол күндерден көкейге мәңгілікке қонақтаған, ұмытылмас ескерткіш – Зейнолла аға-Сәуле апай, Әбіш аға-Клара апай, Ғарифолла-Бағдан жұптары мен Қадыр ақын ағаның Оралда, Қырымбек Елеуұлының құрметті қонағы болған жылға бергісіз апталық қонақтығымызда, «Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия» кітабының таныстырылымындағы ұмытылмас сәттер...

Хош, сонымен 1999 жылға қайта оралсақ. Күндіз күлкі, түнде ұйқы қашты. Жақсылыққа – жақсылық; оны ұмыту адамдыққа жата?!.. Жұлдызы жарқырап туған, төрт құбыласы түгел Әбекеңе не сыйларсың?!.. «Тентектің жиғаны – шокпар» дегендей, шынында да, кітап болмаса, Алматыда қалт-құлт етіп жүрген сен бейбақта басқа не бар?!.. Ия, кітап! Бірақ, Әбіш ағам сол таршылық заманның өзінде кітабын шығара алмай, болмаса, таратып, сата алмай жүрген көп ақын-жазушының бірі емес... Тоқта-тоқта, ақын... поэзия...

Анда-санда Әбекеңнің берекелі дастарқанына (шындығында Айсәуле апамыздың берекелі дәмі) тап келгенімізде, иін тірескен мол тағамнан өзінің сүйікті асы – ұлпершекті қос бөтеке-бүйректі қарпып жеп, айналасынан «өз батам – өзіме» деп кешірім сұрап, кабинетіне асығар еді. Үлкен апамыздың бапталған шайына әбден бой үйретіп алған біз болсақ, қысыр әңгіме тиегін ағытып, бұйырған шайды сораптаймыз кеп, сораптаймыз. Осындай бір маңдай тершіген отырыстың бірінде мен Клара жеңгейден Әбекеңнің әлі күнге дейін өлеңнен суымағанын, тіптен соңғы кезде «жастық шалығын» қайта тауып, жаңа жырлар жазып-жазып тастай беретінін біліп алған едім. Міне, қызық!.. Міне, сенсация!..

Бұдан үш мүшел бұрынғы балаң Әбіш әдебиет табалдырығын «Алтын шуақпен» аттағанын біреу білсе, біреу білмейді. Сонау 1962 жылдан бері қаншама су ақты, қаншама ақын дүниеге келіп, дүниеден қайтты... Әйтсе де Әбекеңнің осы биттің қабығындай шағын жыр жинағының өзі сыншы-әдебиетшілердің назарынан тыс қалған емес. Академик Серік Қирабаев: «Өлең өрнектері мен көркем бейнелерден алынатын ләззат, оқырманды ойға бөлейтін танымдық талғам мен одан туатын тобықтай түйін – бәрі жарасым табады. Жиырмадан жаңа асқан жас жігіттің бұл саладағы ізденістері оның болашағын айқындағаны даусыз. Онымен тұстас жас ақындардың көбі-ақ бұл жаста ондай биікке көтеріле алмағаны анық» десе, сыншы Бақыт Сарбалаев: «Алтын шуақ» автордың ғана емес, жастықтың лебізі. Осы өлең жинағымен-ақ өлең өлкесінен өз орнын алды, бүгінгі күні де өз орнын алып отыр. Өйткені жақсы жыр жадау тартпайды, жылдар жылжыса да жат болмайды. Олай болса, «Алтын шуақтағы» өлеңдер осы қазірде жазылғандай; олар шуағын шаша береді, оқырман жұртшылықпен жүздесе береді. Аталған «Алтын шуақтың» құндылығы да сонда, ол кезінде қазақ әдебиеті үшін, қалың оқырман қауым үшін Әбіш Кекілбаев атты күйіп-сүйетін, ойлы, сезімтал жас ақынды ашып берді. Алдында шешеннің тілі күрмеліп, ердің қолы қалтырайтын ақиқаттың көзіне тура қарай алатын, тура қарай бастаған ақынмен таныстырып қойған жоқ, табыстырып та жіберді» деп толғайды...

Сонымен, Әбіш ағам екеуіміздің ортамызда бірнеше айға созылған келісу мен келіспеу шарты басталды. Бір шүкірлігі, әйтеуір, керісу болмады. Өндіріске дайындалып жатқан қолжазбаны қайта-қайта тоқтатып, қайтарып алатын сәттегі Әбекеңнің уәжі біреу-ақ: «Менен ақын жасамай-ақ қойшы!» Әрине, мен де түсінем, көркем сөзі мен көсем сөзінің өзі жыр болып төгілетін жазушы өзін Қадыр, Тұманбай, Фариза ... сынды есімдері бас әріппен

жазылатын Ақындармен қатар қойғысы келмейді. Өлеңді өзі үшін жазды, өзінің жүрек жарасына дәру іздеді; шерін тарқатты, қуат алды. Ал мен «сол өсекші-өлең» жолдарын елге таратпақпын, жалпақ жұртқа жарияламақпын.

Жайма-шуақ қыркүйек те артта қалып, мазасыздау жауынды қазан есікті қақты. Келісу мен келіспеудің итжығыс болып тұрған кездерінде бұл шарасыз жайттан Зекеңді құлаққағыс қылғанмын. Сол кезде, одан бұрын да һәм кейін де аяулы ұстазымыз, академик-жазушы (Зекең марқұм осылай атап, жазғанды қатты ұнататын, үнемі ескертіп отыратын) Зейнолла Қабдолов «Арыс» қорының қоғамдық негіздегі құрметті төрағасы еді. Бұл бір ресми, болмаса айлық-пұлды дәреже емес, абыз ағаның ақылғой кеңестеріне мұқтаж кездегі арқа сүйегеніміз еді. Бар ғұмыры адам атаулыға тек жақсылық тілеп, таусылмас мейірімін шашып өткен абыз Зекеңнің абырой-беделі асқақтап тұрған кез, бюрократтық жүйенің небір зілмауыр емен есіктері қашанда академик-жазушының алдында ескертусіз-ақ айқара ашылып тұратын... Кез келгенге елп етіп елең ете қоймайтын Зекең «Әбіш ағамыздың жаңа жыр жинағын шығарсам» деген ниетіме ерекше ықылас білдірді. Өзі де «Жайық қызындай» әсем жыр жазған, қазақ өлеңінің құрылыс-құрылымын, көркемдігі мен сұлулығын майын шағып зерттеген ағамыз қызушылығын баса алмаса керек, ақыры қолжазбаны сұратып алды. Түн ішінде телефон шалды: «Мен кітапқа алғы сөз жазам. Қарсылығың жоқ па?» Қарсылығы несі?! Академик-жазушының көңілі түсіп, толқып, толғанып, беташар сөз жазам десе... Бір жақсысы – ол кездің хат-қағазы қолға қолжазба күйінде тиеді. Зекең де маржандай, бірақ сәл майда жазуымен хаттап, қол қойып берді. «Таланттың тағы бір қыры» («Дүние ғапыл хақында») деген төрт бет жазбаның соңына «Зейнолла Қабдолов, академик-жазушы. 15.10.99. Алматы» деп қолын қойған. Ия, бұл қолтаңбалы жазба да – сағымды жылдардың естелік-ескерткіші, сағынышты жәдігер. Бірі кем дүние де...

Алғысөздің негізгі лейтмотиві – ақындық табиғаты. Ол жазады: «Әбіш өзінің ақындығына, яки өлеңге кәсіп деп қарамаған, қасиет деп қараған. Өзінің құдай берген талантының бұл қырын жетілдірем деп жік-жапар болмаған, ұстартам деп қырнап-сырлаудан бас тартқан, сол әуелгі төлтума табиғи күйінде, сол баяғы көрген жерден көз арбап, көңіл баурайтын дәстүрлі қалпында қалдырған. Өйткені ол сөз өнеріндегі маманданған жанрым поэзия емес, проза деп білді. Сондықтан оның іргелі, күрделі туындыларының бәрі өлеңмен емес, көркем қарасөзбен жазылды. Алайда Әбіштің қарасөзінің өзі өлеңше оқылады. Оның прозасының өзі поэзия. Мұның себебі де сол әлгі айтылған туасы, табиғи қасиетінің, яки ақындығының айрықша нұрлы, сырлы көрінісі».

Ұстаз Зекең өзінің шәкіртін мойындап, жоғары бағалайды: «Әбіш Кекілбайұлы – талант! Үлкен талант! Ал нағыз талант – бәрінен бұрын ақын. Әбіш те әдебиетке өлеңдетіп келді. Мұнысы заңды еді. Егер ол тумыстан ақын болмаса, әдебиетке өлеңсіз келсе, қазіргідей жан-жақты, көп қырлы – әрі саңлақ суреткер, әрі ғұлама ойшыл, әрі сұңғыла шешен, әрі көреген көсем ... болмас еді. Осылардың бәрінің төркіні ақындықта жатыр».

Әр нәрсенің ақыры, қайыры бар. «Көне дәптерден» алынған жырлар «Бисмиллаһ ир-рахман ир-рахимді» «Таңғы кәлимамен» ашылып, «Көне дәптерден» төгілген жырлар «Фи судурин нәси. Минл жиннәти уән нәс. Әумин!» деп түйінделді. Қазақ поэзиясына өзіндік үнді, толайым түсті «Дүние ғапыл» жинағы келді. Ортақ қазанға ойлы олжа салынды. Сырт көзге білдіртпегенімен бұл тосын сый-сияпат Әбекеңнің де көңілінен шықты. Академик-жазушы ағасы төгілдіріп алғысөз жазды. Алғыр әкім Иманғали інісі арнайы ұшақпен Маңғыстауды дүбірлеткен тойшы қауымды түгелімен, мерейтой иесімен қоса алдырып, Атырау төрінде «Дүние ғапылдың» ұлан-ғайыр тұсаукесерін жасады.

Ия, «Кекілбайұлы – қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де қанатты Кісі. Мұның тамыры да ақындықта жатыр», дейді ұлы Зекең. Ал Зейнолла ұстазымыздың қаламгерлігі мен қайраткерлігі, ең бастысы Ақындығы туралы дәм бұйырса бұл жазбамыздың заңды жалғасы да жазылар. Сөзімізді нағыз Ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Зейнолла аға!» өлеңіндегі мына жолдарымен аяқтағымыз келеді:

«Дүр ғалым деймін, жазушы деймін дарынды,
Кәдімгі Мұхтар Әуезов тектес алымды.
Ол сөйлеп кетсе, сөзіне сендіре алады
Патшанды, пайғамбарынды.

Әдебиеттің әл-Фарабиі, білгіші,
Тарланбозымның талайға жетті үлгісі.
Отызға толмай ойшылдар тобын көбейткен,
Ұстазым менің бұл кісі».

ӘОЖ 17.09.91

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ЖӘНЕ МАХАМБЕТ ТҮЛҒАСЫ

Қансейіт Әбдезұлы

филология ғылымдарының докторы, академик

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті профессоры

Суреткер жазушы Зейнолла Қабдоловтың қаламынан проза жанрында бірнеше құнды туындылар дүниеге келді. Жетпісінші жылдары жарық көрген «Біз жанбасақ...» роман-дилогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған көркем шығарма десек артық айтпаймыз. Заманауи тақырыпқа қалам тербеген қаламгер аталған шығармасында көркемдік бітімі мүлдем бөлек бірнеше тың кейіпкерлерді қазақ әдебиетіне алып келді. Сондықтан да бұл роман-дилогияны кезінде қазақ оқырманы жылы қабылдап, жоғары бағалады.

Қазақ прозасындағы сол тұста жақсы көріне бастаған интеллектуальды бағыттағы соңғы, жаңа тынысты шығармалардың көш басында осынау роман тұрды. Әдебиет сыны романның әсіресе осы құндылығын баса көрсетіп, жарыса жазды. Сардар, Қабен, Тайман сынды жаңа кейіпкерлер көркемдік жинақтау биігінен табылған, қаламгердің суреткерлік дарынын айрықша жарқыратып көрсеткен типтік бейнелер ретінде әдебиет төріне көтерілді.

Тура осы арнада, өзінің суреткерлік қолтаңбасынан көз жазбаған қаламгер араға уақыт салып Әуезов бейнесін де әдебиетімізге алып келді.

«Менің Әуезовім» роман-эссесі де тұлға және заман тақырыбын тереңнен тартып бейнелеген, тарихи шындықты үлкен ауқымда көркемдік тұрғыдан жинақтап бере алған бірегей туынды ретінде оқырман жүрегіне жол тапты. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған бұл роман да З.Қабдоловтың көркем прозадағы көп жылғы шығармашылық ізденістерінің бір белесі ретінде әдебиет тарихында қалды.

Саңлақ суреткер, ғұлама ғалым, әлемдік әдебиеттің классигі Мұхтар Әуезовтің жеке тағдырынан бастау алатын оқиғалар тереңдей келе ұлы тұлғаның тұтас өмір жолымен, қаламгерлік жолымен, сол заманның тарихи шындығымен сабақтасады, қатар ашылады. Әуезовтің күллі кісілік болмысы, жан дүниесі, жеке басының трагедиясы нақты оқиғалар арнасында суреттеледі.

Жазушы Зейнолла Қабдоловтың көп жылдар бойында іштей дайындалып, ойына алған, осы мақсатта деректер жинастырып, жүрек түкпірінде сақтап жүрген, жанына жақын тақырыбы қазақтың алдаспан ақыны Махамбет бейнесін сомдау болатын.

«Менің Әуезовім» роман-эссесінен кейінгі күрделі туындысы - Махамбет бейнесіне қалам тартқан қаламгер бұл романын толық аяқтап үлгермеді. Оу бастан Махамбет тағдыр кешкен тұтас дәуірді толықтай қамтып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен тарихи тұлғаларды қатар ала отырып, бүгінгі заман биігінен ой толғағысы келген қаламгердің аяқ алысы, қалам сілтесі бірден сезіледі.

Ой ауқымын кеңге салған, суреткерлік, көркемдік жинақтаудың эпикалық биігіне қол артқан автордың суреттеулерінен болашақ туындының терең тынысы, көп қырлы болмысы бірден көзге түседі.

Бұл туындының алғашқы тараулары З.Қабдоловтың өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген бес томдық таңдамалы шығармаларының бесінші бөлімінде «Мұз үстінде от жаққан» атты тақырыппен жарық көрді. Болашақ романның алғашқы беттеріндегі оқиғалардан-ақ оқырманға терең әсер тастайтын «Арыстан еді-ау Исатай», «Қаһарман ақынның тағдыры мен тағылымы», «Айбын мен айдын», «Ақын өлімі» (роман эскиздері) деп аталатын атаулар бір-бірімен іштей сабақтасып, тұтас дүниенің енді көтеріле бастаған қабырғаларын көзге елестетеді.

«Ақын өлімі» тарауында тұтаса бастаған басты идея, тартысқа толы сюжет шырғаландары қылаң бергендей. Махамбет қазасына байланысты өрбитін оқиғалар суретінің алғашқы арналарын Зекең өзіне тән құнарлы тілмен, суреткерлікпен, өзіне тән стильде қағазға түсіріп үлгірген екен. Өте әсерлі, тартымды оқылады.

Жазушы бірден Бөкей ордасына байланысты тарихи оқиғаларға баға беріп, тарихи ретроспектива аясында бірнеше шегіністер жасайды. Еділ-Жайық арасын бейбіт жайлаған қалың қазақтың тарихи тағдыры қалайша замана көшінде сан қайтара сынға түскені де жазушы жинақтауларында суреткерлікпен көрініс табады. Жазушы ой ауқымын кеңге салады. Тарихи деректер шығарма тініне әдемі кірігіп, болашақ Махамбет тұлғасына барар жолды саралай түседі.

Жәңгір туатын жылы патша ағзамның жарлығымен Бөкей сұлтанның қашаннан бергі арманы орындалып, Еділ, Жайық – екі өзен арасы түгелімен Бөкей Нұралыұлына мәңгі-бақи меншіктеліп берілді. Бұл бұған дейін ешбір қазаққа жасалмаған мырзалық еді. Еділ, Жайық арасын бұдан бұрын жоңғарлар таптап, қалмақтар жайлап бұларды патша жасауылдары казактар қуып шыққан соң көп уақыт бос жатқан қызыл шағыл боз дала болатын. Сол дала енді күтпеген жерден Бөкей сұлтанға берілді. Бұған жұрт таң қалды:

- Япырмай, тас сараң патша қалай қиып беріп жүр? – десті. Оны біреулер түзетіп:

- Бос жатқан жер, ұстап тұратын адам керек, неге бермесін! – деді.

- Жоқ-ау, қазаққа қалай қиды деймін ғой.

- Бөкей де жарты қазақ, жарты орыс емес пе? Берген содан соң.

- Қалай орыс болады Бөкей?

- Көк көз ғой, орыстан несі кем?

- Солай екен-ау!

- Солай болғанда қандай? Биыл туған ұлы Жәһангердің де көзі көкпеңбек. Бұл да орыс, әкесінен аумайды, аузынан түскендей...

Бұлардың бәрі қаңқу. Өсек.

Тумыстан асыл жаралған ақылды, парасатты Бөкей не істеп жүргенін өзі біледі. Хан тұқымы, төлеңгіт емес, төре Бөкей сонау Шыңғыстан бергі ата-бабаларының орыстан шылбыры үзілмей келе жатқан тағдыр үрдісін бұл да бұза алмады. Қазақтар орыссыз өз алдына дербес ел бола алмайды деп білетін. Ойда – орыс, қырда – қытай. Шылбырдың бұрышын қара қытай ұстаған жөн бе, әлде қазақтың көзі үйренген сары орысы дұрыс па?

Әрине, отаршылар аяққа тұсау салмақ түгіл шідер салса да, қытайдан орыс дұрыс деп білді. Әрине, Бөкейдің мойнына ілінген үзбелі түйме жай түйме емес, оның өзіне, өзі басқаратын халыққа салынған отаршылдықтың қыл бұрауы да еді. Бұл бұғалыққа көнбеуге Бөкей ханның да, оның қай заманда да құлдықтан, азап пен бейнеттен арылмаған бодан халқының ешқандай лажы жоқ еді».

Осылайша тарихи шындықты ой елегінен өткізген қаламгер Махамбет бейнесіне барардың алдында Әбілхайыр, Бөкей сұлтан Нұралыұлы, Жәңгір хан сияқты тарихи тұлғалардың тағдырына да соғып өтеді. Болашақта Махамбет, Исатай бастаған ұлт-азаттық көтерілістің әлеуметтік себептеріне, тарихи тамырларына ой, парасат көзімен үңіледі.

Жалпы романда көп сөз болатын тарихи мекен Қарой, Қаройдағы Махамбет тағдыры, ақын ойын тұйыққа тірейтін шытырман түстің күдігі, осы тұстағы жазушы суреттемелері

бүкіл романның идеялық жүгін ұстап тұрған бел омыртқадай көрінеді. Яғни «Түс», «Шер» деп аталатын тараулардағы сөз болатын оқиғалар сарыны, кең тынысты авторлық баяндаулар болашақ романның көп қатпарлы, көп кезеңдерді қамтитын күрделі шығарма ретінде жоспарланғанын анық аңғартып тұр.

Қазақ тағдырының ең бір күрделі, алмағайып кезеңін Жәңгір хан, Өтеміс, Исатай, Махамбеттей тарихи тұлғалар арқылы бейнелеуді мұрат тұтқан қаламгердің осынау шығармасының аяқталған нұсқасының қолымызда қалмағаны, әрине өкінетеді. Солай бола тұра Махамбет тұлғасына, Махамбет тағдырына арналған барлық шығармалардың ішінде З.Қабдоловтың осынау романының соңғы жылдары жарық көрген туындылардың арасында дара, шоқтығы биік көрінетіні сөзсіз.

Жалпы, осы орайда кішкене шегініс жасасақ, тұтас қазақ әдебиетінде Махамбет тұлғасына қалам тартқан қазақ қаламгерлері аз болған жоқ. Барлық жанрда, үлкенді-кішілі туындыларда Махамбет тағдыры шығарма өзегіне айналды. Алдымен қазақ поэзиясындағы Б.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны, Ж.Молдағалиевтің «Кек», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ә.Кекілбаевтың «Махамбет», М.Шахановтың «Нарықұм трагедиясы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш» немесе «Махамбетпен қалай кездестім», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау, Исатай» поэмалары, Қ.Бекхожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» атты толғауы, ақындар Х.Ерғалиев, О.Сүлейменов, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Ж.Әбдіраш, Т.Медетбек, Р.Ниязбек, И.Оразбаев, Ұ.Есдәулет, т.б. әр жылдары жарық көрген туындылары Махамбет тұлғасын әр қырынан сомдауға арналды.

Бұлардың арасында жаңа жанрлық форма өлең-роман да ұшырасады. Айталық, «Арыс» баспасынан жарыққа шыққан ақын Р.Ниязбектің «Махамбет майданы» атты туындысын осы қатарға жатқызуға болады. Екі жүз өлеңнен тұтастырылған поэзиялық шығарма Махамбет тағдырының барлық кезеңдерін қамтып қана қоймай, сол тарихи тұстағы қоғамдық-әлеуметтік сахнаға шыққан қазаққа белгілі тұлғалардың барлығының халық санасындағы орны да айшықталып шығады. Өлең-романның басты-құндылығы – бүгінгі заман рухымен терең сабақтасып жатқандығы.

Бұл қатарға сонымен бірге І.Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет», Б.Аманшиннің «Жақия», Ғ.Слановтың «Махамбет», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», соңғы кезеңде жарық көрген С.Жүнісовтің, Ә. Таразидің, И. Оразбаевтың «Махамбет атты туындыларын, т.б. қаламгерлердің драмалық шығармаларын қосуға болады. Әсіресе, І. Жансүгіровтің отызыншы жылдары дүниеге келген «Исатай-Махамбет» атты трагедиясы сол тұстағы әдебиетіміздің шоқтықты туындыларының бірі болды десек қателеспейміз. Бұл драмалық шығарма сол заманның талабына сай жазылса да ішкі көркемдік қуаты, тілі, жазылу стилі тұрғысынан ақынның сәтті шығармаларының бірі болды.

Әсіресе Исатай батырдың қан майданда мерт болатын тұстарын бейнелейтін сахна көріністері, соғыстың тұтас суреті, осы арадағы Махамбет аузымен айтылатын астарлы толғаулар, қазақ елі мен жерінің тағдырына қатысты сол кездің өзінде көтерілген өткір ойлардың шығарма ішіне енуі Ілияс Жансүгіровтің қайталанбас қалам қуатын танытты.

Ал енді проза жанрында тарлан қаламгерлер Тәкен Әлімқұловтың атақты «Қараой» әңгімесі, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» атты романы, кейінірек дүниеге келген Берқайыр Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Қажығали Мұханбетқалиевтің «Бас жұтқан бас», Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет», Нәбиден Әбуталиевтің «Қайран Нарын», Марат Мәжитовтың «Барлыбай түбіндегі ән», тағы басқа да қаламгерлердің прозалық туындылары алдымен ойға оралады.

Бұл туындылар несімен қымбат, несімен қадірлі? Авторлары қандай көркемдік ізденістерге қол жеткізе алды? Махамбеттің күрделі тұлғасын көркемдік тұрғыдан жинақтауда, сол тұстағы қазақ басына түскен бодандық, патшалық Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы көрінісі, сонымен бірге ел ішіндегі, ағайын арасындағы зұлымдық пен сатқындық үстемдік құрған заман шындығын шынайы жеткізуде қай қаламгер қандай суреткерлік әдіс-тәсілдерге қол артқан екен.

Соған бір сәт назар тоқтатсақ, алдымен, Махамбеттің өмірі мен заманы туралы көркем шығармалардың ішінде Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» атты туындысы айрықша дара тұрады. Бұл туынды көтеретін, арқау ететін көп қатпарлы әлеуметтік-қоғамдық шындық, осы арнадағы суреттелетін оқиғалар ағымының ауқымдылығы тұрғысынан келсек осы шығарманың бір өзі Махамбет тағдырының барлық кезеңін қамтып өтеді.

Елінен айрылып, жерінен ауып, қос қыраны – екі ұлын қатар жоғалтса да ақынның қанаты қайырылып, жігері құм болып жасығанын көрмейміз. Махамбет те ет пен сүйектен жаратылған жұмыр басты пенде, қаншама ауыр күрсініп, арыстан ұлдарын жоқтап, іштен жыламсыраса да, бірақ оның тұлғасы тауы шағылған, сағы сынған жанның кейпінен алыс. Тек қана көз алдында бақилық болған біртуар балаларын ойлап, есіне алғанда жүрегі елжіреп, көкірегі сары сағынышқа толады.

Әсіресе, балаларының Өтемістен туған ондай түгел атқа қонып жасақты қолға айнала алмағаны орны толмас өкініштей өзекті өртейді. Махамбет жапан далада жалғыз қалғанда жүрегіне жебедей қадалатын жалғыз жан жарасы осы ғана. Әйтпесе батыр рухы, ақын арнамысы бір сәтке де аласармайды, өзінің биік тұғырында қалады. Осы идеяны автор иін қандыра бейнелеп, әсерлі жеткізеді.

Ал енді, суреткер жазушы Зейнолла Қабдолов өз романының барлық тарауларында дерлік Махамбет тұлғасына, оның болмыс-бітіміне, қайсар мінезіне қайта-қайта айналып соғып отырады. Романның ішінде ерекше көзге түсетін бір ерекшелік – Махамбет, Исатай тағдыр кешкен табиғи орта, атамекен суреті кең ауқымда суреттеледі. Табиғат көріністеріне автор айырықша мән береді.

«Тайсойған да аумаған Нарын, Ойыл мен Жем арасын тұтастыра жалғап көсіле көлбеген жалпақ шағыл. Бұл да шағыл болғанда сусып төгіліп жатқан жалаңаш құм емес, қызғылт топырағы сұрғұлт шүйгінмен, кей тұстары жасыл шалғынмен қымталған көгілдір қоңырлықтар мен кең қолтықтар, белес-белес белдер, қырқа-қыраттар, қалың елге сая, мал мен жанға пана Нарын ханжайлау болса, бұл – саржайлау. Оңтүстік шалғайы Жем суынан басталатын Тайсойған солтүстігінде Бүйрекқұмға ұласып, Ойыл өзеніне тіреледі. Ойылдың дәл осы аралығында Сырым бөгеті, бөгет жиегінде даланың жалындай жалбырап тұрған бір шоқ терек бар. Мұны да Ақкөл мен Кезауызға қарай өткен жолаушыға көлеңке болсын дегендей Сырым батыр өз қолымен егіп кеткен көрінеді.

Кезауыз – кезауыз десе кезауыз, - оңтүстікке қыртыс-қыртыс қызыл шағылды қақ айырып ағып жатқан Жарыпшыққан өзенінің солтүстіктегі Ойыл суынан жырылған жіңішке жылғаның толқыны терең Тайкеткен арнасына келіп тоғысатын құйылысы – табаны тастақ, жиегі қайраң құмды өткел. Бұл араның суы – жайылма, саяз, тізеден аз-ақ асады. Жағасы жайпақ. Сырым бөгетінен арғы Қараменнен Қаракөлге, одан әрі Қарабайға қарай сапар шеккен жолаушы арбадан түсіп, балағын түрініп, білегін сыбанып, бой сергітіп, ұйқы ашар салқын сумен бетін бір сипайды да, көлігін қылт етпеден ат емес өзі сүйреп өткендей арғы бетке шыға бере жайланып суын ішеді.

Содан соң пар аттың қамытын алып, делбелерін шұбатып, жағада жайқалған көк құраққа тұсаусыз қоя береді. Аттар шашасын салқын су шайған жерден тапжылып табан аудармастан қысқа дейін бояуын өзгертіп, буынын қатырмайтын балдырған бала құрақты бас салып шалғыша қияды да оқта-текте пысықырып қойып күрт-күрт, кірш-кірш шайнайды. Содан мінер жағынан иесі оралғанша орнынан қозғалмайды.

Ал иесі жағадан жоғары көтеріліп, шағыл шетіндегі шоқыға шығады, шешінеді. Шоқының іргесіне ырп-ырп соғып Жарыпшыққан ағып жатады. Нәрі тап-таза, жағасы-құмайт, түбі-тегіс ақ қайраң. Суының мөлдірлігі сондай ағыспен ығып, жүзіп келе жатқан шоршыма, сойқан балық шортан жағадағы адам қараны көріп кенет шошиды да толқынды құйрығымен бір ұрып кері бұрылып қашып кетеді. Соған бағып, бетінен түбі көрінген мөлдір су саяз шығар деп секіріп түсе қалсаң, үш кісі бойы тереңге шым батасың да кетесің.

Жарыпшыққан – сондай алдамшы өзен, тереңі тентек, тек беті ғана күледі.

Өтеміс пен Махамбет – әкелі-балалы екі салт атты Тайсойғанды екі күн аралап, бүгін үшінші күн дегенде Кезауыздан өтіп, күн шыға Сырым бөгетіне қарай бет түзеді. Бірақ бұлар

жағаға шешінген жоқ, Жарыпшыққанға шомылған жоқ; күз салқын, күн желкем еді». Осылай төгіліп түсетін табиғат суреттері романның өне бойына айрықша құнар дарытып, қаламгердің тіл кестесін айшықтап көрсетеді. Зейнолла Қабдоловқа тән суреткерлік тіл, көркемдік бояу, оқырманға терең әсер тастайтын теңеулер үрдісі ой мен парасатқа суарылған.

Осындай суреттеулер Тәкен Әлімқұловтың «Қаройында» да сан қайталанады. Екі суреткер де ақын тағдырына, ақын трагедиясына жақындай түскен сайын табиғат көріністерінің бояуын қалыңдата баяндайды. Салқын күздің, желкемді күннің суреті екі шығармада да ұқсас қайталанады. Табиғаттың сұсты суреті Махамбетке қатысты өрбитін қанды оқиғаға астарлы мән береді. Осы арқылы Махамбет трагедиясына алып келетін күллі іс-әрекеттің динамикасы ширатыла, ширыға түседі.

Т.Әлімқұловтың шығармасында күтпеген жерден қызғыш құстың көрінуі, көң қарғаның ұшып жүруі, ботаның боздауы, сол кеште, апақ-сапақта айдың тұтылуы, барлығы ақын өлімін, оның ауыр қазасын шарықтау шегіне жеткізе суреттеуге жол ашады.

Зейнолла Қабдолов өз романында Махамбет қазасын суреттейтін эпизодтарды қағаз бетіне толық түсіріп, үлгеріп кете алмағанымен, бірақ ақын қазасына алып келетін барлық оқиғалардың дәлел-деректерін айна-қатесіз, нанымды, сенімді суреттеулер арқылы алып келеді.

Махамбет трагедиясына алып келетін оқиғалар тізбегі жазушы суреттеулерінде көп қырлы, полифониялық сипатымен есте қалады. Махамбеттің соңғы күндерде, жалғыз қалғанда, күллі өмір жолын көз алдынан өткізіп, ой тұңғиығына батқан сәттерін суреттеген беттермен роман нүктесі төмендегідей қойылады: «Сол баяғы жалғыз үй, сол баяғы екі құлынды бие, екі боталы түйе, бір ат. Қазір боталар босатылып, құлындар ағытылған. Бәрі қосылғанда тоғыз құрапты; кәдімгідей көз кідіртер бір табын мал. Және бәрі қосылып, топталып, бірге жайылып жүр; тоғызы да Қаройдың Дендер жақ беткейінде-шідерлеулі кер арғымақтың төңірегіне шоғырланып, бір-бірінен қара үзбей жайылады.

Махамбет бірауық аспанға-бұрқыраған будай яки түтілген түбіттей будақ-будақ әуеде ілініп тұрып қалған қызғылт бұлттарға қарады. Алып аспанға айшық-айшық сурет салған қызыл бұлттар шынында да әр нәрсеге бір ұқсап кетеді. Махамбеттің көзіне мына суреттер Жасқұстағы Орда шаһары секілденіп кетті. Хан ордасына Теке жақтан келіп төте кіретін айдау жол бар-ды; мынау орданың сол Теке беті сияқты. Хан сарайының әшекейлі биік қақпасы, сарайдың екі қанатын кере созып әкететін көше-көше көп үйлер, тіпті оң жақтағы айдын – Шалқар көл мен сол жақта қолдың саласындай тізіле самсап, жиекқұмды жағалай жосылып әрі асқан жал-жал жасыл теректер... Бәрі де қызғылт сары нұрға балқып, керемет көркем келбетпен Махамбеттің көзін арбап алды.

Махамбет аспандағы бұлтқа телміріп ұзақ тұрды; қызыға қарап, қатты толқып ойланып тұрды: «Япырмай, тіршілік түп-түгел жерден кетіп, аспанға көшкен бе, қалай!»... Жапан далада жалғыз қалған ақынның күллі ішкі жан әлемі, жүрек күйзелісі, атамекеніне, туған жеріне, туыс-бауырларына деген ұлы сағынышы, ұлы қайғысы, ұлы мұңы, барлығы ақынның осынау сана ағымы арқылы көз алдымыздан өтеді.

Осыдан кейін роман Махамбеттің басын шабуға келген бір топ жендеттердің, яғни «сау желіп, суыт келе жатқан тобырдың» оңаша отырған қараша үйге өңмендей кіріп, залым ойларын іске асыруға беттеген зымиян іс-әрекеттерін суреттеумен тәмамдалады.

Ары қарай Махамбеттің Ықлас бастаған опасыз ағайынның алдында алдаспандай арқырап сөйлеп, айыбын айтып, ат құйрығын кесісіп, шарт кетуі. Ызадан жарылардай болған жеті баскесердің қылыштарын ала ұмтылған қаскөйлігінен титтей де қаймықпаған, жаралы арыстандай жалғыз алысқан алып жүректі ақынның жан алысып, жан беріскен арпалысы.

Махамбеттің жантәсілім етер сәттегі Ұлы өкініші. Ұлы арманы. Осының барлығын жазушы ақ қағазға түсіріп үлгермеді.

Тағдырдың жазуы.

ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Зейнолла Мүтиев

*филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
zinulla_mutiev@mail.ru*

Орал қ., Қазақстан

Жангүлім Мұханбетова

*педагогика ғылымдар магистрі, оқытушы,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
janim.03.95@mail.ru*

Орал, Қазақстан

Сандуғаш Сағидуллиева

*гуманитарлық ғылымдар магистрі, PhD докторант,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
samatovna2021@inbox.ru*

Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада Батыс өлкесінің көрнекті қаламгері Қажығали Мұханбетқалиұлының «Жалғыз жиен» жиғанына енген «Мінез», «Ескі достар», «Қаңтардың қара суық түні», «Бір машина шөп» әңгімелерінің көркемдік ерекшелігі, кейіпкерлер болмысы, ұлттық құндылықтар талданады. Қажығали Мұханбетқалиұлы шығармаларында көтерілген қоғамдық проблемалар, жалпыадамзаттық құндылықтар мен көркем прозадағы кейіпкердің ішкі жан сезімін беру тәсілдері мәтіндік талдау барысында қарастырылды. Шығармалардың өнбойында шебер әрі шынайы сомдалған кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ішкі

жан-дүниесін бейнелеудегі қаламгерлік шеберлік іздері мен жазушыәңгімелеріндегі тіршіліктің мәні, ғаламның жаратылысы, адамның болмысы туралы құнды ойлары пайымдалады.

Түйін сөздер: Көркем проза, жалғыздық, жатсыну, ұлттық болмыс, ұлттық құндылық, көркемдік шешім.

Қажығали Мұхамбетқалиев – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар белгілі жазушы. Тәуелсіздік жылдары жарық көрген әңгімелері мен хикаяттарында автор адам болмысының, адам мінезінің жаһандық қоғам алып келген өзгерістер мен тұрмыстарын шынайы бейнелі суреттейді. Әсіресе «Жалғыз жиен» жинағына енген «Мінез», «Ескі достар» прозалық шығармаларында кеңестік дәуірдегі қатал саясаттың бостандық дәмін татып, жаңа психологиялық тостағандар пайда болған кезде адамдар арасындағы бір кездегі аңғалдық достықтың айла-амалдары мен қулықтың жеке бас қамы үшін психологиялық жаңа кеселдердің пайда болғандары байқалады. Балалық пен жастық кездегі адалдық, ымырасыз сезімдер жылдар бойы ұмыт болып, жаңа қоғаммен жаңа адами мінез қалыптасатыны шығарманы оқи отырып, оқырманға қазіргі сәттегі ішкі жандүние құлдырауының себебін іздеуге, қоғамның құбылыстары туралы ойлануға себеп болады.

Жазушының «Жалғыз жиен» жинағына енген «Мінез» бен «Ескі достар» әңгімесі қоғамның жаңаруымен, тіршіліктің өзгеруімен адамның да жаңаратыны, өзгертіні сөз болады. Жұмыстың, ортаның адамды сол қалыпқа сәйкес болуды талап ететінін көрсеткен туынды. Бұл тұрасында Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «...Бұрынғыдай бірінің сөзі мен ізін бірі аңдатын. Бірақ, «үй сыртындағы» кісіге жеткізе қоймағанымен,

бірінің бағын бірі ауырлап, қараптан қарап бір-біріне өкпелері қара қазандай боп жүретін бықпырт бақастық көбейді. Көреалмаушылықтың көтеремдігіне ұшырады. «Құл жоғарыласа, құдайын ұмытады» дегендей, біреулері шектен шыға тасып бақты.

Екіншілерін күншілдіктің қара албастысы басып бақты. «**Мінез**» бен «**Ескі достардағы**» күні кеше бірге оқыған құрбы-құрдастардың арақатынасы дәл осыны аңғартады.

Бір кездегі аңғал достық енді арамза айла-амалдың, ақпейіл татулық бақайдан қақпа бақастықтың шытырман шырмауығына көмілген. Тіпті ерлі-зайыптылардың махаббаты мен жұбайлық жарастығы да мансапқорлық пен баққұмарлықтың балдыр-батпағына тұншығып біткен.

«**Мінездегі**» Еңлік күйеуі Жәркеннің арақ ішкеніне ренжігенсіп, күйеуінің қалғандардай «аққаптал» болмағандығына, бағын асыратындармен майлы қасықтай араласып кете алмайтын қолапайсыздығына күйінеді.

Ал «**Ескі достардағы**» алыста жүріп, көптен көрмеген достарын аңсап келген Нұралханның ас та төк сағынышы мен ақпейілдігі астанадағы құрдастарына «елге кетіп, ерте бастық болып» алған «жолы болғыш» жігіттің «жомарттығындай» ғана көрінеді. «Қайдағы-жайдағыдағы» кездейсоқ бір ұшақта кездесіп қалған парталас қыз бен жігіттің бір кездегі қимастықтары да енді әншейін бір-бірінің көңілін аулағансыған көлгірлікке ауысқан. Осындай сырт сыпайылықтың тасасына тығылған «итжырындылық» [1, 6-7] деген бағасын береді.

«**Мінез**» атты әңгімесінде ащы судың әсерінен қазақ отбасыларында орын алып жатырған келеңсіздіктер, әйелі мен ерінің арасындағы сыйластықтың жоқтығы барлығы бүгінгі күннің шындығы, қазіргі сәтте әр отбасында орын алып отырған жағдай баяндалады. Бұл тәуелсіздік жылдарында жарық көрген әңгімелерде жалғыз Қажығали Мұхамбетқалиұлы ғана көтерген тақырып емес, жас қаламгерлер М.Омарова, А.Мантай, М.Шүйіншәлиеваларда да кездеседі.

Аягүл Мантайдың «Томпақ» атты әңгімесінде Томпақ есімді кейіпкердің әкесі ащы суға құмар болады. Досы екеуінің кезекті отырысынан кейін әкесі үйіне жете алмай дала үсіп өледі. Осылайша әкесінен айырылған Томпақтың отбасына көптеген қиындықтарға тап болады. Біріншіден, Томпақтың үйде отырып балалы болуы, екіншіден, жалғызбасты ананың бір отбасыны асырауы.

Қажығалидың «**Мінез**» әңгімесінде де осы ащы судың әсерінен Жәркен отбасындағы қиын кезеңдерді баян етеді.

Автордың бұл шығармасында бас кейіпкерді Жәркенге деген аяушылық сезімі байқалады. Өзінің бірге оқыған студенттік достары, қазір де жұмыстас жігіттерімен бас қосып, көңіл көтеріп, әңгіме дүкен құрғанына әйелі жерден алып жерге салып, еркектік намысына тиеді. Қазақта әйел адамның орны еркектен бір саты төмен екенін, еріне қарап қатты сөйлеген әйелден шошынатын оқырман Жәркенге бір сәт кешіріммен қарар. Алайда, әйелге ерегесіп, ащы суға салынуы отбасына, жұмысына зияның тигізіп жатырғанын түсініп, өз өзін қолға алу Жәркеннің бойынан табылмайды.

«...Өзімді де ұрып өлтіретін адам жоқ. Нем бар осынша ішіп?!.. Осы ненің күйігі мені алып бара жатқан?!» - Жәркен өзін-өзі иттің етінен жек көріп кетті. Жек көретіні – кеше мықтап ішкен. Әдейі ішті. Ерегесіп ішкен!» [2, 181].

Ал әйелі болса, Жәркенді қайтадан күнделікті тірлікке қайтарудың орнына үстінен сөзбен қажап, намысына тиеді. Бұл жерде жазушы қазіргі жастар бойындағы отбасы құндылығының төмен екендігін көрсетеді. Отбасы – жеке мемлекет. Адамның өсіп өнетін, махаббат пен сүйіспеншілікке, мейірімділік пен адалдыққа, адамгершілік пен тектілік сынды ұғымдарды қалыптасып, алға қарай өсуіне жетелейтін баспалдақ. «**Мінез**» әңгімесіндегі Еңлік пен Жәркен осы қасиеттерді ұмытып, эгоизмдік сезімдері басым алып кетеді.

Жәркен Еңлік жарының қыз күніндегі ибалылығын, мейірімділігін есіне түсіріп, қазіргі Еңлікті танымағандай түсінбейді. «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан

шығады?» қазақ даналығын еске түсіреді. Сол қыз күніндегі ибалы, нәзік Еңлікті ашулы, қырсық етіп алған Жәркеннің өзі, ащы суға құмарлығы екенін түсінбейді.

Ал Жәркен осы ащы суға неге құмартып жүр, не үшін ішіп жүр деген сауал туады. Автор ол қоғамды жатсынып жүр, қоғамдағы әділетсіздікке, жекебастың қамы үшін досын да сатып кетер арам ниетті жандарды жатсынуынан деген ой салады.

Қазақ әдебиетінде жатсыну, жалғыздық сынды философиялық категориялары қарастырылып жүр. «Кеңестік жүйедегі жеке адамның еркі мен бостандығының шектелуі қоғамның бүкіл саласында жатсынуды тереңдетіп жіберді. Сананың тұйықталуы, адамның түпкі негізден, яғни өз-өзінен, өзінің ұлттық тегінен, тарихынан, әдет-ғұрпынан жатсынуына әкеп тіреді. Мұның бәрі қоғамдық қайшылықтардың барған үстіне ұлғая беруіне түрткі болды» [3, 65].

Психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, жалғыздық – бұл бес өлшеммен анықталатын көп ауқымды тұжырым:

- рухани әлсіздік (чувство бессилия);
- ойсыздық (чувство бессмысленности);
- оқшаулану (чувство изоляций);
- бәрінен баз кешу (чувство чуждости всему);
- шектеудің жоқтығы (отсутствие норм).

Қажығали Мұханбетқалиевтің «Мінез» шығармасында Жәркеннің жалғыздыққа душар болып, қоғамды жатсыну, опасыздықты жатсынуы көркем бейнеленген.

« - Ішем! Керек болса, тағы да ішем, қайтесің? Білгің келсе мен оған ерегісіп ішкем жоқ, сол жерде отырған жігіттердің, әншейінде жолдас боп жүрген жігіттердің бір ауыз сөзбен арашаламағынына, жанындағы жолдасқа жабылған жалаға немқұрайды қарағандарына ыза боп іштім. Ішем, тағы да ішем, білдің бе?! Өздерінен әзірге бір саты ғана жоғары тұрған Бейсекке... Бейсектерге осы бастан бір ауыз сөз айта алмай, солардың жерқұрт болғанына мен қорланып ішем! Неге олар жайшылықта кісілік, жолдастық, қатар-құрбылық туралы ірі сөздер айтады. Неге жеме-жемге келгенде бұғып қалады? Ол – сатқындық, опа-сыз-дық! Әділетке опасыздық!» [2, 187].

Жоғары да келтірілген үзіндіден байқағанымыздай, Жәркен достың адалдығынан, қоғамның өзінен бір саты жоғары лауазымды адамға деген бас июшіліктен жатсынады.

Ал «*Ескі достар*» әңгімесінде Қанатта айналасындағы әділетсіздік, опасыздықтан, дүниенің құндылығын ақшаға теңейтін адамдардан жатсынып, ескі досы Нұралханға ішкі сырын ақтарады:

«Жыл сайын жоғары оқу орындарын біз секілді мыңдаған жастар бітіріп шығып жатыр. Жай ғана шығып жатқан жоқ, ғылымның ең соңғы жетістіктерін игеріп шығып жатыр. Жаңа идея, жігер, күш-қуат, білім дегендеріңіз соларда. Ал оны жүзеге асырайын десе, «тәжірибе жинақта, бала! Тәжірибе!» деп сылқ-сылқ күліп отыратын салқын ойлы сарабдалдар, құдайға шүкір, шаш-етектен. Жас маман тырбанады-тырбанады... Сонсоң бір күні: «Әй, осы тек маған ғана керек пе?» - дейді де, қолды бір сілтеп, көппен бірге қаңғалақтап кете барады. Сонда не үшін оқыды, не үшін білім берілді? Жо-о-жоқ, Нұралхан, жас күштердің батыл ізденістері мен жылт еткен жаңалығына көзді ашыңқырап, сергек қарау керек; әрі олардың мезгілінен бұрын сақаруына, тым ерте есеюіне жол бермеу керек. Онсыз да кезегі келетін нәрседен ешкім қашып құтыла алмайды. Құй қала, құй қалама, келеді ол кез! Ал ештеңе тындырмай жатып, салқын ойлылыққа көшу ерте есейтеді. Ерте есейтеді! Ерте есею – есепқұмар қуларды көбейтеді, немесе жас адамның бойындағы рухани күшті мүлде сөндіреді. Мен жасына жетпей жалынынан айрылған, салқын ойлы «сырбаздарды» аяймын!» [2, 222]. Міне осы жолдардың өзінде Қанаттың әділетсіз қоғамнан жатсынып, рухани жалғыздыққа ұрынған кейіпкер екенін байқаймыз.

Қанаттың, Жәркеннің қандай да бір дәрежеде қоғамды, адамды жатсынуы – бұл жан әлемінде дерттен сауығуды іздеу, өз қиялының мұраттарына жетуге деген ұмтылыс.

Қазіргі әдебиеттанушы ғалымдар жатсыну категориясының үш түрін бөліп көрсетіп жүр. Олар:

1. Адамдардың адамды жатсынуы;
2. Адамның өзің-өзі жатсынуы;
3. Адамның қоғамды жатсынуы.

Қорыта айтқанда, Қажығали Мұханбетқалиевтің «Мінездегі» Жәркен, «Ескі достардағы» Қанат қоғамды жатсынып, ой жалғыздығына душар болған образдар. Автор бұл образдар арқылы көптеген өзекті мәселелерді қозғай білген.

Жалғыздық сарыны туралы Г.Пірәлиева «Жалғыздық қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл адамның (кейіпкердің) ішкі табиғатынан, болмыс- бітімінен сыр берер, оның харекетін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет. Өйткені, адам жалғыз қалғанда ғана ішкі ой еркіндігіне бой алдырады. Жалғыздық – адамға өз ойымен болуға, еске алу, елестету, қайғыру, сүйсіну, белгілі бір шешім қабылдау секілді толып жатқан философиялық, психологиялық категориялар мен процестерді, сан алуан түрлі сезімдік құбылыстарды бастан кешетін кезең» [4, 25].

«Ескі достар» әңгімесінде қоғамдағы әлеуметтік ортаның тудырып отырған көптеген өзекті мәселелері көтеріледі. Біріншіден, қазіргі кездегі жаңа оқу бітірген түлектерден тәжірибе сұрайтын мекемелер мен басшыларды ашық сынап, жұмысқа тұру, өз ойынды, жобанды іскер асыруда жастардың жолын бөгеп тұрған жайттарды айта келе, соның әсерінен қаншама білімді жастар қолды бір сілтеп кете баратынын, немесе тек өз басының қамын ойлайтын дүниеқоңыз, есепқұмарлардың көбейіп бара жатырғанын айтады.

Екінші, жаңа қоғамда, заманауи тенденцияға бой алдырған кезде адамдар бойында «шаршампаздық» дерті бой алып, өмірдің қалай өтіп жатырғанын байқамай өз-өзің рухани шаршауға алып келеді. Автор осы дерттің сырын Қанаттың ойы мен сөзі арқылы дәлелдейді:

«Тыңдар болсаң, менің байқауымша, «шаршампаздық» дейтін дерт адамның өзіне-өзі қастық жасауынан болады... Қастық жасағанда қалай?! – Қанат жіңішке саусақтарының басын жыбырлатып қойды. – Мәселен, кісі бір үлкен пайдалы іс тындырғалы тұрғанында, оны тастай салып, басқа бір ұсақ-түйек өткінші қызыққа, желікқұмар көңілдің эзәзіл ахаху-сахахуына еріп кетуінен, (құдай-ау, әлгі өмірлік мәні бар үлкен ісінің мыңнан бір бөлшегіне татыса екен-ау ол!), сонан келіп шығатын – өзіңнің істеп жүрген ісіңе, қылуаңа өзіңнің риза болмауыңнан, олқы көңілдіктен туындайды. Кейде бір өзіңді ойсыз-дымсыз, іс-міссіз жүрген мәнгүрт секілді сезінесің ғой. Әні сол секілді! Орышса айтқанда, бұл кәдімгі «духовная неудовлетворенность!» «Дым бітірмедім-ау! Дым бітірмедім-ау!» деп ойлай бер де, ештеңе тындырмай жүре берші... шаршамағаныңды көрейін. Және бұл – барынды салып, арқа етің арша, борбай етің борша боп, ауыр жұмыс тындырғаннан кейінгі шаршау емес. Ондай шаршаудың, ол еңбектің зейнеті бар ғой; рахат қой, ол! Ал мынада ешқандай компенсация жоқ. Сондықтан да дертке ұқсас жері көп. Дерт, шынында! «Шаршампаздық» дейтін дерт!» [2, 226]. Шыныменде қазіргі кезде адамдар бойынша шаршампаздық, өздеріне көңілі толмау көп кездеседі, автор соның барлығын дертке балап, дертке шалдығу салдарында көрсетеді.

Үшіншіден, жаңа заманда ақшаның билік құрып тұрғаны. Нұралханның екі досы, өзара бажа достар бүгінде ақша үшін ренжісіп, араласпауы соның дәлелі деп көрсетеді. Жоғары лауазымда отырған Бисек пен Ерғазының қарапайым жұмысшы Қанатпен де араласпауы сол ақша, биліктің әсерінен.

Төртіншіден, отбасындағы еркек пен әйелдің рөлдерін ашық көрсетеді. Студенттік шақтарынан қосылған Бисек пен Күләйшаның арасында Күләйшаның билігі үстем екенін, ал Қанат пен жарының арасындағы сыйластықтан Қанаттың сөзі өтімдірек екені байқалады.

Ауылдан асығып келген Нұралхан достарының осы тірлігін көріп, іштей қынжылып, өткен күннің енді қайтып келмесін түсінеді. Адамның абзал досы, айнымас серігі – ойы. Нұралханда достары жайлы көп ойланып түйгені – заман ғана жаңармайды, заманымен адамыда өзгеріп, мінездің де, үміт пен сенімнің де ауысып, жанаратыны.

«Қаңтардың қара суық түні» – қарапайым қазақ отбасының тірлігін бейнелейтін әңгіме. Алайды осы әңгімесіне үлкен философиялық ой артады. Ол ойды бас кейіпкер Зейнештің түнгі ойы арқылы береді.

Суретшінің айтуынша, ол өзінің кейіпкерін ең жақын адамынан, қоғамнан алыстап қалған кезде, жанында белгісіз өмір мен бүгінгі тіршілікті байланыстыратын жалғыз жіп қалады – жалғыздық. Жалғыздықта адамға серік болар – өз ойы. Ой – адам өмірінің иесі және тергеуші. Екі ұлы тобырды бақытсыз еткен нәрсе – бұл ойдың империясы. Ой – бұл адамның Алланың алдында жасаған бірінші әрекеті. Ұлы Жаратушының адамнан басты айырмашылығы – оның пендешілік ойының жоғы. Адамның әлсіздігі сенімсіз пендешілікке бой алдыруы. Зейнеште сол түні күйеуіне деген сенімсіздігімен түрлі ойдың шырмауында болды.

Зейнештің түнгі ойы арқылы оның болмыс-бітімін, характерін ашыла түседі. Зейнеш бүгінде жеткен жетістігі мен өткен күнге деген ризашылығын білдіреді. Бұл әңгімесінде де автордың қоғамдағы қалыптасқан қағидаттардың келеңсіз жақтарын әшкерелеп, қазіргі кездегі тұрмыстың, әлеуметтік жайттардың өзгерісін сөз етеді.

Қазақ тұрмысында қыз баланың тұрмысқа шықпай тұрып шоқ басуы намыс саналады. Зейнеште солай жастығында шоқ басып, туған туысынан, өз елінен жыраққа көшіп келген. Бұл мекенде Бозымбай есімді тұрмысқа шығып, ана атанып, өз алдына үй болып отыр. Алайда Зейнештің күйеуі жұмысқа икемі жоқ, ұйқыны жақсы көретін, жуас адам. Барлық үйдің тірлігін жалғыз жеткізіп жүрген – Зейнеш. Әйел адам еркектің қабырғасынан жаратылған деген сөзге сүйенсек, Зейнештің бойында үйдің тірлігімен қоса, бала тәрбиесі де, жұмыс жасап үйді жеткізу мәселесі де кездеседі. Бұл да қазіргі таңдағы шындық. Әйел мен ерінің құқықтарының теңесуі немесе әйелдің құқығы мен рөлінің басымдығы. Қазіргі кезде отбасылардан байқытынымыз, ерлерінің үйде жұмыссыз отыруы.

Қорыта айтар болсақ, жазушы кейіпкерінің рухани жалғыздығын көрсету арқылы оның әлсіздігін танытады. Алайда, Зейнеш өзінің өткен күндері мен бүгінгі күйеуіне тапсырған жұмысын ойлау арқылы әлсіздікке душар болмады, керісінше күйеуі үмітін ақтап, Зейнештің абыройын асқақтатты. Зейнеште іштей осы күніне шүкіршілік етеді.

Тарихқа тек терең мән бере алатын прозашы адам мінез-құлқының өзгеріштігінен басталатын дәуірлік трагедиялар мен әлеуметтік драмалардың өзегін сөз етеді. Сезімге мән бере отырып, уақыт мүмкіндіктерін зерттейді. Әдебиеттің табиғаты мен басты міндеті-адамның өзін білу және оған сезімтал білім беру екенін терең түсінетін суретші өзгеретін уақыт пен тез өсіп келе жатқан ұрпақтың қатаң талаптарына жауап бере алатын, шынайы шындықпен, еріксіз шындықпен жауап бере алатын туындылар жасайды. «Дала әуендеріндегі», «Қарымта», «Қаңтардың қара суық түні», «Бір машина шөп» әңгімелерінде қазақ қоғамының өскелең кезеңдеріндегі ахуалы қалтқысыз бейнеленеді.

«Бір машина шөп» әңгімесінде автордың негізгі қозғайтын идеясы – үлкенге құрмет, сыйластық. Әліш қарттың ауыл басшыларынан бір машина шөп сұрай баруынан басталатын әңгіме қарттың жастардан көңілі қалып, түрлі күйге түсіп, өкінішін суреттейді. Шығармада шым-шытырман оқиғалардан гөрі, Әліш қарттың санасындағы өзгерістер, рухани қопарылыстар, ішкі сезімдік құбылыстар суреттеледі.

«Қап эттегене... – Әлекең тағы күрсінді. – Бекер-ақ барған екем. Жас жетпістен асқанда жас баладан нақақ сөз естірттің-ау, Құдая!!! – деді налып. – Барға қанағат, жоққа салауат деп, жайыма неге жатпадым!? Өлмесе – өмірам қапсын оншақты жандық пен бір-екі қара! Ата сақалым аузыма түскенде, сүйегіме бітпеген сұрамсақтық немді алып еді менң?» - Қарт өз ойына өзі мүдірді» [2, 24].

Әліш қарт бір машина шөп сұрай барып, осынша сөз естіп, көңілі қайтып, өзегінің өртенуіне кім кінәлі? Жазушы әңгімеде нақты кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін ашып жатпайды. Тек Әліш қарттың ішкі ойы арқылы береді. Адам қартайған сайын бала болады дегендей Әліш қартта өзінің ісі өкінеді, алайды жас болып бастықсынып, жасын сыйламағаны есіне түссе күйініп, ашуға булығыады. Қарттың ішкі сезімінің екі жарылып, өз ойымен арпалысуын аудан бастығы мен сыйлы қонақтардың келуімен шешіледі.

Қорыта айтар болсақ, жазушы бір машина шөп арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты, үлкен мен кіші сыйластығының құлдырап бара жатырғанын айтады.

Г.Пірәлиева «психологиялық прозаның көркемдік әлемі өзінің жанрлық талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды» [5, 14] дейді.

Қажығали Мұханбетқалиевтің де «Мінез», «Ескі достар», «Бір машина шөп», «Қаңтардың қара суық түні» сынды әңгімелері психологиялық сарында жазылған туындылар. Бұл әңгімелерінде ішкі толғаныстар, өмір жайлы терең ойлар суреттеледі. Егер туындыларда психологиялық талдау жасалынбаса, Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Адам ойына өң беріліп, көңіліне күй түсірілмейді». Жазушының әрбір әңгімесін оқи отырып, ой түсіп, көңілге алар жайттар байқаймыз.

Қажығали Мұханбетқалиұлының бұл әңгіме-повестері – әліге дейін қала тіршілігіне дендеп ене алмай келе жатқан қазақ прозасының өзіндік табысы бола алатын дүниелер.

Өмір – күрделі құбылыс. Адам да күрделі жаратылыс. Өмір де, адам да толық зерттелмеген, білінбейтін, түсінілмейтін және интуитивті түрде түсінілмейтінін бәрі біледі. Қаламгер Қажығали Мұханбетқалиұлы әңгімелеріндегі кейіпкерлерде адамзат баласы турасында, өмір туралы ойларымен байланысып, тұтасып, кей сәттерде автор кейіпкерді емес кейіпкер авторды айтқанына көндіріп, сөйлетіп отырғандай болады. Барлық әңгімесінің соңында өмір жайлы, қоғамдық келеңсіздіктер жайлы қағидаттары авторлық ұстанымы деп қабылдағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұханбетқалиұлы Қ. Шығармалары – төрт томдық. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. Т.1. – 400 б.

2. Мұханбетқалиұлы Қ. Жалғыз жиен: Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2005. – 288 б.

3. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.

4. Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері. Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. – Алматы: М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2001. – 276 б.

5. Пірәлиева Г. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. – Алматы: «Алаш», 2003. – 328 б.

ӘОЖ 82:82.09

3. ҚАБДОЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ М.ӘУЕЗОВ БЕЙНЕСІ

Гүлмира Бірәлі

филология ғылымдарының кандидаты, ҰҚК Академиясының доценті

ati.gulmira@mail.ru

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада 3. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі туралы, ондағы бас кейіпкер – ұлы қаламгер М.Әуезовтің рухани жан дүниесі мен ұстаздық, жазушылық, ғалымдық, қайраткерлік қасиеттерін көрсетудегі жазушының суреткерлік шеберлігі, өзіндік дара қолтаңбасы жөнінде айтылады.

Портрет жасаудағы, диалог, монолог құрудағы авторға тән қаламгерлік ерекшелік эстетикалық-этикалық категориялармен тығыз байланыста қарастырылған.

Түйін сөздер: Роман-эссе, жазушы, автор, бейнесі, образ, кемеңгер тұлғаның толық бейнесі, суреткерлік шеберлік, авторлық баяндау, әсемдік әлемі, даналық дәрісі, портреттік мінездеме, кейіпкер, рухани-адамгершілік келбеті.

Бүгінде туғанына 95 жыл толып отырған классик жазушы, парасатты ғалым-академик, сөз зергері, рухани ұстазымыз Зейнолла Қабдоловтың шығармашылық өмірінің қорытындысы іспетті туындысы – «Менің Әуезовім» роман-эссесі. Бұл романды жазудағы Зейнолла Қабдоловтың басты мақсаты – ұлы жазушының тұлғасын өз дүниетанымы, ой-өрісі тұрғысынан тани отырып, оқырманын Әуезовтің ақыл-ой дариясымен сусындату, әсемдік әлемінен нәр алдырту. Сол арқылы Мұхтар Әуезовтің даналық дәрісін бүкіл өз ұлтын сүйетін саналы, парасатты, ізгі ниетті жандарға тарату.

Шынында да, роман-эссені оқып отырғанда Мұхтар Әуезовтей кемеңгер қаламгердің әмбебап тұлғасын жан-жақты танып қоймайсыз, дара тұлғаның даналық дәрісін тыңдап отырғандай күй кешесіз. Бұл, әрине Зейнолла Қабдоловтың Сөз өнері мен өмірді егіз ұғымға балап, өнерді де өмірді де жақсылыққа ынтықтырушы, жамандықтан жирентуші етіп ұғынуынан және «Әдебиет – ардың ісі», -деп Өзі айтқандай, Ұлы ұстазына – М.Әуезовке деген ар мен иманға толы шәкірттік сезімінен деп білеміз. Сонымен қатар бүкіл саналы ғұмырын өткізген киелі қара шаңырағы – ұлы Әуезов дәріс оқыған ұлттық университетке деген «мәңгілік мақтан-жырынан» туғандығында жатыр. Демек, роман-эссе шәкірт – Зейнолла Қабдоловтың ұстазы Мұхтар Әуезовтің жазушылық, ғалымдық, ұстаздық болмысының сұлу сөзбен салған мәңгілік рухани ескерткіші.

«Менің Әуезовім» роман-эссе екі кітаптан тұрады. Бірінші кітап 1997 жылы жарық көрсе, екінші кітабы жазушы өмірден өткен соң 2009 жылы жарияланған. Бұл кітабы аяқталмай қалған.

Бірінші кітап бойынша әдебиеттанушы ғалымдар өз пікірлерін жарыса жазған болатын. Роман алғаш жарияланған уақытта академик Зәки Ахметов: «Роман-эссе түріндегі бұл көркем туындыда автордың студент кезіндегі сезім-әсерлері, өз көзімен көріп, көңіліне түйген, санасына сіңірген жайлар есте сақтала жүріп, оның ой елегінен талай өтіп, екшеліп барып, бүгінгі бай өмірлік тәжірибесімен, ой толғаныстарымен ұштаса көрінетіні шығармаға ерекше сипат берген.»[1,31 б.], - деп бағаласа, академик Серік Қирабаев: «Жас кезінен ұстаз тұтып қасына ерген, көп үлгі-өнеге үйренген ұлы қаламгермен бірге өткен күндердің тағылымы сияқты шығарма. Осы туындыны өмір бойы ойланған сияқты.» [2,27 б.], - дейді. Ал, тарихшы ғалым, белгілі қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед: «Менің Әуезовім» – көркем ойдың жемісінен туған көп романдардың бірі емес, өмірдің өзінен туған, тіпті өзегінен алынған келісті туынды.» [3,13 б.], - деп пікір білдіреді.

Сонымен ғалымдардың ойын әрі қарай жалғастырсақ, З.Қабдолов «Менің Әуезовім» романы арқылы өмірді өнерге айналдыруда өзінің қаламгерлік мәңгілік асыл мұратындағы «бүтін бітімді» жан-жүрегімен қазіргі және келер ғасырлардағы оқырманына қалдырып кетті. З.Қабдолов бүтін бітімді қалыптастыруда ерте кезден сонау өткен ғасырдың орта тұсынан, нақтырақ айтсақ, 1957 жылы «Тасқа тіл бітірген» деген М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы ғылыми баяндамасынан бастайды.

Ұстазы өмірден өткен соң 1967 жылы жазған шағын «Ғұлама» атты мақаласында Әуезов туралы көптеген жазушылардың жазып бастағанын, бұл тақырыптың Өзін толғандырып жүргенін және оның үлкен жауапкершілікті қажет ететін айтады.

Одан кейін «Айтты-айтпады, қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы асқар белі – Абай, ХХ ғасырдағы заңғар биігі – Әуезов» [4,43 б.],- деп басталатын 1986 жылғы «Әуезовтің әсемдік әлемі» атты ғылыми зерттеуінде жазушының шығармаларына талдау жасайды.

1995 жылғы «Абай һәм Әуезов» деген ғылыми мақаласында Әуезов бейнесін оның шығармаларын Абай лирикасымен салыстыра талдау арқылы көрсетеді.

1994 жылғы «Әуезов кафедрасындағы Әуезов дәстүрі» атты баяндамасында автор: «Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету – өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау. Бұдан асқан қиямет-қайым, азап пен бейнет жоқ. Осы қиындықты жеңген, осындай азап пен бейнетке көнген адам ғана ұстаз. Әуезовтің кемеңгерлігі – жазушылығымен, ғалымдылығымен бұрымдай өріліп кеткен ұстаздығы.» [5,315 б.],- деп жазады.

Арада үш жыл салып «Менің Әуезовім» романын жарыққа шығарады. Міне, 40 жыл бойы үздіксіз ізденумен, жан- жүрегімен толғануымен туған Әуезов бейнесі – жазушы З.Қабдоловтың өмір бойы жазып өткен басты образы.

Роман-эссенің жанрлық сипаты ерекше. Көркем әдебиеттің үш тегіне (эпос, лирика, драма) сәйкес өмірдің шындық құбылыстарын суреттеудің үш түрлі тәсілі, яғни эпикалық суреттеу, лирикалық суреттеу, драмалық суреттеу болады. Эпикалық тәсілде суреткердің ойы мен сезімінен, санасынан тыс тұрған шындық құбылыстар, оқиғалар суреттеледі. Лирикалық амал-тәсіл бойынша өмірдің шындық құбылыстарының, оқиғаларының автордың санасына, ойы мен сезіміне тигізген әсерінен туған күй суреттеледі. Драмалық тәсіл бойынша шындық құбылыстар адамдардың іс-әрекеті түрінде бейнеленеді. Зейнолла Қабдолов роман-эссесінің мазмұнына сәйкес өзгеше түр тауып, аталған осы үш тәсілдің үшеуінің де ерекшеліктерін, басты белгілерін шебер суреткерлікпен қолданған. «Менің Әуезовім» роман-эссесі – өмірдің шындық құбылыстарын суреттеудің үш амалының (эпикалық, лирикалық, драмалық), көркем әдебиеттің үш тегінің (эпос, лирика, драма) тоғысында жазылған шығарма.

Шығарманың жанрлық табиғатына тән екінші бір ерекшелік өмір шындықтарын көркемдік жинақтаудағы ғылым мен өнердің сабақтастығын шебер қиюластыра білуде жатыр. Туындыда өмірдің шындық құбылыстары келесідей көрініс табады:

а) образдар арқылы бейнеленеді;

ә) тұжырым жасау, ой қорыту, пікір түйю арқылы пайымдалады.

Мұның алғашқысы сөз өнеріне, яғни көркем әдебиетке тән даралық болса, екіншісі ғылымға тән ерекшелік. Демек, Зейнолла Қабдоловтың роман-эссесін сөз өнері мен ғылымның тоғысында жазылған шығарма деп толық айта аламыз.

Роман-эсседе негізгі басты тұлға – рухани ұстаз, халық жазушысы, ғұлама ғалым М.Әуезовтің бейнесі. Романның алғашқы беттерінде әсем қала Алматының күзгі пейзажы, жазушы өмір сүрген кезеңдегі талай жастың аппақ арманы болған Қазақ ұлттық университетінің алып ғимараты, университеттің киелі білім ордасы екенін айшықтап тұрған ұстазы М.Әуезов портретін суреттеуден басталады.

Жазушы М.Әуезовтің университет аудиториясында лекция оқу шеберлігін, шешендігін көрсетіп, лекцияның танымдық табиғатын, эмоциялық мазмұнын, тәлімдік мәнін сипаттай отырып, ұстаз образын жасайды.

Автор М.Әуезовтің ұстаздық еңбегін бірнеше қырынан көрсетеді:

1) университет аудиториясында лекция оқуы;

2) кафедрада оқыту мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің бағыт-бағдарын барлау мен анықтау;

3) талапты, талантты шәкірттерімен аудиториядан тыс жағдайда әңгіме-дүкен құру, пікір алмасу, оларға аңыл-кеңес беру. Ұстаз еңбегінің осы қырларының әрқайсысында өмірлік маңызы мен мәні үлкен тәлім мен тәрбие, білім мен білік, үлгі мен өнеге тағылымы бар.

Сонымен, З.Қабдолов шығармашылығында М.Әуезов бейнесі қалай сомдалған?

«Менің Әуезовім» – әр алуан кейіпкерлердің ғажайып образдарынан тұрады. Кейіпкерлердің барлығының өмірде прототипі бар, елге белгілі азамат-азаматшалар. Әуезовтей дара тұлғаның дана дидарын өскен, өнген ортасымен, яғни замандастарымен бірге сомдайды. Жазушы лирикалық шегіністер арқылы эпизодтардың барлығын өзара іштей байланыстыра отырып, басты кейіпкерінің, яғни Әуезовтің көзімен жіті бақылап, жымдастырып, оқиға желісін шығармасының өн бойында толықтырып отырады. Барлық жанрды теориялық тұрғыда игерген кәсіби жазушы роман-эсседе ғылыми ой-санамен ұштастыра отырып, ғұмырбаяндық сюжеттер, авторлық толғамдар арқылы кеменгер тұлғаның толық бейнесін, бүкіл ғұмырын, қайшылыққа толы тағдырын сырлы сөзбен көркем жеткізеді.

Роман-эссеге назар аударайық:

«Ал енді бар ма, Әуезовтің түр-тұрпаты бұл маңайда атымен жоқ тұлға. Көшеде келе жатқанда да ешкім бұған, бұл ешкімге ұқсамайды. Жалпы дене-тұрқы ғана емес, бет-пішіні де мүлде әдеттегі көзіміз үйренген ортадан бөлек, оқшау. Оқшау болғанда кескін-кейпі ойға, ақылға суарылғандай соншалық нұрлы, тартымды, тіпті иманы бетіне шығып-ақ тұр. Бірақ дәл осы бет алды біртүрлі сұсты, айдынды да айбынды; өзіне тік қарау, көз тоқтату қиын.

Көшеде ерсілі-қарсылы жүріп жатқан адамдар Әуезовке жалт етіп бір қарамай өтпейді. Қараса да ұзақ көз тоқтата алмай дереу ығып, ығысып кете береді. Сесі бәрінен басым.

Қарсы беттен Әуезовті танитын адамдар келе жатса, анадайдан етек-жеңін жиып, бойын тіктеп, аяқ алысын түзеп, мұның тұсынан көбі алақанымен төсін басып, ибамен иіліп өтеді. Ал мынау... көзі бір ағараң етіп, жүзін жылыта бас изейді. Сонымен болды. Сонда қалың ерні оқыс түріле күлімдейді; одан жұмсақ толқынды тоқ бұғақтың шет бүктесін кемеріндей жұмыр, сұлу иегіне нәзік шұғылалы нұр шашырайды; сәл шүйіріле берген езуіне де жарығымен жылуы солғындау жұқалаң сәуле ұялайды. Дәл осы сәтте сен оның мағынаға толы маңғаз кескінін кенет қызықтап, бір сәт именуді ұмыта жалт қарағаныңды білмей қаласың; өйткені оның жер басып жүрген тірі пендеге мырза Құдай тым сараң сыйлайтын осынау пайғамбар пішіндес қияпатты келбеті соншалық тартымды, көзің түгіл көңіліңді ұйытып, бар ықыласыңды біржола тұтқындап әкетеді.» [6,8 б.].

Романның алғашқы парақтарындағы Әуезов портреті. Сөзбен салынған тірі сурет көз алдыңызға келеді. Қабдолов бас кейіпкерінің келбетін пайғамбарға теңейді. Ұлы тұлғаның ерекше болмысы оқырманын бірден баурап алады. Ғажайып бейне жүрек түкпіріңізде қалып қояды. Жазушы бас кейіпкерінің ішкі мінез-құлқын танытуда портреттік суреттеуді шебер пайдаланған. З.Қабдолов көркем портрет арқылы М.Әуезовтің мінезіндегі елеулі белгілерді дәл аңғартады. Шын мәніндегі әдеби портрет кейіпкердің сыртқы сымбаты ғана емес, оның рухани бейнесі болуы тиіс.

Одан әрі қарай «Көрген жерден көзді арбап, көңілді қоса баурап әкететін ғажайып сурет – тағы да айтайын, – Әуезовтің өлшеусіз кең, керіле жарқыраған әжімсіз жазық маңдайы мен жалтыр төбеден тайғанай сусып барып самайға ұйлығып қалған – оң шекеде бір уыс, сол шекеде бір уыс – шөкім-шөкім көкала бұлт тәрізді көк мамық шашы. Сократ-маңдай деген маңдай болады деуші еді, сол осы екен ғой деп сүйсіндім ішімнен, кеудемдегі күллі діріліммен түйсініп...

Не деген аппақ ақ айдын, сызатсыз тап-таза, қылаусыз да шылаусыз жап-жазық маңдай! Бұл заманда көп кездесе бермейтін, мүбәда кездесе қалса да баяғыда ұмыт болған, бүгінде мүлде «модадан шығып» бара жатқан, тек байырғы Көне дүние ойшылдарына ғана тән дана, даңғайыр маңдай!...» [6,14 б.],- деп ерекше шәкірттік сезіммен суреттейді. З.Қабдолов қаламынан туған ғажайып портрет. Ұстаз келбеті.

Кейіпкердің адагершілік келбетін даралауда қолданылатын көркемдік компоненттердің бірі – қаһарманның портреттік мінездемесі. Жоғарыда берілген үзінділерден байқағанымыз портрет арқылы автор бас кейіпкерінің тек сыртқы тұлғасын танытып қана қоймай, оның ішкі жан-сарайын ашады.

Енді бірде қаламгер Әуезовтің ұлтжанды азаматтық бейнесін кейіпкердің өмір сүрген шынайы кезеңімен ала отырып, қоғамдық-саяси көзқарасымен тұтас алады. Мұны романдағы кейіпкер-шәкірт Бекет сөзімен береді: «Ғаламат шешен дейді ғой өзін! Көп біліп, терең ойлағасын ғой, қайтсін. Басын тауға да ұрған, тасқа да соққан көрінеді, сабаз! Соның бәрі – қарақан басының қамы емес, халық қамы... Қайтадан келіп қасыма отырды да, үйдің ішін үрейге толтыра сыбырлай қалды: Мұның ортасы жоқ бізде, бәрі ұсталып кеткен, атылып қалған. Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Досмұхамедов, Жұмабаев, Аймауытов... – бәрі кеткен, бәрі жоқ. Мына сорлы жалғыз! Дыбысын шығара бастады: Мұның да көрмеген азабы мен бейнеті жоқ. Бұл да «халық жауы» боп құри жаздаған. Ұлтшыл деп айыпталған, түрмеде жатқан. Одан отыз екінші жылы «жаздым-жаңылдым» деп ашық хат жазып, әрең құтылған. Құдай қолдап, өлдім-талдым аман қалған ғой, әйтеуір. Не айтатыны бар, қазақтың бағына ғана қалған ғой тек!.. Әйтпесе, «Абай» қайда бізге?!» [6,44 б.].

Бұл жерде суреткер Мұхтар Әуезов өмірінің «тар жол тайғақ кешкен» қиын кезеңдерін авторлық баяндаудан тыс шығарма ішіндегі кейіпкердің сөзі арқылы береді.

Осы тұста әдебиеттанушы-академик З.Қабдоловтың қазақ әдебиетіне «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» деген классикалық дүниелер әкелген Тахауи Ахтановтың шығармашылығы, образ сомдаудағы шеберлігі турасында айтқан ғылыми тұжырымдарына тоқталғанды дұрыс деп есептейміз. «Жазушы творчествосы оның биографиясымен тығыз байланысты. Менің ғұмыр бойы жасап келе жатқаным бір-ақ образ, - деген Валентин Катаев, ол – мен, менің өзім. Бұл жаңалық емес: Фловер «Бовари - мен» десе, Толстой «Наташа Ростова – менің өзім» деген. Сондай-ақ Тахауи туғызған «Үлкен үшеудің» үшіншісі – «Шырағың сөнбесін» болса, Мұндағы Назира –Тахауи.» [4,245 б.]. Осы пікірді З.Қабдоловтың өзіне қолдансақ, «Менің Әуезовімдегі» Әуезов – Қабдоловтың өзі сияқты болып көрінеді.

Мәселен, «Міне, профессор Әуезов. Аудитория есігінен күлімдей кіріп, қолтығындағы шәкірт көздеріне қанық және ыстық Абай томдарын, Абай туралы өз кітабын стол үстіне қойып, орындарымыздан дүр сілкіне тұрған біздерге жадырай қарап, аз аялдады. Орнына отырған жоқ. Қайта біздерге «отырыңдар» дегендей байыппен бас изеп, ишарат етті. Біз дүбірлеп отырып жаттық.» [6,63 б.], - деп жазылған жолдардағы Әуезов бейнесі көз алдымызға лекция оқып тұрған Қабдоловты елестетеді. Бір сәт Зейнолла Қабдоловша ойланып, толғансақ, әдебиеттегі Абай – ол шынайы өмірдегі Мұхтар, ал сөз өнеріндегі Мұхтар - ол шешен сөзбен зерделеген Зейнолланың өзі.

Осы орайда «Менің Әуезовім» романы туралы белгілі ақын Мұзафар Әлімбаевтың жазған пікіріне тоқталсақ: «Ұлы Далада даналық дәрісі бір сәтке де үзіліп көрмеген, үзілмейді де! Оған – «Менің Әуезовім» мықты дәлел. Мұхтар арқылы кемеңгер Абайдың даналық дәрісі Зейнолла шәкірті арқылы ұлы ұстаз Мұхтар дәрісі желі тартып, оқырманды ұйытады, жүрегін желпіндіреді, жанын ғазиздендіреді.» [7,121 б.].

Шынында да, Абай жолын оқыған сайын Абай туралы тың дүниеге қалай кезіксең, «Менің Әуезовімді қайталап оқыған сайын Әуезов әлемінің тұңғиығына бойлай бересің. Ал Зейнолла Қабдолов туралы жазылған ғалымдардың ғылыми мақалаларын, жазушылардың естеліктерін оқыған сайын Қабдоловтың жаңа бір әлеміне кезігесің. Ұлтымыздың жаңа ғасырдағы ұстазына айналған кемеңгер тұлға – Зейнолла Қабдолов туралы болашақта роман жазыларына сенеміз және ол Қабдолов дәрісін тыңдай алмаған болашақ ұлт зиялыларын тәрбиелейтін болады.

З. Қабдоловтың шығармаларында ұлы жазушы Мұхтар Әуезов тек өз ұлтын ғана емес, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым», - деп Абай айтқандай бауырлас қырғыз, өзбек, әзірбайжан, т.б. түбі бір түркі жұртымен қоса өзге құрлық Африкадағы аз ұлттардың да әдебиеті мен мәдениетіне жанашырлық танытқан болмысы бөлек гуманист тұлға ретінде сипатталады.

Аяқталмай қалған «Менің Әуезовімнің» екінші кітабында Ташкент сапарында ұлы жазушының әлемнің түкпір-түкпірінен келген жазушылардың құрметтеуі, ерекше сыйластық танытуын баяндай отырып, кемеңгер тұлғаның өзіне айтылған мақтауларға сабырлы қарап, байыппен керісінше басқа елдердің әдебиеті мен мәдениетінің дамуындағы осал тұстарға назар аударады. Мәселен, Камерун жазушысы Бенжамин Матиппен кездесуі. Бенжамин Матиптің бодандықта өмір сүріп жатқан өз халқының зарын Мұхтарға айтуы, бар болмысы адамгершіліктің асыл қасиетімен суарылған ұлы жазушы Мұхтардың ауыр күрсінісінен туған ойды З.Қабдолов былайша береді: «Дүниедегі ең үлкен қасірет – бодандық қой. Бодандық құрымай, бостандық болмай, халық та өмір де өнер де болмайды» [8,36 б.].

Роман-эсседегі автордың басты ұстанған мақсаты ұстазы – М.Әуезовтің рухани-адамгершілік ішкі болмысын жан-жақты ашу. Психологиялық портреттер арқылы ұлы тұлғаның қайшылыққа толы өмір жолындағы туған еліне, жеріне, әдебиетіне, тіліне деген шексіз махаббатын суреттейді.

Жоғарыда сөз еткеніміздей, авторлық баяндаудан тыс шығарма ішіндегі кейіпкердің сөзі, яғни Камерун жазушысы Бенжамин Матиптің аузына былай деп сөз салады:

«Мен «Абай» романының аудармасын бас алмастан оқып шықтым. Не деген ғажап дүние! Мен бұл кітап арқылы жарық дүниеде қазақ деген халық барын, оның өзі Ұлы халық екенін, қазақтың ұланғайыр даласының ауасы қандай тап-таза, сол даланың ойы мен қырын еркін жайлаған адамдары қандай ақылды, жастары қандай сұлу екенін таныдым. Таныдым да осынау ғажайып елді көргім келді. Әлемге өз ұлтының ұлылығын танытқан Әуезовті құшақтап сүйгім келді.» [8,32 б.]. Әлем таныған Әуезовтің шынайы бейнесін осылай кейіпкер тілімен тамылжыта суреттейді.

Сонымен қатар Әуезов бейнесін қазақтың классик жазушылары Сабит Мұқановпен, Ғабит Мүсіреповпен бірге салыстыра суреттейді. Сол арқылы дананың дара дидарын тағы да бір рет ершелендіре түседі.

Шығармада берілген қаһарманның портреттік мінездемесінен төмендегідей ерекшеліктерді аңғарамыз:

- 1) кейіпкердің портреттік мінездемесін екінші кейіпкер көзімен, түйсігімен беру;
- 2) кейіпкердің әр түрлі жағдайлардағы кескін-келбетіндегі өзгерістерді динамикалық сипатта беру;
- 3) қаһарманның бет-жүзіндегі ерекше бір белгіні қайталап отыру;
- 4) қаһарманның сыртқы тұлғасындағы айрықша бір белгіні дәл көрсетіп, оның мінезіндегі ерекше қасиетті айқындап отыру.

Романның екінші кітабы ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыстан гөрі аға - дос бауырластыққа ұласқан өзгеше ой-толғаулар, ұлт - халық тағдыры, оның тілі мен әдебиетінің болашағы жөніндегі сырласулардан тұрады.

Мұхтар Әуезовтің қуғын-сүргіннен азат өмірінің сәулелі шақтарында да, болдым-толдым демей туған халқының болашағы үшін алаңдаулы кейпі баяндалады. Әдебиет, талант, дарынды қаламгер туралы «даулы, даусыз ойларды» ортаға салып жүрген Ыстықкөл жағасындағы Мұхтар Әуезовтің іні-досына қойған қиын сұрағы, яғни «Мұхтардың өз міні». Шығарма осы Мұхтар Әуезовтің мінімен аяқталады, алайда ол жұмбақ күйінде қос қаламгердің өздерімен бірге кетеді.

З. Қабдолов «Менің Әуезовім» роман-эссесінде М. Әуезов образы арқылы халықтың ақыл-ойының, абыройының, ар-ожданының шынайы бейнесін сомдады деп санаймыз.

Шағын мақалада академик-жазушының саналы ғұмырын арнаған ұлы жазушы Мұхтар Әуезов туралы, оның әсемдік әлемі, көркем бейнесі жөнінде толық айтып шығу әрине мүмкін емес. З. Қабдолов шығармашылығындағы М. Әуезов бейнесі арнайы терең зерттеуді қажет ететін тың тақырып.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ахметов З. Дарындылық пен парасаттылық // Зейнолла Қабдолов: Өнегелі өмір / ред.басқ.Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 136-143 бб.
- 2.Қирабаев С. Біздің Зекең // Бүтін бітім. Естеліктер, эсселер және шығармашылық портреттер / Құраст. Омарұлы Б., Шәріп А., Тоқтағазин М. – Астана: «Фолиант», 2012. – 21-29 бб.
- 3.Құл-Мұхаммед М. Шебер // Бүтін бітім. Естеліктер, эсселер және шығармашылық портреттер / Құраст. Омарұлы Б., Шәріп А., Тоқтағазин М. – Астана: «Фолиант», 2012. – 4-20 бб.
- 4.Қабдолов З. Арна. Зерттеу – сын – эссе / З. Қабдолов – Алматы: «Жазушы», 1988. – 256 б.
- 5.Қабдол З. Әуезов. / З. Қабдол – Алматы: «Санат», 1997. – 352 б.
- 6.Қабдолов З. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т.VI. – 320 б.
- 7.Әлімбай М. Даналық дәрісі үзілмейді// Зейнолла Қабдолов: Өнегелі өмір / ред.басқ.Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 121-127 бб.
- 8.Қабдолов З. Дана дидар. Ормандар, жолжазбалар, аудармалар. / З. Қабдолов – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 384 б.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Ақмарал Отарова

*филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы КТИУ
қауымдастырылған профессоры*

Ажар Қабдешова

*Ш. Есенов атындағы КТИУ МНКЯЛ-22 тобы магистранты
Ақтау қ., Қазақстан*

Андатпа: «Көркем шығармадағы өмір шындығы» атты ғылыми мақалада өлкемізден шыққан жазушы М. Әбдіхалықов шығармаларындағы замандас бейнесі мен өмір шындығының арасындағы терең сабақтастық сыры қарастырылып, осы бағыттағы суреткер стиліне тән ерекшеліктер екішеліп көрсетілген. Мұнайшылар өмірі туралы жазылған туындыларының өз кезеңі үшін де, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда да уақыт ағымына жауап беретін тақырыпта жазылғандығы белгілі. Аймақтағы өндірісте қол жеткен табыстар мен орын алған олқылықтарды нақты тұлғалар арқылы бейнелеп, көркемдік жолмен жинақтаулары кең тұрғыда қарастырылды. Шығармаларында дәуір адамдарының бейнесін сомдауда кейіпкер психологиясын ашатын монолог, диалог, портрет, пейзаж сынды көркемдеу құралдарының қолданысы жан жақты көрініс тапқан.

Түйін сөздер: тақырып, проза, көркемдік ерекшелік, стиль, өндіріс тақырыбы, мұнайшылар өмірі, мұнай, газ кендері, заман шындығы, дүниетаным мәселесі, эстетикалық көзқарас, өмірлік ұстаным.

Қазақ әдебиетінде жұмысшы тақырыбының ішінде мұнайшылар мен мұнай өндірісі тақырыбы беріде пайда болды. Қазақтардың өнеркәсіп саласында еркін игерген, еншілеген ешкімді де ортақтастырмаған бірыңғай бірегей мамандығы – мұнайшылық. Бір кезде “Маңғыстау аймақтық кешенін игеру” дейтін науқан заманында осы кәсіптен айырылып қалу қаупі де туды. Ресейден, Татария, Кап тауынан вахталық әдіспен сол кездегі партия, үкіметтің қаулы-қарарларына сәйкес жұмысшы күштері қаптап кетті. Міне, сол кезде З. Қабдолов, І. Есенберлиннің мұнай жайындағы шығармалары Қазақстандағы бұл кәсіптің иесі – жергілікті халық – қазақтар екендігіне көпті сендірген құжаттардай болды дей аламыз.

“70-80 жылдардың кезеңінде қоғамдық-әлеуметтік өмірде алдыңғы қатарға шыққан, қоғамдық дамудың іргелі саласына айналған өзгеріс, жаңалықтар ғылым мен техника, өндіріс саласында көбірек көрінді. Ғылыми-техникалық, өндірістік өмірді суреттеуде, осы салада еңбек етіп, тіршілік кешіп жатқан адамдар тағдырын бейнелеуде қазақ прозасы атап өтерліктей табыстарға қол жеткізді. Өндіріс, ғылым мен техника жаңалықтары, осы жаңалықтарды өмірге әкеліп, сол үшін күрес, тартыстарға баратын кейіпкерлер қазақ әдебиетінен өз орнын тапты”. [1, 229 б.].

М.Әбдіхалықовтың “Қара тасқын”, “Алыстағы Маңғыстауда”, “Жердің асты жеті қат” шығармаларымен сарындас қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларға да тоқтала кетейік. Бұл туындылардың да негізгі арқауы – жұмысшы өмірі, өндіріс тақырыбы.

“Жазушы атаулының барлығына ортақ бір жай бар. Ол творчестволық ізденістер мен толғаныстарға бару. Бұл процесс әркімде әрқалай өтеді. Нағыз талант иесі өз керегін өмірден тандап алады да, құлашын кеңге сермейді” [2, 17 б.], – деген М. Хасенов тұжырымына сүйенсек, әдебиетке әрбір суреткер өзіне тән тағдырымен келеді. Қаламгер “Жұлдыз” журналының Қаратауда өткен “Бүгінгі күннің басты тақырыбы” дөңгелек үстелінде бұл тақырыпқа келуінің мақсат-міндеттерін “Мен өзім Маңғыстауда туып-өскен адаммын. Маңғыстауда қазба байлық бар екені революциядан бұрын белгілі болса да, ол кезде бірде-бір өнеркәсіп орны болған жоқ. 1961 мұнай табылып, содан кейін Маңғыстау даласының беті

күрт өзгерді. Қою қызыл шай ішсе шырайланып, қыртыс-қыртыс әжімдері жазылып өзгере жөнелетін кәрі әжелеріміздің жүзіндей Маңғыстау даласында Шевченко (Ақтау), Өзен сияқты қалалар, көптеген жұмысшы поселкелер салынды... Кешегі қаһарлы соғыс жылдарында өзіммен бірге тезек терген, шөп шапқан қатар құрбыларым оқып-жетіліп, Маңғыстауда ашылған өндіріс орындарының басшыларына дейін көтерілді... Бір сөзбен айтқанда, туған жер де, жермен бірге ел де өзгеріп, шыға келді. Ал, жазушымын деген адамды туған жердің тағдыры, замандастардың, халқының тағдыры қызықтырмаса, одан артық не қызықтыруы мүмкін. Атақты театр режиссері К.С. Станиславскийдің “Өнердегі өзінді сүйме, өзіндегі өнерді сүй” деген пікірі бар. Бұл – екінші сөзбен айтқанда бойындағы қабілетті құрметтеп, соны туған халқыңның игілігіне жұмса деген сөз”, –деп өзінің туған жер, ел, халық алдындағы перзенттік қаламгерлік борышынан санайды.

Жазушы бұл мақсат-мүддеден шығу жолында өзі өмір сүрген кезеңді, уақытты бар ынта-ықыласымен ұғынып, түсініп, уақыт тынысына үнемі ілесіп отырады. М.Әбдіхалықовтың мұнайшылар, мұнай өндірісі туралы әңгіме, повесть, романдарының бір-бірімен логикалық байланысы бар туындылар. Сюжетті жазушының шығармасындағы негізгі ойдан, ең басты идеялық - эстетикалық концепциясынан бөле - жара қарауға болмайтыны қаламгердің көлемді прозаларынан да айқын көрінеді. “Алыстағы Маңғыстауда” (1971) , “Қара тасқын” (1975) , “Жердің асты жеті қат”(1978) повесть, романдарына түбекте мұнай өндірісі ашылғаннан бері жазушы жанын тербеп, көңілін маздаған өзекті ойлар ең мықты тірек болғаны байқалады. Алпысыншы-жетпісінші жылдары Маңғыстаудағы жаңа мұнай, газ кендерін ашу науқаны Қазақстанның бұрынғы одақ көлеміндегі үлесін бірнеше есеге арттырды. Жетібай, Жаңаөзен сияқты алғашқы мұнай-газ өндіру басқармалары құрыла бастады. Осыған байланысты қазақ мұнайшы табының және оның алдыңғы қатарлы инженер, геолог, барлаушы мамандарының да кәсіптік деңгейлері жоғарылап, биіктей түсті. Мұнайдың барша республика, сол кездегі одақ көлеміндегі маңызы арта түсті, еңбек ерлері, ел азаматтарының тұлғасы дараланды.

Автордың 1971 жылы жарық көрген “Алыстағы Маңғыстауда” [3] атты повесі – түбектің мұнай барлаушылары хақында жазылған алғашқы көркем шығарма. М. Әбдіхалықов повестің жүйесі етіп сол кездегі уақыт алға тартып отырған өндірістік тақырыпты алады да тақырыпты ашарда өндірістің жағдайына дендеп кетпей, қаһарманның рухани әлеміне шынайы әлеуметтік-психологиялық зерттеулер жүргізуге талпыныс жасайды.

Повесть оқиғасы ауыл қарттары Қарасай мен Балбөпе кемпірдің жалғыз ұлдары Сұлтанбектің мектеп бітіргесін жоғарғы оқу орнына түсе алмай қалып, ауыл маңайында мұнай барлаушылар экспедициясына жұмысқа жүріп кетуімен сабақтасып өріледі.

Повесть жөнінде сыншы Т. Тоқбергенов былайша пайымдайды: “Повесте дәстүрлі тартыс, жағымсыз кейіпкер деген кездеспейді. Бұл шағын повестің ондағы төрт кейіпкердің де басты ерекшелігі олардың ешқайсысын да бірыңғай жағымды не жағымсыз кейіпкер деп айқындап ажыратып айта алмайсыз.

Бүгінгі күннің талабымен қарасақ, төртеуінде де кемшілік бар, бірақ адамгершілік тұрғысынан төртеуіне де мін таға алмайсың. Өмірдің өзіндей нанымды шыншыл кейіпкерлер. Психологиялық жағынан иланымды. Өз кейіпкерлеріне бұлайша сендіре білу – жазушы үшін басты шарт” [49]. Повесть кейіпкерлері – мұнай бұрғышысы Сұлтанбектің, инженер Мұрат, бұрғылау мастері Жұмабай, дәрігер қыз Құралайдың, тіршілігінің негізгі көзі – мал шаруашылығын сақтап қалғысы келіп жүрген Қарасай қарттың, жанұя ынтымағының ұйтқысы Балбөпе кемпір, Қазынаш келіннің ішкі жан -дүниелері, сезім толқыныстары, адамгершілік, мінез-құлықтары барлығы өмірдің өзіндей шынайылықпен бейнеленген. Бір-бірімен сабақтасып, араласатын іс-әрекеттер, мінез-құлық көріністері тұтаса келе өмір көрінісін ашып көрсетеді. Жазушы шығармада өндіріс мәселелерінен гөрі, өндірісте еңбек етіп жатқан инженер, бұрғышылар, мастерлер, қарапайым еңбек адамдарының өмірлік, тұрмыстық жағдайларына көбірек ден қояды. Повесть кейіпкерлерінің құлқынан замана мінезі айқын аңғарылады.

Повестің бас кейіпкері – Сұлтанбек. Ол қатардағы мұнай бұрғышысынан бұрғылау мастеріне дейін көтерілген ауыл баласы. Оның еңбек жолы да бірден оңайлықпен қалыптасты дей алмаймыз. Мектепті бітіріп, жоғары оқу орынына түсе алмағанына әкесі Қарасай қаншалықты назырқап, ренжігенімен жас жігіт ауылда әкесінің қасында малын бағуға көмектескеннен гөрі өмірдегі өз орнын табуға талпыныс жасайды. Сұлтанбек бейнесінің ұнамдылық қырының бірі де осында. Ол ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін жан аяр, еңбектен, қиыншылықтан қашатын жас емес. Нендей қиындық кездесе де мойымайтын, мұқалмайтын қайсарлық қасиет те бар бойында. Жаңалыққа жаны құмар Сұлтанбек сыныптас жолдасы Қарабастың бұрғышы болып жасайтындығын естіп, тұрмыс-тірліктеріне деген қызығушылығы оянады. Алғаш қыр-сырын білмейтін бұрғышылық кәсіпке кіріскенде, ауыл ақсақалдары өздеріне беймәлім мұнайшылық кәсіп туралы түрлі сұрақтар қояды. Сұлтанбек мамандықты игеру үшін оқудың қажеттілігін, бұл салада білімінің тайыздығын түсінеді.

“Сұлтанбек қысылып қалды... Неге анау Асқарлардан сұрап алмадым екен? Олар ғой институтта оқыған. Бәрін біледі. Егер осы жерде бәрін талдап, дәлелдеп айтып берсем, шалдар тегіс ден қояр еді. Әкем де баласынбас еді” [3, 42 б.], – деген Сұлтанбек монологынан келешекте оқу-білімге ұмтылатын, Мұрат, Асқар сияқты оқыған жігіттерді үлгі тұтатын, жақсылыққа, жаңалыққа жаны құмар арманшыл жасты танимыз. Жұмысшы санасын, іштей өсіп, өзгеруін көркем тілмен, бейнелі сөзбен суреттеу көп еңбекті, ізденісті тілейді. Сұлтанбек сияқты ауылда өскен жігіттердің жанұяларымен қажетті уақытта ауылдан өндірісті орындарға бет бұруы автордың қалауымен болып отырған жоқ. Бұл – өмір шындығы. Сонау алпысыншы жылдар түбек тарихындағы өзгерістер шындығынан туындап отыр. Замана көшімен, тұрмыс жетегімен мұнайшылар поселкесіне бет түзеген ауыл адамдарының тағдыры мейлінше шындыққа жанасымды. Повестегі басқа кейіпкерлер осы Сұлтанбекпен қарым-қатынас арқылы ашылады.

Әдебиетші-ғалым А. Нұрқатов: “Кейіпкер образында өзіндік сипат, даралық қасиет неғұрлым мол, айқын болса, ол халықтың қасиетін, мінезін де соғұрлым терең әрі жарқын бейнелемек” [4, 160б.], – дегендей мұнайшылар өмірінің әлеуметтік әлпетін, өмірдегі мінез-сипатын, көркем шығармасында терең де жан-жақты суреттеуді туынды авторы басты борышынан санаған. Сұлтанбектің еңбектегі бейнесі толық көрінбегенмен, жас жігіттің жұмысқа, еңбекке деген ынтасы, жауапкершілігі, оның кіршіксіз жан-дүниесінен, ата-анасына перзенттік сүйіспеншілігінен, көңілі қалаған сүйкімді қыз Құралайды, жары Қазынашты түсінген кеңпейіл көңілі, жомарт жүрегінен, азаматтық болмыс-бітімінен көрінеді. Сұлтанбектің көздеген мақсатына жету жолында барлау жұмыстарына ден қойып, күн-түн демей дала кезіп, басшылардың айтқанын екі етпей барлаушылық іске шын ынтасымен қызыға қарауы оқушыны өзіне тартып отырады. Мұнай барлаушыларға еріп кетіп, бұрғышы болып жұмысқа орналасқаннан кейін кезекшілік кезінде айдалада боранда қалып қойғанда да, жұмыс бабында әкесінің оның жұмыс тәртібін түсінбей бастықтарының алдында ыңғайсыз күйде қалдырғанда, жеке жанұялық жағдайында түсінбеушіліктер кездескенде де ешқандай босандық, бойкүйездік танытпауға тырысады. Өзінің көңілі қалаған кәсіпті барынша адал атқаруды, ұжымда сыйлы, ыждағатты болуды ойлайды.

Сұлтанбектің бойындағы жақсы қасиеттерінің бірі – ол төңірегіндегі адамдардың қай-қайсымен де біркелкі жақсы қарым-қатынас жасай білуі. Жұмысқа орналасқан кезде-ақ бұрғылау мастері Жұмабайды, жаңа бастығы Мұратты ағасындай сыйласа, шофер Василиймен де достасып кетеді. Сыныптасы Қарабастың да іштар, өзімшілдік мінезін көре тұра бұрынғыша жолдастық қатынаста жүре береді. Ауыз судың өзі тапшы бұл аймақта мал суару мүмкіндігі тіптен қиынға түседі. Ауылдан қарт ата-анасын, келіншегін поселокқа көшіріп әкелгеннен кейін шаруашылық жайының, баспананың болмауы Сұлтанбектің бір басына түседі. Шындығында, бұл сол кездің өмірінің шындығы, ауылдан жаңа кәсіпті игеруге, маман болып шығамын деп келген бір Сұлтанбек емес, басқалардың да басынан кешкен жайлар еді.

Көркем әдебиет адам тұлғасынсыз жасалмайтынын ескерсек, қандай да бір өмір құбылыстарының адамдарға әсер ететін ықпалы тұрмысына ғана емес, оның дүниетанымы мен характеріне де қатысы мейліше ескерілуі тиіс. Суреткер қарапайым жандардың өмірін үлгі ете отырып, олардың ішкі жан дүниесін, адамдардың болмыстарын қазіргі шындықтарға сәйкес бейімдеуде жаңашыл ізденістерін байқатады. Мұнда бір әулеттің, оның ішінде әкелі-балалы Қарасай мен Сұлтанбектің өмірін суреттеп, сол кезеңнің қоғамдық-этикалық проблемаларын да қозғайды. Адам қоғамда өмір сүргеннен кейін айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасамай тұра алмайды. Отбасындағы жақын адамдардың бір-біріне деген жүрек жылуы, қамқорлығы, ата-ана мен баланың арасындағы қарыз бен парыздық міндеттері болуы – өмір заңы. Жасынан қайратты, өжет ақсақал жасы ұлғайса да сол қарымынан қайта қоймаған сыңайлы. Қарасай қарттың түсінігіндегі жоғары оқу орнын бітірген адам ғана уақыт талабына сай дұрыс азамат деп ұғынуы кеңес үкіметінің жаппай сауатсыздықты бұғаулау дәуреніндегі толық адам болам десең, жоғары оқу орнында білім алуың керек дейтін түсінікпен жүргендігінен деп білеміз. Баласының оқуға түсе алмағанына көпке дейін тоңтеріс мінез көрсетіп жүргендігімен, кемпірінің денсаулығының болмай, үлкейгендігі себепті жалғыз баласы Сұлтанбекті өзі қалаған жермен құдаласып Қазынашты алып беріп, ұлына өзінің дегенін жасатады.

Повестің композициялық құрылымында жазушы Маңғыстау түбегінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды суреттейді. Бұрын көшпелі тұрмыс кешкен адамдар қыр асып малына жайлы қоныс, су көздері – шыңырау құдық, бұлақ суларын пайдаланып тіршілігін көріп жүре беретін еді. Енді сол даланы игеру, бұрғылау жұмыстары басталғанда жұрт өндіріске қарай ойыса бастады. Жаңа жұмысшы поселкелерін салу, оған құрылыс материалдарын жеткізу, тасу да оңай болған жоқ.

Маңғыстауда мұнай байлығының игерілуі, техниканың өркендеуі, құрылыстардың салынуы бұрын малдың жайылымы, өрісі болған жерлерді тарылта бастады. Табиғаттың бермесін тартып аламыз, молынан қарпып қаламыз деген тойымсыздық түбінің, жер-анаға, қоршаған ортаға жауапкершіліксіз қараудың салдары экологиялық зардаптарға әкелетінін автор Қарасай қарттың іс-әрекеті, монологтары арқылы көрсетіп отырады. Қарасайдың ішкі қарама-қайшылықтарын бейнелеуде ұлттық ерекшеліктерді көрсетуге де ден қояды. Осы орайда, академик З. Қабдолов: “Адамның әлдебір күйініш-сүйініші немесе кескін-кейпін, қимыл-әрекетін суреттеу... Осылардың бәрі сайып келгенде, әдебиеттегі адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу үшін керек” [5, 116б.], – деген болатын.

“Қарасай әйкел үстіне шығып малы суға жаңа бас қоя бергенде құдыққа тақап үлкен машина келді. Қапталына шығарып қойған ұзын тұрбасынан қою қара түтін будақтап атады. Ішіне жұққан нәрсесін қорыта алмай қақалып, кейбір бөлігін қайта құсып, жол бойын бүлдіріп келеді. Машинадан төгіліп жатқан қара майды көріп жиреніп тұрған Қарасай: “шөптің басын бүлдіреді-ау. Жолсызбен жүргенше, анау жолмен, болмаса құдықтан аулағырақ өтсе қайтер екен. Мал жиренеді, соны неге ойламайды ойпыр-ау!” деген-ді іштей” [3, 78б.]. Повестегі екі ұрпақ өкілі – әке мен баланың қоғамдағы өзгеріс, жаңалықтарға әр түрлі қарауы сол кезеңнің шындығы. Туып- өскен жерге өндіріс орындарының ашылып, жаңа өмірге, кәсіпке араласып, қалыптаса бастаған Сұлтанбектің түсінігіне қарсы, ауыл өмірі, жер тағдыры, мал өсіру кәсібін дамыту – оның әкесі Қарасай мақсатымен байланыстырыла суреттеледі. Мал суарып жүрген құдық маңайына тас түсіріліп құрылыс ісінің басталуы, машина даусынан үріккен малдар, мал жайылымының бүлініп, әрі-бері жөнкілген техникалар үні ақсақалдың “тыныш өмірін бұзғандай” болады. “Поселкені, үйін ойлағанда көз алдына манағы гүжілдеген машина үндері, шақырлаған темір, дүрсілдеген тастың дыбыстары келіп, олай беттегісі келмеді” [3, 79б.]. “Жазушы адам мен қоғам, адам мен орта қатынасын әрдайым басты назарда ұстайды. Әрқилы тағдыр иелері өздерінің арман-мұңымен, қасірет-қайғысымен, қуаныш-ренішімен бой көрсетіп жатады. Осы қатынастардағы қарапайым жандардың қоңыр тіршілігінің өзінен заман шындығын, уақыт бедерін танып, таразылау қаламгерлік мақсатқа толық бағындырылған” [6, 207б.], – деген ғалым Қ. Әбдесұлының пікірін М. Әбдіхалықов шығармашылығына да қатысты айтуға

болады. Әдебиет пен өнердің басты міндеті – адам мен оның өмірі, сезімі туралы шындықты айту. “Алыстағы Маңғыстауда” повесінде Маршал да өз кейіпкерінің жаны мен сырын үңіліп, сол арқылы шындықты ашу үшін еңбектенген.

Сұлтанбектің анасы мен жары ешкімді ренжіткісі келмейтін, адамның көңілін қалдырмасам екен деген биязы қылығымен оқырманның есінде қалады.

Балбөпе – бір үйлі жанды отбасының берекесі, ұйтқысы болып отырған салмақты бәйбіше, ақылды ана, тәлімі мол ене. Шапшаң мінезді шалы Қарасайға басу айтып, әкелі-балалы жандардың арасына дәнекер болып жүреді. Ара-тұра заманның ағымына сәйкес, жұмыс бабына байланысты мәселелерде өздерін түсінбей қалатын сәттерінде баласына: “Қайдан білейін, қарағым. Біз үлкен адамдармыз, не түсінеміз. Тоқты қойдың жасындай азғана өмірімізді ұрыс-керіссіз, абыроймен өткізсек дейміз. Өкең байғұс та қас болсын деп жүр дейсің бе, оның да білгені-дағы” [3, 916.], – деп біріне-бірі түсіністікпен қарағанын қалайды.

Ауырса да ешкімге сездірмеуімен көнбістік танытқан Балбөпенің кенеттен қайтыс болғанын естігенде ұлының жан-күйзелісін қаламгер монолог арқылы көрсетеді. “Өлгені ме? Енді көрмеймін бе? Көрмеймін бе? деп іштей сан рет қайталап шықты. Мүмкін өлмеген болар. Өлім сияқты ұзақ ұйқыға кететін аурулар да болады дейді ғой” деп те ойлады. “Қатаң болғасын жіберген де шығар...” [3, 986.], – деп анасының о дүниелік болғанына көзі жетпей көңілі сенбеген Сұлтанбек шығарып бара жатқанда не болғанын білмей, табытты көтерген адамдарға жабыса береді. Ешқашан да ұрыспайтын, ұнатпаған нәрсесін қабағымен ғана білдіретін сабырлы анасының орны ол үшін ешуақытта толмайтынын біледі. Сұлтанбек бейнесін суреттеуде жұмыс бабында, жаңа өндіріске байланысты көрсетіп ғана қоймай, көбінесе жеке басын, жанұядағы адамгершілік-моральдық қасиеттерін де ашуға ұмтылады. Бұл жағдайлар повесте Сұлтанбек пен Қазынаш, дәрігер қыз Құралай арасындағы ситуациялар төңірегінде айқындала түседі.

Қазынаш – Сұлтанбекке әкесінің айттырып алып берген қалыңдығы. Қазынаш оқымаған демесе, өзінің қатары, үй шаруасына епті, ата-енесінің, күйеуінің қас-қабағына қараған, ибалы, әдепті келін, адал жар болып шығады. Өн айтатын да таланты барлығын байқап, үйірмеге бірге барып жүреді. Көңілі Құралайға құлаған Сұлтанбек “өзін сүйіп алған жоқпын ғой” деген оймен келіншегіне тіпті мән беріп қарамаған екен. Ата-енесін қатты сыйлайтын Қазынаш Сұлтанбек ауылдан кетіп қалса да, қарттарды тастай алмай үнемі солардың қастарынан табылады.

Қазынаш бейнесі арқылы жарына адал берілген, халықтық қасиеттің негізі ұлттық ерекшеліктерді сақтай білген қазақтың келіндерінің рухани жан дүниесін, жарқын болмысын көрсетеді.

Автор Қазынаш характерін жасауда оның әрекет қылықтарын қарапайым түрде бейнелейді. Сұлтанбектің алғаш рет сезімін селт еткізген сүйкімді де қылықты қыз Құралай екеуі бірін-бірі іштей ұнатқанымен жігіт өзін “қарабайыр, оқымағанмын” деп оқыған, мәдениетті қызға өзін тең көрмей сезімін білдіре алмайды. Көркем әдебиет туындыларын қаншама тақырыптарға бөліп тастасақ та, әдебиеттің негізінен қарастыратын тақырыбы біреу екендігі аян. Ол – адам тақырыбы. Автор мейлі мұнайшыны, мейлі геологты, мейлі шопанды алсын ең негізгі нысаны – адам, оның тағдыры.

Повесте қоғамдық қайшылықтар, өндірістік мәселелерге байланысты туындайтын қақтығыс болмағанымен, кейіпкер характерін ашатын тартыс бар дей аламыз. Бас кейіпкердің адамгершілік сипаттарын айқындау мақсаты ретінде шығармадағы ұнамсыздық қасиеттерімен көрінетін кейіпкер – Қарабас бейнесі. Сұлтанбек оны құдық басында көргенде “Қастарыңда жұмыс бар ма?” дегенде-ақ “Мамандығың жоқ қой, мен бұрыннан бері жасаймын” деп шындықты айтпауынан оның іштарлығы, өзімшілдігі байқалады. Кейін Сұлтанбек өзі жұмысқа орналасқаннан кейін де орнына кезекшілікке тұрған қиындық кезде көмектескен Сұлтанбекке жақсылықпен қарымта қайтармақ түгілі Жұмабайдың үйіне ауырып келгенін де қызғанады. Онысы– Жұмабайдың қызы Құралаймен араларында

жақындық байланыс орнайды ма деген күдік. Қарабастың бейнесі оның характері, іс-әрекеті, ой толғанысымен ерекшелене түседі.

Жазушы Маңғыстау түбегінде көппен бірге қоңырқай тіршілік кешіп отырған бір ауылдың тірлігіндегі өндірістің келуімен байланысты болып жатқан өзгерістерді, сондағы қарапайым да жаны жайсаң жандардың, яғни еңбектің, елдің қадірін білетін, бағалайтын ауыл адамдарының мінез-құлқын, ішкі жан-дүниесін суреттеуге де көп орын береді. Ауылда туып-өскен жас жігіттің жұмысшы мамандығын меңгергендігі, өмір жолдары, мамандығына сәйкес білім алуы, сөйтіп мастерлікке дейін көтерілуі тағы басқа оқиғалар повесте тартымды баяндалады. Бас кейіпкердің күнгейі мен көлеңкесі қатар түсіп жатқан өмір кезеңдері, яғни есею, өсу, шындалу жолы немесе күйзелу, қиналу сәттері бірте-бірте күрделене береді. Ең бастысы алпысыншы-жетпісінші жылдардағы Маңғыстау өңіріндегі өндірістің дамуы сол дәуір, кезең ерекшеліктерімен терең астасады, сабақтасады.

Еңбек жолы алпысыншы жылдары басталған азаматтардың біразы кен барлаушылық, мұнайшылық кәсіпке түбегейлі бет бұруында жазушының аталмыш шығармасының әсері болғандығын мақтанышпен естеріне алады.

Түйіндей айтқанда, қаламгердің Маңғыстау мұнай тыңының көзін тауып, оны игеру туралы шығармалары уақыт жағынан алып қарағанда өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарындағы геолог барлаушылар, мұнай кенінің өнімін ел игілігіне айналдырып жатқан мұнайшылардың еңбектерін шынайы тұрғыда көркем кестелеген бүгінгі таңда да өлке өткенін айғақтайтын құнды тарихи маңызға ие шығармалар екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдәзұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 300 б.
2. Хасенов М. Ғ. Мұстафиннің шеберлігі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 136 б.
3. Әбдіхалықов М. Алыстағы Маңғыстауда. – Алматы: Жазушы, 1971. – 112 б.
4. Тоқбергенов Т. Қарымды қаламгер // Жұлдыз. – 1986. – №7. – 186-189 бб.
5. Нұрқатов А. Идея және образ.- Алматы: ҚМКӘБ, 1962. -324 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 2 т. – 456 б.
7. Әбдәзұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 70-80 жылдар прозасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 270 б.

ӘОЖ: 070.455

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢДЕРІ

Қылышбай Сүндетұлы

тарих ғылымдарының кандидаты

«Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы»

ҚБ-нің төрағасы

kylyshbay56@mail.ru

Д.А.Абуова

№31 мектеп-гимназиясының бастауыш

сыныбы мұғалімі

Аңдатпа: Бұл мақалада академик З. Қабдоловтың алғашқы өлеңдері Ұлы Отан соғысы жылдарында жарияланғаны анықталады. Мұнайшылардың қажырлы еңбегі де жас ақынның айтыс өнеріндегі жырғына арқау болады.

Қазақ әдебиетінің заңғар тұлғаларының бірі Зейнолла Қабдолов әлеміне кірсеңіз, оның сан қырлы талант иесі екеніне көзіңіз жетеді. Ол-жазушы, журналист, драматург, аудармашы, ғалым, ұстаз ... кете береді. Ал, оның осы әдебиет майданына өлеңмен келгені баршаға аян. Алғашқы жазған өлеңі «Түнгі нажағай» деген атпен облыстық «Атырау» газетінде жарық көргеннен кейін ол өлең жазуға құлшына кіріседі.

Өткен ғасырдың қойнауында кеткен адамзат баласы үшін ауыр қасірет әкелген неміс-фашистердің басқыншылығына қарсы Ұлы Отан соғысында әр күнгі табыстарымызды жырға қосқан ақындар аз болмады. Солардың қатарында жас мұнайшы Зейнолла Қабдоловта ақындық қаламын қолына іліп жыр төкті. Оның өлеңдерінде қан майдандағы жауынгерлердің жаумен шайқасындағы қаһарман ерліктері көркем, көңілге қонымды етіп жырланды. Әр жолдары халықты Ұлы Жеңіске, жауды талқандауға шақырып отырды. Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетімен тығыз байланыста болған ақынның 1945 жыл 23 ақпан күнгі № 6 (65) санында «Майдандағы жеңістер» атты өлеңі жарық көрді. Қызыл Армияның майдандағы қарқынды қадамын ақын былайша суреттейді:

Сонау батыс... Ұлы майдан –
Көңіренген жер мен көк.
Құдіреті күшті майдан
Атылған оқ, ұшқан доп.
Тербелгендей теңбіл аспан,
Атой салған дауыстан.
Ол – Армия майдандасқан,
Ата жаумен алысқан.
Зіркілінен зеңбіректің
Жер тебіреніп, сілкінген.
Айбатынан ер жүректің,
Жаудың тобы іркілген.
Болғандай-ақ «заман ақыр»
Жаудың жойып тынысын.
Құртып жатыр өңкей батыр,
Кекке жанып қылышын.
Соның бірі – біздің жақтық,
Елдің ері жасанған.
Ғабидола – танкист даңқты
Қайырғали қаһарман.
Орыс, қазақ, өзбек, қырғыз...
Барлығында бір жүрек –
Ұлы достық. Байлау – жалғыз
Міне, осында күш, тірек.
Өшпен, кектен кеудедегі
Асқар асу тау құлар.
Ашынған сол кеуде кегі,
Енді бұған кім шыдар!
Жау қуылды елден тегіс
Үңгіріне өзінің.
Қашты неміс, асты неміс,
Жол қылып жүр өлігін.
Жоқ етіліп жер бетінен
Сұм фашистер... Гитлер.
Қызыл ерлер өз қолымен
Берлинге ертең ту тігер.
Сонда, азаттық сүйген жандар
Толқындата жер жүзін.

Асқар асар, көкке самғар
– Жеңіс! – деген жалғыз үн [1].

Бұл өлең жолдарынан қазақ халқының ерлігі, майдан мен тылдың бірлігі айқын бейнеленді. Кеңестер елінің аясында татулығы жарасқан бірнеше ұлы ынтымағының өмірлік күшін жас ақын поэзия құдіретімен берді.

Төрт жыл қан майданда жаумен шайқасқан ерлерімізден «Жеңіс» деген қуанышты хабарда келіп жетті. Осылайша кеңес халқының әділ ісі мен адал еңбегі Ұлы Отан соғысында жеңуші болып шықты. Біз жеңдік! Осы жеңісті баянды етудегі Ембі мұнайшыларының қажырлы еңбегі өткір бейнеленген ақын А.Токмағамбетовтың «Мұнайшылар, мұнай бер, соны сізден сұрайды ел» деген әйгілі өлеңін қалай тыңдағанын былайша есіне алды: «Соғыс кезі еді. Ембі мұнайшыларының еңбектегі ерлікке үгіттеген жиындар күндіз емес, ылғи түнде өткізілетін. Сондай жиналыстардың бірі Доссордағы мұнайшылар клубында болып жатты.

– Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!
...Жиналыс басқарып отырған адам орнынан тұрды:
–Сөз ақын Асқар Токмағамбетовке беріледі.

Ақын есімінің ардақтылығы сондай, зал толы жұрт дүр көтеріліп, клуб ішін күндей күркірете қол соқты» [2].

Ержүрек Қызыл Армия өзінің соңғы шешуші шабуылы кезінде Берлин қаласын толықтай алды. Қызыл Ту құзғындар үңгірі Рейхстагтің төбесінде желбіреді. 1945 жылдың 9 мамыр күні таң алдында Отанымыздың жүрегі – Мәскеу радиосынан «Жеңіс!» деген хабар берілгенде, бүкіл халық аяғымен тік тұрды. Қалың бұқара көшеге қаптай ұмтылып, қуанышты көңілдерін көкке өрлетті. Мұнайлы аймақ Мақат ауданында да еңбекшілер бұл күні ертеңгілікте қуаныш пен шаттыққа бөленіп, қолдарына қызыл ту көтеріп, жалпылай жеңісті тойлауға жиналды. Көп адамдар қатысқан қуанышты жиындарда еңбек ерлері сөз сөйледі. Майданға мыңдаған эшелон жанар-жағар май жөнелткен мұнайшылар әсте де еңбек қарқынын бәсеңдетпеуге уәде берісті. Ол үшін қара алтынды өндіру бұрынғының үстіне арттыра беру керек деп бел шешті.

Сол күнгі жұртшылықтың қуанышты күндері «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 12 мамыр күнгі №18 (663) санында «Жеңімпаз Қызыл Армияның мерейі үстем болсын!» атты айдарымен берілген бетте Зейнолла Қабдоловтың да «Жеңіс» деген өлеңі жарияланды.

Май – 9...Сағат дәл - 10 ...- Ура!.. Ура!..

Беттерін трибунаға қойған тура;

Саптанған Армиядай қалың халық,

Бөледі Ембі атасын Айқай... шуға!

« Жасасын Ұлы Сталин! Армиямыз!». –

–Деген үн көкке самғап ұшты дуда.

Әшекей – ою, ұран, плакаттар,

Портрет!..алаң толды қызыл туға!..

–Тыңдаңдар! мұнайшылар құлақ салып,

Тыңда ел – туысқандар тыңда халық! ..

Көп күткен Жеңіс күні – бүгінгі күн;

Біткен күн бүгін фашист ойранданып.

Лениннің жолыменен дана Сталин.

Жеткізді бізді бұған аман алып.

Дегенде: - көп қол соғып үнге басты–

Музыка көкті тербеп, жерді жарып.

Сөздері: Жойылды сұм бітті неміс...

Басылды соғыс өрті.. жоқ қан төгіс!..

Тынбастан мұнайлы Ембі қарқынға бас!..

Ел үшін ендігі алтын алады өріс!..

Табысты күннен-күнге үдетеміз!

Серт етті – мұнайшылар бәрі тегіс.
Ұласты қуанышқа шаттық, бақыт
Той болды Сталиндік Ұлы Жеңіс! [3].

Міне, осылайша сан миллиондаған бейбітшілік сүйгіш халықтың аңсап күткен Ұлы Жеңісіне жас мұнайшы-ақын Зейнолла Қабдолов өзінің тырнақ алды өлеңдерін арнады.

Жас ақын Зейнолла Ұлы Отан соғысында өріс алған ақындар айтысына да қатысып шеберлігін ұштай түсті. Айтысқа келу тарихын ол былай шертеді: «Атақты Жамбыл бастаған ақындар айтысы сол кезде күллі Қазақстан бойынша дәстүрге айналды. Айтыс болмайтын жер жоқ. Доссорда да айтыс болып жатты. Мен айтысқа қатыстым. Сол тұстан күні бүгінге дейін «Мұнайшы» газетінің редакторы болып істейтін Тәжібай Текеев дейтін кісі де өлең жазатын. Мен сол Тәжібаймен айтыстым. Онымыз аудандық газеттің бір бетін тұтас алып жарияланды» [4, 268 б]. Замандасы Б.Қорқытов «тумысынан ақын» деп жоғары бағалай келіп төмендегідей ой тастайды: «Алғашқы өлеңі 1944 жылы «Социалистік құрылыс», осы күнгі «Атырау» газетінде жарияланды. 1945 жылы ақындардың аламан айтысына қатысты. Ал, мұндай адамды қалайша ақын демейсің?» [5, 149 б]. Жазушы-драматург Б.Қорқытов атап көрсеткен, ақындар айтысы Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 10 сәуір № 657 санында «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» тақырыбымен жарияланды. Аламан жыр сайысы 1945 жылдың 27 наурыз күні Доссор поселкесіндегі мұнайшылар үйінде өтеді. Бұл күнді шақырылған қонақтар мен зал іші толған тыңдаушылар асыға күтеді. Шымылдық ашылысымен БК(б)П Орталық Комитетінің партия ұйымдастырушысы ж.Қожағұлов сөз сөйлеп айтыстың тарихи маңызына тоқталады, одан әрі Қазақстан Жазушылар одағының Гурьев облысындағы өкілі С. Хайдаров жалғастырады. Ол ақындардың әрқайсысын жеке таныстырғаннан соң, барлығын сахна төріне шақырады. Алдымен мұнай өндіру бөлімі атынан халық ақыны Жүсіпов Құмар мен силевой станциясы атынан жас ақын Аманшин Берқайыр, екінші айтысқа - № 1 учаске атынан жас ақын Мұратов Сәрсен, № 2 учаске атынан жас ақын Түйешиев Түрекеш, үшінші айтысқа – жер асты жөндеу бригадасы атынан жас ақын Қабдолов Зейнолла, өндіріс қоймасы атынан жас ақын Текеев Тәжібай шығады. Алғашқы айтыста Құмар ақын силевой станциясының барлық кемшілігін жіпке тізіп беріп, жас ақын Берқайырды жеңіп шығады. Жұрттың назарын аударған айтыс жерасты жөндеу бригадасы мен өндіріс қоймасы арасындағы айтыс болды. Сөз шеберліктерін өлеңмен өрнектеген екі жас ақынға барша дүйім жұрт риза болған. Сол күні айтысқа қатысқан барлық ақындарға салт дәстүрімен сый құрмет көрсетіледі.

Енді сол айтыстан толық беруді жөн көрдім:

ЗЕЙНОЛЛА

Қоймасы қара алтынның Доссор – Алып,
Атақты промысел аты қанық.
Дүниеде теңдесі жоқ қара алтынды,
Сурып жер астынан жатыр алып.
Кеудесі көк тіреген буровойлар,
Тынбастан күні-түні әнге салып.
Шапшытып жер мұнайын аспанға ата,
Ақырғы жеңіске тұр дабыл қағып.
Таянып келе жатқан ұлы тойға,
Білемін жеңіспенен баруы анық.
Сол Доссор көлемінде мұнайлы алап,
Қас қақпай күні-түні тұрмын қарап.
Насоспен штанганың қозғалысын
Мүлт етпей тексеремін қолмен санап.
Кеселге келе қалған қарсы тұрам
Толған күш – тұла бойым қару жарак.
Алдында Сталиннің ант еткенмін

Күреске мұнай үшін жалғыз қадақ.
Тоқтаса – скважин – жүрсе сараң,
Үзілсе штангалар тарам-тарам.
Көрсетіп жедел жәрдем дәрігерлерше –
Жеті қат жер астында жөнге салам.
Турасы мың метрден сынсадағы –
Мезетте бұрынғыдай түзей алам.
Блунжер штангадан үзілсе де
Жаңадан жалғастыру жолын табам.
Жойқынмын жердің астын жөндейтұғын,
Кедергі еш қандай күш болмайт маған.
Лепіре көкке атылып арындаған,
Қара алтын менсіз жерде алынбаған.
Суырған жер өңешін механизм –
Мүлтіксіз менсіз бабы табылмаған.
Орным зор промысел өмірінде
Тынысым қиындыққа тарылмаған.
Жұмыста міндетің бір жолдасым ең,
Сөйле гараж! Сөз бердім енді саған
Келесің қалай жүріп, тартынбастан –
Тәжібай, баяндашы кәне маған.

ТӘЖІБАЙ

Жан емен сөз бергенде үндемейтін,
Тегігі бұл өлеңнің тілде дейтін.
Ендеше сүйір тілмен сүйкенемін,
Ақыным болсаң мені күндемейтін.
Зейнолла естуші мең, көрдің бе әлде
Ақбөкен қарсы шабат желге дейтін.
Желгенде жетегіне желді ертпеген
Жүйрік жоқ одан бетер жерде дейтін.
Ақбөкен – Автомобиль – одан да артық
Шабыста ынтықпайтын, терлемейтін.
Трактор тегеурінді сом темірден
Жеңіл мен ауырыңды тергемейтін.
Қарамы қап тауындай зат болсада,
Жасқанбай сүйреп өрге өрмелейтін.
Өр кеуде тракторым – алып танкі
Майданда алға құлаш сермелейтін.
Інінде айуанды бірінші боп,
Советтік танкі езеді – осы сертім.
Сол танкі Сталиндік ту байлаған,
Берлиннің биігіне шығады еркін.
Ақбөкен – Автомобиль жүйріктерім,
Трактор қуаттымыз күші керім.
Екеуі ел ісінде – ер пішінде
Келеді көтерісіп салмақ керін.
Жаннаттай жайлы орынды – гараж дейді
Бұлардың тынығуға келген жерін.
Келсе егер, осы жерге кеудесіне,
Күш қосат мамандарым – слесарім,
Жасқанбай жер астына қолым салдым.
Мұнайға көмектестім деп мақтандың,

Мақтаныш – білмеймісің бірі екенін,
Атамыз Абай айтқан бес дұшпанның
Шынында менсіз сенің күнің бар ма,
Табысқа талай сені сүйреп бардым.
Қолтықтап көтермесем көрер едің,
Мен жоқта – ісің де жоқ, жатып алдың,
Ал енді, өзің тыңда, сұрайын жай –
Мұнымды есіңе ұста бұдан былай,
Осы жыл басталғаннан промысел,
Борышты 162 тонна мұнай.

Осының жартысына жауаптысың,
Алмаймыз кемтігіңе енді шыдай.
Гараждың тракторын көп күттірдің,
Жүргізіп бірде былай, бірде олай.
260-шы скважинада
Көрсеттің шабандықтың түрін ұдай.
Орнына 3 тәуліктің жетеу істеп,
Неліктен құтың қашты тап осылай.

ЗЕЙНОЛЛА

Бір есе моторы жоқ трактордың,
– «Бұзығын түзеймін» - деп құрастырдың.
Бір есе дені дұрыс машинаға
Көп уақыт ход бере алмай бұрап тұрдың.
Біресе жоғалтып-ап бөлшектерін
«Табам – деп – енді қайдан» - «жылап» тұрдың.
Қалдырмай қырсығыңды қыр соңынан
Сылтаудың бірін-бірге ұластырдың.
Мақтауың мінді бүркеп болды, жетті:
Көргенмін құр мақтанған сендей көпті.
Мінің – деп уақ-түйекті жіпке тізбей –
Алдымен өз әліңді білсең нетті.
Мақал ғып атам қазақ: «Шоттың басын –
Бассаң сабы өзіңе тиер» - депті.
Әлгіде өзің айтқан мақтанға сай –
Жұмысың түзелмейді не себепті.
Жойылмас жұмыста мін сынға салмай,
Әйгілеп кемістікті көпке жаймай.
Орындап жоспарыңды алға басқан –
Тәжібай гаражыңда жұмыс қандай?!
Сан рет керек жерде тракторды
Қалғаның есіңде ме жеткізе алмай.
Жоқ сылтауды айтасың түкке тұрмас
Бұл қырсық келе жатқан сенен қалмай.
Жан жағың бос себепке жүрді толып.
Кесірі осылардың бізге соғып,
260 – скважин
Керекті машиналар болмай толық,
Орнына үш тәулікте орындаудың
Оңдаумен жеті тәулік азар болдық.
Ойлашы өз жайыңды одан әрі –
Отырсың осы күні қандай болып.
Бұзылған 3 машина, 3 трактор,

Қыйраған 3 лебедка гаражда тұр.
Орнына оңдаудың әлі күнге
Келесің жаңағы айтқан себеппен құр.
1 трактор 1 ғана подъемник
Сырқылдап дұрыс көмек бере алмай жүр.
Іштегі мүмкіндікті іске асырмай
Зав.гараж Кузьминің неғып отыр.
Ала алмай комбинаттан 6 ай бойы
Тұрғаның есіндеме көмек еш бір.
Араңда тәртіп нашар, жалқаулар көп,
Сондықтан көп жұмыстың сапасы жоқ.
Дүйсенов, Антохина іс кезінде –
Ойнап жүр, кім айтады «бұл дұрыс» - деп.
Ещанов, Гавсатаров жалқауларың,
Тапсырмасын орындай алмайтын топ.
Жоспарын бір тоқсандық 50 ғана
Процент орындалып отыр ғой тек.
Сонда ұялмай-ақ мақтанар-ең
Сөйлейтін кезегіңді тағы берсек.

ТӘЖІБАЙ

Мұнайға көмекшінің бірі гараж,
Бұл күнде гараж бенен болдың ба араз.
Қымталған кемтігімді ашып айттың,
Шынында осындайдың болғаны рас.
Қолымда барлық істің кілті тұрса
Гаражым қазіргідей тіпті болмас.
Еді ғой: Амал қанша 6 ай бойы
Бастығым Рапопорт деген жолдас.
Отырып комбинатта қарамайды,
Гаражға көмек бермей іс етті оғаш.
Оқсатпай қолда барды, қол қусырып
Босқа жүр өз басшымыз Кузьмин жолдас.
Әйтпесе, бізде жақсы адамдар бар,
Оң қолдан өнер тамған мамандар бар.
Глебов – слесарім соның бірі,
Жеткен жоқ оған әлі ешбір жандар.
Біздегі тракторшы – Татарина,
Майданда тракторист ғой, оны да аңғар.
Дабысов Көздіқара комсомолым
Бүгін маман – үлгілі. Кеше – балдар...
Желісін ақбөкеннің жете білген,
Дәулетов, Малдыбатыров деген жандар.
Бұларды айта берсең, әлде нешеу
Санына шақ келеді ондық сандар.
Ақыным таныстың ба асылдармен,
Қарттармен, қайраты мол жас ұлдармен,
Гараждың кем-кетігін сынасаң да,
Өзіңіз іс істейсіз масылдармен.
Басыңнан авариясыз ай өткен жоқ,
Келісіп отырған соң осындаймен.
Марттың графигі тым мардымсыз,
Мен сенің жылатып айтар досыңдаймын,

Есіңе ал, жалқау менен шабаның көп.
Алдыңда айтуға мен шошынбаймын:
Біреуі – шабаныңның Тегіспаева,
Ортаңа олқылықты тегіс жайып,
Көбейтті өз қатарын өзгелерден
Қосылып Сатайбаев, Сандыбаев.
Тәртіпке мезгілінде шақырмадың,
Осы ғой осы күнгі сендегі айып.
Баласы Дүйсенбектің Жұмағазы
Секілді «жыртық астау, тесік қайық».
Кесірі пайдасына көп тиеді,
Канатты қысқа тростап, кетті тайып...
Сол жерде екі адамның аяғына
Түсіріп темір труба, тартты айып.
Екі адам еңбек етпей жатып қалды,
Бұдағы үлкен кесел, келсек сайып.
Кемтігің жеткілікті айтсам үдеп,
Зейнолла, бұл сөзіме жүрме жүдеп.
Қайта біз, олқылыққа орын бермей
Сілкініп жаңаралық құсша түлеп.
Көмекті майдан үшін аямадық,
Қосылып еңбек етсін екі білек.
Күресу мұнай үшін дегеніміз –
Жеңіс – деп кеудемізде соқсын жүрек.
Кел бері, қоян-қолтық іс істейік,
Осымен орындалар ұлы тілек.

ЗЕЙНОЛЛА

Отырмын сөзіңді естіп бағанадан
Тексеріп әр сөзіңді саралағам.
Өрепін өзінді өзің көтергенмен,
Халіңді әуелден-ақ шамалағам.
«Жұмысың әлі күнге нашар» десем
Кузьминің: «жапты – демес жала маған.
Жылата достықпенен айта отырып
Мініңе қынжылмасам, табаламан.
Келейін өз жайыма тыңда тағы
Ерім бар алдыңа әкеп санамаған.
Қызғанда-ақ Отан үшін елде майдан
Ерлікке еңбектегі қанат жайған.
Ант еткем: «жеңемін – деп – қанша қ...(түсініксіз)
Болса да жұмыстарым» серттен т...
Отаншыл еңбек сүйгіш ерлерім бар
Асыра жоспарын орындаған.
Соның бірі меңгерген іс тетігін
Бригадир ключник жігіт – Сәнжан.
Тасқынды тау құлатар табысына
Ақыным тең келеді сенен қай жан?
Екпінді Дүйсембеков Дәулетқазы
Өрлеумен өршуменен келеді әлі.
Қуаныш, Рабиға, Латиева
Сендерге үлгі болат жұмыс жағы.
Сейілхан, Нұрмұханов – стаханов

Ерлер бар арамызда басқа тағы.
Ел үшін жан қиярлық еңбек етіп –
Келемін орындаумен тапсырманы.
Босатпай қарқынды бірден-бірге
Өршітіп табысымды күннен-күнге.
Тұрғызбай мерзімінен тыс качалқа.
Қосылдым халық болып салған үнге.
Айтарым гараж саған жалғыз ғана
Жойылсын кемшілігің, мінің мүлде.
Кезімде талап еткен көмек жетсін
Тапсырам көп алдында қатаң түрде» [6].

Қорыта келгенде, ел басына күн туып, ерлер қан майданда жаумен шайқасқанда сөз зергерлері атанған ақындар легінде З. Қабдоловта отты жырларымен Ұлы Жеңіске осылайша үн қосты. Жас ақынның өлеңінен тастай түйінген мұнайшылардың қажырлы еңбегі жан-жақты көріне түсті. Осылайша еңбек ерлерінің өнегелі істері мақтан етілді, артта келе жатқандары сын садағына ілінді. Ақынның айтыс саласындағы алғашқы жеңісі болашақ қарымды қаламгер атануына бастау жол болғаны айдан анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Майдандағы жеңістер // Социалистік Эмба. – 1945. – 23 ақпан.
2. Қабдолов З. Сыр. – Қазақстан, 1975. – 159 б.
3. Қабдолов З. Жеңіс // Социалистік Эмба. – 1945. – 12 мамыр.
4. Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы. «Жазушы», 1977. – 380 б.
5. Қорқытов Б. Атырау арыстары. – Атырау: Ағатай, 2008. – 203 бет+фотосуреттер.
5. Айтыс: «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» // Социалистік Эмба. – № 657.– 1945. – 10 сәуір.

ӘОЖ 82.01

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ ӨШПЕС РУХЫ

Бибігүл Хайржанова

педагогика ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы
Khairzhanova73@mail.ru
Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада ұлы ғалым, академик Зейнолла Қабдоловтың аяқталмаған романы туралы сөз болады. Қаламгер Махамбет образын сомдау арқылы XIX ғасырдағы көшпелі қазақ өмірінің шындығын ашып көрсетеді. Жауынгер ақын өмірін оның шығармашылық өнерімен бір арнада өрбіткен жазушы шеберлігіне талдаулар жасалады.

Түйін сөздер: Махамбет, қазақ ауыз әдебиетінен өту, Алла сыйлаған дарын, шексіз қабілеттің қуаты, жаңа үлгі бойын буып бұрқанған сезімдер, заманға сай талаптар, метафоралық мағыналар, құндылық.

Махамбет Өтемісұлы көзсіз батырлығының үстіне, аса дарынды тұлға. Батырдың да батыры бар. Махамбеттің батырлығы бұлардың бірі де емес-, деп жазады З.Қабдолов «Қаһарман ақынның тағдыр мен тағлымы» мақаласында. Махамбет ердің мақсаты – ерекше мақсат. Оның күресі ханмен ғана емес, хан арқылы халықты қан қақсатқан отаршылық бұғауына қарсы халқымыздың азаттығы үшін, біздің бүгінгі күніміз үшін күрес».

Суреткер жазушы Зейнолла Қабдоловтың қаламынан проза жанрында бірнеше құнды туындылар дүниеге келді. Жетпісінші жылдары жарық көрген «Біз жанбасақ...» роман-диалогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған көркем шығарма десек артық айтпаймыз. Заманауи тақырыпқа қалам тербеген қаламгер аталған шығармасында көркемдік бітімі мүлдем бөлек бірнеше тың кейіпкерлерді қазақ әдебиетіне алып келді. Сондықтан да бұл роман-диалогияны кезінде қазақ оқырманы жылы қабылдап, жоғары бағалады.

Қазақ прозасындағы сол тұста жақсы көріне бастаған интеллектуальды бағыттағы соңғы, жаңа тынысты шығармалардың көш басында осынау роман тұрды. Әдебиет сыны романның әсіресе осы құндылығын баса көрсетіп, жарыса жазды. Сардар, Қабен, Тайман сынды жаңа кейіпкерлер көркемдік жинақтау биігінен табылған, қаламгердің суреткерлік дарынын айрықша жарқыратып көрсеткен типтік бейнелер ретінде әдебиет төріне көтерілді. Тура осы арнада, өзінің суреткерлік қолтаңбасынан көз жазбаған қаламгер араға уақыт салып Әуезов бейнесін де әдебиетімізге алып келді. «Менің Әуезовім» роман-эссесі де тұлға және заман тақырыбын тереңнен тартып бейнелеген, тарихи шындықты үлкен ауқымда көркемдік тұрғыдан жинақтап бере алған бірегей туынды ретінде оқырман жүрегіне жол тапты. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған бұл роман да З.Қабдоловтың көркем прозадағы көп жылғы шығармашылық ізденістерінің бір белесі ретінде әдебиет тарихында қалды. Саңлақ суреткер, ғұлама ғалым, әлемдік әдебиеттің классигі Мұхтар Әуезовтің жеке тағдырынан бастау алатын оқиғалар тереңдей келе ұлы тұлғаның тұтас өмір жолымен, қаламгерлік жолымен, сол заманның тарихи шындығымен сабақтасады, қатар ашылады. Әуезовтің күллі кісілік болмысы, жан дүниесі, жеке басының трагедиясы нақты оқиғалар арнасында суреттеледі.

Жазушы Зейнолла Қабдоловтың көп жылдар бойында іштей дайындалып, ойына алған, осы мақсатта деректер жинастырып, жүрек түкпірінде сақтап жүрген, жанына жақын тақырыбы қазақтың алдаспан ақыны Махамбет бейнесін сомдау болатын. «Менің Әуезовім» роман-эссесінен кейінгі күрделі туындысы Махамбет бейнесіне қалам тартқан қаламгер бұл романын толық аяқтап үлгермеді. Оу бастан Махамбет тағдыр кешкен тұтас дәуірді толықтай қамтып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен тарихи тұлғаларды қатар ала отырып, бүгінгі заман биігінен ой толғағысы келген қаламгердің аяқ алысы, қалам сілтесі бірден сезіледі. Ой ауқымын кеңге салған, суреткерлік, көркемдік жинақтаудың эпикалық биігіне қол артқан автордың суреттеулерінен болашақ туындының терең тынысы, көп қырлы болмысы бірден көзге түседі. Бұл туындының алғашқы тараулары З.Қабдоловтың өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген бес томдық таңдамалы шығармаларының бесінші бөлімінде «Мұз үстінде от жаққан» атты тақырыппен жарық көрді. Болашақ романның алғашқы беттеріндегі оқиғалардан-ақ оқырманға терең әсер тастайтын “Арыстан еді-ау Исатай”, “Қаһарман ақынның тағдыры мен тағылымы”, “Айбын мен айдың,” “Ақын өлімі” (роман эскиздері) деп аталатын атаулар бірбірімен іштей сабақтасып, тұтас дүниенің енді көтеріле бастаған қабырғаларын көзге елестетеді. “Ақын өлімі” тарауында тұтаса бастаған басты идея, тартысқа толы сюжет шырғалаңдары қылаң бергендей. Махамбет қазасына байланысты өрбитін оқиғалар суретінің алғашқы арналарын Зекең өзіне тән құнарлы тілмен, суреткерлікпен, өзіне тән стильде қағазға түсіріп үлгірген екен. Өте әсерлі, тартымды оқылады. Жазушы бірден Бөкей ордасына байланысты тарихи оқиғаларға баға беріп, тарихи ретроспектива аясында бірнеше шегіністер жасайды. Еділ-Жайық арасын бейбіт жайлаған қалың қазақтың тарихи тағдыры қалайша замана көшінде сан қайтара сынға түскені де жазушы жинақтауларында суреткерлікпен көрініс табады. Жазушы ой ауқымын кеңге салады. Тарихи деректер шығарма тініне әдемі кірігіп, болашақ Махамбет тұлғасына барар жолды саралай түседі.

Оу бастан Махамбет тағдыр кешкен тұтас дәуірді толықтай қамтып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен тарихи тұлғаларды қатар ала отырып, бүгінгі заман биігінен ой толғағысы келген қаламгердің аяқ алысы, қалам сілтесі бірден сезіледі. Ой ауқымын кеңге салған, суреткерлік, көркемдік жинақтаудың эпикалық биігіне қол артқан автордың суреттеулерінен болашақ туындының терең тынысы, көп қырлы болмысы бірден көзге

түседі. Бұл туындының алғашқы тараулары З.Қабдоловтың өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген бес томдық таңдамалы шығармаларының бесінші бөлімінде «Мұз үстінде от жаққан» атты тақырыппен жарық көрді. Болашақ романның алғашқы беттеріндегі оқиғалардан-ақ оқырманға терең әсер тастайтын “Арыстан еді-ау Исатай”, “Қаһарман ақынның тағдыры мен тағылымы”, “Айбын мен айдын,” “Ақын өлімі” (роман эскиздері) деп аталатын атаулар бірбірімен іштей сабақтасып, тұтас дүниенің енді көтеріле бастаған қабырғаларын көзге елестетеді. “Ақын өлімі” тарауында тұтаса бастаған басты идея, тартысқа толы сюжет шырғалаңдары қылаң бергендей. Махамбет қазасына байланысты өрбитін оқиғалар суретінің алғашқы арналарын Зекең өзіне тән құнарлы тілмен, суреткерлікпен, өзіне тән стильде қағазға түсіріп үлгірген екен. Өте әсерлі, тартымды оқылады. Жазушы бірден Бөкей ордасына байланысты тарихи оқиғаларға баға беріп, тарихи ретроспектива аясында бірнеше шегіністер жасайды. Еділ-Жайық арасын бейбіт жайлаған қалың қазақтың тарихи тағдыры қалайша замана көшінде сан қайтара сынға түскені де жазушы жинақтауларында суреткерлікпен көрініс табады. Жазушы ой ауқымын кеңге салады. Тарихи деректер шығарма тініне әдемі кірігіп, болашақ Махамбет тұлғасына барар жолды саралай түседі.

Тумыстан асыл жаралған ақылды, парасатты Бөкей не істеп жүргенін өзі біледі. Хан тұқымы, төлеңгіт емес, төре Бөкей сонау Шыңғыстан бергі ата-бабаларының орыстан шылбыры үзілмей келе жатқан тағдыр үрдісін бұл да бұза алмады. Қазақтар орыссыз өз алдына дербес ел бола алмайды деп білетін. Ойда – орыс, қырда – қытай. Шылбырдың бұрышын қара қытай ұстаған жөн бе, әлде қазақтың көзі үйренген сары орысы дұрыс па? Әрине, отаршылар аяққа тұсау салмақ түгіл шідер салса да, қытайдан орыс дұрыс деп білді. Әрине, Бөкейдің мойнына ілінген үзбелі түйме жай түйме емес, оның өзіне, өзі басқаратын халыққа салынған отаршылдықтың қыл бұрауы да еді. Бұл бұғалыққа көнбеуге Бөкей ханның да, оның қай заманда да құлдықтан, азап пен бейнеттен арылмаған бодан халқының ешқандай лажы жоқ еді». Осылайша тарихи шындықты ой елегінен өткізген қаламгер Махамбет бейнесіне барардың алдында Әбілхайыр, Бөкей сұлтан Нұралыұлы, Жәңгір хан сияқты тарихи тұлғалардың тағдырына да соғып өтеді. Болашақта Махамбет, Исатай бастаған ұлтзаттық көтерілістің әлеуметтік себептеріне, тарихи тамырларына ой, парасат көзімен үңіледі. Жалпы романда көп сөз болатын тарихи мекен Қарой, Қаройдағы Махамбет тағдыры, ақын ойын тұйыққа тірейтін шытырман түстің күдігі, осы тұстағы жазушы суреттемелері бүкіл романның идеялық жүгін ұстап тұрған бел омыртқадай көрінеді. Яғни “Түс”, “Шер” деп аталатын тараулардағы сөз болатын оқиғалар сарыны, кең тынысты авторлық баяндаулар болашақ романның көп қатпарлы, көп кезеңдерді қамтитын күрделі шығарма ретінде жоспарланғанын анық аңғартып тұр. Қазақ тағдырының ең бір күрделі, алмағайып кезеңін Жәңгір хан, Өтеміс, Исатай, Махамбеттей тарихи тұлғалар арқылы бейнелеуді мұрат тұтқан қаламгердің осынау шығармасының аяқталған нұсқасының қолымызда қалмағаны, әрине өкінетеді. Солай бола тұра Махамбет тұлғасына, Махамбет тағдырына арналған барлық шығармалардың ішінде З.Қабдоловтың осынау романының соңғы жылдары жарық көрген туындылардың арасында дара, шоқтығы биік көрінетіні сөзсіз. Жалпы, осы орайда кішкене шегініс жасасақ, тұтас қазақ әдебиетінде Махамбет тұлғасына қалам тартқан қазақ қаламгерлері аз болған жоқ. Барлық жанрда, үлкенді-кішілі туындыларда Махамбет тағдыры шығарма өзегіне айналды. Алдымен қазақ поэзиясындағы Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны, Ж.Молдағалиевтің «Кек», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ә.Кекілбаевтың «Махамбет», М.Шахановтың «Нарынқұм трагедиясы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе Махамбетпен қалай кездестім», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау Исатай» поэмалары, Қ.Бекхожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» атты толғауы, ақындар Х.Ерғалиев, О.Сүлейменов, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Ж.Әбдіраш, Т.Медетбек, Р.Ниязбек, И.Оразбаев, Ұ.Есдәулет, т.б. әр жылдары жарық көрген туындылары Махамбет тұлғасын әр қырынан сомдауға арналды. Бұлардың арасында жаңа жанрлық форма өлең-роман да ұшырасады. Айталық, «Арыс» баспасынан жарыққа шыққан ақын Р.Ниязбектің «Махамбет майданы» атты туындысын осы қатарға жатқызуға болады.

Екі жүз өлеңнен тұтастырылған поэзиялық шығарма Махамбет тағдырының барлық кезеңдерін қамтып қана қоймай, сол тарихи тұстағы қоғамдық-әлеуметтік сахнаға шыққан қазаққа белгілі тұлғалардың барлығының халық санасындағы орны да айшықталып шығады. Өлең-романның басты-құндылығы – бүгінгі заман рухымен терең сабақтасып жатқандығы.

Бұл қатарға сонымен бірге І.Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет», Б.Аманшиннің «Жақия», Ғ.Слановтың «Махамбет», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», соңғы кезеңде жарық көрген С.Жүнісовтің, Ә.Таразидің, И.Оразбаевтың «Махамбет» атты туындыларын, т.б. қаламгерлердің драмалық шығармаларын қосуға болады. Әсіресе, І.Жансүгіровтің отызыншы жылдары дүниеге келген «Исатай-Махамбет» атты трагедиясы сол тұстағы әдебиетіміздің шоқтықты туындыларының бірі болды десек қателеспейміз. Бұл драмалық шығарма сол заманның талабына сай жазылса да ішкі көркемдік қуаты, тілі, жазылу стилі тұрғысынан ақынның сәтті шығармаларының бірі болды. Әсіресе Исатай батырдың қан майданда мерт болатын тұстарын бейнелейтін сахна көріністері, соғыстың тұтас суреті, осы арадағы Махамбет аузымен айтылатын астарлы толғаулар, қазақ елі мен жерінің тағдырына қатысты сол кездің өзінде көтерілген өткір ойлардың шығарма ішіне енуі Ілияс Жансүгіровтің қайталанбас қалам қуатын танытты. Ал енді проза жанрында тарлан қаламгерлер Тәкен Әлімқұловтың атақты «Қараой» әңгімесі, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» атты романы, кейінірек дүниеге келген Берқайыр Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Қажығали Мұқамбетқалиевтің «Бас жұтқан бас», Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет», Нәбиден Әбуталиевтің «Қайран Нарын», Марат Мәжитовтың «Барлыбай түбіндегі ән», тағы басқа да қаламгерлердің прозалық туындылары алдымен ойға оралады. Бұл туындылар несімен қымбат, несімен қадірлі? Авторлары қандай көркемдік ізденістерге қол жеткізе алды? Махамбеттің күрделі тұлғасын көркемдік тұрғыдан жинақтауда, сол тұстағы қазақ басына түскен бодандық, патшалық Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы көрінісі, сонымен бірге ел ішіндегі, ағайын арасындағы зұлымдық пен сатқындық үстемдік құрған заман шындығын шынайы жеткізуде қай қаламгер қандай суреткерлік әдіс-тәсілдерге қол артқан екен. Соған бір сәт назар тоқтатсақ, алдымен, Махамбеттің өмірі мен заманы туралы көркем шығармалардың ішінде Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» атты туындысы айрықша дара тұрады. Бұл туынды көтеретін, арқау ететін көп қатпарлы әлеуметтік-қоғамдық шындық, осы арнадағы суреттелетін оқиғалар ағымының ауқымдылығы тұрғысынан келсек осы шығарманың бір өзі Махамбет тағдырының барлық кезеңін қамтып өтеді. Қараой – жер атауы. Махамбетке жасалған соңғы қастандықтың да осы жерде өткендігіне автор айрықша мән береді. Сондықтан да осы қасіретке бастаған қаралы оқиға тарихы жазушы суреттеуінің басты көркемдік нысанасына алынған. Әңгімеде Махамбет өмірінің соңғы сәттері сөз болады. Ең бастысы, мұнда қайсар ақынның ешкімге бас имеген асыл рухы асқақ көрінеді. Ешқашан, керек болса хан, сұлтан алдында да төмендемеген, аласармаған ар-намысы соңына түскен көп тобырдың қолы жетпес биікте қалады. Елінен айрылып, жерінен ауып, қос қыраны – екі ұлын қатар жоғалтса да ақынның қанаты қайырылып, жігері құм болып жасығанын көрмейміз. Махамбет те ет пен сүйектен жаратылған жұмыс басты пенде, қаншама ауыр күрсініп, арыстан ұлдарын жоқтап, іштен жыламсыраса да, бірақ оның тұлғасы тауы шағылған, сағы сынған жанның кейпінен алыс. Тек қана көз алдында бақилық болған біртуар балаларын ойлап, есіне алғанда жүрегі елжіреп, көкірегі сары сағынышқа толады. Әсіресе, балаларының Өтемістен туған ондай түгел атқа қонып жасақты қолға айнала алмағаны орны толмас өкінішті өзекті өртейді. Махамбет жапан далада жалғыз қалғанда жүрегіне жебедей қадалатын жалғыз жан жарасы осы ғана. Әйтпесе батыр рухы, ақын ар-намысы бір сәтке де аласармайды, өзінің биік тұғырында қалады. Осы идеяны автор иін қандыра бейнелеп, әсерлі жеткізеді.

Махамбеттің басын қатерге тігіп, жауына қызмет етпеуі, серіктерінен айрылып, жалғыздықпен дос болуы және осылардың жанға салған сызы шығармада терең суреттеледі. Бұл арада ақынның көңіл күйінің кейбір толқымалы сәтін көрсету мақсатында жазушы оның өз өлеңдерінде көрініс тапқан сырларға сүйенетіні рас. Табиғат көріністерін де жазушы ақын

өлеңдеріндегі оның жан шындығын білдіретін осындай сазға сай сипаттайды. Алайда оның елінің еркіндігі, халықтың бостандығы, «қара қазан, сары баланың» қамы үшін ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған, асыл мұрат үшін жанын оққа байлаған қаһарман рухы әңгімеде жарқырап көрініс табады. Ең ауыр трагедия – ақын қазасының суреттелетін тұстарында қаламгер сұңғыла шеберлік танытады, әңгіменің құнарлы тіл өрнегін дәл табады. Оқиға мүмкіндігінше сығымдалып, қысқа қайырылады, кейіпкерлердің іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, ойпиғылын жазушы қысқа-қысқа диалогтар, ой ағымы арқылы жеткізеді. Әсіресе, кейіпкердің мінез-құлқын аз сөзбен өте дәл жеткізетін психологиялық талдау тәсілін ұтымды қолданған.

Ал енді, суреткер жазушы Зейнолла Қабдолов өз романының барлық тарауларында дерлік Махамбет тұлғасына, оның болмыс-бітіміне, қайсар мінезіне қайтақайта айналып соғып отырады. Романның ішінде ерекше көзге түсетін бір ерекшелік – Махамбет, Исатай тағдыр кешкен табиғи орта, атамекен суреті кең ауқымда суреттеледі. Табиғат көріністеріне автор айырықша мән береді. «Тайсойған да аумаған Нарын, Ойыл мен Жем арасын тұтастыра жалғап көсіле көлбеген жалпақ шағыл. Бұл да шағыл болғанда сусып төгіліп жатқан жалаңаш құм емес, қызғылт топырағы сұрғұлт шүйгінмен, кей тұстары жасыл шалғынмен қымталған көгілдір қоңырлықтар мен кең қолтықтар, белес-белес белдер, қырқа-қыраттар, қалың елге сая, мал мен жанға пана Нарын ханжайлау болса, бұл – саржайлау. Оңтүстік шалғайы Жем суынан басталатын Тайсойған солтүстігінде Бүйрекқұмға ұласып, Ойыл өзеніне тіреледі. Ойылдың дәл осы аралығында Сырым бөгеті, бөгет жиегінде даланың жалындай жалбырап тұрған бір шоқ терек бар. Мұны да Ақкөл мен Кезауызға қарай өткен жолаушыға көлеңке болсын дегендей Сырым батыр өз қолымен егіп кеткен көрінеді. Кезауыз – кезауыз десе кезауыз, оңтүстікке қыртыс-қыртыс қызыл шағылды қақ айырып ағып жатқан Жарыпшыққан өзенінің солтүстіктегі Ойыл суынан жырылған жіңішке жылғаның толқыны терең Тайкеткен арнасына келіп тоғысатын құйылысы – табаны тастақ, жиегі қайраң құмды өткел. Бұл араның суы – жайылма, саяз, тізеден аз-ақ асады. Жағасы жайпақ. Сырым бөгетінен арғы Қараменен Қаракөлге, одан әрі Қарабайға қарай сапар шеккен жолаушы арбадан түсіп, балағын түрініп, білегін сыбанып, бой сергітіп, ұйқы ашар салқын сумен бетін бір сипайды да, көлігін қылт етпеден ат емес өзі сүйреп өткендей арғы бетке шыға бере жайланып суын ішеді. Содан соң пар аттың қамытын алып, делбелерін шұбатып, жағада жайқалған көк құраққа тұсаусыз қоя береді. Аттар шашасын салқын су шайған жерден тапжылып табан аудармастан қысқа дейін бояуын өзгертіп, буынын қатырмайтын балдырған бала құрақты бас салып шалғыша қияды да оқта-текте пысқырып қойып күрт-күрт, кірш-кірш шайнайды. Содан мінер жағынан иесі оралғанша орнынан қозғалмайды.

Ал иесі жағадан жоғары көтеріліп, шағыл шетіндегі шоқыға шығады, шешінеді. Шоқының іргесіне ырп-ырп соғып Жарыпшыққан ағып жатады. Нәрі тап-таза, жағасы-құмайт, түбі-тегіс ақ қайраң. Суының мөлдірлігі сондай ағыспен ығып, жүзіп келе жатқан шоршыма, сойқан балық шортан жағадағы адам қараны көріп кенет шошиды да толқынды құйрығымен бір ұрып кері бұрылып қашып кетеді. Соған бағып, бетінен түбі көрінген мөлдір су саяз шығар деп секіріп түсе қалсаң, үш кісі бойы тереңге шым батасың да кетесің. Жарыпшыққан – сондай алдамшы өзен, тереңі тентек, тек беті ғана күледі. Өтеміс пен Махамбет – әкелі-балалы екі салт атты Тайсойғанды екі күн аралап, бүгін үшінші күн дегенде Кезауыздан өтіп, күн шыға Сырым бөгетіне қарай бет түзеді. Бірақ бұлар жағаға шешінген жоқ, Жарыпшыққанға шомылған жоқ; күз салқын, күн желкем еді». Осылай төгіліп түсетін табиғат суреттері романның өне бойына айырықша құнар дарытып, қаламгердің тіл кестесін айшықтап көрсетеді. Зейнолла Қабдоловқа тән суреткерлік тіл, көркемдік бояу, оқырманға терең әсер тастайтын теңеулер үрдісі ой мен парасатқа суарылған. Осындай суреттеулер Тәкен Әлімқұловтың «Қаройында» да сан қайталаанады. Мысалы, Махамбеттің оңашада ой үстінде толғаныс кешкені «Қараойда» төмендегідей суреттеледі: ат үстінде талай ой кешті. Сонау қырандарды жайлаған қалың ел сүмбіледе осы Қараойға құлап, айнала қоныс тебетін шақ еске түсті. Жаз соңының желігі, күз басының қамы той-думанымен, қарекет-қарбаласымен көз алдынан шұбырып өтіп жатты. Осы шақта

Махамбеттің үстінен көңқарға қарқылдады. Ертеде шаруалар қыстауға қарай ойысарда «көңқарғасы түскір кеп қапты ғой» десуші еді. Дәулеті тапшы Өтеміс ел көшкенде өспірімін атының сауырына салып, майталмандарға ілесе алмай лоқылдатқанда, қаршадай Махамбеттің сыр бермейтін шағы әр түрлі ғазабымен осы шаққа ұласқанын енді жарастырғандай. Ашамайлы тайға мінген бай баласының көбінің кейін құймышағы өскендей көтерілісте атқа қонбауын енді бағалағандай. Баяғы жарлы әкенің артында жарбиған өспірімге: «Қош бол, Қараой!» дегізетін мезгілдің жұмбағын енді өзінше шешкендей. Есейген Махамбетке Қараой: «Ей бейбақ, сенің өмірің өткінші, мың күн жанған шырағың бір күн сөнеді», деп тұрғандай. Үрейлі, уанышы аралас лебізімен арбағандай. Көзі көмілген бұлақтың тілі байланса, беті жыбырлаған қалың шүйгін: Мәжгүннің керегі жоқ. Қалың елің қайда?!» деп табалағандай. Осылайша екі суреткер де ақын тағдырына, ақын трагедиясына жақындай түскен сайын табиғат көріністерінің бояуын қалыңдата баяндайды. Салқын күздің, желкемді күннің суреті екі шығармада да ұқсас қайталаанады. Табиғаттың сұсты суреті Махамбетке қатысты өрбитін қанды оқиғаға астарлы мән береді. Осы арқылы Махамбет трагедиясына алып келетін күллі іс-әрекеттің динамикасы ширатыла, ширыға түседі. Т.Әлімқұловтың шығармасында күтпеген жерден қызғыш құстың көрінуі, көң қарғаның ұшып жүруі, ботаның боздауы, сол кеште, апақ-сапақта айдың тұтылуы, барлығы ақын өлімін, оның ауыр қазасын шарықтау шегіне жеткізе суреттеуге жол ашады. Зейнолла Қабдолов өз романында Махамбет қазасын суреттейтін эпизоттарды қағаз бетіне толық түсіріп, үлгеріп кете алмағанымен, бірақ ақын қазасына алып келетін барлық оқиғалардың дәлелдеректерін айна-қатесіз, нанымды, сенімді суреттеулер арқылы алып келеді. Махамбет трагедиясына алып келетін оқиғалар тізбегі жазушы суреттеулерінде көп қырлы, полифониялық сипатымен есте қалады. Махамбеттің соңғы күндерде, жалғыз қалғанда, күллі өмір жолын көз алдынан өткізіп, ой тұңғыығына батқан сәттерін суреттеген беттермен роман нүктесі төмендегідей қойылады: «Сол баяғы жалғыз үй, сол баяғы екі құлынды бие, екі боталы түйе, бір ат. Қазір боталар босатылып, құлындар ағытылған. Бәрі қосылғанда тоғыз құрапты; кәдімгідей көз кідіртер бір табын мал. Және бәрі қосылып, топталып, бірге жайылып жүр; тоғызы да Қаройдың Дендер жақ беткейінде-шідерлеулі кер арғымақтың төңірегіне шоғырланып, бірбірінен қара үзбей жайылады. Махамбет бірауық аспанға-бұрқыраған будай яки түтілген түбіттей будақ-будақ әуеде ілініп тұрып қалған қызғылт бұлттарға қарады. Алып аспанға айшық-айшық сурет салған қызыл бұлттар шынында да әр нәрсеге бір ұқсап кетеді. Махамбеттің көзіне мына суреттер Жасқұстағы Орда шаһары секілденіп кетті. Хан ордасына Теке жақтан келіп төте кіретін айдау жол бар-ды; мынау орданың сол Теке беті сияқты. Хан сарайының әшекейлі биік қақпасы, сарайдың екі қанатын кере созып әкететін көше-көше көп үйлер, тіпті оң жақтағы айдын – Шалқар көл мен сол жақта қолдың саласындай тізіле самсап, жиекқұмды жағалай жосылып әрі асқан жал-жал жасыл теректер... Бәрі де қызғылт сары нұрға балқып, керемет көркем келбетпен Махамбеттің көзін арбап алды.

Махамбет аспандағы бұлтқа телміріп ұзақ тұрды; қызыға қарап, қатты толқып ойланып тұрды: «Япырмай, тіршілік түптүгел жерден кетіп, аспанға көшкен бе, қалай!»... Жапан далада жалғыз қалған ақынның күллі ішкі жан әлемі, жүрек күйзелісі, атамекеніне, туған жеріне, туысбауырларына деген ұлы сағынышы, ұлы қайғысы, ұлы мұңы, барлығы ақынның осынау сана ағымы арқылы көз алдымыздан өтеді.

Осыдан кейін роман Махамбеттің басын шабуға келген бір топ жеңдеттердің, яғни «сау желіп, суыт келе жатқан тобырдың» оңаша отырған қараша үйге өңмендей кіріп, залым ойларын іске асыруға беттеген зымиян іс-әрекеттерін суреттеумен тәмамдалады.

Ары қарай Махамбеттің Ықлас бастаған опасыз ағайынның алдында алдаспандай арқырап сөйлеп, айыбын айтып, ат құйрығын кесісіп, шарт кетуі. Ызадан жарылардай болған жеті баскесердің қылыштарын ала ұмтылған қаскөйлігінен титтей де қаймықпаған, жаралы арыстандай жалғыз алысқан алып жүректі ақынның жан алысып, жан беріскен арпалысы.

Зейнолла Қабдолов өз романында Махамбет қазасын суреттейтін эпизоттарды қағаз бетіне толық түсіріп, үлгеріп кете алмағанымен, бірақ ақын қазасына алып келетін барлық

оқиғалардың дәлелдеректерін айна-қатесіз, нанымды, сенімді суреттеулер арқылы алып келеді. Махамбет трагедиясына алып келетін оқиғалар тізбегі жазушы суреттеулерінде көп қырлы, полифониялық сипатымен есте қалады. Махамбеттің соңғы күндерде, жалғыз алғанда, күллі өмір жолын көз алдынан өткізіп, ой тұңғығына батқан сәттерін суреттеген беттермен роман нүктесі төмендегідей қойылады: «Сол баяғы жалғыз үй, сол баяғы екі құлынды бие, екі боталы түйе, бір ат. Қазір боталар босатылып, құлындар ағытылған. Бәрі қосылғанда тоғыз құрапты; кәдімгідей көз кідіртер бір табын мал. Және бәрі қосылып, топталып, бірге жайылып жүр; тоғызы да Қаройдың Дендер жақ беткейінде-шідерлеулі кер арғымақтың төңірегіне шоғырланып, бірбірінен қара үзбей жайылады.

Махамбет бірауық аспанға-бұрқыраған будай яки түтілген түбіттей будақ-будақ әуеде ілініп тұрып қалған қызғылт бұлттарға қарады. Алып аспанға айшық-айшық сурет салған қызыл бұлттар шынында да әр нәрсеге бір ұқсап кетеді. Махамбеттің көзіне мына суреттер Жасқұстағы Орда шаһары секілденіп кетті. Хан ордасына Теке жақтан келіп төте кіретін айдау жол бар-ды; мынау орданың сол Теке беті сияқты. Хан сарайының әшекейлі биік қақпасы, сарайдың екі қанатын кере созып әкететін көше-көше көп үйлер, тіпті оң жақтағы айдын – Шалқар көл мен сол жақта қолдың саласындай тізіле самсап, жиекқұмды жағалай жосылып әрі асқан жал-жал жасыл теректер... Бәрі де қызғылт сары нұрға балқып, керемет көркем келбетпен Махамбеттің көзін арбап алды. Махамбет аспандағы бұлтқа телміріп ұзақ тұрды; қызыға қарап, қатты толқып ойланып тұрды: «Япырмай, тіршілік түптүгел жерден кетіп, аспанға көшкен бе, қалай!»... Жапан далада жалғыз қалған ақынның күллі ішкі жан әлемі, жүрек күйзелісі, атамекеніне, туған жеріне, туысбауырларына деген ұлы сағынышы, ұлы қайғысы, ұлы мұңы, барлығы ақынның осынау сана ағымы арқылы көз алдымыздан өтеді. Осыдан кейін роман Махамбеттің басын шабуға келген бір топ жеңдеттердің, яғни «сау желіп, суыт келе жатқан тобырдың» оңаша отырған қараша үйге өңмендей кіріп, залым ойларын іске асыруға беттеген зымиян іс-әрекеттерін суреттеумен тәмамдалады.

Ары қарай Махамбеттің Ықылас бастаған опасыз ағайынның алдында алдаспандай арқырап сөйлеп, айыбын айтып, ат құйрығын кесісіп, шарт кетуі. Ызадан жарылардай болған жеті баскесердің қылыштарын ала ұмтылған қаскөйлігінен титтей де қаймықпаған, жаралы арыстандай жалғыз алысқан алып жүректі ақынның жан алысып, жан беріскен арпалысы.

Дуалы ауыз сөз зергері, ел ағасы З.Қабдолов айтқан өнегелі уағыздар ұлтты елдік пен бірлікке үндейді. Қазақ қауымының рухани өмірінде азаматтық пен кісіліктің, кішілік пен зиялылықтың орасан үлгісі бола білген осынау аяулы тұлғаның ардақты бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. З.Қабдолов «Таңдамалы шығармалар» 4-т. – Алматы: Санат, 2007. – 416 б.
2. О.Тұржан «Махамбет өлеңдерінің поэтикасы» – Астана: Елорда, 2007.
3. adebiportal.kz сайты
4. З.Қабдолов «Біз жанбасақ...» Диалогия. – Алматы: Жазушы, 1974.- 439 б.
5. «Екі томдық таңдамалы шығармалар» Романдар.- Алматы: Өнер, 2010.- 440
6. www.ulagat.com білім порталы

О СОДЕРЖАНИИ ПОНЯТИЙ «ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ» И «ТИП»

Жарқын Кенжебаева

*кандидат филологических наук, доцент языкознания ВАК РК,
профессор кафедры русской филологии
НАО «Атырауский университет им.Х.Досмухамедова»*

В.Д. Курмангалиева

*магистрант 2 курса
НАО «Атырауский университет им.Х.Досмухамедова»
г. Атырау, Казакстан*

kenzhebayevazharkyn@gmail.com

vika_24.04.85@mail.ru

Аннотация: Статья посвящена анализу таких семантически нагруженных понятий, как «художественный образ», «тип». Отмечается емкость и многозначность понятия «образ», приводятся различные дефиниции данного понятия, обосновывается необходимость разграничения образа и знака.

Ключевые слова: художественный образ, знак, типическое, тип, художественная деталь.

Художественный образ - наиболее сложная категория искусства, в этом заключается его отличие от всех иных форм познания действительности. Зачастую образ трактуют как результат отражения объекта в человеческом сознании [1, с. 446] и вместе с тем как реализацию историко-культурного опыта индивидуального, личностного сознания, а также сознания общественного сознания. Несмотря на то, что образ является элементом художественного целого, он автономен и содержателен. В узком понимании художественный образ – это обозначение элемента, определенной части художественного произведения, в широком смысле – это способ бытия и воспроизведения особенной, художественной, реальности [2, с. 693].

В литературе благодаря различным приемам создаются разнообразные художественные образы, которые воспринимаются в совокупности внешних и внутренних качеств, и служат репрезентацией целостной авторской личности. Термин «образ» используется для обозначения чрезвычайно емкого и многозначного понятия, которым оперируют философы, психологи, мифологи, антропологи, историки, искусствоведы, литературоведы и лингвисты. Гуманитарные науки, в частности, тем и отличались от точных наук, что для них всегда были необходимы термины, способствующие уточнению и ограничению смысла определенного художественного явления.

Как отмечал А.Ф. Лосев, для термина «образ» характерна масса семантических оттенков, которые трудно даже сформулировать, и потому он обладает различной семантической нагруженностью [3, с. 75].

В современном толковании художественного образа опора делается не только на традиционную философско-эстетическую дефиницию категории образа, но также уделяется большое внимание и обширному теоретическому материалу, накопленному в течение многих веков. Большое количество определений художественного образа дают возможность рассматривать это понятие в аспекте его объективного и субъективного содержания. Как отмечают исследователи, история западноевропейской философии характеризуется постепенным переносом фокуса внимания с трансцендентального содержания образа на психическое [4, с. 4].

Художественный образ служит отражению действительности, причем форма такого отражения - конкретно-чувственная. Посредством образа автор одновременно и отражает реальность, и создает новый вымышленный мир, однако благодаря таланту создателя этот

мир может выглядеть вполне достоверным и восприниматься как существующий в реальности. И Исследователи отмечают многоликость и многосоставность образа, включающего органическое взаимопревращение действительного и духовного. Через образ, соединяющий субъективное и объективное начала, сущностное и возможное, единичное и общее, идеальное и реальное, «вырабатывается согласие всех этих противостоящих друг другу сфер бытия, их всеобъемлющая гармония» [5, с. 252].

Если обратиться к толковому словарю русского языка, можно познакомиться с несколькими значениями слова «образ»:

1. В философии: результат и идеальная форма отражения предметов и явлений материального мира в сознании человека.

2. Вид, облик. Создать что-нибудь по своему образу и подобию (т. е. похожим на себя; книжн.). Потерять образ человеческий (то же, что потерять облик человеческий). В образе кого-нибудь (в виде кого-нибудь).

3. Живое, наглядное представление о ком-чем-нибудь. Светлый образ матери.

4. В искусстве: обобщенное художественное отражение действительности, облеченное в форму конкретного индивидуального явления. Поэт мыслит образами.

5. В художественном произведении: тип, характер. Плюшкин - образ скупца. Артист вошел в образ (вжился в роль).

6. Образ чего. Порядок, направление чего-нибудь, способ. Образ жизни. Образ мыслей. Образ действий [6, с. 1082].

Такие определения даются самому общему значению данного термина.

В трактовке художественного образа некоторыми исследователями он предстает в виде отражения жизни в искусстве. Термин «художественный образ» используется для обозначения любого значащего элемента произведения искусства, которое соотносится с объективной действительностью [7, с. 50]. Мы считаем данную дефиницию слишком общей и несколько размытой.

Для того, чтобы был создан художественный образ, необходимо выполнение условия о том, чтобы существовали автор и читатель, или публика. Большинство исследователей, обращаясь к рассмотрению литературного, речевого образа трактуют его в качестве определенного вида художественного образа.

Краткий словарь литературоведческих терминов определяет образ в качестве основного понятия эстетики, которым обуславливается природа, форма, а также функция литературно-художественного творчества» [8, с. 63]. Столь широкую трактовку образа можно объяснить тем, что он изображает человеческую жизнь в такой форме, которая, с одной стороны, максимально индивидуализирована, а, с другой стороны, характеризуется обобщающим началом.

Проявления образа в литературном произведении могут быть различными, в произведении эпического рода он может быть выражен образом повествователя, в лирическом произведении - образом-переживанием, а также он может быть представлен любого рода тропом. В связи с этим некоторые исследователи склонны к уточнению и сужению данного понятия и предпочитают говорить о «словесном образе».

Образ-скамейку целесообразнее называть «художественной деталью», а образ народа в произведении – логичнее связать с понятиями идеи, темы или проблемы. Главное назначение образа – это отражение жизни со всей ее сложностью и многогранностью, из чего следует, что природа образа является весьма разносторонней [8, с. 64].

По мнению известного русского исследователя-литературоведа М.Б.Храпченко, назначение художественного образа не заключается в простом отражении жизни во всем разнообразии ее проявлений, несмотря на то, что это есть обязательное условие создания художественного образа. Автор трактует художественный образ в качестве действенного способа, посредством которого можно творчески постичь и обобщить явления действительности, внутренний мир человека, а также оказать большое воздействие на его духовную жизнь» [9, с. 10].

В художественном образе соединяются единичное и общее, поскольку в нем сложным образом перерабатываются многочисленные жизненные впечатления и наблюдения, обобщаются явления реального мира.

Для того чтобы создать полноценный художественный образ, писателю необходимо использовать приемы анализа и синтеза, поскольку перед ним стоит задача творчески синтезировать общезначимые, характерные свойства жизни, духовной сущности человека, обобщить представления о том, что является важным в мире, и воплотить в создаваемом им художественном образе представления о совершенном, идеальном.

Структура художественного образа характеризуется тесным единством синтетического освоения мира, эмоционального отношения к объекту творчества, а также установки «на внутреннее совершенство художественного обобщения» [9, с. 79].

Художественный образ субъективен, в нем явственно ощущается авторское начало, он очень емкий по содержанию, целостен, обобщен и самодостаточен, экспрессивен и способен породить самые различные интерпретации.

В литературоведении высказывались мнения о необходимости соотнесения художественного образа с понятием знака, под которым понимается носитель определенной информации о каком-либо предмете и в качестве которого наряду с другими репрезентантами способны выступать слова.

Разграничению данных понятий способствуют следующие моменты:

- 1) Объективность и идеальность знака – при субъективности и идеальности образа, что обуславливается индивидуальностью ощущения и восприятия.
- 2) Различная соотнесенность знака и образа с действительностью;
- 3) Произвольность знака – при схожести образа и изображаемого им предмета.

Способность художественного образа к созданию новой эстетической реальности, его многогранность не позволяют в полной мере считать его знаком.

Таким образом, за термином «образ» закрепляется значение чисто литературоведческого понятия, с подчеркиванием субъективности образа, а также указанием на его тесную связь и сходство с реальностью, с разграничением понятий «образ» и «знак» [7, с. 48-49].

Особый интерес среди различных художественных образов вызывает образ человека, и образ-персонаж имеет собственные важные составляющие. Для него характерны сложная система характеристик, которые могут быть как внешними, так и внутренними, множество разнообразных отношений связывает его с автором и другими персонажами, через которые происходит его раскрытие, характеристика и оценка. Образ-персонаж всегда находится в определенном, вымышленном автором условном социуме. Поэтому оказывается столь важным обращаться к анализу не только тех художественных деталей и характеристик, которые имеют отношение к самому персонажу, но также и к анализу различных композиционных элементов: оценке персонажа окружающими, отношений с ними, социального статуса и т.п.

Составной частью художественного образа является художественная деталь, которая также очень важна. В литературоведении принята классификация, в соответствии с которой можно говорить о художественных деталях внешних, представленных портретными деталями, и психологических, заключающихся в изображении внутреннего мира человека, его мыслей и переживаний.

К числу терминов, занимающих в литературоведческой науке особое место, следует отнести и термин «тип». Исследователями неоднократно отмечалось, что у данного понятия отсутствует строгая дифференциация [10, с. 151].

Термин «типическое» употребляется для обозначения закономерного повторения определенных черт или характеристик в значительном ряду таких же явлений.

Художественная типизация проявляется не только в отдельно взятых локальных авторских системах, она обнаруживается во всем мировом литературном наследии.

Понятие «тип» толкуется в широком диапазоне: от крайней начальной точки, когда в образе-персонаже олицетворяется черта определенного повторяющегося свойства, - до крайней высшей, когда в индивидуальном воплощается общее.

Подобное понимание типического в широком смысле ведет свое начало от Г.Н.Поспелова, который считал его высокой степенью характерности, когда в индивидуальном образе людей воплощаются общие, повторяющиеся черты их жизни.

В понимании М.М.Бахтина реализация типа происходит в настоящем, предметному миру, окружающему тип, свойственна «инвентарность», поскольку он представляет собой «пассивную позицию коллективной личности» [11, с. 159]. Подчеркивается неразрывная связь типа и окружающего его мира, которым тип обусловлен.

Феномен художественного типа - это сложная многоаспектная структура, в связи с чем один и тот же тип может быть составным компонентом различных типологических систем.

Существует понимание типа как определенной структуры персонажа. Реализация такой структуры происходит посредством комплекса моральных и социальных признаков, имеющих одинаковую направленность [12, с. 4].

Как утверждают исследователи, благодаря типологическому взгляду, направленному на любое явление, относящееся к художественному творчеству, появляется возможность рассмотрения данного явления, не ограничиваясь лишь авторской типологией, а принимая во внимание всю литературную традицию [13, с. 297].

Обобщая вышеизложенное, можно отметить, что художественный образ представляет собой сложную переработку жизненных впечатлений и наблюдений его создателя, результат этого процесса. Для определения сущности художественного образа значимо содержащееся в нем обобщение явлений действительности. Художественный образ предстает в качестве творческого синтеза характернейших свойств жизни, одинаково важных для всех людей, в нем обобщаются представления о людях о том, что в мире является действительно существенным и значимым, в нем воплощаются идеалы и представления о совершенном. Структура художественного образа обнаруживает тесное единство синтетического освоения реальности, эмоционального отношения к объекту творчества и установки на органичное совершенство художественного обобщения.

В плане изучения типизации в тексте литературного произведения исследовательский интерес может быть обращен к самым разным элементам текста. Целый ряд исследовательских работ посвящен анализу типологии мотивов, сюжетов, художественного пространства и времени, и каждое новое серьезное исследование вносит свой вклад в развитие литературоведения.

Список использованной литературы:

1. Философский энциклопедический словарь / Л.Ф. Ильичев, П.Н. Федосеев, С.М. Ковалев, В.Г. Панов. - М.: Советская энциклопедия, 1983. - 840 с.
2. Шиллер Ф. Статьи по эстетике // Шиллер Ф. Собрание сочинений: в 7 т. - М.: Художественная литература, 1957. - Т. 6. - 794 с.
3. Лосев А. Ф. Философия. Мифология. Культура. - М.: Мысль, 1991. - 527 с.
4. Дмитриева Н. Ю. Художественный образ в диалектике сущности и явления: Автореф. дис. ... канд. филос. наук. - Красноярск, 2004. - 34 с.
5. Эпштейн М. Н. Образ художественный / Литературный энциклопедический словарь / под общ. ред. В. М. Кожевникова, П.А. Николаева. М.: Советская энциклопедия, 1987. - С. 252-257.
6. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. - М.: «Азъ», 1992. - 2314 с.

7. Мезенин С. М. Образность как лингвистическая категория // Вопросы языкознания. - М.: Наука, 1983. - № 6. - С. 48-57.
8. Краткий словарь литературоведческих терминов / сост. Тимофеев Л. И., Тураев С. В. - М.: Просвещение, 1985. - 312 с.
9. Храпченко М.Б. Горизонты художественного образа: учеб. пособие. – М.: Художественная литература, 1986. - 336 с.
10. Пасютина Ю.Н. Проблема типологии романного героя // Славянскія літаратуры ў кантэксте сусветнай : матэрыялы IX Міжнар. навук. канф., прысвеч. 70-годдзю філалагічнага факультэта Беларускага дзяржаўнага ун-та (Мінск, 15-17 кастр. 2009 г.): у 2-х ч. / пад рэд. В.П. Рагойшы; рэдкал.: А.М. Андрэеў (нам. рэд.) [і інш.]. – Мінск: БДУ, 2010. – Ч. 2: Актуальныя праблемы кампаратывістыкі: традыцыі і ўплывы ў літаратуры; Заканамернасці і тэндэнцыі развіцця рускай літаратуры XIX-XXI стагоддзяў; Эстэтычны вопыт замежнай літаратуры. – С. 141–145.
11. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества / Сост. С. Г. Бочаров, примеч. С. С. Аверинцев и С. Г. Бочаров. - М.: Искусство, 1979. - 423 с.
12. Андреев А. Н. Роман: художественно-гносеологические возможности жанра // Міфалогія – фальклор – літаратура: праблемы паэтыкі. Зборнік навуковых прац. Выпуск 6. – Мінск, 2008. – С. 3-9.
13. Кучина С.А. Теоретико-литературный подход к проблеме типологизации // Вестник челябинского государственного педагогического университета. - Челябинск.: изд-во ЧелГПУ. - 2010. - № 1. - С. 292-303.

ОӘЖ 82-311

БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП..... (З.Қабдоловтың «Ұшқын» романы хақында)

Гүлзира Аяпова

филология ғылымдарының кандидаты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті аға оқытушысы

Амина Исламова

Қазақ тілі мен әдебиеті ББ I курс студенті

Аңдатпа: Мақалада З.Қабдоловтың студент-жастар өмірінен жазылған «Ұшқын» романындағы кейіпкерлер, қаламгердің шеберлік қыры сипатталады. Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер және олардың іс-әрекеттері көбіне - көп қиын-қыстау қақтығыс, өрбіген оқиға, мінез-құлықтар көрінісі ретінде суретін табады. Ал «қалай жазыпты» дегенге келсек, Зейнолла Қабдолов туындысында ізденіс мол, шеберлікке, көркемдікке ұмтылудың әрекет-іздері анық көрінеді.

Тірек сөздер: Роман, кейіпкер, образ, замандас бейнесі, көркем тіл, қазақ прозасы.

З.Қабдоловтың шығармашылық мұрасы сан-салалы. Әдебиеттанудың үш саласы поэзия, проза, драма жанрында қалам тербеген екен. Алғашқы шығармашылық жолы поэзия жанрынан бастау алыпты. 1997 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і баспаға ұсынған «Зейнолла Қабдолұлы Қабдолов» атты библиографиялық көрестекіште өлеңдері өткен ғасырдың 40-жылдарында жарыққа шыққанын байқадық. Қазіргі кезде де ел арасында айтылып жүрген «Жайық қызы», «Туған ел» әндері әлі күнге тындаушыларынан кенде болған емес.

Проза жанрында алғашқы әңгімесі «Сері» 1947 жылы жарық көреді.

Біз қарастырғалы отырған «Ұшқын» романының алғашқы «тұсауы» 1955 жылы «Өмір ұшқыны» атты повесть болып жарияланады. «Әдебиет және искусство» журналының №9, 10, 11 сандарына жарияланады. Ал 1956 жылы Қазақ мемлекеттік әдебиет баспасынан «Өмір

ұшқыны» атауымен жеке кітап болып басылып шығады. «Өмір ұшқыны» өңделіп, кейіннен «Ұшқын» атты романға айналады.

Біз аталған романның соңғы 2003 жылы «Санат» баспасынан шыққан нұсқасын пайдаландық. Романды жазушы әкесі Қабдол Көпжанұлына арнапты.

Роман бастауы «Бұл өңірде тамыз туысымен көп ұзамай күз белгісі көріне бастайды: бидайық дәнін төгеді, жусан бүрінен айырылады, бұйырғынның да бояуы оңады – алабота тәрізді әнтек сарғыш тартып, аласара береді. Маусым мен шілде бойы күн күйдіріп, жел жұлқылап әбден ажарын алған құла жондар мен құба белдер тамызда үнсіз бүк түсіп, бейжай, дел-сал сұлап жатады. Жаз бойы жадырап, жамырап жатқан адам-қаралар жаңа қонысқа жылжып қонған соң, көп қоңырлықтар мен кең қоқтылар да қаңырап бос қалып, құлази бастайды» [1,7] деп табиғат өңірін суреттеуден басталады. Ол анау-мынау емес, жазушының өзінің туған жерінің табиғатының көрінісі. Бас кейіпкер Тайманның оқудан, Алматыдан туған жері – Атырау өлкесіне асығып, сағынып келе жатқан беті.

«Оның алдындағы үлкен ойпатта сағымдана мұнартып, мұнайлы қала жатты. Қала. Қара алтынды қала! Біздің жігітке бұл қаланың әр көшесі таныс, әр адамы ыстық. Ол осы қалада туды, осы қалада өсті. Өне, қаланың шығысында самсап, көкке бойлаған қалың вышка – мұнай мұнаралары. Тайман соның арасында қара қошқыл топырағын боратып, жалаң аяқ жүгіріп өсті» [1,13].

Бас кейіпкер Тайманмен оқырман бірден танысып, етене араласып кеткен жақын адамдай, ішкі-жан дүниесімен де нық байланысып отырады. Тайманның туған жерге бұл келісі – Алматыдағы Тау-кен институтының 3 курсы аяқтап, үш айлық өндірістік тәжірибеге келе жатқан беті. Болашақ геолог осы үш айдың ішінде алғашқы екі жылдың жазында өткізген практикадан алған ұғым-түсінігін, ілім-білмін қорыта терендетіп, мұнай көзін бұрғылаудың аса күрделі жұмыстарымен толық танысуға тиіс. Туған жеріне Тайман өзімен бірге оқитын Оразов Қабен, Дәулетов Жабас атты курстастарымен бірге келген-ді.

Жазушы бас кейіпкерімен таныстырып алған соң, ата-анасы Дәурен мен Айжанға тоқталып өтеді. Романның желісінен туған өлке, туған орта, отбасы сынды адамды тәрбиелеп отыратын мықты одақтардың бірлесе сипаттауынан өнегелілікті, ізгілікті еткенін ұққандай боламыз. Бұл сипатты жазушы «ата-анасының қадірі Тайманға әсіресе алыста тереңрек білінеді. Оқуда бұларды ылғи сағынып жүреді. Сағыныш та бір асыл, аяулы нәрсе ғой, шіркін!» [1,24] деп, жып-жылы әдепті ойымен сізді де шығарма иіріміне тартып әкетеді.

«Замандас бейнесін жасау - қашан да болмасын қолына қалам ұстаған әрбір жазушының алдында тұрған асқар асу, шешімін табуы қиын ең бір күрделі шығармашылық мәселердің бірі» [2,273]. З.Қабдолов осы ретте замандас бейнесін – студенттер арқылы сәтті сипаттап, «мәңгі тақырыпты» өзінше дамыта білген. Жаңа оқу жылын тойлаған университетте болған кеште жазушы студенттердің жан-дүниесімен таныстырып өтеді.

Өз кейіпкерлерінің жан – дүниесіне терең үңіліп, психологиялық жай – күйін, дөп басып танып, айнытпай суреттей білу – З.Қабдолов шеберлігінің бір қыры. Пропадағы лирикалық баяндау әдісін терең меңгерген жазушының осы бір көркемдік қырлары жайлы нақтылы ой – тұжырымдардың әлі күнге дейін жоқтығын ескерсек, бұл тақырыптың өзектілігі, өзінен - өзі айқындала түскендей. «Қабен ашаң, ұзын жігіт. Мүйіз көзілдірігін ылғи мұрнының ұшына киіп жүреді. Мұның отырысы-ақ қызық: алдындағы столға доғадай иіліп, жанынан бір қырын қараған адамға сұрақ белгісі тәрізді көрінеді. Қатар-құрбыларының арасында шынында да геолог емес, философ атанған Қабеннің қолынан ешқашан кітап түсіп көрген емес. Қазір де алдында ашық кітап, даяшы әйел тамақ әкелгенше тырп етпестен үңіле оқып отыр. Асхана ішіндегі ызы-шу үннің, әрілесе қасындағы бейтаныс екеудің алабұрта, өреки сөйлескен қызу әңгімесінің де бұған мүлде әсері жоқ, тіпті естімейтін сияқты» [1,110], «Дәурен ағайдың өзіне ұқсаған қиықша қой көзді, дөң мұрын, қалқан құлақ, кішкене Қоңырдың да езуі жиналмайды. Киімі ып-ықшам, тап-таза: үстінде жеңі қысқа ақ көйлек, мойнында қызыл галстук, аяғында қара ботинка; тізесін әрең жасыратын шолақ шалбарының қыры да бар екен. Осы сауықтың өзінікі екеніне

масаттанатын сияқты, үйге сыймайды, жер-көкке тұрмайды: біресе қонақ күтіп, шабан да болса тынымсыз қозғалып жүрген анасына жүгіріп барып, оның толық денесін ешқандай себепсіз құшақтап, өзіне тартады; құлағына әлдене сыбырламақта ниеті бар, бірақ не айтарын өзі де білмейді. Біресе сыртқа жүгіріп шығып, күнге қолын қалқалап, өзі қатар балаларды іздейді, сірә, мақтанбақ ойы бар. Қас қылғанда, күнде қаптап, асыр салып жүретін балалар бүгін Қоңыр көзіне түсе қоймады. Содан соң үйге кіріп, әкесі мен ағасының арасына отырып, әркімнің өзі туралы мақтау сөздерін екі езуін екі құлаққа іліп тастап, үнсіз қуана тыңдады» [1,45].

Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер және олардың іс-әрекеттері көбіне - көп қиын-қыстау қақтығыс, өрбіген оқиға, мінез-құлықтар көрінісі ретінде суретін табады. Ал «қалай жазыпты» дегенге келсек, Зейнолла Қабдолов туындысында ізденіс мол, шеберлікке, көркемдікке ұмтылудың әрекет-іздері анық көрінеді. Кітапты оқығанда көп адамдармен кездесіп, олардың шапағатын, жан жылуын сезесің, кісілік мектебінен өткендей боласың. Туындыларының тілі жақсы, бейнелі. Автор қысқа, ұтымды айта біледі. Стилі де байсалды, жатық. Ең бастысы автордың жазушылығында емес, қалай жазатындығында болса керек. Демек, осы тұрғыдан Зейнолла Қабдоловтың шеберлігі анық аңғарылады.

Зейнолла Қабдоловтың қозғап отырған тақырыбы – өзінің бауыр басқан, бала кезінен қанына сіңген мұнай өндірісі, мұнайшылар өмірі. «Ұшқын» романында бейнеленген басты кейіпкерлер де көріп, біліп, кездесіп жүрген адамдар. Өздеріне тән мінез-құлықтарымен айшықталған дара тұлғалар. Шығармада өз орнын ойып тұрып алатын бас кейіпкерлер Тайманның әкесі Дәурен, анасы Айжан, Дәуреннің жұмыстасы Науша, университет ұстаздары Сапаров, Мусин, Арманов, студенттер Саша, Арынғазы, Қабен, Алмаз, Зәуре, Нағима мен Нәдия типті бейнелер өмірде бар, жинақталған, бір-біріне ұқсамайтын мінезімен көрінген, әрқайсысы автордың шеберлігімен дараланған.

«Ұшқын» романының негізгі тақырыбы – жастар өмірі. Оқырманның алдынан студенттер өмірінің көптеген қызғылықты суреттері өтеді. Студент боп көрген адам дәл сол студенттік өмірді өз өмірінің ең бір қызық мезгілі деп есептейді. Ақшаға кедей болғанымен, романтикаға бай бұл мезгіл адам өмірінде өшпес із қалдырады. Жастық, албырттыққа, қиялға толы сол қайғысыз-мұңсыз өмірде жас адам өзінің алдында үлкен нысана қойып, болашағын соның тұрғысынан ойлайды. Бұл дүниеде пікір таластыруға, өмір құбылыстарына үкім айтуға студенттен батыл адам болмайды. Содан келе қиял-арманы көп, бірінің киімін бірі киіп, тапқанын бөліп жеп жүрген өмірде қанша мінез шыңдалып, қанша ұшқыр қиялдар бір арнада түйісіп, біліммен қаруланып, тұғырынан түлеп ұшуға әзірленіп жатады.

«Викторина жаңа басталған. Дәулетов швейцар столының қасындағы бір биіктеу сатыға шығып ап, қолындағы бір парақ қағазды ұшы сүйірлеу қуарыңқы үлкен мұрнымен тесіп жіберетіндей, көзін сүзе, үңіле қарап алды да, маңдайын жаба қалған дудар шашын кейін серпе шұлғыды:

— Үш романының аты да "О" әрпінен басталатын қай жазушы?

Дуылдасқан, көңілді студенттер бір сәтке тына қалысты. Әлгі жазушыны әркім-ақ табуға асығып, өздері оқыған романдарын еске түсіре бастады. Саша да көзін әжімдендіре қысып, балуан саусақтарын бүге санап, ойланып қалған еді, іле-шала:

— Гончаров, — деп гүж ете түсті.

Дәулетов қасындағы бір студентке, қарлыға шығатын қыжылдақ даусымен:

— Жазып қой. Бірінші сұрақты Семенов тапты, — деді де, қағазына қайта еңкейді.

— "Егер жау берілмесе, оны құртар болар" дегенді айтқан кім?

Жұрт ду ете қалысты:

— Горький.

— Алексей Максимович Горький.

— Мұны бәрі біледі. Жазба! — деді Дәулетов қасындағыға. Қағазына қайта үңілді...»[1, 143].

З.Қабдоловтың студент-жастар сипатындағы қазақ прозасына әкелген Тайман да жаңа типті бейнелер қатарына жатады. Қазақ прозасындағы тұңғыш мұнай инженері болу

жолындағы ізденіс үстіндегі студент. Осы кезеңге дейін студент-жастар өмірі туралы жазылған көркем шығармалар қатарында З.Қабдоловтың «Ұшқын» романы Тайман сынды бас кейіпкердің жаңа тұлғасын әкелген десек қателеспейміз. Қарапайым мұнай саласының жұмысшысы Дәурен мен мейірбан ұстаз Айжанның отбасында білімге құштар боп өскен жас өрен, Алматы қаласына әкесінің жолын жалғастырмақшы боп аттанады.

«Баласын жақсы көрмейтін ата-ана жоқ. Жалғыз-ақ, әркім өзінше жақсы көреді.

Айжан апайдың Тайманға деген махаббаты Дәуреннің айналып-толғануынан бір де кем емес. Бірақ аз күлетін, мінезге ауыр, сырға тұйық, сөзге сараң Айжан махаббатын да ішке бүгеді. Бұл, мүмкін, оның тәрбие жайын жақсы білетін тәжірибелі педагог екеніне де байланысты шығар... Әйтеуір баласын көргенде әжімі аз ақ жүзі нұрлана түсіп, сол жақ қабағын сәл жоғары керіп, ойлы көзін бұрыштандыра қарағанмен, ішке тартып көп емірене қоймайды.

Әкесі мен шешесінің бір үйдің ішіндегі екі мінезін Тайман жастан түйіп өскен. Әке құшағының, өзін бір он жылға еріксіз жасартатынын, ана мейірімінің өзін бір он жылға еріксіз есейтетінін және жақсы біледі» ...»[1, 182].

Туындыдағы Тайман мен Нәдияның махаббаты кітаптың басты өзегі болып табылғандай. Екі жастың махаббаты адалдығымен қоса, нәзіктігі мен сыйластығы өзара ұштасқан бір тілектей жылы келеді. Ең бастысы, бүгінгі күннің жастарына да Тайман мен Нәдияның махаббаты жастарға өнеге боларлық адал, кіршіксіз таза, сезімге толы махаббат.

Жазушы З.Қабдолов «Ұшқын» романында адамгершілік асыл мұраттарды ту етіп көтереді. Адам мен оның қат-қабат күрделі әлеміне терең бойлап, ішкі қайшылықтары мен сезімдік сырларын дөп басып шебер суреттей білуде қаламгер туындысының маңызы зор. Ішкі драматизмнің байлығымен, адам психологиясына терең үңіле алуымен З.Қабдолов романы қазақ прозасының дамуына айрықша ықпал еткенін айта кету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қабдолов З.Таңдамалы шығармалар, I том. Романдар мен пьесалар Алматы, Санат, 2003.-552.

2. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. Алматы: Ғылым, 1982.-368.

ӘОЖ 82-16

КҮЛӘШ АХМЕТОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АВТОР ОБРАЗЫ

Анаргүл Дәулетова

филология магистрі,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

Айнұр Кусаинова

педагогика магистрі,

*№2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің модератор-мұғалімі*

Аңдатпа: Мақалада Күләш Ахметованың лирикасындағы автор бейнесі, ақындық мен,, лирикасының тақырыбы, идеясы, көркемдігі, құрылысы толыққанды қарастырылады. Автор образының әр түрлі дәрежеде берілуі, ақын сезімі, толғанысы, лирикалық тұлға позициясы беріледі. Кейіпкер мен ақындық мен арасындағы байланыс қарастырылады.

Түйін сөздер: автор образы, ақындық мен, лирикалық мен, лирикалық кейіпкер

«Көркем шығармадағы автордың бейнесі жазушының өз тұлғасының көріну қалпы. Әрине, автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі бәрі-бәрі кең толық мағынасында шығарманың өн бойынан, бүкіл құрылыс бітімінен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады. Бұл - оның шығармашылық тұлғасы, жазушылық, суреткерлік сипат өзгешелігі» [1,31].

Әр жанрдағы шығармаларда автордың бейнесі әр түрлі дәрежеде әр қырынан аңғарылады. Лирикада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы яғни жеке авторлық тәжірибесі басқа жанрларға қарағанда айқын, анық бедерленеді, өмір шындығын оқырман лирикалық тұлға позициясындағы автордың көзімен қарап, танып біледі. Әдебиеттану энциклопедиялық сөзігінде: «Автор (от лат. autor- виновник, основатель, сочинитель) как философская категория - создатель литературного произведения, налагающий свой персональный отпечаток на его художественный мир» [2,185], деп анықтама берілген. Әдебиеттануда автор категориясы шығармашылық қабілет, шығармашылық даралық, дара дүниетаным, этикалық, эстетикалық принцип, өмір тәжірибесі секілді ұғымдар ауқымында қарастырылады.

Қазақ әдебиетінде автор бейнесінің тұлғалануы М.Мағауиннің пікірінше, дербес қазақ атымен аталатын әдебиеттің қалыптасу кезеңімен (XV ғ. орта шені) тұспа-тұс келеді. Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың толғауларынан соң толғауды жырлаған орта ғасырлық көшпендінің өмірге көзқарасы, ерлік, адамгершілік туралы түсінігі, ұшқыр қиялы, арман-мұраты, өр тұлға, бөлек бітімі елес береді.

Алайда әлемдік өнертануда автор категориясы туралы ортақ тұжырымның жоқ екенін ескеру қажет. XIX ғ. француз ақыны С.Маллармеден басталған («жазу деген - жеке тұлға ретіндегі даралыққа қатысы жоқ әрекет») шығармашылық процестегі жеке «меннің», автордың дербес тұлға екендігін мойындамайтын, терістейтін идея - қазіргі структурализм, семиотика мектептеріндегі негізгі принциптердің бірі.

Әдебиеттану ғылымында автор теориясының негізін салушы Б.О.Корманның «Проблема автора в художественной литературе» еңбегі көркем туынды мен шығармашылық процесте автордың алатын орнын талдауға арналған. Б.О.Корман авторды бүтін бір көркем концепция ретінде субъективті және субъективті емес формалар бірлігінде қарастырады. Ғалым авторлық сананы шығармашылықпен айналысушы субъектінің әрекеті, нақты өмір материалы мен шығармашылық диалогы деп таниды [3,4]. Т.Шапаев «Ой түбінде жатқан сөз» еңбегінде: «Лирикалық кейіпкер, лирикалық тұлға, поэзиядағы автор образы сынды терминдер шындығында бір ұғымды білдіреді», [4,75] дейді. Лирикалық тұлғаны ақын шығармашылығындағы оқырман қауымға жақсы таныс, адамдық тағдыры, кісілік келбетімен дараланған оқшау бейне деп түсіндіреді. Осы тұста арасына ешқандай айырым белгісі қойылмай, қолданыла беретін лирикалық «мен», ақындық «мен» тәрізді терминдерге де тоқталады. Өлеңдегі лирикалық субъект ортақ дүниетаным, авторлық дербес сана бола отырып, әрқилы адамдық кейіп, мінез, қалып, әлеуметтік, психологиялық түрлі салалар арқылы ашылатын жайлары бар. Мәселен, ол өлең мазмұнында құрылысшы, қойшы, ғашық жігіт, я мұңды қыз, я қария немесе жас бала т.с.с. кейпінде көрініп әрқайсысы өз өресі мен парасат-пайымы дәрежесінде ой толғап, сыр шертуге мүмкін. Олардың бәрін ақынның лирикалық тұлғасымен тұтастықтағы жеке лирикалық кейіпкерлер деп қарауымыз әбден заңды. Ал енді ақын оқырман алдында ешқандай лирикалық «маскасыз» шығып, нақты ақындық, адамдық болмысымен көрініп, бүркемесіз өз атынан сөз алса, ақындық «мен» атауын дәл осындай жағдайда қолдану орынды. Айталық ақын Күлаш:

Адам ем жаны дарқан, арманы бай,
Қиялдың қондырушы ем заңғарына ай
Жаманнан көңіл қалса бір сәріғой,
Жақсыдан жайсаң көңілім қалғаны-ай - [5,37]

десе, мұндағы «менді» ақындық «мен» деу қай тұрғыдан да келісімді болмақ. Жыр жазу үстіндегі көңіл-күй толқынын суреттеп отырған кейіпкер - ақынның өз бейнесі болып

табылады. Ал енді осыған керісінше К.Ахметованың «Домбырадағы жазу» деген лирикалық өлеңін алайық. Жарқын жазда жамылған тау сағым,

Шырқау шыңның аршын төсін аңсадым.

Жұпар иісті жар бұрымын сипаған,

Сал жігіттің сан талдырдым саусағын.

Арулардың қара шашы арман боп,

Сағағыма саусақтары қонған көп.

Бірақ менің бар мұратым жанған жоқ,

Барлық күйім тартылып та болған жоқ [5,52]

Лирикалық субъект («мен») домбыра болып тіл қатады, күй тілінде сыр шертеді. Осы өлең жеке талданғанда домбыра - «кейіпкерді» ақындық «мен» деуіміз әрине сыйымсыз. Бірақ, ол - өлеңнің лирикалық кейіпкері атануға толық хақылы бейне. Авторлық «мен» домбыра кейпіндегі лирикалық образ арқылы объективтенген. Айналып келгенде, бәрі түп негізі ортақ, бір құбылыстың атауы болып табылатын, біздің қазақ әдебиеттануында да тең дәрежеде, талғаусыз қатар қолданыла беретін осы терминдерді бұлай айырмалап қарау - тек шартты түрде ғана мүмкін екені түсінікті. Бірақ, олардың арасындағы, поэтикалық шығармаларды талдау барысында айқын аңғарылатын нәзік мағыналық ньюанстарды ескермеуге тағы болмайды, тұтас ұғымды білдіретін бұл әрқилы атаулардың жігі нақты поэтикалық контекст мазмұнына қарай ажыратылады. Мысалы, лирикалық тұлға ақынның образы - ақынның бүкіл шығармашылығы контекстінде айқындалатын бейне болса, лирикалық кейіпкер жеке фрагментарлық тексте, кез келген лирикалық өлеңде көрініс тапқан авторлық дербес сананың көркемдік тұрпаты. Яғни ақындық «мен», ақын образы атауын да лирикалық тұлға терминімен шендестіре қарауға негіз бар. Өйткені белгілі бір ақын шығармашылығына қатысты қолданғанда «ақындық» деген атаудың өзінде жинақтаушылық, ортақтастық мән бар екені көрінеді. Басты нысанамызға алған көрнекті ақын К.Ахметова поэзияда шешендіктен гөрі ой ұшығын көп қуатындай. Күләш жырларында халық даналығынан қалған үлкен арналылық бар. Сезім серпінімен үзеңгілесе отыра ақыл қорытып, ой толғайды. Сөйтіп ақын нәзік жанды лирик, философ тұлғаға айналады.

Бар бейнеті ақынның жүрме өтеліп,

Гулдей нәзік көңіліңді кім ескерген.

Бір жеңіліс, бір жеңіс, бір қателік...

Қажыдым бұл қарусыз күрестерден.

Тәтті ұйқыға жібермей дауылдай түн

Өлең іздеп отырам бұрышта ана.

Әлемдегі өлеңмен ауырмайтын

Жандар ұйықтап жатыр-ау тыныш қана. [5,45]

Бұл философиялы әрі әдемі лирикалық жолдарда ақындық кредо, теңіз құяр бұлақтың түп-тұнық көзі тұр. Ақын бастау алар көзді жазбай таниды. Ой-сана мен көңіл-күй, мұңды да асқақ сезім күйіне қалай айналғанын сезбейсіз де. Күләш - өмірдегі адам баласына опық жегізген зұлымдықпен, мейірімсіздікпен қарусыз күрескен күрескер. Бірақ оның жамандық атаулыны шенеп мінейтін өткір тілі, қажымас қайраты бар. Өлең іздеп ауырмайтын жандар тәтті ұйқыда жатқанда ақынға сол тыныш түннің өзі дауыл соққан алай-дүлей сияқты. Ақын жанындағы дауыл сырт әлемдегі жалған тыныштықты бұзып, ақынға жаңа жыр жолдарын жазуға жетелеп отыр. Әрбір сөз астарындағы ақынның ойы мен сезімі ақын тұлғаның тереңіне тартады. Ақынның азаматтық бейнесін айғақтайды. Ақын жырларын оқи отырып, ешбір ақынға ұқсамайтын өз үнін, стилін танимыз. Ақын мен оқырман лирикалық тұлға арқылы пердесіз, ашық сырласады. Ірі ақынның қай-қайсының да лирикалық туындылары арқылы олардың негізгі лирикалық қаһарманының барша қасиет ерекшеліктерімен нақты адам, тұтас ірі тұлға ретінде сипаттап шығуға болады. Ақынның поэтикалық әлемі, ақындық тұлға, ақын образы деген ұғымдардың қай қайсысына да бір қасиет ортақ. Ол - тұтастық. Ақынның шығармашылық тұтастығы, дүниетаным сипатының, ақындық мінез

темпераментінің бөлініп жарылмас бірегейлігі. К.Ахметованың поэзиясында түр - түс, бояу реңктерін бейнелеу ерекшелігі танылады:

Өмір деген бояу екен әр түсті,
Ақ пен қара әлімсақтан тартысты.
Қара шашқа араласып ақ талдар.
Қаратаудың басына аппақ қар түсті
Өмір деген бояу екен сан түсті,
Жасыл шөпке жалба-жұлба шаң түсті.
Кешкі сурет ұқсамайды даланың
Шаңқай ашық суретіне тел түскі [6,54]

Ақын жырларындағы арналылық, философиялық ойлардың тамыр тартар тереңіне бойлауында жатыр. Күләш ақ пен қараның тартысы толастамаған өмірдегі басқада бояуларының мәнін ашады.

Байқаңызшы, ойлағанда түнді ояу,
Бір бояуды кемітеді бір бояу.
Зер салыңыз – батар кезде күн баяу.
Бір бояуды күшейтеді бір бояу[6,54]

Өлеңнің соңғы шумағы автор ойының арнасы құйылған көл іспеттес.Күләш – көп орайда образбен ойлайтын, сөйлейтін ақын.Күн ұясына кірер сәттегі құбылатын бояулардың түсін дәл ашады.Әркім болжай алмайтын мұндай дәлдікті ақын шебер бейнелеген.Бұл тармақтардан Күләшқа ғана тән ойды оқып, соған ғана тән үнді естиміз.Ақын шығармаларында көрініс табатын ұлттық-таным мен ұлттық ойлау принциптері автор бейнесін айқындай түсетін факторлар болып табылады. Ақын интелектісі неғұрлым кемелденген сайын оның поэзиясындағы образдар әлемі, жалпы бейнелілік күрделене бермек.Қазіргі қазақ поэзиясында ұлттық өмірдің көркем бейнесі, шындығы К.Ахметова жырларында көрініс тапқан.

Қазақ өлеңіндегі ұлттық ойлау, ұлттық мінез, эстетикалық түйсік, таным-түсінік, кейде төрт түлік образдар арқылы да танылады. Халқымыздың ертеден түйе мен жылқы малын асыл қадірлейтіні белгілі. Күләш поэзиясынан төрт түлікке байланысты образдарды көп кездестіреміз. Мысалы Күләш ақынның:

Ірікпей, билей алмай сезім легін,
Келеді өлең жазып, көз ілмегім
Боранда отырайын боп-боз болып,
Боздатып қара өлеңнің боз інгенін [6,87]

Халқының ұлттық рухынан нәр алған ақын образын осы бір ғана шумақтан тануға болады. Өз сезімін билей алмаған ақын сезім легін өлеңге ақтарып, ой батпанына жеңілдейді. Қара өлеңнің бозінгенін боздату - нағыз ұлттық образдық ой жүйесінен туындаған бейне. Немесе мына жолдарға көз салайық:

Қайтейін, қозғамайын өткенінді,
Шештім ғой бүгін түйе шекпенімді [7,135]

Күләштің ағынан ақтарыла жазған туған елге деген сүйіспеншілігін бейнелейтін «Сарыарқаға» арнаған осы бір өлеңінде «түйе шекпен» образы сағыныш, ой-сезімді білдірсе, түйе шекпенін шешу сағынышын, мауқын басу. Оның айқын дәлелі өлең соңында берілген:

Байтағым, байғазым деп көргеніме,
Өлеңім - тағып кеткен алтын алқам, [7,13]

деп түйіндейді. Ақынның «Ауылды сағынғанда» өлеңінде ақын сағынышы былай суреттеледі:

Осы бір сәтте ақындық атты бақ дарып,
Шалқытып жатыр жанымнан жалын ақтарып.
Думанды ауыл дидарың жатыр кеудемде,
Тал бесіктегі таққан тұмардай сақталып [8,75]

Ауыл бейнесі ақын жанында тал бесікке тағылған тұмар образында сақталған. Қазақ ұғымында - бесік қасиетті ұғым. Дүние бастауын сол қасиетті бесіктен алады. Тал бесікке тағылған тұмар әр қазақ баласының жадында сақталады, ол көкірегін сағыныш билеген ақынға ауыл дидарын еске түсіріп отыр. Туған жерін сағынған ақын өз бейнесі, ойы, сезімі арқылы бұл шумақтардан да қазақ халқының ұлттық мінезін танытады. Ақын шығармашылығында автор образын саралауда ол талданған әрбір бейнелі сөз, сөз тіркесі үлкен роль атқарады.

-Жер - Ана!

-Адамға бар не тілегің?

Қан төгіп соғыспандар,

Өтінемін!

Куәсі етіп соғыстың,

Ұлы істің де,

Жетпейді екен еш нәрсе тыныш күнге.

Ақылынан адамның

Азап тауып

Алмағайып тұрмаймын қыл үстінде....

Қандай әсем көктемнің шағы мына!

Қадірін алмаған бар әлі ұғына

Қаламаймын қара орман қайғырғанын,

Қан шашырап қайыңның қабағына [6,30]

К.Ахметова өзі ақын атынан, әрі Жер - Ана атынан сөз ала отырып, өзіндік ой-арманын, дүниеге көзқарасын білдіреді. Жер бетіндегі тіршіліктің жойылып кету қаупі барын айтқан ақынның азаматтық бейнесін танимыз. Автор Жер - Ана мен ақын бейнесінде үлкен ізгілікті көксейді, адамгершілік, бейбітшіліктің жер бетінде билік құруын қалайды.

Көркемдік бейнелеу амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны үлгілі. Ендеше Күләш өз мұң-шерін бұлтқа, жаңбырға, қарға сыйғызады.

Кеудемді басып қауіп бір,

Қиналдым қанат қағып құр.

Ашық та үнсіз ақ аспан,

Жанымда жаңбыр жауып тұр [6,48]

деп көңіл-күйін әдемі өреді. Ақынның мұң шағып, сыр шертетін образы - жапырақ.

Жапырақтар,

Әр түрлі ән құрасыңдар,

Алдарында әр түрлі тұрарсыңдар

Нәзіктерім, сендермен сырласайын,

Менің нәзік жанымды ұғарсыңдар

Ұғарсыңдар, ұғу да, тану да арман,

Жасарыңдар, жасқанбай жауын, қардан,

Қорықпандар салқыннан, дауылдардан [6,53]

«Қорықпандар шөлден де, аптаптан да, Өр өзені өмірдің қатты аққанда» немесе «Тіршілікте боран да, құйын да бар, қайдан сенің түсінсін күйінді олар?» деп жапырақ сырласына ағынан ақтарыла ырып, өз жанын танытады. Ақын «Жапырақ жаздың жүрегі» атты өлеңдер топтамасында жапырақтың қысқа ғұмырын адам өмірімен шендестіре суреттейді. Қысқа ғана жапырақ - ғұмыр адам баласының қамшының сабындай қысқа өмірі сияқты.

К.Ахметова өлеңдері сюжетке, диалогқа негізделіп, лирикалық кейіпкердің ой-тебіреністері ішкі монолог түрінде келіп отырады. Ақын поэзиясындағы автор образын саралай келгенде бірінші – өмірге, өмірлік жарына адал ғашық жанның бейнесі, екінші – болашақ ұрпақ тағдыры толғантқан ана образы, үшіншіден - әділдік үшін күрескен өршіл рух, өмір жайлы ой толғаған ақын образын таныдық. Ең бастысы, ақын поэзиясында осы қырларының басын біріктіріп тұрған азамат ақын образы бой көтереді ақынымыздың

поэзиядағы бейнесі арқылы біз оларды өзі өмір сүрген заманды қалай танитынын, халықтың мүддесін, арман-тілегін қалай түсінетінін көреміз. Халық өмірінің, заман келбетінің поэзиядағы көрінісі арқылы автор бейнесін айқын сезіне түсеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құрастырған: Ахметов З., Шанбаев Т.- Алматы: Ана тілі, 1998.-384 б.
- 2.Литературный энциклопедический словарь. Под. общей ред. Кожевникова В.М. Николаева П.А. - Москва: Советская энциклопедия. 1987. - 750 стр
- 3.Корман Б.О. Проблема автора художественной литературе.-Воронеж, 1967.- 650 стр.
- 4.Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. Бүгінгі лирика бағдары. - Алматы: Жазушы, 1989.-190 б.
- 5.Ахметова К. Бұлақтағы жұлдыздар. - Алматы: Жазушы, 1982. - 150 б
- 6.Ахметова К. Күн шыққанда күліп оян. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Ана тілі, 1996.-302 б.
- 7.Ахметова К. Арғымақтар даласы. Өлеңдер. - Алматы: Жалын, 1987.-191 б.
- 8.Ахметова К. Ақ гүлім. Өлеңдер.-Алматы: Жазушы, 1975.-75 б

ӘОЖ 82:82.09

З.ҚАБДОЛОВТЫҢ «МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ» РОМАН-ЭССЕСІНДЕГІ ӘУЕЗОВ ОБРАЗЫ

Назерке Смагулова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Филология факультетінің 2-курс магистранты

nazerke.smagulova.00@mail.ru

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақала Зейнолла Қабдоловтың екі жүз жиырма бес беттен тұратын Мұхтар Әуезовтің ұстаздық қызметі, тағдыры мен қаламгерлігі жайлы жазылған «Менің Әуезовім» роман-эссесін талдауға негізделген. Мұхтар Әуезовтің ұстаздық бейнесі мақалада басты нысан ретінде қарастырылған. Педагогтық шеберлік – мұғалімнің жалпы әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол өз білетінін тәлімгерге түсіндіре білу, тәлімгердің мәліметті толық қабылдағанына көз жеткізу. Мұғалімдердің мәдени белсенділігіне елімізде орын алған объективті табыстар мен шегіністер әсер етпей тұрмады. Дегенмен, мұғалімнің кәсіптік қызметінің құпиясын, қоғамдық белсенділігінің механизмдерін ғылыми тұрғыдан танып-білудің маңыздылығы ешқашан төмендеген емес. Сондай-ақ, жарияланымда Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романына қарсы партократтық қылықтан кейінгі күрделі психологиялық жағдайы баяндалады. Автор романды жазу барысында психологиялық жарыспалылық әдісті ұтымды пайдаланған.

Түйін сөздер: Мұхтар Әуезов, роман-эссе, филология факультеті, ұстаздық, педагогика, ұлттық идея.

Аннотация: Статья основана на анализе романа-очерка Зейноллы Кабдолова «Мой Ауэзов», написанного о педагогической деятельности, судьбе и творчестве Мухтара Ауэзова. В качестве основного объекта в статье рассматривается образ Мухтара Ауэзова как педагога. Педагогическое мастерство – это не только общая методическая компетентность преподавателя, но и умение объяснить абитуриенту то, что он знает, убедиться, что абитуриент полностью воспринял информацию. На культурную деятельность педагогов влияли объективные успехи и неудачи, имевшие место в стране. Однако важность познания секретов профессиональной деятельности педагога и механизмов социальной деятельности с научной точки зрения никогда не уменьшалась.

Также в публикации описывается сложное психологическое состояние Мухтара Ауэзова после партOCRратического поступка против романа «Путь Абая». При написании романа автор рационально использовал метод психологического соревнования.

Ключевые слова: Мухтар Ауэзов, роман-эссе, филологический факультет, преподавание, педагогика, национальная идея.

Annotation: The article is based on the analysis of the novel-essay by Zeinolla Kabdолоv «My Auezov», written about the pedagogical activity, fate and work of Mukhtar Auezov. The image of Mukhtar Auezov as a teacher is considered as the main object in the article. Pedagogical excellence is not only the general methodological competence of the teacher, but also the ability to explain to the applicant what he knows, to make sure that the applicant has fully perceived the information. The cultural activities of teachers were influenced by the objective successes and failures that took place in the country. However, the importance of knowing the secrets of the professional activity of a teacher and the mechanisms of social activity from a scientific point of view has never diminished. The publication also describes the difficult psychological state of Mukhtar Auezov after the partocratic act against the novel «The Path of Abai». When writing the novel, the author rationally used the method of psychological competition.

Keywords: Mukhtar Auezov, novel-essay, philological faculty, teaching, pedagogy, national idea.

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы сан қырлы. Оның ғұмырнамасы талай еңбектерге арқау болды. Расында, таланттың әдебиет ортасына келуі табиғатпен орнатылған заңдылық сияқты. Сауатын әліппемен емес, Әуез атасы ұсынған Мүрсейіт қолжазбаларындағы Абайдың өлеңдерімен ашуы – назар аударуға тұрарлық. Мұхтар Әуезовтің өскен ортасында Абай ауылындағы шынайы көріністер де, «Абай жолындағы» шыншыл суреттер де өтіп жатты. Өнер мен өмірден егіз ұғым жасау – жазушының өмірлік миссиясы іспетті. Ғұламаның әдеби-шығармашылық еңбекпен ерте айналысқаны белгілі. Оған әсер еткен факторлар – феодалдық-патриархалдық қоғамдағы қазақ елінің сипаты, байлардың кедейлерге үстемдігі, мықтының әлсізге көрсетер күші, барымта, күндестік. Осындай толғандыра оқиғалар жекелеген шығармаларға сюжеттік желі, идеялық арқау болып тартылды.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тұлғасында адам таңқаларлықтай тұтастық бар. Ол жазушы ретінде сан ғасырлық шындықты халқының тағдырымен байланыстырып танытқан кең құлашты эпопеяға дейін самғаса, ғалым ретінде ұлттық әдебиеттің дамуын Абылай заманынынан бастап, дүниежүзілік әдебиет пен өнер сырларын бір арнаға салған зерттеуші. Ал ұстаз ретінде мың шәкіртті энциклопедиялық біліммен сусындырғанына Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім»[1] роман-эссесі дәлел. Әдеби шығармада оның идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға болады. Әр кейіпкер туындыда өзіне тән рухани және қоғамдық қызмет атқаруда көрінеді. Автор идеясын жүзеге асыруда әдеби бейне өз ерекшеліктерімен көзге түседі. Ол сол заманның бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытатын бейне ретінде көрінеді. Әдебиеттің басты өлшемі – көркемдік. Әдеби бейнені жасайтын адамның өзі де көркем бейне. Көркем бейнемен қатар «әдеби қаһарман» термині бар. Әдебиет теоретигі М.Бахтиннің пікірі бойынша, автордың өз қаһарманына қатысты ұстанған позициясы мен шығарманың жанры кейіпкер сипатына ықпал етуімен негізделетінін айтады[2]. «Менің Әуезовімнің» оқиғалық арқауы – Зейнолла Қабдоловтың тау-кен институтынан Қазақ Мемлекеттік университетіне келіп, Мұхтар Әуезовтің дәрістерін тыңдауынан басталады. Роман-эссе соғыс жылдарынан кейінгі Қазақ Мемлекеттік Университетіндегі Филология факультеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының тарихы сияқты. Автор өз көзімен көргенін толғана жазған. Романның неліктен «Менің Әуезовім» аталатынын автор туындының «Романға барар жол» бөлімінде түсіндіреді.

«Белгісіз оппонентпен диалог:

–Менің Әуезовім?

–Я, «Менің Әуезовім»!

–«Менің» деу Әуезовті меншіктеу емес пе? ...Әуезов – бар қазаққа бірдей ортақ тұлға. Оны менікі деп бөліп әкетуге бола ма?

–Болғанда қандай! Содан соң «әкетпеймін», әкелемін... Жә, былай ғой, былай: Әуезов те Пушкин секілді. Пушкин орысқа ортақ, етене жақын. Демек, әр орыстың өз Пушкині бар. Мәселен, Фединнің өз Пушкині, Цветаеваның өз Пушкині, Твардовскийдің өз Пушкині... Сондықтан да Марина Цветаева өзінің очерк-эссесін «Менің Пушкинім» деп атаған. Өйткені оның Пушкині, айталық, не Константин Фединнің, не Александр Твардовскийдің Пушкині емес, өзінің Пушкині еді.

Менің Әуезовім де солай, өзге емес өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезовім. Демек, менің романымдағы Әуезов – сенің не оның емес, менің Әуезовім. Солай: «Менің Әуезовім» [1, 14].

Әуезов образының өзіне тән ерекшеліктері бар:

- Оқырманға эмоциялық әсерлілігі мен танымдық маңыздылығы;
- Оқырманға ой-сезім тудыру, танымын тереңдетуге ықпал ету.

Ұстазы шәкіртін қолынан ұстап жетектемеген, бұл Зейнолла Қабдоловтың өз қалауымен туған ықылас. Әуезовтің дәрісін екі қайтара: бірінші филология факультетінің студенттерімен, екінші рет журналистика факультетінің студенттерімен тыңдап жүрді. Ұстаз да аудиториядағы елу бірінші артық студентті көзімен емес, көңілімен байқаған сыңайлы.

«–Сен бала, басыңды көтер, бері қарашы!

Масқара! Мұнысы несі? Я, сол – өзі, – Әуезов, соның даусы. Лекциясын кілт үзіп, залдағы әлдекімге ажырая қарап, әмір бергендей. Үні қатқыл, тақ-тақ етіп ренішті шықты. Кімге айтты, кімге ренжіді?

–Ал, тұр! – деді Есенбек іштей «шоқ-шоқ» мысқылмен, – саған айтып отыр ғой, тұрсайшы!

Тек! Не дейді? Неге маған?

–Жә, сен! – деді Әуезов. – Саған айтам, тұршы, қане!

Орнымнан қалай ұшып тұрғанымды білгенім жоқ. Аудиториядағы елу жұдырықтай жұмыла төңкеріліп, маған желкелерін көрсеткен елу адамның елу бет-жүзі елу алақандай ашыла шалқалап маған қарады. Алдымда – алыс сәкі үстіндегі Әуезов те маған қарап қалған

–Сен бағана басқа аудиторияда емес пе едің?

Мен «иә» дегендей бас изеген болуым керек.

–Енді мұнда не бітіріп жүрсің?»

Қабдолов филология факультетінің студенттерімен үйренісіп қалды, мұнда да оны ешкім жатырқамады. Мұхтар Әуезовтің де көзі үйренісіп қалған. Әдетінше, лекцияны бастамас бұрын, аудиторияны көзімен жағалап шығады. Осындай күндердің бірінде, дәрістен шығып, өзінің институтына қарай бет алған Зейнолла Қабдоловты Мұхтар Әуезов кафедраға шақырып алады. Шағын бөлмеде профессор Мұхтар Әуезов пен кафедра меңгерушісі доцент Дүйсен Байкенжин отыр екен. Сол жылы Мұхтар Әуезов шәкірт Қабдоловты біржолата университетке ауыстырып алады.

« –Жарайды, – деді Дүйсекең Мұхаңа, – ректорға барайын, Сіз айтты дейін, институттен университетке көшіртейік. Тек өзі қалай қарайды екен?

Мен үндемедім. Өздері айтып, өздері қойып жатты. Қарсы да болмадым» [1, 47].

Осынау елу жылдық ғұмыры оқу орнында өтетінін шәкірт Қабдолов сезбеген болатын. Қабдоловтың суреттеуінде Мұхтар Әуезовтің сөзі өзіне айналатын. Ұстаздың шәкірттеріне үйрететіні – поэтиканың құпиялы ой қолданыстары. Поэзияның пішінінен мазмұнына көше отырып, әр сөзді суретке айналдырады. Университетке ауысқаннан бері Мұхтар Әуезовтің жанынан алыс кетпейтін шәкірт ұстазын өте жақсы танымын деп ойлайтын. Алайда, қателескен екен. Мұхтар Әуезовтің жазушылығын талқылау үшін ұйымдастырылған мәжіліс үш күнге созылды. Ұстаздың басынан өткен қиын күндерді автор төртінші тараудан бастап баяндайды.

Ауыр күндерде шәкірті үнемі ұстазының жанынан табылды. Алайда, автор өзін мақтап жазбайды. Автор ұстазының басындағы күрделі психологиялық жағдайын, көңіл-

күйін, ар-намысын әдемі суреттеген. Бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлықты иеленген Мұхтар Әуезовтің «Абай» романын мәжілістегілер партократтарға тән қылық жасап, романдағы идеялық кемшіліктерді жазушының бетіне баса сөйлейді. Сондағы олардың көрсеткен «кемшіліктері»: үйлену тойлар, бүркітшілік, жайлаудағы өмір арқылы феодалдық-патриархалдық тәртіп көрсетілген, байдың ұлдары, әдемі қыз-келіншектер суреттелген, қазақ халқы әрқашан байлықта өмір сүрген. Мәжілісте Мұхтар Әуезовке жаны ашитын адам көрінбеді. Дәл осы күннен бастап шәкірті ұстазын таныды, ұстаз үйінің есігі ашылды, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани ұғысу жаңа бетбұрысқа бастады. Осындағы әдемі көрсетілген деталь, ол – профессор Әуезовтің маңдайын сол алақанға сүйеп, оң қолына қалам алып алдындағы ақ қағазға қарап ойланып тұруы. Яғни, өмір бойы қаламынан керемет шығармалар туындаған жазушы, дәл сол сәтте не жазарын білмеді. Шәкірттің ұстазының бұл күйіне жаны күйзеледі. Жазушы М.Әлімбаев «Даналық дәрісі үзілмейді» атты мақаласында роман-эссе туралы келесі пікір айтады: «Роман иесі өзі жүктеген мұратқа көңілдегідей жеткен деу лайық. Ұлы Далада даналық дәрісі бір сәтке де үзіліп көрмеген, үзілмейді де! Оған – осы «Менің Әуезовім» де мықты дәлел, орынды уәж... Мұхтар арқылы кемеңгер Абайдың даналық дәрісі Зейнолла шәкірті арқылы ұлы ұстаз Мұхтар дәрісі желі тартып, оқырманды ұйытады, ең бастысы ой толғаттырады.

Запыран жұтып жүріп-ақ, әсте зәмзәмге қанғандай шабыттанып, өзінің Бас кітабын – дәуірнамасын шалқыта, көсілте жазу, халқының ұлылығы мен сұлулығын марапаттау сара қаламның ғана пешенесіне бұйыратын өркениет құдыреттілігі екенін М.Әуезов үрдісі кемел дәлелдеп бергені – ғибратты құбылыс» [3].

Жиырмасыншы жылдың екінші жартысында педагогика, филология және математика кафедраларымен Қазақ Мемлекеттік университеті ашылды. Кафедралардың басшылары ретінде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермеков ұсынылады. Олар қоғамда қуғындалып жүргенімен, партия басшыларының басқа амалы болмай, үш кафедраның басшылары болуға шақырады. Алайда, А.Байтұрсынұлы бұл қызметтен бас тартады. Кейін бұл жұмысқа Мұхтар Әуезов келеді. Көп ұзамай қазақ әдебиеті кафедрасы Мұхтар Әуезовтің нағыз ордасына айналады [1, 92]. «–Біз – мына мен, анау отырған Дүйсекең, мынау Мәкен – бәрін түсінеміз. Мұхаң біздің арғы жағымызды түсінеді. Бәріміз сол кісінің аузына қарап, бәріміз сол кісіге тоқтайтынымыз да сондықтан. Мұхаңа келгенде біз ғана емес, жаңағы шекесіне жіп байлаған Белгілі Бегейдің өзі төбеге ұрғандай тоқтайды. Бір ауыз қарсы сөз айтпайды. Тіпті тіл тартпайды. Тікесінен тік тұрады»[1, 82].

Зейнолла Қабдолов «Абай лирикасы» атты дипломдық жұмысын Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен қорғап, оқу орнын үздік аяқтайды. Енді ауылға барып, қаламгерлікпен айналысатын ойы бар. Алайда, бұл ойын Мұхтар Әуезов құптамай, шәкіртін дереу кафедраға шақыртып алады. Ұстазы шәкіртіне осы оқу орнында оқытушы болып қалуын ұсынады.

«–Ұстаздық – ұлы нәрсе! – деді Мұхаң. – Өзің білесің, мен – жазушымын, ғалыммын. Ал енді осы екеуін де мен ұстаздық жолына – адам тәрбиесіне, төтесін айтсам, адамды Адам етуге, қазақты Қазақ етуге жұмсаумен келемін. Мұның өзі мен ғана ашып жүрген жаңалық емес. Құдайдың бұйрығы! Байыбына барып байқасаң, әдебиет – әдебиет боп, ғылым – ғылым боп жаралғалы атқарып келе жатқан қызметі біреу ғана: ұстаздық – тәрбие. Жазушы мен ғалымның халық арасындағы парызы да, қарызы да – осы. Осы арқылы ұлтты көркейтіп елдікке жеткізу, елдікке жеткен халықты өркениеттің әлемдік биігіне көтеру» [1, 158-159].

Осылайша, кешегі шәкірт өзінің білім алған ордасында ұстаз атанды. Осы тұста Зейнолла Қабдоловты «Пионер» журналының бас редакторы етіп алу туралы шешім қабылдайды. Алайда, зор үмітпен аттанған Мәскеуден көңілсіз қайтты. Оған өзінің аңғалдығы себеп болды. Мәскеуге аттанарда, қолына әлдекім хатты өзі бара жатқан цекамолға тапсыруын сұрайды. Ол хаттың ішінде өзінің үстіне жазылған арыз екен. Арызда шәкірттің де, ұстазы Мұхтар Әуезовтің де есімі аяусыз қараланған. Хаттың қысқаша мазмұны: «Алдыңызға барып отырған жас жігіт – Кеңестің қашанғы қарт дұшпанының шәкірті. Тумысынан ұлтшыл, алашордашыл Әуезов қазір Қазақстандағы идеологиялық ортадан «халық жауы» ретінде қуылып, аласталып жатыр. Большевизмге бақастығының

тамырына балта шабылғалы тұрған ұлтшылдың мақсаты мен мүддесін оның тәрбиесі мен өнегесіне тәнті шәкірті жалғастырсың демесеңдер... Ойлаңыздар! Революцияшыл-большевик Сәмсүгір Сұршин» [1, 166]. Осылайша, автор тақырып сайын адамдарды әрі мінездеп, әрі мүсіндеп, оның қыр-сырын біртіндеп аша береді. Бейнелерді бірден жүктеп қоймайды, кейіпкерлер біреуін екіншісіне өздері танытады. Ұстазына бар жайды түсіндірейін деп Алматыға оралса, Мұхтар Әуезов Мәскеуге ұшып кеткен екен.

Автор оқиға желісіне бейнелерді шебер кірістірді. Көркем бейне арқылы қаламгер өмір көріністерін, адам қасиеттерін образды тілмен өрнектеп береді. Әрбір тақырып бір-бірімен сатылай байланысып, дәлдікпен өрбіп отырды. Л.И.Тимофеевтің: «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті» [4], - деген пікіріне сүйенсек, әдеби шығармада суреттелетін өмір құбылыстары мен кейіпкердің бейнесі екен. Роман-эсседегі Әуезов образы бейнелі сөз арқылы өмір шындығынан жасалған қаламгердің танымдық шығармашылығының жемісі болғаны сөзсіз. Осындай Мұхтар Әуезовтің ұстаздық болмысын өзіне сіңіріп, Зейнолла Қабдолов академик атанды. Қасында жақын жүріп, шәкірті атанған Зейнолла Қабдолов роман-эссені Мұхтар Әуезовтің жүзжылдық мерейтойына арнады. Ғалым Ж.Дәдебаевтің айтуынша, Мұхтар Әуезовтің орнын басқан осы – Зейнолла Қабдолов. «Зейнолла Қабдолов бұл тарапта өз қасиетін Қазақ университетінде Мұхтар Әуезов ұлағатын тану үстінде тапса керек. Әуезовтің данышпандығы, ғұламалығы, кемеңгерлігі кезінде жас оқытушы Қабдоловтың алдынан ұстаздықтың ұшы-қиырсыз ұлы көкжиегін көтерген болуы ғажап емес. Енді сондағы шәкірт бүгінде өз шәкірттері көкірегінен алқызыл раушан гүлін, кісілік пен ізгілік гүлін ырғалтқан ұлағаты мол ұстазға айналды. Университет студенттері Зейнолла Қабдоловтың алдынан сабақ алғанын мақтан тұтатын болады» [5], – дейді академик Зейнолла Қабдоловтың шәкірті Ж.Дәдебаев.

Ең бастысы, роман-эссенің авторы кейіпкерінің қуанышы мен қайғысын өз көзімен көрген, ой бөліскен, жан сырын өз құлағымен естіген. Осылайша, араға жылдар салып, бізге туындысын ұсынды. Ұстазына деген сағынышты көңілін роман-эсседе шебер баяндады және Әуезовтануға айтулы үлес қосты. Романда жазушы психологиялық жарыспалылық әдісті ұтымды пайдаланды. Әрине, бұл оның шеберлігі деуге болады. Аталмыш шығармаға айтылған пікірлер де көп болды. Солардың бірі – Зеки Ахметов роман-эссе жайлы көзқарасын білдіріп өтеді: «Роман-эссе түріндегі бұл көркем туындыда автордың студент кезіндегі сезім-эсерлері, өзі көзімен көріп, көңіліне түйген, санасына сіңірген жайлар есте сақтала жүріп, оның ой елегінен талай өтіп, екшеліп барып, бүгінгі бай өмірлік тәжірибесімен, ой-толғаныстарымен ұштаса көрінетіні шығармаға ерекше сипат берген. Автордың жас кезінде дәріс алған, ұлылығын жүрегімен, бар болмысымен сезінген ұлы ұстазға деген көңіл толқынысы да оқырманға айқын елес беріп отырады. Шығармамен таныса келе, оқырман Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» деп толғануға толық хақы бар екен деген қорытындыға келері сөзсіз» [6].

Шынымен де, туындыны оқығаннан кейін Мұхтар Әуезовті осыған дейін танымаған екенбіз деген ой келеді. Кейін Зейнолла Қабдолов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әуезовтану» курсына 30-40 жылдан бері қалыптастырды. Курстарға арналаған оқу әдістемесін жариялады. Он жыл бойы жазылған роман-эссе Әуезовтануға қосылған үлкен табыс деп есептейміз. Зейнолла Қабдолов мына қағиданы берік ұстайды: «Шеберлік демекші, қаламгер шеберлігінің түпкі түйіні – жазушының өз жан-жүрегіндегі сезім мен сырды өзгенің ой-санасына мейлінше әсерлі және сұлу жеткізу, ұтымды және дәл дарыту. Бұл үшін жазушыға керек нәрсе үшеу: “Тіл, дәлдік және қысқа жазу – шеберлік материгі осынау үш киттің үстінде тұр”» /В.Инбер/ [7, 113]. Инбердің бұл шеберлік шарттарын Зейнолла Қабдолов шығармаларында берік ұстанады. Жазушы шеберлігі көптеген зерттеушілердің назарын аударғаны сөзсіз. Қабдолов тіліне баға бергендердің бірі жазушы С.Шаймерденов былай деді: «Ал, Зейнолла Қабдолов тіліне келсек, ол арнайы сөз етер ерекше тақырып. Зерттеуге тұрарлық тақырып. Кейбіреулер анау тілге бай деп жатады. Мен сол тілге байларды оқығанда, шынымды айтсам, кебек жұтқандай кептеліп отырамын.

Ал, Зейнолла тілі майдан қыл суырғандай, сондай жатық, тіл нәзіктігіне келгенде, мен Зейнолланы қазақтың Тургеневі десем, артық емес» [7, 215]. Жазушы тілін қысқаша сөз еттік. Автор қай жанрға жазбасын, қытықсыз қалжың бірге жүреді, автордың достары мен өз бейнесі еріксіз езу тартқызады. Оқиғалар тізбегінің алмасып отырғандай әсер қалдыруын да жазушы шеберлігінің бір белгісі деп есептеуіміз керек. Осы әдісті ол оқырман ой-санасын баурап алудың тәсілі ретінде орынды пайдаланып отырады. Бұған автор романда қолданған лирикалық шегіністердің ықпалы бар.

Қазақ ұлтының мыңдаған жылдар бойында басынан кешкен сан қилы тарихи кезеңдері ең алдымен көркем әдебиетте көрініс табады. Төл әдебиетіміздің жүріп өткен жолы ұлт өмірінің қат-қабат белестерімен ажырағысыз байланыс-бірлікте болып, ел тағдыры мен тіршілігінің айрықша белесіне айналуымен қатар, соған сәйкес өзінің де толысу, тұлғалану немесе тоқырау кезеңдерін бастап өткергені белгілі. Ұлттық идеяның ең бір құнарлы ағыстары ұлттық тәуелсіздік жолындағы азаттық күрестен бастау алатындығын жіті аңғарған қаламгерлер замана қайшылықтарын, қоғам шындығын тартымды сюжеттік желілерге арқау ете білген, сол арқылы тұтас бір кезеңнің тарихи дамуын алдымызға жайып салады. Мұғалімдердің мәдени белсенділігіне елімізде орын алған объективті табыстар мен шегіністер әсер етпей тұрмады. Педагогикалық интеллигенцияның мәдени-ағарту қызметіндегі табыстар мен кемшіліктер генезисі – ғылыми және практикалық маңызы бар кешенді мәселе. Талай жылғы тоталитарлық бұғаудан құтылып, өзінің тілі, ұлттық рәміздері бар тәуелсіз ел болуымызға байланысты ұлттық рухани қазыналарымызға оралу жаңаша ойлау тұрғысынан пәннің бүкіл оқу-әдістемелік жүйесін кешенді түрде түбегейлі жаңарту туралы пікірлер ұсынылды. Алайда, мұғалімнің кәсіптік қызметінің құпиясын, қоғамдық белсенділігінің механизмдерін ғылыми тұрғыдан танып-білудің маңыздылығы ешқашан төмендеген емес. Себебі, мұғалім мамандығы – мәңгі мамандық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдол З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997.
2. Бахтин М.М. Автор и герой эстетической деятельности. Проблема отношения автора к герою (Эстетика словесного творчества). – Москва, 1979. – С.18.
3. Әлімбаев М. Даналық дәрісі үзілмейді//ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы, 1997, №14, 34-36 б.
4. Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – Москва, 1971. – С. 118.
5. Дәдебаев Ж. Ұстаздық ұлы нәрсе//ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы, 1997, №14, 72-74 б.
6. Ахметов З. Дарындылық пен парасаттылық// ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы, 1997, №14, 66-68 б.
7. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы, 2-т. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.

«МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ» - ШОҚТЫҒЫ БИІК ТУЫНДЫ

Мөлдір Ерғалиева

Фарица Оңғарсынова атындағы №41 мектеп – гимназиясы

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ergalieva.1978@bk.ru

Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада жазушы Зейнолла Қабдоловтың әдеби-ғылыми мұрасы және көркем туындыларының бағалы рухани құндылығымызға айналғаны, көркемдік кестесімен, өзгеше өрнегімен ерекшеленетіні туралы баяндалады.

Түйін сөздер: жазушы, ғалым, кітап, туынды, суреткерлік ерекшелігі, сөз өрнектері.

Жазушы Зейнолла Қабдоловтың әдеби-ғылыми мұрасы зерттеушілер назарынан ешқашан тыс қалған емес. Оқырман қауым ыстық ықыласпен қабылдаған бұл шығармалар бүгінде бағалы рухани құндылығымызға айналды. Жазған-сызғанына асқан талғампаздықпен қарайтын қарымды қаламгердің туындылары көркемдік кестесімен, өзгеше өрнегімен ерекшеленеді. Оның романдары мен әдебиеттану саласындағы ғылыми еңбектері, аудармалары мен сын-мақалалары, эсселері мен көсемсөздік толғамдары әлдеқашан жұртшылықтан лайықты бағасын алды.

Зейнолла Қабдолов Атырау облысында 1927 жылы 12 желтоқсанда мұнайшы отбасында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін) бітірген. 1950 жылдан дүниеден өткенше осы университетте ұстаздық қызмет атқарды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді, әдеби шығармашылық еңбекпен айналысты. Ұстаздықта — профессор, ғылымда -академик, көркем шығармашылықта Халық жазушысы деген биік белестерге шықты. Зейнолла Қабдолов шығармашылық жолын өлеңнен бастап, кейін проза, көркем аударма, ғылыми-зерттеу салаларында еңбек етті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторларының бірі, «Ұшқын» (1951), «Жалын» (1962-1964), «Менің Әуезовім» (1997) және Махамбеттің өмірі мен өлімі туралы аяқталмай қалған «Махамбет» («Мұз үстінде от жаққан») романдарын, бірнеше эссе жинақтарын («Адам», «Сыр»), әдеби талдаулары мен толғаныстарын («Жанр сыры», «Жебе», «Көзқарас», «Арна»), «Сөз өнері» атты монографиялық зерттеуін, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Әдебиет теориясының негіздері» оқулығын жазды. «Сөнбейтін от» драмасын сахнаға шығарды. А.Н.Островскийдің «Ұшынған ақша»; Назым Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер»; Гарриет Бичер-Стоудың «Том ағайдың лашығы»; Яшпалдың «Дивья»; Ян Отченашек пен Ярослав Бланктің «Мезгілсіз махаббат»; Михаил Шатровтың «Ар диктатурасы» және т.б. пьесаларын қазақ тіліне аударды. Қаламгердің таңдамалы шығармалары бірнеше рет басылып шықты (екі томдық, бес томдық, алты томдық). «Менің Әуезовім» роман-эссесі үшін жазушыға 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

«Менің Әуезовім» Зейнолла Қабдоловтың ұзақ толғанысынан туған. Жазушы өз шығармасын осы толғанысының сырын айтудан бастайды. Роман-эссе авторы М.Әуезовтен бес жыл оқыған, М.Әуезовпен он жыл бірге қызмет еткен. Романның бас кейіпкері — ұстаз, авторы — ұстазын іздеп тапқан шәкірт. Романның тақырыбы — М.Әуезовтің өмірі мен қызметі, идеясы — Мұхтар Әуезовтің өмірі мен қызметінің өнегесі. М.Әуезовтің өмірі туралы жазылған бірқатар шығармалар бар. Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезов туралы өзінше, тек қана өзінше жазды: жаңа сыр ашты, соны түр тапты. Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі -ішкі мазмұны сырлы, сыртқы түрі нұрлы шығарма. Роман-эсеге арқау болған шындық құбылыстар автордың атынан баяндалады. М.Әуезовтің өмірлік мақсатмүддесі анық, айқын: а) ел мүддесін қорғау; ә) ұлттың рухани құндылықтарын сақтау, байыту,

уағыздау; б) ұлттық әдебиет мамандарын даярлау. М.Әуезовтің өмірі көпқырлы: а) қилы кезеңдерді бастан өткерді; ә) қуғын көрді; б) азап шекті; в) мұратына жетті... М.Әуезовтің қызметі көпсалалы: а) жазушы; ә) ұстаз; б) ғалым; в) қоғам қайраткері. М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің қырлары, салалары автордың көргендері мен сезгендері, көңілге түйген ойлары мен сырлары негізінде суреттеледі.

Роман-эссенің жанрлық сипаты ерекше. Көркем әдебиеттің үш тегіне (эпос, лирика, драма) сәйкес өмірдің шындық құбылыстарын суреттеудің үш түрлі амалы болады: *эпикалық суреттеу амалы; лирикалық суреттеу амалы; дарамалық суреттеу амалы*. Эпикалық амал бойынша: автордың ойы мен сезімінен, санасынан тыс тұрған шындық құбылыстар, оқиғалар суреттеледі. Лирикалық амал бойынша: шындық құбылыстардың, оқиғалардың автордың санасына, ойы мен сезіміне тигізген әсерінен туған күй суреттеледі. Драмалық амал бойынша шындық құбылыстар адамдардың іс-әрекеті түрінде бейнеленеді. Зейнолла Қабдоловтың роман-эссесі — өмірдің шындық құбылыстарын суреттеудің үш амалының (эпикалық, лирикалық, драмалық), көркем әдебиеттің үш тегінің (эпос, лирика, драма) тоғысында жазылған шығарма. Зейнолла Қабдолов роман-эссесінің мазмұнына лайықты тың түр тапқан: роман-эсседе осы үш амалдың немесе көркем әдебиеттің үш тегінің үшеуінің де ерекшеліктері, басты белгілері бар.

Шығарманың жанрлық табиғатына тән екінші бір ерекшелік өмір шындығын көркемдік жинақтаудағы ғылым мен өнердің сабақтастығы шегінде белгілі болады. Роман-эсседе өмірдің шындық құбылыстары а) образдар арқылы бейнеленеді; ә) тұжырым жасау, ой қорыту, пікір тую арқылы пайымдалады. Бұлардың алғашқысы өнерге, көркем әдебиетке тән даралық; кейінгісі ғылымға тән ерекшелік. Осы тұрғыдан келгенде, Зейнолла Қабдоловтың роман-эссесі — өнер мен ғылымның тоғысында жазылған шығарма.

Роман-эсседе жарқырап көзге түсетін бейне — ұстаз, жазушы, ғұлама-ғалым М.Әуезовтің бейнесі. Роман күзгі аспанды, күзгі аспан астындағы Алматыны, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетін, университеттің ғұлама ұстазы М.Әуезов бейнесін көрсетуден басталады. Күзгі аспан көктемгідей көгілдір, таза. Алматының көркіне көз тоймайды. Көшелері түзу. Көше жағалай тізіліп көкке өрлеген көктеректер мен аңқайындар. Көктеректер мен аңқайындардың тобығын айналып сылдыраған бұлақтар: «... арық жиегіндегі жылтыр тастарға мөлдір моншақтай шашылып, төңірегін түгел қоңырсалқын шафхат лебімен желпиді». Көше бойлап екі кісі келеді.

Роман-эсседе көше бойлап келе жатқан екі кісінің бірі -ұстаз, екіншісі — шәкірт. Ұстаз — М.Әуезов. Шәкірт — Зейнолла Қабдолов. Бұл М.Әуезовтің лекциясынан кейінгі сәттің бір көрінісі еді. Жазушы осы сәттен сәл шегініс жасап, оқушыларын университеттің аудиториясына, ондағы лекцияға алып келеді. Лектор — М.Әуезов.

Жазушы М.Әуезовтің университет аудиториясында лекция оқу шеберлігін, шешендігін көрсетіп, лекцияның танымдық табиғатын, эмоциялық мазмұнын, тәлімдік мәнін сипаттай отырып, ұстаз образын жасайды. Автор М.Әуезовтің ұстаздық еңбегін бірнеше қырынан көрсетеді: а) университет аудиториясында лекция оқуы; ә) кафедрада оқыту мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің бағыт-бағдарын барлау мен анықтау; б) талапты, талантты шәкірттерімен аудиториядан тыс жағдайда әңгіме-дүкен құру, пікір алмасу, оларға аңыл-кеңес беру. Ұстаз еңбегінің осы қырларының әрқайсысында өмірлік маңызы мен мәні үлкен тәлім мен тәрбие, білім мен білік, үлгі мен өнеге тағылымы бар.

Қаламгер М.Әуезовтің ұстаздық қызметін, ұстаздық келбетін нақты шындық оқиғалар арқылы көрсетіп алған соң, ұстаз, ұстаздық туралы монолог түрінде берілетін ойлары мен толғаныстарынан сыр ашады. Сөйтіп, эпикалық баяндау лирикалық толғауға ұласады. Роман-эссе авторы: «Ұстаз! Ұстаздық — ұлы нәрсе! Ұстаздық ету — өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау.

Жарық дүниеде бұдан асқан қиын, бұдан асқан қиямет-қайым қызмет жоқ, — деп толғанады. — Мен жоғары мектепке түсісімен ұстаз іздедім. Шарқ ұрдым. Өйткені менің үлгі көргім келді, өнеге алғым келді. Жоғары оқу орнын ғана емес, ұстаздық мектебін, яғни даналық оқуын бітіргім келді. Ол үшін, әрине, Ұстаз керек, шын мәніндегі ұлағатты ұстаз

іздеп табу керек... Мен ұстаз іздедім... және таптым мен соны: арманым жеттім солай!» деп толғайды. Роман-эссенің өн бойында Мұхтар Әуезовтің өмірі мен қызметінің аясында айрықша дараланатын және өзара сабақтас екі ұғымның орны ерекше: а) ұстаз туралы ұғым; ә) ұстаздық туралы ұғым. Роман-эсседе ұстаз бен шәкірт арақатынасында орныққан ерекше екі қасиет жарқырап көзге түседі: а) ұстаздың шәкіртке деген шексіз ілтипаты; ә) шәкірттің ұстазға деген шексіз құрметі. Осы екі қасиет роман-эссенің бүтін көркемдік болмысына негіз болған. Жазушы М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің тек өзі көрген, өзі білген және өзін ойға қалдырған, толғандырған кезеңдерінің оқиғаларын суреттейді, өз көзімен көрмеген оқиғалардың бірқатарын көзкөргендердің өзімен қатар отырып айтқан әңгімелері негізінде көрсетеді. Кейінгі жағдайдың бір мысалы мынадай: Мұхтар Әуезов, Дос Тәкімов, Зейнолла Қабдолов — үш кісі жеңіл машина ішінде келеді. Тастаққа жете бергенде, М.Әуезов машинаны тоқтатып, жерге түседі де, көшенің сол жақ шетінде қыштан салынған бір қабат сұр үйге бет алады. Сұр үйдің сыры машина ішінде қалған екі кісінің диалогі арқылы ашылады:

«- Анау жапырайған тоқал тамды көрдің бе? — деп ақырын сыбырлап, саусағын шошайтты.

— Иә, ол кімнің үйі?

— Құрсын, бұл — үй емес, түрме! — деді Дос дыбысын шығарыңқырап. — Отызыншы жылдың күзінен отыз екінші жылғы көктемге дейін ағамыз осында қамауда отырған.

— Тек! — деппін не дерге білмей...»

Роман-эссені шығармашылық еңбектің нәтижесі деп қарағанда, шығармашылық еңбектің бас тұлғасы, субъектісі — автор. Мына қысқа диалог деңгейінде автор — субъект (баяндаушы) емес, объект (тыңдаушы), ал автордың кейіпкері — объект (тыңдаушы) емес, субъект (баяндаушы). Басқаша айтсақ, диалогтің мына үлгісі шығармашылық еңбек үдерісінде субъектіні (баяндаушыны) — объектіге (тыңдаушыға), объектіні (тыңдаушыны) субъектіге (баяндаушыға) ауыстырудың құралы қызметін атқарады. Мұның өзі сөйлеуші мен тыңдаушының суреттеліп отырған шындық құбылысқа деген қатынастарын неғұрлым толық ашып көрсетуге, шығарманың композициялық және сюжеттік құрылымын тиісті бағытта еркін дамытуға мүмкіншілік береді. Берілген диалог барысында айтылған Достың сөзінен туған әсердің нәтижесінде автордың М.Әуезов туралы ұғымы төңкеріліп түскендей болады. Осының ізінше ол М.Әуезов өмірінің тағы бір қилы кезеңінің шындығына куә болады. XX ғасырдың отызыншы жылдарының басындағы қара бұлт М.Әуезовтің төбесіне осы ғасырдың елуінші жылдарының басында қайта үйіріледі. Үкімет үйінің кең мәжіліс залы. М.Әуезовтің шығармашылық қызметі талқыланып, бағалануда. Сөйлеушілер жазушының шығармашылық қызметіне небір ауыр айып тағуда. Автор өзінің көз алдында болып жатқан оқиғалардан мынадай сыр түйеді: «... ғалымдары бар, жазушылары бар — зал толы жұртты, бір қора қой секілді, мәжілісті басқарып отырған екі адам «әйт» деп өргізіп, «шәйт» деп қайырып, маған беймәлім бір жаққа айдап әкетіп бара жатты». Зал толы жұрттың да, мәжілісті басқарып отырған екі адамның да бейнелері нақты әрі суретті. Олардан туатын мағына бай. Кеңестік идеология үстемдік құрып тұрған заманда мәжіліс басқарып отырған екеу сияқтылар жаны аяулы жақсыға жамандың істерде, «жұртты» осылай «өргізіп», осылай «қайырды». Ақырында өздеріне қажетті үкімді «жұрттың» атынан шығарды, өз қолдарымен жасаған жамандыққа жұртты түгел ортақ етті. Болған істің байыбына барғанда, автор мынадай ой ұсынады: а) жақсы мен жаманның шегін, ақ пен қараның шетін айыра алмайтын, айыруға құқықсыз «жұрттың» үкім шығаруына жағдай жасау, мүмкіншілік беру, міндет арту халық үшін қашанда қатерлі; ә) саяси биліктің мәжбүрлеуімен «жұрт» болып қабылдаған шешімнің, «жұрт» болып шығарған үкімнің ауыртпалығы үшін нақты ешкім, ешбір жеке тұлға жауап бермейді.

Үш күнге созылған мәжілісте М.Әуезовтің жазушылығы, ғылыми шығармашылығы туралы ғалымдар да, жазушылар да, басқалар да сөз сөйледі, пікір айтты. Бірақ зал толы

«жұрттың» ішінде М.Әуезовтің жазушылығы, ғылыми шығармашылығы туралы бір ауыз жылы лебіз білдірген жан болмады.

М.Әуезов туралы роман-эссе авторының берік қалыптасқан мынадай ұғым-түсінігі бар еді: «а) М. Әуезов — қазақ халқының біртуар, дарабоз, сегіз қырлы, бір сырлы азаматы; ә) М.Әуезов — саңлақ суреткер, көркемсөздің қас шебері, заңғар жазушы; б) М. Әуезов — ғұлама ғалым, ақыл-ойдың кені; в) М. Әуезов — кеменгер ұстаз, дана, ұлы тәрбиеші». Автордың М. Әуезов туралы берік қалыптасқан ұғым-түсінігіне үкімет үйінде үш күнге созылған мәжілісте айтылған сөздердің бәрі жат еді. Автор М.Әуезов туралы өзінің берік қалыптасқан ұғым-түсінігіне қайшы айтылған жат сөздерді қабылдай алмады, өз пікірінде қалды. Ішкі монолог үлгісінде көз алдында болған және өзі суреттеп отырған жайға көзқарасын білдірді, бағасын былай берді:

«Асылы, сүт бетінің қаймағын қалқығандай, ұлттың беткеұстар білімділерін, біліктілерін сыпырып әкетсе болғаны, халық дегеніңіз ақыл-ойы, сана-сезімі жұтқа ұшыраған қауқарсыз қара тобырға айналатын көрінеді. Осыны бес саусағындай білетін зымияндар қазақ зиялыларын, олардың ішінде, ұлт мақтаныштарын қуғын-сүргінге салды. Сонда ең бірінші және ең үшкір найза Мұхтар Әуезовке кезелді».

Жазушы М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің шындықтары арқылы елдің өсер өркеніне іргелі ой ұсынады және қатерден сақтандырады. Іргелі ойы — халықтың ұлттық асыл құндылықтарын, қоғамдық сананың тазалығын сақтау, қорғау, келер ұрпаққа кінәратсыз тапсыру туралы ой. Сақтандыратын қатері — халықтың ақыл-ойын, сана-сезімін жұтқа ұшыратудың, ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге салудың қатері.

Роман-эссенің мазмұнын пайымдау барысында авторлық идея мен объективтік идея арақатынасын аңғару қажет. Авторлық идея — автордың М.Әуезов жөнінде роман-эссе жазу туралы бастағы шығармашылық ой өзегі. Автордың шығармашылық ой өзегі жазылатын роман-эссенің тақырыбы мен идеясы арқылы көрініс табады. Объективтік идея — жарыққа шыққан роман-эссенің өзінен туатын маңсатты нәтиже. Роман-эседен туатын мақсатты нәтижені әр оқушы өзінің ұғым-түсінігі, таным деңгейіне сай өзінше бағалайды. Дегенмен мына жайға назар аудару дұрыс: объективтік идея жазушының өз шығармасы арқылы елдің өсер өркеніне ұсынған іргелі ойының арнасында танылады.

Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі — елдің өсер өркеніне халықтың ұлттың асыл құндылықтарын, қоғамдық сананың тазалығын сақтау, қорғау, келер ұрпаққа кінәратсыз тапсыруды ұсынған интеллектуалдық роман үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әдебиеттану. Хрестоматия. А. 1991.
- 2.Қабдолов З. Сөз өнері. А. 2002.
- 3.Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырған Ахметов З. Шаңбаев А. 1996.

ӘОЖ 82-145

ӘУЕЗДІЖЫРЛАР ЛЕБІ

Ақманар Жиенкулова

*№13 Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, шебер-педагог
maro-07@mail.ru
Атырау қ., Қазақстан*

*Аңдатпа: Қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаған академик, халық жазушысы
Зейнолла Қабдоловтың зерделі ой-толғамдары мен ақын Сабырхан Асановтың қазақ
әдебиетін дамытуға қосқан еңбектері туралы жазылып, шығармалары талданған.*

Түйін сөздер: Ақын лирикасындағы жаңашылдық, суреткерлік ерекшелігі, сөз өрнектері, өзіндік толғамдар мен ой-пікір.

Әдебиеттің көркемдігі мен құндылығы әдеби дамудың арнасымен, оны құрайтын халықтың сарқылмас рухани мұрасының байлығымен байланысты екендігі туралы академик З.Қабдолов әдебиет туралы: «Әдеби даму да бір – ағысты өзен: шымырлап өнген қайнар көзі, яки мөлдір бастауы, оған жалғас толқынды арнасы, одан әрі құяр сағасы бар. Халық өмірінің өзі, оның тарихи тағдырлары, оқиғалар мен құбылыстар, қайшылықтар мен тартыстар, қоғамдық қарым-қатынастар мен қарама-қарсылықтар, адамның рухани бітімі, моральдық кескіні, қысқасы, ақиқат шындықтың алуан-алуан саласы әдебиеттің тегін туғызады, қалыптастырады», - деген пікір айтады. [1, 291-292]

Сабырхан өлеңдерін оқығанда, оқушы ерекше хал кешеді. Бұл ненің құдіреті?! Еріксіз ойға қалдырады, өйткені ол поэзия әлемінің бір шәрбат кәусәрі секілді.

Қол бұлғап, көз ұшынан шақырғандай,
Құлпырып, өлкем гүлдеп жатыр қандай!
Жаздай боп жарқыраған жүзін оның,
Ай нұры, күн нұрына батырғандай.

Қырда анау қалалары қатар қонған,
Жылдары жырға айналмай жата алмаған.
Қазақтың байлық тұнған бұл өлкесі,
Бостан-бос Мырзашөл боп аталмаған.

«Поэзия – тіршіліктің, - дейді ұлы сыншы В.Г.Белинский поэзияға байланысты сөзінде, ақ жарқын салтанаты, ол бізге ойда жоқта, оқта-текте бір соғатын өмір ләззаты... Сезімнің толқын дауылы, махаббаттың молдығы, қайғының рахаты... Поэзия – дүние тіршілігінің соғып тұрған тамыры, оның қаны, оты, нұры, күні», - деген.

Сабырхан терең ойлы, жырлары шуақты ақын. Ол нәзік лирик еді. Оның назды-сазды, мұңлы-сырлы жырлары оқушы жүрегін қуанышқа бөлеп, сағыныш ұялататын-ды. Сондықтан болар.оның лирикалық өлеңдеріне композиторлар ерекше ден қойды. Соның ішінде: Шәмші Қалдаяқов, Илья Жақанов, Әсет Бейсеуов, Мыңжасар Маңғытаев сынды нәзік жүректі жандар тамаша әндер тудырды. Илья Жақановтың «Таң Шолпаны», Шәмші Қалдаяқовтың «Отырардағы той», «Теріскей», «Сағынышым менің», «Дүнген қызы», Мыңжасар Маңғытаевтың «Ордабасы», «Ақ қайың арманым», Әсет Бейсеуовтың «Көктөбе көктемі» сияқты лирикалық әндері осындай шығармашылық шабыт биігінен шарықтаған.

Жарқыратып нұрын төксе ай көктем,
Жұмсақ лебі жүрегімді майда өпкен,
Сыңсып ұшқан сыңар аққу секілді,
Сенсіз келген мына көктем, қай көктем.

Көкте бұлттың қанаты аунап,
Көтеріп ел еңсені,
Көктем келсе Алатауға,
Көп ойлаймын мен сені.
Жым-жырт болып жатыр мүлгіп тау іші,
Сұңқылдайды сол түнгі құс даусы.
Біздер жүрген, біздер күлген төбеде,
Жалғыз тұрмын елесіңмен қауышып.

Шаршамасын, шарлай берсін ай көгін,
Мен де біраз шарлап шықтым ой көгін.
Сені мүлдем ұмытпақшы болсам да,
Ұмыттырмас көктемдерді қайтемін.

Немесе: «Ақ қайың арманым» әнінде:

Жаз бойы желбіреп,
Жайқалса желегің,
Жаныңа елбіреп,
Жететін мен едім.
Қолыңнан жетелеп,
Қырларға барғанмын.
Есті алған еркелеп,
Ақ қайың арманым.
Алыстап алып тау,
Аспан-жер арасы,
Күз келіп қалыпты-ау,
Көз салып қарашы.
Күз бітер, қыс келер,
Күн заулап өткенде.
Қалықтап құс келер
Қайтадан көктемде –

деп, жыр легін төгіп келіп жібергенде, жаныңды бір сиқырлы күш баурағандай әсерде боласың.

Сабырхан өз естелігінде былай деп сыр шертеді: «Менің айтайын дегенім – өлең мен ән өлеңінің арасындағы байланыстың аспан мен жердейлігі, тіпті, екеуі екі бөлек дүние деуге де болады. Сол себепті де болса керек, мен де көп жылдар бойы ән өлеңін жазуға бата алмай, тайсақтап келдім...

Дегенмен, жаздым ғой... Қалай, қайтіп жаздым?! Енді соны, аз сөзбен болса да айтып берейін...

Сонау қыз көзіндей мөлдіреп қалып қойған студент кезімізде мен бүгінгі белгілі композиторларымыз Шәмші Қалдаяқов, Илья Жақановтармен пәтерде бірге тұрдым. Екеуінің де творчестволық жолдарының нағыз шабыты түлеп келе жатқан шағы. Лапылдап жанып тұр. Таңертеңнен кешке дейін айтатын әндеріміз Шәмші ағамыздың жаңадан шыққан «Қайықтасы». Барлық жерде сыйлымыз, сөйтіп жүргенімізде бір күні Шәкең:

- Әй, Сабырхан, біз болсақ қой бірге жүріп, бірге тұрамыз. Біз әнін жазсақ, сен сөзін жаз. Ақынсың ғой...

Жұрт: «Әнін жазған мынау, сөзін жазған мынау дейтін болсын» , - деді. Сабырхан жазған алғашқы ән сөздері «Хат» пен «Элегия» солай туған.

Хабар жоқ, сәлемінді қимайсың ба?
Тең санап өзге жанды сыйлайсың ба?
Көп күттім жалғыз ауыз жауабыңды,
Әлде сен біле жүріп қинайсың ба?

Немесе «Элегия» өлеңінде:

Бір кезде тағдыр бізді бір деп еді,
Білмеуші ем біреуді онда күндегенді.
Қуаныш құшағында ұйықтап кетсем,
Сағыныш оятатын күнде мені.

Мен үшін қандай еді бір күлгенің,
Кіршіксіз көңіліңді білдіргенің.
Жақсы еді-ау жаутаң қағып қарағаның,
Тым ерте тарқап кетті-ау сол күндерім.
Бұл күнде не күйдемін – айта алмайсың.
Бет алған бағытыңнан қайта алмайсың.
Ақ білек, кімге ғана наз артасың,
Қара көз, кімге ғана жаутаңдайсың?!

Илья Жақанов екеуінің де «Таң Шолпаны» да сол кезде дүниеге келген болатын.

Күн шықпаған, ай да батқан бір тұста,
Дала мүлгіп, естілмей тұр дыбыс та.
Бүкіл әлем маңдайындай жарқырап,
Өзің күлдің, таң шолпаны, шығыста.

Көп жұлдыздан өзгеше боп сен қалдың,
Ақ жұлдызым, ақша маңдай, Шолпаным.

Әлде менен таң құшағы жасырды,
Көрмеп едім бұрын сендей асылды.
Ай берді ме, күн берді ме сәулесін,
Сол бір шақта жүзіңнен нұр шашылды.

Қарай берсем, көз өтер деп қорқамын,
Толықсыдың толған гүлдей, Шолпаным, -

деген өлең жолдарды Илья Жақановтың әніне жазған-ды. Композитор Илья Жақанов былай дейді: «Ән жазу процесінде композитордың өзіне ғана аян құпия жайлар болады. Кейде ән бұрын туады, бұл жағдайда композитор әннің идеясымен мазмұнын, нені дйттегенін, қандай ойдан туғанын өзінің жан жүрегі қалаған, өзін түсінетін деңгейдегі ақынмен ақылдасады. Әнге өлең жазу үстінде ақын композитордың ойын дөп басса, жаңа әннің дүниеге келгені. Мен тұңғыш әнімді «Салтанаттың» сөзін Қадыр Мырзалиевке жаздырдым. Одан кейін «Таң Шолпаны» деген әніме автор іздегенде Сабырхан Асановқа тоқталдым. Сол кезде ол екінші курста оқып жүрген студент еді.

Сабырханның сол жап-жас балауса кезіндегі сырлы сезімді өлеңдері әр кез елең еткізіп қоятын. Ойлы, сырлы, жібектей есілген нәзік лиризм, лирик ақынға тән аңқылдаған албырт, шыншыл, нені жырласа да, іңкәр жүректің лүпілімен, құштарлық қуатпен өз ойын тап-тұйнақтай етіп тебіреніспен беретін. Осылайша алған тақырыбына лапылдаған жалынмен құлай берілуі Қасым Аманжоловтың ағыл-тегіл ақтарылатын әуезді лирикасына ұқсайтын.

Сондықтан «Таң Шолпаны» атты әніме Сабырхан өлең жазғанда, оған Шәмші Қалдаяқов қатты қызыққан-ды. Кейін келе-келе Сабырхан Шәмшінің әндеріне тамылжыған лирикалы ән сөздерін жазды. Халыққа кең тараған әндері бар. Композиторлардың Сабырханның тереңнен бұлқынып шығатын ойлы, күйлі поэзиясына үйірілуі, оған ден қоюы оның әуезділігіне байланысты еді» - деп, терең тебіреніспен толғана еске алады. Құстың ұшуы үшін қос қанат қандай қажет болса, әннің самғауы үшін әуен мен сөз сондай қажет дейтініміз сондықтан.

Қыраулы қыстан кейінгі ерте көктемнің ерке самалын сағынған төңірек түрленіп, көгілдір мәуіті түрге еніп, қырат-қыр құстар әуеніне елтіп жатқан ерекше сәт, еріксіз еміреніп жүрек қылын жырға жалғайды.

Оңтүстігім,
Кең далам.
Сыр бойым,
Сеніменен қайда жүрсем, бірге ойым.
Ерте өріп шыққан сенің көгіңдей,
Күн көзінен қуат алып тұр бойым.
Жұрттан бұрын жапса гүл көп жерінді,
Қызықтыруға ұлың қашан ерінді,
Ел шетіне кірген ырыс-дәулеттей,
Аңсап күтем сенің көктемдерінді,
Осы күнді,
Шыдап,
Алты ай қыс күткен,
Шулап жатыр мәз-мейрам боп құс біткен...
Таң шығыстан ататыны сияқты,
Көктем ыңғай басталады оңтүстіктен...

Өзге өңірлерде қыс тонын шешіп үлгермеген шақтарда шуақты күннің шапағат нұрына малынып, қауызын ашқан алқызыл гүлдер мен көрікті өлке көрініс береді. Бейне бір жыл жақсылығының хабаршысы – қарлығашындай болған көктемге қуанышты құшағын айқара ашқан ақын заманымыздың заңғар да зәру мәселелерін алыстан іздемейді. Өзі туған өңір-өлкенің тағдыр-табиғатымен, тыныс-тіршілігі, адамдармен біте-қайнастыра, сабақтастыра суреттейді.

Сабырхан шабыт құсының ыңғайымен бірте-бірте көтерілген ақын. «Ақын орны – қаламның қанаты қандай биікке көтеріп шығарса, сол жерде ондай орын әсіресе, биікте көп» - дейді Ғабит Мүсірепов. Сабырхан да өлең аспанынан өз орнын тауып, өз биігіне қонақтады. Мына төмендегідей өлеңдері оған куә болғандай:

О, дала, дала, сенің кеңдігіңді,
Ер жетіп тентек ұлың енді білді.
Көз салсам,
Қуанғаннан кеудем менің
Түндіктей желпілдейді желді күнгі, -

деген өлеңінде де жанға жайлы бір қоңыр салқын жел ескендей. Көңіл сергітіп, сонау алыс көкжиекке жетелейтіндей. «Гармония стиха божественна, не вздумай разгадать ее по книгам мудрецов...» деп Аполлон айтқандай, Сабырхан өлеңдерінде тамаша табиғилық, көзге көріне бермес бір шеңберлік бар екенін сезінгендейсің.

Сабырхан – табиғатында лирик ақын. Әр ақынның көп жырлайтын, қайта айналып соға беретін жыр жалауы болады. Қанша жерді аралап жүрсе де, ат басын соған әкеп тірейді. Өз жанына содан бір ұқсастық табады. Көңіліне медеу, өміріне тірек іздейді. Оның құпия сырларын өз сырындай аялап, өлеңге қосады. Сабырханның:

Көктем – менің
Күлімдеген көздерім.
Көктем – менің
Дүрсілдеген жүрегім, -

дегеніне сенесің. Өйткені, Сабырхан жүрегінде көктеммен бір туыстық бар. Ол Алатау бауырында, Қызылқұм ішінде, Сібір орманында жүрсе де, көктемді аузынан тастамайды.

Алыс, алыс, алыс ұзатайын.
Қымай қарап көктемнің ақырғы айын, -

деп тұрады. Ол өзіне жарасады да, Көктем мінезді ақынның:

Менде жатыр бүкіл қыздың күлкісі,

Менде жатыр бүкіл қыздың өкпесі, -

дегеніне де иланасың. Осылай деуге оның толық қақысы бардай көресің. Өлеңнің күдіреті де осында ғой. Қазақ поэзиясының мәуелі бағында да Сабырхан Асановтың өз өрнегі, өз үлесі бар. Сол бақтың тазалығы мен сұлулығы үшін ұйқысыз өткен түндері мен қадалып отырған күндері бар. «Еділдің ұлы өзен болғандығы оған құятын өзендерге де байланысты ғой...» - деп В.Белинский айтқандай, Сабырхан да сол өзеннің бір саласы.

Байлығы жатқан жалпақ қырға сыймай,

Кеудесі әнге сыймай, жырға сыймай.

Дариға-ай, жырға сыймай.

Күлімдеп тұрған менің Теріскейім,

Күнгейдің құрдасындай, сырласындай.

Дариға-ай, сырласындай.

Аха-ей,

Теріскей, айналайын келбетіңнен,

Сен бізге ақ бесіксің тербетілген...

Атына заты сай кілең оңтүстіктің шуақты күндеріндей жаныңа жылы тиетін жырлар. Көктемге ғашық жүрек алқына соғады. Ақ сөзін айтады. Көктем суреттері көркем салынған. Әрбір жағылған бояуы әдемі үйлескен. Ішкі қуаты күшті, иіріміне тартып кететін жылуы мол бояулар. Түрлі-түстер үйлесімділік танытып, үндестік үдесінен шығады.

Албырап бір атқан мынау ақ таңды-ай,

Бір ерекше нұрға бөкті батқанда Ай...

Жылда еркелеп жүгіремін алдымнан

Көктем емес

Көкем келе жатқандай.

Ақын жүрегі жыл келген сайын бір жасарып қалатындай...

Бедерлі сурет, терең ой, ұтымды теңеу, ұшқыр сезім – Сабырхан қолтаңбасының ерекшелігі. Ең бастысы – ешкімге ұқсамайтын өз отауы, өз орны бар ақын...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.З.Қабдолов. Сөз өнері. – А.: «Санат», 2002. – 360 бет.

2.В.Г.Белинский. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1987. – 352 бет.

3.С.Асанов. Елу көктем. Алматы: Жазушы, 1990. – 205 бет.

4.С. Асанов. Таулар лаыстан көрінеді. Алматы: Жазушы, 1966. 89 бет.

ӘОЖ 82-01

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ - КӨП ҚЫРЛЫ ТАЛАНТ

Алмажай Сулейменова

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым ауданы білім беру бөлімінің «Жаниша (Жаһаниша) Досмұхамедов атындағы «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, I санатты, педагог-сарапшы

Аңдатпа.

Мақалада Зейнолла Қабдоловтың қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде басталған және жарты ғасырдан

астам уақыт бойы сонда жалғасқан ұстаздық және шығармашылық еңбек жолы мазмұнды да мағыналы, жемісті де жеңісті, үлгілі де өнегелі өмірі мен зерттеу еңбектерінің мәні баяндалады.

Зейнолла Қабдолов (1927-2006) - 1927 жылы 12 желтоқсанда Атырау облысында туған. Орта мектептен кейін екі жыл (1943-1945) өндірісте жұмыс істейді. 1945 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1950 жылы үздік дипломмен бітіреді де, осы білім ордасында бүгінге дейін елу жылдан астам үздіксіз білім және ғылым жұмыстарын қатар жүргізіп келеді. Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымының докторы, профессор. Ширек ғасыр бойы ҚазМҰУ-дың әдебиет кафедрасын басқарған, бірнеше жыл "Жұлдыз" журналы мен "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін негізгі мамандығымен қоса атқарған, "Ұшқын" (басында "Өмір ұшқыны") және "Жалын" (Бүкілодақтық жұлдеге ие болды, 1972) романдарының, "Адам" (1964), "Сыр" (1975) атты жинақтарына енген әңгіме-очерктері мен Қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық және бірнеше облыстық театрлардың сахналарында қойылған "Сөнбейтін от" драмасының авторы. "Менің Әуезовім" романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы (1998) берілді. Қазақ және Қырғыз Республикалары ғылымдарының еңбек сіңірген қайраткері. ҚазМҰУ жанындағы филология ғылымының докторы дәрежесін беру жөніндегі тұрақты диссертациялық кеңестің төрағасы. А.Пушкин мен Н.Гогольдің жекелеген шығармалары, Л.Кассиль, В.Добровольский, В.Закруткиннің романдарын, А.Островскийдің "Ұшынған ақша", М.Горькийдің "Күн перзенттері", Н.Хикмегдің "Елеусіз қалған есіл ер" пьесаларын аударған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, "Құрмет Белгісі", Халықтар Достығы, "Парасат" ордендерімен және медальдармен марапатталды. ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы, Қазақ ПЕН-клубы және Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлықтарының лауреаты. Көркем шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылды. Зейнолла Қабдолов 2006 жылы 78 жасында дүниеден өтті. Алматы қаласындағы мекен-тұрағы болған Желтоқсан көшесіндегі №132 үйдің қабырғасына мемориалды тақта орнатылып, қаладағы көшелердің біріне жазушының есімі берілген.

Зейнолла Қабдоловтың әдебиет ғылымындағы іргелі зерттеулерінің басы – «Жанр сыры» (1964). Еңбек тұтастай қазақ әңгімесінің болмысына, пішініне, көркемдік әлеміне, образдар жүйесіне арналған. Барынша жинақылықты, шұрайлы тілді, қалам иесінің жауапкершілігі мен шеберлігін молынан талап ететін әңгіме жанрының ортаңқол дүниелерге жаны қас. Әңгімеге жүрдім бардым көзқарас әдебиетті өсірмейді, қайта өшіреді. Әңгіме поэтикасы кесекөлденең тартатын талаптар биігі жазушының ой өрісі мен дүниеге танымын белгілейді. Табысқа қол созбақ, оқырман үдесінен шықпақ қаламгер үшін шешуші сәт.

Зейнолла Қабдоловтың қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде басталған және жарты ғасырдан астам уақыт бойы сонда жалғасқан ұстаздық және шығармашылық еңбек жолы мазмұнды да мағыналы, жемісті де жеңісті, қалың қазақтың кісісі мен кішісі бірдей ғибрат тұтатын, үлгілі де өнегелі, жарық пен сәулеге, нұр мен сырға бай базарлы да баянды жол болды. Осы жолда Зекең албырт ассистенттен парасатты профессорға дейін, балаң байым белесінен дана ғалым тұғырына дейін өсіп-өркендеді, балапан қауырсынды талапкерден қыран қанатты Халық жазу- 250 шысы биігіне дейін шырқады. Бұл жол Зекеңнің өзі үшін ғана емес, Қазақстан жоғары мектебі, Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстанның ғылымы мен білімі, әдебиеті мен өнері үшін де аса арналы, табысты да ағысты, жемісті де жеңісті ұлы даңғылға айналды. Бұл даңғылда бүгінде Зекең тәрбиелеп шығарған ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен доценттер, қыруар ақын-жазушылар, ұстаздар, көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері шеру тартып келеді. Зейнолла Қабдолов – ғылыми және көркем творчествосы мен оқытушылық қызметінде парасаттылықты, суреткерлікті және шешендік өнер өрнегін интеллектуалдық бір ғана күрделі қасиетке айналдыра алған Қазақстан жоғары мектебінің дара тұлғалы, саңлақ ұстазы. Бұл орайда мақтау сөз, мадақ жырды қанша айтса да

орынды. Бірақ біз олай етпедік. Зейнолла Қабдоловтың лекциясы туралы, оның өзінде аудиторияда көре білгеніміз бен ести алғанымыз туралы ғана айттық. Ал, ұстаз сабағының аудитория атты білім мен білік телегейінің түбінде жатқан қазынасы, біздің көзіміз шалып, ойымыз танып болмаған асқар биігі мен тұңғыық тереңі туралы әңгіме мүлде бөлек. Ұстаз ұлағатының берік тұғыры, нағыз негізі сол терең мен сол биікте жатыр.

Ұстаздың ісінің ұлылығы мен өзінің ұлылығы – бір-бірінен айырып алуға келмейтін, бір-бірімен біте қайнасқан, сөйтіп бір құбылысқа айналып кеткен ерекше қасиет. Ісі ұлының өзі де ұлы. Сондықтан аспанның асты мен жердің үсті аралығынан ұстаздықтан асқан ұлы істі табу қандай қиын болса, сол аспан мен сол жердің ортасында ұстаздан асқан ұлы тұлғаны ұшырастыра қою да оңай емес. Зейнолла Қабдолов осындай, Қазақстан жоғары мектебінің маңдайына дара біткен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті секілді ұлы мәртебелі ордада өніп-өскен, өркен жайған, өнері де, өнегесі де әдемі, әсем ұлы ұстаз еді. Әдебиеттану – табиғаты тамаша ғылым. Оның ерекшелігі негізіндегі жарығы пен жылуында. Әдебиеттануға әркімнің де таласы бар. Оған біреу талантымен келеді, біреу талабымен келеді, енді біреу әуестікпен келеді. Содан олардың әрқайсысы өз көзіне лайықты жарық, өз көңіліне лайықты жылу тауып алған болып жүреді. Бірақ олардың табиғаты өзгермейді: талант талантын ашады, талапты талабын ұштайды, әуесқой әуесқой қалпын сақтайды. Әдебиет пен әдебиеттануға бұлардың бәрі қызмет етеді. Бәрі де өздерін әдебиетші санайды. Біз өз ойымызды олардың бәрі туралы емес, әдебиеттанудағы талант туралы сөзден бастасақ дейміз. Әдебиеттанудағы талант әдебиетші емес. Ол – әдебиеттанушы. Әдебиеттанушы – табиғаты тамаша тұлға. Оның ерекшелігі жанындағы жылу мен жүрегіндегі жарықта. Ол әдебиеттануға әдебиеттің негізіндегі жарыққа жарық қосамын, әдебиеттің негізіндегі жылуға жылу қосамын деп келеді. Ол әдебиеттен де, әдебиеттанудан алмайды. Ол әдебиетке де, әдебиеттануға да алып кетуге келмейді. Ол әдебиетке де, әдебиеттануға да жанындағы жылуын, жүрегіндегі жарығын беріп кетуге келеді. Әдебиет пен әдебиеттанудағы талант табиғатының тамашалығы осында. З. Қабдолов біздің есімізде осындай тамаша тұлға болып қалды. Зейнолла Қабдолов сөз өнерінің теориялық негізін қалады, көркем сөздің эстетикалық сырын барлады, әдебиеттің әсемдік әлемінде парлады. Ол сөз өнерінің негізіндегі жарыққа жарық қосты, сөз өнерінің негізіндегі жылуға қызу қосты. Ол әдебиет пен әдебиеттануға жылуы мен жарығын беріп кетті. Академикжазушының жылуын ұстап, жарығын сақтап қалған әлемді академик Зейнолла Қабдолов әлемі десе болғандай. З. Қабдолов: «Әдебиет – ардың ісі», – деп білді. Бүгінде біз де осы ойды ұстанып жүрміз. З. Қабдоловқа дейін де осы пікірді айтқан тарихи тұлғалар болуы мүмкін. Бірақ З. Қабдоловтың айтуы бір басқа да, өзгелердің айтуы бір басқа. З. Қабдолов, әдеттегісіндей, бұл ұстанымын да ешкімге ұқсамай, ешкімге ұқсатпай, тек өзінше, Қабдоловша ғана айтты, жанының жылуы мен қызуына, жүрегіннің жарығы мен сәулесіне бөлеп айтты. З. Қабдолов айтқан, З. Қабдолов ұстанған мұндай ұстанымдар мен эстетикалық көзқарастардың негізінде жалғас, сабақтас айтылған сөздер мен ойлардың бір-біріне сәуле шашқан, сөйтіп нұрланған, нұры тасыған күйі жатыр. Екіншіден, академикжазушы өзіне дейінгілерден қалған, өзінен де қалатын, қалған жалған дүниеден бұрын өзінің сөз өнерінің тағдырын ойлаған, 255 ойлаған да қиналған. Ойланған сайын ғалым ретінде сөз өнерінің қасиетін таныған үстіне тани түскен, ұққан үстіне ұға түскен, суреткер ретінде өз ісіне деген ұлы жауапкершілікті сезген үстіне сезе түскен. Сондықтан да әдебиеттің ардың ісі екендігі туралы ұстаным З. Қабдоловтың әсемдік әлемінің категорияларының сыны мен сымбатын, мәні мен мәнісін, мазмұны мен мағынасын ұйыстырушы, тұтастырушы, сөйтіп біртұтас құбылысқа айналдырушы айрықша эстетикалық құндылық ретінде дараланады. З. Қабдолов әлемінің эстетикалық категориялары әсемдік пен әдемілікті танудың әдістері мен тәсілдерін ғана айқындап қоймайды, сонымен қатар оларды бағалаудың да өлшемдерін белгілеп, жолдарын анықтайды. Бүгінде әдеби шығарманы, әдеби процесті, әдеби даму заңдылықтарын З. Қабдоловтың әсемдік әлемінің категорияларынан тыс танып, таразылау мүмкін емес. З. Қабдоловтың әсемдік әлемі сұлу, әдемі, келісті. З. Қабдолов әлемінің эстетикалық категориялары – еліміздің мәдени-әлеуметтік құндылықтарының асыл қорына қосылған

мазмұнды да мәнді интеллектуалдық байлық. Олар өмір шындығынан өнер туындысын жасаудың амалдары мен тәсілдерінің, өмір заңдылықтарын көркем суреттеудің шығармашылық қағидаларының өзара сабақтастығы деңгейінде көрініс тапқан күрделі тұтастық болып табылады. Сондықтан қаламгер әлемінің категорияларының мәнін тану мен өмір заңдылықтарының бейнелену қағидаларын пайымдау – өзара тығыз байланысты ірі де іргелі процесс. Осы тұрғыдан келгенде, өмір құбылыстарының бейнелену заңдылықтарын пайымдамайынша, суреткердің әсемдік әлемінің категорияларын тану мүмкін емес. Суреткердің әсемдік әлемінің категорияларын пайымдамайынша, өмір шындығының өнер туындысына айналу заңдылықтарын тану да қиын. Бұл жерде кешенді, жүйелі ұстаным қажет екені даусыз. Өйткені, Қабдолов әлемінде сөз өнерінің теориясы дегеніміздің өзі категориялар жүйесі, категориялар жүйесінің тұтастығы ретінде көрініс береді. 3. Қабдоловтың ғылыми-шығармашылық әдіснамасы жүйесінде бірнеше өзекті міндет шешімін табады: сөз өнерінің құрамдас бірліктері, сипаттары, заңдары анықталады; зерттеу пәні болып отырған бүтін құбылыстың әрбір құрамдас бірлігі басқа бірліктермен өзара байланыста қарастырылады; құбылыстың құрамдас бірліктерінің арасындағы байланыстар, алшақтықтар мен жақындықтар, сәйкестіктер мен қайшылықтар, себепсалдарлық қатынастар анықталады; құбылыс болмысындағы 266 жалқы мен жалпы, бүтін мен бөлшек бір-бірінен бөлек, алшақ емес, бірге, біртұтас пайымдалады; зерттеу үдерісінде бақылау, байқау, тәжірибе деңгейінде алынған мәліметтер теориялық деңгейде сараланады; теориялық деңгейде құбылыстың мәнін тану процесі ұғым, пікір, тұжырым, қағида, заңдылық, заң секілді абстрактылы ойлау арқылы жүзеге асырылады; теориялық ойлау деңгейіндегі жаңа тұжырымдар мен қағидалар, заңдылықтар мен заңдар «әрекетшіл парасат» қызметі нәтижесінде негізделеді. Соның бәрінде зерттеуші зердесінде белгілі құбылыстың мәнін жете тануға қолайлы немесе қолайсыз амал-тәсілдер, әдістер қапысыз анықталады және солардың ішінде ең үздігі пайдаланылады. Бұл – 3. Қабдоловтың зерттеу әдіснамасының жүйелілігін білдіретін ерекшелік. Өмір құбылыстарының қандайы да көп қырлы. Оны танудың алуан түрлі бағыттары, салалары бар. Соған орай оны зерттеудің де жолдары, амалдары мен тәсілдері алуан түрлі. Мысалы, ғалым әдеби үдерісті пайымдауда жүйелі талдау ұстанымын басшылыққа алады, мазмұн мен пішін жайын саралауға келгенде, құрылымдық тұрғы талаптарына сүйенеді, ал жазушы еңбегінің психологиясын, жазушының шығармашылық еңбегінің сатылары мен кезеңдерін сараптауда процессуалдық принципті қолайлы көреді. Қажет деп тапқан тұстарда осы ұстанымдардың тиісті талаптарын біртұтас пайдаланатыны да бар. Осы және басқа ұстанымдар зерттеушінің теориялық ойлауының тегеурінділігін, тереңдігін аңғартады.

Қазақ әдебиетінде өзіндік өшпес ізін таңбалай білген Зейнолла Қабдолов ұрпағына мол мұра қалдырумен қатар, қанша ғасыр тарих қатпарында құнды зерттеу еңбектерімен талай ұрпағын біліммен әлдилей бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Зейнолла Қабдолов [Text] : өнегелі өнер / ... – Алматы : Қазақ университеті, 2012.
2. Шығармалары [Text], [Text] / 3. Қабдолов- Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2014
3. Шығармалары Қабдолов, Зейнолла- Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2013

ТӨЛЕН ӘБДІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САНА АҒЫМЫ

Нурия Онкалбаева

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
филология факультетінің 2-курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан*

Аңдатпа: Мақалада Т.Әбдіктің жазушылық шеберлігі тілінің көркемдігімен емес, кейіпкерлердің жан дүниесін жеткізудегі біліміне негізделіп қарастырылған. Жазушының шығармаларының басым бөлігінде адамның жалғыздығы және санасындағы мың толғанысы мен арпалысы қарастырылған. «Оң қол» шығармасындағы тұпсаналақ теорияларға негіздеп жазса, «Парасат майданын» птологиялық аурулар жайлы терең білімін көрсетеді. Жазушы өзінің авторлық ұстанымы мен жазушылық стилін ерекше қабілеттілігімен көрсете білді.

В статье рассматривается писательское мастерство т. Абдык, основанное не на художественности языка, а на знаниях персонажей в передаче души. Большая часть произведений писателя посвящена одиночеству человека и тысяче волнений и перипетий в его сознании. В произведении "правая рука", основанном на теориях, "Парасат Майдан" демонстрирует глубокие знания о птологических заболеваниях. Писатель отличался особой авторской позицией и стилем письма.

The article discusses the writing skills of T. Abdik, based not on the artistry of his language, but on his knowledge of conveying the soul of the characters. Most of the works of the writer are devoted to the loneliness of a person and a thousand reflections and UPS and downs in his mind. In his work "right hand" he writes on the basis of bottomless theories, and the "front of Parasat" shows a deep knowledge of potological diseases. The writer was able to show his author's position and writing style with special abilities.

Түйін сөздер: әдебиет, жатсыну, тенденция, автор, стиль

Әдебиеттің О бастағы миссиясы – адамзатқа эстетикалық ләззат сыйлау десек, әдебиет қоғамдық талғаммен қатар өзгере береді. Мәселен орыстың «Бедная Лизасынан» бастау алған әйел бақытсыздығы ХХ ғасыр әдебиетінің қарыштап дамуына жол аша отырып «Әйел теңсіздігі» тақырыбының тамырын терең жаюына сеп бола білді. ХХ ғасырдың орта тұстарына таман көлемді шығарма жазу белең алып, соғыс жылдарында небір эпостық мазмұндағы туындылар өмірге келе бастады. Ал тәуелсіздік жылдарында отаншылдық рухпен қатар отанды сүю тақырыбы актуалды болды. Осыншама тенденция мен трендік дүниелердің арасынан психологизм мен жатсыну мәселелері жылт ете қалатын. Қазақ жазушыларының ішінен мұндай жаңашылдықты М.Жұмабаев «Шолпанның күнәсі» туындысы арқылы бастап берді десек, қазіргі қазақ прозасында М.Мағауин, Т.Әбдік сынды жазушылар көркейтіп дамыта алды. Қазақ жазушыларының ішінен жатсыну тақырыбында біршама шығармалар жазған жазушы Т.Әбдік туындылары барлық кезде де терең ізденіс пен зерттеуді талап етіп тұрары анық.

Т.Әбдіктің қазіргі әдебиеттегі жаңашылдығы сол – қазақ әдебиетінде бұрын соңды болмаған кейіпкерлер галлериясын жасай алуы. Кейіпкерлерінің ойлау жүйесі мен өмірге деген көзқарасының алуандығы. «Қаламгер қай кейіпкерінің бейнесін жасамасын ол сөзге сараң, автордың ішкі сезімін сездіре бермейтін салқынқанды. Кейіпкерлері тек өз табиғатына, дәрежесіне тән сөздерді сөйлеп оларды толғайды. Шағын әңгімеде шашырап жатқан ой, оңды-солды пайдаланған сөз жоқ. Әдеби шығармада кейіпкер болмысын кесектеп, ішкі жан сырын ашуда айрықша рөл атқаратын түс ішкі монолог ретінде көрініс тапқан. Әңгімені әсерлі етіп, оқиганы қоюлатып отырған түс – автордың үлкен табысы» [1,7] расында әрбір жазушы өзіндік стилімен даралана келе заманға сай туындылар жазады.

Жазушының шығармаларындағы кейіпкерлер әлемінің тілі көркем болмағанымен ойы, санасы, толқынысы мен тебіренісі ерекше және өзіндік дүниетанымы жетілген толыққанды адам бейнесін ашу арқылы оқырман көңіліне жол таба білген. Төлен Әбдіктің шығармаларын оқыған әрбір оқырман ерекше сезімді басынан өткеріп, өмірдің мәніне тереңдей үңіле алады. Ал оқырманға мұндай шабыт сыйлап тұрған автордың шеберлігі мен білімділігі. Жазушы өзі қандай болса кейіпкерлері де дәл сондай болары анық, сондықтан болар Төлен Әбдіктің кейіпкерлерінің философиялық ойлары терең өзіндік көзқарастары қалыптасқан өмірге деген бағыты айқын, тек өз жан дүниесінің арпалысынан шыға алмай шырғалаңға батып жүрген жандар. Сыртқы дүниеге қарағанда өз жандүниесімен арпалысып жатады, сонымен бірге жалғыз.

Мәселен, Т.Әбдікұлының шығармаларында жиі ұшырасатын «Жалғыздық» философиясы. «Оң қол» әңгімесінде жалғыз Алманың ауруы, «Парасат майданында» жалғыз адамның екіге бөлінуі, «Тозақ оттары жымыңдайды» повесінде арақу тайпасынан жалғыз адамның қалуы, «Қайырсыз жұма» әңгімесінде өзінің жалғыз билікке жетуі, «Қонақтар» әңгімесінде жалғыз ұрпақтың санасыздануы – жалғыздық идеясының анық көрінісі. «Парасат майданы» повесінде жалғыздық былай сипатталады: «Жалғыздық жайында көп ойландым. Қиындыққа да, қиянатқа да, зорлық-зомбылыққа да, жала мен бәлеге де төзуге болатын секілді. Төзуге қиын жалғыз нәрсе - жалғыздық. Адамның жұлын-жүйкесінің қайғы қасіретке төтеп бере алмауы жан азабын бөлісетін жақын жанның жоқтығынан. Ондай кезде жалғыз әміршің - Жалғыздық. Ғашығыңдай жабысқан, түнде түсінде, күндіз ісінде серік болған, жатырлас сыңарың Жалғыздық - енді сенің тағдырың» [1,13]. осыншама жалғыздық пен арпалысып жүрген жандардың тағдыры және жұмбақ жан дүниесі жайлы сөз қозғалады. Оқырман шығармадан заманды, қоғамды және адамадардың көзқарасын ғана көрмейді, сонымен бірге ішкі арпалысын көреді. Жазушының кейіпкерімен бірге тыныстай отырып, өз дүниесіндегі арпалыстың мәнін ұғады, әрі өзгелердің іс әрекетіне түсіністікпен қарай отырып қоғамнан ажырай алмайтындығын түсінеді.

«Қазіргі қазақ прозасында ойлы шығармаларымен, ешкімге ұқсамайтын өзіндік талантымен белгілі Төлен Әбдікұлы – қалың оқырманға да, әдеби ортаға да танымал жазушы. Жазушының әдебиеттегі қолтаңбасының ерекше екендігін өзіндік жазу мәнері, сөз қолданысы, кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, мінез-құлқын сомдау, оқшау образдар, тосын тұлғалар табуы тайға таңба басқандай дәлелдеп тұр. Т.Әбдіковтың кез келген шығармаларының кейіпкерлерінің ой жүйесі, сөз саптауынан бастап дүниетанымына дейін ерекшеленеді.»[2;90] Т.Әбдіктің кейіпкерлері қоғамдағы пікірлер мен қазіргі болып жатқан жағдаяттарға бір толқында қарай алады және сол тұрғыдан келгенде өзіндік ойларымен дараланып, әлеуметтік таптардың арпалысқан пікірлерімен астасып жатады. Төлен Әбдікұлының өзіне тән ерекшелігі таптар арасындағы талас не ер мен әйел арасындағы махаббат емес, адамның жандүниесіндегі арпалыс. Адамның өмірлік ұстанымдары мен жеке ойларының арпалысын терең трагедиялық жағдайлар және эмоцияға толы сюжеттерімен көрсетеді. Төлен Әбдіктің жеткізгісі келген өмірлік философиясы әрбір адам дара тұлға болуымен бірге өз санасында жалғыздықта күй кешеді. Әлемде қаншама адам болса олардың барлығы даралық сипатқа ие болып, өздігінше жалғыздықпен алысып өмірден өтеді. Қаламгердің оқырманға жеткізбек болғаны, қоғамдық санамен күрес не адамдардың пікірімен арпалыс емес, керісінше өзінің даралығынды қабылдай отырып, өмірлік мақсаттары мен армандарының орындалуына өзің ғана себепші бола аласың деген ойды жеткізгісі келген.

Төлен Әбдік шығармаларында адамның ар және нәпсі алдындағы соты мен өзіне өзі айтқан үкімі ашық көрсетіледі. Адам өмір бойы өзімен арпалыса келе ең соңғы минуттарында да арпалыспен жан тапсырады. Адам тұлғасының өзге түгілі өзін аяуға дәрмені қалмайтын сәттерді жазушы оңай әрі жеңіл түрде баяндай отыра және оқырманға жеңіл сөзбен ауыр ойлар салады. Өлім жайлы жазылған бір ғана сюжетінің өзінде қаншама адамның жалғыздығы мен қаншама кейіпкердің жалғыз үміті және жан арпалысы көрініс табады. «Әке» повесінде де жалғыздық көрініс тапқан: «Өлер алдында сөйлей алмады. Тек

қолымды қысып, жалғыз саусағын шошайтты. Жалғыз қалдың дегені болу керек. Өзінің өсиеті бойынша ескі қорымға апарып көмдік. Дүйсеннің үйіндегі Гүлсім жеңгеміз кейін күйеуге шығып кетті. Жалғыз баланы өзімен әкетті», «Ақсары кемпірдің Жорабек деген жалғыз ұлы Ермек көкемдермен бірге соғысқа кеткен [3, 34]. Осы бір сюжеттің өзінде адам баласының өзге түгілі өз тағдырына үкімі жүрмей ауыр жағдайда өмірден озуы және өзінің алдында да өзгелердің алдында да дәрменсіздігі ашық айқын көрінген. Қазіргі оқырманға қызығы соғыс не әйелдің жесір қалуы емес, адамның өзіне кескен өз үкімі. Т.Әбдіктің барлық шығармаларында дерлік, әр адам өз өмірінің, санасының бейлеушісі деп сипаттайды, бірақ пенденің әлсіздігі соншалық өз иелігіндегі санасын басқара алуға ой өресі жетпей қалады. Осы тұста «Оң қол» туындысын алар болсақ «Оң қол» әңгімесіндегі бақытсыз қыздың арғы аталарының бірі өзін-өзі өлтірмек болып, бірақ идея іске аспай қалған. Генетикалық кодқа жазылған өлім әңгімеде былай берілген: «Оң қол Алмаға тек қалың ұйқы құшағына енгенде шабуыл жасайды. Яғни өзіне қанша түсініксіз болғанмен, өзін-өзі өлтіру ниеті қыздың миында бар деген сөз. Бірақ ол ниет кімнің ниеті, қайдан келген. Алманың бүкіл өткен өмірін, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл қалайда қанмен, тұқым қуалап келген ниет. Науқастың шешесі, иә әкесі, иә әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. Енді олар әлдебір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін-өздері өлтіргілері келеді. Бірақ олардың өздері жоқ. Санасының иесі – қыз өлуге тиісті» [4, 317]. осынау шығармада қызды өлтірген оның науқасы емес, санасының тұрақсыздығы. Бұл шығармамен қаламгер оқырманға адамның санасы оны басқара алатынын және өзіндік медициналық білімін де көрсете алған. Т.Әбдік тек қана әдебиет териясын жетік меңгіріп қана қойма, сонымен бірге басқа ғылым салаларын да жақсы меңгерген. Психология мен адамның түпсанасына бойлай отырып, өз шығармаларымен оқырман жадында сақталып қала білген.

Төлен Әбдіктің авторлық ұсытанымдары мен шығармаларынан аңғаратынымыз, дәстүрлердің рамкасына салынбайды. Қоғамдық пікірге қарағанда әдеуметтік мәселелерді жеке адамның пікірі мен дүниеге көзқарасымен көрсете алған. Бүкіл бір заман көрінісін бір ғана адамның санасынан өткізу арқылы оқырманға жеткізе алған. «Парасат майданы» шығармасында тек қана жазушылық шеберлігін ғана емес, білімін де көрсете алады. Жазушы өзіндік көзқарасын оқырманға жеткізе алу үшін ақыл-ойында кемістігі бар науқас адамдар жататын ауруханаға барғандығы және ондағы адамдардың ішкі сырына тереңірек үңіліп көргендігі жайлы өз естеліктерінде атап айтады. Жазушының білімі мен бірге дүние деген көзқарасы әдебиетке деген көзқарасын да өзгерте алды. Соның салдарынан теңдесі жоқ шығармалар дүниеге келе бастады. 2000 жылы әдебиетте Нобель сыйлығын иеленген қытай жазушысы Гао Синцзянь өз лекциясында былай дейді: «Әдебиет жеке әлеуметтік жүйеге тән дәстүрлерден және белгілі бір ортада және уақытта қалыптасқан адамдар арасындағы қатынастардан асып кетсе, онда адамның табиғаты оны сипаттайтындай әрекет етеді – бүкіл адамзатқа ортақ табиғи қасиеттер ашыла бастайды» [6] Мынау жалған дүниенің жапатармағай сұрақтарына жан-жақты жауап беруге тырысқан жазушы адам баласының сан қилы әрекеттерін олардың дүниетанымы мен ішкі психологиялық әлемі арқылы шынайы суреттеп береді. Адам бойындағы тылсым арпалыстар, адам бойындағы психикасындағы ұшы-қиырсыз ғажайыптар, адамгершілік, адалдық сынды тамаша қасиеттер мен пендешілік, арамзалық сияқты алпауыт күштер майданы – Төлен Әбдік шығармаларының негізгі сарыны. [5,11] Осынау пікірден түсінгеніміздей, әдебиет бұл өнер, бірақ белгілі бір заңдылықтарға не теориялар мен аксиомаларға бағынышты емес, адам қиялынан туып, адам қиялын көкке самғата алады. Осы тұрғыдан келегенде Т.Әбдік әдебиетте көркем сөзді орынды қолдануға қарағанда оқырманға ой сала отырып психологизмге негізделген сюжеттермен өз стилін қалыптастыра алды. Жазушының шығармашылығы оқырманның сұрансына не сол замандағы саясатқа негізделмеуі керек. Шығарманың тақырыбы өмірлік оқиғаларға өзгеше қырынан қарау және жазушының өзіндік пікірін дәлелдей алуынан тұруы керек деп алатын болсақ, Т.Әбдік шығармалары қоғам мен тығыз байланыста бола отырып,

Қаламгер мен автор, оқырман, көркем мәтін мен шығарманың ұқсастығы мен айырмашылығын көбіне айыра алмай, шатасып жатамыз. Автор дегеніміз - өнер туындыларын дүниеге әкелуші тұлға болса, қаламгер - автор сөзінің әдебилендірілген нұсқасы. Ал енді көркем мәтін мен шығарманың ара жігін ажыратып көрейік. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі - шығарма [7, 17].

Қаламгер - туындыны дүниеге әкелуші болса, оқырман - оның өмір сүруін жалғастыратын тұлға. Ал көркем шығарманы әдебиеттану ғылымы мәтін ретінде қарастыратындықтан, мәтін - қаламгер мен оқырманның арасындағы көпір. В.В.Савельева: «Көркем мәтін - шығармашылықтың сырлы нәтижесі; талқылаудың және саралаудың нысаны; қаламгер мен оқырманның дүниеге деген өзіндік көзқарасының нәтижесі; ол белгілі бір мәдениеттанудың феномены; лингвистикалық санаты; сублимацияның нәтижесі және невропатологияның куәлігінің айғағы; архетипиялық әлемі; психологиялық нақтылық», - деп көркем мәтіннің табиғатын анықтап берген болатын [8,18]. Демек, оқырман мен авторды байланыстырушы мәтін десек, мәтіннің қызықты әрі, түйткілдерге толы болуы немесе көркемдігі оқырманның жүрегіне жол таба алады. Оқырман барлық шығармадан өз ойлары мен өз арапалысын көре алады және терең ұғынады.

Қ.Жұмалиев: «Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығарманың композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып талдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы да басқа компоненттері кіреді. Ең орталық мәселе – идеялық мазмұн», - деп тұжырымдаған [9,13]. Шығарманы қабылдауда адресаттың болуы маңызды болғаны сынды оқырманның шығарманы тани білуінің де тәжірбиесінің болуы маңызды. Шығарманы тани білмеген, оқи білмеген оқырман шығарманың кейбір тұстарын түсінбей, автор идеясын ұға алмауы себепті шығарма өз бағасын алмай қалу ықтималдығы да жоқ емес. Бұл жерде автордың да жеткізу, жазу тәжірбиесі, ал оқырманның тани, оқи білу тәжірбиесі қажет. Қазіргі таңда оқырманның авторға қояр талабының жоғары болуы, ал авторлардың ол талаптарды қанағаттандыра алмауы да шығарманы оқымауға алып келуде. Н.А.Рубакин: «История литературы – не есть только история писателей, но и история читателей» - деген пікірі негізінде оқырманның да шығармаға әсерінің қатыстылығын көреміз [10,91]. Автор оқырман талабын қанағаттандыру үшін сол заманның зарын, проблемасын шығармасына өзек етеді. Чехов өз замандастарының көрінісі, ал шығармалары заманның ащы зары бола білген. Бұл - автордың тапқырлығының белгісі. А.Чехов деген аттың қазіргі таңға дейін жетуі өз заманының оқырмандарының көңілінен шыға алғандығынан болса керек.

Шығарманың оқырман арасында танымалдығын оның қайта басылуынан, тираж санының көбеюінен және өзге тілдерге аударылуынан көрсек болады. Сонымен бірге, шығармадағы цитаталардың қолданысқа ие болуы және де кинолардың түсірілуін айтамыз. Философ, әдебиеттанушы және сыншылардың да еңбектеріне өзек бола алуы да шығарманың оқырман жүрегіне жол тапқанын көрсетеді.

Шынайы оқырман – шығарманы түсінген, автор идеясын жүрек түбіне жеткізе білген оқырман. Шынайы оқырман заманнан заманға ауысады. Әр заманның шынайы оқырманы әртүрлі болады. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы ХХ ғасыр оқырмандарына ақын Абайдың өмірі, ұлы туынды ретінде танылса, ал ХХІ ғасыр оқырмандарына оқилуы тиіс немесе қазақ тұрмысын, тарихын танытатын шығарма ретінде қабылдауын айта аламыз. Шынайы оқырман көпшілік оқырманның интеллектуалды білімі мен арнайы тәжірбиесімен ерекшеленеді. В.А.Жирмунскийдің мына пікірі шынайы мен көпшілік оқырманның айырмашылығын айырып берсе керек: «Вы читаете поэму, смотрите картину, слушаете сонату чувствуете удовольствие или неудовольствие – вот вкус, разбираете того и другого – вот критика» [11, 92].

Әртүрлі жастағы адамдар, әртүрлі мамандықтағы адамдар және әр дәуір адамдары бір шығарманы әрқалай қабылдайды. Бұл - әр адамның индивид, әркім әртүрлі ойлауға және пікірін айтуға құқылы болуынан болса керек. Мәселен, ХІХ ғасыр оқырмандары діни, тұрмыстық жанрдағы кітапты, ХХ ғасыр тарихи, драма жанрын қаласа, қазіргі таңда фантастика, шытырман оқиғаларға толы шығармаларды жақсы оқиды.

XIX ғасыр өзінің мықты авторларымен, классикалық туындыларымен және таласты әрі тартысты оқитын оқырмандарымен ерекшеленді. Ал XX ғасыр өз бастауын соғыстан алғандықтан, автор мен оқырман, автор мен шығарма өз араларын суытып алды. Сұрапыл соғыс талай адамның қанын ғана емес, оқырманның да ынтасын алып кетті деуімізге болады. Бірақ та ол заманның да оқырмандары болды. Соғыс тақырыбында жазылған шығармалар азғантай оқырманның жүрегіне жол тауып, өз оқырмандарын қайта жинады. Көпшілік оқырман шығармаға шынайы оқырмандай үлкен талап қоймаса да шығармадан өзіндік қажеттіліктерін талап ете алады. Олар шынайы оқырман сынды тіліне, идеясына, сюжетіне және тәсілдеріне қарап, талдау жасауға талпынады. Шынайы оқырман сынды жіліктеп талдамаса да сыни көзқарастан шет қалмайды. Шынайы оқырман кейде авторға қатал қарап жатса, көпшілік оқырман керісінше авторға дем береді.

Т.У.Есембеков «Көркем мәтін поэтикасы» атты еңбегінде: «Әдеби мәтінді түсіну барысын Г.Яусс шартты белгі, яғни нотамен жазылған музыкалық туындының партитурасын оқумен теңестіреді. Бұл кезеңде талқылаушының өзі екіге бөлінеді екен: біреуі - қатардағы оқырман, екіншісі - оның қалай оқығанын талдайтын кәсіби филолог, ол оқырманның үнемі үстінен қарап тұрады. Ал талқылау (интерпретация) үдерісін ғалым мәтінді оқып түсіну кезінде екіге бөлінген оқырманның қайтадан эстетикалық тұтас тұлғаға айналуы дейді. Оқырманның жүйкесі мен сезіміне, ойы мен санасына мәтіннің ерекше салмақ түсіретін кезі - осы. Мәтінді аяғынан басына дейін тағы бір сүзіп оқып шығу, кейбір тұстарды қайта – қайта пысықтау, жекелеген сәттерге шүйлігу, өзіне, мәтінге, авторға сан сұрақ қою, оларға жауап іздеу - өте қиын үдеріс. Мәтін қойған сауал, оқырман дйттеген амал да бар мұнда. Осының бәріне жауап беруші – мәтін ғана, өйткені онда автордың барлық сауалдарға эксплициттік дайын жауабы жоқ. Оқырман автордың екіге жарылуы жайлы жазылған еңбектерді оқу, талдау, талқылау барысында да екіге бөлінеді. Бұның барлығы оқырманның ой-сезімі мен танымының көрінісі», - деп, оқырманның да түрге бөлініп, шығарма тану ерекшелігін айтқан [12,184].

Бұл шығармадан оқырман өзіне қажетті өзекті нәрсені тауып, адамгершілік жағынан үлкен сабақ алады. Жоғарыда оқырманның екі түрі болатынын атап айттық. Кәсіби филолог Ә.Кекілбайдың оқырман ретінде шығармаға берілген пікірі: ««Парасат майданы» қайталап айта беруге, тіпті жіліктеп талдап беруге келмейтін зұлмат хикая. Оны оқып отырып, ойын оң саққа жүгіртіп, ойланасың, тебіренесің. Ойлаған сайын ойсырап, құлазып, тебіренген сайын теңселе күйзелесің. Нағыз өнердегі «шок терапиясы»» Т.Әбдікұлы шығармалары туралы Г.Орда мынандай баға береді: «Өткен ғасырдың 60-жылдарындағы әдебиет, ол – адамның жан дүниесіне үңіліп, талдау жасау жағынан ерекшеленетін. Төлен ағамызды шығармашылығы адам бойындағы ерекше құбылыстарға және сонымен бірге психологиялық талдау жасау арқылы оқырманға, замандастарына үлкен ой салған, жекелеген кейіпкерлердің өмірлері арқылы үлкен философиялық ойларға жетелеген қаламгер қатарына жатқызуға болады. Мысалы, «Оң қол» әңгімесі алпысыншы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы болса, соңғы жазылған «Парасат майданының» өзі де соның заңды жалғасы ретінде көрініп отыр». Т.Әбдікұлы шығармалары оқырман қауымын оятып, тың ой салып, шығармашылығына сүйсіндіргені анық» [13].

Әдебиеттану ғылымы көп уақыт мәтінді оқырманның сұрағына жауап беруші ретінде танып келді. Яғни, автор оқырманды қызықтыратын тақырыпта, ойландырып жүрген ойды, өзекті проблемаларды мәтінге себеп етті. Г.Яусс бойынша оқырман мәтінді оқып отырған кезде ой туатынын айтады. Оқырман автордың сөздерінен ой сабақтап, идеяларын қорытады. Бұл ой да өз бағамын ала жатар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Абай өлеңдержинағы. Алматы:Казгослитиздата, 1961. – 681б.
- 2.Әбдібек Ж. Көркемәтін - қаламгер мен оқырманарасындағы шығармашылықбайланыс.Л.Н.Гумилеватындағы ЕҰУ хабаршысы. №3(88) 2012.
- 3.Байтұрсынов А. Әдебиеттанытқыш. Алматы: Атамұра, 2013. – 208 б.

- 4.Г.Ержанова «Өлара романындағы шындық және дала бейнесі.» Қазақ тілі мен әдебиеті 2010.-№9-90-996
- 5.<http://Noblit.ru> Гао Синцзянь. «Право литературы на существование» Новелеская лекция(Звезда, №10,2001)
- 6.Дәулетбаева Б «Құпия есіктің құлпын ашқан қаламгер» Қазақ әдебиеті 2002ж,№47,116
- 7.Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. – 558 б.
- 8.Литературный энциклопедический словарь. – Москва, 1987. – С. 500
- 9.Оразбек М. Көркемпрозадағышығармашылықтұлға мен авторлықпозициянынарақатынасы. Ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 2007. – 86 б.
- 10.Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 11.Аверинцев С.С., Андреев М.Л., Гаспаров М.Л., Гринцер П.А., Михайлов А.В. Категории поэтики в смене литературных эпох. – Москва, 2000. – С. 55
- 12.Виноградов В.В. Теории художественной речи. – Москва: Высшая школа, 1971. – С. 240
- 13.Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусство, 1986. – С. 441

ӘОЖ 808.51

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН БІЛДІРЕТІН ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

Айсана Қуанышкереева

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2-курс магистранты
aisana_99_99@bk.ru
Атырау қ, Қазақстан*

Аңдатпа: Материалдық мәдениет атаулары да рухани мәдениетпен қатар адамдардың тіршіліктері мұқтаждылықтарын өтейтіні белгілі, себебі сол қоғамның этикалық, әлеуметтік, эстетикалық, символдық тәжірибесін көрсететін заттық атаулардың рухани өмірімен байланысы «материалдық мәдениет өнімдері рухани қажеттіліктерден туындайды» деген пікірді нақтылай түседі. Мақалада заңғар жазушы Ә.Кекілбаевтың шығармаларында көрініс тапқан лингвомәдени бірліктер талданып көрсетілген.

Түйінсөздер: сөз байлығы, лингвомәдени бірліктер, материалдық мәдениет, мәдени атаулар.

Қазақ халқы да көптеген басқа халықтар секілді даналығын, дүниетанымдық көзқарасын, салт-дәстүрін т.б. тілінде түйіндеген. Оларды тұтас құрылым жүйесінде анықтасақ, халық өмірінің, мәдениетінің бейнесі немесе «дүниенің тілдік бейнесі» деп сипаттауға болады. Осы тұрғыдан қарастырылатын материалдық мәдениет атаулары да рухани мәдениетпен қатар адамдардың тіршіліктері мұқтаждылықтарын өтейтіні белгілі, себебі сол қоғамның этикалық, әлеуметтік, эстетикалық, символдық тәжірибесін көрсететін заттық атаулардың рухани өмірімен байланысы «материалдық мәдениет өнімдері рухани қажеттіліктерден туындайды» деген пікірді нақтылай түседі.

Әбіш Кекілбайұлының «Үркер», «Елең алаң», романдарында халықтың тұрмысын, жай-күйін білдіретін лингвомәдени бірліктер, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың мол қазынасы сипатталған. Әбіш Кекілбайұлы қазақ сөзін тілдік қор тұрғысынан да молайтқан, сөз,сөйлем, орам, жаңа байламдарымен де әбден байытқан, байтақтандырған кемел суреткер.

Құлбек Ергөбек «Қарасөз» атты сын кітабында Әбіш Кекілбаев туралы, оның жазушылық, ақындық, аудармашылық қырларына тоқтала кетіп, «Үркер» мен «Елең-алаң»

роман-диалогиялары туралы сөз қозғайды. Сонымен қатар сыншы «Әбіш Кекілбайұлы – шығармаларының тіл байлығы мейлінше құнарлы, қазақтың сөз байлығын мейлінше игерген, игерген деген сөз өз алдына қазақтың тілін өзі жазатын тақырыбына қарай сөздік қормен байытқан, өзі жазатын тақырып табиғатынан туындатып сөз орамдарымен, тың тіркес, жаңаша сөз, сөйлем байламдарын жасауымен ерекшеленетін тілі ерекше бай жазушы» [1,140] деп ой білдіреді.

Ұлттық мәдениеттің ерекше бір көрініс беретін саласы – киім-кешекке байланысты атаулары. Киім – адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі.

Қаламгер шығармаларында кездесетін киім түрлері мен олардың мағынасы, тілдік ерекшеліктері:

Анадай аршын төс, қаз мойын, ай жүзді, ақ балтыр арулар қайдағы бір тер сасыған қара шекпендерден гәрі қамқа тонды хан қасына лайық емес пе! [2]

Қамқа тон – иі қандырылып өңделген жұмсақ қой терісінен, қамқадан, өзге де әдемі аң терісінен жаңа салып тігілген, қаусырмамен түймеленетін бағалы киім. Демек, мұны ауқаттылар ғана кие алады. Киім арқылы әсіресе сол киім иесінің қандай әлеуметтік-экономикалық топқа жататынын айқындауға болады. Бұл арада киім коммуникативтік қызмет атқарып адамның әлеуметтік ортасы туралы хабар беріп тұр.

Есет батыр жаңа босанған әйелі Жұмабибі сұлуды құндыз ішікпен қымтап, ортадағы лаулап тұрған отқа кесек-кесек шарбы май лақтырып:

– Ақ түйенің қарны жарылды, ақ түйенің қарны жарылды! – деп алақанын шапақтап отыр екен. [2]

Жоғары әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші саналатын ішікті дәулетті адамдар киген. Ішік – сәнді, әрі жылы киім. Оның сыртын берік матадан, ішін аң, мал терісінен тігеді. Сәндік үшін жағасынан бастап өңірі мен етегіне дейін теріден жұрындайды. [3,67] Үзіндідегі деректерге қарағанда, ішік хан-сұлтандар мен бай-манаптардың әйелдерінің сырт киімі болған.

Тайланның үстінен жарғақ тон осылай түсіпті деседі. [2]

Қазақтұрмысында жылқы терісінен бірнеше киімдер тігілетін. Солардың арасында жарғақ тон бар. **Жарғақ** сөзіне қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде құлын терісінен түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім деп анықтама береді. Жарғақ тонды көбінесе жауын-шашында киім сыртынан кесе, өте тиімді болады.

Былтыр Уфаға жете бергенде жолдарын тосып тұрған айғыр топ адамды көргенде көзі шарасынан шығып кете жаздаған. Бәрі-түлкі тымақ. Бәрі-қынаға боялған бурадай тон. Бәрінің қолында-бұзау тіс дойыр [4]

Жазушы жалпылау есімдігін қолдана отырып тұрған бір топ адамның барлығында да бірдей киім, қолдарында бірдей қару ұстағандарын білдіреді.

Түлкі тымақ сөзінің мағынасына тоқталсақ, жалпы тымақ аң терісінен жасалған, халқымыздың суықта киген бас киімі болса, түлкі тымақ түлкі терісінен жасалған тымақ.

Анау еңгезердей қоңқақ тұмсық қызыл сары, дәу де болса, керуен басы шығар. Мынау дудар бөрік ақ тондылардың Жайықтың казак орыстары екені айтпай-ақ белгілі. [2]

Бұл сөйлемдегі **дудар бөрік** сөзінің мағынасы тоқталсақ, ертеде ата-бабаларымыз киген, аң терісінен жүргізіліп, ұйысып бұйраланған бас киім түрі. Түрік тілінің диалектісінде «басқа тартатын орамал», С.Будаговтың сөздігінде татар тілінде «жаңбырдан қорғану үшін киетін бүркеме» деген мағыналар кездеседі. [5,235] Ежелде сақтар да киген бұл бөрік суықтан, бас ауруынан сақтаған.

«Бар болғандары осы-ақ па?» – деп ойлап еді, қыраңның ар жағынан қылтиған-қылтиған шошақ бөріктер самсап қоя берді. [2]

Жазушы шошақ бөріктер деп келе жатқан адамдарды жалпылама сипаттап, олардың барлығының басында шошақ бөрік бар екенін көрсетеді. **Шошақ бөрік** – төбесі үшкіл етіп тігілген бөріктің түрі.

Басындағы далбайын сытырып ап, тікірейіп тұрған тікен шашын қамшының сабымен тыр-тыр қасып:

-Аманшылық па?-деп дұңқ етті. [2]

Далбай – жауын-шашыннан сақтану үшін киілетін жадағай бас киім; Қазақстанның әр жерінде жалбағай, жалбай, далбағай деп те аталады.

Бұл үзінділерде көрсетілген киім атаулары, бас киімдер қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығына байланысты көшіп-қонуына, аяз бен боранға төтеп беруге төзімді болуы көзделген.

Бәрібір киеріміз баяғы сол таз кепеш. Енді, міне сол таз теллекті кигіз деп саған ұстатып жіберіпті. Киерміз. Таз кепеш қайда қашар дейсің. [4]

Кепеш деп жалпы басқа киетін жұқа бас киімді атаса, таз кепеш «таз» деп аты аталып тұрғандай деп таздар киетін тақияны атаған.

Қазақтар ыдыс-аяқтарының негізгі бөліктерін ағаштан жасаған. Ыдыс-аяқ атауына қатысты тілдік бірліктер:

Олар сыртқа шығып кеткен бойда ішке басқа бір қызметшілер ұзынша емен күбіні әкеп қақ ортаға орнатты. Қасына жалтыраған дөңгелек сары тегеш пен бес-алты сары зерен әкеп қойды. [2]

Күбі-1. айран, іркіт, қымыз пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған түбі кендеу, ауыз жағы тарлау, піспегі бар ағаштан жасалған ыдыс.

1. сұйық зат құюға, бал сақтауға, балық, көкөніс т.б. заттарды тұздауға лайықталған ауызы ашық кеспек. [6,116]

Тегеш – ағаштан оймышталып, әшекейленіп жасалған қымыз құюға арналған дөңгелек, көлемі кішкене ыдыс.

Зерен-ағаштан жасалған, қымыз құятын сәнді, сырлы ыдыс, аяқ. [6,115]

Қасындағы тағы бір тақтай орындықта тостаған толы сүт тұр. Бұл басын көтеріп тостағанға қол созды. Сүтті қолы қалт-қалт етіп төгіп-шашып іше бастады. [4]

Тостаған – ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс. [6,119]

Білектерін жарқырата жүріп жуынды. Сосын үйге кіріп, қолдарына көнек ұстап барып түйе сауды. Үй алдындағы жер ошақтан ирелеңдеп тағы да түтін ұшты. [2]

Көнек – ірі қара малдың бас не мойын терісінен жасалған, бие саууға не құдықтан су алуға арналған шүмегі бар ыдыс: Көнектен шошыған мал оңбайды. (мақал) (көп-иленген тері+ек) [5,296]

Ортадағы айлапат дастарқан жиналған соң екі қызметші жігіт екі иір мойын жез құманмен хан екеуінің қолына шылапшын әкеп су құйды. [2]

Құман – қолға су құюға арналып шойыннан, мыстан істелген, тұтқасы бар, шүмекті, сопақша ыдыс.

Соғым жетелеп, саба өңгеріп келген ағайындар Зердебайдың өзін ортаға алып кеу-кеулесе, үй тігіп, жиһаз әкелген абысын әйелін ортаға алып сәмпылдасады. [2]

Саба – жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, негізінен қымыз ашытатын ыдыс.

– Айтқаным айтқан, Мәмбет мырза. Мен сіздерді ол қорқаулардың тырнағына талатпаспын. Өз қолымнан жетектеп жеткізсем де, Уфаға аяқ асыртармын, - деп орнынан тұрды.

Елші көңілі біржолата орнықпаса да, батырдың мына сөзінен бір түрлі сабасына түсейін деді. [4]

Қазақ мәдениетінде сабасына түсті деп ашуланып барып басылған адамды айтады. Бұның барлығы қымыз ашытуға немесе пісуге арналған теріден жасалған көлемді ыдыстың атауы – сабаның қасиетіне қарай аталған. Сабаның бірде ісініп, бірде басылатын сәттері мен торсыып тыңқиып тұратын бейнесіне қарай ұқсатудан туындаған фразеологизм болса керек.

Қазақ тіліндегі тамаққа қатысты терминдерді арнайы зерттеген этнолингвист-ғалым А.Жылқыбаева: «Ұлттық ерекшеліктің басқа салалармен салыстырғанда ұзағырақ сақталатын материалдық мәдениетінің бір саласы тамақ атаулары» деп қарайды. [5,303] Тағам атаулары қазақ халқының ұлттық ерекшелігі киім, тұрақ т.б. сияқты салаларымен салыстырғанда ұзағырақ сақтаған материалдық мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Қазақтың

ұлттық тағамдарының түрі де, түрлі атаулары да, өзіне тән ұлттық ерекшеліктері де бар. Сонымен қатар күн көрісі төрт түлікпен тығыз байланысты болған халқымыздың өзі түгіл, өзге ұлт өкілдері де сүйсіне жеп, тамсана айтып жүретін құрт, ірімшік, жент, талқан секілді тағам түрлері де көп.

Көшпенді өмір сүрген қазақ халқының негізгі тағамдары мал өнімдері: еттен және сүттен жасалатын тағамдар. Өнерге бай бұл халық ет пен сүттен түрлендіріп құнарлы тағам жасай білген.

Ақ үйлердің ой жақ бетіне, қашқақтатып тіккен ас үйлердің маңы шыптадан көтеріп самсатып қойған кіл өре. Өрелердің үсті жайылған қойдай бытырай шашылып жатқан ақ ірімшік, сары ірімшік, көкше құрт, тұздақ құрт, ежегей, сарсу, балқаймақ. Көлеңкеде күрс-күрс мес шайқалады. Үй ішінде ныс-ныс саба пісіледі. Ас үй маңынан күңірсіген тоқтық исі аңқиды. [4]

Ақ ірімшік – ыстық сүтке іріткі құйғанда қоюланып қататын сүт тағамы. [7,70]

Құрт – қатықтың, сүзбенің суын сарықтырып, сығып кептірілген домалақ қатты сүт тағамы. [5,70]

Ежегей – 1.майы алынған сүттің сарысуын қайнату арқылы алынған сары түсті қоймалжың, ежігей.

2. Осы қоймалжыңнан жасалған қышқылтым уақ құрт немесе сықпа. [6,125]

Сарсу – 1.Ұйытқан айраннан немесе іріткен сүттен т.б. бөлініп шығатын сары түсті су. 2.Осы сарсуды қайнату арқылы алынып, кептірілген құрт тәрізді тағам. [6,132] Сарсу сөзі тілімізде ерте дәуірден кіріккен сөздер қатарына жатады (сары+су)

Балқаймақ – 1.Шикі сүттің қаймағынан майы мен тортасын айырмай қайнатқан тағам, пісірген ас.

2. Бірнеше күн бойына жиналған сүттің маңызы, кілегей. [6,123]

Қазақтың қару-жарақтары туралы алғашқы пікірлер Ш.Уәлиханов еңбектерінен бастау алады.Сонау арғы бабаларымыз үйсін күнбилерінен бастап түркі дәуіріндегі Оғыз батыр, Тоныкөк батыр, одан кейінгі кездерде өмір кешкен Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Қосайдан Қабанбай, Бөгенбей дәуіріне дейінгі аралықта көшпенділер елінің өмірінен батырлық пен ерліктің ерен тұлғалары жаратылып, соған қатысты ұшан-теңіз жыр-аңыздар туған. Сонымен бірге солардың ерлігін әйгілеуге лайықты өзіндік сауыт-жарақтары да болған.

«Үркерде» кездесетін батырлардың сауыттарының, яғни қорғанис не шабуыл киімдерінің, ұрыста қолданған қару-жарақтарының аттары мен мағыналарына тоқталып өтсек:

Иықтарындағы көк найзаның сүңгісі, күлдір мамы, жеке ауыз, бір ауыз, қанды ауыз, жезді ауыз, шиті, берен мылтықтардың қап-қара ұңғысы, белдеріндегі көк семсердің жарқылдақ қаны мен кісілері, үстеріндегі жалаңқат, зерекіреуке көк сауыттары, бастарындағы темір дулығалар мен түйенің қап-қара көнінен жасалған жылтырақ жағылар ашық аспаннан айран-асыр қарап тұрған күннің нұрынан жалт-жұлт етіп, жағалай тізіліскен қара нөпір қалың қолдың көркіне көрік, сұсына сұс қоса түскен. [2]

Сүңгі – бірнеше қырлы, ұшы үшкір, темірден болаттан жасалған ағаш сапты қару. (қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі)

Күлдір мамы-аузынан оқталып, білте арқылы от алатын білтелі мылтықтың бір түрі. Күлдір мамыды қазақтар 19 ғасырға дейін қолданып келген.

Бұл қарудың осылай атаулы тарихтағы батыр қолбасшы Мамайдың есімімен байланысты деген мәліметтер де кездеседі. Бұл қаруды сарбаздар аттан түсіп, жерге тіреп барып ататын болған.

Жеке ауыз-Бір ғана оқпен атылады. Қазақ ұсталары ертеректе қолдан соққан. Жеке ауыздың бөлшектері-құндақ, оқпан, шүрпі, шаппа, сирақ. Жеке ауызға оқты аузынан салады. (қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі)

Шиті-ерте кездерде болған, екі таянышы бар білтелі мылтық.

Семсер-кесу құралына жататын семсер болаттан істелген екі жүзді өткір қару. Ертеде семсерді қолданса, кейініректе қылыш атанған.

Жыға-ерте кездегі дулығаның артынан (мойынды қылыш кеспеу үшін) қаптап қоятын зат. Баскиімнің артқы жиегі – батырлардың төбесі үшкір, әшекейлі дулығасының етегі. «Жыға» сөзі о баста түркілерге парсы тілінен енген. «Баскиімге қадайтын құс қауырсыны немесе қандай да бір әшекей» дегенді білдіреді. Бұл сөзді ғалымдардың дені кірме сөз деп қарайды. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» берілген мағыналарын семантикалық тұрғыдан салыстырсақ, мынадай мағыналар көрінеді:

1. Сәндік үшін бас киімге тағылатын я шаншылатын әдемі құстың қанаты, қауырсыны

2. Қалыңдықтың, ханның биік бөркі (қырғ.)

3. Соғыста киетін бас киім (қаз.) [5,236]

Үзіндіде кездесетін мысалдың мағынасына қарай біз бұл сөздің осы үшінші мағынасына (соғыста киетін бас киім) келетінін айта кетуіміз керек.

Шығармада кездесетін сауыт түрлері-лингвомәдени бірліктер:

Үстеріндегі — зере сауыттары, бастарындағы дулыға, жағғылары, белдеріндегі — кіселері, асынып-тасынған бес қаруларының бесеуі түп-түгелінен бір миясардың қолынан шыққандай.[2]

Зере-садақ жебесін өткізбеу үшін ұрыс майдандарында киіп шығатын ерте уақыттағы шынжыр сауытының бір түрі. Оны бір қабат киімнің сыртынан киген. Көбінесе мыс. Қола, жез, күміс сияқты жылтырауық шығырларды үзбелестіру арқылы жасалатындықтан мұндай сауытты зере деп атау қалыптасқан. Зерені әскер басшылары мен атақты батырлар киген. [6,106]

Жалаңқат-бұл сауыт түрі металдан тұтастай соғылып жасалған екі бөліктен – кеуделік және арқалық бөліктен тұрады. Жалаңқат, яғни жалаңқабат делуіне қарағанда, бір ғана қабаттан тұратын болса керек. Сыртқы формасы жеңсіз кеудеше пішіндес, белден сәл ғана түсіп тұратын қысқа болады. Жалаңқаттар алғашында қалың теріден жасалып, кейін темірден соғылған.

Жыға – Соғыста киетін бас киім. Жығаның төбесі үшкір келеді. Жығаның өзі садақ оғы өтпес үшін киілсе, шынжырлы баулар мойынды қылыштан сақтау үшін жасалған. (6,35)

Осы сынды батырлардың жорыққа киген сауыттарын, қару-жарықтарын ақындар да жырына қосып отырған.

Сай табанындағы гүж-гүж дыбыстар басылып, шақыр-шұқыр қылыш үні де азайыпты. [2]

Суынған соң оны тәске тапап, сапы, селебе, жеке ауыз, қылыш соғады. [2]

Нояндар легінде жиырма-жиырма кісіден топ-топқа бөлінген, бір қолында шар болат қалқан, бір қолына шашақты найза ұстаған назагерлер, күнге шағылыстырып, жарқ-жарқ еткізіп наркескен семсерін жалаңдатқан сайыскерлер, үстеріне тоғыз қабат сауыт киіп, иықтарына орама мылтықтарын асынған мергендер, адырналарын кере тартып садақшылар, қайқы қылыштарын төбелерінен асыра сермелеп қылышкерлер шықты. [2]

Қалқан – ерте заманда батырлардың қарсы жақтың найза, қылыш соққысынан, садақ оғынан майданда өзін қорғау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы. [6,107]

Найза – ұшы істік темірден істелген ұзын ағаш сабы бар, қадалғыш немесе лақтырмалы соғыс құралы. Алғашқыда ұшы ұшталған таяқтан жасалды. Қазақ батырлары мен жауынгерлері де негізінен найзамен қаруланды. [6,110]Жақын қашықтықта, қоян-қолтық айқаста түйреу міндетін атқаратын қару – найза. Оның қарсыласты мерт қылатын негізгі бөлігі – басы, қолға ұстайтын жері – сабы. Найза сабының қолға ұстайтын тұсына және төменгі жағына қайыстан ілгек жасайды.Жорық кезінде сол ілгектермен қолдың қары мен үзеңгінің басына іліп қояды.

Енді қамшы, қазан, бесік, киіз үй сынды халықтың материалдық мәдениетінде ерекше орын алған, қадірлі саналған лингвомәдени бірліктеріне жеке тоқталып, талдап көрсетейік.

Хан тұтқын қыздардың бәрін алдынан өткізіп: «Осының арасында Қиялды болса, өзіңе қайтардым», – дейді. Бірақ, тұтқын қыздардың арасында Қиялды жоқ болып шығады. Сонда Қарабас қолына домбырасын алып безілдете жөнелген екен, астындағы тытырышып тұрған аты жалт бұрылып, анадай жердегі төңкерулі жатқан тай қазанның қасына барып, жер тарпып тұрып алыпты.

Қарабас:

– Көзіңнің тірісінде қазаның төңкеріліп, мұнша не көрінген! – деп кек найзаның ұшымен түртіп қалыпты.

Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасының ырыс-несібесінің берекесінің символы ретінде ерекше қастерленіп, қасиетті саналатын қазан ерекше лингвомәдени бірлік. Қара қазанның қасиеттілігі оның береке мен байлықтың, тыныштықтың символдық белгісі екендігімен түсіндіріледі. Қазан киіз үйдің дәл ортасына, от басын өмірдің бастауы деп түсініп ошаққа қойылады. Халқымызда «қазанның құлағын қағу», «қазан бұзбау», «қара қазан», «қазан төңкертпеу» т.б. тәрізді сөз орамдары жайдан-жай алынбаған.

Қазанның ерекше символдық белгісі туралы этнограф С.Кенжахметұлы былай деп пікір білдіреді: «Қазанның басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол - күнделікті тіршілік құралы. Қазақдастарханына түсетін тағамдардың барлығы да ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде «қара»сөзі «қасиетті, киелі, берекелі» деген ұғымды білдіреді. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда да қазанның алатын айрықша орны бар. Қазанын сындыру - отбасын ойрандаудың, қазанын төңкеру - аштықтың, масқаралаудың белгісі». Яғни, үзіндіде Қарабас ханның көзі тірісінде қазанының төңкерілуін аштық пен масқара болудың белгісі екенін бетіне басып, дүрсе қоя береді.

Қазақтың ұлттық тәрбиесінің өзегін құрайтын, символдық мәнге ие болған бұйымның бірі – **бесік**.

Белгілі этнограф Ж.Кейкін бесікке «қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, тәрбие құралы, нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек. Сәбидің желдің өтінен, жердің сызынан, салқынның қаһарынан, аптаптың жалынынан қорғаушы киелі ұя» [7,14] деп анықтама береді.

Адами өмірдің бастапқы ұясы саналатын бесік қазақ халқы үшін аса қастерлі де қасиетті мүлік.

Өзінен гөрі жөргегі жібек, түбегі күміс алтын бесіктерден өрбіген өрелі тұқым бұл қанша елпектегенмен бәрібір көкірегінен қос аяқтап теуіп жолатпай қоймас.

Бұл үзіндідегі жөргек, түбек бесіктің құрамы мен жасау-жабдықтары болып саналады.

Жөргек – шидің үстінен төселетін, түбек тұсы ойық жұқа киіз немесе арасына мақта, жүн салынып сырылған көрпеше. [7,15]

Түбек – сәбиді бесікке бөлегенде жаялығы былғанбау үшін бесіктің астын тесіп орнатылатын алмалы-салмалы киіз қалта. Шүмектің ұшы түбекке сұғынып тұрады. [7,14]

Қорыта айтқанда, тарихи романдардан үзінді келтірілген халықтың материалдық мәдениетінен хабар берер лингвомәдени бірліктер қоғамның әлеуметтік құрылымы мен таптық ерекшелігіне тәуелді болып келеді. Осы кезге дейін бұл мәселе төңірегінде Ж.Манкеева, А.Әлімжанова, Т.Жаубасова, Р.Иманалиева, Р.Шойбеков сынды зерттеушілер өз еңбектерінде қарастырған болатын.

Материалдық мәдениеттің мәні – адам әрекетінің нәтижесінде заттандыру. Оның ішкі мәні соны тұтынушы қоғам өкілдерінің санасында, рухани дүниесінде. Материалдық мәдениет атаулары да рухани мәдениетпен қатар адамдардың тіршілік қажеттіліктерін өтейді. Сондықтан материалдық мәдениет пен рухани мәдениет бір-бірімен өзектес, бүтіннің екі жағы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Құлбек Ергөбек. «Қарасөз» Қазақ прозасы туралы ойлар . Алматы «Ел-Шежіре» 2013.

- 2.Ә.Кекілбайұлы Үркер, Алматы «Жазушы», 2010.-352 бет
3.Бикенов А. Қазақтың материалдық мәдениеті: Оқу құралы-Астана:Фолиант, 2010-192бет.
4.Ә.Кекілбаев «Елең-Алаң». Алматы «Жазушы» 1984
5.Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері . – Алматы: «Абзал-Ай» бас- пасы, 2014. – 640 бет
6.А.Құралұлы Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, Алматы «Сөздік-Словарь» 1997
7.Ж.Кейкін Қазақы атаулар мен байламдар, Алматы «Өлке» 2000

ӘОЖ 82.01

С.БЕРДІМҰРАТҰЛЫ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Мақпал Аманғалиева

*гуманитарлық ғылымдар магистрі,
№36 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Атырау қ., Қазақстан
maka73.73@mail.ru*

Аңдатпа. Мақалада ақынның лирика мен эпосты қатар жүргізген поэтикалық шеберлігіне назар аудардарылады.

«Лирика (грекше *Lyra*-ежелгі гректер үніне қосылып ән салған музыка аспабы)-әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі. Көбіне өлеңмен жазылады. Лирикада мінез болады. Ол ақынның мінезі. Адамның сезімі мен сыры болған жерде лирикалық жыр да болған, жыр арқылы адамның сыры мен сезімі сыртқа шыққан. Сондықтан болса керек, лириканың жанрлық түрлері қашаннан қисапсыз көп және әр алуан»-дейді академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» атты монографиясында [1,316].

Бұл мақалада ақынның лирика мен эпосты қатар жүргізген поэтикалық шеберлігіне назар аудардарамыз.

Дастан сияқты эпикалық жанр қазақ әдебиетінде өте ертеде басталып, замандар өте келе жетіліп дамып отырған. Алғашқы дастандар халық ауыз әдебиетіндегі батырлар жырлары мен лиро-эпостық жырлар. Жазба әдебиетінде үлгілі дастандар Абайдан басталды. Осы дәстүр ХХ ғасыр ақындарының шығармаларында жалғасын тауып, мән-мағынасы, көлемі жағынан алуан түрлі болды. Дастан жазудың стандарты, қалыбы жоқ. Сондықтан әр ақын өзінің ақындық құдіреті қалай нұсқаса, дастан сол пішінде дүниеге келеді. Жанрдың бұл белгілері мен құбылыстары оның тарихынан жақсы белгілі болатындығын З.Қабдолов өз еңбектерінде атап көрсетті. [1,363].

С.Бердімұратұлы дастандарын өзінің қиялы мен ақындық шеберлігінің бабына қарай өзінше жазды. Ақын Сембай Бердімұратовтың мұрасында екі дастаны бар: біреуі –«Тағдыр мен өкініш», екіншісі –«Өмір сапарында немесе Құла ат туралы хикая» деп аталады. Біз «Құла ат туралы хикая» дастаны туралы әңгіме етеміз. Бұл шығарма едәуір көлемді - үш тараудан және 16 бөлімнен тұрады. Жалпы өлең жолының саны -1172.

Бұл сюжетке құрылған шығармада Шора деген ақсақалдың басынан өткен оқиғалары сөз болады. Оқиға Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейінгі Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығынан бастау алған. Бұл жарлықта патша орыс мемлекетінің бодандығында болған бұратана елдердің ер азаматтарын қара жұмысқа алу туралы айтылған.

Дастандағы басты кейіпкер – Шора. Оқиға осы кейіпкердің әңгімесімен туындайды. Дегендей «Сұрағанға құдай берді»,

Патшаға елден солдат сұрай келді.
Жүрсін бай мені бірден жетелетті,
Жетімдік кімге қашан шырай берді?

Орнына баласының мен кетіппін,
Қараң ғой көрген күні кем-кетіктің.
Сол кеткеннен текеден әрі кеттім,
Білмеймін жолда қанша жерді өтіппін.

Бір құла ат бар тағдыры теңдес маған,
Терең сырлы мал екен пенде алмаған.
Ажалымнан құтқарды, содан көрдім,
Көрмеген қайырымды мен басқадан [2,63].

Шораның әңгімесінің бастамасынан оқиғаның негізгі кейіпкерлерінің бірі болып «Құла ат» шығады. Қазақтарды қорлап, қара жұмысқа аямай салған патша командирлері орыс тілін білмейтін Шораға жер де қаздырады, ат та бақтырады. Оның қарауына Құла ат келеді. Ертеден «ер қанаты» болып аталған жылқыны халқымыз ерекше құрметтеген, себебі ол ердің қанаты ғана болып қоймаған, ердің жанын сезінетін досы да бола білген. Жаугершілік замандарда тұлпардың болат тұяғы қандай алыс қиырлар болса да, өзінің иесін жолда қалдырмаған. Соғыста да, қиын-қыстау кезеңдердің бәрінде де иесінің қанаты, досы, мұңдасы, сырласы болғандығы бізге ертедегі халық жырларынан белгілі. Оның шындық жай екендігін көзіміз көрген адамдардың өзі жылқымен достығын, бастан кешіргендерін жыр қылып айтып отырады. Жеті қазынаның бірі жылқы малының қасиетін, адамға деген адалдығын осы жыр айқындай түскендей.

Сол Құла ат еді менің қимас мұңдасым,
(Түбі ажалға бермес дейсің кім басын?)
... Сол Құламен бірге болды тұрағым,
Сол Құламен жанды өмір шырағым.

Жылқы малын баптай білетін қазақ халқының бір өкілі Шора Құла аттың талай қорлықты басынан кешкен жануар екенін көріп, жаны ашиды.

Қамыт қажап омырауы ойылған,
Жон арқасы жоса болған дойырдан.
Қолдауларын бекі тескен мерездей,
Ауыр азап жолдан қақын айырған.

Жылқының осындай ауыр халін көрген Шора қолында ештеңесі жоқ өзі жалшы болса да, оны қадірі жеткенше баптауға кіріседі. Басқа аттардың қалған жемінен қымқырып Құла атқа береді, барынша сылап-сипап күтеді. Құла ат қанша қорлық пен соққыны көрсе де: «Шыда, шыда, жануарым», деп жұбататын болған. Шора өзі де талай қорлықтан өтеді, айналасы Шораны адам құрлы көрмейді. Шора мен Құла аттың халі бір, тұрмысы да бір, мұңы да бір болып күндер өтеді.

Мұнда жүрдім зәбірдітілден көріп,
Әйтпесе кеткендеймін бірді өңгеріп.
Павел деген мал дәрігер жерлес болып,
Жылы шырай танытқан бірден келіп.

Ауыр бейнет жүргенде зарықтырып,
Арқа таңдым достығын анық біліп.
Сол Павелден дүние сырын тыңдап,
Саңылау енді санама, жарық кіріп.

Пана болған жерлесі Павел тіл білмейтін Шораға көп нәрсені ұғындырған таза жүректі ақ адам екендігін көреміз. Осы Павелдің арқасында дүниеде майдан болып жатқандығын, жұртты қорлыққа түсірген патшаның да тақтан құлағанын естіп біледі.

«Мен мына бірінді де кешірмеймін,

Ақ патша нәсілімін таза қанды»,-

деп, поручик «Қара Иван» құтырып, патшаға қарсы шыққан большевиктерден кек алатындығын айтып, өзінің озбырлық қылығын көрсетеді. Шора бірақ солдаттардың арасында жүріп «патшаның құлағанын», олардың қуанышпен қарсы алғандарын жақсы сезеді. Солардың бірі өзінің жерлесі Павел екенін біледі.

Павел болса байқаймын көңілденді,

Бақыттыдай оңынан ай туатын.

Иванның көрсеткен қорлығы мына тұстағы оқиғамен байланысты өрши түседі. Иванның «Лашын» деген аты мен Құла ат бір-бірімен тістесіп, тіресіп қалады. Құла ат тісін қатты батырып, Лашынның жақ терісін жалбыратып жібереді. Қара Иван қаһарына мінеді.

Алтатары қолында тоқпақ сапты,

Қанішерге кәдімгі ұқсап қапты.

Дүниені сапырып сасық сөзбен,

Тіл жеткенше аямай боқтап бақты.

Басқа ұрды қанды қылыш қырыменен,

Қалтырап мұздап кетті жылы денем.

Дегендей : «Қанша ұрсаң да қозғалмаспын,

Өлсем де осы орында тұрып өлем».

Тәлтіректеп басымды қалдым ұстап,

Алақанға толтыра қанды уыстап.

Көз алдымнан дүние төңкерілді,

Бір жайсыз қол барады жанды қыстап.

Бұл Шораға Қара Иванның жасаған қорлығы еді. Дастанда тарих дөңгелегінің астында қалып, заманы өтіп бара жатқандығына қаны кепкен үстем тап өкілдері, озбырлықтың үлгісі Қара Иванның бейнесімен беріледі. Күндері көздерінен бұлбұл ұшқан «патшашылдардың» қаһарын әлсіздерге төккендігінің куәсі боламыз. Осы қорлықтың зардабы Шораның басына түскені одан әрі дастанда былай баяндалады:

Жатқандай – ақ жатыппын бір жатуға,

Таң саз беріп келе ме, күн бату ма?

Түсінбедім бір солдат су береді,

Көзімді аштым шама жоқ тіл қатуға ...

Аң-таңмын дүниеге қайта келіп,

(Кеткен бе көз алдымда шайтан өріп?!)

Құла ма, құбыжық па, айырмадым,

Біраздан соң түсіндім қайта көріп.

Сөйтсе, Қара Иван қорлықты Шора мен Құла сияқты екі сорлыққа бірдей көрсетіпті, аямапты, екеуін де өлімші етіпті.

Шора осылайша көрген қорлығына қатты налиды, қорланады, зарығады. Себебі ол көзін ашқалы тағдырдан көрмеген соққысы қалмайды. Жарлының көрген күнін, тартқан азабын ақын оның зарлы өз сөзі арқылы ұғындырады.

Көргем жоқ жөнді еркелеп бала болып,

Туғаннан бұлт жамылдым, дала қонып.

Бұл қалай, мен термекші өмір гүлін

Көктетпей басқа жандар алады орып?

Жігіт боп өскенім жоқ қызық көріп,

Күн кештім тапшы нанды үзіп-теріп.

Қу құдай, басқаларға не қалдырдың,

Қорлықтың маған бәрін тізіп беріп [2,67].

Шораның бейнесінде қорлық пен мазақтан ештеңе көрмеген, азапты өмірден көз аспаған қазақ шаруаларының тұрмыс-тіршілігінің жайын көреміз. Шораның зарынан құлаққа жарлы-жақыбайлардың ащы үндері келеді. Бірақ «өлмегенге - өлі балық» дегендей, қызыл әскердің кенеттен Құла ат екеуін азаптан бірдей босатып жіберуінен санаға бір саңылаудан сәуле түскендей болады. Құла атпен қашуға кеңес берген жігіт «большевиктерге» кездескенде беру үшін қолына хат та жазып береді. Бұл жігіт өзінің Павелі еді. Ол жолдағы барлық бағыттарды сілтеп түсіндіреді. Сөйтіп, Шора Құла атымен қашуға бел байлайды. Соңдарынан көп кешікпей қуғыншылар көрінеді. Қолға тусуге сәл қалғанда Құла бар күшін салып, мұны қуғыншылардан алып шығады. Құла аттың мұндай қажыр, қайратына Шора таң қалады.

Әудем жер топтан Құла ұзап қалды,
Ізінде шаң аспанға тұзақталды.
Қорқыныш пен қуаныш тайталасып,
Әлсін-әлі жүрекке сызат салды.

Баратқандай басқаны серік көрмей,
Басын жерге тұқыртып еліктердей.
Қызды Құла сілкініп ауыздықпен,
Өзіне бара жатыр ерік бермей.

Ақ тер боп баратқан жоқ көбіктеніп,
Алғандай бірақ көңілін желіп көріп.
Кім ойлаған тулақ боп Тұлпар жүр деп,
Кім оны сынап көрген ерік беріп?! [2,69].

Басқа аттардың қасында сүмірейіп, сүйретіле өмір сүрген Құланың бауыры жазылып, қуғыншыларға жеткізбей кетуі, сәйгүлікше көсілуі –оның бойындағы жасырын келген мықты қасиет екенін Шора бұрын байқамаған еді. Құла қас жүйріктің нақ өзі екен. «Ер қанаты - ат» деген қазақтың данышпандық сөзінің дәлелі. Жаудан құтқарған Құла Шораның қанаты емей немене? Баптауы кем болса да, жеме-жемге келгенде Құла өзінің «жасырын» күшін осылайша танытты. Мұндас, сырлас болған айнымас достықты Құла осылайша көрсетті. Қашқын Шора мен Құланың бағыты – туған жер, өскен ел, Ақ Жайықтың атырабы еді. Бұл-сағыныштан жүрегі жарыла жаздап келе жатқан Шораның мекені. Қашқындар бұл жолда әбден кедергіден - кедергіге кездесе береді. Бір жатып, бір тұрып бұқпантайлап келе жатып бір мекенде орыстар тап болып, Құланың ер-тұрманын, жүгенін тартып алады да, атты бос қоя береді. Сөйткенде ат шауып ала жөнеледі. Сондағы кейіпкеріміздің басына мынадай ой келуі де заңдылық болар:

Менің үшін баратқан жоқ ат қашып,
Бара жатыр басымдағы бақ қашып.
Бара жатты бірден-бірге қалыңдап,
Біткен сорым маңдайыма баттасып.

Басына қорлықтың бұлты қайта үйірілген сорлы тағы зар илейді. Бар үміті үзіліп, талықсып ұйқыға кеткен кезде, Құла ат өз мұндасы Шораны іздеп қайтып келеді. Құла аттың қайтып келуімен қатар иманжүзді құдайына қараған бір адам Шораға ер-тұрманы мен жүгенін алып береді. Шора өмірінде осыншама жақсылыққа тап болмаған болар. Қуаныштан жарыла жаздаған Шораның кейпін ақын былай суреттеп өтеді:

Жаны неткен тазасы еді – тазаның!
Жоқшылықтың нардай сүйреп азабын.
Сонда өзгеге өз мерейін сыйлатып,
Қайырымыңнан айналайын қазағым!

Бұдан кейінгі оқиға Шора мен Павелдің кездесуімен өрбиді. Жаны әділдіктен жаралған Павел әуелден –ақ патшаға қарсы жақ «большевиктердің» қатарынан еді. Оның да қарсы беттен қашып келе жатқан тұсы екен. Ақтар мен қызылдардың арасындағы қырғын

шайқастың арасына тап болған Павел мен Шора қиыншылықта кездесіп, Павелдің аты оққа ұшады. Бір Құла атқа мінгескен екеу жақындап қалған жаудан бұлай қашып құтылмасын білген соң, атты бос қоя беріп, өздері жүзіп Жайықтың бергі бетіне аман-сау өтеді. Павелдің жаужүректігі, батылдығы, досқа адал, адамзатқа деген қамқорлығы осы арпалыс үстінде анық көрінеді. Осы тұста ғажап құбылыс орын алады. Бұлардың Жайықтан жүзіп өтіп бара жатқандарын көріп, Құла да та соңдарынан ере Жайықтан жүзіп өтеді. Адам мен жануардан қатар көрген жақсылығына Шора қатты толқиды. Кейін Құла аттан көз жазып қалған Шора қатты торығады. Құладан айрылғанын зар етіп жүрген шағында бұрын өзіне ер –тұрманы мен жүгенін алып беріп жақсылық қылған Байғазы ағасы Құланы жетектеп тағы да алдынан шығады. Жаумен шайқас кезінде жеңіліс тапқан жау командирі қайықпен қашып бара жатқанда, Шора сол Құла атпен Жайықтан жүзіп өтіп қуып жетіп, жауын мылтықпен атып, кек қайтарады. Құлаға мініп бойына өрлік біткен Шораны ақын былайша шебер суреттейді:

«Баратқан ба тірлігіңді көк керіп»,
Кезей бердім мылтығымды кектеніп.
Сүйретіле құлады да артынан
Тілге келмей мен жеткенше кетті өліп.

Қимай жүріп жұртқа өмір тынысты,
Сезінбей-ақ қалды ақыры дыбысты.
Жеңісім мен тірлігімнің көзі етіп,
Алып қайттым өзімді ұрған қылышты.

Өзіне қылыш сермеп қорлаған офицерден Шора осылайша өш алып, ол қылышқа енді өзі ие болады.

Шора –қазір партия мүшесі. Бұрынғы қорлық өмірден арылған өзге тұлға. Үкімет жұмысына араласқан жаңа заман адамы. Ол мінген аттан да ерекше мінез көрінеді. Оны ақын мына жолдармен береді:

Кісінеп елжіретті жүрек етті,
Білмедім менен нені тілек етті?
Басына ерік беріп көріп едім,
Ұмтылып бір ауылға кіре кетті.

Болған соң ерік бердім тілек басым,
Бермесем батпайтындай жүрекке асым.
Екі артқы дөңгелексіз, шөпсіз қалған
Арбаға тұрды жетіп тіреп басын. [3,68].

Аттың арбаға келіп тұмсығын тіреген кезінде, бір келіншек келіп, Құланы құшақтап, жасын төгіп жылайды. Бақса, бұл аттың иесі оны құлын кезінен бағып, үлкен ат қылып баптап өсірген Әжен деген жарлы жігіт екен. Патшаның қолшоқпарлары солдатқа қазақтан кісі жинаумен бірге, халықтың малын да тартып алған екен. Әжен атын бермеу үшін қарсылық білдіріп ұмтылғанда, поручик оны атып кетіпті. Міне, осы үйдің қасына жақындағанда өзі жегілген арбасын танып, өз иесін сағынып, ерікке көнбей кісіней ұмтылып, шарбаққа кіріп кетуі содан екен. Бұл Құла аттың өзінің бұрынғы иесіне шын берілген жануарлық түйсігі, сүйіспеншілігі және текті тұлпардың шынайы мінезі болатын. Бұл эпизодта жылқы малының адамның айнымас серігі, тірегі екендігін ақын өлең жолдары арқылы шебер бере алған. Өзінің атының табылғанына шын қуанған келіншектен Шора Құла атты сұрап алып, өзінің үкіметтің тапсырмасымен жүргендігін айтып, кейін жұмысы реттелген соң атты кейін иесіне қайта табыс ететіндігіне уәде береді. Дастандағы Шора Дағыстанов – қоғам қайраткері. Ол елде артель жұмысын ұйымдастырушы ретінде үлгілі көзге түскен қызметкер. Ол дастанда былай жырланады:

«Өліөзек», «Қоғалыкөл», «Тақырбұлақ»
Десе де ел мекендеп отыр бірақ.

Тозболып осы ауылдар, артель болып,
Әйтеуір бір игілік жатыр құрап.

Басына «Қоғалыкөл» қоныстанып,
Қосшы ұйым құрды орнына болысты алып.
Қазір де бұл артельді басқаратын
Кәдімгі Шора болды Дағыстанов.

Ортаға мал жинады, егін екті,
Әр күні дейсіндер ме тегін өтті?
Бұларға аз болған жоқ қастандық та,
Сөйтсе де бүтінделіп, кемі жетті [3,71].

Осы шаруашылықта жылқы басы құралып, баяғы Құла үйірі құрылды. Құла айғыр енді «Майдан құла» аталды. Сол кездерде өңірде той болады деген бір үлкен хабар жарияланды. Онда бәйге жарысы болмақшы екен. Сол жарысқа Шора Құла айғырды салмақшы болады. Өйткені оның жүйріктігі жаудан құтқарғанда-ақ белгілі болған еді. Бұл бәйгеден де «Майданқұла» жарыстың алдын бермей дара келді. Дастанда екі бейне қатар суреттеледі. Біреуі –адам, екіншісі –ат. Екі бейне де талай қорлық пен азапты бастан өткерген. Екеуі де патшаның қолшоқпарларынан жапа шеккен. Екеуі де сол қорлықтан қашып шығу арқылы армандарына ұмтылған. Армандары - елге аман жету болып, екеуі де өсіп жетілген елін, жерін аңсап аңыраған перзенттер еді. Екеуінің тағдыры бір, мұң-зары бір көңілдері жетім сорлылар еді. Олар дастанның өн бойына өсіп, жетіліп толысып отырады. Екеуі де өсу үстінде суреттеледі. Біреуін күні біткен батырақ деп тағдырын тәлкек етіп, аяққа таптаса, екіншісі «жабы» деп есепке алынбады. Олардың екеуі де бұған қарамастан жаумен жағаласа отырып, әрі шыңдалады, әрі бойларындағы күш-қайратымен қайта түлейді, ақырында өмірге қайта келеді. Соңында екеуі де адам танымастай өзгереді. Жаңа заман бақыты үшін күресіп, еңбек етеді. Маңдай терімен жетіліп, биіктерді бағындырды. «Қолынан түк келмейтін» батырақтықтан жаңа өмірге икемделіп, жаңарып өсіп, жаңа заман адамы атанды. Ал, Құла ат жабылықтан құтылып, текті тұлпар, жүйрік сәйгүлік атанды. Бұл дастанда «Ер қанаты-ат» деген халықтың қанатты сөзі тағы бір мәрте дәлелденді. Поэманың тақырыбы - өткен өмір тарихы болса, идеясы – тарихи күрес үстіндегі адамның қиындықта ер қанаты атымен шыңдалып, сол серігінің адалдығы арқылы мақсат –мүддесіне жетуі болып табылады. Мұны ақын өз жырлары арқылы дөп басып бере алған.

Біз ақынның лирика мен эпосты қатар жүргізген поэтикалық шеберлігіне назар аудардық.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Ұлттық тарихқа заңды мақтаныш көзі және мәдени таным-түсініктің тірегі ретінде қарататын біртұтас көзқарас орнықтыру» [4,288б] -деп атап өткеніндей тұғырлы тәуелсіздігіміздің арқасында қалыптасқан тарлан тарихымыз халқымыздың ұлттық, рухани мұраларын келешек өскелең ұрпағымыздың игілігіне айналдыруды жолға қойып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. З.Қабдолов «Сөз өнері», 5 томдық шығармалар жинағы, 2 т, Алматы, Санат, 2003, 316 б.
2. С.Бердімұратов. Туған жер тынысы. Өлеңдер жинағы.-Алматы: Өлке, 1996.-182б.
3. С.Бердімұратов «Тағдыр таңбалары». Өлеңдер мен поэмалары Астана 2002 жыл, 8 б
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ РӨЛІ

Назерке Елюбай

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің

қазақ тілі мен әдебиеті 2-курс магистранты

Ақтөбе қ., Қазақстан

aslanbekovna04@mail.ru

Ғылыми жетекші: Айнұр Кушқимбаева, PhD., доцент

Аңдатпа. Мақалада қаламгерлер шығармасының көрікті де, көркем болуының негізінде көркемдік құралдардың қолданылуы және әр автор шығармасында түрліше әшекейленетін тіл ерекшеліктері қатарында эпитетте ерекше маңызға ие болатындығы баяндалады.

Сөз өнері ретінде әдебиеттің құралы – көркем тіл. Қаламгерлер шығармасының көрікті де, көркем болуының негізінде көркемдік құралдардың қолданылуы маңызды. Әр автор шығармасында түрліше әшекейленетін тіл ерекшеліктері қатарында эпитетте ерекше маңызға ие. Зерттеуші Қ.Жұмалиев эпитеттің шығу тарихының сонау ерте замандардан басталатынын, оған дәлел ретінде фольклорлық шығармалар екенін жеткізеді. Сондай-ақ, автордың пікірінше, шығармадағы бұрын мүлде кездеспеген не болмаса аз кездесетін сөз құраулардың тез көзге түсетінін айтып, қоғамдағы жаңашылдықтар жаңа образ құруға әкелетінін жеткізеді. Әрине, бұрын мүлде қолданыс таппаған сөз тіркестерін құрастыру қиын. Осы орайда ғалым Абайдың шығармасынан мысалдар келтіреді. «Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды» деген тіркеспен Абайдың «Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды» дегендегі эпитетті анықтайтын сөзден кейін қойған. Сондай-ақ, автор эпитеттің тұрақты және тавтологиялық түрін ажыратады. Жалпы фольклорда молынан ұшырасатын «ақ» деген сөздің орынды-орынсыз қолданыла беруін тавтология деп анықтайды. Бұның себебі бұрыннан қалыптасқан сәбилік ой-сана екенін анықтайды. Мәдениет дамыған сайын адам баласының ой-санасы да жоғарылап, өмірдің сан түрлі құбылыстарын тереңінен түсіне бастайды. Өмірдің сан түрлі құбылысы, зат, нәрсенің бір емес, сансыз ерекшеліктерін таба білуі шын мәніндегі көркем әдебиеттің қалыптасқаны деп анықтайды [1, 97]. Сонда өмір құбылыстарының бейнесін анық көрсетуде эпитеттердің айрықша маңызға ие екенін аңғарамыз.

Эпитет А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде бір нәрсенің парқын айырып, көзге бейне етіп, көзге түсерліктей жеткізуде қолданылатынын, құбылыстың атына сөз қосып атау екенін, мәселен, «Қара Мұқан», «Болыс Мұқан» дегендегі эпитет қызметі қай Мұқан екенін анық ажырату үшін қолданылған айқындаудың түрі ретінде анықтайды [2, 24]. Әрі эпитетті көркейтеу немесе көркейте айқындау деген атау береді. Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде эпитетті өмір құбылысын көрсететін көркем сөз ретінде таниды. Көркем сөздердің ішіндегі табиғаттың, адамның, заттың ерекше белгілерін көрсету, оқушының алдына елестетіп, қиялына әсер ететініне байланысты эпитеттер айрықшаланады. Зерттеуші Қ.Жұмағалиев қаламгерлердің эпитетті жайдан жай қолданбайтынын, өзі суреттеген құбылысқа деген қатынасын көрсететінін айтады. Сонымен бірге, эпитетті екі түрге ажыратады. Тұрақты эпитет қызыл ту, шұбар төс сынды тіркестердің сол нәрсеге тұрақталып, бекілген эпитеттер деп анықтайды. Мәселен, жебенің алдында үнемі «сұр», «қызыл сырлы» сынды тіркестер тұрақты қолданылады. Осы негізден тұрақты эпитет деп аталып, көбіне көп фольклорлық шығармаларда қолданылады. Сондай-ақ, ғалымның анықтауынша эпитет тіркесінде сын есім міндетті түрде қолданылады. Дегенмен, қызыл, ақ, биік, аласа сынды тіркестермен келген сөздер бірде эпитет ретінде анықталса, енді бірде эпитет ретінде танылмайды. Сол себептен де, зерттеушінің пікірінше, эпитет болу үшін

суреттелінетін құбылыстың әсерін күшейту мақсатында, сол құбылыстың бейнесін шынайы елестету үшін қолданыс тапса, эпитет ретінде анықталады. Эпитеттің екінші бір түрі күрделенген эпитет. Өмір құбылыстарын суреттеуде көбіне-көп күрделенген эпитеттер қолданылады. Мәселен, Абайдың мына өлеңінде:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,

Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.

Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,

Ой желке, үңірейген болса сағақ, - дегенде эпитеттің шоғыры орналасқандықтан, эпитеттің ұлғайған түрі қолданыс тапқан. Сондай-ақ, эпитет метафораны айрықша көрсетілетін болса, метафоралық эпитет деген түрі қолданылады. Мәселен, «Иісің – гүл аңқыған, Нұрың – күн шалқыған» дегенде аңқыған, шалқыған өткен шақ есімшелерін қолдану арқылы айрықшалағанын аңғарамыз [3, 73]. Сонымен бірге, эпитетке тән бейнелеушілік, көркемдік қасиеттер сипаттаушы сөз бен сипатталанатын сөздің бірлігінен қалыптасатынын айтады. З.Ахметовтің пікірінше, эпитеттер сипаттайтын сөздер деп анықтайды. З.Ахметов халықтық поэзияда тұрақты эпитеттердің көп қолданылуын фольклорлық өлең жырларда әбден тұрақталып, екшеліп, поэзияның үлгісі ретінде қалыптасқаны себепті деп анықтайды. Ғалымның анықтауынша, ғашықтық жырларда әйел портретін суреттеуде «ақ» деген эпитет қосылып суреттелетіне тоқталады. «Ақжүністің, тіпті есіміне «ақ» деген эпитет қосылып айтылатын бұл арудың, ақтығы «ақ ұндай». Ал Назым сұлу болса бейне жаңа шешек жарған гүлдей; тамағы ақ, беті-жүзі бұлттан шыққан айдай нұр сәулелі немесе жазылмаған ақ қағаздай аппақ; қимыл-қозғалысының әсемдігі ақ бозаттың жорға жүрісіндей» [3, 272]. Сонымен бірге, З.Ахметов эпитеттер арқылы кейіпкерлердің сезімі мен күйі алмасып, күйі өзгергені анық көрінетінін айтады. Мәселен, зарлы күй, тәтті күй, жалын күй, нәзік күй, жосыған күй, жұбатқан күй, ырғалған күй, жандырған күй, сарылған күй, өткір күй сынды қолданыстарды жеткізеді [3, 311].

Мәселен, Ж.Аймауытовтың шығармашылығында көріктеуіш құралдардың ішінде көбірек қолданылғаны – эпитет. Қаламгер образ, портрет әрі детальдарын жасауда, мінездеме беріп, ішкі күйін, сезімін білдіруде эпитетті ұтымды пайдаланған. Жазушы шығармашылығын саралай келе, эпитеттің төрт түрлі мақсатта қолданылған. Кейіпкердің образын жасап, портретін беруде, жағымсыз образдардың бейнесін сомдауда, өмір құбылыстары мен табиғатты бейнелеуде, ауыл тіршілігін суреттеуде қолданыс тапқан [4, 82].

Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасындағы эпитеттердің қызметі кейіпкерлердің мінез-құлықтарын ашу, олардың жан дүниелеріндегі өзгерістерді суреттеуде эпитеттің қызметі суреттелген. «Сол жыртық алашаға қырық бір құмалақты құр шашып жіберді» деген сөйлемде қимыл-әрекетке қатысты эпитеттер қолданылып, кейіпкердің қылығымен қатар, мінезі де бейнеленгенін айтады [5, 47].

Эпитеттер жасалуы жағынан бірдей емес. Сын есімнен де, есімше, көсемше тұлғадан да жасалуы мүмкін. Х.Кәрімовтің пікірінше, эпитеттің қандай жолмен жасалғанында емес, қандай сөзбен тіркесіп, қандай құбылыстың белгісін, қасиетін бейнелейтіндігінде. Оның ішінде, көсемше тұлғалы эпитеттер іс-әрекет, қимылды айрықшалап, жекелейді [6, 122].

Р.Сыздықова эпитет жайында «Абайдың сөз өрнегі» еңбегінде эпитет, теңеу, метафора сияқты көріктеу амалдары негізінде көркем шығармадағы айтылатын ойдың жеткізілетінін айтады. Бұл дегеніміз поэтикалық образ деп анықтайды. Поэтикалық образ сөз өрнегі негізінде жасалады. Кейде ол экспрессивті реңкі болуы да мүмкін, не болмаса ешқандай бояуы жоқ сөз болуы мүмкін. Образдың сөзбен берілуі негізінде идея образы мен сөз-образ қалыптасады. Идея-образ ретінде «Өкінішті кеп өмір кеткен өтіп» деп аталатын өлеңінде көрінеді, яки көңіл жүгі, көңілдің кешуі, өкпе сызы сынды тіркестер арқылы танылады. Сөз-образ ақынның «Сенде бір кірпіш дүниеге» деген өлеңінен көрінеді. Бұл жердегі кірпіш сөзі тура мағынасындағы тас деп емес, жас адамның образы ретінде алынған. Кетік деп үй қабырғасының бөлігі деп емес, қоғамнан алатын орны деп анықталады. Солай, зерттеуші сөздің қандай да бір образ тудыруын поэтикалық тілмен байланыстырады. Солай, образ жасауда эпитеттің маңыздылығына тоқталады. Және былай деп анықтайды, яки эпитет

қандай бір құбылыстың сынын, қасиетін, белгісін айрықшалайтынын, екі-үш сөздермен тіркесіп келетінін жеткізеді. Абайдың толғауы тоқсан қызыл тіл деген тіркесіндегі қызыл тіл – тұрақты эпитет деп, толғауы тоқсан – экспрессиясын күшейте түскенін айтады. Сондай-ақ, зерттеуші Абайдың жүрек сөзін түрлі эпитетпен тіркесе қолданғанын келтіреді. Солай, Абай тілінде эпитеттердің мол ұшырасатынын келтіреді. Зерттеуші эпитетті тұрақты, тавтологиялық, метафоралық, синкреттік деп ажыратады. Алдыңғы екі түр бізге Қ.Жұмалиев зерттеулерінен түсінікті. Метафоралық эпитетке мынадай мысал келітреді: «Кірлемеген көңілдің ашығында» деген тіркесте кірлемеген деген сөзді көңілмен байланыстырмауы керек еді, кірлемейтін нақты зат болуы тиіс еді. Дегенмен, қабыспайтын екі сөзді тіркестіру арқылы барлығына үміт қарайтын, жамандықты әлі көрмеген адам образын берген. Сонда тіркесу қабілеті мен мағыналық өрісі түрліше болған сөздердің тіркесіп, біреуінің мағынасы ауысып, яки метафораланып, енді бірі сөздің мағынасын ауыстыртып, метафоралайды. Синкреттік эпитеттер автордың өзіндік қолданысынан туындайды. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл дегендер синкретті эпитеттер ретінде танылады. Сонымен бірге, ақын шығармалығындағы ескі үміт, жапырағы қуарған сынды тіркестердің жасалуында тың образды күшейту негізделген. Осы негізден эпитеттердің ішіндегі синкретті түр ретінде айқындалады [7, 30]. Солай, ақын шығармашылығындағы эпитеттер ақындық қуатты, жеткізгісі келген идеялардың көрінісі ретінде танылады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі тұрақты эпитеттердің табиғатын зерттеген Г.Өксікханқызы эпитеттің ең басты қызметі бір құбылысты анықтап қана қоймай, оның әсері мен бейнелілігі маңызды екенін, олай болмаған жағдайда құбылыстың сипаты мен сынын білдіретін сын есімді сөз тобы болатынын жеткізеді. Сонымен бірге, эпитетті: еркін поэтикалық және тұрақты тілдік де ажыратады. Екі категорияның бір-бірінен айырмасы болмаса да, қандай да құбылысты экспрессивті жағынан әсерлі, эмоциялық жағынан тиімді етіп бейнелеу екенін көреміз. Тұрақты эпитет екі мүшелі, үш мүшелі, көп мүшелі эпитеттер деп ажыратылады. Мәселен, үш мүшелі эпитеттер қатарында: тоғыз көзді кіреуке деген сан есім+сын есім+зат есім тіркесінде келсе, жер қайысқан қол зат есім+етістік+зат есім тіркесінде қолданылады [8, 15], - деп тұрақты эпитеттердің табиғатын түсіндіреді.

Зерттеуші Қ.Өмірәлиев Махамбет шығармашылығын зерттей келе, ақын қолданысындағы эпитеттердің жыраулар поэзиясынан алыс ұзамағанын айтады. Мәселен, сұм дүние, ұлы төре, аңқау жүрек, ұлы күн, ақ көңіл сынды эпитеттердің фольклорлық шығармаларда кездесіп отыратын эпитеттер деп анықтайды. Сондай-ақ, ақын тіліндегі аңқау жүрек пен ақ жүрек жаңа үлгіде жасалған эпитет екенін көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, ақын тілінде тұрақты эпитеттер молынан ұшырасады. Мәселен, алты құлаш ақ найза, еңсесі биік ақ Орда, ақ селеу отқа зар болар, қаракұс қонбас көк сеңгір, қарқыны күшті көк семсер, сары алтынға малдырға, күшіген жүнді сұр жебе сынды түрде келеді. Аталған эпитеттер қару-жараққа қатысты болып келеді. Сондай-ақ, синкретті эпитеттер де кездеседі: ақ семсер, болат найза, көк семсер сынды соны атаулар бар. Зерттеуші сонымен бірге, ақын поэзиясындағы ақ және қара эпитеттердің қолданысына назар аударады. Ақ сөзінің эпитет ретінде келуі поэтикалық тәсіл арқылы жүзеге асқанын, ақ киік, ақ орда ақ сұңқар сынды эпитеттер дәстүрлі поэзия негізінде қалыптасқанын айтады. Қ.Өмірәлиев ақын тіліндегі инверсияланған эпитеттерді айрықша көрсетеді: табаны жалпақ боз, суы тұнық көл қалды-ау, қарны жуан билердің, арғымақ сені сақтадым құлағың сенің серек деп, ағыны күшті ақ дария, балдағы алтын құрыш болат, қанатың қатты, мойның бос деген сынды эпитеттер ұшырасатынын көрсетеді [9, 217]. Солай зерттеуші Махамбеттің ақын тіліндегі эпитеттердің жасалуы қару-жараққа байланысты екенін әрі тұрақты эпитеттердің мол ұшырасатынын көрсетеді.

Зерттеушілер С.Қанапина, А.Жақсылық С.Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасындағы эпитеттерді талдай келе, шығармалағы этнолингвистикалық эпитеттерді анықтайды. Мәселен, күміс қазан эпитетінің тереңінде қара қазанның қасиеті жатқанын айтады. Сонымен бірге, қара үй эпитет ретінде қолданыс тауып, қара үйдің мәні – қара шаңырақ екенін жеткізеді. Атадан әкеге, әкеден балаға, оның ішінде кенже балаға мирас болатын қара

шаңырақ халқымызда үлкен үй ретінде маңызға ие. Шығармадағы кезігетін қара бүркіт тіркесі эпитет ретінде танылады. Халқымыз тәуелсіздік пен еркіндіктің белгісі саналатын бүркітті құрметтейді. Осы негізден қара бүркіт тура мағынада қолданыс тапқан. Солай, эпитет бір құбылыстан екінші құбылысты анық ажырату үшін қолданылатынын, оның ішінде этнолингвистикалық эпитеттер халқымыздың сан ғасырлық мәдениетінен, тарихынан сыр шертіп, бейнелі де әсерлі ұғымдар ретінде қолданыс тапқанын жеткізеді [10, 12].

Көркем шығарманың басты қызметі оқырманның жанына шұрайлы тілімен әсер қалдыру арқылы негізгі ойды жеткізу. Абай да, Махамбет те, Ж.Аймауытов та, С.Мұқанов та, Ә.Нұрпейісов те шығармасы арқылы қалың оқырманға өз заманының шындығын жеткізуге тырысты. Нақпа-нақ, тура мағынасында қолданса, өзге жандарға әсер етпеуі мүмкін. Мәселен, жорық жырауы атанған Махамбет қалың қолды ұйытып, көтеріліске ұйымдастырғанда әр жауынгердің жанына әсер ете білуімен әрқайсысын ұйыстыра білді. Солай, көркем шығармада әсерлі жеткізуде көркемдік құралдарды, оның ішінде эпитеттерді қолданған. Халықтың мәдениетіндегі ерекшеліктер де эпитеттер арқылы көрініс табады. А.Байтұрсынов та әдебиеттің осынау ерекшелігіне анық тоқталып, өнердің ішіндегі ең мықты құралы ретінде сөз өнерін айшықтаған. Сөздің қуаты арқылы оқырманға әсер етіп, бірде жорыққа бастаса, енді бірде балықшылардың тұрмысын жеткізді, енді бірде кейіпкердің психологиялық жай-күйін, енді бірде ғашықтардың сырын жеткізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. – 272 бет
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
3. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. Т.15: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 бет.
4. Кәріпжанова Г. Ж.Аймауытұлы прозасының тілі: оқу құралы. Павлодар: Керекуғ 2009. – 154 бет
5. Қадыров Ж., Әбутәліп А., Абдихонова А. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының көркемдік ерекшелігі. «Шоқан оқулары - 22» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қазақстан, Көкшетау, 2018. Т.3. – 336 бет
6. Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: 1995. – 144 б.
7. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 30-бет
8. Мұхаметқалиева Г.Ө. Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – Алматы, 1995. – 30 бет
9. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1976. – 270 бет
10. Қанапина С., Жақсылық А. С.Мұқановтың «Сұлушаш» шығармасындағы эпитеттің қолданыс ерекшелігі. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы. №1, 2022. 83 бет

ӘОЖ: 82-1/-9

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕҢК

Милена Камелова

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 1-курс магистранты
mikonia1999@mail.ru
Атырау қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада орта мектепте көркем шығармаларды оқыту оқушылардың ақыл-ойының дамуына, адамгершілік және эстетикалық тұрғыдан тәрбиеленуіне, тілдік қордың

баюына ықпал ететіндігі, көркем шығарманың қай жанры болмасын дүниені танытып, эмоцияны байытып, қазақ әдеби тілінің мол үлгілерін үйретудегі орны баяндалады.

Мектепте көркем шығармаларды оқыту оқушылардың ақыл-ойының дамуына, адамгершілік және эстетикалық тұрғыдан тәрбиеленуіне, тілдік қордың баюына ықпал етеді. Көркем шығарманың қай жанры болмасын дүниені танытып, қиялды шыңдайды, эмоцияны байытып, қазақ әдеби тілінің мол үлгілерін үйретеді. Әдебиеттің басқа пәндерден айырмашылығы – оқушының еркін қарым-қатынасқа бейімделуі, кең ойлап, ашық сөйлеуіне дағдылануы. Өйткені әдебиет сабағы нақты пәндердің қатарына кірмейді, мұнда аксиомалық, теориялық, лабораториялық қағидалар қатаң емес.

Көркем шығарманы оқытудың теориялары мен әдіснамасы А.Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» еңбегінен бастау алып, одан әрі Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», З.Қабдоловтың «Сөз өнері», Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері», А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы», Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» зерттеулерінде жүйеленеді. Сонымен қатар ақын-жазушылардың шығармаларына лингвопоэтикалық, лингвостилистикалық талдау жүргізілген бірқатар ғалымдардың еңбектері көркем шығарманы оқуға, түсінуге, көркем тілді тануға ықпал етті. Олардың қатарында Р. Сыздық, Б. Шалабаев, Е.Жанпейісов, М. Серғалиев, Х. Нұрмұханов, А. Салқынбайлар бар.

Көркем шығарманы оқыту бірнеше кезеңді қамтиды. Ол білім берудің спиральді жүйесіне (қарапайымнан күрделіге қарай) бағына отырып, жүзеге асады. Көркем шығарманы оқытудың алғышарттары әр отбасында балаға ес кірген сәттен бастау алуы тиіс. Ұйықтар алдында немесе ата-ананың бос уақытында баланың танымын кеңейтетін, шығармашылық ойлау жүйесін дамытатын қызықты ертегілер, хикаяттар оқып беру оның саналы түрде толысуына зор ықпал етеді. Бұл үрдіс одан әрі балабақшада жалғасады, бала хат танымаса да ертегілердің желісі бойынша тәрбиеші көмегімен көрініс қояды, мазмұнын айтып үйренеді. Мектеп қабырғасында көркем шығарманы оқыту бастауыш сыныптардан бастап оқытылады.

Мектеп оқушыларына көркем шығарманы оқытудың басты мақсаты – өз халқының тарихы мен мәдениеті, сөз өнері тұрғысынан білім беру, Отанын сүйуге, ұлтына қызмет етуге, тарихын дәріптеуге, дәстүрін қастерлеуге, мәдениетін сақтауға, адамгершілік ізгі қасиеттерді сіңіруге тәрбиелеу. Көркем шығарманы мектепте оқытудың міндеттері:

- Оқушы танымын ұлт тарихы мен мәдениетін таңбалайтын біліммен қамтамасыз ету;
- Оқушылардың сөздік қорын молайту;
- Көркем ойлауға, әдемі сөйлеуге дағдыландыру;
- Ойлау жүйесін дамыту, дүниетанымын кеңейту;
- Әдебиеттану пәнінің мақсаты мен міндетін, оқудың маңызын үйрету;
- Әдеби-эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- Төл әдебиетіміздің ерекшелігін, бай мұрасын меңгерту;
- Әдебиет теориясының ілімдерін игереді;
- Шығармашылыққа тәрбиеленеді [1, 32].

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда көркем шығарма жанрлары жазылу формасы мен мазмұнына байланысты әртүрлі болып келеді: өлең, әңгіме, дастан, хикаят, роман, пьеса, т.б.

Проза – қоғамдағы белгілі бір сюжетке негізделген, қарасөзбен жазылатын әдебиет саласы. Прозаның өзіне тән ерекшеліктері төмендегідей:

- Проза жеке автордың сөз қолданысымен ерекшеленеді;
- Прозада баяндау, әңгімелеу басым болады;
- Проза белгілі бір кейіпкерлердің іс-әрекетіне құрылады, сондықтан да оның өзіндік қаһармандары болады;
- Тілдік қолданысында троп және фигураның мол түрлері ұшырасады;
- Шығарма белгілі бір кезеңді қамтиды;
- Проза белгілі бір тақырыпты қамтиды және оның идеясы айқын болады;

–Проза адресат және адресант байланысында мән мен мағына жігінде ажыратылады.

Проза – таным мен тарих пәні. Мұнда халықтың сан жылдар бойы басынан өткендері, тарихи толқындары, тұрмыстық шаруашылығы, ән-күйі, дәстүр-салты, қазақ қалпы мен қазанаты бейнеленеді.

Проза – өткір эстетикалық күш. Проза мәтінін оқи отырып, оның әр деталь-штрихтарынан сұлулықты байқаймыз, сезінеміз, сондай болмаққа тырысамыз. Кейіпкерлермен бірге күліп, бірге мұңайып, қуанып, шаттанғанның өзі адамға таза энергия сыйлайды. Прозадағы ойлаудың нақты-сезімдік, материалдық табиғаты оқушыға бұрыннан белгілі нәрселер туралы жаңа білім алуға мүмкіндік береді; шығармада бейнеленген объектілердің мағынасынан бөлек мәні ашылады. Проза қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарасты қалыптастырады, оның танымдық қызметі тәрбиелік мәнмен астасып жатады. Яғни, проза адамды, әлемді адами тұрғыдан қабылдауға үйретеді. Прозалық шығарманы оқушы оқиды, ой түйеді. Көркем ойдан шыққан тіл де көркем, өрнекті болады.

Проза – тәрбие құралы. Прозалық шығармалардың кейіпкерлеріне талдау жасау арқылы оқырман жақсы мен жаманды, батыр мен қорқақты, адал мен арамды, дұрыс пен бұрысты өзі ажырата алады. Прозалық шығарманың тақырыптары, соған сай оның көтерілген идеясы, идеяны жүзеге асырушы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, кеңпейілдікке, мейірімділікке, өзін және өзгелерді құрметтеуге тәрбиелейміз.

Проза – дүниетаным кеңістігі. Бала кезден әр баланың өзіне ұнайтын кейіпкері болады. Ол көркем шығармада немесе мультимедиялық бағдарламаларда кездеседі. Бала өз қаһарманының іс-әрекетінен, сөзінен көрініс тапқан идеалдарды жинақтай келе өз-өзін соған ұқсатып тәрбиелейді. Осылайша баланың танымында алғашқы арман, мақсат пайда болады. Көркем әдебиетте мұндай идеалдар жетерлік. Эпостық жырларда бұл көрініс айқын беріледі. Өсе келе баланың дүниетанымы да кеңейе түседі.

Прозалық шығармадан алған әсері, сезімі арқылы оқушы ұзақты-қысқа түрлі психологиялық-философиялық процестерді өткереді: ойланады, ауызша-жазбаша ой бөліседі, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізеді, салыстырады, бағалайды, сынайды, т.б. Осындай процестердің нәтижесінде білімін, көзқарасын толықтырады, жеке тұлға ретінде өзін қалыптастырады.

Проза – адамтану құралы. Прозалық шығарма субъектілер арасындағы қатынасқа құрылады. Коммуникативтік байланыс негізінде кейіпкерлер бойындағы болмыс, мінез, қабілет-қасиет, іс-әрекет сипаты ашылады. Шығарма тілі өз дәуіріне сай адамдарды суреттейді, бірақ оларды біріктіретін қасиеттер өзгермейді.

Мектепте прозаны оқыту әдебиеттің әдістемелік ұстанымдары арқылы жүзеге асады. Оқушыларға прозаны меңгертуде оқытудың 6 түрлі ұстанымы басшылыққа алынады.

Ғылымилық ұстанымы. Кез келген пән – жеке ғылым. Кез келген пәннің өзіне тән ұғым-түсініктері, теориясы болады. Проза қоғамдағы сан түрлі құбылыстың, субъект және олардың қарым-қатынасы, психологиялық қайшылықтар мен жекелеген көзқарастарға құрылады. Мұндай құбылысты оқушы қабылдауы қажет. Қабылдау – күрделі психологиялық процесс. Сондықтан да прозаны оқыту барысында ғылымилық ұстаным әдеби терминдердің нақтылығын, тақырыптың дәлдігін талап етеді.

Жүйелілік ұстанымы. Жүйе – белгілі бір нысандардың, құбылыстардың рет-ретімен орналасуы немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы. Прозаны оқыту үдерісі жүйелілік ұстанымын екі түрлі сипатта қарастырады. Біріншісі – ақпаратты (материалды), тапсырманы білімнің спиральді жүйесіне, яғни оңайдан қиынға қарай бағытталуымен сипатталады. Мәселен, оқушы проза мәтінімен таныспай тұрып кейіпкерлерге мінездеме бере алмайды немесе шығарма мазмұнын меңгермей сюжеттік-композициялық талдау жасау мүмкін емес. Екіншісі – әдеби бірліктердің, тарихи кезеңдерінің оқушы психологиясын, жас ерекшелігін, таным-түсінігінің ескере отырып, біртіндеп оқытуды ұйымдастыру. Мәселен, көркем шығармаларды оқыту арнасының ертегілерден (5-сынып) романға (10-11-сынып) дейін ұласуын айтамыз.

Көрнекілік ұстанымы оқушының білімді анық, ұзақмерзімді, белгілер арқылы қабылдауымен байланысты. К. Ушинский өз еңбектерінде бөтен сөзді 10 рет қайталап айтқаннан 10 сөзді бір көргеннен жылдам, әрі ұзақмерзімге қабылдауын эффективті әдіс деп танып, көрнекілік құралдарының білімді меңгертеуде маңыздылығын аса жоғары бағалайды. Расында, психологиялық зерттеулерге сүйенсек, оқушы ақпараттың 57 пайызын көру (визуал), 38 пайызын сезіну (кинестика), 5 пайызын есту (аудиал) арқылы меңгереді.

Көрнекілік ұстанымы қабылдауды күшейтіп, зейінді тұрақтандырады. Оқушы көрнекілік құралдарды көру немесе ұстау арқылы бірнеше функцияларды жүзеге асырады: ақпаратты жадта сақтайды, қабылдайды, өндейді, достарымен бөліседі, көзқарасын білдіреді. Көрнекілік ұстанымы оқушылардың пәнді жеңіл, әрі жылдам түсінуіне, қабылдауына оң әсер етеді. Сондықтан да мұғалім әр күнгі сабағының көрнекілігін түрлендіріп ұйымдастыруы қажет. Көрнекілік ұстанымы мультимедиялық және дәстүрлі оқу құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Саналылық ұстанымы. Қазақ әдебиеті сабағында шығармаларды жаттанды түрде емес оқушылардың саналы түрде түсініп қабылдағаны маңызды. Саналылық ұстанымын жүзеге асыру үшін шығарма тақырыбы мен мазмұнын, шығармада кездесетін түсініктерді логикалық тұрғыда оқушыларға кеңінен түсіндірілу қажет. Көрнекілік құралдарын қолдануда, тапсырмаларды таңдауда, сабақты ұйымдастыруда оқушылардың таным-түсінігін ескерген жөн. Сондай-ақ шағын прозаларды оқыту барысында әдебиеттің басқа пәндермен, салалармен байланысын қарастыру өзекті.

Өмірмен байланыстыра оқыту ұстанымы. Оқушылардың теория жүзінде меңгерген білімдерін күнделікті өмірде, тәжірибеде қолдану өмірмен байланыстыра оқыту ұстанымына негізделеді. Шағын прозаны оқытуда оқушылар төмендегідей дағдыларды меңгеруі тиіс:

- Сөздердің жазба мәтін мен сөйлеудегі айырмашылықтарын, қолданысын ажырату;
- Проза сюжетінен мән мен мағынаны табу және оны бүгінгі қоғаммен салыстыра отырып, өз ойын білдіру;
- Прозада көтерілген мәселелерді өз бетінше шешу жолдарын ұсыну;
- Проза кейіпкерлеріне мінездеме беру, іс-әрекеттерін психологиялық тұрғыдан талдау;
- Автор қолданысындағы ерекше сөз мәйектерінің мағынасын анықтау немесе сөйлеуде қолдану;
- Көркем шығарма мәтініне әдеби-эстетикалық тұрғыдан баға беру [2,57].

Оқушылардың психологиялық ерекшелігін ескере оқыту ұстанымы. Психологтардың тұжырымдауы бойынша, көркем шығарманы оқытуда ескерілетін маңызды мәселе – баланың жас ерекшелігі, олардың таным-түсінік деңгейі. Зерттеу барысында байқағанмыз, мектеп оқулықтарының, онда берілген тапсырмалардың оқушының психологиялық ерекшеліктеріне үнемі сәйкес келмеуі. Аталмыш мәселе Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» зерттеу еңбегінде сөз болады.

Жас ерекшелігі	Сыныбы	Психологиялық сипаттамасы	Ұсынылатын әдебиет жанрлары
10-12 жас	5-7-сыныптар	Тез қабылдап, тез ұмытады, сенгіш, еліктегіш, қозғалғыш, аңғал	Ертегілер, фантастикалық шығармалар, қысқа әңгімелер
13-14 жас	8-9-сыныптар	Салмақтылық басым, ұяң, сезім жетегінде, әсершіл, өз пікірін білдіруге дағдыланып келеді	Лирикалық өлеңдер, поэзия, проза, драмалық шығармалар
15-17 жас	9-11-сыныптар	Өз-өзін басқару толық қалыптасқан, сыни білім алады, мақсат қояды және оған жетудің жолын біледі	Роман, поэма, драмалық шығарма, зерттеу еңбектері

1-кесте. Көркем шығарманы оқытудың жас ерекшелігі [3,95]

Шағын прозаны оқытудың дидактикалық негіздері әдебиеттану мен әдіснама ғылымдарының бірлескен қызметі аясында жүзеге асырылады. Шағын прозаны оқыту оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, эстетикалық, этикалық тәрбие қалыптастырады. Бүгінгі таңда көркем шығарманы оқыту жолдары заманауи тұрғыдан қайта қарастырылып, оқушының сана-сезімі, таным-түсінігі сұранысына сай әдіс-тәсілдер күнделікті жаңартылып, жаңғыруда. Шағын прозаны оқыту әдістері де озық технологияның дамуы себепті функционалдық тұрғыдан тың форматта жүзеге асуда. Дегенмен, қандай да бір жаңа әдістердің пайда болуы және қолдануы дәстүрлі әдістердің негізінде тағайындалады.

1.2 Прозалық шығармада кездесетін психологиялық реңктер

Көркем шығарманың жазылу нысаны оқиғаға, адамдарға және олардың арасындағы қарым-қатынасқа құрылатындықтан, түрлі эмоцияларға бай келеді. Қазақ әдебиетіндегі психологизм иірімдері ежелгі дәуірден кездеседі. Фольклордағы тұрмыстық жырлардың қай-қайсысын алып қарасаңыз да қуану, мұңаю, көңіл білдіру, әзілдесу, ақыл айту, көңіл көтеру секілді тұрмыстық қарым-қатынас формаларына құрылған. Бір ғана «Қыз Жібек» жыры жанның нәзік те сұлу болмысын жырласа, эпостық жырлардағы қаһармандық бейне жанның рух тұрғысынан шарықтауын сипаттайды.

X-XII ғасырларда ислам дәуірінің өркендеуі кезінде М. Қашқари, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Йассауи, Әбунасыр әл-Фараби, Сүлеймен Бақырғани, А.Йүгүнекилер адам жаны, оның болмысы, қыр-сыры жөнінде құнды пікірлер айтып, қоғамдық ойдың дамуына едәуір үлес қосты.

Әдебиеттің әр дәуірінде психологизм өзінше дамып, өзгеріп отырды. Мәселен, жыраулар поэзиясында психологизм «ішкі мен», асқақ рух, өршіл намыс, өткір сөз, адуынды мінез, алып күшпен сипатталса, ілгері қарай ішкі психология мықтылықтан нәзік жанға үңіле бастады. Көркем шығармадағы психологизм заман шындығымен, қоғам сипатымен, адам болмысымен параллель дамиды.

Абай шығармаларының дәуірінде психологизм өзінше сипат алып, көркем шығармада өрнектелу шеберлігі жаңа тәсілдермен толыға бастады. Мәселен, Абай шығармаларындағы психологизмді жан-жақты зерттеген Қ. Жұмалиев адамның басынан өткендерін, күйінішін, сүйінішін, нәзік жанын бір адамдай сезіне жырлап, дәл һәкімдей дөп түсіп, тот басып таныған қаламгерлер жоқтың қасы деп баға береді. Сонымен қатар ғалым Абай шығармаларындағы психологиялық шеберлікті берудің авторлық жеке қолданысы ретінде монолог және психологиялық параллелизм әдістерін атап көрсетеді.

Көркем әдебиетте психологизм құбылысының күрт күшеюі, эстетикалық жетілуі ХХ ғасырда айқын көрініс ала бастады. Жоғарыда атап өткеніміздей, психологиялық реңктің ашылуына қоғамдағы объективті шындық, қарама-қайшылықтар түрткі болады. Психологизмнің көптүрлі формаларын қолдана отырып, әдебиет көркем шығармадағы сезім күйлеріне анализ жасауға, эмпатиялық, интуициялық сезімдерді өткеруге, салыстыруға, қорытынды жасауға мүмкіндік алады.

ХХ ғасыр қазақ әдебиеті қоғам көзқарасы қысымынан жапа шеккен әйел тағдырын, ішкі жан-күйінішін суреттейтін Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», С. Көбеевтің «Қалың малы», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», С. Сейфуллиннің «Айшасымен» толықты.

Көркем шығармадағы психологизм проза жанры арқылы қарқынды дамыды. Ж. Аймауытов, Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ә.Нұрпейісов, Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, Д. Исабеков сынды жазушылардың психологизмді беру шеберлігі бір-бірін қайталамайтын, авторлық жеке стиль түзеді. Көркем шығармадағы психологизм құбылысына отандық, шетелдік ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғылымға «психологизм» терминінің енуіне австрия ғалымы З. Фрейд көп күш жұмсады. Көркем шығармадағы психологизм мәселелері жөнінде орыс ғалымдарынан М. Бахтин, Л. Выготский, А. Есин, қазақ ғалымдарынан А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Қ. Жұмалиев, М.Қаратаев, З. Қадолов, Б. Майтанов, З. Бисенғали, Г. Пірәлиева секілді ғалымдар зерттеуге атсалысты.

Психологизм – өмірдегі шындық пен көркем шындықтың арасында өрбіп, өсіп, дамытын әдеби күрделі процесс. Психологияның прозада берілу аясы поэзияға қарағанда кең. Прозадағы психологизм адамның ішкі жан дүниесінің қырлары мен сырларын ашуға ұмтылады. А. Есин өзінің зерттеу еңбектерінде көркем шығармадағы психологизмді анықтау үшін оның әр кейіпкерімен жеке-жеке сұқбат жүргізу қажеттігін баса айтады. Г. Пірәлиева «Психологиялық прозаның басқа прозалардан айырмашылығы – адам баласына тән жан құбылыстарын, ой толғауларын ішкі және сыртқы сезім түйсіктері негізінде терең саралап, «ойға ой, көңілге күй» сала отырып толғай және толғана білу» деп пікір білдіреді [4,17].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесі. Ф.ғ.к. ғылыми дәр. алу үшін дайынд. диссерт. 10.01.02 – Алматы, 1999. -130 б.

2 Таңжарықова А. Д.Исабеков прозасының көркемдік әлемі. Ф.ғ.к. ғылыми дәр. алу үшін дайынд. диссерт. 10.01.02 – Алматы, 2004. -127 б.

3 Таханов С.Ш. Принципы раскрытия художественного характера в современной казахской прозе. Дисс. на соиск. учен. докт. филол. наук: 10.01.02. – Алматы, 1999. -229 с.

4 Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы.- Алматы: Білім, 1996. – 159 б.

ӘОЖ 541.128

ТӘКЕН ӘЛІМКҰЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ КУЛЬТІ

А.А.Кенжебек

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің

2-курс магистранты

[*kenzhebek@mail.ru*](mailto:kenzhebek@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі: Қ.Ж.Сапарбаева

филология ғылымдарының кандидаты,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы

[*karlas77@mail.ru*](mailto:karlas77@mail.ru)

Шымкент қ. Қазақстан

Аңдатпа: Аталған мақалада жазушы Тәкен Әлімқұловтың жылқы тақырыбында жазылған бірқатар шығармасына талдау жасалды. Жазушының тіл шеберлігі мен ұлттық танымды танытатын қолтаңбалық ерекшелігі қарастырылды.

Тірек сөздер: жазушы, шығарма, жылқы, ұлттық таным, дәстүр, халық.

В данной статье проанализирован ряд произведений писателя Такена Алимкулова, написанных на тему лошадей. Рассмотрена фирменная черта писателя, свидетельствующая о языковых способностях и национальных знаниях.

Ключевые слова: писатель, произведение, конь, национальное знание, традиция, народ.

This article analyzed a number of works of the writer Taken Alimkulov written on the subject of horses. The signature features of the writer, which show the language skills and national knowledge, were considered.

Key words: writer, work, horse, national knowledge, tradition, people.

Шығармаларында ұлтының күллі дәстүр тағылымын арқау еткен жазушы Тәкен Әлімқұлов туралы замандасы Асқар Сүлейменов: «Заманымен, тағдырымен емес, өмірге, еліне, жеріне деген ілһам құштарлығымен, талайымен емес, талантымен, суреткерлік ізденіс, толғаныс-толғағымен, еншілес екенін күйттейді. Т.Әлімқұловтың көрінеу бір сындарлы, көп жазушының бойынан табыла бермейтін ойшыл қасиеті маған осыдан көрінеді» [1, 377], - деп

пікір білдіреді. Расында, қаламының ұлттық бояуы қанық жазушы ел мен жер, ұлт, ауыл тіршілігін суреттеуден қалыс қалған емес. Жазушының арқалаған негізгі тақырыбы – қазақ өмірі, өнер адамдары мен қарапайым ауыл адамдарының қайнаған тіршілігі. Халық танымындағы тыныс-тіршілікті айнытпай, қаз қалпында бейнелеп, шынайы суреткерліктің үлгісін жасаған жазушы қазақ киелі санаған жылқы малының табиғатын етене танып, ерекше жақсы көргенін шығармаларынан кең орын бергендігінен байқауға болады. Бұған дәлел, жазушының «Ақбоз ат», «Көкпар», «Қош бол, Абсент!», «Тұлпардың тағдыры», «Күржік», «Қара жаяу» сынды шығармаларын атай аламыз.

Жазушы тілінің ұлттық танымға бай ерекшелігін танытатын «Көкпар» атты әңгімесінде төмендегідей сөздер кездеседі:

- *Қызылсырау (ет.)* – біраздан бері жемегендіктен, етті аңсау [2, 512]

- *Ақырамаш (зат ес.)* – белгілі бір науқанның, қарбалас шақтың соңы, ақыры [3, 303].

Әңгімеде көп кездесетін «қызыл» сөзі - «ет» сөзінің орнына жұмсалған, мұнда *қызылсырады, қызылға жиналғандар, қызылсырамайды* деген сөздер жиі кездесіп отырады. Сонымен қатар, ұлттық сипатты танытатын: *бордақы, соғым, тұяқ, шабандоз, желдіаяқ, торы, жатақ, көкпар, жамағайын, тақым, дөнен, жіліншек, сирақ, серке, қымыз, көке, қырқа, бұзау көкпар, соғым, ағайын, қамшы, қуғыншы, дода, жон, сауыр, құйма тұяқ, бурыл, ер-тоқым, тізгін, сүт пісірім, айналайын, тартпа, сауап, тайлы-таяқ, бурыл бесті, апақ-сапақ, айрық, үйтілген бас, қазан* [4, 460] сынды этнографиялық бірліктер бар.

Шығармада көкпаршы әкесінің жолын жалғай алмай, көкірегінде бір өкініштің ұшқыны қалған Тарбан атты кейіпкердің басынан өткен бір күндік оқиға суреттеледі. Жатақтағы елде қауын егіп, қызылсырап, жалғыз тұяқ көк серкесін соймақ болған Тарбанның әке жолын жалғай алмағанының басты себебі – әкесі Назардың көкпар үстінде қаза табуы, содан қалған көңілдегі қорқыныш еді. Әйтсе де, қан жібере ме, көк серкесін сойып жатып, өзі бір құмардан шығып, көкпар тартып көрмек болады. Тал-шабықты шапаттап, көкесінің «көкпар әкелетініне» қуанған баласының іс-әрекеті де ұлттық тамырдан нәр алып, жылқының қадір-қасиетіне бойлай өсіп келе жатқандығын аңғартады. Баласының үйді айнала жүгіргенін жаман ырымға балаған әйелінің сөзінен алда болатын қандай да бір жағымсыз жаңалықтың ұшқынын байқауға болады. Өйткені, *үй айналудың* жақсы еместігі, алда болатын жағымсыз хабардың жаршысы сияқты болатыны Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесінде де Махамбеттің басына түсер опасыздықтың хабарын беретіндей суреттелген [4, 281].

Шүңейтке барып, жалғыз өзі көкпар тартып, құмардан шыққан Тарбанға қайтарда екі жолаушы кездесіп, сирағынан кесілген көк серкесіне жабыса кетеді. Өзіне арнап сойған соғымы екенін қанша айтса да, соғымның сирағы кесілмейтінін айтқан әлгі екеуі бас салып, үш адам арасында алыс-жұлыс тартыс басталып кетеді. Үш адамның айқай салғанын қырдағы көкпаршылар да естіп, сол жерде үлкен додаға ұласады. Тарбан сияқты ебедейсіз емес, көкпар тартып үйренген жігіттер серкені қырға қарай тартқылай жөнелгісі келгенде, алыстау жамағайыны Әмірбекке Тарбан торы дөненін беріп, өзі бурыл бестіні мінеді. Көкпар тартысып үйренген Әмірбек жүйрік торы дөнен тақымына тиісімен, серкені ала қашып, қуғыншыларды жеткізбей оза шауып бара жатты. Осы кезде аттың жүйріктігіне сүйсінген көпшіліктің бәрі тамсана қарап, «жығылғырдың шабысын-ай» десіп тұрды. Кенет жүйткіп бара жатқан торы дөнен сүріне жығылып, омақаса құлады, үстіндегі Әмірбек те екі аунап түсті. Жүйрік аттың аяғы інге кіріп кеткендіктен жығылып, мойны үзіліп кетіпті. «Қазақта көз сұғы жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, қыран құсқа, сұлу қызға, қайсар батырға, қайратты палуанға тиеді деп нанады» [5, 9]. Қаламгер Тәкен Әлімқұловтың жылқы малы турасында жазған біраз әңгімелерінде жылқы малына көз тигендіктен жығылып, мерт болуы бір емес, бірнеше рет жазылған. Мұның өзі, ат сырын біліп, түйсінетін жазушының өмірден көрген-түйгенінен туындаған, демек, қазақтың тіл-көз тию ырымының босқа айтылмағандығы деп ұққан жөн.

Торы дөненнің мертігіп, жазым болған тұсындағы «күннің де алаурап ұясына батқаны» *психологиялық параллелизм* тәсілімен суреттелген. Жалғыз көк серкесінен де,

жалғыз торы дөненінен де айрылған Тарбанның көңілі жабығыңқы. Аттан құлап, өзін «ұятты болдым» деп ұққан Әмірбек бурыл бестісін Тарбанға береді. Шығарма Тарбанның бурыл бестіні мініп, торы дөнenniң ер-тұрманын алдына өңгеріп, жабыққан көңілмен үйіне қайтқан сәтімен аяқталады. Әңгімеде бастан-аяқ этнографиялық ұғымды білдіретін бірліктерден бастап, ырым-тыйым, салт-дәстүр, ұлттық таным көрініс табады. Жазушы тілінің шеберлігі кестелі сөз өрнегін ұтымды қолдана отырып, шығарманы жұп-жұмыр, оқиғаны қаз қалпында, көз алдына елестете отырып, аз сөзге көп мағына сыйғыза сипаттауынан байқалады. Қауын егіп күнелтетін, әке жолын жалғай алмаған, үнемі көкпар алып келетін жамағайындарының жазымен қызылға қарық боп отыратындығын ойлаған Тарбанның болмысында аңқаулық, әлде бостық, енжарлық барын байқауға болады. Бір жағы көңілінде әлдебір өкініш оты барын да сезінеміз. Бас кейіпкердің жатақтығына жанымыз ашығанымен, шабандоз әкенің ізін жалғай алмаған бостығына қарап, ақтай алмай қаламыз. Жазушының бұл әңгімесіндегі басты идея – әкеден-балаға мұра боп келе жатқан істі жалғастыру, жалғастыра алмаған күнде де қанның жібермейтінін, өкініштің азаймайтынын білдіру болса керек. Оқиғаны негізге ала отырып, қазақ бар жерде жылқы бар, ал жылқы бар жерде көкпардың, бәйгенің болмауы мүмкін емес екенін дәлелдейді.

«Көкпар» әңгімесіне сюжет жағынан ұқсас, бірақ кейіпкерлері басқалай суреттелетін жазушының «Көкпар» атты очеркі өз басынан өткен оқиғаға негізделген [6, 298]. Жоғарыда аталған шығарманың туындауына осы оқиға себеп болған сияқты көрінеді, өйткені сюжет жағынан қатты ұқсайды. Жазушы серігі Ыбыраймен Совхоз орталығынан намаздыгер уақытында шығып келе жатқанында, алдарынан көкпарға таласқан шабандоздар кездесе кетеді. Жазушы серігіне көкпарға қосылуын өтінгенімен, шабандоз шалдардан қаймыққан Ыбырай додаға қосыла қоймайды. Көпшілік ішінде қара ат мінген бір шал алдына көк серкені өңгере тартып, үйіне дейін алып кетті. Бірақ, өзге шабандоздар көкпардың қызығына қанбай қалғанын, серкені бере тұруын өтініп, жалынып алып шықты. Көпшіліктің қолқалауынан шыға алмаған қара шал Іңке келісіп, көк серкесін бергенмен, өзге біреу көкпарда алып қашып, ақыры өзіне бұйырмады. Келген екі қонақты әрі әзілмен қағытып, әрі тиісіп, «ауыздарының салымы болмағандықтан» көк серкенің бұйырмай қалғанын айтқан Іңірбай қария – осы ауылдың беделді шопаны екен. Қария сөз арасында басшыларының намаз оқығанға, ораза ұстағанға рұқсат беріп, атпен шауып шынығатындарға тыйым салғандығын, көкпарға рұқсат етпей жүргендігін айтып қалады. Мұның өзі, Кеңес Одағының астарлы саясаты кесірінен қазақтың ұлттық ойынынан ажырап бара жатқандығын дәлелдегендей болды. Ғұмырында ел аралап, жер аралап, көкпар мен бәйгеге қызыға құмартқан жазушының ғұмырнамасында осындай танымдық естеліктер жетерлік.

«Қош бол, Абсент!» әңгімесі темір құрсауда тұрған аттарды суреттеуден басталады. Табиғат азаттығын аңсаған жануарлардың адам қарасы көрінгенде, сейілге шығаратынынан дәмеленіп, оқыранып тұрғандығы жазылады. Бұл әңгіме жазушының өз басынан өткен оқиғаға негізделген. Шығармада суреттелгендей, аттарды тамашалау үшін Астанадан ат артып келген қонақтар – ақындар қауымы еді. Ішінде беделді ақыны бар, бір-бірін мадақтаған, даңқын әсірелеген ақындар тобы жылқыларды аралап жүріп, қартайған Абсентке қарап: «Пошымның жаманын-ай!» дегенін жас ақын онша ұнатпай қалады. Өзі сыйлап, өлең арнаған әлгі атақты ақынның мына сөзінен кейін, жас ақынның көңілін аянышты бір сезім билейді. Әңгімеде айтылғандай, жас ақынның беделді ақынға арнаған:

«Келгенше қайта оралып, кім бар, кім жоқ,

Кетейін сағынышты хат қалдырып!» атты өлеңі Тәкен Әлімқұловтың 1956 жылы жазған «Алматыға» деген өлеңі еді [7, 237]. Осыдан-ақ туындыда бейнеленген жас ақын – Тәкен Әлімқұловтың өз прототипі екендігін ұғуға болады. Осындай кісіге өлең арнағанына өкініп, одан да аянышты Абсентке лебіз арнағанында, сол жыр аяқасты болмас па еді деген ақын жүрегінде ой кептеліп қалады. Даңқ пен ерекше құрметке бөленген, даңғойлық кернеген топ бастаушы ақын мен жас ақын арасында сөзден ұстасу, келіспеушілік болады.

Абсент жылқының қартайғанда торға қамалған тағдыры, туған жерінен бесті кезінде Мәскеу ипподромына алынып кеткендігі, бүкіл әлемге аты шығып, мың бұрала билегендігі,

қартайғанда сол атақтың бәрінен жұрдай боп, бар пошымынан, сұлу кейпінен айрылғандығы жас ақынның шынымен жүрегін ауыртты. Өзге ақындардай емес, ол Абсентке шын жанашырлықпен, зор аяушылықпен қарап, ат жайын жан-тәнімен сезіне берді. «Ат құмар ақын» деген тіркесті қолданғанына қарап, Тәкен Әлімқұловтың жылқы малын соншалық түйсіне, тани білетін, жақсы көретін, түр-түсін ажырата алатын бапкерлігін байқауға болады.

Сонымен қатар, Тәттімбеттің атының домбыра әуеніне ілесе билейтіндігін, Балуан Шолақтың аты қаңтарусыз тұра беретіндігін, Ақан серінің Құлагері соңынан қалмай еріп жүре беретіндігін келтіріп өткен жазушының жылқы малына деген қызығушылығы, оларды тануға деген құштарлығы осы тақырыпта бірнеше шығарма жазуынан-ақ көрінеді. Беделді ақынның асау жүйрік туралы дастан жазғысы келгендегі ойына, жас ақынның асаудан жүйрік шықпайтындығын айтқан пікірі ұнамай, осы ісі үшін егде ақынды қолпаштаған өзге ақындардан сөз естіп, түсі сазарып қалады. Қайтар жолда мақтау мен сейілге тоймаған ақындар қауымы су жағасына барып, қайтадан тост көтергелі жатқанда, жас ақын олардан бөлініп, қайтадан Абсент тұрған жылқы заводына кетеді. Жанындағылардың қарсылығына қарамастан, насихат бюросына өзінің жауап беретінін айтқан жас ақын Абсенттің жанына қайта келді. Кәріліктен көзі шегірленіп, айналасына көзін төңкере қарап, дімкәстеніп, тұғырдан түскен Абсент жылқының жай-күйі ақынды ерекше әсерге бөледі. Ақын жүректің сезімтал келетіні рас, оған жылқының жанарын жас емес, қан жуғандай көрінді. Мұңдана, толғана ойға берілді.

Мүмкін, Абсент туған жерінің ой-қырында жүйтікіп шапқысы келген болар, мүмкін, жылқы малы ішіндегі ең жүйрігі де өзі болар? Қаншама жыл шетелде жүріп, сүйкімі қайтып, қартайған шағында туған жерінде де еркін көсіліп шаба алмай, заводтың тар темір торына қамалған кәрі Абсент жылқының жайы жас ақынды шынымен-ақ толғандыра беретін болатын. Жас ақынның жүрегінде Абсентке арналған дастан күмбірлегендей, жылқы мен ақынның арасында ерекше сыр ұғынысқан сәт болды. Ақын Абсенттен кешірім сұрады. Мұңлы музыка арқылы табысқан қос талант бір-бірін іштей ұғынысып, ақын жанына ерекше сезім сыйлаған биші жылқы мен жылқыға арнап «Қош бол, Абсент!» әңгімесін жазған жазушы арасында мәңгілік өлмейтін, келер ұрпаққа жететін әсерлі де тарихи сәт болып қалатындығын сол кезде жас ақын мен кәрі жылқы жүрегі сезді ме екен?!

«Тұлпардың тағдыры» деп аталатын әңгімесінде жүйрік Торалаяқтың тағдыры бейнеленеді. Кезінде Сарысу бойын жайлап, Арғын-Найман елі тыныштық бермеген соң, Қаратаудың теріскейіне қоныс аударған Мақының осы елге сіңісіп, келін түсіріп, соған дүбірлі той беріп жатқан уақыты болатын. Қазақтың тойы бір күнде бітпек емес. Алыстан ат артып келген қонақтары бар, алыс-жақын жамағайыны бар, дүбірлетіп той жасаған Мақының есебі түгенделіп, құдалары бір тоғыз, үш тоғыздан тарту-таралғылар әкеліп жатты. Шығармадағы этнографиялық атауларға түсініктеме берер болсақ:

Тоғыз – дәстүрлі қазақ қоғамындағы үлкен жиын-тойда ат бәйгесіне берілетін сыйлық немесе әртүрлі дау-шарда төленетін айып [8, 196].

Бір тоғыз – тоғыз түрлі зат бұйым не тоғыз түрлі мал түрінде берілетін алым, кәде [8,197].

Үш тоғыз – әрқайсысы тоғыздан тұратын үш топ сыйлық [8, 198].

Кейіпкерлер тілінің ерекшелігіне келер болсақ, жазушы көпшілікке түсініксіздеу, мағынасы көмескі сөздерді жиі қолданады, мәселен:

Тіктесерлік – ет.қарсы келу, тіресу, таласу, қадала қарасу, қадалысу [8,599]

Жүрекшайлы – жүрегі шайлығы [9, 647].

Шартақ – бәйге аттары келетін қарақшы, мәре; *шартақтау* – бәйге қылу [10, 272]

Әбі-тәбі тойхана – үст.орташа, шамалы [3, 349];

Автордың тілдік қолданысындағы тағы бір ерекшелік – кейіпкерлерінің диалогінде мақал-мәтелдерді көп келтіруі:

- «Бап шаппайды, бақ шабады»
- «Атының сыры иесіне мәлім»

- «Тұлпар түбін табады», «Тұлпар төркінін табады»
- «Ат айналып қазығын табар»
- «Сақалды құл жарытпас»
- «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді»
- «Естіген құлақта жазық жоқ»
- «Жауды аяған жаралы»

Мақының тойына атағы теріскейге түгел жайылған Тіләш (шын аты Тілеукұл) атқамінер келеді. Тіләштің руы жайлы жазушы біреулер оның арғы тегі татар немесе орыс десетін Бестаңбалы дейтін рудың бір таңбалысынан деп жазады. Пайғамбар заманында жауынгер бес жігіт қолға түсіп, солар бірге биенің қанын саусақтарына малып, мұсылманға айналғандығы нәтижесінде осы рудың пайда болған тарихына тоқталады [4, 210]. Сол Тіләштің Арыстағы жамағайынынан базыналықпен алған Көкқасқа аты бар. Жақынға шапқанда жүлдені ешкімге бермейтін жүйрік жылқының иесі болғаны да Тіләштің көңіліне мақтаныш бітіреді. Мақы тойында да бәйгенің боларын іштей сезіп, жүйрігін қоспақ болады. Көкқасқа қанша жүйрік болғанымен, Тіләштің қорқатын бір жүйрігі бар, ол – Әжібайдың нағашыларынан алған Торалаяқ. Жазушының өзі ат бабын жақсы білгендіктен, күрең аттың жақынға, торы аттың алысқа шабатынын айтады. Торалаяқ пен Көкқасқа егіздің сыңарындай, бір-бірінен асып жығылады, алысқа шабар болса, Торалаяқ дес бермейді, жақынға шапса, Көкқасқадан озу мүмкін емес. Затында сұстылық пен сойқанқұмарлық бар Тіләш осы бәйгеден қалай да Көкқасқаның жүлделі болуын дәметті. Сөйтті де, Мақыға ертеңгі болатын жақынға шабатын бәйге жарысын сұрағандарға жалған айтып, «алысқа шаптыртамын» дегізіп, айласын қиянатпен асырғысы-ақ келді.

Сайысқа қатысушылар күні бұрын аттардың терісін үгіп, суыту үшін барынша шаптырып, қайта оралғанда қапырыққа қамап, өкпесін өшіреді. Дегенмен, мұның бәрі де аттың жасына, болмысына, шабысына, бабына қарай болатын іс-әрекеттер еді. Затында жылқы малының бабын онша тани алмаған, түсіне қоймаған Әжібек Торалаяқтың өкпесі өшкенше шаптырып, қапырық қысқан қираған тамға қамады. Қираған там төбесінен екінді уақыты болғандықтан, күн шақырайып тұрған. Аттың бабын таба алмаған Әжібек тесіктің бәрін қымтап, ауа өткізгісіз жерге Торалаяқты қамады. Алыстан оралған тұлпар өкпесі өшіп, ауасы жоқ жерде ақ тер, көк тер болып, тұншыға түсті. Өзгелерден көргенін істеп, өз ісіне мәз болған Әжібек әрекетінің дұрыс-бұрыстығын ойланып жатпады. Өкпесі күйіп кеткен Торалаяқ құлай кетті. Соңғы демі шығып бара жатқан жүйріктің жанарынан екі тамшы жас үзіліп түсті, жаспен бірге тұлпардың жаны қоса үзіліп кетті...

Әлдекімдерден естігенін істеген Әжібек Торалаяқтың басын кесіп алып келе жатқанында, Көкқасқа тіксініп, серігін жоқтағандай тоқтаусыз кісінеп қоя берді. Ат екеш аттың өзі серігін жоқтап, бәйгеге қатар шапса да, серігіне күндестік танытпайды. Адам баласының өз қара басын ғана ойлайтын сұм ниетінің кесірінен жазықсыз тұлпар мерт болды. Аяқтан шалып, қастық қылған қаншама сұмның арқасында небір тұлпарлар тұғырдан тайып, бағдарынан адасып, күндестік құрбанына айналып, өмірден өтіп жатыр емес пе? Шын оза шапқан жүйрік тұлпардың тақымын қысып, ары қарай да көсіле қанат жаюына септесудің орнына пенделік кірлі көңілмен қастық қылу қандай өкінішті әрі аянышты еді...

«Күржік» деп аталатын повесі де «Тұлпардың тағдырындағы» бас кейіпкер Тіләш туралы. Бірақ, мұнда Тіләштің жағымсыз образынан гөрі, мықтылығы мен бапкерлігі назарға алынған. Затында айлакерлік пен шешендік бар Тіләш Мәденнің қаракөк құнанын алуға қолқа сұрайды. Жабағысында сатып алып, жем беріп баптап, арқасындағы күржиген шоқтығы үшін «Күржік» деп ат қойған Мәденнің қылқұйрығын бере салуға көзі қия ма? Әрине, қарсы болды. Дегенмен, Тіләш ағайын арасында жүретін базыналыққа салып, өзі төрлетіп отырған үй иесі Бөкпенбайды көндіріп, Күржікті алып қашып кетеді. Ашу мен ыза, қимастық қатар қысып, Тіләштің артынан жүйрігін алып келуге Мәден қанша ұмтылғанымен, ру ақсақалдарының «Жүйрік жылқы – көптікі» екендігін алға тартып, ертең Тіләштен де өзге біреулер барымталап кетуі мүмкін екендігін, артынан қуып барса, ағайын арасында бітіспес дау туындауы ғажап еместігін ескерткен ақылына амалсыз келісуіне тура

келеді. Күржікті Қабаш екеуі алып келе жатқан жолында үзеңгілес жолдасы Шәріптің ағасы келін той беріп, «мөлдек бәйге» (құнан жарысын солай атайды) ұйымдастырғалы жатқандығының үстінен түседі. Атақ-даңққа құмарлау Тілеш осы бәйгені пайдаланып, Күржікті додаға қоспақшы болады. Еліне мол сый-сияпатпен оралғысы келген Тілештің Күржігі осы жарыста бәйгеге бірінші келсе, Мәден де кешіріп, азаматтың атағы онан сайын асқақтай түсетінін ойлады. Расында, Күржік жеңіс мәресіне бірінші келіп, талайдың көз құртына айналды. Тілештің ендігі арманы – құнанды баласы Мирасқа сыйлау. Шығарма соңы да кекжиген Күржік пен құнан үстінің жайлылығына масаттанған бала Мирасқа қарап, тәубе еткен әкенің іштей сүйсініп бара жатуымен аяқталады.

Хикаят бастан-аяқ қазақ ауылының тіршілігін суреттеп, қазақтың салт-дәстүрі, шешендігі, сөз байлығы, салт-дәстүрі, ырым-тыйымы, күн көрісі, тыныс-тіршілігі хақында мол мағлұмат береді. «Тұлпардың тағдыры» шығармасындағы Тілештің ру тарихын жазған жазушы, осы шығармада да дәл сол аңызға тоқталып өтеді. Сонымен қатар, ел, жер, туған өлке тарихынан Шұбар, Қаракөл, Жылыбұлақ, Қособа, Күркіреуік, Әулиеата, Жетісу, Сарыарқа, Атбасар, Ақкөл, Келіншектау, Қаракөл, Жылыбұлақ, Теріскей, Баянауыл, Қарақойын, Сарыөзек сынды топонимикалық атауларды атап өтеді.

Тәкен Әлімқұлов шығармаларының тағы бір ерекшелігі – кең байтақ сайын далада емін-еркін өскен, көкпар, бәйге, жарыс, той десе бөркін аспанға ата қуанып, ру-руға бөлініп, аталы сөзге тоқтап, күй мен ән өнерін бағалап, ділмарлық сөзбен айтысып, бір-біріне базыналық та, барымталық та жасағанмен, ағайыннан алысқа кетпей, қанынан безінбей, тентегін кешіріп, ақсақалдан ақыл сұрап, сөзге тоқтаған, дәстүрінен аттамаған, қонақжайлығы жарасқан, берекесі кетпеген, бар байлығын төрт түлігім деп есептеген еркін халықтың тынысы мен тіршілігін айнытпай, қаз қалпында дәл сипаттап, көз алдына әдемі картиналар елестете алуы, сөзбен сурет салуы. Ұлттық танымдағы мезгіл, уақыт атауларын бір ғана шығармасының өзінде құлпыртып, бейнелеп қолданады. Мәселен, *сәрсенбінің сәтті күні, шаңқай түсте, тал түсте, ымырт үйірілгенде, намаздыгер шамасында, таңасырғанда, құлқын сәриде, көз байланғанда, күнгейдің ұзақ іңірі, салбыраған түн, өліара ай, ұры жортатын түн, үркер туар шақ, атқа қонар уақыт, ел жатар кез, таң алды, ағараңдаған таң, шығыс жақ арай шашқанда, кіші сәскеде, түс әлетінде, таң қылаң бере, түс ауа, түс қайта, түңлік жабулыда, кіші бесінде, күні бойы, ұлы бесінде, күн батарда, іңірдің кілегей күңгірттігінде, күн түскенде, екіндіде, түн ортасында, түні бойы, шай қайнатым уақытта* сынды тіркесті сөздерді, фразеологизмдерді атап өтуге болады.

Тойға жиналған қазақтар «Құнти» деп аталатын ойын ойнайды. *Құнти* – этн.жастар ойнайтын ұлттық ойынның бір түрі [2, 358]. Ойынның аты айтып тұрғандай, *құнтию, кішірею* мағынасына сайғандықтан, бір-бірінің тақия, бөрік, тымақ сынды бас киімдерін алып қашып, өзіне алады. Хикаятта құндыз бөрікке таласқан жұрттың Шәріптің он екі қанат ақбоз үйін аударып тастап, ойын қызығына бой ұрған жастардың желігі әзер дегенде басылғаны баяндалады. Ұлттық ойындар ойнаумен қатар, тойдың көңілді өтуі үшін Сұлтанбек дейтін жыршыны ерте келген Әужан, Мақамбеттердің абырой-атағы өсіп, ел алдында беделі артқандығы суреттеледі. Қазақ - ән мен күй десе жанын беретін, өнерді ерекше бағалайтын халық екендігін осы шығармадан дәлелдеуге болады. Сұлтанбек жыршының жырын құмарта тыңдаған үлкен-кіші бәрі жыршы отырған ақбоз үйді торуылдап, ұйысып жыр тыңдауға көшті. Әужан, Мақамбеттердің сағын сындырмақ ниетпен Тілеш жамағайыны, әнші Әлтайды ертіп келді. Жыршылар отырған үйге емес, Шәріптердің өзі отырған үлкен үйге кіргізді. Тілеш ым қағып еді, гармонын аңыратып қоя берген Әлтайдың әсем қоңыр дауысы күйге бергісіз әсем сазды үнмен кең даланы әнге бөлеп, тебіrentіп қоя берді. Жыршыны тыңдап отырғандардың бәрі осында ағылып, ол жақта бірен-саран ақсақалдар ғана қалғаны болмаса, Әлтайдың зор үнін тыңдағысы келіп, жас өнерпазға сүйсінген кәрі-жастың бәрі осында лап қойды. Өнер адамының арқалы келетіні рас қой, жан-жақтан сүйсінген, шіркін дескен дауыстардың лебімен-ақ ән сазына елтіп, тоқтаусыз, ерекше шабытпен ән шырқаған жас Әлтайдың үлкен нәркес көздері жұрттың өзіне деген ынтасын онан сайын арттырып, шалқи түсті. Зор шабытпен денесін ұстай алмай, ақбоз үйдің төрі мен

есігіне дейінгі аралықта жүріп отырып, асқан дауыспен ән салған Өлтайдың өнеріне қана алмаған қыз-келіншектер ертеңіне тағы да босағадан сығалап, өнер дәметті.

Таңертең тұрғанда өзінің тұла бойы қақсап ауырып, көзі талып, түнімен ұйқы бетін көре алмағанын, мазасы қашып тұрғанын айтқан жас әншінің жанына жігіт қосып, Тілеш ауылына аттандырды. Шәріптің тойынан қайтар жолында әлгі Өлтайға қосып жіберген жігіт бұлардың алдынан шығып, Өлтайдың дүние салғанын, жұрт «көз тигенге балағанын» айтады. Өйткені, жас жігіттің денесінің бәрі шұрқ-шұрқ тесіліп кетіпті...Тілеш осы кезде балалық шағында естіген бір аңызды еске түсіреді: баяғыда жүйрік атын жетектеп бара жатқан кісіге жолай кездескен бір адам: «жылқың жылқы-ақ екен» дегенде, аты омақаса жығылған екен. Аттың иесі әлгі кісіге «сенің де көзің көз-ақ екен» дегенде, әлгі адамның екі көзі ағып түсіпті. Көз тию, назарланып қалу – қазақы танымда бар нәрсе екені рас. Қазақ халқы жас балаға, жүйрік атқа, асқан талантты, сұлу адамға көз тиеді деп түсініп, ел көзіне көп көрсетпеуге тырысқан. Бұған хикаяттан тағы да дәлел келтіріп өтер болса, мынандай сөйлем кездеседі: «Құнан суытып жүрген балалар *«үлкендердің көзі тиеді»* деген ұғыммен қашақтай тысқарыланып, шоғыр топтарды жуытпайды» [4, 591].

Ас келгенде қонақтың сыйлылығына қарай етті мүшелеп берудің де жөн-жобасын қазақ халқы мейлінше сақтаған. Аталған повесте Қабашқа Шәріптің айтатын мынадай сөзі бар: «жауырын шалдың сыбағасы, көтен қойшыныкі, бәсіреңе ие бол да, ағанның сыбағасы тоқпан жілікті өзің аса, атқосшыға бұйыратыны негізі – асықты жілік» [4, 589]. Үйге келген қонаққа ет асып, сыйы мен дәрежесіне, кісілігіне қарай етті мүшелеп ұсыну – айнымас дәстүр. Жазушы шығармаларының бәрінде дерлік осы ғұрыптың кең суреттелгенін байқауға болады.

Шығарма жылқы малының қасиетін танытып, қазақ қоғамындағы тіршіліктің күш-қайнары осы түлікте жатқандығын баяндаумен қатар, ата-баба дәстүрін мықтап сақтаған қазақ өмірін шынайы бейнелеуімен де құнды. Қазақ әйелінің даналығын көрсететін оқиғалар да жоқ емес. Соның бірі, Бөкпенбайдың әйелі мырзағасы Тілештің атын атамай, Мілеш деп атауында да үлкен тәрбие мен таным жатқандығы ақиқат.

Қорыта айтқанда, жылқы мен қазақтың егіз екендігін, «алаша» - жылқы тұқымының атауы болғандығын, қазақтағы «Алаш» сөзінің түпкі этимологиясы осы сөзден туындап, арғы түбі жылқыға байланысты сөз екендігін дәлелдеген зерттеу еңбектері бар [11, 5]. Қазақ ұлтының күллі тарихы осынау киелі жануармен байланысты екендігі бесенеден белгілі. Жазушы Тәкен Әлімқұлов Асқар Сүлейменов айтқандай, туған жеріне деген ерекше сүйіспеншілігі мен Тәңір дарытқан таланты қосылып, мәңгілік өлмес тақырыпты терең қозғап, ұлтының дүниетанымын туындысына кең арқау еткен шабытты қаламгерлердің бірегейі. Жазушы тілінің сүп сүйір, жұп-жұмыр, артық қоспасыз, сылдырлаған мөлдірлігі, тіркестерді ұтымды қолдана білуі – оқырманның көз алдына суретті бейнені айна-қатесіз елестете отырып, бір деммен, ерекше үнмен, екпінмен оқып шығуына мүмкіндік береді. Жазушылық шеберлік деген осы болар. Тәкеннің қай шығармасын алып қарамаңыз, қазақылықтың иісі аңқиды. Жазушының өзі де атқұмар болып, жүйрік жылқының бабын ұғып, көп жылқы ішінен тани алып, тұлпардың нәсілі мен пошымына қарап, жетер жетістігін болжай алғанда ғана осындай тың туындылар жазылған болар еді. Демек, Абайдың «Аттың сыны», І.Жансүгіровтің «Құлагері», Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсарысы», бәрі-бәрі де тегіннен-тегін жазыла салған шығармалар емес. Алдағы уақытта Тәкен Әлімқұловтың қазақ тіршілігіндегі жылқы малының маңыздылығын айғақтайтын томдаған шығармаларына тағы да кеңінен тоқталып өтпекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімқұлов Т. Шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. 2-том, - 380 бет
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 10-том. –Қ –М. – 750 бет
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 2-том. –А –Б. – 744 бет

4. Әлімқұлов Т. ТАҢДАМАЛЫ. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. - 1116 бет
5. Кемелбаева А. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. – Алматы: Ана тілі, 2018. – 480 бет
6. Әлімқұлов Т. Шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. 7-том, - 380 бет
7. Әлімқұлов Т. Шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. 8-том, - 378 бет
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. М.Малбақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2011. 14-том. –Т –Ү. – 800 бет
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. 6-том. –Ж –Ж. – 752 бет
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. А.Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2011. 15-том. –Ү –Я. – 824 бет
11. Тоқтабай А. Түркі халықтарының жылқы мәдениеті. – Астана: «Ғылым», 2015. – 380 бет

ӘОЖ 541.128

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ – ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ

Қанағат Төлемісов

Жылыой ауданы Білім бөлімі әдістемелік кабинет әдіскері

Аннотация: 1927 жылы желтоқсанда жазушы, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Халық жазушысы Зейнолла Қабдолов дүниеге келген. Атырау облысы Доссор ауылында Қабдолов мектеп пен студенттік жылдарының өзінде әдебиетке деген үлкен сүйіспеншілік пен көркем шығармашылыққа құштарлығын ашты.

1943-1945 жылдары орта мектепті бітірген соң өндірісте еңбек етті. Политехникалық, кейін Тау-кен институтының студенті кезінде ол да басқалар сияқты ҚазМУ-дың аудиторияларында Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдауға жүгіретін. Олар жас жігітке үлкен әсер қалдырғаны сонша, ол 1945 жылы политехникумнан университетке ауысып, Мұхтар Әуезовтің шәкірті бола алды. 1950 жылы Ж.Қабдолов университетті үздік бітіріп, 50 жылдан астам осы ғылыми орталықта қызмет етті.

Табиғатынан дарынды шығармашылық адамы болғандықтан Қабдолов жазбай қалды. Ақын 14 жасынан шабандоз (ал шабандоздың жеті қырлы таланты бар) жаны бар Қабдолов туған жердің күйін, туған жер үнін, иісі мен бояуын бойына сіңірген. Ембі шөлі, Жайық пен Каспий теңізінен өмір бойы соққан түнгі жел. Оның алдында дала күйшілері мен жырауларының күйлері мен толғаулары қазақ халқының қасіретті де асқақ тарихын ашты. Халық әні, речитативті терме мен толғау, эстетикалық тәжірибе шабыт тудырды.

Ж.Қабдолов университетті бітіргеннен кейін еңбек жолын «Жұлдыз» журналының редакциясында бастады. Одан кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, Мұхтар Әуезов мұра еткен Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасын басқарды.

Алғашқы көлемді шығарма – «Өмір ұшқыны» повесі 1956 жылы қазақ тілінде, ал орыс тілінде 1958 жылы жарық көрді. 1964 жылы «Адам» («Адам») деген атпен әңгімелер мен очерктер жинағы жарық көрді. 1967 жылы «Сөнбейтін от» пьесасы республикалық байқауда жүлде алды. «Мұқтар аға» деректі фильмінің сценарийін жазған. 1970–1971 жылдары «Жалын» романы қазақ және орыс тілдерінде (мұнайшылар өмірінен) жарық

көрдi. Бұл роман КСРО Жазушылар одағы жариялаған Бүкілодақтық конкурста жұмысшы табы туралы ең үздік шығарма ретінде арнайы сыйлық алды.

1964-2002 жылдары Ж.Қабдолов орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жасауда, әдеби сынды зерттеуде жемісті еңбек етті: «Жанр сыры» («Жанр сыры») монографиясын, «Жанр сыры» атты монографиясын, «Жанр сыры» атты оқу құралын жарыққа шығарды. «Әдебиет теориясының негіздері» монографиясы, «Сөз өнері» монографиясы, «Жебе» - әдеби толғаулар, «Арна» - зерттеу-сын - эссе, « Көзқарас» («Талдау мен толғау»), басқа да көптеген шығармалары: екі томдық таңдамалы шығармалар, пьесалар жинағы. Әр жылдары «Жазушы» және «Санат» баспалары оның алғашқы бес томдық кітаптарын шығарды.

Көңіл-күйдің жоғарылығы үнемі шығармашылыққа, ізденуге деген құштарлықты тудырды. Қабдолов көптеген сыни және зерттеу еңбектер жазды, орта мектепке қазақ әдебиеті оқулығын дайындады.

Қабдоловтың шығармашылық тұлғасының тағы бір қыры – оның тіл мен стиль саласындағы таңғажайып шеберлігі. Ол қазақ билерінің озық дәстүрлерін бойына сіңіріп, Дала төсінде сөз эстетикасы мен мәдениеті басым болған кезде ата-бабамыз даңққа бөленген бояулы, шырынды, жанды бейнелі тілді әлемге қайтарды. Сөз өнеріне деген осындай көзқарас, тілінің өзгешелігі, фразеологизмі Қабдоловтың көптеген шығармаларының өзге тілдерге аударылмауына себеп болса керек. «Сөз өнері» оқулық-монографиясы әдебиеттанушы ғалымның негізгі зерттеу еңбегі. Бұл еңбек еліміздің барлық жоғары оқу орындарында студенттерге, филологтарға, журналистерге арналған анықтамалыққа айналды.

Болашақ ақын-жазушы, әдебиеттанушы Зейнолла Қабдолов 1927 жылы 12 желтоқсанда Гурьев (Атырау) облысы, Мақат ауданы, Доссор ауылында дүниеге келген. 1950 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітіріп, ұстаздық қызметке кірісті. Ал оның әдеби шығармашылығы поэзиядан басталды. Алғашқы өлеңдері жұртшылықтың назарын аударды, байқауларда аталды. «Жайық қызы», «Туған ел» күйлері халық әніне айналды.

Зейнолла Қабдолов прозаик ретінде кеңінен танымал болды. «Ұшқын» және «Жалын» романдары қалың оқырманды жинап, Батыс Қазақстан мұнай кәсіпшіліктерінің біріндегі жұмысшы табы, мұнайшылар мен зиялы қауым бейнесін бейнелейтін көрнекті туындыларға айналды.

Жас прозашы өзі өскен тұлғалардың бейнесін сомдайды, балалық, жастық шақ туралы жазады. Ертеңгі күнге ұмтылған замандастары оның романдарының кейіпкеріне айналды. Туған жерге, халқына, тілі мен салт-дәстүріне, Каспий теңізінің қатал табиғатына деген сүйіспеншілікті жырлайды.

Ендеше, қазақ, орыс, вьетнам тілдерінде жарық көрген «Жалын» романының басты кейіпкерлері белсенді, саналы, алға қойған мақсатқа жету жолында табанды. Кәсібіне деген шығармашылық көзқарас, кейіпкерлердің жоғары адамгершілік қасиеттері, өмірді ақтайтын бастамасы жұмысшы табы туралы шығарманың жалпы үнін, баяндау мәнерін өзгертеді. Жазушының сөзі бейнелі, сыйымды, шыншыл.

Өмірдің көптеген күрделі мәселелеріне қатысты философиялық ой толғау интонациялары, адамның қоғам алдындағы азаматтық борышы, адамгершілік тазалығы романның өзіндік стилін айқындайды. Актерлердің монологтары, ойлары, күмәндары, талпыныстары маңызды. Естеліктер өткенді және бұрынғы өмірдің суреттерін жаңғыртады, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әлеуметтік тәжірибе мен мәдени құндылықтарды шоғырландырады.

1947 жылы жас та дарынды қаламгер КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Шығармалары, әңгімелер мен очерктер жинақтары Қазақстанда, Ресейде, Қытайда жарық көрді. Академиялық театр сахнасында «Сөнбейтін жалын» драмасы қойылды.

«Жұлдыз» журналының хатшысы және оның редакторы (1950-1957), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде сектор меңгерушісі (1957-1959), «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы. «, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы Зейнолла Қабдолов ассистенттен профессор және кафедра меңгерушісі, ғылыми дәрежелер беру жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасына дейінгі жолды оқып, университетте үлкен қоғамдық жұмысты оқытушылықпен ұштастырған. филология ғылымдарының докторы мен кандидаты.

Оның «Сөз өнері» оқулығы бойынша университеттердің филология факультеттері мен журналистика факультеттерін бітіргендердің бір буыннан астамы оқиды. Жоғары орта мектептерге арналған «Қазіргі қазақ әдебиеті» оқулығының авторларының бірі. Ұлы Совет энциклопедиясында ғалымның қазақ әдебиетінің көне дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихына арналған мақаласы берілген. Зейнолла Қабдолов мәдениет пен отандық әдебиеттану тарихындағы ақтандақтарды айшықтап, мемлекетіміздің көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық мұрасы мен өмір жолын зерделеуге, көркем шығармашылық психологиясын ашуға өлшеусіз үлес қосты.

Оның «Әдебиет теориясы» жеті басылымнан өтіп, автор тарапынан үнемі жетілдірілген. Ғалымның Перуда «Жанр табиғаты» (1964), «Көзқарас» (1966), «Сөз өнері және оның табиғатын түсіну» (1976, 1982, 1992), «Жебе» (1976, 1982, 1992) кітаптары бар. 1971), «Русло» (1988), «Әуезовтің эстетикалық әлемі» (1986), «Жанр мәселелері», «Шеберлік мектебі», «Әдебиет теориясының негіздері», «Арнау» (1988) және т.б.

Біз аға әріптестеріміздің, сөз шеберлерінің ең үздік ғылыми еңбектерін ұмытып кете алмаймыз. Әдебиеттанудағы дәстүрлер мен сабақтастықтарды сақтай отырып, біз оларды қайта оқып, ой елегінен өткізіп, орыс гуманитарлық ойының тарихына енгізуге міндеттіміз. Жаңа әдеби сын, соңғы әдеби сын қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының аса маңызды теориялық ұстанымдарына сүйенеді.

Академик Қабдоловтың ғаламы

Ұстазының естелігі, өмірінде Мұхтар Әуезов болғанына алғыс айту академик Зейнолла Қабдоловтың талай баяндамаларының, мақалаларының лейтмотиві болып табылады.

1953 жылдың көктемінде Мәскеу университетінде Кеңес Одағында бірінші болып КСРО халықтары әдебиеті кафедрасы құрылды. Профессор Мұхтар Әуезов кафедра меңгерушісі Мәдина Богданованың өтініші бойынша қазақ әдебиетінен дәріс оқиды. Ол КСРО халықтары әдебиетін жүйелі түрде оқып-үйренуде, зерттеушілер, сыншылар, аудармашылар, ұстаздар даярлауда ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарының ерекше рөлін үнемі айтып отырады. Зейнолла Қабдолов Қазақ ұлттық университетінің әдебиет теориясы кафедрасын басқарып, осының қамын жалғастырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Зейнолла Қабдолов тілдің өзіндік ерекшелігін, стильдік өзіндік ерекшелігін, фразеологизмін негізгі әдеби астана деп есептеді. Олар аудармада жоғалады. Бірақ аударма қажет, өйткені ол әдебиеттер мен мәдениеттердің өзара байланысы мен өзара баюына қызмет етеді. Шетелдік ұлттық дүниемен, өзге көркем тілмен танысу жаңа көкжиектерді ашады, жаңа мазмұн әкеледі, аударма және баспа саясатының шекарасын кеңейтеді.

Ұлттық академияда өткен «Мұхтар Әуезов және 20 ғасыр әлем әдебиеті» атты жазушының 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда Зейнолла Қабдоловтың баяндамасында Мұхтар Әуезовтің әлем әдебиетіне қосқан үлесі жоғары бағаланды. Ғылымдар. Еліміздің мәдени-ғылыми қауымы, көптеген елдерден келген конференцияға қатысушылар әдебиеттанушының бейнелі, жарқын, көркем сөзін ықыласпен тыңдады:

«Абай – 19 ғасырдағы қазақ әдебиетінің құдіретті жартасы. Әуезов – 20 ғасырдағы қазақ әдебиетінің шыңы. Ой мен парасаттың осы екі алыбы үшін уақыт кедергісі жоқ. Олар дәуірден дәуірге, ғасырдан ғасырға жүреді. Абай барлық уақытта Абай мен Әуезов. Мұхтар Әуезов пен Михаил Шолоховты таланттың күші мен сұлулығы біріктіреді. Абай – ақын-

суретші ғана емес, сонымен бірге жалпыадамзаттық ауқымдағы философ-ойшыл. Әуезовтің жазушы, ұстаз, ғалым ретіндегі таланты жоғары да, төмен де, кеңдікте де дамыды. Ал мұндай біртұтас тұтастық Әуезовті Абайға, Абайды Әуезовке жетелеп, екі данышпанның арасына алтын көпір салмау мүмкін емес еді.

Салыстыру, бірлестіктер тізбегін нанымды түрде құру, шығармалар мен тарихи оқиғалардың мотивтерін ашу қабілеті гуманитарлық ғылымдар мен беллес-леттер әуесқойларының ризашылық жадында қалды.

Мұхтар Әуезовтің сүйікті шәкірті Зейнолла Қабдолов ұстазынан көп нәрсе алған. Оларды сөздің сыйы біріктірді. Жазушы, теоретик-ғалым, публицист, ұстаз Зейнолла Қабдолов эрудициясымен, мол білім қорымен, айшықтылығымен, баяндылығымен көрерменді баурап алды. Жіңішке әзіл-оспақ, әлем әдебиетінің дамуымен параллель оның көптеген халықаралық ғылыми конференциялардағы, диссертациялық кеңестер мәжілістеріндегі, дөңгелек үстелдердегі, баяндамалардағы баяндамалары мен баяндамаларының сәнін келтірді...

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Сейіт Қасқабасов аға әріптесі Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Зәки Ахметовтердің шығармашылығын жалғастырады деп есептейді. Ол: «Соңғы кітабының «Менің Әуезовім» мемлекеттік сыйлыққа ие болуы кездейсоқ емес. Мұхтар Омарханұлының шәкірті бола жүріп, бұл романында Әуезовтің тұлға ретіндегі сүйкімділігін көрсете білді.

Соңғы жылдары Зейнолла Қабдолов Махамбет туралы роман жазумен айналысып, оның шығармашылығында бір белес болады деп үміттенген. Ешқашан туған жерімен байланысын үзбей, Атырау университетінің шақыруларына әрдайым жауап берді. Халела Досмұхамедов, Махамбеттің мерейтойына қатысты. Бірақ Ембі мұнайының тұңғышы Доссор оның өмірге деген шынайы махаббаты болып қала берді, ол туралы шабытпен, жанқиярлықпен ұзақ айта алатын.

Ғылыми дәлелдер мен ой айшықтылығын ұштастырған бейнелі стиль қазақтың көрнекті ғалымының кітаптарын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік құралдарын ерекшелейді. Ал поэтика мәселелері, көркем аударманың өзекті мәселелері Зейнолла Қабдоловты тек теориялық тұрғыдан ғана қызықтырған жоқ. Ол орыс классиктері – Александр Пушкин, Николай Гоголь және басқалардың, ХХ ғасыр прозашылары – Виталий Закруткиннің, Лев Кассильдің шығармаларын қазақ тіліне аударды... Облыстық және республикалық театрлардың сахналарында Алексейдің пьесалары бойынша спектакльдер қойылды.

Академик Қабдоловтың жоғары деңгейдегі ғылыми форумдардағы лекциялары, сөйлеген сөздері әрқашан да тамаша, серпінді, қызықты, жан-жақты болды. Жазушы, теоретик, публицист, ұстаз аудиторияны эрудициясымен, мол білім қорымен, баяндылығымен, айқындылығымен жаулап алды. Жоғары талапшылдық, жеке жауапкершілік пен сезімталдық сезімі, ізгі ниет, жомарттық – қазақ әдебиеті мен әдебиеттануының корифейлерінің басты кейіпкерлері.

Аға досы туралы бірнеше рет айтқан жазушы, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Шериаздан Елеукеновтің шынайы да объективті пікіріне сүйенсек, Зейнолла Қабдолов филология ғылымының тарихында қазақ тілі теориясының негізін салушы ретінде қалады. әдебиет. Оның «Сөз өнері» атты іргелі еңбегі еліміздің жоғары оқу орындары мен институттарының филология факультеттерінің студенттеріне арналған анықтамалық болып табылады. Әйгілі Чеховтың «Адамда бәрі де әдемі болуы керек: бет-әлпеті де, киімі де, жаны да, ойы да» өзі сияқты адамдар туралы. Оның төсек тартып жатқан екі жылын тек әдеби ортада ғана емес, жалпы барлық ірі қоғамдық маңызы бар шараларда қатты сезінді, ол қазақ сөзін талғаммен, сүйіспеншілікпен жеткізе білгендіктен, тыңдармандары көпке дейін тарқамайтын».

Әріптестерінің жетістіктері мен жетістіктеріне қуана білу, жас талантты дер кезінде байқап, қолдау көрсету, талқыланатын тақырыптың, жобаның, диссертацияның, кітаптың мәнін бірден түсіне білу қабілет-қарымына ие болғандардың жадында сақталады. онымен

бірге болу бақыты. Оның көптеген шәкірттері мен шәкірттері Қазақстан мен Қырғызстан университеттеріндегі қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы, журналистика, орыс және әлем әдебиеті кафедраларында қызмет етеді. Олар Зейнолла Қабдолұлын өмірге құштар, дарынды ғалым, ұстаз ретінде еске алады.

Қасында өмірдің адал серігі, дос, пікірлес Сәуле апай болатын. Олар өмірді бірге жүріп өтті: нәзік те сымбатты, бірақ рухы өте күшті Сәуле апай мен айбынды, асықпайтын, харизматикалық Зейнолла Қабдолұлы. Ал олар ұлдары мен немерелерінің, шәкірттерінің жетістігіне бірге қуанды.

Туған әдебиетінің дәстүрі ретіндегі ағартушылық, Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің өзара әсер ету мәселесі, әлеуметтік-мәдени контекстегі көркем мәтін, проблема ретіндегі «модерн» және тағы басқалар Зейнолла Қабдолұловтың ғылыми қызығушылықтары аясында болды. Ол талапты да объективті ғылыми жетекші және қарсылас болды және жас зерттеушінің рухани баюы, гуманитарлық білімнің ерекше маңыздылығы ол үшін басымдылық болды.

Қазақстан Жазушылар одағының және Халықаралық қазақ ПЕН-клубының басқарма мүшесі Зейнолла Қабдолұлов бірқатар үкіметтік наградаларға ие болды: Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталары, Халықтар достығы, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендері, КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының көптеген медальдары мен әдеби сыйлықтарының иегері болды.

Болашақтың ісі – әдебиеттануды қорытындылайтын ғылыми өмірбаяндар, Зейнолла Қабдолұловқа арналған фильмдер. Олар егеменді Қазақстанның тарихында өшпес еңбектері үлгі болуға лайықты ғалым, жасампаз тұлғасы туралы әңгімелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолұлов Зейнолла Қабдолұлы: Библиографиялық көрсеткіш /Құраст. Ә.Қ. Нарымбетов. – Алматы: Қазақ университеті. 2002 ж.,–136 б.
2. Қабдолұлов Зейнолла Қабдолұлы: Библиографиялық көрсеткіш /Құраст. Ә.Қ. Нарымбетов. – Алматы: Қазақ университеті. 2007 ж.,–72б.
3. Дәуренбекова Л.Н. 1960-1980 жылдардағы түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі. Автореферат. Астана. 2008 ж., –24 б.
4. Дәуренбекова Л.Н. 1960-1980 жылдардағы түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі. Автореферат. Астана. 2007 ж., –12-13 б.
5. Жүсіп Қ. Қазақтың Қабдолұловы. //Арыс. Алматы: 2005 ж.
6. Қаратаев М. Изденіс іздері. – А, 1984 – 79б.
7. Тарақов Ә. Аударма әлемі. Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 243 б.
8. Добровольский В.А. Трое в серых шинелях. Повесть. М.: Гослитиздат. 1949.
9. Добровольский В.А. Сұр шинельді үш жігіт. Повесть.//ҚМКӘБ. Алматы., 1950231б.

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАЛАМГЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚИТУДАҒЫ ӨЗИНДІК ҰСТАНЫМДАРЫ

Шохан Шортанбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

Алматы, Қазақстан

shokhan.shortanbaev@gmail.com

Асия Салықбаева,

№148 мектеп-гимназиясының мұғалімі

Алматы, Қазақстан

Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, ғылым және мәдениет қайраткері Зейнолла Қабдоловтың 95 жылдық мерейтойы ел көлемінде кеңінен аталып өтілді.

Сөз өнеріндегі сара жолын өлеңмен бастап, көсемсөзбен кестелеп, кейінірек әдебиеттің бар жанрында қалам тербеген, әдебиет әлемінде өзіндік орны бар екендігін озық туындыларымен дәлелдеген Зейнолла Қабдолов еңбектерінің арналы саласы қазақ сөз өнерінде айшықты із, өрнекті сөз қалдырған Абай, Махамбеттерден бастап бүгінгі ортамызда жүрген қаламдастарына дейінгі аралықтағы сөз иелері, олардың шығармашылық әлемі туралы жазған ғылыми-сыни мақалалары, эсселері, әдеби-шығармашылық портреттері, ой-толғаныстары екендігі даусыз. «Жебе», «Арна», «Көзқарас» сынды еңбектерінің әдеби-танымдық маңызы, ұлттық әдебиеттің көкейкесті мәселелерін саралаудағы ғылыми мәні өз алдына бөлек әңгіме.

Жоғары мектептің студенттеріне «Әдебиеттану ғылымының негіздері», «Әдебиет теориясы» пәндерін меңгеруге, игеруге арналған оқулықтың авторы екенін, ол оқулықтар өз кезегінде «Сөз өнері» деген атпен әлденеше рет өңделіп, толықтырылып басылғанын, өзіне тән ерекшелігі бар еңбектер екенін айтуға тиіспіз.

Жалпы білім беретін орта мектептің 11-сыныбына арналған оқулық авторларының бірі екендігін, шәкірт зердесіне қазақ әдебиеті алыптарының, көрнекті өкілдерінің шығармаларын арқау ете отырып, шығармашылық әлеміне бойлап, талдағанын да білеміз. Бірнеше буын, ұрпақ өкілі сол оқулықтармен білім алып келе жатқаны да ақиқат. Қазақ әдебиетінің ең арналы кезеңдерінің бірінен саналатын, Алаш ұранды әдебиетті, кеңестік кеңістіктегі кезеңді қамтитын бұл оқулықтың, хрестоматияның «Ахмет Байтұрсынов», «Мағжан Жұмабаев», «Бейімбет Майлин», «Мұхтар Әуезов» атты тарауларын жазуға атсалысты. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері айқындалып, алаш арыстарының әдеби мұрасы жаңадан насихатталып жатқан шақта Ахаң, Мағжан туралы, олардың саяси-қоғамдық, әдеби-эстетикалық көзқарастары, туындыларындағы алаш ұстанымы, ұлттық идея сипаты туралы жазып, алғаш рет оқулыққа енгізудің басы-қасында болғанын, олардың шығармашылық ғұмырнамасын ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырғанын, бұл істі абыроймен атқарғанын білеміз. Оқулық жазудың өзіндік талабы, принциптері бар. Мектеп шәкірттерінің талабын, жас ерекшелігін ескере отырып, әдебиет өкілдерінің қазақ әдебиеті тарихында алатын орнын, олардың көзқарасы мен әдебиеттегі бағытын, көркем әдебиетті дамытуға қосқан үлесін айқындау бар да, оны шәкірт санасына ұғынықты тілмен, өзгеше стильмен жеткізу, тіптен, жауапты іс. Авторлар осынау міндеттерді абыроймен атқарып шыққанын айқын аңғарамыз. Мәселен, ХХ ғасыр басындағы ой-сананың оянуына түрткі болған Ахметтің шығармашылығына талдау жасай келе «Қазақ салты» өлеңі туралы мынадай пікір айтады: «Бұл Абай дәстүрінде туған, ал мазмұн мен пішіннің ішкі үндестігі жағынан Абай дәстүрін одан әрі жалғастыра келе біршама ілгері кеткен, пішіні қазақтың қадым заманғы қара

өлеңінің үлгісі болғанмен, мазмұны тақырып пен идеяның өзара шебер астаса өрілуінен туындаған тамаша шумақтар»[1, 21]. Ахаңның ұлттың салтын, табиғи болмысын ашудағы ізденісін дәл танып, оны оқушы танымына сай етіп түсіндіреді. «Әдебиет танытқыш» еңбегінің тарихын маңызын, ұлттық сипатын бағамдай келе, «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламасын ойлап тапқан да – Ахмет Байтұрсынов; көріктеу, кейіптеу, ауыстыру, алмастыру, түйіндеу, түйдектеу, айқындау, айшықтау, т.б. осылардың бәрі Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін еңбегінің әдебиет аясындағы нақты да затты көрінісі.

Сонымен, «Әдебиет танытқыштың ең басты бағалылығы – осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы»[1, 24 б.],- деп тұжырымдайды. Тиянақты тұжырымның, түсінікті түйіндеудің оқушы зердесіне де ұялай кететініне күмәнданбаймыз. Мұндай мығым мысалдарды, терең талдауларды, тың, жаңашыл ойларды Зейнолла Қабдолов арнайы жазған тараулардан, яғни, сөз өнері иелерінің тақырыптық, идеялық, жаңашылдық ізденістерін саралаған тұстарынан, сараптаған талдауларынан жиі кезіктіруге болады. Мәселен, Мағжанның «Қорқыт» поэмасы туралы: «Бұл көркем жинақталып, шебер шешімін тапқан, барлық адам баласына ортақ мәңгілік мәселенің өнердегі көрінісі болса, өмірін ғұмыр бойы қуғын-сүргінде өткізген ақынның жеке өз қара басының тағдыр-тіршілігі де осы еді»[1,118 б.], - деп тұжырымдап береді. Өмірі қиыншылықта өткен ақынның ауыр тағдыры өлеңімен сабақтасып жатқанын санаға шегелеп, мызғымастай етіп мазмұндайды. Бейімбет туындыларының ұлттық ерекшелігін, сыншылдығы мен шыншылдығын, мәні мен маңызын оқушы танымына лайықтап тұжырымдаса, Мұхтардың өмірі мен әдеби-шығармашылық мұрасын мезгіл мінберінен қарастырған тұста да Зекеңнің өзіне тән жазу машығының оқулықтың ажарын ашып, мазмұнын байыта түсетінін мойындаймыз. Алаштың бас кітабы «Абай жолындағы» пейзаждың көркемдік қызметін тап басып, ұмытылмастай ұғындырады. «Теңіз сырын тамшыдан тануға болатыны сияқты эпопеяның көркемдік ерекшелігін, әсіресе тілін тану үшін бір ғана пейзажға тоқталсақ та жетіп жатыр. Кітаптың пейзажды беттері – нақ тірі табиғаттың өзі. Бір жерден ақ кірпік боранға адасып кетеміз, енді бір жерде ауадағы дымқыл сыз бетке тиеді, тағы бір жерде ай нұрына малынып тоғайда жүреміз, енді бірде маңдайымыздан шағырая қадалған күнді қолымызбен қалқалаймыз»[1, 208 б.]. Көркем туындыны жас ұрпақтың зердесіне сіндірудің сан тәсілі болар, ал Зекең стилінің, түсіндіруінің сипаты бөлек, болмысы өзгеше, түйіні мығым.

Ақтаңгер әдебиетші-ғалымның әдеби шығарманы талдауынан талғампаздықтың, қалам иесіне үміт артқан ақеден көңілдің, ұлт әдебиетіне деген жанашырлықтың, сөз өнерін кие тұтқан қаламдастарына деген құрметтің шынайы үлгісін, адами болмыс-бітімінің шын бет-бейнесін танимыз.

Сондай-ақ, 11 сыныпқа арналған хрестоматияда әдеби сынға орын беріліп, онда Зейнолла Қабдоловтың өз сөзімен айтсақ, «әдебиет үйінің есігін еркін ашып кіруіне кепілдік бола алатын тұрлаулы туынды жазған», шығармашылық ізденісі мен талантының арқасында қазақ сөз өнерінің биігіне көтерілген, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы-драматург Қалихан Ысқақовтың әдеби әлемі, көркем сөздің сырын ашқан тырнақ алды туындыларының бірі «Қоңыр күз еді» повесі жайлы жазған ой-толғағы қамтылған екен.

Сөз өнерінің құдіретін құрмет тұтатын Зекеңнің қазақ әдебиетінің болашақ белгілі өкіліне айналар қаламдасына, оның шығармашылық ізденісіне қарата айтқан, талдап көрсеткен пікірлерінен шығарма табиғатын тануға талпынған жас шәкірттің, яғни, мектеп оқушысының алар әсерін, үйренер тағылымын бағамдап, көркем шығарманы талдаудың ерен үлгісін көреміз. Бұл повестен алынған үзіндімен оқушылар 7 сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығы арқылы таныс болатын. Ендігі сөз Қабдоловтың қаламынан туған, хрестоматияға енген жазушы Қалихан Ысқақовтың повесі жайлы жазған сын мақаласы туралы болмақ.

«Неге?

Жоқ, күз емес, көктем тәрізді: алғашқы қуаныш, алғашқы өкініш, алғашқы арман...
Бәрі жаңа басталған.

«Ақ жауын себелеп тұр. Жол лайсаң». Бола берсін.

... Жоқ, бұдан да гөрі бізге қымбатырақ нәрсе – осынау шағын шығарма бізге бір жас қаламгердің өнер өрісіндегі көктемді танытады, оның күзінен емес, жазынан үміт күттіреді» [2, 225 б.] деп басталатын академик – жазушы Зейнолла Қабдоловтың пікірі, ол кездегі өзі де болашағынан зор үміт күттіретін, әдеби ортаға жаңадан келіп қосылған жас болса да ағалардың аялы алақанының жылуын сезініп үлгерген, ғылыми ортада жас ғалым, сыншы ретінде танылып қалған Зейнолланың ә дегеннен осылай бастауы тосындау, қызық көрінгенмен, әдебиетті тануда, көркем шығарманы талдауда ешкімге ұқсамайтын өзіндік дара соқпағы, жазу мәнері, сара стилі бар екендігін жазған еңбектерімен тиянақтап, әдеби қауымды сол кездің өзінде-ақ сендіре алғанын, кейінірек әдеби, ғылыми ортаны оқшау талдау өнеріменен, ғылыми зерделеу машығыменен тәнті етіп, қапысыз мойындатқанына бүгінгі көзі қарақты оқырман да шүбәсіз иланады.

Өзі де әдебиет майданында еңбек етіп, қаламы ұштала бастаған, жыр жинағы («Жастар дауысы»), бірнеше прозалық туындылары («Серт», «Ұшқын» және т.б.) баспа бетінде жарияланып үлгерген қаламгердің соңынан ерген жас талантқа, іні-досқа шын жанашырлықпен жол сілтеп, қамқорлық танытуы, сөз жоқ, алдыңғы толқын ағалардан жеткен дәстүрге адалдықтан, кісілік пен кішіліктен, рухани ішкі тазалық пен имани қасиеттен туған риясыз, алғаусыз көңіл екенін байқаймыз. Алдыңғы аға буын өкілдері М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтің, Ғ. Мұстафиннің және т.б. кейінгі толқынға, қаламдас-замандастарына жөн сілтеп, бағыт көрсетіп жатуы кездейсоқ дүние емес, қайта қалам иелерінің қабілет-дарынын, ой-талғамын тап басып танып, алға нық басуына қол ұшын созуды парызындай санап, қамқоршы болғанын бүгінгі ұрпақ әрдайым мақтан етеді. Ұлы Мұханның қаламдас інілеріне, кейінгі буын өкілдеріне көркем әдебиеттің келешегіне алаңдап, жазып қалдырған аманат хаты, артқан сенімінің өзі неге тұрады! Сол сенім артылған топтың арасында Зейнолла Қабдолов та бар болатын. Аға аманатына адалдықты жанына ту еткен Зекеңнің күллі саналы ғұмырында ұстаз үмітін үкілеп өткені баршамызға аян.

«Әдебиет сыншысы, эстет қаламгер ретінде де Зейнолла Қабдолов ағымдағы әдеби процеске байланысты ой-пікірлерінде де, іргелі суреткерлер жайлы ықшам зерттеу, мақалаларында да мәселенің жекеден жалпы, бүтіннен дара тудыратын оқшау сипаттарын нәзік, дәл аңғарып, қуатты талдау рухымен жарқырата саралайды» [3, 44 б.].

Иә, шынында «Жұлдыз» журналының 1962 жылғы 8-санында жарияланған жас қаламгер Қалихан Ысқақовтың повесі жайлы әдеби жұртшылықтың ықыласын аударып, алғаш пікір айтқандардың бірі – З. Қабдолов. Бұл туралы өзі белгілі әдебиет зерттеушісі Қ. Ергөбекпен сұхбатында: «Қалиханның қаламының ізінде құр сөз емес, сөзбен салынған сурет қалып бара жатқанын көріп қатты қуанғаным, оның алғашқы туындысын Қазақстан жазушыларының республикалық үлкен кеңесінде көсіле талдағаным, сөйтіп, дүйім жұртқа оның қаламгерлік қабілет-қасиетін танытқаным рас еді» [4, 82 б.] - деп еске алады.

«Ә дегенде-ақ автордың тіл білетіндігін, тіл болғанда кәдімгі әдебиеттің бейнелі тілін білетіндігін аңғарамыз. Сол тілмен Қ. Ысқақов құр сөйлемей, қағаз бетіне сурет салып отыр. Суреті жанды, әсерлі шығыпты. Әр сөз орнында, ойнап тұр. Сөздің боянуы да мөлшерлі, табиғи. Автор өзі суреттеп отырған құбылысты толқына сезінеді және сол сезімін ірке алады, бұл – шыншылдық жолындағы әрлі әрекет. Сөз саралауда, сөйлем құрауда, жалпы өнер өрнегін төгуде Қ. Ысқақов біртүрлі бір еркіндік, кең тыныс танытады» [2, 226 б.]. Алпысыншы жылдары әдебиетімізге өзгеше леп, өрнекті ырғақ әкелген лирикалық прозаның дамуына, ондағы сыршылдық пен психологизмнің, ой ағыны мен ішкі иірімнің кең өріс алуына үлес қосқан Қалиханның бұл туындысындағы өзіндік ой орамын, авторлық ұстанымын, «сыршыл және шыншыл байыптауын» жіті аңғарған З. Қабдолов қаламдас інісінің аяқ алысын, жазу өнеріне адалдығы мен еңбекқорлығын, өзіне ғана тән стилін, сөзді ойната білу қасиетін, сөз қадірін бағалайтын талғампаздығын жазбай танып, сөз додасында сүрінбеуіне тілекші, озып келуіне үмітті екенін бүгіп қалмаған, сыр қылып ақтарған. «...Қ. Ысқақов өз геройын көріп қана қоймай, онымен кәдімгідей сөйлесетін тәрізді. Бұл – шын суреткерге тән машық. Мынау мектеп директорының сөзіндегі әрбір ырғақ-тыныстан оның

қай түрде, қалай сөйлеп отырғанын көзге елестету оқушы үшін де қиын емес. Дәл осы сөз арқылы оның мінезін білу одан да оңай. Демек, диалог өз міндетін атқарып тұр» [2, 227 б.]. Жазушы Қалихан Ысқақов туралы, оның «Қоңыр күз еді» повесі жайлы, әрине, аз жазылған жоқ. Оқырман тарапынан да, әдеби қауым өкілдерінен де тиісінше бағаланып, жұртшылық ықыласына бөленгені жасырын емес. Әр кезеңде А. Сүлейменов, Т. Тоқбергенов, З. Серікқалиев, С. Жұмабек, Ә. Бөпежанова, С. Асылбекұлы және т.б. повесть турасында, оның жетістігі-кемшілігі хақында өз ой-пікірлерін білдірген болатын. Дегенмен, Қабдоловтың сәтсапар тілеп, болашағынан зор үміт күттіретін талапты, талантты жастың әдеби ортаға еркін екпінмен келіп қосылғанын дер кезінде байқап, ертерек танығанын, бағыт сілтеп, бағдар көрсеткенін, жарияға жар салып, шын қуанғанын айту ләзім. «Қоңыр күз еді» повесі арқылы біз қалам иелерінің қатарына бір қабілетті жас талап қосылғанын байқаймыз. Өмірді өзінше тануға, таныған шындығын өзінше танытуға талпынатын, сезімі сыршыл, сыры шыншыл бір қабілетті жас келіпті. Оның көрген-білгені, ұққан-түйгені әзірше шағын, тіршілік тәжірибесі де онша үлкен емес, бірақ талғамы өр, талабы зор. Біз соңғысына сүйсінеміз» [2, 226 б.]. Біз де сүйсінеміз әдебиеттану білгірі Зейнолла Қабдоловтың түйсігінің алданбағанына, сенімінің алдамағанына. Ақтарыла сөйлеп, албырт жастың арынын тежемей, адымын демегеніне. Алар асуының алда екенін дөп басып, шеберліктің шыңына тынымсыз еңбектің арқасында жетіп, көркемдіктің құпия әлемін суреткерге тән сергектікпен, сезімталдықпен меңгеретінін болжаған әулиелігіне. Жазылғанына жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, дәл бүгін айтылғандай өміршендігіне. Бүгінгі ұрпақ бұған куә. Қабдолов үкілеп қатарға қосқан, жанына ертіп жол көрсеткен үкілі үміт жастардың бір Қалихан Ысқақовпен тоқталып қалмағаны және анық. «Бұлақ көрсең, көзін аш» дейтін халық даналығын көңіліне тоқып, көкірегіне құйып өскен азаматтың ғана қолынан келетін іс бұл. Бүгінгі әдебиеттің айналасында жүрген арынды жасқа, өзімбілермендікке құмар өзімшіл топқа да керек үрдіс, қажет қағидат бұл. «Баталы құл арымас», «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегенді дана халқымыз бекер айтпағанын, көңілге демеу, шабытқа медеу болар аталы сөзге зәру жастарымызға, ағаларының ағалық мейіріне, аялы алақанына ділгір таланттарымызға дер шағында қамқорлық керек екенін ұмытпағанымыз абзал.

«Повестің тіліндегі кейбір кедір-бұдыр, түсініксіз немесе тым қарадүрсін сөздер де өзгертуді, өңдеуді тілеп тұр» [5, 282 б.] дей келе, оны тек жекелеген сөздерден ғана емес, тұтастай сөз тіркестерінен, сөйлемдерден нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдеуі, сол арқылы алдағы уақытта мұндай кемшіліктерден сақтандыруы, сөз жоқ, «әдебиет – ардың ісі» екенін, оны аялай, ардақтай білуге шақырудан туған әрекет. Туған әдебиетімізге адал болуға, сөз киесінен қорқуға, қарабайырлықтан, көбік, қызыл сөзден абай болуға шақыратын Зейнолла Қабдоловтардың бүгінде орны бөлек.

Сонымен, академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың бұдан елу жыл ерте жазылған мақаласы туралы айтпағымызды, қайта оқығандағы алған әсерімізді автордың «Қорыта айтқанда, «Қоңыр күз еді» – Қалихан Ысқақовтың әдебиет үйінің есігін еркін ашып кіруіне кепілдік бола алатын, оның жас та болса өнер адамы ретіндегі табиғатын, қабілет-күшін танытатын тұрлаулы туынды» [5, 284 б.] – деген пікірімен түйіндесек, қателесе қоймаспыз.

Қалихан Ысқақовтың өмір жолы мен шығармашылығын оқыту барысында мәтіннің тақырыбы мен идеясын, тілдік-стильдік ерекшелігін, образдар жүйесін З. Қабдоловтың аталмыш мақаласын негізге ала отырып талдаса, оқушыны шығармашылық әлемге баулуға жасалған сәтті қадам болар еді. Қаламгердің сөз саптауына, қолдану ерекшелігіне мән беріп, суреткерлік шеберлікке жету тәсілдерін, сөзді ойната, құбылта қолданудың сан амалын үйрене түсуге жол ашар еді. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың жаңашыл, инновациялық әдістемесі мен технологиясын, соның нәтижесінде туындайтын «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу» модульдерін тиімді пайдалана отырып, шығарманы әр қырынан талдап, түсіндіруге болады.

Қорыта айтқанда, орта мектепке арналған оқулық жазу барысында жекелеген қаламгерлер шығармашылығын өскелең ұрпақ зердесіне ойға қонымды, ұғынуға жеңіл етіп

талдап, түсіндіруде академик-жазушы, ұстаз-ғалым Зейнолла Қабдоловтың ұстанған принциптері мен тәсілдерінің өміршең екендігін уақыт өзі алға тартып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / З. Қабдолов, С. Қирабаев, Х. Әдібаев. – Алматы: Мектеп, 2007.-368 б.
2. Қабдолов З. Жебе. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 б.
3. Әбдешұлы Қ. Таным көкжиегі. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
4. Ергөбек Қ. Талғампаз талант // Зейнолла Қабдолов тағылымы. Өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар мен сұхбаттар. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 416б.
5. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. 3-том.–Алматы: Санат, 2006.- 284 б.

СЕКЦИЯ 2 АКАДЕМИК ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

СЕКЦИЯ 2 РОЛЬ АКАДЕМИКА ЗЕЙНОЛЛЫ КАБДОЛОВА В РАЗВИТИИ ЛИТЕРАТУРОВЕДЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА

SECTION 2 ROLE OF ACADEMIC ZEYNOLLA KABDOLOV IN THE DEVELOPMENT OF LITERARY STUDIES OF KAZAKHSTAN SCIENCE

ӘОЖ 17.09.91

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ

(Әдебиеттану ғылымындағы дәстүр мен сабақтастық)

Қансейіт Әбдезұлы

филология ғылымдарының докторы, академик,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры

Ұзап бара жатқан жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысын ойға алғанда, арманда кеткен қаншама қазақтың аймаңдай абыздары, кек пен күйіктен жүректеріне өрт түскен, өмірден ерте өткен қаншама кемеңгерлеріміз еске түседі. Соның бірі – міне, бір жарым ғасыр өтсе де ұлылығына шаң жұқпаған Ахаң еді. Ахаң – ғасырдың өзі туғызған тумысы бөлек, тұғыры биік, бір бойына шешендік пен көсемдік қатар қонған данагөйіміз.

XX ғасыр басындағы қазақ ұлтының рухани көсемі, Алаш идеясының негізін қалаушы, Алаш үкіметі басшыларының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқының қамына жасаған еңбегін қай қырынан алып зерттесек те, алдымен туған еліміздің тәуелсіздігі туралы әңгімеге келіп тірелеміз.

Ол қандай тәуелсіздік еді?! Алдымен – саяси тәуелсіздік. Мемлекеттік тәуелсіздік. Рухани тәуелсіздік. Идеологиялық тәуелсіздік. Осынау негізгі – негізгі бағыттың барлығында да ұлт ұстазы, ұлы ойшыл, ұлы ағартушы, арынды ақын, көреген саясаткер, қарымды қаламгер, ғұлама ғалым Ахаң көш басында тұрды. Бұл жағынан Ахмет Байтұрсынұлына сол тұста ешкім тең келе алған жоқ. Алғашқы ақиқат – осы.

Ахаңды біз неге алдымен Алаштың рухани көсемі дейміз? Кез келген ұлттың мемлекеттік тәуелсіздігінде руханияттың, яғни рухани құндылықтардың алатын орнын және тарихи рөлін, керек болса саяси мәнін ұлт қайраткері ретінде Ахаң жалпыұлттық өреден терең түсінді. Қоғам, ел өмірінің жаңа бір тарихи кезеңге ойысқан тұсында жаңа бағыт, ендігі уақыттың ұстанымдары қандай болмақ, нендей күйлерге көңіл бөлу, білім беру, әдебиет, өнер, тәрбие бағытындағы іс-әрекеттеріміз қай арнада өркендеуі керек, осының барлығын Ахаң жүрегінен өткізіп, дер кезінде аңғарды. Аңғарып қана қойған жоқ, соны өзінің еңбектерінде, алдымен қазақ зиялыларына, қалың елге түсінікті тілде (яғни ана тілімізде), осы уақытқа дейін кездеспеген тың әрі жатық ұғымдармен, атаулармен, сөз оралымдарымен, ғылыми негізде, әрине, адамзат өркениеті қол жеткізген биіктен, сол тұстағы қазақ қоғамының даму сатысынан, әлеуметтік жағдайына табан тірей отырып, ой түйіп, өзінің қаламының қуатына арқа сүйеді. Қалам қайраткері ретінде осынау алмағайып заманда ұлт қамына еңбек етуді өзіне парыз санады.

Қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси, геосаяси жағдайы, экономикалық даму деңгейі, осының барлығын терең зерттеп, көрегендікпен алдын ала болжап, біліп алып барып ой қорытатын Ахаң сол кезеңде қазақ ұлтына, ел мүддесіне алдымен, яғни бірінші кезекте не жасау керектігін, қандай қадамдарға бару керек екендігін сұңғыла саясаткер, әлеуметтанушы, қоғамтанушы, қайраткер, терең білім иесі, көсем ретінде де дәл аңғарды.

Осының барлығын ел мүддесіне, ұлт ұпайына айналдыру үшін бүкіл елдік өркендеудің негізгі өзегінде рухани жаңғыру тұру керектігін бірден болжады.

Сондықтан да қазақтың қамын қаймықпай айта алатын Ахаң қазақ ұлтының жаңа ғасыр басындағы даму жолының негізгі кілті руханиятта жатқандығын алдын ала білді. Ахмет Байтұрсынұлының осы орайда 1922 жылдың 8-шілдесінде «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Қалам қайраткерлері жайынан» атты өзекті мақаласында: «қазақ жем болудан (орыс империясының тарапынан келуі мүмкін жағдайды меңзеп отыр) түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет (руханияттың бір саласы) қуатымен құтылады» – деп көрегендікпен жазуы тегін емес. Ахаң сол кездің өзінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайды шынайы болжап, қауіптің алдын алғысы келіп, жүрегі ауырғаннан ашық айтып отыр.

Сондықтан да Ахаңның бізге қалдырған баға жетпес рухани мұрасының басты-басты арналары: тарихи сананы қалыптастыру ілімі, әдебиет тарихы, тілтану ғылымы, әдебиеттану ғылымы, ақындық өнер, көсемсөз саласы болғандығы тегін емес. Елдік сананы көтеру үшін алдымен тарихи сананы, ғылыми сананы, көркемдік сананы көтеру керек екендігін Ахаң кемеңгер ретінде дер кезінде көре білді. Рухани тәуелсіздікке қол жеткізбей тұрып, мемлекеттік тәуелсіздік болмайтынын білді.

Біз соның бір бағытына ғана, яғни ұлттың рухани санасын көтеру мақсатындағы Ахаңның бір ғана еңбегіне – әдебиеттану саласындағы ой-пікірлеріне, ғылыми тұжырымдарына ат басын бұрып көрейік. Ахаңның бұл саладағы басты еңбегі – 1926 жылы жарық көрген әйгілі «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуі.

Ахаңа дейін сөз өнері ғылымын осылайша зерттеген, жүйелеген, қазақтың ұланғайыр, байтақ, мың жылдықтардан аман жеткен әдебиетін барынша қамтып, жан-жақты сөз еткен тәлтума еңбекті қазақ тарихынан табу қиын. «Сөз өнері» деген әдеби-теориялық, ғылыми-танымдық ұғымды да алғаш рет енгізген Ахаң. Ұлтқа ұлттық әдебиеттану ғылымы ауадай қажет екендігін терең түсінген ғалым тыңнан түрен салды.

Енді Ахмет Байтұрсынұлы ана тіліміздің ұлы байлығын, шексіз мүмкіндігін қазақ сөз өнері ғылымын дәйектеуде қалай пайдаланғанын бағамдап көрейік. Ең алдымен Ахаң сөз өнері, әдебиеттану ғылымы саласындағы, ана тіліміздегі тұңғыш терминдер жүйесінің негізін қалады. Оның іргелі ғылым саласы ретіндегі фундаментальді тұғырын, методологиялық арналарын қалыптастырады. Әлемдік әдебиеттану ғылымындағы тәжірибеден өткен қолданыста бар ой-тұжырымдардың, пікір-байламдардың да бағытын аңғарып, соларды қазақ топырағында, қазақ танымында қалайша ұлттық ғылым игілігіне айналдырудың жолдарын да ұмыт қалдырған жоқ.

Қазақ әдебиеті теориясы ғылымының көш басында Ахаңның осынау еңбегінің тұруы өте заңды. Және Ахаңның қазықтай қағып, шегедей бекітіп кеткен әдеби-теориялық терминдерін, ой-тұжырымдарын, ғылыми түйіндеулерін ізін ала қазақтың тағы бірнеше теоретиктері араға жиырма жыл салып, кейін де ары қарай жалғастырып, Ахаң ілімін қалайша жаңаша түрлендіріп, жаңаша тереңдете, жанрлық тұрғыдан жаңа арналарға жіліктеп, заманға сай жаңа ой-тұжырымдармен толықтыра түскенін аңғарамыз.

Халық жазушысы, академик Зейнолла Қабдоловтың 1976 жылы жарық көрген «Сөз өнері» атты оқулығында Ахаң пайдаланған, бекіткен әдеби-теориялық терминдердің барлығы жаңа мазмұнмен байытылып, жаңа қырымен жарқырай түсіп оқырман танымына құнарлы игілік болып қайта оралды.

Сөз зергері Зекең әдеби теориялық еңбектің өзін көркем шығарма деңгейіне дейін көтеріп, әрбір әдеби терминнің ішкі мазмұнын, сан құбылған сұлу атаулардың көркемдік құпиясын түсіндіріп, жанрлық атауларды жаңғырта аударып, әдебиеттің тегі мен түрлерін жаңаша түрлендіріп, тыңнан түрен салып, бейнелі тілмен төгілте баяндағанда ғылыми зерттеудің эстетикалық әсері еселей түседі.

Зекең де Ахаңның үлгісімен көркем мәтінге көбірек арқа сүйейді. Ахаң өзінің еңбегінде Абайдың, Мағжанның құдіретті поэзиясына, Ыбырай Алтынсарин, Мұрат, Байтоқ, Шернияз, Мәделі қожа сынды ақындардың туындыларына, батырлық, лиро-эпостық жырлардың мәтіндеріне көбірек жүгінсе, Зекең өз замандас ақын-жазушылардың қаламынан туған талантты дүниелерін мейлінше талдап, таразылайды.

Бір тұста Абайдың «Өмір, дүние дегенің, Ағып жатқан су екен» деп келетін жолдары Гераклит идеясына сәйкес екендігіне тоқталады.

Әйгілі Аристотельдің «Поэтикасымен» бастап, сөз саптайтын Зекең әлемдік әдебиеттану ғылымының корифейлерін, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерін тілге тиек етіп отырады.

Ахаң тапқан теңеулерге Зекең тапқан теңеулерді қосқанда қазақ әдебиеттану ғылымының көш ілгерілеп кеткеніне көзіміз жете түседі. Ахаңды ұстаз тұтқан, Ахаң еңбегіне табан тіреген Зекең осылайша әдебиеттану ғылымын жаңа белеске көтерді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалап қана қойған жоқ, сол деңгейде қазақ әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы, осынау ғылым саласының болашақтағы барлық бағдарын айқындап берген, оның жаңа методологиялық арналарына тыңнан жол ашқан бірегей тұлға ретіндегі тарихи орнын да бағалауымыз қажет. Айталық, Мұхтар Әуезовтің Ахаңның мерейтойына арналған «Ақ жол» газетіндегі 1923 жылғы 4-ші ақпанда жарық көрген мақаласында «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды», – дегені көш бастаушы ғалымға берілген үлкен баға, айрықша құрмет.

Мұхаң сол жылдардың өзінде-ақ Ахаңның әдебиеттің үлкен теоретигі екендігін көре білді, соны баса көрсетті. Осы пікірдің дәлелі ретінде көп өтпей, артынша-ақ әйгілі «Әдебиет танытқыш» кітабы қазақ оқырманының қолына тиеді. Төл топырағымыздағы қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа белесі, жаңа тынысы ашылды.

Ахаңның осы бастамасынан нәр алған, оның тұңғыш рет жариялаған теориялық ой-толғамдарына арқа сүйеген, табан тіреген бірнеше қазақ әдебиеттанушылары дәстүрді жалғастырып, дүниеге бірінен соң бірін, сүбелі теориялық еңбектерін жарыққа шығарды.

1930-1940 жылдар ішінде ғылыми айналымға енген көрнекті ғалымдар Есмағамбет Ысмайловтың «Әдебиет теориясы мәселелері» (1940 ж.), Қажым Жұмалиевтың «Әдебиет теориясы» (1938 ж.), осы бағыттағы іргелі зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымының келесі кезеңдеріне жол ашты. Бұл авторлардың жарық көрген еңбектеріне жан-жақты тоқталуға уақыт тар болғандықтан Ахаңның көш басында тұрған тарихи кітабының тағы да бірнеше құндылығын атап өткеніміз орынды болар.

Тағы да қайталап айтсақ, Ахаң қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалап қана қойған жоқ, сонымен қатар туған топырағымыздың құнарына әдебиет теориясы ілімінің жаңа жүйесін алып келді. Осынау іргелі ғылым саласының ғылыми терминологиясын жасады.

Осы орайда Алаш әдебиеттануына өлшеусіз үлес қосқан профессор Рымғали Нұрғалиев «Әуезов және Алаш. Әдебиетіміздегі ұлттық рух» атты монографиясында (1997 ж.): «Ахаңның «Әдебиет танытқышы» қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қарастырылған» – деп пікір түйеді.

Шын мәнінде Ахаң өз еңбегінде жүздеген әдебиеттану терминдерін айналымға енгізе отырып, ғылыми терминге тән дефинициясын да, яғни ғылыми анықтамасын да қоса беріп, түсіндіріп отырады. Мысалы, оқулық – монографияда Ахмет Байтұрсынұлының: «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады», – деп тәптіштеп, таратып түсіндіруінде не сыр жатыр.

Алдымен байқайтынымыз, Ахаң туған әдебиетіміздің төл табиғатына, өзіндік құнарына, өзіндік болмысына тереңдеп баруды мақсат етеді. Бұл тәсіл көркем шығарманы талдаудың, оның әсіресе ішкі құрылымына талдау жасаудың әдістемелік құралына сенімді қол жеткізуге төте жол ашады. Автордың осы тұста өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда қазақ тілі құнарын образды, бейнелі тілде өте шебер пайдаланып отыратындығын тайға таңба басқандай аңғарамыз. Ал енді Ахаң өз зерттеуінің құлақ күйін қалай бастайды. «Өнердің ең алды – сөз өнері» деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы

бар. Мұны қазақ мал баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Барлық өнердің қызметін сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді. Сөз өнерінің іргетасын, сөз өнері ғылымының тұғырын Ахаң осылайша түйіп айтады. Ары қарай «сөз өнері – қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, Еуропаша – литература», – деп шегелей түседі.

Қазақ ұғымына өте жақын, қазақ санасына өте түсінікті етіп, сөз толғайтын автор еңбектің келесі тарауларында да осы жүрісінен жаңылмайды. Сөз өнері туралы тарам-тарам ой-толғамдарын, әдеби-теориялық категорияларды, әдеби-теориялық терминдерді еңбегінің өне бойында туған әдебиетіміздің байтақ әлемінен пікірге дәйек болатын мысалдарды ойып-ойып алып, өз тұжырымдарын тұздықтап отырады.

Осы зерттеу методологиясын, ой қорыту, көркем мәтінді таңдап, талғау әдісін Ахаңнан кейін араға қырық бес жыл салып академик Зейнолла Қабдолов сәтімен пайдаланды, жүзеге асырды.

Зекеннің 1970 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясының негіздері» атты зерттеу оқулығына зер салғанда Ахаңның бейнелі тілде сөйлеу стилін Зейнолла Қабдоловтың қалайша биіктетіп алып кететінін анық аңғарамыз. Осы дәстүр сабақтастығы екі автордың еңбегін салыстыра сөз еткен тұста айқын көрінеді.

Ахаңның зерттеу, сөйлеу стиліне профессор Зейнолла Қабдоловтың аз ғана алдында қазақ өлеңінің құрылысына арнап одақтық және әлемдік деңгейде мойындалған іргелі монография жазған Зәки Ахметов те айрықша ден қойғанын байқаймыз. Қос ғалымның қос монографиясы да олардың 1965 жылы және 1970 жылы қорғалған докторлық диссертациялары негізінде жазылды.

Академик Зәки Ахметовтың 1964 жылы «Казакское стихосложение» деген атпен жарық көрген фундаментальды монографиясы бірден ғалымдар назарын өзіне аударды. Әлемдік әдебиеттану ғылымының категорияларына табан тіреп отыратын автор, қазақ өлеңінің табиғатын, тарихын, ұлттық болмысын, қазақ поэзиясының эстетикалық құдіретін, поэтикалық тереңдігін әдебиетіміздің өз топырағынан таратып талдайды.

Абай поэзиясы, оның мұхиттай терең мазмұнын, поэтикалық қуатын, ішкі құрылымын Зәкең өзіне тән талдау мәнерімен, телегей-теңіз теориялық білімімен одақтық оқырманға таныстырды. Бұл зерттеудің ғылыми құндылығы туралы өз кезінде әйгілі теоретик ғалымдар, В.Жирмунский, И.Стеблева, М.Сильченко, Н.Смирнова, Қ.Жұмалиев бүкілодақтық, республикалық басылымдарда көлемді мақалалар жариялады.

Одақтық деңгейдегі өзіміздің түріктілдес туысқан халықтардың бетке ұстар, көрнекті әдебиеттанушылары да Зекеннің еңбегіне сілтеме жасап, оны теориялық еңбек ретінде пайдаланды. Мысалы, поэзия теориясының әлемдік деңгейдегі үлкен маманы, академик Виктор Жирмунский өзінің түрік тілдес халықтардың поэзиясы туралы зерттеулерінде Зәки Ахметовтың өз еңбегінде тыңнан сөз ететін қазақ поэзиясындағы клаузула мен элизия құбылыстарына айрықша тоқталып, Зәкеңнің алғаш рет жасаған ғылыми-зерттеу қорытындыларына аса мән беріп, қазақ поэзиясының әлемдік поэзияның қорына әкелген олжасын бөле-жара айтады.

Академик В.М.Жирмунский өзінің 1970 жылы жарық көрген «О некоторых проблемах теории тюркского народного стиха» атты мақаласында: «Здесь достаточно отметить докторскую диссертацию о казахском стихе, заслуживающих особого внимания как по своему теоретическому уровню, так и по богатству и новизне конкретной информации и анализа», – деп баға береді. З.Ахметов утверждает на материале казахского короткого (7-8 сложного) народно-эпического стиха (жыр) как постоянный характер в таком стихе имеет трехсложная клаузула. З.Ахметов систематизировал ряд случаев видимой неравносложности, объясняемых фонетический факультативной элизией слабых (сверхкоротких) слогов и явлением зияния», – деп жоғары баға береді.

Жалпы, Заки Ахметовтің осынау еңбегінде ең алдымен қазақ өлеңінің құрылысы, халық поэзиясындағы ән мен өлең түрлері, қазақ өлеңінің құдіретін көтеріп, оның құрылымын дамытудағы Абайдың тарихи орны, қазіргі өлең мен өлең құрылымындағы жаңашылдықтар терең сөз болады. Академик Зәки Ахметовтің 1964 жылы жарық көрген «Казакское стихосложение» атты іргелі монографиясы, академик Зейнолла Қабдоловтың 1970 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясының негіздері» атты зерттеу оқулығы қазақ әдебиеттану ғылымындағы кезеңдік мәнге ие болған еңбектер екендігін тағы да бір рет қайталап айтсақ артық етпейді.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы жарыққа шыққан әйгілі «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми зерттеуінен кейінгі бір ғасырға жуық кезеңде Ахаң ту етіп көтерген Алаштық идея, Ахаң салған жол, Ахаң бастап берген қазақ әдебиеттану ілімі, яғни сөз өнері ғылымының дәстүрі тоқтап, тоқырап қалмай әр жылдары ұлтымыздың абыздары, академиктер Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов еңбектерінде жалғасын тауып, бүгінгі күні терезесі тең, ай маңдайы жарқырап, әлемдік эстетика ғылымында өз орнын тауып, туған әдебиетіміздің өркендеуіне қызмет етіп жатқандығын бүгінгі «Ахаңның жылы» тұсында қалай айтсақ та жарасады.

Кешегі дүниенің астаң-кестеңін шығарған XX ғасырдың басында әдебиет арқылы Ахаң қазығын қағып, дінгегін тұрғызған қазақ руханияты, рухани құндылықтарымыз ұлттық тәуелсіздігімізге әлі де сан ғасырлар қызмет ете беретініне сенімдімін.

ӘОЖ 81-2(5 Каз)

АКАДЕМИК ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Зейнолла Мүтиеv

филология ғылымдарының кандидаты,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры

Орал қ., Қазақстан

zinulla_mutiev@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада әдебиеттанушы ғалым Зейнолла Қабдоловтың көркем әдебиеттің лирика жанрын зерттеудегі таным-талғамы, өлең сөздің табиғатын танудағы эстетикалық көзқарасы ақындар туындыларын талдау мен аталған тектің теориялық мәселелерін сөз етудегі пайым-пікірінің қорытынды түйіні арқылы сарапталады. Ғалымның әр жылдарда жарық көрген ғылыми-зерттеу, монографиялық еңбектеріне шолу жүргізіліп, зерттеушінің қазақ өлең сөзінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық әлеміне жасаған ғылыми, әдеби-теориялық талдауларының негізгі мәні, өлең табиғатының көркемдік ерекшеліктерімен байланысты ой-тұжырымдарының құнды тұстарына назар аударылады.

Түйін сөздер: Лирика, өлең сөз, ақындық шеберлік, ырғақ, ұйқас, шумақ, тармақ, эстетикалық таным, мазмұн мен пішін.

Сөз өнерін өзінше сүйіп, өзінше баптаған академик-жазушы З. Қабдоловтың бірқыдыру еңбектері өлең сөз теориясының мәселелеріне арналған. Ғалымның ұлт әдебиеттану ғылымын мазмұн, тақырып жағынан байыту бағытындағы зерттеу еңбектерінің құндылығы қашан да маңызды.

Сөз өнері туралы ілім-білімнің алғашқы әліппесін білмекке ұмтылған жас талапкердің талай буынына рухани азық болған «Сөз өнері» оқулық-монографиясы [1] ұлт әдебиеттануының жемісті жетістіктерінің бірі саналады. Қазақ әдебиетінің сан алуан жанрының табиғатын тану, әсіресе бүгінгі әдебиеттің, оның ішінде лирика тегінің тәлім-

теориясының өзекті мәселелерін зерттеу ісінде академик З. Қабдоловтың ғылыми еңбектері өзіндік өзгешелік, соны көзқарас, тың пайымдарымен ерекшеленеді.

Қазақ көркем ойының сөз өнеріндегі сәулесін (болмыс-бітімін) ғылыми-рухани азыққа айналдырудағы ғалым мұраты мен мақсатын жалпылама алмай, лирикалық поэзияны тексеру тәсілі мен зерттеу амалының нәтижелерін түйіндеп топтасақтөмендегідей мазмұнды құрайды екен:

1) Қазақ сөз өнерінің теориялық мәселелерін қозғаған күрделі еңбегінің («Сөз өнері») «Сөз сарасы» тарауында өлең сөздің көркем әдеби туынды ретіндегі табиғатын (тілін, құрылысын) әр қырынан алып, түп-тереңінен қозғап төмендегіше тексеріс жүргізеді:

а) өлеңді көркем өнердің бір түрі ретінде ұғындырады және қазақтың баршаға ортақ қарапайым сөйлеу тілінде («ұлы өнер, піл сүйегінен ойып жасалған мүсін секілді «сиқырлы» сұлу өнер»; адамның өмірі ғана емес, өлімінің өзі өлең: жоқтау-ән, эпитафия-өлең»; - бұл жерде айта кету керек ғалым Абай теориясының // «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» - тәліміне жүгініп отыр);

ә) өлеңнің анықтамасын ғылыми, әдеби тілде де түсінікті қып береді: «Өлең-еркін сөйлейтін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі, Абайша айтсақ, сөз патшасы, сөз сарасы»;

б) өлеңнің эстетикалық-танымдық қызметін: («Өлеңдегі әр сөз адамның жан жүйесімен, көңіл күйімен, сезім толқындарымен өзекті байланыста») белгілеп берді;

в) өлең құрылысын түсіндіру, ұғындыру туралы қисындары адам ойының ішкі түйсігіне жеңіл әсер етіп, оны қабылдау үдерісі ұзаққа созылмайды: («Өлеңдегі әрбір тыныс, үн, үзіліс адам жанын тебіrentпей қоймайды. Өлеңнің әр ырғағы мен бунағында көл-көсір сыр ұялап, сезім шалқып жатады»);

г) өлең құрылысы мен құрылымын зерттеген ғалымдардың «схемасын»: дактильдің (В. Жирмунский), пектаметрдің (Б. Томашевский), тактометрдің (А. Квятковский), гексаметрдің (Г. Абрамович), силлабикалық өлең-жырдың (Қ. Жұмалиев), тіпті ямбы-хорейлерге қарсы тұрып, жаттанды схемадан бойын аулақ салған В. Маяковскийдің ирек-сызығына дейін көрсетіп, сөз сарасының өнер хақында зерттелу аймағынан сыр тартады. Алайда ғалым өзі мысал-үлгісін келтірген схемалардың өлеңнің сыртқы пішінін тану үшін ғана болмаса, ішкі мазмұнын толық аша алмайтынын ескертеді: («Себебі, поэтикалық шығарма схемамен жазылмайды»);

ғ) өлең ырғағының туу, пайда болу, жетілу қызметін баяндауда ғалым ырғақ туралы айтылған әр замандағы әр қилы пікірлердің қызықтысын, салмақтысын сүзіп алып, елпекшейді. Сол тұжырымдардың толыққан, толыққан үлгілерін ұсынып, ізденушісін ойландырып барып, өз түйін сөзін айтады: («Қысқасы, ырғақ - өмірде де, өнерде де көп нәрсенің кілті; өлеңде сөз бен дыбыс үндестігінің арқауы. Өлеңнің әр сөзі - ырғақты сөз»). Ғалым тұжырымында өлеңді оқу да, тыңдау да, түсіну де, тіпті өлеңге тұшыну мен толқу, тебірену – баршасы ырғаққа бағынады, яки «сөз өнерінің өзге түрінен өлеңнің басты өзгешелігі де ырғақта жатыр») [1, 253];

д) өлеңнің шумақ, тармақ, бунақ сынды күрделі қызмет атқаратын бөлшектерінің қызметі мен міндеттерін зерттеуші «көп тәптіштемей, тек кейбір үлгілерін ұсынуды жөн көретінін» ескерте келе екі тармақты шумақ пен сегіз тармақты шумақ аралығындағы туындыларға дейінгі аралықта қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларынан үзінділер келтіріп, мысал алады. Зерттеуші-тәлімгер қисынына құлақ ассақ, бар әңгіме ырғақта: «Ырғақ, ырғақ! Шумақ, тармақ, бунақ – бәрін туғызып жүрген - ырғақ». Көп бунақты өлеңдердің шұбалаңқы жолдарын (тармақтарын) екіге, үшке бөліп те форма (пішін) тудыруға болатынын немесе әр жолы екі-үш бунақты қысқа тармақты өлеңді бір бағанға (жолға) шығарып та, «реформа» жасауға болатынын дәйектеп, дәлелдеп көрсеткен ғалым пайымынша өлең тармағы мен бунағы ырғаққа бағынады. Оған себеп: біріншіден, ырғақ екпіні өлең мазмұнын, ой тұспалын жеткізу үшін қажет болса, екіншіден, ырғақ арқылы лирикалық кейіпкер мінезін, өлең табиғатын танытуға болады. Ғалым түйіні: «өлең туралы

ілімдегі шумақ жайлы ұғымдардың бәрі шартты; өлеңді терең тану үшін оның шумағын санаудың керегі жоқ, ырғағына қарау керек» [1, 259];

е) сөз сарасының жүйесін танытуға келгенде ғалым жалпы өлең сөздің әргі-бергі тарихына шолу жасайды. Мәселен, метрикалық, силлабикалық, тоникалық, силлаботоникалық жүйелердің өздеріне тән түрлері мен ерекшеліктерін сипаттай келе қазақ өлең жүйесінің (силлабикалық) негізгі өлшемі «буын мәселесі - қазақ өлеңінің құрылысын байыптаудағы басты мәселе» екендігін алға тартады. Өлеңді өлең жасайтын – буын және оған ықпал етіп құбылтатын инверсия екендігін буын саны әр қилы туындылардан үзінділер келтіре мысалдайды.

ж) өлеңнің цезурасы мен клаузасын түгендеуге келгенде ғалым ғылыми ізденісін індетте түседі. Ұйқасты қара өлеңнен де, ұйқассыз ақ өлеңнен де, он бір буын мен бес буынды және бунағы кем не көп көп буынды өлеңдердің біразынан мысал-үлгілер алып, оқушысының алдына жайып салады да буын туралы түйін сөзін: («Осы айтылғандардың бәрі екпінге емес, буынға негізделген силлабикалық өлең жүйесінің де алуан-алуан еркін өлшемдер туғызу мүмкіндігі мол екенін аңғартады») деп тұжырымдайды;

з) өлеңнің ұқасы жайын сөз еткенде ғалым түркі тектес халықтар (өзбек, әзербайжан, ұйғыр, якут, хакас) поэзиясына тән құбылыстардың (фаулун, фаилун, мафаилун, т.т.) әу баста дауыс ырғағына негізделіп қолданылғанымен, бірақ бәрібір «осылардың бір де бірі бұл күндегі ұйқасқа пар келе алмайтынын, силлабикалық өлеңдегі ұйқастың орны мен рөлі айрықша бөлек екенін» атап өтеді. Қазақ силлабикасындағы тұрақты қолданысқа енген (академик Қ. Жұмалиев атап көрсеткен) сегіз түрлі ұйқас үлгілер ұсына отырып, сонымен бірге өлең зерттеушілерінің ат қойып, айдар тағып жүрген нұсқаларын (толымды-толымсыз ұйқас, күрделі-жалаң ұйқас, ішкі-сыртқы, терең-тайыз, ашық-тұйық т.б.) көрсете келіп: («Ұйқас – ұйқас үшін тұрмауы керек, яғни ұйқас өлеңнің пішініне ғана емес, мазмұнына қызмет етуі шарт. Ұйқастағы табиғилық та осында жатады») [1, 286] деп қорытады.

2) Академик З. Қабдоловтың поэзияға қатысты еңбектерінің бір жалғасын қазақ лирикасының өткен тарихына есімдері енген көрнекті ақындар шығармашылығы мен олардың туындыларын талдауға арналған жазбалары құрайды.

Кезінде мерзімді баспасөзде жарияланып, кейіннен таңдамалы кітаптарына енген ол мақала-жазбалардың өрімінде зерттеушінің көркем әдебиет, көркем дүние туралы ой-түсінігі, эстетикалық танымы мен талғамы, қысқасы, лирика, поэзия сықылды сөз өнерінің сарабал жанры мен оны тудырушы автор хақындағы толғаныстары баян тапқан. З. Қабдолов стиліне тән (ғылымилықтан гөрі көркем эссеге жақын) мәнермен жазылған бұл дүниелер жазылу мерзімінің ұзарғанына қарамастан жеңіл (жүрекке жылы тиіп) оқылады.

Қазақ ақындарының суреткерлік келбетін, ақындық өнерін тануды таныстыруды ғалым ұлы Абайдан бастайды. Абайдан басталған сөз сарасының көркемдік, сұлулық әлеміне бойлау трактаттарының тізбесін тарихи-хронологиялық ретпен түзсек, ғалым ізденісінің лирика (өлең, поэзия) хақындағы ой-толғамдарының негізгі түйіні былайша тұжырымдауға болады:

а) «Абай ақындығы» (1950 ж.) - З. Қабдоловтың [2, 9] жиырма екі жасында жазылған тырнақ алды әдеби һәм ғылыми мақалаларының бірі саналады. Абайтану – кең де күрделі сала, әрі өнімді әрі өрісті. Негізін М. Әуезов, С. Мұқанов сынды ғұламалар қалаған асыл арнаның тұнығы мен тұңғығынан сыр тартпаққа өзінің ұстазы (ғылыми жетекшісі) М. Әуезов құдіретімен мойын ұсынған студент-шәкірттің балаң еңбегінде үлкен ізденістің, биікке ұмтылыстың ізі жатқанын аңғаруға болады. Ұстазы М. Әуезовтың дәйек сөзімен басталған еңбек Абай өмірі мен өскен ортасы, дәуірі туралы толғаныстармен толыса келе Абай ақындығының негізгі басты белгілеріне ойысады. Ғалым Абай туындыларын талдамас бұрын, «лирика туралы бір-екі ауыз сөз айтуды» қош көреді. Зерттеушінің лирика жайындағы ой-түйіндері Белинскийдің берген анықтамасымен, сыр-толғанысымен ұштасып жатыр. Лириканы тақырыптық-идеялық, мазмұндық тұрғысынан да (мысалы, саяси, философиялық, табиғат, махаббат.. т.т.) ғаламдық үлгілерге салып жіктейді.

Ал Абай лирикасына келгенде: «Жалпы лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, Абай өлеңдерінде соның бәрі бар» [2, 16] дейді зерттеуші. Абай лирикасын ғалым жоғарыда өзі атап шыққан тақырыптарының баршасына салып, теліп, талдап шығады. Талдау тәсілі, тексеру әдісі: әр қилы амалдарға бағындырылған, бірде мазмұндап, бірде түсіндіріп, кейде көркемдеп оқырманын жетелеп, желітіп отырады. Әсіресе ақынның табиғат, көңіл-күй тақырыбындағы лирикасының мәнін, тағылымын таразылауда ғалым өлең мазмұнының қуат-күшіне сай эмоциялық еркіндік, суреткерлік шеберлік (З. Қабдоловтың жазушылық қырын, «Жалын», «Ұшқын» романдарының авторы екенін еске алсақ) танытады. Абай ақындығын ұғынуда автор жан-жақты ізденіспен, шығармашылық шабытпен қалам тартады.

ә) «Аупартком секретары Құлқайыр Оспанов «Мұнай өнімін арттыру шаралары туралы» өзінің он күн дайындаған баяндамасын сейфке салып тастады да, активке жиналғандар алдында «Мұнай берді» оқып шықты» [3, 91, 398].

Бұл үзінді ғалымның қазақтың белгілі ақыны Асқар Тоқмағамбетов шығармашылығына арналған «Азамат ақын» (1965) атты жазбасынан алынып отыр. Өлеңнің күдіретін, лириканың әсемдігін, жалпы поэзияның кереметін осы бір шағын еңбегінде ғалым әдемі, әсерлі жеткізе білген. Соғыс оты күйіп тұр. Мұнайлы жердің бәрі жау қолында қалған. Отанның үміті – Ембі мұнайшыларында. Жоғары жақтан келгендер үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Ықпалы онша емес. Осы сәт Асқар жыры: «Сүйіктілер сүйгенін // қайта көрсін десендер... // Мұнайшылар мұнай бер! // Соны сізден сұрайды ел!» - барлық үгіттен, барша насихаттан асып түсті. «Мұнай бер» мұнайшылар жүрегіне нұр, білегіне күш дамытқан тамаша жыр» болды. А. Тоқмағамбетов ақындығының, оның өлең-жырларының уыттылығын ғалым осылайша жеткізді. Ақынның бір туындысының жазылу тарихын көрсете отырып, күллі шығармашылық (ақындық) әлемінің биіктігін белгілеп берді. Ғалымдық эстеттік таным өлең мен оның авторының суреткерлік болмысын бар қырынан зерделей келе бір-ақ түйді: «Асқар ақын біздің қоғамдық көзқарасымыз бен дүниетанымымызда өзін елетпей, өзіне еліктетпей қоймайтын, өзін тыңдатпай тынбайтын күш. Демек, Асқар жекелеген өлеңдер емес, тұтасқан творчестволық тұлға» [3, 401].

б) «Өзегі толы ақжалын» (1976) - ғалымның ақын Х. Ерғалиевтің негізінен поэтикалық (поэма, дастандарын) дүниелерін талдап-таразылауға арнаған еңбегі. Алайда лирикалық бітім-болмыс элементін арқалаған («Әке сыры», «Жас ана» т.б.) ақын туындыларындағы басты-негізгі қасиеттерді санамалай келе зерттеуші: «Эпикалық кең құлаш пен лирикалық терең тыныстың бұлайша ұштасуын Хамит ақынның төртінші ерекшелігі десек, оның дәл осы ұсталығы мен нұсқалығы өзінен кейінгі ондаған ақынға үлгі, өнеге беретін мектеп боп отырғанын айту артық емес» [4, 154] деп түйіндейді ойын.

в) Ұлт лирикасында соғыс тақырыбы ерекше мәнге ие десек, сол сұрапылды бастан кешіп оралып, аман-есен оралып қана қоймай, отты жылдар жаңғырығын лирика тілінде сөйлеткен ақынның бірі – С. Мәуленов. Академик З. Қабдоловтың «Монологында» (1982) ақын Сырбайдың ақындық өнерін қанды көйлек майдандас аға әрі әріптес Қ. Аманжоловтың соғыс тақырыбында жазылған туындысымен сабақтастыра, салғастыра тексереді. Зерттеуші С. Мәуленов монологының тақырыптық-идеялық өрісін ақын туған жері Торғай топырағына барса Әбділдаша жырлайды деп көрсетсе, «Сырбай Баянауылға барса Қалижанша тебіренеді де, Жетісуға келсе Илиясша сүйсініп, шалқып тасады» [3, 429] деп көрсетеді.

Ғалым тұжырымынша Сырбай монологының мазмұны өте бай әрі тақырыптық ауқымы да кең. Монологтың шын шеберін автор: «Сөз зергеріне тән хас тіл мен стильді, мәнер мен машықты, өрім мен өрнекті түп-түгел осы монологтың пішінінен табар едік» [3, 427] атап өтеді.

С. Мәуленов поэзиясының күллі әсемдік әлемін тұтастырып тұрған оның монологтары екендігін жан-жақты талдап, көрсете келе «келешекте Александр мұнарасынан гөрі биігірек» және ұзағырақ жасайтын қазіргі қазақ поэзиясындағы бір монолог осы монолог екені даусыз» деп қорытады өз ойын З. Қабдолов.

г) Қазақ лирикасының тарихында төрден орын алған сыршыл, күйшіл ақынның сапында Әбу Сәрсенбаев есімі жиі аталады. Ә. Сәрсенбаев лирикасының табиғи тәлімі әдебиеттануда біркелкі сөз болды. Алайда ақын суреткерлігі хақында қай әдебиетші, қай ғалым қаншалықты қалам тербесе де әрбір зерттеушінің өз көзқарасы, өз пайымы бары анық. Академик З. Қабдолов «Тойлар тұсындағы ойлар» (1978-1985 ж.ж.) атты топтама ойлар эссесінде Әбу поэзиясының кейбір ерекшеліктеріне зерттеу жүргізеді. Автор: «Әбу қандай ақын? Сәрсенбаев поэзиясының ерекшелігі неде?» деп сұрақ қойып алады да одан әрі ақынның шығу тегінің теңізбен байланысты қырларын («Еділ толқынында», «Қиғаш жағасындағы ой»), соғыс жылдарындағы жырларында да («Тула, Балтық», «Тынық Дон» т.б.), отты күндерден соңғы бейбіт өмірде де («Балықшы әні», «Ақ Жайық», «Балықшы қыз» т.б.) теңіз ұлы боп қалғанын, шынайы суреткерге тән стиль қалыптастырған ақын (теңіз жыршысы – З. Қабдолов) екендігіне аса назар аударады. «Оның теңіздей шалқыған сыр мен сезімге бай лирикасы,- дейді ғалым, - лирикалы эпикасы – қазіргі қазақ әдебиетінде өзіне лайық орны бар өзгеше құбылыс» [2, 189].

ғ) З. Қабдоловтың әдеби ойлар топтамасында сырт елде (Польша) жүріп жазылған жалғыз-ақ өлеңімен («Соқ, сағатым») кеңес дәуіріндегі жазушылардың жетекшісі А. Фадеевтің, қазақ қаламгерлерінің қосағасы С. Мұқановтың дуалы ауыздарыны ілініп, Одаққа есімі танылған ақын Жұбан Молдағалиев лирикасының тәлім-тағылымы да тексеріліп өтеді. Қос жанрда (лирика мен эпика) бірдей қалам тартып, екеуінде де өз үнімен, стиль-сырымен көрінген ақын шығармашылығы қашанда күрделі тұтастықты құрайды. Сол көп қабатты, сан тұрпатты тұтастықтың тереңіне үніліп, сыр тартқан зерттеуші тұжырымына жүгінсек Ж. Молдағалиев - «идеялық тұрғысы биік, лирикалық сыры терең, эпикалық құлашы кең ақын» [2, 205].

д) Академик З. Қабдолов – қазақтың кеңес дәуірінің жыршысы, төңкеріс солдатты аталған ақындардың да шығармашылық сапарына барлау жүргізген ғалым зерттеушілердің бірі. Қоғамдағы өзгерістер дауылы кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен, Сәбит, Бейімбет сынды ақиық асылдарымыздың ғұмырбаяндық, ақындық шығармашылықтарына салқынын тигізіп тұрған тұстарда «Сәбит Мұқанов - өз дәуірінің айнасы» (1990) деп араша тұрып, Сәбеннің ақындық бітіміне жаңаша көзқарас тұрғысынан талдау жүргізді. Ғалым С. Мұқановтың поэзиядағы жеткен жетістіктері мен кемшіліктерін саралай талдайды, ақынның замандастары Мағжан, Ахмет туындыларынан жекелеген үзінділер алып С. Мұқанов өлеңдерімен салыстыра, жарыстыра тексереді. С. Мұқановтың тырнақ алды тұңғыш өлеңі «Көңілімді» автор: «Жұпыны ғана жүдеулеу өлең: пішіні де олпы-солпылау. Автор шалыс ұйқас жасамақ болды, бірақ қарабайыр қоңыр әуен» деп сынап келе,- ал мазмұн жағынан байыптасақ, бұл өлең С. Мұқановтың бар бастауының басы (начало всех начал), күллі творчествосының сыңғырлап ашылар кілті - қазіргі қазақ әдебиеті деген айдынға сарқырап құйылар Сәбит сарынының құлақ күйі» [5, 124] деп тұжырады, яки «Көңілімнен» басталған Сәбит поэзиясы «Сырласуға» дейінгі аралықты ғалым дәуір айнасына теңейді. Ұлт поэзиясын «Майға сәлем», «Колхозды ауыл осындай» сынды туындыларымен байытқан ақынның түр әкелу (ендіру) жағынан да («Мәдени бәсеке») «реформатор» болғанын («дәстүрлі өлең ұйқасын, бунақ пен шумақтың аяғынан басына шығарып төңкеріп түсіріп, силлабиканы силлаботоникаға, тіпті тоникаға айналдыра жаздайды») өлең-жырларынан (ырғақ, тармақ, бунақ, буын) үзінділер келтіріп талдайды. С. Мұқановтың өз дәуіріне (Қазан төңкерісіне, Кеңес өкіметіне, т.б.) деген махаббатын зерттеуші «біртүрлі фанатикалық (дуалы) махаббат» деп бағалайды. Ғалымның айтар ой-түйіні «өз дәуірінің айнасына айналған суреткер - шын мәніндегі шыншыл суреткер» [5, 135] дегенге саяды.

е) З. Қабдоловтың лирикалық шығарманың көркемдік қуаты мен суреттілік құдіретін аса тереңдікпен талдаған еңбегі - қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиев шығармашылығына арналған «Қадырдың қадыры» (1977) атты зерттеу толғанысы. Қ. Мырзалиевтің «Күміс қоңырау», «Ой орманы», «Дала дидары», «Бұлбұл бағы», «Ақ отау», «Домбыра» сынды әр жылдары жарық көрген өлең-жыр жинақтарының негізіне сүйене отырып ақынның суреткерлік келбетін, ақындық болмысын танытуға күш салады.

Қазақ поэзиясына өз үнімен, өзіне тән стиль тауып келген Қадырдың бүгінгі лирикадағы қадырын әр қырынан танып-білмекке ден қойған ғалым аталған зерттеуінде мынадай мәселелерді оңды шеше алған:

Біріншіден, ақын өлеңдерінің идеялық мазмұны мен тақырыптың ауқымын нақты мысалдармен жетімді дәлелдейді;

Екіншіден, ақындық шеберлік пен көркемдік өрнектеріне баса назар аудара үлгілер ұсынады;

Үшіншіден, ақын туындыларының образдық-композициялық ерекшеліктерін, суреткердің машығына тән белгі-нышандары айырып көрсетті;

Төртіншіден, ақынның халық тілінің байлығын қолдану әрі түлетудегі ізденістеріне назар салды;

Бесіншіден, ақын туындыларының жеке адам тәрбиесіндегі маңызы мен рөлін, ұлағаттық тағылымын нақты мысалдармен саралап көрсетті.

Ғалым пікірінше ақын мықтылығы сол - «әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар Қадырдың жырлауында жаңа қырынан, бұрын-соңды ешкім айта қоймаған соны мағынада, тың пішінде көрінеді» [6, 173].

Ақын жаңашылдығын мазмұн мен пішін, нақтылық пен заттылық тағы сол сияқты өлең сөз категориясына қатысты нышан-дағдылар мен сипат-белгілерден іздей келе зерттеуші өз ойын: «Ол - өзінің ақындық кредосын, яғни ақындық аса ірі миссиясын іс жүзінде абыроймен ақтап келе жатқан талант» [6, 180] - деп қорытады.

Қазақ лирикасының өткені мен бүгіні туралы сөз қозғасақ, аталған тектің теориялық мәселелері мен дамуы хақында артына өшпес әдеби-ғылыми мұра қалдырған ғалым академик З. Қабдолов еңбектері өзінің эстетикалық-танымдық құндылығымен ерекшеленетінін айту ләзім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2007. - 360 б.
2. Қабдолов З. Арна. - Алматы: Жазушы, 1988. - 256 б.
3. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Т. 2. - Алматы: Жазушы, 1983. - 456 б.
4. Қабдолов З. Өзегі толы ақжалын. Кітапта: Қабдолов З. Жебе. - Алматы: Жазушы, 1977. - 380 б.
5. Қабдолов З. Көзқарас. - Алматы: Рауан, 1996. - 256 б.
6. Қабдолов З. Жебе. - Алматы: Жазушы, 1977. - 380 б.

ӘОЖ 82:82-09

ҒАЛЫМНЫҢ СЫРЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Мұрат Сабыр

филология ғылымдарының докторы,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры

Орал қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Зейнолла Қабдоловтың шығармашылық жолындағы сан қырлылығы талданып беріледі.

Біздер, 1980-90 жылдары Қазақ ұлттық университетінде оқыған бақытты ұрпақтармыз. Өйткені филология ғылымының небір марқасқаларынан, атап айтсақ Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішов, Алма Қыраубаева, Зинелғабиден Бисенғалиев, Мархабат Томанов, Мырзатай Серғалиев, Берікбай Сағындықұлы, Әбсаттар Дербісалиев т.б. ғұламалардың алдынан дәріс тыңдадық. Қазіргі таңда осылардың қай-қайсысыда аңыз адамға айналып барады. Таулар алыстаған сайын биіктейді. Ал тірі кезінде-ақ күллі қазақ

қауымына, Кеңес одағына, Түркі дүниесіне ғұлама ғалым, жазушы, академик, ұстаз, қоғам қайраткері ретінде мойындалған қазақтың Қабдоловының орны бөлек. Біздер, филологтар «Қабдоловтың кең құшағынан шықтық» деп мақтана аламыз.

Зейнолла Қабдолов қазақ руханиятындағы күрделі құбылыс, сегіз қырлы, бір сырлы тұлға.

Зейнолла-ақын. 7-сыныпта жүріп-ақ «ақын бала» атанған. Айтысқа да қатысқан. Талай додаларда өлеңдері жүлде алған. Қасым Аманжолов сияқты дүлдүл ақыннан мақтау естіген. Өмірге ғашық жүрек әдебиет есігін поэзиямен, нәзік лиризммен ашқан. Әбілахат Еспаев әнін жазған «Жайық қызы» қазақ даласының эфирінде самғап кеткен. Әрине хан бұрылып қараған, би бұрылып сұраған сұлу қызды көргенде сері жігіт қалай шыдап тұрады:

Ажары атқан таңдай ару жастың
Қасы бар қанатындай қарылғаштың
Жанары жан біткенді елжіреткен
Болсайшы бәрі осындай қарындастың

Зекең қара сөздің шебері, әдебиеттану ғылымының майталманы болса да жазғандарынан, сөйлеген лебіздерінен ақындық сарын Жайықтан соққан саумал желдей есіп тұрады.

Зейнолла – ғалым. Зейнолла Қабдолов ұлы ұстазы Мұхтар Әуезовтың жетекшілігімен әдебиеттану ғылымына үлкен дайындықпен келді. Қазақ әңгімесінің дамуы мен шеберлену жолын зерделеп, 1964 жылы «Жанр сыры» деген атпен зерттеу еңбегін жазды. Одан кейін қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық негіздерін тереңнен зерделеді. «Сөз өнері» атты оқулығы тіл, әдебиет мамандарының басты кітабына айналды. «Сөз өнері» Зекеңнің ғалым ретіндегі негізгі кітабы, шырқау шыңы. Сонау Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» бастау алған тұма бұлақтың теңізге ұласқан көрінісі. Әдебиет әлемінің құпия, сырлы, нулы ормандарына оқушысын жетелеп апарып, сөз өнерінің сан-салалы шербетінен, кәусарынан дәм татқызып, әдебиеттің тек пен түрін таныстырып, бет пен бағытын көрсетіп, ғажайып әлемге саяхатқа алып кетеді.

Бұдан басқа әр жылдары шыққан «Жебе», «Әуезовтың әсемдік әлемі», «Арна», «Көзқарас», «Жанр сыры» атты кітаптарында көркем әдебиет туралы ғылыми мақалалары, ой-толғамдары, эсселері әдебиеттану ғылымына олжа салған қадірлі дүниелер.

Зейнолла – жазушы. Әдебиет есігін әдеппен, сергек көңілмен, сабырлы мінезбен, шалқар шабытпен аттаған Зейнолла 20 жасында Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылданды. З.Қабдолов мұнайшылар тақырыбына алғаш қалам тартқан жазушы. Осы тақырыпта «Өмір ұшқыны» атты повест жазып, кейін «Ұшқын» атты күрделі романға айналдырды. 1970 жылы жұмысшы жастар өміріне арналған іргелі шығармасы «Жалын» романы жарық көрді. Жұмысшы табына арналған шығармалардың бүкіл одақтық бәйгесінде (1972) жүлделі орын алды.

«Менің Әуезовім» роман-эссесі үшін жазушыға 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Бұл шығарманың бас кейіпкері Зекеңнің студент кезінен бастап, өмір бойы қанаттас, сырлас болған ұстазы, заманымыздың заңғар жазушысы – Мұхтар Әуезов. Ол - ХХ ғасырда Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов негізін қалаған Алаш ұранды әдебиетті жалғастырушы. Алаш арыстарының сарқыты, ел болашағы үшін ерен еңбек еткен - тұлға. 1930-жылғы зұлматтан, 1950 жылғы бұлғақтан Қазақ ұлтының бағы үшін аман қалған Мұхтардың сан қилы өмір жолын автор жүрек сүзігісінен өткізіп, көп жылдар бойы толғанып, ғажайып шығарма тудырды. Шығарма жанры да қызық, бірнеше жанрдың тоғысқан гибрид түрі. Эпикалық сарын, драмалық тартыс, лирикалық шегініс бәрі-бәрін тоғыстырып, қиуын таба келіп жазушы роман-эссе деп өзі атау береді.

Шәкірт Зейнолла уақыт өте келе ұлы Мұқаңның сырлас досына, рухтас, мақсат-мұңдас жақын інісіне айналған. Мұхтар Әуезовтың «Ғазиз көретін. Сұлу мінез, сұлу білім. Өнер иесі досым, інім Зейнолла! Дос, аға көңілден тілейтінім-сеніммен бірге жүру. Өзара бірге еңбектену» сөздерінен де шәкірт пен ұстаздың тығыз достығын аңғарамыз. Шығарма

бойында ұстазымен бірге ойланады, толғанады, сырласады. Ұстаз бен шәкірт ойы бір арнаға тоғысып, парасатты пайымдарға ұласады.

Сұлу сөздің зергері, қарымды қаламгердің қолынан туған шығармалар аз болса да саз, қыздың жиған жүгіндей әдемі, қас шебердің қашап салған алтын зеріндей көздің жауын алып, қазақ әдебиетінің аспанын мың түрлендіріп тұрған сыны кетпес сырлы дүниелер.

Зинолла-драматург. Драма–әдебиеттің үшінші тегі, ең қиын жанр. Қым-қиғаш интрига, шиеленіскен тартыстар үстінде кейіпкерлердің сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында болып жатқан оқиғадан қорытынды ой шығару. Зекең де бұл салаға қалам тартып, қарымды драматург екенін көрсете білді. Драманың жазылуы бар да, оның сахнаға пьеса етіп қойылуы бар. 1967 жылдан бастап ұзақ уақыт бойы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры сахнасында «Сөнбейтін от» драмасы сәтті қойылды. Бұл пьесада қазақ өнерінің Серке Қожамқұлов, Нұрмұхан Жантөрин, Ыдырыс Ноғайбаев сияқты тарланбоздары ойнады.

Зейнолла-аудармашы. Зекең шебер аудармашы бола білді. Назым Хикметтің орыс тілінде «Всеми забытый» деп аталатын пьесасын Зекең «Елеусіз қалған есіл ер» деп, құлпырта аударып, алпысыншы жылдары театрда сахналанды. Бұдан басқа А.Пушкиннің «Балықшы мен балық» ертегісін, Н.Гогольдің мақалалары мен хаттарын, В.Добровольскийдің «Сұр шинельді үш жігіт», В.Закруткиннің «Судағы станица» романдарын, т.б.шығармаларды қазақ тіліне аударған. Зейнолла Қабдолов қазақ аударма өнерін өрге сүйреді. Оның қаламынан туындаған аудармалар қазақ әдебиетінің саф алтын дүнесіне айналып, қазақы болмыспен, көркем тілмен сыр шертті.

Зейнолла-ұстаз. Зейнолла Қабдолов-елу жылдан астам үздіксіз білім және ғылым саласында еңбек етті. Ширек ғасыр бойы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің әдебиет кафедрасын басқарып, бірнеше жыл «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін негізгі қызметімен қоса атқарды.

Өмірінің соңына дейін Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті жанындағы филология ғылымдары докторы дәрежесін тағайындау жөніндегі тұрақты диссертациялық кеңестің төрағасы болды. Қазақ әдебиетінде «Қабдолов ғылыми мектебі» қалыптасты. Әуезов аудиториясындағы ғылыми айтыстар күллі ҚазГуге (бүгінгі ҚазҰУ), одан бүкіл Алматыға тарап жататын. Сол ғылыми айтыстарын тұжырымы, тоқтауы Зекеңнің сөзі болатын. Зекең айтқан сарабал тұжырым, қарымды, қорытынды ой ел аузында жүретін.

Зекеңнің асыл қасиеті адам бойынан тек жақсылық көргісі келетін, талабыңды, талантыңды байқаса қол ұшын беруге дайын тұрады. Зекеңнің қасында жүрген кісіге қанат бітеді деп ел аңыз етеді. Оның бір ауыз марапат сөзі шәкірттің мерейін өсіретін. Зекең айтқан мадақ сөз мойыныңда қарыз болып, жас ғалымдар соны ақтауға тағы да жанын салып еңбек етуге кірісіп кететін. Бұл шындық. Қазақ филологиясы бойынша көптеген ғылым кандидаттары мен докторларын дайындады. Зекең де Мұхтар сияқты ұлы ұстазға айналды. Қолына қалам алған журналист болсын, жазушы, ғалым болсын бәрі де Зекеңді ұстаз тұтады.

Мұхтар Әуезов мен Зейнолла Қабдолов бірін-бірі жақсы көрген шәкірт пен ұстаздың әдемі үлгісі. Шыңғыс Айтматов бірде: «Мұқанды ерекше жақсы көресің-ау сен», -дейді. «Өлердей»-деп жауап қайтарады Зейнолла. Ал Зекеңнің шәкірті біздің Серағаң, Серікқали Шарабасов та оны әкесіндей, Сәуле апайды анасындай жақсы көрді. Пір тұтты. Шәкірттің ұстазды жақсы көріп, тіпті ғашық болуын біз Сәкеңнің бойынан көрдік. Серікқали ағай Н.Әлімқұловтың сөзіне жазылған «Әлі есімде» әнін жақсы көретін. Сөйтсек бұл әнді ұлы Мұхтар сүйіп тыңдапты. Көңілді отырған бір сәттерінде шәкірті Зейноллаға айтқызып қояды екен.

Әлі есімде, бұлтсыз әлем аспаны,
Арман бізді алға апарып тастады.
Қара шашың мойыныма оралып,

Жерге тамған ыстық көздің жастары. Ұлы Мұқанның жүзіне қан жүгіріп, көздері боталап, тағы да айтшы деп, емініп, «қара шашың мойныма оралып, жерге тамған ыстық көздің жастары» деген де «па шіркін» деп тамсанып отырады екен.

Кейін Зекеңде көңілді отырған кездерінде осы әнді, аспирант Серікқали Шарабасовқа шырқатып қойып, елжіреп тыңдап отыратын болған. Ұстаз бен шәкірттің тонның ішкі бауындай жарасуы осындай болса керек.

Зинолла-шешен. Зейнолланың майда қоңыр даусымен сөз саптауы өте ерекше болатын сөзі сөзге сәулесін тусырып, сылдырап өңкей келісім, үндестік тауып, көкейдегі алғыр ой күміс сөзбен қапталып, ақ жауындай сіркіреп тұрғанда қалай тыңдап қалғаныңды сенбей қаласың. «Әйтеке би сөйлесе қара арғымақты қара суға батырады, Қаз дауысты Қазыбек би сөйлесе сол қара арғымақты судан шығарады», - дейді ежелден сөз өнеріне айрықша мән берген қазақ жұрты. Зекең де осы би-шешендердің біздің заманызда Шешендік-шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын ұлы нәрсе!», Әуезов кемеңгерлігі туралы толғаныстарында «Әдебиет – ардың ісі», «Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау», «Әуезовтің әр лекциясы – бір-бір оқулық, бар лекциясы – ұлан-ғайыр ұлы мектеп», «Суреткерлік шеберлік әр сөздің орнын табу» деп терең пайымдаулар жасайды. «Тілі әрсіздің-ойы нәрсіз», «Махамбеттің әр сөзі-құйылған құрыш, қорытылған қорғасын», «Ғабитті мақтаудың қажеті жоқ, Ғабитпен мақтану керек», «Аға алдында кішілік керек, Адам алдында кісілік керек».

Зейнолла Қабдоловтың қаламынан туған, аузынан төгілген қанатты сөздер кейінгі жастарға ұлағаты хаттар, өміртану, өнертану қисындары.

ғы сарқыты, оның қаламынан түзілген ділмар сөздерге құлақ түрсең:

Зейнолла-публицист. Зекеңнің публицистикалық туындыларын негізінен очерк және эссе-толғаныстар екіге жіктеп қарастыруға болады. «Ердің ері», «Дала ғаламаты», «Қарқара көріністері», «Жамал», «Вена күнделігі» және басқа да очерктері өмірдің өзекті мәселелерін көтерген көркем дүниелер.

Эссенің табиғатын, болмысын бір кісідей түсініп, қалам тербеген санаулы жазушылардың бірі – Зейнолла Қабдолов. Жазған эсселері бірінен-бірі өткен көркем, әдемі, өрнекті. Зекеңнің эсеге ат қоюының өзі бір қаралық. Мәселен, «Тұлға» (Салық Зиманов туралы), «Феномен» (Х.Досмұхаметов туралы), «Мықшеге» (Т.Қожекеев туралы). Қазақтың жақсылары мен жайсаңдарына берген атаулары мен сой-тұлғаларына берген көркем мінездемелері ұлт жадында мәңгілік жарқырап тұрары хақ.

Зейнолла-абыз. Батагөй ақсақал. Астана Алматыдан Ақмолаға көшерде ұлы көшке бата берген де Зейнолла Қабдолов болды. Жақсы адамнан бата алсаң сонда олжалы жол болар. Арқа төсінде Астана Мәңгілік елдің ордасына айналды. Зейнолла Қабдоловтай тектімізді тану, жақсымызды ұлықтау, жайсаңымызды қызықтау, асылымызды ардақтау-елдігіміздің еңсесін биіктету.

ZEYNOLLA KABDOLOV IS THE GREAT PRIDE OF KAZAKHSTAN

Леонова Алла Ивановна

кандидат филологических наук

Кайрлиева Нургуль Балхашевна

магистр пед.наук

Сахуалина Гульбарам Кинашевна

ст.преподаватель

Атырауский университет имени Х.Досмухамедова

г. Атырау, Казахстан

«The fine and beautiful prose works of an incomparably perfect artist, made of clay, beautifully executed, as cute as a daughter's child, will move your heart like the caress of Kyzur's palm, will amaze many people in this world and remain forever...»

A. Kekilbayuly

Аннотация: В данной статье рассматривается творчество писателя, литературоведа, доктора филологических наук, профессора, академика Зейноллы Кодолова. На основе литературного обзора и анализа его литературной деятельности раскрывается его художественное мастерство, особенности мировоззрения, эстетические и духовные идеалы.

Annotation: This article discusses the work of the writer, literary critic, doctor of philological sciences, professor, academician Zeynolla Kabdolov. Based on a literary review and analysis of his literary activity, his artistic mastery, peculiarities of his worldview, aesthetic and spiritual ideals are revealed.

Аңдатпа: Бұл мақалада жазушы, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Зейнолла Қабдоловтың шығармашылығы талқыланады. Әдеби шолу, талдау негізінде оның әдеби қызметін, көркемдік шеберлігін, дүниетанымдық ерекшеліктерін, эстетикалық, рухани мұраттарын ашады.

Ключевые слова: писатель, литературная деятельность, творчество, произведение.

Keywords: writer, literary activity, creativity, work.

Түйін сөздер: жазушы, әдеби қызмет, шығармашылық, еңбек.

«Writer. Scientist. Teacher. The manifestation of these three facets of talent attracts more and more admirers and followers to him. A generous, charming and noble person - he is an example of a worthy life in literature and in society».

Zeynolla Kabdolov - writer, literary critic, doctor of philological sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, laureate of the State Prize of the Republic, People's Writer of the Republic of Kazakhstan, was born in December 1927 in the village of Dossor, Atyrau Region. Even in his school and student years, Kabdolov discovered a great love for literature and a vocation for artistic creativity. After graduating from high school in 1943-1945, he worked in production. As a student at the Polytechnic, then the Mining Institute, he, like many others, ran to listen to the lectures of Mukhtar Aueзов in the classrooms of KazGU. They made such a huge impression on the young man that in 1945 he moved from the polytechnic to the university and was able to become a student of Mukhtar Aueзов. In 1950, Z. Kabdolov graduated from the university with honors and worked in this scientific center for over 50 years.

Being a naturally talented creative person, Kabdolov could not help but write. Akyn from the age of 14 with the soul of a horseman (and a horseman, as you know, has seven facets of talent), Kabdolov absorbed the tunes of his native expanses, the voice of his native land, the smell and colors of the Emba desert, the night wind from the Urals and the Caspian Sea for life. Kui and tolgau of steppe musicians and zhyrau opened before him the tragic and majestic history of the Kazakh people. Folk song, recitative terme and tolgau, aesthetic experience gave rise to inspiration. Moreover, the talent of the narrator gave birth to the Word [1].

After graduating from the university, Z. Kabdolov began his career in the editorial office of the Zhuldyz magazine. Then he worked as the editor-in-chief of the newspaper "Kazakh adebieti", as the secretary of the board of the Union of Writers of Kazakhstan, he headed the department of Kazakh literature of the Kazakh State University, which Mukhtar Auezov inherited from his student"[2].

Z. Kabdolov started in the editorial office of the Zhuldyz magazine. Then he worked as the editor-in-chief of the newspaper "Kazakhdebieti", the secretary of the board of the Union of Writers of Kazakhstan, he headed the department of Kazakh literature of KazGU, which was inherited by Mukhtar Auezov to his student.

The first voluminous work of Zeynolly Kabdolov is the story "Omirushkyny", then a collection of stories and essays called "Adam" was published.

The story "Omirushkyny" ("The spark of life") was published in 1956 in the Kazakh language, and in Russian in 1958. In 1964, a collection of short stories and essays was published under the title "Adam" ("Man"). In 1967, the play "Inextinguishable Fire" received an award at the republican competition. He wrote the script for the documentary film "Mұқтар аға". In 1970–1971, the novel Zhalyn was published in Kazakh and Russian (from the life of oil workers). This novel received a special prize at the All-Union Competition, announced by the Union of Writers of the USSR, as the best work about the working class.

In 1964-2002, Z. Kabdolov fruitfully worked on the creation of textbooks for secondary and higher educational institutions, on the study of literary criticism: he published the monograph "Genre cheese" ("The Secret of the Genre"), the textbook "Adebiyat theory synyn negizderi" ("Fundamentals of the theory of literature"), the monograph "Soz önepi" ("The Art of the Word"), "Zhebe" - literary reflections, "Arna" - research-criticism - essay,

«Kozkaras» («Analysis and Reflections»), many other works: selected works in two volumes, a collection of plays. In different years, the publishing houses "Zhazushy" and "Sanat" published his first five-volume books.

A high state of mind gave rise to a constant desire for creativity and research. Kabdolov wrote a huge number of critical and research papers, a textbook of Kazakh literature for secondary school was prepared. His poems have been set to music."[3]

"For 30 years, Zeynolla nurtured a topic that worried his heart - his reflections on Mukhtar Auezov. The writer boiled this idea to full maturity in a creative cauldron and poured it into a golden mold on the eve of the 100th anniversary of the great writer.

The work, appreciated by the reader, became the laureate of the State Prize and the Pen Club. But the highest rating was the people's love. Why do people love the works of Z. Kabdolov so much? There is only one reason - after the great Mukhtar, the reader was waiting for his works, written in a special, harmonious, consonant with Mukhtar's language. How much time has passed since the concept of "Zeynolla's language" was formed in Kazakh literature?!

About the work of Z. Kabdolov, his fellow writer, the classic of Kazakh literature Safuan Shaimerdenov says this: "Zeyneke's language is so gentle and smooth that I can compare it with Turgenev"[4]

Back in his university years, at the suggestion of M. Auezov, writer took up the topic "Lyrics of Abai". His student scientific work received a prize at the competition of scientific works of students of the Soviet Union. He deepened this work and wrote a thesis. Thus began his journey into science.

Since then, more than a thousand articles and monographs have been written, including such as “The World of Beauty by M. Auezov”, “The Legacy of B. Mailin”, “School of Excellence”, “The Art of the Word”, as well as scientific works.

And here three of his incarnations are manifested: Kabdолоv-artist subtly depicting feelings, fascinating, intriguing with the mystery of Kabdолоv-scientist, educating and nourishing the minds, honor and soul of Kabdолоv-teacher. The combination of these three images in one person is so harmonious that when reading his scientific works, a person does not notice how his content is imprinted in his mind. Scientists themselves are surprised that Z.Kabdолоv's scientific works are read like a work of art.

Again and again you return to his works, each time discovering something new. Once al-Farabi read Aristotle's "Poetics" so much that he wrote in his diary: "I read Aristotle forty times." Z.Kabdолоv's monograph "The Art of the Word" became a semblance of "Poetics". This is a special work about the theory of the artistic word. This work can be used by schoolchildren, students, teachers, journalists, writers, scientists. This is a reference book for everyone who is related to the art of the word. The first alphabet of literary theory was created by Akhmet Baitursynov. Artistically designed, connected with psychology, with real life, supplemented with rich scientific research and completed, putting the final touch, - Kabdолоv.

The pedagogical activity of Zeynolla Kabdолоv began at KazGU. He has worked here for 55 years! He could not imagine his life without the university, as it was difficult to imagine the university without him.

At lectures, students listened to him expectantly. He fascinated them, bewitched them with knowledge. His thoughts inspired, forcing him to soar high and deepen. Admires his skill to involve in the world of literature. He applied various forms and methods of teaching. For 55 years of pedagogical activity, they have delivered lectures for 41,600 hours. It is a lifetime!

Z.Kabdолоv, being a scientific leader, has educated a number of masters, postgraduates, doctors. His students work in different parts of the country. Teachers, journalists, civil servants, scientists, writers bring to life the light lit from the spark of the Teacher's soul. He did not look for flaws in his students, noticing only good qualities in them. Putting a piece of his wisdom into each of them, he instructed them on the right path. Of course, this is the result of great love for a person. All qualities he passed on to his students of the University named after Kh. Dosmukhamedov.

“Oratory is born from inspiration, true feeling. To be a speaker, you need to be winged. These are not simple wings, but wings that will lift you up,” says Zeynolla Kabdолоv about the oratory of Mukhtar Auezov. And these words can be attributed to him himself. His inspirational speech captivated the audience, forcing them to listen expectantly, no matter what high stands he spoke from, no matter what topic he covered. Carrying the living word Kabdолоv has become for us a symbol of a true Teacher!”

The history of Zeynolla Kabdолоv's translation at the university is remarkably reflected in his book “My Auezov”, on the pages of which his beloved university becomes the central arena, where key events in the life of numerous characters and the author himself are intertwined - according to the academician, “the second sacred authority after his father” for him. And if Auezov became the central character of Kabdолоv's main book, then his alma mater became his passing "mirror" character.

In his works, the university is an eternally buzzing “bee hive”, which quite humanly empathizes with its inhabitants in their joys and sorrows, deeds and clashes, and therefore, in the words of the Master, we revere them as “the most sacred place on earth”. If “sowing sparks in minds, igniting hearts and supporting the fire of eternal memory”, the university at first became a school of growing up for Zeinolla, then later it became the main content of his whole life.

“The novel-essay “My Auezov”, published on the occasion of the 100th anniversary of the birth of the classic and awarded the State Prize of Kazakhstan, is full of bright pages of memories of the outstanding personality of the writer, who was his mentor and literary teacher, with whom Kabdолоv had a warm personal relationship, and who at one time introduced it into his creative laboratory.

All the works of Zeynolla Kabdolov immediately find their reader. The book about Makhambet Utemisov, on which the academician has been working for many years, is a book for the entire Kazakh people, about its national Hero, the Symbol of Kazakh poetry, the Personality, the Poet, "who was the most outstanding, the best before Abai."

Another side of Kabdolov's creative personality is his amazing skill in the field of language and style. He embodied the best traditions of the Kazakh biys, returned to the world a colorful, juicy, lively figurative language, which our ancestors were famous for, when the aesthetics and culture of the word were the main ones in the Steppe. Such an attitude to the art of the word, the uniqueness of its language, idiomaticity, apparently, are the reason that many of Kabdolov's works have not been translated into other languages. The textbook-monograph "The Art of the Word" is the main research work of a literary scholar. This work has become a reference book for students, philologists and journalists in all universities of the country.

For more than half a century, the Honored Scientist of Kazakhstan and Kyrgyzstan, Zeynolla Kabdolov, has been working at the country's main university, Al-Farabi Kazakh National University. During this time - tens of thousands of lectures on the theory of literature, the psychology of artistic creativity and the skill of the writer, a colossal work on the formation of a worldview and the education of his students. Zeynolla Kabdolov is called the keeper of the traditions of true teaching, when not only training in the profession, but also the education of a multifaceted personality is at the forefront."

The same university brought him into the world of great literature. The young writer turned only 20 when, having published his first poems, poems and the story "The Oath" in republican editions, he was accepted as a member of the Writers' Union. For that time it was a huge achievement and a sign of special prestige. After 8 years, his story "The Spark of Life" and the novel "The Flame" were published. And the dialog "While we burn with freedom", which came out a little later, united two novels, became a milestone work that marked the undeniable recognition of the artistic talent of Zeynolla Kabdolov from the literary community.

He translated into Kazakh the fairy tale by A. Pushkin "The Fisherman and the Fish", articles and letters by N. Gogol, plays by A. Ostrovsky "Mad Money", M. Gorky "Children of the Sun" and others. Artistic works of Z. Kabdolov were translated into foreign languages.

The creative style and manner of self-expression of Zeynolla Kabdolov are such that the writer's stormy thought often spills out of the given genre channel.

After the dilogy "While we are burning with freedom" was translated into several languages, including in foreign countries, and "The Unquenchable Fire" flared up on the stage of the national academic theater, Zeke seemed to feel that the theme of oil workers and even prose with drama were dragging him into irresistible whirlpool. Having stopped in time and having clearly outlined his life priorities, he devotes himself entirely to science.

It is impossible not to note the significant role of the writer in the development of the literary science of Kazakhstan. In 1964-2002, Z. Kabdolov fruitfully worked on the creation of textbooks for secondary and higher educational institutions, on the study of literary criticism: he published the monograph "Genre cheese" ("The secret of the genre"), the textbook "Adebietteoriyasynynegizderi" ("Fundamentals of the theory of literature"), the monograph "Sözönepi" ("The Art of the Word"), "Zhebe" - literary reflections, "Arna" - research-criticism - essay, "Kozkaras" ("Analysis and Reflections"), many other works: selected works in two volumes, playbook. In different years, the publishing houses "Zhazushy" and "Sanat" published his first five-volume books.

A high state of mind gave rise to a constant desire for creativity and research. Kabdolov wrote a huge number of critical and research works, prepared a textbook of Kazakh literature for high school. His poems have been set to music.

For more than half a century, the Honored Scientist of Kazakhstan and Kyrgyzstan, Zeynolla Kabdolov, has been working at the country's main university, Al-Farabi Kazakh National University. During this time - tens of thousands of lectures on the theory of literature, the psychology of artistic creativity and the skill of the writer, a colossal work on the formation of a worldview and the education of his students. Zeynollu Kabdolov is called the keeper of the

traditions of true teaching, when not only training in the profession, but also the education of a multifaceted personality is at the forefront.

On August 8, 2022, the presentation of Zeynolla Kabdolov's novel-essay "My Auezov" translated into Turkish, published by the International Organization TÜRKSOY, took place at the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan. The novel-essay "Benim Auezov'um" opens with a preface by the General Secretary of TÜRKSOY, the famous prose writer Sultan Raev. This work, revealing the creative laboratory of the classic of Kazakh and world literature and its significance for world literature, occupies an exceptional place in a number of books, monographs and scientific research by Zeynolla Kabdolov.

"Zeynolla Kabdolov lived a happy life. It turned out exactly according to Auezov:

"a man with a beautiful soul and excellent knowledge" perfectly spent the century allotted to him on earth. He raised wonderful children and left a wonderful creative legacy. He gave his beautiful love to a beautiful woman - Saule-apai, who until his last breath nursed him like a child, lovingly and carefully preserved everything that only bore the stamp of the Master's hand, and left a beautifully written diary, touchingly reflecting the last 6 years of her life. wonderful spouse.[5]

These days the Master is not among us. However, the immortal Art of the Word will live forever, prosper and prosper, to the noble service to which he devoted himself without a trace.

The aesthetic impact of the artistic word of Mukhtar Auezov on native Kazakh literature, its role in the literature of the USSR, the world literary process is studied by many literary critics from different countries. For Academician Kabdolov, a personal narrative is important, a narrative that comes from the heart and soul. The scientist was deeply convinced that it was Mukhtar Auezov who was the first to demonstrate to the international reading community all the power, beauty, plasticity and polyphony of the Kazakh artistic language, capable of expressing the subtlest shades of feelings, any nuances of aesthetic and philosophical issues.

More than one generation of graduates of philological faculties and faculties of journalism of universities studies according to his textbook - "Sozoneri". He is one of the authors of the textbook "Modern Kazakh Literature" for senior secondary schools. The Great Soviet Encyclopedia presents an article by a scientist on the history of Kazakh literature from ancient times to the modern period. Zeynolla Kabdolov made an invaluable contribution to highlighting the blank spots in the history of culture and domestic literary criticism, to the study of the creative heritage and life path of prominent figures of our state, to revealing the psychology of artistic creativity.

We cannot consign to oblivion the best scientific works of our senior colleagues, masters of the word. Preserving traditions and continuity in literary criticism, we are obliged to include them in the history of Russian humanitarian thought, rereading and rethinking. New literary criticism, the latest literary criticism are based on the most important theoretical principles of the luminaries of Kazakh literature.

Bibliography:

1. "Kemenger"- Almaty: "Olke" - 2007.- 384 pages.
- 2 <http://www.tarih.begalinka.kz/ru/history/independent/figures/kabdolov/>
- 3.https://www.inform.kz/ru/kabdolov-zeynolla_a2195815
- 4.<https://pricom.kz/kultura/slovo-ob-uchitele.html>
- 5.<https://kazpravda.kz/n/master/>
6. <https://www.tarbie.kz/11028>

ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫНДА

Нағбду Қамарова

филология ғылымдарының кандидаты,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің

қауымдастырылған профессоры

Ақтау қ., Қазақстан

Түйін сөздер: сөз, өнер, әдебиеттану, оқулық, тарих, сын, теория, эстетика, шығармашылық

Аталған мақала сыншы З.Қабдоловтың ғылыми-теориялық талдауларына арналған. Ғалымның теоретик, тарихшы және сыншы ретіндегі эстетикалық көзқарастары «Сөз өнері» оқулығында қарастырылған. Ең бастысы, оларда халықтың бүгінгі мен болашағына қатысты көкейтесті мәселелер қозғалады. З.Қабдоловтың поэзия сыншысы, зерттеушісі ретіндегі көзқарастары, поэзияның барлық өнер туындыларының өзіндік ерекшелігін зерттеп, дәлелдеуі жан-жақты пайымдалады.

Ключевые слова: слово, искусство, литературоведение, учебник, история, критика, теория, эстетика, творчество

Данная статья посвящена анализу научно-теоретических исследований критика З.Кабдолова. Эстетические взгляды ученого как теоретик, историк и критик рассматривается в учебнике «Искусство слова». Самое главное, в них затрагиваются актуальные проблемы, связанные с сегодняшним днем и будущим народа. В качестве критика, исследователя разносторонне говорится о том, что доказывает своеобразные особенности из всех поэтических произведений.

Keywords: word, art, literature, textbook, history, criticism, theory, aesthetics, creativity

This article analyzes the scientific-theoretical researches of the critic Z.Kabdolov. Esthetic views of the scientist as the theorist the historian and the critic is considered in the monograph textbook «Art of the word». Pressing problems concerning to people's present and future are mentioned in his poems. As a poetic critic and researcher he studied the main features of all art works.

Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор Зейнолла Қабдоллаұлы ширек ғасыр бойы ҚазМҰУ-дың әдебиет кафедрасын басқарды. Туған әдебиетіміздің тарихы мен теориясының аса күрделі мәселелерін түбегейлі зерттеген зерттеу еңбектерін, сондай-ақ «Ұшқын» және «Жалын» романдары мен «Адам» (1964), «Сыр» (1975) атты сырға толы әңгіме-очерктер жинақтарын, қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық және бірнеше облыстық театрлардың сахналарында қойылған «Сөнбейтін от» драмасын дүниеге әкелді. 1972 жылы «Жалын» романы Бүкілодақтық жұлдеге ие болды. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның Халық Жазушысы» атағына ие болды. 1998 жылы «Менің Әуезовым» романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Қаламгерлігі өлең жазудан басталған Зейнолла ағаның «Жайық қызы», «Туған ел» сияқты лирикалық өлеңдері әнге айналып, сол кездегі қалың көпшіліктің аузынан түспейтін әуен боп қалыптасты. Өмірінің соңына дейін ҚазМҰУ жанындағы филология ғылымының докторы дәрежесін беру жөніндегі тұрақты диссертациялық кеңестің төрағасы болды. Аударма жұмыстарымен де айналысып, А.С.Пушкиннің, Н.Гогольдің жекелеген шығармаларын, Л.Кассиль, В.Добровольский, В.Закрутиннің романдарын, А.Островскийдің, М.Горькийдің, Н.Хикметтің пьесаларын аударды.

Жазушылық, ғалымдық, ұстаздық жемісті еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы, «Парасат» ордендерімен

және медальдармен марапатталды. ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы, Қазақ ПЕН-клубы және Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлықтарының лауреаты. Қазақстан және Қырғызстан республикаларының ғылымына еңбегі сіңген қайраткер деген құрметті атақтарды иеленді. Көркем шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылды.

Қазақ әдебиеттануын толымды ғылым ретінде қалыптастыруға бүкіл саналы ғұмырын арнаған, оны бүгінгі жағдайға жеткізген ірі ғалымдардың ішінде туғанына 90 жыл толған академик Зейнолла Қабдоловтың орны бір бөлек. З.Қабдоловтың «Ұшқын», «Жалын» романдарында тың ойлы тұлғаларды сомдауда шеберлік танытты. Жазушы романдарын оқыған сайын «Мен бір жас қазақ оқушысы ретінде туған әдебиетімізде өз замандасымның Қабендей үлкен тұлғаланып мүсінделуін зор мақтаныш етемін. Егер анау мұхиттың аржағындағы біреу-міреу маған «Сен кімсің?» дер болса, мен қысылып, қымтырылмай-ақ «Қабенмін» дер едім. Қабен мен Сардар тек жұмысшы табының ғана емес, халқымыздың ұлылық асыл қасиеттерін танытатын кесек бейнелер» деген жазушы Смағұл Елубаевтың пікірі ойға оралады.

Әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтерген халқымыздың саңлақ суреткері, ғұлама ғалым М.Әуезовтің өмір жолы мен шығармашылық өнерін зерттеп, дәріптеуге сан жылғы ғалымдық ізденісі мен жазушылық еңбегін, күллі ұстаздық ғұмырын арнаған академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние. Роман-эссеге арқау болған шындық құбылыстар автордың атынан баяндалады. М.Әуезовтің өмірлік мақсатмүддесі анық, айқын: а) ел мүддесін қорғау; ә) ұлттың рухани құндылықтарын сақтау, байыту, уағыздау; б) ұлттық әдебиет мамандарын даярлау. М.Әуезовтің өмірі көпқырлы: а) қилы кезеңдерді бастан өткерді; ә) қуғын көрді; б) азап шекті; в) мұратына жетті... М.Әуезовтің қызметі көпсалалы: а) жазушы; ә) ұстаз; б) ғалым; в) қоғам қайраткері. М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің қырлары, салалары автордың көргендері мен сезгендері, көңілге түйген ойлары мен сырлары негізінде суреттеледі.

Жанры да, жарығы да бөлекше роман-эссе «Менің Әуезовімін» болды. Жоғары мектептегі қызметінде де үздік жетістіктерге ие болды. Бірнеше ондаған ғылым кандидаттары мен докторларын дайындады. Академик З.Қабдолов қай еңбекті жазса да, жазып болдым, жарыққа шығардым деп жылы жауып қоймай, үнемі ізденіс, тынымсыз еңбектену үстінде жүрді. Сонау жетпісінші жылдарда басылған еңбек арада кейде үш, кейде алты-жеті жыл салнып, өзгертіліп, толықтырылып басылғандығы белгілі. Ұзақ жылдар бойғы ізденістің қорытылған нәтижесі көрініс тапқан бұл еңбекте кеменгер ұстаз, ақыл-ойдың кені ғұлама ғалым, көркем сөздің хас шебері М.Әуезовтің әдеби бейнесі мен адамгершілік тұлғасын жан-жақты жарқырата таныту мақсатын биік деңгейде орындаған. Кейіпкері тарихи тұлға болғандықтан көркем шығарма жанрын өмірлік деректерге сүйеніп жазылатын роман – эссе деп анықтап алуы ірі тұлға болмысын әрі ғалымдық көзқарас, әрі жазушылық дүниетаным тұрғысынан сомдауға көп мүмкіндік берген. Содан болар мұнда көркем әдебиетте қалыптасқан белгілі соқпақтардан бөлек жаңаша әдіс, тың болжам, батыл ой түйіндеулер көбірек орын алған. Әуезов өмірінің жарқын шақтары мен бұралаң соқпақты кезеңдеріне жете қанық, әрі оның көркем дүниелерінің тылсымына терең бойлаған жазушы бұл шығармада баяндайтын оқиғаларды асқан сарабал көңілмен сұрыптайды. Бала Мұхтардан дана Мұхтарға дейін қалыптасу кезеңдеріндегі ең маңызды мәселелерді қамтиды. Бітімі өзгеше бұл туындыда эссеист өзінің аңғарғанын, көрген-білгенін, сезген-түйгенін ешбір бүкпесіз қаз-қалпында баяндай отырып, өмір материалын өнер дүниесіне айналдырады. Дәл осы шеберлік оқырман көкейіне қонып, көңілін қозғап, таным көкжиегін кеңейте түседі.

Академик ғалым сөз өнерінің теориясы мен әдіснамасы саласында өзіне дейін болған, бар тәжірибелік пайымдаулардың, теориялық қисындар мен қағидалардың, сондай-ақ талдау мен жинақтаудың, байқау мен бағалаудың, саралау мен даралаудың, ойлау мен ой дамытудың барлық ұстанымдарының, әдістері мен тәсілдерінің толық білгірі ғана болып

қойған жоқ, оларды өзінің зерттеу еңбегі үдерісінде асқан шеберлікпен пайдалана отырып, әдебиеттің теориясының негізін жасады, ой қорытудың, пікір түйюдің, әдіснамалық ұстаным қалыптастырудың үздік үлгісін қалдырды, өзі жасаған заң аясында әдебиеттің ғылыми және практикалық мәні айрықша зор түйінді, іргелі мәселелерін ешкімге ұқсамай, дара шешті, айрықша сапалы жаңа білім берді.

Ғылыми зерттеу саласында аса жемісті еңбек еткенін атап айтуымыз керек. Ұлттық әдебиетіміздің келелі мәселелерін кеңінен сөз ететін, қазақ әдебиетінің ірі жетістіктері болып танылған «Жан сыры» (1964), «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), «Жебе» (1977), «Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі» (1986), «Сөз өнері» (1976, 1982, 1992, 2002), «Арна» (1988), «Көзқарас» (1996) сынды еңбектері оқытушылар мен студенттердің, жазушылар мен журналистердің, жалпы оқырман қауымның қажетті кітаптарына айналды. Зейнолла Қабдолов табиғат сирек жарататын дарқан дарынды шығармашылық тұлға еді. Зейнолла Қабдоловтың қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде басталған және жарты ғасырдан астам уақыт бойы сонда жалғасқан ұстаздық және шығармашылық еңбек жолы мазмұнды да мағыналы, жемісті де жеңісті, қалың қазақтың кісісі мен кішісі бірдей ғибрат тұтатын, үлгілі де өнегелі, жарық пен сәулеге, нұр мен сырға бай базарлы да баянды жол болды. Осы жолда З.Қабдолов албырт ассистенттен парасатты профессорға дейін, балаң байым белесінен дана ғалым тұғырына дейін өсіп-өркендеді, балапан қауырсынды талапкерден Халық жазушысы биігіне дейін көтерілді.

Ғалым М. Әуезов шығармашылығына бастар алғашқы танымды оның дүниеге келіп, өмір сүрген дәуірі мен туып-өскен топырағының табиғатынан, жағырапиялық бейнесінен бастайды, одан әрі біртіндеп Абай өмір дерегімен байланыстыра әңгімелейді. З. Қабдоловтың сыни пайымдарының ең бір биік, ең бір шоғырлы көрінетін тұсы - «Әуезовтың әсемдік әлемі» талдау үстінде айқын аңғарылады. Заңғар тұлғаның сұлу сөздің, арлы сөздің шынайы шебері екенін дәлелдеу үшін З. Қабдолов бірнеше амал-тәсілдерді таңдап алғандай көрінеді. Әуезовтың әсемдік әлемін ғалым - әдебиетші З. Қабдолов бірден ден қоймайды. Әуелі Әуезов сипаттаған, Әуезов әшекейлеген Семей өңірінің әсем табиғатына зер салудан, тамсанудан бастайды. Не бір сұлу салыстыруларға жүгінеді. Түп түркінің Абай - Мұхтар сабақтастығынан бастап, ақырындап тарата келе қос алыптың шығармашылық туыстығына, өзара туыстығына назар аудара толғанады. «Сіз кенет, - дейді автор - өз ағаның туған топырағын аңсап Семей астыңыз да, Қарауылдан бір-ақ шықтыңыз дейік. О, ғажап, төңірегіңіз түгел сыбыр қаға сыр шертіп, ағылтегіл ән салып қоя береді. Кәрі Шығыстың қара тастарына дейін тіл бітіп, сөйлеп кетеді. Мұхтар бетін жуған қасқа бұлақтар сылқ-сылқ күледі. Кез келген қалтарыстан ұлы жазушының қайталанбас қаламгерлік қажырымен жасалған тірі қаһармандар шыға келетіндей жан-жағыңызға елең ете қарайсыз» [1, 46] - деп толғанады.

Әдебиет теориясының ұлттық негіздегі алғашқы бастаулары А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы», Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» еңбектерінде көрініп, өзінің тарих алдындағы алғы шарттарға сай өсіп-өркендеу және жеке ғылым ретінде туу, даму жолындағы жаңа қадамдар жасауға бет алды.

Бұл ірі еңбектерден соң әдебиет теориясы мәселелерінде қомақты да салмақты еңбектердің бірі әрі бірегейі – З. Қабдоловтың «Сөз өнері» («Әдебиет теориясы негіздері»). «Сөз өнері» әдебиет әлемінің бар сырын ашып, сөз өнерінің басқа өнер салаларынан артықшылықтарын дәйекті пікірлерімен дәлелдейді, әдеби туындыдағы эстетикалық пайымға да диалектиканың жан-жақтылығымен қарайды. Ондағы жүйелі теория, нақты айқындаулар, дәлелді, негізгі толғам, тұжырымға жол ашады. Бұл еңбек бірнеше рет жарық көрген және де өзгертіліп, өңделіп отырған. Бұл оқулық «Сөз өнері» деген атпен толықтырылып, өңделіп бірнеше рет басылып шыққанына қарамастан, оған деген сұраныс өте жоғары болды. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы жарық көргенде де жұртшылық жамырай таратып алып кетті.

3.Қабдолов әуелі әдебиеттің өзін, сосын әдебиеттің барша қадір-қасиетін, жарқырап көрінетін нақты – әдеби шығарманы, ең соңында даму, құбылту үстіндегі әдебиетті – әдеби процесті қарастырады. Бұл автордың алдына қойған: біріншіден, «әдебиеттің теориясын оның практикамен байланыстыру», екіншіден, «теориялық толғамдарды жазушылық шеберлік мәселесімен, қажет жағдайда қаламгерлік өнердің қиын иірімдерімен ұштастыра, көркем творчествоның психологиясымен байланыстыра жүйелеу» мақсатындағы екі өзекті міндеттің екеуін де ойдағыдай жүзеге асырып шығуына қолайлы жағдай жасаған. 3. Қабдолов әдебиеттің қоғамдық мәнін, халықтық, ұлттық сипатын оының қондырмалық сипатынан өрбітеді. Сол арқылы әдебиеттің әлеуметтік сипаттарының тектік бірлігі мен түрлік әр алуандығын – өзара байланыстарын саралап түсіндіреді. Автордың әдебиеттің мұндай өрелі категорияларын өзара сабақтастыра қарауы аталмыш ұғымдарды бұрынғы оқулықтарда ұшырасып жүрген схоластикалық түсініктемелер мен екіұштылықтарынан арылтып, ғылыми негізге орнықты, логикалық дәлелі дәйекті, көңілге қонымды анықтамаларға ие еткен.

Әсемдік – сөз өнерінің аса айрықша және маңызды сапалық қасиеттерінің бірі. Сөз өнеріндегі әсемдіктің тегі мен түрі, тарихи даму заңдылықтары, құрамдас бөліктері, қоғамдық мәні, мәдени-әлеуметтік қызметі – сөз өнері туралы ғылымның, басқаша айтқанда, әдебиеттанудың бірден-бір зерттеу пәні. Сөз өнерін, жалпы өнер жайын зерттеуші ғалымдар әсемдік пен әдемілік туралы ойларын біздің дәуірімізден бұрынғы ғасырлардан бастап таратады. «Адам баласының, соған сабақтас көркемдік пен көріксіздік, ерлік пен ездік, жақсылық пен жамандық, білімдарлық пен надандық туралы талаптары тіпті б.э.б. 3-2 мыңыншы жылдарда туып, тұрлаулы ұғымға айнала бастаған» [2, 58], - деп жазады 3.Қабдолов. Әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдар ерте-ертеден бүгінгі заманымызға дейін ұдайы даму үстінде. Бірақ әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдардың дамуы бір басқа да, сол даму негізінде жасалған теория бір басқа. 3.Қабдолов әдебиетке, жалпы өнерге тән әсемдік пен әдемілік хақындағы қағидалардың ерте дәуірден бүгінге дейінгі даму заңдылықтары негізінде қазақ сөз өнерінің жаңа теориясын жасады. Әдебиеттану - табиғаты тамаша ғылым. Оның ерекшелігі негізіндегі жарығы пен жылуында. Әдебиеттануға әркімнің де таласы бар. Оған біреу талантымен келеді, біреу талабымен келеді, енді біреу әуестікпен келеді. Содан олардың әрқайсысы өз көзіне лайықты жарық, өз көңіліне лайықты жылу тауып алған болып жүреді. Бірақ олардың табиғаты өзгермейді: талант талантын ашады, талапты талабын ұштайды, әуесқой әуесқой қалпын сақтайды.

«Әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдар ерте-ертеден бүгінгі заманымызға дейін ұдайы даму үстінде. Бірақ әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдардың дамуы бір басқа да, сол даму негізінде жасалған теория бір басқа. 3.Қабдолов әдебиетке, жалпы өнерге тән әсемдік пен әдемілік хақындағы қағидалардың ерте дәуірден бүгінге дейінгі даму заңдылықтары негізінде қазақ сөз өнерінің жаңа теориясын жасады» [3, 170], - деп бағалайды белгілі ғалым Ж.Дәдебаев. Әдебиетті әдебиеттанудан немесе әдебиеттануды әдебиеттен бөліп қарау қандай қолайсыз іс болса, әдебиет пен әдебиеттануды эстетикадан тыс қарау да сондай парықсыз, тіпті жарықсыз талпыныстардың қатарына жатады. Өйткені көркем әдебиет қаламгердің өмір шындықтарына эстетикалық қатынасының нәтижесі болса, әдебиеттану әдебиеттанушының әдебиетке деген эстетикалық қатынасының көрінісі. Сондықтан да эстетиканың басты категорияларының қасиеттері түгелдей әдебиеттану категорияларына да тән. Олар эстетика үшін де, әдебиеттану үшін де әдебиеттің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, көркемдік-эстетикалық даму заңдылықтарын зерттеу мен зерделеудің негізі болып табылады. 3.Қабдоловтың әсемдік әлемінің категориялары - өмір шындығынан өнер туындасын жасау заңдылықтарының ғылыми таным тұрғысынан пайымдалған көрінісі. Соған орай 3.Қабдоловтың әсемдік әлемінің категориялары мен өмір шындығынан өнер туындасын жасау заңдылықтары өзара тығыз байланыстағы процестер қатарына жатады. Бұл ретте мынаны ескеруге тура келеді: өмір шындығынан өнер шындығын жасау заңдылықтары - біздің санамыздан тыс тыс тұрған

объективті құбылыс. Адам санасы, зерттеуші зердесі бұл заңдылықтарды тану жолында ұдайы қызмет етеді. Жеке суреткердің әсемдік әлемі жалпы емес, жалқы құбылыстардың қатарына жатады. Сөйте тұра оның болмысын жалпыдан бөле-жарып алып тану мүмкін емес. Жекенің - жалпыға, жалпының жекеге қатынасын, жекенің табиғатындағы жалпының жайын, жалпының құрамындағы жекенің халін тарихи таным аясында таразылағанда ғана дәйекті тұжырымдар жасауға болады. З.Қабдоловтың әсемдік әлемінің категорияларына келетін болсақ, олардың болмыс-бітімі тектес басқа құбылыстардың ешбіріне ұқсамайды, жалқы сипатымен ерекшеленеді: жалқы, дара, дамиды, толысады, жетіледі. Сондықтан оларды тарихи ұстаным тұрғысынан қарастыруға тура келеді. Тарихи ұстаным тұрғысынан қарастыру құбылысты жеке-дара алып пайымдау дегенді білдірмейді.

«Зейнолла – педагог-ғалым. Оның шәкірттері біреу де емес, бір ВУЗ-дың жеткіншектері. Түбі олардан біреу шыға ма, ол бота тірсек бозбаланың маңдайына ғана емес, ұстаздың еңбегіне, береріне де байланысты...» деген жазушы Ғабит Мүсірепов сөзі ұлы тұлғаның бірнеше мыңдаған шәкірті республиканың түкпір-түкпірінде, шетелдерде ұстаз алдындағы парызын өтеп жүргенін – халқына, еліне адал еңбек етіп жүргенін көрсеткендей. Абзал ағаның дәріс берген шәкірт-ғалымдары бүгінде ұстаз еңбегін ғылыми жетістіктерімен дәлелдеуде. «...Зекеңнің әрбір сөзі, әрбір сөйлемі айтулы зергердің қолынан шыққан мінсіз алтын бұйымдай сәуле шашып, жаныңа нұр сеуіп тұрады. Зекеңдей ұстазы бар біз бақытты буынбыз. Зекеңдей перзенті болу біздің халқымыздың бақыттылығы» [4, 45], - деп әдебиет зертеушісі Қабболла Сыдиықұлының айтып кеткен сөзі Зейнолла ағаның ағалық ақылы мен шығармашылық өнегесі, адамгершілік қасиеті бәрімізге үлгі екенін айтқандай.

Өз ісін үлкен жауапкершілікпен атқарған алаштың мақтан тұтар ардағы Зейнолла аға саналы ғұмырын, білімі мен білігін ел игілігі үшін сарп етті. Бүкіл саналы ғұмырын арнаған ғылым жолындағы қыруар еңбектері арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген айрықша еңбек сіңірді. Бөлекше бітімімен, ақыл-ой даналығымен, адами парасаттылығымен кеше ғана арамызда жүрген биік тұлғаның жарқын бейнесі бәріміз үшін де аса қымбат та қадірлі. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғалардың бірі болумен қатар, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін қалдырған әдеби ұстанымдары үшін халқының қалаулы азаматтарының бірі, білім-ғылым жолындағы беделді, биік тұлға ретінде әрдайым жанымызда, жадымызда жүреді. Сөз өнерінің шын шебері З.Қабдолов ұстазымыздың әдеби толғамдары – біздің білімалушыларға оқыған, оқитын дәрістерімізге қажетті, баға жетпес құнды дүние. Ғалымның эстетикалық әлеміне тән категориялар аясындағы ұстанымдары кез келген әдебиетшінің назарын аудартады. Халқымыздың асыл перзенттерінің бірі Зейнолла Қабдолов З.Қабдолов «Әдебиет – ардың ісі» деп білді. Біз осы тағылымды ойды ұстанып келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Арна. Алматы: Жазушы, 1988. - 256 б.
2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Сөз өнері. – Алматы, 2003.- 352 б.
3. Дәдебаев Ж. Өнері де, өнегесі де әдемі. // Кітапта: Бүтін бітім. Астана: Фолиант, 2012. 560 б. – 162-184-бб.
4. Сыдиықұлы Қ. Таңдамалы шығармалары. 1-том. Алматы: Арыс, 2007. – 381 б.

АКАДЕМИК З.ҚАБДОЛОВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ҚИСЫНЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Гүлзира Аяпова

филология ғылымдарының кандидаты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

«Сөз өнері сөйлеу емес,

сөзбен сурет салу»

Қабдолов З.

Аңдатпа: Мақалада академик З.Қабдоловтың «Сөз өнері» («Әдебиет теориясының негіздері») зерттеу еңбегі жан-жақты талданып, бүгінгі әдебиеттану ғылымында алар орны зерделенеді.

Түйін сөздер: әдебиеттану, әдебиет теориясы, әдеби зерттеу, оқулық, образ, көркем шығарма, өлең теориясы.

Ұлттық қисындық таным тарихында өзіндік орны жоғары академик Зейнолла Қабдоловтың ғылыми жүйесі қазақ әдебиеттануындағы әдебиет теориясы мәселелеріне қатысты шоғырланған. Оның бүгінде зиялы қауым ортасына жол тауып отырған «Сөз өнері» зерттеу еңбегі ғылыми оралымға еніп, халық игілігіне айналуда.

З.Қабдоловтың әдебиеттану ғылымына келу жолында әдебиеттің өзінен сусындап, шеберлік жолында шыңдалады. Оның бұл жолдағы алғашқы қадамы - поэзиядан басталғаны белгілі.

Келесі биіктікке бастар жол - жазушылығы. Проза жанрында повестен романға дейін «оның ішінде кемшін деп айта беретін жұмысшы әулетінің тіршілігінен біраз кітап жазды» (Ғ.Мүсірепов).

Басты баспалдақ, ол - ғылымдағы жолы. З.Қабдоловтың әдеби-ғылыми зерттеулері университеттің III курсына оқып жүргенде басталды. «Абайдың лирикасы» атты ғылыми баяндамасы бүкіл Одақтық конкурста жүлделі орын алып, КСРО Жоғары білім министрлігінің Мақтау грамотасымен наградталып, баяндама бүгінде «Абай энциклопедиясына» енгізілді. 60-жылдардан бастап әдебиеттанудың жекелеген мәселелеріне байланысты мақала, зерттеулер жаза бастады. 1961 жылы «Қазіргі қазақ әңгімесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап осы еңбек негізінде жазылған алғашқы монография 1964 жылы «Жанр сыры» жарыққа шықты.

Алпысыншы жылдардағы болар-болмас жылымықта қазақ әдебиеттануы да жеке басқа табынушылықтың зардабынан біршама арылғандай болып жаңаша қадамдар жасай бастады. Оқу орындарында бұрындары оқытылып келген оқулықтар қалың көпшіліктің эстетикалық талғамына лайықталып әдебиет теориясын жетілдіру қажеттігі туды. З.Қабдолов әдебиет теориясының қазақ әдебиеттануындағы қалыптасуы туралы 1970 жылы «Қазақ әдебиетінің келелі теориялық мәселелері» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, үлкен үлес қосты. Сол еңбектің негізінде «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) монографиясы жарияланып, тұрақты оқулыққа айналды.

Оқулықтың композициялық жүйесінің өзі-ақ автордың бұрынғы оқулықтарға түбірімен ұқсамайтын, атымен жаңа методологиялық бағытта қызмет еткенінен хабар бергендей.

З.Қабдолов еңбектің алғашқы бөлімінде әдебиетке бағдар, бағыт беретін ірі мәселелеріне тоқталған. Сөз өнері, суреткер, оның қоғамдық тұлғасы, талант табиғаты, әдебиеттің қоғамдық мәні, қондырмалық сипаты мен таптық мұні, халықтығы мен партиялылығы олардың әдебиеттегі орны туралы пайымдайды. З.Қабдолов бұл мәселелердің қай-қайсысына да тереңдей толғап, ойлар айтады. Нағыз суреткерге тән

ерекшеліктер мен оның әлеуметтік кейпіне жан-жақты ғылыми сипаттама береді. Әдебиеттің халықтығын талдаған тұста: «Халықтық - әдеби шығармалардың терең мазмұнында жатқан түсінік. Халықтық шығарманың тақырыбынан, белгілі бір тақырып арқылы автордың алға қойған мақсатынан бастап, көркемдік шешімге дейін баратын, геройдың мінезін, дүние танымын, іс-әрекетін қамти келе автордың тілі мен стиліне, бағыты мен әдісіне, эстетикалық идеясына көшетін ұғым. Халықтық - ақындық қайнары, сөз өнерінің тамыр тартар топырағы. Халықтық сипат ең алдымен белгілі бір көркем шығармада күллі халықтық мәні бар мәселенің көтерілуінде жатады», - деп, халықтық шығарманың әдебиеттегі мәні мен маңызына тоқталады.

Оқулық жазылған тұста орыстың шовинистік саясаты белең алып, кез келген зерттеу еңбектерде «партияны әрқашан кірістіріп отыру» міндетке айналған еді. Бұл жолдан «бұлтартуды күнәдай санады және бәрін білетін, бәрін бақылап, қадағалап отырған партия ешқайда бұлтартпады, бұлтаңдағандарды қақпайлап өз соқпағына салып отырды» (Т.Кәкішев). Сондай-ақ З.Қабдолов әдебиеттің партиялылығын - «жазушының дүние танымындағы, өзі суреттеп отырған өмір құбылысына көзқарасындағы партиялық, суреткерлік пен шынайы көркемдігі арқылы жинақталған идеядағы мөлдір тазалығы» деп әр жазушының ішкі творчестволық қажеттілігіне айналуына орай сипаттайды.

Еңбектің «Әдебиет тану және оның кезеңдері» атты екінші тарауында қазақ әдебиеттануында алғашқылардың бірі болып, халық ауыз әдебиетінің, көне мұрамыз «түркі ескерткіштерінің» әлеуметтік-эстетикалық нәріне айрықша мән беріп, ұлттық әдебиеттанудың тууы мен дамуына халықтық эстетиканың тікелей әсері болғанын, яғни халықты эстетика тарихи ойдың бастауы болғанына назар аударады.

З.Қабдолов халық ауыз әдебиетіне тоқталып, көркемдегіш сөздердің көпшілігі баяғы бабалар дәуірінен бері қолданылғанын, халықтық шығармалардағы ойдың керемет сұлу, жан тебіренерлік әсерлі деп есептейді. Халықтық эстетикадан бастау алған «шалқыма шешендіктің» ХҮ ғасырдағы Доспамбет жыраудың толғауларында әдемі айшыққа, ХІХ ғасырдағы Махамбет поэзиясындағы әсем өрнекке жетуі халықтың көркемдік түсінік-танымы мен талап-талғамының өресін байқатады деп тұжырымдайды.

Әдебиет теориясының қазақ әдебиеттануындағы жүйелеу, дәуірлеу барысында З.Қабдолов тынымсыз еңбектеніп, қазақәдебиеттануының теориялық зерттеулерде тереңдей түсуіне үлкен еңбек сіңірді десек артық кетпейміз деп ойлаймыз. Коммунистік идеология дәуірлеп тұрған заманда әдебиет теориясының қазақәдебиеттануындағы тарихы жүйелі болу үшін қазақәдебиеттануының тууына, қалыптасуына себепші болған – көркем сөзге эстетикалық талап қойған, оған тиісті баға беріп, насихаттаған ой-пікірлерді жүйелеп талдау қажет болды.

Осы ретте орта ғасырлық дала ғұламасы әл-Фарабидың музыка және поэзияға қатысты трактаттарындағы өнер жіктемесі мен мазмұндық, құрылымдық ыңғайға байланысты терең танымдық пайымдауларынан әдебиет теориясымен тамырлас өзекті тауып, ғылыми айналымға түсіру жаңалықты оқиға болатын» [1,18].

Сонымен бірге зерттеу барысында өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелері жайында ой толғаған, көркем әдебиет туралы көптеген соны ойлар мен тың пікірлер айтқан Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев мұраларын басшылыққа алды.

З.Қабдолов еңбегіндегі «Қазақстандағы қолтума қоғамдық ой, оның ішінде эстетикалық пікір тарихында қазақтың асқан ғалымы Шоқан Уәлихановтың, атақты ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің, ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың алатын орындары айрықша биік» деген пікірінен ұлттықғылымдағы әдебиет теориясынан алғашқы қадамдар ХІХ ғасырда басталғанын байқатып өтеді. Ш.Уәлихановтың еңбегіндегі көркемдік сипаттардың, поэзия жанрлары туралы айтқан пікірлерінің тиянақты тұжырымдарына айрықша назар аударып, оның болашақта қалыптасар әдебиет теориясының ілкі кезеңдеріндегі ізденістерге мән берген.

Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938) оқулығында адам образын типпен байланыста қарайды. "Әдеби шығарманың көпшілігінде адам мен олардың араларындағы

қатынастар суреттелінеді. Жазушы бір адамның ғана сыртқы суретін көрсетіп қана қоймайды. Сол адамды көрсету үшін, көп адамда болатын мінез, құлық, іс, әдеттерді жинап соны бір адамның бойына сыйғызып көрсетеді - міне адам образы деп осыны айтады» дейді [2, 42].

Ал З.Қабдолов образды әдебиеттің дүниені көркем түрде танытар құралы – сөз болса, дүниені көркем түрде танытуды жүзеге асыратын жолы, адамның өзін қоршаған болмыстағы сан алуан заттар мен құбылыстарға, оқиғаларға берген эстетикалық бағасы ретінде жан-жақты терең таныммен береді. Әдеби шығармада адам бейнесін жасаудың әр алуан амалдарының ең негізгісі, ең өзектісі – көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалдарды жинақтау мен әдеби тұлғаны даралау. Бұл жөнінде З.Қабдолов әдебиеттегі жинақтау - типке әкелсе, даралау - мінезге әкеледі дейді. Типтендіру дегенді «суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүние танымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап - тануы, таңдап іріктеуі және жинақтауды, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы тұлғаландыруы" деп түсіндірсе, мінезге "адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшелігінің жиынтығы» деп пайымдама береді. Бұдан шығатын қорытынды, шындық құбылыстарды тип арқылы жинақтау, қалыптастыру арқылы жазушы оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралап отырғандығын көрсетеді.

Образдың жасалу тәсілдері мен образдың түрлері туралы З.Қабдолов әдеби образды жағымды, жағымсыз деп екіге бөлуді «тым шартты нәрсе» деп атап, образ түрлерін саралаудың өзгеше қағидасын ұсынады.

1) Көркемдік әдісіне қарай образ түрлерін екеуге - романтикалық және реалистік образға;

2) Шығарманың тектік түрлеріне қарай үшеу - лирикалық образ, эпикалық образ, драмалық образға;

3) Шығарманың жасалу тәсіліне қарай бесеуге - юморлық образ, сатиралық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, қаһармандық образ [3,123] деп үшке бөліп жіктейді.

Сан тарапқа салып образдарды бұлай түрлентуі әдебиеттегі кейіпкер проблемасының әр кезеңде әр жағдайда әр қырынан көрінуін және сол образдар арқылы өмірдің өзіндегі қимыл - қозғалысты байқатуға күш салады.

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» кітабында сөз өнері адам санасының үш негізіне (ақылға, қиялға, көңілге) тірелетінін айта келіп: «тілдің міндеті-ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар» деп, сөз өнеріндегі тілге тектілік, тереңдік, қасиеттер дарыта берген.

Қ.Жұмалиев оқулығында тіл тазалығы туралы көркем шығарманың тілін шындық болмысты көркемдеп суреттеу қолданылу қажеттігін, оның басты ерекшелігі сөзді, сол сөзге берген мағынаға байланысты таңдап алудан басталатынын айтады. Кейбір жазушылардың диалектілерді, көпшілікке түсініксіз сөздерді «жақсылық», «жаңалық» деп қабылдау көркем шығармаға енгізуге қарсылық білдіріп: "Бұл үйір болғандай әдет емес, аулақ болатын әдет. Осындай түсініксіз сөздер мен тілді былғаушыларға қарсы күрес ашу мәселесін" көтереді. Мәдениеттің сатысына көтеріліп келе жатқан қазақ елінің ауызекі сөйлеу тіліне еніп жатқан оғаш сөздер, орынсыз мақалдарға да ғалым тіл тазалығы, халық тілі тазалығын сақтау жағдайына байланысты келген.

З.Қабдолов өз оқулығында тіл теориясын қомақты тарауға айналдырған. Қолына қалам ұстаған жазушыға қазақ халқының әлімсақтан қолданып келе жатқан әдебиет туралы ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі-тіл жайын меңгеруді ұлағат етеді. Бұл орайда ғалымның өзі де «Мен тілге айрықша қатаң қарайтын адаммын. Тіл жоқ жерде әдебиет те жоқ, тілі нәрсіздің ойы әрсіз. Қаламгер шеберлігі туралы зерттеуді тілден, бәрінен бұрын тілден бастаған жөн» [4,10] дейді. Жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы керек. Бұл - қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма-мазмұнды шығарма.

«Әдебиет теориясының негіздері» еңбегінде бейнелі сөздер арқылы әдебиеттің бүтін бір дәуірінің, кезеңінің тыныс - тіршілігін, ішкі даму заңдылықтарын, дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне қарым-қатынасын аңғартып, ұлттық әдебиетке тән қасиетін жинақтап көрсеткен. Өйткені, бейнелілік жүйесі әдебиеттанудың өзге категорияларына қарағанда, тілге, ұлттық негізге өте жақын.

«Атам заманнан бері адам баласының сөзі асылында екі түрлі орынға жұмсалған: 1.Күнкөріс ісіне; 2.Көңіл көтеріс ісіне. Бастапқысына қара сөз деп, соңғысына өлең деп қазақ ат қойған» [5,158] - деп қара сөз бен өлеңнің өзіндік сипатын А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде бөледі де, қазақтың танымында сөзінің әнді және мәнді болуына байланысты өлеңнің екі түрлі орын алатынын айтып, әнде өлең болып табылатын қара өлең, мәні көп - жыр екеуінің айырмасын сөз етеді. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде өлең құрылысының жіктелуі төмендегідей: өлеңдегі ырғақ, буын, бунақ түгелімен өңді сөйлемге топтастырады да, өлең сөйлемдерінің сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылады. Бұл ырғақ алдыңғы өлең сөйлемдегі ырғаққа қарағанда өзгеше өңді ырғақ болады – «бұл ырғақты жорғақ деп атаймыз». Өлеңнің түр-тұрпаты алдымен өлеңнің кестесінен басталады. А.Байтұрсынов өлең кестесін - айшық деп атайды. Бұл шарт өлеңде а) жалғыз шумақты айшық, ә) екі шумақты айшық, б) үш шумақты айшық, в) төрт шумақты айшық деп бөлінеді. Айшықтың әрбір тақтасы - шумақ, ол - екі тармақты шумақ, төрт тармақты шумақ, алты тармақты шумақ, жеті тармақты шумақ, сегіз тармақты шумақ, он тармақты шумақ. Ал тармақ тұлғалары жалғыз бунақты тармақ, екі бунақты тармақ, үш бунақты тармақ, төрт бунақты тармақ деп жіктелінсе, бунақ буындарын А.Байтұрсынов «Қазақ тіліндегі жырдан басқа өлеңде көбінесе бунақтың екі-ақ түрі жұмсалады» деп үш буынды және төрт буынды бунақ түрлерін ұсынады. Қазіргі өлең құрылысын талдауда қолданылып жүрген - ұйқас «Әдебиет танытқыш» еңбегінде тармақтардың аяғының ұйқастығы делінеді.

Қазақ өлең құрылысының өзіндік ерекшелігін қарастыра келіп А.Байтұрсынов: «Жоғарыда айтылған керек шарттардың бәрін орнына келтіріп шығарған өлең, сымға тартқандай, нағыз мінсіз өлең болып шықпақ. Мұны біздің қазақ ақындарының көбі өлең шығару өнерінің ғылымын білмегендіктен орнына келтіре алмайды» деп қазақ ақындарының маңызды ойы өлең қылған кезде шашырап, түсініксіз «жоқ-бардыға» айналатынын «біреулер бунақтарын өлең табиғаты тілеген орнына қоя алмай, я жорғағын бұзып, я тіпті өлең сиқын жоғалтып жібереді. Мұның бәрі өлеңнің өлең болғандағы негіздік түр-тұрпатын бұзып, не күйін келтіргендей, не өлеңдігін жойғандай әуезділік жағына кемшілік келтіреді» деп ақындық дарындылықтың өлең табиғатының нәзік дүниесімен ұштасу сипатын түсіндірген.

«Әдебиет танытқыш» еңбегі бұл орайда да қазақ әдебиеттану ғылымында көшбасшы болды. Бұл еңбектен кейін жазылып, жарыққа шыққан Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Қабдолов та өз еңбектерінде жоғарыдағы өлең құрылысының талдану ерекшелігін басшылыққа алды. Дегенмен, әр кезеңге байланысты жазылған өзінше зерделеу бағытындағы әр еңбектің өзінің маңызы болғанын жоққа шығармаймыз және олар қазақ өлең құрылысын «жаңалықтармен» байытып та отырды.

Қорыта келгенде, З.Қабдолов өлең туралы мәселеге нағыз ақындық сезіммен келгенін байқаймыз. Біріншіден, қазақ өлеңнің көне заманнан бергі түрлі жүйелеріне өлшем, бунақ, шумақ, тармақ, ұйқас түрлерін жіті қарастырып, жан-жақты талдау жасауы, екіншіден, қазақ және жалпы түркі өлең құрылысындағы «жаңалықтарды» сын көзбен қарап, тіпті поэзияға енген орнықты өлшемдерді саралауы қазақ өлеңінің үлкен білгірі екенін танытты.

Зерделі ғылыми-зерттеу негізінде жазылған еңбек сол кезеңдегі жалпы білім беру саласындағы алғаш рет жоғары оқу орнына арналған әдебиет теориясы бойынша зәрулікті өтеуде жоғары болды. 1970 жылы «Мектеп» баспасынан басылып шыққан «Әдебиет теориясының негіздері» оқулығы республикадағы бірден барлық жоғары оқу орындарының құралына айналды.

Араға алты жыл салынып, 1976 жылы «Әдебиет теориясының негіздері» еңбегін З.Қабдолов өңдеп, толықтырып «Сөз өнері» деген атаумен екінші рет қайта шығарды. Еңбектің атын «Сөз өнері» деп өзгерту себебін З.Қабдолов: «Әдебиет теориясының зерттеу

объектісі - сөз өнері, негізгі міндеті - әдебиет сүйгіш қауымға сөз өнерінің эстетикалық табиғатын таныту. Сондықтан, кітаптың атын да затына лайық «Сөз өнері» деп, үйреншікті үлгіден гөрі біраз өзгертіп алуды жөн көрдік. Дәл осылай атау осы кітаптың мазмұнына да сай келеді. Өйткені, бұл кітапта әдеттегідей теориялық қағидалар қалыптастырудан гөрі сөз өнерінің әрі қиын, әрі қызық құпиялары хақында жалпы жұртпен кеңірек кеңесу, еркін сырласу жағы басым» [6,3] деп түсіндірме береді.

Айта кететін бір жайт, З.Қабдоловтың ғалым ретінде өзіндік бір ерекшелігі - еңбектерін жаздым, жарыққа шығардым деп жылы жауып қоймай, үнемі ізденіс үстінде жүретіндігі. Ол осы біз қарастырған еңбегінен де анық байқалады. Сонау жетпісінші жылдарда басылған еңбек араға кейде үш, кейде алты жыл салынып, толықтырылып, өзгертіліп басылуының өзінен З.Қабдоловтың ерен еңбекқорлығын, үнемі ізденіс үстінде жүретіндігін байқатады.

Әдебиет теориясын зерттеуде үлкен мектеп тудырған бұл еңбек келешекте де талай ғылыми зерттеулердің арқауы болары сөзсіз. Оқулық туралы қырғыз оқымыстысы, профессор Советбек Байғариев: «Мәселен, анын адабияттың теориясы боюынча жазылған «Сөз өнеру» аттуу көлемдүү илимий эмгеги соңку жылдарда студенттердин, аспиранттардын, адабиетчы-окумуштуулардын, журналистердин, жалпы эле окурмандардын колунан түшпегөн китепке айланды» [7,23-25] деп орынды бағалаған.

Ал қазақ әдебиеті теориясының білгірі, академик З.Ахметов былай дейді: «Бұл кітап қазақ әдебиеттану ғылымында әсіресе әдебиет теориясы саласында үлкен жетістік деп бағаланған ғылыми жаңалығы мол, қомақты іргелі зерттеу болатын. Оның айрықша құндылығы көркем әдебиеттің табиғатын, оның өмірмен жалғастығын, қазақ сөз өнерінің ұлттық сипат – ерекшелігін ғылыми тұрғыдан терең ашып беруінде және теориялық қағидаларды, көркем шығармаларды үлкен талғамдылықпен танып, нақтылы талдаулар жасай білу шеберлігінде болатын. З.Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» атты кітабының зерттеушінің осындай қасиеттері – зерделілігі, білгірлігі, сезімталдығы анық байқалып отырады» [8,257] .

Бүгінгі таңда республикамыздағы түелге жуық жоғары оқу орындары, кәбіби білім беру және орта мектепте көркем шығарманы тану, талдау жолында З.Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбегін пайдаланып келеді. Өткен ғасырдың 70-жылдарында жарық көрген еңбектің өзекті мәселені қозғағанын осыдан-ақ пайымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зейнолла Қабдолов. Ұстаз, ғалым, жазушы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 292.
2. Әдебиет теориясы (1960-70 жж). /Қ.Жұмалиев, Қабдолов З., Ахметов З. Классикалық зерттеулер. 15-том. Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013.-411.
3. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері – Алматы: Мектеп, 1970. – 378.
4. Әдеби мұра және оны зерттеу.- Алматы: ҒА, 1961. – 376.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары – Алматы: Жазушы, 1989. – 320.
6. З.Қабдолов. Таңдамалы шығармалар. II том. Сөз өнері. Оқулық монография. Талдаулар мен толғамдар. Санат, 2003. - 528.
7. Байғариев С. Мухтар аганын шакирти // ҚазМҰУ Хабаршысы.- филология сериясы. – 14. – 1997. – 225.
8. Ахметов З. Дарындылық пен парасаттылық //Зейнолла Қабдолов тағылым: Өмірі мен шығармашылығы туралы мақаллар мен сұхбаттар, өлең-жырлар. Алматы: Қазақ университеті, 2007.-416.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жұмазия Абдрахманова

филология ғылымдарының кандидаты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессор

Azhm63@mail.ru

Атырау, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада ұлттық жер-су атаулары жүйесінің этнолингвистикалық мәдени танымдық мәні мен мазмұны қаралады. Жұмыста негізінен еліміздің батыс өңірлеріндегі топонимдердің дәстүрлі мәдениет пен дүниетанымнан көрініс беретін ерекшеліктері лексикалық, семантикалық тұрғыдан талданған. Кезінде идеологиялық себептермен саясиленген атаулармен бұрмаланған ұлттық топонимдерді қайта жаңғыртудың маңызын көрсете отырып автор дәстүрлі, халықтық атаулардың ұлттық танымдық маңызын көрсетеді.

Тірек сөздер: жер-су атаулары, топонимдерді бұрмалау, халықтық дүниетаным, топонимдер этнолингвистикасы, топонимдерді лингвомәдени жіктеу

Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Еліміздің басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланысты да жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу себебі бар.

Демек, топонимдер атаулары тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бүгінде халықтың дүниетанымын, мәдениетін тілдік құбылыстармен сабақтастыра зерттеу кеңінен қарастырылып келеді. Кез келген халықтың этномәдени тұрмысын ұлттық тілдің жетегінде, әлеуметтік мәдениеттің ауқымында, дүниетанымын қоғамдық ғылымдар аясында сөз ету мәселесі тіл білімінде этнолингвистика ғылымында қарастырылғанымен, осы құбылыстың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өрісі – лингвомәдениеттанудың еншісіне тиіп отыр. Аталған екі ғылым сағасы бір арнаға тоғысып, тіл мен мәдениеттің шекарасында халық тілі мен ұлт мәдениеті, ұлт менталитеті арасындағы қызметінің сабақтастығы анықталады. Ұлттың мәдениеті мен тілін байланыстыра зерттеудің қажеттілігі жөнінде ғалым Ж.Манкеева былай дейді: «... ұлттық тіл ерекшелігінің сырын, табиғатын, сол тілде сөйлеуші ұлт өкілінің рухани, психологиялық, әлеуметтік т.б. сипаттарымен біртұтастықта зерттеу... Солардың ішінде тілді ұлттық сана, дүниетаным, мәдениет, тарих, этностық рухты бейнелейтін таңба ретінде қарастыратын – лингвомәдениеттану саласы. «Лингвомәдениеттану» деген атаудың құрамында тіл мен мәдениеттің сабақтастығы айқын көрініс табады... Сондықтан ұлттық болмыс-мазмұнын тұтас мәдени жүйе ретінде өз бойында сақтаған құнды этномәдени дерек ретіндегі тілдік бірліктерді «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес жинақтап, жүйелеу, талдау игілікті де өзекті іс болмақ» [1;3-5]. Олай болса, лингвомәдениет дегеніміз – халық мәдениетінің сол ұлт тіліндегі көрінісі болып табылады. Жеке ұлт тілі ретінде қазақ тілінің дүниетанымдық қызметінің қазақ тілінің негізінде қарастырылуының маңызы, оның ұлт мүддесі үшін қызметі, керісінше, ұлт дүниетанымындағы қасиеттердің, арнайы ұғымдардың ана тіліміздегі көрініс табуы да өз дәлелдері мен соның негізінде кейбір ерекшеліктерін, тілдік айналымдағы орнын көрсетіп

беруді, осы сияқты сұрақтар ауқымын жан-жақты аша түсуді қажет етіп отырғандығы ақиқат.

Осы тұрғыдан алып қарасақ, қазақ халқының дүние туралы түсінігінің ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын жерінің бірі – топонимиялық атаулар екенін көреміз. Топонимика – ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Бұл гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз. Топонимдер, яғни жер-су аттары, негізінен үш бағытта зерттеледі: семантикасы (мағынасы);

жасалу жолдары; этимологиясы.

Топономия сөзінің анықтамасының өзінде оның ұлтпен байланысы анық көрсетіледі. «Топономия дегеніміз – халықтың ділін бейнелейтін мәдениеттің маңызды бөлігі. Топономия – этностың шығу тегі мен дамуын, аймақты, пайдалы қазбаларды меңгеруді халықтың ментальдық психологиясын және әлемнің тілдік бейнесін және тағы басқа көптеген мәселелерді зерттеудің қайнар көзі» [2;17]. Осы сілтеменің өзінен-ақ біз ұлттық ерекшеліктерді байқататын бірнеше терминдерді көреміз. «Халықтың ділі», «ментальдық психология», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты ұғымдарды аша отырып, біз этнотопонимиялардың да сырын ашатын сияқтымыз. Сонымен қатар еліміздің әр өңірінің өзіне тән жергілікті ерекшеліктерін де естен шығаруға болмайды. Себебі, бүгінде жалпы аймақтық топонимияны зерттеу – нақты дамып келе жатқан бағыт. Зерттеуші Қ.Рысбергген өзінің «Аймақтық топонимияның өзекті мәселелері» атты мақаласында біраз теориялық түйіндер жасап, мәселенің негізгі бағыттарын саралап берген. Оның ойынша, «Қазақ топонимикасындағы аймақтық зерттеулер статикалық, синхрондық, сипаттамалық негізде жүргізілді десек, қате айтпаймыз. Аймақтық зерттеулерде құрылымдық жағынан нақты өлкенің тарихи, географиялық жағдайына шолу жасалып, топонимдік, апеллятивтік бірліктер тілдік атрибуция, стратиграфия, лексика-семантикалық, сөзжасамдық, грамматикалық тұрғыдан қарастырылып, кейбір көне этимондар мен реликтілік тұлғаларға этимологиялық, типологиялық, салыстырмалы-тарихи талдаулар жасаумен шектеледі [3;380].

Еліміздің тәуелсіздік алуы бұл ғылым саласының алдына жаңа міндеттер қойды, ғылым үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды, олай дейтініміз Қазақстанда бұрыннан да осы ғылым дамығанмен көп нәрсені идеология қойған шеңберде айтуға тура келді, елді-мекендерге, жер-суға қойылған сансыз сырттан тағылған, этнотопонимді ығыстырушы атауларға сыни қарауға мүмкіндік болған жоқ, ал этнотарихи топонимдердің халық санасынан шығарылуы, әсіресе жас ұрпақ үшін теріс роль атқарып келді. Еліміздің тәуелсіздік алуы осы бір тарихи қателікті түзетуге, көмескіленген ұлттық атауларды қайта жандандыруға жағдай жасады. Бүгінде елімізде іске асып жатқан топонимдік атауларды өзгерту үрдісі осының көрінісі. Кеңес үкіметі тұсындағы түгелдей қазақтардан тұратын мал шаруашылығы серіктестіктерін немесе елді-мекендерді «Коминтерн», болмаса «Путь Ильича» сияқты атаулармен атаудың мән-мағынасыз, саяси науқандықтан басқа ешқандай себебі болған жоқ еді. Ал соған қарамастан бірқатар ұлттық нақыштағы гидроним (су атаулары), ороним (тау, төбе), ойконим (елді мекен), фитонимдер (өсімдікке байланысты атаулар) сақталып қалды. Сол азғантай нәрселердің өзі жергілікті халық санасы үшін зор роль атқарғаны сөзсіз.

Соңғы оншақты жыл көлемінде топонимдік атауларды этнолингвистикалық бағытта қарастыру оң нәтижеге қол жеткізіп, жер-су атаулары мазмұнындағы ұлттық нақыш-баяуларды айқындай түсті. Міне, осы ескерту жағынан қарасақ та, аймақтағы атауларды тек тізіп қана қоймай, оларды әр бағытта кешенді қараудың үлкен маңызы бар екені өзінен-өзі түсінікті деп ойлаймын. Оған бірнеше себеп те бар. Біріншіден, атаулар үнемі қолданыста болатын ұғымдар болғандықтан ауыздан-ауызға беріле отырып, өзгеріске сирек ұшырайды. Екіншіден, ол атаулар салт-дәстүрмен немесе белгілі тарихи оқиғамен байланысты болғасын, халық санасында сақталып отырады. Сондықтан да топонимдерді зерттеуде тілдік-мәдени

мәселе ерекше орын алады. Осы тілдік-мәдени бағытында Қазақстанның топонимдерін кешенді зерттеу де, аймақтарын жеке-жеке зерттеу де қатар жүргізіледі. Соның бірі – Батыс өңірі топономиясы. Осы өңір топономиясы туралы әрісі Е.Зябловскийдің «Землеписание Российской империи» 1810ж., Данилевский К.В., Рудницкий Е.У. «Урало-Каспийский край» Краеведческий справочник.-Уральск, 1929 сияқты еңбектер болса, берісі ресейлік, кавказдық және отандық ғалымдардың топономия саласындағы еңбектері. Соңғыларының ішінде М.Қожанұлының «Атырау облысының жер-су аттары», М.А.Диарованың «Топономия Атырауской области в условиях казахско-русского двуязычия», «Ақтөбе облысының топономикалық кеңістігі», «Атырау облысының топономикалық атауларының анықтамалығы», Уразаева Қ.Б., Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. «Ақтөбе облысының топономиясы» (3 томдық), Ә.Әбдрахмановтың «Қазақстан этнотопонимикасы», «Қазақстанның жер-су аттары», Г.Қоңқашбаевтың, Е.Қойшыбаевтің еңбектерін, жергілікті өлкетанушылар М.Жолжановтың, К.Қаюповтың мақалаларын атап кетуге болады.

Осы зерттеулер негізінде топонимдерді ұлттық-дүниетанымдық және ұлттық-тілдік деп бөлуге болады. Бұл сонда топонимдердің этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық мәні деген зерттеу мәніне сәйкес келеді. Оларды былайша топтастыруға да болатын сияқты:

1. Ұлттық дәстүрді, дінді, мәдениетті бейнелейтіндер: Абақанмола (антропоним), Адаймола, Айбосмола, Айыртам, Ақкиізтоғай, Ақмешіт, Оңайата, Қызәулие, Әулие(көл), Хазірет, Ақсақал тәуіп, Сұлтануәйіс ата және т.б.

2. Соғыс, майдан оқиғаларымен байланысты атаулар: Қарауылтөбе, Найзақескен, Алкелді, Қалмаққырған, Кіндіктөбе т.б. ;

3. Антропонимдік мағыналы тарихи топонимдер; Құрманғазы, Халел ставкасы, Чапаев ауылы, Мақаш ауылы;

4. Тұрмыстық заттар, мәдениет материалдары атаулары; Қылышқұдық, Қырықмылтық, Тұсаубайлаған, Майкөмген, т.б.

Белгілі зерттеуші М.Қожанұлы өзінің «Қазақ этнонимдер жүйесі» атты еңбегінде Батыс Қазақстан өңіріне тән этнонимдердің этнолингвистикасын зерттей отырып, қазақ рулық-тайпалық құрылымының атауларына терең шолу жасаған. Аталған еңбегінде зерттеуші тотемдік атауларға, туыстық қатынастарға тән атауларға, діни, наным-сенім, ырымға тән атауларға біраз тоқталған[4]. Біз де мақаламызда атаулардың осындай лингвомәдениеттанымдық мәні бар топтарына тоқталғымыз келеді. Топономикалық атаулар тек геотерминдік қана сипатқа ие жай сөздер емес, олар, әсіресе, сол тұрғылықты этностың рухани мәдениетінде зор роль атқаратын дүниетанымдық терең мәнге ие лингвомәдени құбылыстар.

Ал ұлттық атаулар жайдан-жай тумайды, олар қашанда жалпыхалықтық, тарихи-мәдени, экономикалық алғышарттардың жиынтығынан қаралады. Бұл мағынасында геотермин лингвомәдени атау ретінде әлеуметтік орта өкілдерін біріктіруші түпкі негіз ретінде үлкен психологиялық та роль атқарады. Осы контексте әлдебір табыну құралы-культтік объект сияқты деңгейге жетеді. Ондай өңірлер барлық халықта да, біздің еліміздің барлық жерінде де баршылық. Олар: Сарыарқа, Жетісу немесе Мұрат ақын жырлаған атақты үш қиян-Еділ, Жайық, Манғыстау.

Қазақтың ұлттық дәстүрінде аталар және жалпы өлгендер аруағының орны ерекше болуына байланысты кең тараған дәстүрлі топономика зираттар атауымен байланысты болып келеді. Ол бір жағынан белгілі бір рудың зиратын білдірсе, екіншіден, сол рудың мекенінің шекарасын да білдірген. Содан болар «мола» компоненті бар атаулар еліміздің барлық аймағы сияқты батыс өңірінде де мол кездеседі. Сонымен бірге «мола» компонентімен қатар «қорым», «оба» атаулары да жиі ұшырасады. Атаулардың бірі – белгілі адамның атымен аталған болса, екіншісі – белгісіз адам атымен аталған. Мысалы, Оңайата, Қызәулие, Шойтас қорымы, Шәпек обасы сияқты атаулар белгілі адамдар атымен аталған қорымдарға мысал болып тұрғанын көреміз. Қазақ топономикалық жүйесінде осындай топонимдердің өте мол кездесетінін байқау қиын емес. Мысалы, Атырау облысы бойынша:

Алашамола, Алпанмола, Есболай қорымы, Оңайата деген атауларды мысалға келтіруге болады. Ақтөбе облысының жерінде Жалғыз оба, Қырықоба, Қособа аталатын жерлер бар. Батыс Қазақстан облысы бойынша: Бекбике обасы, Маңғыстауда Айназар әулие, Бектұрлы қорым, Бала әулие қорымдығы деген атауларды келтіруге болады. Бұл топонимдік атаулардың кең тарауы мен сақталуы олардың халықтың сенімінде берік болуымен байланысты. Оған дәлел осындай қасиетті деп саналатын жерлерге деген ерекше қатынас кешегі Кеңес үкіметінің қысымы мен қатаң саясаты кезінде де сақталған екен. Осы жерде бұл жерлердің халық үшін рухани мәні-мағынасы болғанын да айта кеткен жөн. Оны мәдениет пен тіл саласының мамандары да атап өтеді. Мысалы, атақты зертеуші Серікбол Қондыбай өзінің «Арғықазақ мифологиясы» атты кітабында былай дейді: «Төретам (рухани орталық) – реальды географиялық (топографиялық) нысан немесе координаттар тоғысы. Қасиетті, киелі деп есептелген немесе ежелгі арутамдар (святилище) орналасқан алқап, тау, орман, тоғай, өсіп тұрған жеке ағаш немесе топ ағаш, құдық, бұлақ, үңгір, *әулиенің бейімі, әулиенің мүрдес, діни ғимарат ... т.б, жатады*»-деп, көрсетеді. Автор осындай рухани орталықтарды жіктей келе, «Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі әулиелердің барлығы да – рухани орталықтар, мәртебелік, танымалдық деңгейі (бүкіл қазақтық, аймақтық, жергілікті) түрліше болып келетін «n –ші дәрежелі төретамдар» болып есептеледі» деген тұжырым жасайды [5, 54-55].

Демек, көшпелі қазақ осындай жерлерді қасиетті территория санаса, оның көбі қайтадан жандануда, ал Атырау облысындағы Бекет атаға қатысты Ақмешіт сияқты жерлер, Бекет Ата мешіті қазір қайтадан, С.Қондыбай айтқандай, бүкіл қазақтық рухани ортаға айналып отырған жер болып табылады. Қазақтың әлі де кең сақталып отырған осы дүниетанымына сәйкес «әулие» «тәуіп» ұғымдарына ие атаулар да өте көп кездеседі. Оның дәлелін жоғарыдағы атаулардан көріп отырмыз. Бұл аталған жерлер жай ғана топономикалық шеңберден шығып, әлдебір қасиеттілік, сакральдық сипаттағы мағынаға ие болады. Адамдар ол жерге (молаға) ерекше құрметпен, болмаса қорқыныш сезімімен қарайды. Ол жерлердің, ол жерде жатқан адамның құдірет-күші жайлы аңыз-әңгімелер пайда болады, оның өзі жұрт назарын аударатын фактор болып шығады.

Енді жаугершілікпен байланысты атауларға келер болсақ, олардың көптеген тарихи атаулар арасында жиі көрініс беретіні байқалады. Л.Жаксылықова Ақтөбе облысындағы «Алкелді», «Найзакескен» атаулары туралы «Алкелді» топонимінің толық варианты «ал, жау келіп қалды» түріндегі сөйлем болса, «Найза кескен» атауы Найзаға сап кесіп дайындаған жер тіркесінен ықшамдалған», - дейді [6;87].

Мал шаруашылығына байланысты топонимдер де қазақ халқының төлтума шаруашылық ерекшелігіне байланысты кеңінен тараған. «Айғыркөл», «Айғыршағыл», «Айғыршығанақ» атаулары үлкен көл, үлкен шағыл, үлкен шығанақ мағынасына ие атаулар болса, «Ақінген» атауын сол атауға ие биіктіктің сыртқы түрі қос өркешті інгенге ұқсас болуынан осылай аталған болса керек», - деп есептейді зерттеушілер [6;12]. Малға байланысты оқиғалардан туған атаулар да қазақ дәстүрлі тіршілігінен хабар береді. Мысалы, «Байталкеткен», «Еткөмген», «Көксиыр», «Торыаткісінеген», «Алабайтал» және тағы басқалар осыны дәлелдейді. Мал – қазақ тіршілігінде зор рөл атқарғандықтан малға байланысты әрбір тосын оқиға халық санасында ұзаққа сақталып қалады. Жоғарыдағы атаулардан «байтал», «торы ат», «кісінеу» сияқты қазіргі кезде пассивті қолданыстағы сөздерді көреміз. Тіпті, үнемі мал етін пайдаланған және малдың ішкі құрылысын өте жақсы білген қазақ халқы кейбір жер бедерін малдың дене мүшесімен салыстыра бейнелеген. Оған дәлел «Боқтықарын» және «Боқішек» деген өзек атаулары Атырау облысының Жылой ауданында кездесе, «бүйрек» деген құм атауы Қызылқоға ауданында белгілі жер болып табылады. Осылайша халықтың физиологиялық білімі метафораға айналып жер бедерін танымдық білімге айналғанын көреміз.

Топонимиканың төркінінде ұлттық сана-сезім, талғам мен қажеттілік жатқанын осыдан-ақ байқауға болады.

Қазіргі тілдік зерттеулердің ішінде кеңінен тарап келе жатқан тың бағыттың бірі – гендерлік-лингвистикалық ізденістер екені белгілі. Топонимдер жүйесіндегі гендерлік атау – тарихи қалыптасқан тұрақты топонимдердің бірі болып табылады. Олар бір жағынан антропонимдер болып келеді, екінші жағынан бұл атаулар ұлттық мәдениет пен құндылықтар жүйесінен де хабар береді. Қызәулие, Бәйбішекұдық, Бекбике, Алып-ана–Түкті ата, Секер сұлу мазары, Мүслима, Қызмола, Үшкөмір, Үшбике, және тағы басқа еліміздің батысында кездесетін атаулар осыған мысал бола алады.

Жалпы антропонимдерді зерттеген кезде байқалатын нәрсе ер адам атының көбірек кездесетіні. Бұл ер адам билеген қоғамға тән дәстүрлі көрініс, бірақ соның өзінде байырғы қазақ мәдениетінде елге абыройлы немесе ерекше қабілетке ие әйел адамдардың болғанын, елдің оларды құрметтеуге ұмтылғанын, сол себепті, тіпті, әруақтар, ата-бабалар жатқан қорымның өзін сондай сыйлы әйелдердің атымен аталғанын көреміз.

Ұлттық дүниетанымдық сипаттағы атаулар жүйесі Кеңес үкіметі кезінде үлкен өзгеріске ұшырады, бірақ халық сонда да оларды жадынан шығармады. Тәуелсіздік алуымыз арқасында олар қайтадан жаңғырды. Бұл да ұлттық мәдениет пен тілдік ұғымдарды қайта жаңғыртудың бір көрінісі. Сөз соңында ұлттық сипаттағы топонимдердің әрі рухани, әрі нақты географиялық мәнге ие екенін айта кеткен жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы 2008.
2. Уразаева Қ.Б., Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Т.1: Ақтөбе облысының топонимиялық жүйесіндегі атаулардың өзгертілуі. – Ақтөбе, 2008. – 160 б.
3. Қ.Рысберген «Аймақтық топонимияның өзекті мәселелері» // Тілтанымдық зерттеулер (2003-2005жж.)/ Жауапты ред.Н.Уәли, М.Малбақов. – Алматы: «Арыс», 2007. – 491б.
4. Қожанұлы М. Қазақ этнонимдер жүйесі (Қазақстанның батыс өңірі этнонимдеріне қатысты тарихи, шежіріт және тілдік деректер негізінде) – Астана, 2011, - 448 б.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 512
6. Жаксылықова Л. Кейбір жер-су атауларының лексика-грамматикалық сипаты// Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе, 2007 ж.
7. Жүсіп Қ., Диарова М., Абдрахманова Ж. Атырау облысының жер-су атаулары, Атырау. – 2007. 192 б.
8. Ержанова Ұ. Батыс Қазақстан облысының жер-су атаулары. Орал:«Полиграф-Сервис» баспасы, 2001 ж.

ӘОЖ 82.09

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Нұрасила Атаханова

гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Аңдатпа: Мақалада– әдебиеттану ғылымының теориясы мен тарихы, сыны салаларын терең зерттеген қазақ әдебиеті мәселелеріне көп араласқан, жалпы әдебиеттің жан-жақты білгірі З.Қабдоловтың табысқа толы әдеби зерттеулері, шығармашылығы баяндалған.

Түйін сөздер: Зейнолла Қабдолов, әдебиеттану ғылымы, іргелі зерттеулер, роман эссе, әдеби зерттеу, әдеби дәстүр.

Бүгінде қазақ әдебиеттануы – көркем сөздің қандай күрделі проблемасын болса да жоғары теориялық деңгейде зерттей алатын толымды ғылым. Ал енді әдебиеттану ғылымы саласында халықтың рухани игілігі үшін тынымсыз тер төгіп, ел-жұртына еңбек сіңірген көрнекті тұлғалардың бірі – академик Зейнолла Қабдолов.

Зейнолла Қабдолов – әдебиеттану ғылымының теориясымен тарихы, сыны салаларын терең зерттеген дарынды ғалым. Қазақ әдебиетінің алып бәйтерегіне айналып, мәуежайлы талант-жігерін туған әдебиеттің өркендеуіне арнады. Академик З.Қабдолов – әдебиет теориясы, тарихы, сынысаласында іргелі зерттеулер жазып қалдырған, әдебиеттану ғылымын дамытқан дарын иесі.

Төл әдебиетіміздің тарихы мен теориясы төңірегінде атқарылар істердің басы-қасында жүрді. Ғалым З.Қабдолов өзінің ширек ғасырдан астам зерттеушілік қызметінде сан алуан мәселеге арнап көптеген ғылыми еңбектер жазды.

«Сыншы – қалың оқырманның өскелең талабымен талғамының жаршысы, әдеби құбылысты жалпы мемлекеттік мүдде тұрғысынан пайымдайтын қоғамдық ой- пікірдің озғын өкілі», – дейді З. Қабдолов.

З.Қабдоловтың әдеби сыншылық қызметінің аясы кең. Ол жиырмасыншы ғасырдағы қазақ прозасымен поэзиясын жіті қадағалап отырды, оның жылт еткен жаңалықтарын көребіліп, оған әдебиетші қауым назарын аударған сын мақалалары баспасөз беттерінде жарияланып жатты. Жанрлық жағынан келгенде З.Қабдолов мақала, шығармашылық портрет, рецензия, заметка жанрларында жиірек жазғандығы байқалады. Бұлайша жіктеудің өзі де шартты. Көп реттерде оның мақалаларының жанрлық жігін ажыратудың өзі де қиын.

Суреткер жазушы Зейнолла Қабдоловтың қаламынан проза жанрында бірнеше құнды туындылар дүниеге келді. Жетпісінші жылдары жарық көрген «Біз жанбасақ...» роман-диалогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған көркем шығарма десек артық айтпаймыз. Заманауи тақырыпқа қалам тербеген қаламгер аталған шығармасында көркемдік бітімі мүлдем бөлек бірнеше тың кейіпкерлерді қазақ әдебиетіне алып келді. Сондықтан да бұл роман-диалогияны кезінде қазақ оқырманы жылы қабылдап, жоғары бағалады.

Қазақ прозасындағы сол тұста жақсы көріне бастаған интеллектуальды бағыттағы соңғы, жаңа тынысты шығармалардың көш басында осынау роман тұрды. Әдебиет сыны романның әсіресе осы құндылығын баса көрсетіп, жарыса жазды. Сардар, Қабен, Тайман сынды жаңа кейіпкерлер көркемдік жинақтау биігінен табылған, қаламгердің суреткерлік дарынын айрықша жарқыратып көрсеткен типтік бейнелер ретінде әдебиет төріне көтерілді.

Тура осы арнада, өзінің суреткерлік қолтаңбасынан көз жазбаған қаламгер араға уақыт салып Әуезов бейнесін де әдебиетімізге алып келді.

«Менің Әуезовім» роман-эссесі де тұлға және заман тақырыбын тереңнен тартып бейнелеген, тарихи шындықты үлкен ауқымда көркемдік тұрғыдан жинақтап бере алған бірегей туынды ретінде оқырман жүрегіне жол тапты. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған бұл роман да З.Қабдоловтың көркем прозадағы көп жылғы шығармашылық ізденістерінің бір белесі ретінде әдебиет тарихында қалды.

Саңлақ суреткер, ғұлама ғалым, әлемдік әдебиеттің классигі Мұхтар Әуезовтің жеке тағдырынан бастау алатын оқиғалар тереңдей келе ұлы тұлғаның тұтас өмір жолымен, қаламгерлік жолымен, сол заманның тарихи шындығымен сабақтасады, қатар ашылады. Әуезовтің күллі кісілік болмысы, жан дүниесі, жеке басының трагедиясы нақты оқиғалар арнасында суреттеледі.

Жазушы Зейнолла Қабдоловтың көп жылдар бойында іштей дайындалып, ойына алған, осы мақсатта деректер жинастырып, жүрек түкпірінде сақтап жүрген, жанына жақын тақырыбы қазақтың алдаспан ақыны Махамбет бейнесін сомдау болатын.

«Менің Әуезовім» роман-эссесінен кейінгі күрделі туындысы Махамбет бейнесіне қалам тартқан қаламгер бұл романын толық аяқтап үлгермеді. Оу бастан Махамбет тағдыр кешкен тұтас дәуірді толықтай қамтып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен тарихи тұлғаларды қатар ала отырып, бүгінгі заман биігінен ой толғағысы келген қаламгердің аяқ алысы, қалам сілтесі бірден сезіледі.

Ой ауқымын кеңге салған, суреткерлік, көркемдік жинақтаудың эпикалық биігіне қол артқан автордың суреттеулерінен болашақ туындының терең тынысы, көп қырлы болмысы бірден көзге түседі.

Бұл туындының алғашқы тараулары З.Қабдоловтың өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген бес томдық таңдамалы шығармаларының бесінші бөлімінде «Мұз үстінде от жаққан» атты тақырыппен жарық көрді. Болашақ романның алғашқы беттеріндегі оқиғалардан-ақ оқырманға терең әсер тастайтын “Арыстан еді-ау Исатай”, “Қаһарман ақынның тағдыры мен тағылымы”, “Айбын мен айдын,” “Ақын өлімі” (роман эскиздері) деп аталатын атаулар бірбірімен іштей сабақтасып, тұтас дүниенің енді көтеріле бастаған қабырғаларын көзге елестетеді.

З.Қабдолов әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеп, қазақ әдебиеттану ғылымына терең де, жан-жақты, әрі тың, әрі құнды, мәңгі мәнін жоймайтын зерделі зерттеулер әкелді.

З.Қабдолов – ұлттық мәдениет пен әдебиеттің дамуына орасан зор еңбек сіңіріп, ғылыми шығармашылықпен аса жауапкершілікпен айналысқан, ғылымға шексіз берілген аса көрнекті ғалым. Қазақ әдебиеті мәселелеріне көп араласқан, жалпы әдебиеттің жан-жақты білгірі З.Қабдоловтың табысқа толы ғұмырын бір жұмыс көлемінде толық ашу оңай емес, ол келешектің үлесі мен міндеті.

М.Қаратаев ғалым туралы: "Зейнолла Қабдоловтың жазушылық, ғалымдық, ұстаздық қабілеттері қатар, қабат жалғаса дамып келеді. Ол – көркемсөз шебері болумен қоса, оның зерттеушісі, сыншысы, сол көркемсөз құбылыстарының және оқытушысы. Бір жағынан әңгіме, повесть, роман жазып, екінші жағынан, әңгіме жанры жөнінде дербес монография ("Жанр сыры") мен бүкіл әдебиет теориясының ("Сөз өнері") арнайы оқулығын жазып шығуы, үшіншіден, осы жайында және әдебиет тарихынан университетте дәріс оқуы З.Қабдоловтың тұлғасы мен тұрпатын ерекше танытса керек" – деген пікір білдірген екен.

«Қабдолов еңбектері туралы айтқанда оның әдеби көркем шығармалары мен әдеби зерттеу еңбектерінің арасында үзілді-кесілді меже қоюға болмайтындағын ескеруіміз керек. Көркем шығармалары ғылыми еңбектерге, ғылыми еңбектері, зерттеу-сын жазбалары көркем шығармаларға бергісіз, тартымды әрі тез оқылады, ұтымды әрі ұғымды қабылданады», - дейді ғалымның жазушылық шеберлігі турасындағы еңбегінде Р.Мүтәлиева.

Тағылымды туындыларының да, зерделі еңбектерінің де ерекшелігі мол, әдебиет пен ғылымда ойып орын алған, өзі айтқан «ардың ісіне» асқан жауапкершілікпен, бар өмірін арнап қызмет еткен З.Қабдоловтың әдебиеттану саласындағы мол мұрасы әлі де зерделеуді, зерттеп, тануды қажет етеді. Ал бұл қиын да күрделі іс – болашақтың еншісі.

«Қазақ әдебиеттануының тарихында **«Сөз өнерінен»** асқан оқулық- монография жоқ. ... қолына қалам алған талантты жастар осы еңбекті оқу арқылы әдебиет әлеміне енеді. Олар сөз өнерінің көркемдігі мол, жұмбағы да аз емес қазынасына ену кілтін әзірге осы кітаптан ғана табады...» [1, 27] Зейнолла Қабдоловтың ғибратты да өнегелі ғұмыры, өзі «білімнің Қағбасы» атаған Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында дәріс берумен көркемделді. Сөз өнеріне тәнті болып келген шәкірттің ғылым жолындағы алғашқы қадамы студент кезінде ұстазы Мұхтар Әуезов ұсынған тақырыбы - «Абайдың лирикасынан» басталады. Ғылымға деген бұл - алғашқы қадам болып табылатын еңбек сол уақыттағы кеңес одағының «Студенттер ғылыми еңбектер конкурсының» жүлделі орынды иеленді. Кейіннен дипломдық зерттеуге ұласқан бұл ізденіс - мыңнан аса жазылған ғылыми мақалалар мен көптеген монографиялардың бастауына айналды. Айталық, «М.Әуезовтің әсемдік әлемі», «Көзқарас», «Б.Майлиннің мұрасы мен мирасы», «Шеберлік мектебі» басқа да әдебиеіміздің тарихында өзіндік орны бөлек зерттеулері жетерлік және «Сөз өнері».

Қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш теориялық еңбек Ахмет Байтұрсынов қаламынан туындаса, оның алуан көрнекті құрал етіп зерлеген, әдіптеген, көркем шығарма табиғатына замануи сипатта қабыстырып, ғылыми тұжырымдармен қорытындылаған - Зейнолла Қабдолов болды. Содан бері «Сөз өнері» - әдебиеттану ғылымының құндылығын жоймас оқулығына айналды.

Академик Зейнолла Қабдолов - көп қырлы талант: жазушы, публицист, ғалым, ұстаз. Сонымен қатар ол сөз өнерін, жазушылық қызметін ұстаздық, ғалымдық еңбегінен бөле-жармай, өзінің бүтін бітімін бірегей қасиетіне айналдырған көп қырлы тұлға. Зейнолла Қабдолов есімі оқырмандарына кеңінен таныс. Оны еліне осылайша кеңінен танытқан, қадірін асырған шығармашылық еңбегі - азаматтық болмысын қалыптастырды.

«Қабдоловтану - Қазақстанның жаңа тарихындағы ұлттық рухани құндылықтарымызды зерттеу мен оқыту тұтастығымен бағаланатын әдеби- ғылыми мұратану қазынасы. ... Қабдолов танудағы қарастырылуы қажет мәселелердің бірі - ғалым-ұстаздың ғылыми жетекшілігімен қорғалған дипломдық жұмыстардың, кандидаттық, докторлық диссертациялардың әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерін қамтығандығына, кешенді зерттеулердің өзара жалғасқан бағыттарына ықпал еткен маңызын саралап көрсету. Бұл арқылы әдебиеттану ғылымындағы **Қабдолов мектебі** атты зерттеушілік саланың ұлттық тарихымыздағы орны айқындала түседі.» [2,18,23]

З.Қабдолов Әуезовтің әңгімелері жайлы әңгімелегенде оларды шетінен тізбелеп жатпайды. Теңіз суының дәмін бір тамшысынан-ақ білуге болатыны сияқты, ғалым да оның тұңғыш туындыларының бірі- “Қорғансыздың күні” арқылы-ақ жазушының суреткерлік сипаттамасын дәл бере алған: “Тегінде, шын мәніндегі нағыз үлкен талант өзінің өнер өрісінде жаттығу жасап, онша ұзақ күйбеңдемейтін болса керек. Әуезовтің осынау алғашқы әңгімесінің өзінде өзгеге ұқсамайтын өзіндік мәнер-машығы бар; кібіртіксіз көсіле жөнелген жорға қаламның ізі сайрап жатыр. Мұндағы шұрайлы тіл, шұрайлы стиль, дараланған адам характерлері, нәзік лиризм, терең психологизм нәтижесінде нақты әлеуметтік ортаның айқын сипатын беретін таза, мөлдір шындық Сабит Мұқановтың дәл айтылған тұжырымын сөзсіз растайды: “Қорғансыздың күні” атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді. [3] Осы сияқты “Оқыған азамат”, “Қыр әңгімелері”, “Үйлену”, “Ескілік көлеңкесінде”, “Барымта”, “Кінамшыл бойжеткен”, “Қаралы сұлу”, “Жуандық”, т.б әңгімелерінде “Өгейлік, өктемдік құрбаны болған қорғансыздар тағдыры... катал реализм арнасында үлкен суреткерлік күшпен бейнеленеді” – деп, олардағы ортақ қасиеттерді ашып көрсеткен.

Жалпы З.Қабдолов – зерттеушіге алдымен негізгі тұжырымдарын айтып алып, содан кейін барып, ойларын дәйектей түсу тән. М.Әуезовтің бас кітабы “Абай жолы” туралы сөз қозғағанда да оны талдауға бірден кірісіп кетпей, роман-эпопеяның жазушы шығармашылығындағы, қазақ әдебиетіндегі мәні мен маңызы туралы тебіреніске толы толымды ойлар айтып, алыстан ойқастап барып, бірте-бірте зерттеу нысанына қарай жақындай түседі. “Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау тек қадау-қадау ұлылардың үлесіне ғана тиген. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов” [3] – деп, бір қайырып тастайды. “Абай жолы” – Әуезовтің бас кітабы... “Абай жолы” романдарына қарай келеді. Тек М.Әуезовтің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің мақтанышына арналған роман-эпопеяны қасиет тұтып, көркемдік қуатымен бірте-бірте елти бастаған, талдауға бірден кірісе алмай, оның қай жағынан бастарын ойланып, толғанып тұрған Зекеңді көргендей боламыз. Мұнда да өзінің оңтайына оңай келетін сауал-жауап тәсілін қолданып, “осындай орасан биік бағаға “Абай жолы” қандай қасиеттерімен жетті?” – дегенге жауап беруге кірісіп кетеді. Алдымен ұлттық әдебиетімізде бұрын-соңды болмаған роман-эпопеяның есігін тақырыбы жағынан ашып, шығарманың көз тартар көркемдік әлемінің ішіне “кіреді”...

Автор “Абай жолының” қазақ әдебиетіндегі роман-эпопея болуымен бірге онда қазақ халқы тарихының тұтас бір дәуірінің шынайы көрініс тапқанын қадап айтады: “...Мұхтар Әуезов өзінің төрт том “Абай жолы” арқылы бүкіл дүние жүзіне, қала берді – өз отандастарына, керек десеңіз, тіпті қазақ халқының ұлылығын – оның өткен өмірін, тарихын,

тарихының түбірлі кезеңдерін , қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық һәм творчестволық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып берді. “Абай жолында” Ұлы октябрьге дейінгі қазақтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы ғана емес, күллі ұлттық рухы сайрап білініп тұр. ...Әуезовті оқымай қазақты білдім деу қиын [3].

3.Қабдоловты ғалым ретінде негізінен бүгінгі дәуір әдебиетінің жай-күйі, көркемдік мәселелері көбірек қызықтырады. Ол өткен дәуірдегі Абайға барғанда, оның ақындық құдіреті алдында бас иіп, өлеңдерін назым сөздің өлмес эталоны ретінде кейінгі ақындарға үлгі етіп, ұсынады. М.Әуезов туралы тебіренгенде Абайдың әдеби дәстүрін жалғастырушы ұлы жазушыны көреді. Өз заманының әдебиетін сөз еткенде, ол сөз өнерінің өлшемі ретінде осы екі ұлыға дүркін-дүркін оралып соғып, олардың өлмес туындыларын көркемдіктің өлшемі, таразысы етіп алып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бисенғали З.Ғ. З.Қабдолов және әдебиеттану // «V Қабдолов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы // 7 желтоқсан, 2012 жыл. 27 б.

2. Тебегенов Т. Қабдоловтану а риала ры: зерттеу мен оқыту міндеттері, тәрбиелік ұлағаты//« V Қабдолов оқулары» атты халықаралық ғылыми- теориялық конференция материалдарының жинағы // 7 желтоқсан, 2012 жыл. 18, 23 б.

3. Қабдолов З. Арна. – Алматы,1996.

4. Қабдолов З.М.Әуезов. – Алматы, 1997.

5. Қабдолов З. Шығармалары. Ғылыми зерттеулер. Талдаулар мен толғаулар. Т.5 — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 328 б.

ӘОЖ 82:82.09

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ

Анаргүл Дәулетова

филология магистрі,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

d.anara06@mail.ru

Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада Зейнолла Қабдоловтың әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі қарастырылады. Ғалымның әдебиеттану саласындағы ерен еңбегі «Сөз» өнері оқулығы аясында қарастырылады. Оқулықтағы ғылыми теориялық пайымдаулар, әдебиеттану ғылымы туралы топшылаулар, көркем әдебиет туралы мәліметтерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: өнер, әдебиет, эстетика, әдебиеттану т.б.

Қазақ әдебиеттануында өшпес із қалдырған теоретик ғалымымыз, классик жазушымыз, ұстазымыз, сөз зергері Зейнолла Қабдолов бүгінде ортамызда болса 95 жасқа келер еді. Зейнолла Қабдолов Қазақстанның Халық жазушысы, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан мен Қырғыстанның ғылымдарына еңбегі сіңген қайраткер, ұстаз, ғалым. Ұлы жазушының қазақ әдебиеттануының дамуына қосқан үлесі зор. Әдебиет теориясынан арнаулы еңбек жазу қажеттігінен Зейнолла Қабдоловтың 1970 жылы «Сөз өнері» оқулығының бірінші басылымы жарық көрген болатын. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарында «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы» пәндерінен пайдаланылып жүрген бірден бір оқулықтардың бірі «Сөз өнері» болып табылады. Зейнолла Қабдолов аталмыш оқулықта әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу тарихын грек ойшылдарының еңбектерінен бастайды. Зейнолла Қабдолов

Аристотельдің «Поэтика» еңбегінің әлем әдебиеттануының негізін салудағы рөлі мен маңызын да атап өтеді.

«Сөз өнерінде» әдебиеттану ғылымы, оның қалыптасу тарихы, көркем әдебиеттегі алғашқы әдемілік туралы қағидалардың бастауы, әдебиеттану ғылымының негізгі салалары мен жанама тараулары, әдебиеттегі халықтық түсінігі, әдебиеттің тәрбиелік мәні, қоғамдағы қызметін анықтап береді. Бұл оқулықты оқыған студент әдебиеттің сөз өнері екендігін, сөз өнерінің өзге өнерден өзіндік ерекшелігі бар, қасиетті де, қадірлі өнер түрі екендігін түсініп, көркем шығарманы талдау принциптері мен методикасын жан жақты игеріп шығары сөзсіз.

Зейнолла Қабдоловтың оқулықты «Сөз өнері» деп атауы да тегін емес. Оның себебі әдебиет сөзден құралатын өнер. Жазушының материалы сөз.

Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулығы «Сөз өнері туралы сөз», «Сөз өнері жайлы ғылым», «Сөзбен сомдалған тұлға», «Сөзбен шындалған шындық», «Сөз сыры», «Сөз сарасы», «Сөз өнеріндегі тек пен түр», «Сөз өнеріндегі бет пен бағыт» деген сегіз тараудан тұрады. Автордың оқулықтың әр тарауын «Сөз өнері» деген тіркеспен байланыстыра ат қоюы да, әдебиет атты өнердің қадір қасиетін, құдыретін анықтап тұрғандай. Оқулықтың бірінші тарауында әдебиеттің басқа өнер атаулыдан ерекшелігі, әдемілік туралы алғашқы қағидалардың қайнар көзі, көркем әдебиетті жасаушы жазушыға тән қасиеттер, көркем әдебиеттің қоғамдық қызметі мен тәрбиелік мәнін баяндаса, екінші тарауда әдебиеттану ғылымының қарастыратын мәселелерін, Аристотель, Горацій, Декарт, Дидро, Гегель, Кант секілді әлемдік ойшылдардың өнер, эстетика, поэзия, туралы байыптауларын, үшінші тарауда көркем бейне түсінігі, оның түрлері, ойдан шығару арқылы образ тудыру, образды жасаудағы амал тәсілдер, әдебиеттегі тип, прототип, деталь, жинақтау мен даралау, мінездеу мәселесіне мысал келтіре нақты түсіндіріп береді. Төртінші тарауда көркем шығарманың тереңіне бойлайды. Шығарманың мазмұны мен пішіні, тақырыбы мен идеясы, сюжет пен композиция, бесінші тарауда жазушы тіліндегі көркем айшықтар (ажарлау, троп, фигура түрлері) қарастырылады. Зейнолла Қабдолов көркем шығармадағы сюжеттің бес кезеңіне (оқиғаның басталуы, байланысы, дамуы, шарықтау шегі, шешімі) назар аударуды ұсынады. Пролог пен экспозицияның, эпилог пен шешімнің аражігін анықтап береді. Сонымен қатар жазушы тіліндегі көркем құралдарға да баса назар аударады.

Алтыншы тарауда өлең деген не, оның буын, бунақ, ырғақ, тармақ, ұйқас сынды өлшемдері, жетінші тарауда әдебиеттің үш тегі эпос, лирика, драма оның іштей жанрлық түрге жіктелуі, сегізінші тарауда жазушының стилі, бағыт, ағым, әдіс мәселелері жан жақты қарастырылады. Зейнолла Қабдоловтың аталмыш еңбегі арқылы студент жастар көркем шығарманы талдау жолын игереді. Автордың өзі айтқандай көркем шығарманы оқыған студент ол туынды ұнады ма? ұнамады ма? деген сауалға жауап беру қажет. Әрине ұнады не ұнамады деп айта салу оңай. Әйтсе де оның артында тағы бір сауал жалғасын табады. Несімен ұнады? Несімен ұнамады? Міне осы сәтте көркем шығарма оқыған кез келген оқырман бес түрлі сауалға жауап беру қажет:

Қандай оқиға болды?

Оқиға қалай болды?

Оқиға кімдердің басынан өтті?

Оқиға қалай баяндалды?

Оқиғаға автордың көзқарасы қандай?

Бұл сұраққа жауап беру шығарманың тақырыбы мен идеясын, одан әрі шығарманың композициясы мен сюжетін, кейіпкерлер бейнесін, мінезін, монологтары мен диалогтарын, шығарма тілін, жазушы стилін, жазушының дүниетанымы мен әдісін баяндау қажет. Ал бұл мәселелер туралы сөз қозғау үшін әдебиеттің теориясын меңгеру қажет.

Аталмыш мәселелерді қазақ әдебиеттануының алғашқы теоретигі, әдебиеттанудың негізін салушы Ахмет Байтұрсынов та қарастырған болатын. Оның «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттануының көш басында тұрған еңбек. Еңбекте Ахмет Байтұрсынов ең алдымен сөз өнерінің табиғатын, оның артықшылығын баяндайды. Ахмет Байтұрсынов сөз өнерінің ерекшелігін, күрделі өнер екенін дәлелдеу мақсатында Абай, Мағжан шығармаларына талдау жасайды. Абай Құнанбаевтың «Күз» өлеңіндегі табиғатты суреттеудегі сұр бұлт, түсі суық, дымқыл тұман, жасыл шөп, көңілсіз, қара суық дегендегі эпитеттер күз мезгілінің табиғатын ашу үшін шебер қолданылған. Дәл осылай табиғаттың сыр, сипатын, көз алдымызға елестетіп, сөз арқылы сурет салу тек қана көркем әдебиетке яғни сөз өнеріне ғана тән. Өнер түрлерін талдай келе Ахмет Байтұрсынов «Өнердің ең алды сөз өнері» десе, Зейнолла Қабдолов «Әдебиет ардың ісі, әдебиет сөз өнері» деген болатын. Осы тұста екі ғалымға ортақ ой бары анық. Екеуі де сөздің құнын қадір тұтқан. Зейнолла Қабдолов көркем шығармадағы көркем айшықтарды ажарлау, троп, фигура деп жіктесе, Ахмет Байтұрсынов көріктеу, меңзеу, әсерлеу деп береді. Ахмет Байтұрсынов фигураны арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу, ал Зейнолла Қабдолов арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, инверсия, эллипсис, егіздеу деп жіктейді.

Зейнолла Қабдолов арнаудың өзін Ахмет Байтұрсынов жіктегеніндей үш түрін (жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау) көрсетеді. Ахмет Байтұрсынов қайталақтаудың бір түрін еспе қайталақтау десе, Зейнолла Қабдолов жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау, кезекті қайталау деп төртке бөледі. Екі ғалым жіктеуіндегі ерекшеліктер бірінде фигураны түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу, екіншісінде инверсия, эллипсис, егіздеу сынды түрлерін байқаймыз. Ахмет Байтұрсынов кекесінді фигура түрі ретінде, ал Зейнолла Қабдолов троптың түрі ретінде қарастырып, кекесіндеу деп атайды. Ахмет Байтұрсынов меңзеуді жетіге (теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, меңзеу) деп бөлсе, Зейнолла Қабдолов тропты он екі (ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, астарлау, алмастыру, мегзеу, кекесін, ұлғайту, кішірейту, перифраз, эвфемизм, табу) түрге жіктейді. Ахмет Байтұрсынов теңеуді әшейін және әдейі теңеу деп қарастырса, Зейнолла Қабдолов теңеуді ажарлау тәсілдерінің қатарында қарастырады. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов әдебиеттің тегін әуезе, толғау, айтыс-тартыс деп жіктесе, Зейнолла Қабдолов эпос, лирика, драма деп бөліп, екі ғалым да оларды іштей жанрлық түрге жіктейді. Осыдан-ақ біз қос ғалымның әдебиеттануға қосқан үлесін байқаймыз.

Бұл тәсілдер барлығы әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігін күшейтетін тәсілдер. Құбылтудың да көркем шығармадағы қызметін анықтай келе, оның он екі түрін (ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, астарлау, мегзеу, кекесін, ұлғайту, кішірейту, перифраз, эвфемизм, табу) жіктеп береді. Ал ажарлау тәсілдеріне эпитет, теңеу, ассонанс, аллитерация, плеоназм, синонимия, неологизм, идиома сынды көркем айшықтарды жатқызады. Бұл тәсілдердің барлығы әдеби шығарманы көркемдеу ішін қажет болып табылады, себебі халыққа мазмұнды, эстетикалық талғамға сай жазылған шығарма қажет екені белгілі.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі. Олар ақыл, қиял, көңіл. Яғни ақылдың қызметі әр нәрсені ұғу, тану, қиялдың қызметі ойдағы нәрсені суреттеп ойлау, көңілдің қызметі тую.

Әдебиеттің теориясын меңгеру дегеніміз Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнерін», Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын» бірнеше мәрте қайталап, детальды түрде оқуды талап етеді. Сондықтан да көркем шығарманы оқып ғана қоймай, сол оқыған дүниемізді жан жақты талдап, өз ойымызды жеткізе білу үшін Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» мен А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» біздің қолымыздан табыла білу қажет.

Қорыта келе айтарымыз «Сөз өнері» тек әдебиеттің теориясын талдайтын оқулық ғана емес, «сөз өнерін» толғайтын оқулық. Бұл оқулық жоғары оқу орындары ұстаздары мен студенттерінің таптырмас оқу құралы. Зейнолла Қабдолов аталмыш оқулығында не нәрсені болмасын сөзбен сөйлеп, суреттеуге, сөзбен сымбаттап, кесікндеуге болатынын дәлелдеп берген болатын. Мұндай нәрсе тек сөз өнеріне және осы өнерді жасаушыларға яғни сөз өнерінің шеберлеріне тән қасиет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық монография. Алматы «Санат», 2002 ж.
А.Байтұрсынов Шығармалары. Алматы. «Атамұра», 2003

ӘОЖ 17.09.91

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Бибинур Ламгалиева

педагогика ғылымдарының магистрі

№38 мектеп-лицейінің мұғалімі, педогог-зерттеуші

Атырау қ., Қазақстан

Қабдолов Зейнолла (1927-2006) — жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Қазақ сөз зергерлерінің бірі – әрі ойшыл, әрі шешен академик Зейнолла Қабдолов біздің өлкеміздің ұлы мақатанышы.

Ширек ғасыр бойы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің әдебиет кафедрасын басқарып, бірнеше жыл «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін негізгі қызметімен қоса атқарған.

З.Қабдоловтың осындай қоғамдық жауапты қызметтер атқара жүріп, қазақ әдебиетін өркен-детуге, жас таланттарды тәрбиелеуге қосқан үлесі ұшан-теңіз. Жазушының қаламынан туған “Ұшқын”, “Жалын”, “Менің Әуезовім” романдары әдебиетіміздің алтын қорынан орын алған туындылар болды. «Жалын» романы 1970-1971 жылдары қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген. Бұл роман жұмысшылар табы туралы ең үздік туындылар жөнінде КСРО Жазушылар одағы жариялаған бүкілодақтық байқауда арнаулы сыйлық алған. Республика сахналарында кеңінен қойылған “Сөнбейтін от” драмасы, “Адам”, “Сыр” атты очерктер жинақтары кезінде әдеби сыннан да, қалың жұртшылықтан да жоғары бағасын алды.

Тұңғыш көлемді шығармасы «Өмір ұшқыны» 1956 жылы қазақ, 1958 жылы «Искра жизни» повесі орыс тілінде жарық көрген.

Мұнайшылар өмірінен жазылған 1964-2002 жылдары әдебиеттану ғылымы мен теориясын зерттеу, орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазу ісінде де жемісті еңбек еткен. Оның «Арна» зерттеу-сын-эссесі, «Жанр сыры», «Сөз өнері» монографиялары, «Жебе» әдеби толғаныстар мен талдаулары, «Көзқарас» талдаулар мен толғаныстары, «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбектері студенттер мен мұғалімдердің және жазушы-журналистердің қажет кітаптарына айналды. Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаздың “Әдебиет теориясының негіздері” атты монографиялық зерттеуі отыз жылдан астам уақыттан бері сөз өнерінің сыры туралы қолдан түспес оқулыққа айналды.

Ұзақ жылдар бойы З.Қабдолов өзі дәріс алып, аялы алақанның, ыстық лебізінің шапағатын көрген ұстазы — ұлы Мұхтар Әуезовтың ғылым ордасындағы киелі орнын жоғалтпай, Әуезов кафедрасының ісін жалғастырып, отын өшірмей келген.

ЮНЕСКО көлемінде әлемдік деңгейде аталып өткен М.Әуезовтың 100-жылдық мерейтойына арнайы жазылған «Менің Әуезовым» атты роман-эссесінде ұлы қаламгердің ұстаздық феноменін таныту арқылы оның әдеби бейнесін жасау тәжірибесін жаңа сапаға көтерген. Эссе әдебиетіміздің алтын қорына құнды қазына болып құйылды.

Аударма жұмыстарымен де айналысып, бұл салада да аса жемісті еңбек етіп, А.Пушкиннің «Балықшы мен балық» ертегісін, Н.Гогольдің мақалалары мен хаттарын, В.Добровольскийдің «Сұр шинельді үш жігіт», В.Закруткиннің «Судағы станица» романдарын, А.Островскийдің «Ұшынған ақша», М.Горкийдің «Күн перзенттері», Н.Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» пьесаларын қазақ тіліне аударған.

З.Қабдоловтың Отан алдындағы елеулі еңбегі жоғары бағаланып, «Халықтар дос-тығы», «Құрмет», «Па-расат» ордендерімен, көптеген медалдармен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлығының лауреаты атағын иеленген.

«Менің Әуезовім» роман-эссесі үшін жазушыға 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

«Менің Әуезовім» Зейнолла Қабдоловтың ұзақ толғанысынан туған. Жазушы өз шығармасын осы толғанысының сырын айтудан бастайды. Роман-эссе авторы М.Әуезовтен бес жыл оқыған, М.Әуезовпен он жыл бірге қызмет еткен. Романның бас кейіпкері — ұстаз, авторы — ұстазын іздеп тапқан шәкірт. Романның тақырыбы — М.Әуезовтің өмірі мен қызметі, идеясы — Мұхтар Әуезовтің өмірі мен қызметінің өнегесі.

М.Әуезовтің өмірі туралы жазылған бірқатар шығармалар бар. Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезов туралы өзінше, тек қана өзінше жазды: жаңа сыр ашты, соны түр тапты. Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі -ішкі мазмұны сырлы, сыртқы түрі нұрлы шығарма.

Роман-эссеге арқау болған шындық құбылыстар автордың атынан баяндалады. М.Әуезовтің өмірлік мақсатмүддесі анық, айқын: а) ел мүддесін қорғау; ә) ұлттың рухани құндылықтарын сақтау, байыту, уағыздау; б) ұлттық әдебиет мамандарын даярлау. М.Әуезовтің өмірі көпқырлы: а) қилы кезеңдерді бастан өткерді; ә) қуғын көрді; б) азап шекті; в) мұратына жетті... М.Әуезовтің қызметі көпсалалы: а) жазушы; ә) ұстаз; б) ғалым; в) қоғам қайраткері. М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің қырлары, салалары автордың көргендері мен сезгендері, көңілге түйген ойлары мен сырлары негізінде суреттеледі.

Шығарманың жанрлық табиғатына тән екінші бір ерекшелік өмір шындықтарын көркемдік жинақтаудағы ғылым мен өнердің сабақтастығы шегінде белгілі болады. Роман-эсседің өмірдің шындық құбылыстары а) образдар арқылы бейнеленеді; ә) тұжырым жасау, ой қорыту, пікір тую арқылы пайымдалады. Бұлардың алғашқысы өнерге, көркем әдебиетке тән даралық; кейінгісі ғылымға тән ерекшелік. Осы тұрғыдан келгенде, Зейнолла Қабдоловтың роман-эссесі — өнер мен ғылымның тоғысында жазылған шығарма.

Қаламгер М.Әуезовтің ұстаздық қызметін, ұстаздық келбетін нақты шындық оқиғалар арқылы көрсетіп алған соң, ұстаз, ұстаздық туралы монолог түрінде берілетін ойлары мен толғаныстарынан сыр ашады. Сөйтіп, эпикалық баяндау лирикалық толғауға ұласады. Роман-эссе авторы: «Ұстаз! Ұстаздық — ұлы нәрсе! Ұстаздық ету — өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау.

Жарық дүниеде бұдан асқан қиын, бұдан асқан қиямет-қайым қызмет жоқ, — деп толғанады. — Мен жоғары мектепке түсісімен ұстаз іздедім. Шарқ ұрдым. Өйткені менің үлгі көргім келді, өнеге алғым келді. Жоғары оқу орнын ғана емес, ұстаздық мектебін, яғни даналық оқуын бітіргім келді. Ол үшін, әрине, Ұстаз керек, шын мәніндегі ұлағатты ұстаз іздеп табу керек... Мен ұстаз іздедім... және таптым мен соны: арманыма жеттім солай!» деп толғайды.

Роман-эссенің өн бойында Мұхтар Әуезовтің өмірі мен қызметінің аясында айрықша дараланатын және өзара сабақтас екі ұғымның орны ерекше: а) ұстаз туралы ұғым; ә) ұстаздық туралы ұғым. Роман-эсседің ұстаз бен шәкірт арақатынасында орныққан ерекше екі қасиет жарқырап көзге түседі: а) ұстаздың шәкіртке деген шексіз ілтипаты; ә) шәкірттің ұстазға деген шексіз құрметі. Осы екі қасиет роман-эссенің бүтін көркемдік болмысына негіз болған.

Жазушы М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің шындықтары арқылы елдің өсер өркеніне іргелі ой ұсынады және қатерден сақтандырады. Іргелі ойы — халықтың ұлттық асыл құндылықтарын, қоғамдық сананың тазалығын сақтау, қорғау, келер ұрпаққа кінәратсыз тапсыру туралы ой. Сақтандыратын қатері — халықтың ақыл-ойын, сана-сезімін жұтқа ұшыратудың, ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге салудың қатері.

Роман-эссенің мазмұнын пайымдау барысында авторлық идея мен объективтік идея арақатынасын аңғару қажет. Авторлық идея — автордың М.Әуезов жөнінде роман-эссе жазу туралы бастағы шығармашылық ой өзегі. Автордың шығармашылық ой өзегі жазылатын роман-эссенің тақырыбы мен идеясы арқылы көрініс табады. Объективтік идея — жарыққа шыққан роман-эссенің өзінен туатын маңсатты нәтиже. Роман-эседен туатын маңсатты нәтижені әр оқушы өзінің ұғым-түсінігі, таным деңгейіне сай өзінше бағалайды. Дегенмен мына жайға назар аудару дұрыс: объективтік идея жазушының өз шығармасы арқылы елдің өсер өркеніне ұсынған іргелі ойының арнасында танылады.

Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі — елдің өсер өркеніне халықтың ұлттық асыл құндылықтарын, қоғамдық сананың тазалығын сақтау, қорғау, келер ұрпаққа кінәратсыз тапсыруды ұсынған интеллектуалдың роман үлгісі.

Роман-эссе кейіпкерлерінің бірі-ұстаз, екіншісі-шәкірт. Ұстаз - Мұхтар Әуезов, шәкірт - Зейнолла Қабдолов. Мұхтар Әуезов туралы роман-эссе авторының берік қалыптасқан мынадай ұғым-түсінігі бар еді. Біріншіден, М.Әуезов-қазақ халқының біртуар, дарабоз, сегіз қырлы, бір чырлы азаматы. Екіншіден, М. Әуезов - саңлақ суреткер, көркемсөздің қас шебері, заңғар жазушы. Үшіншіден, М.Әуезов - ғұлама ғалым, ақыл-ойдың кені. Төртіншіден, М.Әуезов - кемеңгер ұстаз, дана, ұлы тәрбиеші.

Зейнолла Қабдоловтың "Менің Әуезовім" роман-эссесі елдің өсер өркеніне халықтың ұлттық асыл құндылықтарын, қоғамдық сананың тазалығын сақтау, қорғау, келер ұрпаққа кінәратсыз тапсыруды ұсынған интеллектуалды роман үлгісі.

Қорыта келе, роман-эсседе ұстаз бен шәкірт арақатынасында орныққан ерекше екі қасиет жарқырап көзге түсуді. Бірі-ұстаздың шәкіртке деген шексіз ілтипаты, екіншісі - шәкірттің ұстазға деген шексіз құрметі. Осы екі қасиет роман-эссенің бүтін көркемдік болмысына негіз болған.

З.Қабдолов «Әдебиет теориясының негіздері» зерттеуінің «Бастау» атты алғысөзінде: «Қазақтың әдебиет тану ғылымы туу, қалыптасу дәуірінен өткелі қашан! Бұл ғылымды бүгін де жас деуге де болмайды, бұл ғылым қазір жан-жақты даму, үздіксіз өсу, өркендеу кездерін бастан кешіріп отыр. Әлгі күнге кенжелеп келе жатқан сала – әдебиет теориясы», - деген екен. Зерттеуші әдебиет теориясына қатысты еңбектер жазып жүрген қазақ ғалымдары Қ.Жұмалиевтің, М.Қаратаевтың, З.Ахметовтің зерттеулерін де атап өтеді. Әсіресе, әдебиет теориясынан Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» мен Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» зерттеулерінің оқырманға берері мол екені айтылады. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабы туралы кеңестік тұста З.Қабдолов ашық айта алмады. Ондай еңбектің болғанын біле тұрса да, кеңестік саясат ауыз аштырмады.

Кейін Ахмет Байтұрсынұлы ақталып, шығармаларымен танысуға мүмкіндік туғанда, ол шығарманы ауызға алуға болған кезде алғашқылардың бірі болып З.Қабдолов пікір білдірді. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған Қазақстан Жазушылар Одағында 1990 жылы шілде айында өткен конференцияда тұңғыш рет ресми түрде «Әдебиет танытқышты» арнайы ғылыми-теориялық тұрғыда талдап, оның тарихи орнын анықтап, З.Қабдолов баяндама жасады. Ұлт зиялылары туралы еркін ой толғауға болған тұста З.Қабдолов: «Демек, күні кешеге дейін кешең қалып келген әдебиет теориясы да бізде, туған әдебиетіміздің тарихы мен сыны секілді бүтінделеді. Әлгі бір Аристотель қалыптастырған ұғыммен тұжырау болсақ, бұл ғылым да бүтін: мұның да «басы, ортасы, аяғы» бар. Басы – жиырмамыншы жылдарда туған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы»; ортасы – қыркыншы жылдарға таяу басылып шыққан Қажым Жұмалиевтың «Әдебиет теориясы» мен Есмағамбет Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері»; аяғы – алпысыншы

жылдардың ақырына таман жазылып бітіп, жарық көрген Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері», - дейді.

Осы еңбегінде З.Қабдолов: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік. Себебі, деп жалғастырады ғалым «С.Сейфуллиннің сөзімен айтқанда, «қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жақтаған» Ахаңның араға алпыс жыл салып қайтып оралуы ақын-ойшыл-оқымысты ретіндегі өзге қырларын өз алдына қойғанда, біздің әдебиет туралы ғылымымызды, оның теориясын осылай бүтіндеді. Туған топырағымыздағы әдебиет теориясының басы болып табылатын «Әдебиет танытқыштың» айта қалғандай қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы дәл осы арада жатыр», - деген пікір білдірді. З.Қабдолов А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиет теориясына алғашқы түрен болды, әдеби шығарманы талдаудың түрлерін түрлендіре енгізгенін айтады. Қазақ әдебиет теориясына қатысты зерттеулердің басының басы екенін жазады.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» әр сөзге, тіпті әрпіне дейін мән беріп, терминге ұсынған сөзінің байыбын, этимологиясын, қазақи ұғымға түсінігін үнемі назарда ұстап, жатық тілмен баяндағанын З.Қабдолов зерделейді. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» өнер түрлерін саралап, жіктеуі мен кейінгі зерттеушілер жіктеуіне аз кем тоқталайық. Бұл жерде айырмасы бар жіктеулерді ғана айтамыз. А.Байтұрсынұлы: «Екінші – балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сүгірет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура) десе, Қ.Жұмалиев ол өнерді скульптура (мүсін өнері) дейді, З.Қабдолов Қ.Жұмалиев жіктеуіне қосылып, мүсін өнері (скульптура)дейді. А.Байтұрсынұлы «Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, сүгіреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады (орысша живопись)» дейді, Қ.Жұмалиев живопись (сурет өнері), З.Қабдолов бейнелеу өнері (живопись) дейді. А.Байтұрсынұлы төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрауын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері (европаша музыка) десе, Қ.Жұмалиев музыка өнері, З.Қабдолов саз өнері деп жіктейді.

Әлемдік әдебиет теориясына қатысты зерттеулерде арнаудың бірақ түрі болады деп анықтама берілгенін З.Қабдолов еске алады да:«Арнаудың» бір-ақ түрі айқындалған. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауға мәжбүр болдық»,– дейді.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» арнау туралы мынандай анықтама беріп, түрлеріне мысалдар келтіреді: «Әсерлеу деп сөздің әсерін күшейтіп сөйлеуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қалыпты, тыныш күйінде тұрғандағы адамның аузынан шыққан сөз бен көңіл көтеріңкі иә бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды». Бұл ұстанымды Қ.Жұмалиев те, З.Қабдолов та қайталаған. А.Байтұрсынұлы әсерлеудің көбінесе айтылатын түрлері мынау: арнау; қайталақтау; шендестіру; дамыту; түйдектеу; бүкпелеу; кекесіндеу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов Зейнолла Қабдолұлы: Библиографиялық көрсеткіш /Құраст. Ә.Қ. Нарымбетов. – Алматы: Қазақ университеті. 2002 ж.,–136 б.
2. Қабдолов Зейнолла Қабдолұлы: Библиографиялық көрсеткіш /Құраст. Ә.Қ. Нарымбетов. – Алматы: Қазақ университеті. 2007 ж.,–72б.
3. Дәуренбекова Л.Н. 1960-1980 жылдардағы түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі. Автореферат. Астана. 2008 ж., –24 б.
4. Дәуренбекова Л.Н. 1960-1980 жылдардағы түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі. Автореферат. Астана. 2007 ж., –12-13 б.

ӘОЖ 81-2 (5 Каз)

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ – СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРІ

Айғаным Нугмарова

*О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің
жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Атырау қ., Қазақстан*

Зейнолла Қабдолов - сан қырлы талант иесі. Сөйлеп кетсе ағылған шешен, бастап кетсе кемеңгер көсем. Өйткені ол ұлы ұстаз - Мұхтар Әуезовтің алдын көріп шәкірт болған, артына еріп тәлім алған, қатар жүріп сыр тартқан. Ұстаз-шәкірт қарым-қатынасынан өрілген сыйлас, сырлас көңіл-күй ауаны «Менің Әуезовім» роман-эссесі болып құйылған. «Зер қадірін зергер біледі», асылды асыл таниды деген осы. Көрнекті ғалым әдебиеттің түрлі жанрында қалам тартып, жемісті нәтижелерге қол жеткізген. Ақындық, жазушылық, ұстаздық қырларын былай қойғанда, ол - ғажап стилист, сөз зергері. Әдебиет - ардың ісі, сөз өнері деп біліп қана қоймай, соны адамзат ақыл-ойының бұрынғы-соңғы замандағы ғұламаларының ой-тұжырымдары, көркем сөз өнері шеберлерінің кестелі сөз орамдары мен өрнекті пайымдары арқылы негіздеп, тиянақтап, оқушыға қолмен қойғандай етіп түсіндіреді. Зейнолла Қабдолов көркем әдебиеттегі алғашқы қадамын өлең, әңгіме жазудан бастады. Қазақ прозасындағы студент-жастар тақырыбын тұңғыш қозғаған, шындықты суреттеудегі шұрайлы тілі мен шынайы стилін, мінез жасаудағы нәзік сыршылдығы мен хас шеберлігін қалың оқырманға арнаған еңбектерінен көреміз.

Қазақстанның халық жазушысы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зейнолла Қабдолұлы Қабдолов – көркем сөздің ел таныған майталман шебері, әдебиеттің ірі қайраткері. З.Қабдолов көркем әдебиеттің дамуына қосқан үлкен үлесі үшін, көркем шығарма жазудағы табысы үшін еңбегіне сай халық жазушысы атанды. Ол - әдебиеттану ғылымына, оның ең бір күрделі саласы – әдебиет теориясына зор үлес қосқан ғалым. Әдебиеттану саласында ұзақ жылдар бойы өнімді еңбек етіп, алдымен ғылым кандидаты, онан кейін ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін арнайы диссертациялық еңбек жазып қорғады. Әдебиет теориясы саласындағы жазған, жарияланған еңбектері жоғары бағаланып, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, онан соң толық мүшесі – академигі болып сайланды. З.Қабдолов – қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілі, үлкен ғалым. Жоғары мектептегі әдебиет теориясын оқытудың, әдебиеттану ғылымының негіздерін оқытудың басты әдіснамалық бағыттары З.Қабдоловтың әдебиет теориясы мектебінен өріс алған. 1970 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясының негіздері» атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы студенттерді әдебиет туралы білімнің негізімен сусындатып келеді. Бұл кітап қазақ әдебиеттану ғылымында, әсіресе әдебиет теориясы саласында үлкен жетістік деп бағаланған, ғылыми жаңалағы мол қомақты, іргелі зерттеу болды. Оның айрықша құндылығы көркем әдебиеттің табиғатын, оның өмірмен жалғастығын, қазақ сөз өнерінің ұлттық сипат-ерекшелігін ғылыми тұрғыдан терең ашып беруінде, теориялық қағидаларды, көркем шығармаларды үлкен талғампаздықпен танып, нақтылы талдау жасай білу шеберлігінде болатын. Бұл еңбек 1976 жылы «Сөз өнері» деген атаумен өңделіп, толықтырылып екінші рет басылды. Бірнеше рет қайта басылып шыққан «Сөз өнері» атты оқулық студенттердің жастана оқитын аса бағалы, құнды кітабына айналды. «Сөз өнері» әдебиет әлемінің бар сырын ашып, сөз өнерінің басқа өнер салаларынан артықшылықтарын дәйекті пікірлерімен дәлелдейді, әдеби туындыдағы эстетикалық пайымға да диалектиканың жан-жақтылығымен қарайды. Ондағы жүйелі теория, нақты айқындаулар, дәлелді, негізгі толғам, тұжырымға жол ашады. Көркем

әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін жан-жақты зерттеп-зерделейтін «Сөз өнері» монографиясы (1976 жыл), ұлы тұлғаның ғажайып тағдырын толғап, дана дидарын тұлғаландырған, мазмұны мен пішіні, жанры мен стилі жаңа машықтағы «Менің Әуезовім» роман-эссесі (1997 жыл) т.б туындылары жарық көрді. Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» - ескірмейтін, қайта жыл өткен сайын жаңа қырынан ашылып, түрлене түлей беретін туынды. Зейнолла Қабдолов шығармашылық жолын өлеңнен бастап, кейін проза, көркем аударма, ғылыми-зерттеу салаларында еңбек етті. З.Қабдолов әдебиетке, жалпы өнерге тән әсемдік пен әдемілік хақындағы қағидалардың ерте дәуірден бүгінге дейінгі даму заңдылықтары негізінде қазақ сөз өнерінің жаңа теориясын жасады. Әдебиеттану - табиғаты тамаша ғылым. Оның ерекшелігі негізіндегі жарығы пен жылуында. Әдебиеттануға әркімнің де таласы бар. Оған біреу талантымен келеді, біреу талабымен келеді, енді біреу әуестікпен келеді. Содан олардың әрқайсысы өз көзіне лайықты жарық, өз көңіліне лайықты жылу тауып алған болып жүреді. Бірақ олардың табиғаты өзгермейді: талант талантын ашады, талапты талабын ұштайды, әуесқой әуесқой қалпын сақтайды. Әдебиет пен әдебиеттануға бұлардың бәрі қызмет етеді.

Академик-жазушының жылуын ұстап, жарығын сақтап қалған әлемді академик Зейнолла Қабдолов әлемі десе болғандай. Өйткені біз айтып отырған жарық пен жылу табиғаттың құбылысы емес, физика ғылымындағы бағыт пен бағдар да емес. Біз айтып отырған жарық - жүректің жарығы, біз айтып отырған жылу - жанның жылуы. Бұдан да гөрі нақтылай түссек, біздің айтып отырғанымыз - академик З.Қабдоловтың жанының жылуы, халық жазушысы З.Қабдоловтың жүрегінің жарығы. Зейнолла Қабдолов әлемінен есіп тұрған жылу мен таралып тұрған жарықтың сыны мен сырын осы тұрғыдан тануға талпынған дұрыс. З.Қабдоловтың әлемі жылы, жарық қана емес, З.Қабдоловтың әлемі – әсем, әдемі әлем. Әсемдік ұғымының аясы кең. Әсемдіктің көзі табиғатта. Көре білген көз тастың өзінен керемет келісім табады. Қалауын тапса, қар да жанады. Жібекті есе алмаған жүн етеді. Көре білмеген жанға қаптап шыққан гүл де бір, оттан шыққан күл де бір. Бірақ тастан келісім табу оңай емес. Қардың қалауын табу одан да қиын болу керек. Өнердегі, сөз өнеріндегі әсемдіктің жайы басқа. Сөз тас емес, қар да емес. Оны қолға ұстауға да, қатарлап қалап қоюға да болмайды. Сөзден ауыр нәрсе жоқ: артса, нар көтере алмайды. Сөзден өткір нәрсе жоқ: теспей, жармай, сүйектен өтеді. Сөзден күшті нәрсе жоқ: тас жарады, тас жармаса, бас жарады. Отқа жанбайды. Суға батпайды. Шапса, қылыш өтпейді. Атса, оқ өтпейді. Сөзбен қалауын тауып, қар жағуға болады. Сөзбен адам бейнесін жасап, оған жан салуға болады, «адам туралы, адамның әсемдігі мен асылдығы жөнінде, адам рухының керемет күші мен қасиеті жайлы» телегейдей терең сыр толғауға болады. Сөздің мүмкіншілігінің шеті мен шегі жоқ. Сөздің, сөз иесінің, сөз өнерінің күдіреті осында. Ол тілі мен жағы бар пенденің бәріне бітпейді. Мұндай күдірет қасиетке ғана дариды. Зейнолла Қабдоловқа біткен қасиет ілгері білім мен іргелі ілімнің бірлігінен, сыршыл суреткерлік пен сыншыл ойшылдықтың тұтастығынан өсіп-өнген бірегей қасиет еді. Зейнолла Қабдоловқа біткен күдірет оның ойы мен бойындағы білім мен ілімге бақ дарытты, жаны мен жүрегіндегі суреткерлік пен ойшылдыққа құт дарытты, сөйтіп заманның ақылы мен ойын қозғады, ары мен ұятын қорғады. З.Қабдоловтың әсемдік әлемі сұлу, әдемі, келісті. З.Қабдолов әлемінің эстетикалық категориялары - еліміздің мәдени-әлеуметтік құндылықтарының асыл қорына қосылған мазмұнды да мәнді интеллектуалдық байлық. Олар өмір шындығынан өнер туындысын жасаудың амалдары мен тәсілдерінің, өмір заңдылықтарын көркем суреттеудің шығармашылық қағидаларының өзара сабақтастығы деңгейінде көрініс тапқан күрделі тұтастық болып табылады. Қабдолов әлемінде сөз өнерінің теориясы дегеніміздің өзі категориялар жүйесі, категориялар жүйесінің тұтастығы ретінде көрініс береді. Сөз өнерінің туындысы - сөз өнері туралы ғылымның, сөз өнері туралы эстетикалық ойлар жүйесінің басты өзегі. Ол, әуелі, суреткердің шығармашылық еңбегінің жемісі, екіншіден, эстетикалық қабылдау нысаны, үшіншіден, эстетикалық парықтау мен пайымдау пәні болып табылады.

Сөз өнерінің болмысы мен бітімін осы жүйеде бағдарлаған абзал. З.Қабдолов сөз өнерінің болмысы мен бітімін осы жүйеде бағдарлап қана қоймай, осы жүйеде сөз өнерінің теориясын жасады. Теория дегенде, кісінің ойында белгілі құбылыстар жайында жинақталған қисындар мен қағидалар жүйесі тұрады. Қисын да, қағида да суреттен, сезімнен ада, дәлелдер мен дәйектерге ғана негізделеді. З.Қабдоловтың сөз өнері туралы қисындары мен қағидаларында, тұтас теориясында эстетикалық мән мен эстетикалық әр дарияның екі жағасы секілді бір-бірінен жұп жазбайды. З.Қабдоловтың сөз өнері туралы қисындары мен қағидаларында, тұтас теориясында эстетикалық мән мен эстетикалық әр дарияның екі жағасы секілді бір-бірінен жұп жазбайды. Жоғары оқу орнында Қ.Ө Жүсіптен білім алдым. Зейнолла Қабдоловтың шәкірті – Қадыр Өтегенұлы Жүсіп ұстазымыздың дәрісін тыңдау, кез келген студентке, әсіресе, әдебиетшілерге баға жетпес бақыт. Алайда ғұлама ғалымның лекциясын тыңдау бақыты бізге бір жыл ғана уақыт бұйырыпты. Қорыта келе; бүгінгі таңда сөз қадірін, оның құрметтілігін кішіге құрметінің, кішінің үлкеннің алдындағы ізеттілігінің төмендеуі тұтас бір қоғамға кері әсер етері анық. Сондықтан да Зейнолла Қабдолов атамыздың айтқан қағидаларына жай, атүсті қарауға болмайды. Бұл орайда елінің ертеңіне аландап, құлқыны мен қара басын емес, «Қараша қазағым – болашағым», – деп қолына қалам алған қауымның «Әдебиет – ардың ісі» деген З.Қабдоловтың ғибратты сөздерін үнемі еске алып отырғаны абзал демекшін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ әдебиеті» газеті №30,31 27.07.
«Ана тілі газеті» № 34 23.08.2007ж
2. «Егемен Қазақстан» № 25.08.2007ж Ж.Дәдебаев «Ұстаз»
3. «Қазақ әдебиеті» газеті №30,31 27.07.2007ж
4. А.Еспенбетов «Әдебиет – ардың ісі»
5. «Ана тілі» газеті №37 13.09.2007ж
6. З.Қабдолов Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Сөз өнері. А: Санат, 2003 ж

ӘОЖ 82-1/-9

ӘУЕЗОВТІҢ СҮЙІКТІ ШӘКІРТІ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ТУРАЛЫ ОЙ

Сара Амирханова

филология магистрі,

«Еңбекші жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер

Киелі білім шаңырағы мектепке енген бар шәкірт хат танығаннан кейін "әдебиеттану" ғылымының алғашқы дәрістерін тыңдаған кезден-ақ осы саланың сырлы сөз зергері, халқымыздың мақтанышына айналған Зейнолла Қабдоловпен қалай табысып кететінін байқамай да қалары сөзсіз. Көркем әдебиеттің не бір тамаша таланттарын зерделеудің әліппесін үйрететін – Зейнолла Қабдолов. Қазақ көркем ойының әдебиеттану ғылымының эстетикалық табиғаты, көркем шығарманың болмыс-бітімі, тақырыптық, дүние танымдық мәні, тектік сипаты, суреткерге қойылар талап туралы айтқанда мұғалім міндетті түрде өзінің басты құралы ретінде З.Қабдоловтың "Сөз өнері" монографиясын жанына жақын тұтады.

Тұла бойы шежіре, заңғар жазушы, небір қанатты сөздердің телегей теңізі, қара сөздің қаймағын қалқып сөйлер, сұңғыла шешендердің ізін басқан Зейнолла Қабдолов бейнесі - ешқашан ұмытылмақ емес. Сондықтан да көз жасындай мөлдір, жүрек лүпіліндей ыстық, ұлттың көркем айнасына айналған қасиетті өнердің дамуына ерен еңбегін сіңірген заңғар жазушы, ғалым, бірегей тұлға З.Қабдоловтың өлшеусіз еңбегін бағалау, келешек ұрпақтың рухани игілігіне айналдыру – ұстаздар қауымына, үлкен міндет.

Әдебиет әлемінде З.Қабдоловтың негізгі үш қасиеті бірікті: ұстаздық, қаламгерлік, ғалымдық. Шәкірт санасына талмай, қажымай үйреткен ілімі де, берген қымбат білімі де – әдебиет, сөз өнері.

Ғалым ретінде теориялық тұғырнамасын жазып, тереңдеп талдап, деректеп саралағаны да, суреткер санатын көрсетіп, шеберлік шыңын бағындырып, қаламгерлік қасиетін танытқаны да - әдебиет.

Әдебиеттің сөз зергері саналған З.Қабдоловтың ғалымдық тұлғасы үнемі тынымсыз еңбегі мен табиғи талғампаздығы, білуге баладай құштар, даналыққа даладай дарқан әрі қарапайым қазақы мінезі де жайсандығын, бөлекше бітімін айғақтайды. Зейнолла Қабдоловтың бүгінде аңызға айналған ұстаздық қасиеті де ұлы суреткер М.Әуезовтен дарыған. Жүректе жатталатын, көңілде хатталып, есте сақталатын ұстаздық ұлағаты туралы да шәкірттері мақтанышпен айтады. Ендеше, ұстаздың өзіндік ұлылығы неде?

Біздіңше, бұның сыры шәкірт жүрегін жаулап, жанын баурап алуында. Асылы, ұстаздық-кәсіп емес, жұлдызды жаратылыс болса керек. Бүгінде қазақ ғылымының қара шаңырағы саналатын Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің профессоры З.Қабдоловтың тәлімін көріп, дәрісін тыңдап қанаттанған, ақын-жазушылар, ғибратын ұлтына жұмсаған ғалымдар мен журналистер қаншама десеңізші?! Солардың ішінде Атыраулық ақын, ұлағатты ұстаз – профессор Қадір Жүсіп ағайдың Зейнолла ұстазы жайлы талай естеліктерін де тыңдаған едік.

Алышты арқалау үшін асқаралы арқа, даналықты дәріптеу үшін дархан дарын керектігі ақиқат. Шәкірт ойының шырағын жаққан ұстаз ғибратының шексіз қамқорлығы туралы қалам тербеу зор адамгершілік, азаматтық жауапкершілікті жүктейді. М.Әуезовтей ұлы тұлғаның дәрісін тыңдап, шәкірті болу биік бақыт болса, ұстаз жайында мәңгілік естелік жазу асқан абырой. Әрине, жас буыннан «жыл келгендей жаңалық сезініп» ұлан-асыр үміт күткен М.Әуезов үшін З.Қабдоловтай шәкірттің жөні бөлек. Бұл шәкіртінен күтер үміт те зор, артар сенімі де бөлек болды.

Сөз өнерінің иесі, шәкірт Қабдолов өз парызын толықтай атқарды. Ұстаз ұлағатын ұлықтай білді. З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты роман-эссесі-шәкірт жүрегінің ерекше тартуы болғандықтан, оны ұстаздың жарқын бейнесі турасындағы жан толғанысы, әрі асыл аға алдындағы інілік парызының орындалуы деп білеміз. Заңғар жазушының өмірі мен шығармашылығын қамтып жазған көркем де деректі туындылар аз емес. Десек те, ұлы Әуезов тұлғасын әспеттеген көркем еңбектердің көз тартар кесегі де, шоғыры биік шоқтығы да, жүрекке жылысы да З.Қабдоловтың роман-эссесі деп ұғамыз. Ұлы Мұханның жаз дидарын көріп, тағылымын алып, қатар жүріп, ұлт болашағы үшін тізе қосып қызмет жасаған автордың ортанқол шығарма жазуға моральдық құқығы жоқ. Қабдолов романының кіріспе тарауы «Романға барар жол» деп аталады. Роман-эссе-сыр тарқатар дүние. Сол сыр кіріспеден бастау алады. Шығарма Шыңғыс Айтматовтың әлеуметтік тапсырысы бойынша дүниеге келгендей. Шыңғыс ата, Зейнолла да заңғар жазушының шәкірттері, болашақ шығарма қаһарманын өте жақсы біледі. Ұлы адам Зейнолла Қабдоловтың студент кезіндегі ұстазы, кейін көп жылдар бойы университет қабырғасындағы, әдебиет майданындағы қызметтері, шығармашылық еңбектері жайындағы ағалы-інілі әріптестер.

Данышпан ұстаздың дәрістері бай мазмұн мен терең ғылымилыққа құрылып, тыңдаушысын төкпе күйдей төгілген шешен тілімен ұйыта баурап, сұлу сезімге, шабытты шаққа жетелейді «Әуезовтің әрбір лекциясы – бір-бір оқулық, бар лекциясы – ұланғайыр ұлы мектеп». Әуезовтен екі сағат лекция тыңдаған адам – бұдан екі сағат бұрынғы психологиялық хал-күйінен кәдімгідей өзгеріп, жаңарып, жаңғырып шығады. Өйткені, Әуезов дәрістері бар шәкірт үшін таңғажайып, тылсым дүние. Роман –эсседегі осы таңданысты оқыған кезде көз алдыма ұлы суреткердің ғажайып бейнесі елестеді. Ұлы адамнан ұлылық дәрістерін тыңдаған Зейнолла Қабдолов та есімін «өзіндей» шәкірттер ұлықтаған Ұлы ұстазға айналды. Мен Зейнолла ұстазды студент кезімде көрдім, алдынан дәріс те тыңдамасам да азғантай уақыт кездесудің өзінде осы бір таңғажайып үндестікке таң қалып, өз шәкірттеріме қарапайым мұғалім ретінде ізгілікті насихаттаумен келемін. Пән

мұғалімі ретінде заңғар жазушының шығармашылығын оқытуда З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесін үнемі қосымша оқуға ұсынып отырамын.

Ұлыдан ұлылыққа бағыт алған шәкірт жылдар өте ұстазы сияқты академик–жазушы атанды, Қабдолов өмір бойы жас кезіндегі ұстазына деген ұлы сүйіспеншіліктен, кішілік, адалдықтан бір мысқал айнымады. Жас кезіндегі ағат істерін еске түсіріп, қателіктеріне оқушымен бірге күледі. Ұрпаққа сабақ болсын дегені. Шәкірт Абай өлеңін мүдірмей жатқа айтып тұрып, бір сөзден мүлт кетеді. «Мыңмен жалғыз алыстым» деген өлең жолындағы бір сөзді алмастырып жібереді, «Мыңның» орнына қателесіп «көппен» деп айтады. Бір ғана сөз! Ал соның өзі – Абайға қиянат жасаумен пара-пар. Өйткені Абай көппен, яғни халықпен емес, «мыңмен» алысқан. Ұстазы аяқ астынан тас-талқан болады. Шәкірті төбеге ұрғандай сілейеді де қалады. Ұстазын қатты ашуландырып алады. Осы деталь арқылы З.Қабдолов сөз өнеріне деген талаптың деңгейі ешқашан төмендемеуі тиістігін айтқысы келген. Бұл орайда Абай мен Мұхтардың бірде-бір өлеңін, не шығармасының атын білмейтін бүгінгі күннің кейбір ұрпақтарына жаның ашығандай болады.

Мұхтар Әуезов сомдаған Абай-бір халықтың, қазақтың ұлттық бейнесі. Ел руханиятының таусылмас қазынасы, кеніші. Зейнолла Қабдолов суреттеген «бүгінгі Абай»-Әуезов-Мағжанша айтсаң «Абайдай алтын хакімнің» жалғасы, елінің еңіреп туған ері, сынбас характері, халқының сөз өнерін бастаған көсемі.

Роман-эсседе ұлы Әуезовтің өмір өткелдері кеудесін жарып шыққан рухани перзенттерімен бір тұтас жүйеде суреттелген. З.Қабдоловтың әдебиеттану маманы ретінде жүйріктігі шығармада ақындық, жазушылық шеберлігімен жұптасып кеткен. Әр нәрсенің сәті бар. Сәті түсіп қазақ әдебиеті қорына жазушы туралы жаңашыл шығарма қосылды. Тәуелсіздіктің қас қағым өткен алғашқы он жылында оқырман қауым ұлы суреткердің нұрлы да ойлы жүзімен және бір романда дидарласты. Әдебиеттің ең биік мұраты-халықтың қасиетін, сұлулығын, ұлылығын таныту. Алдымен сол халықтың өзіне таныту, содан соң бүкіл әлемге таныту. З.Қабдолов М.Әуезов лекциясын тыңдау арқылы оның адами турғыдан танып қана қоймайды, қиын-қыстау күндерде қасынан табылып, оның ауыр да арпалысқа толы өмір кезеңдеріне куә болады. Өмір шырғаландарында жасымайтын, қайсар мінезі шәкіртін шириқтыра түседі.

Ұлының шәкірті болу тек дәрісін тыңдаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар, ұстаз өнегесін бағыт тұтып, өз ұстанымынан айнымауға шақырады. Шешен тіл мен ұтқыр ойлар романның өн бойына көрік беріп, қанатты сөздер Қабдоловтың қаламгерлік қарымын, шеберлік қырын әңгімелеген. Кестелі, келісті ойлар нәрлі де суретті тілмен өріліп, нақыл сөздей нәшін тапқан. Сөз зергерінің әр сөзді орнын тауып ойната қолданатын шешендік қасиеті терең ой, биік парасатпен астасып жатыр. Бұл қасиеті де ұстазы Әуезовтен сіңген. Бұл роман-эссе автордың көрген-білгендерін ұзын-сонар тізбектеп-созбақтауы емес, қайта өзіндік дара стилімен, нәзік те орамды тілімен кестелеп, суреткерлік талғаммен әбден екшеп алған өмір шындығының желісі. Адамзат ақыл-ойының алыбы, сыр мен сезімнің ағыны ұлы Мұхтардың ұстаздық феноменін таныту арқылы қаламгер қазақ әдебиетіндегі Әуезовтің әдеби бейнесін жасау тәжірибесін жаңа сапаға көтерді. Көзі тірісінде халықты той тойлаудан аулақ болып, ой ойлауға үндеген академик жазушы, ділмәр шешен, дарынды болуға бел буған қазақ қоғамының ақыл-парасатын биік өреге жетелеп, жас ұрпақтың санасы мен сезіміне сәуле шашуда. З.Қабдолов өз ұстазына ұқсап «адамды адам етуге, қазақты қазақ етуге» барша ғұмырын сарп еткен ар ісінің абызы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ана тілі» газеті. № 34 23.08.2007ж М. Тәж-Мұрат «Нар сүтінен шыққан құмаршық»
- 2.«Егемен Қазақстан» № 25.08.2007ж Ж.Дәдебаев «Ұстаз»
3. «Қазақ әдебиеті» газеті №30,31 27.07.2007ж А.Еспенбетов «Әдебиет – ардың ісі»
4. «Ана тілі» газеті №37 13.09.2007ж Б.Шарахымбай «Талант тағылымы»
5. Ш.Елеуқенов «Тәуелсіздік және қазақ әдебиеті» 2007 ж Алматы

6. З.Қабдол «Менің Әуезовім» 1997 ж Алматы

7. <http://balbal.kz/bilip-jur/zeynolla-abdolov-s-z-neri-kitabyinda-esse-zhazu-a-oyyil-antapartar/>

8. <https://sputnik.kz/20220220/auezov-suyikt-zeynolla-qabdolov-22940391.html>

ӘОЖ 808.2

КӨРКЕМ СӨЗ ШЕБЕРІ – ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ

Жанаргүл Атчибаева

*Жалпы білім беретін №40 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-шебер*

Алмагүл Жумағалиева

*Жалпы білім беретін №40 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Атырау қ, Қазақстан*

«Өлеңге әркімнің – ақ бар таласы» деп дана Абай айтқандай, әр адам баласының өмірден көрген-түйгенін көркем ойлы сөзбен өрнектеуге құқылы екені – аян. Қай ғұламаны алып қарасақ та өзінен басқа оқытушысы болмағандай. Мысалы Француз жазушысы Стендальша айтсақ, «адамды тану үшін өзіңді-өзің зерттесең, жетіп жатыр; ал адамдарды білгің келсе, олармен қарым-қатынас орнату керек екенін ұғынасың және әрі қарай өзінің адамдарды тек кітап арқылы ғана білетіндігін айтады.[1]

Міне, біздер де қарапайым мектеп мұғалімдері қазір өзіміз қалам тербегелі отырған ұлағатты жанның алдынан дәріс алып, өнегелі өсиетін тыңдамасақ та өз замандастарының жазған том-том зерттеу еңбектері мен жыр жолдарынан, әсерлі естеліктерінен оқып, осындай рухы мықты, өмірге тек келіп кету үшін ғана туылмаған бірегей жан туралы қалам тербегіміз келді. Ел есінде өнегелі өмір жолдарымен өзіндік қолтаңбасын қалдырған, саналы ғұмырын оқу-ағарту жолына арнаған жазушы, ғалым, ұстаз өз замандастары айтқандай «сөзбен ғана дем алып, сөзден қуат алған, сөзбен мейірін қандырған, жебе сөздерімен оқ жанып»[2] өткен Зейнолла Қабдоловтың есімі қарашаңырақ білім ордасы мектебімізге берілетіні де біздің қолымызға қалам ұстатқаны да жасырын емес.

«Зейнолла Қабдолов керемет көркем сөз шебері – жазушылығына қоса әдебиеттану ғылымы саласында өз мектебін қалыптастырған ғұлама ғалым, қоғам қайраткері. Сан қырлы таланттың осындай қайталана бермейтін өнерімен өзгелерден оқ бойы озықтығын кім болса да мойындары – сөзсіз. Қазақ әдебиеті мен ғылымының көркеюіне әр заманында жанын сала қызмет еткен жандардың еңбегіне әділ бағасын беруге барлық білімі мен күш-қайратын жұмсап, таным таразысына тартқан зерделі зерттеулері, толымды толғаныстары жетерлік. Замандас әріптесі академик Серік Қирабаев айтқандай, оның аудиториясы өз қатарластарынан әлдеқайда ауқымды болатын. Әдебиетіміздің ілгері-кейінгі дәуірінен хабардар әдебиетшілер қауымы мен оқырмандар әулеті Зейнолла Қабдоловты осынау ұлт әдебиетінің іргесін қалағандар мен кейінгі ересен дарын иелерінің қай-қайсысының да шығармашылық әлемін танытудағы барша еңбегіне тәнті болатын. Ал мұның сыры неде десеңіз, ол бір ғана шығармашылық тұлғаның емес, елге ересен қызмет еткен, қазақ деген қауымның халық болып қалыптасуына, ұлт болып ұюына басын қауіп пен қатерге байлап өмір кешкендердің еңбектерін таным таразысына тарта отырып, қалың қауымға ұғындыруға аянбай тер төккен пейілді қызметіне байланысты еді...»[3;] Бұл біздің кейіпкерімізге берілген шынайы баға екенін ұғындық. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын игеру үстінде жүріп, студенттік шағымыздан бастап қазірге дейін жата-жастана оқитын «Сөз өнері» (екінші том) монографиясын жазудағы ізденістері ойымызға тағы бір серпін берді

десек, қателескендік бола қоймас. «1990 жылы шілдеде Қазақстан Жазушылар одағы Ахмет Байтұрсынов шығармашылығына арнап ғылыми конференция өткізді. Сонда «Қазақ халқының рухани көсемі» (М.Әуезов) Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» туралы Зейнолла Қабдолов баяндама жасаған. Сол еңбегіне ғалым 1995 жылы қайырыла соғып, 1996 жылғы «Көзқарас» атты жинағына кіргізді (З.Қабдолов. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996, 67-88 беттер). Мұнда автор Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқышын» біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын өмірге келген Элладалық Аристотельдің «Поэтикасымен» салыстырып, біреуін грек әдебиеттануының, екіншісін қазақ әдебиеттануының өз тұсындағы мінсіз «әліп-билері» ретінде бағалайды. Қазақ топырағына Ахаң әкелген әдебиеттің тегі мен түрі туралы терминдерді біраз бажайлап, ««Әдебиет танытқыштың» ең басты құндылығы – әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы» (З.Қабдолов. Көзқарас, 72-б), қазіргі әдеби жанр мәселесінде қалыптасқан, әбден орныққан ғылыми тұжырымдардың табиғатына бойлай отырып ғалым «Қазіргі қазақ өлеңінің теориясы Ахаңсыз аттап баса алмайды» (З.Қабдолов. Көзқарас, 86-бет) деп ой түйеді. «Мәселен, – дейді ғалым, – Айшықтаудың (фигураның) Арнау деген бір түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді» (З.Қабдолов. Көзқарас. 70-71 беттер). Міне, осы үш түрлі болып жіктелетін арнауларды студенттер Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» («Сөз өнері») оқулығынан оқитын.» [3] Иә, шындығында бұл еңбекті жазуда ғалымның өзінен бұрынғы аға буын өкілдерінің еңбектерін зерделеп, өз еңбегінде ұғынықты түрде болашаққа жеткізуі – өлшеусіз еңбек деген ойдамыз. Ғалымның өзінің де Ахмет Байтұрсынов мұраларын оқи отырып, таңдай қаққанының және оны сол қалпында жеткізе салмай, өз пайымымен беруі де Зейнолла Қабдоловтың сырлы сөздің шебері екенінің дәлелі болмақ.

«...Әйтсе де, ғалым «Ахаңның әдеби қисындары» атанатын тап осы зерттеуінде Ахмет Байтұрсынов сынды ұлттың рухани ұстазының әдебиеттану ғылымы саласындағы ұлы еңбегін жан-жақты талдау барысында ол ашқан жаңалық атаулының бәріне сүйсіне отырып, кей тұстарда таңданып, тамсанудан кілт кідіріп, басқаша толғанады. «Ал енді бар ма, Аристотель мен Ахаңның өз мезгілі мен мекенінде «мінсіз» көрінген осы қисындары мен қағидалары әдебиет туралы ғылымның бүгінгі деңгейінен қарағанда, шынын айтсақ, сын көтермейді, – деп алады да ғалым, – онда қалайша мінсіз?» деп өз сөзіне, өз пікіріне қарсы сұрақ қояды. «Гәп осы арада» деп келіп, соны қазақ әдебиеттануының үш саласында жасалған еңбектерді алға тарта отырып, өз пікірін ғылыми тұжырыммен шегелей отырып дәлелдейді. «Біздің бұл пікіріміз, – дейді ол, – Ахаңды сынау үшін айтылып отырған жоқ. Ахаң өзінің әдеби қисындарын туғызып, тыңға түрен салған тұста қазақ қоғамындағы әдебиет туралы ұғым-түсініктің, жалпы эстетикалық ой-сананың дәрежесі қандай екенін аңғарту үшін айтылып отыр. Демек, Аристотельдің «Поэтикасын» қаншама әлемдік әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің дәуіріміздегі әдеби қисындар Аристотель тұсындағы дәрежеден әлдеқайда ілгері кеткені секілді, Ахаңның әдеби қисындарын қаншама қазақ топырағындағы әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің бүгінгі әдеби-теориялық таным-толғамдарымыз Ахаң тұсындағы деңгейден әлдеқайда биіктеп кеткенін мойындамасқа болмайды. Әйтпесе, біз қазіргі қазақ қоғамындағы көркемдік дамудың байыбына бара алмас едік». (З.Қабдолов. Көзқарас. 82-бет).» Міне, замандастарының осындай тағылымды, әсерлі, мазмұнды естеліктерінен Зейнолла Қабдоловтың сөзден түйін түйген, сырлы сұлу сөздің шебері болғанын, қазіргі қазақ әдебиеттану саласының дамуына, «құлтым, елім, алашым» деп бастарын қатерге тігіп, саналы ғұмырын қазақ халқының әдебиеті мен тілі, мәдениетінің қалыптасу жолына арнаған зиялы қауымның мұраларын, еңбектерін зерттеп, зерделеп, бүгінгі күнге жарқырата әсерлеп, ұғынықты жеткізгенін аңғару қиын емес. Ол ғалым, жазушы, сөз зергерінің шеберлігі, өз ана тілі мен әдебиетін шексіз сүйетін ұлтжанды қоғам қайраткерінің ұлылығы деп білеміз.

«Тау алыстаған сайын, биіктей түседі» демекші, Зейнолла Қабдолов туралы ізденіс үстінде сан қырлы талант иесі екенін білдік. Соның бірі ұстаздығы, сан шәкіртін таңдай қақтырып, өзіне табындырған жарқыраған мейірімге толы шуақты жүзі мен үлкен жүрегі өзі өмір бойы кредосына айналдырып «Менің Әуезовім» деп өткен ұстазы заманының заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов тәлімі десек те болғандай. Мына бір естелік – осы сөзіміздің дәлелі.

«Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет – елдің есеюі. Қазақ университетінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айрықша бір аяулы жайы бар: заманымыздың ұлы жазушысы Әуезов Мұхтардың жарты ғұмыры осында өтті. Қазақ университетінде біз де оқыдық. Бірақ, біздің бүгінгі шәкірттерден бір айырмамыз, аздап мақтаныңқырап айтсам, артықшылығымыз – Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдағанымыз дер едім. Несін айтасыз, ғажап еді ғой!...». Бұл шашын толқындата артқа тараған, отты жанары ұшқын атып, ерекше мейірім сәулесін шашып тұратын, аса ажарлы да бөлек бітімді Зейнолла Қабдоловтың өз сөзі.»[4] деп сыр шертеді естеліктер. Иә, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп текке айтылмаса керек-ті. Ұстаз тәлімі, табиғаты, ұстанымы, ұстаз болмысы шәкірт өміріне мәңгілік азық болады екен-ау деп таңқаласың. «Біз университет есігін 80-ші жылы аштық. Сондағы атынан ат үркетін Ұстаз – академик – жазушы Зейнолла Қабдолов болатын. Бүкіл ғұмырын Қазақ университетіне, қазақтың талапты жастарының жолын ашуға арнаған асыл ағаның алдын көріп, ақыл-кеңесін тыңдағанымыз үшін біз де бақытты ұрпақ екенбіз. Біз – Зейнолла Қабдоловтың шәкіртіміз! – деп біз де өз артықшылығымызды жасқанбай айтатын болдық. «Асылы, Жан-Жак Руссоның байлауы дұрыс. Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау!», – деген қанатты сөзін жиі қайталайтын. Енді бірде: «Шырақтарым, әдебиет дегеніміз – ардың ісі», – деген терең мағыналы ойын сөз өнерін төңіректен келген әрбір шәкірттің құлағына құюшы еді. Әдебиетке деген неткен тазалық, неткен қастерлеу десеңізші!.. Сырбаз сөйлейтін, сымбатты жанның әр сөзі тасқа басқандай сұлу көрінетін. Тілінен бал тамызғандай бипаздап бастап, кейде жарасты әзіл-қалжыңмен аудиторияны дүр сілкіндіре күлдіретіні және бар. Шешеннің шешені еді. [4] Бұл естеліктерден Зейнолла Қабдоловтың талайды тамсандырған тума талант иесі, яғни ұстаз болып туылған жанға берілген шынайы бағаны аңғардық. Өзімізге өмірлік бағдаршам болар үлгіні көрдік, аз да болса, өзіміз бір қадам шегініс жасап ойланып қалдық. Шынында да мен осы қасиеттерді өз бойымнан таба аламын ба, шәкірт алдына бару үшін, тек ұстаз болу аз, ұстаз болып туылу керектігін тағы да бір мәрте ұғынғандаймыз.

Жоғарыда Зейнолла Қабдоловтың өзі Мұхтар Әуезовті ұстазым деп, құрмет тұтқанын айтқан болатынбыз, ал осы Зейнолла Қабдоловты өзінің ұстаздық, ғалымдық жолында ұстаз тұтып, әр кез құрметпен еске алатын ақын, ғалым Қадыр Жүсіптің мына бір сұхбатынан біздің кейіпкеріміздің өте қарапайым, көмек қолын соза білген үлкен жүректі жан болғанын байқаймыз.

«...Жақсыменен өткізген жарты сағат жаманның өтіп кеткен ғұмырындай», – демекші, Зейнекеңнің өзі – бір үлкен мектеп қой. Мұхтардай жазушыдан тәлім көрген Зейнекеңнің олай болмауы да мүмкін емес еді. Зор тұлғаға тән ірілік, кісіліктен өзге, ұшан-теңіз білімі қандай терең десеңізші?! Қарапайым, кішілігінің өзі бір төбе ғой. Мені атыммен атамай, Қадеке дейтін. Өзі еңбекқор жан болған соң, ізбасар шәкірттерінің бойынан да осы қасиетті көргісі келе ме, үнемі қамшылап, жігерлендіріп отыратын. Бірде таңғы сағат 8-де телефон соқты. Амандық-саулықтан соң, ұйқыдан тұрып, жұмысқа енді кіріскелі жатқанымды айтқаным сол еді:

– Қадеке! – деді. Телефон тұтқасының бер жағында естіп тұрғанымды білдіріп, енді сөйлеуге оқталып жатыр едім:

– Ұйқыңнан енді тұрып жатырсың ба? Ұйқың не? Осындай үлкен іс үстінде адам ұйықтай ма екен? – деп өзі қойған сұраққа іле-шала өзі жауап беріп, зекігендей болды. Осы

сөздің маған әсер еткені сондай – өмір жолында оны ұмытпай, есте сақтадым. Түптеп келгенде, осы бір сөз менің тынысымды ашты десем, артық айтпағаным.

Бір ғажабы – Зейнекеңнің сөзінен еш зіл байқалмайтын. Айтуын айтқанымен, артынша ұмытып, «Қадеке» деп, әңгімесін жалғастыра беретін. Зейнекеңмен сөйлескен сайын, арқам кеңіп салатын.

Әлі есімде ол бірде:

– Мен саған шығармашылық жұмыстың құпиясын айтайын. Жұмыс үстінде отырған кезде дүниені ұмыт. Бәрін ұмыт. Бәрін-бәрін. Әйтпесе, көңіл тыныш болмайды. Көңіл тыныш болмаған соң, жан дүниеңе терең бойлап, ішкі дауысыңа құлақ түре алмайсың. Беріден қайтасың. Діттеген дүниелерің шықпай қалады, – дейтін. Зейнекең дұрыс айтқан екен. Оны енді өмірдің өзі дәлелдеп келе жатыр [5].

Қорыта келе, Бауыржан Жақыптың «Бәйтерек» өлеңін оқи отырып, бойына талай таланттың, «ноқталы заманда да ноқтаға басы сыймаған» сөз зергерлерінің, халқының қамын қара басының қамынан артық санаған алыптардың бойындағы асыл қасиеттерді жинақтап сіңірген, соңынан ерген талай шәкіртіне талмас талап пен мұқалмас қалам сыйлаған, жанамын дегенге жалын сыйлаған, елі ардақтаған сөз өнерінің иесі мен киесі атанған Зейнолла Қабдоловтың қайталанбас біртуар тұлға екеніне тәнті болдық. Мектебімізге Зейнолла Қабдоловтың есімі берілгені ұстаздар мен оқушыларға үлкен жігер берері, мақтаныш сезімін ұялататыны сөзсіз. Біртуар тұлға өнегесі, өмір жолы, тағылымды еңбектері «алтынды тот басайтыны» секілді уақыт өткен сайын жарқырай түсеріне күмәніміз жоқ. Сол себептен де, мектебіміз ұстаз Зейнолла Қабдоловтың атауымен аталатынын мәртебе санап, жас ұрпағымызға академик атамyzдың мол мұрасын, шығармаларын ұғындырып, болашақта ғылыми жұмысқа оқушыларды баулып, шығармашылықпен жұмыс жасауға дайындаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Тәжіғалиева «Ұстаздық ұстаным»

2. Темірхан Медетбек «Зейнолла Қабдолов» өлеңі

3. «Ана тілі» газеті, Жұмат Тілепов мақаласы

4. Қазақ әдебиеті газеті, Бауыржан Жақып мақаласы «Сөзден күмбез тұрғызған»

<https://asu.edu.kz/media/news/12985/> «Ол кездерде қазақ тілі үшін күресу қиын еді»

Қадыр Жүсіп сұхбаты

ӘОЖ 82-1/-9

СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕУ МЕН БЕРНЕЛЕУ

Ақмарал Каменова

*Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
akmaral.kamenova71@gmail.com
Атырау қ., Қазақстан*

Аңдатпа: Бұл мақалада әдебиет зерттеуші ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде айтылған бейнелеу және бернелеу ұғымдарының З. Қабдоловтың зерттеу еңбегінде метафора, символ, пернелеу ұғымдарына сай келетіндігі туралы сөз қозғалады. А. Байтұрсынов «Қырық мысалдың» түгелдей бернелеуге жататындығын атап кеткен, соған қысқаша мысалдар келтіріледі. Зерттеушілердің еңбектері негізінде М. Жұмбаевтың «Орал тауы» өлеңі талданады.

Түйін сөздер: бейнелеу, бернелеу, метафора, символ, пернелеу.

Ұлт ұстазы, ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған, алғаш рет әдеби терминдерді қазақ әдебиетіне енгізген. Теориялық ұғымдарды тек атап қана қоймай, нақты дәлел келтірген. А. Байтұрсынұлының атаған атаулары ғалым З. Қабдоловтың зерттеулерінде кеңірек талданған. Басы бар дүние жалғасын тапқан, яғни, негізі қаланған ғылымды одан әрі дамытуға З.Қабдолов сүбелі үлес қосқан.

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – бернелеу болады. Бейнелеу мен бернелеудің екі арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді. Мәселен, мынау түрлі сөздер бейнелеуден ұлғайып, бернелеуге айналып кеткен болады:

Адамдық диканшысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құр халықтың.
Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдардан, құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым, екі аяқты!
Азаттық хайуанға қанша қажет?!
Жаратқан малды Құдай не керекке?
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.
Жорта бер, қамыт киіп, қамшыңды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.
Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма, түрткенге айдап?
Есептен жаңылғандай болғандар көп,
Жасықты асыл ма, деп білмей қайрап». [1]

Берілген өлеңде ақын А. Байтұрсынұлы қазақтың отарлау саясаты тұсындағы қазақтың күйін сипаттайды. Қазақ халқы отарлау саясатының құрбаны боп бара жатты. Күнкөрісі тікелей төрт түлік малмен байланысты болған халық қолындағы бар малынан, малға жайылым болар отты, нулы, сулы жерінен айырылғаннан кейін ешкім бола алмайтын еді. Халық та, ұлт та емес, өзгенің отары болар еді. Құлдық сана билер еді. Осыған дейін ешкімге бағынбаған еркін ел бодан елге айналар еді. Сол заманда алаш қайраткерлері бодандықты түсінді. Ахмет осы өлеңінде өзін адамдық диханшысына балады. Диханшы тұқым сеуіп, жақсы өнім алуды көздесе, Ахмет жалпы халықты бодан болуға емес ел болуға шақырды. Оларға адам болудың, ерікті ел болудың бағытын жолын көрсеткісі келді. Оны ашық түрде емес бейнелеу құралы арқылы жеткізді. А. Байтұрсынұлы өлеңде «Адамдық көшбасшысы» деген сөзді бейнелеу деп, одан әрі өлеңдегі оның кеңейтілген мағынасын бернелеуге айналды деп түсіндірген, яғни, «бейнелеу ұлғайып бернелеуге айналды» деген. Бүгінде «Адамдық көшбасшысы» сияқты көркемдеуіш құрал метафора деп қарастырылады. Ғалым З. Қабдоловтың еңбегінде «Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – ауыстыру, яки метафора (грекше *metaphora* – көшіру) – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» делінеді. [2] Сонда А. Байтұрсынұлының бейнелеу деп қарастырған термині бүгінде метафора түрде қарастырылады. Ал бернелеу ұғымын символ түрінде қарастырып жүрген мамандар бар. Мәселен, филолог Ләйла Мұсалы «Абай поэзиясындағы бейнелеу мен бернелеу» тақырыбында берген дәрісінде [3] бейнелеу мен бернелеу туралы былай дейді: «Қазіргі әдеби терминологиядағы символ мен метафора деген ұғымдарға жақын келеді. А. Байтұрсынұлының бейнелеу деп отырғаны – метафора, бернелеу деп отырғаны – символ. Символ математикада, лингвистикада, логикада таңба ұғымын береді, ал өнерде, философияда, әдебиетте символ бір нәрсенің, құбылыстың қасиетін сыр-сипатын бейнелеп астарлап білдіретін әмбебап эстетикалық категория болып

табылады. Абайдың «Көңілімнің жайлауынан ел көшкен бе» тармағы тұтасымен ұлғайған метафораға жатады. А.Байтұрсыновтың тілімен айтқанда, бұл ұлғайған метафора болып табылады. Ғалымның айтуынша, бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналады, яғни, метафора күрделеніп, тереңдеп барып символдық образға айналады. «Көңілімнің жайлауынан ел көшкен бе» тармағындағы образды тіркесті талдағанда көптеген негізгі, жанама, туынды мағыналар, яғни, семалар туындайды. Адамның көңілінің жабырқаған сәті, адамның ел көшкен жайлаудың сәтімен салыстырылады. Яғни, екі құбылысты бір-бірімен астастыра отырып, әсерлі, суретті бейнелік образ жасаған. Символ көркем бейненің де, ұғымның да қызметін атқара алады, алайда символ ұғымнан гөрі астарлы мағынаға бай, ал көркем бейнеден гөрі нақтылы мәнге ие болып табылады. [3] 3. Қабдолов символ туралы былай дейді: «Троптың (құбылтудың) бір түрі – астарлау, яки, символ (грекше symbolon – шартты белгі) – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа нәрсеге не құбылысқа теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Мұның өзі ой мен образға әрқашан астыртын, бұлдыр мағына береді деу қате (символды сиволизмнен айыра білу керек); ең бастысы – символ сөз өнеріндегі көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға бір түрлі сыршыл сипат береді». [2]

Жоғарыда келтірілген бейнелеу мен бернелеуге немесе метафора мен символға М. Жұмабаевтың «Орал тауы» өлеңін [4] мысал ретінде қарастыруға болады.

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,
Қарасаң төбесіне айналар бас.
Жасаған мейірімі кең қадір тәңірі,
Шығарған сол тауынан алтын, алмас.
Жіп-жиі, шытырманды түрлі ағаш,
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас,
Қарағай, шырша-батыр бір қалыпта:
Шілде, жаз, қысын, күзін есіне алмас!
Ішінде аю, қасқыр, түрлі аң толған,
Адамзат батып жалғыз аяқ салмас.

Осы үзіндіні оқығанда көз алдыға таудың бейнесі келеді. Ол тау – төбесіне қарасаң басың айналатындай аспанменен таласқан көк тас. Өзі алтын мен алмасқа бай. Тау түрлі ағашпен көмкерілген, қарағай шырша бір қалыпта мезгіл талағамай жалғаса өскен. Тау іші аюға, қасқырға – түрлі басқа аңдарға толы болғандықтан, адам баласы тауда жалғыз жүруге бата алмаған. Бұл жолдарда А. Байтұрсынов анықтамасы бойынша, тау бейнесі «бейнелеу» түрінде көрінеді. 3. Қабдолов зерттеуіне сүйенгенде, ол метафора түрінде беріледі. Әсіресе, «Таласқан аспанменен көкпеңбек тас» метафорасы – нақты балама, одан әрі ұлғайған метафорамен жалғасады. Ал Ахмет Байтұрсынов «бейнелеу бернелеуге ұласады» дейді. Келесі жолдарда ол айқындала бастайды, яғни, ақын Мағжан Жұмабаев өлеңді Орал тауының бейнесін сипаттау үшін жазбаған, Орал тауының еркін өскен ер түрікке мекен болғанымен жалғастырады.

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойныңа жайыменен кіріп еді...
Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді,
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі жел-күн тимей берік еді.

Одан әрі дүниенің тұрлаусыздығын, ер түріктің отаршылдықтың салдарынан еркіндігінен айырылып қалғанын жеткізеді.

Тұрақсыз бұл жалғанда опа бар ма?
Сақтан, алдар бой салып жақын барма!

Бүгінгі күн жан досың болып жүріп,
Құлатып кетер ертең сені жарға.
Қарашы төңірекке мойның бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...

Келесі жолдарда оқырманды отаршылдыққа қарсы бас біріктіріп көтерілуге шақырады:

...Қосылып батыр түрік балалары,
Таптатпа, жолын кесіп, тізгінге орал.

Басында тауды сипаттаумен басталған өлеңнің жеткізер астары басқаға айналды. З. Қабдолов тілімен айтқанда, «шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар берді».

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» Бейнелеу мысалы:

Жан еркем, мен жүремін мынау күймен,
Бар ма екен ғашық жарын мендей сүйген.
Сен бір шам, айнала ұшқан мен паруана,
Айналып, аламын деп, отқа күйген.

Мұнда «сен бір шам» дегеннен бастап аяғына дейін бейнелеу болады. Бейнелеудің тағы бір мысалы:

Отқа ұшар көбелек,
Қарамай сорлы, алды-артын.
Ойына кіріп шықпайды,
Күйдірер, деп от-жалын
Шырк айналып ентелеп
Жүрер де бір уақ ол қонар.
Ұмтылған оты сорлыны,
Күйдірер де тез тынар.

Бұл келтірілген екі мысалдың екеуінде де адам күйінің көбелекке ұқсастығы айтылады. Ол ұқсастығын қысқалап айтқанда, бейнелеу болып, ұлғайтып айтқанда, бүтін мысалға айналып, бернелеу болып кетеді» – [1] дейді. Сонда А. Байтұрсыновтың бейнелеу мен бернелеу деп қазақ әдебиетіне енгізген ұғымдары бүгінде метафора және символ деген атаумен қолданыста. Бейнелеу метафора деген ұғымды білдіреді. Бейнелеудің ұлғайған түрі бернелеуге айналады дегені символды айтқаны болса керек. Онда шығармадағы ой оқырманды кейде астарлы түрде, тіпті кейде астарсыз, тұспалсыз түрде де философиялық қорытындыға әкеледі, әр түрлі ойларға жетелей алады. А. Байтұрсыновтың берген анықтамасы тек метафора мен символдың аясында қалмайды. «Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – бернелеу болады» дейді де қазіргі метафораға, символға әкелетін жолдарға мысал келтіріп, дәлелдегеннен кейін: «Қырық мысалдағы» мысалдардың, Абай кітабындағы мысалдардың бәрі бернелеу болады. Қазақтың «бернемен сөйлейді» деуінің өзі иә «пердемен жасырып сөйлейді» дегеннен шыққан, иә «бернемен сүгіреттеп сөйлейді» дегеннен шыққан боларға керек. Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, үйткені «бернемен сөйледі» деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенде айтады. Бернелеу сол мағынасын жасырын сөздің нағыз өзі. Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады. Бернелеу өте ұзақ болса, айтушы баяндап береді, иә болмаса ұшығын көрсетіп қояды. «Қырық мысалдағы» және мысалдардың көбінде-ақ бернелеудің астыртын мағынасынан баяндауы, шешуі бар». [1] Бұл жерде ғалымның берделеу деп қолданып отырған ұғымы қазіргі қолданыстағы пернелеу ұғымына сай келеді. З. Қабдолов «... мысал өлеңдердегі құбылу, көбіне, пернелеу, яки, аллегория (грекше allegoria – пернелеп айту) түрінде келеді. Мұнда жай ұғым қалпында тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады. Айталық, қулық, зорлық, қастық секілді жалпылама ұғымдарды дәл осы қалпында түсінуге болғанмен, көзбен көру

қиын. Осыларды Сәбит Дөнентаев өзінің «Ауырған арыстан» деген аллегориялы өлеңінде қолға ұстатқандай нақты, деректі нәрселерге көшіреді. Өлеңде қулық – Түлкі, зорлық – арыстан, қастық – Қасқыр бейнелеріне көшіріліп, пернеленіп көрсетілген.»

– Ей, қораз, шақырасың ерте-кеш жоқ –

Дегенде қораз айтты:

– Сенде де ес жоқ,

«Кукара-ку» болмай-ақ мен шақырған,

Таң атырып, онсыз жұрт күн батырған.

(А. Тоқмағанбетов)

Асқардың қораз арқылы пернелеп айтып отырған ұғымы – пәтуасыздық, парықсыздық» [2] – дейді ғалым.

Сонда А. Байтұрсыновтың бейнелеу және бернелеу ұғымдары З. Қабдоловта метафора, символ, пернелеу (аллегория) ұғымдарына сай келеді. А. Байтұрсынов қолданған бейнелеу ұғымы З. Қабдоловта метафораға, ал бейнелеудің ұлғайған түрі –символға және пернелеуге жіктелген. А. Байтұрсынов «Қырық мысалды» бернелеуге жатқызады. Ал З. Қабдолов «жай ұғым қалпында тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады» дейді. «Қырық мысалдағы» кейбір шығармаларға тоқталып көрейік. [5] «Маймыл» мысалынан:

Маймылдың көзі түсті томашаға,

«Енді жұрт қалсын – дейді, «тамашаға».

Томарды бір көтеріп, бір сүйретіп,

Бүлінді өз-өзінен оңашада.

Томармен домалайды ойға өрден,

Біресе арқалайды алып жерден.

Өкпесін, шапқан аттай, баса алмайды,

Денесі көрінбейді аққан терден.

Адал еңбекпен мақтау алған жандарды көре алмайтын адамдарды маймылға балап, мысалда көреалмаушылық қасиетті пернелеп жеткізеді. А. Байтұрсыновша талдағанда, маймыл бейнелеуге жатады және мысалдың астыртын мағынасы, баяндауы бар болғандықтан бернелеу болып табылады. Ал З. Қабдолов мұндай шығармаларды аллегориялық пернелеуге жатқызады. «Егіннің бастары» мысалында:

Аралап һәр егінді қарап жүрді.

Кезі еді пісіп болған егін түрлі.

Бастарын дәнге толған төмен салып,

Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,

Бейне бір жалғыз өзін көпке балап, –

деген жолдарда бидайды сипаттау арқылы тәкаппар адамдардың бейнесін перделеп берген. «Өгіз бен бақада» өгіз күншілдердің, «Емен мен қамыста» емен атағына сенетіндердің, «Қасқыр мен тырнада» қасқыр залым, қаскөйлердің, «Бұлбұл мен есекте» есек надандықтың, көрсоқырлықтың, көңілі соқыр адамдардың, «Екі шыбында» шыбын біреудің еңбегін пайдаланатындардың, «Қарға мен түлкіде» қарға аңқаулықтың, түлкі зымияндықтың, қулықтың, «Қасқыр мен қозыда» қозы әлсіздердің бейнесінде А. Байтұрсыновша берделеніп, З. Қабдоловша перделеніп берілді. Бұдан шығатын қорытынды ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың әдебиет саласына енгізген бейнелеу мен бернелеу терминдері зерттеуші ғалым З. Қабдоловта метафора, символ, пернелеу терминдері түрінде дәлелденген, жалпы әдебиеттің дамуына өзіндік үлестерін қосқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш, Алматы, «Атамұра» 2003

2.З. Қабдолов Сөз өнері Алматы, «Санат», 2002

3.<https://abai.kaznu.kz/?p=3959> ф.ғ. доценті Ләйла Мұсалы

4.М. Жұмбаев шығармалары, Алматы, «Жазушы» 1989

5. <https://tilalemi.kz/books/8000.pdf>

ӘОЖ 82-1/-9

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Маржан Ақтажиева

филология магистрі,

*Қ.Дұтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы*

Атырау қ., Қазақстан

Marzhan.1987.87@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада З.Қабдоловтың ұлттық әдебиеттанудағы әдебиет теориясы саласын қалыптастыруға қосқан үлесі, «Сөз өнері» монографиясының ғылыми-эстетикалық, зерттеушілік мәні жайында сөз етіледі. Белгілі зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлерімен дәлелденіп, талдау жасалынған.

Аннотация: В данной статье рассмотрен вклад Зейноллы Кабдолова теории литературы в формировании национального литературоведения, о научно-эстетической, исследовательской ценности монографии «Искусства слова». Доказано и проанализировано мнениями известных ученых-исследователей.

This article discusses the contribution of Z. Kabdолоv to the formation of the field of literary theory in national literary studies, the scientific, aesthetic and research significance of the monograph "The Art of the word". It is proved and analyzed by the opinions of well-known research scientists. This

Түйін сөздер: әдебиет теориясы, ғылыми тұжырым, сөз өнері, суреткер, әдебиеттің халықтығы, әдебиеттану ғылымы, көркемдік таным, әдебиеттегі

Атырау өңірі ғалымдарының бірегейі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген қайраткері, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты Зейнолла Кабдоловтың зерттеу еңбектері - әдебиеттану ғылымында елеулі орын алады. Отандық ғылымның дамуы жолында сан сипаттағы әдебиет мәселелерін түбегейлі және арнайы қарастырған ғалымдар еңбектері - руханият құндылығы болып табылады.

Халық жазушысы Зейнолла Кабдоловтың - ұлт әдебиетінің жасауын түгендеген теориялық зерттеулері мен өнегелі өмір сүрген өкілдерінің ғылым мен әдебиеттің көркем әлеміне қосқан сүбелі еңбектеріне арналған публицистикалық қазыналары, туған өлке қазынасын тақырып еткен көркем шығармалары - оның мәңгі өлмес екінші өмірі. Бұл сөзіміздің жарқын көрінісі - әдебиеттану ғылымының теориялық мазмұнын дамытқан басты зерттеуі «Сөз өнерінің» - ұлттық әдебиеттің көркемдік жүйесін таныту мен дамытудағы қызметі.

«Қазақ әдебиеттануының тарихында «Сөз өнерінен» асқан оқулық - монография жоқ. Қолына қалам алған талантты жастар осы еңбекті оқу арқылы әдебиет әлеміне енеді. Олар сөз өнерінің көркемдігі мол, жұмбағы да аз емес қазынасына ену кілтін әзірге осы кітаптан ғана табады...». Зейнолла Кабдоловтың ғибратты да өнегелі ғұмыры, өзі «білімнің Қағбасы» атаған Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында дәріс берумен көркемделді. Сөз өнеріне тәнті болып келген шәкірттің ғылым жолындағы алғашқы қадамы студент кезінде ұстазы Мұхтар Әуезов ұсынған тақырыбы - «Абайдың лирикасынан» басталады.

Ғылымға деген бұл - алғашқы қадам болып табылатын еңбек сол уақыттағы кеңестер одағының «Студенттер ғылыми еңбектер конкурсының» жүлделі орынын иеленді. Кейіннен дипломдық зерттеуге ұласқан бұл ізденіс - мыңнан аса жазылған ғылыми мақалалар мен көптеген монографиялардың бастауына айналды. Айталық, «М.Әуезовтің әсемдік әлемі», «Көзқарас», «Б.Майлиннің мұрасы мен мирасы», «Шеберлік мектебі» басқа да әдебиетіміздің тарихында өзіндік орны бөлек зерттеулері жетерлік.

Қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш теориялық еңбек Ахмет Байтұрсынов қаламынан туындаса, оның алуан көрнекті құрал етіп зерлеген, әдіптеген, көркем шығарма табиғатына замануи сипатта қабыстырып, ғылыми тұжырымдармен қорытындылаған - Зейнолла Қабдолов болды.

Зейнолла Қабдолов 1961 жылы алғаш рет студенттер мен аспиранттарға арналған «Әдебиеттану» бағдарламасын жасайды. Арада тоғыз жыл өткенде осы бағдарлама бойынша оқылған дәрістері негізінде «Әдебиет теориясының негіздері» деген атпен жаңа оқулық шығарады. Дәл осы оқулық 1976 жылы түбірімен өңделіп, толықтырылып, «Сөз өнері» деген атпен жарық көрді және ол ұстаздың көзі тірісінде әлденеше рет басылып, қазақ филологтарының бірнеше буынын тәрбиелеген әдебиет теориясының бас оқулығына айналды. Еңбектің атын «Сөз өнері» деп өзгерту себебін З.Қабдолов: «Әдебиет теориясының зерттеу объектісі – сөз өнері, негізгі міндеті – әдебиет сүйгіш қауымға сөз өнерінің эстетикалық табиғатын таныту. Сондықтан, кітаптың атын да затына лайық «Сөз өнері» деп, үйреншікті үлгіден гөрі біраз өзгертіп алуды жөн көрдік. Дәл осылай атау осы кітаптың мазмұнына да сай келеді. Өйткені, бұл кітапта әдеттегідей теориялық қағидалар қалыптастырудан гөрі сөз өнерінің әрі қиын, әрі қызық құпиялары хақында жалпы жұртпен кеңірек кеңесу, еркін сырласу жағы басым» деп түсіндіреді.

«Сөз өнерінің» алғашқы тарауы «Сөз өнері туралы сөз» деп аталады. Әрі қарай әлем және орыс әдебиетінің өкілдері мен сыншыларының, мысалы Белинский, Фелин, Бальзак, Микеланджело, Шекспирлердің байламдарын мысалға келтіреді. Әдебиетті өнердің басқа түрлерімен салыстыра отырып, олардан артық қасиеттеріне көз жеткізеді. Әдебиеттің нақты және затты екенін дәлелдей келіп: «Дәл осы тұрғыдан алғанда, сөз өнерін - бар өнердің басы, «өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «ең жоғары түрі» (Бальзак) десек, асырып айтқан болмаймыз. Қазақ халқының «өнер алды - қызыл тіл» деген ділгір тұжырымы да тегіннен тегін тумаған-ды», - деп тұжырым жасайды.

Академик Зейнолла Қабдолов - көп қырлы талант: жазушы, публицист, ғалым, ұстаз. Сонымен қатар ол сөз өнерін, жазушылық қызметін ұстаздық, ғалымдық еңбегінен бөле-жармай, өзінің бүтін бітімін бірегей қасиетіне айналдырған көп қырлы тұлға. Зейнолла Қабдолов есімі оқырмандарына кеңінен таныс. Оны еліне осылайша кеңінен танытқан, қадірін асырған шығармашылық еңбегі – азаматтық болмысын қалыптастырды.

Зейнолла Қабдолов шығармалары - Қазақстанның жаңа тарихындағы ұлттық рухани құндылықтарымызды зерттеу мен оқыту тұтастығымен бағаланатын әдеби - ғылыми мұратану қазынасы. Қабдолов танудағы қарастырылуы қажет мәселелердің бірі - ғалым-ұстаздың ғылыми жетекшілігімен қорғалған дипломдық жұмыстардың, кандидаттық, докторлық диссертациялардың әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерін қамтығандығына, кешенді зерттеулердің өзара жалғасқан бағыттарына ықпал еткен маңызын саралап көрсету. Бұл арқылы әдебиеттану ғылымындағы **Қабдолов мектебі** атты зерттеушілік саланың ұлттық тарихымыздағы орны айқындала түседі.

Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жұмат Тілепов өзінің «Қарымды қаламгер З.Қабдоловтың шығармашылық әлемі» баяндамасында былай деді: «...Зейнолла аға сан қырлы талант болатын. Ол – ақын, ол – драматург, ол – романист, ол – публицист, ол – аудармашы, ол – әдебиет сыншысы, ол – әдебиеттану ғылымының санаулы сардары, көш бастаған көсемі, ел ұйып тыңдайтын шешені.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымы, әдебиет теориясы бүкіл адамзаттық ғылым-білімнің дамуына сәйкес өлшеусіз өсіп, өркендеді. Жаңа оқулықтарды былай қойғанда, әдебиеттану ғылымының мүлде жаңа салалары пайда болып, әлемдік әдеби пейзаждағы әдебиет теориясының жаңа терминологиясы қалыптасты. Ағыл-тегіл ақпаратқа құрылған заманның биік талаптарына сай жаңа оқулықтар жазылғанынан және әлі де талайы жазылады, бірақ Қабдолов қисындаған «Сөз өнерінің» қазақ әдебиеттану ғылымындағы алар орны әрдайым ерекше болатынын атап айтқан жөн.

«Сөз өнері» – поэзия тілімен жазылған оқулық. Жай оқулық емес, келісті оқулық, келелі монография. Автор алғашқы сөйлемдерінде-ақ: «Осы әдебиет дегеннің өзі не нәрсе?» деген сұрақтан бастайды да, оқушысын әдебиет әлемінің таңғажайып дүниесіне жетелеп, сөз өнерінің сан алуан құпиясын ашады. Кітаптың «Сөз өнері туралы сөз», «Сөз өнері жайлы ғылым», «Сөзбен сомдалған тұлға», «Сөзбен шындалған шындық», «Сөз сыры», «Сөз сарасы», «Сөз өнеріндегі тек пен түр», «Сөз өнеріндегі бет пен бағыт» атты сегіз тарауы сегіз өрім қамшыдай жымдасып кеткен.

Академик еңбегінің алғашқы бөлімінде әдебиетке бағыт-бағдар беретін ірі мәселелерді қарастырған. Сөз өнері, суреткер, оның қоғамдық тұлғасы, талант табиғаты, әдебиеттің қоғамдық мәні, қондырмалық сипаты мен таптық мәні, халықтығы мен партиялылығы олардың әдебиеттегі орны туралы пайымдайды. Нағыз суреткерге тән ерекшеліктер мен оның әлеуметтік кейпіне жан-жақты ғылыми сипаттама береді. Сонымен қатар жазушы халық ауыз әдебиетіне тоқталып, көркемдегіш сөздердің көпшілігі баяғы бабалар дәуірінен бері қолданылғанын, халықтық шығармалардағы ойдың сұлу, жан тебіренерлік әсерлі екенін айтады. Халықтық эстетикадан бастау алған шешендіктің XV ғасырдағы Доспамбеттің толғауларында әдемі айшыққа, XIX ғасырдағы Махамбет поэзиясындағы әсем өрнекке жетуді халықтың көркемдік танымы мен талғамының деңгейін байқатады деп тұжырым жасайды.

Әдебиет теориясынан әжептәуір мәлімет беретін, әдебиеттің тегі мен түрін ажырататын дәрежеге жеткізген бұл оқулықтың сипатын Зәки Ахметовтің төмендегі пікірі ашатындай: «Бұл кітап қазақ әдебиеттану ғылымында әсіресе әдебиет теориясы саласында үлкен жетістік деп бағалаған ғылыми жаңалығы мол, қомақты іргелі зерттеу болатын. Оның айырықша құндылығы көркем әдебиеттің табиғатын, оның өмірмен жалғастығын, қазақ сөз өнерінің ұлттық сипат-ерекшелігін ғылыми тұрғыдан терең ашып беруінде және теориялық қағидаларды, көркем шығармаларды үлкен талғамдылықпен танып, нақтылы талдаулар жасай білу шеберлігінде болатын.»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.З.Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 1976 ж.
- 2.Қ.Жұмалиев «Стиль – өнер ерекшелігі» Алматы 1966 ж.
- 3.Г.Аяпова «Қазақ әдебиеттануындағы әдебиет теориясының қалыптасу кезеңдері және Зейнолла Қабдолов қисындары» Атырау 2007 ж.

ҰЛЫЛАР АСҚАР ТАУДЫҢ ШЫҢЫ ЕМЕС, ЖОТАСЫ БОЛЫП КЕЛЕДІ

(Ұстаз ұлағатын ұлықтай білген З.Қабдоловтың білім беру саласындағы ерен еңбегі мен қалдырған мұрасының қазіргі маңызды мәселелердің шешімі болып табылғандығы хақында)

Назгуль Унгаралиева

педагогика ғылымдарының магистрі,

Жалпы білім беретін № 2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектебінің орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер.

Атырау, Қазақстан
naziaung@mail.ru

*«Ғазиз көретін, сұлу мінез, сұлу білім,
өнер иесі досым, інім Зейнолла!
Дос, аға көңілден тілейтінім –
сенімен бірге жүру, өзара бірге еңбектену...»*

Мұхтар Әуезов

Мектеп деп аталатын киелі мекенге қадам басқан әр шәкірт "әдебиеттану" ғылымының алғашқы дәрістерін тыңдаған кезден-ақ осы саланың ерен жүйрігі, сырлы сөз зергері, халқымыздың мақтанышына айналған Зейнолла Қабдоловпен "туысып" кететінін байқамай да қалар. Шәкірт зердесіне әдебиеттің алыптар көшінің не бір тамаша таланттарын зерделеудің әліппесін үйретер де – **Зейнолла Қабдолов**. Онысы дұрыс та. Өйткені қазақ көркем ойының әдебиеттану ғылымының эстетикалық табиғаты, көркем шығарманың болмыс- бітімі, тақырыптық, дүние танымдық мәні, тектік сипаты, суреткерге қойылар талап туралы айтқанда мұғалім міндетті түрде өзінің басты құралы, Темірқазығы ретінде З.Қабдоловтың "**Сөз өнері**" монографиясына бас қоймауы мүмкін емес. **Сондықтан, мақаламда қазіргі білім берудегі өзекті мәселелерді шешу жолын ұлы ұстаз қалдырған ұлағатты жолмен байланыстырғым келеді.**

Кеудесі сыр сандықтай шежіре, Әдебиет саласының білгірі, небір қанатты сөздердің телегей теңізі қолына қағаз алмай, қара сөздің қаймағын қалқып сөйлер, сұңғыла шешендердің сарқыты бола білген Зейнолла Қабдолов бейнесі өлмек емес. Сондықтан да көз жасындай мөлдір, жүрек лүпіліндей ыстық, ұлттың көркем айнасына айналған қасиетті өнердің дамуына ерен еңбегін сіңірген беделді жазушы, білікті ғалым, бірегей тұлғалардың өлшеусіз еңбегін бағалау, келешек ұрпақтың рухани игілігіне айналдыру – бізге, ұстаздар қауымына, үлкен міндет.

Әдебиет әлемінде З.Қабдоловтың негізгі үш қасиеті бірікті: ұстаздық пен қаламгерлік, ғалымдық. Шәкірт санасына талмай, қажымай үйреткен ілімі де, берген қымбат білімі де - әдебиет. Ғалым ретінде теориялық тұғырнамасын жасап, тереңдеп талдап, деректеп саралағаны да - әдебиет. Суреткер санатын көрсетіп, шеберлік шыңын бағындырып, қаламгерлік қасиетін танытқаны - әдебиет. Әдебиетке кіндігімен байланып, ыстығына күйіп, суығына тоңып, ардағына айналған.

Әдебиет алыбы саналған З.Қабдоловтың ғалымдық санаты, үнемі тынымсыз бейнеткерлігі мен табиғи талғампаздығы өз ортасынан айрықша биіктетеді. Оның үстіне эстетикалық терең мәдениетін қоссаң әдебиет майданының алдын бермеген аламандығы мен оза шауып бәйге алған ұшқырлығының сырын ұғына түсеміз. Білуге баладай құштар, даналыққа даладай дарқан әрі аңқылдақ қазақы мінезі де жайсаңдығын, бөлекше бітімін айғақтайды.

Зейнолла Қабдоловтың бүгінде аңызға айналған ұстаздық білігі де ұлы суреткер М.Әуезовтен жұққан. Жүректе жатталатын, көңілде хатталып, есте сақталатын ұстаздық ұлағаты туралы да шәкірттері аз айтып жүрген жоқ. Ұлтқа ұстаз болғандай сыры

неде? Біздіңше, бұның сыры шәкірт жүрегін жаулап, жанын баурап, көңіл хошын жұпарландыруында болса керек.

Асылы, ұстаздық-кәсіп емес, жұлдызды жаратылыс болса керек. Бүгінде қазақ ғылымының қара шаңырағы саналатын Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің профессоры З.Қабдоловтың тәлімін көріп, дәрісін тыңдап қанаттанған, азуын айға білеген ақын-жазушылар, ғибратын ұлт гүлденуіне сарқа жұмсаған ғалымдар, журналистер қаншама десеңізші?! Алыпты арқалау үшін асқаралы арқа, даналықты дәріптеу үшін дархан дарын керектігі ақиқат. Шәкірт ойының шырағын жаққан ұстаз ғибратының шексіз қамқорлығы туралы қалам тербеу зор адамгершілік, азаматтық жауапкершілікті жүктейді. М.Әуезовтей ұлы тұлғаның дәрісін тыңдап, шәкірті болу биік бақыт болса, ұстаз жайында мәңгілік естелік жазу асқан абырой. Әрине, жас буыннан «жыл келгендей жаңалық сезініп» ұлан-асыр үміт күткен М.Әуезов үшін З.Қабдоловтай шәкірттің жөні бөлек. Бұл шәкіртінен күтер дәме де зор, артар сенімі де бөлек болды.

Сүттей сұлу мінезін ғазиз көрген, өнердің иесі ретінде жүрегі иген ұстаз алдына шәкірт Қабдолов өз парызын толықтай атқарды. Ұстаз ұлағатын ұлықтай білді. З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты роман-эссесі-шәкірт жүрегінің ерекше тартуы болғандықтан, оны ұстаздың жарқын бейнесі турасындағы жан толғанысы, әрі асыл аға алдындағы інілік парызының орындалуы деп білеміз. Заңғар жазушының өмірі мен шығармашылығын қамтып жазған көркем де деректі туындылар аз емес. Десек те, ұлы Әуезов тұлғасын әспеттеген көркем еңбектердің көз тартар кесегі де, шоғыры биік шоқтығы да, ой ырысы да, жүрекке жылысы да З.Қабдоловтың роман-эссесі деп ұғамыз.

Белгілі бір тұлғаның елеулі есіміне қосақтаса айтылып, соған әбден кірігіп, тамырласып кететін тіркестер болады. Қалың қазақтың санасына сіңген «Қабдоловтың кафедрасы» деген түсінік те – ұлт руханиятында қашаннан қалыптасқан сондай ұлағатты ұғымның бірі. Қабдолов және қазақ әдебиеті кафедрасы... Былай қарасаң, бұл Ұлттық университеттегі көп кафедраның бірі ғана. Қазақтың қара шаңырағына айналған КазГУ-де қанша кафедра болса, сонша меңгеруші бар. Бірақ солардың ішіндегі ең шоқтығы биігі академик Зейнолла Қабдолов еді. Себебі, оның бұл қызметтегі абыройы кез келген министрдің беделінен кем болған жоқ. Тіпті сол министрлеріңіздің өздері қолдары қалт еткенде Зекеңді арнайы іздеп келіп, емен-жарқын әңгімелесіп кететін. Сөйтіп, ол қызмет адамның емес, адам қызметтің шырайын шығаратынын сан мәрте дәлелдеді. Қабдоловтың кафедрасы ұлт руханиятының бас қосатын ой-пікір отауы болды. Тегінде, әсем Алматыда ресми бар, ресми емесі бар, мұндай орталық бірнешеу еді. Дегенмен, Қазақ университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының орны ерекше екеніне дау жоқ-ты. Себебі, ұстаздардың ұстазы – ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов негізін салған қасиетті қара шаңырақ еді бұл. Жақсылар мен жайсаңдар жиналған осы киелі кафедраны Зейнолла Қабдолов ширек ғасыр басқарды. Әрине, Қабдолов бұған дейін де үлкен қызметтің құлағын ұстап көрген. Тіпті өз дәуірінде Орталық Комитеттің ең жас сектор меңгерушілерінің бірі болған. «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығына да тағайындалған. Бірақ бәрібір Қабдолов кафедра меңгерушісі ретінде жалпақ жұрттың жадында жатталды. Университет басшылары онымен үнемі санасатын еді. Кафедра меңгерушісі деген сөз біздің ұстазымыздың болмыс-бітімін ғана айшықтауға арналғандай көрінетін. Үлкен-кіші оны құрметтеп, Зекең деп атады. Ұлы Мұхтар Әуезовке ел ықыласынан туған Мұхаң деген атау қандай жарасатын болса, оның талантты шәкірті Зейнолла Қабдоловтың болмысына да Зекең деген ат керемет үйлесе кететін. Ол кісіні кейде замандастары Зейнаға, Зейнеке деп те атайтын. Ал батыс өңірдегі бауырларымыз өздерінің сөйлеу мәнеріне салып, Зейнақа деп ілтипат көрсетіп жатар еді. Алайда, зиялылық пен зерделілікті танытып тұратын Зекең деген ардақты аттың жөні бөлек-ті. Біз, кейінгі буын ол кісіге «Зеке» деп еркелей алмадық. Әкемізден де үлкен қадірлі Зейнолла ағаны «Зекең» деу үшін де зілдей салмақ керек шығар деп ойладық. Жиырмамыншы ғасырдың жиырмамыншы жылдарының аяғында университет ашу мәселесі қойылған кезде үш кафедра құруға ұйғарым жасалыпты. Филология, педология, математика кафедраларын басқаруға қазақ руханиятының көшбасшылары Халел Досмұхамедов, Әлімхан

Ермеков және Ахмет Байтұрсынов шақырылады. Әрі қарай З.Қабдоловтың өз сөзімен баяндасақ, «Х.Досмұхамедов пен Ә.Ермеков бұл ұсынысқа келіседі де, А.Байтұрсынов бұдан бас тартады; Қазақ университетінің қазақ әдебиеті кафедрасын басқаруға жүрексінетінін, мұндай орасан жауапты жұмысқа дайын емес екенін айтады». Көрдіңіз бе, ұлылар қандай қарапайым болған! Ахмет Байтұрсыновтай ұлт ұстазының өзі кафедра басқаруға келісім бермей, бұл қызметті тым биікке балаған. Сол биіктік кафедраның бүкіл тарихындағы өрелі өлшем ретінде орнықты. Профессорлар мен доценттердің, оқытушылар мен ассистенттердің, докторанттар мен аспиранттардың, стажерлер мен ізденушілердің басын біріктіретін ғылыми-педагогикалық ұжым университеттегі руханият бесігі ретінде бағаланды. Өзге кафедралар бір төбе, қазақ әдебиеті кафедрасы бір төбе еді. Бұл меңгерушісін анда-санда ректордың өзі іздеп келетін санаулы кафедраның бірі болды. Меңгеруші демекші, тағы да Қабдоловқа жүгінсек, «Байтұрсынов жүрексінген қиын жұмысқа Әуезов көзді жұмады да қойып кетеді. Қазақ университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы өзінің туған күнінен бастап Мұхтар Әуезовтің ұстаздық ордасына, керек десеңіз, тіпті, шығармашылық шеберханасына айналды». Әуезов пен Қабдоловқа дейінгі аралықта Бейсенбай Кенжебаев, Мәстура Сармурзина, қайтадан Бейсенбай Кенжебаев басшылық етті. Содан соң кафедраны Қабдолов қолға алды. Мұхтар Әуезов шәкірті Зейнолланы ерекше жақсы көргеніне дау болмаса керек. Алғаш кездескен күні-ақ ұстазының үйінен қымыз ішкен жас өрен бұдан кейін де Әуезовтен көп ажырай қойған жоқ. Ол үнемі Мұханың аялы алақанда, кең көңілінде, жан жүрегінде жүрді. Ұлы қаламгер Мәскеуден әріптестеріне жолдаған хатында өзі үміт артатын төрт жас жазушының есімін атайды. Соның бірі әдеби ортаға енді ғана кең таныла бастаған Зейнолла ағамыз еді. Зейнолла Қабдолов Әуезов шаңырағын тіктеген кафедраның беделін биіктетіп, абыройын асқақтатты. Кафедраның аты айтылған жерде, Әуезовті ешқашан ұмытпады. Өзінің қасиетті құтханасы жайлы жазған мақаласын «Ұлы дәстүрлердің ұлағатты ұясы» деп атады. Осы ұлағат ұясының бастауында тұрған Әуезов дәстүрін жылдар бойы сан мың ұрпақтың санасына сіңірді. Оны айтасыз, «Менің Әуезовім» деген роман-эссе жазып, ұстазына қара сөзден ескірмейтін ескерткіш орнатты. Бүгінде «Қабдоловтың кафедрасы» деген сөз «Әуезов құрған қара шаңырақ» деген ұғыммен қатар аталатыны сондықтан. Ол «Қабдоловтың мектебі», «Қабдоловтың биігі», «Қабдоловтың өнегесі», «Қабдоловтың қалдырған ізі», «Қабдоловтың құтханасы» деген тіркестердің бәріне де орайлас келеді. Кімдер болмады бұл кафедрада?! Ала да, құла да, ерке де, серке де, тентек те, телі де болды. Соның бәрін «айналайын» деген бір ауыз сөзімен сабасына түсіріп, тізгінді тең ұстады. Зекеңнің өзі айтқандай, Мұханның бас кітабы – «Абай жолы», бас кейіпкері – Абай болса, оның өзінің бас кейіпкері – Мұхтар Әуезов екені баршаға белгілі. Бас кейіпкерінің батасы дарыған Қабдолов көзі тірісінде-ақ қазақ әдебиеті кафедрасының сәулетті символына айналған.

Білім шаңырағының бар байлығы – оның ұстаздары. Білім саласының тілімен айтсақ, профессорлық-оқытушылық құрамы. Парасатты ғалым басқарған соң, бұл құралымдағы қызметкерлердің мінезі меңгерушінің болмысына ұқсап кететін тәрізді. Бұлардың әрқайсысының бойына Зекеңнің әр қасиеті сіңген. Бірі – салмақты, екіншісі – эстет, үшіншісі – шешен, төртіншісі – талғампаз. Ең бастысы, бұл кафедрадағы адами ахуал үнемі жақсы болды. Меңгерушісі орнықты болған соң, оның қарамағындағы оқытушылар да бірқалыпты. Ешкім беттен алып, төске шаппайды, есіктен келіп, төрге өрлемейді. Әрбір іс өз жөнімен, өз ретімен жүріп жатады. Соның бәрін қадағалауға ұстаздың қас-қабағының өзі жеткілікті. «Бұлар – менің қабырғаға мықтап қаққан шегелерім. Әрқайсысы бір қаққаннан қатып тұра қалады. Тек... кейбіреуін ғана екі рет ұру керек!». Ескертпесінің өзі осындай зілсіз болып келеді. Бір кезде Зейнолла Қабдоловтың өзі: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп Абай айтқандай, Әуезов кафедрасының оқытушылары аудиторияға әншейін екі сағат дәріс өткізу үшін емес, сол екі сағатта қандай сабақ және сол сабақты яки, лекцияны қалай, қайткенде Әуезов дәстүрінде Әуезовше өткізуге бар күш-қабілетін жұмсайды», – деп жазды. Осылайша жоғары бағалаған кафедра мүшелері Зекеңді ешқашан жерге қаратпады. Зейнолла Қабдоловтың шебер лектор екені – миллиондар мойындаған ақиқат. Ол

кіріп келгенде араның ұясындай гуілдеп отырған аудиториядағы студенттердің сілтідей тынатыны, ұстаз сөзін бастағанда шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық орнайтыны, тіпті сол мазасыз шыбыныңыздың өзі де оған құлақ асқандай мүлде дыбыссыз қалатыны – әлі күнге дейін талайдың аузында жүрген әңгіме. Қабдолов студенттерді түгелдей лектор болды. Керісінше, оның сабағына көрші факультеттердің қыз-жігіттері арнайы келіп қатысатын. Біздің тұсымызда бір кездегі Зекеңнің өзі секілді болашақ тау-кен инженерлері өз оқу орнындағы дәрісін қаза қылып, КазГУ-ді бетке алатын энтузиазм бола қоймады, әрине. Бірақ, бәрібір Қабдолов кірген аудитория аузы-мұрнынан шығып тұратын-ды. «Ұстаздықтың да үрдісі көп. Әуезов, мәселен, бір ауық былай: төрдегі орнына бірден отыра кетпейді. Алдымен асықпай қозғалып, мінбеге барады», – деп өзі жазғандай, Қабдоловтың да лекция үстіндегі қимылын дәл осылай көркем кейіптеуге болар еді. Оның жайдары жүзі, ойлы көзі, жазық маңдайы, кең кеудесі, сұлу сөзі жұртты баурамай қоймайтын. Ол аудиторияға кіргеннен бір әдемі әлем басталады. Сол әсем әлем ол бөлмеден шығып кеткен соң да көңіліңізді көпке дейін тербетіп тұрады. Мұның бәрі ұлы Мұханның үлгісі екеніне дау жоқ. Ол ұстазы туралы басты кітабын ұза-а-а-қ толғатып жазды. Тым ерте бастағанымен, жариялауға онша асықпады. Ақыры, бұл дүниесі Әуезовтің туғанына 100 жыл толғанда, өзі 70 жасқа жеткенде бір-ақ жарыққа шықты. Осыған орай Әзілхан Нұршайықов: «Мұхқа сені «Менің шәкіртім» деп мақтаса, сен «Менің Әуезовім» деп шаттандың. Мақтану да, шаттану да өте орынды еді», – деп шынайы баға берді. Зейнолла Қабдолов осы роман-эссесінде лектор Әуезовті былайша кескіндейді. «Мінбеде тұрып аздап тамағын кенеп, кейде тіпті жөтеле бере қалтасынан қолорамал алып, аузын басады. ...Көз шарасында ой тұнады. ...Бар иманы бетіне шығады. Сонда біздер оның Бас кітабындағы Бас кейіпкеріне сиқырлы сөзбен сіңіре дарытқан сырбаз сұлулықты қаз-қалпында тап өзінен көргендей боламыз». Артық айтсақ, ғафу өтінеміз, осы сурет Қабдоловтың да тұлғалық табиғатын толық танытатын тәрізді. Зейнолла Қабдоловтың тәрбиесін алып үлгерген жас буынның өкілі, белгілі қаламгер Есей Жеңісұлының «Әуезов аудиториясының тәлімі» деген мақаласында мынадай жолдар бар: «Бір күні Абай сабағы өтті. Абай бізге асқардан да асқар, заңғардан да заңғар, ғұламадан да ғұлама болып, биіктеп кетті біртүрлі. Сөз Абай аудармаларына келіп жеткенде, Зейнолла ұстаз жаңаша толғады. Бізде дем жоқ, бұрын бар деп білмеген ғажайып әлемге еніп кетіппіз. Ағайымыз әдетінше мінберде тұр. Сұқ саусағын шошайтып: – Күлімсіреп аспан тұр, – дейді. Бәріміз аспанға қараймыз. – Жерге ойлантып әр нені, – дейді ағай саусағымен жерді нұсқап. Біз жерге қараймыз. Ұстаздың әр сөзіне арбалып қалғанымыз соншалық, қолымен нені көрсетсе, соны жанарымызбен жеп жіберуге бармыз». Зейнолла ағамыз аудиториядан тыс жерлерде де мінберде тұрғандай үнемі көркем сөйледі. Соған қарағанда көңілінің мінберін ұдайы жанында ұстаған секілді. Аузынан шыққан әр сөйлеміне асқан жауапкершілікпен қарайтын. Жай айта салған сөзінің өзі төгіліп түсетін. Себебі, тағы да өзі айтқандай, «шешендік шалқар шабыттан, шалқыған сыр мен сезімнен туады». Сәуле апайдың күнделігінде ұстаздың сабақ беру үрдістері турасында да көп айтылады. Оның бүкіл ғұмыры университет аудиториясымен байланысты, сондықтан бұлай болуы заңды да. «18.05.1999. Зекең жұмыстан кештетіп келді. Екі сағат лекция, ғылыми кеңес, соның бәрін көтерген. Лекциядан қуат алатынын қайта-қайта айтып отырды. Лекция оқу шабыт екен», – деген сияқты жолдар осы жазбаларда сәт сайын кездеседі.

Қорытынды

Көрнекті жазушы Әзілхан Нұршайықов Зекеңе арналған қоштасу сөзінде: «Сен туралы естеліктер, эсселер, повестер, тіпті «Ұстаз» деген роман да жазылар. Мұханды жазғаның сияқты, сансыз шәкірттеріңнің бірі жазар ондай романды. Жазады, әрине. Дүниедегі ең бай, ең бақытты адам – шәкірті көп ұстаз ғой. Сондай бақыт Әуезовтен кейін саған тиген», – деп еді. Бұл – Қабдоловтың әдебиеттану армиясына қарата айтылған асыл аманат. Бірі болмаса, бірі қаперге алар... Зейнолла Қабдоловтың ғылыми мектебінің бүгінгі аға буын өкілі, парасатты профессор Жанғара Дәдебаев диссертация қорғағанда оның анасы: «Жетектеген жетекшіңнен айналдым, жетекке жүрген сенен айналдым!», – деген екен. Бұл –

Қабдоловтың кафедрасында шындалып, әдебиеттануға тірек болғандардың бәрі де көңіл күнделігінің көрнекті жеріне жазып қоятын саликалы сөз...

Халқымыздың ұлы жазушысы М.Әуезов: «Ұстаз – ұлы есім» десе, З.Қабдолов «ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» деген. Екеуі де нағыз ұстаз бола білді, сол саланың құлағын ұстады. Бүгінде бұл сөз талай ұстаздардың ұранына айналды. Бұл – шын мәнінде Жан Жак Руссоның сөзі. Алайда оны халық жадына сіңірген – З.Қабдолов. Ол әдебиетке әдеппен кірді, төріне жайғасты. Ал, төр оған өз орнын берді. Әдебиет деген киелі өнерге әдеппен келіп, әдеппен кетті. Қос мемлекеттің еңбегі сіңген қайраткері атанды, Жазушылар одағының мүшесі болды. Қазақтың киелі қара шаңырағы, қасиетті білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әдебиет кафедрасын басқарып, шәкірттеріне білім нәрін сыйлады. Ол ұстаздардың ұстазы болды. Шәкірттері әр жерде өз ұстаздарының жолын жалғады. З.Қабдолов артына қалдырған мұраларының ішінен үш романынайрықша атауға болады: «Ұшқын», «Жалын», «Менің Әуезовім» романдары. «Ұшқын, Жалын» романдарынан қазақ әдебиетінде көп ашыла бермейтін әке образының кеңдігін көрсек, «Менің Әуезовім» романынан ұстаздықтың қырсырын үйренуге болады. «Сөз өнері», «Әдебиет теориясы» атты оқулықтары барша оқушылар, студенттер мен мұғалімдердің оқулығына айналды әрі білім берудегі өзекті мәселелерді шешуші теңдессіз мұра болды, солай болып та қалмақ!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ана тілі» газеті №37 13.09.2007ж «Талант тағылымы»
2. «Қазақ әдебиеті» газеті №30,31 27.07.2007ж А.Еспенбетов «Әдебиет – ардың ісі»
3. adebiportal.kz сайты
4. З.Қабдолов «Біз жанбасақ...» Диалогия. – Алматы: Жазушы, 1974.- 439 б.
5. www.ulagat.com білім порталы

ӘОЖ 82-95

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ БАҒЫТЫ

Нұрасила Атаханова

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

Аружан Сүлейменова

6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті ББ 3 курс студенті

aruzhan.suleymenova.03@mail.ru

Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада ұлтымыздың мақтанышы, қайталанбас тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі орны мен ұрпақ білімінің шамын жазуға қосқан үлкен әсері жайлы, әдебиет туралы ойлары туралы жазылған. Ақынның шығармашылық зертханасының ерекшеліктерін, көркем шығармалар жайлы жазған сипаттамаларына анықтама берілген.

Кілт сөздер: ақын, аудармашы, әдебиет зерттеушісі, жазушы, публицист.

Аннотация: В статье рассказывается о роли Ахмета Байтурсынова – уникального человека, внесшего вклад в становление Казахстана как независимой страны, о его роли в казахской литературе и о его большом влиянии на зажжение свечей знаний сегодняшнего поколения, о его мыслях о литературе. Дается определение особенностей творческой лаборатории поэта, описаний, написанных им о художественных произведениях.

Ключевые слова: поэт, переводчик, литературовед, писатель, публицист.

Annotation: The article tells about the role of Akhmet Baitursynov, a unique person who contributed to the formation of Kazakhstan as an independent country, about his role in Kazakh literature and his great influence on lighting the candles of knowledge of today's generation, about his thoughts about literature. The definition of the features of the poet's creative laboratory, descriptions written by him about works of art is given.

Keywords: poet, translator, literary critic, writer, publicist.

Бір ғасырда біртуар перзент болады. Ес білгелі танып, біліп оқитын Ахмет Байтұрсынұлы жайлы осы күнге дейін біршама деректерді білеміз. Оның өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны мен біркелкілігі, жинақтылығы мен жеңілдігі жағынан қазақ әдебиетінде алдыңғы қатардан орын алады. Сонымен қоса ұлы ағартушымыз жайлы замандастары да өз ойларын жазып кеткен. Сәкен Сейфуллин ақын жайлы: «Өзге қорлыққа қарамастан құлдыққа көніп, патша өкіметіне қарсы тұрып, қазақтың намысын ойлап жаны ашыған адам жалғыз Ахмет еді», – деген екен. Ақынның ойшылдық көзқарасы, суреткерлік бейнесі қазақтың салты, қазақтың қалпында жақсы бейнелене көрсетілген. Сол кездегі қазақ елінің жағдайы мен қазіргі жағдайды салыстырсақ үлкен өзгеріс бары сөзсіз. Ал сол өзгерістің бірден бір себепкері бола білген адам ол – Ахмет Байтұрсынұлы.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннан кейінгі еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған, мәдениет қайраткері, жас кеңес үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 28 қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші ауылында, Сарытүбек деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Торғай ауданы, кешегі күнге дейін Южный деп аталған, ал бүгінгі күні Ахмет Байтұрсынұлы атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген [1,8].

Әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтау жасаған. Әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған Ахмет Байтұрсынұлының жекелей ғалымдығына келсек, ірі лингвист, осы күнгі қазақ тіліндегі барлық терминдердің атауы қазақ тілінде Ахаң аударған терминдер, біз сол атаулармен атаудамыз. Әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы, біздің дәуірдегі қоғам қайраткері, болашақ халқының қамын – «бітпейтін жүрегімде бар бір жара» деп, өмір бойы ойлап, ақырғы демі біткенше халқы үшін еңбек еткен алып тұлға.

Бала кезінде әкеден, ағадан тірідей айрылып, жауыз патша жендеттерінің қолынан қаза тапқан қадірлі адамдарының жазықсыз жандарды қорғаймын деп, халқы үшін өмірлерін қиған ардақты екі азаматтың опат болғаны жас Ахмет жүрегіне жазылмас жара салған еді. Жас сәбидің жүрегі сол жылдарда-ақ патша заманының зұлымдығына мұз болып қатып, жүрегіне жара болып жабысқан еді.

Алғаш-ақ қазақтың еркін жайлаған жерін таптап, ғасырлар бойы мекендеген жерін алып, орыс переселендеріне беріп, халқын қараңғыда ұстап, езіп-жаншып отырғанын ең алғаш көрген де Ахаң еді.

Әдебиеттану саласында Абай шығармаларының халықтық сипаты, түрлі жанрлары, поэтикалық ерекшеліктері, текстологиясы, жаңашылдығы тарау-тарау, сала-сала сараланып талданады. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров тұғырын тұрғызып дәстүр бастаған абайтану ғылымы бір ғасырдың ішінде қанатын кеңге жайып тереңдеп кетті [2,48].

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында мысал жанрының қазақ әдебиетінде кең орын алуына Абай, Ыбырай, А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, А.Құрманбаев, т.б. ақын жазушылар айтулы үлес қосты [3,31].

Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиеті әлемімен байланысы ұзақ ғасырларға кеткен, өзара рухани жағынан да тақырыптық-мазмұндық тереңдігімен де ұштасып жатқан әдеби даму заңдылығының жемісі. Ол жөнінде қазақ ғалымдарының еңбектерінде жазылып,

зерттеліп келеді. Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезовтің, Шәмшиябану Сәтпаева, т.б. еңбектерінде бұл шығармашылық рухани байланыстың ерекшеліктері мен көріністері, негізгі заңдылықтары мен сипаттары жан-жақты жазылды. Әсіресе, «кітаби ақындар» аталып жүрген ақындардың туындылары, діни қиссашылдар мектебі, нәзирашылық дәстүр жөніндегі талдаулар көп мәселенің ғылыми байыбын ашып көрсетеді.

Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы – дүниедегі өмірдің өзіндей байтақ, мынау жарық дүниенің даласындай дархан ғажайып тұлға, халқымның маңдайына біткен абзал азаматы, асқар таудай арысы, өмір жолы мәңгілікпен астасып, ғасырлардан ғасырларға ұласып, сан ұрпағымыздың елдік мектебіне айналған асыл ардагер азаматы.

Өткірсің наркескеннің алмасындай,
Жүйріксің полный ходтың арбасындай..

Сен сұңқар,көңілі соқыр сенімен қас,

Өзінің болмады деп қарғасындай,-деп Сұлтанмахмұт Торайғыров ақынның ерекше қасиетін жырлап кеткен.

...Ахмет Байтұрсынұлы – қарапайым адам емес, оқу оқыған көзі ашық адам. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, ұлттық дауысын шығарған адам... Қалың қазақтың ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді,» – дейді Сәкен Сейфуллин («Еңбекші қазақ» газеті, 30.01.1923 ж)

А.Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкері шындықты айтады, ол – білімге, жігерлікке ұмтылған намысшыл ел қорғаны. Бұл өлеңдерге дейін елін сынап отыру, оның кейбір кемшіліктерімен күресу, елі үшін күнірену, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шернияздың өлеңдерінде кездескенімен, еліне қамқоршы бола білу, өзін елі үшін жауапты санау Абайдың ғана өлеңдерінде айқындалған эстетикалық жай еді.

Асылы, жиырма екі жастағы мұғалім Ахмет Байтұрсынұлының бар мақсаты - қалың ұйқыдағы халқын ояту, сөйтіп азаттық пен теңдік жолындағы әуре-сарсаңы, қуғын-сүргіні жетіп артылатын, қилы кезең сапарында мүмкіндігі жеткенше көшбастар серкесі болу! Оның үстіне қазақ даласындағы Ыбырай Алтынсариннің мектебіндегі қоңыраудан тәрбие алған, халық ауыз әдебиетінің небір үлгілерінен, Абай поэзиясынан талай-талай нәрселерді зердесіне түйген адамның ұстаздық жолды таңдап алмауы мүлде мүмкін емес болатын. Бұған қоса өз дәуірінің, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы Россиядағы әралуан әлеуметтік толқулардың, партиялардың таптық-топтық жіктелулердің замана лебіне сәйкес іс-әрекеттерін көзімен көру оның ағартушылық, демократиялық көзқарастарының қалыптасуына айрықша ықпал еткені сөзсіз. Сондықтан шығар Ахмет Байтұрсынұлы мұғалімдік сара жолында - үгіт-насихаттың пәрменді құралы ретінде баспасөз бен әдебиеттің атқаратын рөлін мейлінше зор көрегендікпен терең сезінген, ерте сезінген. Оның алғашқы мақаласының 1895 жылы жарық көріп, оның "Казахские приметы и пословицы" деп аталуының, орыс тілінде жазылуының өзі көп нәрсені аңғартады [4,11].

Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, танып тастаған себепті әдебиет көпке дейін өңдеп өсе алмай, мешел болып, аяғын баса алмай жатқан, сол күйінде тұрғанда орыс үкіметінің саясаты келіп килігеді.

Жазба әдебиеті екі дәуірге бөлінеді: 1. Діндар – дәуір, 2. Ділмар дәуір. Діндар – діншіл деген мағынада, ал ділмар – тілшең деген мағынадағы сөздер.

Жазу әдебиеті деген жазылған шығармаларды айтады және жазу әдебиеті 3 түрге бөлінеді:

- Ертеқ (әңгіме)
- Толғау
- Айтыс-тартыс

Жазу әдебиетінің ертеқ түріне кіретін сөздері – ауыз ертеқ, ертеқ жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау тобына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл-күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс тобына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ; ашып

айтқанда, ауыз әдебиетте айтыс-тартыс түріндегі шығармалар жалғыз қазақта ғана емес, басқа жұрттардың да ауыз әдебиетінде болмаған, айтыс-тартыс түрдегі шығармалар өте шеберлікті керек қылғандықтан, өнер күшейген кезде шыққан [1,163].

Жазылған шығармалар қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шық-қан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған.

Діндар жағының басымдығымен айтылатын түрлері: қисса, хикаят, насихат, мысал, кінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме. Бұлардың әрқайсысына қысқаша сипаттама беріп өтсе:

Қисса – өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әңгімелер. Бұл әңгімелер қазақ тұрмысынан сөздер емес, басқа жұрттардың ертекері. Насихат дегеніміз-ақыл, үгіт мағынасындағы сөз, діндар дәуірдегі үгіт өлеңді насихаттаушылар насихат деп атаған.

Діндар дәуірдің айтыс өлеңдері де дін әсерінің күштілігін көрсетеді: ақындар айтысқанда бірін-бірі сүрінту үшін, дінге, шариғатқа теріс ғамалдарын көрсетіп сүрінтуге тырысады. Шариғатқа теріс істерін мін қылып мүдіртпек болады.

Ақындардың толғауларында да діндар дәуірдің жырларында да дін әсері бар. Ғашықтық толғауларда мұсылмандық, кәпірлік, шариғат сияқты нәрселер айтылмағанмен, діндар дәуірдің тіл әсері айқын көрінеді [5,317].

Ауыз әдебиеті мен діндар дәуір термесі бірдей. Жалғыз-ақ діндар дәуір дін сөзін көбірек қатыстыруымен ерекшеленеді. Мысал үшін діндар әдебиет термесінен қарастырсақ. Шортанбай термелері:

Атамыз Адам Пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір халайық
Сол Адамнан таралды.
Мұсылманға бұйырған
Көкірегіне қадалды.
Ұрлық пенен қарлықтан
Бойынды тартып, тек жүрсең,
Көрмессің деген залалды...

Діндар дәуірдің даттау өлеңінде сөгу, жамандау, айбын, мінін айту болып келеді. Даттау табына бір адамның басындағы мінін айтқан сөз де кіреді, бүтін елдің, халықтың басындағы мінін айтқан сөз де кіреді. Үйіне қондырмаған, қонақасы оңды бермеген сияқты ұсақ себептерден реніш етіп даттаған [1,171].

Халықтың әдеби мұраларын жинастырып, ел игілігіне айналдыру ісі – XIX-шы ғасырдың екінші жартысында басталған. Қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Ш.Уәлихановтан бастау алған игі іс қазақ зиялыларының да ұрпақтық парызына айналды. Өз ұлтының мүддесі үшін – ұлттық сана сезімнің дамуындағы әдебиеттің маңызын түсініп, ескі ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын жинап, қайта шығаруды олар да қолға алды. А.Байтұрсынұлы да ел аузынан «Ер Сайын» жырын жазып алып, оны Мәскеуде 1923-ші жылы Ұлттар Комиссариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасында бастырады. Жинақтың ішкі мұқабасындағы: «... жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткеруші» деген қысқаша мәлімет, бұл жұмыстың негізі тереңде жатқанын аңғартқандай [6,194]

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ елінде жазба әдебиеттің пайда болуын діншіліктің таралуымен сабақтастыра, «қазаққа жазу дінмен келген» дейді. Ғалым алғашқыда дінді насихаттау мақсатында қожа, молдалардан таралған діндар әдебиеттің тіл ұстартуды ойламағандықтан көркемдігі төмен болып, шеберлік жағынан дәстүрлі ел әдебиетінен әлдеқайда қауқарсыз келетіндігін жаза отырып, «қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолла сияқты ақындар шыққаннан кейін жазба сөздер бітегене дәмділенгенін» ескертеді. Бұл ойды еске салғанда, әдебиеттің дамуы жолындағы жеке тұлғалардың ақындық, суреткерлік қуатының айрықша қызмет атқара алатындығын айта

отырғанның артықтығы жоқ. Сөз жоқ, Шортанбай, Дулат, Махамбет, Абай сынды дара тұлғалардың дарыны, қабілеті, білімі мен талантты әдебиетті қай жағынан да байытты, түлетіп түрлендірді. Сондай-ақ, кейбір әдеби ағымдар мен мектептер қауым рухымен толық сіңісіп, жарасып кеткенше, толық қалыптасқанша белгілі дәрежеде үйлесімсіздік байқатты. Айталық, діни сарыңдағы әдебиеттің келуі, дәстүрлі мәдениеттің екінші бір ежелгі желілеріне кедергі келтіріп те жатты. Діндар әдебиет дендеген тұстарда домбыра тарту, ән салу, өлең айту секілді дәстүрлі ғұрыптық әдебиет пен өнер үлгілерінің өзіне көлеңке түскендей сезілген. Діндарлық сарын әлеуметтік ағымдағы басымдығымен қазақтың әзелден туа бітті зайырлы мәдениетіне тиым салғысы келсе керек. Еркін тынысты қазақ әдеби дәстүрі шариғаттың сондай шідерін үзіп кетіп отырған. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы анықтамасына жүгінсек "Жазу әдебиетпен қатар қазақтың ауыз әдебиеті жоғалмастан түгел күйінде сақталған". Түркі даласына Исламның таралуы ІХ-Х ғасырлар шегінен басталғандығын ойға алғанда, қазақ қауымында жазу әдебиеті мен ауыз әдебиетінің қаншама заманалар бойы жарыса үзеңгі қағыстыра өріліп, өрбігенін көзге елестету де қиынға соқпас.

ХІХ ғ. екінші жартысында өмір сүрген қазақ ағартушы-демократтары Шоқан, Ыбырай, Абай, онан кейінгі қазақ зиялылары: Шәкәрім, Ш.Бөкеев, С.Торайғыров, М.Сералин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Ж.Көпеев, М.Қалтаев, Ө.Тәңірбергенов, К.Жанатаев т.б. еңбектерінен оқу-ағарту, өнер-білім, адамгершілік, ар-ұждан, борыш, парыз мәселелерінің ғылыми – философиялық тұрғыда тереңірек қарастырылғанын көреміз.

Жалпы мақаланы қорытындылай келе, Көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәндерін анықтау жолында ұлттық әдеби теориялық ой-пікірлерді ғылыми бір жүйеге салған, әдебиет теориясында ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын ашқаны ол ақынның үлкен еңбегінің жемісі. Иә, ұлт ұстазы түрлеген ана тіліміз бен оның еліне қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсетіндігіне еш күмәніміз жоқ. Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегі халықтың асыл мұрасы, әрбір жазған шығармасы елдің ертеңі. Ендеше, «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса» деп өзі айтқандай, оның әрбір туындысын бойымызда берік сақтап, жас ұрпаққа үйреткенде ғана еліміздің ертеңі жарық болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынов. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. – 208 бет.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 5-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2006. – 555 бет.
3. «Жазған сөз жаным ашып алашыма...» /А.С.Ісімақова.– Алматы: «Елтаным баспасы», 2015. – 304 бет.
4. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы: «Ел – шежіре», – 2013. Т. І: – 384 б.
- 5.Имаханбетова Р.С. ҒАСЫР САҢЛАҒЫ: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010. – 304 бет.Мұрағаттық суреттер, деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4-том. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 438-б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКА НЕМЕСЕ ОҚЫТУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ӘДЕБИ

(Ғалым З. Қабдоловтың педагогтік шеберлігі аясында)

Баян Керімбекова

С.Демирель университетінің профессоры

Жоғары оқу орнында сабақ беретін оқытушының бәрі өзінің айналысып жүрген тақырыбы бар, айтары бар ғалым болуы мүмкін, бірақ бәрінің бірдей тыңдаушы ұйытатын шебер лектор болмауы мүмкін. Біз мұны кемшілік деуден аулақпыз, алайда жетістік емесі де белгілі. Сонда білетін бар білімді тыңдаушының құлақпен емес жүректпен қабылдай алуы үшін не істеу керек?

Кез - келген мұғалімнің өз ісінде табысқа жетуі оның сөйлей алу қабілетімен, тілді дұрыс қолдана білуімен тығыз байланысты. Педагогтің кәбіби сөйлей білу, сөзбен қарым - қатынас жасау құзіреттілігін педагогтік риторика деп аталатын арнайы сала қарастырады. Оқытушы тілінің анық, жүйелі, болу сапалы қажеттілігінен туындаған бұл сала ХХ ғасырдың 70 жылдары өз алдына жеке пән ретінде қалыптасты. **Педагогикалық риторика пәнінің басты мақсаты** - кез -келген мамандықты меңгеретін, дәріс беретін оқытушының сөйлеу мәнерін, үйрету тілін өз саласына сай қалыптастыру. Ең алғаш Ресейде Москва мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры Н.А. Ипполитованың «Педагогикалық риторика» курсының бағдарламасы жарық көрді.

Ал Қазақстанда қалай? Бүгінгі қазақ тілді оқытушының тілінің қаншалықты анық, жүйелі, әуезді екендігін зерттеп, жалпы сөйлеу құзіретін дамытуға бағытталған курстар бар ма? Бәлкім, ораторлық өнер, пәндерді оқыту әдістемесі аясында қысқаша тоқтылып өтілер, дегенмен, өз басым кезіктірмедім. Осыдан келіп, неге осы өзіміз көзін көріп, дәрісін тыңдаған, тыңдап қана қоймай, сүйсінген, дәрісінен демалып, қанаттанып шыққан ұстаздарымыздың лекторлық қырларын қарастырмасқа деген ой келді.

Біз Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетініне 1997 - жылы түстік. Ол кезде бүгінгідей бір сыныптан тоқсан, жүз пайыз грантқа түсу деген болмайтын. Елімізге тест жүйесінің енді келе бастаған кезі болғандықтан ба, әлде, халықтың баласын жаппай Алматыға (Астана әлі астана бола қоймаған) әкелуге жағдайы болмағандықтан ба, жоғары оқу орнына әр сыныптан ары кетсе он шақты оқушы түсетін. Сөйтіп қыркүйектің бірінде Қазақстанның түкпір- түкпірінен бағы жанған, бабы келісіп, Казгудің филология факультетіне түскен студенттер сабағымызды бастап кеттік.

Қобалжу, танданыс, жатырқау, сағыныш сынды сезімдер араласқан алғашқы күннің бірінде «Әдебиеттануға кіріспе» сабағының лекциясы болатынын, лекцияны Зейнолла Қабдоловтың өзі оқитынын білдік. З. Қабдолов есімін өз басым университетке келгенге дейін естімеген едім. Жатақханаға орналасып алған біздер жоғары курстардан қай пәннен қандай апай-ағай беретінін, қатал ма, жұмсақ па, қалай сабақ айтқан дұрыс, т.с.с «пайдалы кеңестерді» алып үлгерген едік. «Сендерге Зейнолла Қабдолов лекциясын өзі беретін шығар. Семинарын Мәмбетов Жолдас ағай береді», «З. Қабдолов М. Әуезовтің тікелей шәкірті ғой!», «Қабдоловтарға Әуезов сабақ берсе, біз сол Әуезовтің шәкіртінен лекция тыңдайды екенбіз ғой!» деген әңгімелерден соң тезірек Қабдоловтың сабағы болса екен деп қызығып қалғанбыз.

Студенттерге ұнайтын (неге ұнайтынын ұйқысы қанбай жүретін студенттер жақсы біледі) алтыншы зал ма, үшінші зал ма, нақты есімде жоқ. Үлкен аудиториялық толы. Біз филология факультетінің үш топ 1- курс студенттері бар, оған қоса журналистика факультетінің 1 – курс студенттері қосылып (оларға да осы пән өтілетін еді), дуылдаса атына сырттай қанық Қабдоловты отырмыз. Көп күттірмей баяу басып, Ұстаз кірді. Зал тыныштала қалды. Дәл сол сабақта мына тақырыпты айтып еді десем, өтірік болар. Өйткені, менің есімде тақырып емес, ағайдың аялай қарайтын жанашыр жанары мен жағымды дауысы қалыпты. Айтпақшы, залдағы студенттердің ішінде З.Қабдоловты танымайтындары да болды. Лектор «Әдебиеттануға кіріспе» пәні жайлы, анығында әдебиеттің сөз өнері

екендігі жайлы біраз мәселе айтқан соң, пайдаланатын әдебиеттерді айта бастады. Орыс тілінде біраз әдебиеттерді ретімен айтып, қазақ тілінде оқуымыз керек кітаптарға кезек келді. Ағай ақырын ғана «З. Қабдолов. Сөз өнері» деді. Сонда отырған студенттің бірі: «Ағай, Қабдоловтың аты кім?» демесі бар ма? Зал ду күлді.

Өзіміз оқытушылық жасап жүрген соң көпшілік алдында сөйлеудің қиындығын, оқытушының кәсіби сөйлеу тілінің қаншалықты маңызды екендігін түсінеміз. Бүгінгі күнде, әсіресе, образбен ойлауға, әуезді сөйлеуге өткеннің еншісіндей қарайтын болдық. Лектор ретіндегі мақсатымыз тек түсіндіру, айтумен шектелуде. Аудиториядағы сөйлеуші тілінің жүйелілігімен қоса жайлылығы назардан тыс қалып жатқандай.

Сонымен, З. Қабдоловтың алдынан өткен шәкірттерінің бәрінің ол кісінің дәрісін ерекше сағына еске алуының сыры неде? Осы сұраққа жауап тапсақ, студент алдындағы оқытушы тілі қандай болу керек деген сұраққа жауап табармыз. Ғалым Р. Сыздықова "Сөз құдіреті" еңбегінде (1997) шешендік сөзге қойылатын мынадай 4 шартты атап көрсетеді:

1. Әлеуметтік мәні бар әңгіме болуы керек, ол белгілі бір жиын, топ көбінесе шаршы топ (көпшілік алдында) айтылатын сөз болуы қажет;

2. Айтылатын сөздің дәлелі (кімге, неге, не мақсат көздей айтылғандығын түсіндіру, ойланту) болуы шарт;

3. Тыңдаушыға әсер ететін эстетикалық қасиеті, тілінің айшықты, астарлы, әуезді дегендей көрікті болуы қажет;

4. Көпшілікке қаратыла айтылған сөз баршаға түсінікті, ойы (идеясы) айқын болып келуі. Осы шарттар орындалған күнде ғана шешендік сөз, яғни шаршы топ алдында айтылған сөз тыңдаушылардың ақыл-ойы мен еркіне әсер етіп, оларды белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыратын сөз болып шығады. Енді З. Қабдоловтың дәрістерін осы шарттар аясында қарастырып өтейік.

Ең алдымен ол кісі дәрісте бос, қажетсіз сөй айтпайтын.

Екіншіден, ұстаздың әрбір айтқан сөзі тыңдаушысын ойлантатын.

Үшіншіден, бәлкім бұл Қабдоловтың өз болмысы болар, ол кісі үлкен эстет еді. Сөздері де соған сай студенттерге эстетикалық ләззат сыйлайтын.

Төртіншіден, З.Қабдолов аудитория ауанын жақсы аңғаратын. Әр курстың дейгейіне қарай көсіліп, тыңдаушының санасына, сезіміне әсер ете алатын.

Ал енді жоғарыда өзіміз атап көрсеткен ұстазымыздың деңгейінде дәріс өткізе алу үшін педагог тілінде не болмауы керек дегенде осы саланы зерттеушілердің ойы мынаған саяды:

- Сөйлеуші тілінің түсініксіздігі, терминдердің шектен тыс көптігі, құрғақ теорияның ғана болуы;

- Аудиторияның жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін назарға алмау;

- Педагогтің өзінің тақырыбына деген қызығушылығының төмен болуы;

- Бірсыдырғы сөйлеу;

- Артық сөз, көпсөзділік;

- Тавтология, яғни таптаурын ой, таптаурын тіркестің болмағаны жөн;

- Өзін өзі қайталау, т.б. Жоғарыда аталғандар оқытушы дәрісінің қаншалықты мазмұнды болғанына қарамастан аудиторияның тақырыпты меңгеруіне кері әсерін тигізері анық.

Сонымен студентті баурап алу үшін, олардың назарын аудару үшін лекция қандай болуы керек? Бұл сұраққа да академик жазушы, шын мәніндегі ұстаз Зейнолла Қобдоловтың педагогтік шеберлігі аясында жауап беріп көрейік.

Ең алдымен, З.Қабдолов өз дәрістерінде риторикалық сұрақтарды көп қолданатын. *Риторикалық сұрақ - тыңдаушы ықыласын аудартып, белгілі бір тақырып тәңірегінде ойлантудың тиімді бір тәсілі.* Қабдоловтың лекциясына қатысқан әрбір студенттің есінде ұстаздың :

Сен жанбасаң лапылдап,

Мен жанбасам лапылдап

Біз жанбасақ, лапылдап,

Аспан қалай ашылмақ (Назым Хикмет) деп шабыттана оқығаны есінде қалғаны анық. Сабақ барысында ұстаздың өзін де студенттерді де тебінтетін сәттері жиі болатын.

Риторикалық таңданыс - 3. Қабдолов лекциясындағы сәтті тактиканың бірі болатын. Алайда ол кісі бекерден бекер таңдана бармейтін. Қандай да бір қаламгер шығармашылығындағы ұтымды қолданыстар, қайталанбас қайырымдарды қалт жібермей, оны қайта- қайта оқып, тыңдаушының жүрегінен орын тауып беретін. Абайдың «Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс» деген жолдарынан біз, студенттер де саусағын жайған жүректі расымен көргендей -ақ тамсанатынбыз. Осылайша, образды ойлауға үйрене бастады. Бүгінгідей өмірімізді прагматикаға құрған заманда, образды ойлау тұрмақ, ап-анық ойды оқушыға жеткізе алмай жүргеніміз жасырын емес.

Әдетте біз сабақ барынша түсінікті, оқытушы тілі мейлінше қарапайым, түсінікті болу керек деп ойлаймыз. Осыдан келіп оқушылардың қарапайым құраламдарды білмейтіндігіне, тіркестерді түсінбейтініне налимыз. Сондықтан оқытушы тілінің көркем болғаны дұрыс деп ойлаймыз. Тақырыпты ашатын теңеулер, есте сақталатын эпитеттер, қуатты қайталаулармен берілген, сіңірілген ақпараттың оқушы жадында сақталып қалары анық.

Тосын әңгіме, өмірде болған, өз басынан өткен өнегелі жайттарды тақырыпқа орайластырып айта алу - 3. Қабдолов тапқырлығының бір дәлелі десек болатын шығар. Мұндай мысалдар сабақтың жанды өтуіне, студенттің өзін еркін сезінуіне, ойын қысылмай айтуына әсер етуі мүмкін.

Дауыс, мәннер, тембр, интонация - Қабдолов лекцияларының әуезділігін құрайды. Кей сәттерде өнер адамының алдын -ала дайындалған сәтті қойылымын тамашалап отырғандай әсерде боласың. Осындайда, хакім Абайдың «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі» деген ойы еске түседі. Осыдан келіп, шын мейірленген лектордың да дәрістері студенттерге ұғынықты, қызық әрі ұзақ сақталарлық болады екен ғой деген ой қалыптасады. Расымен, де ең жақсы тыңдаушы - қызыққан тыңдаушы емес пе?

Біз аталған мақалада ұстаз, ғалым, жазушы Зейнолла Қабдолов дәрістеріндегі оқытушылық, лекторлық ерекшеліктерге, педагогикалық риторикасына аз- кем тоқталдық. Болашақта осы ғылым аясында өзге де ұстаз ғалымдардың сабақ өту барысындағы сөйлеу құзіреті қарастырылса деген тілегіміз бар. Өйткені, жас маман үшін мұндай зерттеулер өте маңызды әрі қажет.

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ АҢЫЗДАРДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Н.Т. Набиева

Ш.Есенов атындағы КТИУ

«Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Б.Ә. Көшімова

Ш.Есенов атындағы КТИУ

*«Қазақ филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры
Ақтау қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа: Мақалада Маңғыстау өңірі жер-су атауларының мазмұнында халықтың тарихы мен мәдениеті жатқанын таныған, зерттеуге шақырған, Маңғыстау жер бедерінің өзіндік ерекшелігін көрсететін топоэлементтерді айқындаған Әбіш Кекілбайұлының шығармаларындағы тарихи және мифологиялық аңыздарға талдау жасалады. Жазушы топонимдік таңба – тұрғылықты халық тарихы, маңызды оқиғалары деген сызба жасайды.

Жазушы еліндегі аңыз кейіпкерлерінің тарихи тұлғаға, аңыздың тарихқа айналдырылуын автордың өзі: «бұл өлкенің сұсты табиғатынан осынша көрік табу үшін қырағы жанар, ұшқыр қиялмен қоса шынайы ақын жүрек те керек шығар» деп түсіндіргеніндей, біз айтар едік, өз жерінің шынайы азаматы да болуы керек деп.

Кілт сөздер: Маңғыстау, топоним, мифологиялық аңыз, мәтін, жер-су атаулары, тілдік тұлға, концепт.

Маңғыстау топонимдеріне, алдымен, назарын тілшілер емес, жергілікті халық, ел азаматтары, жазушы, журналист, ақындар салды. Оның ішінде өңір жер-су атауларының мазмұнында халықтың тарихы мен мәдениеті жатқанын таныған, зерттеуге шақырған, Маңғыстау жер бедерінің өзіндік ерекшелігін көрсететін топоэлементтерді айқындаған жазушы Ә.Кекілбайұлы болды. Маңғыстау жерінің топонимдерінің денін жазушының «Ұйқыдағы арудың оянуынан» көруге болады. Шығарма дәл бір осы өңірдің сөзбен салған картасы іспеттес.

«Маңғыстау қашаннан да зердесі даңғыл, қиялы жүйрік адамдардың мекені болса керек. Мындаған көне көз ескерткіштерін былай қойғанда, өлкедегі жер-су аттарының өзі-ақ соны айғақтағандай. *Жаңғақтың ойы, Арпалы ой, Қайыңды, Кендірлі, Қауынды, Жиделі, Ағашты, Теміртапқан, Мұнайлы, Жездібас, Керіз* – қазбалай түссең өлкенің өткен дидарынан сыр шертердей» [1. 324]. Автор жер-су атауларынан халықтық таным, эстетикалық талғам, ұлт менталитетін таниды. «*Қаңға, Есентүбек, Ерсары-қайрақ, Оғыланды, Ноғайтөбе, Қырғын, Хан жайлауы, Хан қыстауы, Байтақ, Шаңқала, Арыстанбұғы, Сұлтан-еспе, Дәніспан, Қызылтам* – түп мағынамды тарата берсең, тарихтың талай қойнауын сүзіп шығар ең деп тұрғандай» [1. 324]. деп, топонимдік таңба – тұрғылықты халық тарихы, маңызды оқиғалары деген сызба жасайды.

«Ал енді мына аттарға зер салыңызшы» дейді жазушы: *Көрікті төбе, Сұлу торпа, Тәуір қыр, Сырлы тепсең, Сырлы тамшы, Тамшылы, Жабағылысаз, Қыземшек, Күркіреуік, Қаракөз, Дәурен-биік, Ақша оймақ, Көрпешік, Өрмелі...*» «Ол төңіректегі жер аттары да қызық: *Бес оқты, Қыз қырылған, Жеті мұнара...*» Жер-су атауларының авторы – халықтың көркемдік ойлау жүйесінің биіктігіне меңзейді: «Ақынжанды маңғыстаулықтар ұлдарына қоймайтын жақсы аттарды жерлеріне қойып баққан» [1. 324].

Ал жер атауларының пайда болуындағы тарихи және мифологиялық аңыздар атау – таңба, аңыз – мазмұн, тұрпат пен мазмұн бірлестігін көрсетеді.

Біз Маңғыстау жер-су атауларының пайда болуына қатысты халықтық аңыздардың көбін негізінен осы Ә.Кекілбаевтың шығармашылығынан таптық.

Мысалы, Бейнеу ауданында *Күйкенұшқан* деген тау бар. Бұрынғы атауы *Аралтөбе* болған. Жазушы осы атаудың ауысуы туралы мына деректі баян етеді: «Бейнеу ауданы Ащыағар сайдың бойында отырған ноғайлы ауылдарын андыс қалмақтар шабады. Олар Ноғайлының ақылшысы Орманбетке бізге көн деп талап қояды. Би көнбейді. Қалмақтар оны өлтіріп, қалған он бір биді шақыртады. Он бір би қалмаққа келе жатып, Манашы мырзаның үйіне түседі, оған бізбен бірге жүр дейді. Оларға Манашының шешесі еріп келеді. Ащыағар сайдың бойында он бір би: Үш күнде қайтып келеміз, елді көндіріп келеміз деп, Манашыны аманатқа тапсырып кетеді. Бірақ, қорқақ билер үш күнде келмей, ауылдарын жасырып көшіріп әкетеді. Қалмақтар Манашыны кескілеп өлтіреді. Оның күйігіне шыдай алмаған анасы Аралтөбе тауының бір шыңынан ұшып өледі. Содан бері бұрынғы *Ащыағар* сайы *Манашы*, *Аралтөбе* тауы *Күйкенұшқан* аталып келеді» [2. 59]. Топонимнің бұлай аталуына – ана махаббаты, екінші ел намысы мотив болған. Ел намысын өз өмірін қиып қорғаған ананың есімін мәңгі аймақ атауына айналдырған халықтың биік адамшылық қасиеті, мүдде құндылықтары осы атау беру процесінде көрініс тапқан: *Аралтөбе* атауын ел ерікті түрде *Күйкенұшқан* атауына ауыстырған. Ал *Ащыағар* сайы қалмақтардың қолына шақыртусыз, өз ықтиярымен барып, аманатта қалған мырзаның, билердің қорқақтығының құрбаны болған, нақақтан өлтірілген кісінің есімін алады. Мұнда сол дәуірде өмір сүрген жергілікті халық дүниетанымындағы қорқақтықты табалау, бассауғалаушылықты, өз жанының амандығын ойлаушылықты мүлде аластау таңбаланған.

Қамысбай қорымы деген Маңғыстау ауданында жер бар. Атаудың аталу уәжіне жазушы мынадай ел аузындағы деректі келтіреді: «Ертеректе Қамысбай Төлекеұлы дейтін дәулетті адам ел жайлауға шыға көш жөнекей дүние салыпты. Руластары ел ішінде үлкен беделді адамды сонау артта қалған ата қауымға – марқұмның бабалары жатқан зиратқа жерлегенді жөн көреді. Өлік артқан қаралы көш ізінше кейін бұрылады. Шілденің ыстығына шыдай алмаған мүрде жол-жөнекей бұзыла бастайды. Қаралы көш қазіргі зират тұрған қара жонға кідруге мәжбүр болады. Өлік сонда жерленеді. Сол күннен бастап әлгі жон Қамысбай атанып кетеді» [1. 300]. Оның себебі, біріншіден, бұл жонның атауы жоқ еді. Екіншіден, Маңғыстау елінде белді адамдардың қойылған жерін қорымға айналдыру дәстүрі бар-тын. Үшіншіден, Қамысбайдың ортаймас дәулеті халық санасында құндылыққа айналады. Сонда бұл жонның Қамысбай Төлекеұлының есімімен аталуының негізгі мотиві – тірлік берекесі, таймас бақ мәнділіктерінің дәріптелуі.

Мердесай– Түпқараған ауданындағы сай, моланың атауы. Бұл жер атауы туралы Ә.Кекілбаевтың мына дерегі бар: «Мердтің жалғыз қызы болған екен, қарауында көп жалшылары да болыпты. Жарлы бір қазақ жігіті де соның жалшысы екен. Малы көп, суаратын су тапшы. Әлгі қазақ жігіт сегіз қырлы, бір сырлы өнерлі де, көрікті жігіт болған. Жігіт тауды жарып, көк тастан жол салыпты. Таудың тасын қашап жол салу қандай қиын. Қой тау басынан төмен түсуге қорқып, аяқ баспайтын көрінеді. Қой бастайтын серкені, екі-үш ешкіні еңсіз таудан қашап салынған әлгі төмен түсетін жолға лақтырса, қой артынан шұбырып ереді екен. Бірақ екі қатар болып жүре алмайды, бір қой сиятындай ғана тар жол еді. Жігіт сол төмендегі сайдың етегінен 40 құлаш құдық қазған. Кемпірдің жалғыз қызына сол жігіт ғашық болып, құдықты бітіргесін, екеуі қашып кетеді. Ол күнде қазақ пен түрікменнің қыз алыспаған кезі екен. Мерд қызының артынан қуғыншы жібереді. Қуғыншылар жеткен жерінде атып өлтіріп, екеуін екі жерге бөлек жерлепті. Мердтің өкініші бар екен, өлгенде де қосылмасын деген. Екеуінің тамдарының арасы – 40 қадам» [2. 7 б.]. Бұл таңбадағы топомән дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі танымнан басқашалау. Әдетте сүйіскен, қосыла алмай арманда кеткен ғашықтардың моласы өз есімдерімен аталушы еді. Ел ақ махаббаттарының жолында жандары құрбан болғандардың өмірі пәк сезімнің символындай халық жадында сақталатын. Мұнда топонимге негіз болған мотив – қыз алыспайтын руға қызын бермеген түрікменнің берік ұстанымы, осы ұстанымына жалғыз қызын құрбан қылса да, адал болған жеке басының азаматтығы.

Бейнеу ауданында *Асалы-Көкетай күмбезі* деген сәулет ескерткішінен тұратын жер атауы бар. Күмбез қуғыншылар қолынан қаза тауып, арманда кеткен екі ғашыққа арналған.

Көкетай байдың сұлу қызы да, Асалы – сол байдың жылқышысы, жарлы жігіт. Сөз байласқан екеуі Асалының Жем бойында отырған ағайындарына қашады. Асалы қуғыншылар қолынан қаза табады, ал қыз өзіне қанжар салады. Иә, жазушы тілімен айтқанда: «елі екеуін тең санамаса да өздерін бір біріне сыңар еткен қос ғашық туралы ел аузындағы аңыз, оған куә – жер атауы» Халық адал сезім, берік махаббат дегенге қандай жағдайда да бас иген. Дәулеті, сүрген өмір дағдысы өзінен төмен кедейдің жігітіне ғашық болған қыз, сүйгенінен айырылуды өмірінің мәнінен айырылумен тең көрген қыз, жазасыз опат болған жігіт, міне осылар қос ғашықтың жатқан моласын күмбезге айналдырып, жерді *Асалы-Көкетай* атаптырған.

Маңғыстау ауданындағы *Күйеутам* деген жерді Ә.Кекілбаев «басқа жердің жігіті болған соң аты белгісіз қалған», ал дәл сол сияқты «*Қалматайдың моласы*» дегенде өлген адам жергілікті жігіт болған соң ел атын білген» деп топшылайды. Мұнда өзім-өзге деген мотив бар. Және «*Олжаның қызының тамы*» деген жерде қалыңмалсыз немесе олжалап алған соң өз аты қалмаған болуы керек» дейді.

Жазушы еліндегі аңыз кейіпкерлерінің тарихи тұлғаға, аңыздың тарихқа айналдырылуын автордың өзі: «бұл өлкенің сұсты табиғатынан осынша көрік табу үшін қырағы жанар, ұшқыр қиялмен қоса шынайы ақын жүрек те керек шығар» деп түсіндіргеніндей, біз айтар едік, өз жерінің шынайы азаматы да болуы керек деп. Өйткені автор шығармашылығын қарап отырсақ, «*Мырзайыр деген жер бар-ды ол (Ә.Кекілбаев) үшін жердің кіндігі*», «*Қырымнан туған жерінің қиясын көріп, Ұрымнан ұясын танитын, Бұлағын мұхитта, Құрағын хан бақта ойлайтын, пейіште де түсіне кіретініне сенімді*» тағы да Ә.Кекілбайұлы. Және автор өзі ғана емес, жерлестері де сондай «халде» екеніне шабыттана түседі: «Сол халық тасы табанын қарып, күні мандайын шағып, жүрген осы өлкенің қай нәрсесін де әулие көріп, қасиеттеп келіпті. Оларға айтқызаңыз, *Маңғыстаудың* бұйрығыны мен жусанына жететін шөп 18 мың ғаламның еш жерінен табылмайды. Пейіштің кәусарынан кейінгі су – Ағашты, Оңдының бұлағы». Оларға қой демейді, өзі қоса шабады: «*Өнердің киесі қонған Маңғыстау*» дейді, «*Адай топырағы*» дейді, «Сіздер білесіздер, Маңғыстауға құдай бәрін берген-астына да үстіне де» дейді [3]. *Маңғыстау* топонимінің күллі қазақ санасына «қазақтың жерұйығы» етіп сіңуіне, тілдік атаудан абстракт ұғымды концепт біріне айналуына алдымен осы, автор тілдік тұлғасы себепкер болды деп ойлаймыз.

Жазушы санасында МАҢҒЫСТАУ – ертегідегі өлке, жер бетінде емес, басқа кеңістіктегі басқа өлшемдегі өлке. Мәтіннің шағын үзіндісінің өзінде мәнмәтіннен тыс тұрып, тіпті ертегіде де болмаған жұмбақ өлке мағынасын беретін қаншама таңбалар бар: *жасаған ие, былайғы дүние, жарату, қиял, қиян, көкте самғау, гарыш, белгісіз планета, әлдекім, әлде бір, самұрық.*

Бір қызығы, оның бойынан Алтайдан Атырауға дейін көсіліп жатқан қазақ даласына тән қасиет, қай сипаттың бәрін де табасыз.

*Ал жүздеген шақырымдарға созылып жатқан тақтайдай тегіс тұз сорларды, ондаған шақырымдарға созылып жатқан жылмағай тақырларды, жүздеген шақырым бойы тұяқтан қағар, шашаға жармасар кедергісі жоқ тұлдыр жазықтарды, балкім, басқа ешқайдан да емес, тек осынан ғана таба алатын шығарсыз. Түбектің құбыла бетінен кірсеңіз, теріскей бетінен апарып бір-ақ шығаратын ұзыннан-ұзақ жер асты үңгірлер, айдаладағы түлкінің ініндей тар апаннан басталып, біріне-бірі жалғасып жатқан зәулім кеуектерді шүпілдете толтырып жатқан жер асты көлдер, жылмиған құба түзде жер астынан өзінен өзі жарып шығып жатқан ащы сарқырамалар, жер бетіне өзі көрінбей, күркірей ағып жатқан үні ғана жетіп тұратын тұңғиықтағы өзендер, өз-өзінен опырыла құлап, оқыс ойылып кететін – оқпандар - әй, қайдам, Маңғыстаудан басқа тараптан табыла қояр ма екен?» [4.5]. Шағын мәтінде Маңғыстау жер бедерінің картасы салынған. Өңірге тән барлық географиялық атаулар бар: *сор, тақыр, жазық, түбек, үңгір, жерасты көл, сарқырама, жерасты өзен, оқпан...* Автор жер бедерінің сөзбен салынған сызбасын бере*

отырып, МАҢҒЫСТАУ-ды өзіңізге таныс «Алтайдан Атырауға дейін көсіліп жатқан қазақ даласына» ассоциация жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ә.Кекілбаев. Таңдамалы шығармалар жинағы.7 том //Ұйқыдағы арудың оянуы. – Алматы,1999, 512.

2.Ж.Дүйсенбаева. Әбіш Кекілбаев – суреткер. – Алматы, 2002, 260.

«Маңғыстау» газеті // Маңғыстаудың дариясы халқының көкірегінде (Ақын Есенғали Раушановтың шығармашылығы хақында).

3.Маңғыстау энциклопедиясы//Жер кіндігі атанған өлке. – Алматы, 1997, 384 б.+32 түрлі-түсті жапсырма.

ӘОЖ 82.01

ЗЕЙНОЛЛАҚАБДОЛОВТЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ

Жанат Сүйеуова

*№19 Қ. Сәтпаев атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Атырау қаласы, Қазақстан*

Зейнолла Қабдоловтың ұстаздығы да, жазушылығы да, ғалымдығы да әдемі, әсем болатын. Әдемілік, әсемдік – сөз өнерінің аса айрықша және маңызды сапалық қасиеттерінің бірі. Сөз өнеріндегі әсемдіктің тегі мен түрі, тарихи даму заңдылықтары, құрамдас бөліктері, қоғамдық мәні, мәдени-әлеуметтік қызметі сөз өнері туралы ғылымның, басқаша айтқанда, әдебиеттанудың бірден-бір зерттеу пәні болып табылады. Сөз өнерін, жалпы өнер жайын зерттеуші ғалымдар әсемдік пен әдемілік туралы ойларын біздің дәуірімізден бұрынғы ғасырлардан бастап таратады. «Адам баласының, соған сабақтас көркемдік пен көріксіздік, ерлік пен ездік, жақсылық пен жамандық, білімдарлық пен надандық туралы талаптары тіпті б.э.б. 3-2 мыңыншы жылдарда туып, тұрлаулы ұғымға айнала бастаған», - деп жазды З. Қабдолов. Әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдар ерте-ертеден бүгінгі заманымызға дейін ұдайы даму үстінде. Бірақ әдебиеттегі әсемдік пен әдемілік туралы талаптар мен ұғымдардың дамуы бір басқа да, сол даму негізінде жасалған теория бір басқа. З. Қабдолов әдебиетке, жалпы өнерге тән әсемдік пен әдемілік хақындағы қағидалардың ерте дәуірден бүгінге дейінгі даму заңдылықтары негізінде қазақ сөз өнерінің теориясын жасады.

Ғалым әдебиет туралы теориялық пікірін жалқыдан жалпыға, нақты құбылыстан абстрақтылы ұғымға қарай дамыта отырып түйіндейді. Теориялық қисын, қағида негіздеу дегеніміз – осы. Осы қағиданы дәйектеу үшін ғалым өмірде болған шындық оқиғаның суретін жасайды. Сурет негізінде теориялық қисын ұсынады. Сурет жағымды болмаса да жұғымды, әдемі болмаса да әсерлі. Қисын дәлелді, дәйекті. Нәтижесінде теория нәрлі әрі әрлі болып шыққан. Сондықтан да ол көкейге сезімді қозғап, ойды балқытып келіп қонады. Әдеби шығарманың тақырыбы туралы қағидасын қалыптастыру барысындағы талдауларын ғалым жалпыдан бастайды. «Әдеби шығарма туралы әңгімені тақырыптан бастаған жөн. Өйткені тақырып – өнер туындысының іргетасы», – дейді ғұлама. Тақырып туралы пікір осылай жинақталып, тұжырылады да, содан кейін осы қағидаға негіз болатын жалқы, нақты құбылыстар деңгейінде терең эстетикалық талдаулар жасалады. Сол талдауларды жинақтау нәтижесінде тақырып туралы жаңа деңгейдегі теориялық қағида туады: «Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік». Әуелгі қағиданы, белгілі құбылыс туралы жалпы ұғым сипатында қабылдар болсақ, мына қағиданы сол құбылыс туралы нақты ұғым ретінде

қабылдауға болады. Кейінгі анықтама, нақты бола тұра барынша абстракцияланған, сондықтан да оның теориялық маңызы мен мәні алдыңғыдан гөрі әлдеқайда терең. Жалпыдан жалқыға, одан неғұрлым биік деңгейдегі жалпыға, дерексізден деректіге, одан неғұрлым биік деңгейдегі дерексізге ауысудың мұндай үлгілері – ғылыми танымдағы тереңдіктің, талдау мен жинақтаудағы, ойлау мен ой қорытудағы шеберліктің нәтижесі. Осындай тереңдік пен осындай шеберлік сөз өнері туралы теориялар жүйесінің басқа 258 желілеріндегі қисындар мен қағидалардың да келісті мазмұн, кемел пішінмен толық негізделуін қамтамасыз еткен. Қабдоловтың әсемдік әлемінің сәні мен салтанатын асырып тұрған қасиет Жасағанның бейісінің ғажайыбындай алуан түрлі нұр төгіп құлпырады. Сөз өнері туралы сөз, сөз өнері жайлы ғылым, сөзбен сомдалған тұлға, сөзбен шыңдалған шындық, сөз сыры, сөз сарасы, сөз өнеріндегі тек пен түр, сөз өнеріндегі бет пен бағыт... – осылардың бәрін құлпыртып, осылардың бәрінің ажарын ашып тұрған қасиет суреткер, әдебиеттанушы ғұлама тұлғаның жанынан тараған жылу мен жүрегінен шыққан жарықтың құдіретімен тұтасады. Ғылымның тілімен айтсақ, осылардың бәрі суреткердің өмірдегі шындық болмысқа эстетикалық қатынасына, шындық болмыстан өнер туындысын жасау жолындағы шығармашылық ұстанымына, талант табиғатына негізделеді. Сондықтан да әдебиеттану ғылымы мен эстетика үшін, әдебиет пен өнер үшін біз айтып отырған құдіреттің де, қасиеттің де маңызы мен мәні зор. Оларда академикжазушының көркемдік-эстетикалық танымы мен шығармашылық даралығы бар, суреткердің көркем шығармасына арқау етер өмір құбылыстарын таңдауы мен талғауындағы, байқауы мен бағалауындағы, жинақтауы мен даралауындағы эстетикалық заңдылықтардың сырына деген биік көзқарас бар. Сондықтан Қабдоловтың әсемдік әлемінің сыры мен қырын, әсемдік категорияларын тану мен таразылау әдеби ойдың дамуының бүгінгі талаптарымен өзектес көкейкесті мәселе болып табылады.

3. Қабдолов зерттеген іргелі мәселелер жайында басқалардың да ой айтқаны, тұжырым ұсынғаны рас. Олардың маңызы мен мәнін төмендетуге болмайды. Белгілі бір мәселелер бойынша зерттеуші ғалымдардың ойлары мен пікірлері өзара сәйкес келіп, үндесіп жататыны да болады. Мұндай сәйкестік ғылым мен өнерде ең бір үздік деген шығармашылық тұлғалардың арасында да кездеседі. Алайда әдіснамалық негізі берік, іші алтын, сырты күміс сара шығармашылық еңбек өзінің даралығын жоғалтпайды.

Осы ретте Низамидің (1141-1209) «Ескендірнамасында», Румидің (1207-1273) «Месневиінде» көрініс тапқан бір оқиғаға назар аударған орынды болар деп ойлаймын. Низамидің шығармасында Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) Шығыс елдерінің бірінде соғыссыз жеткен жеңісінің құрметіне керемет қақпа (дарбаза, арка) тұрғызады. Оның орыс тіліндегі атауы – «Триумфальная арка». Қақпаның екі жақ бетіне (қабырғасына) заманының асқан талантты екі өнерпазы – бірі румнан, бірі шыннан – өнер жарыстырып, өрнек салады. Екі өнерпаздың ортасына перде тартылады. Екеуі бір уақытта іске кіріседі, бірақ бірін-бірі көрмейді, бір-бірінің не салып жатқанын білмейді. Кезі келгенде, іс бітеді. Өнерпаздар бар өнерін салып жасаған өрнектің беті ашылады. Қақпаның екі жағындағы өрнек көрген елдің көзінің жауын алады. Екі өнерпаздың орталарына перде құрып, екі жаққа қарап тұрып салған өрнектерін көргенде, таң болмаған жан қалмайды. Қақпаның бір жағындағы өрнек пен оған қарама-қарсы тұрған екінші жағындағы өрнек бір-бірінен аумай қалады. Мұншалық толық сәйкестіктің сырын ешкім біле алмай дағдарады. Қолбасы мұның сырын білу үшін қақпаның екі ортасына қайтадан перде ұстатады. Сонда көрген жұрттың көзінің жауын алған өрнек қақпаның бір жағында жайнаған қалпында қалады да, екінші жағынан жоқ болады. Сөйтсе, румдық өнерпаз қара тастан қаланған қақпаның бір жағына керемет өрнек салғанда, екінші өнерпаз қара тастан қаланған қақпаның өз жағындағы бетін асқан шеберлікпен теп-тегіс етіп, айнадай жарқыратып қойған болып шығады. Қақпаның бір жағындағы өрнек қарама-қарсы жақтан тура айнадан көрінгендей көрінетін болған екен. Екі өнерпаздың да өнерінде мін жоқ. Қақпаның бір жағында сурет секілді сәулеті асқан өрнек тұрса, екінші жағында сол сәулеті асқан өрнектің суреті тұрады. Өнерпаздар даналығынан туған осы көріністің мәнін әркім өзінше түсінуге ерікті. Низами

нақты, шынайы ой ұсынады. Румидің пайымдауы бейнелі, астарлы: қақпаның бір жағындағы сурет шындықтың, болмыстың нақты суреті болғанда, қақпаның екінші жағы болмыстың суретін болғандай қалпында айнадай жарқыратып көрсететін кіршіксіз жүрек іспетті. Ал осы көріністі әдебиет пен өнер туралы ғылым тұрғысынан пайымдар болсақ, көңілге, әріге барсақ, Аристотельдің еліктеу теориясының, беріге келсек, З. Қабдоловтың бейнелеу теориясының сәулесі түседі. Соның бәрін қоя қойып, сөзіміздің жүйесіне қайта оралатын болсақ және аздап бейнелеп айтсақ, З.Қабдоловтың шығармашылығында Ескендір Зұлқарнайынның қақпасының екі жағының бірінің ғана емес, екі жағының да қасиеті бар. Ол Ескендірдің жеңіс салтанатына арнап тұрғызған қақпасындағы таңғажайып өрнек секілді тендессіз сән-салтанатымен көз тартады, көңілді баурайды: шынайы, сәулелі, сәулетті, керемет. Өзі ғана сәулеленіп қоймайды, өзгеге де сәулесін түсіреді, өзімен-өзі болып, өзінен-өзін ғана көрсетіп қоймайды, өзгеден де көрінеді. Аңдағанға осының өзінде де заңдылық бар: келісті шығармашылық еңбектің сәні мен сәулеті өзінен-өзі нұрланып, өзгені де сәулелендіреді. Кемел шығармашылық тұлғаның саралығы мен даналығы өшпейді, көшпейді, қайталанбайды, өзгеден көрінгенде де өз болмысымен көрінеді. З. Қабдоловтың шығармашылығының, шығармашылық даналығының мәні осында: өзінен-өзі нұр алып, нұрланып тұрады; өзгеге де сәулесін түсіріп, өзгеден де сәулеленіп тұрады; өзінен өзі өшпейді, өзгеге көшпейді, қайталанбайды; өзгеден көрінгенде де өз болмысымен көрінеді. Осылайша, әдіснамалық негізі берік, іші алтын, сырты күміс сара шығармашылық еңбек өзінің даралығын жоғалтпайды. Зейнолла Қабдолов заңының жалпы сипаты осындай болып келеді. Зейнолла Қабдолов заңының дара сипаттары оның ғылыми шығармашылығының әдіснамалық, методологиялық негізінде.

Ғалымның зерттеу еңбектерінің әдіснамалық негізінің өзгеде жоқ, тек өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Автор, алдымен зерттеу пәні болып отырған белгілі немесе біршама белгілі деген шығармашылық құбылыстың белгісіз, таным үшін соны, тың қырын ашып, оларды танып-білудің ғылыми мәнінің жоғарылығын негіздейді. Содан кейін оны танып-білудің, зерттеп зерделеудің амал-тәсілдерін, жолдарын іздейді. Айналып келгенде, зерттеушінің алдында бірнеше мәселе тұрады: а) зерттелуге тиіс белгілі бір ғылыми мәселені табу мен тану; ә) белгілі бір ғылыми мәселені зерттеудегі мақсат пен шешуін күтіп жатқан міндеттерді анықтау; б) белгілі бір ғылыми мәселені шешудің амал-тәсілдерін, жолдарын, әдістерін табу. Бұлар зерттеушілердің бәріне таныс жай. З.Қабдолов осы таныс жайдың өзінен бейтаныс, бұрын-соңды басқада болмаған, басқаның ойына түспеген, басқаның көзі шалмаған жаңа өріс ашады. Бұған қалай қол жеткізуге болады? Ғылыми-шығармашылық ой белгілі жайдан белгісіз жайға, белгілі құбылыстың мәнінен белгісіз құбылыстың мәніне қалай, қандай амал мен тәсілдер арқылы ауысады? Жаратылыстану ғылымында белгіліден белгісізге ауысу әдеттегідей жағдай. Ал әдебиеттануда олай емес. Әдебиеттанушы үшін бұл өте күрделі мәселе. Әдебиеттануда белгілі жай, белгілі құбылыстың деңгейінде белгісіз нәрсе болмайды, болуға тиіс емес. Сондықтан онда белгіліден белгісізге ауысу, белгілінің негізінде мүлде белгісіз құбылыстың мәнін ашуға талпыну ақылға сыйымсыз болып көрінетіні рас. Зекең үшін олай емес. Зекең үшін әдебиеттанудағы әр белгілі болған теориялық құбылыс немесе оның белгілі бір қыры толып жатқан басқа құбылыстармен немесе олардың белгілі бір қырларымен жанама түрде байланысты, шектес. Ал белгілі құбылыспен жанама байланыстағы басқа бір белгісіз құбылысты немесе онымен шектес құбылысты табу мен тану үшін әдебиеттанушының ойы қанатты болуы шарт. Тауықтың емес, қыранның қанаты. Ғалымның ойы да, сөзі де бейнелі, образды. Бірақ онда үлкен танымдық қуат бар. Белгіліден белгісізге ауысудың, белгілі құбылыстың негізінде белгісіз құбылыстың сырын ашу ғылыми ой мен ғылыми ойлаудың осындай қасиеті арқылы жүзеге асады.

З.Қабдоловтың ғылыми-шығармашылық еңбегіне тән әдіснамалық ерекшеліктер ғалымның талдаулары мен жинақтауларының, тұжырымдары мен қағидаларының мақсаттылығы мен бағыттылығы аясында айқындала түседі. Зерттеуші белгілі бір іргелі мәселені саралау мен сараптау барысында жаңа бірмәселелердің бетін ашып, белгілі бір

қағида негізінде басқа бір жаңа қағиданың өзегін өріп отырады. Бұл жерде белгілі мәселе мен белгісіз мәселе арасындағы қарама-қайшылықтар, тәжірибелік білім мен теориялық білім арасындағы сәйкестіктер мен кереғарлықтар, бір сапалақ қасиеттердің сақталуы немесе өзгеруі, оңтайлы және оңтайсыз, ішкі және сыртқы факторлар, олардың теориялық шешімдері жаңа білім өндірудің бірден-бір көзі әрі әдіснамалық жолы қызметін атқарады. Осы қызмет аясында бір мәселеден бірнеше мәселенің желісі тартылып, олардың шешімдері негізінде танымдық маңызы жоғары, ғылыми мәні зор жаңа теория ұсынылады, жаңа білім өндіріледі. Сонымен қатар, осы жаңа теорияны, жаңа білімді тиісті тұтынушылардың қабылдау үдерісінің сатылары мен кезеңдеріне тән заңдылықтар да ескеріледі. Сөйтіп, тұтынушылардың танымын байыту, білімін тереңдету, эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттері жаңа білім өндіру ісімен қатар жүзеге асырылады. Нәтижесінде ғалымның еңбегінің ғылыми, тәжірибелік, танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәндері бірдей айқындалады. Тұтынушылардың санасында көп қырлы, терең сырлы, ғылыми ойлау үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де игілікті рухани құндылықтар қорының қалыптасуының алғышарты жасалады. 3.Қабдоловтың зерттеу еңбектерінің әдіснамалық негізіне тән келесі басты бір ерекшелік ғалымның зерттеу пәні мен зерттеу әдісінің тұтастығында. Ғылыми шығармашылықта зерттеу пәні, зерттеу пәнінің тұтастығы туралы ұғым әр зерттеушінің теориялық дайындығының кемелдік деңгейіне байланысты қалыптасады. Құбылысқа тән қасиеттер мен белгілерді белгілі бір әдіснамалық ұстанымдарға сай жіктеп, даралау немесе оларды белгілі бір ортақ нышандары бойынша топтастыру мен таптастыру, әрқайсысын сипаттау ғылыми зерттеу үдерісінде маңызды екені рас. Мұның өзі – қыруар еңбекті талап ететін, ұзақ уақытты алатын қиын іс. Құбылыстың жекелеген белгілеріне, құрамдас бөліктеріне тән сипаттарды, ерекшеліктерді даралаудың маңызын өз деңгейінде бағалай отырып, оларды өзара тығыз байланыста, тұтастықта алып пайымдаудың мәнін де төмендетпеу шарт. Теориялық зерттеу үшін бөлшек пен бүтіннің, жалқы мен жалпының сипаттары мен қасиеттерін толық, біртұтас ашудың маңызы зор. Бөлшексіз бүтінді, жалқысыз жалпыны тану қандай қиын болса, бүтіннен тыс бөлшекті, жалпыдан тыс жалқыны тану да мүмкін болмайды.

Ертеде үлкен бір қала тұрғындарының тамашалауына алыс аймақтан бір піл алдырылған екен. Піл қала тұрғындарының тамашалауына дейін жарықсыз жабық қорада қамаулы тұрса керек. Қала тұрғындарының кейбір шыдамсыздары өздері бұрын көріпбілмеген жануарды көруге құмартып, қораның ішіне кіреді. Көзге түртсе көргісіз қараңғыда ештеңе көре алмаған соң, олар пілдің қандай жануар екенін сипалап білуге ниет етеді. Әрқайсысы пілдің әр жерін сипап, өз білгендерін айта бастайды. Құлағын ұстаған біреуі пілдің түкті кілем сияқты екенін, тұмсығын сипағаны пілдің кернейге ұқсайтынын, аяғын сипағаны бұл ғажап жануардың алып еменге ұқсайтынын, бүйірін сипаған енді біреуі пілдің тап бір падишахтың тағындай жайлы екенін айтысып, мәре-сәре болып жатады. Санайи (1080-1140) мен Руми (1207-1273) баяндауларында оқиға желісі осылай баяндалады. Пілді сипалап білу арқылы сипаттаушылар Санайи баяндауында су қараңғы соқырлар болса, Румидің баяндауында көздері бар, бірақ тастай қараңғы қора ішінде ешнәрсені көріп ажырата алмаған адамдар кейпінде беріледі. Екі жағдайда да істің мәні бірдей: заттың (құбылыстың, нәрсенің, істің) мәнісіне көз жеткізе алмағандар оны қолдарымен сипалап жүріп тануға мәжбүр болады. Берілген тәмсілдерді 3. Қабдоловтың әдіснамасы бойынша пайымдағанда, мынадай ғибратты қағидалардың желісі белгілі болады: а) құбылыстың жалпы болмысын оның жекелеген құрамдас бөліктері арқылы тануға болмайды; ә) құбылыстың шын мәнісін түйсік арқылы алынатын мәліметтер арқылы анықтау мүмкін емес; б) құбылыстың мәнін теориялық ойлау қызметінен тыс тануға талпыну нәтиже бермейді; в) құбылыстың мәнін танып-білмей тұрып ой қорытуға, пікір айтуға талпыну қателікке ұрындырады.

3. Қабдоловтың ғылыми-шығармашылық әдіснамасы жүйесінде бірнеше өзекті міндет шешімін табады: сөз өнерінің құрамдас бірліктері, сипаттары, заңдары анықталады; зерттеу пәні болып отырған бүтін құбылыстың әрбір құрамдас бірлігі басқа бірліктермен өзара

байланыста қарастырылады; құбылыстың құрамдас бірліктерінің арасындағы байланыстар, алшақтықтар мен жақындықтар, сәйкестіктер мен Баяяқайшылықтар, себепсалдарлық қатынастар анықталады; құбылыс болмысындағы жалқы мен жалпы, бүтін мен бөлшек бір-бірінен бөлек, алшақ емес, бірге, біртұтас пайымдалады; зерттеу үдерісінде бақылау, байқау, тәжірибе деңгейінде алынған мәліметтер теориялық деңгейде сараланады; теориялық деңгейде құбылыстың мәнін тану процесі ұғым, пікір, тұжырым, қағида, заңдылық, заң секілді абстрактылы ойлау арқылы жүзеге асырылады; теориялық ойлау деңгейіндегі жаңа тұжырымдар мен қағидалар, заңдылықтар мен заңдар «әрекетшіл парасат» қызметі нәтижесінде негізделеді. Соның бәрінде зерттеуші зердесінде белгілі құбылыстың мәнін жете тануға қолайлы немесе қолайсыз амал-тәсілдер, әдістер қапысыз анықталады және солардың ішінде ең үздігі пайдаланылады. Бұл – З. Қабдоловтың зерттеу әдіснамасының жүйелілігін білдіретін ерекшелік. Өмір құбылыстарының қандайы да көп қырлы. Оны танудың алуан түрлі бағыттары, салалары бар. Соған орай оны зерттеудің де жолдары, амалдары мен тәсілдері алуан түрлі. Мысалы, ғалым әдеби үдерісті пайымдауда жүйелі талдау ұстанымын басшылыққа алады, мазмұн мен пішін жайын саралауға келгенде, құрылымдық тұрғы талаптарына сүйенеді, ал жазушы еңбегінің психологиясын, жазушының шығармашылық еңбегінің сатылары мен кезеңдерін сараптауда процессуалдық принципті қолайлы көреді. Қажет деп тапқан тұстарда осы ұстанымдардың тиісті талаптарын біртұтас пайдаланатыны да бар. Осы және басқа ұстанымдар зерттеушінің теориялық ойлауының тегеурінділігін, тереңдігін аңғартады. Теориялық ойлау, әрекетшіл ақыл-парасат деңгейінде алынған жаңа тұжырым, қағида зерттеу пәні болып отырған құбылыстың барлық сипаттары мен қасиеттерін ашып көрсете алмайды. Құбылыстың барлық сипаттары мен қасиеттерін толық қамтитын теориялық қағида жасау мүмкін емес. Сол себепті, З. Қабдолов өз теориясын зерттеліп отырған құбылыстың сыртқы түрі мен түсіне емес, барлық мардымды және мардымсыз белгілеріне де емес, ішкі мәнін ашатын басты сипаттары мен қасиеттеріне негіздейді. Ал, зерттеліп отырған құбылыстың ішкі мәнін ашатын басты сипаттар мен қасиеттерді тану мен таңдау әдіснамалық, методологиялық тұрғыда барынша қолайлы және үздік ұстаным талаптары аясында жүзеге асырылады.

Осы жерде Платонның адам туралы теориялық анықтамасына қатысты Диоген Синопскийдің айтқан сөзіне көңіл аударған орынды. Платон өзінің ғылыми мектебінің тыңдаушылары алдында адам болмысы туралы оқыған лекциясын жинақтай келіп, адамға мынадай теориялық анықтама береді: «Адам дегеніміз – қауырсыны мен жүні жоқ екі аяқты жануар». Мектеп тыңдаушылары ұстаздарының анықтамасын іліп әкетіп, жамырай қайталап айтып жүреді. Осындай жағдай үстінде Диоген (Синопский) мектепке қауырсыны мен жүні жұлынған бір балапан қоразды алып келеді де: «Міне, Платонның адамы – мынау!» - деп, әлгі балапан қоразды тыңдаушылардың алдына шығарады.

Мәселенің түйіні адам туралы теориялық анықтаманың адамға тән басты сипаттар мен қасиеттерге емес, екі аяқты жануарлардың белгілі бір түрлеріне ортақ жалпы белгілергенегізделгенінде. Оның үстіне адам туралы теориялық анықтама көру түйсігі арқылы танылатын сыртқы белгілер негізінде ұсынылған. Басқаша айтқанда, белгілі құбылыс туралы теориялық анықтама теориялық таным, әрекетшіл ақыл-парасат деңгейінде емес, эмпирикалық таным, түйсік аясында берілген. Диоген (Синопский) осыған, белгілі бір құбылыс туралы теориялық анықтаманың құбылыстың өзіне ғана тән мәнін ашатын басты сипаттары мен қасиеттеріне емес, оның басқаларға да тән, көпке ортақ жалпы белгілеріне негізделгеніне, теориялық таным, әрекетшіл ақыл-парасат аясында емес, эмпирикалық таным шегінде берілгеніне қарсылық білдіреді. З. Қабдолов зерттеулерінде күрделі құбылыстардың сипаттары мен қасиеттері туралы идеялар, теориялық қағидалар әрекетшіл парасат қызметі деңгейінде дәйектеледі. Ғалым зерттеулерінің әдіснамалық негізінің тағы бір ерекшелігі осында: онда теориялық қағидалар жалпы белгілерге емес, басты сипаттар мен қасиеттерге негізделеді, тәжірибелік аяда емес, теориялық ойлау кеңістігінде, әрекетшіл ақыл-парасат биігінде тұжырымдалады. З. Қабдолов сөз өнерінің теориясы мен әдіснамасы саласында өзіне дейін болған, бар тәжірибелік пайымдаулардың, теориялық қисындар мен

қағидалардың, сондай-ақ талдау мен жинақтаудың, байқау мен бағалаудың, саралау мен даралаудың, ойлау мен ой дамытудың өзіне дейінгі барлық ұстанымдарының, әдістері мен тәсілдерінің толық білгірі ғана болып қойған жоқ, оларды өзінің зерттеу еңбегі үдерісінде асқан шеберлікпен пайдалана отырып, ғылыми-шығармашылық ойлаудың дара һәм сара жолын салды, әдебиеттің теориясы мен методологиясының негізін жасады, ой қорытудың, пікір түйудің, әдіснамалық ұстаным табудың үздік үлгісін қалыптастырды, өзі жасаған заң аясында әдебиеттің ғылыми және практикалық мәні айрықша зор түйінді, іргелі мәселелерін ешкімге ұқсамай, дара шешті, айрықша сапалы жаңа білім өндірді. Осының бәрі елдің игілігіне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Сөз өнері. – Алматы, 2003.
- 2.Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы, 1975.
- 3.Бэкон Ф. Сочинения. В 2-х томах. Т. I. Сост., общая ред. и вступит, статья Л. Л. Субботина. М., 1971// <http://publ.lib.ru>
- 4.Бэкон Ф. Сочинения в двух томах. Т. 2. Сост., общая ред. и вст. статья А. Л. Субботина. М., 1972//<http://publ.lib.ru>
- 5.Гуревич П.С. Философская антропология. – М., 2010.
- 6.Бэкон Ф. Новый Органон, или Истинные указания для истолкования природы // <http://nibiryukov.narod.ru>
- 7.Низами Гянджеви. Собрание сочинений в трех томах. - Том третий. Искендернаме / Перевод с фарси К.Липскерова. - Баку, 1991.
- 8.Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснавийи Манави («Поэма о скрытом смысле»). Первый дафтар / Пер. с перс. О.Ф.Акимушкина, Ю.А.Иоаннесяна, Б.В.Норика, А.А.Хисматуллина, О.М.Ястребовой. – М.,2007.
- 9.Суфии: Восхождение к истине. – М., 2009.
- 10.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы, 1973.
- 11.Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов / Перевод с древнегреческого М.Л.Гаспарова. - М., 1986 (Книга YI) // <http://www.nsu.ru/classics/bibliotheca/diogenl/index.htm>
- 12.Бертельс Е. Низами. – М., 1947.

ӘОЖ 82.01

СҰЛУ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Венера Турекешова

*М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Ұлттың ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізген әйгілі алаштың азаматтары бары баршаға аян десек, осы ұлттың ұлттық әдебиетінің қалыптасуына да ұлылардың ұлы істері мен есепсіз төккен тері игі ықпалын тигізгені айғақты қажет етпейтін ақиқат. Осы ұлылардың басында ұлттық әдебиеттің ұлы көшін бастаған қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы бар десек, жазушының ізін жалғастырушы, қазақ әдебиеттану ғылымына ерекше еңбегі сіңген ғалым, жазушы Зейнолла Қабдоловтың есімін ерекше атауға болады. «Абай жолы» роман-эпопеясымен әлемге «қазақ» атын мәшһүр еткен Мұхтар Әуезов десек, әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтерген халқымыздың саңлақ суреткері, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовті терең зерттеп, «Менің Әуезовім» атты роман

жазып, жазушының өмірі мен сан қырлы шығармашылығын аса талғампаздықпен зерттеп әлемге әйгілі еткен Зейнолла Қабдолов. Ұстазын пір тұтқан жазушының ұстазына деген кіршіксіз ықыласы сөз өнеріне, әдебиетке деген шексіз сүйіспеншілікке ұласты. З.Қабдолов көркем әдебиеттің дамуына қосқан үлкен үлесі үшін, көркем шығарма жазудағы табысы үшін еңбегіне сай халық жазушысы атанды. Ұстаздың ісінің ұлылығы мен өзінің ұлылығы – бір-бірінен айырып алуға келмейтін, бір-бірімен біте қайнасқан, сөйтіп бір құбылысқа айналып кеткен ерекше қасиет. Ісі ұлының өзі де ұлы. Сондықтан аспанның асты мен жердің үсті аралығынан ұстаздықтан асқан ұлы істі табу қандай қиын болса, сол аспан мен сол жердің ортасында ұстаздан асқан ұлы тұлғаны ұшырастыра қою да оңай емес

Әдебиеттану – табиғаты тамаша ғылым. Оның ерекшелігі негізіндегі жарығы пен жылуында. Ол әдебиетке де, әдебиеттануға да жанындағы жылуын, жүрегіндегі жарығын беріп кетуге келеді. Әдебиет пен әдебиеттанудағы талант табиғатының тамашалығы осында. З. Қабдолов біздің есімізде осындай тамаша тұлға болып қалды. Зейнолла Қабдолов сөз өнерінің теориялық негізін қалады, көркем сөздің эстетикалық сырын барлады, әдебиеттің әсемдік әлемінде парлады. Ол сөз өнерінің негізіндегі жарыққа жарық қосты, сөз өнерінің негізіндегі жылуға қызу қосты. Ол әдебиет пен әдебиеттануға жылуы мен жарығын беріп кетті. Академик жазушының жылуын ұстап, жарығын сақтап қалған әлемді академик Зейнолла Қабдолов әлемі десе болғандай. Өйткені, біз айтып отырған жарық пен жылу табиғаттың құбылысы емес, физика ғылымындағы бағыт пен бағдар да емес. Біз айтып отырған жарық – жүректің жарығы, біз айтып отырған жылу – жанның жылуы. Бұдан да гөрі нақтылай түссек, біздің айтып отырғанымыз – академик З. Қабдоловтың жанының жылуы, халық жазушысы З. Қабдоловтың жүрегіннің жарығы. Зейнолла Қабдолов әлемінен есіп тұрған жылу мен таралып тұрған жарықтың сыны мен сырын осы тұрғыдан тануға талпынған дұрыс. З. Қабдоловтың әлемі жылы, жарық қана емес, З. Қабдоловтың әлемі – әсем, әдемі әлем.

Сөздің мүмкіншілігінің шеті мен шегі жоқ. Сөздің, сөз иесінің, сөз өнерінің құдіреті осында. Ол тілі мен жағы бар пенденің бәріне бітпейді. Мұндай құдірет қасиетке ғана дариды. Зейнолла Қабдоловқа біткен қасиет ілгері білім мен іргелі ілімнің бірлігінен, сыршыл суреткерлік пен сыншыл ойшылдықтың тұтастығынан өсіп-өнген бірегей қасиет еді. Зейнолла Қабдоловқа біткен құдірет оның ойы мен бойындағы білім мен ілімге бақ дарытты, жаны мен жүрегіндегі суреткерлік пен ойшылдыққа құт дарытты, сөйтіп заманның ақылы мен ойын қозғады, ары мен ұятын қорғады. Әдебиетті әдебиеттанудан немесе әдебиеттануды әдебиеттен бөліп қарау қандай қолайсыз іс болса, әдебиет пен әдебиеттануды эстетикадан тыс қарау да сондай парықсыз, тіпті жарықсыз талпыныстардың қатарына жатады. Өйткені, көркем әдебиет қаламгердің өмір шындықтарына эстетикалық қатынасының нәтижесі болса, әдебиеттану – әдебиеттанушының әдебиетке деген эстетикалық қатынасының көрінісі. [1,27]

Әдебиет те, әдебиеттің теориясы мен тарихы да, әдебиеттің сыны дегеніміз де өмірдің өзі сияқты шексіз, шетсіз құбылыс. Оның да заңдылығы бар. Заңдылықсыз құбылыс болмайды. Ал әдебиет, әдебиет теориясы, әдебиеттің тарихы, әдебиеттің сыны дегеніміз, айналып келгенде, бір ғана құбылыс секілді. Ғылымның басқа салаларындағы мамандарды қоя тұрғанда, әдебиеттану саласындағы зерттеушілер де осылай ойлайды. Олай ойлаудың да жөні бар. Себебі – әдебиеттің де, әдебиет теориясының да, әдебиет тарихының да, әдебиет сынының да арқа сүйер тірегі біреу. Ол – өмір. Солай десек те, біздің ойымызша, әдебиеттің де, әдебиет теориясының да, әдебиет тарихының да, әдебиет сынының да өз заңдылықтары бар. Әдебиет пен әдебиеттанудың әр саласынан бір заңдылық іздеу, тіпті, іздеп қана қоймай, сол іздегенімізді тауып ала беру ойға қонымсыз болып көрінетіні де рас. Әдебиеттанушының көңілінде мұндай күдікті күйдің болуының өзі заңды. Өйткені заңдылық әдебиетте, әдебиет теориясында, әдебиет тарихында, әдебиет сынында болғанмен, әдебиеттанушылардың бәрінің еңбектерінде бола бермейді. Біз айтып отырған заңдылықтарды табу да, тану да тек кемел ақылпарасат иесінің ғана қолынан келмек. Зейнолла Қабдолов - көркемсөздің ел таныған майталман шебері, аса көрнекті ғалым-академик, ұлағатты ұстаз, еліміздің біртуар азаматы. Қазіргі қазақ сөз өнерінің, әдебиеттану ғылымының ең беделді, ең білгір

көшбасшылары туралы сөз қозғалса, жазушы, ғалым Зейнолла Қабдоловтың есімі алдымен айтылуы да тегіннен-тегін емес. Өйткені, ол – халық жазушысы, қазақ көркем сөзін дамытудағы еңбегін ел таныған қарымды қаламгер. Ол – әдебиеттану ғылымына, оның ең бір қиын да, күрделі, әлі жете зерттелмеген саласы – әдебиет теориясына зор үлесін қосқан ғалым-академик. . [2]3.Қабдолов «Әдебиет теориясының негіздері» зерттеуінің «Бастау» атты алғысөзінде: «Қазақтың әдебиет тану ғылымы туу, қалыптасу дәуірінен өткелі қашан! Бұл ғылымды бүгін де жас деуге де болмайды, бұл ғылым қазір жан-жақты даму, үздіксіз өсу, өркендеу кездерін бастан кешіріп отыр. Әлгі күнге кенжелеп келе жатқан сала – әдебиет теориясы»,- деген екен. Зейнолла әдебиетке өзіндік бетімен, ізденістерімен келді. Ол таптаурын жолдармен жүрмей, кейіпкер таңдауда да, өмір шындығы деген ұғымды жалпыламай, жеке адам тағдырын танудағы тың ойларымен, стилдік өзгешелігімен көзге түсті. Зейнолла Қабдолов 1990 жылы жазған «Аханның әдеби қисындары» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабына нағыз әдебиет теоретигінің көзімен қарап, санадан өткізіп, қазақ әдебиеттануының теориясы осы бағытта жазылған әлемдік талдаулардан еш қалыспайтынын дәлелдеп айтады. [3, 7]Өмірге деген құштарлықтың сыры, романтикалық әсем саз, адам көңілін танымпаз жұмсақ мінез – бәрі де жазушы шығармаларының басқаға ұқсамайтын ерекшеліктеріне жатады. Жазушы тілі де соған орай төгіліп, майда, сыпайы, сыршылдығымен өзіне тартады. Оның романтикалық бояуы қанық. Ол адам арасындағы қатынастың әсемдігін, сыпайылығын, адалдықты, жан сұлулығын жырлады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Дәдебаев Ж. «Зейнолла Қабдолов заңы» «Абай институты хабаршысы» журналы №6 2012ж
- 2.Қирабаев С. «Зейнолла Қабдолов» «Егемен Қазақстан» газеті бжелтоқсан 2017ж
- 3.Ислам Қабулұлы «3.Қабдолов қалыптастырған әдебиет теориясы негіздері»

СЕКЦИЯ 3 ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.

СЕКЦИЯ 3 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ.

SECTION 3 ACTUAL PROBLEMS OF MODERN EDUCATION.

ӘОЖ 377.018.44

3. ҚАБДОЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Қайырбек Кенжәлиев

*Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Қазіргі кезде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Яғни, жаңартылған білім беру мазмұнына көштік. Осы тұста әдебиет пәнін оқытуды түбегейлі жақсарту, жетілдіру және жаңа педагогикалық технологияларды сабақ процесінде қолдану мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр.

Білім алу нәтижелеріне қол жеткізуде технологиялардың алатын орны зор, оқыту мәселесіне келгенде бұл басымдықты түсіндіріп жатудың өзі артық.

Қоғам өмірінің барлық салаларында ең алдымен, білім беру саласын жаһандық ақпараттандыру жағдайында тәуелсіз танымдық белсенділікті арттыру мәселесі өзекті болып табылады. Қоғамда қазіргі заманға сай, әлемдік ақпараттық технологияларды пайдалана алмаған жағдайда қоғамға бағдарлануда қиын жағдай қалыптасады.

Оқушылардың қазақ әдебиетіндегі белгілі тұлғаларды үйретуде, оның ішінде заңғар жазушымыз З.Қабдолов өмірі мен шығармашылығын оқытуда белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5-7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернеттік коммуникацияның көптеген түрі қазіргі кезде еркін және үйреншікті түрде қолданысқа еніп кетті.

- электрондық пошта;
- чат
- форум
- онлайн тест жүйесі (графикалық органайзер)
- веб-конференция т.б.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың мақсаты-оқушыларды креативті ойлауға бағыттау. Қазақ әдебиетін оқу арқылы оқушылар қазақ әдебиетіндегі құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды, қарама-қайшылық қиындылықтарды анықтайды және түсінеді. Заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады. [1]

Осы тұста қазақ әдебиетінің егіз ұғымы ретінде қазақтың заңғар жазушысы, әдебиет зерттеушісі Зейнолла Қабдоловты айтпай кету мүмкін емес. Қазіргі таңда жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11 сыныптары үшін оқушыларға таңдау курстары берілген, соның ішінде 9 сыныптар үшін таңдау курсы ретінде «Зейнолла Қабдолов» оқу бағдарламасын жасақтаған болатынын.

Аталған оқу бағдарламасын ҚО технологиясын қолдану арқылы жасақтадым. Компьютер оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше, ҚО технологиясын сабақта қолдану оқушының іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады дегуге болады. ҚО технологиясы арқылы жасалатын тест тапсырмалары, графикалық оргайзерлер уақытты, шығынды үнемдеуге көмектесе отырып оқушылардың өз білімін бағалауға үйретеді. Ең бастысы, оқушылардың өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ҚО технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды деп ойлаймын.

Мектептің білім беру мазмұнында З.Қабдоловтың шығармаларын төл



өлеңдері, романдары мен әңгімелері, әдебиеттану теориясы мен ғылыми салаларын зерттеу деп үш жүйеде қарастыруға болады деп ойлаймын. З.Қабдолов өлеңдері мен шығармалары тәрбиелік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары.

Әдебиеттану ғылымының теориясымен тарихы, сыны салаларын терең зерттеген дарынды ғалым. Қазақ әдебиетінің алып бәйтерегіне айналып, мәуежайлы талант-жігерін туған әдебиеттің өркендеуіне арнады. Академик З.Қабдолов – әдебиет теориясы, тарихы, сыны саласында іргелі зерттеулер жазып қалдырған, әдебиеттану ғылымын дамытқан дарын иесі.

Зейнолла Қабдоловтың шығармаларын мектептерде оқытуда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін, яғни тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру қажет.

Осы бағытта оқушыларға қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану арқылы графикалық оргайзер әдісін қолдану тиімді деп санаймын.

Графикалық оргайзердің басты мақсаты – оқыту мен оқуды жеңілдету мақсатында визуалды көмек болып табылады.

Графикалық оргайзер арқылы оқушылар жаңа сабақты түсініп, өз бетінше іздене отырып, кез-келген кейіпкердің біз тани бермейтін тұстарын ашуы мүмкін.


Графикалық оргайзерлерді топтық, жұптық, жеке жұмыстарда қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қасиеттері артуы мүмкін. Зейнолла Қабдоловтың өмірі мен шығармаларын оқытуда графикалық оргайзерлерді қалай пайдалануға болады? Ең бірінші, графикалық оргайзерлердің түрлеріне тоқтала кетсек:

- «Кластер»
- Торлы диаграмма

- Дара диаграмма
- Қос диаграмма
- Венн диаграмм
- «Өмірбаяндық» органайзер
- «Балық қаңқасы»

«Кластер» әдісі арқылы көлемі үлкен ақпараттарды (негізгі сөздерді, идеялар) жүйеленген түрде көрсетуге болады. Кластердің ортасында негізгі проблема (тақырып) жазылады.

Келесі қатардағы дөңгелектерде тапсырма/жобаны орындау барысында берілуі тиіс сұрақтар жазылады.



«Дара диаграмма»

Оқу материалын тұжырымдап жүйелеу үшін қолданылатын әдіс.

Ортасына негізгі кейіпкер немесе идея жазылады.

Қосымша дөңгелектерге оларды сипаттайтын сөздер мен сөйлемдер жазылады.





«Торлы диаграмма»

Модуль бойынша өткен материалды жүйелеуге тиімді.

«Торлы диаграмманың» құрылысы:


- 1) негізгі идея,
- 2) бөлімдер,
- 3) егжей-тегжейлер

Мысалы, осы диаграмма арқылы З.Қабдоловтың өмірі мен шығармашылығын таныстыруға болады.

«Өмірбаяндық органайзер»

Оқу материалын тұжырымдап жүйелеуге, салыстыруға қолданылады.

Кейіпкерді жан-жақты талдауға, нақты ақпараттарды табу, детальды түрде оқу дағдылары дамиды. Бұнда адам өміріндегі маңызды факторлар талданады.




«Венн диаграммасы» әдісі сабақ соңында, сабақты қаншалықты меңгергендігін тексеру мақсатында қолдануға болады. Мысалы, Ұстазы М. Әуезов пен шәкірті З.Қабдолов шығармаларын салыстырып қарауға болады

М.О.Әуезов	Ортақ істері	З.Қабдолов

«Балық қаңқасы» әдісі өткен тақырып бойынша оқушылардың ойын жинақтауға қолданылады. Мысалы, оқушыларға берілген З.Қабдоловтың «Менің Әуезовым» атты роман-эссесі бойынша тапсырма үлгісі:

Себептері:


- «Менің Әуезовым» атты роман-эссесінде ұстаздық туралы ұғым қалай берілген?
- Шәкірттің ұстазға деген шексіз ілтипаты қалай көрсетілген?
- Роман күзгі аспанды, күзгі аспан астындағы Алматыны қалай сипаттаған?



«Қос диаграмма»

Оқу материалын тұжырымдап жүйелеуге, салыстыруға қолданылады. Екі диаграманың ортасына кейіпкерлер немесе идеялар жазылады. Орта дөңгелектерге олардың ортақ қасиеттері, ал сол мен оң жағына кейіпкердің, идеяның ерекшелігі жазылады.

Мысалы, З.Қабдолов «Ұшқын»
романы



Қазіргі қоғам талабына сай білім беру үшін жаңа педагогикалық технологияларды әр түрлі оқыту әдістерімен сабақтастыра жүйелеп, заманауи тиімді білім беру жүйесін жасақтай білуіміз керек.

З.Қабдолов шығармаларын оқытуда графикалық органайзерлерді пайдалану мұғалім үшін тиімді, тақтаға бормен жазып жатудың қажеттігі азаяды, барлық сабақ барысы оқушының көз алдында тұрады, оқу мазмұнын қысқаша баяндап шығу арқылы, көптеген оқушыны бағалау мүмкіндігі туады.

Қорыта айтқанда, З.Қабдоловтың шығармалары мен оның зерттеулерін оқытуда ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге шығармашылықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. – Алматы, «Білім», 2012. – 25 б
- 2.Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003..3«Білім берудегі инновациялар: ізденіс және шешімдер» VI Халықаралық ғылыми- практикалық конференция қатысушыларының мақалалары мен баяндамалары жинағы
- 4.Мүтәлиева Р.Зейнолла Қабдоловтың жазушылық шеберлігі. – Алматы: Өлке, 1997
- 5.Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996

ӘОЖ 377.018.44

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ «СӨЗ ӨНЕРІ» ЕҢБЕГІН ОҚЫТУ

Гульнар Сахипова

*Жалпы білім беретін №40 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер*

sakhipova_gulnar@mail.ru

Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада оқушылардың көркем шығарманы оқумен бірге орта буында алған әдеби-теориялық білім дағдыларын әрі қарай дамытып, жүйелі білім алу үшін жүргізілетін элективті курстың жоспары ұсынылған.

Түйінді сөздер: сөз өнері, әдеби-теориялық ұғым, элективті курс, дағды т.б.

Әдебиет – көркем өнердің негізгі бір саласы.Көркем әдебиет - қоғам өмірі мен ой-сананың тарихы. Осы көркем әдебиетті меңгертетін әр ұстаздың алдында «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз табиғатын ашатын заңдылықтарды білуі керек, сондай – ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс» деген әдіскер мұғалім Қанипа Бітібаеваның талабы тұрары сөзсіз. [3].

Бүгінгі жаһандану жағдайындағы «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.Оқу бағдарламалары оқушылардың бойында

адамгершілік, рухани құндылықтармен қатар функционалдық сауаттылығын арттыруды, көркем-әдеби шығарманы талдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру. «Түсіну және жауап беру» бөлімі аясындағы бөлімшелер білім алушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді: көркем шығарманың мазмұны мен пішінін анықтау және талдау; әдеби шығарманың тұжырымдамасын айқындай білу; көркем шығармадағы образды ашу және сипаттау; шығарма үзінділерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. «Анализ және интерпретация» бойынша әдеби шығарманың композициясын, композициялық амал-тәсілдерді талдау; шығармадағы автор бейнесін анықтау, оның ролін талдау; көркем шығарманың тілін, көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау; көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс жазу. «Бағалау және салыстыру» бойынша шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; әдеби шығармаларды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; шығарманың құндылығын талдап, әдеби эссе жазу; әдеби шығармаларды талдап, салыстыра отырып, сыни шолу және сыни мақала жазу дағдыларын дамыту.[4].

Әдебиет сабағында ең алдымен оқушыларға бағдарлама бойынша өтетін көркем шығармаларды толық оқуға бағыт берілуі керек. Сол арқылы білім алушының автордың идеясын толық түсінуіне, шығарманы жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі. Көркем шығарманы саналы түрде түсініп, талдап, зерттеп, кейіпкерлерді салыстырып, олардың әрекетіне баға беріп, сол шығармалар арқылы оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру көзделеді. Бір шығарманы толық оқып, талдай білген оқушы өз бетімен оқыған шығармасын сыныпта меңгерген дағдылары бойынша барлық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, ой елегінен өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алады. Сыныпта және өз бетімен оқылатын көркем әдеби шығармалардың табиғи сабақтастығы мен байланыстылығы сақталынып отырады. Яғни оқушыда көркем шығарманы оқуда әдеби дағды қалыптастыра білсек, ол кез келген басқа ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармаларын өздігінен оқып, талдай алатын болады. Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жазылып, өзінің көркем құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу арқылы оқушы әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады.

Оқушының бейіндік дайындалу кезеңінде маңызды орынды элективті деп аталатын курстар атқарады, олардың негізінде пәнаралық және оқуға деген дара үйлесімділік жатады. Біріншіден, оқытылатын курс оқушыларға бағдарлама бойынша алған білімдерін жалпылауға, тереңдетуге мүмкіндік берсе, екіншіден, алған білімдерін өмірде қолданудың зор мүмкіндіктерін көрсетеді. Элективті курстарды таңдау барысында курстың өзектілігі мен жаңашылдық дәрежесіне, оқушылардың әлеуетін дамыту қарқынына баса назар аударылады. Бағдарламалардың мазмұнында оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалды дамуына ықпал ететін, заманауи білім беру технологияларын қамтитын белсенді оқыту әдістері қамтылуы керек. Мектепте элективті курстар білім беру мекемесінің оқушы компонентіне бөлінген сағаттардың есебінен жүзеге асырылады. Элективті курстар әдетте X-XI сынып оқушыларына өткізіледі. Сонымен бірге оқушыларға кәсіби таңдауына бағдар беру мақсатында мектептің IX сыныптарында кәсіп алдындағы дайындық ретінде өткізуге болады.

«Халық жазушысы, академик Зейнолла Қабдоловтың 1976 жылы жарық көрген «Сөз өнері» атты оқулығында Ахмет Байтұрсынов пайдаланған, бекіткен әдеби-теориялық терминдердің барлығы жаңа мазмұнмен байытылып, жаңа қырымен жарқырай түсіп, оқырман танымына құнарлы игілік болып қайта оралды. Сөз зергері Зекең әдеби теориялық еңбектің өзін көркем шығарма деңгейіне дейін көтеріп, әрбір әдеби терминнің ішкі мазмұнын, сан құбылған сұлу атаулардың көркемдік құпиясын түсіндіріп, жанрлық атауларды жаңғырта аударып, әдебиеттің тегі мен түрлерін жаңаша түрлендіріп, тыңнан түрен салып, бейнелі тілмен төгілте баяндағанда, ғылыми зерттеудің эстетикалық әсері

еселей түседі» деп филология ғылымдарының докторы Қансейіт Әбдезұлы әдебиеттану ғылымындағы дәстүр мен сабақтастықты атап көрсетеді. [5].

«Бізге қалған бүгінгі міндет – тарихтың байыбына тереңдеп бара түсу,ғасырдан ғасырға көшіп отыратын әдеби дамудың кезең-кезеңдеріндегі күрделі құбылыстарды жан-жақты пайымдау,халықтың қазіргі жаңа замандағы көркем дамуына ауадай қажет түйіндер түйіп, қорытындылар шығару» деп сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың өзі халықтың алдындағы міндетті атап көрсетеді.[1].Ал біздің міндетіміз-әдебиет теориясының,көркем шығарма психологиясының және жазушы шеберлігінің өзекті мәселелерін оқушы бойына сіңіру. IX-XI сыныптарда көркем шығарманы оқып үйренумен бірге оқушылардың орта буында алған әдеби-теориялық білім дағдыларын әрі қарай дамытып, жүйелі білім алу үшін Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулығына жасалған элективті курстың жоспарын ұсынамын.

Түсінік хат

Жалпы білім беретін орта мектептегі әдебиет теориясын оқытудың, әдебиеттану ғылымының негіздерін оқытудың басты әдіснамалық бағыттары қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілі Зейнолла Қабдоловтың әдебиет теориясы мектебінен өріс алған. «Сөз өнері» еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымында, әсіресе әдебиет теориясы саласында үлкен жетістік деп бағаланған, ғылыми жаңалығы мол қомақты, іргелі зерттеу болды. Оқулықтың айрықша құндылығы көркем әдебиеттің табиғатын, оның өмірмен жалғастығын, қазақ сөз өнерінің ұлттық сипат-ерекшелігін ғылыми тұрғыдан терең ашып беруінде, теориялық қағидаларды, көркем шығармаларды үлкен талғампаздықпен танып, нақтылы талдау жасай білу шеберлігінде.

Курстың мақсаты:Қазақстанның халық жазушысы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, көркем сөздің ел таныған майталман шебері, әдебиеттің ірі қайраткері Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбегін оқушыларға жете таныту.

Курстың міндеті: Оқушыларға әдеби-теориялық ұғымдарды меңгертіп, сөз шеберлігін орынды қолдану, жан – жақты іздену дағдысын қалыптастыру. Әсіресе, үнемі көркем ойды бейнелейтін тіл құралдарының эстетикалық қасиетін ашып, сыры мен сынын түсіну бағытында көркем шығарманы талдау әдістемесін терең меңгерту.

Күтілетін нәтиже:

- оқушының өзін-өзі анықтауға және болашақ кәсіби қызметін таңдауға ықпал ету;
- оқушылардың жан-жақты теориялық білімдері,тақырыптар бойынша берілген тапсырма- ларды орындау, іздену мүмкіндіктерін арттыру;
- өз бетінше қосымша мәліметтер іздей отырып білімдерін саралау;
- оқушылардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігін арттыру.

Бағдарлама бойынша оқушыларға теориялық білімді әр сабақ сайын шығармашылық жұмыс- тар жасау арқылы бекітіп, практикада тереңдей түсуі тиіс. Ұсынылып отырған курс жоспары аптасына 1 сағат, бір оқу жылына 34 сағатқа жоспарланды. Мүмкіндігінше оқушылардың бағыт таңдауына қарай сағат санын көбейтуге болады.

/с	Өтілетін тақырыптар	Сағат саны
	<p>I тарау Сөз өнері туралы сөз – 2 сағат</p> <p>1.Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті</p> <p>2.Суреткерге тән ерекшеліктер</p> <p>II тарау Сөз өнері жайлы ғылым – 4 сағат</p>	<p>1</p> <p>1</p>

1.Әдебиет теориясы	1
2. Әдебиет тарихы	1
3. Әдебиет сыны	1
4.Текстология,историография,библиография	1
III тарау Сөзбен сомдалған тұлға – 4 сағат	
1. Образ, образдылық	1
2. Типтік образ,портрет	1
3. Романтикалық және реалистік образ	1
4. Эпикалық,лирикалық,драмалық образ	1
IV Тарау Сөзбен шындалған шындық – 4 сағат	
1.Мазмұн мен пішін	1
2.Тақырып пен идея	1
3.Сюжет пен композиция	1
4.Пролог пен эпилог	1
V тарау Сөз сыры – 12 сағат	
1.Сөздердің көп мағыналығы	1
2.Тура және ауыспалы мағына	1
3. Омоним,синоним,антоним	1
4.Архаизм, неологизм,идиома	1
5.Ассонанс пен аллитерация	1
6.Эпитет,теңеу,метафора	1
7.Троп	түрлері:
кейіптеу,аллегория,символ,метонимия	1
8.Синекдоха,ирония,сарказм,гипербола,литота	1
9. Фигура,арнаудың түрлері	1
10.Қайталау, қайталаудың түрлері	1
11.Антитеза,градация,инверсия	1
12.Эллипсис, параллелизм	1
VI тарау Сөз сарасы – 3 сағат	

1. Бірғақ, шумақ, тармақ	1
2. Өлең түрлері	1
3. Ұйқас түрлері	1
VII тарау Сөз өнеріндегі тек пен түр – 2 сағат	
1. Әдебиеттің тектері: эпос, лирика, драма	1
2. Әдеби шығарманың түрлері	1
VIII тарау Сөз өнеріндегі бет пен бағыт – 2 сағат	
1. Стиль – өнер ерекшелігі	1
2. Романтизм мен реализм	1
Қорытынды сабақ – 1 сағат	1

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық – монография.- Алматы: «Өлке» баспасы, 2014
2. «<https://surak.baribar.kz>» сайты.
3. Қалқабаева С.Ә. «Зейнолла Қабдолов – сөз өнерінің шебері»
3. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1997
4. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты Астана, 2022
5. «<https://jasqazaq.kz>» сайты
- Әбдешүлі Қ. «Ахмет Байтұрсынов және Зейнолла Қабдолов» мақаласы, 2022

ӘОЖ 377.8

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мухтар Мирон

*филология ғылымдарының кандидаты
Доцент Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Жұбановтану FZO жетекшісі*

Гүлжанат Мирова

*Жансен Кереев атындағы ЖОББ мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті*

Әдебиет-ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы, шығарма арқауы – шындық. Әр ұлттың тарихи тағдырына сай, туған топырағына, өсіп-өркендеген табиғи ортасына лайық мінез-құлықты, әдет-ғұрпы, салт-санасы қалыптасатын мәлім.

Жаңа ғасырдың жарқын болашағын білім беріп, тәрбиелеуде әдебиет пәнінің алар орны ерекше. Көркем шығарма оқып, жақсылықтан тәлім алып, жамандықтан жирендіріп,

адамшылыққа баулитын да әдебиет емес пе? Адам жанына ерекше нұр құйып, сөз өнері әлеміне жетелейтін, кейіпкердің сан түрлі мінез болмысы мен іс әрекетіне баға беріп, жансыз табиғатты жан бітіре көз алдымызғы әкелетін де әдебиет емес пе?

Ал осы әдебиет пәні жалпы білім беретін мектептерде қалай оқытылып жүр?

Әдебиетті оқытуда әдіс-тәсілдер мол-ақ, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнына сай жүзден астам тәсіл сабақтарда кеңінен қолданы-

лады. Мектепте «Қазақ әдебиеті» пәні көркем әдебиетті, әдебиет тарихын, әдебиет теориясын, әдебиет сынын қамтиды. Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы да осыған негізделген. Жоғарыда айтылған «Стандарт» пен «Бағдарламаға» сәйкес оқулықтар жасалған. Сөзім нақты болу үшін өзім сабақ беретін 5,6-сыныптардың «Қазақ әдебиеті» оқулығынан мысал келтірейін, 5-сыныпта аптасына 3 сағат, жылына 102 сағат оқытылады. 1. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады:

1) Түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну, әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану, ұлттық құндылықтардың маңызды

лығын контекстермен үндестіру;

2) Анализ және интерпретация: әдеби шығарманың әртүрлі композициялық ерекшелікте-

рін талдау, автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін ашу, көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс жазу, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау;

3) Бағалау және салыстыру: шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру, шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, әдеби сын жазу. Бұл сыныпта оқуға қамтылған шығармалар «Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімінде «Керқұла атты Кендебай», «Қобыланды батыр», «Асан қайғының жерге айтқан сынын» оқиды. «Тәрбиенің қайнар бұлағы» бөлімінде Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, Б.І. Алтынсариннен «Қыпшақ Сейітқұл» т.с.с шығармалары оқытылады. Оқу мақсаттары:

5.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау

5. Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау

5. Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу

5. А/И1. Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу

5.Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.

5.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

5. Б/С2.5 Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

5. А/И3. Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау;

Бұл жерде біз алдымен көркем шығармамен танысамыз. Оқулық мәселесіне келсек, кей шығармалардың қысқартылып берілуі де осы мақсаттардың жүзеге асуына аздық етпей ме деген сауал туады. Сонымен берілген бір үзіндіні оқимыз да әрі қарай талдауға көшеміз. Аптасына 3 сағат берілген соң, оқушы оқулықтағы әр жерден алынып, берілген үзіндіден ұққанына қарай талдайды, әрине, мұғалімнің көмегіне жүгінеді. Мақсат орындалғандай болады. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін

қалыптастыру.» – деген болатын әдебиет зерттеуші, ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болса да оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолданады. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

– көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

– сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем-дағдылар қалыптастыру;

– ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу. Әдебиет – ұлттық танымның қайнаркөзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынғанын білеміз.

– Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру;

– Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту;

– Ой, ойлану, ойлату барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе өзіндік пікірде жатыр. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен жүзеге асыруы, талдау мұғалім, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ. Қазіргі әдістемені талдау жасаудың 4 түрі жүзеге асырылады. Қандай талдау түрі болса да не мақсат көзделеді? Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауап берсек:

— оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану,

— эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу,

— таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін пұштау,

— ең бастысы, көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек. Енді б-сынып қазақ әдебиеті пәніне қатысты айтар болсам: Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз» «Отыз бірінші сөз» шығармаларын оқытуға төмендегідей оқу мақсаттары қойылған: 6.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау. 6. А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту

6.Б/С4. Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

6.А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

6.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

6.А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

6.А/И4. Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;

6.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

6.А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

6.А/И2. Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;

Бағдарламаны бағамдасақ, бағдарлама мақсаты, көркем әдебиеттің мазмұнын меңгеруден гөрі теориялық талдау жасау жағын молынан қамтыған. Бұл мақсаттар көркем мәтінді толық оқытудан гөрі, оқушыны өзге пікірді қабылдауды көздейді. Бірақ оқырманның көркем туындыдан алатын әсері қашан қалыптасады. 6-сыныпта оқитын баланың ұғымы осыны қабылдауға әзірме?! Оқу материалы мен оқу мақсаттарына қарап отырып, игерілетін материалдың оқушы ұғымына қаншалықты сай екендігіне ойланып қаласың. Мазмұн мен идеяны меңгеретін шығар, ал қалған талдаулар болашақ журналист, әдебиет пен тіл маманы болатын оқушыға ғана қажет екені анық, ал алдына ондай мақсат қоймаған оқушыға артық жүк екені де рас. Материалдың мұндай күрделі болуы көпшілік оқушыны құр жаттауға итермелейді. Мұның аты – білім негізін түсінбеу деген сөз. Ал жеңіл материалдың тез ұмытылу да мүмкін. Себебі, оны оқушы оңай игереді де, кейін оған оқушы көп назар аудармайды. Бұл сияқты көріністермен күресуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып келеді. Оқушы білімінің тиянақты болуы, түсінігінің дұрыс қалыптасуы үшін жаңа сабақты түсіндіру процесінде оларды үнемі тартып, әрекетке араластырып отыру қажет. Былай қарағанда бәрі дұрыс сияқты, бірақ осы пәнді оқыту үрдісі мектептегі оқушының сөздік қорын дамытуға қаншалықты үлес қосады?! Отыз жыл сабақ берсем де, өзегімді өртейтін бір өкініш бар. Оқушыларым сол көркем шығарманың өзін, түп негізін оқымайды. «Отыз жыл сабақ беріп, енді неге оқыта алмай отырсың?» деген сұрақ көкейлеріңізде тұрғанын білемін. Бір сөзбен айтқанда, бағдарлама да оқулық та тек теорияға негізделген. Оны игеру үшін көркем шығарманың өзін оқып, негізінен нәр алу керек. Әр сабақта көркем шығарманы ғалымдардан кем талдамайтын оқушылардың ойында бірде бір жазушының, не ақынның бейнесі қалмайтыны қалай? Бұл аз ғана уақытта көп нәрсені оқытудан шығып отырған жоқ па?! Қазіргі баланың өздігінен көркем шығарма оқымайтыны бәрімізге белгілі. Әр жыл сайын қазақ балаларының туған әдебиеттің нәріне қанатын уақытын неге қысқартып жатырмыз? Балаға таза көркем туынды оқытатын уақытты мектеп бағдарламасына енгізетін күн туа ма? Ал, бүгінгі бала рухани жүдеулікке ұшырады десем артық айтпаймын. Енді аздан соң, бар ақыл-ойынан тоналғандарды отызында бесікке таңып отырмасақ жарады. Осы келеңсіздікті жою үшін мектептің оқу жоспарын қайта қарап, оқу жоспарына «Көркем әдебиет» пәнін енгізіп, бағдарлама жасау керек-ақ. Біз мектепте көркем әдебиетті емес, әдебиет тарихын, әдебиет теориясын, әдебиет сынын оқытып жүрміз. Өйткені «Көркем әдебиет» пәні оқу жоспарында жоқ, бағдарламада да жоқ, оқулықтар тек теорияға негізделіп жасалған. Бұл бағдарламаның оқу мақсаттары тек арнаулы тереңдетілген мектеп пен мектеп лицейлерінің оқушыларына лайықты. 2,3,4-сыныптарда да бұл бағдарламаны меңгеретіндей негіз жасалмаған. Олай болса, біздің алдымызда бірнеше міндет тұр:

Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай мектептің оқу жоспарына «Көркем әдебиет» пәні енгізіліп, бағдарламасы жасалуы керек

2. «Қазақ әдебиеті» пәні 2, 3, 4-сыныптардан оқытылып, ертегі, аңыз, мақал-мәтел, шағын көлемді әңгіме (Ы.Алтынсарин әңгімелері) жанрын қамтыған, тек мазмұнға құрылған, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларымен жасалуы керек (теориясыз, тек мазмұн, сөздікқор, кейіпкер);

3. 5-6 сыныптың жас ерекшелігіне қарай ертегінің түрлері, аңыз, шағын көлемді хикаяттар, өлеңдер көркем мәтін мазмұны, оқиға желісі, жоспар құру;
4. 7-8 сыныптарда көлемді әңгіме, хикаят, тарихи жырлар мен эпостық жырлар;
5. 9, 10, 11 сыныптарда қазақ әдебиеті туындыларын кезең-кезеңімен көркем мәтін және теория, әдеби сынды алуға болады.

Оқу мақсаттары да соған негізделуі керек.

Әдебиет оқулықтарын да қайта қарау мәселесі де назардан тыс қалмауы керек.

Жоғары класс оқулықтарында тоқсан бойы бір тақырыптың берілуі. (10- сынып әдебиеті)

1. Қазақ зиялыларыны туралы мәліметтердің мүлдем берілмеуі

2. Берілген кейбір шығармалардың қазақ болмысын танытудағы жағымсыз суреттер

3. Көңілсіз кейіпкерлер оқушыны түңілдіріп жіберетіндей болады. (О.Бөкей «Атау кере»)

Білімді жаңғыртудың басты мақсаты білім беру жүйесінің тұрақты дамуынан және оны ХХІ ғасыр қажеттілігіне сай қамтамасыз етуден тұрады. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. «Әдебиет-

«Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы» екенін ескерсек, баланың көркем әдебиетті оқып, өзі талдап, өзі ойлауына, өзі шешім шығаруына жағдай жасайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Оқу бағдарламалары» 2022 ж7 (№ 399 бұйрық)
2. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы
3. 5-6-10-11 сынып оқулықтары Алматы «Атамұра» баспасы 2017

ӘОЖ 37.013.2

М.ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаңылсын Сабирова

психология ғылымдарының кандидаты,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

қауымдастырылған профессоры

zhanylsyn.sabirova@mail.ru

Атырау қ., Қазақстан

Нұржанар Ізбасарова

Психология мамандығының студенті

Андатпа. Бұл мақалада Алаш арыстарының бірі Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық қызметінің нәтижесінде жазған «Педагогика» оқу құралындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері қарастырылады. ХХ ғасырдың бас кезінде сипаттаған адамға берілетін төрт тәрбиенің (дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі) мақсатын қазақ баласының жанына қабыстыра отырып береді. Осы талаптарды мұғалім, ата-ана, бала орындағанда біздің тәлім-тәрбие жұмыстарымыздың құндылығы арта түсер еді.

Тірек сөздер: оқу-тәрбие жұмысы, педагогикалық психология, дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі, тәрбиеші (мұғалім), бала, ата-ана.

Қазіргі кезде оқу-тәрбие жұмысын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, оны бір ізділікпен жүргізуде бала психикасының ерекшеліктерімен санасып отыру қажеттігі жұртшылық тарапынан толық қолдау тауып, бұл жөніндегі ғылыми зерттеулер тәжірибеде елеулі табыстарға жетті.

Бала психикасының өзіндік ерекшеліктерімен танысудың оқу-тәрбие жұмысының жемісті болып келуін екі түрлі мағынада түсінуге болады: біріншіден, педагогтың оқыту және тәрбие саласындағы жұмыстары сәтті болып келуі үшін ол, баланың даму ерекшелігі жөніндегі психологиялық мәліметтерімен жеке таныс болуы қажет. Педагог егер психология ғылымының зерттеулерімен таныс болмаса, қарамағындағы оқушыларды толық меңгеріп кете алмаған болар еді; екіншіден, мұғалім бала психологиясының жалпы мәліметтерін біліп қана қоймай, өз сыныбындағы балалардың дара ерекшеліктерін (ұғымталдығын, ой-өрісін, мінезін т.б.) жақсы білуі шарт. Өйткені жас буындардың бәріне бірдей тән психикасының жалпы заңдылықтары болғанымен, балалардың жеке басының әр түрлі өзіндік ерекшеліктері болады. Сондықтан оқушылардың жеке басының ерекшеліктерін жете білу – ұстаздық жұмыстың жемісті болуының негізгі шарты.

Педагогикалық психология шәкірттердің әр түрлі ерекшеліктерін зерттеп білуде жалпы психологияның мағлұматтарына сүйеніп, осы ғылымның заңдылықтарын басшылыққа алады. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінде П.П.Блонский педагогикалық психология өзінің барлық жұмысын жалпы психологияның негізіне сүйене отырып құруы тиіс деген тұжырым жасаса, Л.С.Выготский педагогикалық психологияның өзінше дербес жүргізетін зерттеу объектілерін ашып көрсетті. Ол педагогикалық психология жалпы психологияның заңдылықтарына сүйене отырып шәкірт психикасын оқу әрекеті үстінде зерттеп, оның ерекшеліктері мен заңдылықтарын арнайы зерттеу қажет деп түйіндейді.

Мағжан Жұмабаев қазақ топырағында педагогикалық психологияға байланысты тұңғыш төл тума еңбек жазған тұлға. Оның «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Сауатты бол», «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» еңбектері әдістемелік және дидактикалық та құнды кітаптар болып табылады.

Осы жоғарыда көрсетілген еңбектерде көтерілген мәселені үш топқа бөлуге болады. Біріншіден, баланың оқу-тәрбие процесіндегі жан көріністерінің дамып, қалыптасуы қандай жолмен жүзеге аспақ, екіншіден, ұстаз-тәрбиеші қандай болуы тиіс, үшіншіден, оқытып, тәрбиелейтін мектебі қандай негізде құрылуы керек.

М.Жұмабаевтың пікірінше, оқу-тәрбие процесі баланың әр жас кезеңіндегі жан көріністерінің ерекшеліктерін әрбір тәрбиеші (ұстаз, ата-ана) білсе ғана, сапалы болмақ.

Тәрбие деген ұғым кең мағынада айтылатын болғанымен, әйтседе оқыту процесінде маңызы зор екендігін баса айтады. Өйткені баланың психикасы негізінде, оқу процесінде дамиды. Ал бала оқымаған жағдайда да оның психикасы дамидыны рас. Бірақ бұл жерде бала психикасының дамуына жоспарлы түрде қойылған оқыту процесінің дұрыс жолға қойылуына байланысты. Әрине, баланың даму кезеңіне байланысты оқу материалының тереңдігі әр түрлі болып келеді және солай болуы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда, баланың оқу материалын үлгеруге шамасы келмеуі де ықтимал.

«Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз» - дейді М.Жұмабаев.

Педагогикалық психологияның негіздерін қарастыруда М.Жұмабаев баланың дамуы дүниеге келгеннен басталады, сондықтан отбасындағы тәрбиеге ерекше көңіл бөлуі қажет дейді. Ата-ана баласын тәрбиелегенде алғашқы назарды дене тәрбиесіне аудару керек. Өйткені, дене – жанның құралы «Сау жан сау денеде ғана болады» - деп түйіндейді автор. Бұл қағида Мағжаннан бұрынғы ғұламалардың ой-пікірлерінде де жиі кездеседі. Себебі дені сау бала алдында тұрған әрбір қиындықтарды жеңе алады, сонда ғана оның сыртқы ортаны танып-білудегі, білімді игерудегі белсенділігі қалыптасады, дүниеге көзқарасы, сана-сезімі дамиды. Мәселен, көздің нашар көруі, құлақтың дұрыс естімеуі, басқа да сезім мүшелері қызметінің кемшіліктері, баланың өмірге қажетті нәрселерді меңгеруін төмендетеді, адамның – қабылдауына, қабілетіне, жалпы рухани дамуына қолайсыз әсер етеді. Тіпті болар болмас

дене мүкiстiгi, оның психикалық, рухани дамуына кедергi әкеледi. Бұл айтылғандар әсiресе, нәрестелiк кезеңдегi бала тәрбиесiне ерекше қатысы бар.

М.Жұмабаев тәлiм-тәрбие мәселесiн кең мағынасында қарастырып, мұны жан иесiне рухани азық берiп, оның дұрыс жетiлуiне көмек көрсету деп – негiздейдi. Ақынның пiкiрiн Ж.Аймауытов өзiнiң «Тәрбиеге жетекшi» деген еңбегiнде әрмен қарай жалғастырады. Ол адамның хайуаннан айырмашылығы жайында әңгiме қозғай отырып, адам бойындағы ұнамсыз мiнез-құлықтардың барлығы тәрбиенiң кемдiгiнен деп түйiндегенi белгiлi. Оның айтуынша, адам табиғаттың емес, тәрбиенiң құлы болуы керек.

Тәрбие, өсiп келе жатқан адамның жеке басын қалыптастыру процесi ретiнде ерекше психологиялық механизмдерге ие болды. Балаға берiлетiн тәрбиенiң түрiне байланысты, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алсақ, жеке тұлғаның қалыптасуы мүмкiншiлiктерiн бiлген болар едiк.

Оның пiкiрiнше, «тәрбиедегi мақсат – адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесiн бақытты қылу. Ұлт мүшесi әрбiр адам бақытты болса, ұлт та бақытты. Адамзат дүниесiнiң мүшесi әрбiр ұлт бақытты болса, адамзат дүниесi бақытты». М.Жұмабаевтың осы пiкiрлерi әл-Фарабидiң «Iзгi қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» еңбегiндегi бақыттылық проблемасымен ұштасып жатыр.

Осы тұрғыда М.Жұмабаев адамға берiлетiн төрт тәрбиенiң мақсатын былайша тұжырымдайды:

Ең алдымен дене тәрбиесiне көңiл бөлу керек. Денi сау, ыстыққа, суыққа, аштыққа төзiмдi баланы тәрбиелеу қажет. Қазiргi кездегi «Өзiн-өзi тану» пәнiнiң де мақсаты – баланың саулығын дамыту, оның алдын алу. Жас ұрпаққа денсаулығының қымбаттылығын, өмiр сүру қажеттiлiгiн, тазалық және жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтанудың маңызы туралы дұрыс түсiнiгiн қалыптастыру екендiгi белгiлi.

Екiншi – ақыл-ой тәрбиесi, ол арқылы баланың сана-сезiмдерiнiң дамып, өмiрдегi бағыт-бағдары, құндылық-ұстанымдары қалыптасады.

Үшiншi – сұлулық тәрбиесi. «Бұл жәйт, адам жаратылыстың, табиғаттың құшағында болып, соның барлық сыйын пайдалана отырып, өз бойын, iшкi жан-дүниесiн жетiлдiру керек дейтiн қағидадан туындайды. Ол бала сұлулықтан ләззаттана бiлмейтiн, мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиешi жазалы» - дейдi .

Төртiншi – құлық тәрбиесi. Адам жаны жамандықтан жиренiп, жақсылықты тiлеп тұратын болса, iзгi оймен, iзгi iсi оған қашанда пайда келтiредi. Адамның бiлiмi тереңдеген сайын, басқа адамдарға да пайда келтiруге ұмтылу – құлық сезiмдерiнiң негiзi екендiгiн сипаттайды.

Iшкi сезiмдердiң адам үшін ең қымбаттысы сұлулық және құлық сезiмдерiн де Мағжан ерекше атап, оны тәрбие қылу жолдарына тоқталады. Сұлулық сезiмдерi адамның дұрыс, сұлу, ләззат iздеуiне, сұлу нәрсенi сүюiне, көрiксiз нәрседен жиренуiне, жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тиылуына көп көмек көрсетедi. Сұлулық сезiмдерiн өркендетудiң, оны тәрбие қылуды Мағжан ұсынған төмендегi жолдарын көреміз. Тәрбиешiнiң мiндетi – балада искусствоның қандай түрiне ынта бар екенiн тауып, сол ынтасын, сол түр туғызатын сұлулық сезiмдерiн өркендету. Ол үшін бала сұлу жаратылыстың құшағында болу, бала неше түрлi сұлу үндердi тындап, сұлу түрлердi, түстердi көрiп, сурет салып, сұлу өлеңдердi жаттап үйрену керек. Сондай-ақ, бала маңындағы нәрсенiң бәрi жинақты, таза, сөйленетiн сөздерде әдептi, сұлу болуға тиiстi. Мiне осыларды тәрбиелей алсақ, баланың сұлулық сезiмдерi өркендейдi.

Мағжан құлық сезiмдерiн өркендету үшін төмендегiдей жолдарды ұсынады. Бiрiншiден, баланың маңайындағы адамдардың құлықты болуы, яғни баланың iзгi құлықты болуы үшін оның маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туысқандары өздерi iзгi құлықты болуы тиiс. Бала өз құрбысына елiктегiш, оның тiлiн алғыш, құлқына, мiнезiне салғыш келедi. Осы себептен баланың жолдастары дұрыс, құлықты болу керек. Екiншiден, балада құлық сезiмдерiнiң кеңеюi, тереңдеуi үшін балаға әдебиеттен, тарихтан әңгiмелердi дұрыс пайдалана бiлiп, одан дұрыс ой жүргiзiп үйрету. Бала салыстырып, сынап үйренсе,

құлық туралы белгілі бір ұғымға ие болады. Ол уақытта алдағы өмірінде дұрыс пен терісті, ізгі мен жауызды, ақ пен қараны дұрыс айыратын болады.

М.Жұмабаевтың жас ерекшелігіне сай оқыту мен тәрбиелеу жайлы ой-пікірлері сол кезеңдегі көрнекті ғалымдардың ой-тұжырымдарымен сабақтас келетінін байқау қиын емес.

М.Жұмабаевтың педагогикалық психология саласындағы ой-пікірлерінің ішіндегі күні бүгінге дейін маңызын жоймаған түйіндері – тәрбиеші, ұстазға байланысты ой-тұжырымдары. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі» - деп жазды «Педагогика» кітабының алғы сөзінде.

Ж.Аймауытов – тәрбиешіні дәрігермен ғана салыстырады, тіпті одан да жоғары қояды: «Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады» - дейді.

М.Жұмабаев тәрбиешіден мынаны талап етті: «Адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласына әсіресе жанын тәрбие қылу керек, сондықтан жан көріністерін оқып үйрену керек». Оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі жолдары мен заңдылықтары негізінде олардың жалпы жолдарын көрсету оңай емес. Әрбір педагогикалық шаралардың тиімді және тиімсіз жақтары бар. Әрбір тәрбиеші алдындағы тәрбиеленіп отырған адамның дене дамуын және жан көріністерін біле отырып, оны дамытып қалыптастыруда қолданатын жолы болу керек дейді. Мағжан тәрбиенің жаңа жолдарын меңзейді, оның психологиялық табиғатын, тәрбие мен дамудың бағыттарын ұсынады.

Мектеп оқушысы тұлғасының қалыптасуында тәрбиешінің (мұғалімнің) жеке басының үлгісі үлкен рөл атқарады. Оқушылар мұғалімге еліктейді, соған ұқсағысы келеді; бұл біріншіден ақыл мен сезінуден тыс жасалады, екіншіден оның сыртқы көрінген сипаттарына мән береді, оны терең талдап жатпайды, тұлғаның тұрақты қасиеттерін ажыратпайды. Ал жасөспірім мен жоғарғы сынып оқушылары саналы түрде үлгі іздейді. Егер беделді, білімді, тұлғалы жоғары ұстаз болса, оның осы қасиеттері оқушыларға үлкен әсер етеді.

Тәрбиеші бала тәрбиесін жақсы біліп, жақсы қадағалауы керек. Оқыту мен тәрбиелеудің негізі мектептен қаланады. Оқыту мәселесін қарастырғанда, Мағжан «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» деген еңбегінде бала қандай мектепте оқу керек деп сұрап, өз тұжырымдарын береді.

Мектебімізді таза, сау берік, қазақ жанына қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, соның негізінде оқытуды да дұрыс жолға қоя аламыз. Баланы бастан дегендей жас мектебімізді осы бастан түзу жолға салу қажет. Бала тәрбиесінің оң бастау алуында мектеп, ондағы өтілетін пәндердің мәні, жас ерекшелігіне сәйкес оқыту, тәрбиелеуді жүзеге асыру жолдары қарастырылады.

Мағжан Жұмабаевтың мектеппен ондағы ұстаз жайлы ой-пікірлері бүгінгі күні де ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, оқу мен тәрбиелеуде қолданылып жүрген пікірлермен үндеседі.

Мұғалімнің ақыл-ойы, эмоциялық еріктік күші ерекше болуы керек. Оқу материалдарын қызықты, ұғынықты жеткізе білу қабілеті болуы керек. Оқушылардың қабылдау деңгейін талдай білу; әр түрлі ғылым салаларынан хабардар болуы керек; әрбір оқушының жан әлеміне ене білетін психолог болуы керек; сөйлеу мәнері айқын, дене, бет, қол қимылдарының үйлесімді үлгісін меңгеруі керек; ұйымдастыру қабілеті жоғары болуы керек; өз беделін қалыптастыратын белгілер мейірім мен талап шындықты қатар алып жүруі тиіс; қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі жоғары болуы керек.

Сонымен, М.Жұмабаевтың оқу-тәрбие психологиясы жайлы пікірлері төмендегілер (бұларды автордың өз сөзімен беруді жөн көрдік):

1) балаға сабақ берген уақытта, оның зейінін (абайын) бөлгендей, беріліп отырған сабаққа қатысы жоқ ешнәрсе тұрмасқа тиіс... Бала абайлы болсын десең, оған әсерді жаңалап беріп отыру керек. Жаңа алынатын білім мен ескі білімнің қатынасы болсын... Балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге

байлап беру керек... Мұғалім балаларға жаңа бір нәрсені білдірмек болғанда, балаларды күткізіп, даярландырып қойсын...

2) үйде һәм мектепте дұрыс тәртіпті болу... Тәртіп баланы ізгі қылықтарға әдептендірсін... Тәртіп құбылмалы болмасын, яғни ата-ананың, мұғалімнің күйіне қарай тәртіп өзгеріп отырмасын... Тәртіп ізгі құлық заңдарына негізделген болсын... Баланың жаратылысы тілейтін нәрседен тию дұрыс емес... Тәрбиеші балаға түрлі істерді құлық көзімен баға бере алу үшін, оның құлық туралы ерте күннен ой жүгіртіп, үйретуге міндетті.

3) балалықта ылғи жағымды әсер алмаса, адам өмір бойы шат көңілді болмақ... Бала еліктемпаз болғандықтан, оның ылғи сұлу һәм құлықты әсер алуына ыждаһат қылу керек. Жас бала сенімпаз болады. Сондықтан оны өз күшіне сендіріп үйрету керек... Бала еш уақытта іссіз тұра алмайтын болғандықтан, оған ылғи да пайдалы іс беріп отыру керек... Балаға тәрбиені оның шамасына, жаратылысына қарай беру керек... Тәрбие деген – баланы бетке қақпай бетімен жіберу керек. Яки отырса – басқа, тұрса – аяққа ұрып, бала қылып өсіруде емес.

4) ата-ана қатал болса, бала да қатал болады; ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Қит етсе ашуланып, ақырып қоя беретін, адамның баласы да сондай. Сондықтан баланың маңайындағы адам дұрыс мінезді болу керек.

5) адамзат жанының көріністерін өзі бақыламаса, жас көріністермен таныс болмайды... Адамның өзін-өзі тексеруі – оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне – бірінші шарт.

Осы талаптар орындалғанда біздің тәлім-тәрбие жұмыстарымыздың құндылығы арта түсер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамалары. - Алматы: Қазақстан, 1996. 32 б.
2. Блонский П.П. Психологические очерки. - М., 1978. 257б.
3. Выготский Л.С. Развитие высших функций. - М., 1979. 256 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1993. 112 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995. 311 б.

УДК 378.096.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Байниева Куляш Темиргалиевна

*кандидат филологических наук, и.о.доцента
Атырауский университет им.Х. Досмухамедова
moidoki.1516@mail.ru
г.Атырау, Казахстан*

Султангубиева Айгуль Айтмухановна

*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Атырауский университет им.Х. Досмухамедова
a.sultangubiyeva@asu.edu.kz
г. Атырау, Казахстан*

Аннотация :Статья посвящена рассмотрению возможностей использования художественного текста в качестве учебного материала для студентов неязыковых

специальностей. Формирование качественной иноязычной компетенции способствует введению в образовательный контент художественных текстов с высокой степенью читабельности. Художественные тексты на английском языке помогают понимать культуру народа изучаемого языка, его ценностные приоритеты.

Ключевые слова: иностранный язык, иноязычная компетенция, английский язык, художественный текст, аутентичный

Введение

Владение английским языком позволяет квалифицированному специалисту иметь возможность осуществлять эффективное международное общение с деловыми партнерами, проходить производственную стажировку за границей, использовать современные зарубежные источники информации, без которых успешная профессиональная деятельность становится невозможной. В Казахстане от выпускников вузов требуют все более высокие требования по наличию достаточной иноязычной компетенцией. Именно эта компетенция становится одной из самых важных для реализации полученных знаний в профессиональной сфере. В связи с этим формированию качественной компетенции на английском языке у студентов неязыковых специальностей уделяется большое внимание.

Естественно, что содержание образовательного контента должно быть нацелено на профессиональную специфику будущих специалистов. Учебная дисциплина «Иностранный язык» на неязыковых специальностях носит коммуникативно-ориентированный и профессионально направленный характер. Основными целями обучения иностранному языку являются формирование и развитие профессиональной иноязычной компетенции, которая предполагает совершенствование коммуникативных умений в четырех видах деятельности (говорении, чтении, письме, аудировании), а также развитие умений планирования речевого и неречевого поведения на иностранном языке, что позволяет использовать иностранный язык практически в производственной и научной деятельности. Однако отсутствие гуманитарной составляющей отрицательно сказывается на корректном восприятии чужой культуры, понимании ценностных принципов, общем духовном развитии будущих физиков, химиков, инженеров и др.

Литературный обзор.

В научных трудах известных методистов (Ермакова А.С, Пирогова О.Е, Одинцова Ю.В, Перлова И.В, Морозова И.П) выделяются следующие стороны художественного текста как учебного материала: 1) знакомство с литературой и культурой страны изучаемого языка, 2) мотивирование обучаемых к дальнейшему прочтению художественного произведения, 3) развитие устной и письменной речи.[1]

Исследователи Н.И. Торунова [2], А.Н. Капустина[3] полагают, что художественный текст на языке изучаемого языка вне зависимости от того, является он адаптированным, или аутентичным следует рассматривать как разновидность учебного текста.

Надо иметь в виду, что аутентичный художественный текст(авторский текст), будет весьма сложным для чтения и понимания студентами неязыковых специальностей. Он содержит большое количество незнакомых лексем, труднопереводимых грамматических и синтаксических конструкций, что обычно вызывает психологическое отторжение учебного материала. Задача преподавателя нивелировать естественный страх перед сложным материалом и убедить в необходимости знакомства с образцами художественной литературы. Например, студентки, вдохновленные многочисленными экранизациями, изъявили желание прочитать книгу «Джейн Эйр» Шарлотты Бронте, но уже самое начало романа показало им насколько сложным является избранный ими текст.

Ценность аутентичного, или оригинального художественного текста в том, что он обладает авторитетом подлинника и знакомит с речевыми образцами носителей изучаемого языка. В нем можно найти фонетические, грамматические и лексические характеристики, разговорные идиомы, все то, что делает речь живой и естественной.

Методы.

В связи с вышеперечисленным преподавателю английского языка необходимо выбирать небольшое по объему художественное произведение (рассказ, новелла), или предложить цикл отрывков из крупного произведения. Это позволяет не терять сюжетную линию и удерживать интерес студентов к выбранному художественному произведению. Такой цикл отрывков дает возможность использовать определенные приемы (задания, упражнения) по работе с художественным текстом на разных этапах, которые помогают обучаемым понять текст; активизировать новые языковые явления; выявлять непонятные явления в тексте и находить к ним решение; выявлять смысл литературного текста; развивать критическое мышление, способность посмотреть на факты с другой точки зрения, соотнести прочитанное со своим собственным жизненным опытом; научиться делать сообщения на основе прочитанного; составлять комментарий к тексту, сопоставлять факты из текста, вырабатывать свое отношение к героям и их поступкам.

Простой пересказ художественного текста, например, одной из глав повести Марка Твена «Приключения Тома Сойера», заставляет студентов учиться кратко высказываться без предварительной подготовки на английском языке. Пересказ в форме изложения можно предложить на начальном этапе. Это помогает развивать память, проверить усвоение новой лексики, понимание текста.

Особого внимания требует работа с новыми словами. Привычная школьная последовательность: незнакомое слово, выписать в рабочую тетрадь, найти значение, записать его и транскрипцию многими студентами воспринимается скучным и неинтересным. Мотивирующие указания преподавателя о перспективе словарного диктанта заставляют серьезно отнестись только треть группы. Поэтому преподаватель обязательно должен выполнить данное задание.

Работу с художественным текстом можно разнообразить заданиями типа *Guess what the hero will do* (Предугадай дальнейшее действие героя). Повесть М.Твена «Приключения Тома Сойера» удобна в этом плане. Маленький неунывающий озорник выходит победителем из разных ситуаций. Наказание, придуманное тетей Полли для своего племянника в виде покраски забора Том ловко превращает в действие, которое доверяется только за определенную плату, например, в виде отгрызка яблока. Кроме того, современные студенты нацелены на усвоение американского варианта английского как наиболее востребованного в мире. Повесть Марка Твена «Приключения Тома Сойера» служит прекрасным источником данного варианта английского языка.

Таким образом, основными принципами отбора художественного материала являются следующие критерии: произведение и автор должны быть известны, вызывать интерес (по нему поставлен фильм со знаменитыми актерами, например), доступен для понимания для уровня обучающихся, имеет активные действия персонажей, не пропагандирует насилие, терроризм и др.

Практика показывает неизменный интерес студентов к детективному жанру, поэтому произведения Агаты Кристи и Артура Конан Дойла всегда имеют достаточное количество желающих читать и разбирать на занятиях по английскому языку. Главные герои их произведений – мисс Марпл и Шерлок Холмс – являются прекрасными объектами для работы по описанию внешности, одежды, характеристике действий. Представляется удобным введение новых прилагательных с оценочным экспрессивным компонентом выражения. Произведения вышеназванных писателей часто экранизируются. В данном случае преподаватель имеет возможность визуально предъявить нескольких Шерлоков Холмсов и мисс Марпл. Поэтому можно обратиться к групповой проектной деятельности: *Which actor is the best Sherlock Holmes?* (Какой из актеров лучше всех соответствует образу Шерлока Холмса?). Границы художественного текста расширяются до безграничности кино: *Is the new Sherlock Holmes based on Conan Doyle?* (Есть ли Конан Дойль в новых фильмах о Шерлоке Холмсе?), *Why is the modern reader or viewer interested in Sherlock Holmes?* (Почему Шерлок Холмс интересен современному читателю, зрителю?). Выполнение заданий во многом зависит от уровня знания английского языка студентами. Однако знакомство с

художественными текстами способствует расширению словарного запаса, умению пользоваться синтаксическими конструкциями, улучшает произносительные навыки.

Заключение

Высокое качество изучения иностранного языка на основе сбалансированного образовательного контента, содержащего не только профессионально-ориентированные тексты, но и художественные тексты способствует конкурентоспособности и профессиональной мобильности в сфере профессиональной деятельности и общения будущего выпускника казахстанского вуза. Приобретение студентами неязыковых специальностей иноязычной компетенции заключается в овладении иностранным языком на таком уровне, который позволит использовать его для удовлетворения профессиональных потребностей, реализации деловых контактов и дальнейшего профессионального самообразования и самосовершенствования.

Использованная литература:

1. Степанова М. М. Отбор текстов для домашнего чтения при обучении английскому языку на неязыковых факультетах // Иностранные языки и инновационные технологии в образовательном пространстве технического вуза: сб. науч. ст. по проблемам высшей школы. Новочеркасск: ЮРГТУ (НПИ), 2009. С. 282-285.

2. Торунова, Н.И. Художественный текст: лингвистические и лингводидактические аспекты / Н.И. Торунова, А.Н. Капустина // Педагогический ИМИДЖ. – 2016. – №2. – С. 54-61.

3. Коняева, Л.А. Дидактические возможности использования аутентичного художественного произведения на языковом факультете / Л.А. Коняева // Научный диалог. Педагогика. – 2014. – №2. – С. 26-37.

ӘОЖ 821.512.122.0

М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ДАМЫТУ

Айнұр Кушкимбаева

PhD.,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті,

Alitok@mail.ru

Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада М.Әуезовтің шығармалары ақылы білім алушылардың ынтамақтаса еңбектенуін, өзере қарым-қатынасын дамытатын интерактивті оқыту әдістері туралы сөз болады.

Түйін сөздер: Интерактивті оқыту, мәтін, жобалау, мульти -медиа, әдістер, қарым-қатынас

Толеранттылық дегеніміз - басқа біреудің пікірін, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын құрметтеу. Бұл әр түрлі және кейде қарама-қарсы көзқарастар мен пікірлердің арқасында әсер ететін біреудің мінез-құлқына қатысты біздің әрекеттеріміз. Толеранттылық процесі көбінесе бір немесе екі жақтан бір-біріне деген құрметін сақтай отырып, келісімге келу қабілетін талап етеді.

Интерактивті оқыту әдістері – бұл ашық талқылау моделі. Біз балалар мен жастарға шындықты нақты ойлауға, зерттеуге және талдауға көмектесе аламыз. Сабақ-тренинг әр қатысушы өзінің көшбасшылыққа, қолдауға, шығармашылыққа, басқалардың еңбегін мойындауға, сендіруге, өз ұстанымдарын қорғауға, сондай – ақ басқаларды түсінуге және

кабылдауға қабілеттілігін анықтай отырып, ашық диалогта әр түрлі мәселелерді шешуге саналы жауап тауып, әртүрлі жағдайларда "өмір сүретін" етіп құрылады.

Интерактивті оқыту әдістері сізге көптеген пәндерді оқытуда пайдалы болады. Бұл әдістерді қолданудың нәтижесі оқушылардың білім беру бағдарламасына деген қызығушылығының артуы болады. Сіз өзіңіздің студенттеріңіз бен әріптестеріңіздің қоғам мәселелерін оқыту мен шешудің жаңа тәсілі үшін сізге деген құрметінің артып келе жатқанын сезінесіз.

Эпопеяны оқытудың ең басты жолдарының бірі ретінде мәтінмен жұмыстың алар орын ерекше. Бұнда мұғалім көмек-нұсқау беріп, оқушыларды жетелеп отыратындығын айтады. Қаламгердің көркем тілі мен шеберлігіне барлау жасау арқылы образға, образ арқылы идея мен тақырыпқа қарай баратынын, дайын білімді тыңдап қана қоймай, өздерінде ойлантатын білім беру жолдары іздестіріледі. Әйелдер бейнесі жайлы қарастыратын болса, оның алдын сыныпты топқа бөліп, сабақтық тапсырмалар алдын-ала беріліп, жазушы көзқарасы, Абайдың көзқарасы, сөйлеу тілі, портрет, сұрыптау сныды тапсырмаларды орындайды. Образды таладу барысында, алғашында Абайдың бейнесін алады да, кейіннен Дәркембайға және өзге де кейіпкерлерге деген қатынасы мен олардың Абайға деген көзқарасы анықталады. Образға тек қана құрғақ сөздер емес, нақты мысалдар келтіру арқылы көрсетінін айтады. М.Әуезовтің шығармаларын оқыту қазақ әдебиетін берудегі мұғалімдердің қиналатын тұсы десек болар, себебі сонлай заңғар кісінің не айтып, не жеткізгісі келгенін дұрыстап түсіндіру оқушылардың одан әрі Мұхтар жайлы ойының қалыптасуына әкеледі.

1. Оқулық пен оқу бағдарламаларын қарастырып, әдебиеттің сахнасында «Адамдықтың негізі – әйел» деген мақаласын да ұмыттырмай, халық пен елге деген сіңірген еңбегін, қоғамды өмірге тигізген пайдасын толық қарастыру;

2. Өмір сүрген дәуірін жазушының өмірімен байланыстырып, «Абай жолы» эпопеясын жазу барысында кездескен қиындықтарды да қарастырып, жетістіктерін де толық қамту;

3. Қаламгердің шығармашылығына байланысты әр жылдары жарық көрген сындардың әділетсіз жағына тоқталып, жас өркеннің дербес ойлауы мен танымын, көзқарасын дамыту айналасында іздену;

4. Қаламгердің ғұламалық бейнесін де қарастырып, ауыз әдебиеті үлгілерін жүйелеуі, қырғыздың «Манас» жыры жайындағы пікірлері, Жамбыл шығармашылығы жайлы пікірлерінің де ұмытылмай бірге қарастыру;

5. Оқу бағдарламасында көсемсөзге мән беріліп, қарастырылмайтынын, сонымен бірге, эпистолярлық жанрдың шет қалатынын айта келіп, роман бослын, әңгіме болсын барлығы да – жазушының төл туындысы болғандықтан, хаттармен қатар, М.Әуешовтің туындысын ең алдымен өзін танытудан бастау керектігін айтады. Жазушының ең басты еңбегі деп аталған шығарманың әлемді аралап, Абай мен Мұхтарды танытқан шығарманың оқулықта қалай берілгеніне де назар аудару керектігін, талдау образға таладу ретінде келетінін, Құнанбай, Абай, кедейлер бейнелерінің жақсы келгенін, әйелдер бейнесіне жарты бет арналғанын, болашаққа апарар Абайдың ақындығы мен оның халқымен таныстырар жастардың бейнесі де қарастырылмағанын айтады. Зерттеушінің әбден мәтінді оқып болған соң ұсынатын «белсенді топ» әдісі бар. Ол былай келеді. Ж – жұптық жұмыстағы баға, с – сыныптағы баға, қ – қорытынды баға. Жұмыс барысында оқушылардың өзінің ұнатқан тарауларын тұжырымды түрде айтса, өзімен топтың қағазын бірге алып шығып, жауап бергеннен соң қалған оқушылар толықтырып, отырады. Бұл тәсіл уақытты үнемдейді, әрі тарауды қаншалықты оқып, ол жайлы білетіндігін көрсетеді. Жұптық жұмыс түрлеріне мәтіннің ең негізгі деген эпизодтарын оқып отырып, талдау жасайды.

А) Мәтінді толықтай мазмұндап, ең басты мәселелерді анықтайды;

Ә) Әрбір эпизодқа атау береді;

Б) Сонымен бірге, жоспар құрады. Жоспар барлық мазмұнды толық қамтуы керектігін, ең басты мәселелерді қамтыған тұжырымды жоспар болу керектігі айтылады.

В) Мазмұндауда жоспар жасауға дайындалып, жоспар-тезис жасау, одан соң, тезис негізіндегі тереңдетілген мазмұнын айтады. Бұл жұмыстың түрінде оқушылар жұптасып, ақылдаса отырып, бірін-бірі толықтырады. Оқушылардың жұптық жұмысын ең алдымен «Аквариум» әдісі бойынша қастарына барып тыңдап алады да, сыныптың бәрі тапсырмаларын орындап болған соң, жауаптарын барлық оқушылар болып тыңдап, талдау жасайды. Мұғалім бүкіл сыныптың көмегімен қорытынды жасайды. Содан соң барып, мұғалім жұптасқан оқушыларға бір-бірден тапсырмалар беріп, олар жеке жұмыс жасайды. Үлестірмелі қағазға жұмыстың мақсаты мен шешетін мәселелрді айқындап қойып, оқушыларға береді. Тапсырманың үлгісі былайша келеді:

1. Мазмұнын меңгеру мақсатында мәтінді оқып, қиын әрі түсінбеген сөздерін белгілеп алып отырады.

2. Мәтінге ат қояды, оны мәтіннің өзінен де алса болады.

3. Жоспар құрады.

4. Мазмұндауға тезис құрастырып, дайындалады.

5. Мазмұндап жатқан кезінде дәлел ретінде өзі тапқан мәтіннен үзінді оқиды.

6. Оқығаны бойынша сұрақтар дайындап, сол арқылы қасындағы досының әзірлігін тексеріп алады. Тапсырманы орындап болған соң, мұғалім оларға бірлесіп жұмыс жасауды тапсырады. Орындап болған бірінші бала жұмысын екіншіге айтса, екіншісі біріншісіне айтады. Әр оқушы жұптық жұмыс кезінде өзі мұғалім, өзі оқушы қызметін алмастырып отырып қолдана алады. Екеуі бір-біріне сұрақтар дайындап, білімдерін тексереді. Олардың осылай жұмыс жасау барысын мұғалім қастарына келіп тыңдаса да болады. Келесі сабақтарда жұптық жұмысты дифференциалдап жүргізудің мұғалім үшін пайдасы зор:

А) Үнемі жұптардың орындарын ауысып отыруына жағдай жасалады;

Ә) Қабілетінің әртүрлілігіне байланысты оқушылар өзара жұптасады;

Б) Бір тапсырманы екі жұпқа бере отырып, қабілеті жақсы оқушыны мұғалім ретінде пайдалуды тапсырылады, ал ол өз кезегінде біріге жұмыс жасап, талдап, түсіндіріп, сұрап, бағалап отырады. Жұптық жұмыстың тиімділігі әр оқушы бүкіл бір ұжыммен жұмыс істеуді ұйымдастырып отырады.

Сонымен қатар, зерттеуші «Абай жолы» эпопеясын 11-сыныпта оқытуда шығарманы толығымен оқу керектігін, сыныптан тыс оқу ретінде жазушының «Мен «Абай жолын» қалай жаздым» мақаласын оқып, ізденіп келу тапсырылады. Сонымен, зерттеуші М.Әуезовтің жазушылығынан бөлек, оның ғалымдығын, публицист екендігін ұмытпай бірге қарастыру керектігін айтады [1, 40].

Д.Омарова өзінің «Ұлылар үндестігі еңбегінде» [2, 114] «Абай жолы» эпопеясының болмыс заңдылықтарының көріністерін ашып көрсетеді. Атеистік заманда өмір сүрген М.Әуезов жан туралы, оның дене заңдылықтары туралы ашық түрле жазбағанымен, бұл заңдылықтары шығармаларының желі болғанын сезуге болатынын, оған дәлел ретінде шығармадан бірнеше көріністерді әкеледі. Өмірде кездейсоқтық жоқ деп, барлық құбылыстың себеп пен салдары болатынын, адамдардың әрбір қарым-қатынасы олардың өткендегі өмірінің себебінің болатынын, әрбір адамның өзінің өмір жолында біреуді кездестіріп, қарым-қатынас орнатып, ол оның өткен өміріндегі көрінісі болып табылады. Кейіпкерлері шым-шытырық түрлі құбылыстарды қайтадан дене алу тұрғысынан қарастырып, сыры ашылатынын айтады. Адамдардың арасындағы үлкен махаббат Абайдың баласы Әбіш пен ноғай қыз Мағыш арасындағы сезім. Екеуі екі ұлттың өкілі екендігіне қарамастан, екеуінің жақындасуына кедергі Әбіштің жазылмас дерті болып шығып, алайда бұндай кедергіге қарамастан, біріне-бірінің сезімі адамзаттың бәріне ортақ, алайда санаулыға берілетін махаббаттың кемеліне жеткендігін, қаламгер бұндай махаббаты асқан шеберлікпен суреттегенін көреміз. Өзінің дертті екенін біліп, сүйгеніне кесел жасамау үшін әуелгіде Мағыштың сезіміне жауап бермей жүргенімен, махаббаттан бас тартудың өзі үлкен қасірет екендігін түсініп, бір-біріне ұмтылған екі жүректің бірін-бірі түсінуіне тырысуы да үлкен махаббаты көрсетсе керек. Бір-біріне бұлқынған екі жүрек фәни өмірдегі қиындықты жеңіп шығып, Мағышқа барып, өзінің неліктен оған жауабын бере алмай жүргендігінің себебін

ашып айтқанда, мені сақтау ниеттен жауап бермей жүрсеңіз деп, Әбіштің басына не келсе де, шыдап, бір көруге дайын екендігін жеткізеді. Екеуінің армандары бір жерге тоғысып әрі орындалып, бақытты өмірі дүниеге қыз баланың келуімен жалғасқанымен, Әбіштің ауруы айықпастан, өмірден өтеді. Олардың бір-біріне деген сезімдерінің күштілігі сондай бірінсіз-бірі өмір сүргілері келмейтінінің себебі олардың махаббаты басқа жандарға деген сезімнен биік болғанынан, Абай сынды атасы, қызы болса да, Мағыш бәрібір бұл өмірден мән көрмейді. Мағыш бір жылда бейнет көруінің қиындығын айтып жеткізу мүмкін еместігін, жан мен тәннің айырылуы бұл дүниедегі ең қиын әрі ауыр қасіреттердің бірі екенін, жанның денені ештеңеге жарамайтын шағында немесе аурулы болғанда оңай тастайтынын, жап-жас денені жанның тастауы одан сайын қиын болатынын айтып, ауру-сырқаусыз бір жылдан соң басқа әлемге кете барғанын әрі бұл сезімнің жоғары деңгейге жеткенін көрсетеді. Халық арасында танымал болған Баян сұлу мен Қозы Көрпеш, Кебек пен Еңліктің арасындағы махаббатпен тең сезім деп теңдей қарастырып, мәңгілік жандары жоғарыда қайтадан қосылатындарына дау жоқтығын, жер бетінде болған сынақтардың махаббатын одан сайын арттырып, басқа денеге ауысқанда да, қайтадан бірге болып, өмірден-өмірге сол сезімдернің ұштала түсетінін айтады. Қайтадан дене алу заңдылығы екі жүректің махаббатының тең болмауларынан деп, бұндай жағдайда сүйетін адам өзін сүймейтін адамға өткен өмірінде жәбір көрсететінін, осы өмірде сол қылығын ақтау үшін онан да көбірек сүйіп, қамқорлық жасап, өзінің оның алдындағы қарызын өтеу керектігін айтады. Қайтадан дене алу адамның күшін молайтып, шыдамды етіп, мақсатын білген адамға қандай болмасын қиындықты жеңудің қиын еместігін айтады [2, 117]. Міне, осылайша «Абай жолында» тек қана психологиялық мәселелер ғана емес, философиялық мәселелер көтерілетінін әрі сол арқылы карма ұғымын қарастырып, болмыстың қадір-қасиетін айшықтап, ғашық жандардың ерекше сезім мен күйде болатынын, тіпті, олардың бір-бірінсіз өмір сүре алмауы да осыдан келіп шығатынын көрсетеді. Біздің оқып жүрген әрі ғалымдар арасында өте көнеден жеткен Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың да арасында осындай көзге көрінбес байланыс барын, ғашықтардың сенсіз маған дүниенің керегі жоқ батыл шешім қабылдаулары болмыс заңдылығында осылай көрінетіндігін білеміз. Ал бұл дегеніміз М.Әуезовтің шығармасында қарапайымнан-қарапайым беріліп, анықталып отыр. Әрине, өмірде дегеніне жетіп, бақытты ғұмыр кешкен ғашықтардың тарихта мүлде сақталмай, ұмытылып, керісінше, біріне-бірі қосыла алмаған немесе арғы дүниеде қосылған жандарды жырға қосу да екі адамның бір-біріне деген адалдықтарын көрсетсе керек. Әйтпесе, халық арасында бұндай жырдың таралуы да мүмкін емес. Ғашықтардың қосыла алмауынан шығады, Абай өзінің Тоғжанына қосыла алмаса, Мұхтар да Мағауияның қызына қосыла алмағанын, олардың бастары бос болмай, кішкене күнінен атастырылып қойылуын, салт-дәстүрдің қызды малға сатуы деп қарастырады. Десе де, жақын ағайындықтан гөрі, алыстағы руға қыз беру арқылы қанның тазаратынын, тектіліктің артатынын көрмесе де, сезіп білген халқымыздың көрінбейтін даналығы десек болар.

«Абай жолы» шығармасында наным-сенімге байланысты этномәдени бірліктерге тоқталған еңбекте [3] табиғатпен бірге жасасып, біте қайнасуы арқылы әрі табиғатты аялап, оған құрмет көрсету сонау түркі замандардан басталғанын, бүгінгі күнге дейін жеткенін наным-сенімнің көрінісі ретінде қарастырып, жайлау, күзеу, қысту сынды ұғымдардың, сонымен қатар, судың да иесі бар деп танығандықтан Көк бөрі, Шопан Ата, Қамбар Ата, Ойсыл қара сынды малдың пірі деп санауы да ұлттық танымымыздың көрінісін береді. Сонымен қатар, шығармада кездесетін «Тәңір» сөзінің қолданысы да ислам бұрынғы кезеңдегі тәңірліктің қазіргі күні де элементтері кездесетінін, әсіресе, бұл жайлы қазақтан шыққан тұңғыш академик Ш.Уәлиханов исламға дейінгі дәуірді тәңірліктің, шамандықтың болғанын айтып, қазіргі күні де деп өз заманында айтқанымен, қазіргі күні де сарқыншағы сақталып, роман-эпопеяда да көрініс беріп қалады. Мәселен, бұл Абайдың әжесінің құлағы қарттықтан құлағының естімей қалғанда үшкіртіп алу, үшкірсе сияқты формада келіп, Абайдың әжесін өлеңімен ұшықтайтын тұсын келтіруімізге болады. Абайдың өзі ішінен бұндай нәрселерге ызасы келгенімен, әжесінің көңілін жықпай, молдалар ұқсап үшкіріп

береді. ал үшкіру деген бақыстармен байланысты туған ұғым, ал Абай болса бұл ұғымның тереңін медреседе оқып жүріп, түсініп, молдалықтың ел үйренген дағдысы деп санайтынын көреміз. Сондай-ақ, зерттеуші үшкірудің исламда да көзден, тілден сақтау мақсатында қолданылатынын, араб тілінде «рукия» деп келетінін келтіреді. Абайдың өзі де науқастанып қалғанында, жанындағы жеңгелері шошып, ұшынды деп, бірде соқпа деп, енді бірде сүзек деп әртүрлі айтқанымен, Абайдың науқасын тап басып ешкімнің таба алмағанын, ауруынан сауықтыру үшін жаңа сойып әкелген қойдың өкпесімен Абайдың бетін қағып, одан су бүркіп, бәлекет кет деп, көш деп бақыстықтың элементтерін пайдалану арқылы ұшықтағанын көреміз. Әрине, халық арасында бақыстықтың кең тарауы рулар арасындағы ислам дініне дейін әлеуметтік-саяси жағынан үлкен рөл ойнағанын, қауіптің бетін қайтарып отыру үшін, адам мен әлеумет өмірін қауіп төндіретін нәрселерден аластап, қордаланып қалған, жағымсыз қуаттарды шығару қызметін атқарағанын айтады. Алайда Қазақстан мен Орталық Азияның өңірлерінде ислам діні таралуында шамандықпен байланысты қиындықтар болғанын, адамдардың исламды бірден әрі тез қабылдамағанын, оның бірден жойылып кетпей, наным-сенім ретінде салт-дәстүрде қолданылатынын айтады, Мәселен, шығармада келетін күрең аттың кекілін шорт кесіп тастау, қалың құрығын кесіп алу арқылы атты тұлдайтынын, бұл нанымның төркіні сонау ежелден екенін, тұлданған ат келесі жылға дейін мінілмей, қайтқан адамның асында сойылады. Сонымен қатар, киімдердің де тұлданып, жануарға жабылуында да аруаққа табынудың көрінісі беріледі. Терең философиялық мәні бар екенін көреміз. Сондай-ақ, бақсы-құшнаштай басқа үкі тағудың да бақыстыққа тән қасиет екендігін әрі үкі тағу арқылы жын-перілерден, жамандықтан қорғаламын деген сенімінің жатқанын көреміз. Үкіні бұрын ер адамдар да қыздармен қатар таққанымен, қазіргі күні тек қана құдалық дәстүрінде қызға ғана тағылады [3, 20].

Сонымен, шығармада халықымыздың сонау заманынан бірге жасасып келе жатқан наным-сенімдері мен салт-дәстүрлері де көрініс тапқанын көреміз.

«Абай жолы» 11-сынып оқулығында беріліп, әртүрлі тапсырмалар арқылы көрінеді. «Қайтқанда» бөлімінде Құнанбай мен Абайдың болмысын ашатын сөздер мен сөз тіркестерінің берілуі арқылы қандай ой тудырғанын оқушылар жазады. Әрине, 11-сынып оқушылары өзіндік ой мен пікірі қалыптасқандықтан, бұндай тапсырмалар орынды екенін көреміз.

Бұл бөлімде жазушы бізді психологиялық тұрғыдан осы екі кейіпкердің өсуі мен өзара қарым-қатынасының әлі де тақырып болатындығын көрсетіп кетеді. Бұл бөлімде қосымша ой тастау мақсатында мынадай үш сұрақ қойса болады:

- Құнанбайдың қаттылығы Абайдың сезгіштігін қалай сезді деп ойлайсың? Абайды неліктен ерекше көреді?
- Медресені бітірткізбестен баласын қасына алуынан қандай тәрбие көресің?
- Әке балаға сыншы дегенді керісінше оқып, қалай түсінетініңді өз ойыңмен жеткізіп көр.

Бұл бөлім бізді алдағы шытырман оқиғаларға алып барады. Әрі қарай Құнанбайдың Абайды тәрбиелеудегі ұстанымдарында талқылайтын боламыз.

11-сыныптың жаратылыстану-математика бағытында [4] «Қайтқанда», «Шытырманда», «Өрде», «Тайғақта», эпилог бөлімдері беріліп, оқушылар Абайдың болмысымен танысады. Оқушыларға ізденіп, өзіндік пікірлерінің қалыптасуы мақсатында «мульти-медиалық жоба» жасауды тапсырамыз. Бұл ұғымды орыс зерттеушісі Н.Смирнова ұсынған. Жоба әдісі, жобаларды қорғау әдісінің С.Френенің «еркін еңбек технологиясының» негізінде құрылғанын, тапсырма түрлеріне байланысты жұмыс барысында топтарға бөлініп, ақпараттың құндылығын көрсетіп, өздігінен ізденіп еңбектенудің маңыздылығын көрсетеді. Білім іздеуші кітаппен немесе сауланама алып, интервью ұйымдастырып, жеке апталық жоспар құрып, сол жоспар бойынша ізденіп отырады. Сонымен қатар, оқушының өзі ізденіп тапқан білімінің танымын кеңейтіп, сол ақпаратты ұзақ есінде сақтайтынын айтады. Абайша айтқанда, «сонан тапқан шын асыл тастай көрме» дегендей, ізделген білімнің адамды қалыптастыруына үлесі зор екендігін көреміз. Мәселен, авторда шығарманы

өту барысында жобаларды қорғаудың маңызды екенін, бірінші топқа «Абай жолы» жайында жазылған зерттеу жұмыстарын қарап, талдау болса, екінші топқа шығарма сұрақтар әзірлеп, қорытындысын талдау болса, үшінші топта әртүрлі әлеуметтік құрамынан интервью алуды тапсыратынын және бұл жұмыстар арқылы Абайдың тұлғасы да дараланып, оның бүтін-болмысын түсіне бастайды [5, 4]. Десе де, Н.Смирнова ұсынған жобаның [6] артықшылығы бұдан белгілі бір өнім шығатындығында. Сол себепті оқушыларды санына байланысты үшке не беске бөліп, мульти-медиалық жоба барысында «Абай жолы» эпопеясын оқыған мұғалімдер жайлы, олардың не түсіп, қандай сезімде болғандары жайлы интервью дайындайды, өзге сынып оқушыларына Абай мен Мұхтар жайлы сұрақтар құрастырып, сауалнама алып, оны видео-қорытынды ретінде ұсынады, одан кейін М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын қалай жазғаны, қандай қиындықтарды көргені жайлы деректі фильм жасап шығарады. Роман төңірегінде комикс құрастырады бір топ, ал соңғы топ болса, шығарманы оқыған оқушыларды тауып алып, олармен сұхбаттасып, мінездерінде қандай ерекшелік барын анықтап, одан бөлек, шығарманы оқымаған оқушылардың бойында қандай ерекшеліктер болатынын айырып, сюжеті бар журналистік зерттеу жасайды. Ал ендігі кезекте оқушыларға апта бойынша не жасау керектігі ұсынылады.

11-сынып оқушыларының дербес әрі еркін әрекет ететіндігіне байланысты, бұл жобалар қиындық келтірмейді деп есептеп әрі оқушылардың Абайды, Мұхтарды тануға деген қызығушылығын арттырып, зерттеуге құлшыныс болады деп білеміз. Әрине, 100 пайыз идеалды болатын нәрсе өмірде болмайтындықтан, алдын-ала болатын қателіктер ретінде:

- Монтаждalған видеоның өшіріліп қалуы;
- Телефонда сақталу көлемінің аз болуы;
- Видео өндегенде басқа видеолардың араласып кетуін қадағалап, оқушыларға мұқият болу тапсырылады.

Сонымен қатар, оқушылар сабақ үстінде мына бір кестені толтыру арқылы салт-дәстүр жайындағы пікірлерін қалыптастырады. XIX ғасырдағы салт-дәстүрді ұстанудың осындай төрт түрлі қырын ажыратып көрсету арқылы оқушылар мүмкіндікпен қатар, қауіптің де болатынын ажыратады. (

Сонымен, «Абай жолын» мульти-медиалық жоба дайындау арқылы оқушылар:

- Абайдың тұлғасымен, Мұхтармен туыстық, рухани жақындықтарын анықтайды;
- «Абай жолы» шығармаларын оқудың қаншалықты пайда екендігін зерттейді;
- Өзінің жобасын қалай әдемі жеткізетініне байланысты, шығармашылық ойлауы дамиды.

• Шығарманың жарыққа шығуының қаншалықты қиын болғандығын, соған қарамастан халықпен бірге жасасып келе жатқандығын түсініп, талдау жасайды;

- Оқушылардан оқырман қалыптасады;
- Ең бастысы өзара ынтымақтастық қарым-қатынас пайда болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Бітібаева М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. Екінші басылымы. – Алматы: “Мектеп” баспасы” ЖАҚ, 2003. – 120 бет.

2. Омаров Д. Ұлылар үндестігі (Абай мен Мұхтар Әуезов дүниетанымдары туралы философиялық толғамдар). – Алматы, «Санат», 1999. – 176 бет

3. Дузнаева М. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы наным-сенімге байланысты этномәдени бірліктер. 2 томдық: Т. 2 Школа – учитель – инновации в современном мире: материалы международной научно-практической конференции. – Павлодар: ППУ, 2021 – 346 с. – казахский, русский языки.

4. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. Жалпы орта білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математика бағытына арналған қазақ әдебиеті оқулығы. Алматы: «Мектеп», 2019. – 206 бет

5. Елеусинова Г. Оқыту үдерісінде жаңа технологияларды қолдану тәжірибесі. Білім – болашаққа жеткізетін нұрлы жол. Ұстаз шығармашылығы топтамасы. Шығармашылық еңбектердің іс-тәжірибелік жинағы. Ред. Нагиев І. – Алматы, 2014. – 200 бет

6. Смирнова Н. Развитие навыков самостоятельной деятельности учащихся. – М.: Просвещение, 2008. – с.33

УДК 82-116

ОБУЧЕНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫХ ПРИ ОПИСАНИИ СЕЗОНОВ ГОДА НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Байниева Куляш Темиргалиевна

*кандидат филологических наук, и.о.доцент
Атырауский университет им.Х. Досмухамедова
moidoki.1516@mail.ru
г.Атырау, Казахстан*

Мурадова Резеда Рафаэльевна

*Магистрантка специальности 7М02302–Переводческое дело
r.muradova@asu.edu.kz*

Аннотация: В статье показывается важность изучения прилагательных в процессе изучения английского языка. Они разбираются по теме «Времена года», являющейся наиболее предпочтительной темой для общения и дающей возможность употребить большой спектр из богатого словаря английских прилагательных.

Ключевые слова: прилагательные, атрибутивная функция, фразеологизмы, идиомы, словарный запас.

Введение. Обучение использованию прилагательных является необходимым звеном в процессе преподавания английского языка и входит неотъемлемой частью в формирование языковых навыков и умений. Прилагательное как именная часть речи имеет большое значение в языке. Использование прилагательных означает, что можно выразить качество любого лица или объекта. Без них невозможно дать соответствующую характеристику какому-либо предмету или явлению. Они делают высказывания более наглядными и яркими. На практике специалисты-логопеды для успешного развития речи используют тексты с большим количеством прилагательных, выражающих постоянный признак объекта. Данный прием позволяет расширить словарный запас и показывает, как описывать известные обучающему предмету окружающей среды, животных, сказочные персонажи и т.д.

В рамках атрибутивных синтагм прилагательное выступает в качестве определяющего члена или атрибута, называя какой-либо признак определяемого слова вне учета категорий наклонения и времени (a greenapple, a kindwoman). Естественно, что атрибутивная функция осложняется, например, прилагательные выражая свойства объектов, могут приближаться к субстантивным именам: [young men](#) /the young; Kazakh people /the Kazakh). Кроме того, в английском языке имеются сложные атрибутивные цепочки (именные группы с несколькими прилагательными). В рамках подобных сложных атрибутивных построений прилагательные создают много-признаковую характеристику объекта описания. В этом случае прилагательные ставятся в определенном порядке: размер - форма - возраст - цвет - национальность - материал.

Приходится учитывать и тот неизбежный факт, что они при переводе на русский с английского или с русского на английский язык значение некоторых лексических единиц

может не совсем совпадать. Английские прилагательные могут переводиться не как прилагательные, а группой слов, именами существительными и др.

Тема «Времена года» (Seasons) на английском языке — очень распространенная тема, по которой представители различных слоев общества и возраста осуществляют непринужденное общение.

Обычно для описания сезонов года в русском языке используются разные выразительные средства, цвет также играет свою роль. Осень – в основном желтый цвет и теплые оттенки. Зима – белый цвет и холодные оттенки. Весна – в основном зеленый цвет. Лето – яркие цвета. С английским языком это тоже схоже, но там есть свои особенности. Прежде всего это связано с представлением о мире. Например, при описании сезонов года возникают следующие факторы:

1. Язык свойственный другой культуре и его диалекты
2. Разные часовые пояса
3. Различные континенты
4. Иное восприятие мира
5. Явления природы, которые в других местах не распространены

Убедительным примером первого пункта является то, что лексема «осень» переводится в американском варианте английского языка как fall, а в британском варианте autumn. Вследствие этого возможно различие при употреблении прилагательных. Различие может быть в форме слова: полное или частичное, или в значении будет наблюдаться разная степень расхождения.

Для пятого пункта следует отметить, что каждая страна и географическое место имеют свои определенные сезоны, связанные с климатическими особенностями. В Англии зима холодная, но не морозная, как в Казахстане, а лето умеренно теплое. Весной идет много дождей, а осенью резко начинает холодать.

Степень использования прилагательных зависит от уровня английского, которым владеет обучаемый: A1, B1, B2, C1, C2. На начальном уровне он/она применяет простые прилагательные такие, как cold, hot, shiny, freezing, cloudy, cool, foggy, sunny, rainy, warm и так далее. При повышении уровня знания языка они становятся сложнее: boiling, scorching, inclement, freakish, tropical, dreadful, unpredictable, continental. Для уместного употребления необходимо в полной мере понимать их смысл.

Фразеологизмы и идиомы, которые используют для описания сезонов года, могут состоять только из прилагательного и существительного:

1. Indian summer
2. Lovely weather for ducks

Indian summer соответствует русскому выражению «бабье лето». «Indian Summer» — это, короткий период теплой и сухой погоды, часто случающийся осенью, примерно в середине октября. Существует несколько теорий о происхождении «indian summer». Впервые эта фраза в печати использовалась в книге, написанной в 1778. Версия самихиндейцев в пересказе бостонского священника 1812 году звучит следующим образом: «This charming season is called the Indian Summer, a name which is derived from the natives, who believe that it is caused by a wind, which comes immediately from the court of their great and benevolent God Cautantowwit, or the south-western God.» (Это очаровательное время года называется бабьим летом, название происходит от туземцев, которые считают, что оно вызвано ветром, который исходит непосредственно от двора их великого и великодушного бога Каутантоввита, или бога юго-запада). [1]

Lovely weather for ducks – смысл заключается что надо сохранять оптимизм даже самую ужасную погоду. Идиома Lovely weather for ducks переводится буквально как прекрасная погода для уток, имеет несколько вариантов, отличающихся разными прилагательными:

- Fine weather for ducks
- Nice weather for ducks
- Great weather for ducks.

Однако на самом деле эта шутильная идиома означает дождливую погоду и находится речевом обороте с середины 1900 годов. Для того, чтобы обучаемые сами догадались об истинном значении идиомы можно предложить перевести следующие предложения и охарактеризовать роль прилагательного:

“It’s been raining for two days straight. Lovely weather for ducks!”

“Want to share my umbrella? Fine weather for ducks, isn’t it?”

“That rain came out of nowhere and I got soaked on the way to the car,” said Hank. “Yeah, great weather for ducks,” replied Evan.[2]

Месяцы в равной степени принимают на себя место прилагательных в английских предложениях. May Day в значении погоды будет переводиться как майский день. July morning – июльское утро, december night – декабрьская ночь.

Простое описание погоды или сезонов может отличаться в зависимости от жанра: новости, песня, стихи, художественный рассказ и т.д.

Возьмем на рассмотрение тексты, взятые из новостей американской прессы FoxWeather и TheGuardian:

«...When the actual temperature is combined with wind, the feels-like temperatures are expected to reach dangerous values between 20 and 30 degrees below zero...» [Fox Weather] [3].

«...Exposure to subzero wind chills can lead to frostbite that starts within minutes, and in the heart of the weekend’s arctic blast zone, the timing for the onslaught of symptoms may even be less than 60 seconds...» [Fox Weather] [3].

«...Extreme weather kills at least one person in Japan and more than 100 in Afghanistan while parts of China hit record low temperatures...»[The Guardian] [4].

«...Strong winds may also be behind the sinking of a Hong Kong-registered cargo ship in the seas between western Japan and South Korea’s Jeju island on Wednesday morning, Reuters reported...»[The Guardian] [4].

«...Officials have urged people to avoid non-essential journeys and to watch out for icy road conditions, public broadcaster NHK said. They have also warned that water pipes could freeze...» [The Guardian] [4].

Описание погоды или в этом случаях климата в зимнее время носит информационно- публицистический стиль. Значение прилагательных, использованных в данных отрывках:

1. Strong winds – сильные ветра

2. Extreme weather – экстремальные погодные условия

3. Actual temperature – текущая температура

4. Subzero wind chills – холодный ветер ниже нуля

5. Arctic blast zone – арктическая зона сильного порыва ветра

6. Icy road – заледенелые дороги, обледеневшая дорога, гололедица на дорогах

7. Low temperatures – низкая температуры

8. Feels-like temperatures – температура комфорта, "мнимая" температура

"Мнимая" или "кажущаяся" температура – это температура воздуха по ощущению одетого по сезону человека, выходящего на улицу. [5]

Слово «chills» близко по значению словом «cold». Это слово означает «холодный», но не достаточно холодный, чтобы замерзнуть. Чаще всего выражает «умеренный холод».

Проанализируем тексты, взятые из разных источников:

«...Everyone know that Autumn always brings rainy days, gray and heavy clouds in some days in the sky and winds. ...Also, Autumn season makes birds to fly away to warmer climes, so everyone would be able to see bird “keys”, flying away...Autumn equinox (September equinox) - in the Northern Hemisphere, this is the moment when the Sun passes from the northern hemisphere of the celestial sphere to the southern one. In the Southern Hemisphere, on the contrary, the March equinox is considered autumn, and the September equinox is considered spring. On the day of the equinox, the Sun, as viewed from the equator, rises strictly to the east and sets in the west.... » [6].

«...Spring is the season during which the natural world revives and reinvigorates after the colder winter months. During spring, dormant plants begin to grow again, new seedlings sprout out of the ground and hibernating animals awake....The rising rainfall of spring may bring with it an increase in flooding as melting snow overwhelms rivers. Spring may also boast storms, as warm air from the equator combines with still-cool air farther north or south.... » [7].

«...summer, warmest season of the year, between spring and autumn....A period of exceptionally hot weather, often with high humidity, during the summer is called a heat wave. Such an occurrence in the temperate regions of the Northern Hemisphere in the latter part of summer is sometimes called the dog days.... » [8].

Прилагательные, которые были использованы:

1. Rainy days – дождливый день
2. Gray and heavy clouds – серые и тяжелые облака
3. Warmer climes – теплые края
4. Autumn equinox – день осеннего равноденствия
5. September equinox – сентябрьское равноденствие
6. March equinox – мартовское равноденствие
7. Dormant plants – покоящиеся или спящие растения
8. Colder winter months – более холодные зимние месяцы
9. Warm air – тёплый воздух
10. Still-cool air – все еще прохладный воздух
11. High humidity – высокая влажность
12. Heat wave – тепловая волна
13. Warmest season of the year – самый тёплый сезон года
14. Hot weather – жаркая погода
15. Latter part of summer – последние дни лета
16. The dog days – самые жаркие летние дни

В англоязычных песнях прилагательные, описывающие времена года намного меньше. Возьмем на рассмотрение тексты, взятые из разных песен:

- «...I can see clearly now, the rain is gone, » [9].
- «...I can see all obstacles in my way..... » [9].
- «...Gone are the dark clouds that had me blind..... » [9].
- «...It's gonna be a bright, bright..... » [9].
- «...Sun-Shiny day..... » [9].
- «...Look all around, there's nothin' but blue skies..... » [9].

Прилагательные, которые присутствуют в песне:

1. Dark clouds – Темные тучи
 2. Blue skies – Синее небо
 3. Shiny day – Солнечный день
- «...Trees swayin' in the summer breeze..... » [10].
 - «...Showin' off their silver leaves..... » [10].
 - «...As we walked by..... » [10].
 - «...Soft kisses on a summer's day..... » [10].

Перевод прилагательных из песни:

1. Summer breeze – летний бриз, летний ветер
2. Silver leaves – серебряные листья
3. Summer's day – летний день

Для написания эссе требуется творческий подход, поэтому широкий запас слов будет крайне востребован. В большинстве случаев можно применять простые прилагательные, но есть исключение, когда существуют нюансы, которые вынуждают употреблять наиболее сложные формы. Для оказания более сильного эффекта, чем более распространённые прилагательные как вариант можно взять менее часто используемые прилагательные, но которые продемонстрируют продвинутый уровень знания английского языка:

1. Verdant
2. Muggy
3. Balmy
4. Dull
5. Algid
6. Torrid
7. Rigorous
8. Snappy
9. Sultry
10. Sweltering
11. Unseasonable
12. Rimy
13. Blazing
14. Sullen
15. Tranquil
16. Scorching
17. Humid
18. Vernal
19. Festive
20. Fruitful
21. Extraordinary
22. Gloomy
23. Steamy
24. Roasting
25. Sickly
26. Soggy
27. Convenient
28. Extreme
29. Dry
30. Nippy
31. Freakish
32. Gale-force
33. Frigid

Для работы с вышеперечисленными словами рекомендуется найти значение предложенных прилагательных в словарях, подобрать синонимы и антонимы. Запоминание фонетического воспроизведения, поэтому кроме записи транскрипции необходимо прослушать британский и американский вариант произнесения, чтобы выявить возможные различия. Тем более, что современные словари предоставляют такую возможность.

В результате изучения различных источников можно прийти к следующему выводу, что использование прилагательных при описании сезонов года имеет свои трудности. В основном применяются простые прилагательные, хотя английский язык имеет значительный запас прилагательных, выражающих различные нюансы. Их применение придает тексту как эмоциональную окраску, так и сообщает важную информацию о том, что хочет передать говорящий.

Заключение. Имя прилагательное выполняет в языке разнообразные функции, а именно: выделительную, изобразительную, оценочную функции. Они сосредоточены на обозначении признаков рассматриваемого объекта, или явления. Именно прилагательные позволяют охарактеризовать предмет с разных сторон (по цвету, форме, размеру, весу, росту, пространству), выделить из ряда подобных; и дать ему оценку. В связи с вышеизложенным обучение использованию прилагательных занимает важное место в процессе преподавания английского языка. Прилагательные, описывающие времена года многообразны, расширяют

лексический запас обучаемых, улучшают навыки общения и выражения суждений на тему, приемлемую для общения в англоязычном обществе.

Список использованной литературы:

1. <https://terka.ru/indian-summer-что-значит-perevod-indian-summer-smysl/>
2. <https://www idioms online/lovely-weather-for-ducks/>
3. FoxWeather. Article «Dangerous arctic blast to send coldest air of 2023 across northern US». Published January 27 // [электронный ресурс] // <https://www.foxweather.com>
4. The Guardian. Article «Japan and North Korea sound warning as deadly cold snap sweeps across Asia». Published Wednesday 25// [электронныйресурс] // <https://www.theguardian.com>
5. Multitran Dictionary // [электронныйресурс] // <https://www.multitran.com>
6. Seasons of the Year // [электронный ресурс] // <https://seasonsyear.com>
7. Livescience // [электронный ресурс] // <https://www.livescience.com>
8. Britannica // [электронный ресурс] // <https://www.britannica.com>
9. Johny Nash. Song «I Can See Clearly Now» // [электронный ресурс] // <https://songtranslate.ru>
10. Chad and Jeremy. Song «A Summer Song» // [электронный ресурс] // <https://www.amalgama-lab.com>

ӘОЖ 371.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ақмарал Муханбетжанова

педагогика ғылымдарының докторы,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры

М.А.Сатмагамбетова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

Білім берудегі менеджмент ББ 2 курс магистранты

Атырау қ. Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада бастауыш мектеп балаларының тұлғалық-бағдарлы сабақты оқытудың мазмұнындағы, оның процессуалдық-әдістемелік жағында да ізгіліктік идеялары салынуы тиіс екендігі көрсетілді. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары педагогикалық үрдісте субъект ретінде танылуы тиіс. Педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда мұғалімдер мен оқушылар арасында демократиялық қарым-қатынастар жобалануы керек екендігін, яғни «ынтымақтастық педагогикасы» іске асырылатындығы және оқыту процесін ұйымдастыру негізінде тәсілдердің түрлері сипатталды.

Түйінді сөздер. Эмоционалды-еріктік, мотивациялық-қажеттілік, тұлғалық-бағдарлы.

Қазіргі кезде оқытуды дамушы тұлғаға бағдарлау мәселесі оқушылар бойындағы кең ауқымды және әлуатті мүмкіндіктерді қамтиды. Бұл мүмкіндіктер баланың өзін-өзі дамытуға бағытталған оқытудың педагогикалық технологиясын қолдану барысында бастауыш сынып оқушыларының іс әрекеттік белсенділігі негізінде жүзеге асырылады.

Ғылымда педагогикалық технологияның мынадай белгілері:

- технология - нақты педагогикалық ой төңірегінде жасалады, оның негізінде автордың белгілі бір әдіснамалық позициясы жатады;

- педагогикалық әсерлер, операциялар, коммуникациялар тізбегі мақсаттық негізге сәйкес құрылады;

- мұғалім мен оқушының әрекеті келісімдік негізде даралау мен дифференциация принциптерін, адамзаттық және техникалық мүмкіндіктерді, халықтық қатынасын жүзеге асыруды есепке ала отырып жасалады;

- технология элементтері мұғалім жеңіл қолдана алатындай болуы және мемлекеттік қалыпты (стандарт) барлық оқушылардың игеруіне кепілдік беруі керек;

- технологияның органикалық бөлігі, әрекет нәтижесінің өзгеру критерийлері, көрсеткіштері мен құралдарынан тұратын диагностикалық орындау тәртібі болып табылады.

Зерттеуде біз технологияны бастауыш сынып оқушыларында білімді кіріктіру арқылы дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру мақсатында табиғатты зерделеудің тұлғалық-бағдарлы педагогикалық жүйесі ретінде құрамыз. Оны жасау барысында келесі негізгі бағыттар бөлініп алынды:

-бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесін сабақтастық, ғылымилық, қолайлылық т.б. негізгі педагогикалық принциптер негізінде қалыптастыру;

-оқушы дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру процесінде оқу мен өмір сүрудің біртұтас субъектісі ретінде қалыптасады;

-оқушы мен мұғалімнің интеграциялық әрекеті бірлескен, өз-ара байланысты және шығармашылық сипатта болады.

Бастауыш сынып оқушыларында білімді кіріктіру арқылы дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру олардың субъектілік және субъекті аралық тәжірибесін өзгерту негізінде құрылады.

Ұзақ уақыт бойына білім беру ғылымның даму деңгейіне сәйкес шындықты ғылыми тану ретінде қарастырылып келді. Мұнда оқушы ол үшін құрылған дүниенің бейнесін теориялық білімдер негізінде қабылдаушы және оны жеткізуші ретінде есептелді, демек, классикалық гносеология үшін оқыту таным модельдерінің бірі ретінде көрініс табады. Бұл әрине дұрыс, бірақ бірден-бір тұжырым емес, өйткені мұндай модельде дүние мен адамның қатынасы тек объектілік-субъектілік ретінде алынады.

Табиғатты зерделеудің тұлғалық-бағдарлы технологиясын құру қазіргі уақыттағы психологтар мен педагогтардың белсенді түрде айналысып отырған оқушының даму мен өздігінен дамуына қатысты теориясы болып табылады.

Бұл теорияны және табиғатты зерделу принциптерін жетістікті жүзеге асыру үшін мектеп алды жасындағы баланы және бастауыш мектеп оқушысын дамытудың, оқыту мен тәрбиелеудің сабақтастық байланысын, сол сияқты бастауыш мектеп оқушылары мен негізгі мектеп оқушыларына білім берудің перспективалық байланыстарын есепке алу қажет (Ш.Амонашвили, Л.В.Венгер, И.Д.Зверьев, Э.С.Черкасова т.б.).

Соңғы уақытта білім берудегі тұлғалық-бағдарлы тұрғы жайында көп айтылғанымен бұл ұғымның мәні әлі де түсініксіз, яғни бұл өзекті мәселе болып табылады. Тұлғалық-бағдарлы білім беру ұғымының қазіргі түсіндірмесі негізінен оқушылардың бар мүмкіншіліктерін дамытуға, олардың өз-өздерін еркін көрсетуге басты назар аударады. «Тұлғалық-бағдарлы білім беру — бұл алдын-ала белгіленген қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру емес, тәрбиеленушілердің тұлғалық функцияларының толық анықталуына және дамытылуына жағдай жасау».

Тұлғалық-бағдарлы педагогиканың басты міндеттері – адамға өз-өзіне, басқа адамдарға, қошаған ортаға, өзінің кәсіби іс-әрекетіне деген жеке көзқарасын, қарым-қатынасын анықтауда (өзгертуде, түзетуде, бекітуде және т.б.) көмек беру. Бұл педагогиканың теория және кәсіби практикалық іс-әрекет ретіндегі тұжырымдамасы — адамды оқыту және дамыту үрдісінде тұлғаға басымдылық жасауды жою. Бұл идея тұжырымдаманың психотерапевтік сипаттамасымен дәлелденеді.

Тұлғалық-бағдарлы педагогиканы практикада жүзеге асыруда әлеуметтік- этикалық қажеттілік пен еркін дамудың арасында қарама-қайшылық байқалады, яғни қоғамның «әлеуметтік талабы» және еркін тәрбие арасында. Бұл жағдайда білім берудің осы күнгі «стандарттары» дамудың тұлғалық парадигмасына қайшы келеді, себебі тұлға бастапқыдан-ақ алдын-ала белгіленуді қажетсінбейді.

Педагогтардың міндеті— тәрбиеленушілермен біріге отырып екі жақтың да қызығушылықтары ескерілетін білім берудің мазмұнын жасау. Мұғалімдер білім берудің мемлекеттік стандарты мен вариативті бөлімі бар оқу жоспарларын қолдануына болады.

Білім берудің нақты бағдарламалық мазмұнын (міндетті және вариативті бөлімдерін) жасауда оқушыларға белгілі бір білім, іскерлік жиынтығын (қазіргі мемтептердегі «білімдік» педагогика) беруге емес, «тұлға болу» мақсатын көздеуге, яғни тұлға болуға қажетті тәжірибені жинақтауға бағытталуы дұрыс. Осылай ғана оқушы өз бетімен еңбектенуге, өмір сүруге дайын бола алады. Осы қызметтер орындауға оқушы білім беру ұйымдарынан-ақ дайын болуы керек. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің басты қызметі мыналар:

- таңдау (құндылықтарды, өмір сүру бағытын таңдау);
- жанамалық (сыртқы әсерлерге және іс-әрекеттің ішкі түрткілеріне байланысты);
- сынау(сырттан келетін құндылықтар мен нормаларға байланысты);
- мақсатқа қол жеткізуде өзін-өзі реттеу функциясы;
- рефлексивті, шығармашылық, бағытталу (дүниенің жеке тұлғалық бейнесін, мәндер жүйесін құру);
- шешім қабылдауда жауапкершілік, ішкі дүниесінің, өзін-өзі іске асырылуының автономдығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қызметі;
- бейімділіктеріне қарай рухани даму деңгейін қамтамасыз ету;

Егер аталған қызметтер білім беру үрдісінде орындалса, онда оны тұлғалық-бағдарлы деп тануға болады. Бұл қызметтер оқытудың мазмұнын, формасын, оны ұйымдастыру әдістерін анықтауда жүзеге асырылуы тиіс.

Тұлғалық-бағдарлы технологияны жүзеге асыру барысында мұғалімде әрбір оқушының жеке-стильдік ерекшеліктерін анықтайтын карточка-тапсырмалары(жеке тапсырмалар) болуы шарт. Бұл карточка-тапсырмаларды жасауда басқа жіктелу түрі қажет.

Дидактикалық материалды осылай жіктеу психофизиологиялық ұйымдастырылумен анықталатын оны меңгерудегі жеке ерекшеліктерге сүйенеді. Психофизиологиялық ұйымдастырылу дегеніміз тұрақты жеке-даралық сипатқа ие когнитивті стиль, бұл танымдық стильдің сипаттамасының қайсысы мұғалім назарының объектісі танылса, соған сәйкес карточка-тапсырмалар жасалады.

Оларды дайындаудың бірнеше бағыттары бар. Бірінші жолы – ғылыми ақпаратты қабылдау және өңдеуді қамтамасыз ететін түрлі сенсорлық каналдарды анықтау және қолдану. Әрбір оқу пәні бойынша оқушыға жұмыстану жеңіл, ұнамды, нәтижелі болатындай материал ұсынылуы тиіс. Біреулер көзбен көру арқылы жұмыс жасағанды ұнатса, басқалары есту арқылы, ал үшіншілері – моторика көмегімен еңбектенеді. Мысалы, орыс тілі сабағында белгілі бір сөздер тізбегін меңгеру керек болса, мұғалім сол сөздерді жазады, дауыстап айтады, немесе бейне-символ арқылы белгілейді. Осылайша, жеке тапсырмаларды дайындайды.

Екінші жол – оқу тапсырмаларын орындау барысында оқушының жеке стратегияларын анықтау және қолдану, яғни ақпаратты өңдеу ерекшелігі.

Үшінші жолы – тапсырма типін таңдауда оқушының жеке талғамына сүйену. Мысалы «идея ұсынушы», «референт», «орындаушы», «теоретик», «практик», «экспериментатор» және т.б.

Дайындалған дидактикалық материал сабақта қолданылады. Сабақ – бұл білім беру үрдісінің көп функционалды бірлігі. Сабақта педагогикалық ықпалдың барлық түрлері жүзеге асырылады; танымдық мүмкіншіліктерді белсендендіруге, әрбір оқушының тұлғалық анықталуын зерттеуге бағытталған мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы жүреді.

Тұлғалық-бағдарлы сабақ дегеніміз бұл тек шығармашылық атмосфераны тудыру ғана емес, бұл оқушының субъектілі тәжірибесіне әрдайым көңіл бөлу.

Тұлғалық-бағдарлы сабақтың басты мәні – қарастырылатын тақырып бойынша оқушының субъектілі тәжірибесінің мазмұнын ашу, оны берілетін біліммен үйлестіру, оны

ғылыми мазмұнға аудару (яғни «мәдениеттендіру»), сол арқылы материалдың меңгерілуін қамтамасыз ету.

Сабақта субъектілі тәжірибемен жұмыстану оқушы мен мұғалім әрекеттесуінің ерекше формасын талап етеді. Мұғалім әрбір оқушының тек интеллектуалдық емес, эмоционалды-еріктік, мотивациялық-қажеттілік ерекшеліктерін есепке алуы шарт.

Егер мұғалім дидактикалық материалмен қоса, сабақ барысындағы қарым-қатынас, тұлғааралық әрекеттесу сипатын жоспарласа, іске асыруға болады. Бұл: сабақтың нақты мақсатына сәйкес қарым-қатынастың түрлі формаларын (монолог, диалог, полилог) қолдану; оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін, топаралық өзара әрекеттесуіне (жеке, жұппен, топта жұмыстану мүмкіндігін беру) қойылатын талаптарды ескере отырып, оқушылармен өзара әрекеттесудің сипатын жобалау; «оқушы-мұғалім», «оқушы-сынып» жүйесіндегі диалог барысында барлық оқушылардың субъектілі тәжірибесінің мазмұнын қолдану; сыныпта ұжымдық жұмысты ұйымдастыруда мүмкін болатын өзгерістерді алдын-ала болжау, сабақ барысында оларды түзету;

Сабақтың нәтижелілігін жоспарлау дегеніміз: алынған білім мен білікті, олардың меңгерілуі деңгейін бағалауды жалпылау; топтың және жеке жұмыстың нәтижелерін талдау; сабақта тек соңғы нәтижеге емес, оқушының жұмыстану үрдісіне баса назар аудару. Тұлғалық-бағдарлы сабақ әрбір оқушының даралығымен жұмыстануға есептелген. Осыған сәйкес, мұғалім бұнда пән мұғалімі, психолог қызметін атқарады.

Мұғалімдерге, әдістемелік ұйымдарға нақты түрде жеткізу мақсатында тұлғалық-бағдарлы білім беру технологияларын практика жүзінде қолдану үлгілерін біздің басқаруымызбен мектеп мұғалімдері дайындаған.

Оқытуды дамушы тұлғаға бағдарлау мәселесі оқушылар бойындағы кең ауқымды және әлуетті мүмкіндіктерді қамтиды. Бұл мүмкіндіктер баланың өзін-өзі дамытуға бағытталған оқытудың педагогикалық технологиясын қолдану барысында бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекеттік белсенділігі негізінде жүзеге асырылады.

Бастауыш мектеп оқушыларында дүние бейнесін эксперименттік қалыптастыру мектептің басқа түрлерімен қатар “Мектеп - бала-бақша” кешенінде де жүргізілді. Балабақша топтарында мектеп алды жастағы балалар қабілеттерін көрнекі модельдеудің әртүрлі нысандары модельдеу қызметінің интериоризациясын да дамытады. Модельдеудің ішкі үлгі нысандарының қалыптасуы, ғалымның пікірінше “баланың ақыл-ой қабілетінің өзегін” көрсетеді.

Бастауыш мектепте балалардың мектепке дейінгі кезеңдегі қабілеттері дамуының қол жеткен деңгейін сақтауға жағдай жасалды және оның одан әрі дамуы жалғастырылды.

Соңғы уақытта білім берудегі тұлғалық-бағдарлы тұрғы - өзекті мәселе болып табылады. Тұлғалық-бағдарлы білім беру ұғымының қазіргі түсіндірмесі негізінен оқушылардың бар мүмкіншіліктерін дамытуға, олардың өз-өздерін еркін көрсетуге басты назар аударады. «Тұлғалық-бағдарлы білім беру - бұл алдын-ала белгіленген қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру емес, тәрбиеленушілердің тұлғалық функцияларының толық анықталуына және дамытылуына жағдай жасау».

Оқытудың процессуалдық жағы оның тұлғалық бағытталуы жағдайында білімді меңгеруге және қолдануға деген мотивацияның өзгеруінен көрінеді. Яғни, алынатын тәжірибеде оқушы тұлғасының өзін-өзі бекітуі арқылы жүзеге асуы тиіс.

Оқытудың мазмұнындағы секілді, оның процессуалдық-әдістемелік жағында да ізгіліктік идеялары салынуы тиіс. Ең алдымен, оқушылар педагогикалық үрдісте субъект ретінде танылуы тиіс. Педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда мұғалімдер мен оқушылар арасында демократиялық қарым-қатынастар жобалануы керек, яғни «ынтымақтастық педагогикасы» іске асырылады.

Қазіргі уақыттағы тұлғалық білім берудің түрлі түсіндірмелері бар. Дегенмен жаңа педагогикалық ойларды, тұлға теориясының психологиялық негіздерін, білім берудің әдіснамасын есепке ала отырып бұл ұғымның мән-мағынасын көрсетуге болады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру – мұғалімнің негізгі тұжырымдамалық позициясы. Оны жүзеге асыруда оқушылар педагогикалық үрдістің, жеке тұлғасы қалыптасуының субъекті ретінде қарастырылуы тиіс. Білім берудегі тұлғалық-бағдарлы тұрғы әрбір оқушының бірегейлігін және оның білімділік траекториясының даралығын таниды. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің негізгі қызметі – оқушының ішкі әлеуметімен байланысты, өмірлік таңдауына бағытталған оқушының тұлғалық жаңа түзілімдерінің тұрақтануы мен дамуын қамтамасыз ету және айқындау.

Тұлғалық білім беру базалық (инвариативті) және вариативті білім беру компоненттерін меңгеру үрдісінде жүргізілуі тиіс.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру бағдарламаларына мазмұндық бөлігімен қатар процессуалдық бөлігі де енгізілуі тиіс. Білім берудің мақсатты бағдарламалары балаларға алдын-ала диагностика жүргізіліп, бағдарламаны құруға оқушылар да, педагогикалық үрдістің қызметкерлері де қатыстырылады.

Жалпы орта білім берудің мақсатына сәйкес өзара байланысқан төмендегі нәтижелер белгіленген:

- оқытудың пәндік нәтижелері – білім беру салалары бойынша игерілген білім, білік, дағдылар:

- метапәндік нәтижелер – білім беру процесі шеңберіндегі проблемаларды шешуде және шынайы өмір жағдайларында қолданылатын әмбебап әрекеттер тәсілдері ретінде қалыптасқан негізгі құзыреттіліктер;

- оқушыларды әлеуметтендіру нәтижелері - мектеп түлегінің қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қызмет етуіне мүмкіндік туғызатын құндылықтар, бағдарлар, нормалар жүйесі түріндегі игерілген нәтижелер.

Олар стандарттың басты идеясы болып табылады, олар білім беру салаларының, оқу пәндерінің мазмұнында көрініс табады.

Оқыту процесін ұйымдастыру негізінде мынадай тәсілдер жатады:

- тұлғаға бағдарланған;
- іс-әрекеттік;
- құзыреттілік;

Тұлғаға бағдарланған тәсіл - оқушы тұлғасының әлеуметтік мүмкіндіктерінің дамуы мен есебіне бағытталған. Оқытудағы тұлғаға бағдарланаған бағыттылық, вариативтілік және сараланған бағдарламаларды, оқу және оқудан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудың, оқушылардың жеке білім траекторияларын құру мәселелерін шешудің түрлі нысандарын пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Іс-әрекеттік тәсіл - оқушының дербес өнімді іс-әрекетін ұйымдастыру жағдайында тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттерін неғұрлым толық көрсету мен дамытуға бағытталған.

Құзыреттілік тәсілі - оқушылардың тұлғалық сапалар кешенін дамытуға, білім беруден күтілетін нәтижелер ретінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Денсаулық сақтау тәсілі - жеке және ұлттық құндылықтар ретінде оқушы денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етеді.

Білім берудің нәтижелері білім беру бағдарламаларында әрбір деңгейдегі пәндер мазмұнында, сонымен қатар сынып бойынша оқу бағдарламаларында нақтыланады. Оқу қызметін ұйымдастыру тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру механизмдерін, ғылыми таным мен ойлаудың иәсілдерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін меңгеруді, кәсіби бағдарларының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту моделі бастауыш мектеп оқушыларын дамыту үшін қолайлы және тиімді болып саналады. Өйткені ол табиғатты зерделеу тәсілдерінің жүйесін игеруге, бала санасында өзіндік мәні бар “модельдің” жасалуын қалыптастырады. Бұдан басқа, егер мектепке дейінгі жастағы балаларда және бастауыш мектеп оқушыларында ішкі

идеал нысандары көмегімен модельдеу іскерлігінің қалыптасу деңгейі жоғары болса, онда білімді кіріктіру арқылы дүние бейнесін қалыптастыру тиімді болады.

Жоғарыда айтылғандай, дүниенің біртұтас бейнесін тиімді қалыптастыруды бастауыш мектептің барлық пәндерінің бағдарламалық материалдары мазмұнына сәйкес білімдерді кіріктіру жүзеге асырылады.

Бастауыш сыныптың әрбір пәні - оның атқаратын қызметі тұрғысынан – бөлінбейтін тұтастық мазмұнды, оны оқушылардың меңгеру, дамыту, өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу құралдарын бір тұтасқа біріктіретін оқыту жүйесінің заңдылықтарын жүзеге асырушы басты құралдардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұханбетжанова Ә., Мұқанбетова Ш. Тұлғалық бағдарлы білім беру технологиялары. Оқу құралы- 78 б., 2010, Орал, БҚМУ баспа орталығы.

2. Якиманская И.С. Технология личностно-ориентированного обучения в современной школе. / М. Сентябрь, 2000. - 176 с.

3. Барбер М. Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems // McKinsey & Company. – 2007. - June.

4. Мұханбетжанова Ә. Құзыреттілік тұрғыдан білім беру: теория және технология. Монография. - 234 б. 2011, Орал, БҚМУ Баспа орталығы.

ӘОЖ 378:147:811

КІРІКТІРІЛГЕН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Ақмарал Мұханбетжанова

педагогика ғылымдарының докторы,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры

А.А.Аболова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

Білім берудегі менеджмент ББ 2 курс магистранты

Атырау қ. Қазақстан

Аңдатпа. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі бүгінгі күн талабы. Қазақстанның дамуына білім мен ғылымның әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алуға оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі таңда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиім отыр. Олай болса, мақалада тұлғалық-бағдарлы оқыту еліміздегі мектептің өзіндік ерекшелігіне, статус жағдайына сай келетіндігіне, әр оқушыға тұлға деп қарап, оның дамуына жан-жақты жағдай жасауына тікелей ықпал жасайтыны сипатталды. Сонымен қатар, 12 жылдық білім берудің негізі адамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру болып табылатындығы және адам тұлға болып тумайды, ол өмір сүру барысында тәрбие арқылы қалыптасатындығы баяндалды. Тұлғалық туралы адам өзін-өзі танып, өз өмірін өзі жасай алуы, білімді, шығармашыл, бәсекелік қабілеті мол тұлға тәрбиелеу екендігі көрсетілді.

Түйінді сөздер. Жеке тұлға, іс-әрекет, тұлғалық-бағдарлы білім беру, тұлға болу.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, Қазақстан Республикасының дүниежүзілік экономиканың білім беру кеңістігіне енуі білім берудің мәнін, оның соңғы нәтижесін қайта қарауды талап етуде. Ел азаматтарының жеке қасиеттері (білімдік, өз бетімен

шығармашылық ізденіске қабілеті, кәсібилік, адамгершілікті идеалдары мен құндылықтары және т.б.) нарықтық экономика, саясат, мәдениет дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісіндегі орталық ретінде оқушы тұлғасы танылуы тиіс. Бұл педагогикалық үрдістің мұқият өнделуін, соның ішінде білім берудің мазмұнының қайта қаралуын талап етуде. Білім беруде әрбір оқушының ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін есепке алуы тиіс.

Қазіргі білім беру жүйесін дамытудың басты стратегиялық бағыты тұлғалық-бағдарлы білім беру мәселесін шешу үстінде. Оқушы тұлғасы басты тұлға ретінде танылып, оқытудың «мұғалім-оқулық-оқушы» дәстүрлі парадигмасынан «оқушы-оқулық-мұғалім» жаңа парадигмасына көшу байқалады.

Философия, психология, педагогика ғылымдарында оқытудағы іс-әрекеттік тұрғысы жан-жақты зерттелген. Іс-әрекеттік тұрғының негізгі танымдық іс-әрекеттің субъекті ретінде танылатын оқушы болып табылады. Осы әдіснамалық қағидаға сүйене отырып, оқушылардың танымдық әрекетін, олардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, қабілеттерін белсендендіруге бағытталған педагогикалық тәсілдерді таңдау қажет.

Жоғарыда аталып өткендей, оқытудың мазмұны мен технологиялары оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, олардың ішкі әлеуетін дамытуы тиіс, яғни оқыту тұлғалық-бағдарлы сипатта болуы керек.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру, әсіресе, 12 жылдық мектепке көшу жүйесінде ерекше өзектілікке ие. Соңғы жылдары психологиялық, педагогикалық ғылымдарында тұлғалық-бағдарлы тұрғыда қарқынды дамытылуда. Дегенмен, орта мектептегі тұлғалық-бағдарлы білім беру мазмұнының вариативті компонентіне қарамастан, әлі де әрбір оқушының қажеттілігін қажетті деңгейде есепке алмайды.

Қоғамдағы демократиялық өзгерістер, жаңа әлеуметтік-экономикалық ситуациялар жас ұрпаққа білім беру жүйесін сапалық күйге ауысуын талап етті. Білім беру мазмұнын жаңарту бағыттары күн сайын айқындалуда. Осындай бағыттардың бірі - оқушыларға «дайын білімді» беруден біртіндеп бас тарту және білім берудің өз бетімен мәдениетті тану қызметінің күшеюі, инновацияларды ашық қабылдауы, жедел өзгеріп отыратын социуммен байланысы, планетарлық экологиялық ситуациямен байланысы. Білім беруде өндірістің басқа салаларындағы сияқты оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа технологиялар, түрлі тұжырымдамалар мен жобалар қолданылуда.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшу білім берудің білімділік-стандартты және тұлғалық-вариативті компоненттерін жинақтауды, шешумен, мазмұн және педагогикалық технологияларды біріктірумен байланысты. Бұл жинақтаудың негізі болып педагогикалық үрдіске қатысушылар жолдастық тең құқылы қарым-қатынастары болуы тиіс.

Кез-келген мектепте білім беруді құрудың әдістемелік негізі – бұл оқу жоспары мен бағдарламасын жасау, білім беру үрдісін ұйымдастырудың түрлі формалары мен сабақтар жүйесі (семинарлар, экскурсиялар және т.б.) әдістемелік құралдар дайындау және т.б.

Мектептің білім беру үрдісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын көрсететін құжаттарды жасау білім беруді модернизациялау жайындағы республикалық құжаттармен, мекеменің «тұжырымдамасы» және «Жарғысымен» жанама түрде жүгізіледі, бірақ дегенмен ол педагогикалық кадрлардың құзырлығына, кәсібилік деңгейіне, материалдық-техникалық жабдықталуға да байланысты болып келеді.

Білім беру үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз етуде дидактикалық жүйе маңызды орынға ие. Бұл жүйе тұтас педагогикалық үрдісті көрсетеді: мақсат-мақсат қою; мазмұн – оқу материалы; формалар мен әдістер – оқушылардың оқу танымдық әрекетін ұйымдастыру технологиясы; оқу жоспары, оқу пәні – оқу үрдісінің логикасы. Бұл жүйеге педагогикалық үрдістің субъектілері де енеді, олар: оқушылар мен мұғалімдер, ата-аналар, кітапханашы, мектеп жұмысшылары.

Бұл жүйенің жүйені құраушы компоненті болып мақсат қою табылады (білім беру үрдісінің түрлі деңгейлерінде: жалпы мектеп, оқу пәні, әрбір сабақ және т.б.)

Жоғарыда айтылып кеткендей, тотаритарлық режимдегідей қазір де мақсат қоюда элеуметтік тапсырыс пен тұлғаға бағытталған оқыту арасында қарама-қайшылық бар.

Бұл қарама-қайшылықты шешу үшін білім беруді, ең алдымен, ізгілендіру және гуманитарландыру, содан соң оқушыларды жаңа экономикалық-элеуметтік жағдайларда қоғамдық өмірге дайындауға бағытталған тұлғалық бағдарға бет бұруы қажет.

Білім берудің тұлғаға бағытталуы, өзіміз атап кеткендей, педагогикалық мақсат қоюмен байланысты (тәрбиелік, білімділік және т.б.). Оқу орындарының практикасында бұл мақсаттар «бейнесіз» болып келеді. Кең, перспективті мағынасында олар «дайындау», «бірнәрсеге дайындығын қалыптастыру» деген ұғымдармен (мысалы, экономикалық дайындық және т.б.) түсіндіріледі. Көрсетілген оқыту, тәрбиелеу мақсаттарының формаларында оқушылардың «адами» қасиеттері жойылған.

Осындай педагогикалық мақсаттарды біз нақты сабақтарды, сабақтан тыс жұмыстарды жобалауда да байқаймыз (мысалы, бір нәрсе жайында түсінік беру,...дағдыны қалаптастыру, ойды, дербестікті дамыту және т.б.). Бұл мақсат-міндеттер, бір жағынан, функционалдық сипатқа ие, екінші жағынан, олар да «бейнесіз», себебі әрбір оқушы дамудың, оқудың, тәрбиеліліктің түрлі деңгейлерінде тұрады.

Тұлғалық-бағдарлы мақсаттар қою өте қиын. Қазіргі уақытта оны шешуде түрлі пікірлер бар. Солардың ішінде позитивтілерін атасақ.

1. Ең алдымен, тәрбиелік және білімділік мақсаттарды ажыратудың мәні жойылады. Олар қалыптасушы тұлға сияқты біртұтас болуы тиіс. Тұлғалық қасиеттер— бұл мектепте жинақталатын білім мен іскерлік, бірақ олар ерекше тұлғалық мәнге, адамның іс-әрекетін реттеуде маңыздылыққа ие. Бір нәрсеге дайындықты, мақсатын, сенімдерін, құндылықты бағдарларын қалыптастыру қажетті білім, іскерлікті меңгеру, өмірлік тәжірибені жинақтау арқылы жүреді. Білім жоқ болса— олар жайында пікір де, сенім де оған сәйкес іс-әрекет те болмайды. Білім тұлғалық мәнге ие болуы үшін оқыту үрдісінде білім беру мазмұнының тұлғалық—бағдарлы компоненті болуы қажет.

2. Тұлғалық-бағдарлы білім берудегі мақсат қою жоғары деңгейлікке ие болуы тиіс. Тұлғалық-бағдарлы білім беру тек «социуммен» ғана емес, бүкіл объективті шындықпен байланыс орнатуы керек. «Адам—дүниежүзілік объект, шексіз табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да оның мәні мен байлығы — барлық шындықпен қарым-қатынас орнатуында, әрине, оған қоса, қоғамдық қарым-қатынас жүйесі де» (В.Л. Акулов). Тұлғаның бұл қарым-қатынастары ғылыми-жаратылыстану білімі көмегімен қалыптасуы мүмкін. Сондықтан да физика-математикалық және жаратылыстану пәндері де ізгілендіріліп, тұлғаға бағытталғаны дұрыс. Айта кететін жайт, ғылыми-жаратылыстану білімі (тұлғаның меңгерген) нәтижесінде өзі жайындағы білім болып шығады. Осының арқасында оқушының өзін-өзі тануы бірнеше есеге артады.

3. Тұлғалық-бағдарлы білім берудегі мақсаттардың негізіне мәңгі азбайтын тұлғаның жалпыадамзаттың қасиеттерін анықтайтын — өз ісіне деген жауапкершілігі, үлкендерге құрмет көрсетуі, кішілерге көмек беруі, оптемизм, өмірді сүюі, жұмысқа шығармашылықпен қарауы, өзін басқару іскерлігі, мақсатқа жету іскерлігі және т.б.кіріктірілген бағдарларды салу қажет. Жаңа элеуметтік-экономикалық жағдайларда моральдық құндылықтармен тығыз байланыстыра отырып кәсіпкерлікті тәрбиелеу қажеттілік болып отыр.

Осылайша, тұлғалық-бағдарлы білім беру мазмұнының басты қызметі адамның қызығушылықтары тұрғысынан дүниеде тұтас бағытталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Кіріктірілген бастауыш білім дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруда табиғатты зерделеу субъектілігін дамытуға, бастауыш сынып оқушыларының өздігінен дамуына бағдарланады. Бұл әр уақытта да бастауыш мектептің әр оқушысының қоршаған дүниені зерделеуіне қатысады. Өйткені, табиғат бала санасында белгілі бір объекті-субъектілік және субъекті-субъектілік қатынас арқылы көрініс табады, онда үнемі объективтік компонент

болады. Адам бұл жүйеде ғаламшар табиғатының күйі тәуелді болатын дүниенің (түпнұсқа) бөлігі ретінде қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың тұжырымдамасын жүзеге асыруда кіріктірілген, шығармашылық танымдық әрекет, ойлау логикасы, бақылау, қиялдау, осы кезеңнің онтогонездегі барлық табиғи мүмкіндіктері мен қабілеттері барынша толық жүзеге асырылуы үшін тиімді педагогикалық шарттар жасалады.

Олардағы субъектілік модельдің қалыптасу деңгейі анықталады. Ол динамикалық, бастауыш сынып оқушылары санасының барлық когнитивтік құрылымын бойлай өтуші ретінде қалыптасады. Мұндай модель сапасында олардың келесі деңгейлерін: табиғи объект немесе құбылыстардың өзара байланысы; жергілікті жердің бөлігі; өлке (аймақ); ел; жер ғаламшарын; күн жүйесін; ғарышты қарастырамыз.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушысының табиғатты зерделеу субъектілігінің негізгі көрсеткішін бөліп көрсетеміз:

- табиғатты зерделеудің тұлғалық мәндік мазмұны негізінде мақсат белгілеу;
- табиғаттың жекелеген объектілері мен субъектілерін жеке, әрі қоршаған дүниені тұтасымен зерттеудің нәтижесін болжау;
- табиғатты зерделеудің тәсілін өз бетімен таңдау;
- өз бетіндік танымдық әрекеттігі белсенділік, жетістік және шығармашылық;
- қоршаған дүниені зерттеудің жеке-дара тәжірибелерін ғылыми модель негізінде түзету (нақтылау);
- қалыптасқан субъектілік модельдің түпнұсқамен сәйкестенуі;
- объективтік әрекет дағдысын жүзеге асыру, өзгерістерді пайымдау.
- рефлексия дәрежесі.

Бастауыш мектеп оқушыларының табиғатты зерделеуінің субъектілік қалыптасу деңгейін анықтау үшін келесі әдістемелер қолданылады.

Әрбір сыныпқа және жеке оқушыға оқу жылының басында және аяғында өз бетінше зерделеуге мыналар ұсынылады.

- 1) Олардың өздері таңдайтын нақты табиғат объектісі немесе құбылыс.
- 2) Табиғат әлеміндегі нақты ұғым (өз бетінше).

Оқушылардың өздері мақсат қояды және оны түсіндіреді, өз зерттеуінің нәтижесін жорамалдайды; зерттеуді қандай тәсілдермен жүргізеді; өз әрекетінің нәтижесін қалай тексереді, түзетеді және бағалайды.

Мұғалім бұл жағдайда қызығу дәрежесін, белсенділігін, ұғымды зерделегеннен кейін оны ақиқат шындықпен салыстыру іскерлігін анықтайды. Оқушылардың табиғатты зерделудегі танымдық белсенділігін, өздігінен бақылау, өзін-өзі бақылау іскерлігінің дамуы тексеріледі. Өзін-өзі бақылау іскерлігі эксперименттік және бақылау сыныптарда қалыптасу деңгейін мына өлшемдер анықтайды

- әрекет мақсаты мен кезендерін ұғыну;
- бақылау үшін бейнені ашу;
- әрекеттің өзіндік ерекшелігі;
- бейнеменен салыстыру;
- әрекеттің соңғы нәтижесін және әрекет процесін талдау;
- жеке-дара тәжірибені түзетудің әрекет процесін талдау;
- әрекетті субъектілік бағалау мен жалпы қабылданған танымдық әрекетпен сәйкестігінің барабарлығы.

Тілді дамытудың дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудағы өлшемдері:

-дүниенің ғылыми бейнесі жекелеген өзара байланысты ұйымдасу деңгейлерінің дәйектілігі мен байланыстылығы;

- табиғаттағы себеп-салдар байланысын ашып көрсететін сөйлемдер мен сөздер құру логикасы, дүниенің ғылыми бейнесі ұғымының мәнді белгілерін сөзбен сипаттау;

- табиғи объект немесе құбылыс, өлке, Қазақстан, Жер ғаламшары, Күн жүйесі, Ғарышты сөзбен сипаттау (“суреттеу”) толымдылығы;

-тілдің эмоциональдығы, бейнелігі.

Осы өлшемдер негізінде бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесінің қалыптасу процессіндегі олардың тілінің даму деңгейі көрсетіледі.

Төмен: берілген сөздерге қарағанда сөйлемдер саны аз; сөйлемдердің негізгі бөлігі дұрыс құрылмаған; көпшілік себеп-салдар байланыстары дұрыс ашылмаған; қорытылған, авторлық пайымдау жоқ; дүниенің жаратылысын бейнелеудің сөздік құралдары бірыңғай.

Орта: ұсынылған сөздер саны сөйлемдер санына сәйкес; себеп-салдар байланысының көпшілігі көрсетілген және ашылған; барабар форма таңдалған; табиғатты сипаттауда кейде логика жоқ; сөздік құралдар екі-үш түрді қамтиды; тақырып біржақты ашылған.

Жоғары: әңгімедегі немесе сипаттамадағы барлық логикалық-мағыналық байланыстар дұрыс құрылған; дүние бейнесі немесе оның компоненттері сөздік сипаттамада толық ашылған; айтылудың барабар формасы; дүниені суреттеуде әр түрлі сөздік құралдарды қолдану және оған сезімдік-құндылық қатынас берілген;

Тұлғаның кіріктірілген сапасы ретінде оның тілінің даму деңгейін зерттеу, оқитудың барлық кезеңдерінде жүргізіледі.

Пәнаралық әрекет құрылымын, жоғарыда көрсетілгендей, мотив, мақсат қою іскерлігі, жоспарлау, репродуктивтік және шығармашылық іскерлік әрекеттері үш компонентке біріктіріледі: мотивациялық-құндылық, мазмұндық және іс жүргізу (операциялық). Бұл компоненттердің мазмұны бастауыш мектеп оқушыларында келесі көрсеткіштер көмегімен ашылады:

а) мотивациялық-құндылық:

-табиғат пен оның өзара байланысын оны сақтау мақсатында зерттеудің қажеттігін ұғыну;

-табиғатпен өзара әсерге экологиялық даярлық;

-дүниенің ғылыми бейнесіндегі өз “орнын”, рөлін ұғынуға тырысу;

ә) мазмұндық және операциялық:

-табиғатты зерделеудің жалпы логикалық іскерлігінің қалыптасуы;

-табиғатты зерделеудің эмпирикалық іскерлігінің қалыптасуы (бақылау, сипаттау және өлшеу);

-модельдеу, жобалау (болжам жасау), дерексізден жоғары нақтыға өтудің (табиғатты теориялық тану іскерлігі) қалыптасуы;

-дүниенің ғылыми бейнесінің шығармашылық бейнелену іскерлігінің қалыптасуы;

-табиғатқа сезімдік-құндылық қатынасты білдіру іскерлігінің қалыптасуы.

Осы көрсеткіштер негізінде дүниенің ғылыми бейнесінің бастауыш мектеп оқушыларында қалыптасқан кіріктірілген (пәндер аралық) әрекетінің деңгейлері көрсетіледі.

Табиғат туралы ұғымдарды меңгеру нәтижесін талдау, табиғатты зерделеудің субъектілігінің кіріктірілген әрекеттің қалыптасуын талдау негізінде бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесінің қалыптасу деңгейін анықтауға болады.

Төмен деңгей–дүниенің ғылыми бейнесінің репродуктивтік әрекет негізінде қалыптасуы: дүниені танудың оқушылардағы тұрақсыз мотивациясы; табиғат туралы ұғымдар жүйесі толық меңгерілмеген; оқушылар табиғат туралы ұғымдар жүйесіндегі өзара байланыстарды жеткілікті дәрежеде құра алады, ал дүниенің ғылыми бейнесінің базалық ұғымдары арасындағы байланысты тек мұғалім көмегімен ғана құра алады;

Жаратылыстану және гуманитарлық білімдерді бірлікте қарастыруға қиналады; білімді жаңа жағдайға көшіру (ойдың ғылыми ұғымнан ақиқат шындыққа өту кезеңінде) тірек схема негізінде жүзеге асырылады; сұраққа жауап берген кезде біртұтас дүние бейнесін бере алады, бірақ дүниенің ғылыми бейнесін өз бетімен бейнелеу кезінде бірыңғай құралдар қолданады; танылатынға қатынасы жалпылай жағымды.

Орта деңгей–дүниенің ғылыми бейнесінің нәтижелік-шығармашылық әрекет негізінде қалыптасуы: бастауыш мектеп оқушыларында қоршаған дүниені тануға түрткісі тұрақты; негізінен табиғат туралы базалық ұғымдар дүниенің жаратылыс бейнесінің негізгі білімі ретінде меңгерілген; оқушылар ұғымдардың шектеулі жүйесіндегі байланыстарды орнатуда

қиналмайды, дегенмен өзара байланыстарды орнатудағы базалық ұғымдар жүйесінде қателіктер жібереді; табиғаттың бастапқы ғылыми ұғымдарда бейнеленуін түсіндіре және шығармашылықпен дәлелдей алады, бірақ оны гуманитарлық пәндер мазмұнымен байланыстыруға қиналады. Дүниенің ғылыми бейнесінің образын әр түрлі шығармашылық әдістермен, құралдармен жеткізе алады, бірақ кейде толық емес; танылатынға өзінің жағымды қатынасын шығармашылық және сезімдік түрде білдіреді.

Жоғары деңгей–дүниенің ғылыми бейнесінің шығармашылық- әрекеттік негізінде қалыптастыру: бастауыш мектеп оқушыларында қоршаған дүниені тануға және сақтауға деген тұрақты мотивациясы мен қызығушылығы бар; дүниенің ғылыми бейнесінің ұғымдар жүйесі меңгерілген; оқушылар базалық және шектеулі ұғымдар жүйесіндегі өзара байланысты оңай орнықтыра алады; өзінің табиғатты жеке бақылау мысалдарымен ақиқат шындықтың жекелеген ұғымдарда, сол сияқты ұғымдық жүйелерде бейнеленуін дәлелдейді; дүниенің ғылыми бейнесінің жаратылыс және гуманитарлық мазмұнын жеңіл және шығармашылықпен аша алады; дүние бейнесінің образын әр түрлі жолдар мен құралдарды пайдалана отырып толық және шығармашылықпен бере алады, сезімдік, шығармашылықпен өз қатынасын танылушыға бере алады.

Жұмыстың осы бөлімінде оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесі туралы білімдерінің тайыздығын көрсеткен зерттеу нәтижесіне баланысты тәжірибелік оқыту жүйесі жүзеге асырылды. Жұмыстық болжамға сәйкес бастауыш сынып оқушыларының білімін кіріктіру белгілі бір педагогикалық шарттарды қамтамасыз еткен кезде мүмкін болады: пәндерді біріктіретін жетекші идеяның болуы; әртүрлі оқу пәндерінен зерделенетін нысаналардың тақырыптық жақындығына сүйене отырып пәндерді кіріктіру бағдарламаларын жасау; табиғатты танудың әртүрлі әдістерін когнитивтік процестерде қолдану, зерттеушілік әрекетке шығармашылық тұрғыдан тарту; оқушылар негізгі ұғымдарды меңгеретіндей, оларды дамытатын, дидактикалық қамтамасыз етілген арнайы кіріктірілген синхронды сабақтарды өткізу, оқушының өздігінен дамуына мүмкіндік беретін тұлғалық-бағдарлы технологияны қолдану.

Біз өзіміздің алдымызға мынадай міндеттер қойдық:

-дүниені (табиғатты) зерделеуде оқушылар білімін жүйелеу, қорыту, сол сияқты білімнің жаңа біртұтастығын жасау мақсатында пәндерді интеграциялаудың педагогикалық шарттарын негіздеу.

- кіріктірілген сабақтардың айырмашылық белгілерін анықтау;
- сабақтардың мазмұнын әдістемелік тұрғыдан айқындау.
- кіріктірілген бағдарламалар мен синхронды сабақтар жоспарын жасау;
- сабақтарды өткізу әдістемесін жасау.

Барлық әдістер мен тәсілдер ішінен мектеп практикасында қазір қолданып жүргендерін бөліп көрсету, сол сияқты дүниенің ғылыми бейнесі туралы біртұтас көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәнішілік, пәнаралық кіріктірілген байланыстарды құруға мүмкіндік беретін тұлғалық бағдарлы технологияны пайдалану;

-пәндер кіріктірілетін шарттарын және олардың тиімділігін тексеру, сол сияқты дүние бейнесін қалыптастыру, баланың даму деңгейін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар жасау;

-табиғат негізінде сабақтарды кіріктіруді тәжірибелік ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұханбетжанова Ә., Мұқанбетова Ш. Тұлғалық бағдарлы білім беру технологиялары. Оқу құралы- 78 б., 2010, Орал, БҚМУ баспа орталығы.
2. Якиманская И.С. Технология личностно-ориентированного обучения в современной школе./М.Сентябрь,2000.-176с.
3. Барбер М. Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems // McKinsey&Company.– 2007.- June.

4. Мұханбетжанова Ә. Құзыреттілік тұрғыдан білім беру: теория және технология. Монография. -234 б. 2011, Орал, БҚМУ Баспа орталығы

ӘОЖ 373.1

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЖАҢАРТУДЫҢ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛЫ ҰСТАНЫМЫ

Ақмарал Мұханбетжанова

педагогика ғылымдарының докторы,,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры

Э.Ж.Сабирова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

Білім берудегі менеджмент ББ 2 курс магистранты,

Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Әлемдік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында Қазақстан Республикасы отандық білім берудің озық дәстүрлері мен стандарттарын сақтай отырып, әлемдік білім беру тәжірибесіне бағытталған стратегиялық курсын таңдады. Бүгінде Елбасымыз алға қойған, дамыған отыз елдің қатарына кіру жөніндегі «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» – баршамызға ортақ жауапкершілік жүктеп, Қазақстанның білім беру саласын жаңғыртуындағы негізгі бағыттарын айқындауды көздейді. Соның ішінде: 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңімен көшу, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мектепте оқытудың стандарттарын жаңғырту, білікті мамандар даярлау. Осы тұрғыда, мақалада, тұлғалық- бағдарлы білім беру жүйелері көрсетіліп, шетелдік ғалымдардың тұлғаны дамытуға арналған өзіндік пікірлері баяндалды.

Түйінді сөздер. Тұлға, тұлғалық-бағдарлы, қабілеттер, мінез-құлық, білім беру.

Тұлғаны дамытуға, оның әлеуетін анықтауға, дербестігін қалыптастыруға бағытталған ізгіліктік философия, психология және педагогиканың идеяларын біріктірген тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесі. Аталған жүйе адамды субъект, өз өмірін жасаушы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді; оқушыларды белсенділіктің барлық түрін (танымдық, әлеуметтік, шығармашылық және т.б.) жауапкершілікпен жүзеге асыруға үйретеді.

Баланы құрметтеу, әрбір балаға көңіл бөлу, оның жағымды қасиеттеріне сүйену, сенім арту, жылулық. Қазіргі педагогикалық көзқарастар және жасалған әдістемелік тәжірибе барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде балаға зорлықсыз әсер ету арқылы сенімді нәтиже алуға болатындығын көрсетті. Осылайша, педагогикалық жұмыс құрмет көрсету, сенім арту, көңіл бөлу, мейірімділікпен қатар балаға саналы талап қоюмен біріктірілген ізгіліктік негізде құрылады.

Білім беру үрдісін тұлғаға бағдарлап ұйымдастыру үшін «тұлға» ұғымының мәнін ашудың маңызы мынада: тұлға, оның құрылымы, қасиеттері, даму механизмі жайындағы түсініктерді анықтауда тұлғалық-бағдарлы органы ұйымдастыру аса қажет. Сондықтан «тұлға» ұғымын жан-жақты талдау қажеттілігі туындайды.

Тұлға – психология және педагогика ғылымдарының іргелі ұғымдарының бірі. «Тұлға» ұғымының мәнін анықтайтын психология және педагогика ғылымдарында түрлі тұлға теориялары қалыптасқан. Олардың әрқайсысы тұлға ұғымын және оның құрылымын түрліше түсіндіреді.

Ағылшынның тұлға («personality») сөзі латынның «persona» сөзінен шыққан. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмасында театр қойылымы үшін киілетін

бетпердені(маска) білдірген. Осылайша, «тұлға» ұғымына жеке адамның белгілі бір рольдерді орындағанда енетін сыртқы, әлеуметтік бейнесі деген мән берілген.

Кейін бұл сөзбен актердің өзі мен оның ролін белгілеген.

Рим халқында «persona» сөзі міндетті түрде рольдің (әке тұлғасы, патша тұлғасы) белгілі бір әлеуметтік қызметін атап көрсетумен бірге қолданылған. Осылайша, «тұлға» ұғымының бастапқы мағынасы – бұл адамның белгілі бір әлеуметтік ролі немесе қызметі.

Іс-әрекеттік тұлға теориясы (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, К.А.Абульханова-Славская) бойынша тұлғаның орталығы, оның даму көзі – іс-әрекет, бұл субъектінің қоғаммен өзара әрекеттесуінің күрделі динамикалық жүйесі, оның барысында тұлғаның қасиеттері қалыптасады. Тұлғаның басты құрамдас бөліктері: бағытталуы, қабілеттер, мінез-құлық және өзін-өзі бақылау.

Қазіргі педагогикалық сөздікке жүгінсек, «тұлға» -

1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны;

2) адамдар арасындағы өзінің ұстаным-орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам.

Жоғарыда берілген тұжырымдамаларды зерделей отырып, қорытындылар жасаймыз:

- тұлғаның мазмұны түрлі теориялық түсініктер тұрғысынан қарағанда бастапқы «сыртқы әлеуметтік бейне» тұжырымдамасында берілген түсініктен кеңірек;

- көптеген анықтамаларда даралық немесе дара ерекшеліктер мағынасы ерекше аталып өткен;

- тұлға генетикалық және биологиялық бастамаларды, әлеуметтік тәжірибені және өзгермелі қоршаған ортаның жағдайларын қоса ішкі және сыртқы факторлар әсер ететін субъект ретінде қарастырылады. Тұлғаға бағдарланған білім беру ұстанымының негізі – оқушылар тұлғасын үздіксіз дамыту. Бұл білім беруде тек білім беру емес, сонымен қатар өз бетімен білім алу, тек дамыту емес, сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі дамытуы болып табылады.

«Тұлғалық-бағдарлы» ұғымы Роджерстің «person-centered» немесе «pupil-centered», яғни оқушыға бағдарланған әрекеттер туралы еңбектерінен бастау алады және оның тұлғаға қатысты, яғни «өзге адамның жан дүниесіне үңілуді, оны бойындағы барлық қасиеттерімен қабылдай алуды, шынайы қарым-қатынасты қажет етеді» деген идеяларына негізделеді.

Тұлғалық- бағдарлы білім беру жүйелері:

- американдық философ Д.Дьюидің іс-әрекеттік мектебі;

- австрия ғалымы Рудольф Штайнердің Вальдорф педагогикасы,

- италияндық дәрігер-психолог Мария Монтессоридің баланы өзіндік еркін дамыту жүйесі,

Л.С.Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясы, Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин идеяларына негізделген дамыта оқыту жүйесі мектептер тәжірибесіне кең түрде енгізілуде. Олардың басты идеясы – тұлғаның өзіндік танымы мен мүмкіндіктерін дамытуға жол ашу болып табылды.

Д.Дьюидің төмендегідей көзқарастарын атап көрсетуге болады:

- іс-әрекет, тәжірибе, баланың қызығушылықтары білім берудің іргелі құндылықтары мен білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізі болып табылады;

- бала – жүйенің орталығы; «Бала – бастапқы нүкте, орталық. Баланың дамуы ғана тәрбиенің өлшемі болып табылады» деген сөзі бар. Барлық мектеп жүйесі осыған бағынуы тиіс;

- мұғалім – баланы оқу іс-әрекетімен таныстырушы, кеңесші; мұғалімнің міндеті – пәнмен өзара әрекеттесуде баланы түсіну.

Вальдорф педагогикасының негізін салған ұлы австрия философы және педагогы Рудольф Штайнер.

Білім беру үрдісінің басты мақсаты – оқушылардың дене, эмоциональдық және рухани жағынан тұрақтануы. Вальдорф педагогикасының негізі: оқушының ерік-жігеріне

«агрессивті» түрде тікелей ықпал жасауды жою, «баланың ең алдымен біртіндеп, жай ғана эмоциясын, содан соң оның интеллектісін қалыптастыру болып табылады. Соның нәтижесінде ерік дұрыс дамытылып, тұрақтанады».

Вальдорф мектептерінің басты ұстанымдары:

- оқыту – тәрбиелеу құралы;
- материалды блокпен ұсыну;
- балалардың реферат, зерттеу және шығармашылық жұмыстарды даярлауы;
- ата-аналардың мектеп өміріне араласуы;
- мұғалімдер, оқушылар, ата-аналардың ынтымақтастығы;
- ай сайынғы бірге өткізілетін мерекелер;
- білім беру үрдісінде халық ауыз әдебиетін, мифтер, ертегілер, аңыздарды пайдалану.

Қазіргі уақытта Вальдорф педагогикасы өзінің шығармашылық дамуын Германия, Голландия, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей мен Қазақстанда (1998-2000 ж.ж.) әрі қарай жалғастырып отыр. Әрбір елдегі оқу орындары сол елдің тұрмыс–тіршілігіне сәйкес ерекшеленді. Вальдорф мектептерінің барлық түрлеріне тән жалпы белгілер бар. Олар:

- мейірімділік пен жылулықтың ерекше ахуалы, мұғалім мен оқушының сезімдік дүниесін терең ұғыну, өзін-өзі тануға,
- өзін-өзі түсінуге ұмтылыстары.

Мария Монтессори қызметінің басты мақсаты – баланың табиғатына зорлық жасамау. «Көмек» ұғымы оның педагогикалық шығармашылығының басты ұғымдарының бірі. Монтессоридің педагогикалық көмек көрсетуде «Маған осыны өзімнің жасауыма көмектес» деген ұраны кең таралған. Тәрбиені баланың табиғатын дұрыс анықтауда көрсетілетін ересектердің белсенді көмек көрсетуі деп түсіндіреді.

Білім беру – тұлғалық дамуға жағдай жасайтын жағдай, жақын орта жасау арқылы оның табиғи психикалық мүмкіндіктерін дамытуда көмек беру.

Ересектердің міндеті – балаларға өзін-өзі дамыту жұмыстарында көмек беру, оның өз бетімен білім алуына жағдай жасау.

Тұлғалық-бағдарлы білім берудегі теориялық тұрғыларды талдау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

1) Тұлғалық-бағдарлы білім беру ұстанымы–жаңартылған білім беру мазмұнының негізі; ол білім беру үрдісінде субъект-субъектілі қарым-қатынастарды жүзеге асыруға бағытталған, яғни педагогтың қоғамдық тәжірибені беруі мен оқушылардың оны меңгеруі барысында екі жақты жеке ерекшеліктерді, мүмкіндіктерді және қажеттіліктерді есепке алу арқылы екі жаққа тең дәрежеде даму және өзін-өзі дамыту мүмкіндігін беретін оқыту.

2) Қарастырылған тұлғалық-бағдарлы білім беру тұжырымдамаларында осы мәселеге түрлі көзқарастарды ұстанатындығы анықталды. Бірақ барлығына ортақ көрсеткіш, білім беру тұлғаға бағытталған, білім беру үрдісіндегі ситуацияларда баланы тұлғалық дамыту қажеттілігі танылады. Адам – іс-әрекеттің және қарым-қатынастың субъектісі.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру моделі (субъектілі – тұлғалық)

1) Оқытудың мақсатын мұғалім және оқушылар бірлесіп талдайды, сабақтан күтілетін нәтиженің өзіндік жүйесін құрады.

2) Оқушының өз бетімен ізденуіне, өз бетімен әрекеттенуіне, өз бетімен жаңа нәрсені тануына бағытталған.

3) Әрбір оқушымен жұмыс жасау, оқыту үрдісінде оның бейімділіктері мен таңдауларын анықтау және есепке алу.

4) Таным үрдісінде танымдық стратегиялармен жұмыс жасау.

5) Оқу үлгерімі әртүрлі оқушыларға арналған дидактикалық материалдар қолданылады.

6) Әрбір оқушыға оның танымдық қабілеттерін есепке ала отырып, білім көлемі белгіленеді және соған сәйкес оқу материалы таңдалады.

7) Күрделілігіне қарай тапсырманы оқушы өзі таңдайды, тапсырмалар мазмұнын мұғалім өзгертеді.

8) Әрбір оқушының мүмкіншіліктері мен жеке бейімділіктеріне қарай белсенділігі есепке алынады.

9) Мұғалім оқушының өзіне топтық немесе жеке жұмысты таңдауға мүмкіндік береді.

10) Жаңа білімді оқушының мұғаліммен біріккен іс-әрекетінде алу.

11) Оқушы алдымен, жауабын өзі бағалайды, содан соң – мұғалім бағалайды.

12) Танымдық үрдісті және оның нәтижесін сандық және сапалық тұрғыдан мұғалім мен оқушының бірігіе бағалауы.

13) Үй тапсырмасының көлемін, күрделілігі мен формасын оқушылардың өздері таңдайды.

14) Мұғалім оқушылардың танымдық стратегияларын ұсынуына мүмкіндік жасайды.

15) Мұғалім өзінің жұмыс жасау стилін оқушыларға бейімдейді.

Іс-әрекеттік ұстанымның негізгі мазмұны – оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өз іс-әрекеті барысында өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімнің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу іс-әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «синтездейді».

Тұлғаның дамуын анықтайтын шарт – іс-әрекет, яғни, танымдық қызығу мен қоршаған ортаның шындығына орай түрлендіруге бағытталған қажеттіліктен туындайтын қасиет.

Тұлғалық ерекшеліктердің жетілуіне қызығу арқылы меңгерілген білімнің есте сақталып, іс-әрекетті ұйымдастыруда, өмірде немесе жаңа білім алуда қолданылуы ықпал етеді. Іс-әрекет ұғымына салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде – адамның ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестегінің іс жүзіндегі көрінісі деп анықтама берілген.

Адамның дене және ақыл-ой қуатының дамуына шешуші қызмет атқаратын іс-әрекет түріне еңбек жатқызады. Адамның өзге іс-әрекетінің барлығы (ойын, оқу т.б.) еңбекпен тығыз байланысты. Іс-әрекет құрамына іс-әрекетті қозғаушы түрткі, іс-әрекетті бағыттаушы мақсат пен нәтиже, іс-әрекетті жүзеге асырушы құралдар қамтылады.

Жеке адамның дамуында іс-әрекет жетекші рөл атқарады. Іс-әрекет арқылы қоғамда, ұжымда адамның физикалық, рухани мүмкіндіктері көрініп дамиды.

Жалпы алғанда, іс-әрекеттің құрылымы мақсат қою қабілеті, әрекетті жоспарлау икемділігі, операцияны шығару икемділігі, түрткі мен мақсат арасында қатынас орнату икемділігі, өзіндік бақылау мен өзіндік реттеу дағдыларынан тұрады.

Білім беру теориясының әдіснамалық негіздері – тұлға, таным және іс-әрекет теориялары, білім алушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілімдер болып табылады. Бұл теориялар жеке тұлғаға білім беруді арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекет ретінде қарастырады. Аталған мәселелерге ойшылдар, педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған.

Оқу үрдісін ұйымдастыруда іс-әрекет маңызды негіз болып табылады. Белсенділік адамның табиғи қасиеті. Психологияда белсенділікті іс-әрекет деп атау қабылданған. Тұлғаның белсенділігі материалдық, рухани, жеке, қоғамдық қажеттіліктерден туындайды. Адамның белсенділігі ерте жасынан-ақ қоғам қажеттіліктерімен реттеліп отырады.

Оқушының бойында кез келген мәселені шешу әдіснамасын қалыптастырып дамыту және алған білімінің қолданбалы болатынына сену қажеттігі іс-әрекетке (activity) бағытталудың мәнін білдіреді, іс-әрекетті грек терминдерімен автопсия (өзіндік бақылау), автопрасия (тәжірибелік жүзеге асыру), автохресия (алған білім, икемділік және дағдыларын жаңа жағдайларда қолдану), автолексия (нәтижелерді өзіндік баяндау икемділігі) деген кезеңдерге бөліп белгілеген. Мұның нәтижесінде қалыптасатын:

- жұмысты жоспарлай білу,
- өз уақытын тиімді бөліп пайдалану,

- жұмыс орнын ұйымдастыра білу,
- сөздіктерді пайдалана білу,
- бақылау күнделігін жаза білу т.с.с.оқушының оқу іс-әрекеті дамиды.

Іс-әрекет педагогикасы – педагогика ғылымында қалыптасқан ағым. Ол ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Германияда пайда болды. Іс-әрекет педагогикасының өкілдері көзқарасы бойынша, тәрбие мен оқытудың негізгі принципі - әрекет принципі болып табылады.

Іс-әрекет педагогикасының негізін қалаған неміс педагогы В.Лай. Оның пікірінше, барлық сыртқы тітіргендіргіштер кез келген организмдерде, ең қарапайым түрлерінен бастап адамға дейінгілердің барлығында да кері жауап беретін әрекеттер немесе қимыл реакцияларын тудырады. Бұлардың барлығы негізгі үш сатыдан өтеді: қабылдау, қайта өңдеу, әрекет. В.Лай осылардың ішінде әрекет ең маңызды, ең қажетті деп санады. Іс-әрекет педагогикасының өкілдері балаларды қоғамда қалыптасқан әдептану, эстетикалық нормаларға қарсы болмауға үйретуге тырысты.

Педагогикалық энциклопедияда іс-әрекеттік тұрғы – психика және сана, оларды дамуы және қалыптасуы субъектінің заттық әрекетінің түрлі формаларында зерттелетін теориялық-әдіснамалық және нақты-эмпирикалық зерттеулердің жиынтығы деп түсіндірілсе, «іс-әрекет қоршаған ортамен белсенді өзара әрекеттесу, оның барысында тірі ағза объектіге мақсатты түрде әсер ететін субъект ретінде танылады және осылайша өзінің қажеттіліктерін қанағаттандырады» деп белгіленген.

Жаңартылған білім беру мазмұнының іс-әрекеттік компоненті оқытудың негізгі әдісі ретінде анықталады және оқу дағдылары іс-әрекет барысында дамиды.

Әрекеттік тұрғы әлеуметтік мүмкіндіктерді есепке алуға бағытталған және адами құндылықтарға негізделген тұлғаға бағдарланған білім берумен байланысты.

Жаңартылған білім беру үдерісі әр түрлі іс-әрекет түрлерін орындауға дайын:

- талқылауға,
- сыни тұрғыдан ойлауға,
- оқу-танымдық және оқу-тәжірибелік міндеттерді шешуде,
- алған білімін қолдануға қабілетті тұлғаның қалыптасу үрдісі (өзін-өзі, өзіндік бейнесін табуы) ретінде ұйымдастырылады.

Бұған қоса, мектеп жасындағылардың психофизиологиялық мүмкіндіктері, қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігі, ойлау тәсілдері (эмоционалды-бейнелік, рационалды-логикалық), оның қызығушылықтары ескеріледі.

Оқушының іс-әрекеті мен назарының нысанына оның зерттеп-тануындағы тәсілдері мен өзара байланыстары, алуан түрлілігімен сипатталатын тек сыртқы орта ғана жатпайды, сондай-ақ, өзін, өз қабілеті мен мүмкіндіктерін танып-білуі, өзінің кейбір сапаларын, өзіндік бақылауға деген қабілетін, өзіндік талдауын, өзін-өзі дамытуы, табиғат және адамдар әлемімен өзінің қарым-қатынасын реттей білуі де жатады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың белсенді қызметпен айналысуы арқылы берілген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді.

Психологтар мидың қызметін талдай отырып жүргізген еңбектерінде меңгерту шеберлігі тек белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, оқушы тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді.

Сондықтан, болашақ педагогтар сыныптағы іс-әрекеттерін, пәннің қалай оқылуы керектігі жөнінде ойлағаны шарт. Осыған байланысты болашақ педагогтар сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғысы келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл бөлгендері жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұханбетжанова Ә., Мұханбетжанова А. Жаңартылған білім беру мазмұнының теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Атырау, 2018., 146б.0
2. Проблемы перехода современной системы образования Республики Казахстан на основы Всеобщего управления качеством // ВЕСТНИК КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2004. - № 2. – С. 28-33.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. – Астана, 2006.
4. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан. Республиканский научно-практический центр проблем 12-летнего образования. -Астана, 2005.

ӘОЖ 37.012

ЗИЯТКЕР ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Ғабит Базарғалиев

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы жолдауында Жаңа Қазақстан үшін «ұлттық бірегейлікті сақтаудың» аса маңызды екендігі айтылған. Өйткені, «Ұлттық жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Біздің ұлт ретінде дамып, кемелденуіміздің екі жолы бар. Бірі-ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту болса, екіншісі-ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Әлемнің тарихи дамуына көз жүгіртсек және қазіргі заман мазмұнын ой елегінен өткізсек, «жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін ескермей, әлемге ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру жағы басым. Алайда өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда» [1]. Ендеше, осыған сәйкес, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен өнеріміз, әдебиетіміз, салт-жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы керек.

Халықтың жас ұрпақтарына сапалы білім мен саналы тәрбие беруі қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Сондықтан да ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйеге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды барлық уақытта да мұрат тұтқан. Өткен ғасыр соңында тәуелсіздікке қол жеткізіп, жаңа ғасырда тәуелсіз даму жолына түскен Қазақ елінің ұл-қыздарына, жас ұрпақтарына сапалы білім мен саналы тәрбие беру, патриоттық, отаншылдық сезімдерін, Атамекенге деген азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру заман талабы. Мемлекет тарапынан патриоттық сезімді дамыту бағытында келелі шаралар атқарылып, бағдарламалар жасалып жататындығы да сонан болса керек. Қазіргі уақытта бір жағынан сананы тұрмыс билеп, екіншіден, жаһандық сапырылыс үстемдік құрып тұрғанда өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу қоғамдық қажеттілік [2].

Жаһандану – тек технологиялар мен ғылыми техникалық жетістіктердің бәсекесі ғана емес, ол отаншылдық сезімі жоғары тұлғалардың арасындағы елдің қадір-қасиетіне жету, халықтың ойындағысын тап басып біліп, орындап отыру барысындағы бәсекелестігі десек те болғандай. Профессор Қ.Б.Сейталиев «...патриот – ол Қазақстанды шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, бойында адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам» - деген болатын. Ал «Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында»: «Отаншылдық, отансүйгіштік, патриотизм (*грек. parts - Отан*) – адамның Отанына, туған еліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі» - деп анықтама берілген [3,].

Ежелгі грек жерінде пайда болған патриот сөзі (*patriotes - жерлес, отандас*) дүние-жүзілік қауымдастықтың даму тарихына және мемлекеттердегі саяси жағдайларға

байланысты сан-алуан сипат пен мағынаға ие болып отырған. Мысалы, ежелгі Афины азаматтарына эллин тілінде сөйлей алмайтындармен некеге тұруға заң жүзінде тыйым салынған. Бұл заң талабын орындау грек патриотизмі ретінде қабылданған және мемлекеттік дәрежеде насихатталып, бұлжытпай орындалған.

Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім-тәрбие дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі жастарды тәрбиелеуде, оқу-тәрбие барысында ұтымды қолдану – уақыт талабы. Тарихты парақтасақ, халқымызда «Атамекенге» деген сүйіспеншілік ерте заманнан қалыптасқан. Олар халықтық мәнге ие мол рухани мұраларда – түркі халықтарына ортақ тас ескерткіштердегі тағылымдарда, орта ғасырлар ойшылдары мен кейінгі жыршы-жыраулар, қазақтың ағартушы-гуманистері және «Алаш» ардақтылары, қазақ зиялылары қалдырған ой-пікірлерінен көрініс табады. Патриотизмді қалыптастыру – бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Қай елде ұлттық бірлік, өз елін сүю жоғары деңгейде болса, сол елде саяси тұрақтылық пен экономикалық даму өрістейді. Ендеше, патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігі мен ұлт бірлігін көздейді. Өйткені, кез-келген адам еңбекте табыстарға жету үшін, қоғам өркендеп, талап күшейіп, талғам артып үлкен бір серпіліс болуы қажет. Қазақстан сияқты унитарлы, бірегей мемлекетке алдымен этностық патриотизм қалыптастыру қажеттілік еді. Қазақ халқы белгілі деңгейде этностық патриотизм сатысынан өтті, ол енді өзі құрған мемлекеттің дамуына мүдделі болғандықтан, барлық ұлт өкілдерінің ұйытқысына айналып, қазақ ұлтының «үйлестіруші» ролін көрсетіп, жасампаздыққа бастаушының міндетін атқаруы тиіс. Қазақстандық патриотизмнің басты өлшемі (*ұстаным*) – мемлекет мүддесін қамтитын, еліміздің игілігіне арналған өнімді және шығармашылық еңбек.

Қазақстандық патриотизм идеясы – ұлттық бірегейлікті сақтау идеясы бүкіл қазақстандықтарды болашақтарына сеніммен қарауды, оларды жасампаз еңбекке шақыруды, береке-бірлікті, баянды ынтымақты орнықтыруды көздейтін азаматтық ұстаным. Ол біздің экономикадағы, саясаттағы табыстарымыздың жемісі. Патриотизмнің басты көрінісі мен ұстанымдарына келер болсақ, олар: өз елінің рухани-мәдени тарихын білу, ерлік істерін білу, тілін, өнерін игеру. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақстандықтар өз елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, тілін, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді қалыптастыру мүмкін емес. Патриоттық, немесе, отансүйгіштік дегенді оп-оңай қолдана салуға да, айта салуға да болады, өз елің мен Отаныңа, халқыңа деген махаббат деп сырғыта да салу еш қиындық келтірмейді. Алайда, Отанға деген сүйіспеншілік сырттай енжарлық сипатта көрініс бермеуі керек. Яғни, тек менің тауым биік болсын деген ішкі есеп, немесе, белгілі бір құбылыс пен оқиғаға сырттай бақылаушы ғана болу шын мәніндегі отаншылдық сезіммен сыйыса алмайды. Керісінше, патриоттық пен отаншылдық кез-келген республика азаматының нақты іс-әрекеті мен қимыл-қозғалыстарынан көрініс табуы керек. Патриотизмнің ерен үлгісін ел қорғаған батырларымыз, ел басқарған хандарымыз, елге бәтуа айтқан билеріміз, халқын оқу-өнерге шақырған ақын-жырау, ағартушыларымыз, кешегі ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары, Отан соғысы ерлері сияқты ұлт мақтаныштары, ұлағатты тұлғалар өз істерімен өнеге көрсете білді.

Қазір патриоттықты, отансүйгіштікті әркім әр қалай түсініп жүр. Біздіңше, әр адамның, әсіресе, өскелең ұрпақтың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратын *ұлттық идеология* қажет. Онда ең алдымен, балабақшаға баратын бөбектерімізге Отанды сүюдің қастерлі ұғым екені көрініс тапқаны дұрыс. Мектеп бағдарламасында отансүйгіш азамат қандай болуы қажеттігіне ден қойылған жөн. Жалпы, патриоттық пен отансүйгіштік ұғымының ауқымы кең. Өйткені, елдің патриоты болу тек білімді, өз кәсібінің білікті маманы атанумен шектелмейді. Отансүйгіштік - ана сүтімен, әке қанымен бойға даритын қасиет. Елінің, Жерінің, Ұлтының тарихын, мәдениетін, әдебиетін жетік білмеген адам патриот та, отансүйгіш те бола алмайды. Рухы мықтылардан ғана елінің шын патриоты шығады, олар Отанына опасыздық жасамайды. Қайда жүрсе де Елінің абыройын, Жерінің тау-тасын, Ұлтының намысын қорғап, Отанын насихаттап жүретіндер нағыз отансүйгіш, патриоттар. Кешегі кеңестік саясат, бейнелей айтқанда, өзінді мүлдем ұмыт, тек Отаныңды

ғана ойла, соны қорға деген қағиданы ұстанды. Түптей келгенде, ол көпшіліктен қолдау таба алмады. Ал бүгінгі ұлттық идеологияда «*Отаның мен өзіңнің қамың үшін қимыл-қарекет жаса*» деген бағдар бар екені де белгілі, бұл жалпы алғанда дұрыс ұстаным.

Қазақ патриотизміне *қазақстандық патриотизм* тәуелді болуы тиіс. Былайша айтқанда, автохонды, мәртебелі (*титольный*) этнос, қазақтың ұлттық мүдделерін басқа этностар бірауыздан қабылдағаны және қолдағаны жөн. Сонда ғана жалпы қазақстандық патриотизм нығаяды және күшейеді. Әйтпесе «қазақстандық ұлт» деген пікір қазақ ұлтын көлеңкелейді, ұлттық бірегейлікті сақтауға да қауқарсыз. Өйткені, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Алға басуымыз үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тартуымыз керек»[1]. Бұл ұлт, оның тәрбиесі туралы қалыптасқан бұрынғы қасаң түсінікке де қатысты.

Дәстүрсіз діндердің көбеюі де қазақстандық патриотизмді әлсірететін жайт. Қазақ зерттеушілері осы күнге дейін идеологияға патриотизмді енгізбей жүр. Шын мәнінде патриотизмі жоқ халықтың ұлт қауіпсіздігі өте осал, әлсіз болады. Жас ұрпақты әртүрлі экстремистік ағымдардан сақтаудың да басты амалы – отаншылдық сезімді, елге, жерге, ұлтына деген табандылықты қалыптастыру. Жалпы Президент Қ.К.Тоқаев ұлттық руханият дамуының мемлекет өміріне тигізер игі әсері туралы да аз айтып жүрген жоқ. Оны түйіндей айтар болсақ, «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» [2].

Қазақстандықтардың отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Сондықтан жастарды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – ұстаздар қауымының аса маңызды әрі жауапты парызы. Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз.

Тарихи мәліметтерден байқайтынымыз, сонау сақ дәуірінен бастап, бертіндегі қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді алып қарасақ, өз заманында «*қазақ патриотизмі*» деп хатталып жазылмаса да, ауыз екі түрде жыр, өлең формасында тараған отансүйгіштіктің не бір үлгілері бізге жеткен. Отансүйгіштік – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер қатарына қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуға мүмкіндік беретін бірден - бір күш. Демек, бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Міне, сондықтан бүгінгі ұрпақ халық нені бастан кешіргенін, бүгінге қолы қалай жеткенін, өз тарихын жасау үшін талай тер төгіп, азап шеккенін, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін ерлікпен сақтағанын білуге тиіс.

Қазақтың отансүйгіштік, патриоттық тәрбиесі – тереңнен тамыр тартқан халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-ой мен салт-дәстүр, мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпайынша, келер ұрпақты патриоттық, отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырмайынша алтын бесік елін, кіндік жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен қайратын жұмсайтын отаншыл азаматтарды, яғни, *нағыз патриоттарды* тәрбиелеп шығару да мүмкін емес. Ата-бабамыздың ата-салтымен, дәстүрімен қанымызға сіңген ұлттық тәрбиенің болашақ ұрпақ тәрбиесінде де атқаратын ролі зор. Қазақ жұрты ұлттық тәрбиеге жіті мән берген. Әрбір жасты Отанын сүюге, аялауға, құрметтеуге, оған адал қызмет етуге тәрбиелеу- ұлттық тәрбиенің көрінісі. Әр халықтың өзіне тән ұлттық тәрбиесі бар. Ұлттық тәрбие Отанды сүюден басталады. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады да, «*ұлтжандылық*», «*отансүйгіштік*», «*патриотизм*» ұғымдарының мазмұны, ол туралы түсініктеріміз сол заманның ақиқатынан наным-сенімінен туындайды.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында «білім беру жүйесінің басты міндеттері: азаматтық пен ел жандылықты, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеу, мемлекеттік тілді, басқа да тілдерді меңгеру» деп атап өтілсе, жас ұрпаққа мәдени мұралар арқылы патриоттық

тәрбие берудің негізгі идеялары мемлекетіміздің «Қазақстан -2050» Стратегиялық даму бағытында: «болашақ жас ұрпақ күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады» делінген [2].

Қазақстанда тұратын қазақтар ғана емес, әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің бұл бағыттағы істеріміз ілгері баспайды. Біз қазақстандық патриотизмді Отанын, еліміздің тарихын құрмет тұту, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін құрметтеу, мүддесін көздеп, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, егемендігіміз бен тәуелсіздігіміздің ірге тасын берік етуге жұмсауы деп түсінеміз. Отансүйгіштік -адамның бойындағы күш қуатын, білім мен тәрбиесін, халық мүддесіне, оның игілігіне, яғни адамның кір жуып, кіндік кескен жеріне білдіретін перзенттік борышы, оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезімі. Әйтеке бидің: «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп, отансүйгіштік пен патриоттық сезім биігін бір ауыз сөзбен беруі де содан. Тәуке хан заманынан бері қазақ қоғамында елдік пен ерлік, патриотизм байлықтан жоғары бағаланды. Қазақ патриотизмін - рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, елдік пен ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеяларының жиынтығы деп қарастыруға болады.

Қазақ Республикасының саяси-әлеуметтік тұрғыдан дамуы, дербес мемлекет ретінде өзіндік келбетінің қалыптасуы барысында өскелең ұрпаққа отаншылдық рухта тәрбие беруді рухани ұлттық дәстүрлерге сай жетілдіру, ұлттың тарихи тұлғаларының батырлық, ерлік бейнесін үлгі ету – бүгінгі қажеттіліктердің бірі. Жаһандану заманында отансүйгіштік тәрбие беру ісі мемлекеттік міндеттер қатарына кіруі, ұлттық сипатқа ие болуы да қажеттілік. Ендеше, бүгінгі күні тәрбие үдерісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерінде, мәдени-рухани тәрбиелік мәнді мекемелерде үздіксіз, кешенді жүргізуді талап етеді. Ел мен ел аралас-құралас болып кеткен қазіргі уақытта жат жұрттықтардың жағымсыз қылықтарына жастарымыз еріп кетпеуі үшін де тәуелсіз мемлекетазаматтарының қалыптасуында тәрбиенің маңызды рөліне баса назар аударатырып, туған елін, жерін сүйетін, Отанын қорғайтын білімді, саналы, рухани бай, мәдениетті, үлкенді сыйлап, салт - дәстүрлерді қастерлейтін азамат етіп тәрбиелеу барлық білім беру жүйесінің міндетіне айналуы қажет.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде отансүйгіштіктің қалыптасуына, бағытына байланысты *мемлекеттік, этностық және туған жерге* – деген *патриотизм* деп жіктеп жүр. Кейбір мамандар басқа түрлері туралы да пікірлер білдіреді. Бұл патриотизмнің күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс екендігін көрсетеді. Себебі, ол идея, сезім және іс-әрекет үлгісі ретінде байқалады. Сондықтан ПАТРИОТИЗМ *идея* ретінде *қоғамдық санада*, *үлгі* ретінде *мәдениетте* және *белсенді іс-әрекет* ретіндесаясат пен экономикада көрініс табады.

Патриоттық тәрбиенің міндеті – туған жерді, табиғатты сүйе білу қабілетін қалыптастыру, оны қорғауға, гүлдендіруге қамқоршы болу, өз халқымен бірге өзге ұлттарға да сыйластықпен қарай білу, өз халқының туған өлкесінің тарихын білу болып табылады. Оған сонымен қатар, Отанын сүю және өзінің азаматтығын мақтан тұту, өз Отанының болашағы үшін қызмет ету, ана тілін жетік меңгеріп сүйе білу, халқының дәстүрін, салтын және ерекшеліктерін білу, сақтау және байыту, дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау да жатады. Жастар біздің елдің болашағы, оларда күш, ақыл және үлкен потенциал бар. Сондықтанда біздің тәуелсіз елімізде жастарды елін, ұлтын сүю сезіміне тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі. *Елжандылық* сезімге тәрбиелеудің басты көзі *тарих* және *оның сабақтары*. Дегенмен де, қолдан патриотизм жасап, ешкімді «осы елді сүй» деп көндіре алмаймыз. Саяси-әлеуметтік, экономикалық және тағы да басқа негіздері толық қаланбаса еріксіз жасалған отансүйгіштіктің ертеңі қысқа болады. Бұны өткен тарихымыз көрсетті. Сондықтанда жастарды патриотизмге тәрбиелеу процесінде осы жағын да қаперге алған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Тоқаев Қ.К «//Егемен Қазақстан. – 2021. – 1 қыркүйек. – №70.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан. – 2022, 18 қаңтар. –№11.

3.Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. «Н-С» /Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2015. – 7-т. – 728 б

ӘОЖ 82-1/29

ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР

Ақмарал Отарова

*филология ғылымдарының кандидаты,
Ш.Есенов атындағы КТИУ қауымдастырылған профессоры*

Роза Орынбасар

*Ш. Есенов атындағы КТИУ МНКЯЛ-22 тобы магистранты
Ақтау қ., Қазақстан*

Андатпа: Маңғыстаудың сөз киесінің қатепті қара нары іспетті Қашаған Күржіманұлы шығармашылығы кең арналы, сан салалы деуге болады. Қай саладағы туындыларын қарасақ та бәріне ортақ бір сарын - таза халықтық әуен. Мазмұн жағынан ел мұңын, халық тірлігін көтерсе, түр, стиль жағынан фольклорлық сарынды сақтайды.

Арғы бастауын көне түрік әдебиетінен алған адам өмірін кезең- кезеңге бөліп сипаттау дәстүрі қазақ поэзиясында жалғастығын тауып келеді. Араб, парсы әдебиеттерінің классикалық мұраларында адам өмірінің барлық шақтары жайында даналық тұрғысында айтылған небір асыл поэзиялық үлгілерді кездестіреміз. Мәселен, Рудакидің “Кәрілік туралы элегия” туындысында адам өмірінің соңғы кезеңі туралы ой қозғап қана қоймай, жалпы өмірдің мәні туралы философиялық түйіндер түйеді.

Жыр жүйрігі Қашағанның ауыз әдебиетіне жақындығы оның дастандарынан ғана емес, арнау өлеңдерінен, фольклорлық жанрлар аясында шығарма тудыруынан да көзге түседі. “Жетпіс беске келгенде”, “Осы күн жолдас болдым сексенменен”, “Қартайған шағында айтқаны”, “Бұл өмірдің мысалы”, “Бұл дүниеде не жетім” деген бір топ өлеңдерінде өмір мәні туралы толғанады.

“Жетпіс беске келгенде” өлеңінде

Жетпіс беске келгенде

Құртады екен әлінді,

Сорып алады екен қаныңды,

Кім көріпті мұндай залымды?!

Жетпіс беске келгенде

Әл кетеді екен жағыңнан... немесе

Осы күн жолдас болдым сексенменен

Кез болды кәрілік шіркін сексенбеген.

Қартайсаң, күнің қандай аянышты,

Талтақ бұт, ойдық желке, күржік жауырын,

Тартылып бауыр шандыр, бүкшендеген... (“Осы күн жолдас болдым сексенменен”)

деп кәрілік шақты қуат, қайраттың кеміп, өмірдің қуанышынан гөрі қайғы сын көбірек ойлар кез ретінде суреттегенмен, бұл өмірдің өткінші екендігін жақсы біледі.

Кесірі болады екен қартайғанның,

Өлеңді қартайғасын айта алмадым.

Айт деген қатар құрбы, жеңгейлердің

Назарын ол күндерде қайтармадым... (“Осы күн жолдас болдым сексенменен”)

Көңілің келмес көңгісі,
Жетпіс бес бірақ тыңдай ма?!
Сыбырласып, сыңқылдап,
Баяғы күліп ойнайтын күн қайда?

деп кәрілік кезінде өмірлік жан қалауы - талант жырдың өзінен алыстай бастағанына көңілі құлазып, жаны жабырқап, жастық шағын армандай еске алады. Адам өмірінің екі кезеңін салыстыра суреттеумен шектелмей, жасы ұлғайған кезде адам өмірінің өзіндік мәні барлығын насихатайды. Халық ауыз әдебиеті үлгісінде төгілте жыр толғап, шебер сөз кестелейді. Ақын тілі бейнелі де өткір.

Өпірім болу не керек,
Бақ -базарың ауған соң.
Бәсеке ету не керек,
Бастан билік кеткен соң.
Бұлаң сұлаң не керек,
Ақ бетіңнен нұр тайып,
Жер ортадан асқан соң.
Елең- селең не керек,
Жас елуден кеткен соң.
Жалтаң -жұлтаң не керек,
Жігіттік бастан өткен соң...
Бұл өмірдің мысалы
Кешегі көрген бүгін жоқ,
Ұшып кеткен көбелек,

деп ақын өткінші өмір мәні о жарлық, тәкаппарлыққа салыну, бәсеке байлық, жағымпаздық емес, ақ сөйлеп, адал жүру деген түйін айтады. Жалған дүниенің қайшылығы мен қасиетін терең ашып, жарқырата көрсетеді. Ол тіршілікті қалай болса солай өткізетіндермен келіспей, мазмұнды тіршілік кешуді қалайды. Қашаған ақынның бұл өлеңдерінде адам өмірі туралы өзіндік философиялық толғау бар. Осы орайда ауыз әдебиетінің байырғы теңеу, метафоралары да тапқырлықпен орынды пайдаланылады.

Сонау ықылым заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып келе жатқан- халқымыздың салт -дәстүрі мен әдет-ғұрпы. Ақын жыраулар поэзиясында салт- дәстүрдің, әдет- ғұрыптың алатын орны ерекше. Қашағанның да бірқатар өлеңдері тұрмыс - салт тақырыбына арналған. Олардың қатарында “Аралбайды жұбатуы”, “Қонақкәде”, “Тойбастар”, “Ұзатылып бара жатқан қызға берген батасы” туындыларын атай аламыз.

Қашаған ақынның арнау өлеңінің ішінде дәстүрлі көңіл айту, жұбату түрінде келетін ерекше назар аударарлық шығармасы Аралбай ақынның жалғыз баласы Берекетке көңіл айтқан өлеңі - “Аралбайды жұбатуы”. Өлең Ойыл ауданында тұратын Төкешев Қазтайдың айтуымен жазылып алынған. Әдетте естірту, жұбату мәнді өлеңдер тұтас түрінде қайғыға душар болған жанға өзге адамның аузынан айтылатын болса, “Аралбайды жұбатуда” Аралбай басына түскен қайғысын өзі айтып, замандасы Қашаған ақынға мұңын шағады. Естіртудің тұспалдаумен, жұмбақпен, салыстыру, теңеумен басталып, айтушының тыңдаушысын суық хабарды естіруге дайындап алатын сипаттары “Аралбайды жұбатуда” да бар. Аралбай ақын:

... Мен - ботасы өлген боз мая
Тұлыбына келіп аңыраған.
Мен бір жүрген ақ киік,
Лағын түзде алдырып,
Орнына келіп маңыраған,-

деп өз басына түскен ауыр жайтты, жүрек қайғысын мысалдай, ишаралай келіп, шерін ақтарар тұста:

...Қадірлі аға Қашеке- ау,
Жалғызымнан айрылып,
Қанатымнан қайрылып,
Көңілім сөйтіп түңілген,-
деп естіртеді.

Сонда Қашаған Аралбайды жұбату жырын толғайды:

... Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қанаты бүтін сұңқар жоқ...
Болаттан бекем бол деген,
Болдырғанға болмасқа.
Уайым, ашу жарамас
Сендей бір жанға, жолдасқа.

Қашағанның жауабында жұбату, Аралбайдың басындағы қайғысына ортақтасу сияқты адамгершілік, ізгілік сезімдері қабат келеді. Оның жұбатуы - жалғзынан айырылып көкірегі қарс айырылып отырған Аралбайды ғана емес, бар перзентін қара жердің қойнына тапсырып, ұрпақсыз өтіп бара жатқан өзін де жұбату. Аралбай басындағы қайғы Қашағанның да қайғысы.

Қашағанның суырыпсалма, табан астында шығарушылық талантын танытатын жырларының қатарына әзіл- қалжың араласып келетін “Қонақкәде” өлеңін жатқызамыз. Халқымызда үйіне келген қонақтың өнерін байқау, жақынырақ танысу мақсатында қонақкәде деген әдеті бар. Көбінесе әркім ел арасына кеңінен тараған, көпшіліктің білетін ән- жыр, күйлерін ортаға салып жатады. Алайда, ақындардың қонақкәдеге арнайы өлең арнап шығаруы көп кездеспейді. Қонақкәдеге табан астында күй шығару өнері Өскінбай күйшіде болған. Олай болса, қонақкәдеге өлең шығару Қашаған шығармашылығының өзіндік бір ерекшелігін танытатын сөзсіз.

Кейбір қызға қарасам,
Алтыннан құйған асықтай,
Күмістен құйған қасықтай.
Кейбір қызға қарасам,

Құбылған беті мақпалдай... деп басталатын әзілі аралас келетін ақжелең өлең жолдарында ақылына заты сай аруларды бейнелеуде эпитеттер мен ауыстыруларды орынды қолданады.

Айтыс жанрындағы Қашағанның шығармалары оның ақындық өнерін танытып қоймай, суырыпсалма ақпа жырау болғандығына куә боларлық туындылар дейміз. Қашаған айтыстарында да елдікті, ерлікті, адамгершілікті жырлап өткен.

Қашағанның жас кезіндегі айтыстарының бірі- Нұрым ақынмен кездесуі. Бұл дін тақырыбындағы сұрақ - жауап түрінде келген айтыстың бірі. Нұрымның өзіне қойған дүние мен адамның жаралуы, Ніл дария көпірі, пайғамбарлар қауымы туралы діни аңыздар, ата тек шежіресі туралы сауалдарына еш тосылмай жауап беріп, аға ақынды көп білетіндігімен тәнті етеді.

Қашағанның айтыстары ішінде оның Ізім шайырмен тілдесуінің әлеуметтік, көркемдігі мәні ерекше.”Қашаған мен Ізім шайыр” айтысы Кіші жүз жеріндегі Байұлы-Адайлар мен Жетіру- Тама, Табын елдерінің тарихымен байланысты біраз жайлардың бетін ашады. Тама, табын елдерінің аты шыққан ақыны Ізім адайлардың көшпелі тұрмысын, шаруашылықпен айналысқан ел өмірін келеке етіп, Қашағанға тиісе сөйлейді. Қалың бұқара атынан сөйлеген Қашаған орынсыз руға тиіскен Ізім шайырдың жеңіл ойлы сөздерін бас көтертпей жалынды сөз күшімен тежеп тастайды:

Еліңнің орысша рас тілі жатық,
Адайдың ішетіні сүт пен қатық.

Ләйліп арақ ішіп мас болғанда,
Шалыңды жасың таспен ұрады дейді,
Көргенсіз, бейқасиет, Құдай атып,-

деп әдепсіздікті сынап, қарсы дау айтады. Бұл айтыста өзге ақындар айтыстардың көбінде кездесетін ақындардың өздері туралы толғаныстары кездеспейді. Ел бірлігін ұстын қып ұстаған бұқарашыл ақын мал баққан шаруақор елдің құты болған киелі мекені Маңғыстауды жыр етеді. Хорезм хандығына қарсы күресте Хиуа бектері мен Әлке атқамінер өлтірткен Сүгір т.б. адай батырларын бетке салық еткісі келген Ізімге Табын ханы Әлкенің жастық тартып ауырып өлмей, оны өлтірген адай ерлері екенін, талай жауды тойтарып, еліне қамқор болғанын айтады. Қашаған мен Ізім айтысының қорытындысында ел билеген озбыр әкімдер қатты сынға ұшырайды. Бұл айтыста Қашаған өзінің ақындық өнерін асырып, елдің арғы- бергі тарихын жетік білетін білімдарлығымен жеңіп кетеді. Оның айтыс жанрларына қатысын осы тұрғыда қарауға болады.

Қашағанның Ізбаспен айтысының да өзекті мәселесі менмендік, өзімшілдікті әшкерелеуге құрылған. Бір жиында сексеннен асқан Қашағанның перзентсіздігі мен кедейлігін бетіне басып мұқатпақ болған қырықтар шамасындағы атаққұмар Ізбасты ел алдында өткір сөздерімен түйреп әбден масқарасын шығарады. Ақындар айтысының ежелгі дәстүрімен өзін көтермелей, қарсыласын кішірейте сөйлеу Қашаған мен Ізбас айтысының да бір тәсілі. Қашағанның “менінің” әні тереңде жатыр. Оған халықтық ең асыл қасиеттердің бәрі сыйып жатады. Оның айтыс жанрларына қатысын осы тұрғыда қарауға болады. “Мен қайыртпай кеткен ақынмын”, “Мен - мұхит жатқан тереңмін, шамшырақ жанған түбімде”, “сен- бір жабы, мен- тұлпар”, “сен- қарға да, мен- сұңқар”, “мен-теңіздегі кемемін”, “менің сөзім - сары алтын, сенің сөзің- қола, мыс” деп келетін көптеген троп, метафоралар ақын тіліндегі көркемдеу құралдардың сан алуан құбылып отыратынын аңғартады. Бұл жолдардан Қашағанның сөз зергері екендігімен қатар, Махамбет сияқты ақындар жырының өткірлік рухынан үйренген әсерін де байқаймыз. Қашаған поэзиясының көркемдік кестесінде мұндай терең мағыналы сөздер молынан кездеседі. Көркемдік- өнер шығармаларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы, дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суреттілік, бейнелілік, өрнектілік. Көркемдік - поэзиялық туындының сапалық көрсеткіші. Ақын поэзиясының көптеген тұстары суреттегіш бейнелік құралдар жүйесінің іштей жарасым үйлесімінен, мазмұны мен пішінінің тұтастық бірлігінен көрінеді. Қашаған поэзиясының көркемдік жүйесінде теңеулердің эстетикалық мәні ерекше.

Айта кетуді керек ететін бір жайт, Қашаған шежіре-тарихқа жетік ақын. Әлеумет жайының ұдайы алға ұсталып айтылуы, оның ақиқаттың алмас қылышындай өткір, айқын айтылуы ақын шығармаларының мейлінше дара өзгешелігі, асқан бұқарашылдығы. Сондықтан да Қашаған шығармалары өз кезіндегі тарихи маңызы зор, халқының мұңын көтере алған, тәлім - тәрбиелік қызмет атқарған туындылар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыдиықұлы Қ. Ақберен. ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы қазақ ақын жырауларының шығармалары. Алматы: Нұрлы әлем, 2007. -576 б.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, Санат, 1997 ж. 928б.
3. Қайыртпай кеткен Қашаған. Өлеңдері, терме, толғаулары т.б.– 2011, 432б.
4. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы, Жазушы, 1991ж.432б

ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ БИЛИНГВИЗМ (ҚОСТІЛДІЛІК) ТҮСІНІГІ

Айымгүл Салихова

филология ғылымдарының кандидаты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

Нұргүл Салимова

филология магистрі, аға оқытушы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

Атырау қ., Қазақстан

Анализируется понятие “билингвизм”, дается классификация билингов, рассматриваются вопросы соотношения реальной, культурной и языковой картин мира. В результате анализа различных точек зрения автор приходит к выводу, что билингвизм равно как и полилингвизм расширяет границы познания мира и способствует взаимопониманию между отдельными людьми, народами и государствами.

Образование в настоящее время становится интернациональным, многоязычным и поликультурным. Оно должно, по мнению автора, создать условия для вступления личности в равноправный диалог с имеющимся поликультурным окружением и позволить ей через национальную и изучаемую культуру войти в мировую культуру. Билингвизм; билингв; реальная; культурная и языковая картины мира; межкультурная коммуникация.

BILINGUALISM IN MODERN WORLD The concept of bilingualism is analysed in this article. The author classifies bilinguals and considers questions of real, cultural and language worldviews correlation. Having analysed different points of view the author concludes that bilingualism and polylingualism expand world cognition and promote mutual understanding between people, nations and their governments. Education is now becoming an international, multilingual and multicultural. In author's opinion it must create conditions for the entry of the individual in the equal dialogue with the existing multicultural environment and allow it to enter the world culture through the national and studying culture. Bilingualism; bilingual; real; cultural and language sight of the world; crosscultural communication.

Біз қазір адамзаттың жаңа мәдениетінің басталуын бастан кешіріп жатырмыз.

Үшінші мыңжылдық мәдениеті – синтез мәдениеті. Жаңа дәуірдің басы – адамзат жинақтаған ғылымдағы, философиядағы, өнердегі ең үздік нәрселер мен көп ғасырлық рухани тәжірибені біріктіретін тұтас мәдени ақпараттық кеңістік құру уақыты.

Бүгінгі таңда оның көріністерінің алуан түрлілігіндегі бірлікті көру, басқаны тыңдауды, сезінуді және түсінуді үйрену ерекше маңызды. Басқаша айтқанда, өзін әлемнің бір бөлігі ретінде және әлемді өзінің бір бөлігі ретінде тану. Қазіргі уақытта

халықтардың, тілдердің және мәдениеттердің бір-бірімен араласуы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті және өзге мәдениетке деген төзімділікке тәрбиелеу, оған деген қызығушылық пен құрметті ояту өзекті мәселе болды, басқа мәдениеттің артықшылығына, кемшілігіне немесе жай ғана ұқсастығына, мәдениетаралық қатынастағы қостілділік мәселелерін меңгеруге де ерекше пікір қалыптасты.

Қазіргі ғылымда «қос тілділік» ұғымының көптеген түсіндірмелері бар. Жалпы қабылданған пікірлерге сәйкес, билингвизм (қос тілділік) - бір уақытта екі тілде еркін сөйлеу. Билингвизм дегеннің сөзбе-сөз мағынасы – бір қоғам шегіндегі (әдетте мемлекет) екі немесе одан да көп тілдердің өмір сүруі мен қызмет етуі. Қазіргі көптеген елдер екі немесе көптілді мемлекеттер. Егер индивид бірнеше тілдерді меңгерсе, ондай адамды билингв деп атайды, ал бұл құбылыстың өзін билингвизм дейді. Билингвизмнің қазақша баламасы – қостілділік. Қостілділік қазақтың «қос» («екі» сөзімен мәнделес) және «тіл» (адамдардың өзара қарым-қатынас құралы) деген сөздерден тұрады. Бұл орыстың «двуязычие» («два», «язык» деген сөздерінен тұрады) және билингвизм (арғы тегі латынның bi – «екі» және lingua – «тіл» деген сөздерінен, орыс тілінде – кірме сөз) сөздерінің қазақша баламасы. Билингвизмнің

классикалық анықтамасы деп У.Вайнрайхтың анықтамасын санауға болады. Ол қостілділік – екі тілді меңгеру және олардың вербалды қарым-қатынас шарттарына байланысты кезектесіп қолданылуы деп тұжырымдайды. У.Вайнрайхтың «Языковые контакты» атты әйгілі кітабында біз: «Екі тілді кезектесіп қолдану тәжірибесін

қостілділік, ал оны жүзеге асырушы адамдарды қостілді деп атаймыз» деген пікірді кездестіреміз. [1].

Осыған ұқсас анықтаманы В.Ю. Розенцвейг былай деп береді: «Билингвизм әдетте екі тілді білу және қарым-қатынас жағдайына байланысты бірінен екіншісіне жүйелі түрде ауысу»[2].

Психоллингвистика тұрғысынан екі тілділік-бұл екі тілдік жүйені қолдану қабілеті [3].

Жоғарыда келтірілген әр түрлі мектептер мен бағыттардың барлық анықтамалары біріктіріліп: ең бастысы: билингвизм (екі тілділік) – бұл екі тілді бір уақытта еркін меңгеру. Алайда, бұл анықтамалардың ешқайсысы тілдерді меңгеру дәрежесін көрсетпейді: тілдерді кезек-кезек қолдану практикасы оларды коммуникация үшін пайдалану мүмкіндігін болжайды.

Біздің ойымызша, билингвизм құбылысын зерттеу кезінде жаңа тілді меңгеру дәрежесін ескеру қажет, өйткені "билингвизм" ұғымы өте гетерогенді болып табылады. Е. М. Верещагин екі тілділіктің үш деңгейін ажыратады: рецептивті (екінші тілдік жүйеге жататын сөйлеу шығармаларын түсіну), репродуктивті (оқылған және естіген шығармаларды көбейту қабілеті) және өнімді (түсіну және көбейту ғана емес, сонымен қатар "тұтас мағыналы мәлімдемелер құру" [4].

Осылайша, билингвизм "...екі тілдік жүйеге қатарынан жататын сөйлеу туындыларын көбейту және тудыруға ..., рұқсат ететін психикалық механизм..., " және "екі тілділіктің лингвистикалық түрлері ... "аккультурацияның" белгілі бір түрлеріне сәйкес келеді, ал "толық аккультурация сәйкес келеді координативті қос тілділік..., екі тілдік жүйеге дәйекті түрде сілтеме жасай отырып, дұрыс сөйлеу өндірісін қамтамасыз етеді" [4].

Бірақ координативті билингвизмнен басқа (екі тілдік жүйенің бірдей білімі), ана (бірінші) тілдің қалыптасқан жүйесінде екінші тілді игерген кезде аралас түрі де ерекшеленеді.

Осыған байланысты біз Л.В. Щербаның аралас екі тілден алынған тіл әрқашан бірінші тілдің ықпалына түседі, сондықтан ана тілімен үздіксіз күрес қажет, содан кейін ғана зерттелетін тілдің барлық ерекшелігін түсінуге үміттенуге болады деген ойын атап өтеміз [5].

Осыған ұқсас көзқарасты Э. Кассирер айтады: "нақты қиындық ... бұл жаңа тілді үйренуден емес, ескіні ұмытудан тұрады", өйткені " біздің қабылдауымыз, түйсігіміз бен ұғымдарымыз ана тілінің сөйлеу терминдері мен формаларымен біріктірілген. Сөздер мен заттар арасындағы байланыстардан арылу үшін үлкен күш қажет", бұл "жаңа тілді үйрену кезінде қажет" [6].

Екі тілділіктің бұл түрі туралы айтатын болсақ, Л. В. Щерба билингвисттер екі тілді емес, тек бір тілді білетіндігін, бірақ оның екі өрнек әдісі бар екенін түсіндіреді [5]. Бұдан да категориялық пікір бар: "Ана тілін жақсы біле тұрып, басқа тілді игере алатын адам жоқ" [1]. Тіл дегеніміз не және оның нақты әлеммен байланысы мен өзара әрекеттесуі қандай? Ең бірінші "Тіл" ұғымын анықтаудан бастайық.

О. С. Ахманованың пікірінше:" Тіл – бұл адам ұжымы мүшелерінің қарым-қатынасының негізгі және маңызды құралы болып табылатын ерекше семиологиялық жүйелердің бірі, ол үшін бұл жүйе ойлауды дамыту, мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа беру құралы болып табылады " [9].

Кітапта Н. Д. Арутюнова «тіл адамзат қоғамында пайда болған, коммуникация мақсаттары үшін қызмет ететін және адамның әлем туралы білімі мен түсініктерінің толық жиынтығын білдіруге қабілетті дискретті (диктор) дыбыстық белгілердің дамып келе жатқан жүйесі" ретінде сипатталады дейді [10].

Ғылымда тілдің көптеген анықтамалары берілген, бірақ олардың барлығы ең бастысы: тіл – қарым-қатынас құралы, ойды білдіру құралы. Әрине, оның басқа функциялары бар, бірақ бұл екеуі ең маңыздысы. Тіл коммуникацияға қызмет етеді, бұл коммуникативті мінез-құлықтың барлық түрлерінің ішіндегі ең бастысы. Тіл-біз білетін әрбір қоғамдағы коммуникативті процесс.

Тілдің нақты әлеммен қарым – қатынасы мен өзара әрекеттесу тақырыбын талқылау кезінде метафоралар жиі қолданылады: тіл-қоршаған әлемнің айнасы, ол шындықты бейнелейді, әр тілге тән және сәйкесінше халыққа, этникалық топқа, сөйлеу ұжымына тән

әлем бейнесін жасайды. Тілді айнамен салыстыру Заңды: ол шынымен қоршаған әлемді бейнелейді. Әр сөздің артында нақты әлемнің объектісі немесе құбылысы тұр. Алайда, тіл мен нақты әлем арасында адам тұрады. Бұл әлемді сезім мүшелері арқылы қабылдайтын және білетін және осы негізде әлем туралы идеялар жүйесін жасайтын адам. Оларды санасынан өткізіп, қабылдау нәтижелерін түсініп, оларды тіл арқылы сөйлеу тобының басқа мүшелеріне береді. Басқаша айтқанда, шындық пен Тіл арасында ойлау бар. Бұл сөз шындықтың мәнін емес, оның санасында бар идеямен, осы тақырып туралы ұғыммен ана тіліне жүктелген көзқарасын көрсетеді.

Тұжырымдама осыларды құрайтын кейбір негізгі белгілерді жалпылау деңгейінде жасалады, сондықтан абстракция, нақты белгілерден алшақтау болып табылады. Нақты әлемнен тұжырымдамаға және одан әрі ауызша көрініске дейінгі жол әр түрлі халықтар арасында әр түрлі, бұл тарихтың, географияның, осы халықтардың өмір сүру ерекшеліктерінің және сәйкесінше олардың әлеуметтік санасының дамуындағы айырмашылықтарға байланысты.

Біздің санамыз ұжымдық түрде (өмір салты, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер және т. б., яғни мәдениет сөзімен анықталатын барлық нәрсе) және жеке (белгілі бір адамға тән әлемді нақты қабылдау) болғандықтан, тіл әлемді тікелей емес, «екі зигзаг арқылы көрсетеді: нақты әлемнен ойлау мен ойлауға дейін, ойлаудан тілге» [11]. Айнасы бар Метафора енді басында көрінгендей дәл болмайды, өйткені бұл "айна қисық болып шығады: оның қисаюы сөйлеушінің мәдениетіне, оның менталитетіне, әлемге көзқарасына немесе дүниетанымына байланысты» [11]. Тіл, ойлау және мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты, олар іс жүзінде үш компоненттен тұратын біртұтас тұтастықты құрайды, олардың ешқайсысы бір-бірінен жұмыс істей алмайды. Олар бірге нақты әлеммен байланысады, оған қарсы тұрады, оған тәуелді болады, оны бейнелейді және бір уақытта қалыптастырады. С. Г. Тер-Минасованың «Язык и межкультурная коммуникация» кітабындағы нақты әлем мен тіл арасындағы байланыс [11] төмендегі сызбамен ұсынылған:

Нақты әлем	Ойлау/мәдениет	Тіл/сөйлеу
!	!	!
Нысан, құбылыс	Ұсыну, ұғым	Сөз

Адамды қоршаған әлем үш формада ұсынылады: 1. Әлемнің нақты бейнесі. 2. Әлемнің мәдени (немесе тұжырымдамалық) бейнесі. 3. Әлемнің тілдік бейнесі [11]. Әлемнің нақты бейнесі-объективті адамнан тыс берілген нәрсе, бұл адамды қоршаған әлем. Әлемнің мәдени (немесе тұжырымдамалық) бейнесі-бұл адамның идеялары негізінде қалыптасқан, сезім мүшелерінің көмегімен алынған және оның санасы арқылы ұжымдық та, жеке де өткен ұғымдардың объективті арқылы нақты суреттің көрінісі. Әлемнің мәдени бейнесі ерекше және әртүрлі халықтар арасында ерекшеленеді.

Әлемнің мәдени және тілдік суреттері бір-бірімен тығыз байланысты, үздіксіз өзара әрекеттесу жағдайында және әлемнің нақты бейнесіне, дәлірек айтсақ, адамды қоршаған нақты әлеміне көтеріледі. Тілден тыс шындықтан тұжырымдамаға және одан әрі ауызша көрініске дейінгі жол әртүрлі халықтар арасында бірдей емес, бұл тарих пен өмір сүру жағдайларының айырмашылығына, олардың әлеуметтік санасының даму ерекшеліктеріне байланысты. Тиісінше, әртүрлі халықтар арасындағы әлемнің тілдік бейнесі әртүрлі. М. Хайдеггерде тіл мен нақты әлемнің байланысы туралы "Тіл-болмыстың үйі" деп ең дәл және қысқаша ой айтылады [12].

Л. Вайсгербер өз ойын экстравагантты түрде жеткізеді: тіл-бұл "тағдыр", тіпті "бұғаулар" (бұл алдыңғы өрнектің фонында "тіл – болмыс түрмесі" формуласын тудырады). Осыған байланысты сұрақ туындайды: адам өзін басқа біреудің "үйінде" (және одан да көп түрмеде) "өз үйіндегідей" (өзін үйдегідей ұстамау, бірақ сезіну) толығымен еркін сезіне ала ма? Сол Хайдеггер: "үйлер арасындағы Диалог мүмкін емес" деп жауап береді [12]. Бұл А. Мартиннің көзқарасы бойынша айтарлықтай оңай: "тілді меңгеру-тілдік коммуникация пәнін құрайтын нәрсені жаңа жолмен талдауды үйрену" [13].

Бұл тұрғыда, әрине, тілді кең қарым-қатынас құралы (сөйлеу)ретінде ажырату қажет және тіл логос сияқты "ең көне сөз ... сөздің мағыналық күші,...сонымен бірге тұрмыстық сөз... "[12], яғни қалай" ...өзара түсіністік құралы ғана емес, өз күшінің ішкі жұмысының рухы өзі мен заттар арасында тұрғызуға арналған шынайы әлем...» [12].

Шындықтан сөзге дейінгі жол (ұғым арқылы) күрделі, көп қырлы. Бөтен, жаңа тілді игере отырып, адам бір уақытта бөтен, жаңа әлемді игереді, М. Хайдеггерше айтқанда, бір

тілді үйренетін адам "жаңа үйді" игереді. Бұл Құдіретті және ұлы «үйге» кіріп оның барлық байлығын игеру, сонымен қатар мағынасы мен мағынасын сезіну, көбінесе жасырын, ондаған, тіпті жүздеген мың сөздер, мақал-мәтелдерді және т. б. меңгеру қаншалықты шынайы? Бала кезінен халықтың мәдениетіне енген, оның тарихымен, әдебиетімен, этнографиясымен, фольклорымен және басқаларымен жақсы таныс, климаттық жағдайлар мен конфессиялық ерекшеліктерге дейін адамға ғана ашылатын мағына... Осыған байланысты тілді игерудің және оны қолданудың екі деңгейін шартты түрде ажыратуға болады: төменгі (ақпараттың мағынасын беру) немесе схемалық және жоғары – ақпаратты көлемді және түрлі-түсті кескін ретінде құру және беру; егер ұқсастық дамыса, бұл оркестрлік орындау сияқты корреляцияланады.

Сонымен қатар, тіпті дұрыс тіл (үлкен сөздік, мінсіз грамматика) тазартылған су сияқты стерильді болуы мүмкін, яғни, дәмсіз, ал "дұрыс емес" сөздерді, "жарамсыз" өрнектерді, саналы қателіктерді (жалған қателіктер, жалған ескертулер) қосу көбінесе әдеби шығарманың тілін, ауызша сөйлеу сияқты, түсі, әзілі және т.б., яғни жанды етеді.

Соңғысы, тіпті екінші тіл ана тілі болып табылмайтын екі тілді айтпағанда, тіпті осы тілде сөйлейтіндер үшін де қол жетімді емес. Шамасы, Хайдеггердің ойы дәл осы позициямен үндеседі: "егер біз тілде осылай жүрсек, оның болмысына қатысты оны тіл ретінде түсінеміз және оны тыңдай отырып, оны қабылдаймыз" [12]. Осыған байланысты М.П. Алексеевтің көзқарасын талқылау орынды болар еді [14], ол өз уақытында әдеби процесте көптілділік мәселесіне бет бұрды.

Ол өзінің "көптілділік білімді ортада сирек кездеспейді" деген идеясын XIX ғасырдағы ағылшын ақыны П. Мериме, Ж. Верн, А. Стринбергтің ("табиғаттан тыс "көптілділік"),

О. Уайлдтың ("замандастарының пікірінше, ол француз тілінде жазған шеберлігімен ерекшеленді") шығармашылығына сілтемелер жасап суреттейді. Алайда, автор бірден: "... Стринбергтің Француз мәтінін басып шығармас бұрын, оны әрдайым түзетуге тура келді"; "Суинберн өлеңдерінің әсемдігі мен дыбыстық байлығына қарамастан ... оларда шетелдік екпін сезіледі"; "Француз шығармалары" О. Уайлдтың " табиғи француздар тұрғысынан көптеген қателіктері болды... ». Содан кейін: "жазушының санасында бөтен тілді меңгерудің шегі бар; бірнеше тілді шығармашылық тұрғыдан меңгеру әрқашан белгілі бір дәрежеде елес болып шығады" деп қорытынды жасайды. Әрі қарай автор И. С. Тургеневтің сөздерін келтіреді (ол " француз және ағылшын тілдерінде керемет сөйледі және жазды"): "Мен орыс тілінде жазған кезде мен еркінмін... француз тілінде жазсам Мен өзімді тар сезінемін...ағылшынша тілінде жазсам мен аяғыма тым тығыз Етік киген сияқтымын..." [14].

Осы тұжырымдардың барлығында Тургенев сөздің тар мағынасында тек әдеби шығармашылықты білдірді. Әлемнің тілдік және мәдени суреттері ұғымы шет тілдерін зерттеуде маңызды рөл атқарады. Шынында да, ана мәдениетінің араласуы ана тілінен кем емес қарым-қатынасты қиындатады. Шет тілін үйренуші осы тілде сөйлейтіндердің мәдениетіне еніп, оған енген мәдениеттің әсеріне ұшырайды. Ана тілі мен ана мәдениеті әлемінің алғашқы бейнесі зерттелетін тіл әлемінің екінші бейнесі болып табылады. "Екі тіл байланысқа түскен кезде... бір адамда бұл дегеніміз..., әлемнің екі көрінісі байланыс пен қақтығысқа келеді... Бір тілден екінші тілге ауысу ойда терең дүрбелең тудыруы мүмкін " [15]. Бұл "қақтығыстың" себептері, басқалармен қатар, белгілі бір дәрежеде коммуникативті жоспардың айырмашылықтарымен байланысты. Индивидуалистік Батыс мәдениеттері үшін хабарламаның мазмұны (айтылғандай) үлкен маңызға ие, олай болмаған жағдайда (төмен контексттік мәдениеттер); жоғары контексттік мәдениеттерде (соның ішінде және орыс) адамдар хабарламаның контекстіне көбірек назар аударады (айтылғандай). Ұжымдық мәдениеттер үшін (жапон, орыс) индивидуалистік емес, эмоционалды категориялардың дифференциациясы, эмоцияны білдіретін тілдік құралдардың байлығы тән. "Тіл халықтың рухани-мәдени экзистенциясының өзегіне әкеледі" деп айтуға болады [16], бірақ жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, бұл ядроға ену белгілі бір құрбандықтарды қажет етеді. С. Бочнердің пікірінше [16] мәдениетаралық байланыстар нәтижесінде екі тілділердің төрт жеке түрі қалыптасады: 1) "дефектор "(бөтен адам үшін өз мәдениетінен бас тарту); 2) "шовинист "(қарама-қарсы нұсқа); 3) "маргинал "(екі мәдениет арасындағы тербеліс); 4) "делдал "(екі мәдениетті синтездейді, олардың байланыстырушы буыны болады). Екі тілділік ұзақ және тікелей байланыс процесінде Мәдениеттер мен тілдердің өзара енуіне байланысты өмір сүреді және дамиды. Тұлғаны екі мәдениеттің өнімі деп санауға бола ма, әлде бұл жағдайда мәдени байланыс тек адамның басқа мәдениетті игеруіне әкеледі, оның барысында мәдениеттердің өзара енуі мен орын ауыстыруы орын алады. Екі тіл "екі мәдениеттің

тоғысында"тұлғаға айналады ма? Біз В. А. Власовтың бұл ойға деген күмәнімен бөлісеміз. "Тек осы контексте қарастырылатын қос тілді тұлға" қатып қалған "тұрақты болып табылады, сонымен бірге оның қалыптасу процесі үздіксіз, динамикалық, сипатқа ие, демек, жеке тұлға үнемі әртүрлі әсерлерге ұшырайды, атап айтқанда жаңа, шет тілді мәдениеттің әсерінен болады" [17]. Мұндай көзқарас қабылданған жағдайда "екі мәдениеттің шекарасында" статикалық емес (үш немесе одан да көп – бұл енді онша маңызды емес), бірақ жемістерді, осы дақылдардың нәтижелерін белсенді түрде сіңіретін билингвистикалық (полилингвистикалық) тұлғаны қалыптастыру туралы айту керек.

Білім беру мақсаттарының бұл көрінісінде мәдени және әлеуметтік-мәдени тәсілдер айқын көрінеді. Бұл ХХІ ғасырдың тұрғынын "көптілді" даярлаудың, оның лингвистикалық білімінің мақсаттары мен мазмұнына қатысты. Ол адамның ұлттық және зерттелетін мәдениет арқылы әлемге енуіне мүмкіндік беретін қолда бар көпмәдениетті ортамен тең құқылы диалогқа түсуі үшін жағдай жасауы керек. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қос тілділік жеке тұлғаның санасында әлемнің барабар бейнесіне қол жеткізуге ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады. Барлық әділеттілікпен айта кету керек, екі тілділік, біріншіден, қоғамдық-саяси өмірде қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа, жақындасуға және өзара көмекке көмектеседі; екіншіден, бұл халықтар арасындағы кең мәдени алмасудың таралуына ықпал етеді; үшіншіден, ол әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасындағы тілдік кедергілерді барынша азайта алады халықтардың өзара оқшаулану мүмкіндігін болдырмайтын құралдар; төртіншіден, ұлтаралық қатынас тілінің кең таралуына ықпал етеді; бесіншіден, өзара байытуға және өзара әсер етуге, жалпы және біртұтас процеске қатысатын тілдердің әрқайсысының лексикалық қорын толықтыруға және кеңейтуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вайнрайх У. Языковые контакты. – Киев, 1979.
2. Розенцвейг В.Ю. Основные вопросы языковых контактов // Новое в лингвистике. Языковые контакты. – М., 1972. – Вып. VI.
3. Залевская А.А., Медведева И.А. Психолингвистические проблемы учебного двуязычия. – Тверь, 2002.
4. Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). – М., 1969.
5. Щерба Л. В. Избранные труды по языкознанию и фонетике. Т. 1. – Л., 1958.
6. Кассирер Э. Избранное. Опыт о человеке. – М., 1998.
7. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М., 1978–1980.
8. Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. – М., 1960.
9. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966.
10. Арутюнова Н.Д., Степанов Г.В. Русский язык. – М., 1979.
11. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000.
12. Хайдеггер М. Время и бытие. – М., 1993. 13. Мартине А. Распространение языка и структурная лингвистика // Зарубежная лингвистика. Вып. III. 1999.
13. Многоязычие и литературное творчество / Отв. ред. М.П. Алексеев. – Л., 1981.
14. Дадье Б. Люди между двумя языками // Иностранная литература. – 1968. – № 4.
15. Стефаненко Т. Г. Этнопсихология. – М., 1999.
16. Власов В.А. Многоязычие как лингводидактический фактор методике обучения иностранным языкам и культурам // Сб. статей под. ред. Н.В. Барышникова. – Пятигорск: ПГЛУ, 2003.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ - ФАНФИК ҚҰРАЛЫ

Айымгүл Салихова

филология ғылымдарының кандидаты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы
aimgul_1974@mail.ru
Атырау қ., Қазақстан

Жумагуль Машаева

Жалпы білім беретін Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектебінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Атырау облысы

Аңдатпа: Мақалада оқушының шығармашылық жазылым дағдысын дамыту мәселесі қарастырылған. Осы бағытта оқушылардың жас ерекшелігі ескеріле отырып, фанфик құралы және оның сабақ барысында қолданылу жолдары сөз етіледі.

Аннотация: В статье рассматривается проблема развития творческих навыков письма учащихся. В этом направлении с учетом возрастных особенностей учащихся будет рассмотрен фанфик и его использование в ходе урока.

Annotation: The article deals with the problem of developing students creative writing skills. In this direction, taking into account the fanfiction tool and its use during the lesson will be considered.

Түйін сөздер: фанфик, фанат, шығармашылық жазылым, фокус, қиял, эмпатия.

Шығармашылық жазылым дағдысын дамытудағы мақсат - жаңартылған бағдарлама мақсатына сай оқушының оқырмандық, сыни ойлау көзқарасын қалыптастыра білу, оларға ұсынылатын тапсырмаларды жүзеге асыру. Оқиғаны, пікірді интерпретациялау арқылы оқушының шығарманы қалай қабылдағаны, не сезінгені, кейіпкерге деген сезімі анықталады. Автордың көтерген мәселелеріне пікір білдіру арқылы олардың оқырмандық көзқарасы орнығып, дамиды. Оқиғаны жалғастырып жазу шығарманың жаңашылдығына, заманауилығына баға беру, ақын - жазушылардың өзіндік ерекшелігін байқау, салыстыру сияқты әрекеттер арқылы сыни ойлау дағдысы қалыптасады. Сыни ойлауды түрлі формада жүзеге асыруға болады. Сыни ойлауды жүзеге асыратын мақсаттар: шығармашылық жұмыс, әдеби сын дағдыларын қалыптастыру және дамыту тапсырмаларын эзирлеу және оларды жүзеге асырудың нақты қадамдарын көрсету.

Оқушылардың шығармашылық жазылым дағдысын дамыту барысында сабақта фанфик жанрын шығармашылық жазылым түрінде қолдануға болады. Фанфик – шығармашылық жазылым жұмысының түрі. Фанфик – (фанфикшн, фанаттың әңгімесі) шығармашылық жанрдың бір түрі, оқыған шығарма немесе көрген кино желісі бойынша әсерін өзіндік тұрғыда дамытып жазу. Фанфик оқырманның оқып отырған сәттегі алған әсерін сипаттайды. Бұл шығармашылық жұмыс түрі 70-жылдардың бас кезінде, фанаттардың шығаратын әуесқой журналында жазыла бастады. Оның кеңінен таралуы – ғаламтор желісінде автор өз мәтінін сайтта жариялайды, сөйтіп бірден өз оқырманын табады. Шығармашылықтың бұл түрін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының А\ІІІ бөлімшесіндегі «Шығармашылық жұмыс» оқу мақсаттарын іске асыруға бағытталған сабақтар барысында қолдануға болады. Орта буын оқушыларымен «сипаттап жаз», «дамытып жаз», «шығармашылық жұмыс жаса» деген іс – әрекеттерді қызықтырып қалай жүзеге асыруға болады? Фанфик, шығармашылық жұмыс түрін пайдаланып, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай жазылым тапсырмаларын

ұйымдастыруға болады? Осы сұрақтың жауабын оқушыға фанфик жаздыру арқылы табуға болатындығына көз жеткіздік. Ол үшін мындай қадамдар жасалынады:

1. Шығармадан тыс қалған көрініс.

Оқушыларға «осы шығармада тағы қандай оқиға болуы мүмкін» деген сұрақты қоя отырып жаздырту.

2. Жалғастырып жаз.

Шығарма кейіпкерлерінің тағдыры әрі қарай қалай болуы мүмкін?

Фокусты ауыстыру.

3. Шығармадағы қосалқы кейіпкер туралы жазу.

Бұл кейіпкерлердің шығармадағы орны қандай? Бұл кейіпкер шығармада болмағанда, оқиға желісі қалай дамыр еді?

4. Моральдық қайта бағдарлау.

Жағымды кейіпкерді жағымсыз кейіпкер ретінде таныту немесе керісінше.

5. Жанрлық трансформация.

Шығарманың бір сюжетін газет мақаласы, пьеса түрінде ұсыну, комедиялық сюжетті трагедиялық сюжетке айналдыру немесе керісінше.

6. Кроссовер .Шығарма кейіпкерлерінің диалогын ойдан жазу.

Осы бағытта төмендегідей С. Мұратбековтің «Жусан иісі» хикаятынан алынған үзінділер бойынша шығармашылық жұмысты ұйымдастыруға бағытталған тапсырмалар топтамасын қолдануға болады.

1- тапсырма: Үзіндіні оқы. Шығармадағы Тұржан бейнесін іс- әрекеті арқылы жағымды кейіпкерге айналдыр.

Тұржан жүгіріп жеткен бойда, қораның артында төрт бүктеліп шырқырап жатқан Аянды дәу табан кирзі етігімен теуіп кеп жіберді. Аян қалпақша қалқып барып анадай жерге түскен. Тұржан енді оны қолындағы камшымен тулақты сабағандай көміп- көміп алды да, тағы да тепті -ай кеп. Бас демей, көз демей тебе берді. Әуелде құлындаған даусы шығып шырқырап: «Ағатайлап» шыңғырған Аяның біраздан кейін үні өшті. Кирзі етіктің астында жансыз заттай жата берді.

7.

3-тапсырма: Диалогты ары қарай дамытып жаз. Диалогты қызықты етіп құрастыр. Аян басын жастықтан әзер деп көтеріп, екі қолы дірілдеп пальтоның жағасына тұмсығын тығып жіберіп, құшырлана иіскеп- иіскеп алды да:

- Тез іліп қой, әйтпесе ұрсады,- деді.

8. Осындай фанфик жазу бағыттарының түрлерімен берілген жазылым тапсырмаларын оқушылардың бар ынтамен, қызығушылықпен орындары сөзсіз. Оқушылардың шығармашылық жазылым дағдысын дамыту барысындағы жұмыстарымызға тоқталсақ. 5- сынып оқушылары «Қазақ әдебиеті» сабағында Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын өткенде («Ағаттықтың азабы» бөлімін оқуда) 5.1.3.1-көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс -әрекеті арқылы образын ашу мақсаты бойынша шығармашылық жазылым дағдысын дамыту барысында төмендегідей тапсырма түрлерін ұсынуға болады:

9. 1.Фокусты ауыстыру. Шығармадағы қосалқы кейіпкер туралы жазу. Бұл кейіпкердің шығармадағы орны қандай? Бұл кейіпкер шығармада болмағанда, оқиға желісі қалай дамыған болар еді? (Жанар бейнесі).

10. 2.Моральдық қайта бағдарлау. Жағымсыз кейіпкерді жағымды кейіпкер ретінде таныту. (Жантас бейнесі).

11. 3. Жалғастырып жазу. Шығарма кейіпкерлерінің тағдыры әрі қарай қалай болуы мүмкін?

12. 6-сыныпта қазақ әдебиеті сабағында С. Мұратбековтің «Жусан иісі» хикаятынан үзінділер бойынша шығармашылық жазылым жұмыстары топқа берілді.

13. 1-топ тапсырмасы: Ары қарай қандай оқиға болуы мүмкін? Бапай шал мен кемпірінің тағдыры қалай болуы мүмкін? Оқиғаны жалғастырып жазу.

Кей күні ойыннан кейін мен кешкі тамақты ішіп ап, Бапайдың үйіне баратынмын. Мен келгенде Аян ылғи темір пештің аузында от жағып отырады.

2- топ тапсырмасы: Бұл кейіпкердің шығармадағы орны қандай? Ол бұл шығармада болмағанда оқиға желісі қалай болар еді? Әңгімеге Есікбай қатысқан бір эпизод қос.

Тек бір кезде Есікбай:

-Ой-бай!..-деп баж ете түсті де, бір жағына қарай бұраңдап жығыла берді. Аян оның қолын бір бұрап жіберген екен. Енді Аян күш алды. Ол аузы қан- қан болып атып тұрып, Есікбайды алқымынан бүре түсіп, жер сүздіріп тұқырта берді. Өздері апыр- топыр қылған қара топыраққа Есікбайдың бет аузын бір- екі рет көміп- көміп жіберді.

-Ойбай, болды, болды... -деп айқай салды Есікбай.

Сабақ барысында ұсынылған шығармашылық жазылым тапсырмаларын орындау кезінде оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы, ізденісі байқалады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген, шәкірттердің шығармашылық қабілетін ұштау, тілдік дағдыларды дамыту мақсатында фанфик жанрының тиімді екенін аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, тиімді әдіс-тәсілдерді оқушының жас ерекшелігіне сай қолдана отырып оқыту, берілген материалды игеруде және тілдік дағдыларды дамытуда өте маңызды екенін аңғарамыз. Фанфик арқылы оқушылардың қиялы мен эмпатиясын оянады. Фанфик оқушылардың шығармадағы кейіпкерлерді шынайы адам ретінде қабылдауға және назарларын шоғырландырып оқуға мүмкіндік береді. Жақсы фанфик жазу үшін тек қана қиял жеткіліксіз. Ол үшін шығарманы мұқият оқып шығу қажет: оқушылар сюжетті, кейбір оқиғалардың мән-жайларын, детальдарды, кейіпкерлердің сөйлеу мәнерлерін қайта-қайта жадында еске түсіріп отырады. Автордың өзіндік қолтанбасына назар аудартуға үйретеді.

Фанфик шығармашылық жұмыс түрін пайдаланып отырып оқушы өз жазған мәтінінде тек қана оқыған шығарма туралы ғана сөз етпейді, ол өзінің қиялы, көзқарасы туралы сөз ететіндігіне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.http://kazatu.kz/assets/i/science/sf9_mod_233.pdf

2.https://ziatker.kz/docx/kreativti_oqysy_daiynday_yaqyt_talaby_23242.html

3.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы –NIS-Programme, 2018 жыл.

4.С.А. Мендибаева.Қазақ әдебиеті пәнінен оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жолдары- Астана, 2018 ж.

5.Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. Астана,2014 ж.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ КЕЛБЕТІ

Сәлімгерей Аймұратов

философия ғылымдарының кандидаты,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

«Еліміміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»- деп тұңғыш елбасымыз айтқандай ұстаз өмірдің шуағы мен нәрін себуші қамалдардың алыбы. Соңғы кезде еліміздің білім беру ісінде түбегейлі өзгерістер еніп жатқаны белгілі. Ең бастысы әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында алғашқы қадамдар болып отыр. Білімнің нәтижеге жетуі қазіргі таңда бүкіл өркениетті елдер ұмтылып жатқан мәре. Ұлағатты ұрпақтың өсуі ұстаз шеберлігіне байланысты деп айтар едім. Олай болса, ұстаз - бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға.

«Білім нәрі – мектепте», - демекші мектепке тарыдай болып кіретін кішкене бүлдіршінге білім беріп, өмірге жол сілтер ұстаздар еңбегі ұшан-ғайыр. Сондықтан кәсіби қызметімізде оқыту нәтижелігін арттыру мақсатында аянбай еңбек етуіміз керек. ХХІ ғасыр-білімділердің ғасыры, ақпараттандырылған қоғам, технологияның күн санап дамыған дәуірі, қоршаған ортаға, әлемдегі алпауыт мемлекеттердің алдына шығуды мақсат тұтқан дәуір, кәсіби шеберліктерін дамытатын дәуір. Осы ойымызды жүзеге асыру үшін дені сау, білімді әрі ой-өрісі шындалған, жеке тұлға болып қалыптасқан жас ұрпақ тәрбиелеуді мемлекетіміз үлкен мәселелердің бірі етіп көтеріп отыр, әрі қазіргі кездегі әлеуметтік қоғам өмірінің барлық саласындағы түбегейлі өзгерістердің болуының арқасында, бізде «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы сұранысқа ие мамандықтардың бірінің қатарында.

Қазіргі таңда еліміздегі жас ұрпақты білімді де сапалы етіп тәрбиелеу заман талабы екенін ескерсек, білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – болашақ ұрпақтан бәсекеге қабілетті шәкіртті бастауыш мектеп қабырғасынан бастап тәрбиелеуіміз қажет. Жас ұрпақты тәрбиелеу заман талабына сай жан-жақты ақпаратпен қаруланған жас маманның қолында. Сондықтан заман талабына сай мұғалім кәсіби шеберлігімен бірге, бәсекеге қабілетті, білім берудегі жаңашыл идеялармен қамтылған, рухани – адамгершілігі бар, белсенді, сауатты, шығармашыл маман болуына жоғары оқу орнында дайындайтын ғалымдар үлгі болмақ. Сапалы біліммен өз оқушысында білім нәрін берген мұғалім өзінің оқыту тәжірибесінде жетістіктерге жету жолдарын қарастыра отырып, оны дамыту көзін алдындағы шәкіртінің өз ойын еркін, ерікті жеткізумен байланыстырады. Нәтижесінде өзіндік идеясы қалыптасқан тұлға болып қалыптаса алса, онда мұғалімнің биік мақсатқа қол жеткізгені болмақ.

Осы ретте, жаңартылған білім беру мазмұны аясында болашақ мамандар иелері жан-жақты білім алуда. Білім алу. Білім беру. Бір қарағанда, бұл екі іс-әрекеттің ешқандай айырмашылығы жоқ сияқты. Екеуінің де көздеген мақсаты – адам санасында қажетті білімнің қабылданып, орнығып, өмірде керек уақытында қолданыс табуы. Алайда білім алушы бұл үдеріске өз еркімен, ішкі түйсігі өзіне қажет нәрсе екенін сезініп кіріспесе, білім берушінің талпынысы нәтижесіз болары анық. Сол себепті білім берушіге, ұстазға, шәкірт бойында алдымен осы сезімді оятып алмақ керек.

Мұғалім болу қайталанбас бақыт, өмір атты құдірет қолға ұстатқан жарқыраған жақұт дер едім. Мұғалім болып, кәсіби шеберлігін балаларға арнауға бел байлап, таңдау жасаған мектеп түлегі өмірінде ең батыл қадам жасайды деп ойлаймыз.

Мектеп мұғалімі - болашақ ұрпақтың бағбаны, келешектің кемелдендірушісі, баланың бойына білім мен бірге тәрбие сіңіруші, жанына жарық сәуле сеуіп, көкірегін ашатын әрі нұрландыратын адам болып табылады. Ең бастысы мұғалім адами қасиеті мол, басқаға

көмегін тигізуден шаршамайтын, шалдықпайтын өмірінің әр шақтарын қиып, ұрпағының ертеңіне жол ашатын, шуағы мол шапағат иесі екені сөзсіз. Ал, шәкірт тәрбиелеу - ұлы міндет. Бала тәрбиесіндегі ата-анадан кейінгі жауапты адам мұғалім болса, қоғамға пайдалы жеке тұлғалар тәрбиелеп, болашаққа бағыт-бағдар беруші ұстаздардың, яғни мұғалімдердің басты мақсаты, яғни мұғалімдік мамандықты таңдау қай кезде болмасын құнды талғам болмақ.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин айтқандай: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу.

Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» дей келе, бастауыш мектеп мұғалімі әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтап жүретін мамандық иесі болумен қатар ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Шәкірті өзінен озған ұстаз – еңбегі ақталған ұстаз. Өйткені, өмірдің заңы даму, ілгерілеу, озу. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін шебер ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл, өзін – өзі дамытып, жетілдіре алатын мамандықты таңдаған жас талапкер заман талабына сай мамандық иесі болатынына сенімдіміз.

Болашақ мамандық иелерін дайындауда талап қоя білу үшін, педагог өзі талапқа сай оқу үдерісін ұйымдастыра білуі тиіс. Осы ретте жоғары оқу орны ғалымдарын дайындайтын заман талабына сай біліктілігін арттыру курстарына келесі ретте қатысып, заманауи маман дайындау жұмыстарына белсене араласудамын.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының спиральді қағидат, Блум таксаномиясы, ортақ тақырыптар, жоспарлау(орта, қысқа мерзімді жоспарлау), рухани тәрбие құндылықтары, Тайм менеджмент(уақытты сәйкестендіру), әлеуметтік ортаға бейімдеу, қарым-қатынасқа түсу сияқты 8 ерекшелігін сақтауды зерделедім. Бағалау жүйесінің де түбегейлі өзгеріп, критериялық бағалау жүйесіне өткендігі критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенетіндігі, оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен (қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау) бағаланатындығы курс барысында анық айқындалды.

Мұны жүзеге асыруда бойында адамгершілік құндылығы жоғары ұрпақтың Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болуының көрсеткіші - білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық дәрежеге көтеруде бастауыш мектеп оқушыларын жаңартылған заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Сондықтан білім нәрін алатын бастауыш мектепте оқушыларға заман талабына сай білім беру мықты ұстаздар құзыретінде, ал ол ұстазды мықты маман ретінде мамандыққа даярлау ЖОО ұстаз-ғалымдарының міндеті болмақ.

Жоғарыдағы ойларды есепке ала отыра, өзімнің жүргізген жұмыстарым былай ерекшеленеді. Болашақ мамандарды дайындауда жетекші рол атқаратын оқытушы емес, сол оқытушының жауапкершілігі. Мысалы әртүрлі жұптық топтық жұмыстар, интеллектуалды ойындар, проблемалық жағдаяттар туғызу, жеке тұлғамен жекелей жұмыс жасау, көпшілік алдында сол тұлғаның тайынбай тыңдар құлаққа тартымды сөздермен ойлар айту сияқты жеке тұлғаның бойында жетілдіруді қажет ететін үрдістер ерекше ұстаздың құзіреттілігінде екені сөзсіз.

Қазіргі таңда болашақ маманға сапалы білім беруде «Кембридж тәсілінің» алатын орны ерекше. Әрбір ұстаз осы курстан өтіп, толығымен меңгеріп, іс – тәжірибесіне толықтай қолданатын болса, дәстүрлі сабақ ұмытылып, шәкірттердің шеберлігін шындайтын мамандар дайындайтынымыз шынайы болмақ.

Қорыта айтқанда, менің ойымша, жаңартылған білім беру жүйесіндегі – жаңашыл ұстаз қазіргі қоғам талабына сай ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу үшін сол талапқа сай білім алған, білімін үнемі жетілдіру үстіндегі, шәкіртінің сұранысын қанағаттандыратын, рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖЫРАУЛАР ТОЛҒАУЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Нургуль Тлебалдина

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ аға оқытушысы*

Nurgul6161@mail.ru

Семей қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада жыраулардың ұлтжандылыққа, туған елге, халқына деген сүйіспеншілікке, адамгершілік рухқа, имандылыққа тәрбиелейтін туындыларын жаңа қырынан жас ұрпаққа таныту, меңгертудің жолдары қарастырылды.

Түйін сөздер: жаңартылған білім, оқыту бағдарламасы, жыраулар поэзиясы, оқытудың әдіс-тәсілдері, Блум таксономиясы, оқу үрдісі.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі адам ресурстарын арттырудың ұстанымдарын, шығармашылық ойлауды қалыптастырудың теориясын басшылыққа ала отырып әлемдік бәсекелестікке лайықты жаңа тұлға ретінде тәрбиелеу болып отыр. Ғылым мен технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қарқынды дамуда. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заманауи тенденцияларға негізделген. Өйткені білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болып, оқытудың парадигмасы өзгерді. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етіп, оқытудың жүйесіне жаңа көзқараспен қарауды талап етеді.

Жыраулар поэзиясын мектепте оқытуда осы аталған қағидалар орындалуы міндетті.

Шәкірттерімізді жоғары адамгершілік даналыққа, ұлтжандылыққа, ұлттық құндылықтарымызды бағалайтын, отаншылдыққа тәрбиелейтін жыраулар толғаулары әдебиет пәні бағдарламасына енгізілген.

Жалпы білім беретін мектептің қазақ әдебиетін оқыту бағдарламасында жыраулар поэзиясы 5-7-8-9-сыныпта оқытылады. Басқа сыныптарда жыраулар поэзиясына сағат саны қарастырылмаған.

Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілі оқу бағдарламасымен негізгі орта білім берудеңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері бірлесіп құрастырған оқу жоспарын басшылыққа алынып әзірленген бағдарламада 5-сыныпта «Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызын оқытуға 4 сағат берілген. Жырауларды таныстыру Асан қайғының даналық толғауларынан басталады.

7-сыныпта Жиенбет жыраудың «Еңсегей бойлы Ер Есім» жыры, Қазтуған жыраудың «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы», Ш.Қанайұлының «Зар заман» жырын оқытуға 11 сағат берілген.

8-сынып бағдарламасында Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы,

толғаудың құрылысы, «Балаларыма өсиет», «Балаларыма өсиет» толғауының тарихи және көркемдік ерекшелігін оқытуға 6-сағат берілген. Сонымен қатар Шалкиіз жырау өмірі мен шығармашылығы, «Би Темірге бірінші толғауы» оқытуға 4-сағат бөлінген.

9-сыныпта Бұқар жырау Қалқаманұлы «Тілек» толғауы, «Тілек» толғауының маңызы, «Ай, Абылай, Абылай» өлеңі, «Ай, Абылай, Абылай» өлеңіндегі тілдік қолданыстар, «Асқар таудың өлгені» өлеңі, «Асқар таудың өлгені» өлеңінің маңызын оқытуға 7-сағат бөлінген.

Жыраулар толғауларын оқыту жолдарына тоқтамас бұрын қазақ жырауларының шығармашылығының тарихы көнеде, тереңде жатқандығы туралы деректерді оқушылар білуге міндетті.

Осы орайда ғалым Т.Сыдықов: «Адамзаттың өткен-кеткенін, бұрын-соңғысын білмей тұрып, қазіргінің қалайда қадіріне жетпейсіз, болашаққа еркін жүзіп, самғай алмайсыз. Кешегісіз, әрине, бүгін жоқ, бүгінсіз, сірә, ертең болмақ емес» [1, 36]-деп зерделейді. Тарих қалыптасып, даму барысында халқымыз қилы-қилы кезеңдерден өтіп, алуан түрлі уақиғалардың куәгері атанды, осы тарихи жағдаяттар жыраулар толғауларында сипатталып, өзіндік көрініс тауып отырған.

Жыраулар поэзиясына құнды баға берген заңғар жазушымыз М.Әуезов: «Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы не көпке арналып, ақыл, өсиет есебінде айтылады» [2] деген пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған. Шәкәрім атамыздың «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,
Суырыпсалма жағы артық,
Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау, Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай
Алды-артына қарамай,
Соққанда жырды суылдап,

Жел жетпейтін құландай –[3,5606] деп, Шәкәрім атамыз ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір судың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жайма шуақ кезеңдері»- баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет ой түйген.

Ақын Мағжан Жұмабаев өзінің «Батыр Баян» поэмасында жыраулар туралы былай дейді:

Бұқар мен Тәттіқара жырлағанда:

Толқынды тұңғиық боп төгілді жыр,-[4,3036] деп аса қадірлейтіндігін айтады. Демек, жыраулар толғаулары-халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз.

Жыраулар толғаулары халықтың басынан өткізген тарихи уақиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ой-санасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы екендігін болашақ ұрпақ түсінулері маңызды.

Иә, жыраулар өз заманындағы нағыз халық жанашырлары бола алды. Олар жыр шығарып, толғау айып, тек өнер иесі ғана болып қойған жоқ, жаугершілік заман болып, ел басына күн туған кезеңдерде атқа қонып, жауға аттанған батыр, қолбасы болды.

Сол ауыр қызметтерді атқара жүріп, ел қорғау, халықты азат ету мақсатын паш ететін сарбаздарын жігерлендіретін, патриотизмді насихаттап немесе хан, уәзірлерге пікір қосып, кемшіліктерін бетіне басып, қаймықпай ашық жеткізетін де осы жыраулар болды.

Белгілі әдіскер ғалым, тәжірибелі ұстаз Қ.Бітібаеваның жыраулар поэзиясын тереңдетіп оқыту үшін мектеп мұғалімдеріне бағыт-бағдар беру үшін жасаған әдістемелік ұсыныс-тезистері назар аударарлық. Автор мұнда жыраулар өмірі мен шығармашылығына қатысты аса маңызды мәселелерді көтерген. Еңбектегі: «Асан қайғы өмірі, толғаулары»,

«Бұл заманда не ғаріп?», «Есті көрсен, кем деме», «Көлде жүрген қоңыр қаз», «Еділ бол да, Жайық бол». Бұқар жырау толғаулары: «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай, Абылай», «Батырың өтті Бөгенбай», «Асқар таудың өлгені» «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» тақырыптардың әрқайсысын таратады.

Жыраулар поэтикасында дүниенің сан түрлі бейнесі көрініс береді. Шығармашылық тұлға-жыраудың көркем әлемі діни-мифтік, адамзаттық танымына негізделетінін оқушы білуі қажет. Олар: «адам болмысы», «дүниенің жаратылуы», «қайғы, мұң, наласы», «жалғыздық сарыны», «өлім-өмір» толғаныстары т.б.

Шалкиіз толғауларының тақырыптары әр алуан болып келеді. Көркемдік тәсілі жағынан да жырау толғауларының бағасы жоғары. Шалкиіз

«Би Темірге бірінші толғауында»:

Аспанды бұлт құрсайды —

Күн жауарға ұқсайды,

Көлдеге қулар шулайды —

Көкшіліден ол айуан

Соққы жегенге ұқсайды,

Көп ішінде бір жалғыз

Көп мұңайып жылайды —

Күйбеңдескен көп жаман

Сөзі тигенге ұқсайды..., [5,6]-

деп басталатын толғауы 8-сыныпта өтіледі. Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауын» оқытуда Блум таксономиясының деңгейлері тапсырмаларын ұйымдастыру жаңа білімнің басты талабы болады. Мәтінмен жұмыс келесі ретте жүзеге асырылады:

1.Көз жүгірте танысу.

2.Сұрақ қою.

3.Оқи отырып, белгі сала отыру.

4.Толғаудың мазмұнын, өз сөзімен мазмұндау.

5.Қайталап қарап шығу.

Білу тапсырмалары

1. Шалкиіз жырау туралы не білдіңдер?

2. Жыраудың Темір биге арнаған қандай толғаулары бар?

3. «Би Темірге айтқан бірінші толғауында» жырау биді қалай сипаттайды, қандай нәрселерге теңейді?

Түсіну

1. Жыраудың Темір биге толғау арнауының себебі неде?

2.Шалкиіз поэзиясындағы ойлылықтың, ақылдылықтың, кемеңгерліктің сипаты қандай?

Талдау

1.«Би Темірге айтқан бірінші толғауының» тақырыбы мен идеясын анықтаңдар?

Жинақтау

1. Толғаудың негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңдер.

2.Толғауда айтылған өсиет сөздерді жинақтаңдар.

Қолдану

1.Шалкиіз толғауларының тақырыбы туралы айтып беріңдер.

2. «Би Темірге айтқан бірінші толғауында» қандай өсиет сөздер айтылған?

Мағынасын түсіндіріңдер. Басқа толғауларынан өсиет сөздерді тауып жазыңдар.

3. Толғаудан метафораларды тауып, жасалу жолын түсіндіріңдер. Жыраудың тағы қандай көркемдегіш құралдарды пайдаланғанын анықтаңдар.

4. «Би Темірге айтқан бірінші толғауындағы» Темір образына сипаттама беріңдер. Толғаудың философиялық мәнін түсіндіріңдер.

Баға беру

Толғаудан келешекте қажет болатын қандай қорытынды шығаруға болады? Ой-пікірлерінді «Ойлан, жұптас, пікірлес» тәсілі арқылы білдіріңдер. Ол үшін әрқайсысың өз ойларыңмен пікірлерінді ауызша немесе жазбаша дайындаңдар. Содан кейін жұптарыңмен талқылап, пікірлесіңдер. Ой-пікірлерінді сынып алдында жариялаңдар.

Би Темірге айтқан бірінші толғауында параллелизм тәсілімен береліп отырған жалғыздық сарыны басым екендігін оқушыға түсіндіру маңызды. Көп ішінде жалғыздыққа қамап отырған күйбеңдескен көп жаманның сөзі. Толғаудағы күйбең сөзінің мағынасының берілуі. Күйбеңдеу, күйбең тірлік ұсақтық бар. «Күйбеңдескен көп жаманның» әрекеті пенделік қызғанышты, жымысқылықты, ұсақтықты танытады.

Туырлықсыз қара үйге
Ту байламақ не керек!
Туғаны жоқ жалғызға
Көп ішінде суырылып,
Жауға шаппақ не керек! [5]

Сөздікпен жұмыс жүргізуде оқушылардың сөздік қорларын дамыту өзекті болады. «Туырлықсыз қара үй» тіркесі -керегенің сыртынан жабылатын киіз, туырлық болмаса үй жылу сақтамайды. Қара үй-кішкентай, жұпыны үйді білдіреді. Қазақта үйдің керегеканатына байланысты шаруашылыққа тігілетін көлемі шағын қара үйден бастап, он екі, он сегіз қанат ақ ордаға дейінгі атаулары бар. Қара үй тіркесі осы ерекшеліктерге қатысты қолданыс тапқандығын түсіндіру маңызды. Осы айтылғандар сияқты герменевтикалық талдауды керек ететін жырау толғауының ішкі астары, сөздер мен тіркестер, мағыналар көптеп кездеседі. Көркем шығарманы талдап тану үлкен дайындықты керек етеді. Бұл әдетте оқытушы басшылығымен жүзеге асырылатын күрделі үрдіс.

Оқушылар толғау мазмұнын жете түсінгенде ғана одан белгілі бір дәрежеде эмоциялық әсер алу мүмкіндігі туады. Оқылатын өмір сабақтары да мазмұнды, мағыналы болып, оқырман көңіліне берік орнайды, өмір тәжірибесіне жарамды «кұрал» бола алады.

Оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру кезінде жоспарлы түрде мынадай қағидаларды ұстану қажет:

- Тыңдалу мәтінін оқушының толық түсінгендігіне көз жеткізу;
- Мәтінді бөліктерге бөлгізу;
- Шығарманың әр бөліміне ат қоя, шығарма сюжеті негізінде мазмұндап беру;
- Мәтін бөліктері бойынша оқушы қабілеттерін дамытуда «Мәтін бөліктері» оқыта

үйрету әдісін қолдану;

Қазақ әдебиеті бағдарламасында оқушылардың жас ерекшелігіне сай жыраулар толғауларын жаттауға міндетті мәтіндер ұсынылған.

Жаттауға берілетін көркем сөзбен жұмыс жүргізу кезеңдері:

- Көркем шығармамен таныстыру;
- Мәтінді сыныпта мәнерлеп оқыту;
- Үйге жаттап келуге тапсырма беру;

Жыраулар толғауынан үзіндіні жатқа оқу оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамытуда жүргізілетін таптырмас жаттығу жұмысы. Мысалы, «Егер де» тәсілі. Өлеңдегі кейіпкердің жан күйзелісі, қуанышы мен мұңын түсіну үшін сол өлеңнің идеясын жақсы меңгеру керек. Толғауды жаттау арқылы оқушы бойында әсер қалдыра отырып, есте сақтауын жақсартуға болады. Берілетін тапсырмалар жүйесі мынадай:

1.Бұқар жырау өмір сүрген кездегі тарихи жағдай туралы тарих сабағынан алған білімдерінді пайдаланып айтып беріңдер.

2.«Әй, Абылай, Абылай» толғауында кездесетін тарихи тұлғалар туралы әңгімелеп бер.

3.Бұқар жырау толғауларындағы кездесетін мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді тауып бүгінгі күнгі маңыздылығын туралы айтып бер.

«Қолмен хабар». Мұғалім өлеңді таныстырмас бұрын толғаудың не жайында екенін қолмен әр түрлі иллюстративті бейнелерді көрсетеді. Кейін өлең шумақтарын оқу арқылы

оқушының шешімін тексереді. Сабақ үстінде осындай жаттығуларды пайдалану арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырап қана қоймай, сергіту сәті ретінде де пайдалану тиімді болады.

Жыраулардың толғаулары адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады.

XXI ғасыр ұстаздарының алдында тұрған басты міндет-ата-бабаларымыздың қанында болған еркін де батыл қазақы мінезді баланың бойына сіңіріп, ұлттық рухы биік, ана тілінің қадір-қасиетін түсінетін саналы да сауатты шәкірт тәрбиелеу. Сабақта жыраулар толғауын өз орнымен ұтымды пайдалана білу сабақтың сапасының жоғары деңгейде өтуіне, оқушылардың ой-өрісінің дамуына, айтар ойын әдемі де әсерлі етіп жеткізуіне ықпал етеді.

Жыраулар толғауларын сабақта орнымен қолданып отыру дағдысын қалыптастырудың себебі: оқушыларға тіл ерекшеліктерін, оның қыры мен сырын түсіндірумен қатар оның адамгершілікке баулу жақтарын үйретіп, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттерін бойына сіңіру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы (Жанрлық спецификасы. Алматы: Ғылым, 1999, 3б.
- 2 Өуезов М. Шығармаларының 12 томдық жинағы. 1–12т., А., «Жазушы».2008.
- 3 Шәкәрім (Құдайбердиев, Ш. Шәкәрім) . Шығармалары [Текст]: өлеңдер, дастандар, қара сөздер /Шәкәрім (Құдайбердиев, Шәкәрім).-Алматы: Жазушы, 1988.-560 б.
- 4 М.Жұмабаев шығармалары-Алматы:Білім, 1996.-303 б.
- 5 «Жеті ғасыр жырлайды». XIV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Бірінші том. «Жазушы» баспасы. 2021ж.

ӘОЖ 22(398)

ҚАЗАҚ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ «АЯР ӘЙЕЛ» МОТИВІНІҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Қ.Қосанов

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

А.А.Бегалиева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

begalieva16@bk.ru

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа: Қазақ халқының ғасырлар бойы ауыздан ауызға көшіп, бүгінгі күнге жетіп отырған телегей-теңіз мол мұрасының бірі – эпостық жырлар. XIX ғасырдан бастап жинақталып, хатқа түсе бастаған осынау мол қазынаны жан-жақты игеру, тиянақты зерттеу ісі толассыз жүргізіліп келеді. Оған шет елдік зерттеушілермен бірге отандық фольклортанушы ғалымдарымыз да айтарлықтай үлестерін қосты. Әйтсе де қазақ эпостарының сан алуан сипаттары мен кейбір қырлары әлі де түбегейлі зерттеле қойған жоқ. Солардың қатарына қазақ жырларында жиі кездесетін сарын – «аяр әйел» мотивінің қарастырылуы жатады. Мақала фольклорлық әдебиеттен бастау алатын қисса-

дастандар, эпостық және батырлық жырлардағы әйел образдарының ерекшелігін зерттеуге арналған. Бұл мақалада «аяр әйел» мотивінің типологиялық ерекшелігіне жан-жақты талдау жасалған.

Түйін сөздер: эпос, мотив, аяр әйел, әйел мекерлігі, жанр, типология

Аннотация: Эпические песни – одно из богатейших наследий казахского народа, веками передававшееся из уст в уста. Это богатое сокровище, которое собиралось и записывалось с 19 века, постоянно исследуется и разрабатывается. Наряду с зарубежными исследователями значительный вклад в нее внесли и наши отечественные фольклористы. Однако различные характеристики и некоторые аспекты казахского эпоса еще недостаточно изучены. Среди них рассмотрение часто встречающегося в казахских песнях мотива – «нежная женщина». Статья посвящена изучению особенностей женских образов в рассказах, былинах и героических поэмах, происходящих из фольклорной литературы. В данной статье производится комплексный анализ типологического признака мотива «нежная женщина».

Ключевые слова: эпос, мотив, нежная женщина, женская хитрость, жанр, типология

Annotation: Epic songs are one of the richest heritages of the Kazakh people, passed from mouth to mouth for centuries. This rich treasure, which has been collected and recorded since the 19th century, is constantly being researched and developed. Along with foreign researchers, our domestic folklorists also made a significant contribution to it. However, various characteristics and some aspects of the Kazakh epic have not yet been sufficiently studied. Among them is the consideration of the motif, which is often found in Kazakh songs - "tender woman".

The article is devoted to the study of the features of female images in stories, epics and heroic poems originating from folklore literature. This article provides a comprehensive analysis of the typological feature of the "tender woman" motif.

Keywords: epic, motive, tender woman, female cunning, genre, typology

Тілімізде «Әйелдің аты – әйел», «Аяр әйел», «Әйелдің мекерлігі» деген қалыптасқан тіркестер бар. Аталған тіркестерді қазақ халқы бір жақты ұғынбайды.

Біріншіден, әйел – әлем жаратылысындағы тіршіліктің алғашқы бастауы, өмір әкелуші, ұрпақ жалғастырушы, дәстүрлі құндылықтарды өндіреді, соған орай әйел – ана, әйел – әдемілік, әйел – нәзіктік, әйел – сұлулық, әйел – сезімталдық, әйел – сыпайылық, әйел – әдеп, әйел – үйлесім, әйел – жарасым деп танымыз.

Екіншіден, әйел – төменгі әлемнің, күнәның, опасыздық пен жамандықтың, ретсіздіктің символы. Орыс тілінде «әйел» сөзінің жағымсыз түптөркіні бар, себебі онда щина жұрнағынан жасалған сөздердің бәрі көзге ілмеу, менсінбеу, жек көру сияқты жағымсыз бағаға, коннотацияға ие. Мысалы, женщина, деревенщина, казенщина, групповщина, чертовщина, обломовщина т.б. Қазақ мәдениетінде де әйелге қатысты жағымсыз коннотациядағы ассоциациялар кездеседі. Әйелге байланысты әсіресе ауызекі тілде көп қолданылатын шүйкебас, төмен етеккі, шөпжелке, ұрғашы сияқты кемсіту мағынасындағы сөздер бар. Мысалы «Аяр әйел жылап қорқытады» деген тіркес те содан шыққан.

«Бабалар сөзі» сериясының бесінші томына «Қағира мен Таймұс», «Хикаят Сәлімжан», «Хикаят Марғұба қатын», «Балықшы илә ғифрит қиссасы», «Қисса Тәжбақыт-Хоршаһра қыз», «Қисса үш қыз» атты хикаялық дастандар енді. Бұл шығармалардың тақырыбы сан алуан: әйелдің аярлығы, даналығы мен адалдығы туралы, шын достықты, асқан ақыл мен айланы дәріптеу, т.б. Дас-тандарда кейіпкерлердің өмірі мысалға алынып, олардың тағдыр-тауқыметі арқылы адам бойындағы жаман қасиеттер сыналып, ізгі қасиеттер дәріптеледі, халыққа үлгі-өнеге, ғибрат айтылады.

«Қағира мен Таймұс» дастаны дана уәзір мен адал дос (көмекшілер) туралы хикаялық сюжетті баяндайды. Қысқаша мазмұны былай: Перзентсіз патша мен уәзір орта жастан асқанда бала сүйеді, патшаның баласы Таймұс пен уәзірдің баласы Қағира қатар өседі. Сұлу

қыз туралы хабарды бір тіленшіден кездейсоқ естіген жігіттер ешкімге айтпай жолға шығады. Бірақ сұлу қыздың хабарын естіген бойда оны бір көруге асық болған Таймұс күндіз-түні қызды ойлап аһ ұрғанмен, белсенді әрекетке көшпейді. Көмекке адал дос Қағира келеді. Қалайда Шын-Машын жұртындағы Пағпұр ханның қызы Мәликені Таймұсқа қосу керек! Мақсатына жету үшін Қағира екі рет әйелше (әйелдердің айтуымен) киінеді: 1) Мәликеге молда шеше киімін киіп барып, қызды Таймұсты бір көруге үгіттейді; 2) қыз болып киініп, Мәликенің орнына ұзатылып барып, «қайын сіңлісін» көндіріп алып қашады [1, 5-б.].

Осыған ұқсас сюжет үнді ертегісі «Тотынаманың» 24-түнінде ұшырайды. Әдетте қазақ халқының үйлену салтында күйеу белсенді емес, есесіне күйеу жолдас барлық сынақтан өтеді: ән салады, күй шертеді, айтысқа да түседі, балуан күреске де қатысуы мүмкін. Сондықтан төл топырағымызда қайта жырланған кірме сюжеттің қазаққа жаттығы жоқ. Уәзірдің баласы Қағира ақылы мен аялысын қолданып, патша ұлына деген достығы мен адалдығын дәлелдеп шығады. Ақырында өзі де, патша ұлы да екі патшаның қызын қалыңсыз алады. Осыған ұқсас сюжет «Ханның қызы Күлше», «Шекер, бал», т.б. қазақ ертегілеріне арқау болған. «Дастан XIX ғасырда жырланып, ел арасында бірнеше нұсқамен тараған. Ал қағазға түскен алғашқы жазбасы – 1870-1900 жылдар аралығында Білтебайұлы Шорманның айтуынан жазылып алынған нұсқа. Ол ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.128, 3-дәптер, 25 бет, араб әрпінде. Жинаушылар – Шорман молданың балалары Арон мен Жүсіп. Қолжазба қорына Ғ.Мұсабаев тапсырған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналастырылып, қаламмен жазылған. Жазуы өше бастаған әрі қолжазбаның бүлінуіне байланысты бірнеше бетте кейбір өлең жолдарын оқу, тану қиындық туғызды», – дейді томды құрастырушы Б.Әзібаева.

Томға еніп отырған «Хикаят Сәлімжан» атты тағы бір дастанның негізгі тақырыбы – опасыз әйел мен адал жар жайында. Дастан оқиғасы былайша өрбиді: Хишат қаласында Сүлеймен деген бай саудагердің Сәлімжан деген жалғыз ұлы болады. Сәлімжанның алдыңғы әйелі қа-йынатасынан қалған қазынаны күйеуі-нен жасырып, көңілдесіне білдіріп, опасыздық танытса, кейінгі алған жары Гүлжауһар бәстен ұтылып, тұлдырсыз қалған күйеуін елге алып қайту үшін ер киімін киіп, керуенге еріп шығады. Күйеуінің хаты арқылы мән-жайға қаныққан ол керуеннің жолындағы аяр кемпірдің таң атқанша шам ұстайтын мысығына асыранды тышқанын салып, бәстен жеңіп, кемпірдің жүз түйе дүниесін қосып алады. Шын шаһарында азып-тозып жүрген күйеуін тауып алып, өзін танытпай, еліне алып қайтады.

Осыған ұқсас, әйел мекерлігін баяндайтын ертегілік сюжеттерді «Мың бір түн» желісіне енетін «Патшаның екі ұлы», «Киік жетектеген кісінің әңгімесі», «Қашыр мінген кісінің әңгімесі», «Шала тас жігіттің әңгімесі», «Бір сандыққа бес кісі салған әйел», «Қатын тескен ін» әңгімелерінен, сондай-ақ Тұрмағамбеттің «Рауабану», Кете Жүсіптің «Сұрмерген», Базар жыраудың «Әмина қыз» дастандарынан кездестіреміз. Дастан Қазан қаласындағы «Чиркова» (1896), «Университет» (1908), «Домбровский» баспаханаларында (1916) үш мәрте жарық көрген. Кітапты баспаға дайындаған – Жүсіпбек Шайхысламұлы. «Хикаят Марғұба қатын» дастаны да осы тақырыптың айналасында өрбіген. Мұнда күйеуіне адал, діндар әйел жаланың кесірінен көп тауқымет шексе де, ақыл-төзімі мен тақуалығының арқасында қиындықты жеңіп шығады. Өзін орынсыз жәбірлегендерге кешірім жасап, ақырында күйеуіне қайта қосылғаны баяндалады. Дастан кейіпкерінің тағдыр тауқыметі арқылы аманатқа қиянат, көрсеқызарлық, жалған куә болу, нәпсіқұмарлық сияқты жаман қасиеттер сыналып, адам бойындағы ізгі қасиеттер: сүйген жарға адалдық, тақуалық, әлсізге қол ұшын беру, қайырымдылық дәріптеледі.

Сонымен қатар «Бабалар сөзінің» кезекті 5-томына 1897 жылы (Қазан қаласында) Әли Махмұдұлы жариялаған «Үш қыздың қиссасы» және 1906 жылы Шаһнығмет Шаһсейітов бастырған «Тәж-бақыт-Хоршаһра қыз» дастандары еніп отыр. Бұл шығармаларда, көбінесе, алдыңғылары секілді орта ғасыр әйелдерінің адалдығы мен аярлығы туралы Шығыста кең тараған сюжеттер орын алған [2, 63-б.].

Ал «Ғаяр қатын» мен «Құламерген-Жомерген» дастандарының сюжеттік желісі осыған ұқсас болғанымен, «әйел» мотивіне байланысты айырманы көруімізге болады. «Ғаяр қатында» сұлу әйелдің қулығын суреттеу қазақ эпосына тән емес екенін ескертіп кету керек. Ал «Құламерген-Жомерген» эпосында күйеуін, баласын тастап кеткен сатқын әйел бейнесі суреттелген. Бірақ, біріншіден, ол мұнда басты тақырып емес. Екіншіден, Қаншайым мыстан кемпірдің алдауына түседі. «Ғаяр қатын» дастанында мұндай «сатқын әйел» мотиві көрінбейді. Мұнда, керісінше, әйелдің күйеуіне деген адалдығы көрсетіледі. Ол әр түрлі айла, іс-әрекеттерін күйеуін жақсы көргендіктен, соған көмектесу ниетімен жасайды. Дастанның фабуласы мынандай: байлықтан жұрдай болған күйеуіне көмектесу үшін оның сұлу әйелі базарға барып, теңге үшін бетін ашып көрсетеді. Кейін тіпті ақша табу үшін қаланың сыйлы адамдары – дүкенші, қасапшы, қазыны үйіне ғейіш-ғишрат жасау үшін шақырады [3, 220-б.].

Бірақ әр кезде қонақтар үшін ретсіз, ал «қиянатшыл» әйелдің жоспарына сәйкес ертеректе және мүлдем тастап кетті-мыс деген күйеуі келіп қалады. Солай үш рет қайталанады. Әйел қонақтарды ылғи ыңғайсыз жерлерге жасырады. Мысалы, біреуін үстіне жабу жауып, төрт аяқтатып, бұзау түрінде көрсетеді, т.б. Ақырында шығынға батып алданғандар сұлу әйел мен оның күйеуінен өш алуға кіріседі... Бірақ айлалы әйел мен күйеуі арсыз ашық ауыздардан әр уақыт ептірек, тапқыр болып шығып отырады. Екеуі аңқауларды бірнеше рет алдайды әрі жазалайды.

«Аяр әйел», «әйел мекерлігі» ұғымдардың түп-төркіні фольклорлық шығармалардан, соның ішінде дастандарымыздан бастау алатыны белгілі. Әйелге қатысты көзқарастардың шығармада көрініс табуы тек қазақ дастандарында емес, әлем әдебиетінде бар дүние. Соның мысалы ретінде тек өз еліміздегі қазақ дастандарымен ғана шектелмей қытай, парсы қазақтарының дастандарындағы «аяр әйел» бейнесін салыстыру мақсатында зерттеуімізге қосуды жөн көрдім.

Қытайдағы қазақтар арасына кең таралған, хикаялық дастандар тобына жататын «Сәнуар патша» дастанының негізгі тақырыбы – опасыз әйел мен адал жар жайында. Шығарманың қысқаша мазмұны төмендегідей:

Дастанның бас кейіпкері – Сәнуар. Сәнуар патшаның әйелі өліп, жас қызымен қалады. Қыз бой жеткен соң, оны ұзатады. Баһаргүл деген сұлу әйелге үйленеді. Әйелі дәумен көңіл қосып, патшаны дұға оқып итке айналдырып жібереді. Патша біраз уақыт ит кейпінде жүріп, басынан көптеген оқиғаларды өткізеді. Қызы мұны біліп, балгерлер арқылы қайта адам қалпына келтіреді. Кейін Патша Сақыпжамал атты қызға үйленеді. Сақыпжамал адал жар болады. Ал, Баһаргүл жазасын алады.

«Сәнуар» патша дастанының оқиғалық құрылымы күрделі. Мұнда талай заманның елестері бар деуге болады. Олар аталмыш дастанда бірнеше тұста көрініс тапқан. Солардың бірі – оқиға құрылымында қиял – ғажайып элементтердің кездесіп отыруы, мысалы шығарма оқиғасында адамзаттан басқа дию, ит секілді мақұлықтардың араласып жүруі, т.б.

Дию, пері жезтырнақ, самұрық құс, аждаһа – шығыс әдебиетінде жиі қолданылатын тұрақты қалыпқа айналған мифологиялық образдар. Бұл образдар өте көне замандағы адамдардың мифологиялық түсінігінің ұқсастығынан көптеген халықтардың фольклорына ортақ болып кеткен Сонымен қатар жырдың оқиғаларында Аллаға жалбарыну мотиві де көрініс тапқан. Эпикалық жырларда бұл мотив әр түрлі ситуацияда қолданыс тауып отырады. Мұнда бұл мотив кейіпкердің жан қиналысын, күйзелісін, шарасыздығын аңғартады.

Талданып отырған дастандағы кездесетін тағы бір мотив – бал ашу мотиві. Мысалы, патша қызы әкесін ит кейпінде көргенде, яғни, не істерін білмей тығырыққа тығылған кезінде балшыларды шақыртып бал аштырады. Сонда балшы:

– Бір дию Сәнуармен күндес екен,
Сәнуар сұлу жайын білмес екен.
Әкенді өгей шешен ит қылыпты,
Астыртын сол диюмен тілдес екен, – дейді.

Бұл орайда аталмыш мотив оқиғаны байланыстырып, дастанды одан әрі жалғастыру үшін қолданылып тұр. Мұндай мотивтер көптеген жырларда («Құсайын қиссасы», «Олжабай батыр», «Салсал», т.б.) көрініс береді.

Мұнан кейін де дастанның композициясына мазмұны шытырман көптеген әңгімелер кіріп, патшаның Сақыпжамал атты қызға үйленуімен аяқталады.

Енді парсының ортағасырлық прозасынан ауысқан ертегілердің бірқатарына тоқталып өтелік. Соның бірі «Бағдаттағы аярлар» [4, 304-б.]. Осы ертегінің сюжетіне құрылған қазақта «Ұры мен аяр» атты ертегі кездеседі. [5,288-б.]. Алайда, екеуінің арасында көптеген айырмашылықтардың болатындығы заңды құбылыс. Біріншіден, парсы ертегілерінде кәсіби ертектің стилі сақталады және жазба әдебиеттің негізінде прозалық дәстүрде өрнектелгенін көреміз. Екіншіден, бұл ертегі парсыларда жазбаша түрде дамығандықтан, ауыз әдебиеті үлгісінен алшақтап, жазба әдебиетіндегі әңгіме, не повестьке жақындайды.

Парсы ертегісінде ұры мен аярдың өнерін сынаған алаяқ әйел екеуінің де шеберлігіне көңілі толмайды. Екеуін қасына ертіп алып оларға өзінің өнерін көрсетеді. Бір шаһардың халқының барлығын алдап, астан-кестен еткен аяр әйелдің өнерінің қасында әлгі екеуінің ісі баланың ойыны секілді болып қалады. Осылайша екеуін де өз шеберлігімен жеңген әйел күйеуді өзі таңдайды. Бұл оқиғалар қазақ ертегісіне кірмеген.

Парсы ертегісінің сюжеті әйелдің айлалылығын көрсетуге құрылған болса, қазақ ертегісі бір әйелге таласқан ұры мен аярдың бір-бірінен өздерінің шеберліктерін асыруға, әйел алдында әркім өзінің мықты екенін көрсетуге құрылғандығын байқаймыз.

Бұл екі ертегінің басталуының өзі екі түрлі. Қазақ ертегісінде кіріспе мен бастама кірігіп кеткен. Мұнда синкреттілік басым, сондықтан ертегі дереу кейіпкермен таныстырудан басталады. Қазақ ертегісінде: «Бұрынғы уақытта Мұхтарима деген қатынның екі байы болған екен. Біреуі ұры, біреуі аяр» дейді де әрі қарай негізгі оқиғаға ұласып кетеді. Ал парсыларда бұрыннан қалыптасқан кәсіби ертегішілік дәстүр болғандықтан ертегінің кіріспесі мен бастамасы міндетті түрде айтылады. Парсы ертегісі былайша басталады: «Тарихты баяндаушылар мен аңызды сақтап жеткізушілер, сол сөз маржанын терушілердің айтуынша бұрын Бағдатта өзі атақты бай, елге абыройлы бір көпес өмір сүріпті. Ол көпестің көптеген алтындары мен мол қазынасы бар екен және сол байлықтың арқасында әлгі көпес ешуақытта мұқтаждық көрмепті. Көпестің Дәле Мұқтар атты өзі асқан сұлу, әрі атағы шыққан алаяқ, қу әйелі болыпты.

Бір күні аяқасты көпеске ажал өзінің шеңгелін батырыпты да оны бұл пәни дүниеден, бақи дүниеге алып кетіпті. Оның өмір бойы жиған мол байлығы әйеліне мұра болып қалыпты. Әйелі сол кездегі салт бойынша күйеуін бірнеше күн аза тұтыпты да біраз уақыт өткен соң күйеуінің қайғысын ұмыта бастапты.

Күндерден бір күн ол бір жағы, сергу үшін, екіншіден, қайғыны ұмыту үшін моншаға барып түспекші болады. Моншаға барар жолда оған бір жігіт жолығады да Дәле Мұқтарды көріп, оның сұлулығына ес-түссіз ғашық болып, оны жақсы көріп қалады» деп арнайы түрде айтылатын кіріспеден соң кейіпкердің қай шаһарда тұратыны, ол шаһардың патшасының аты кім екендігі де міндетті түрде айтылып өтеді.

Ал, қазақ ертегісінде мұның бірі де жоқ. Ертегіде тіпті Мұхтаримадан басқа адам аты да кездеспейді. Бұдан байқайтынымыз Шығыстан кірген осы сюжеттің өзі тарихи-қоғамдық дамудың ағымы мен басқа фольклордың өзіндік заңдылығына қарай өзгеріске түседі. Соның салдарынан белгілі бір кірме сюжет бастапқы түрде айтылмай, шығыс әдебиеті мен фольклорының формасынан гөрі көшпелі елдің фольклорына қарай бейімделіп, сіңіп кетеді. Басқаша айтар болсақ, патриархалды-феодалдық қоғамда өмір сүрген бақташы-көшпелі қазақтардың ертегісінің поэтикасында синкретизм мен эпосқа еліктеушілік басым және парсының кәсіпқой ертектің стилінің мұнда кездеспейтіндігі байқалады.

Ортағасырлық парсы прозасында айтылатын новеллалық ертегі мен қазақ ертегісіндегі сюжеттер мен композициясындағы айырмашылықтарды схемаға салып көрсек, онда мынадай айырмашылықтар бар екендігін көреміз. Парсы ертегісінің схемасы:

1-сюжет. Бір бай көпес Бағдат шаһарында өмір сүреді. Оның Дәле Мұқтар атты қу, алаяқ әйелі болады. Ол әйел байының арқасында ешбір мұқтаждық көрмей рахат өмір сүріп жатады.

1-эпизод: байы өлген соң бір күні әйел моншаға бара жатып өзін ұнатқан Селім атты ұрымен танысады да, оған тұрмысқа шығады.

2-эпизод: Деле Мұқтар бір күні базарға барып Сәлім атты сұлу жігітті көреді де онымен танысып, жөн біліскен соң онымен де үйленеді. Ол күндіз адамдарды алдайтын аяр болады.

3-эпизод: Бағдатты билеп тұрған халифа ел аралауға сапар шегеді де орнына Мұса Бармақ деген әкімді тағайындайды. Ол халифа келгенше елде тәртіп орнату мақсатымен ұры мен қарақшыларды ұстап өлтіру туралы жарлық шығарады. Мұны естіген Сәлім мен Селім әйелімен қоштасады да жолға деп берген жарты нандарын алып далаға қарай қашады.

4-эпизод: әйелімен қоштасқан Сәлім мен Селім айдалада бір-бірімен ойламаған жерден кездеседі. Екеуі тамақтанбақшы болып өз нандарын ортаға шығарғанда екеуі бір нанның екі бөлігі болып шығады. Жөн сұраса келсе екеуі де бір әйелдің күйеуі екендігін білгесін, түн ортасында қалаға қайта оралады.

5-эпизод: үйіне қайтып келген екі күйеуіне Деле Мұқтар «егер де қайсыңның өнерлерің артық болса, мен соған ғана тиемін» деп шарт қояды екеуіне.

6-эпизод: аяр барып бір саудагердің әмиянын ұрлайды да ішін ашып ақшасын санап, өзінің жүзігі мен бір динар алтын ақша салып әмиянды қайта орнына салып қояды. Сезіп қалған саудагердің өзіне бәле жауып, дауды шешу үшін қазының алдына алып барады. Аяр өзінің айғақты заттарын көрсетіп әмиянның өзінікі екендігін дәлелдеп шығады.

7-эпизод: Кезек ұрыға келгенде ұры аярды ертіп алып патшаның сарайына барады. Түнде аспазшы болып патшаға балық пісіреді. Балықтың тәттілігіне сүйсінген патша аспазшыдан не қалайтындығын сұрайды. Ұры сарайында қызметші болғанды қалайды да түнде патшаның өтініші бойынша ұйықтар алдында оған әңгіме айтады. Ол өз басынан өткен оқиғаны жыр етіп айтып берген соң, қанжарын патшаның алқымына тақап оны қорқытады да, ендігіден бастап ұрылар мен аярларды ұстамасын деген қолхат жаздырып алады, әрі патшаның жүз алтын ақшасын алып кетеді.

8-эпизод: Сәлім мен Селім әйеліне келіп әркім өзінің істеген істерін баяндайды. Дәле Мұқтар екеуінің де ісіне көңілі толмайды, қайта өздерін мазақтап күледі. Сүйтіп енді өзінің өнерін көрсетуге кіріседі. Алдымен базарға барып ондағы саудагерлердің барлығын алдайды. Одан соң патшаның сарайына барып патшаны тақырға отырғызады. Қаһарына мінген патша Дәле Мұқтарды ұстап алып базар ортасындағы дінгекке байлатып қояды. Түнде келген керуеншілерге өзін шештіріп, керуеншінің түйесін алдап алып кетеді.

9-эпизод: патша әрбір үйден шыққан әйелді ұстап әкеліндер деген жарлық шығарған соң Дәле Мұқтар Сәлім мен Селімді қасына шақырып алады да Сәлімге көп ақша беріп жөніне жібереді. Селім ұрыға тұрмысқа шығады. Екеуі өздерінің істеген күнә істері үшін қалған өмірін Құдайға құлшылық етіп, адал өткізуге бел байлайды.

Ал қазақ ертегісіне келер болсақ, мұндағы оқиғалар тізбегі парсы ертегісіне қарағанда анағұрлым қысқа, әрі жинақы болып келеді. Енді қазақ ертегісінің сюжетін салыстырып көрелік:

1-сюжет: Мұхтарима деген қатынның екі байы болады. Бірі ұры, бірі аяр. Екеуіне бір жылда тисе де, олар он жылға дейін бірін-бірі білмейді. Бір күні патша ұры-қарақшыларды ұстау туралы жарлық шығарған кезде ұры мен аяр келіп әйелімен қоштасып, далаға қарай қашып, бой тасаламақ болады.

1-эпизод: әйелі жолазыққа бір қойдың құйрығының жартысын және бір нанды екіге бөліп екеуіне кезек-кезек беріп жібереді. Өзен жағасына келіп дем алып отырған ұрының қасына аяр келеді. Екеуі тұңғыш рет сол жерде танысады. Екеуі азықтарын алып ортаға қойса бір нанның екі бөлігі болып шығады. Бұған таң қалған екеуі жөн сұраса келсе, бір әйелдің байы екендерін біліседі.

2-эпизод: қайта оралған екеуі үйде қалған әйелінен келіп кімнің әйелі екендігін сұрайды. Әйел тұрып: «егер де қайсыңның өнерің артық болса, мен соған тиемін» деп шарт қояды.

3-эпизод: аяр бір бұрышта сауда жасап, біреуден ақша алып тұрған байдың әмиянына байқатпай өзінің 20 тиын күміс ақшасын салып жібереді де байдың өзіне бәле жауып, ақырында байды қазыға апарып дауды өз пайдасына шешіп, оның ақшасын алдап алады.

4-эпизод: Ұры аярды ертіп алып патшаның қорасына кіреді. Ел ұйықтағанша деп қорадағы тауықтың жүнін жұлып белгі ретінде қалдырады, өзін пісіріп жейді. Ел ұйықтаған соң ұйықтап жатқан аспазшы әйелдің көйлек, жаулығын алып ұйықтап жатқан патшаның бөлмесіне кіреді. Кірсе патшаның өзі ұйқыда, ал аяғын бір бала уқалап отыр екен. Ұры босағада тұрған екі қап алтынды ұрлайды. Сосын әйелдің кімге тиесілі екенін патшадан сұрамақ болады. Жанынан күдер үзген аяр әйелі құрысын деп азар да безер болады. Ұры оны есікке байлап тастайды да шала ұйқыда жатқан патшаға болған оқиға туралы айтып, әйелдің кімге тиесілі екендігін сұрайды. Ұйқылы-ояу жатқан патша әйелдің ұрыға тиесілі екендігін айтады.

5-эпизод: әйелді өзіне алған ұры өз ісімен патшаны таң қалдырады. Патша тұрып: «Түнде өзіме төре айтқызып, алтынды ұрлап кеткен ұры алдыма келіп кінәсін мойнына алса, өзіме бас уәзір етемін» дейді. Мұны естіген ұры патша алдына барып өз кінәсін мойнына алып, патшаға бас уәзір болады.

Байқап отырғанымыздай, қазақ ертегісінде біршама айырмашылықтар көзге түседі. Және қазақ ертегісінде қиял-ғажайып ертегі мен батырлық эпостардағы секілді аяғы жақсылықпен бітіп, кейіпкер өзінің жаман әдетіне қарамастан патшаның бас уәзірі болып мұратына жетеді.

Жалпы қандай да бір халықтың әдебиетінен ауысып келген кірме сюжеттер басқа халықтың фольклорына сіңуі үшін бастапқы формасынан ауытқитыны заңдылық. Сол секілді ескі үнді әдебиеті мен ортағасырлық парсы прозасынан ауысқан осы секілді сюжеттер қазақ даласына келгенде біршама өзгерістерге ұшырап отыратындығын табиғи құбылыс деп қарастырамыз.

«Адамның әйелдің кесірінен итке айналу» желісі Мейрам Жанайдарұлының (1895 ж.) «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған «Мың бір түннің хикаясы» атты дастанында да берілген.

Бұзылған бұл замана ақыр екен,
Бишара қатынға ерген пақыр екен.
Бір күні аңдаусызда кіріп келсем,
Бассалып бір қара құл жатыр екен.
Ісіне Тәңірім қылған амал бар ма,
Мен шықтым қара ит болып үйден үріп, – дейді.

Бірақ мұнда оқиға шолақ қайырылып, қасапшының қызы дуахант болып шығады да, адамға айналып, сол қызға үйленеді. Ары қарай «Мың бір түннің» «Киік жетектеген жігіт» атты бөлімі кіргізілген. «Мың бір түндегі» өсиет-өнегелік сюжеттердің мақсаты – адамшылық, ахлақ тәрбиесін көтеру. «Есек пен өгіз», «Ұры мен маймыл», «Диірменші мен әйелі», т.б. әңгімелер ақылнақыл мағынасын түрлендіреді. «Ақылды қыз, ақылды ана, ақылды уәзірлер» бейнесі де осы мақсатқа жетелейді. Ақылды қызға таң қалған Халифа һарон Рашид:

– Сен қаладағы қандай үйдің қызысың? – десе, қыз: – Ауыл кісісі үйір үйдің қызымын, төбесі биік үйдің қызымын, – дейді. Халифа одан қала ұлығының қызы екенін біле қояды. – Өзің кімсің? – дейді қыз. – Мен биік ағаштың қаттысымын, үлкен жемістің тәттісімін, – дейді Халиф. Қыз: – Олай болса, сіз Халифа һарон Рашид екенсіз, – дейді [6, 472-с.].

Түгел дерлік қиссаларда не басында, не аяғында бұл қиссадан ғибрат қандай екенін түйіндей кетуді қиссашыл ақындар ұмытпайды: Әлеумет, мұнда қандай ғибрат бар, Дүние – сарай, адам – керуен, бір қазақ бал. Базарлы күн өткен соң бал іздесең, Сен де ана хан сияқты адыра қал. («Мұңсыз жан») Мағынасы – қартайған ханның қызды алмақшы болғанын

құптамау. Осындай ғибратты дастанның бірі – «Мұңсыз жан» (Олжабай). Бұл дастанның мағынасы – дүниеде мұңсыз жан болмайды, армансыз адам жоқ. Дүние – жалған. Түркістанда ересен байлыққа ие болған бір патша: «Үш сөзімді шешкен жанға мың алтын беремін», – деп жар салады. «Не нәрсе тәтті ішінде ең тәттісі, Не нәрсе қатты ішінде ең қаттысы. Ауырдың ең ауыры қандай нәрсе?» Шарт қылып ханның айтқан жауабы осы.

Сол жиынға барған бір шал естігенін үйіндегі он жасар қызына айтып келеді. Қыз әкесін жұмсап, ханға жұмбағының шешуі былай дейді: Тәтті нәрсе – сүйікті алған жарың, Қатты нәрсе – жоқтықта тартқан зарың. Ауырдың ең ауыры – қылған уағда, Таба алмасам, мойнымда – әкем қаным. Патша қызды алдырып себебін сұрағанда қыз: «Әкешешемнің ай мен күні болсам да, жатарда арасына жатып, таңертең шетте қаламын. Жар тәтті екенін сонан білдім», – депті. Қатты нәрсе – мұқтаждық, жоқтық қатты, Ер көңілді әкеме қонақ келсе, Қонақасы бере алмай терлер қатты, – дейді. Ақылды қызды ұнатып қалған патша 10 жасар қызды алмаққа көңілі кетеді. Қыз патшаға: «Қалың малыма он бағлан қозы берсін, жиырма қайратты бөрі, отыз жолбарыс, қырық арыстан, елу түлкі, алпыс арқар, жетпіс шідер берсін. Сексен пұт қаны кепкен жүрек, тоқсан пұт қуарған қу сүйек және берсін. Бір шал мен кемпірді хан мен ханшадай киіндіріп әкелсін. Некемді мұңсыз жанға қидырсын», – дейді. Патша бір мұңсыз жанды іздеп табады. Ол он жасар қыз жұмбағын былай шешеді: Он қозы деген сөзі – он жасар қыз. Бармаймын дегені ғой сендей жанға. Жиырма жаста адамзат қасқырға ұқсар, Отыз жаста – жолбарыс күші тасар.

Үндінің «Тотынама» сюжеттері қазақ арасында «Тотының тоқсан тарауы» деген атпен белгілі болып, ертеден тараған. Оның қазақ арасына кең тарауына Зийа ад-Дин Нахшабидің (XIII ғ.) үнді-санскрит тілінен парсы тіліне аударуы әсер етті. «Тотынаманың» «Мың бір түн» сюжеттерімен аралас бірігіп кеткен, ортақ әңгімелері көп. Орыс тілінде М.А.Ширяевтің (1960) және Е.Э.Бертельестің (1982) аудармаларымен басылып шыққан. Қазақ тіліне Ғ.Сармұрзин (1970), Ә.Қоңыратбаев пен Т.Қоңыратбаев аударған (1991). «Тотынаманың» құрылысы, оқиғасының басталуы «Мың бір түннің» бастапқы бөлігімен ұқсас. «Мың бір түндегі» Шахерезаданың мың бір күнге созылған әңгімесінің шығуына себеп, әйел зинақорлығы болатын. Бұл сюжет «Тотынамада»: Күйеуі сапарға кеткен әйелдің басқаға көз салуына тоқтау ретінде, Тотының айтқан әңгімесі түрінде берілген: «...мен әйел құлағына жағатын қызғылықты әңгімелер тауып, соны таңсәріге дейін созуым керек. Сонда әйел әлгі әңгімені тастап кете алмайды. Сөйтіп отырғанда түн өтіп, күнде шығады, әйел ғашығына бара алмайды», – деп ойлапты.

«Тотынаманың» негізгі ой өзегі – әйел мекерлігін сынап, адалдығын дәріптеуге арналған ғибратты әңгімелерден жинақталған. Кей жерлерде «Мың бір түнмен» бірігіп те кетеді. Қазақ қиссашы-дастаншылары «Тотынама» желісіне көптеген шығармалар жазған. Олардың бәрі әдебиетте түгенделіп, жүйелей талданбаған. Енді-енді ғана әңгіме бола бастады деуге болады. Әдебиетте негізге желісін «Тотынама» мен «Мың бір түннен» алатын «әйел мекерлігі мен адалдығы» тақырыбы- на жазылған қисса-дастандар қатарына: «Әділ – Зайыт», «Патшаның ұлы – Әбділмәлік», «Тотынама» (Майлықожа), «Рауа бану» (Тұрмағамбет), «Мың бір түн хикаялары», «Ғаяр қатын», «Қырық уәзір», т.б. жатады. Бұл сюжеттердің «Мың бір түндегі» желісі – «Уәзір Данданның әңгімесі», «Мәләкүл – Мауыт туралы әңгімедегі» «Төрт жүз сексен тоғызыншы түн» (бұл сюжет «Рауа бану» мен Әділ – Зайытқа» желі болған), «Жеті уәзір, бір кәнізек», т.б. «Тотынамада» – «Төртінші түн» әңгімесінде: Баяғыда бір ақкөңіл кісінің әйелі асқан сұлу болса да, түк қызғанбайды екен. «Қызғанбайтын еркек болушы ма еді», – деп, сынамақшы болған балдызы еркекше киініп кеп, апасының қасына жатып қалады. Сырттан келген ері әйелінің жанында жатқан еркекті көріп: «Ей, жігіт, тұр орныңнан. Ендігі кезек – біздікі», – депті [7, 300-б.].

Бұған таң қалған әйелі мен балдызына ғибратты бір әңгіме айтып, «содан әйелді қызғанбайтын болдым», – дейді. Әңгіме «Мың бір түннің» – «Ұлы патшаның екі ұлы» сюжетіне өте ұқсас. Орманда бір «піл» кейпіндегі сиқыршы арқасындағы шатырға әйелін салып алып жүреді екен. («Мың бір түнде»: дию әйелін сандыққа салып, қолтығына қысып жүреді). Піл жайылып кеткенде, әйелі ағаш басындағы кісімен болады. Қолындағы жіпте

тоқсан тоғыз түйін бар екен. Жіпті тағы бір түйеді: «Неше адаммен көңілдес болсам, соншама түйіп отырдым», – дейді.

Ал, «Әділ – Зайыт» пен «Рауа бануда» күйеуі сапарға кеткендегі әйелдерінің басынан өткен оқиғасы айтылады. Екі әйелдің іс-әрекеті екі түрлі. Тұрмағамбеттің «Рауа бануында»: күнкөріс қамымен күйеуі сапарға кетісімен, Рауа қайнысының жаласын, құлдың қиянатын, кемедегі жігіттердің зәбірін көрсе де, Алланың шапағат-мейірімінен арын сақтап қалады. Ақыры, патша болып, өз күйеуіне қосылады. Ал, «Әділ-Зайыттағы» әйел күйеуі кетісімен, көлденең жігітпен көңілдес болып, оның жолында баласынан айырылып, абыройы төгіледі. Күйеуі ешқандай мал-мүлкі болмағандықтан, қайыр тілеп күн көреді екен. Бір адам кездесіп: «Саған арамнан беретін он ділдам бар, нәпсіге разы болып, осыны аласың ба?» – дейді. Сонда Зайыт: Ей, тақсыр, арамдықтың жолы қиын, Басуға арам іске келмес күйім. Адалдан Құдай жолына разы болып, Берсеңіз разымын жалғыз тиын. Секілді қардың суы тез суалар, Арамнан керегі жоқ қылған сыйың, – деп жауап беріпті. Зайыттың адалдығына көзі жеткен әлгі адам: «Мал басың көп болсын», – деп бата береді де, жанынан бір алтын ділдәні Зайытқа ұсынып, кете береді. Ол ақшаға Зайыт бір құс сатып алады. Құдайдың құдіретімен, намазшам болғанда, құс сілкінеді де, қанатының астынан гауһар түседі. Күніне бір зүбәржат әкеліп беріп тұрады. Зайыт байып кетеді. Ұлды болып, Барат деп ат қояды. Өзі қажылық сапарына аттанады. Шырғалаң осыдан кейін басталмақшы. Зайыт келген соң, әйелі бір жігітпен ашына болады. Жігіт қапастағы құсты көріп, мәнісін сұрайды. Бұл құстың басын жеген адам, не патша, не уәзір болмақшы екенін біледі. Мұны естіген жігіт ашынасына ауруға душар болғанын, тек осы құстың етін жегенде ғана сауығатынын айтады. Әйел құстың етін пісіріп жатқанда, баласы жылап, жұбанбай қояды. Күні: «Құстың етінен бір тістем беріңіз», – деп сұрайды. Әйел ашынама аз боп қалар деген оймен құстың басын кесіп береді. Құстың басы тимей қалған жігіт баланы өлтіріп, басын жесе де, бәрібір патша, не уәзір болмақшы еді. Ертесіне жігіт әйелге келіп: Басын жесем балаңның оңаламын, Күліп-ойнап өзіңмен жүре аламын. Қимасаң жалғыз ұлды Айымханым, Қараңғы мүлде көрмей жоғаламын, – дейді. Айымхан масқара болып, оған да көнеді. Бұл жағдайды үй сыртынан естіп тұрған күн, сол түнде баланы алып, шалғай бір шаһарға қашып кетеді. Баладан тағы айырылғанын білген жігіт, әйелмен біржолата ат кекілін кесіп, кетіп қалады. Зайыт қайтып келсе құс та, бала да, күн де жоқ. Әйел оған бәрінің де қаза жетіп, өлгенін айтады. Барат батыр болып өсіп, көп жылдан соң, әкесімен көріседі. Азғын шешесін өлімге бұйырады. Сонда әкесі былай деп айтады: Айыбын анаңыздың әшкере етсең, Жайылар күллі мысыр қаласына. Кең болсаң, кешірімді, кем болмайсың, Жақсының кім жетеді бағасына. Бұл қисса дәстүрлі гуманистік түйінге жүгінеді.

«Патшаның ұлы Әбділмәлікте» бір патшаның қызы терезеден қарап тұрып, ұясы өртенген кезде тотының еркегі қашып кеткенін көріп, күйеуге шықпайды: Ағаштың төбесінде жүрді тоты, Шалады бұл тотыны өрттің оты. Еркек тоты жоламай, қашып кетіп, Ханшаның мұны көріп кетті құты. Ханшаға ғашық болған ханзада қыз сарайына бұған қарамақарсы мағынадағы сурет салдырады.

Онда:

Байқамай суға кетті екі лақ,
Артынан ата киік түсті жылап.
Ұрғашысы анадай жерге барып,
Ғажаптанып тұрады шыдап қарап.

Бұл суреттен ғибраттаған ханша – ханзадаға күйеуге шығады. «Ғаяр қатынның оқиғасы» «Жеті уәзір, бір кәнізәктағы» – «Екінші уәзірдің әңгімесімен» бірдей.

Кедейшіліктен құтылу үшін зинақор еркектердің алдап, масқаралаған сұлу әйелдің оқиғасы айтылады. Жырды Саяділ Керімбеков Қозыбағар ақынның айтуынан жазып алған. Кедейленген Базарқанның сұлу әйелі ниеті қара қасапшының алдап, ақшасын алады. Шай беріп бола бергенде, жолаушылап кеткен күйеуі келіп қалған болады. Қасапшыны бесікке жатқызады. Күйеуіне: «Сен кеткелі сегіз жылдай болды ғой, мынау – сондағы іште қалған бала, мешел боп жатыр», – дейді. Бесіктің бетін ашса көзін жұмып, Қападан қасап жатыр

өлейін деп. Базарқан: «Баламыздың сақал-мұрты өсіп кеткені – ұят», – деп сақалын қырып, енді етін сылып, кеспекші болғанда қаша жөнеледі: Арқалап ағаш бесік арқасына, Қақпаның өзін таппай қатты састы. Бесікті арқасынан лақтыра сап, Қораның қақпасынан қарғыш асты. Одан соң сақалшы Қасымақын дегенді «күйеуі келіп қалған кезде» есіктің бұрышына отынның астына жатқызады. Күйеу білмеген болып отынды жаққан кезде: Быжылдап сақал-мұрттан түк қалмады, Күйбеңдеп сақал байғұс неғып жатыр! Жанынан жалын өтіп баратқан соң, Орнынан қарғып тұрып қашты батыр. Соңында Қазының өзін бұзау сияқты қазыққа байлап қояды. Әрең қашып құтылады. Бұл дастанда «әйел мекерлігі» әзіл-күлкімен берілген [7, 314-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәлике қыздың хикаясы – «Егемен Қазақстан», 1992. 1-сәуір. Жариялаған С.Дәуітов, И.Шафиғов. 5-7 беттер
2. Халық дастандарындағы әйел бейнесі. – Алматы: «Ана тілі», 2011. – 63 б.
3. Көпеев М. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. 1-2 том. Алматы: «Ғылым», 1992. – 220 б.
4. Зияддин Нахшаби. Тотынама. Аударып түсінігін жазған Қоңыратбаев Ә. Алматы: «Жазушы», 1991, 304б.
5. Ертегілер. Алматы: «Жазушы», 1988. 1-том, 288 б.
6. Литература Востока в средние века. Москва, 1970. – 472 с.
7. Нахшаби Зийа а-Дин. Тотынама. Алматы: «Жазушы», 1991. 300-320 беттер

ӘӨЖ 82-1/-9

5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мамиля Джакыпбекова

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Гульдара Ералина

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің магистранты

tamilya_72@mail.ru, umbrella_sun_777@mail.ru

Талдықорған қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада қазіргі жалпы білім беретін орта мектепте поэзиялық шығармаларды оқыту процесінде оқушылардың қызығушылығын дамытуға ықпал ететін және кедергі келтіретін факторлардың түрлері қарастырылды.

Тірек сөздер: танымдық қызығушылық, оқу мотивациясы, оқыту әдістемесі, оқу процесінің біркелкілігі, авторитарлық ұстаным.

Аннотация: В статье рассмотрены виды факторов, способствующих и препятствующих развитию интереса учащихся в процессе преподавания поэтических произведений в современной общеобразовательной средней школе.

Ключевые слова: познавательный интерес, учебная мотивация, методика обучения, единообразие учебного процесса, авторитарная позиция.

Annotation: The article considers the factors related to the development of students' interests in the process of teaching poetry in a modern secondary school.

Keywords: cognitive interest, educational motivation, teaching methods, uniformity of the educational process, authoritarian position.

Сан ғасырлардан бері шабыт пен шындықтың қайнар бұлағы болып табылатын поэзиялық шығармалар - оқушылардың жеке басының қалыптасуына, эмоционалды, интеллектуалды тұрғыдан дамуына әсер етудің, ұлт пен адамзаттың моральдық-эстетикалық құндылықтарымен таныстырудың ең күшті құралдарының бірі. Өйткені поэзиялық шығармалар оқушылардың бойында жалпы адам баласының ішкі әлеміне деген танымдық қызығушылықты оятады, сондай-ақ өзін-өзі, қоршаған әлемді түсінуге, адамның табиғатына, оның қоғамдағы орнына, тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси үрдістерге, авторлардың эстетикалық ізденістеріне, болмыстың философиялық, адамгершілік негіздеріне қатысты көптеген өмірлік сұрақтарға жауап табуға деген ұмтылысты тудырады. Бұдан басқа, сезім мен көңіл-күйді, ой-пікір мен көзқарасты жеткізудің рифм мен ырғаққа салынған жолдардың тағы бір, көбісі біле бермейтін «артықшылықтары» баршылық: оқу және вербальді дағдыларды, эмпатия мен көрегендікті, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын кеңейту, эмоцияларды басқаруға, жеке пікірді қалыптастыруға, шығармашылық стандартты емес тапсырмаларды шешуге көмектесу, сын тұрғысынан, бейнелі ойлау қабілетін жаттықтыру, есте сақтау қабілетін жақсарту, сөз құдіретін түсіну, эмоционалды интеллектті, төзімділік пен өзара сыйластықты қалыптастыру.

Алайда, қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептер оқушыларының ұлттық дүниетаным мен сана-сезімді, яғни ұлттық кодты қалыптастыруда даналықтың қайнар көзіне айналған поэзиялық шығармаларды оқуға деген танымдық қызығушылығының жоғалу проблемасына тап болып отыр, бұл, өкінішке орай, бүгінгі күннің әлеуметтік-мәдени «шындығы мен қажеттілігіне» байланысты. Жалпы білім беретін мектептерде білім алушы 5-9 сынып оқушыларының поэзиялық шығармаларды оқуға деген танымдық қызығушылығын арттыру жас оқырмандардың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын қалыптастырудың, оларды әлемдік өнермен таныстырудың, рухани дамудың маңызды кезеңі болып табылатынын әрбір мұғалімнің түсінетіні сөзсіз. Бірақ оқушылардың поэзиялық шығармаларды оқуға деген танымдық қызығушылығы мен мотивациясының төмендеуі – шешуді талап ететін өзекті мәселе. Танымдық қызығушылық пен мотивацияның төмендеуі көбінесе жасөспірім балаларда байқалады: жаңа тақырыпқа зер салмайды, жаңа материалды игеруде белсенділік танытпайды, автор өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы мәліметтер мен деректерді «ой мен көңіл елегінен» өткізбейді, нәтижесінде поэзиялық шығармаларды талдау мен талқылау формальды түрде жүзеге асады. Бұл орайда мұғалімнің ең маңызды міндеті - оқушыларды әртүрлі іс-әрекеттерді игеруге үйрету және танымдық қызығушылықтың жоғалуына жол бермеу, поэзиялық шығармаларды оқыту кезінде оқу-танымдық іс-әрекетке оң мотивацияны қалыптастыру, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және сыныпта қолайлы психологиялық климат құру, өзін-өзі тану, бағалау, үздіксіз жеке және кәсіби жетілдіру қабілеті бар шығармашылық, әлеуметтік бағдарланған тұлға критерийлеріне сәйкес келетін, поэзиялық шығармаларға сүйіспеншілігі мол жас ұрпақты тәрбиелеу. Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында әр сабақта оқушылардың танымдық қызығушылығы мен мотивациясын дамыту үшін жағдай жасау қажет, яғни әр оқушыға білім алу процесінің белсенді қатысушысы болуға мүмкіндік беру керек. Бұған мұғалімнің сабақтарда оқушылармен жұмыс істеудің әртүрлі сараланған және жеке формалары мен әдістерін, топта қарым-қатынас жасау, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту тәсілдерін оңтайлы қолдана білуі ықпал етеді.

Танымдық қызығушылық - өткізілген сабақтың сәтті өтуінің негізі, сабақта әр оқушының өзін-өзі жүзеге асыруына түрткі бола алатын, жаңа ақпаратқа деген назарды қалыптастыратын негізгі қозғаушы күш. Сонымен қатар танымдық қызығушылық қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін білімді ұрпақты даярлауға, ғылыми-техникалық прогресс міндеттерін шешуге, халықтың рухани құндылықтарын дамытуға ықпал етеді. Қазіргі қоғамның әлеуметтік-педагогикалық міндеттерін ескере отырып, оқушының оқу процесінде жүзеге асыратын танымдық іс-әрекетін жас ұрпақтың негізгі қызметі деп санау керек. Бірақ оқушыларды танымдық оқу іс-әрекеті үрдісіне тартуға, әсіресе поэзиялық шығармаларды оқуға деген танымдық қызығушылығын дамыту қажеттілігін қалыптастыруға оқытудың

қалыптасқан жүйесіне елеулі өзгерістер енгізбей, қалай қол жеткізуге болады?

Психологиялық және педагогикалық оқулықтар мен оқу құралдарында, зерттеу жұмыстарында танымдық қызығушылыққа әсер ететін жағдайлар мен факторлардың классификациясы кездеседі. Мәселен, танымдық қызығушылық деңгейін төмендететін келесі себептер ерекше аталып өтіледі:

1. Танымдық іс-әрекет процесінде қиындықтарды жеңуге қабілетсіздік;
2. Түсінуді және есте сақтауды қажет ететін оқу материалының үлкен көлемі;
3. Оқудан алшақтататын факторлардың болуы;
4. Оқу процесінің біркелкілігі;
5. Оқу процесін ұйымдастырудың «ескірген» әдістері;
6. Мұғалімнің авторитарлық ұстанымы [1, 113-114].

Оқу - арнайы дағдыларды қажет ететін іс-әрекет болғаннан кейін, берілген немесе өздігінен алған ақпаратты, материалды талдай білу, түсіну, есте сақтау, сондай-ақ табандылық, зейін мен шыдамдылық сияқты жеке қабілеттер мен қасиеттердің қалыптаспауы оқуда туындаған қиындықтарды жеңуге мүмкіндік бермейді, нәтижесінде оқушылардың үлгерімі, танымдық қызығушылығы төмендейді, яғни оқушылар бөлінген уақыт ішінде оқу бағдарламасымен көзделген білімді, дағдыларды қажетті деңгейде меңгере алмайды, сыныпта берілген және үй тапсырмаларын орындау қиындық тудырады. Ресей психологы К.В.Бардиннің бұл туралы ойы келесідей: «Неуспевающие школьники не умеют учиться, они не желают или не могут осуществлять логическую обработку предлагаемой темы. Эти обучающиеся на уроках и дома трудятся не систематически, а если оказываются перед потребностью подготовить урок, то либо делают его наспех, не анализируя учебный материал, либо заучивают наизусть, не вникая в сущность заучиваемого. Они не работают над систематизацией знаний, не устанавливают связей нового материала со старым. На основании этого знания неуспевающих учеников носят бессистемный, фрагментарный характер» [2, 24-25]. Қиындықтарды жеңбей оқыту да, оқу да мүмкін емес. Шартты түрде оқушыларды мектеп бағдарламасын сәтті меңгере алатындарға және оқу процесі қиындық тудырудың салдарынан үлгерімі төмендейтіндерге бөлуге болады. Жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту, педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыру жалпыға бірдей білім мен мәдениеттің жоғары деңгейіне жетудің міндетті шарты болып табылады. Көптеген мектептер оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапасының үлгісін көрсетеді, барлық оқушылардың жақсы үлгеріміне, олардың мектеп бағдарламасы талап ететін білім мен дағдыларды терең және берік меңгеруіне қол жеткізеді. Бірақ, сонымен бірге мектептерде бір пәннен, кейде бірқатар пәндерден үлгерімі төмен оқушылар да бар. Үлгерімі төмен оқушы бойында үлгерімі одан жоғары оқушылардың басым санымен салыстырғанда төмендік сезімі, өз күшіне сенімсіздік, оқу сабақтарына немқұрайлылық туындауы, ал кейбір жағдайларда мұғалім, психолог, ата-ана тарапынан уақтылы көмектің болмауы баланың мінез-құлығының өзгеруіне, тіпті қиын жасөспірімдер қатарына қосылуына алып келуі мүмкін. Сондықтан оқушылардың оқу процесінде кездесетін қиындықтарды жеңе білу, алға қойылған тапсырмаларды орындай алу, білім деңгейінің төмендеуінің алдын алу - қазіргі мектептің, жалпы педагогиканың өте өзекті міндеттері мен мәселелерінің бірі. Сонымен қатар, оқушылардың үлгерімі мен білім деңгейі мектептің барлық жұмысының сапасын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер болып табылатынын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасаудың келесі алгоритмі ұсынылады:

1) бірнеше педагогтың сабақтарды, оқыту процесін бірлесіп жоспарлауы (олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу материалын қайталау, бекіту, оқу

тапсырмаларының минимумын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу әрекетін реттеу және т.б.);

2) оқу іс-әрекеті барысында қолдау көрсету және кеңес беру;

3) оқу іс-әрекетін ынталандыру (көтермелеу, табысты жағдаяттарды туғызу, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.);

4) оқушының оқу іс-әрекетінің және оқу жетістіктерінің мониторингі (білім алушыларға жүйелі сауалнама жүргізу, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауда белсенділікті арттыру және т.б.);

5) қосымша сабақтарды және өзара көмек беруді ұйымдастыру;

6) білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс;

7) өздігінен орындайтын тапсырмалар үшін қашықтан оқыту жүйесін пайдалану.

Оң нәтижеге оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын әдіс-тәсілдер әр оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізуде алдыңғы қатарға тәрбиелік және дамытушылық педагогикалық әсерлер қойылады. Мұндай оқушылармен жұмыс істеудің мақсаты оқу дайындығындағы олқылықтардың орнын толтыру ғана емес, сонымен бірге олардың танымдық тәуелсіздігін дамыту деп танылады. Бұл өте маңызды, себебі сыныптастарын «қуып жетіп», оқушы келешекте олардан артта қалмауы керек. Оқушыларды күнделікті зерттеу, үнемі қолдау көрсету, олардың күш-жігерін ынталандыру – төмен үлгерімнің алдын алудың маңызды шарты. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, төмен үлгерім формалары туралы сөз қозғағанда, оқытудың әртүрлі әдістерін ұсынуға, оқушыларды дайындық деңгейі, қабілеттері, қызығушылықтары, жеке ерекшеліктері немесе басқа да белгілері бойынша топтастыруға болады. Жаңа материалды түсіндіру кезінде мұғалім кейде ілеспе сұрақты қолдана отырып немесе түсіндірілгенді қайталауды ұсына отырып, үлгерімі төмен оқушының назарын ынталандырады және сонымен бірге берілген ақпаратты қаншалықты қабылдағанын, түсінгенін тексереді. Қажет болса, мұғалім оқу материалын қарапайым түрде екінші рет түсіндіре алады немесе сабақ кезінде, сабақтан кейін кез келген үлгерімі жоғары оқушыға сабақ барысында өткен тақырыпты тағы бір рет түсіндіріп беруді ұсына алады. Бүкіл сыныпқа үйге берілген жалпы тапсырмамен қатар, үлгерімі төмен оқушылардың артта қалу сипатына байланысты алдын ала белгіленген жеке үй тапсырмаларын беруге де болады. Қажет болған жағдайда үлгерімі төмен білім алушылармен білімдегі елеулі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында сабақтан тыс уақытта артта қалудың біртектілігі негізінде құрастырылған шағын топтарда немесе жеке қосымша оқу сабақтарын, келесі сабақта өтілетін оқу материалын сыныппен бірге жете меңгеруге дайындық жүргізу үшін кеңес беру қосымша сабақтарын өткізу айтарлықтай нәтиже беретіндігі күмән тудырмайды. Ал поэзиялық шығармаларды оқытудың ең көп таралған тиімсіз әдістерінің қатарына келесілерді жатқызуға болады: материалды алдын ала кіріспе жұмыстарды орындамай жаттау, әдебиет теориясына қатысты тиісті терминдер мен анықтамаларды, сипаттамаларды игермей әр түрлі тапсырмаларды орындау, бақылау және қадағалау әрекетінің болмауы. Оқушылардың шығарма мәтінін игеру, жаттау кезінде осы мәтінді бірнеше рет оқу сияқты жұмыс әдісін қолданатынын байқап жүрміз. Керісінше, оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым сынды коммуникативтік, жаттап, есте сақтау дағдыларын игеру үшін материалды топтастыру, тірек бөлімдерін белгілеу, жоспар құру, тезис жазу, сызба жасау, негізгі ойды табу, көркемдегіш құралдарды анықтау сияқты автор туындысын талдаудың ұтымды әдістерін оқушының әдеттегі жұмыс әдіс-тәсілінен айырмай, оқу іс-әрекетіне біртіндеп енгізу айтарлықтай көрсеткіштерге қол жеткізуге септігін тигізеді деп ойлаймыз. Сондай-ақ, үлгерімнің төмендігін жою бойынша жоғарыда аталған шаралармен қатар мектеп әкімшілігі тарапынан, әсіресе 5-9 сынып мұғалімдерінің педагогикалық біліктілігін арттыру және оқыту әдістерін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысында сабақтастықты қамтамасыз ету, директор мен оқу, тәрбие істері жөніндегі орынбасарларының мектепшілік бақылауын күшейту және келесі сыныпқа ауыстырылатын барлық оқушылардың оқуды жалғастыруға толық дайын болуын қамтамасыз ету сияқты іс-әрекеттер орындалуы тиіс. Бір уақытта қолданылатын осы

шаралардың барлығы, біздің ойымызша, мұғалімдерге де, ең бастысы, оқушылардың өздеріне де танымдық іс-әрекет процесінде қиындықтарды, үлгерімнің төмендігін жеңуге, өзін-өзі бағалау деңгейін және білім сапасын арттыруға көмектесуі қажет. Оқушыларға үлкен көлемді материал мен ақпаратты беруге тырысу білім алушылардың шаршауына, зейіннің басқа жаққа ауысуына әкеледі. Сабақ барысында меңгерілетін оқу материалының, орындалатын тапсырмалардың көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрығына сәйкес сыныптар бойынша бекітілген апталық сағат санымен реттелсе, үйде орындауға берілетін тапсырмалар көлемі кейде ескерілмей жатады. Мұғалім үй тапсырмасын ұйымдастыру кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу материалының күрделілік дәрежесін ескере отырып, оның көлемін анықтау қажет. Үй тапсырмасы оқушыларға келесі шектерде орындау мүмкіндігін ескере отырып берілуі тиіс: 5-6 сыныптарда – 90 минут, 7-9 сыныптарда – 110 минут [3]. Шектеулі уақыт аралығында үлкен, алуан түрлі, күрделі материалды игеру үшін оны жеке ақпараттық бөліктерге бөліп, оларды игеру кезінде біртіндеп бірген жөн. Оқу оқушылардан қарқынды өзіндік жұмысты талап етеді, алайда теледидар көру, компьютерлік ойындар, түрлі гаджеттерді қолдану сияқты мәселелер оқу нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Компьютер мен смартфонды пайдалану, теледидар көру және бейне ойындарға деген құштарлық мектеп оқушылары арасында бұрыннан танымал демалыс түріне айналды, сондықтан ғалымдар олардың балалардың өміріне әсерін әр қырынан зерттеп жатыр. Кейбір зерттеулер семіздік пен ұйқының бұзылуы сияқты денсаулыққа қауіп төндіретінін көрсетеді, ал басқа жұмыстарда авторлар балалардың психикалық денсаулығына әсері туралы айтады. Керісінше, әлеуметтік байланыстарды қалыптастырудағы гаджеттердің рөлін талқылайтын және бейне ойындардың балалардың әртүрлі дағдыларды игеруіне оң әсерін көрсететін басылымдар да бар. Сонымен қатар, оқытудағы гаджеттердің маңыздылығы туралы сұрақ туындайды: бір жағынан, оларды пайдалану ақпаратты қол жетімді етіп, іздеуді жеңілдетеді және коммуникацияны жеделдетеді, ал екінші жағынан - жеке дағдылардың дамуына кедергі келтіруі немесе жалпы оқу үлгерімін төмендетуі мүмкін. Көптеген оқушылар гаджеттерде көп уақыт өткізе бастады. Нәтижесінде достарымен тікелей қарым-қатынастан, үйірмелер мен секциялардан алыстады. Ата-аналар көбінесе жұмыста болғандықтан, балалардың гаджеттерде өткізген уақытын басқара алмайды. Гаджеттерді пайдаланып, ұзақ отыру денені, әсіресе әлі жетілмеген балалар психикасына кері әсер етеді. Мысалы, компьютерде қозғалыссыз, бірнеше сағат бойы жұмыс істеу көру қабілетінің нашарлауына және гиподинамияға әкеледі. Компьютердің балаға зиянды әсері дененің электромагниттік сәулеленуінде де көрінеді. Бірнеше жыл ішінде жиналуы мүмкін үлкен дозалар ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Сондықтан ата-ана баласының үлгеріміне және денсаулығына теріс әсерін болдырмау мақсатында гаджеттерді ұтымсыз пайдаланудың алдын алуы тиіс.

Бірқелкі, бір-біріне ұқсайтын, қызықсыз сабақтар мен мұғалімдердің іс-әрекетіне толы мектеп өмірі оқушылардың танымдық қызығушылығын, ал оқу процесін ұйымдастырудың әдеттегі әдістері, олардың бірқелкілігі білім алушылардың мотивациясын төмендетеді. Қазір білім беруді жаңғырту аясында педагогикалық тәуекел мәселесі әсіресе өзекті болып отыр, себебі ол білім алудың барлық кезеңдерінде оқыту әдістері мен оқытуда инновацияларды қолданудың барлық аспектілерін, яғни оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын, мазмұнын, әдістері мен формаларын жаңартуды, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруды қозғайды. Поэзиялық шығармаларды оқытудағы да инновация өзінен-өзі пайда болмайды, ол әр мұғалімнің, бүкіл мектеп ұжымының ғылыми ізденісі мен практикалық тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасатын дүние. Инновация мәнін түсінуде қазіргі педагогиканың екі негізгі проблемасы жатыр: озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жалпылау, тарату мәселесі және жаңашыл педагогтардың жетістіктерін енгізу мәселесі. Бүгінгі таңда соңғы технологиялық әзірлемелерді, қосымшалар мен бағдарламаларды,

бірегей жаттығулар мен тапсырмаларды, шынайы, заманауи, қызықты аудио және бейне материалдарды, сондай-ақ интерактивті оқыту құралдарын пайдалана отырып, оқушылардың барлық санаттарымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер мен бағдарламаларды енгізген дұрыс, өйткені, уақыт өткен сайын оқушылардың мінез-құлқы, қабылдауы, түсінігі, талабы, санасы, қоршаған орта, моральдық құндылықтар, отбасындағы тәрбиенің қағидалары, тіпті білімге деген қоғам пікірі өзгереді және бұрын жақсы нәтиже берген әдістер кейін тиімсіз немесе мүлдем пайдасыз болып қалуы әбден мүмкін. Поэзиялық шығармаларды дәстүрлі жолмен оқытуға оқушылардың аса қызығушылық танытпауын ескерсек, бүгінде сабақты жүргізу әдістемесінің ақпаратты, оқу материалын жеткізудің тиімділігі жеткіліксіз екенін көре аламыз.

Сынып-сабақ жүйесі түріндегі жаппай оқытудың қазіргі үрдісін алғаш рет XVII ғасырда чех елінің белгілі ойшылы, педагогы Я.А.Коменскийдің сипаттағаны баршамызға белгілі. Ресейдегі ғылыми педагогиканың негізін қалаушы К.Д.Ушинский сынып-сабақ оқыту жүйесін одан әрі дамытты, яғни барлық артықшылықтарын ғылыми түрде негіздеп, сабақтың үйлесімді теориясын жасады. Содан бері көп нәрсе өзгерген жоқ. Оқушылар партада отырып, мұғалімді тыңдайды, көп жағдайда оқулықтағы материалды ғана оқып, сыныпта, үйге берілген тапсырмаларды орындап, сабаққа қайта келеді. Әрине, сабақта жұмыс істеудің түрлі формалары, техникалық оқыту құралдары мен интерактивті тапсырмалар қолданылады, бірақ бұл жалпы жағдайды өзгерте алмайды. Мектепте көбінесе келесі әдіс-тәсілдер қолданылып келеді: «Венн» диаграммасы, «ПОПС» формуласы, «миға шабуыл», дебат, жоба қорғау, сөздік, өзіндік жұмыс, «Рафт», «Синквейн», «Кейс-стади», «Буриме», «Джигсо», «Мюнстерберг», «Дәлелденген эссе», «Инсерт», «Биопоэма», «Әдеби үйірме», «Автор орындығы», «Екі жақты күнделік», «Дөңгелек үстел», «Галереяға саяхат», «Кардиограмма», «Ассоциациямен жұмыс», «Әліпби желісі», «Өкіл», «Блум таксономиясы», «Балық қаңқасы», «Үш түрлі күнделік», «Үш қадам», «Дербес пікір жазу», «Білім кемесі», «Жетістік ағашы», «Жер қыртысы», «Қызық.Қиын.Құнды», «Зерде», «Бес бармақ», «Сана туннелі», «Төрт сөйлем», «Кубизм», «Түйін кестесі», «Әдеби шеңбер», «Кластер», «Ойлаудың алты қалпағы».

Мұғалімдердің құрылымы белгіленбеген дәстүрлі емес сабақтарға деген көзқарастары әр түрлі: кейбіреулер оларды педагогикалық ойдың ілгерілеуі, оқыту үрдісін демократияландыру бағытындағы дұрыс қадам деп санайды, ал басқалары, керісінше, бұл қадамдарды педагогикалық қағидаларды бұзу деп санайды. Педагогикалық әдебиеттерді талдау дәстүрлі емес сабақтардың бірнеше түрін анықтауға мүмкіндік берді: іскерлік ойын, баспасөз конференциясы, жарыс, компьютерлік ойын, театрландырылған қойылым, консультация, аукцион, сынақ, шығармашылық есеп, байқау, сот процесі, концерт, сұхбат, рөлдік ойын, семинар, экскурсия түріндегі сабақ түрлері, бинарлық сабақ. Оқытудың дәстүрлі емес формалары, ең алдымен, сабақ формаларын әртараптандыру үшін мұғалімнің ізденісін қажет етеді. Бірақ поэзиялық шығармаларды оқыту сабақтарының әртүрлі түрлерін дайындауда қиындықтар бар. Біздің ойымызша, поэзиялық шығармаларды оқыту ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені дұрыс құрылған талқылау оқушыларды автор айтайын деген өзекті мәселелер туралы ойлануға «мәжбүр етіп» қана қоймайды, сонымен қатар оқушының гуманистік, азаматтық, өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Мұғалімнің дұрыс басқаруымен мұндай сабақта оқушылардың моральдық принциптері қалыптасады.

«Педагогическая деятельность - творческая деятельность: учитель при подготовке нетрадиционного урока волен в выборе методов, приемов и форм обучения, которые, по его разумению, обеспечивают эффективность дидактического процесса. Однако это не означает, что педагогическая деятельность не регламентирована определенными требованиями, правилами, нормами» [4, 89]. Демек, түрлі кәсіби қызметтің өзіндік технологиясы бар болса, педагогикалық қызметтің де өзіндік технологиясы бар - дәстүрлі емес сабақты ұйымдастыру ережелері. Поэзиялық шығармаларды оқыту сабақтары тиімді өтуі, мұғалім алға қойған мақсатына жетуі үшін тақырыбын, дидактикалық, дамытушылық және тәрбиелік

мақсаттарын, түрі мен құрылымын дәл белгілеп алу, алдыңғы және келесі сабақтармен байланыстыру, бұған дейін меңгерілген біліммен байланыс орнату, қосымша материал ұсыну, оқытудың ең тиімді әдістері мен әр түрлі қызмет түрлерін, оқу материалының мазмұнын таңдау, көлемін, оқушылардың оқу іс-әрекетін бақылау нысандарын анықтау, сабақтың оңтайлы қарқынын қамтамасыз ету, іс жүзінде жалпы дидактикалық және әдіснамалық принциптерден туындайтын талаптарды жүзеге асыру, оқушылардың оқуын қадағалаудың демократиялық стилін орнату, ынтымақтастық атмосферасын құру қажет. Оқушылар тарапынан ұстаздың авторитарлық ұстанымы әділетсіз, дұрыс емес әрекет ретінде қабылданады және ішкі наразылық пен оқуға құлықсыздықты тудырады. Мұғалімдердің оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмауы немесе қаламауы сабақ үстіндегі нашар тәртіп, сабаққа деген қызығушылықтың болмауы, оқушылардың дөрекілігі сияқты көптеген педагогикалық «сәтсіздіктерге» әкеп соғады. Осылайша, психологиялық зерттеулер бойынша мұғалімге деген көзқарасты оқушылар көбінесе оқытатын пәнге ауыстырады. Шартты түрде педагогикалық қарым-қатынастың үш стилін ажыратуға болады: авторитарлық (басу), индифференттік (немқұрайлылық), демократиялық (ынтымақтастық). Авторитарлық стильді ұстанатын мұғалімдер жан-жақты бақылауға, басқаруға тырысады. Сыныптағы кейбір оқушыларға бұйыра сөйлеп, өткір ескертулер айтса, қалғандарын негізсіз мақтайды, сабақта орындалатын тапсырмалар мен оқу процесінің жалпы мақсаттарын анықтап қана қоймай, орындау тәсілдерін көрсетіп, тіпті кім-кіммен жұмыс істейтінін белгілеп береді, әдетте, жұмыстың, нәтиженің өзі туралы емес, орындаған оқушының жеке басына қатысты ескертулер айтып, өз оқушыларының жетістіктерін субъективті түрде бағалайды. Білім алушыларға импульсивті, жалқау, тәртіпсіз, жауапсыз деп баға беру арқылы өзінің қатаң көшбасшылық стилін ақтайды. Көбінесе авторитарлық ұстанымды құптайтын мұғалімнің сыныбында оқушылар өзін-өзі төмен бағалап, озбырлық танытып, белсенділігін жоғалтады немесе мұғалімнің жетекші рөлімен ғана жүзеге асырады. Оқушылардың күштері білімді игеруге және өзін-өзі дамытуға емес, психологиялық тұрғыда өзін-өзі қорғауға бағытталады: мұғалім сабақты ұйымдастыру міндетін бірінші орынға қойып, сыныпты басқаруға тырысады. Оқушыларды оқытпас бұрын, мұғалімге олардың әрқайсысымен байланыс орнату маңызды, өйткені балалар ұнамайтын мұғалімнің сабағын нашар оқиды.

Әр оқушының, үлгеріміне қарамастан, мектепке баруына, білім алуына белгілі бір себеп болуы керек. Мысалы, сыныптан тыс жұмыстармен айналысу, сыныптастарымен бірге бейнероликтер түсіру, сахналық қойылымдарға қатысу, мерекелерге дайындалу және олардың потенциалын ашуға ықпал етуші басқа да іс-шаралар. Мұғалім сабақты өткізудің қандай да бір формасын, әдіс-тәсілін таңдаса да, оқушыларының бойында танымдық қызығушылық отын жаға білуі жақсы нәтижелерге қол жеткізудің бірден-бір қадамы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вавилова Л.Н., Дочкин С.А., Костюк Н.В., Кузина В.М., Сахарова В.И. «Мотивация обучения в профессиональном образовании: сущность, особенности, развитие» - Мәскеу: ГОУ «КРИПО», 2007 – 208 б.
2. Бардин К.В. «Если ваш ребенок не хочет учиться: методические указания» - Мәскеу: Білім, 1980 – 96 б.
3. <https://kaz.zakon.kz/>.
4. Гуляков Е.Н. «Новые педагогические технологии. Развитие художественного мышления и речи на уроках литературы: методическое пособие» - Мәскеу: Дрофа, 2006 – 172 б.
5. Көшімбаев А. «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» - Алматы: Мектеп, 1969 – 225 б.
6. Жұмақаева Б.Д. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» - Алматы: Қыздар университеті, 2015 – 242 б.
7. Қабдолов З. «Әдебиет теориясының негіздері» - Алматы: Мектеп, 1970 – 380 б.

FACILITATION BASES OF PEDAGOGICAL COMMUNICATION

Asel Khalykbergen

*Postgraduate student of Foreign Languages and Intercultural Communication
Scientific supervisor – candidadte of pedagogicalscience, docent Zh.Zh.Nurzhanova*

Annotation: This article considers the term “facilitation” and reveals the principles of work and the main role of the teacher and facilitator in the system of foreign language teaching. Nowadays, a number of issues have been identified that are completely new in the current education system. One of these questions is to increase the relationship between teacher and student in the process of foreign language teaching. At first sight, the communication of students does not seem to be such a complex organizational problem in a foreign language lesson. However, to solve this problem in a practical version, a much larger contribution is required than the communicative functions development in a foreign language lesson.

Keywords: facilitation, pedagogics, teaching, interaction

One of the main tasks in teaching a foreign language is teaching communication. Communication is a complex much planned process of establishing and developing contacts between people and groups, which have generated by the needs of joint activities. There is a problem, that children do not know how to communicate, so teaching communication is necessary in modern school. The relevance of facilitation lies in the fact that teaching communication is more effective if it is easier and more accessible for students.

Based on this, the main tasks of facilitation are the following:

- 1) individual development and creative manifestations of students;
- 2) stimulation, provision of pedagogical support and initiation of various forms of student activity at all stages of the pedagogical process, which the personal formation and development is carried out.

Consequently, the question of what pedagogical technologies will allow to implement the facilitating function in the activities of a university teacher has taken on special significance.

We assumed, that technologies have such opportunities, which allow to provide interaction of all participants of the pedagogical process at all its stages, also to create the favorable conditions for independent and meaningful learning, to activate and stimulate the curiosity and cognitive motives of students and their group of educational work, to support the manifestations of cooperative tendencies in it, to provide students with a variety of educational materials; to increase the independence and responsibility of students; to develop their individual and creative manifestation.

The term “facilitation” appeared in the teaching methodology, it is borrowed from psychology. Facilitation is the facilitating interaction within a group (from the English “facilitation” - facilitate, help), it is the process of helping the group to complete a task, solving a problem or achieve an agreement to the mutual satisfaction of the participants [1].

Accordingly, the task of the facilitator is to help individual participants find harmony in relations with the group and by themselves, therefore, the teacher should know the process well and possess the appropriate skills for effective facilitation.

From the point of view of the facilitator, the process of mastering a foreign language is a work, which the teacher provides material and facilitates its development and the students learns by themselves. The task of the teacher is to turn this work into an interesting interaction. However, it is important that the speech material, suitable to use in different communicative situations, and it was introduced by the teacher orally and accompanied by choral repetition of the students.

These are small texts and dialogues, songs and poems, intended for verbatim memorization with a view to their subsequent use in various situations. Memorization of this material is facilitated by various supports, such as drawings or pictures, actions with objects, gestures and others, which are presented by the teacher and repeated by students to smooth reproduction of utterances.

The facilitation process contributes not only to increase the efficiency of work in a group, but also to the full involvement, activity and interest of students.

Facilitation is a way of educational interaction, where all participants are in the process and the facilitation is involved to feel comfortable, behave naturally and accept actively other participants. Using a different terminology, facilitation, which is included in the learning process, to contribute facilitating interaction in the group (students and students; teacher and students).

The facilitation process contributes not only to increase the efficiency of work in a group (class), but also to the full involvement, activity, and interest of students.

The term “facilitation”, then can be referred from several different sources. For example, according to a big psychological encyclopedia, facilitation is the process, which allows you to organize speech interaction effectively in the classroom (here, it can include discussion of a complex problem, joint decision of a controversial situation).

The term “facilitation” is revealed as an increase in the productivity of a person’s activity and the result of the actualization of the image of another person in the mind of this person in brief Psychological Dictionary. Thus, we can see that facilitation is closely related to the group, with the interaction of the group, such as verbal and emotional.

A large role in the organization of speech interaction between the teacher and students in foreign language lessons, of course, it is assigned to the teacher. The teacher should possess such skills as organization of training, taking into account the individual peculiarities of students and the general communicative orientation.

K. Rogers referred to the concept of “facilitation” and considered this term as “genuine education reform”. And he argued, that indeed the education of students, which can lead to meaningful learning, it is absolutely impossible to provide only by improving the skills and abilities of teachers; it is also impossible to use only the development of new experimental programs.

According to the author, the teacher have to be included independently in the process of verbal or emotional interaction with students in the learning process [3].

From the point of view of the facilitator, the process of mastering any foreign language is a complex and systematic work, which the teacher is able not only to provide competently the necessary material, but also to facilitate its development for students. The facilitator should build a foreign lesson in an interesting way using speech interaction, which is very important for learning foreign languages.

The personality of the teacher when to communicate with students should appear not only in the proper management of educational activities, but also help students to adapt in the system of learning a foreign language. It is important that all the speech materials are used in the process of foreign language teaching, and it could be scoring, in other words, the teacher should use the material which can be used in different communicative situations.

This material should be introduced in oral form and accompanied by revision of the students. Speech material includes various texts and dialogues of a small volume, which are intended for memorization and which can be used easily by students in colloquial speech. Memorization of speech material can facilitate with the help of various additions, for example, the use of pictures, mimes, actions with objects.

The research problem, which reflected in the author’s works was the study of classes and the use of speech material in foreign language lessons in the process of cognitive development of students. The main conclusion, that was presented from the conducted and published materials of the experiment, it is the confirmation of the theory effectiveness of students’ cognitive development and the desire of teachers to include actively the new facilitative teaching methods in the study of English grammar [1].

Yu.I. Aparina wrote, that special requirements should be subject a special requirements to the level of professional speech of foreign language teachers. The goal of professional speech of a teacher is to facilitate existing problems in the process of teaching a foreign language, which may be associated with psychological, linguistic, didactic barriers in communication of students [2, 108].

A teacher, who works for efficiency in achieving results, for creation a comfortable and trusting atmosphere in the classroom:

- it is not only the organizer of the learning process, but also the organizer of a group of students.

The facilitator can play the following roles to facilitate student learning:

- the teacher and facilitator should be understandable and have a high level of self-control, such as acceptance of feelings, of all participants in the educational process;

- the teacher and facilitator has to interact with a group of students throughout the entire learning process (for example, monitor the reaction, listen and accept the ideas of students);

- the teacher and facilitator should encourage discussion in the class, use alternating questions and answers in the work, because it will greatly facilitate the learning process;

- the teacher and facilitator should demonstrate, explain to students incomprehensible terms and phrase combinations using examples.

Thus, at the first stage, students do not see the input material, they only hear it. Students are not afraid to repeat after the teacher - after all, this is a choir! The choir protects each student from the fear of imperfection and criticism of the teacher. Phrases are translated by the teacher if they are obviously new and incomprehensible, or this can be done with the help of students if there is a possibility of linguistic guessing. The input material requires auditory reinforcement. Students should have audio recordings for home listening and further development.

At the next stage, we deal with the visual perception of the material. The teacher does not start working with educational material by presenting grammatical rules and patterns. When communicating, knowledge of the rules blocks the freedom of speech statements. While a person thinks about times and declinations, communication is interrupted.

After a certain time of use, the assigned communicative material is analyzed. The “mental reference book” for correcting this or that phenomenon is not lists of rules from textbooks, but phrases from memorized texts, by analogy with which new statements are quickly and correctly generated.

The next stage is when speech interaction becomes more free, and speech control focuses mainly on content, not form.

At this stage, it must be remembered that communication is always caused by some need or desire to make contact. Therefore, the motive can be introduced with the words “because” or “in order to”, “therefore”, outlining the situation or the necessary consequences that we are striving for. This wording facilitates the inclusion of students in this task and encourages them to remember the necessary speech segments. [4, 39].

What to do with the mistakes that occur? Mistakes are a natural part of the learning process, they learn from mistakes, so they should be tolerated. Involuntary oral speech in a communicative situation is the very condition for the occurrence of errors even in well-learned linguistic phenomena.

At the same time, looking for mistakes and chasing the correctness of speech means to destroy communication by instilling uncertainty in students, that is, in this way to support and strengthen the block in the relation of the ability in communication.

In one of my practical lesson, we give students the freedom to speak, react, engage in discussions and focus only on the content, and ignored their mistakes. In this case, communication skills are trained and developed and the correctness of speech fades into the background and ceases to be the immediate goal of training. When perceiving this communication, the most typical flaws, of course, remain in the memory of teacher. In the next lesson, we simply consider those phenomena, where mistakes were occurred. Some mistakes have to be sorted out several times, because the correct options do not settle immediately in the mind of the students.

An analysis of psychological and pedagogical researches showed, that nowadays there is no definition of the concept of facilitating communication. Facilitating communication is understood as free communication, to involve a combination of potential and existing freedom, spiritual openness of the subjects of communication. This is a communication that you can choose and determine in relation to it, build your opinion, position, and also this is communication, excluding monologue both in statements and in their comprehension.

It involves self analyzed of the personality and its self-determination, facilitating communication is initiating the creativity of the individual. It allows a person to go forward, self-actualizing in the spiritual acts of the creative. [5, 18].

The concept “*facilitating pedagogical communication*” is considered as one of the types of professional communication between a teacher and students and characterized by the presence of two-way communications, based on a dialogic form of interaction and cooperation, aimed for understanding the personal meanings of the statements and behavior of student, which allows to feel confident and safe for a child, increases his self-esteem, initiates the creativity of a personality development in our research work.

Teaching facilitation communication assumes, that students begin to love the language they are learning and enjoy being in a foreign language environment all the time when they are in the classroom. It becomes possible if the teacher loves the language and conveys his or her joy from immersion in a foreign language environment to students. The teacher needs to refer to modern cultural and linguistic phenomena and the students realize that the teacher is in live contact with the language. These facts raise their authority and the reliability of the coming information.

When addressing students in the studied language, the teacher may sometimes translate parts of speech into native language, if there is any doubt that will understand without translation. It makes no sense to say and know that students perceive only sounds that do not carry specific content for them.

Thus, facilitation implies that students start to love the language, which they are learning and enjoying to be in a foreign language environment. Facilitative communication allows you to create positive motives for further language learning, which encourages students in turn to take their own position and be active.

And also, the teacher becomes a facilitator of the fascinating process of mastering a foreign language, to facilitate rather than complicate the learning process.

In conclusion, we can say that a teacher and facilitator is a teacher who makes lesson easier for students and are learning a language unfamiliar to them to manifest their own initiative, independence by his or her presence and influence and also contributes to the process of mental development and provides positive interpersonal interaction.

List of used literature

1. Ogneva I. Dictionary: Facilitation. http://bibliomaniya.blogspot.ru/2011/10/blog-post_8668.html (date of the application: 28.05.2013).
2. Aparina Yu.I. Interactive Facilitative Learning as an Integral Part of Master’s Professional Teaching. Collection of scientific works of the international scientific and practical conference. Moscow, 2017. – 108p.
3. Rogers K. To the facilitation question of the learning process // Electronic resource [www.megalektsii.ru]. URL: <https://megalektsii.ru/s523t10.html>. (date: 05.03.2019).
4. Klarin, M. V. Innovations in world pedagogy. - Riga, 1995. – 34-67pp.
5. Selevko, G.K. Pedagogical technologies based on didactic and methodological improvement of the UVP. – M.: Research Institute of School Technologies, 2005. – P.124

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ
МЕКТЕБІНДЕПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Ақбөпе Сақулова

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің оқытушысы
Шымкент қ., Қазақстан*

Аңдатпа: Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдаудың заманауи жағдайы мен беталысы әлемдік тәжірибеде қабылданған талап ережелері шеңберінде жүргізіледі. Әйтсе де, инклюзивті білім берудің қалыптасқан қазақстандық моделі бар. Ол барлық санаттағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие және орта біліммен қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлардың жасалуымен сипатталады. Инклюзивті білім беру үрдісі дене дамуында мәселелері бар, яғни физикалық мүмкіндігі шектеулі; әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары бар девиантты мінез-құлықты балалар немесе тұрмыстық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелері бар отбасы балалары; мигрант, оралман және босқын отбасыларының балалары; дарынды балалар, сондай-ақ мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балалардың сапалы білім алуға тең қолжетімдігін қарастырады.

Түйін сөздер: Инклюзивті білім беру, психологиялық- педагогикалық қолдау (ППҚ), логопед, психолог, әлеуметтік-психология, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер, оқу бағдарламалары, жеке оқу жоспарлары, эмоционалдық-психологиялық.

Инклюзивті білім беру баланы емес, жүйенің өзгеруін болжайды. Ол барлық балалар әртүрлі екенін мойындайды, ал мектептер мен білім беру жүйесі барлық оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. Инклюзивтілік барлығын бірдей етуге ұмтылуды білдірмейді. Оның негізгі компоненті-икемділік, балалардың түрлі жылдамдықпен оқитынын тану, ал мұғалімдерге оқыту процесінің икемділігін қолдау үшін арнайы дағдылар қажет.

Ерекше білім беру қажеттілігі- бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әрбір маманының жеке-дамытушылық жұмысының басты мақсаты– баланың құрдастарымен бір сыныпта оқуға және өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеруге көмектесу үшін барлық мүмкіндіктерді жасау. Жеке балаға арналған бағдарламалар жасаған кезде, психологиялық-педагогикалық жұмыстың жалпы қағидаларынан (жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу, іс-әрекеттік тәсіл және т. б.) басқа, келесі қағидаларды ұстану қажет.

1) сыныптағы оқу қиындықтарын жеңуге жеке-дамыту жұмысының бағыттылығы. Логопед ең алдымен оқу пәндері бойынша бағдарламаны меңгеруге кедергі келтіретін сөйлеу дамуының бұзылыстарын түзейді. Психолог мектеп дағдыларын меңгеруге кедергі келтіретін психикалық функцияларының дамуы бойынша жұмыс істейді: жазу, оқу немесе есеп. Арнайы педагогтің міндеттері мектеп бағдарламасының қандай да бір бөлімдерін меңгерудегі проблемаларды толықтыру, оқушыны күрделі оқу материалдарын меңгеруге дайындау, оқу қызметінің құрылымдық компоненттерін қалыптастыру болады.

2) тұлғалық бағдар және жеке тәсіл: баланы тек проблемалары мен бұзылымдарына қарай емес, сонымен қатар өзінің қажеттіліктері мен уәждері, сондай-ақ даму үшін жеке ресурстары бар белсенді тұлға ретінде қабылдау.

Мамандың міндеті-баланың қажеттілігін ескеру және оқыту қиындықтарын жеңу мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Бағдарламаны жасау кезінде баланың әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар күшті жақтарын да ескеру, оның мүдделері мен қызығушылықтарына сүйену.

3) әлеуметтік, коммуникативтік бағыттылығы баламен жұмыс істеудің негізгі тәсілі ретінде; күнделікті өмірде қалыптасқан дағдыларды пайдалану қажеттілігін сезінгенде жағдайлар құру, жаттығулар, белсенділікті ұсыну: білім алу, ойында, қарым-қатынас жасауда және әлеуметтік әрекеттесуде;

4) баламен жұмыс істеу бағыттарымен әдістерінің дербес таңдалуына қарамастан, түрлі профильдегі мамандар мен сынып мұғалімінің жұмыстағы мақсаттарының, тәсілдерінің, талаптарының сабақтастығы мен бірлігі. Арнайы педагогтің кәсіби әдістерінің барлығы баланы оқытудың нақты қиындықтарын жеңуге бағытталуы тиіс;

5) ата-аналарды дамыту жұмысына белсенді тарту.

Психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚ) көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен қызметтің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Соның ішінен арнайы педагогтің балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі ең алдымен диагностикалық бағыт арқылы іске асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыруға:

1) тәрбиеленушінің/білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен тәрбиеленушінің/білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды.

Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз етуді білім беру ұйымының педагогтері мен мамандары жүзеге асырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру:

1) мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) бар;

2) әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар және т.б. отбасылар) бар;

3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) адамдардың (балалардың) білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі – ПМПҚ) ұсынымдарының негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды сабақ барысында тәрбиешілер/педагогтер, сондай-ақ арнайы педагогтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер, топтық сабақтарды ұйымдастыру негізінде жүзеге асырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың мазмұны келесі әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды қамтиды:

1) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын бейімдеу немесе жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құрастыру түріндегі оқу жоспарлары мен оқу жоспарларына өзгерістер енгізу;

2) Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерінің өзгеруі (оқушының жетістігі). Бағалау әдістері өзгерген кезде бақылау тапсырмалары мен бағалау критерийлері білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып және жүзеге асырылатын оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып таңдалады;

3) Вариативті, арнайы және баламалы оқыту әдістерін қолдану. Оқыту әдістерін қолдану формасы немесе әдісі білім алушының жеке ерекшеліктеріне Баламалы оқыту әдістері мен технологиялары белгілі бір психикалық функциялардың (қабылдау, есте сақтау, зейін, праксис) бұзылуынан туындаған нақты оқу қиындықтары бар оқушыларға қатысты қолданылады.

4) Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды таңдау, жеке оқу-әдістемелік кешендерді дайындау. Көру қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы оқулықтар, жұмыс дәптерлері және басқа оқу құралдары қолданылады.

5) оқыту формасын таңдау. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу: жалпы білім беретін топта/сыныпта, жалпы білім беретін ұйымның арнайы тобында/сыныбында немесе арнайы мектепке дейінгі ұйымда, арнайы мектепте (ата-анасының келісімімен және ПМПК, үйде (дәрігерлік консультациялық комиссияның (ВКК) қорытындысы бойынша);

6) кедергісіз орта құру және білім алушылардың білім беру ұйымына физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оқу орнын бейімдеу: 1) қозғалысы шектелген (мектепке тасымалдау, пандустар, қоршаулар, көтергіштер, лифт, арнайы жабдықталған кабинет) орын (үстел, орындық), жалпы аумақтар (дәретхана, асхана), 2) көру қабілеті нашар (соқырлар, нашар көретіндер): тактильді жолдар, тактильді индикаторлар, қоршаулар, 3) есту қабілеті нашар (көру) үстелдер, дыбыс күшейтетін жабдық). Оқу орнын бейімдеу оқу ортасын оқушының жеке ерекшеліктеріне (дене ерекшеліктері (есту, көру): мінез-құлық ерекшеліктері) бейімдеуді көздейді;

7) "Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысына сәйкес алынған мүмкіндігі шектеулі (тірек-қимыл аппараты, есту, көру, сөйлеу бұзылыстары бар) білім алышулар үшін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын пайдалану.

8) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау (психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) ПМПК қорытындысы мен ұсынысы негізінде жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру білім беру ұйымының Жарғысына, білім беру және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, осы Қағидаларға, білім беру ұйымы мен ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ата-анасы арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру педагогтері білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы келесі принципте құрылады.

а) бағалаудың кешенді (пәнаралық) тәсілі: медициналық мәліметтер мен баланың әлеуметтік-психологиялық даму тарихының зерттелуі, әр түрлі мамандардың (психолог, логопед, арнайы және әлеуметтік педагогпен) тексеруі;

б) жүйелі және біртұтас тәсіл: оқыту қиындықтарының пайда болу себептері мен механизмдерін белгілеу, табысты оқытуға кедергі келтіретін бастапқы (жетекші) және қайталама қиындықтардың арақатынасын белгілеу;

в) оқушылардың өзгеріп отыратын қажеттіліктерін динамикалық зерттеу: оқыту процесінде жаңа қажеттіліктерді қанағаттандырудың және олардың пайда болуының мониторингі;

г) командалық негізде:

ЕБҚ мен мектепте оқытудың қиындықтарын анықтау мен бағалауға қойылатын бірыңғай амал мен талаптарды сақтау; бірыңғай құндылықтарын ұстану: оқушының жеке тұлғасына деген құрмет, оның ішінде отбасы берген бала туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауды болжайды; білім беру үрдісінің қатысушылардың ынтымақтастығы өзара құрметті және сенім артуы: мұғалімнің, маманның, ата-ананың және баланың қолдау көрсету мамандары арасындағы жауапкершілікті бөлу.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз ету екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең: Жалпы білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру туралы ережені шығарады және бекітеді, психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жөніндегі мамандардың құрамы мен міндеттерін бекітеді, педагогтер мен мамандардың кәсіби өсуі үшін пәнаралық негізіне жағдай жасайды.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастырады, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және тәрбиеленушілерді/білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесінде тәрбиешілер/педагогтер, мамандар және ата-аналардың өзара іс-қимылын реттейді, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды жүзеге асыратын мамандардың құжаттамасын жинау мен қалыптастыруды бақылау.

Сынып жетекшілері пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, білім беру ұйымының әлеуметтік педагогтерімен бірлесе отырып баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді, сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта қолайлы эмоционалдық-психологиялық климатқа жағдай жасайды.

Білім беру ұйымының тәрбиешілері білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруінде қиындықтарды анықтау мақсатында оқу жетістіктерін бақылайды, кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтайды, қажет болған жағдайда білім беру ұйымның психологтарынан, әлеуметтік педагогтерден немесе арнайы педагогтерден кеңес алады

Екінші кезең: Білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген білім беру бағдарламаларын, мамандардың жеке дамыту бағдарламаларын, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) тізімін бекітеді.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастырады және бақылайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жеке бағдарламасын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, тәрбиеленушінің даму динамикасын, оқушының жетістіктерін талқылауда қатысады, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды/білім алушыларды сабақтан тыс және бос уақытындағы іс-шараларға қосады, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) жеке қолдау процесінің тиімділігін арттыру мақсатында білім беру ұйымында педагог-ассистенттерді ротациялауды жүзеге асырады.

Білім беру ұйымының педагогтері оқу бағдарламаларын бейімдейді, оқу процесін дараландырады және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жетістіктерін бағалайды, білімдеріндегі, біліктеріндегі, дағдылардағы олқылықтарды

толтырады, оқулықтарды, оқу материалдарды таңдайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) даму жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырады, физикалық, психикалық және моральдық денсаулығын сақтау мақсатында сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда эмоционалдық жайлылық атмосферасын құрады.

Педагог-ассистент ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) сабақта және өз бетінше оқу іс-әрекетінде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау қабілетін жеке қолдау арқылы қалыптастыруға көмектеседі. Психофизикалық дамуы мен мінез-құлқы бұзылған білім алушыларға тұрақты негізде педагог-ассистент қызметтерін көрсету ПМПК ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру кеңесінің шешімімен мінезқұлқында жеңіл ақаулары бар және сабақта бейімделуінде қиындықтары бар оқушыларға көмекші мұғалімнің қызметі тек бір тоқсанға ғана көрсетіледі. Педагог-ассистенттің көмегіне бұдан әрі қажеттілік ПМПК қорытындысы мен ұсынымы бойынша тағайындалады.

Педагог-психологтың немесе әлеуметтік педагогтың көмегіне мұқтаждық білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың бағалауымен анықталады.

Арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалауға, психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген оқу жоспарларын, жеке даму бағдарламаларын дайындауға қатысады және жүзеге асырады, жеке, топтық, кіші топтық дамыту сабақтарын жүргізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

2. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі. – А., 2016. – 51б.

4. Алтаева Г. Ж. Роль психолого-педагогического сопровождения детей в условиях инклюзивного образования. – Щучинск, 2015.

5. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 51 б.

6. Поташник М.М. Управление качеством образования. - М.: Педагогическое общество России, 2000. – 448 с.

ӘОЖ 378:147:811

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Алмагүл Нұғыман

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

almagul.n1975@mail.ru

Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ тілін практикалық деңгейде меңгеруге мүмкіндік беретін оқу процесіне коммуникативті-белсенді көзқарас негізінде білім алушылардың тілдік және сөйлеу құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

Түйін сөздер: сөйлеу, құзыреттілік, коммуникация, диалог, дағды, қарым-қатынас, мәтінмен жұмыс.

Қазіргі қоғамда сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру үлкен қызығушылық тудырады, өйткені тілдік тәрбиенің айқын жетіспеушілігімен, халықтың көп бөлігінің тілдік құзыреттілігінің төмендігімен байланысты үлкен проблема бар. Сондықтан адам негізгі дағдыларды меңгеруді үйренуі керек: өз бетінше ойлау, қиындықтарды жеңудің ең дұрыс жолдарын іздеу; сөздік қорды байыту, коммуникативті болу, өз дамуымен өз бетінше жұмыс істеу. Осыған байланысты қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға қойылатын талаптар студенттердің ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетімен, тілді әртүрлі сөйлеу жағдайларында қолдану ережелері мен әдістерімен байланысты лингвистикалық ғана емес, сонымен бірге сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруды қамтиды. Қарым-қатынас дағдыларын игеруде қиындықтар тудыратын негізгі себептерді анықтауға тырысатын болсақ, сөйлеу мәдениетінің коммуникативті аспектісі толық дамымаған күйінде қалып отыр. Қазіргі заманғы оқулықтар әлі күнге дейін әр түрлі өмірде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды жеткілікті түрде қамтамасыз ете алмайды.

- Қазіргі өмір студенттерді қоршаған шындықты өз бетінше ойлауға және бағалауға мәжбүр, олардың сөйлеуі көбінесе нашар, өйткені мәнерлі және әдемі сөйлеудің қажеті жоқ. Сөйлеу, ең алдымен, қарым-қатынас, яғни адамдардың бір-бірін түсінуі, диалог. Бірақ қазіргі заманғы әдіс негізінен монологиялық сөйлеуді дамытады, әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті қалыптаспайды.

Осылайша, педагогикалық қызметтің басты мақсаты- қазақ тілін практикалық деңгейде меңгеруге мүмкіндік беретін оқу процесіне коммуникативті-белсенді көзқарас негізінде білім алушылардың тілдік және сөйлеу құзыреттіліктерін қалыптастыру. Мұғалім адамгершілік тәрбиесімен тығыз байланыста ана тілін үйретуі керек, өз еліне, өз еліне деген сүйіспеншілігін оятуы керек.

1. Сөйлеу құзыреттілігі дегеніміз не?

2. Әлем туралы барлық білім тіл арқылы, тіл арқылы түсініледі. Тіл- бұл ақыл-ой гимнастикасы және қарым-қатынастың негізгі құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананы қалыптастырудың негізгі құралы. Сөйлеу құзыреті коммуникативті құзыреттіліктің бөлігі болып табылады.

Сөйлеу құзыреттілігі- сөйлеуді еркін практикалық меңгеру, диалогта да, монолог түрінде де дұрыс, еркін және динамикалық сөйлеу қабілеті, естілетін және оқылатын сөйлеуді жақсы түсіну, соның ішінде кез-келген стильде сөйлеу және түсіну қабілеті, яғни қарым-қатынас мақсатында сөйлеуде жинақталған тілдік материалды қолдану мүмкіндігі. Осы тұста оқытушының келесі міндеттерін ажыратуға болады.

1. Мәтінмен жұмыс істеуге үйрету (негізгі ойды бөліп көрсету, қажетті ақпаратты іздеу, оны талдау, жалпылау және қорытынды жасау);

2. Пікірталас жүргізу, әңгімелесушіні тыңдау және есту, дәлелдермен расталған өз көзқарасын қорғау қабілетін қалыптастыру;

3. Жаңа мәтіндер жасау дағдыларын дамыту, оқытудың шығармашылық әлеуетін арттыру. Коммуникативтік құзыреттілік қажетті тілдерді, айналадағы адамдармен және оқиғалармен өзара әрекеттесу тәсілдерін, топта жұмыс істеу дағдыларын, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Студент өзін таныстыра білуі, хат, сауалнама, мәлімдеме жаза білуі, сұрақ қоя білуі, пікірталас жүргізе білуі тиіс. Тілдік құзыреттілік тілдің өзін, оның құрылымы мен қызметін, тілдік нормаларды, оның ішінде орфографиялық және тыныс белгілерін білуді қамтиды.

Коммуникативті құзыреттілік- бұл басқаларды түсіну қабілеті және мақсатқа, салаға, қарым-қатынас жағдайына сәйкес келетін өз сөздерін, сөйлеу мінез-құлқын қалыптастыру ғана емес, ол негізгі сөйлеу ұғымдарын білуді қамтиды: сөйлеу мәнерлері, түрлері, сипаттау құрылымы, баяндау, пайымдау, мәтіндегі сөйлемдерді байланыстыру тәсілдері, мәтінді талдау мүмкіндігі.

Тілдік құзыреттілік – білім алушылардың әдеби тілдің нормаларына сәйкес сөздерді, олардың формаларын, синтаксистік құрылымдарын қолдану, оның синонимдік құрылымдарын әдеби тілдің нормаларына сәйкес пайдалану, оның синонимдік құралдарын пайдалану, сайып келгенде-тіл байлығын меңгеру қабілеті. Бұл міндеттер дәстүрлі түрде лексиканың жаңа қабаттарын енгізу, фразеологиялық қорды толықтыру, білім алушылардың сөйлеуінің грамматикалық құрылымын байыту арқылы шешіледі: келісудің, басқарудың, әртүрлі типтегі сөйлемдердің морфологиялық нормалары игеріледі, студенттердің сөйлеуі синонимдік құрылымдармен байытылады.

Бұл сөйлеу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тілдік және коммуникативті құзыреттілік. Ол үшін әр сабақта сөйлеу қарым-қатынасына жағдай жасау керек. Сөйлеу әрекеті оның барлық түрлерінде қалыптасады – оқу, сөйлеу, жазу, тыңдау. "Қарым – қатынасты үйрету, қарым-қатынас жасау" - бұл шарттарсыз сабақ болмайды. Коммуникативті құзыреттілік дегеніміз-ауызша және жазбаша қарым-қатынас мақсатын қоюға және оған қол жеткізуге дайын болу: қажетті ақпарат алу, диалогта және көпшілік алдында сөйлеу кезінде өз көзқарасын білдіру және өркениетті түрде қорғау, басқа адамдардың құндылықтарына (діни, этникалық, кәсіби, жеке және т.б.) құрметпен қарау.

Бұл адамның қарым-қатынас сапасын анықтайтын мүмкіндіктерінің сипаттамасы. Ол қарым-қатынас құзыреттілігімен қатар тағы екі компонентті қамтиды: қарым-қатынас қажеттілігінің дамуын сипаттайтын тұлғаның коммуникативті қасиеттері, қарым-қатынас тәсіліне деген көзқарас және коммуникативті қабілеттер-қарым-қатынаста бастаманы меңгеру қабілеті, белсенділік таныту қабілеті, қарым-қатынас серіктестерінің жағдайына эмоционалды жауап беру, өзінің жеке қарым-қатынас бағдарламасын тұжырымдау және жүзеге асыру, өзін-өзі ынталандыру және қарым-қатынас жасау қабілеті – қарым-қатынаста өзара ынталандыру.

Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру ұзақ және күрделі процесс. Қазақ тілін оқытудағы ерекше қиындық- пәндік курс пен студенттің нақты сөйлеу тәжірибесінің арақатынасы, тіл туралы білім алу процесі және тілді меңгеру процесі.

Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қамтамасыз ету үшін не істей алады? Ең алдымен, әрбір білім алушының білім беру кеңістігінде ілгерілеуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау. Ол үшін студенттердің оқу мүмкіндіктерін білу қажет. Сабақтарда мәтінмен жұмыс негізінде коммуникативті құзыреттілікке ерекше назар аудару керек.

Коммуникативті құзыреттілік ұғымына тек сөйлеу және тілдік білімнің қажетті жиынтығын игеру ғана емес, сонымен қатар практикалық қолдану саласында дағдыларды қалыптастыру кіреді. Ауызша қарым-қатынасқа бағытталған әдістер:

- * Қайталаудың барлық түрлері
- * Оқу диалогының барлық нысандары
- * Баяндамалар мен хабарламалар
- * Рөлдік және іскерлік ойындар
- * Сауалнама жүргізуді талап ететін оқу зерттеулері және оқу жобалары
- * Талқылау, пікірталас, пікірталас

* Іс-шараларда жүргізуші ретінде сөз сөйлеу

Жазбаша коммуникацияға бағытталған әдістер:

- * Жазбалар мен презентациялар
- * Телекоммуникациялық мәтіндер, хабарламалар
- * Эссе байқауларына қатысу.

Оқытудағы тәсілдер:

а) оқытудағы құзыреттілік тәсіл. Оқытуда бұл тәсілді сәтті қолдану студенттердің тілді білетіндігін, коммуникативті дағдыларды көрсетеді.

б) белсенділік тәсілі. Бұл тәсіл коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың негізі, өйткені ол әр студенттің өзіндік шығармашылық қызметін қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл. Гальпериннің әр оқушының өзіндік шығармашылық қызметінде сыртқы практикалық

материалдық әрекеттерден ішкі, теориялық, идеалды әрекеттерге өту керек деген ұстанымына негізделген. Яғни, оқыту бірінші кезеңде мұғалімнің басшылығымен бірлескен оқу-танымдық іс-әрекетті қамтиды.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру нәтижелі, табысты болуы үшін әрбір студенттің алға жылжуы үшін оңтайлы жағдай жасау үшін білім алушылардың оқу мүмкіндіктерін білу қажет.

Білім алушылардың оқу мүмкіндіктерін анықтау кезінде екі параметр ескеріледі:

а) оқу және оқу қабілеті. (Оқыту деңгейін анықтау критерийлерінің бірі журналдардағы бағалау болып табылады. Интеллектуалды дағдылардың қалыптасу деңгейі бақылау арқылы танымдық іс-әрекет процесінде анықталады. Осы қасиеттердің қалыптасу деңгейлерін анықтағаннан кейін әр студенттің жалпы білім деңгейі белгіленеді.

б) оқу жұмысқа қабілеттілік деңгейі (білім алушылардың физикалық жұмысқа қабілеттілігін, оқуға деген оң көзқарастың қалыптасуын бақылау жолымен айқындалады. Осы қасиеттердің қалыптасу деңгейлері анықталғаннан кейін әрқайсысының оқу мүмкіндіктері белгіленеді).

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін мазмұн:

-сөйлеу және сөйлеу қарым-қатынасы. Сөйлеу ауызша және жазбаша, монологиялық (баяндау, сипаттау, пайымдау, монолог түрлерінің тіркесімі) және диалогтық.

-Сөйлеу әрекеті. Сөйлеу әрекетінің түрлері: оқу, тыңдау (тыңдау), сөйлеу, жазу. Мәтін ақпаратын түсіну, мазмұнды беру. Тыңдалған немесе оқылған мәтіннің мазмұнын ұсыну (егжей-тегжейлі, қысылған, таңдамалы). Әр түрлі коммуникативті бағыттағы ауызша және жазбаша монологиялық және диалогтық мәлімдемелер жасау.

-мәтін. Мәтін сөйлеу жұмысы ретінде, тақырып, микротема, мәтінді өңдеу түрлері (жоспар, реферат, реферат). мәтінді талдау.

-тілдің функционалды түрлері. Сөйлеу мәнерлері, қолдану аясы, стиль жанрлары.

Коммуникативті жан-жақты оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру мектептегі тілдік білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тілдік құзыреттілік тілдің өзін, оның құрылымы мен қызметін, тілдік нормаларды, оның ішінде орфографиялық және тыныс белгілерін білуді қамтиды.

Менің ойымша, қазақ тілі сабақтарында коммуникативті құзыреттілікті қолдану кез-келген мәдени кеңістікте қарым-қатынас жасай алатын интеллектуалды, шығармашылық дарынды, адамгершілік тұлғаны дамытуға жағдай жасайды. Коммуникативтік құзыреттілікті дамытпай бәсекеге қабілетті, толерантты тұлға бола алмайды.

Сөйлеу қарым-қатынасына түсе білу, диалогқа қатысу (әңгімелесушінің көзқарасын түсіну, басқа пікірге құқықты тану); тыңдалған және оқылған ақпаратты (қысқаша, іріктеп, толық) жеткізетін жазбаша мәлімдемелер жасау; жоспар, тезистер, реферат құрастыру; мысалдар келтіру, дәлелдер таңдау, қорытындылар тұжырымдау; өз қызметінің нәтижелерін ауызша немесе жазбаша нысанда көрсету.

Ойды парафразалау мүмкіндігі ("басқа сөздермен" түсіндіру); коммуникативті тапсырмаға, қарым-қатынас саласы мен жағдайына сәйкес тілдің және символдық жүйелердің экспрессивті құралдарын (мәтін, кесте, схема, аудиовизуалды қатар және т.б.) таңдау және қолдану. Сонымен бірге энциклопедиялар, сөздіктер, интернет-ресурстар және басқа да дерекқорларды әртүрлі ақпарат көздерінің танымдық және коммуникативтік мәселелерін шешу үшін пайдаланады.

Қазақ тілі сабақтарында мен студенттерге өз ойларын толық білдіруге, мақсатқа, сөйлеу мазмұнына және қарым-қатынас жағдайларына сәйкес қажетті тілдік құралдарды қолдана отырып, ауызша және жазбаша түрде коммуникативті-орынды мәлімдемелер құруға мүмкіндік беретін әртүрлі тапсырмаларды ұсынуға болады. Бұл дегеніміз, тіл сезімін дамыту, оқушылардың аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту қажет – мазмұн деңгейінде де, тілдік құралдар деңгейінде де, бұл өте тығыз байланысты.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытушы студенттермен диалогы кезінде, әңгімелесушіге сұрақтар қою кезінде, сұраққа жауап беру кезінде, полилогта (ұжымдық пікірталас), жұмыс мәтінін ұсынудың рөлдік түрінде коммуникативті және тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырады, құжаттама толтыру кезінде білім алушылардың тілдік құзыреттілігі қалыптасады, бұл ретте орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық дамиды, сөйлеу қабілеті жақсарады.

Қорыта келе, қазақ тілін оқытудың түпкі мақсаты- білім алушылардың практикалық сауаттылығы, тілдік және сөйлеу құзыреттілігі. Негізгі дидактикалық бірлік ретінде мәтінмен жұмыс жасау студенттердің сауатты жазу және сөйлеуді дамытудың практикалық дағдыларын дамыту (бекіту) бойынша қызметін біріктіруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында коммуникативті құзыреттілікті қолдану кез-келген мәдени кеңістікте қарым-қатынас жасай алатын интеллектуалды, шығармашылық дарынды, адамгершілік тұлғаны дамытуға жағдай жасайды.

Коммуникативтік құзыреттіліктің дамуынсыз бәсекеге қабілетті, толерантты тұлға бола алмайды, өйткені қарапайым (мәтінді тілдік талдау) бастап лингвистикалық талдауға немесе мәтінді түсіндіруге, сюжетті талдауға дейін білім алушылар практикалық дағдыларын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлметова Ә. Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту. Арыс, 2007.
- 2 . Бельчиков, Ю. Л. Лексическая стилистика. Ю. Л. Бельчиков - М., «Просвещение», 2017.
3. Розенбаум. М. Е. Основы обучения диалогической речи на языковом педагогическом вузе. Авт. док. пед. наук М.
4. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі (ғылыми практикалық конференция материалдары). – Алматы, 2018

УДК 377.8

ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ В СИСТЕМЕ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ШКОЛ И КОЛЛЕДЖЕЙ

Ержанова А. Г.

*преподаватель русского языка и литературы.
Атырауский аграрно-технический колледж им. У. Кушекова
г.Атырау, Казахстан*

В современной ситуации социокультурной и экономической жизни проблемы воспитания подрастающего поколения приобрели особую актуальность. Возросло внимание к проблемам воспитания со стороны государства, органов управления образованием, педагогической науки. Но несмотря на это все общество выражает недовольство состоянием воспитания современной молодежи. Воспитание как процесс воздействия на личность с целью передачи ей норм и правил поведения, принятых в обществе, всегда носит не абстрактный, а конкретный характер, отражая прежде всего национальное своеобразие морали, обычаев, традиций, нравов того или иного народа. На этот факт указывал К. Д. Ушинский, писавший: «Воспитание, если оно не хочет быть бессильным, должно быть народным, должно быть пронизано народностью. В каждой стране под общим названием общественного воспитания и множеством общих педагогических форм кроется свое особенное характеристическое понятие, созданное характером и историей народа».

Воспитание – это, прежде всего, поведение человека. Если обученность и образование обнаруживают себя в интеллектуальной зрелости, то воспитанность характеризует поведение человека в создавшихся условиях.

Воспитательный процесс – это движение воспитания к своей цели. Цель воспитания – это то, к чему мы стремимся в будущем, и этому подчиняется все: содержание, организация, формы и методы воспитания. Вопросы, к чему должна стремиться школа и воспитатели в своей практической деятельности, каких результатов добиваться, можно назвать ключевыми. При практическом осуществлении их цель выступает как система конкретно решаемых задач. Совершенный, всесторонне и гармонически развитый человек – высшая цель воспитания, идеал, к достижению которого стремится отечественная школа. Сегодня ее главная цель – способствовать умственному, нравственному, эмоциональному, трудовому и физическому развитию школьника, создавать предпосылки для приобщения к общечеловеческим ценностям, обеспечивать возможности для самореализации, раскрытия потенциальных возможностей, творческих способностей, достижения успеха. Традиционными для такой системы остаются следующие составляющие общей цели: умственное (интеллектуальное), физическое, трудовое и политехническое, нравственное, эстетическое воспитание.

Почему современные дети так сильно отличаются от поколения своих же родителей? И каким должно быть воспитание современных детей? Вопрос довольно философский, но ответить на него не так уж и сложно. Воспитание как один из компонентов составляющих процесс социализации детей, подростков и юношества, происходит сегодня в необычайно противоречивых условиях. Ослаблено воспитание в семье. Негативные явления жизни пагубно влияют на становление нового поколения. Проблема воспитания патриотизма в современном Казахстане одна из самых острых и сложных. Сегодня не многие люди являются настоящими патриотами. В нашем обществе стал ощущаться недостаток сознательно принимаемых большинством граждан принципов и правил жизни, отсутствует согласие в вопросах корректного и конструктивного социального поведения, выбора жизненных ориентиров. Поэтому ключевой задачей современного казахстанского образования является обеспечение духовно- нравственного развития и воспитания личности гражданина.

Новая общеобразовательная школа становится важнейшим фактором, обеспечивающим социокультурную модернизацию казахстанского общества, поэтому духовно-нравственное развитие личности, воспитание патриотизма является одним из главнейших ориентиров современного образования.

Обучение в школе – один из важнейших этапов в жизни человека. Как правило, школа становится для ребенка «вторым домом». И именно здесь ему прививают такие важные человеческие качества, как честность, добросовестность, коллективизм, уважение к представителям старшего поколения, мужество, любовь к своему народу и своей Родине, мужество. Не меньшее значение также уделяется уважению к собственной семье, родителям и семейным традициям, ведь гармоничная любящая семья – это ячейка высоконравственного, успешного и процветающего общества. Именно в школе закладывается фундамент для социальной активности, которая направлена на служение интересам Родине. Здесь же дети осознают всю важность честного труда, учатся воспринимать его как главный ключ к достижению успеха в жизни. Также в рамках духовно-нравственного воспитания ученики должны получить положительное отношение к здоровому способу жизни, приобрести активную позицию в тех вопросах, которые касаются их здоровья.

Коллективная деятельность «способствует формированию процессов децентрализации ребенка, т.е. способности оказаться в положении другого человека, увидеть ситуацию его глазами», развивает способность к сопереживанию, сочувствию. Патриотизм – чувство и сформировавшаяся позиция верности своей стране и солидарности с её народом. Патриотические чувства, любовь к Родине развиваются у детей в тесной связи с теми

новообразованиями, которые присущи каждому возрасту: стремление к героическому, жажда подвига в жизни, потребность в самоутверждении, обретение своего места в коллективе сверстников, признании товарищей, ориентация на требования коллектива и повышение внимания и требовательности к себе, большая социальная активность. Основной формой учебной работы остается урок, который в воспитательной системе становится воспитательным комплексом, где интегрируются воспитательные воздействия в целостный воспитательный процесс. Поэтому для повышения воспитывающего характера обучения целесообразно:

- усилить гуманитарную направленность всех учебных дисциплин: в традиционные предметы включить материал помогающий детям понять себя, мотивы своего поведения, отношения к окружающим, проектировать свою жизнь.

- использовать активные формы и методы образовательной деятельности, ее открытости, разнообразие учебно-методических материалов, форм и приемов учебной и вне учебной работы, развивающей знания и навыки, повышающие социальную и культурную компетентность личности.

Воспитательная система охватывает весь педагогический процесс, интегрируя учебные занятия, внеурочную жизнь детей, разнообразную деятельность и общение, влияние социальной и предметно- эстетической среды.

Постоянной, острой проблемой стало нравственное воспитание школьников, молодежи на фоне интенсивного развития средств массовой информации. Средства массовой информации играют особую роль в процессе глобализации. Можно сказать, что они информационно обеспечивают его. Именно с помощью средств массовой информации человек не только получает сведения о мире, других странах, народах, их культуре, но и становится виртуальным участником основных событий, происходящих в той или иной стране. К сожалению, средства массовой информации далеко не всегда представляют человеку лучшие образцы мировой культуры. Воспитывать нравственного человека на таком фоне достаточно сложно. Другой существенной составляющей нравственного воспитания является развитие гуманистических ценностных отношений личности к миру, к людям, к самому себе. Таким образом, и идеологией современного воспитания должен выступать гуманизм. В основу нравственного воспитания могут быть положены ценности: человек, семья, Отечество, Земля, мир, труд, культура, знания (В.А. Караковский). Но поскольку речь идёт о гуманистических ценностях, необходимо обратить большее внимание на основополагающую ценность гуманизма - ценность человека. Для ребёнка она проявляется в двух ипостасях: как ценность другого человека и как ценность своего собственного.

Хочу отметить, как бы хорошо ни проводились классные часы по воспитанию нравственности, патриотизма, толерантности, как много бы ни делала школа, самый прочный фундамент мировоззрения закладывается именно в семье. Родители также могут сделать немало для развития этих качеств у детей. Отправиться с ними на экскурсию по интересным историческим местам страны, рассказать о подвигах прадедушек и прабабушек в годы войны, показать фото из семейного архива. Кто-то из родителей, возможно, предложит своему чаду посмотреть интересный документальный фильм об исторических событиях, кто-то – покажет, как много радости можно получить, поделившись одеждой или другими вещами с детьми-сиротами и инвалидами. Все эти маленькие шажочки на пути к формированию великой личности имеют огромное значение. Формирование личности ребенка должно происходить как в школе, так и за ее стенами, в кругу семьи. Только в таком случае ребенок сможет осознать его значимость и перенять важнейшие нравственные, культурные и гражданские ценности....

Наши дети воспитываются уже в достаточно обеспеченных семьях, живут в комфортных условиях, имеют возможность пользоваться множеством интересных гаджетов, путешествовать. Перед нашими детьми стоит совершенно иная задача — сделать мир вокруг себя лучше, красочнее и счастливее. И судя по тому мощному потенциалу, которым обладают наши малыши, им это удастся лучше, чем нам.

Многие проблемы современных детей вызваны окружающим их миром. Ребенок в современном обществе ежедневно сталкивается с огромным потоком информации, часть которой он с удовольствием усваивает. Но такие чрезмерные нагрузки, в том числе и в школе, сказываются на физическом и психическом здоровье современных детей. Наша система образования еще не выработала адекватной методики их обучения. Чтобы освоить всю школьную программу, которая заметно расширилась в последние годы, детям приходится проводить ежедневно по 6-7 уроков в школе. Но даже взрослому трудно работать целый день без остановки и переключения внимания. Детям трудно в двойне. Единственное, что остается делать школьниками – наплевать на оценки и пытаться самостоятельно выработать для себя удобный график обучения. Но все это сопровождается давлением школы, неприятными эмоциями при получении низких отметок и упреками учителей. Это вносит некий хаос и дисбаланс в сознание детей. И потом мы говорим, что современные дети непослушные и гиперактивные. На самом деле это не так. Они очень дисциплинированные, эрудированные, умные и добрые. Просто они живут в такое время. Воспитание современных детей должно быть особенным. Современные дети очень сильные и целеустремленные, но они очень нуждаются в помощи родителей. Будьте внимательны к любым идеям Вашего ребенка. Современные родители с удовольствием вкладывают средства в образование своих детей. Было бы хорошо, если кроме денег у родителей было бы хоть немного свободного времени. Но с этим в современном обществе дефицит.

Основная задача взрослых помочь детям расти, раскрыть природный талант. Т.е. растить как дерево, окружая любовью, удобрять, поливать, передавать свои знания и опыт и хранить их как сокровище. Современное образование переживает кризис воспитания. Каждый день СМИ демонстрируют примеры детской преступности, наркомании, ранней беременности и самоубийства.

В современном обществе все заметнее кризис семьи, пути выхода из которого пока не ясны. Он выражается в том, что семья все хуже реализует свою главную функцию — воспитание детей. Большинство специалистов приходит к весьма пессимистичному выводу: мы начинаем расплачиваться за индустриальную цивилизацию, неизбежно ведущую к разрушению устоев, ухудшению нравов и человеческих отношений и в конечном итоге к гибели общества.

Социокультурная ситуация в обществе оказывает огромное влияние на учащихся в школе. Она приводит к таким проблемам как: потеря национальных ценностных ориентиров, социальное расслоение общества, размывание культурного слоя нации; недостаточное владение педагогами воспитательными технологиями, низкая эффективность воспитывающего потенциала детских общественных организаций. Поэтому, лишь совместная работа в тандеме семья-школа над воспитанием и развитием личности, способной адаптироваться в современном мире, может привести к решению данной проблемы.

Литература:

1. "Педагогика". Под редакцией Ю. К. Бабанского. "Просвещение", Москва, 2018 г.
2. Зеньковский В.В. Русская педагогика в XX веке // Педагогика. 2017. № 2.
3. Филонов Т.Н. Воспитательный процесс: методология и специфика исследования // Педагогика. 2019. № 9.
4. Крылова Н.Б. Культурология образования. М., 2019.
5. Роджерс К., Фрейберг Дж. Свобода учиться. М., 2021.
6. Ушинский К.Д. Пед. соч.: В 6 т. Т. 5. М., 2015.

МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Гульвира Кайреденова

*учитель русского языка и литературы
Многопрофильная школа-гимназия № 34*

Постепенные изменения в сфере технологий, коммуникаций и науки влияют на социально-экономическое развитие мирового сообщества, и, следовательно, предъявляют современные требования уровню знаний и навыков, необходимых гражданам для успешной жизни в 21 веке.

Образование является одной из приоритетных долгосрочных стратегий, которая обеспечивает позитивное взаимодействие стран в условиях глобализации.

В Казахстане уже ведется работа по развитию системы среднего образования в соответствии с глобальными вызовами. Ключевые ценности и цели образования, сформулированные в Государственном стандарте общего среднего образования Республики Казахстан нацелены на повышение общего уровня образованности выпускников школ, формулирование навыков необходимых для реализации инноваций и лидерства, развитие национальной идентичности сквозь призму содержания школьного образования с учетом международного опыта.

Утверждена Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы (далее – ГПРОН) [1].

Законодательно регламентируется поэтапный переход на обновленное содержание школьного образования, дуальное обучение, бесплатное получение первой рабочей профессии в колледжах, переход от государственной аттестации к независимой аккредитации колледжей и вузов и др. В соответствии с ГПРОН основными направлениями работы по повышению качества образования являются обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям; удовлетворение потребности учащихся в получении образования, обеспечивающего успех в быстро меняющемся мире; формирование в общеобразовательных школах интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан.

Важность учебного предмета «Русский язык и литература» для школ с нерусским языком обучения определена приоритетным статусом русского языка как средства межнационального общения в Республике Казахстан и его значимостью в создании полиязычного пространства.

Изучение учебного предмета русский язык в школах с нерусским языком обучения способствует развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи.

Учебный предмет русский язык в школах с нерусским языком обучения способствует становлению мировоззрения учащегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-бытовой, социально-культурной, научно-технической, учебно- профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Овладение русским языком в школах с нерусским языком обучения поможет учащимся адаптироваться к условиям современного мира, успешно регулировать речевое поведение в соответствии с коммуникативной ситуацией; научит пользоваться различными источниками информации и современными информационными технологиями для выражения и обоснования собственного мнения.

Целью учебной программы по учебному предмету русский язык в школах с нерусским языком обучения является формирование коммуникативных навыков,

основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, употреблении языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения, что способствует развитию функциональной грамотности учащихся.

Обновленное содержания обучения предполагает реализацию комплексного подхода в развитии языковой, речевой, коммуникативной компетенции на основе функциональной грамотности и в общем направлении воспитания языковой личности; актуализацию самостоятельной работы учащихся по лингво- коммуникативному развитию и совершенствованию.

Вся методическая система обновленного содержания обучения русскому языку строится на основе учета теории обучения второму языку, при котором соблюдается главное условие – коммуникативная направленность презентации всего языкового материала [2].

Вся методическая система обновленного содержания обучения русскому языку строится на основе учета теории обучения второму языку, при котором соблюдается главное условие – коммуникативная направленность презентации всего языкового материала. Так же, как и в 5 и 7 классах, в 6, 8 классах изучаемый курс представлен как интегрированный курс русского языка и литературы. Программа предусматривает планирование такого урока, в котором сочетается материал по чтению и грамматике. Это определяет его структуру: каждое занятие должно содержать работу над текстовым материалом и работу над языковым материалом (орфографические, грамматические правила, определения, упражнения по развитию устной и письменной речи). Реализация основной цели обучения русскому языку как неродному – формирование навыков речевой деятельности – обеспечивается охватом таких сторон в изучении языка, как расширение словарного запаса, приобретение навыков самостоятельной передачи мыслей на русском языке [2]. Делая акцент на коммуникативной компетенции учащихся не стоит забывать о грамматике русского языка, ведь без изучения грамматики нельзя сформировать навыки правильной устной речи у школьников. Опытный учитель планирует свои уроки так, чтобы лексическая и грамматическая темы совпадали и дополняли друг друга.

В настоящее время учеными интенсивно ведутся поиски рациональных принципов, эффективных методов и приемов преподавания русского языка в школах с нерусским языком обучения.

В современной школе существуют три основных модели обучения: пассивная, активная и интерактивная. Интерактивное обучение является разновидностью активного и имеет свои закономерности и особенности. Слово «интерактив» пришло к нам из английского языка от «interact», где «inter» - взаимный и «act» - действовать. Таким образом, интерактивный - способный к взаимодействию, диалогу. Интерактивное обучение-это специальная форма организации познавательной деятельности, которая имеет конкретную цель - создать комфортные условия обучения, при которых каждый ученик чувствует свою успешность, интеллектуальные возможности. Суть этой технологии в том, что учебный процесс осуществляется при условии постоянного, активного взаимодействия всех учеников. Это взаимообучение, где и ученик, и учитель являются равноправными субъектами обучения.

Интерактивное взаимодействие включает как доминирование одного участника учебного процесса над другими, так и одной мысли над другой. Во время интерактивного обучения дети учатся быть демократичными, общаться с другими людьми, критически мыслить, принимать продуманные решения. Кроме того, интерактивное обучение позволяет резко увеличить процент усвоения материала, принимать продуманные решения, потому что влияет не только на сознание ученика, но и на его чувства и действия.

Именно интерактивные методы позволяют учащимся почувствовать свои силы, свои способности. У ребят повышается самооценка, уверенность в себе. Очень важно воспитание взаимоуважения, терпимости к мнениям и поступкам окружающих людей.

Высоко ценятся в обществе такие качества, как коммуникабельность, умение общаться с людьми, договариваться, находить компромиссы, работать в команде.

Организация интерактивного обучения предусматривает моделирование жизненных ситуаций, использование ролевых игр, общее решение проблемы на основе анализа обстоятельств и соответствующей ситуации. Оно эффективно способствует формированию навыков и умений, созданию атмосферы сотрудничества, взаимодействия. Дает возможность педагогу стать лидером детского коллектива.

В век информатизации, когда один человек не в состоянии «переварить» весь поток информации, важно умение работать сплоченно. Интерактивные методы предполагают умение распределять обязанности, ставить цели, делать взвешенный, правильный выбор, анализировать ситуацию, а также дают ощущение полета творческой мысли, чувство радости и глубокого удовлетворения от своей работы.

Сегодня учитель должен быть не только источником знаний, но и активным участником учебного процесса. Вовлечь каждого ребёнка в процесс обучения, суметь выслушать его, сделать его своим ассистентом, посмотреть глазами ученика на волнующую его проблему – вот задача учителя. Новое время потребовало от учителя владения современными активными технологиями и активного применения их на уроках. Сегодняшний ученик хорошо владеет компьютером, разбирается в технике.

Эффективность любого вида обучения зависит от многих обстоятельств: технической базы, эффективности разработанных методических материалов, технологий обучения, используемых при организации обучения.

Информационно-коммуникационные технологии, применяемые в учебном процессе должны быть качественными, поэтому необходимо определить, каким требованиям должны соответствовать средства ИКТ.

Требования к ним можно классифицировать согласно нескольким различным критериям. В частности, все требования можно разделить на две основные группы: требования, инвариантные относительно уровня образования, имеющие отношение ко всем, без исключения, образовательным технологиям и специфические требования, предъявляемые к средствам информатизации общего среднего образования [3, 76].

Согласно Типовой учебной программе по учебному предмету «Русский язык и литература» для 5-9 классов уровня основного среднего образования (с нерусским языком обучения) по обновленному содержанию целью образования является общекультурное, личностное и познавательное развитие учащихся, обеспечивающее такую компетенцию, как умение учиться. Главная цель обучения – дать человеку умение действовать, а знания должны стать средством обучения действиям. В связи с изменением цели обучения изменилось содержание образования в общеобразовательных учреждениях.

В чем суть обновлений содержания образования? Согласно новым требованиям, существенно изменился подход к получению учащимися знаний: важно не количество репродуктивной информации, освоенной ребенком, а развитие критического мышления умения сопоставлять и анализировать факты.

Обучение, основанное на исследовании – обучение, основанное на постановке проблемы или вопроса. Обучающиеся получают поддержку в поиске собственных путей разрешения проблемы, формируя навыки, знания (Руководство для учителя. Первый (продвинутый) уровень). Следовательно, задача учителя заключается в организации исследовательской деятельности учащихся так, чтобы они сами решали учебную проблему на уроке и сами объясняли, как надо действовать в новых условиях. При этом учитель исполняет роль направляющего, координатора, обучающего тренера и помогает учащемуся:

- понимать требования, предъявляемые образовательной задачей;
- разрабатывать и обдумывать стратегии выполнения задачи;
- выбирать стратегии, наиболее подходящие для конкретной задачи;
- применять на практике;

- синтезировать и интерпретировать информацию;
- оценивать работу, как свою, так и других.

Литература:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. Астана, 2016
2. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2018-2019 учебном году. Инструктивно-методическое письмо на 2018-2019 учебный год, Астана- 2018г.
3. Архангельский С.И., Компьютеризация образования и проблемы подготовки учителя к использованию средств вычислительной техники: учебник / С.И. Архангельский, М.А. Лейбовский – М. : МГПИ, 2004.

ӘОЖ 371.3

ҰСТАЗДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАСЫН ДАМУ

Утебалиева Г.М.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Мұны Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген сөздерімен дәйектеуге болады. Яғни, осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Педагогтер адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әрқалай деп көрсетеді.

Қазіргі педагогтардың алдына: болашақ өркениетті, дәстүрлі демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, содан кейін оның жан сапасын, тән сапасын арттырып, техникалық прогреске сәйкес жан-жақты қолданбалы білім беру міндеттері қойылады. Ол үшін мектептер қаражатпен, техникалық құралдармен, мәдени қажеттіліктермен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Жалпы білім беретін мекемелердің іс-әрекетінің нәтижелігі, ең алдымен, педагогтер мен психологтарға байланысты. Олардың жеке тұлғалық қасиеттері, педагогикалық білігі, адамгершілік және ақыл-ой парасаты, педагогикалық мәселелерді шешуде шығармашылық ізденіске бой алдыруы, есеюі, өнегелілігі, денсаулығы мен рухани байлығы қоғамның әлеуметтік алғышарты болып табылады.

XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас

дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет.

Қазіргі таңда қоғамның қарқындап дамуы білім жүйесінің сапасын жақсарту, жаңа технологияларды кеңінен қолдана отырып, еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізу, өзгермелі өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті білімді де, білікті педагогтардың мектепке қажеттілігі туып отыр. Елімізде деңгейлік бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстары жүріп жатыр. Деңгейлік курстарда мұғалімдер Кембридж оқыту әдісін үйрену арқылы білімдерін шыңдап, біліктерін дамытуда. Мұндай әдіс оқушылардың ойлауын дамытады. Ол түрлі дереккөздер: мұғалім, оқулық, достарынан алған білімдерінен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады. Білімді дайын қалпында қабылдамай, жаттамай оны өздігімен құрастыру нәтижесінде ұзақ есте сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек есте сақтау дәрежесінде болса, ал сындарлы білім үйренушіден түсіну, қолдану, даму, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау секілді белсенді әрекеттерді талап етеді.

Мұғалім өз сабағында оқушыға Л.Выготскийдің жуық арадағы даму аймағы (ЖАДА) арқылы баланы бағыттап, Радокк бойынша «оқушы үнін» тыңдап, Маслоудың теориясы бойынша «қажеттіліктерін білу» арқылы оқытуда бала жүрегіне жол табады. Бұл бағдарламалардың мақсаты – оқыту тәжірибесінде қолданған әдіс-тәсілдерді жүргізу барысында қандай кедергілер туындады және оны болашақта қалай өзгертуге болатынын түсіндіру. Осы әдіс мұғалімнің кәсіби көзқарасын өзгертіп, жұмысына сенімділігін күшейтеді. Яғни, білім беру процесіне мұғалім мен оқушының белгілі бір білім мөлшерін толығымен дайын түрінде емес, оның ішкі мүмкіндігін пайдалану арқылы сыни тұрғыдан игерту басты мақсат. Сонда ғана білімнің сапасы артып, дамыған елдердегідей кемел ақыл, парасат, білім, ғылым пайдаға асып, адам капиталының көрсеткіштері де сапалы жаңа биікке көтерілмек. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтарды кездестіреміз. Бұған оқыту үдерісі де сәйкес болу керек. Осыған орай, белсенді оқыту әдістерінің маңызы ерекше. Ақпаратты белсенді түрде сіңіргенде, оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады. Мұндай әдістер шығармашылық тәжірибе мен әрекет қалыптастыруға мүмкіндік беріп, нәтижесінде құзіреттілікке әсер етеді. Оқушының өз еркінен тыс белсенді болуға мәжбүр болғандағы ойлау қабілетінің артуы, үйренушілердің белсенділігі, шығармашылықтың жоғары дәрежесі, үйренушілердің бір-бірімен және мұғаліммен тура және кері байланыс арқылы үнемі қарым-қатынаста болуы – белсенді оқытудың ерекшеліктері болып табылады. Шығармашыл, озық ойлы, жаңашыл ұстаз оқушы қабілетіне қарай мүмкін және міндетті деңгей көлемінде білім алуына жағдай жасайды. Бағдарламада көрсетілген тақырыптарды ашуда әр мұғалім оқушылардың білім деңгейін ескеріп, шәкірттерінің санасына жететіндей әдіс-тәсілдерді пайдалануы шарт.

Сабаққа орта мерзімді жоспар құрғанда нені үйретемін және қалай үйретемін? деген сауал төңірегінде тақырыпқа байланысты оқушы тез меңгереді-ау деген әдіс-тәсілді таңдап алынады. Көбінесе Кубизм стратегиясы, Блум таксономиясы, дамыта оқыту технологиясын қолдану қажет. Әрине, сабақты түрлендіру мақсатында проблемалық баяндау, эвристикалық, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, оқытудағы бақылау және өзін-өзі бақылау әдістерін жүргізіп отырамын. Сыныптағы топтық, жұптық жұмыстарда бірін-бірі жақсы зерттеп, өзара адал қызмет етуге ұмтылады, бейімделеді, дискуссия барысында тілдері дамиды, нашар оқитын оқушылардың жолдастарының алдында жауапкершілігі арта бастайды, бірте-бірте бойындағы қабілетіне қарай тиісті деңгейге көтеріліп, қатарға қосылады. Ең бастысы, әр оқушының пәнге қызығушылығы артады. Олар өзіне деген сенімділікке ие болып, тапсырылған іске деген жауапкершілігі артады.

Білімді де білікті педагог тұлғасын жетілдірудің мақсаты – өз бойында іргелі де жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру болса, білім ғасырындағы білім берудің жаңа жүйесі нені оқыту (білім мазмұны), қандай жүйеде оқыту (құрылымы), қалай оқыту (педагогикалық технология) мәселелерін шешуге бағытталуда. Жалпы бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сыныптан бастап мектеп мұғалімдері олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, күнделікті өтілетін әрбір сабақты ұтымды ұйымдастыра білу – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рол атқарады деп түсіндіреді.

Демек, жауапкершілігі шексіз, қадірі мол мамандық иесінің ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі алар орнын әр мұғалім бар болмысымен сезінгені абзал. Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі білімді ұстаз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік /Ғыл.жетекш. жасаған және жалпы ред. Басқарған проф. Ш.К.Беркімбаева, проф А.Қ. Құсайнов. – Алматы: «Мектеп», 2021. – 248 б.

2. Білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық Педагогикалық оқулары «Педагогтің кәсіби өсуі – білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» баяндамалар жинағы. – Алматы, 2022. – 482 б.

3. Мижериков В.А. Ермоленко М.Н. Введение в педагогическую деятельность: Учеб. пособие для студентов. – Москва: «Просвещение», 2018. – 268 с.

ӘОЖ 371.3

ЖАСТАРДЫҢ ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМІН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тулегенов Н.Ж.

Атырау облысы, Мақат ауданы

Л.Шахатов орта мектебінің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер білім беру салалар Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының міндеттері «Қазақстандық патриотизмді, толеранттылық жоғары мәдениеттілікті, адам құқықтары бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу қажеттілігі көрсетілген» [1]. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап-міндетті бүгінде жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Ал мұндай күрделі тәрбие үрдісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерін үздіксіз, кешенді жүргізуді талап етеді. Демек, мемлекетіміздің білім беру жүйесінде патриоттық тәрбие беруді жан-жақты жетілдіру ұлттық идеяға, ұлттық құндылықтарға негізделіп құрылып, ұлт мүддесін ұстай отырып дамытылуы тиіс. Яғни халықтық дәстүрге негізделген бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін насихаттау, билер мен шешендердің өнегелі тәлім-тәрбиелерінен жан-жақты тәрбие жүйесін құру қажеттілігін қазақстандық білім саласының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Батырлар даналығын үйреніп, ұлы қасиеттерін ұғынып, асыл істерінен өнеге алып, қателіктерін ойға тоқып өскен әрбір ұлт өрені келешекке кемел көз тастайды, елдік дәстүр – салтты, ерлік даңқын қастерлеп, құрметтейді, Отанның патриоты, саналы күрескер азаматы

болып тәрбиеленеді.[1]. Қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мүддесін көздеп бостандығы мен құқын қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралықты татулық тұрақтандыруға жұмсау – деп түсінеміз.

Мемлекеттік Білім бағдарламасының «Тәрбие жүйесін жетілдіру» бөлімінде «Мақсаты – Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру», - деп көрсетілген. Сондай-ақ жүргізілген талдаулар барысы халықтық рухани мұралар негізінде мақсатты патриоттық тәрбие беріп, Отанға, туған жерге деген жоғары сезімдерді тұлға бойында қылыптастыруды қарастыру бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Қазақстандық патриотизмді жүзеге асыруда қойылып отырған жаңа қоғамдық талаптар мен оны жасаудағы әдістеменің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылықтар ұлттық рухани құндылықтарды атап айтқанда ұлттық музыкалық мурамызды кеңінен пайдалануды қажет етеді. Патриотизм, Отан сүйгіштік, патриоттық тәрбие мәселесі – адамзат өркениетінің өн бойында ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат, рухани асыл мұрат, адамзаттық парыз, ар тазалығы қалпында қарастырылып келеді.

Қазақ халқы сан ғасырдан бері даму тарихында өз ұрпағына патриоттық тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұрасын мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін патриоттық тәрбие жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдіс тәсілдер қолданылған. Қазақ халқының патриоттық тәрбиесінің негізгі талаптары еліміздің тарихи дамуына әлеуметтік, экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи оқиғаларға байланысты қалыптасқан. Мұны біз қазақ батырының бойындағы батырға тән қаһармандық қасиеттердің жиынтығынан, мейірімділік пен әділеттіліктен, яғни азаматқа тән адамгершілік қасиеттер, шешенге тән дуалы сөздік, данаға тән білгірлі, биге тән көсемдік, әулиеге тән көрегендіктен табамыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін Қарасай, Райымбек, Есет батырлардың қаһармандығын, Қазыбек, Төле би, Әйтеке билердің дуалы сөзділігін айтуымызға болады.

Патриоттық тәрбиенің негізінің бірі – Ұлы Отан соғысының батырлары жөніндегі естеліктер мен әңгімелер, көркем әдеби шығармалар мен филмдер кеңінен пайдаланылуы керек. [4] «Біз Қазақстандық патриотизмді Отанын жері мен суын шексіз сүю, халқының өнеге дәстүрін, әдет- ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мүддесін көздеп, бостандығы мен құқын қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау» - деген блатын.

Мемлекеттік «Білім» бағдарламасының «Тәрбие жүйесін жетілдіру» бөлімінде: «Мақсаты – Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру», - деп көрсетілген

Батырлардың қаһармандық бейнесі арқылы оқушылар бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастырудың маңызы зор. Батырлар бойындағы патриоттық қасиеттер туралы ойымызды жүйелей отырып, нақты түсінік беретін болсақ, «ерлік», «қаһармандық» - батырлар бойындағы қайталанбайтын, тек өзіне тән болып келетін қасиет. Ал «қасиет» сөзінің мәні: «Адамның өзіне тән (жақсы немесе жаман) белгісі. Жақсы қасиеттер (имандылық, парасаттылық, т.б.) адамда тәрбие арқылы қалыптасады» - деген ұғымды білдіреді. Патриотизм ұғымын талдай келе ол «патриотизм дегенде, әуел бастан-ақ туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеп, қастерлеген. Бұл патриоттық сезім ерте заманнан-ақ қалыптасқан. Мұның терең мағынасына ұлтжандылық жатады» деп көрсетеді.

Қазақ патриоттық – отансүйгіштік тәрбиесі – тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық-отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін

қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен ақыл-қайратын жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсру мүмкін емес.

Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны – туған жер, табиғат, оның байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі тамаша киелі орындары. Олардың адам көкірегіне жылылық жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болады. Өсіп келе жатқан жас буындарды Отанымыздағы әлеуметтік-саяси құбылыстарға дұрыс көзқарас қалыптастыра білсек, жаңа мазмұнды сана-сезім, іс-әрекет аясында олардың жалпы патриоттық ой-пікіріне ықпал етеді. Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің өткені мен дәл бүгінгі таңдағы жай-күйін зерттеу барысында оның әдісі, тәсілі мен формаларының сан алуан болғанына және оларды бүгінгі күн жағдайына бейімдеп қолданудың мүмкіндігі мол екеніне көзіміз жетті.

Біздің пайымдауымызша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар: «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм». Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа баулу – тәрбиенің ең басты міндеттерінің бірі. Аталған мақсаттағы күш-жігер бірінші кезекте бүлдіршіндердің санасына отаншылдық сезім қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Отан деген ұғым балаға жарық дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын-туыстары, құрбы-құрдастары, туған жері, кең-байтақ гүл жазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде танылуы керек. Азаматтық – Отанға, халыққа деген жоғары адамгершілік пайыз. Отаныңмен, халқыңмен мүдделес екеніңе мақтаныш сезімің, достығың, жолдастығың, бірлігің, көкірегінді кернеп тұрса – патриотсың. Патриотизм – еліңе іс-әрекетіңмен, бар болмысыңмен қызмет етуге дайындығың. Отан-Ана. оны қорғау үшін бүкіл патриот халықпен бірлесу, ынтымақтасу, достасу – отансүйгіштіктің көрінісі. Отан, ана, тіл, достық, ынтымақ сөздерінің өзара үндестігі – азаматтық парыз бен патриотизм сезімінің логикалық бірлігінің көрінісі.

Оқушыларға Отан, туған жер деген ұғымдар тарихи қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени орта екенін түсіндірудің мәні зор. Ол халықтың тұрмысымен, еңбегімен, өнерімен, тілімен, ұлттық дәстүрімен байланысты екенін сәбилер білуі керек. Соларды таныту арқылы бала бойына қарапайым адамгершілік қағидаларын орнықтыру – тәрбиенің басты мақсаты. Адам өзінің тұрмыстық іс-әрекетінде немесе күрделі жағдайда ерлік істерге баруы үшін алдымен рухани жағынан дайын болуы керек. Патриотизмге, отаншылдыққа тәрбиелеудің міндеттері төмендегідей негізгі мәселелерді көздейді: педагогикалық тәжірибедегі мүмкіндіктерді барынша толық қамтып, оқушылар тұлғасына ықпал етудің біртұтас жүйесін жасау; музыка сабағын немесе сыныптан тыс оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек жасауға лайық сипатқа ие болу; бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесіне қатысты жаңа идеяларды үнемі айқындап, жұмыс процесінде қолдану, т.б.

Оқушыларды Отан жайлы білім қорына байланысты танымдық әрекетін қалыптастыру негізінде атқарылады. Баланың сабаққа эмоциялық қарым-қатынасы, елде болып жатқан оқиғаларға, қоғамға пайдалы іс-әрекетке назар аударуы, т.б. жағдайлар оқытушының жұмысында айқындалады. Білім мазмұнын бағалау нәтижесінде балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты логикалық тапсырма беру, оның тәрбиелік маңыздылығын ескеру, сонымен бірге балалардың басқа мәселелерге қызығушылығына көңіл аудару маңызды.

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі – рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасын, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет. Рухани тәрбие, моральдық ұстаным, Отанын, халқын, елін сыйлауға тәрбиелеу оқыту жүйесінің басты мақсаты болып келген.

Халқымыздың аса бай тарихы ерлік, азаматтық дәстүрлерді жалғастыруды керек етеді. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ата-баба салты, сыйластық, жомарттық, азаматтық және батырлық қасиеттер бүгінгі жас ұрпаққа ауадай қажет. Отаншылдық, патриоттық, тәрбиенің көмескіленуінен жас жеткіншектердің арасында теріс әрекеттер кеңінен етек алууда.

Отаншылдық, ел-жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға арқау болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар намыс. Бұл – борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар-намыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік-психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтың елін, жерін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан ар-намысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердегі ер-азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақ халқының музыкалық өнері ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра болып жетіп отыр. Елін, жерін қорғаған батырлардың ерлігін күй үнімен жырға қосу арқылы халық жас ұрпақты ерлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйретуге тырысқан.

Сыныптан тыс жұмыстарға мектеп оқушыларымен сабақтан тыс уақытта жүргізілетін, тәрбие және білім беру сипатында ұйымдастырылған, әрі мақсатты бағыты бар сабақтар жатады. Бұл жұмыстар патриоттық тәрбие берудің жалпы жүйесінің ажырамас бөлігін құрайды. Олар жан-жақты дамытуға бос уақытты ақылға қонымды ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы «Тәлім – тәрбие тұжырымдамасы» Алматы 2018ж.
2. Ж. Асанов. Студенттердің этнопедагогикалық білімдері мен икемділіктері жүйесін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. (Оқу әдістемелік құрал).- Алматы, «Арыс» баспасы, 2022 ж.
3. Л. Сейдахметова. Патриотизм ұғымдарының маңызы. «Қазақстан мектебі» 2018 ж.

ӘОЖ 371.3

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОТАНСҮЙГІШТІКЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Амандаулетова С.Т.

Атырау облысы, Мақат ауданы

Болашақ бөбекжай балабақшасының

1-санатты дене шынықтыру нұсқаушысы

Дене тәрбиесінің мұғалімдері шәкірттерге спорттық дайындықпен қоса өз Отанын мақтан тұта білетіндей, отансүйгіштік тәрбие беріп, жеңіске жету үшін қайсарлық танытып, спорттағы жағымсыз көріністерге қарсы тұра алатындай үлгі - өнеге дарыту міндеті. Спорт еш уақытта өзімен-өзі шектеліп, жеке - дара өмір сүрмейді. Оқушылар ұжымда, мектепте, жоғары оқу орнында, өндірісте, спорт секциясында тәрбиеленеді. Мұнда олар өзге әріптестерімен, өзге ұжымдармен өзара іштей бәсекелесіп, жарысып, спорттық жағынан алғанда тайталасып, өте қиын психологиялық өткелдерден өтеді. Міне, нақ осы жерде олардың өзара жолдастығы, достығы, қарсыласын тануы, құрметтеуі, тіл табысуы, өз мектебі, ауылының абырой-беделі жолындағы патриоттылығы бекіп, ерік-жігері, тәртіптілігі, бір сөзбен айтқанда, азаматтық болмысы қалыптасады. Мұндай жағдайда спортшының бойына идеялық сенім, шыншылдық, жоғары жауапкершілік, пәрменділік, оқу мен еңбекке деген көзқарас сияқты тәлім-тәрбие дәнін себе беру керек. Бұл істің жемісті болуы, әрине,

жаттықтырушыға, мұғалім-ұстазға байланысты. Ол өз кезегінде оқу мен тәлім-тәрбие жұмысын жымдастырып, қатар жүргізіп отыруы тиіс. Әрбір жас ұланның өз ұстазына немесе үлгілі үлкендерге еліктейтіні бесенеден белгілі. Сондықтан да ұстаздың адамгершілігі жоғары болғаны абзал. Ол өзінің білік-білімін арттырып, идеялық деңгейін, көзқарасын, іс-тәжірибесін жетілдіріп отыруға тиіс.

Тәрбие жұмысы кез келген жағдайға лайықты жүргізілуі керек. Ол шәкірттің болмысын жан-жақты терең білуге тиіс. Оның мінез-құлықтық тежелуін, әдет-дағдысын жете ұғынып, соған орай қатып, сіресіп қалған тәрбиелік айла-тәсіл қолданбай, керісінше, шәкіртінің сенімді көзқарасын жебеп-демей түсуге, алған ісінің дұрыс-бұрыстығын ажырата білуге, кездескен қиындықты жеңе білуге, келеңсіз мінез-құлықтан арылуына ықпал еткені жөн. Жаттықтырушы шәкіртіне темекі тарту мен арақ-шарап ішудің, есірткіге еліктеудің зиянды екенін айтып, айтып қана қоймай, санасына құйып, осы жаман әдеттің спортпен ешқашан басы піспейтінін аса ұқыптылықпен, нақты мысал келтіре отырып ұғындыруы қажет. Салауатты өмір сүріп, ағзаны зиянды, кеселді дерттен таза ұстағанда ғана, сондай-ақ оқу мен жаттығуға ынталы, жауапты көзқарас қалыптастырғанда ғана спортта алға қойған елеулі табыстарға жетуге болатынына сенімін арттыру керек. Мінез-құлқы берік қалыптаспаған, көзқарасы тұрақсыз спортшылардың табысқа жетуі уақытша болатынын іс-тәжірибе талай көрсеткен. Оларда «табыстан басы айналу» деген ауру пайда болып, спорттық тәртіпті бұзу жиі байқалады. Соның салдарынан рухани жұтаңдыққа ұшырап, күш-қуаты тоқырап, спорттан қол үзеді. Тәрбие жұмысында шәкірттермен ортақ әңгіме жүргізіп, немесе, қажеттілік туындаса, жеке-дара әңгімелесіп, оларға ақыл-кеңес берудің, топ алдында лекция оқу, баспасөзде жарияланған қызықты материалдарды оқып беру, ретті кезінде өздеріне оқытудың, көрнекі құралдарды тиімді пайдаланудың, жарасамды әзіл-қалжың, сыни материалдарды оқытып, ой-санасына тәрбиелік түйсік берудің, спорттық разрядтардың белгісін салтанатты жағдайда табыстау мен марапат мадақ, мақтау сәттерінде бұған тәлім-тәрбиелік мен берудің, мәні зор. Сондай-ақ жеңімпаз атанған шәкіртіне сый-сияпат көрсеткенде де оның қызғылықты, тартымды болуына назар аударудың, соғыс, еңбек, спорт ардагерлерімен кездесулер өткізудің пәрменділігі, тиімділігі ерекше. Міне, осындай іс-шаралардың бәрі, тұтастай алғанда, жеткіншектердің, жастардың бойында берік идеялық сенім тудырады, көзқарасын қалыптастырады, рухани байлығын арттырып, жігерін жетілдіріп, спорттық табандылығын, қайсарлығын қайрайды. Олар өзінің іс-әрекетінің маңызды да мәнділігін терең ұғынады. Отан, халық алдындағы төл борышын сезінеді. Өскелең ұрпақ ұстазынан тәлім-тәрбиелік нәр алып, өз қабілетін, білік-білімін бүгінгі таңда алда тұрған міндеттерді шешуге жұмылдыра білуі керек. Олар қоршаған ортада, спорт әлемінде нендей өзгерістер болып жатқанынан жан-жақты хабар алып, солардың аражігін ажырата білуі қажет. Бір сөзбен айтқанда, олар азаматтық парызын өтейтіндей дәрежеде болуы тиіс. Бұған Қазақстанда өтетін кешенді іс-шаралар өзіндік ықпал етеді. Бірақ, олар идеялық жағынан да, тәлім-тәрбиелік жағынан да үлгі аларлықтай дәрежеде ұйымдастырылсын. Осы жерде мектеп пен колледж оқушыларының жазғы, қысқы спартакиадалары мен студенттер универсиадаларының аса мәнді де мағыналы өткізіліп жүргенін айрықша айтар едік. Оны ұйымдастырып, өткізу барысында қазақ халқының тілі мен ғасырлар бойы қалыптасқан салт - дәстүрі, мәдениеті насихатталды,

Қазақстандағы ұлтаралық, дінаралық келісімнің халықтар достығының бейнесі спартакиада мен универсиадалардың салтанатты ашылуы, жабылуы қойылымдарына негізгі арқау болды [2]. Осындай шараларды өткізгенде спортшыларға патриоттық тәлім-тәрбие беру ісі басты назарда ұсталды. Осы мақсатпен Ұлы Отан соғысының, Ауған соғысының, еңбек пен спорттың ардагерлерімен өскелең ұрпақтың кездесулерін ұйымдастыру дәстүрге айналды. Стадиондар мен кең тынысты залдардың алаңдарында спортшылардың топтасып өнер көрсетуі, көркемөнерпаздардың күй күмбірлетіп, ән шырқауы, театрландырған қойылымдар, Мемлекеттік Тудың көтерілуі, жалт-жұлт еткен алуан түсті отшашулар тек спортшылардың ғана емес, сонымен қатар іс-шаралар өткен қала жұртшылығын да қуанышқа бөлеп, олардың спортқа деген ынтасын күшейтеді, Отанға деген сүйіспеншілігін

арттырады, патриоттық сезімін асқақтатады. Мұндай шаралар кезең-кезеңмен өткізіліп келеді. Ол әуелі төменгі дене тәрбиесі ұжымдарында бастау алып, содан соң аудандық, қалалық, республикалық жарыстарға ұласады [2]. Міне, осылайша спорт жеткіншектер мен жастардың күнделікті тыныс-тіршілігінде өміршеңдік дағдының біріне айналады. Патриотизм-Отанды сүю. Қай салада жүрсең де оған адал қызмет ету, оның қажетіне жарау, өркендеуіне үлес қосу, даңқын арттыру. Әрбір жеткіншек, жасөспірімнің, жеке тұлғаның патриоттықты сезіне білгені ләзім. Ол бұйрықпен жүзеге аспайды. Білік-білімің, ой-өрісің, адамгершілігің мәдениеттілігің қандай дәрежеде? Отан сүйгіштігің осы қасиеттердің жиынтығынан құралады. Ал, бұл адамда бірден бола қоймайды. Бірте - бірте қалыптасады. Бастауын отбасынан алады. Иә, сен әуелі өз ортаңды сыйлап, қадірлеп өлесің. Соның жақсылығын бойға дарытасың. Тәрбиеші ұстаздарыңнан тағылым аласың, кітап оқисың, үлкендердің әңгімесін, ақыл-кеңесін тыңдайсың. Жазушылардың шығармаларындағы жағамды кейіпкерлерге, өз ата-ананың, өзің білетін үлкендердің жақсы мінез-құлқына еліктейсің, солардай болуға ұмтыласың. «Отансүйгіштік отбасынан басталады» дегенде, міне, осы тұсты еске аламыз. Патриоттық сезім тіршілік өмірдің барлық саласында көрініс береді. Оқуда озат болуыңнан да, ерен еңбегіңнен де, әскери қызметіңнен де байқалады ол. Қазақстандық патриотизм дегенде оның жалпы патриотизммен тоғысатын тұстары да мол.

Сонымен қатар өзіндік сыр-сипаты да бар. Тәуелсіздік алғанға дейін елімізде социалистік патриотизм белең алды. Ол кезде Отаныңды сүю үшін әуелі социалистік құрылысты қорғап, соны мойындап, сол үшін қызмет етуге тиіссің. Оны қорғауға міндеттісің. Онда бүкіл ақыл-ойың, бар болмасың бір шеңберге түсті. Содан шықпайсың. Шықсаң-саяси қателікке ұрынасың, жазаланасың. Соған қарамастан, отансүйгіштік тәрбиеге ерекше мән берілді. Халық осы рухта өсіп, қалыптасты. Ата-бабаларымыз нағыз патриотизмнің ұлы үлгілерін көрсетіп, жанқиярлықпен еңбек етті. Кеңес Одағы деп аталатын елді сыртқы жаудан қорғады. Сондағы патриоттық іс-әрекет, жойқын қимыл, жасампаз еңбек тарих бетіне алтын әріптермен жазылады. Нақ сол тұста «патриотизм» деген ұғым «интернационализм» деген түсінікпен астасты. Ол бірін-бірі толықтырды, демеді, жебеді. Қазақ халқының тілінде, «интернационализм» деген сөз болмаған. Себебі, ол тумысында өзара да, көрші елдермен де интернационалдық достықта өмір кешкен. Өзге ұлттың өкілін жатсынбаған. Ешкімді де дініне, түр-түсіне, ұлттына қарап бөлмеген. Өз топырағында «арам шөп» сияқты саяқ өскен өзге ұлт өкілдері елінен, жерінен қуылғанда жылы ұяны Қазақстаннан тапты, бірге еңбек етті. Ортақ жауға бірге аттанды. Тағдырдың ауыр-жеңілін бірге көрді. Өзге елдерден арып-ашып келгендерге қолындағысын бөліп берді, тіпті құрметтеп, төріне шығарды.

Интернационалдық достық сезім дегенің қазақтарға ана сүтімен сіңіп, ұлттық дәстүріне енген. Мұны қазіргі ұрпақ та орынды жалғастырып отыр. Рас, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жастарға патриоттық тәрбие беру ісіне қылау түсті. Экономикалық күйзеліс елдің адымын аштырмады. Жастар жағы арақ-шарап ішуге, есірткіге еліктеуге, жезөкшелікке бой алдырып, қылмыстық істерге дейін барды. Ұлт пен Отан тағдырына немқұрайлы қарау орын тепті. Жекелген адамдар қара басын ойлап, баюды көздеп, өз шаруасын күйттеп кетті. Балалар мен оқушы жастардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Мұндай келеңсіз көріністі түзеп, қалпына келтіру үшін шұғыл да пәрменді шараларды қолға алудың қажеттілігі күн тәртібіне келді. Сөйтіп, дене тәрбиесі мен спорт туралы, қорғаныс туралы, мемлекеттік рәміздер туралы, тіл туралы, бастапқы әскери дайындық туралы Заң шығып, еліміз бойынша кешенді шаралар қолға алынды. Қазақстандық патриотизмге катысты жұмысты күшейту туралы Елбасының Жарлығы шықты [3].

Мұнда елдің өмірлік дамуындағы темір қазық болып саналатын жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі жан-жақты қамтылды. Соның арқасында өскелең ұрпақтың дене тәрбиесімен шұғылданып, денсаулығын нығайтуда білім беру және медициналық мекемелердің рөлі артты. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде білім берумен қатар олардың салауатты өмір сүріп, азаматтық, моральдық-психологиялық санасын көтеру, патриоттық, интернационалдық сезімін қалыптастыру міндеті алға шықты. Сондай-ақ құқықтық,

мемлекеттік жүйені, рәміздерді, соғыс пен жасампаз еңбек қаһармандарының өмірі мен қызметін, республикада тұрып жатқан халықтардың мәдениеті мен дәстүрін танып білудегі сапалық көрсеткішін арттыру талап етілді. Отанның тағдыры үшін оның табиғи байлығын сақтау, Отанды қорғауға дайын болу жолындағы жауапкершілік тәрбиесі де күн тәртібіне келді. Осы сапалы белгілер қоғамдағы ынтымақтастықты білдіреді. Мемлекеттің қалыптасып, дамуына қатыстылығыңды аңғартып, азаматтық мақтаныш сезімінді арттыра түседі. Ең басты міндет министрліктер мен ведомстволардың, акционерлік қоғамдар мен жеке шаруашылық серіктестіктердің, еңбек ұжымдары мен жұртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігерін Қазақстан азаматтарына патриоттық, интернационалдық тәрбие беру жөніндегі кешенді шараларды орындауға жұмылдыру болып табылады. Патриот сөзі гректің «Отан», «Туған жер» деген атауынан шыққан.

Патриоттық тәрбие, Қазақ энциклопедиясында жазғандай, Отанға деген сүйіспеншілік, бойдағы күш-қуат пен білімді Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жері мен тілін, халықының әдет-ғұрпы мен дәстүр-салтын, тарихын құрмет тұту сияқты абзал қасиеттерді қамтиды. Ол қоғамдық сананың бөлінбес бір саласы болып саналады. Нағыз патриотизм космополитизмнен де, ұлтшылдықпен де сыйыспайды. Жастарды қазақстандық патриотизм мен интернационалдық достық рухта тәрбиелеу барлық тәрбие ісінің күретаымыры болып табылады. Патриоттық тәрбие – мемлекеттік, қоғамдық ұйым қызметіндегі күллі идеялық тәрбиенің ең басты бағыты. Оның міндеті-азаматтарды өз Отанын шексіз сүйуге баулу, олардың санасында Отанға адал қызмет етуді, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға әрқашанда сақадай сай дайын тұруын қалыптастыру. Патриоттық тәрбие итернационалдық достық қасиеттерді сүйекке сіңірмейінше жүзеге аспайды. Бұл латын сөзінен аударғанда «ұлт, халық» дегенді білдіреді. Ол да идеологиялық тәрбиенің бір саласы болып есептеледі.

Интернационалдық тәрбие ұлтшылдықтың, шовинистіктің, нәсілшілдіктің қас жауы. Ол әр түрлі ұлт өкілдерінің туысқандық ынтымақтастығын қолдайды, халықтардың туысқандық қарым-қатынасын көздейді, достығын нығайтуға қызмет етеді, ұлт араздығына, алауыздығына, ұлттық жеке-даралыққа (оқшаулыққа) жол бермейді. Әр ұлт өкілдеріне құрметпен қарау, оның мәдениеті мен дәстүрін сыйлау қазақстандық патриотизмнің маңызды бөлшегі, тұрақтылық пен дамудың нығаю кепілі. Осы бағытта бұқараға ықпал етудің барлық құрал-әдісін пайдалану қажет. Бұған дене тәрбиесі мен спорт та енеді. Өйткені, ол барған сайын халықтық, бұқаралық сипат ала бастады. Бұл саладағы тәлім-тәрбиелік құралдарды пайдаланудың негізгі, ең бастысы, дене тәрбиесіне деген жалпы талапты игеру (балабақшалардағы, жалпы білім беретін және кәсіби білім беретін мектептердегі, колледждер мен мектептен тыс мекемелердегі, жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесінің сабақтарына қатысу), ынтасы бойынша секция жаттығуларына қатысу(спорт түрлеріне қарай), олимпиада ізбасарларын даярлайтын мектептерде, республикалық жоғары спорттық шеберлік мектептері мен құрама командаларда кәсіби шеберлікті шыңдау болып табылады.

Патриотизм мен интернационалдық достықтың спорттағы өрісі кең. Мұнда бәрі де өзара тең. Ең күштілері, мықтылары ғана жеңіске жетеді. Соның өзінде қарсыласың қандай ұлт өкілі болғандығына қарамастан,оны сылау спортшы бойында берік қалыптасады. Туысқандық, достық, ұжымшылдық, мінез-құлық тұрақтылығы. Кәсіби намысшылдық сезім, кез келген спортшы мен команданың қосымша күш-жігер алатын қуатты тірегі болып табылады. Патриотизм мен интернационалдық достық сезім қалыпты шындық жағдайдың ықпалымен қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасында Дене шынықтыру және спортты дамытудың 2020-2025жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. //Астана, 2015 ж. 29 желтоқсан №231 Жарлығы.

2.Кульназаров А.К. Формирование здорового образа жизни подрастающего поколения и молодежи средствами физической культурой// Президентские тесты: формирование здорового образа жизни средствами физической культуры и спорта: Сборник научных статей // Комитет туризма и спорта РК, КазГАСТ, 2019.- С. 3-8.языка. Киев, 1986. - 20с .

ӘОЖ 371.3

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕШЛІ

Темиргалиева Г.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы

«Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» – деп ел басшымыз Қ.К.Тоқаев айтқандай білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздар еңбегі зор. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп.

Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасында «Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген.

Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - деген екен ұлы кеменгер жазушы М.О.Әуезов. Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдіске ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз бен білімді ұрпақ алып шығады. Сол себептен жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз – ұлттық құндылықтар болуы қажет.

XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың биылғы халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екіншіден, мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп болып бірігіп жұмыс атқару – біздің басты міндетіміз. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен карауға үйретуі сөзсіз.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазір де солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 30 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны қаншалық деген сұрақ ойға оралады. Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен ұстаздар қауымына жүктеледі.

Оқу мен тәрбиелеудің үлкен ортасы – мектеп екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтармен қатар, сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар оқу мен тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһандандудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен мектептің өзара байланысынан көрінеді. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді. Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады.

Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу. Әрбір адам өз Отанына деген мақтаныш сезімі, өз ұлтын терең сүюі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс. Ұлттың сана-сезімімен ана тілін білу де, жері елінің тарихына зер салу, төл мәдениетін игеру де туындайды. Ана тілін білмейтін адам өзінің де, ел-жұртының да қадір-қасиетін жетік біліп, бағалай алмайды. Жалпы, патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасынан бастау алады.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын

жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр адамның дұрыс ой түйіп, өнегеге жол сілтеуі, рухани күшін нығайтуға, аға буын өкілдеріне ізет көрсету отансүйгіштік тәрбиенің бастамасы болып табылады.

Ұрпақ тәрбиесі-адамзат баласының асыл мұраты. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында әр ұстаз адамгершілік, ізгілік кішіпейілділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттерін тәрбиелейді. Бұл ретте мектептегі тәрбиенің мақсаты: ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, парасатты, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеу.

Ұлттық қадір-қасиет – ұлттық сана-сезімнің өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының жемісі, кісілік қасиеттер жиынтығы. Қазақ халқы өз ұрпағын адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған.

Халық өз ұрпағына қайырымдылықты ес білгеннен үйретіп, тиісті талап қою, дағдыландыру арқылы оны тұрмыстық салтқа, адамгершілікке, дәстүрге енгізді.

Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталады. Қай халықтың болмасын табиғатына тән, өзгеде қайталанбайтын қасиеттері, мінезі, діні, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Оны асқақтататын – ұлттық тәлім-тәрбие. Оның негізі ана тілінде. Қазақ тілі халқымыздың ұлттық болмысын, әдет-ғұрпы мен салтын, дәстүрін, ұлттық жадын қалыптастырушы негізгі құрал ретінде ұлттың тілі мен діні, біліктілігін болашаққа жалғайды. Ал, осы асыл қазыналар билердің ұлағатты сөздерінен бастау алатынын көп жан түсіне бермейді. Ескіліктің көлеңкесіне айналып бара жатқан осындай ойлы сөздерді неге қайта жаңғыртып, ұрпақ санасынан ойып орын алатындай дәрежеге көтермеске деген көкейдегі сауалдың орын алатыны да шындық.

Сондықтан ұрпағымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәрбиені бойына дарытуда, мына бір ұлағатты сөз бізге бағдаршам болмақ: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намыс болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа».

Билер ұлағаты арқылы ұлттық тәрбиеге мән беру – сіз бен біздің қоғам алдындағы парызымыз. ХХІ ғасыр азаматының бойында өркениетті өмірге талпынатын, ата-баба дәстүрін жалғастыратын, кіндік қамы тамған туған жерін, асқақтаған көк тулы Отанын сүйетін, үлкен-кішіге мейірімді, ізетті, текті, дені сау азамат және азаматша болып өсулеріне тілейміз.

Әр адам өзінше жеке тұлға. Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз —Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой-пікірінің, көзқарасының болуы, олардың өзі өсіріп-білген құбылысқа деген көзқарасын, ой-пікірін білдіруі заңды құбылыс.

Жеке тұлғаға тән қасиеті - ақыл, ес, яғни, өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұруы. Сондықтан өмірді танып білу - миллиондаған жеке тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады.

Мұғалім балалардың жеке ерекшеліктерін жете білуі қажет. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Мұғалім, ұстаздардың жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі. Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазіргі оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу т.б. мәліметтерді әр кезде біліп отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын ала бастады.

Мектептің жүрегі - мұғалім болса, сыныппен жұмыс жүргізетін - сынып жетекшісі. Ойымды тұжырымдай келе, оқушылардың ұлттық құндылықтары мен жалпы адамзаттық қасиеттерін сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парызымыз.

Қазір әлемдік жаһандану үдерісі ерекше екпін алған шақ. Мұндай аумалы-төкпелі сындарлы кезеңде, ең бастысы, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалуға тиіспіз. Ал ұлтжандылық, отансүйгіштік сияқты асыл қасиеттер адам бойына, сайып келгенде, этнопедагогика арқылы сіңетіні ақиқат. Ондай болса, ұлт болашағына алаңдап жүрген жандар айтпақшы «білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізуді» шынымен, мықтап қолға алу керек шығар.

Ең басты айтарымыз, қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге деген құрмет жатыр емес пе? Оқу процесі кезінде де сөз жоқ, ұлттық инновацияның маңызы зор. Қысқасы, ұлағатты ұрпақ өсіруде осы ұлттық инновациялық әдіс-тәсілдер таптырмайтын құрал бола алатындығына ешкім дау айтпаса керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы

ӘОЖ 371.3

З.ҚАБДОЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

Асқарова Ж.М.

*Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған №30 мектеп-гимназиясының мұғалімі
Атырау қ., Қазақстан*

Ермеков Б.Қ.

*Ж.Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған лицей мұғалімі
Атырау қ., Қазақстан*

Сұлу мінез, сұлу білім иесі. Өнегесін алған, тәлім-тәрбиесін көрген, асыл ағалардың ортасында әрдайым мандайы жарқырап ерекше тұлға болып Зейнолла Қабдолов тұрады.

Ол кісі туралы ойласақ өміріміздің ең бір мағыналы, сұлу, көркем кезеңі көз алдымызға келеді. Құлағымызда самалдай себелеген жайлы, сазды, әуенді, қамқорлы үні қалықтап тұрады.

Ұлы Отан соғысы басталып, әкесі майданға аттанған Зейнолла Қабдолов Доссор кентіндегі орта мектепті бітірісімен 1943-1945 жылдары әкесінің ізін басып, өндірісте жұмыс істейді. Мұнайлы Ембі шындығы, еңбекші қауым тұрмысы З.Қабдолов шығармашылығына негізгі арқау, өзекті тақырып болғаны да сондықтан еді.

Жазушы Зейнолла Қабдолов – қазақ сөзінің қадірін, құдыретін оу бастан бағалаған, қастерлеген, соны жан-жүрегімен сезінген, ардақ тұтқан қаламгерлеріміздің бірі. Қолына қалам ұстаған сәттен бастап жарты ғасыр бойында киелі сөз өнерінің өзі көтерілген тұғырынан таймай, тап кешеге дейін құдіретті қазақ сөзінің биік байрағын бір сәтке де аласартпай асқақ ұстаумен келді. Жазушы, қаламгер ретінде Зейнолла Қабдолов қалың қазақ оқырманын алдымен өзінің прозалық туындыларымен елең еткізді. Алғашқы романы “Ұшқын”, сонан соң іле шала “Жалын” романы жарыққа шыққанда қазақ әдебиетіне ешкімге ұқсамайтын, өзіндік жазу стилі бар, көркемдік кестесі оқшау көрінетін, суреткерлік талғам мен талаптың жаңа биігіне көтерілген қаламгердің келгенін қалың оқырман бірден аңғарды. Аңғарды да, жазушы Зейнолла Қабдоловтың қаламынан ендігі жарық көретін дүниелерге назар тігумен болды.

Жалпы, Зейнолла Қабдоловтың қаламынан шыққан көркем туындылардың (роман, повесть, әңгіме, очерктері, эсселері, т.б.) алтын арқауы, темірқазық идеясы – біреу. Ол –

адамның ар-ожданы, имандылығы, кісілігі, бір сөзбен айтқанда, кейіпкердің ішкі жан-дүниесінің тазалығы, рухани болмысы.

Зейнолла Қабдоловтың кейіпкерлері құдайдан қорқатын, қанағатшыл жандар, арлы жандар. “Біз жанбасақ...” дилогиясының кейіпкері Қабен Оразов алдына келіп тұрған биік мансаптан, мол байлықтан, дәрежелі ғылыми атақтан мақсатты түрде бас тартады. Елге, ұлтқа пайдасы жоқ, тек қана қарақан бастың қамын ғана күйттеуге бастайтын тағдыр сыйын қабылдамайды. Қорғағалы тұрған қомақты ғылыми жұмысын тастап, ұлт қамы, ел игілігі үшін отқа түскен Сардар Сұлтановтай ардагер мұнайшының ақтық сөзінен кейін ол өз өмірін күтпеген жерден басқа арнаға бастайтын күрес жолын, еңбек жолын таңдайды. Алматыны, ондағы жайлы қызметті тастап, Атырауға, Ембіге, қайнаған өмір ортасына, мұнайшылар ордасына аттанады. Осының барлығы өмірде кездесетін қарапайым сюжет арнасынан бастау алғанымен, оның астарында жатқан баға жетпес имандылық сабақтары бүгінгі жас ұрпақ үшін қажет дүние.

Жазушының романының бас кейіпкері Қабен әрекетінің ең алдымен тәлімдік, тағылымдық мәніне ден қойғандығы бұл шығарманы бүгінгі күннің көкейкесті моральдық, адамгершілік мәселелерімен де терең сабақтастырады. Бүгінде түйені түгімен жұтып, жарты әлемді жамбасына басып отырса да тойдым демейтін, дүниеқоңыздық, ашқарақтық дертіне шалдыққан адамдар біздің қоғамда жоқ деп кім айта алады? Қаламгер адам өмірінің осындай көріністеріне ойшыл, суреткер ретінде үңіледі. Авторлық мұрат – осы идеяны нақты кейіпкерлер арқылы, солардың нақты өмір-тағдырын терең бейнелей отырып ашу. Осы мақсатта қаламгер көп ізденген. Бай, құнарлы өмір материалына, оның ішінде тарихи, танымдық, әлеуметтік деректерге табан тіреген. Үлкен-үлкен көркемдік жинақтауларға көтерілген. Төгіліп-төгіліп келіп отыратын толғамдар, ой арналары шығарманың парасат (интеллектуальдық) деңгейін айқындай түседі. Осының барлығы жазушы шығармаларының сүйегін асылдандырып, авторлық ойға, суреткерлік идеяға айрықша бір сәуле түсіреді, нәр береді.

Мысалы, жазушының бірнеше тілдерге аударылған, оқырман қауымнан жоғары баға алған “Біз жанбасақ...” дилогиясының өне бойында осы сарындас ой орамдары, парасат-пайымдаулар бас кейіпкер Қабен аузымен айтылып, Қабен ойының арнасында жиі-жиі кездеседі. Керек болса, бұл жолдар – роман-дилогияның басты кейіпкері Қабеннің ғана ойы емес. Бұл – автордың, яғни қаламгер Зейнолла Қабдоловтың Қабен ойы арқылы берілген, Қабен аузымен айтылған қаламгерлік мұраты, көркемдік бағыт-бағдары еді. Бұл – оның өмірлік тұрғысы, өнердегі қаламгерлік принциптері, суреткерлік концепциясы болатын. Бұл мына жарық дүниедегі ғұмыр-тіршілігі мен сөз өнеріндегі тағдырын бөле-жара қарамайтын, осы екеуінің ажырамас бірлігіне, табиғаттың өзіндей тұтастығына, өміршендігіне ұдайы ұмтылатын қаламгер қарымының ұсынар үлгісі мен берер өнегесі. Және осы парасатты сабағын жазушы жаймаламай, батыл, ашық ұсынады. Зердеңмен қабылдап, жан-жүрегіңмен түйсінуіңді қалайды.

Сондықтан да өткен ғасырдың 60-80 жылдар прозасына парасатты, суреткерлік, танымдық ауқымы жағынан әлемдік деңгейдегі көркем шығармалардың көшін бастай алатын туындылардың келу үрдісі арналы түрде бастау алды дегенде, алдымен Зейнолла Қабдоловтың көркем дүниелері еске түсетіні тегін емес. Шын мәнінде қазақ оқырманы “Біз жанбасақ...” дилогиясын тақырыбы, сюжеттік арқауы, танымдық-тағылымдық тереңдігі, жазылу стилі, тілі арқылы қазақ прозасына келген көркемдік болмысы бөлек, үздік туындылардың қатарында қабылдады десек, қателеспейміз.

Асылы, жазушының оқырман жүрегіне жол табуы оңай емес және ол қай тақырыпқа қалам тартқаныңызға да байланысты емес. Міне, дәл осы тұста, қаламгердің таланты, дарын күші, суреткерлік шеберлігі алдыңғы қатарға шығады. Академик-жазушы Зейнолла Қабдолов алдымен осы қасиеттері арқылы оқырман жүрегіне жол тапты. Жазушының күллі шығармалары тұтаса келгенде немесе осынау шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін жинақтай айтқанда, Зейнолла Қабдолов қазақ әдебиетіндегі парасатты прозаның, осы аядағы алғаш рет шынайы көріне алған қаламгерлік шеберліктің жаңа өлшемін межеледі.

Қазақ сөзінің қадір-қасиетін, көркемдік қуатын суреткерлік мақсатта қалайша құбылдануға, құлпыртуға болатындығын аңғартты, шығармашылық процесте әрбір сөйлемді, сөз тіркесін қалайша ұтымды, ұтқыр пайдаланудың жолдарын жаңаша зерделеді. Түйіндей айтқанда, қазақ сөзінің құнары мен құдіретін, сымбаты мен сұлулығын парасатты прозаның табан тірейтін тұғырына айналдырудың жаңа үлгісін көрсеткен “Біз жанбасақ...” диалогиясы алдымен осынысымен қымбат, осынысымен қадірлі. Сондықтан да оның қаламынан шыққан “Ұшқын” және “Жалын” атты романдары, көркем очерктері мен көркем әңгімелері, Алаш арыстары мен айтулы тарихи тұлғаларымыз жайында жазылған толғаулары мен эсселері қазіргі күнге дейін өз құнын әсте төмендеткен жоқ. Бүгін жазылған дүниелер сияқты оқылады.

Суреткер жазушы Зейнолла Қабдоловтың қаламынан проза жанрында бірнеше құнды туындылар дүниеге келді. Жетпісінші жылдары жарық көрген “Біз жанбасақ...” роман-диалогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған көркем шығарма десек артық айтпаймыз. Заманауи тақырыпқа қалам тербеген қаламгер аталған шығармасында көркемдік бітімі мүлдем бөлек бірнеше тың кейіпкерлерді қазақ әдебиетіне алып келді. Сондықтан да бұл роман-диалогияны кезінде қазақ оқырманы жылы қабылдап, жоғары бағалады.

Қазақ прозасындағы сол тұста жақсы көріне бастаған интеллектуальды бағыттағы соңғы, жаңа тынысты шығар-малардың көш басында осынау роман тұрды. Әдебиет сыны романның әсіресе осы құндылығын баса көрсетіп, жарыса жазды. Сардар, Қабен, Тайман сынды жаңа кейіпкерлер көркемдік жинақтау биігінен табылған, қаламгердің суреткерлік дарынын айрықша жарқыратып көрсеткен типтік бейнелер ретінде әдебиет төріне көтерілді.

Тура осы арнада, өзінің суреткерлік қолтаңбасынан көз жазбаған қаламгер араға уақыт салып Әуезов бейнесін де әдебиетімізге алып келді.

Менің Әуезовім” роман-эссесі де тұлға және заман тақырыбын тереңнен тартып бейнелеген, тарихи шындықты үлкен ауқымда көркемдік тұрғыдан жинақтап бере алған бірегей туынды ретінде оқырман жүрегіне жол тапты. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған бұл роман да З. Қабдоловтың көркем прозадағы көп жылғы шығармашылық ізденістерінің бір белесі ретінде әдебиет тарихында қалды.

Саңлақ суреткер, ғұлама ғалым, әлемдік әдебиеттің классигі Мұхтар Әуезовтің жеке тағдырынан бастау алатын оқиғалар тереңдей келе ұлы тұлғаның тұтас өмір жолымен, қаламгерлік жолымен, сол заманның тарихи шындығымен сабақтасады, қатар ашылады. Әуезовтің күллі кісілік болмысы, жан дүниесі, жеке басының трагедиясы нақты оқиғалар арнасында суреттеледі.

Жазушы Зейнолла Қабдоловтың көп жылдар бойында іштей дайындалып, ойына алған, осы мақсатта деректер жинастырып, жүрек түкпірінде сақтап жүрген, жанына жақын тақырыбы қазақтың алдаспан ақыны Махамбет бейнесін сомдау болатын.

“Менің Әуезовім” роман-эссесінен кейінгі күрделі туындысы – Махамбет бейнесіне қалам тартқан қаламгер бұл романын толық аяқтап үлгермеді. Оу бастан Махамбет тағдыр кешкен тұтас дәуірді толықтай қамтып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен тарихи тұлғаларды қатар ала отырып, бүгінгі заман биігінен ой толғағысы келген қаламгердің аяқ алысы, қалам сілтесі бірден сезіледі.

Ой ауқымын кеңге салған, суреткерлік, көркемдік жинақтаудың эпикалық биігіне қол артқан автордың суреттеулерінен болашақ туындының терең тынысы, көп қырлы болмысы бірден көзге түседі.

Бұл туындының алғашқы тараулары З.Қабдоловтың өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген бес томдық таңдамалы шығармаларының бесінші бөлімінде «Мұз үстінде от жаққан” атты тақырыппен жарық көрді. Болашақ романның алғашқы беттеріндегі оқиғалардан-ақ оқырманға терең әсер тастайтын “Арыстан еді-ау Исатай, “Қаһарман ақынның тағдыры мен тағылымы”, “Айбын мен айдын,” “Ақын өлімі” (роман эскиздері) деп аталатын атаулар бір-бірімен іштей сабақтасып, тұтас дүниенің енді көтеріле бастаған қабырғаларын көзге елестетеді.

“Ақын өлімі” тарауында тұтаса бастаған басты идея, тартысқа толы сюжет шырғалаңдары қылаң бергендей. Махамбет қазасына байланысты өрбитін оқиғалар суретінің алғашқы арналарын Зекең өзіне тән құнарлы тілмен, суреткерлікпен, өзіне тән стильде қағазға түсіріп үлгірген екен. Өте әсерлі, тартымды оқылады.

Жазушы бірден Бөкей ордасына байланысты тарихи оқиғаларға баға беріп, тарихи ретроспектива аясында бірнеше шегіністер жасайды. Еділ-Жайық арасын бейбіт жайлаған қалың қазақтың тарихи тағдыры қалайша замана көшінде сан қайтара сынға түскені де жазушы жинақтауларында суреткерлікпен көрініс табады. Жазушы ой ауқымын кеңге салады. Тарихи деректер шығарма тініне әдемі кірігіп, болашақ Махамбет тұлғасына барар жолды саралай түседі.

Жәңгір туатын жылы патша ағзамның жарлығымен Бөкей сұлтанның қашаннан бергі арманы орындалып, Еділ, Жайық – екі өзен арасы түгелімен Бөкей Нұралыұлына мәңгі-бақи меншіктеліп берілді. Бұл бұған дейін ешбір қазаққа жасалмаған мырзалық еді.

Еділ, Жайық арасын бұдан бұрын жоңғарлар таптап, қалмақтар жайлап бұларды патша жасауылдары казактар қуып шыққан соң көп уақыт бос жатқан қызыл шағыл боз дала болатын. Сол дала енді күтпеген жерден Бөкей сұлтанға берілді. Бұған жұрт таң қалды:

- Япырмай, тас сараң патша қалай қиып беріп жүр? – десті. Оны біреулер түзетіп:

- Бос жатқан жер, ұстап тұратын адам керек, неге бермесін! – деді.

- Жоқ-ау, қазаққа қалай қиды деймін ғой.

- Бөкей де жарты қазақ, жарты орыс емес пе? Берген содан соң.

- Қалай орыс болады Бөкей?

- Көк көз ғой, орыстан несі кем?

- Солай екен-ау!

- Солай болғанда қандай? Биыл туған ұлы Жәһангердің де көзі көкпеңбек. Бұл да орыс, әкесінен аумайды, аузынан түскендей...

Бұлардың бәрі қаңқу. Өсек.

Тумыстан асыл жаралған ақылды, парасатты Бөкей не істеп жүргенін өзі біледі. Хан тұқымы, төлеңгіт емес, төре Бөкей сонау Шыңғыстан бергі ата-бабаларының орыстан шылбыры үзілмей келе жатқан тағдыр үрдісін бұл да бұза алмады. Қазақтар орыссыз өз алдына дербес ел бола алмайды деп білетін. Ойда – орыс, қырда – қытай. Шылбырдың бұрышын кара қытай ұстаған жөн бе, әлде қазақтың көзі үйренген сары орысы дұрыс па?

Әрине, отаршылар аяққа тұсау салмақ түгіл шідер салса да, қытайдан орыс дұрыс деп білді.

Әрине, Бөкейдің мойнына ілінген үзбелі түйме жай түйме емес, оның өзіне, өзі басқаратын халыққа салынған отаршылдықтың қыл бұрауы да еді. Бұл бұғалыққа көнбеуге Бөкей ханның да, оның қай заманда да құлдықтан, азап пен бейнеттен арылмаған бодан халқының ешқандай лажы жоқ еді”.

Осылайша тарихи шындықты ой елегінен өткізген қаламгер Махамбет бейнесіне барардың алдында Әбілхайыр, Бөкей сұлтан Нұралыұлы, Жәңгір хан сияқты тарихи тұлғалардың тағдырына да соғып өтеді. Болашақта Махамбет, Исатай бастаған ұлт-азаттық көтерілістің әлеуметтік себептеріне, тарихи тамырларына ой, парасат көзімен үңіледі.

Жалпы романда көп сөз болатын тарихи мекен Қарой, Қаройдағы Махамбет тағдыры, ақын ойын тұйыққа тірейтін шытырман түстің күдігі, осы тұстағы жазушы суреттемелері бүкіл романның идеялық жүгін ұстап тұрған бел омыртқадай көрінеді. Яғни “Түс”, “Шер” деп аталатын тараулардағы сөз болатын оқиғалар сарыны, кең тынысты авторлық баяндаулар болашақ романның көп қатпарлы, көп кезеңдерді қамтитын күрделі шығарма ретінде жоспарланғанын анық аңғартып тұр.

Қазақ тағдырының ең бір күрделі, алмағайып кезеңін Жәңгір хан, Өтеміс, Исатай, Махамбеттей тарихи тұлғалар арқылы бейнелеуді мұрат тұтқан қаламгердің осынау шығармасының аяқталған нұсқасының қолымызда қалмағаны, әрине өкінетеді. Солай бола тұра Махамбет тұлғасына, Махамбет тағдырына арналған барлық шығармалардың ішінде 3.

Қабдоловтың осынау романының соңғы жылдары жарық көрген туындылардың арасында дара, шоқтығы биік көрінетіні сөзсіз.

Ал енді, суреткер жазушы Зейнолла Қабдолов өз романының барлық тарауларында дерлік Махамбет тұлғасына, оның болмыс-бітіміне, қайсар мінезіне қайта-қайта айналып соғып отырады. Романның ішінде ерекше көзге түсетін бір ерекшелік – Махамбет, Исатай тағдыр кешкен табиғи орта, атамекен суреті кең ауқымда суреттеледі. Табиғат көріністеріне автор айырықша мән береді.

Тайсойған да аумаған Нарын, Ойыл мен Жем арасын тұтастыра жалғап көсіле көлбеген жалпақ шағыл. Бұл да шағыл болғанда сусып төгіліп жатқан жалаңаш құм емес, қызғылт топырағы сұрғұлт шүйгінмен, кей тұстары жасыл шалғынмен қымталған көгілдір қоңырлықтар мен кең қолтықтар, белес-белес белдер, қырқа-қыраттар, қалың елге сая, мал мен жанға пана Нарын ханжайлау болса, бұл – саржайлау. Оңтүстік шалғайы Жем суынан басталатын Тайсойған солтүстігінде Бүйрекқұмға ұласып, Ойыл өзеніне тіреледі. Ойылдың дәл осы аралығында Сырым бөгеті, бөгет жиегінде даланың жалындай жалбырап тұрған бір шоқ терек бар. Мұны да Ақкөл мен Кезауызға қарай өткен жолаушыға көлеңке болсын дегендей Сырым батыр өз қолымен егіп кеткен көрінеді.

Кезауыз – кезауыз десе кезауыз, – оңтүстікке қыртыс-қыртыс қызыл шағылды қақ айырып ағып жатқан Жарыпшыққан өзенінің солтүстіктегі Ойыл суынан жырылған жіңішке жылғаның толқыны терең Тайкеткен арнасына келіп тоғысатын құйылысы – табаны тастақ, жиегі қайраң құмды өткел. Бұл араның суы – жайылма, саяз, тізеден аз-ақ асады. Жағасы жайпақ. Сырым бөгетінен арғы Қараменнен Қаракөлге, одан әрі Қарабайға қарай сапар шеккен жолаушы арбадан түсіп, балағын түрініп, білегін сыбанып, бой сергітіп, ұйқы ашар салқын сумен бетін бір сипайды да, көлігін қылт етпеден ат емес өзі сүйреп өткендей арғы бетке шыға бере жайланып суын ішеді.

Содан соң пар аттың қамытын алып, делбелерін шұбатып, жағада жайқалған көк құраққа тұсаусыз қоя береді. Аттар шашасын салқын су шайған жерден тапжылып табан аудармастан қысқа дейін бояуын өзгертіп, буынын қатырмайтын балдырған бала құрақты бас салып шалғыша қияды да оқта-текте пысықырып қойып күрт-күрт, кірш-кірш шайнайды. Содан мінер жағынан иесі оралғанша орнынан қозғалмайды.

Ал иесі жағадан жоғары көтеріліп, шағыл шетіндегі шоқыға шығады, шешінеді. Шоқының іргесіне ырп-ырп соғып Жарыпшыққан ағып жатады. Нәрі тап-таза, жағасы-құмайт, түбі-тегіс ақ қайраң. Суының мөлдірлігі сондай ағыспен ығып, жүзіп келе жатқан шоршыма, сойқан балық шортан жағадағы адам қараны көріп кенет шошиды да толқынды құйрығымен бір ұрып кері бұрылып қашып кетеді. Соған бағып, бетінен түбі көрінген мөлдір су саяз шығар деп секіріп түсе қалсаң, үш кісі бойы тереңге шым батасың да кетесің.

Жарыпшыққан – сондай алдамшы өзен, тереңі тентек, тек беті ғана күледі.

Өтеміс пен Махамбет – әкелі-балалы екі салт атты Тайсойғанды екі күн аралап, бүгін үшінші күн дегенде Кезауыздан өтіп, күн шыға Сырым бөгетіне қарай бет түзеді. Бірақ бұлар жағаға шешінген жоқ, Жарыпшыққанға шомылған жоқ; күз салқын, күн желкем еді”. Осылай төгіліп түсетін табиғат суреттері романның өне бойына айрықша құнар дарытып, қаламгердің тіл кестесін айшықтап көрсетеді. Зейнолла Қабдоловқа тән суреткерлік тіл, көркемдік бояу, оқырманға терең әсер тастайтын теңеулер үрдісі ой мен парасатқа суарылған.

Осындай суреттеулер Тәкен Әлімқұловтың “Қаройында” да сан қайталанады. Екі суреткер де ақын тағдырына, ақын трагедиясына жақындай түскен сайын табиғат көріністерінің бояуын қалыңдата баяндайды. Салқын күздің, желкемді күннің суреті екі шығармада да ұқсас қайталанады. Табиғаттың сұсты суреті Махамбетке қатысты өрбитін қанды оқиғаға астарлы мән береді. Осы арқылы Махамбет трагедиясына алып келетін күллі іс-әрекеттің динамикасы ширатыла, ширға түседі.

Т. Әлімқұловтың шығармасында күтпеген жерден қызғыш құстың көрінуі, көң қарғаның ұшып жүруі, ботаның боздауы, сол кеште, апақ-сапақта айдың тұтылуы, барлығы ақын өлімін, оның ауыр қазасын шарықтау шегіне жеткізе суреттеуге жол ашады.

Зейнолла Қабдолов өз романында Махамбет қазасын суреттейтін эпизодтарды қағаз бетіне толық түсіріп, үлгеріп кете алмағанымен, бірақ ақын қазасына алып келетін барлық оқиғалардың дәлел-деректерін айна-қатесіз, нанымды, сенімді суреттеулер арқылы алып келеді.

Махамбет трагедиясына алып келетін оқиғалар тізбегі жазушы суреттеулерінде көп қырлы, полифониялық сипатымен есте қалады. Махамбеттің соңғы күндерде, жалғыз қалғанда, күллі өмір жолын көз алдынан өткізіп, ой тұңғығына батқан сәттерін суреттеген беттермен роман нүктесі төмендегідей қойылады: Сол баяғы жалғыз үй, сол баяғы екі құлынды бие, екі боталы түйе, бір ат. Қазір боталар босатылып, құлындар ағытылған. Бәрі қосылғанда тоғыз құрапты; кәдімгідей көз кідіртер бір табын мал. Және бәрі қосылып, топталып, бірге жайылып жүр; тоғызы да Қаройдың Дендер жақ беткейінде-шідерлеулі кер арғымақтың төңірегіне шоғырланып, бір-бірінен қара үзбей жайылады.

Махамбет бірауық аспанға-бұрқыраған будай яки түтілген түбіттей будақ-будақ әуеде ілініп тұрып қалған қызғылт бұлттарға қарады. Алып аспанға айшық-айшық сурет салған қызыл бұлттар шынында да әр нәрсеге бір ұқсап кетеді. Махамбеттің көзіне мына суреттер Жасқұстағы Орда шаһары секілденіп кетті. Хан ордасына Теке жақтан келіп төте кіретін айдау жол бар-ды; мынау орданың сол Теке беті сияқты. Хан сарайының әшекейлі биік қақпасы, сарайдың екі қанатын кере созып әкететін көше-көше көп үйлер, тіпті оң жақтағы айдын – Шалқар көл мен сол жақта қолдың саласындай тізіле самсап, жиекқұмды жағалай жосылып әрі асқан жал-жал жасыл теректер... Бәрі де қызғылт сары нұрға балқып, керемет көркем келбетпен Махамбеттің көзін арбап алды.

Махамбет аспандағы бұлтқа телміріп ұзақ тұрды; қызыға қарап, қатты толқып ойланып тұрды: “Япырмай, тіршілік түп-түгел жерден кетіп, аспанға көшкен бе, қалай!”... Жапан далада жалғыз қалған ақынның күллі ішкі жан әлемі, жүрек күйзелісі, атамекеніне, туған жеріне, туыс-бауырларына деген ұлы сағынышы, ұлы қайғысы, ұлы мұңы, барлығы ақынның осынау сана ағымы арқылы көз алдымыздан өтеді.

Осыдан кейін роман Махамбеттің басын шабуға келген бір топ жеңдеттердің, яғни “сау желіп, суыт келе жатқан тобырдың” оңаша отырған қараша үйге өңмендей кіріп, залым ойларын іске асыруға беттеген зымиян іс-әрекеттерін суреттеумен тәмамдалады.

Ары қарай Махамбеттің Ықлас бастаған опасыз ағайынның алдында алдаспандай арқырап сөйлеп, айыбын айтып, ат құйрығын кесісіп, шарт кетуі. Ызадан жарылардай болған жеті баскесердің қылыштарын ала ұмтылған қаскөйлігінен титтей де қаймықпаған, жаралы арыстандай жалғыз алысқан алып жүректі ақынның жан алысып, жан беріскен арпалысы.

Махамбеттің жантәсілім етер сәттегі Ұлы өкініші. Ұлы арманы. Осының барлығын жазушы ақ қағазға түсіріп үлгермеді.

Тағдырдың жазуы.

Өзінің шығармашылық ой ұшқырлығын сұлу білім деп тұрған тұжырымын сөзбен емес, іспен дәлелдей алатын дарыынды тұлға еді.

Алғашқы қадамымен-ақ алысқа шабар бәйге атындай кең құлашты адымын таныта алған, тынысына тәнті еткен, жеті қат жер астынан мұнай өндірген жұмысшылардың жан дүниесін баяғыдан бағып келе жатқандай – сарабалдығы баурады. Тірі сөзбен сурет сала білетін шеберлігі ынтық етті. Жібек мінезі үйірсектетті. Осындай қаламынан адагершілік тәрбиесінің нұры төгіліп тұратын Зейнолла Қабдоловтың шығармалары ХХІ ғасырдың ұрпағына арналғандай...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Жолдасбеков. «Сұлу мінез, сұлу білім иесі» Алматы-2007 ж
2. Б.Тоғысбаев. А.Сужикова Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған.– Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009
3. Г.Б.Аяпова «Қазақ әдебиеттануындағы әдебиет теориясының қалыптасу кезеңдері және Зейнолла Қабдолов қисындары» Алматы : Б. 2007 ж

ПАТРИОТИЗМ НЕГІЗІ САЛАУАТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖАН САУЛЫҒЫ МЕН РУХ ТАЗАЛЫҒЫ

Джолдыбаева. А.У.

*М.Ломоносов атындағы орта мектебінің
дене шынықтыру пәні оқытушысы
Атырау қ., Қазақстан*

Қазіргі кезде қоғамымыз саяси және әлеуметтік өзгерістер үстінде. Осыған байланысты адамдардың тұрмыс тіршілігі, сана сезімі және әдет ғұрпы да өзгеретіні заңды құбылыс. Яғни, бұл болашақта біздің ұрпақтарымыз жаңа өмір салты бойынша өмір сүреді деген сөз. Ендеше ол қандай өмір салты болмақ, біздің ұлттық рухани болмысымызға сай келе ма-соны қазірден ойлап, оның теориялық негізін жасап, жастарымызды сол бағытта тәрбиелеуіміз керек. Ұлтымыздың өткендегі өмір салтын зерттей отырып, оны қазіргі жағдайымызбен салыстыру арқылы халқымыздың болашақтағы өмір салтын да болжауға болады. Осы мақсатпен мектептің “Салауатты өмір салты” тәрбие жоспарына кіргізіп жоспарлауы тиіс. Қазақстан республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында “Тәрбие процесін. Қазақстандық патриотизм, гуманизм идеялары негізінде құру” керек делінген. Әрине, осы міндетті болашақта іске асырушылар жастарымыз. Солай болса, жастарымыздың білім деңгейі, ата-анадан алған тәлім тәрбиесі қандай дәрежеде деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа қанағаттанарлық жауап беру әзірге қиындау оған дәлел-бүгінгі қоғамыздағы күннен күнге көбейіп отырған сан алуан қылмыскерліктер. Меніңше, қылмыстардың басты себебі-жастарымызды уақытында салауаттылыққа тәрбие бере алмағанымыздан туындаған.

Оқушылар арасында өткізілетін тәрбиелік шаралар “Салауатты өмір салты” үш бөлімнен тұрады:

I.Өмір салты дегеніміз не, оның адам өмірінде алатын орны және демократиялық ұстанымдар туралы.

II.Қайткенде қоғамымызды салауатты және оған жастарымызды қалай тәрбиелейміз деген мәселелер тұрады.”Салауатты өмір салтының” рухани-имандылық, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси негіздері.

III.Бөлім.

1.Өмір салты. Оның мәні мен құрылымы.

2.Өмір салты субъектісі және өмірдің жағдайы.

3.Өмір деңгейі.

4.Өмірдің санасы.

5.Өмірдің стилі.

IV. “Салауатты өмір салтын құру және оған тәрбиелеу”.

“Салауатты өмір салтының” рухани-имандылық негізгі мақсаттары:

1. Дәстүрді қалпына келтіру:

А) отбасы және ұрпақ тәрбиесі;

ә) туыстық қарым-қатынас;

б) ұлттық сана сезім;

в) жерлеу және ас беру рәсімдері;

2.Тәлім-тәрбиені жаңғырту:

а) әдептілік;

ә) ізгілік;

б) үлкенді сыйлау;

в) өзін-өзі тәрбиелеу;

г) әділетсіздікке төзбеу.

3.Адамгершілік әдепке баулу:

- а) адал еңбек;
- ә) патриоттық сезім;
- б) табиғатты қорғау;
- в) әлеуметтік белсенділік;

4.Рухани мәдениетке үйрету:

- а) әдебиет;
- ә) өнер;
- б) музыка;
- в) ұлттық мейрамдар;
- г) ұлттық ойындар.

5.Имандылық қасиеттерді жетілдіру:

- а) имандылық;
- ә) ар-намыс;
- б) парасаттылық;
- в) жігерлік;
- г) мінез-құлық.

“Салауатты өмір салтының” қоғамдық-саяси негізгі мақсаттары:

- 1.Қазақтың бұрынғы салт дәстүрлерінен мағлұмат.
- 2.Қазіргі ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту.
- 3.Күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды жергілікті жерлерде жасау.
- 4.Нарықтық экономиканы қоғамымыздың ұлттық ерекшелігіне сай дамыту.

“Салауатты өмір салтының” қоғамдық-саяси мақсаттары:

- 1.Демократиялық қоғам орнату:

а) Қазақстанда демократияны дамыта отырып, қазақтың ұлттық рухындағы қоғам құру;

ә) ұлтаралық достық пен түсіністікке әрқашан адал болу;

б) “Халықтарға бейбітшілік, ұлттарға тәуелсіздік, адамдарға бостандық” ұстанымын басшылыққа алу;

в) экономикалық интеграция, саяси бейтараптық, рухани тәуелсіздікке ұмтылу.

- 2.Адамдардың құқығы мен бостандығын қорғау:

а) Адам құқығын бұзбау жөніндегі халықаралық декларациясын берік сақтау;

ә) Заңды адам құқығы мен моралдық құндылықты қатар дамыту;

б) адам құқығын бұзған шенеуніктер мен заң адамдарын сот алдында жауапқа тарту;

в) әрбір адамды өзінің құқығы мен бостандығын қорғауға үйрету;

г) “имандылық сақтау, заңды орындау, салауатты өмір сүру” ұстанымына берік болу.

- 3.Президенттің басқару және оған қолдау көрсету:

а) студенттердің халық сайлаған Президентті құрметтеуге тәрбиелеу;

ә) Президентке мемлекетіміздің тұтастығы мен қауіпсіздігінің символы ретінде қарау;

б) Президенттің ар-ожданы мен беделіне нұқсан келтіретін әділетсіз сындарға жол бермеу;

в) Президенттің шығарған жарлықтары мен өкімдерін орындау;

г) Президентті Конституциямыздың бұзылмауының кепілі деп санау.

“Салауатты өмір сүру” дегеніміз:

1.Әлеуметтік тұрмысты жақсарту.

2.Бос уақытты дұрыс пайдалану.

3.Білім көтеру.

4.Денсаулығын сақтау.

5.Тазалықты сақтау.

6.Зиянды әдеттерден аулақ болу.

7.Рухани және материалдық құндылықтарды сапалы пайдалану.

8.Сапалы тамақтану.

Жан-адамның ішкі дүниесі, ішкі жаратылыс. Жан-адамның ой-пікірі, рухани байлығы. Рухсыз адам болмайды, адамды рух сипатынан тыс қарау мүмкін емес. Үстіртін қарағанда бұлай ойлау материалистік көзқарасқа жатпайтын, керсінше идеалистік тұжырым ретінде көрінуі ықтимал. Ол рух пен адам қатынасын түсінбеуден туындаған пікір. Ал адамның табиғатына рухты қарастырмай ештеңе айта алмаймыз.

Руханилық-құрылымы күрделі, көрінісі түрлі-түрлі, адамды жануарлар дүниесінен ерекшелейтін құбылыс. Рухани байлық (руханилық) адамның қаншалықты саналы екенін көрсетеді. Саналы, парасатты, зерделі, зиялы адам дегенде оның рухани байлығының қаншалықты жоғары дәрежеде екенін білдіреміз. Рухани байлық-адамның жан дүниесінің байлығы. Жан дүние тәнде орналасады. Жан дүниесі бай адам өмірдің қыр-сырын (жақсы-жаманды) дұрыс ажырата алады. Осы ақыл, кемел зерделілігі қазақы түсінікте-тектілік. Олай болса, жаны саудың дені де сау. Руханилықтың арқасында ол адам өз денсаулығына саналы қарап, оны сақтайды, ауырмайды жанын олардан бездіруге жетуге болады. Бұл салауатты өмір салтының негізі “кірпіші” жан саулығының әліпшесі.

ӘОЖ 371.3

ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Ғабитова А. Ғ.

*Атырау облыстық Білім беру басқармасы
Атырау аймақтық дене тәрбиесі және
спортты дамыту орталығының дене тәрбиесі
пәнінің бас жаттықтырушысы*

Қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып отырған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер ғылымды дамыту және білім беру саласында жаңа талаптардың жүзеге асырылуымен сипатталады. Алайда бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық кедергілерге байланысты бұл мәселенің көптеген бағыттары әлі де болса өз шешімін толығымен таппай отыр. Халық мұраларының ішіндегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер бүгінгі жас ұрпақтың имандылық-адамгершілік асыл қасиеттерін дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптасып, рухани жетілуіне ата-баба дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеуге зор ықпал етеді. Мұның негізгі көздерінің бірі қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, таусылмайтын тарихи, мәдени-рухани қоры мен тағылымдық мұралары болып табылады.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», - деп айтқаны мәлім. Қазақ халқының ата-бабамыздан мирас болып келе жатырған ұлттық салт-дәстүрімізді болашақ ұрпаққа дәріптеуіміз қажет[1].

«Қазақстан Республикасы-Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты ғылыми құжатта тәрбиенің негізгі мақсаты ата-анасын қадірлеп, қастерлейтін, туған жерін, отаны қазақстанды сүйетін, қазақ тілін, мәдениетін, тарихын меңгерген және ардақтайтын, толерантты, халықтар достығын, ел бірлігін сақтайтын, дені сау, жан дүниесі бай, еңбекке бейім, ана тілін және шетел тілдерін білетін, сапалы білім алған азамат тәрбиелеу», - деп атап көрсетеді[2]. Құжаттың негізгі басты ұстанымы ата - ананы құрметтеуден басталады. Жалпы ұлттық тәрбиенің де бастау көзі - ол сені дүниеге әкелген ата - ананы сыйлау, құрметтеу, оның кәртейген шағынды бағу - ол әр баланың негізгі ұстанымы болуы керек. Бірінші сүйіспеншілік ата-анаға арналуы қажет, және ол бұзылмайтын қағида болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда орыстың белгілі ағартушысы А.Сухомлинский «Ата - анасына махабаты

жоқ адамның ешкімге де махабаты болмайды», - деген қағиданы басшылыққа алуымыз керек.

Тұжырымдамада аса мән берілетін келесі ұстанымдары ол қазақ тілі, ұлт мәдениеті, тарихы, халықтар достығы, ел бірлігі, дені сау, жан дүниесі бай, еңбекке бейім, ана тілін және шетел тілдерін білетін, сапалы білім алған азамат тәрбиелеу мәселелерін негізгі орынға қойып отыр. Яғни, «тұлғаның келбеті» айқындалып беріліп отыр..

2025 жылға дейінгі Білім беру мен тәрбие тұжырымдамасында берілген сегіз бағыттың негізгі бағытының бірі, яғни үшінші бағыты – ұлттық тәрбие. Бұл бағыттың мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру деп атап көрсетеді. Ал, тұлғаның бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы бағалау критерийлеріне (қарым-қатынасы арқылы): этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өзге де халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; Қазақстандағы басқа этностардың мәдениетіне және этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім мен жауапкершілік танытуы екеніне аса мән берілген. Жалпы ұлттық тәрбие құжатта көрсетілгендей іске асыру механизмдері толық педагогикалық үдерісті: сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, сабақтан тыс іс-әрекеттер, этнопедагогика кабинеттерін ашу және жабдықтау; ҚР Елтаңбасы, Туы және Гимні, қазақ халқының мемлекеттік тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша байқаулар, олимпиадалар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б.арқылы жүзеге асырылу қажеттігін нақтылайды.

Расында да, тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің маңызына тоқталатын болсақ, негізінен ұлттық сана, ұлттық сезім, ұлттық қадір-қасиет, ұлттық мақтаныш, ұлттық мүдде, тілі, мәдениеті, тарихы, діні, ділі, территориясы, мемлекеті туралы түсінігі, сонымен бірге басқа мәдениет өкілдерін оң бағалауы т.б. жатқызылады. М.Жұмабаевтың «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиені сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуы міндетті» - дегені тұлғаның бойында ең алдымен ұлттық тәрбиені сіңіру арқылы тұлға келбетін қалыптастыра аламыз[4].

Тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің маңызы ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан рухани, мәдени, тарихи құндылықтарды ерекше атауға болады:

- тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, елжанды, патриоттық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталады;

- тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық, моральдық қасиеттерін қалыптастырудың мүмкіндігін туғызу;

- тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;

- бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысына, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруға, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруге ықпал ету;

- білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету;

- тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, табиғат сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеуіне; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін жоғары деңгейде дамытуына жағдай жасау;

- әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиетін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету;

- салауатты өмір салты дағдыларын, дене дамуы мен психологиялық денсаулығын сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату [5].

Қай дәуірді алып қарасақта жастар – аға буынның жалғасы, қоғамның бүгінгі мен ертеңі дейміз. Аға буынның жасаған мәдени және рухани байлықтарын игеріп, оны жаңа жағдайға сәйкес іргелі дамытып, заманмен сабақтастырып отыратындар да осы жастар. Сондықтан оларды өмірге баулу, тәрбиелеу, үйрету мәселесі қай қоғамда болмасын басты міндет болып саналып келген. Осыған орай, жұмыр жер бетін мекен еткен қай халық болмасын, ел ертеңі саналатын жас ұрпақ тәрбиесіне тал бесіктен бастап, база назар аударып, баласының саналы да салиқалы азамат болып, бойтүзеулеріне ерекше көңіл бөлген.

Біздің халқымыздың да күнделікті тұрмыс салтында қалыптасқан бала тәрбиесіне байланысты туындаған озық тәжірибелер аз емес. Ұрпақ тәрбиесіне арнаған бұл талаптардың қай-қайсысын алып қарасақ та, жас өскіннің еңбек сүйгіш, төзімді, талапшыл, намысшыл болып өсуіне әсерін тигізген. Мәселен қазақта «Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жөн айтар» - деген даналы сөзді түсіне білген адамға талай дүниеден хабардар етіп тұр емес пе? Жеті атасының басып өткен өмір жолын жақсы білген адам, өз халқының екі ғасырлық тарихынан хабардар болады екен. Міне осындай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан қазақы салт-дәстүріміз бүгінгі қазақ қоғамының бірлігінің, ынтымағының, ауызбіршілігінің, адамгершілігінің белгісі. Ғасырлар бойы қалыптасқан осындай інжу-маржан дәстүрлеріміздің біразы кешегі кеңестік уақытта жоғалтып алғанымызда рас. Дегенмен еліміз егемендігін алып еңсесін көтеріп ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып жатқандығы бізді қуантады. Әрбір халық ұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік, білімді де білікті ұрпағынан қуат алады, ол әрбір жаңа буын жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді бойына сіңіруден басталады.

Жастарды дәстүрлі еңбектің қай саласында болмасын тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, еңбек іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өзінің ұлттық болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу қажеттілігі айқындалған. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы қоғамдағы ірі өзгерістермен бірге, ұлттық сананы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді, халықтық қадір-қасиетімізді, психологиялық табиғи белгілерімізді жандандыру мен жаңартуымызға елеулі септігін тигізуде. Әсіресе, қазіргі дүниежүзілік жаһандану, ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі мен ғарышты игеру заманында, әлем халықтарының тұрмыс- тіршілігіндегідей, қазақ халқының дәстүрлі еңбек түрлері өнеркәсіп салаларындағы еңбек түрлерімен қатар, ең басты күнкөріс көзі болып келеді және бола бермек. Сондықтан бүгінгі таңда жастарды ұлттық тәрбиедегі дәстүрлі еңбекке ерекше назар аудару қажет. Бүгінгі қоғамда тоқталатын болсақ, ұлттық және әлемдік мәдениетті менгерген жан-жақты мәдениетті тұлғаны қалыптастыру, яғни өз мәдениетіне де, өзге мәдениетті менгерген адам деп танымыз. Ұлттық мәдениетті менгеру, білу, оны әлемдік басқа мәдениеттермен үйлестіру жалпыадамзаттық мәдениеттің іргетасын қалайды. Сол арқылы біз әлемдік білім кеңістігіне еркін араласа аламыз. Жоғарыда аты аталған құндылықтар жоғары оқу орнына болашақ мамандарды дайындауға негізделген «Ұлттық тәрбие» оқу құралында жан-жақты сипатталып беріліп отыр. Ұлттық тәрбие беру - әр адамзаттың өз Отанына деген саналы қатынасын, мемлекеттік тілді, мемлекет құрушы ұлттың мәдениетін меңгеруді, мемлекеттің ұлттық бірлігін нығайту қажеттілігін түсінуді қалыптас-тыру. Сонымен бірге тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне мақтанып, ұлттық рухты күшейтуге, азаматтық борыш, перзенттік парыз ұғымдарын дұрыс қалыптастырып бағыттауға, болашақ мамандардың кәсіби жауапкершілігін дамытуға ықпал ету.

Сонымен ұлттық қадір-қасиет, ұлттық мақтаныш, ұлтқа тиістілікті сезіну бәрі қосылып, адамның өз ұлтына деген эмоциялық қатынасын білдіретін, оның ойы мен әрекетіне ықпал ететін психоло-гиялық күйдің жиынтығын құрайды. Бұл ұлттық психологияның құрамына енетін ұлттық сезім деп аталатын кешеннің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі өмір бойы жалғасатын біртұтас үздіксіз үдеріс ретінде адамның этнос субъектісі ретінде этностық құндылықтарды, этноәлеуметтік рөлдерді және халқының салт-дәстүрінде шоғырланған этностық нормаларды

менгерту, этностық өзіндік санасын оятып, өз ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген мақтаныш сезімін және басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, түсіністік сезімін қалыптастыруды көздейді.

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет десек те, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік – жақсылықтың нышаны емес. «Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстын ретінде қарастырады. Ал Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату (сатылу) және пайда табу. Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды.

Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі қоғамда тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің маңызы тоқталатын болсақ ұлттық және әлемдік мәдениетті менгерген жан-жақты мәдениетті тұлғаны қалыптастыру, яғни өз мәдениетіне де, өзге мәдениетті менгерген адам деп танымыз. Ұлттық мәдениетті менгеру, білу, оны әлемдік басқа мәдениеттермен үйлестіру жалпыадамзаттық мәдениеттің іргетасын қалайды. Сол арқылы біз әлемдік білім кеңістігіне еркін араласа аламыз. Жоғарыда аты аталған құндылықтар жоғары оқу орнына болашақ мамандарды дайындауға негізделген «Ұлттық тәрбие» оқу құралында жан-жақты сипатталып беріліп отыр. Ұлттық тәрбие беру – әр адамзаттың өз Отанына деген саналы қатынасын, мемлекеттік тілді, мемлекет құрушы ұлттың мәдениетін менгеруді, мемлекеттің ұлттық бірлігін нығайту қажеттілігін түсінуді қалыптас-тыру. Сонымен бірге тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне мақтанып, ұлттық рухты күшейтуге, азаматтық борыш, перзенттік парыз ұғымдарын дұрыс қалыптастырып бағыттауға, болашақ мамандардың кәсіби жауапкершілігін дамытуға ықпал ету.

Ұлттық тәрбие беру арқылы біз тұлғаның бойында ұлттық сана, сезім, мүдде, мәдениет, діл т.б. қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. «Ұлттық сананың негізгі компоненті - ұлттық сезім екеніне тоқтала отырып, ұлттық сезім үш элементті тоқталады: біріншісі - ұлттық қадір-қасиет, адамның өз ұлтын қадірлеу, сыйлау, құрметтеу өзгелердің алдында оның беделін түсірмеу, ұлт өкілі ретіндегі адамның үнемі өз қадір-қасиетінің болуын ойлап әрекет етуі сияқты сезімдердің жетегінде жүруін көрсетеді. Ұлттық сезімнің екінші элементі - адамның белгілі бір ұлтқа тиістілігін (белгілі бір ұлтқа жатуы, соған тән екендігі) сезінуі болып табылады. Ол әр адамның өзінің белгілі бір ұлттың өкілі екендігін сезінуін көрсетеді. Ұлтқа тәнділікті сезіну белгілі деңгейде оның әрекетіне де әсер етеді. Бұл дүние жүзіндегі елеулі ұлт өкілдерінің бәріне тән қасиет. Ұлтқа тәнділікті сезіну Отанға деген сезіммен үндес болып келеді. Үшіншісі – ұлттық мақтаныш сезімі, ол да әлеуметтік психологияда жиі ұшырасатын құбылыстардың бірі. Адам елінің жерімен, оның қазба байлықтарымен, бай мәдениетімен, қызықты тарихымен, ұлы адамдарымен мақтанады.

Сонымен ұлттық қадір-қасиет, ұлттық мақтаныш, ұлтқа тиістілікті сезіну бәрі қосылып, адамның өз ұлтына деген эмоциялық қатынасын білдіретін, оның ойы мен әрекетіне ықпал ететін психологиялық күйдің жиынтығын құрайды. Бұл ұлттық

психологияның құрамына енетін ұлттық сезім деп аталатын кешеннің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі өмір бойы жалғасатын біртұтас үздіксіз үдеріс ретінде адамның этнос субъектісі ретінде этностық құндылықтарды, этноәлеуметтік рөлдерді және халқының салт-дәстүрінде шоғырланған этностық нормаларды меңгерту, этностық өзіндік санасын оятып, өз ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген мақтаныш сезімін және басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, түсіністік сезімін қалыптастыруды көздейді.

Қорыта айтсақ, халқымыздың ғасырлар бойы жасаған рухани-материалдық мәдениетінің бай мұралары, қазіргі жастардың ұлттық тәрбиесін рухани жүзеге асыруда пайдаланатын тәлімдік құрал болып саналады. Қазіргі таңда ұлттық тәрбие арқылы тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыру тұтас педагогикалық үдерісте толығымен қамтиды. Ұлттық білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру барысында әлемдік деңгейде халықтық дәстүрлерде, құқықтық, ұлттық мәдениетті менгеру арқылы түрлі халықтың, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс тұрғысынан іске асып отырғаны белгілі. Тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің, ұлттық және әлемдік мәдениетті менгерген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, яғни өз мәдениетіне де, өзге мәдениетті менгерген тұлға арқылы жалпыадамзаттық мәдениеттің іргетасын қалап және әлемдік басқа мәдениеттермен үйлестіру арқылы әлемдік білім кеңістігіне еркін араласу үдерісі іске асып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егеменді Қазақстан. 12 сәуір 2017.
2. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 21 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 112 б.
5. Пірәлиев С.Ж., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г.К., Нурғалиева Д. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. – Алматы: 2020. - 280 б.

ӘОЖ 371.3

ЖАС ҰРПАҚҚА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Хамзина.Р

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Аннотация: Қазіргі кезеңде өзекті мәселелердің бірі рухани құндылықтарымызды жоғалтпау, тұлғаның болмысын ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру мен игілікке ұмтылуға баулу. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында елімізде бірқатар іс-шаралар атқарылып келеді. Ұлттық құндылықтарымыздың қайнар көзі қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлері. Осы құндылықтарымызға қайта оралу, ұлттық мәдениетіміздің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлі түрлерін танып-білу, оның рухани бастауына терең бойлау, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін білу – ұлтты сақтап қалудағы қоғам талабынан туындаған қажеттілік. Осыған байланысты рухани байлық көздерін анықтау қажет.

Түйін сөздер: рухани байлық, руханилық, жеке тұлға, құндылықтар

Адамға адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ісі отбасынан басталады. Адамгершілік қасиеттерді (имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік,

инабаттылық, т.б.) адам бойына дарыту үшін әуелі үйрету, содан кейін дағдыландыру, талап ету, мәжбүр ету тәсілдері қолданылады.

Адам-ұлы тұлға. Адамгершілік-оның жоғары, саналы, адамдық қасиеті. Жалпы адамның адамдық қасиеті бес жасқа дейін қалыптасады. Адамдық қасиет қалыптасқан соң адами мінез-құлықпен адамгершілік қасиеттерді адам бойына сіңіру үшін игі әрекеттер үйретіледі. Әрекеттерге адам әдеттеніп, әдет өмірлік қолданысына айналып, адамның санасы әдет-ғұрыпты игере бастайды да, ол әдет-ғұрып әдетке айналып, одан әрі дамып әдептілікке ұласады. Сөйтіп, игі іс-әрекеттің мәдени ірге негізі-әдеп болады. Әдеп ұлттық қолданыста мәдени дәстүрге айналады. Дәстүр ұлттық өмір қолданысында салтқа (заңдылыққа) айналып, содан салт-дәстүр пайда болады. Салт-дәстүрдің ұлттық санадағы көрінісі-салт-сана (яғни салттың ұлттық санаға сіңуі) деп аталады. Бұл ұрдістер игі іс-әрекеттің мәдени сәулеті деп аталады. Жеке тұлғаның бойына адамгершілік қасиетті дарыту жолдары осылай дамиды. Мысалы, үлкенді сыйлау әдетін үйреніп дағдыланған бала әдеп (этника, этика) қалыптастырады да әдепті болады, одан әрі қарай сондай адамдардың әдептілігі салт-дәстүрге айналады. Міне, осы сабақтастықтан салт-сана (ұлттық санаға сіңген әдеп) пайда болады.

Адамға адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ісі отбасынан басталады. Адамгершілік қасиеттерді (имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, т.б.) адам бойына дарыту үшін әуелі үйрету, содан кейін дағдыландыру, талап ету, мәжбүр ету тәсілдері қолданылады.

Гегельдің «рухы оянбаған халық тарих көшінен шет қалады» деген ойына назар аударған жөн. Ұлттық рух дегеніміз сайып келгенде оның өзіндік санасы, тарихи жады. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғасырлар қойнауынан бастау алады және көптеген тарихи қабаттардан тұрады, осыған орай мәдениеттің тарихи қозғалысын, заңдылықтарын танудың маңызы артып отыр. Бұл талапты қанағаттандыру үшін өткен дәуірлердің рухани мұрасын тарихи-философиялық тұрғыдан байыптау қажет. Осы орайда белгілі философ А.Х. Қасымжанов: «Қайта жаңару уақыты туды. Ол рухани тамырламызды зерттемей, ұғынбай іске асуы мүмкін емес. Іздену, ұғыну өткенге құрметпен қарау, бұл халықтың іштей түлеп өзін-өзі тану жасына түсуі, өркениетті қоғамдағы озық халықтардың тарихи мұрасының өрлеу ұлттық сана-сезімінің өсу процесінің негізгі бөлігі бөлігі болып табылады. Мұнсыз халық тәуелсіздігі дегеніміз бос сөз болып қала бермек» [1, 218 б.] — дейді. Сөйтіп өткен дәуір рухани бастаулары бүгінгі күн мен болашақтың өзегіне айналып отыр. Халқымыздың моральдық адамгершілік, халықтың ізгі қасиеттерін бойға сіңіру-әрбір азаматтың борышы. Адамгершілік тәлімі дұрыс қалыптасқан адам ар-ұятына кір келтірмейді. Ол жастардың, оқу орындарын бітірген жас мамандардың ақыл-парасаты, мәдени дәрежесі, ұғым түсінігі, ой-өрісі, жақсы салт-дәстүрден, озық әдеп-ғұрыптан хабардар болуы.

Тәрбие – қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған, жеке адамды қалыптастырудың жүйелі процесі. Тәрбие білім берумен тығыз байланысты. Сонымен бірге ол адамға қоғам құылысы, ғылым мен техниканың дамуы, әдебиет, өнер, бұқаралық ақпарат және насихат құралдары (баспасөз, радио, телевизия) арқылы ықпал етеді. Тәрбиенің негізгі түрлері – отбасы тәрбиесі және қоғамдық тәрбие. Тәрбие – қоғамдық өмірдің жалпы және қажетті категориасы. Жас буын мен аға буын арасындағы байланыс пен мирасқорлық тәрбие арқылы жүзеге асады. Тәрбиенің мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру түрі, әдісі қоғамдық қатынастардың тарихи, мәдени дамуына сәйкес өзгеріп отырады. Тәрбие мәселесінде айрықша мән беріп сол жайында қазақ тілінде алғаш «Педагогика» атты еңбек жазған Мағжан Жұмабаев: «Тәрбие, кең мағынасында алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтқанда адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі деп байлам жасайды [2;13 б.].

Сонымен мемлекетіміздің іргесін нығайту мақсатында ең алдымен адам бойына адамгершілік тәрбиені қалыптастыру керек. Адамның құқығын қорғау мен сақтауды жүзеге асыру бүгінгі кездің өзекті мәселесі болып отыр.

Тәрбие жүйесінде, жеке тұлғаның жақсы қасиеттерін қалыптастыруда қоғамның, оның ішінде интеллектуалдық деңгейі биік, дүние танымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектеп, жоғарғы оқу орындарының орны ерекше рөл атқарады.

Сондықтан, жеке тұлғаның рухани және жан-жақты дамуының негізі болып білім мен ғылымды жаңа заман талабына сай дамыта отырып, ұрпақтарымыздың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру басты міндет болып тұр.

Одан әрі осы қасиеттер қалыптасқан жағдайда адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, әлеуметтік – экономикалық, саяси құқықтары бет алады.

Еліміздің болашақ азаматтарының адамгершілік құқықтық жеке адами құндылықтарды, адамгершілік идеяларды бойына сіңірген қоғамның демократиялық көбеюі негізінде қажеттігі анық. Адам құқықтарының мақсаттылығының адамгершілік ұғымын кеңейте отырсақ, азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру мәселесінің өзектілігін арттыру қажет.

Адамгершілік тәрбие мен әркімнің құқығын сақтау бойынша, адамгершілік тәрбие жай ғана тәрбие мен адам бойындағы қасиет- деп қарамау керек.

Ол адамдардың бір-біріне деген міндеттерімен қатар қатынасын айқындайтын, мінез-құлқының нормалары мен ережелерінің жиынтығы болып табылады.

Тұлғаның жан-жақты жетілуі адам бойындағы инабаттылық, кішіпейілділік, үлкенді үлкен деп, кішіні кіші деп, сыйлай білу, тәрбиелік, жақсылық атаулыға деген сезімді дамыту, өзгеге болмайтын жамандық атаулыға жол бермеу.

Яғни, адамгершілік - қоғамдық өмірдің негізі болып табылады. Соған орай құқықтың негізгі элементтері (бар).

Қазақ халқының тәрбиелік және тәлімдік ой-пікірлері мен жол-жораларының маңызы мынадай жайттарда айшықтала түседі: қазақ халқының өміріндегі үлкенді сыйлау мен қонақ күтудің елеулі маңызы; халық ойындары мен мерекелерін өткізудің де өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасқан жүйесі, табиғаттың сырын терең меңгеріп, үйлесімділік табуы; өсиет айту, терме, айтыс, шешендік сөздер; қазақтардың поэзиясы; туыстық қарым-қатынастар; қонақжайлылық, тектілік, т.б.

Әсіресе қазақтың шешендік сөздері тәрбие берудің аса қасиетті де құнарлы қаруы болып табылады. Себебі «шешендік сөз өнері өмір шындығымен, әлеуметтік уақыттың қатал да құбылмалы мінезімен бетпе-бет келгенде, адамға рухани жәдігер болып, көзден алыс, көңілге жақын құбылыстарды түсінуге жетелейді». Мұның мәні қазақ даласында аузы дуалы, елге беделі бар адамның белгілі бір мәселеге қатысты айтқан ұтымды сөзі, пайымды пікірі ауыздан ауызға жылдам тарап, көпшілікке үлгі болған. Сондықтан «шешендік сөз өнерін – қазақтың әдеп кодексі деп айтуға болады. Екінші сөзбен айтқанда қазақ би-шешендерінің ұлттық моральдық құндылықтарды қалыптастыру әдіснамасының өзіндік қалпын білдірмек» [3, 58 б.].

Адамзат қауымының ғасырлар бойғы тарихы имандылық, ғибраттық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық тағылым ұрпақ тәрбиесінің қыруар үлгілерін мұралыққа қалдырғаны бәрімізге белгілі. Қазіргі таңда сол құндылықтарымыз қаншалықты сақталып, ұрпақ санасына қаншалықты беріліп жатқандығы басты мәселе. Адам өміріндегі тәрбие, ұлттық сана басты мәселе болуы тиіс. Адам болып туылу оңай, ал адам болып қалыптасу қиын. Адамдық қасиетке бірден бір әсер етуші фактор ол тәрбие, ұлттық салтымыз. Сол халық даналығы қорытқан қазына байлық, тәжірибені халық игілігіне жарату, үлгі етіп ұсыну жас ұрпақтың еншісінде.

Құқықтар болмаса, адамдар өзгенің құқығы тұрмақ өз құқығын да білмес еді, ал өз құқығын білмеген адам өзгенің құқығын білмейді, сондай-ақ, оны сақтамайды.

Сондықтан да осы жерден біз адамгершілік тәрбиенің орны ерекше екендігін байқаймыз, яғни адамгершілік тәрбиесінің ауадай қажет екендігін түсінеміз.

Адам өміріндегі тәрбие, ұлттық сана басты мәселе болуы тиіс. Адам болып туылу оңай, ал адам болып қалыптасу қиын. Адамдық қасиетке бірден бір әсер етуші фактор ол тәрбие, ұлттық салтымыз. Сол халық даналығы қорытқан қазына байлық, тәжірибені халық игілігіне жарату, үлгі етіп ұсыну жас ұрпақтың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Касымжанов А.Х. Духовное наследие казахского народов. Москва, 2012.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, 2011.
3. Сейталиев Қ.Б. Жалпы психология. Алматы, 2008.

ӘОЖ 371.3

ЖАҢА МАЗМҰНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ

Тампиева А.Ш

*№16 Ж.Қаражгіітов атындағы орта мектебі
дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы*

Дүние жүзінде білімнің ролі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады.

Қазіргі таңда қоғамның қарқындап дамуы білім жүйесінің сапасын жақсарту, жаңа технологияларды кеңінен қолдана отырып, еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізу, өзгермелі өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті білімді де білікті тұлға дайындау қажеттілігі туып отыр.

Демек білім беру мазмұнының түбегейлі тамырлы өзгерісінде шығамашылық іс әрекет тәжірибесімен қаруланған бүгінгі өзгермелі жағдайларда білім алуға дайын тұлғаны бағыттауға білім жүйесі сай болуы қажет. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмысын өсіп-өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне даму бағытына байланысты. XXI ғасыр өркениеттің алға басуымен сипатталатын болса, ол әр адамның жаратушылық болмысы нәтижесі.

Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – сол ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Халқымыздың тағдыры – жас ұрпақтың қолында. Оларды жігерлендіру, жаңа бағыт, үлкен серпін әкелу – ұстаздардың жауапкершілігі. «Сен бұл өмірге мақсатты тіршіліктерді тындыруға келдің және алдағы міндетің де сол. Егер осыны орындамасаң, онда ештеңе істемегенің»- деген екен ұлы ойшыл Жалал-ад-дин Рулш. Осы сөз әрбір ұстазға арнап айтылғандай. Ұстаз-бұл тек тәрбиеші ғана емес, сонымен бірге дос, біздің қоғамымыздағы білікті тұлғаны биікке көтеретін адам. Озық ойлы білімдар адам заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Соңғы жылдары жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылып, мемлекеттік стандарт талаптарына сай бақылау тәсілдерін қолдануымыз көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – шәкірттің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Осыған орай мемлекеттік білім беру саясатының бағытында мектеп баланың дамуын жүзеге асырып, жеке тұлғаның қабілеттілігін ескеріп, бір қалыпта қалыптасуын қамтамасыз етуі керек.

Адам баласына шын мәнінде білімді болуы үшін үш қасиет: жан-жақты білім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім дарқандығы қажет. Әрбір оқушының ең бойына осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны

қалыптастыруда өз шешімін табады. Қарапайымдылықтан күрделілікке ұмтылатын болсақ, онда жеке тұлғаның талпынысын оятып, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысты нығайтуға болады.

Білім беру барысында оқушының жеке тұлға ретіндегі ерекшеліктерін ескеру-баланың өзін-өзі дамыту мәселесін оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. В.А.Сухомлинский: «Мектептің басты міндеті- әрбір адамның дарындылығын ашу, оны толыққанды шығармашылық, еңбек жолына бағдарлау. Әрбір оқушының қайталанбас дарынын дәл басып табу, аша түсу, қастерлеу, бұл- тұлғаны адамзат қадір-қасиетінің өркендеуінің жоғарғы деңгейіне дейін көтеру деген сөз», - деп атап көрсетеді [3].

Қазіргі таңдағы оқыту мақсаты-оқушының танымдық тәжірибесін ескере отырып, жеке тұлға ретінде дамуына оң ықпал, көмек көрсету.

Бұл жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды құрамы ретіндегі сипатқа ие болды, ал адамның білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қалыптан тыс жағдайларда әрекет ете білуі Қазақстан Республикасының өрлеуіне негіз, ол қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шарт бола алады. Білім берудің қазіргі кезеңінде оқытудың жаңа интенсивті педагогикалық технологиясына өту, оны модернизациялаудың белсенді процестерін жүзеге асыру, дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мүмкіндіктерін анықтау өзекті проблемаға айналып отыр. Әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибеге негізделген білім беруге көшудегі негізгі нысана – адамзат тарихында уақыт озған сайын өзектілігі арта түсетін білімді де білікті, тәжірибелі де текті ұрпақ қалыптастыру. Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы- бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Сондықтан, әр педагог әрбір баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дайын болуы тиіс. Оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын ұстаз ғана бүгінгі қоғамның мүддесінен шыға алады. Ойы жүйрік, саналы, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады. Өйткені жақсы мұғалім жақсы оқушыларды жасайды.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі – әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу.

Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.

Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Білім сапасы-мұғалімдер жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиададан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. Осы жерде ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді» [4] деген сөзі ойға оралады. Бұл өткен ғасырдың басында айтылғанымен, жүз жыл өтсе де бағыт-бағдар беріп мәнін жоймай тұр.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда әрбір ұстаз шәкіртпен ынтымақтастықты орнатып, шығармашылық негізде әрекет ету керек және мына мәселелерге назар аударған жөн:

- 1.Тұлғаның қалыптасып, өз бейнесін табуы, даралық, руханилық болмысын танытуы;
- 2.Оқушы тұлғасына қолдау көрсету және өзін-өзі қорғауға ұмтылдыру,
- 3.Тұлғаны түсіну, салауатты өмір мен өзіндік қатынастың негізін қалау;
- 4.Жаңа ақпаратты талдай отырып, терең меңгеруге, маңызын анықтай алуға мүмкіндік жасау;

5.Өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылуды нұсқау.

Осы жайттарды ескере отырып, оқушының тұлға ретінде дербес өзіндік әлеміне бойлату арқылы өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіндіктерін таныттырып, оны жүзеге асыруға, өз жан дүниесінің мәнділігін сезіндіруге бағыттайтын әрбір ұстаз өз қызметін үлкен сеніммен атқарғаны жөн. Себебі мұғалім ең жауапты міндетті орындайды- ол адамды қалыптастырады. Мұғалімі қандай болса, шәкірті де сондай сенім жүгін көтереді.

Жас ұрпақтың үміт- арманын, болашағын көтеруді алдына мақсат етіп қоя білген ұстаз білімді, ізденімпаз және жаны таза болуы қажет. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы»- дегендей, әрбір ұстаздың мақсаты- ерік-жігері мықты, адамгершілік деңгейі жоғары, сапалы білім беру арқылы Қазақстанның болашағына сай келетін ұрпақты тәрбиелеу көзделеді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы орасан зор. Себебі ақпараттық технология ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыра алады. Оқушы-оқу үрдісінің басты субъектісі, сондықтан баланың дамуына, оның ойлау қабілетін дамытуға оқушы мен оқытушының өзара іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімдігі нәтижесінде жүзеге асырылады.

Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту төмендегідей мақсатты көздейді:

Оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

- Егер ақпараттық технологияны тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.

Еліміздің өркениетті елдер қатарына ұмтылуына байланысты қазіргі кезеңде білім ең басты мәселе болып отырғаны баршамызға аян. Бұл білім берудің әлемдік деңгейіне сай болуды білдіреді Олардың ең бастылары:

➤ білімнің әрбір адам тағдырындағы мәнділігін күшейту үшін оның дара тұлғаға бағытталуы;

➤ қоғамдағы рухани құлдыраудан арылу үшін білімді ізгілендіру;

➤ әр баланың білім алуындағы өз қабілеті мен ынтасына сай, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі туындаған сұранысын қанағаттандыру үшін білім беруді саралауды күшейту-көп нұсқалы білім алуға жағдай жасау.

Яғни бүгінгі өмір талабына сәйкес білім берудің жаңа мазмұнын, оқытудың басым бағыттарын нысанаға ала отырып, барынша дамыған, алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарына қосылуды және әлемдік білім беру кеңістігіне енуді жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Өркениетті ел қатарына қосылудың кілті- білімде болса, білімнің көзі- мектепте екенін ұмытпайық. Мемлекеттің болашағы, үміті мен сенімі- жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау, заман талабына лайықты мұғалімнің қызмет етуі қоғам дамуын алға бастайды.

Жаңа мазмұндағы білім жүйесін мектеп өміріне енгізуде мұғалім педагогикалық, психологиялық, философиялық және т.б. ғылым салаларының тиімді зерттеу нәтижелері мен әлемдік озық тәжірибелердің алдыңғы қатарлы идеяларымен танысып басшылыққа алады.

Сондықтан да тұлғаны дамытудағы басты рөл атқаратын адам ол ұстаз. Ұстазға қойылатын талап – орта мектепті бітіруші түлектің бәсекелесу мүмкінділігін тудыра алуын қадағалау. Оның басты мақсаты- бала бойындағы табиғи қабілеттерін дамытудың сапасын арттыра отырып, жеке тұлға мен қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру. Жаңа инновациялық үрдісті кеңінен қолдану, ғылымның соңғы жаңалықтарын тиімді пайдалану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. –Алматы: Мектеп, 2011 .-323 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. 1989. -320 б.

ӘОЖ 801.8

«БАЙБӨРІ БАЛАСЫ БАМСЫ-БЕЙРЕК» ЖӘНЕ «АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Жансәуле Сабыр

филология ғылымдарының магистрі,

№181 ЖББМ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алматы қ., Қазақстан

Көне тарихтың куәсіндей болып, бізге жеткен рухани мұралардың бірі, ежелгі түркі поэзиясын қазақ фольклорымен ғасырлар бойы үзілмей қласып келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан зерттеу қажет.

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ ауыз әдебиеті мен ежелгі жазба әдебиетінің түп-төркінін, қайнар бастауларын объективті түрде алып қарастыру, яғни көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары арқылы танып- білу болып табылады. Өйткені тарихи жалғастықтың өзі қоғамда бұрыннан қалыптасқан белгілі бір дәстүрге негізделеді.

Дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына, идеясына, сюжетіне, бейнелеу құралдарына, композициясына, тіліне қатысты болып келеді.

Міне, сол себепті біз ежелгі түркі поэзиясымен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы сен ғасырлар бойы үзілмей ұласып келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы проблемасын осы тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік.

Сонымен, ендігі міндет ежелгі тарихтың түрлі кезеңдерінде өмірге келген шығармалардың бірінен бірі туындап жататын ішкі логикалық байланыстарын, өзара ықпал әсерін, даму жолдарын, жаңа көріктеу құралдарының пайда болуын, тағы басқа байланыстарын талдау болып табылады. Сол арқылы ғана біз көне түркі әдеби ескерткіштері мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы бір сәтке де үзілмей жалғасып, ұласып келе жатқандығын дәлелдей аламыз.

Біз ежелгі түркі дәуірінің ерлік дастандары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығын айқындай түсуге өз мүмкіндігіміз жеткенше әрекет жасадық.

Асылы, әлемдік әдебиет аренасынан өзіндік орын алған қазіргі қазақ әдебиеті өзінің бүгінгі асқар биігіне, кемелденген дәрежесіне жету үшін сан ғасырлық тар жол, тайғақ кешулерден, қиын-қыстау асулардан, зар-замандардан өтіп келді. Өйткені қазақ әдебиетінің тарихи- қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік-саяси өмірінің бейнелі көрінісі, соның сүрлеуі болып табылады.

Сөйтіп, басқа да түркі тілдес халықтар секілді қазақ халқының да ежелгі дәуірдегі қалыптасып, өсіп дамып келе жатқан өзіндік материалдық және рухани мәдениеті бар екені мәлім. Қазақ халқының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы кезінде академик Өлкей Марғұлан мынадай пікір айтқан еді: «Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жай күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын, философиялық қария сөздерін тереңнен есептеледі. Міне осындай сипаттар көне түркі дастандарынан еркін табылатынын көреміз».

Ежелгі түркі дастандарының ту етіп көтерген негізгі идеясы- елдің тәуелсіздігі үшін жан аямай күреске шығу, өзінің ел-жұртын сыртқы жаудан қорғау, халық үшін қанды шайқасқа шыққан батырлардың ерлік істерін мадақтау. Дәл осы идеялар қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын » сияқты батырлар жырынан өз өрнегін тапқанына көз жеткіземіз. «Күлтегін» жырының ерлікті, елдікті мадақтау дәстүрі қазақтың батырлар жырында өз жалғасын тапты. Мәселен, қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар» сияқты жырларында батырдың жастық шағынан бастап, өмірінің соңына дейінгі ерлік істері жырланған.

«Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр». «Бәмси- Бәйрек» жыры өзінің композициялық құрылысы жағынан «Алпамыс батыр» жырына өте ұқсас. Ал, сюжеттік тұрғыдан бұл екі жырдың бірінші және екінші бөлімдері бірін-бірі қайталайды. Басқаша айтсақ Бамсы- Байрек пен Алпамыстың дүниеге келуі, сүйген қызына үйленуі, батырлардың жау қолына қапылыста түсуі, ұзақ жылдар бойы зынданда жатуы, сүйген жарының басқамен үйлену тойының үстінен шығуы, жыр қаһармандарының мұрат мақсатына жетуі, т.б. екі жырда да бір-біріне ұқсас жағы көптеп кездеседі.

Ғалымдардың айтуы бойынша «Бамсы-Бейрек» және «Алпамыс батыр» жырының көне нұсқасы. Мәселен, «Бамсы-Бейректің» ғұндар дәуіріндегі толық аты Алып-Бамсы деп санайды. Бертін келе, Алып-Бамса сөзі «Алпамса», «Алпамша», «Алпамыс» атанып кеткен.

Жырдағы «Бамсы-Бейректің» әкесі Қам-бура мен «Алпамыс батыр» жырындағы Алпамыстың әкесі Байбөрінің арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Мәселен, «Бамсы Бейрек» жырында Баяндүр хан той жасайды. Сол тойға Қам-бура да барады. Баяндүр ханның қарсысында садаққа сүйеніп Қара Кенеұлы Қара Бодау тұрады. Оң жағында Қазанұлы Озан тұрды, сол жағында Қазылық-Қожаұлы Жүгенек тұрды. Қам-Бура оларды көріп, аһ ұрып, басынан ақылы кетті, қолына орамалын алды, өкіріп, өкіріп жылады. Бұны естіп қалың оғыздың тірегі Баяндүр ханның күйеуі, Салор Қазан қатты тізесін бүгіп отырды, жер таянып, Байбөрі бектің жүзін бақты да айтты. Байбөрі бек неге егіліп бұзыласың? Байбөрі бек айтты : «Хан Қазан неге егілмеймін, менің ұлым жоқ, қарындасқа қадірім жоқ. Алла Тағала мені қарғаған. Тәжім мен тағым үшін жылаймын. Бір күні өліп кетсем, әлем жерім жұртым кімге қалады. Егер менің ұлым болса, ол хан Баяндүрдің қасында тұрмас па еді», дейді. /8,456/

Ал «Алпамыс батыр» жырында Байбөрі былай дейді:

Алмадың, құдай, жанымды,

Бір баланың жоғынан,

Ағайын жейді малымды.

Айналайын атыңнан,

Жаратқан жалғыз құдайым,

Бір баланың жоғынан,

Зорлық қылды маңайым.

Көретін күнің болар ма.

Көзімнің жасын құдайым

Аққан жасым тия алмай,

Перзенттің дағы өтеді.

Баласы жоқ адамның,

Әркімге ақы кетеді, - дейді. /6, 886/.

Осыдан соң қалың оғыз бектері қол көтеріп, дұға етіп Байбөріге тәнірім бір ұл берсін деп тілек тілейді.

Енді «Алпамыс» жырына келсек, әулие аралап құдайдан бала тілеп жүрген Байбөріге түсінде бір дуана:

Ей, бейшара, мүгедек,

Жаныңызға не керек.

Дейсіз ғой маған ұл керек.

Сен үшін бәрі қиналды.

Бір жерге тегіс жиналды.

«Бір ұл бер» деп осыған,
Бір жаратқан құданың
Дәргейіне жылады, - дейді. /6, 946/.

Екі жырда да қазақтың ескі салт-дәстүрі екі нәрестені бесікте жатқан кезден атастырып қою дәстүрі ұшырасады. Мәселен, «Бамсы-Бейрек» жырында бектердің ішінде Бижан деген бай да алладан бір қыз беруін тілейді. Егер алла маған бір қыз баласын берсе, сіздер куәсіздер, Байбөрінің ұлына бесікте атастырушысы болсын дейді. Дәл осы көрініс «Алпамыс батыр» жырында да кездеседі. «Шекті деген елінде Байсары деген бай бар еді, оның да перзенті жоқ еді. Байбөрімен сөйлескенде, екеуі арман қылар еді. «Біреуімізден ұл, біреуімізден қыз туса, екеуіміз құда болсақ» дейтін. Сол уақытта Байсарының қатыны бір қыз туып, оның атын Гүлбаршын қояды. Екі бай бір-біріне бесік құда болысады».

Ал бұл жырдағы оғыз тайпасының батыры Бамсы-Бейректің әйелі Бану

Шешектің бойындағы сұлулықты, ақылдылықты, батырдың сүйген жары болуға лайықты қасиеттерді қазақ жырындағы Алпамыс батырдың сүйген

жары Гүлбаршын сұлудың бойынан да көруге болады. «Қорқыт ата кітабындағы» «Байбөрі баласы Бамсы-Бейрек туралы жырында» да қазақтың жыры «Алпамыс батыр» жырында да екі батыр қапылыста жау қолына тұтқын болып кетеді. Екі батыр да ұзақ жылдар бойы зынданда жатады. Ақыры екі жырда да батырларға зынданнан босап шығуға себепші ханның қызы болады. Мәселен, «Бамсы-Бейрек» жырында «Кәпір бегінің бір пікірлі қызы бар еді. Әр күн Бейректі көруге келетін. Ол күні де көруге келді. Қарап тұрып Бейректің қайғылы екенін көрді. Қыз айтты: неге қайғылысың, хан жігіт? Әр келгенімде сені көңілді көретінмін, күліп, ойнап отыратынсың, саған не болды? - дейді. Бейрек айтты: қайтып қайғыланбайын. Он алты жыл сенің әкеңнің тұтқынымын. Бұлай дегенде қыз:

Бейректі сүйеді. Айтты: егер сені қамалдан арқанмен түсірсем, егер сен ата-анаң аман-сау барсаң, қайтарыңда келіп, мені әйел етіп алар ма едің? - дейді.

Бейрек ант ішті, қылышыма түйрелейін, оғыма шаншылайын, жер жастанайын, топырақтай шашылайын, аман-сау баратын болсам, оғызға келіп сені әйелдікке алатын едім, - дейді. Қыз арқанды әкеліп, Бейректі қамалдан түсіреді. /8, 616/.

«Алпамыс батыр» жырында:

Келді ордың басына,
Алпамыстың қасына,
Қыз зынданның тасында,
Алпамыс зындан ішінде,
Сөйлесті кешкі бесінде...

Сонда Қаракөзайым Алпамыспен жауаптасты. Алпамыс қызға айтты: егер сен мені бұл зынданнан шығарсаң, сені алармын, - деді. Қыз айтты: қалай шығарасың? - деді. Алпамыс: мені өз атымнан басқа нәрсе шығара алмайды, - дейді. Қыз айтты: атың патшаның қолында темір үйде байлаулы еді. Бір аптада бір нәр татыпай тұр. Оны қайтып аламын, - деді. Алпамыс айтты:

Менің бір киімімді ішіңнен киіп алып, диуана болып барсаң, менің исімді алса, шұбар ат темір үйді өзі-ақ бұзып шығады. Сонан соңғы ақылды өзің тап, - деді. /6, 138-139б/.

Ақыр соңында Қаракөзайым шұбар аты да, Алпамысты да зынданнан шығарып алады. Қыз Алпамысқа ғашық болып қалады. Дәл осындай оқиға қазақтың жыры «Қобыланды батыр» жырында да кездеседі. Мәселен:

...Байлауда жатқан батырды,
Қарлыға сұлу көреді.
Қобыландыны көргесің,
Қобыландыдай батырға,
Ғашық болып сұлуың,
Жата алмады үйінде.
Үйінен шығып паналап,

Тар көшені сағалап,
Аяғын басып жүре алмай,
Көрінгенді сағалап,
Қобыландыға келді жағалап.
Қарлыға келіп сөйледі:
«Есіктің алды ай татыр,
Ай татырда мал жатыр,
Байлаулы жатқан қос батыр,
Есермісің, сермісің,
Бекер жатқан ермісің,
Қолыңды шешіп қашырсам,
Еліңе барып мақтанып,
Қарлыға сұлу қашырмай,
Өзім қаштым дермісің? - дейді. /4, 83б/.

Сонымен қыз батырды тұтқыннан босатып, әкесінің осал тұсын айтып, ашықтық жолында өз әкесін құрбан етеді. «Бамсы Бейрек жырында» да «Алпамыс батыр» жырында да батырлар сүйген жарларының басқа біреулермен үйлену тойының үстінен шығады. Мәселен, «Бамсы Бейрек» жырында Бейрек оғызға келеді. Қараса, бір ақын келе жатыр. Айтты: «айтшы, ақын, қайда барасың?». Ақын айтты: «Бек жігіт, тойға барамын». Бейрек айтты: «Тойың кімдікі?». «Яланчы ұлы Ярточуктікі» дейді. Айтшы кімнің қызын алып жатыр?- дейді. Ақын айтты: «Хан Бейректің қалыңдығын алып жатыр», - деді. Бейрек айтты: «тыңда ақын, қобызыңды маған бер, мен саған атымды берем», - дейді. Бейрек қобызды алып әкесінің ордасына жақын келеді. /8, 66б/.

«Алпамыс батыр» жырында Алпамыс Тортайға кездеседі. Сонда Тортайға: «Әй, шырағым, несін сұрайсың, өзін кеткенде, қой бағатын, қара табан құлың Ұлтан осы күні елдің ханы болды. Өзінің құлағын кесіп, табанын тілгенді кек көріп, әкең Байбөріні түйенің соңына салып қойды. Құлтай бабаңды қойдың соңына салып қойды. Өзің кеткенде іште қалған алты айлық Жәдігерді бөрінің баласы бөрілігін қылмай қоймас дем, мойнына күнде салып, аяғына кісен құрсау, қолына шынжыр бұғау салып, қозы бақтырып қойды. Қатының Гүлбаршынды бүгін той қылып, неке қиып, баса көктеп алмақ күн. Шешен Аналық бәйбіше тасығаны отын-су, жылаумен күні өтіп барады. Қарындасың Қарлығаштың да көрген күні сол. Әкең түйе бағып жүр», - дейді.

Енді Бамсы Бейрек тойға диуана кейпінде барады. Барады да Яртачуктың садағын алады да, тартады. Күйеудің қолындағы жүзігін нысана ғып атты. Бейректің оғы жүзікке тиіп, қақ бөлді.

Алпамыс та тойға диуана кейпінде келеді:

Жамбыға қарай жүреді.

Садақты қолға алады.

Жамбыны атып қалады.

Жамбыны атып түсіріп,

Ұлтанға жетіп барады./6, 177б/

«Алпамыс батыр» жырындағы сақау әйел Бадамшаның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы «Байбөрі баласы Бамсы-Бейрек туралы жырдағы» кекеш қатын Қысыршаның қайта жасалған бейнесі сияқты. Бейрек айтады: «Күйеуге шығатын қыз тұрып билесін, мен қобыз тартам». Сонда Қысырша жеңге тұрады, күйеуге баратын менмін дейді. Бейрек қобыз ойнады.

Ант ішпесем, қысырған биеге мінгенім жоқ,

Қызметші әйелдермен қатынасым жоқ.

Өзі артында, қуғыншылардың көзі сенде,

Көздерінен ащы, ащы жастар тамады.

Сен солардың жанына бар,

Мұратыңды солар берер, мұны білгін,

Сенімен менің ісім жоқ,

Қолын соғып ойнасын,
Мен қобыз тартамын, - деді. /8, 696/.

Қысырша жеңге: ақылсыз байғұс делқұлы келгені жаңа бәрін көргендей сөйлейді деді де орнына отырады.

Алпамыс:
Жүруші едің, Бадамша Отым жағып жар-жар.
Жүруші еді Ұлтан құл,
Қойым бағып жар-жар.
Қалай-қалай сөйлейсің,
Ей, сақау қар, жар-жар.
Өлтірейін аузына
Қазық қағып жар-жар. /6, 1806/.

Сонда Бадамша орнынан қарғып тұрып: «Диуанасы да құйсын, өйеңі де құйсын, Бұл кім еді өжі?» деп, жүре береді. Мұнан соң Бейрек Бану Шешекке келеді. Алғашында Бану Шешек Бейректі танымайды. Сүйгенім Бамсы-Бейрек, сен емес дейді. Бірақ Бейрек өзінің Бейрек екенін дәлелдейді. Бұл бейрек екенін білген соң ұзын көйлек шұғасымен Бейректің аяғына құлады. Бейрекке кафтан көйлек кигізеді. Бамсы Бейрек пен Бану Шешектің кездесуі жырда халық ауыз әдебиетінің бір түрі айтыс түрінде берілген. «Алпамыс батыр» жырында да дәл осындай көрініс алады.

Өлең менің теңім бе,
Бары парша жеңім бе,
Айналайын құдай-ау.
Осы менің бегім бе?
Құдай салсын аузыма,
Бегім, келсін қасыма,
Айналайын құдай-ау,
Жалғызымның даусы ма?
Абырой берсін сөзіме,
Көрінеді осы адам,
От-жалын боп көзіме,
Айналайын, құдай-ау,
Жалғызымның өзі ме? - дейді. /6, 1826/.

Сөйтіп «Бамсы Бейрек жырында» Бейректің келгенін Яланчы ұлы Яртачук естиді. Бейректен қорыққаннан қашты, Тана өзенінің қамысына тығылды. Қамысқа от жібереді. Яланчук отқа жанарын көріп, қамыстан шықғы. Бейректің аяғына жығылды, қылышының астынан өтті. «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс Ұлтанға ақырып айқалайды:

Жалт етіп қарап Ұлтан сұм,
Топтан шығып кашады.
Жібермеді Алпамыс,
Албастыдай басады.
Артынан келіп Жәдігер,
Найзаменен шаншады. /6, 1846/.

Бамсы бейрек жайындағы жырды оқи отырып, қазақ халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау жырларының қайнар бастауларын сонау Көк түркілер дәуірінен көргендей боламыз. Мәселен, бұл жырда ағасы Бамсыны соғыста өлді деп жорыған батырдың қарындасы мынадай мысалды айтады:

Қылжақтама ақын, сөзіңді тоқтат, ақын
Мендей бақытсыз қызға не керек болушы еді, ақын.
Қарсы жатқан қара тауды сұрар болсаң,
Ағам Бейректің жайлауы еді.
Ағам Бейрек кеткелі жайларым жоқ.
Суық, суық суларды сұрар болсаң,

Ағам Бейрек ішетін еді.
Ағам Бейрек кеткелі ішерім жоқ.
Табын, табын жүйрік аттарды сұрасаң,
Ағам Бейрек мінуші еді.
Ағам Бейрек кеткелі мінерім жоқ.
Қатар, қатар түйелерді сұрар болсаң,
Ағам Бейрек жүктеуші еді.
Ағам Бейрек кеткелі жүктегім жоқ.
Қора, қора ақша қойларды сұрар болсаң,
Ағам Бейрек сойып жеуші еді.
Ағам Бейрек кеткелі сойып жеуші жоқ.
Қара көк отауды сұрар болсаң,
Ағам Бейректікі еді.
Ағам Бейрек кеткелі көшерім жоқ.

деген бұл ұзақ монолог жоқтау жырларын еріксіз еске түсіреді. /8, 64б/.

«Қорқыт ата кітабының» осы үшінші жыры қазақ қауымына тән салт-сана, әдет-ғұрып басым болып келеді. Мәселен, жаңа туған ұл мен қызды бесікте жатқаннан бастап атастырып қою - қазақтың көне дәуірінен келе жатқан салт. Сондай-ақ қыз баланы алыс жерге ұзату. Бұл салтты оғыздар да,

қыпшақтар да берік ұстаған.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнге қадым замандардан жеткен әдеби жәдігерлерді объективті түрде зерттеудің ғылыми принциптерінің бірі - ежелгі рухани мұраларды өзара байланысты түрде алып қарастыру, яғни оларды көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары арқылы танып білу болып табылады. Әдебиет тарихын көркемдік дәстүр тұрғысынан зерттеу, бір жағынан, қоғамның жалпы даму заңдылықтарына, ал екінші жағынан, көркемсөз өнері дамуының өзіндік ішкі заңдылықтарына негізделеді деген қағиданы басшылыққа алдық. Біз зерттеу объектісі етіп алған ежелгі түркі әдеби жәдігерліктерін түркі халықтарға ортақ мұра ретінде қарастырдық. Біз ежелгі түркі әдеби жәдігерлерінің бертін келе қазақтың өзіндік төл әдебиетінің қалыптасуына қандай дәрежеде ықпал еткенін нақты деректерді талдау арқылы дәлелдеп көрсетуге өз мүмкіндігімізше әрекет жасадық. Белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік кезеңдегі әдебиеттің дамуына көркемдік дәстүр жалғастығының тигізетін ықпалы ерекше зор болып келеді. Өйткені сол дәуірдегі көркем сөз үлгілерінің өзінде тарихи тұрғыдан әбден қалыптасып қалған салт-дәстүр бар. Демек, дәстүр дегеніміздің өзі бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын, әрі сан ғасырлар бойы тарихи тұрғыдан әбден қалыптасқан әлеуметтік, көркемдік нормалар мен принциптер болып табылады. Әрбір халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі - осы дәстүрге байланысты болып келеді. Сол себепті көркемдік дәстүр жалғастығы тарихи жағынан әбден қалыптасқан әлеуметтік-көркемдік нормалар мен принциптерге негізделеді. Сол арқылы әрбір ұрпақ ретінде келесі ұрпақтың еншісіне ауысып, жаңа қоғамдық тарихи жағдайда сәйкес өзінің мазмұны мен формасын жетілдіріп отырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Келімбетов Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Астана 2004
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - А., 1991
3. Батыр жыры. Екінші том. Алпамыс батыр. - А., 1986
4. Бердібаев Р. Дәстүр тағылымы. - А., 1973
5. Бекхожин Қ. Дәстүр және жаңашылдық. – 1969
6. Батырлар жыры «Алпамыс батыр» - 2007

ЖАЗУШЫ АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ШАШТЫ» ӘНГІМЕСІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Асель Балтабек

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Филология институтының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д профессор Әбдігазиұлы Балтабай

asselbaltabek@mail.ru

Алматы қ., Қазақстан

Білім беру процесіндегі әдебиетті мектепте оқытуда көркем шығармалардың белгілі бір шеңбері, әдебиет туралы ғылыми мақалалар, әдебиет теориясы мен тарихының негіздері, мектеп оқушыларының сөйлеу және оқу мәдениетін дамыту бойынша ауызша және жазбаша жұмыстар жүйесі жатады. Өсіп келе жатырған тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес пән кезең-кезеңімен құрылады: ол баланың бастауыш сыныптарда алған оқу жаттығуларына сүйенеді, V-VII сыныпқа дейінгі кезеңді қамтиды, оның міндеті көркем шығарма әлемімен таныстыру, білім алушылардың оқуға бейімділігін дамытады және сол арқылы ауызша өнер туындылары тарихи-әдеби негізде оқытылатын және мектеп оқушылары әдебиеттің қоғамдық қозғалыстағы рөлін түсінетін кезеңі негізінде дайындалады. V-VI сыныптарда сөз өнерін оқыту өнердің басқа түрлерін оқытумен өзара байланысты, ал жоғары сыныптарда әдебиет мектеп оқушыларына көркемдік тәрбие беру жүктелген бірден-бір пән болып табылады. Бірақ орта және жоғары сыныптарда да әдебиет мектептегі барлық пәндермен жан-жақты байланысқа түседі: біріншіден, өмірдің барлық алуандығы әдебиетте көрініс табады; екіншіден, мектептегі кез келген оқу пәні адам ойының сұлулығын, озық ғылымның ізгілікті ұмтылысын, адамзат идеясы мен мұратының асқақтығын ашу мақсатында әдебиетке негізделеді.

Әдебиет пен қазақ тілінің байланыстары әсіресе тығыз: тіл - әдебиеттің қайнар көзі, оның «құрылыс материалы». Сонымен қатар, арлы өнер – сөздің биік үлгілерінің қазынасы, шеберханасы. Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша бағдарламалардың ауызша және жазбаша сөйлеуді дамытуға арналған тікелей сабақтас бөлімдері бар, білім алушы жұмысының көптеген түрлері екі пәнге де бірдей қатысты [1,93]. Әдебиет мектептегі тарих және қоғамтану курстарымен тығыз байланысты. Әдебиеттану қоғам дамуының процесі мен заңдылықтары туралы, тарихи жағдай, әлеуметтік мәселелер туралы білімдерді үнемі қажет етеді. Өз кезегінде қоғамтану мен тарих әдебиетсіз өмір сүре алмайды, ол өмірдің күрделі ағымындағы қоғамдық даму заңдылықтарын «адам тағдыры мен халық тағдыры» (А.С. Пушкин) [2] бірлігінде көруге көмектеседі.

Әдебиетті оқыту өскелең ұрпақты сөз өнері саласындағы іс-әрекетке жүйелі түрде дайындаудың қоғамдық қажеттілігінің көрінісі ретінде пайда болды. Мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі ғасырлар бойы әдебиеттің өнер ретінде, әдебиеттану ғылымы ретінде дамуымен, қоғамның көркемдік өзіндік санасымен бірге қалыптасты.

Қазіргі кезде жаңартылған оқу бағдарламасы негізіндегі қазақ әдебиеті оқулығында да бірнеше өзгерістер орын алғанын білеміз. Соның ішінде қазақ әдебиеті оқулықтарына бұрын бағдарламада болмаған көптеген ақын-жазушылардың шығармалары енді. Солардың бірі - жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі. «Шашты» әңгімесі 10-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында берілген.

Әңгіме жанр ретінде оқырманға адам өміріндегі түрлі оқиғаларды, табиғат бейнелерін, адам мен табиғатты, қоғамды байланыстырып ұсынылады. Сюжетті түсіну (кейіпкерлердің іс-әрекетінен туындаған оқиғалардың кеңістіктік-уақыттық тізбегі), әдеби кейіпкерлердің бейнелері, оқиғалар мен адамдарға автордың және өзінің көзқарасын білдіру, суреттеу сұлулығын сезіну, көркемдік үлгінің өзіндік ерекшелігі (стиль, тіл ерекшеліктері)

оқығаны эстетикалық қабылдаудың құрамдас бөліктері болып табылады. Моральдық-этикалық сипаттағы әңгімелермен жұмыс істеу сюжетті, кейіпкерлердің табиғатын түсінуді, оқығанды күнделікті бақылаумен салыстыруды, оқылғанға, оның авторына эмоционалдық қатынасын анықтауды қамтиды.

Әдебиетті танудың ғылыми әдістерінің жиынтығын негізге ала отырып, оларды мақсат-міндеттеріне қарай бейімдеп, өткен дәуір әдіскерлерінің ізденістерін шығармашылықпен түрлендіре отырып, әдебиетті зерттеудің қазіргі әдістемесі шығармамен жұмыс істеудің өзіндік әдіс-тәсілдер жүйесін жасады, онда келесілер мыналар жетекші болып табылады:

- әдеби шығарманы оқу;
- көркем мәтінді талдау;
- мәтіндік материалдармен әдеби шығармаға түсініктеме беру;
- әдеби шығармаларды өнердің басқа түрлерімен байланыстыру;
- шығарманы жазушы шығармасы аясында немесе басқа авторлардың шығармаларымен салыстыра отырып зерттеу;
- әдеби шығармалар мен оқушылардың өмір тәжірибесіне негізделген әдеби шығармашылықты айқындау;

Көркем шығарманы оқытуда мәтінімен жұмыс істеу әдістерін жіктеуге негіз етіп алсақ, қазіргі әдебиетті оқыту тәжірибесінде мынандай әдістер кеңінен қолданылады:

- көркем шығармаларды оның тақырыптары мен мәселелері негізінде зерттеуді көздейтін проблемалық-тақырыптық;
- көркем шығарманы талдау тәсілдерін қолдануға негізделген, оның идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшелігін анықтауға бағытталған аналитикалық;
- интерпретациялық;
- негізгі қызмет түрі бойынша ғылыми зерттеулерді имитациялайтын зерттеулер;
- берілген көркем шығарманың басқа мәтіндермен және мәдени құбылыстармен көп байланысын ашатын интертексттік;
- басқа ғылым мен өнерді пайдалана отырып, шығарманы зерттеуге негізделген интеграцияланған;
- әртүрлі әдістерді біріктіретін синтетикалық.

Әдеби білім беру процесінде көркем шығарма контексінде мәтінмен жұмыс істеуге басты назар аударылады, бұл оқушылардың ой-пікірін қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- сөз өнері ретінде әдебиет туралы;
- теориялық және әдеби аспектідегі әдеби мәтін;
- әлеуметтік-мәдени белгі ретіндегі сөз, оның мағынасы әрбір нақты көркем мәтінде өзектіленеді.

Осы бағыттар бойынша жүргізілетін жұмыстар да негіз болып табылады:

- тіл саласындағы білім, білік және дағдыны жетілдіру;
- ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту;
- орфографиялық қырағылықты дамыту. Эпикалық жанрға жататын шығармаларда баяндау әрқашан жетекші қасиет болып қала береді, ол басқа белгілермен бірге эпосты қабылдауда да, мектептік талдауда да өз ізін қалдырады[3,97]. Әдеби жанрдың ерекшелігі көркем шығарманы зерттеудегі жалпы көзқарасқа да, зерттеудің нақты тәсілдеріне, формалары мен әдістеріне де әсер етеді. Жаңа шығарманы оқытуға бет бұрған мұғалім қай әдеби жанрға жататынына қарамастан оның жасалу тарихына тоқталады. Алайда, мысалы, шығарманың шынайы негізі мен көркем әдебиеттің арақатынасы мәселесін мәнді, дербес мәселе ретінде әңгіме, повесть немесе романды зерттегенде, әрине, қарастырған орынды екені сөзсіз. Үйде оқуды ұйымдастыру, оқуды бақылау мәселесі эпикалық жанрларды зерттеуге байланысты туындайды. Оқушылардың оқылған шығарманы түсіну дәрежесін ашатын индикативті әңгіме кез келген жағдайда жүргізілсе, эпикалық, драмалық шығармаларды оқу кезінде жоспар бойынша жұмыс орынды жүзеге асады.

Оқу үдерісінде әдеби шығармаларды оқыту жүйесіне кіріспе әңгіме, шығарманы оқу, жоспар құру, мазмұндау және әдеби талдау жұмыстарын жатқызамыз. Әдеби туындымен таныстық оның авторымен танысудан басталады. Әдебиетті оқыту әдістемесінде шығармалардың авторлары ақын-жазушылардың өмірбаянымен, шығармашылық жолымен танысу көркем шығарманы әрі қарай оқуға апаратын іргетес болып табылады. Білім алушы шығарманың авторымен танысу негізінде қаламгердің өмірі мен шығармашылық жолы, шығармашылық лабораториясы туралы мағлұмат алады. Ал осы аталған жұмысты жүргізу кезінде кіріспе әңгіменің алатын орны маңызды екені сөзсіз. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы қазақ әдебиеті пәнінің 10- сыныбында оқытылатын Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін оқудан, шығарманы талдаудан бұрын алдымен кіріспе әңгіме жүргізіледі. Кіріспе әңгіме барысындамұғалім Айгүл Кемелбаеваның шығармашылық шеберханасын ашатын маңызды мәліметтермен таныстырып өтеді. Кіріспе әңгіме білім алушыны жалықтырып алмауы қажет, сол себепті, кіріспе әңгіме оқушының қызығушылығын арттыратындай, жүйелі, мазмұнды, қысқа да нұсқа құрылуы маңызды. Оқытушының кіріспе әңгімеде жазушы шығармашылығымен, өмір жолымен таныстыруы – оқушының әрі қарай автордың шығармасын қызыға оқып талдауына септігін тигізеді. Сол үшін мұғалім тек қана автор өмірі мен шығармашылығын ауызша баяндап қана қоймай, әр түрлі модельдеу әдістерін қолдануы керек.

<p><u>Шығыс Қазақстан</u> облысы, Семей өңірі, Абай ауданы, <u>Құндызды</u> ауылын да 1965 жылы 21 тамызда дүниеге келген.</p>		<p>«Жетінші құрылыққа саяхат»</p>
<p>Жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург, эссеші.</p>		<p>«Қоңырқаз»</p>
<p>1982 ж. қазақ орта мектебін бітірген.</p>		<p>«Ғибадат»</p>
<p>1984-87 жж. ҚазМУ-дің журналистика факультетінің III курсы оқыды.</p>		<p>«Тобылғысай»</p>
<p>1989-94 жж. Москвадағы М.Горький атындағы Әдебиет институтының проза бөлімінде оқып бітірді. Мамандығы – әдеби қызметкер.</p>		<p>«Мұнара»</p>
<p>2001 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.</p>		<p>«Мәжнүн жүрек»,</p>
<p>Баспасөзде 300-ден аса әдебиеттану мақалары, эссе, аудармалары жарық көрген. 3 прозалық кітап пен 2 әдебиеттану-эссеистика кітабының авторы.</p>		<p>«Сөз хикмет»,</p>


Жазушы өмірі мен шығармашылығын бейнероликтер, аудиожазбалар арқылы, өзге де ақпараттық технологияларды пайдаланып, оқушыларға таныстыруға болады. Келесі «Шашты» әңгімесін бастамас бұрын, мұғалім оқышыларға ой шолу жасап, шығармаға қатысты суреттерді көрсетіп, оларға мынандай сұрақтар қояды:

- Суретте не бейнеленген?
- Қазақ халқының тарихымен бұл суреттердің қаншалықты байланысы бар?
- Жаугершілік заманы кезеңдерінде халқымыз қандай қиыншылықтарды басынан кешірді?
- Жаугершілікті баяндайтын басқа қандай шығармалар оқыдыңыздар?



Алдымен эпикалық шығармалардың ерекшелігіне байланысты композициялық сипаттағы мәселелерге тоқталайық. Әрбір эпикалық шығармада оқырман белгілі бір кейіпкерлермен, олардың тағдырларымен танысады. Шығарманың кейіпкерлері белгілі бір жолмен топтастырылып, бір-біріне белгілі бір қатынаста орналасады. Кейіпкерлерді топтастырудың өзінен-ақ автордың нені көздегені, оны қандай мәселелер толғандырғаны белгілі бір дәрежеде аңғарылады. Оқушылардың назарын шығармадағы материалды «ұйымдастырудың» осы жағына аудару керек, өйткені мұндай бақылаулар кейіпкерлер арасындағы ішкі байланысты бірден байқатады. Шығарма кейіпкерлерін топтастыру принципі шығарманы қабылдау үшін өте маңызды[4]. Шығарманы талдаған кезде жазушының өз шығармасындағы оқиға желісін қалай орналастырғанына назар аудару керек, яғни оларды параллель береді ме, бір оқиға желісі екіншісімен қиылыса ма, бірінен соң бірі келе ме, ең бастысы, олар бір-бірімен қалай байланысады, не байланыстырады деген секілді. Жазушының материалды басқаша емес, осылай реттей отырып, қандай нәтижеге қол жеткізгені туралы ойлауға үйрету бұл шығарманың мәнін түсіну үшін де, жазушы шеберлігін ашу үшін де, оқушыларға көркемдік тәрбие беру үшін де маңызды.

А. Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі тарихи оқиға желісіне негізделген өмір шындығымен ұштасқан туынды болып табылады. Әңгіменің сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасауда «Оқиға картасы» әдісін қолдану тиімді.



Жазушы шығармасында ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін тұстары да көрініс табады. Осыған сәйкес, «MINUT» әдісі арқылы оқушылар әңгімедегі ұлттық құндылықтары анықтайды.

- Шыққан тегін сұрау;
- Туып өскен жерге деген шынайы сезім;
- Баланы кіндік қаны тамған жерге аттандыру;
- Салт-дәстүр айғағы;
- Бата беру.

Қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде шығарма талдаудың үш негізі бар. Олар: автор ізімен талдау, образдық талдау және проблемалық-тақырыптық талдау[5,99]. «Шашты» әңгімесін оқытуда «FILA» әдісін қолдана отырып, образдық талдау жасауға болады.

F(Дерек) –көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін нақты ашатын деректер топтамасын жинау.

I (Пікір) – әңгімедегі кейіпкер туралы оқушы өзіндік ой-пікірін білдіреді.

L(Сұрақ) – шығармадағы кейіпкердің образдық бейнесін ашатын сұрақтарды дайындау.

A(Іс-әрекет) – көркем туындыда автордың кейіпкердің бейнесін ашудағы, суреттеудегі қолданған тәсілін анықтап айту.

Көркем шығарманы оқытуда туындының басты тақырыптық ерекшелігін және идеясын таныту басты маңызға ие болып табылады. Сол үшін де оқушыларға «Шашты» әңгімесін оқыту барысында мына сұрақтарды қою міндетті болып табылады.

- Әңгіме не себепті «Шашты» деп аталды?
- А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінің идеясы қандай?
- «Шашты» әңгімесіндегі «Қай ноғайсың?» деп сұрауының мәні мен маңызы неде деп ойлайсың?
- Бұрын соңды осындай құлдық өмірді , оқиғаны баяндайтын қандай туындымен таныстыңыздар?
- Әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Найман Ана» шығармасындағы Жоламанның қаайғысы мен «Шашты» әңгімесіндегі Тасқұл қарттың қасіретін қалай байланыстыруға болады?
- Әңгімедегі Тасқұл қарттың есімі нені білдіреді?

Мектепте эпикалық шығарманы талдау әдебиеттанудан да, педагогикалық пәндерден де туындайтын көптеген талаптарға бағынатын күрделі шығармашылық процесс. Бұл мектептік талдаудың екі жақты сипатын, оқушылар үшін субъективті маңызды және объективті маңызды мәселелердің күрделі үйлесімін анықтайды. Әсіресе, талдаудың дұрыс педагогикалық тұжырымдамасын, оқыту мен тәрбиелеу тұрғысынан шығармаға ең тиімді тәсілді анықтау маңызды. Жалпы аспектідегі талдау тек әдебиетті тереңдетіп қана қоймай, оқушылардың эстетикалық талғамын тәрбиелеуге, көркем шығарманы өнер құбылысы ретінде түсінуге ықпал етеді. Қазіргі қазақ әдебиетінің өкілі, жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып оқыту, аталған шығарманың жан-жақты талданып, басты идеясын айқындауға, автордың көтерген мәселесін нақты тануға өзіндік септігін тигізеді. Талдау әдеби шығарманың ерекшелігін, мазмұны мен формасының бірлігін түсінуге негізделген. Мұғалімнің оқушыларға бір автордың әр түрлі жанрадағы шығармаларын бір-бірінен ажырататын шекараларды ашып көрсетуі маңызды. Жазушының шығармашылығын мектептегі зерттеу әдетте үш негізгі кезеңнен өтеді: әдеби материалды оқу, мұғалімнің жазушының шығармасы туралы баяндамасы, оның ішінде мұғалімнің әдісі

мен көркемдік шеберлігі туралы мәліметтер, әдеби шығармаларды талдау, мұнда жазушының көркемдік құралдарына, оның шеберлігіне үлкен мән беру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы, Мектеп, 1999.
2. Р.Ф. Брандеев, Т.В. Зверс Методика преподавания литературы: учебник для пединститутов – М.: Просвещение, 1985.
3. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, Білім, 2009. -288б
4. https://zinref.ru/000_uchebniki/02800_literatur/005_lekcii_literat_03/782.htm
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, «Рауан» 2008. -280б

ӘОЖ 14.25.09

«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ӘҢГІМЕСІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Арайлым Кошек

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Филология институтының 2-курс магистранты
Жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Серік Асылбекұлы
Атырау қ., Қазақстан
a.koshek@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада білім алушының бойында адамгершілікті, имандылықты, жауапкершілікті, шығармашылықта қалыптастырудағы әдебиет пәнінің рөлі туралы айтады. Бұл қасиеттердің баланың бойына шығарма арқылы қалыптасатындығына тоқталады. Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі Қожаның портретін аша отырып, оның жақсы қасиеттерін даралап көрсету үшін сабақта қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерге тоқталады.

Аннотация: В статье рассказывается о роли предмета литературы в формировании у обучающегося нравственности, ответственности, творчества. Он подчеркивает, что эти качества формируются в росте ребенка через произведение. Раскрывая портрет Ходжи из повести писателя Бердибека Соқпақбаева «меня зовут Ходжа», он останавливается на эффективных приемах, которые мы используем на уроке, чтобы подчеркнуть его лучшие качества.

Annotation: The article describes the role of the subject of literature in the formation of the student's morality, morality, responsibility, creativity. He emphasizes that these qualities are formed in the growth of the child through the work. Revealing the portrait of Khoja from the novel by writer Berdibek Sokrakbayev "my name is Khoja", he dwells on the effective techniques that we use in the lesson to emphasize his best qualities.

Кілт сөздер: әдебиет, педагог, диалогтік оқыту, әдіс-тәсілдер, шығармашылық, өнер пәні.

Ключевые слова: литература, педагог, диалогическое обучение, методы, творчество, предмет искусства.

Keywords: literature, teacher, dialogic teaching, methods, creativity, art object.

Әдебиет пәні – өнер пәні. Әдебиетті адамтану құралы десек, «әдебиет» пәнін адам тәрбиелеу құралы дер едік. Әдебиетті оқыту оқушыға білім ғана беріп қоймайды, сонымен қатар білім алушының бойына жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын шебер педагог – адамдардың бір-біріне деген берік сенімін қалыптастыру, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық, кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы етіп өткізеді. Әдебиет

пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы жасөспірімдер алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады.

Сонымен, әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы – көркем әдебиет шығармаларын жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа т.б тәрбиелеу. Әдебиет пәні – өнер пәні, адам жанын тану пәні. Әдебиет арқылы жан-жақты, терең ойлау, баланың логикасын қалыптастыру жүзеге асады. Балаға білім берумен қатар, адам тәрбиелеу әдебиет сабағының қызықты да күрделі екендігін танытады.

Оқытудың нәтижелі болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты. Әдіс-тәсілдер дегеніміз не? Әдіс-тәсіл оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызметте жүзеге асады. Бірінші, педагогтің оқытуы, екіншіден, білім алушының оқуы. Бұл әрекеттер сабақ барысында әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістері арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, сабақ үстіндегі педагогпен, білім алушылардың әңгімелесуі–әңгіме әдісі арқылы жүргізілсе, кітап арқылы орындалатын жұмыстың түрлері–кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл педагог пен білім алушы арасындағы жұмыс түрлеріне, сабақтың тақырыбы, мақсатына байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, «Менің атым Қожа» әңгімесін орта мектепте оқытудың тиімді әдісін қарастырып көрелік. Негізгі орта мектеп ұйымдарында «Менің атым-Қожа» повесі 5-сыныптың 3-тоқсанында оқытылады.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа» повесі балалар әдебиеті қоржынындағы күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпай келе жатқан шығарма.

Шығармада әкесіз өсіп келе жатқан, ауылдағы қарапайым отбасынан шыққан Қожаның іс-әрекеті, мінез-құлқының қалыптасуы, арман-тілегі, басқалармен қарым-қатынасы суреттеледі. Қожаның балалық қылықтары оқырмандарға күлкі сыйлайды. Оқырманды Қожаның қандай сотқар болса да соңында адам болып қалыптасқаны қуантады. Шығармадағы баланың бүкіл көңіл-күйін, өмір сүру салтын, дүниені қабылдауын автор ішкі дүниесімен жақсы сезінеді. Бала көңіліне тән қиялдарды тебіріне толғайды. Қожа зерек, алғыр, ақкөңіл, жан-жағын, ортасын бақылап жүретін, сонымен қатар ұмытшақтығы да бар бала.

Міне, кейіпкердің осы кереғар қасиеттерінің ішінен оны шын мәнісінде тани алу, таныту үшін педагог сабақта не істеуі керек? Сабақты қалай жоспарлауы қажет? Кешегі Қожа мен бүгінгі балалардың арасын не байланыстырады, не алшақтатады? Білім алушы «Менің атым-Қожаны» оқи, талдай отырып, қандай ой түйеді, өзіне нені ала алады. Кешегі Қожа мен бүгінгі балалардың айырмашылығы, ерекшелігі қандай?. Шығарманы оқытуда осы сұрақтардың жауабы білім алушының сабақтан алған білімі, өмірде пайдалана алатын дағдысы болып қалыптасуы керек.

Шығарманы оқып отырсақ, басынан аяғына дейінгі барлық тараулары кейіпкерлердің диалог сөздерінен құралған. Міне, осы жерде педагог әдіс таңдауда шығарманың осы ерекшелігін пайдалануына болады. Яғни диалог арқылы оқытуды қолдану сұранып тұрған әдіс.

Сабақ барысында диалогтік оқытуды жүзеге асыру мақсатында әр түрлі сұрақтар мен тапсырмаларды қолданамыз.

Сабақты жоспарлауда педагог бірнеше кезеңге бөліп жоспарлайды. *Білу қадамында оқушыларды диалогқа түсіру үшін төмендегідей сұрақтар қоюға болады:*

1. Қожаның ойынша, қандай есімдер жоғары идеялы есімдерге жатады?
2. Тағы қандай есімдер бар?
3. Өмірде қандай әділетсіздіктер толып жатыр?
4. Кейіпкер газеттен қандай мәлімет оқыды?
5. Кейіпкердің портреттік сипаттамасы қандай?

6. Қожаның шашын кім алады?
7. Қожа туралы не білдіңдер?
9. Қожа таңертең қайда келе жатты? Оған кім ұшыраса кетті?
10. Жантас екеуі не туралы сөйлесті?
11. Қожа не істеді?
12. Қожа қайда келді?
13. Майқанова оны қалай қарсы алды?
14. Екеуі не туралы сөйлесті?
15. Майқанованың жауабын естіген Қожа не істеді?

Түсіну қадамын жоспарлағанда:

1. Неліктен Қожа атын өзгерткісі келеді? Аты өзіне неге ұнамайды?
2. Не себепті Қожа «өмірде әділетсіздіктер толып жатыр» дейді?
3. Неліктен сыныпта оны «Қара Қожа» деп атайды?
4. Әжесі неге «тәмпиш қара» дейді?
5. Әубәкір шал неге Қожаның шашын алған сайын таңғалады?
6. Қожа қандай мақсатпен спорт алаңына келе жатты?
7. Қожа не себепті Жантасты мұрнынан шертті?
8. Майқанова неліктен Қожаға таңырқап қарады?
9. Неліктен Қожа есікті тарс жауып, жөнеле берді?
10. Қожаның тентек болу себебі неде деп ойлайсыңдар?

Талдау қадамында . 1. «Венн диаграммасы» арқылы Қожа мен Жантасты салыстырыңдар.



2. Қожа оқыған мектеп пен қазіргі мектепті салыстырыңдар. Қандай қорытынды жасадыңдар?



Жинақтау кезеңінде: Сурет бойынша үзіндіні мазмұндаудың жоспарын құрыңдар.

Қолдану кезеңінде орындалатын тапсырмалар:

1. Қожаның портреттік мінездемесіне сүйене отырып, өздеріңе, достарыңа сипаттама, мінездеме беріп көріңдер.

2. Қожа туралы пікірлерің қандай? Қожа сияқты оқушылар сыныптарыңда бар ма? «Синквейн» әдісін қолданып, Қожаға бес жолды өлең арқылы мінездеме беріңдер (өлеңде бір зат есім, екі сын есім, үш етістік, сөйлем, түйін сөз болу керек).

Сабақты бекітуде қолданылатын тапсырма: кестені толтырады, кейіпкерлерге баға береді

Кейіпкерлер	
Өмірге қызығушылығы	
Адамгершілік қасиеті	
Кейіпкерлерге баға	

Сабақтың соңында кері байланыс «Бағдаршам» әдісі арқылы жүргізіледі. (Қызыл-мүлдем түсінбедім. Сары- жартылай түсіндім. Жасыл-толық түсінікті). Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 балдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті балын қойып бағалайды.

Сабақта қолданылатын диалогтік оқытудың мақсаты: оқушыларды коммуникациялық қарым-қатынасқа түсіру арқылы топ ішінде өз ойын еркін айта білуге, бір-бірінің ойын тыңдауға, пікір алмасуға дағдыландыру.

Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушы мен оқушы, оқушы мен педагог арасында еркін қарым-қатынас қалыптастыру, сұрақ-жауап түрлерін пайдалану арқылы, тапсырмаларды түрлендіре отырып, оқушыларды сабаққа ынталандыру.

Диалогтік оқыту арқылы:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырамыз;
- оқушылардың шынайы қызығушылығын анықтаймыз;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеміз;
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектесеміз;
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеміз;
- әңгімелесу мен ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береміз.

Білім алушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі – оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы. Сабақ соңында бір-бірлерін бағалау. Сыныпта сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін педагог қолданатын сұрақтардың екі түрі – төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар қолданылады.

Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» сұрақтар деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап бағаланады.

Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Педагогикада бұл сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты түрлі техникаларын пайдалануға болады.

Диалогтік оқытудың маңыздылығы неде, деген сұраққа жауап іздей келе, оқыту мен оқудың түйінді тоғыз ұстанымын басшылыққа аламыз:

- оқушыны бүкіл өміріне жеткілікті біліммен жабдықтайды;
- білімді арттырады;
- алдын ала зерттеу мен тәжірибеге негізделеді;
- оқытуды қолдайды;
- оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалауды қолданады;
- оқушының іскерлікпен белсенді қатысуына ықпал етеді;
- әлеуметтік және жеке үдеріске ықпал етеді;
- мазмұндық оқытуды жүзеге асырады;
- кәсіби дайындық деңгейін жетілдіреді.

Бұрындары, қалыпта сабақ барысында оқушылар негізінен сабақтың басым бөлігінде тыңдаушы ретінде қатысса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін, қалай оқу керектігін түсінетін жеке тұлға екендігіне ерекше мән бергеніміз жөн.

Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың білсем деген қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат.

Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығы мен қызығушылығына тікелей байланысты. Сабақ барысында оқытудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады. Оқудың белсенді әдістеріне: пікір-таластар, өзін-өзі бағалау, тест құру және бірін- бірін тексеру жатады. Бұл бағыт педагогтің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі педагог пен білім алушыны шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, педагог оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыруы керек. Ол үшін педагогтің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін сол жерде оған қажетті бағдар беруіне тура келеді. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Диалогтік тәсіл оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектеседі.

Ғылыми-әдістемелік зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Пікір алмасу да оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады. Сұрақ қою арқылы педагог:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- білімге құштарлықты дамытады;

- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді, оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді. Мысалы, Қожаның әжесімен сөйлескен кездегі диалогін оқушылар бір-бірімен диалог құру арқылы орындайтын болса, онда сабақ соңындағы мұғалімнің сұрағына да диалогтік әдіспен нақты, айқын жауап берер еді. Мысалы,

— *Әй, мына түріңмен қайда барасың? Онда кісі отыр, — деді әжем.*

Өзі қызық кісі, кім отырғанын мен білмейді деп ойлай ма екен.

— *Кісі болса, қайтуші едім!*

Дауысым қатты шығып кетті. Мейлі, естісе, ести берсін.

Есікті жұлқып ашып, кіріп келдім. Қаратай мен мамам терезе алдындағы столда, әдеттегіше, бетпе-бет әңгімелесіп отыр. Екеуі бірдей маған қарады. Қаратайдың жүзінде менің келуімді жаратпаған абыржу бар. Ал мамамның тіксініп шығына қараған қабатынан мына тасыр жүрісімнің оған да ұнамағанын бірден аңғардым.

Осы бойда бұрыштағы кітап шкафыма қарай өтіп бара жатыр едім, Қаратай күлімсіреген дауыспен:

— *Әй, Қожатай, сәлем қайда? — деді.*

Жасы үлкен таныс адамға сәлем бермеу — көргенсіздіктің белгісі деп мамам мені талай баулыған. Сол парызымды амалсыз өтеп:

— *Саламатсыз ба, — дей салдым.*

Кейіпкердің ішкі сезімі әрбір қимылының, қылығынан көрініс береді. Сыныпта білім алушылар диалогқа түсе отырып, осы көңіл-күйді сезінулері керек. Педагог соған жағдай туғызуы қажет. Ол әрине, жетекші сұрақтар арқылы пікір алмасуда жүзеге асады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, ол бірлескен зерттеу барысында анықталады. Топтағы оқушылар берілген тапсырманы ақылдаса отырып талқылап, ортақ шешімге келеді. Бұл тәсіл сыныптағы баяу, енжер оқушының сабаққа қатысуына жол ашады. Себебі ол достарымен бір топта жұмыс істеп, сұхбаттасады. Тапсырмаларды орындап белсенділік танытады. Диалогтік оқыту әдістерін қолдана отырып, сыни ойлауға бағыттайтын сұрақтар қою оқушының зейінін аударып, сабақтағы белсенділігін арттырады. Себебі диалог барысында сабақтарда сыни ойлауға бағыттайтын сұрақтарды пайдалану арқылы оқушы пікірін білдіріп, сұрақ қойып диалогқа түседі. Диалогтік әңгіме құру уақыт үнемдеуде тиімді болып саналады. Оқушылар бір - бірін тыңдай білуге үйренді. Сұраққа жауап бере алмаған оқушы басқаларды мұқият тыңдайды. Яғни білім алушылар бір - бірін оқытады.

Қорыта келе, оқушылардың сабақта меңгерген білімін, білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап етеді. Диалог арқылы оқыту

пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен педагог оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012, 306 б.
2. Ш. Мәқашева. Б. Соқпақбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған әдістемелік құрал / ҚМРБК Құраст. - Алматы, 2004. - 21 б.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Интербелсенді әдістемені ЖОО – да қолдану мәселелері. https://uskz.org/blog/dialogtik_o_u_o_u_sapasy_n_arttyratyn_dis/2015-01-10-94<https://stud.kz>
4. Александер. Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну. 2004.
5. Мерсер, Литлтон. Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл. 2007.

ӘОЖ17.01.07

Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ҰЛПАН» РОМАНЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Арайлым Исатай

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Филология және көптілді білім беру институты
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада әдебиетті зерттеудің объектісінің бірі – шығарма. Көркем шығарма – жай ғана мазмұнын түсінуді ғана емес, жан-жақты тұрғыда оқыту әдістемесін талданылады.

Әдебиетті оқу әдістемесі туралы айтпас бұрын, осы мектеп пәнінің ерекшелігі туралы бірнеше сөз айту керек. Көптеген әдебиеттанушылар, философтар мен әдіскерлер мектеп бағдарламасының бұл пәннің әдеттен тыс, ерекше сипаты туралы айтады. Әдебиет – қиялдың туындысы [1,97]. Көркем шығарманы оқытуда кейбір жағдайларда шынайы өмірдің моральдық принциптеріне негіздеме тауып, сабақты дидактикалық сипаттағы жалықтыратын ережелердің жиынтығына айналдырады.

Әдебиетті зерттеудің объектісінің бірі – шығарма. Көркем шығарма – жай ғана мазмұнын түсінуді ғана емес, жан-жақты тұрғыда оқыту әдістемесін талап етеді. Әдебиет мұғалімінің міндеті – көркем шығарманың ішінен, оның механизмін, құрылғысын, автор ойға алған жолын көрсету. Мұғалім көркем шығарманың детальдарының тартылуын, қарама-қарсылығын көрсете отырып, көркемдік логиканы, автор ниетін түсінуге үйретеді. Сонда оқушыға әдеби процестің дамуы, әдебиеттің дәстүрі мен түрлерінің өзгеруі, сөз шеберлерінің шығармаларының өзіндік ерекшелігі мен ашылуы айқын болады. Әрбір жазушы өз әлемін, мифін, өз тарихын, өзіндік көркем бейнесін жасайды [2,52]. Мұғалім оқушының оқуға деген қажеттілігін дамыту үшін көркем шығарманы түсінуге, оқу үдерісін әсерлі, қызықты етуге үйрету керек.

Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы — көлемі мол роман болып табылады. Алдымен романды, яки көркем шығарманы оқымастан бұрын арнайы тірек-сызба ілінеді. Тірек-сызба «Ұлпанның табандылыққа толы ғұмыры» деп аталады. Берілген тірек-сызба арқылы романды оқуға деген, оны әрі қарай талдауға деген қызығушылықты оқушыларға тудыру басты мақсат болып саналады. Ал романды оқымай тұрып, жан-жақты талдау жасау әрине, білім алушыға қиындық тудырады.

Қойылатын сұрақтар:

- «Ұлпан» романында Ұлпанның тағдыры қалай болды, ол қандай ерен еңбектер жасады?
- Ұлпан неліктен «Ақнар» атанып кетті және оны олай атаған кім?

Оқытушының бағыты мен нұсқауы арқылы романдағы қажетті деген бөлімдер оқылып, білім алушылар толықтай шығарманың сюжеттік желісімен таныс болады. Оқушылар романды оқыған соң сюжеттіне сай, мазмұндық талдау жасағаннан кейін сызбаны толтырады. Тірек-сызбаны толтырып болған соң, оқушыларға эссе жазу беріледі[3,99]. Негізінен оқушыны өз бетімен жұмыс жасауға, өз бетімен әрі қарай еңбектеніп, ізденіп білім алуға үйрету дағдыландыру ең тиімді нәрсе болып табылады. Мұндай әдістердің тиімді тұсы сыныпта оқитын барлық дерлік оқушылар толықтай қатынасып қана қоймай, бағаланады. Оқыту процесінде тәжірибе негізінде кең тұрғыда таралған, сонымен қатар өзіндік тиімділігімен, жүйелілігімен, нәтижелілігімен көптеген мұғалімдер еңбегіне молынан енгізілген талдаулардың бірі – проблемалық оқыту. Мысалы: Ғабит Мүсіреповтің осы «Ұлпан» романын оқытуда қолданып көрейік.

Автор романының атын неге «Ұлпан» деп атады? Сұраққа жан-жақты жауап беріңіз.

ТүсінуҚолдану Талдау

Ұлпан образы неге романда бастан- аяқ айтылатын кейіпкер болып табылады?

Жазушы қазақ халқындағы тарихи маңызы болған оқиғаларды романның идеясын ашуда қалай қолданған деп ойлайсыз?

«Ұлпан» романын қазіргі көзқараспен, қазіргі заман тұрғысынан қарағанда қалай түсінуге болады?

Оқыту процесінде оқушыларға үй тапсырмасын беру кезінде, романды жай ғана мазмұнын түсініп, үйден оқып келуге беру дұрыс емес, осы тұрғыда оқушылардың қызығушылықтарын оятатындай, әрі қарай көлемді шығарманы оқуға ынтасы ашылатындай тапсырмалар беру арқылы жүргізудің тиімді жақтары мол. Оқушыларға «Ұлпан» романын оқуға берген кезде таразының суретін пайдаланып, арнайы проблемалық сұрақтар қоюға болады.

Қойылатын сұрақтар тобы:

Осы тектес сұрақтар легі қойылды. Көркем шығарманы құрылысына қарай талдау «Сатылай кешенді талдау» әдісі негізіне орай жүргізіледі[5]. Сыныптың оқушыларының санына қарай бірнеше топқа бөлінеді.

АВТОРЫ ОҚИҒАНЫҢ ДАМУЫ

ТАҚЫРЫП ОҚИҒАНЫҢ ШАРЫҚТАУ ШЕГІ

ИДЕЯСЫ ОҚИҒАНЫҢ ШЕШІМІ

ЖАНР ТҮРІ ШЫҒАРМАДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР

КОМПОЗИЦИЯСЫ ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР

ЭКСПОЗИЦИЯСЫ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

ОҚИҒАНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мұғалім қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманында білім беру процесіндегі сабақ өткізу бағытында сабақтың сапасы мен мазмұнын, әдіс-тәсілдерін жаңа деңгейде көрсету маңызды. Әдебиет пәнінің негізгі объектісі көркем шығарма болғандықтан, оның іс-әрекеті де мәтін мен көркем шығарма негізі арқылы орындалады. Білім жүйесінің ең маңызды, ең негізгісі түю, алу, салғастыру мен салыстыру, оны қорытынды негізінде жасау, жеке өз бетімен нақты белгіленген белгілі бір нәтижеге нақты жету білім алушының жекелеген өздік жұмыстарын, тапсырмаларын орындау мен ұйымдастыруда жететін нақты мақсат болуы қажет[4,25]. Арнайы оқу бағдарламасында нақты берілген шығармаларды тек қана оқып, мазмұнын ғана айту оқушылардың қызығушылығын төмендетіп тіпті

жалықтырып жібереді. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» романын оқыту кезінде сыныптағы барлық дерлік оқушы бірден бастап, алтыға дейін саналады. Әр санға сәйкес оқушыларға жеке бағыттар бойынша тапсырмалар беріледі. Соған сай нәтижесінде барлық оқушылар сабаққа толықтай қатысады, білім алушылардың барлығының нәтижесін толықтай бағалауға мүмкіншілік туады.

1. оқушы- «Баяндаушы» романның мазмұнын қара сөз негізінде жазып орындайды.
2. оқушы -«Зерттеуші» Ғ.Мүсіреповтің әйел, ана тақырыбынағы өзге де шығармалары туралы ізденісін көрсетеді.
3. оқушы- «Сұрақ қоюшы» романның сюжеттік желісіне сәйкес сұрақтар құрастырады.
4. оқушы -«Сілтемелер табушы» романдағы үзінділерді оқып, мәнін ашады.
5. оқушы- «Бейнелеуші» романның мазмұндық жүйесіне сай сурет салады.
6. оқушы- «Дәнекер» бұрынғы қазақ әйелінің, қазақ анасының образдары мен қазіргі заманғы әйел, ана образдарын байланыстырып салыстырады.

Жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романын талдау оқушыларға еліміздің, әдебиетіміздің басып өткен жолын бүгінгі біліміміздің биігінен түсінуге көмектесуі керек. Бұл еңбектерде автор өте күрделі әлеуметтік мәселелерді қояды, сондықтан көптеген білім алушыларға түсінікті болуы қажет, бәрі сыныптың дайындық деңгейіне байланысты. Сондықтан мұғалім жұмысты талдаудың ең қолайлы әдісін таңдауы керек. Сонымен, бір сыныпта «Ұлпан» романын оқу кезінде талдаудың негізгі әдісі әңгіме болуы мүмкін, оның барысында мұғалім проблемалық сұрақ қояды, оның жауабы пікірталас тудыруы мүмкін. Басқа бір сыныпта оқушылардың хабарламаларымен бірге сөйлесетін шолу лекциясының әдісін таңдаңыз. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романын зерттеудің екі жолын қарастырайық.

Пікірталасқа айналған әңгімелеу әдісі оқытудың негізгі түрі ретінде саналады. Демек, әңгіме әдісін жүргізгенде роман туралы пікір алмасуды қамтамасыз ету өте маңызды. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романын пікірталас түрінде өткізу, сауатты полемика дағдыларын, еркін ой бөлісу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бірінші кіріспе сабағында «Жазушы кітаптарының беттері арқылы» саяхат дайындауға болады. Оны ұйымдастыру мақсатында Ғ.Мүсірепов шығармашылығымен сынып танысады, материалды беру формасы анықталады, шығармашылық топтар құрылады. Топтардың әрқайсысы оқуға ұсынылған шығармаларды зерттейді. Әр шығармашылық топтың дайындығын студенттер арасынан әдебиет бойынша кеңесшілер басқарады. Әр шығармашылық топтың баяндамаларынан кейін мұғалім саяхатты қорытындылап, ең қызықты хабарларды атап өтеді. Содан кейін оқушылармен кітаптың оларға әсері туралы әңгіме ұйымдастырылады. Келесі сұрақтар қолданылады:

- «Ұлпан» романынан алған әсеріңіз қандай? Оны қалай түсіндіңіз?
- Қандай беттер ұнады?
- Романның қандай эпизодтары ерекше әсер берді?
- Қандай эпизодтар сізге драмалық, тіпті трагедиялық болды?
- Ұлпанның образын қалай бағалайсыз? Жазушы Ұлпан образы арқылы қандай қазақ әйелінің бейнесін танытты?
- Романдағы басқа кейіпкерлердің қайсысы есіңізде қалды?
- Романда жағымды кейіпкерлер көп пе, әлде жағымсыз ба? Неліктен?
- Романдағы оқиғалардың барысын қабылдауды не қиындатады? Қандай негізгі сюжеттерді атай аласыз?

Әңгімелесудің соңында мұғалім айтылған оқушылардың пікірлерін жоққа шығармайды, олардың ешқайсысына артықшылық, не кемшілік бермейді, бірақ ең қызықты және мазмұнды жауаптарды атап өтеді, бастапқы әсерді салыстыру үшін роман туралы ойлануға шақырады. Одан әрі мұғалім романда қозғалған көркем шығармашылық мәселелеріне көшеді. Талдау үшін оқушыларға сұрақтарды әр түрлі ақпараттық технологиялар негізінде ұяшықтар, сиқырлы сандықша арқылы дайындап ұсынған дұрыс.

Әдебиетті оқыту әдістемесі шығармашыл, белсенді ойлайтын оқырман тәрбиелеуге негізделуі керек. Көріп отырғанымыздай, әдеби шығарма эстетикалық объект ретінде оның

герменевтикалық мәніне негізделеді, сондықтан мектепте әдебиетті оқыту герменевтикаға, ең алдымен, қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымның әдістемелік негізіне айналып отырған телеологиялық герменевтикаға негізделуі керек екені анық. Оқушының мәтінді түсіндіре білуі, соған сай сұрақтарға жауап беруі, өзі сұрақ іздеуі, романдағы мәтіннің кез келген бөлшектерін түсіндіре білуі, шығарманың қалпына келтірілген құндылықтар жүйесі негізінде оның интерпретациясын құра білуі маңызды. Демек, оқушыны «ұстаз – шәкірт» қарым-қатынасына жетелеуге, ұстаздың, кез келген сыншының, әдебиеттанушының сөзін түпкі шындық деп қабылдауға болмайды. Оның өзі мәтіннің виртуалдылығын, оның даралығын байқап, оның құндылықтар жүйесін негіздеп, түсіндіруі керек. Сондықтан әдебиет сабағының ең қолайлы түрін эвристикалық әңгіме деп санау керек, мұнда оқушы шын мәнінде сабақтың бірлескен авторы болып табылады, яғни әдебиет сабақтары феноменологиялық парадигмаға сәйкес құрылуы керек[6,95]. Оқушының дамуы, оның интеллектуалдық қажеттіліктері назарда болады, бұл оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, өзін-өзі дамытуға ынталандырады. Мұндай парадигма әдебиет сабағының эстетикалық жағдай ретінде өтуіне және герменевтикалық тәсілді қолдануға мүмкіндік береді[7], сондықтан да болар, кез келген көркем шығарманы оқу сабақтарының жүйесін балалардың қызығушылығын тудыратын «форматтардан» бастау керек, бұл кезде шығармада бір қарағанда оғаштықтарды, анахронизмдерді оқушылардың өздері табады. Әдебиеттану пәні оқушының рухани дүниесін байытады, ой-өрісін кеңейтеді, ойлауға үйретеді, шығармаларды өз бетінше талдау дағдыларын қалыптастырады, өмірдің сан алуан мәселелеріне ой салады.

Әдебиет пәнін оқытуда ең басты алға қойылатын міндеттердің бірі- оқушылардың берілген көркем туындыны, соның ішінде көлемді шығарма романды қабылдауы, сол романнан эсер алуы, көркем туындының айтарлықтай бүкіл болмысын түсініп ұғынып білуі. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы XIX ғасырдағы қазақ халқы даласындағы тарихи оқиғалар негізінде жазылған көлемді шығарма. Аталған роман прозалық шығармалар қатарындағы жай ғана әңгіме болмағандықтан, оқушыларды жалықтырмайтындай, тез әрі жүйелі оқуға, игеруге, рухани құндылық негізінде түсінуге тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, соған сай проблемалық сұрақтарды дайындап, жүйелі талдау жасаған дұрыс. Осыған сай мұғалім осы мақсат бойынша ізденуі қажет. Қандай әдіспен түсіндірген, оқытқан тиімдірек-соларды әр мұғалім өзіндік жеке тәжірибесі, оқу материалдарының сипатына сай, білім алушылардың дайындық деңгейлеріне қарай өзі жүйелейді. Мектепте эпикалық шығарманы талдау әдебиеттанудан да, педагогикалық пәндерден де туындайтын көптеген талаптарға бағынатын күрделі шығармашылық процесс. Бұл мектептік талдаудың екі жақты сипатын, оқушылар үшін субъективті маңызды және объективті маңызды мәселелердің күрделі үйлесімін анықтайды. Романды талдау әдістемесінің негізгі мәселелерін аша отырып, біз оларды өз көзқарасымыз бойынша негізгі аспектіге — оқушылардың шығарманы оқу немесе қайта оқу қажеттілігін қалыптастыру, оның негізгі мәселелерін, тарихи және әмбебап маңызын таныта аламыз. Осы жағдайда ғана әдебиет оқырманға эсер етіп, «адам бойындағы тұлғалық қасиетті» тәрбиелеп, қалыптастыра алады. Шығарманы талдаудың дұрыс педагогикалық тұжырымдамасын, ең тиімді тәсілін анықтау ерекше маңызды жұмыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вопросы анализа художественных произведений. Под ред. Н. О. Корста. М, 1969.
2. Боборыкин Н.Д. Михаил Булгаков //Литература в школе. 1991- № 1. с. 52-65
3. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған - Алматы: Білім, 2009. - 288 бет.
4. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы, «Рауан» 1997 ж.
5. К.Ә.Әбдірейімова «Қазақ әдебиеті» (Н.А.Оразаханованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша жалпы білім беретін мектептердің таңдау курсына арналған) оқу құралы. Алматы, 2012 ж

6.Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. Монография. - Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет!, «Ұлағат» баспасы, 2016. - 366 бет.

7. Тұрғынбаева Б.А. Қазіргі білімнің негізгі парадигмалары. // Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қазақстан, Тараз, 2 том. 2018.- 3-4 бб.

ӘОЖ 81-21

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АСПАН ДЕНЕЛЕРІ АТАУЛАРЫНЫҢ КОНЦЕПТІСІ

Мөлдір Қайыржанова

*«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Филология:қазақ филологиясы ББ 2 курс магистранты
moldir_17.02@bk.ru
Атырау қ., Қазақстан*

Аңдатпа: Аспан шырақтары туралы деректі өтірік өлеңнен де, жоқтау жырынан да, қысқасы халық шығармасының қайсысынан болса да кездестіре аламыз. Ата-бабамыздың күнкөрісі мал болғандықтан осы аспан шырақтарын пайдаланып алдын ала ауа райының малға жайлы жайсыз болатынын біліп отырған.

Бұқара ішінен шыққан есімі мәлім, мәлім емес ақындардың, шешендердің,, зеректердің аспан шырақтарын, жұлдыздарды , Күнді, Айды өлеңге, қара сөзге қосып сипаттауы қазақ арасында дәстүрге айналған.Аспан шырақтары туралы жазылған ақындар өлеңін қарастырсақ, біз олардың ішінен жұлдыздардың аттары, олардың саны, орналасуы, қозғалысы жайында бірталай нақтылы деректер аламыз.

Қазақ халқының жұлдыздарға қойған аттарынан поэзия лебі аңқып тұр. Сонымен қабат мұның методикалық маңызы үлкен. Жұлдыз атауларында поэзиялық форма мен шынайы мазмұн (құбылыстың көрінісі, сыры, жұлдыздардың сипаты, белгісі) екеуі ұштасып, қабысып тұрады.

Қазақ халқы қыздарын Айға, Күнге, жұлдызға теңеп, қыздарын Айсұлу, Айнұр, Күнсұлу, Жұлдызай т.б аттарды қойған.

Түйінді сөздер: Аспан, Жер, Күн, Ай, Жұлдыз, концепт.

Қазіргі кезде тіл білімінде жаңа бағыт дамып келеді. Соңғы кезге дейінгі зерттеулердің басым бағыты құрылымдық бағыт болды. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулерде тілдік бірліктер абстрактілі тілдік жүйенің құрылымдық бірліктері, элементтері ретінде қаралып, олардың арасындағы өзара байланыс, қарым-қатынас талданып келді. Сондай-ақ осы бірліктердің жүйедегі тәртіп бойынша қолданылу нормасы, одан ауытқудың түрлері қаралып келді. Ендігі кезекте жалпы гуманитарлық бағыттағы ғылым саласының барлығы да кез келген қоғамдық құбылысты немесе соның объектісін адам факторымен байланысты зерттеуді басым үрдіске айналдырды. Бұл тағы да адамзат тарихындағы ренессанс дәуірінен кейінгі адамның өзіне бет бұруымен байланысты антропоцентристік бағыттың дәуірі болып отыр. Егер бұрын гуманитарлық ғылым зерттеулерінің мақсатына адамнан тыс ақиқат дүниеден адамға пайдалы білімді анықтап беру алынса, қазіргі кезде адамның өзін-өзі тануы арқылы қоғамдағы құбылыстардың сырын түсіндіруге бет бұрып отыр. Осы сияқты лингвистикада да тілді өз ішіндегі, өзі үшін зерттелетін тұйық жүйе түріндегі құбылыс ретінде қараудың орнын тілді адамның дүниені тану құралы, өзін тану құралы ретінде қарау басып отыр. Егер бұрынғы зерттеулерде тілдік бірліктер абстрактілі жүйенің құрамдас бөліктері ретінде қаралып олар барлық сыртқы факторлардан оқшауланса, кейінгі зерттеулерде керісінше сол бірліктерді тудырған, қолданысқа түсірген барлық

сыртқы факторлар ескеріліп, олар тілдік бірліктен ажыратылмай маңызды фактор ретінде талданып отырады.

Осыған байланысты тіл ғылымы басқа қоғамдық ғылымдармен интеграцияға түсіп келеді. Бұл процестің нәтижесінде қазіргі заманда лингвистика аясында жаңа ғылым салалары қалыптасып үлгерді. Оларға психолінгвистика, этнолінгвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика сияқты тіл білімі салалары жатады. Жұмысымызда «концепт» ұғымы қолданылады. Концепт когнитивтік лингвистиканың тірек ұғымы. Когнитивтік білім бірлігі. Осы тұста когнитивтік ғылым мен оның басқа ғылымдармен байланысын түсіндіре кеткенді орынды санадық.

Кез келген халықтың тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тіл әлем туралы білімді сыртқа көрсетіп қана қоймайды, ғұмырнамалық тәжірибенің түпсанада бедерленіп үздіксіз сұлбалануына және оның айқындалуына, ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне қалтықсыз қызмет етеді. Сондықтан да тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық процесте зерттеудің қажеттігі туып отыр. Бұл процесс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының өнімі ғана емес, күрделі ассоциативті-вербальді құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танытушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. М.Хайдеггер «язык как пространство мысли и «дом» духа» деген пікір айтқан. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-сандық қасиеттерін сезім мүшелері арқылы қабылдап, санамен түйсініп қана қоймайды, оған өз қатысын білдіреді, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде әлемнің тілдік бейнесі жасалады. Ал бұл этностың, оны құраушы жеке индивидтің таным деңгейіне ғана емес, генетикалық табиғатына, сол тілде сөйлеушілердің психофизиологиясына, әлеуметтік күйіне, жағрапиялық жағдайына, қысқасы, ол тыныс алатын күллі дүниеге тікелей қатысты болады, басқаша айтқанда, адам мен оның тілін тұтастықта зерттеудің шындық нәтижеге жетуі оны қоршаған ортадағы физио, -социо, - психологиялық шарттарды бірдей ескергенде мүмкін болады. Бұл ретте антропоцентристік бағыттағы когнитивтік ұстанымды зерттеулер жеміс берері сөзсіз.

Когнитивтік ғылым АҚШ-та, Еуропада кең таралған әдістемелік зерттеу үрдісі. Жалпы адам танымына деген қызығушылық ерте кезден басталып, ес пен ойлау, адам білім табиғаты төңірегіндегі зерттеулерден, ақыранда екі бағыт ұстанған ағым ретінде қызу айтысқа созылды. Оның бірі – эмпиризм – ол білім тәжірибеден пайда болды десе (Беркли, Юм, Милль), екіншісі – нативизм – бала дүниеге білім қорымен келеді деген ұстанымды басшылыққа алады. Философиялық айтыс уақыты көпке дейін толастамады. Бұл уақытта астрономия, физика, химия, биология т.б. ғылымдар елеулі деңгейде дамыды. Бірақ адам танымын түсінуге ХІХ ғасырдың аяғына дейін ешбір ғылыми әдіс арнайы қолданылмады. Философияға, тіл философиясын қатысты зерттеулерде шашыраңқы көрініп отырды. Әдістемелік қозғалыс көрініс ретінде тек 1950 жылдардың соңында ғана басталған когнитивтік лингвистиканың бастау көзі Аристотельдің, Платонның, кейін Гумбольдтың және оның шәкірттерінің тіл философиясы концепциясында жатыр. Бұл үрдістің негізгі айырым белгісі тіл туралы жаңаша зерттеулерінде, тіпті зерттеу әдістеріне жаңа тәсілдер енгізілуінде емес, таза танымдық бағдарының жаңалығында, тілге танымдық тұрғыдан келуінде. Жүйелі-құрылымдық зерттеулер мен антропоцентристік ізденістердің ұштасуы тілді белгілі бір ұлттың рухани-мәдени коды ретінде қарастырып, ұлт пен рухты – тілді тұтас тануды мұрат ететін Гумбольд теориясы мен кейін Лео Вайсгербердің ұғымның (концептінің) креативтілігі теорияларында көрініс береді, Швейцариядағы құрылымдық жүйе өкілі Ф. де Соссюр теориясының тіл мен сөйлеу арақатынасы туралы терең пайымдауларынан да табылады. Ф. де Соссюр тіл тарихы мен тарихы байланысын байқап, бұл екеуінің сабақтастығы тілде бейнеленетінін, ал тіл ұлтты қалыптастыратынын көрсетіп, тілдің әлеуметтік, психологиялық табиғатын дұрыс таныған. Ол: «язык – это суть реальности, имеющее местонахождение в мозгу» деп жазады

Алғашқы когнитивтік зерттеулер этнолингвистикалық және лингвистикалық типологияны шендестіру деңгейінде сипат алды. Сөйтіп, тілдік әмбебап құбылыстарды түсінуге талпыныс жасалды. Бұл туралы қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика саласының негізін салушы ғалым Ә.Қайдар «... кейінгі кезде (АҚШ-та) қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста этносты «Адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде «антропология» (адам туралы ғылым) терминін қолдану үрдісі байқалып отыр», - деп көрсетті. Әр түрлі деңгейде антропоцентристік парадигма элементтерін қамти дамыған зерттеулердің бір-біріне ұласып, саралануы таза теориялық-танымдық ұстанымдардың айқындалуына, бағыт-бағдарының екшеленуіне ықпал етті.

Жаңа ғылыми бағытқа сай тілді зерттеуде негізі назар жоғарыда айтып кеткеніміздей тілдік тұлғаға аударылады, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа мақсаттары, маңызды ұғымдар мен тәсілдер, метатілдік теориялық негіздер қалыптаса бастады.

Когнитивтік лингвистикалық зерттеулер Америкада - Хомский Н., Джонсон М., Лакофф Дж., Лангакер Р және Ресейде – Апресян Ю.Д., Кубрякова Е.М., Караулов Ю.Н. т.б. еңбектерінен көрініс тапқан.

Когнитивтік лингвистика саласында зерттеу жасап жүрген ресейлік ғалым Н.Н.Рябцева батыс және ресейлік лингвистикада когнитивтік деп санауға болатын бірде бір ортақ қабылданған анықтама жоқтығын атап көрсетеді. Дегенмен когнитивтік деп есептелген зерттеулердің көпшілігі когнитивтік емес, ал алдына когнитивтік негіздегі мақсат қоймаған семантикалық зерттеулердің мазмұнында бұл мүдде орындалғанын (Ю.А.Апресян, Н.Д.Арутюнова, А.Г.Шмелев, Г.В.Булыгина, В.Левонтина) жазады. Дәл осындай сипаттағы зерттеулерге қазақ тіл білімінде Н.Уәлиұлының ұзақ жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан зерттеулерін жатқызуға болады. Олардың дені когнитивтік лингвистиканың тәсілдерімен, ұстанымдарымен жүргізіліп, когнитивтік мақсаттарға қол жеткізген.

Когнитивтік лингвистика қайдан пайда болды деген сұрақ барлық зерттеулерде көтерілетін мәселеге қатысты. Әр алуан деңгейдегі когнитивтік бағыттағы зерттеулерді зерделегенде, жоғарыда көрсетілгендей, олардың барлығына ортақ мәселе тілдік антропоцентризм, дәлірек айтқанда, сол тілде сөйлеушілердің өмірлік тәжірибесі, рухани, мәдени білімі тұтасқан түрде әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрініс табуы екені анықталады.

Когнитивтік антропология адам сана-сезімінің негізінде жатқан өзіне ғана тән саналық, түпсаналық рухани болмысының тіл арқылы көрініс табуын зерттейді. Антропоцентристік парадигманы алғашқыда «интуитивтік» жүйе деп атау ұсынылғанмен, кейін «антропоцентристік» термині қабылданған. Тілдік зерттеулерде антропоцентристік бағыт ХІХ ғасырдан бастау алып, көптеген лингвистикалық мектептерден орын алды.

Когнитивтік лингвистика антропоцентристік парадигманы, яғни адам және адам танымын құрастырушы тілді бір-бірі арқылы зерттеуді мұрат ете отырып, бірнеше лингвистикалық (этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, дәстүрлі лингвистика) және мәдениеттану, философия, психология, кибернетика пәндерімен шендеседі. Бұл пәндермен когнитивтік лингвистика кейбір зерттеу әдістері мен ортақ зерттеу объектісі – тілдің қызметі деңгейінде тоғысады.

Дүниенің жаратылуы туралы мәселе саналы адам баласын ертеден толғандырып келе жатқаны белгілі. Адамзаттың таным кеңістігіндегі ең басты меже дүниені тануға бағытталады.

Дүниенің материалдық тірегі: аспан (көк), жер, күн, ай, көл, ел.

V-VIII ғасырларда Алтай шыңдарынан Қара теңіз жағалауына дейінгі кең-байтақ елді мекенді қоныс еткен ежелгі түріктер аспанға, көкке табынған.

«Жоғарыда - әкеміз түріктердің көк аспаны, төменде – Жер анамыз. Солардың арасында алғашқы адамдар – түріктер пайда болды» делінген Күлтегін ескерткішіндегі жазбаларда.

Олар «жерді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұр» дегенге сеніп, оны өздерінің жауынгерлік туларында бейнелеген. Өздерін «көк түркілер» деп атаған. Тарихи сенім тұрғысынан

қарағанда, көк түс – тәңірлік түс. Сондықтан, да көк түсті атамекеннің, ата-бабалардың бейнесі есебінде кие тұтқан.

Ұлы даланың билеушілері Әмір Темір, Шыңғысхан өздерін тәңірден жаратылған Көк аспанның ұлдары деп есептесе, Қытай императорларында «Аспан Ұлы» деген дәреже болған.

Қазақстан аймағында көне заманнан бері Тәңірге – Көк Аспанға сену, оған табыну дәстүрі кеңінен тараған.

Бұл сезім әлі күнге дейін сақталып келеді. Оған ХХ ғасырдағы қазақтардың мазарларындағы көк түсті қасиетті күмбездер мен әлемнің төрт құбылысын бейнелеу үшін салынатын төрт құлақты бейіттер дәлел.

Осы дәстүрден арна алған көк түс түркі тілдес барлық халықтар үшін қасиетті, киелі, таза, пәк, бейкүнә күйінде қала бермек..

«Аспан» концептісі оның мазмұнын, өрісін анықтайтын бірнеше концептілік дәстүрлі атаулардан тұрады. Олар :Ай, Күн, жұлдыздар.

Мұсылмандық әлемде Ай діни таңбаға айналған. Бұл жерде ескеретін бір жайт бар. Ай символикасы мәдени гомогендік дәстүрімен тығыз байланысты. Ол аруақтар дүниесімен жалғастыратын белгі болып табылады. Мұсылман зираттарына Ай белгісін қою ұрпақтар, дәстүрлер сабақтастығын көрсетеді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Ай әдемілік пен сұлулықтың үлгісі болып табылады. Ай – уақыт өлшемі, жылдың бөлігі Ақпараттық модельдері: тұрақты тіркестер: Айға шабу- қолынан келмеске ұмтылып, босқа далақтау. Мысалы: Бақа өгіздей боламын деп, айға шапты. Айға талпынды (ұмтылды) – қол жетпестен үміт қылды, қол жетпеске қол созды. Мысалы:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс
(Абай).

Айды аспаннан шығарды(мысқал) – даңқы жер жарды, даңғазалай жария етіп, таң қалдырды, атын шығару. Мысалы: Мұндағысы оның атақты саудагер Көк Орда ишік-атасы Мұхаммед әкім әл Таразидің мұрагері бар екен деп, жер-жиһанға дәріптеумен қатар, айды аспанға шығарған той жасап, атақ құмар саудагер, өзінің атын да өзгеге таныту еді. (Ілияс Есенберлин) Айы оңынан туу – жолы болу; сәті түсу; бақыты ашылу; дегені болу. Мысалы:

Бәрекелде, Жібекжан,
Айың тусын оңынан,
Жұлдызың тусын солыңынан.
Ал отырыс болмасын,
Құдаларға барайық,
Барып бедел салайық,
Мал жеткенше мал беріп,
Малға қоса жан беріп,
Құдаларды алайық. (Қыз Жібек)

Айы(-күні) жақындады(жетті, толды) – босанатын мезгілі жақындады,уақыты болды. Мысалы: Өзі бұрыннан құрсақты молда, іші кеңейген сайын айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр (Ілияс Жансүгіров) – Рас, - деді Тұрағал, - сонан Бәжен ай-күніне жетті. Со жылы біздің үйдің қойы көбірек қоздады. Анау отырған біздің тоқал да, - деді Тұрағал, жас бір әйелді иегімен нұсқап, - аузы-мұрнынан шығып отыр,оған біздің әлгі бұрау басын сындыртпайды, бірдемеге қолғабыс тигіз десең, ішіндегі баласына зақым келер деп, зар-зар етеді.

Айы-күні батты – жарығы сөнді, қызығы бітті. Мысалы:
Ханы өліп, қайғырып жатқан, Айғаным,
Қара жамылып, айы-күні батқан, Айғаным.

Айын аспанға шығару – көтермелеу, дәріптеу, мадақтау. Мысалы: Біреуді мақтаса айын аспанға шығарып, жер-көкке сыйғызбай көтермелейтін қазақ.. (Ілияс Есенберлин).

Күн – уақыт өлшемі. Күнді құдірет тұту салтынан біздің кезімізде ел ортасында із қалмаған. Мұны Шоқан да растайды. «Күн көру», «күнелту», «күні қараң», «маған да күн туар», «күнің өшкір» деген сөздер, Күннің шын ролін – Күннің Жердегі тіршіліктің көзі екенін халықты түпкілікті түсінгендігін тайға таңба басқандай анық білдіріп тұрады. Ақпараттық модельдері: тұрақты тіркестер:

Күн байыды (Тілімізде «киелі» зат, қимыл-әрекетті немесе тұрпайы сөздерді тікелей атамау, яғни эвфемизим жолымен сынық сөйлеу дағдысы бар; мал таусылды дегенді – малы байыды деген іспеттес)– күн батты. Мысалы: Күн байыды, енді қайтайық, қыздар, жүріңдер.

Күн батқанша – күн ұясына кіргенше. Мысалы:

Бір кептірмей терімді,
Күн батқанша шабамын,
Әрлі-берлі далпылдап
(Абай).

Күн батып, қас қарайды – кеш болып, іңір қараңғысы түсті. Мысалы: Әлі жүріп келеді, әлі жүріп келеді, қопа бітетін емес. Күн батып, қас қарайып түн болды.

Күн бойы; күн ұзақ – ертеден қара кешке дейін. Мысалы: Күннің шығуы мен батуына дейін жалбыр шашты орыс Раушанды столға отырғызып қойып, түсіріп аламын деп күн ұзаққа қағзды шимайлаған (Бейімбет Майлин).

Күн болмады (жоқ) – ерік болмады; тыныштық болмады. Мысалы:

Мінді айтарлық тіл де жоқ,
Сын айтқанға күн де жоқ,
Ел атандық, болдық қор
(Ілияс Жансүгіров)

Күн бітті – ажал жетті, өмірі таусылды. Мысалы:

Ассыз, сусыз дерт жеңіп,
Өзі де әбден жүдепті.
Тоғыз миллион санарда
Ажал жетті, күн бітті.
(Абай)

Күн демей, түн демей – дамылсыз; үнемі, ылғи. Мысалы: Комитеттің қару-жарақ асынған жігіттері күн демей, түн демей автомобильге мініп алып, қаланың көшелерін аралап жүрді (Сәкен Сейфуллин). Күн де өтер, айлар өтер, жыл өтер – уақыт, мезгіл, жас – бәрі де мәңгі емес деген мағынада айтылады. Мысалы:

Зар жылар да, булығыр да – от жанар,
Жылай, жоқтай көр басыңа көп барар.
Күн де өтер, айлар өтер, жыл өтер,
Тағы өртенер, үміт үзер... тоқталар
(Б.Күлеев).

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Аһ дүние» деген өлеңінде әлем құрылысын материалистік тұрғыдан баяндап, оны ұғымды тілмен халыққа өлең арқылы түсіндірмекші болды. Оның енді бір өлеңінде шоқ жұлдыздарға кіретін жұлдыздардың халық түсінігі бойынша саны да келтіріледі:

Қарақшы жеті жұлдыз шеттеп жүріп,
Құр сырттан жалтырайды шеттеп жүріп,
Төрт жұлдыз екі екіден босағада
Соларды аңдығандай тұр үңіліп.
Айқайлап: «Таң мынау» деп Шолпан туып,
Өзгеден алты Үркепдің түсі суық.

Осыдан біз елдің ұйғаруы бойынша, Жетіқарақшы жеті жұлдыздан, Босаға төрт жұлдыздан, Үркеп алты жұлдыздан тұратынын көреміз. Сонымен қатар мұнда екі-екіден тұрған төрт жұлдыздың сиқы есіктің босағасына ұқсас екендігі, ал Шолпан таңның хабаршысы екені аңғарылады.

Күн батып, жоғалды, нұрыңнан ұялып,
Жұлдыз бен Ай қалды сәулеңнен нәр алып,
Жетіқарақшы сені іздеп айналып жүр,
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып.
Үркер мен Таразы шашылды шашуға
Шолпан да қарады, мауқын басуға,
Темірқазық арқандап Ақбоз атын,
Жаратып ойы бар тойыңа қосуға.

Бұдан біз ел арасына Жетіқарақшы, Үркер, Таразы, Темірқазық, Ақбозат, Шолпан сияқты шырақтардың аты мәлім екенін және Жетіқарақшының айнала жүретінін, Темірқазықтың ат арқандайтынын қазықтай қазғалмай тұратынын аңғарамыз.

Түсіндірме сөзінде «Шолпан – Күн жүйесінің Күннен арақашықтығы бойынша екінші планетасы» деген анықтама берген. Күнге жақын жүретін аспан планеталарының бірі, жарық жұлдыз. Таң ата туатын жұлдыз. Шолпан туа түнектегі керуен де көшеді. Міне сондықтан оған «Керуен жұлдызы» деген ат та тағылған (Батыс Қазақстан облысы. Астрахань маңы).

Таң сәриден туған Шолпан, әсіресе жаз күндері соншама жарасып тұрады. Шолпан түн қараңғысын жеңіп, дүние жүзіне нұрын шашып келе жатқан Күннің хабаршысы болғандықтан, қиялмен ертедегі адамдар оны Венера (ғашықтықтың құдайы) деп атады.

Қазақ ортасында да Күн мен Айдан кейінгі ең қадірлі шырақ таң Шолпаны. Ел аузында Ай Күнмен үзеңгілес жүретін болса, Шолпан Аймен тетелес келеді. Әйелдің көбі-ақ Шолпан аталады.

Халық поэзиясының үлгілерін талдап қарасақ, Шолпанды мадақтау, асқан сұлуларды Аймен, Шолпанмен теңеу жиі ұшырайтынын көреміз. Мысалға:

Үркер айдың жарығы, Шолпан қызы,
Қауыспенен қатады Сырдың мұзы,
Жамалыңа қарасам жан жетпейді,
Бір келбетің ұқсайды хордың қызы.
Ел аузынан.

Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,
Шолпандай таң алдында жаңа туған.
Халық әнінен

Таң мезгілі болғанда,
Шолпанның туған жұлдызы...

Қыз Жібек
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда...

Таң Шолпаны батқанда,
Қызарып Күн шыққанда.

Қобыланды

Ілгерідегі шумақтар Шолпанның таң алдында туып, Күн шығарда бататынын, оның өзге жұлдыздардан жарық екенін білдіреді.

Сонымен, қазақтың рухани мәдениетінде аспанды тәңірі- құдай ретінде қадірлеу осы мәдениеттің маңызды бір қасиетіне жатады. Аспанды құдай деңгейіне көтеру, одан қорқу емес, бұл көне мифтер мен ежелгі діндердің дүниетанымдық ерекшелігі екені ғылымға белгілі. Қазақтардың ата-тегі түріктердің басты құдайы — Көк Тәңірі. Оның рақымымен елді билеген қағандар «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген» деп аталған. Түрік жазуларында көшпенділердің барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Аспанды және оның шырақтарын қадірлеу түрік өркениетіне жататын барлық халықтардың дүниетанымының маңызды белгісі. Мысалы, «Оғызнаме» эпосында Оғыз қаған өз балаларының атын Көк, Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп қойғаны мәлім. Табиғи күштерді пір тұтудан тәңірілік дін көп құдайылық деген түсінік тумауы керек. Исламға дейін қазақтарда нақтылы «құдай» ұғымы болған жоқ деген пікір шындыққа онша жанаса

қоймайды. Себебі Көк Тәңірін көшпенділер жалғыз жаратушы деп түсінген, кейін қазақтарда Тәңірі мен Алла синонимге айналған.

Сонымен, жұмысымыздың негізгі тұжырымдарын қорытындылайтын болсақ мыналарды көрсетуге болады:

1.«Аспан денелері» концептісіне жататын ақпараттық тіл бірліктері өздерінің когнитивтік семантикасына сәйкес ұлттық бейнені, оның ерекшелігін көрсетуде айрықша мән-мазмұнға ие.

2. «Аспан денелері » оппозициялық концептісінің айналасында пайда болған тіл байлығының кумулятивтік қызметі талданды.. Сонымен бірге осы концептіге жататын сөздердің немесе оған қатысты басқа сөздердің стилистикалық тұрғыда көркемдеу, бейнелеу тәсілдерін, атап айтқанда, теңеу, эпитет, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер қорын жасаудағы қызметі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрдәлетова Б.И. Когнитивтік лингвистика – Алматы, 2011.
2. Хасен Әбішев Аспан сыры – Алматы - 2009
3. Қалиұлы Б. Қазақ тілдігінің ғылыми бейнесі. – Алматы, 2008. – 92 б.
4. Саткенова Ж. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Сокпақбаев шығармалары бойынша, Филол. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 2005.
5. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдарының поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Филол. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 2006.
6. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. д. ... автореф. 10.02.02 – Алматы, 2001. – 49 б.
7. Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А.: Ана тілі, 1998, - 304 б.;
8. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. №4. 2001, 39-44 бб.;
9. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – А.: Жазушы, 1985. 16 т. – 400 б.;

ӘОЖ 801

ЖАМБЫЛТАНУ – АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҒЫЛЫМИ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖОЛ

Жанат Буkenова

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Zhanat.Beysenbaeva@mail.ru

Тараз қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада Жамбыл Жабаев шығармашылығы жайлы кеңінен сөз қозғалады. Жамбылдың айтыскер ақын екендігі туралы деректер Жамбылтануға жол ашқан мәліметтер әдебиет саласында құнды мәліметтер. Жамбылдың ақындық күші – оның жүйелі сөзі мен логикалық ойларында. Сонымен қатар мақалада ғалымдардың зерттеулеріне иолу жасалып, арнайы Жамбылтануға, Жамбыл оқуларына бағытталған ғылыми жобалар, зерттеулердің жаңа заманауи идеологиядан тыс бағытын жандандыру ұсынылады.

Түйін сөздер: қолжазбалар, әдеби деректер, сыңаржақ сыншылар, рухани дүниесі, айтыс өнері

Жамбылтану – қазақ әдебиеттану ғылымының Жамбыл Жабаев шығармаларын жинау, жариялау және зерттеумен айналысатын саласы. Жамбыл 14 жасынан бастап өлең айтып, 15 жасында Сүйінбай ақыннан бата алған, оның импровизаторлық мектебінен үйренген. XIX 60–70-жылдарынан бастап, Жамбыл Айкүміспен, Сара ақынмен, Бөлтірікпен, Майкөтпен, Сарыбаспен, Құлманбетпен, Досмағанбетпен айтысқаны, бәрін жеңгені туралы әдеби деректерді Жамбылдың ақын-шәкірттері Үмбетәлі Кәрібаев, Жартыбай Елікбайұлы, Шүкітай Әбдікәрімұлы, Кенен Әзірбаев, Өмірзақ Қорғабайұлы берген. Олардың қолжазбалары Қазақстан Білім және ғылыми министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақталған. Жамбылдың айтыскер ақын екендігі туралы бұл деректер Жамбылтануға жол ашқан мәліметтер[1].

1913 ж. бұрынғы Верный, қазіргі Алматы қаласында Жетісудың ауыл шаруашылық-өндірістік көрмесі ұйымдастырылған. Жамбыл «Үйсін, Найман саңлағы, өстепкеде жиналды» деген сатиралық өлеңін осы көрмеге байланысты шығарған. Орыс фотосуретшісі П.А.Лейбин көрмеден 139 фотосурет түсірген. Жамбылдың шығарм. өмірбаяны туралы жазбаша деректер 20 ғ-дың 20-жылдарынан басталады.

1925 ж. Ташкентте араб әрпімен «Терме» деген әдеби жинақ шыққан[2]. Сонда Ш.Х.Сарыбаевтың «Халық әдебиеті және жинау жолдары» деген мақаласы жарияланған. Сол мақалада Жамбыл туралы мынадай деректер айтылады: «Жабайұлы Жамбыл – Жетісудың атақты, арқалы ақыны, жасы – 68-де, жылы – қоян, сауаты жоқ, тұратын жері – Ұзынқарғалы болысы, №4 ауыл. Жамбылдың жатқа білетін өлеңдері «Көрұғлы» дастаны, «Ерназар мен Бекет», «Сүйінбай мен Қатағанның айтысқаны», «Садыр патша мен Жамбыл патшаның заманы», «Сүйінбай мен Тезек төре», «Жамбыл мен Құлманбеттің айтысы», «Шалтабай»дастаны және шежірелер мен терме өлеңдері». Кезінде Жамбылдың бұл айтылған жыр-дастандарының көпшілігі әр жылдарда жарыққа шыққан кітаптарында жарияланды. Ал «Ерназар-Бекет», «Садыр патша мен Жамбыл патша» және «Шалтабай» дастандарының жазбаша нұсқасы сақталмағандықтан, баспасөз бетінде жарияланған жоқ.

1931 ж. жарыққа шыққан С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті нұсқалары» деген фольклорлық жинағында және 1932 ж. жарияланған «Қазақ әдебиеті» деген кітабында Жамбыл мен Құлманбет айтысының қысқаша нұсқасы берілген. Жамбылтану ғылымының іргетасын қалаған – М.О.Әуезов. Ұлы ғалымның Жамбыл туралы алғашқы мақаласы «Әдебиет майданы» журналының 1938 ж. №5 санында «Ардақты Жәке!» деген атпен жарияланған. Сонда «Сіздің жырыңыз – заманымыздың асыл ескерткіші» деген бағалы сөздер айтылған[3].

1948 ж. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1-том, фольклор) жарыққа шықты. Сонда Әуезовтің «Айтыс өлеңдері» деген зерттеу мақаласы басылды. Автор қазақ айтыс өнерінің жарық жұлдыздары қатарында Сүйінбайды, Шөжені, Кемпірбайды, Жанақты және Жамбылды атайды. Жамбылдың ақындық күші – оның жүйелі сөзі мен логикалық ойларында деп таниды. 1946 ж. Жамбылдың 100 жылдық торқалы тойы дүние жүзі көлемінде салтанатпен аталып өтті. Аталған салтанатты мерекеде Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген тақырыпта баяндама жасады. Сонда халық ақыны Жамбылдың ел өнерінің алтын бесігінде өскендігі, Сүйінбайдың ұстаздық мектебі, Жамбылдың ақындық айналасы, Құлманбетпен, Досмағанбетпен айтысқаны, оларды зор халықшылдық қасиетпен жеңгендігі және «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық батыр» жырларының тарихи негіздері, ақынның өмірдегі әр алуан құбылысты шапшаң айтып тастайтын, мысқыл, сын-сықақтары зерделенген.

1996 ж. Әуезовтің кіріспе сөзі «Ғылым» баспасынан шыққан Жамбыл Жабаевтың таңдамалы шығармалар жинағының алғы сөзінде берілді. «Жамбыл – қазақ халқының лирикалық, философия және шешендік сөздеріне өлшеусіз үлес қосқан ұлы ақын» дейді ғалым Әуезов[4].

С.Мұқанов та Жамбыл шығармаларын жариялау және зерттеу ісіне үлкен үлес қосты. Ол 1946 ж. жарияланған Жамбыл шығармаларының толық жинағының жалпы редакциясын басқарды, алғы сөзін жазды. Жазушының Жамбыл туралы қазақша және орысша 15-тен

астам ғылыми мақалалары республикалық газет-журналдарда басылды. Мысалы, «Ақындар», («Соц. Қазақстан», 1943, 4 желтоқсан), «Жүз жылдың жыршысы» («Әдебиет және искусство», 1946, №7), «Орта Азия халықтарының фашизмге қарсы митингісінде сөйлеген сөзі» («Соц. Қазақстан», (1943, 13 ақпан), т.б.

Орыс тілінде Мұқановтың төмендегідей мақалалары жарияланды: «Жизнь и поэтическое творчество Джамбула» (В кн.: Джамбул – полное собрание сочинений, 1946), «Акын-патриот. Воспоминания о Джамбуле» (В кн.: «Джамбул песни войны», М., 1944), т.б. Мұқанов 1956 ж. Қазақстан жазушыларының 3-съезінде баяндама жасаған, сонда Жамбылдың өмірі мен шығармасына баса көңіл бөлген. Сол сияқты Мұқановтың 1978 ж. жарияланған «Өсу жолдарымыз» деген еңбегінде Жамбылдың импровизаторлық өнеріне жоғары баға берілген[5].

Ғ.Мүсірепов те Жамбыл туралы «Алып акын атамыз» (Мүсірепов Ғ. 5 томдық шығармалар жинағы. 4-том, А., 1975), «Феномен – Феникс» («Қазақ әдебиеті», 1971, 22 қазан) деген мақалалар жазған. Екінші мақаласында Мүсірепов «Жамбылдың ақындық өнері мәңгі жарқырап жанып тұратын – феникс құс секілді» дейді. Е.Ысмайыловтың «Ақындар» (1956) деген көлемді монографиясында акын импровизатор, жырау, жыршы, әнші ақындар, ақындық орта, дәстүр мәселесі және Жамбылдың айтыстары, «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» туралы ғыл. ойлар айтылады. Сол сияқты оның «Ақын, жыршы, жыраулар» (1949), «Совет фольклорының даму жолдары» деген кітаптарында Жамбылдың ақындық, жыршылық, жыраулық өнерлері бір-бірімен байланысты зерттелінген. Жамбылтанушы С.Садырбаев – Жамбыл туралы жүздеген ғылыми мақалалардың авторы. 20 ғ-дың 50-жылдары партиялық баспасөзде жеке адамға табынушылыққа қарсы көптеген мақалалар жарияланды. Осы орайда, Қазақстандағы кейбір сыңаржақ сыншылар Жамбылдың Сталинге арнаған өлеңдерін сынап, сол арқылы ұлы ақынның беделіне көлеңке түсіріп, әдеби мұраларын жоққа шығармақшы болды. Сол тұста, яғни 1956 ж. 20 желтоқсанда «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде Садырбаевтың «Жамбыл мұраларын қастерлей білейік» деген мақаласы шықты. Онда Жамбылдың ақындық өнері Сталинді жырлаумен шектелмейтіні, ақынның айтыс өнеріне және батырлар жырын дамытуға қосқан зор үлестері атап айтылды[6].

1996 ж. «Ана тілі» баспасынан Садырбаевтың «Фольклор және Жамбыл» деген монографиясы жарыққа шықты. Автордың бұл еңбегінде Жамбыл жырлаған «Қыз Жібектің» қазақша-қырғызша нұсқалары, «Көрұғлы Сұлтан» дастанының бірнеше нұсқалары салыстырылған. Жамбылдың лирикалық өлеңдері мен философия толғаулары жан-жақты талданған. Садырбаев 1982, 1996 жылдары Жамбыл Жабаевтың академиялық толық жинақтарын шығарды, ғыл. түсініктемесін жазды, тұрақты канондық текстологиясын жасады. Ұлттық кітапхана қызметкерлерінің құрастыруымен 1986 ж. Жамбыл Жабаевтың «Библиографиялық көрсеткіші» шықты (жалпы ред. басқарған Садырбаев, көл. 20 б.т.). Садырбаев «Жамбыл адамзаттың ұлы жыршысы» деген деректі телефильмнің сценарийін жазды. «Жамбылдың жастық шағы» деген көркем фильмнің ғылыми кеңесшісі болды.

Жамбылтану ғылымына қосқан еңбегі үшін 1996 ж. Садырбаевқа Жамбыл атындағы халықаралық сыйлық 1-дәрежелі лауреаты деген құрметті атақ берілді. Н.Төреқұловтың «Жамбыл және Кенен» (1978), «Жүз жасаған бәйтерек» (1982), «Алатау асқарынан жыр асырған» (1996), т.б. ғыл. еңбектері бар. Онда Жамбыл мен Кененнің шығарм. байланысы, Жамбылдың айтыстары мен дастандары және Дина Нұрпейісова, Сейфуллин, Әуезов, М.Ғабдуллиндермен Жамбылдың кездесулері туралы естеліктер жарияланған. Белгілі ғалым М.Жолдасбеков 20 ғ-дың 70-жылдары Жамбыл туралы бірнеше мақалалар жариялады. Олар: «Жүз жыл жырлаған жүрек» («Жалын», 1976), «Жыр алыбы» («Соц. Қазақстан», 1976, 29 ақпан), т.б. Жолдасбеков «Жамбыл және оның ақындық мектебі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1993 ж. «Жүз жасаған жүрек» деген кітабы мен 1996 ж. «Асыл сөздің атасы» деген монографиясы жарияланды. Бұл аталған еңбектерде Жамбылдың ақындық мектебі, дәстүрі және өлеңдерінің көркемдік шеберлігі терең талданған. Жамбылдың шығарм. туралы бірнеше мақалалар жазған ғалымдар мен жазушылар:

Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Ә.Тәжібаев, М.Қ.Қаратаев, З.Ахметов, С.С.Қирабаев, М.Базарбаев, Н.Т.Сауранбаев, Ш.Қ.Сәтбаева, Ә.К.Нұрпейісов, С.Бегалин, Т.Жароков, Ғ.Орманов, Б.Уахатов, М.Хакімжанова, Р.Г.Сыздықова, О.Ә.Нұрмағамбетова, М.К.Хамраев, С.А.Қасқабасов, К.Сейдаханов, С.Негимов, т.б. Жамбылдың өмірі мен шығарм. туралы орыс оқымыстылары да көптеген мақалалар мен монографиялар жазған. Олар К.Л.Зелинский, К.Н.Алтайский, З.С.Кедрина, П.Н.Кузнецов, М.И.Ритман-Фетисов, М.С.Сильченко, Н.С.Смирнова, Н.С.Тихонов, Л.С.Соболев, В.Б.Шкловский, М.А.Шолохов, т.б. [7].

Түркі жұрты қашан да сөз қадірін бағалап, сөзге тоқтаған. Култегін, Әл-Фараби, Ахмет Яссауи т.б. ғұламалардан бастап Низами, Науаи, Мансури секілді даналарымыздың ойшылдығы, ақындығымен ұштасып жатты. "Түркі халқының атақ-даңқы өшпесін деп..." жырлаған Иоллықтегін мен арадан ондаған ғасыр өткен соң: "Күнді көрдік, ел болдық, асу бермес өр болдық..."-деп түркі халықтарының бірлігін жырлаған Жамбыл поэзиясы арасындағы рухани байланыс өскелең ұрпақтарды отаншылдық сезімде тәрбиелеуде мыңдаған жылдар бойы мәнін жоғалтпайтын асыл мұра. Жамбылдан қалған мол рухани қазына көнені бүгінімізбен жалғайтын көпір десек те қателеспейміз. Онда ойшылдық, рухшылдық, ерлік пен еріктілік сайрап жатыр[8].

Жамбылдың шығармашылығын, өмірін, рухани дүниесін зерделеп, онымен терең таныса отырып түйген түйін: Жамбыл қазақ-қырғыз ақындарымен айтысқан ақын ғана емес, суырып салма айтыс өнерінің шыңына жеткен ақын, соғыс даласында жапа шегіп жатқандарға ерік-жігер қосқан нағыз ұлтшыл, намысшыл, патриот. Болашақ ұрпаққа ұстаз, тәлім-тәрбиесімен жол сілтеген абыз. Асан қайғы, Сыпыпа жырау, Сүйінбай ақыннан үзік сыр болған өтпелі көпір. Батырлар жырын жырлаған жырау. Бейбітшілік пен татулықты ту еткен көсем, сөзден тұтылмаған шешен.

Жыр алыбына тек кеңестік көзқараспен қарап, кеңестік көзқараспен баға беріліп келді. Арнайы Жамбылтануға, Жамбыл оқуларына бағытталған ғылыми жобалар, зерттеулердің жаңа заманауи идеологиядан тыс бағытын жандандыруды ұсынамыз. Себебі ХХ ғасырдың басында қалыптасқан идеология мен цензура ақынның шығармашылығына әсер етпей қойған жоқ. Жамбыл тарихи кезеңде, өтпелі қиын уақытта өмір сүрген. Ол қандай заман болса да ұлт, намыс, ерлік, бейбітшілік мәселелерін көтерді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.М.Жолдасбеков, "Жамбыл және оның ақындық ортасы", кітапта: "Асыл арналар", "Жазушы" баспасы, 1986-жыл, 140-бет.
- 2." Күлтегін" жазуы,"Ежелгі дәуір әдебиеті", құрастырып, алғы сөзін жазған: Алма Қыраубаева, Алматы, "Ана тілі" баспасы, 1991-жыл, 5-6-беттер.
- 3."Тонкөк" жазуы,"Ежелгі дәуір әдебиеті", құрастырып, алғы сөзін жазған: Алма Қыраубаева,
- 4.Жамбыл Жабаев, "Өтеген батыр", екінші нұсқасы, кітапта: "Өтеген батыр", құрастырған Айзада Сейітқызы, Алматы, "Мерей" баспасы, 1994-жыл, 53-бет.
5. М.Әбілұлы Жамбыл -әлем түркілері поэзиясының алыбы. Тараз қаласы.
6. Б.Анарбай. Жамбыл Жабаев шығармашылығы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
- 7.Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Алматы:1996–240 б
- 8.Жабаев Ж. Жамбыл таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1996ж

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Замзагуль Рысбекова

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің

2 курс магистранты

aset_shara@mail.ru

Талдықорған қ., Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада Илияс Жансүгіровтің әйел ана тақырыбында жазылған поэзиялық туындылары және оның танымдық- тәрбиелік мәні қарастырылған.

Түйінді сөздер: поэзия, әйел образы, жаңа кейіпкер, әйел - ана тағдыры, таным, тәрбие.

Аннотация: В статье рассматриваются поэтические произведения Ильяса Жансугирова, написанные на тему материнства и его воспитательного значения.

Ключевые слова: поэзия, образ женщины, новый персонаж, судьба женщины как матери, знание, образование.

Annotation: The article deals with the poetic works of Ilyas Zhansugirov, written on the topic of motherhood and its educational value.

Keywords: poetry, the image of a woman, a new character, the destiny of a woman as a mother, knowledge, education.

Әдебиет қашанда адам өмірінің, адамды қоршаған орта мен қоғам тіршілігінің айнасы іспетті. Кез-келген әдеби шығармада белгілі-бір өмірдің суреттері мен ой-толғамы, адамзат қоғамы тіршілігінің материалдық немесе рухани бейнесі көрініс бермек. Заман мен қоғам өзгерген сайын әдебиет алдында тұрған міндеттер де түрленіп, ол жаңа тақырыптармен, жаңаша ой, идеялармен, көркемдік ерекшеліктерімен байып толыға түсері заңды. XX ғасыр басындағы өзгерістер әдебиеттің дамуына да осы тәрізді өзіндік өрнектер ала келді. Осынау тарихи кезеңнің сыр-сипатына лайық, оның өзіндік ерекшеліктерін айқындай алатын, өз дәуірінің үнін жеткізіп, сөзін сөйлей білетін жаңа сипатты әдебиет туды. Тарихи кезеңнің күрделі табиғаты Абай бастаған жаңа әдебиеттің қаз тұрып, тәй-тәй жүруіне, нық орнығуына, ілгері жылжуына ықпалын тигізді. Бұл дәуірде әлі де болса поэзияның ролі күшті еді. «Осы кезең әдебиетінің көрнекті өкілдері өздеріне дейінгі ғасырларда қалыптасып орныққан рухани ізденістер тәжірибесі мен жетістіктерін пайдалана отырып, идеялық-көркемдік, тағылымдық деңгейі биік шығармаларды өмірге әкелді, оларды Абай дәстүрімен сабақтастырып дамытты. Қым-қиғаш, шытырманы көп қоғамдық, әлеуметтік, саяси жағдайлар аясында дамыған XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дәуір бейнесін шынайы суреттей алғанымен де құнды.» [1,82б.] Дүние есігін өлеңмен ашып, бар өмірін өлеңмен өрнектеген қазақ жұртының ұлттық әдебиетінің негізгі жүгі әлі де болса лирика жанрының үлесінде қала берді. Соған сәйкес ақындар алдындағы азаматтық міндеттің ауқымы да бұл тұста асқар таудай еді. Барша адамзат баласының басындағы мәселелерден бастап жеке адам бойындағы мінез-құлықтың әралуан сипаттарына, күнделікті қалыптағы тіршіліктің ұсақ-түйек түйткілдеріне дейінгі мәселелердің бәрі қазақ поэзиясының көкейкесті тақырыбына, арналы арқауына айналды. Әлеумет дегеніміз - халық, қоғам, адам. Поэзияның негізгі объектісі де осы ұғымдардың төңірегінен табылмақ. Ақынды өсіретін жағдай - қоғам тіршілігі. Оның ой-пікірінің қазығы - сол тіршілік. Қоғамдық ойдың өресі мен екпіні қаншалықты күшті болса, ақын ойы биік деңгейден табылмақ.

Жаңа заман талабына сай, мазмұн мен тақырып, кейіпкер бейнесін жаңаша сомдауда қазақ әдебиетінде өткен ғасырдың соңында көптеген жазушылар реализмнің дәстүрлі әдісіне қанағаттанбай, өз қолтаңбасын айқындайтын, ерекше көркемдік әдісті танытатын өзіндік

тәсілді қолдануға ұмтылды. Осыған байланысты көркем әдебиет шығармашылығында көркемдік әдісті түрлендіру, жаңарту, зерттеу ағысы жаңдана бастады. Әсіресе адам болмысының күрделілігі мен әралуандығына ерекше назар аударылды.

Ер мен әйел арасындағы шиеленіскен тартыстар, өмір шындығы қазіргі әдебиеттегі көркем ой дамуының маңызды мәселелерінің біріне айналды. Бұл мәселе халықтардың өміріне, санасына, саяси өміріне тікелей әсер етіп, рухани қызығушылық тудыратын ең маңызды мәселе ретінде қарастырылады.

Әйелдің жаңа бейнесін жасаған қаламгерлер қатары көбейе бастады. Уақыт өткен сайын өзгеріп, жаңарып отыратын әйел бейнесі әр өнер туындысында өз орнын сақтап қалды. Ұзақ уақыт бойы әйелдің сыртқы сұлулығына сүйсініп, тандандырса, оның ішкі жан дүниесі көп назардан тыс қалды. Әдебиетте әйел қабілетін, болмысын тануға, жанын түсінуге ерекше назар аударыла бастады, ақын-жазушылар енді әйел болмысының күрделілігіне үлкен мән беріп, оны жаңа қырынан көрсетуге тырысты. Қаламгерлердің алдына қойған ендігі мақсаты - өз шығармалары арқылы - әйел әлемі қандай жаңа қырларымен көзге түседі деген сауалдарға жауап іздеу болды. Бұл мәселелер әр жазушының туындысында әр алуан деңгейде көрсетілген. Себебі қазіргі таңда әдебиет ағымындағы рухани ізденістердің терендегені соншалықты, әйелдің жүрек қылын тербеткен нәзік әлемін, сырларын әркім өз дәрежесінде түсініп, өзінше пайым жасап жүр.

Өмірі халық тарихындағы осындай өте бір күрделі кезеңдер тұсында өткен, сол дәуірдің барша қарама-қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында өмірін шындық іздеумен тауысқан, сол тауқыметі мол жылдар тез есейтіп, қаламына қайрат бітірген, қатарға қосқан Ілияс Жансүгіров - қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға. Ол қазақ поэзиясын Абай көтерген биік деңгейден түсірмей, оны тақырыптық, формалық, мазмұндық, көркемдік жағынан әлемдік поэзиямен берік қабыстырды. Ілияс поэзияға тартымды формалар әкелумен қатар, оның мазмұның тың тақырыптармен байытты, адамның ішкі сырларын, тылсым сезімдерін бейнелеуде көбірек қайрат көрсетіп, қазақ поэзиясының алдына жаңа бағыт, соны соқпақтар ашты. Жеке адам басындағы сезім шарпылыстарынан бастап, адамзат баласын толғандырған әлемдік күрделі мәселелер арасындағы сан қилы ой-толғаныстар Ілияс поэзиясынан табылатын қасиеттер.

Қазақ әдебиетіндегі әйел тақырыбы талай әңгіменің өзегіне айналып келе жатқаны белгілі. Ілияс ақын да бұдан сырт қала алған жоқ. Қазақ елінің бірнеше ғасыр бойы Ресей отарында болып келгені аян. Қазақ жері арзан шикізат, алым-салықтың мекені болды. Қазақ халқын жоқшылық, кедейшілік жайлады. Осы ауыр тауқымет алдымен әйелдерге түсті. «Сананы тұрмыс билейді» (К. Маркс). Айтса айтқандай, қазақ әйелдері осы ауыр тұрмыстың илеуінде күн кешті. Сондықтан да қазақ әдебиеті әлеуметтік тақырыптан, әйел тағдыры жайлы сөз қозғаудан аттап кете алмады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін әйел теңдігі, әйел тұрмысы қазақ әдебиетінен үлкен орын алды. І. Жансүгіров те бұл тақырыпта біраз шығармалар берді. Қазақ әйелінің тағдыры – Ілиястың ерекше құлшыныспен жазған тақырыбы. «Қазақ әйелі – қазақтың анасы, қазақтың бесігі» деп, баға бере отырып, қазақ әйелінің табиғатынан сезімтал, ойы ұшқыр екенін, жылау – мұң, ән – дауыс сияқты өмірлік күйлердің иесі қазақ әйелі екеніне тоқталады. Ол ана тақырыбын жазушы ретінде қазақ әйелінің өміріне еніп жатқан жаңалықтарды көре білген. Қазақ қыздары қатты аязда да, боранда да, соғыста да перзенттерін дүниеге әкелген, кішкентай перзенттерін бағып, қорқыныштан ада ержүрек әйелдер болды. Ендеше, ананың қадірін білген ақын қазақ әйелінің еңбекқорлығы мен жанқиярлығын, көшпелі заманнан бері өмірдің ауыртпалығы қазақ әйеліне түскендігін тамаша жазады. Әрине, ол бұрынғы қазақ әйелінің төрт құбыласы түгел болғанын айтып мақтанбайды. Бұл қазақ әйелінің мұңы емес, заман қасіреті еді.

Әйел тағдыры қоғамдық сананың дамуы мен қоғамдық құрылысқа тікелей байланысты. Қоғамдағы түрлі қатынастар, әлеуметтік өзгерістер оған тиісті деңгейде әсер етіп, оның көтерілуіне, құлдырауына, өзгеріп, жаңаруына ықпал етеді. Әдебиетте әйел қабілетін, болмысын тануға, жанын түсінуге ерекше назар аударыла бастады, ақын-жазушылар енді әйел болмысының күрделілігіне үлкен мән беріп, оны жаңа қырынан

көрсетуге тырысты. Қаламгерлердің алдына қойған ендігі мақсаты - өз шығармалары арқылы әйел әлемі қандай жаңа қырларымен көзге түседі деген сауалдарға жауап іздеу болды. Бұл мәселелер әр жазушының туындысында әр алуан деңгейде көрсетілген. Себебі қазіргі таңда әдебиет ағымындағы рухани ізденістердің тереңдегені соншалықты, әйелдің жүрек қылын тербеткен нәзік әлемін, сырларын әркім өз дәрежесінде түсініп, өзінше пайым жасап жүр.

Әйел бейнесін таңғажайып образ ретінде суреттейтін, оның сұлулығын дәріптейтін, лирикалық қаһарманның мұңы мен қайғысын жырлайтын махаббат лирикасымен оқырман

С. Торайғыров [2], М. Жұмабаев [3], С. Сейфуллин [4], І.Жансүгіров [5] және т. б. поэзиясы арқылы танысады. XX ғасырдың басында қазақ прозасы мемлекеттің идеологиясына сәйкес әйел бостандығы арқылы әлеуметтік мәселені шешуге белсенді түрде кірісе бастады.

Қай заманда, қай мемлекетте ғұлама, өркениетті болуға ұмтылса, мұндай міндетті орындаудың ең бірінші әрі басты шарты – рухани кемел, асыл, белсенді тұлғалардың келбеті. Міне, адамды жақсылыққа жетелейтін күш. Мұндай тұлғаларсыз мемлекеттің гүлденуі мүмкін емес. Ежелгі заманнан бері әйел баланы барлық дерттен қорғап, олардың бойына отбасы, туыскандық, адамгершілік сезімдерін сіңірген. Демек, қоғамның жағдайы тікелей әйелдің ұстанымына байланысты. Оның басынан сұр тұман тарамайынша, адамдық қасиеттердің ешбір көрінісі, халықтың гүлденуі туралы ойлау мүмкін емес. Ал мұндай жаңғырудың алғашқы қадамы – әйелдің жағдайын жеңілдету, оны еркін және бақытты ету.

Ілияс Жансүгіровтің балаларға ұсынылған шығармаларының тақырып аясы кең. Олар ана мен бала, оқу, білім, өнерге шақыру, жыл мезгілдері, табиғат суреті, еңбек, тіл, салт-дәстүр, бабалар мұрасы тақырыбы. Ана мен бала тақырыбына «Бөбек бөлеу», «Баласынан анасына хат» өлеңдері жазылған. Ақын бұл өлеңдерінде ананың жұмсақ алақанынан мейірім мен шуақ төгіліп, қазақ баласына тәрбие мен білім, өнеге бесікте жатқан күнінен берілетін естен шығармау керектігін айтады. Ақын балаға тәрбие мен білім қатар берілу керек деген ойын ананың әлдиімен, өлеңмен жеткізеді. Әлдиімен, әнмен өскен баланың көңілі шат, эстетикалық талғамы зор, дүние танымы кең, сергек өсетінін студенттер өз талдауларында өлеңнің тәрбиелік мәні етіп ашты. І.Жансүгіров осы қатал салт пен дәстүрді «Бөбек бөлеу» деп аталатын жырында тағы да еске салады.

Ананың уызына, бесік жырына қанбаған қазақ баласы – жарымжан. Сондықтан, әр ана сәбиін уызымен жарытып, құлағына бесік жыры арқылы жарық дүниенің мәні мен мағынасын терең сіңіруге тырысқан. Қазіргі балалардың қайырымсыз, қисық-қыңыр боп өсіп, мінезсіз, суық бауыр, ата-анасына иілмейтін безбүйректігі, бізше, сол ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, ұлтжандылыққа, өнер, білімге, күрескерлікке уағыздайтын бесік жырын естімей өскендігіне де байланысты шығар. «Бедерлі бесікте, төгілте салынған төр төсекте» «шірене жатып», төр есікке басын беріп, «отауында» анасы мен әжесінің жырын, әнін тыңдап, ертегісіне құлақ түрген бала бәрін ұқпағанмен, кішкене жүрегіне дарқан даласының бұлбұлы мен бозторғайының үнін, өзен-көлінің сарынын, сахарасының аптабын дарытпақ, қанына берілген ерлік рухтың қуатын сезіне бермек. Аналық, аталық, ұлттық махаббаттың қуатын сәби жасынан санасына сіңіреті хақ. Тал бесікке тәнтіліктің сыры осында жатыр.

Халқымызда «есік көргеннен» безу деген ұғымға, жиреніштілікке кеп тірелгендіктен, Ілияс «Қарындастарыма» атты өлеңінде оның сырын да жеткізе кестелепті.

Терең философияға жетелейтін шумақ. Арудың «сыр-сипат, өнер, білімі, бойында болғанымен», іс-әрекеті, мінез-құлқы үйлеспесе, өмірде бақытты болуы, жақсы жар жолығуы, жолыққанмен тұрмыс құрулары екіталай. Цицеронның «ақыл, білім, өнер – сұйық, мінез – оның ыдысы» деуінде терең сыр жатыр. Ыдыссыз сұйықты ұстай алмайсыз. Ендеше, бәрінің тағдырын шешетін – ыдыс. Демек, «ыдысыңыз» – мінез. Ілияс жаңа өмірде бет бұрған қарындастарына бет-әлпетіне өнер, білімнің сай болсын, әсіресе, «сиық, мінез-қылығыңа» баса көңіл бөл, осылар үйлессе, «ғашық отын» маздап жанып, өмірің нұрлы болады, «қымбат түйін бүгінгі «қарындас» – қыздарына да ауадай қажет.

Ілияс ақын арудың сыртқы сұлулығынан ішкі сұлулығын артық санаған. Мінезді бірінші орынға қойғанын жоғарыда айттық. Өйткені, мінез-мәңгі құбылыс, байымаса, арнасы кемімейді. Сыртқы бет-бейне-баянсыз, көктемгі гүлдей ғұмыры шолақ. Оны ол «Тұңғыш тоғысу» атты өлеңінде соқырға таяқ ұстатқандай етіп портреттік деңгейге жеткізе өрнектеген.

Ілияс Жансүгіровтің поэтикалық мұрасын тереңдей шолып қарағанда одан өмір мен поэзияны жалғастырып жатқан ерекше күш-құдірет пен көркемдік элементтердің тұтас бір әлемін көреміз. Ақын бәрін көреді, бәрін сезеді, бәрін жүрек әлемінен өткізеді, бәріне өз үнін қосады.

Тұлғаның рухани жаңғыру жолдарын іздестіру дүниені шығармашылық тұрғыдан танудың елеулі кезеңдерін бейнелейтін тұтас көркем бейнелер әлемін жасауға әкеледі. Әлемдік әдебиеттегі әйелдің мәдени-философиялық үлгісінің мазмұнында ортақ нәрсе – әйелдік принциптің, сүю және сүю құқығынан, ана болу құқығынан тұратын әйелдік субстанцияның көрінісі. Жазушылардың рухани-мәдени құндылықтар жүйесін жасау барысында бұл тұрғыда әйел образдары ерекше орын алады. Татьяна Ларина, Мэри, Лотта, Мадам де Ренал, Бовари ханым, Наташа Ростова, Анна Сергеевна, Қарагөз – әлемдік өнердің көрнекті жауһарлары, руханияттың ең биік көрінісі.

Қазақ әдебиетінде әйелдер тақырыбына көптеген шығармалар жазғанымен, оның жемісті қызметін Ілияс Жансүгіровтің жоғарыдағы шығармалары дәлелдейді. Ақын олардың әрқайсысын әр қырынан жаңартып, жаңа образдар арқылы жаңарта білген.

Мемлекеттің солақай саясатымен тұрмыстың тәлкегіне түскен әйелдер жүріс-тұрысында, сөз саптауында да тіптен киіну жағына келгенде де еркек атаулысымен теңескендіктерін дәлелеуге тырысты. Қаладағы жастарды жаппай далаға кешіру, әйелді қара жұмысқа салу, айдауға жіберу секілді шаралар дүниеге жарығын, жылуын сепкен әйел нәзіктігін шеттен тыс қалдырып, тұрпайы бейнеге енгізді, әйелдің әйел екенін ұмыттырған аласапыран заман көркем әдебиетке де өз көлеңкесін түсірді: шығармаларда еркек мінездес, еркек пішіндес, еркек шора киінген әйел образы паш етілді. Жазушылар қара күші жағынан еркекпен теңесуге тырысқан олардың жаңа образын сомдап, жан дүниесінің терең иірімдерін жабық қалпында қалдырды. Ерте замандардан бері қазақ туындыларының идеалы болған әйелдің ізгілік әлемі қағажу көрді.

І.Жансүгіров қазақ балалар әдебиеті гүлзарына да алғаш шыбық шанышқан. Ол алғаш: «Әйел, еркек жалпы жас! Көтеріл, көрін, көзіңді аш... Оқы, орталас, ұйымдас!...» [5,89б.] деп жастарды оқуға шақырады. Ескілікке қарсы күреске, жаңа өмірдің отауын орнатып, жасауын жасауға үндеді. Алғаш өзі оқыды, сонан соң совет мектебінде сабақ оқытты. Жас жеткіншектерге жаңа тәлім – тәрбие берді. Алғаш қанаттанған совет саналы жасы ретінде сан -алуан қызметке араласа жүріп, өзінің бойына біткен өткір құралы - өлең-жырмен де көп игілікті істерді істей берді. Балаларға арнап жазған тұңғыш өлеңдерін жас адамның өсер ұясы, бесік жырынан бастады. Бесік жыры халық жырының қалыптасқан қалауын бұзбай жаңа дән, жаңа мән салып жат етпей жағыстыра, жаныстыра жырлады. Халық жырында айтылатын ізгі тілекті жаңаға лайық мардымды жас тілекпен байытты, түрлендірді, гүлдендірді, көркейтті, кеңейтті. Бұрыннан келе жатқан бесік жыры бесік баласындай бес түлеп, Ілиястың аузынан таты кетіп, заводтан шыққандай жаңаланып жарқырап шыға берді.

І.Жансүгіров поэзиясының ерекше күші, әсерлілігі, оның әсем әуезділігі осы халық қазынасын шығармашылықпен мол пайдалана білуінде.

Екі көзі бірдей көрмейтін су қараңғы баланың жалғыз ғана тілегі бар:

А ием! Бірақ минут көзімді ашсаң,

Керексіз: күн, ай, жұлдыз, маған, аспан!

Бір көріп анам жүзін келістіріп

Көзімді болысымен қайта жапсаң. [5,56б.]

Көзіме бірер минуттай нұр беріп көріңізші, анамның дидарын бір көрейін, маған одан басқа ештеңенің қажеті жоқ. Педагог ақын мұны жазғанда жастарды ескі көзқарастан арылту, әйел-ананы мадақтай да, құрметтей де білуге тәрбиелеуді мақсат тұтқан.

Баланың ұлылық пен даналықтың, мейрімділік пен қалтқысыз сүйіспеншіліктің көзді бұлағы анаға деген мөлдір махаббаты қандай тамаша берілген. Педагог-ақын мұны жазғанда алдына жастарды ескі патриархалдық көзқарастан арылту, әйел-ананы мадақтай да, құрметтей де білуге тәрбиелеу мақсатын қойғандығы айқын аңғарылады. М.Горкийдің әйел-ана турасындағы дабылды үніне үн қоса бастағандығы сезіледі.

Ілияс «Алыс-беріс» атты мысқыл өлеңінде қазақ қыздарын саудаға салған, жылатып, қасіретке батырған қалың малдың сиқы мен оның соңғы қырсығын ащына сынға алады. Екі жарлы құда болса, бір-бірімен дорба алысар, Екі малды құда болса, бір-бірімен жорға алысар... Айтпағы, «бай байға құяды, сай сайға құяды». Теңіне жібермей, малға телінген қыздың көз жасы қайда құйыларын ойламаған қорқау ата-ананың жеткен жері әлгіндей. Кедейге барма, барсаң «байға қолыңды созға» меңзейтін керағар уағыз ғасырлар бойы қыздардың бағын байлап, ерте солдырып келді. Ілияс одан әрі сараң құдалар, екі есепші құда, екі зәкүншік құда, екі жомарт құда, екі ұры құда, екі мейірімді құда, екі құзғын, екі араққой құда бір-бірімен болашақта қалай қарым-қатынас жасайтынын байыптап береді. Құданың жақсы болуы тегіне, қанына, тәрбиесіне байланысты. Арманы-алу, көздегені-есеп, баққаны-қулық, ішкені арақ құдалардан балаларға жақсылық күту қиынның қиыны. Ілияс екі жомарт, екі мейірімді құдадан басқасына іші жібімейді, қамшының сабындай қысқа ғұмырда байлық пен есепке, зорлық пен қиянатқа есесін жіберіп, есінен адасып жүретін алдамшы бейдауа тірліктен сақтандырады. Өкшеңді басып, өсіп келе жатқан ұрпағыңды жаман қылық, әрекет, пиғылмен ауыздандырмай, адамшылық диханы болуды мұрат тұтуға үндейді. Қазақ «құда – мың жылдық, күйеу – жүз жылдық» дегенде, осы осы жасампаз жолға шөп шықпауын қалағандықтан айтқан шығар. Құда түсіп, қыз ұзатуға ұлттық әдет-ғұрыпта қалыптасқан бай дәстүр бары белгілі. Ақын алыс-берістің түрлері арқылы құдалықтың қай жолы прогрессивті екенін аңдауды оқырманның өзіне қалдырған.

Халқымыздың басынан өткен кеңестендіру тұсындағы бірқатар сынаржақты көзқарас жойылып, жаңару, жетілу кезеңі басталды. Қазіргі таңда әдебиеттану ғылымы қарыштап өсе түсіп, әдебиетіміздің алуан кезеңдегі туындылары, ондағы әйелдер бейнесі жайлы зерттеулер, жекелеген монографиялар, ғылыми еңбектер жазылуда. Әдебиет тарихын жаңа жүйе бойынша зерттеу жолға қойылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тапанова С. Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі. Монография. – Астана, 2013. – 146 б.
2. Торайғыров С. Шығармалар жинағы. 1- том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989 ж.
3. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 1- том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989 ж.
4. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 1- том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989 ж.
5. Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. 1- том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004 ж.
- Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. 1- том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004 ж.
6. Сыдықов Т. Ілияс Жансүгіров ХХІ ғасыр көзімен. Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2019ж.
7. Имангазинов М. Ілияс Жансүгіров. Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2019ж.
8. Кыяхметова Ш. Ілияс Жансүгіровтің рухани әлемі. Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2019ж.

ДЕҢГЕЙЛЕП САРАЛАП ОҚЫТУ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТИІМДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСІ

Алтынай Мұханова

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
1-курс магистранты
altynai0118@gmail.com
Атырау қ., Қазақстан*

Аңдатпа: Мақала тілдерді оқытудың әдістемесін зерттеуден туындаған. Мақалада ағылшын тілін оқытуда кездесетін қиындықтар мен мәселелердің алдын алу жолдары қарастырылған. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының мүмкіндіктері және оны қолдана отырып ағылшын тілін деңгей мен үлгерім бойынша саралап үйрету әдістемесі зерттелген.

Түйін сөздер: жаңартылған оқу бағдарламасы, ағылшын тілі, оқыту технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту.

Кіріспе

Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен білім саласындағы соңғы реформа ретінде жалпы білім беретін мектептер жаңартылған бағдарламаға көше бастады. Осы реформаны алғаш бастаған Назарбаев зияткерлік мектептері екенін атап өткен жөн. Білім саласындағы өзгерістер осы мектептен басталып, қазіргі уақытта барлық жалпы білім беретін орта мектептерде жүзеге асырылып келеді. Аталған бағдарлама бойынша мұғалімнің басты міндеті – баланың өз бетімен ізденуі мен оқуына жағдай жасау. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында білім берудің әртүрлі әдіс-тәсілдері мен технологиялары қолданылады. Өзінің жеке шығармашылық қабілеті мен ұстанымдарына байланысты мұғалім білім берудің түрлі технологиялары мен тәсілдерін таңдап қолданады және өз бетінше жаңа технологиялар ойлап табуға да құзіретті.

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда білім берудің жетекші бағыттарының бірі саралап оқыту болып табылады. Деңгей бойынша саралап оқыту әр оқушының қабілеті мен ынтасына, үлгеріміне қарай оқытудың тиімді тәсілдерін қарастырады. Бұл технологияның тағы бір артықшылығы – жеке де, топқа бөліп те оқытуға ыңғайлы. Оқушылар берілген материалды таңдай алады және бір деңгейден екіншісіне өтіп отыру арқылы ынталанып оқиды.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы мектептегі алдыңғы қатарлы тенденциялардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл технологияның тағы бір артықшылығы – оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасай алуы. Осы кезде мұғалімнің жұмыс жүйесі төмендегі қадамдарды қамтиды:

- * Оқушылардың білім алудағы олқылықтарын жою;
- * Үлгермеушілік себептерін жою;
- * Оқуға деген қызығушылық пен ынтаны қалыптастыру;
- * Оқу тапсырмалары мен оқушы іс-әрекетін бағалауды саралау (қиындық дәрежесі бойынша)

Сыныпшылық саралау кезеңінде сыныпты шартты бөлеміз:

- * ақыл-ой дамуының деңгейі (жетістіктер деңгейі) бойынша;
- * тұлғалық-психологиялық типтер бойынша (ойлау түрі, мінез акцентуациясы, темперамент және т.б.) [1, 112 б.]

Біздің деңгейлік саралау технологиясын қолдануымыздың негізгі мақсаты – әрқайсысын оның мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту. Бұл әр оқушыға өз

кабілеттері бойынша максималды білім алуға және жеке әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл технология оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Сараланған оқыту мұғалімдерден оқушылардың жеке қабілеттері мен оқу мүмкіндіктерін (зейіннің, ойлаудың, есте сақтаудың және т.б. даму деңгейі) зерделеуді, олардың белгілі бір пән бойынша білімі мен іскерлігінің деңгейін диагностикалауды талап етеді, бұл түзету әсеріне қол жеткізу мақсатында одан әрі дараландыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін және бірыңғай тапсырмаларды қолдана отырып, әр мұғалім:

1. оқушылардың дербестік дәрежесі;
2. оқушыларға көмек көрсету сипаты;
3. оқу іс-әрекеттерінің нысаны бойынша бөледі.

Саралау әдістерін бір-бірімен біріктіруге де болады, оқушыларға тапсырмаларды таңдатуға да болады.

Саралап білім берудің негізгі әдістемелік шарттарына:

- Оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін есепке алу;
- Саралау тапсырмаларын жүйелеу;
- Оқу әрекетін жеке және топтық ұйымдастыру;
- Мұғалімнің кәсіби деңгейде саралап оқытудың әдістемесін меңгеруі.

Деңгейлеп саралап оқытудың аспектілері:

- Мұғалім үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөле алады және жақсы оқитын оқушыға бағыт бере алады;
- Оқуға деген уәждеме артады.

Деңгейлеп саралап оқыту барысында сыныптағы оқушылар үш топқа бөлінеді:

I топ – білім деңгейі жоғары оқушылар;

II топ – білім деңгейі жеткілікті оқушылар;

III топ – білім деңгейі орташа оқушылар.

Оқу материалын тек оқушылардың деңгейіне қарап емес, сонымен бірге сабақтың шығармашылығы, күрделілігі мен көлемі бойынша да бөлуге болады[2, 78 б.].

1. Шығармашылық деңгейі бойынша оқу тапсырмаларын саралау.

Бұл әдіс репродуктивті немесе өнімді (шығармашылық) болуы мүмкін оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сипатындағы айырмашылықтарды қамтиды.

Репродуктивті тапсырма ретінде жақсы зерттелген тақырыптардың сұрақтарына жауап беруді алуға болады. Сонымен қатар оқушылардан білімді көбейту және оларды әдеттегі жағдайда қолдану, үлгі бойынша жұмыс жасау, жаттығуларды орындау қажет.

Өнімді (продуктивті) тапсырмаларға стандарттыдан өзгеше жаттығулар жатады. Оқушылар білімді өзгерген немесе жаңа, бейтаныс жағдайда қолданып, күрделі ойлау әрекеттерін жасайды. Өнімді тапсырмалармен жұмыс жасау барысында оқушылар шығармашылық қызмет тәжірибесін алады. Саралап оқыту әртүрлі жолмен ұйымдастырылады. Көбінесе оқу деңгейі төмен оқушыларға (1-топ) репродуктивті тапсырмалар, ал орта (2-топ) және жоғары (3-топ) оқу деңгейі бар оқушыларға шығармашылық тапсырмалар ұсынылады. Біз Назарбаев Зияткерлік мектебінде саралап оқыту технологиясын ағылшын тілін тиімді оқытуда пайдаланамыз.

1-мысал. Мәтіндерді оқу

<i>1-топқа арналған тапсырма /күрделіліктің төмен деңгейі/.</i>	<i>2-топқа арналған тапсырмалар /күрделіліктің орташа деңгейі/.</i>	<i>3-топқа арналған тапсырмалар /күрделі деңгей/.</i>
Оқыған мәтінге мағынасы қарама-қарсы болатын сөйлемдерді табыңыз.	Мәтіннің мағынасын толық аша отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.	Оқыған мәтінге байланысты өз ойыңызды білдіріңіз.

2. Күрделілік деңгейі бойынша оқу тапсырмаларын саралау.

Саралаудың бұл әдісі сабаққа жақсы дайындалған оқушылар үшін тапсырмаларды қиындатуға бағытталады:

* материалдың күрделенуі (зерттелетін материалдың көлемін ұлғайту, тапсырмалар пункттерінің санын көбейту, терең зерттеу).

* негізгі тапсырмаға қосымша салыстыру операциясын орындау

* тікелей емес, кері тапсырманы пайдалану[3, 42 б.].

2-мысал. Грамматика

<i>1-топқа арналған тапсырма/күрделіліктің төмен деңгейі/.</i>	<i>2-топқа арналған тапсырмалар /күрделіліктің орташа деңгейі/.</i>	<i>3-топқа арналған тапсырмалар /күрделі деңгей/.</i>
Сөйлемдерді аударыңыз. Герундийді қолдана отырып, сөйлемдерді өзгертіңіз.	Герундийді қолдана отырып, сөйлемдерді өзгертіңіз. Герундийдің формасын анықтаңыз.	Герундийді қолдана отырып, сөйлемдерді өзгертіңіз. Герундийдің формасын анықтаңыз. Герундийдің қызметі бойынша топтастырыңыз.

3. Оқу материалының көлемі бойынша тапсырмаларды саралау.

Саралаудың бұл әдісі 2-ші және 3-ші топтардың оқушылары негізгі тапсырмадан басқа, онымен бірдей негізгі тапсырмаға ұқсас қосымша тапсырманы орындайды деп болжайды.

Тапсырмаларды көлем бойынша саралау қажеттілігі оқушылардың әр түрлі жұмыс қарқынына байланысты. Баяу балалар, сондай-ақ оқу деңгейі төмен балалар, әдетте, сыныпта оны тексергенге дейін өз бетінше жұмыс істеп үлгермейді, оларға бұл үшін қосымша уақыт қажет. Қалған балалар бұл уақытты барлығы үшін міндетті емес қосымша тапсырманы орындауға жұмсайды.

Әдетте, көлем бойынша саралау саралаудың басқа әдістерімен біріктіріледі. Қосымша ретінде шығармашылық немесе қиын тапсырмалар, сондай-ақ негізгі тапсырмалармен байланысты емес тапсырмалар ұсынылады, мысалы, бағдарламаның басқа бөлімдерінен. Қосымша логикалық тапсырмалар, ойын сипатындағы стандартты емес тапсырмалар болуы мүмкін. Оларды оқушыларға карталар, кроссвордтар, сауалнамалар түрінде тапсырмалар ұсыну арқылы даралауға болады. Оқушылардың әртүрлі топтары үшін оқу тапсырмаларында айырмашылықтар бар. Барлық балалар жаттығуларды орындайды, бірақ кейбіреулері мұғалімнің басшылығымен, ал басқалары өздігінен жасайды.

3-мысал. Тыңдалым

<i>1-топқа арналған тапсырма/күрделіліктің төмен деңгейі/.</i>	<i>2-топқа арналған тапсырмалар /күрделіліктің орташа деңгейі/.</i>	<i>3-топқа арналған тапсырмалар /күрделі деңгей/.</i>
Дұрыс\дұрыс емесін анықтап, summary жазыңыз.	Дұрыс\дұрыс емесін анықтап, summary жазыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.	Дұрыс\дұрыс емесін анықтаңыз. Тыңдаған мәтініңіз бойынша түсінік айтыңыз. Бас кейіпкердің әрекетіне баға беріңіз.

4. Оқушылардың дербестік дәрежесі бойынша жұмысты саралау.

Саралаудың бұл әдісімен ерекше жұмыс келесідей ұйымдастырылады. Индикативті кезеңде оқушылар тапсырмамен танысады, оның ережелерін анықтайды. Осыдан кейін кейбір балалар (көбінесе бұл 3-ші топ) тапсырманы өз бетінше орындай бастайды.

Қалғандары мұғалімнің көмегімен шешім әдісін немесе ұсынылған үлгіні талдайды, жаттығудың бір бөлігін алдын-ала орындайды. Әдетте, бұл балалардың басқа бөлігі (2-ші топ) өз бетінше жұмыс істей бастауы үшін жеткілікті[4, 25 б.]. Жұмыста қиындықтар туындаған оқушылар (әдетте бұл 1-ші топтың балалары, яғни оқу деңгейі төмен оқушылар) мұғалімнің басшылығымен барлық тапсырмаларды орындайды.

5. Оқушыларға көмек көрсету сипаты бойынша жұмысты саралау.

Бұл әдістің алдыңғыдан айырмашылығы барлық оқушылар бірден өз бетінше жұмысқа кіріседі. Бірақ тапсырманы орындауда қиындықтарға тап болған балаларға мұғалім тарапынан көмек көрсетіледі[5, 56 б.].

Ең көп таралған көмек түрлері: а) көмекші тапсырмалар, жетекші сұрақтар түріндегі көмек; б) "кеңестер" түріндегі көмек (көмекші карталар, кеңес беру карталары, тақтадағы жазбалар және т.б.).

Химия-биология бағытындағы НЗМ-де өткізілген ағылшын тілі сабағында сабақ мақсаты ретінде кем дегенде 3 тапсырманың артықшылықтары мен кемшіліктерін оқып, табу; бейнедегі 3 тапсырманың кем дегенде 2-ін тыңдап, жауап беру ұсынылды. Сабақ барысында топтық ынтымақтастық, топта өзара идея, пікір алмасу, пікірлердің әртүрлілігін құрметтеу басты ұстаным ретінде алынды.

Жеделдету қағидаты бойынша оқушыларды деңгей бойынша саралап, топқа бөлдік. Топта екі-үш адамнан топтастырылды. Жетекші топқа 5 түрлі жұмыс түрімен дәлелдеу әдісін қолдана отырып, тапсырмаларға қойылатын талаптар берілді. 3 түрлі жұмыс түрімен дәлелдеу әдісін қолдана отырып, басқа топтарға тапсырма талаптары берілді.

Саралауды ұйымдастыру кезінде оқушылардың қабілеттерін және тапсырманы орындау жылдамдығын ескере отырып, топтарға бөлу тиімді болды. Дифференциацияның жеделдету түрінің арқасында өздерінің ыңғайлы қарқыны мен қабілеттерінде бола отырып, барлық оқушылар мақсатқа қол жеткізді. Сол арқылы оқу материалын меңгерудің әртүрлі жылдамдығы бар оқушыларды қолдауға қол жеткізілді. Аргументтеу оқыту моделі мәтінді талдауға, әр жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін дәлелдермен таба отырып, басқа да қосымша мысалдар және түсініктемелер ұсыну сыни ойлауды дамытуға көмектесті. Әр оқушы мәтінді оқи алды, сыныптастарымен өз ойларымен бөлісті, алдымен оларды топта талқылап, содан кейін жалпы қорытындыға келіп, сынып алдында өз жұмыстарын ұсынды.

Қорытынды

Деңгейлеп саралап оқыту сабақ барысында мұғалімнің оқушының мүмкіндіктеріне қарай жұмыс жүргізуіне ыңғайлы болып табылады. Сондықтан сабақ барысында мұғалімнің әр оқушыға бөлетін уақыты, беретін тапсырмасы мен оны тексеруі әрқалай жүзеге асырылады. Берілген технологияның басты мақсаты әр оқушыны өз жылдамдығы бойынша дамытып, нәтижелі білім беру. Балаларға сабақ барысында оқу мақсаттарын таныстыру және соған бірге жету олардың сабақты түсінуге деген ынтымақын жоғарылатады.

Ағылшын тілі сабағында мұғалім мен оқушы арасындағы субъектілі қарым-қатынас сақталғаны жөн. Сонымен қатар оқушылардың жеке даму ерекшеліктеріне қарай оларға үшдеңгейлі тапсырмалар береміз. Осы арқылы үлгерімі жоғары оқушылар тақырыпты жылдам және тереңірек меңгерсе, орташа оқушылар өзгелерден қалып бара жатқанын сезбейді. Өз деңгейінде алға жылжиды. Осы арқылы оқу үдерісінің басты мақсаты орындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Эльконин Д.Б., Давыдов В.В. "Возрастные возможности усвоения знаний." Москва, 1966 ж.
2. Закирова З.Б. "Индивидуализация самостоятельной работы как средство умственного воспитания учащихся" (IV-VIII класс) Москва, 1973 ж.
3. Климов Е.А. "Индивидуальный стиль деятельности в зависимости от типологических свойств нервной системы." Казань, 1969 ж.

4.Лында А.С. "Методика формирования самоконтроля у учащихся в процессе учебных занятий" М, 1973 ж.

5.Уит И.Э. "Индивидуализация и дифференциация обучения" М., Педагогика, 1994 ж.

ӘОЖ 81-115

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «БАСПАНА» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Шалқар Кеңесбек

*Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сеңкібай ауылы,
Еңбек орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі
gravityeng_1@mail.ru*

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кезеңде этносаралық қайшылықтарды реттейтін факторларды іздеу барған сайын өзекті бола түсуде, тілдік сананы зерттеу, әлемнің тілдік ұлттық суреттерін әр түрлі мәдениет өкілдерінің дүниетанымдық көзқарастарының көрінісі талданылып баяндалады.

Қазіргі әлемде этносаралық қайшылықтарды реттейтін факторларды іздеу барған сайын өзекті бола түсуде, сондықтан тілдік сананы зерттеу, әлемнің тілдік ұлттық суреттерін әр түрлі мәдениет өкілдерінің дүниетанымдық көзқарастарының көрінісі ретінде қайта құру, ортақ байланыс нүктелерін, сондай-ақ белгілі бір тілдік қауымдастыққа тән этникалық ерекше белгілерді анықтау мәдениетаралық қарым-қатынас процесін оңтайландыру жолдарын табу үшін қажет.

Сұрақтарды зерттейтін әртүрлі қатысты пәндер арасында тілдің, мәдениеттің және ойлаудың өзара байланысы – лингвомәдениеттану концепциясы көзге түседі. Қазіргі тіл білімінің бұл бағыты қазақ тілі мен ағылшын тілінің «баспана» атауларының лингвомәдени концептуализациясын зерттеуге арналған зерттеулеріміздің негізін құрады. «Баспана» тұжырымдамасы аксиологиялық саланың элементі бола отырып, қарастырылып отырған екі тілдік мәдениеттің құндылықтар жүйесін қалыптастыруға қатыстындығымен анықталады. «Баспана» ұғымының семантикалық мазмұны көп өлшемді, оның интерпретациялық өрісі кең болса да, әр этноста бұл концепт ерекше мәнге ие.

Тіл теориясы үшін әртүрлі жүйедегі тілдердегі «баспана» ұғымының лингвомәдени және лексика-семантикалық аспектілерін анықтау және бекіту тұрғысынан «баспана» ұғымын зерттеу өзекті болып табылады. Мәдени әмбебап «баспананы» лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу этникалық тілдік сананың қызмет ету ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

«Үй» немесе «Баспана» ұғымы ағылшын тілінде, қазақ тілінде де отбасы мүшелерімен, әке мен ананың рөлі, кейде көршілердің маңыздылығы сияқты бірқатар индивидтермен тікелей байланысты. Кез келген халықтың, яки ұлттың болмысын, ойлау жүйесін, когнициясын таныту мақсатында мақал-мәтелдер лингвистикалық гендерологияда ерекше талқыға ие болып жүргендігі жасырын емес. Мақал-мәтел ұлттың мәдениетін зерттеуде, оны насихаттауда өте маңызды боп саналады[1].

Жалпы, мақал-мәтелдерде, я болмаса қанатты сөздерде отбасылық институттағы әке мен ананың мінездемесі, ерекшелігі суреттеледі. Салыстырмалы түрде, қос тілде ананың орны мен әкенің маңызы жайында мақалдар жетерлік. Мақал-мәтелдердегі аналарға, яғни әйелдерге қатысты мінездемені «қатыгез» және «ақылды» деп екіге бөлуге болады. Ал, ер адамдардың мінездемесін «батыл» және «арамза» деп жіктеуге негіз жетерлік. Қазақ тілінде «Үй» ұғымы «қонақжайлылықпен» байланысты. Мысалы, «Кісі кірмеген үй-моламен тең». Бұл мақалда кез келген мерекеде, тойда туған-туысқандарды шақырып, бір ақ дастарқан басында жиналып, әңгіме айтып қарым-қатынасты дамыту мақсаты жайында айтылып тұр.

Сонымен қатар, әртүрлі ұлттың тарихында әртүрлі гендерлік қабылдау бар және әр ұлттың ер мен әйел жайлы қабылдаулары, түсініктері мақал-мәтелдер арқылы көрініс табады.

Ағылшын тілімен салыстырғанда қазақ тіліндегі мақалдардың негізгі ерекшелігі-көбінесе ер адамдардың картинасын жасауында. Мақал-мәтелдердің басым көпшілігі ер адамдарды тек жағымды жағынан суреттейді: батыл, батыр, өжет, тік мінезді, ұлық. Мәселен, Тура ағаш үйге тірек, тура жігіт елге тірек. Ауыр жүкті нар көтерер, ел жүгін ер көтерер, Батыр жігіт жол бастар, ақын жігіт той бастар.

Қазақ мәдениетінде қазақ әйеліне байланысты ой-орамдар тіпті бөлек. Ендеше, қазақ мақал-мәтелдеріндегі әйел образын аша алатын бірнеше мақалдарға тоқтала кетелік: Men make houses, women make homes- Әйел үй сақтайды, Еркек тұз сақтайды; Еркек- үйдің егесі, Әйел-үйдің шегесі.

Қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі гендерлік компоненттердегі мақал-мәтелдерді сараптай келе, мынадай қорытынды жасадық: мақал-мәтелдердің басым көпшілігі әйелдерге арналған еді және кейбіреулерінде әйелді жағымсыз мағынада суреттейді.

Бағзы заманда, адамдар бақытсыз, сәтсіз істер мен құбылыстар үшін арнайы адамдарды жамандайтын болған. Көптеген деректерге сүйенсек, әйел образын әлсіздік ұғымымен байланыстырса, еркектерді физикалық тұрғыда, тіпті ойлау жүйесі бойынша салыстырмалы түрде ақылды деп санаған. Сондай-ақ, әйелдер жағымсыз мінез-құлақтары үшін көбінесе күнәлі деп танылған[2].

Ендеше, әйелдер жайлы бірнеше мақал-мәтелдерді сараптап, зерделеп көрейік. Мәселен, Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа. Ағылшынша аударатын болсақ, мынадай болады: Women have long hair, but short minds (narrow minds). Ағылшын мен орыс тілінде мына мақалдың баламасы былайша көрініс табады: Women are the devil's nets.

Зерттелінген үш тілдегі сараптамаға сәйкес, мынадай қорытынды жасауға болады: қазақ лингвистикалық көзқараста үйдегі әйел мен ер ұғымы сандық қарым-қатынаста ағылшын мен қазақ тілге қарағанда көбірек көрінеді. Мақал-мәтелдердің көп бөлігі әлеуметтік ерекшеліктерге байланысты. Сонымен бірге жиен, нағашы, ата-ана, іні, қарындас, жеңге секілді туыстық атаулар қолданылады. Бірақ қонақтарды, туысқандарды жау болып қалуы мүмкін деп ұғынған: Үй ішінен жау шықса, Тұра қашып құтылмассың.

Әртүрлі тілдердегі мақал-мәтелдерді салыстыра келе, олардың мағынасын зерттеп, баламасын таба алдық. Жоғарыда атап өткендей, мақал-мәтелдердің тақырыбына классификация жасап, барлық тілде ең көбі адам өмірі, тұрмысы жайында екендігі белгілі болды. Мәселен, Өз үйім- өлең төсегім (East or west, home is best). Бұл мақалдың баламасы барлық тілде табылады, себебі өте көп қолданылатын мақал болып саналады.

Әр адамға өзі үйі жұмақпен тең деп бұрынғылар бекер айтпаса керек. Отбасы мен үй әртүрлі затпен байланыстырып, теңеледі. Мысалы, My home is my castle-Мой дом моя крепость-Өз үйім-кең сарайдай боз үйім. Балаға, қызға, ана мен әке деп жекеленген мақал-мәтелдер бар. Мәселен, Like mother, like daughter- Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш. Бұл мақалдар ұзақ бақылау мен тәжірибесінің арқасында зерттелді, себебі ата-аналар өздерінің балалар мен қыздары жайлы аландайды. Әр адам өзінің бала-шағасын дұрыс жолда жетілгенін, өскенін қалайды: Little children, little sorrow, big children, big sorrow- Баланы жастан. Бала тәрбиесі қазір де, бұрын да өзекті мәселе болған.

Балалы үйдің ұрлығы жатпас.

Балалы үй базар, Баласыз үй қу мазар.

Бесіксіз үйде береке жоқ.

Үйің үй-ақ екен, ішінде ойнайтын баласы болса.

Сонымен қатар, отбасының келесі тақырыпшасы үйлену той, жалпы үйленуге бағытталады. Marriage comes by destiny- Екі жақсы қосылса, өлгенше дос болады, екі жаман қосылса, өлгенше қас болады.

Қонақжайлылық, мысалы:

Қонақ келсе-құт,

Қарақшы келсе-жүт.

Отты үрлей берсең, өшіресің.

Көршіні күндей берсең, көшіресің.

Бірақ ағылшынша бұл мақалдарға тең келетін мақалдар, яки баламасы жоқ.

Әлеуметтік коммуникация:

«Do in Rome as the Romans do» деген мақал әдетте басқа ұлттарға деген сыйластықты, олардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуді білдіреді. Кімнің жерін жерлесен, соның отын ота- В чужой монастырь со своим уставом не ходят. Кейбір коммуникацияға қатысты мақалдар халықтың эмоциясымен тікелей байланысты. Мәселен, бақыт, қуаныш, мұңаю және басқалары. Мысалы, He lives long that lives well- Көңілдінің үйінде күнде мейрам, күнде той- В добрый житее кудр выются. Негізінде бұлар жай ғана сөйлем болып табылады, тек халық ұзақ бойы қолданған соң мақал қатарына жатқызылып жүр[3].

Үйдің жылы-суығын,

Қыс түскенде білерсің.

Ағайынның алыс-жақынын

Іс түскенде білерсің.

Адамдар үшін әлеуметтік арақатынас маңызды рөл атқарғаннан кейін, оларға арналған мақал-мәтелдер де көп. Халықтың қабілетін, болмысын көрсете алатын махаббат, сатқындық, білім секілді ұғымдар мақалдарға арқау бола біледі. Синтактикалық нормаларға байланысты фразеологиялық бірліктер жіктеледі. Бұл жөнінде зерттеген ғалым деп И.В.Арнолдты айта аламыз.Көптеген мақалдар метафорадан тұрады, мәтелдер метафорадан тұрмайды. Мысалы, Жақсы да болса-өз үйім, Жаман да болса-өз үйім. Кең сарайдай боз үйім. Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулер мақал-мәтелдер, идиомалардың этникалық эстетикалық болмысын және контекстегі функциясын тануға үлкен мүмкіндік береді. Ғылымды әртүрлі тілде түсіне отырып, кез келген адам көңіл көкжиегін ашып, әлемді жан-жақсы зерттей алады. Жоғарыдағы үш тілді зерттей отыра, олардың тілдік құрылымында, сөздердің мағынасында ұқсастықтар көп екендігіне көз жеткізе аламыз. Қандай тілдік семьясында болмасын, сөздердің дыбысталуы әртүрлі болса да барлық тілдік өзегі бір, бастауы бір[4].

Құм үстінде ине сабақтама,

Түсіп кетсе, табылмас.

Қонар үйді бір күнде адақтама

Қоналқы ертең табылмас.

Ағылшын тілінде мақал-мәтелдердің орны ерекше, бірақ аударма жұмыстарын жасау кезінде көптеген қателіктермен ұшырасамыз. Сонымен қатар, мақалдарды бір тілден екінші тілге тасымалдаудың көптеген жолы бар, бірақ ол күрделі үрдіс болып саналады[5].

Біздің жұмысымыздың аясында қазақ және ағылшын тілдерінің өкілдерінің дүниетанымына талдау жүргізу үшін еркін және бағытталған ассоциативті эксперимент деректері қолданылды. Әртүрлі лингвомәдени өкілдері қатысты. Зерттеу 2022 жылдың ақпан-наурыз айларындағы тағылымда барысында өзім барған Стамбул университетінде, филология факультетінің базасында өтіп, сондай-ақ шет елден келген студенттер мен магистранттар, докторанттар және басқада қатысушылардың арасында жүргізілді. Респонденттердің жалпы саны 20 адамды құрады, жас санаты 18-ден 25 жасқа дейін өзгереді. Субъектілер арасындағы негізгі саралау критерийі ретінде әртүрлі лингвистикалық мәдениеттерге жататындығы көрсетілген, бұл жағдайда жыныс немесе жас ерекшеліктері екінші орынға қойылды. 20 студенттің 10-ы қазақ мәдениетінің, 10-ы Ұлыбритания азаматтары мен азаматшалары болды.

Еркін ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеу статистикалық әдістермен жүргізілді, оның көмегімен әр ынталандыр үшін ассоциациялардың жалпы санында бірдей реакциялар саны есептелді және әр реакцияның пайда болу жиілігінің көрсеткіші анықталды.

Қазақ және ағылшын мәдениетіне тән тіл қолданушылар арасындағы ассоциациялардың ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін салыстырмалы әдіс қолданылды. Салыстырылған ассоциативтік өрістерде кездесетін ассоциациялардың қарастырылған лексико-семантикалық топтарын сипаттау кезінде сипаттау әдісі қолданылды.

Әлемнің ағылшын тіліндегі көрінісіндегі «баспана» ұғымы house және home сынды екі негізгі лексемамен вербализацияланғандықтан, сұқбаткерлердің ағылшын бөлігіне екі ынталандыру сөзі берілді. Қазақ тілінде «үй» лексемасын алу құпталды да, ол сонымен қатар бұл лексема субъектілердің қазақ және түрік бөлігі үшін ынталандыру сөзі ретінде әрекет етті.

Экспериментке қатысушыларға көрсетілген ынталандыруға (стимул) үш жауап сөзін жазу ұсынылды: бір зат есім, бір сын есім және бір етістік. Жазбаша ассоциативті сауалнама жүргізудің алғы шарты жылдамдық, яғни реакция жылдамдығы болды: сыналушылардың (тәжірибеге қатысушылар) ойларына бірінші келген ассоциацияларды еш ойланбастан сауалнамалар нысандарында көрсету керек болды.

«Үй» ұғымының ассоциативті қатарын анықтауға бағытталған бұл лингвистикалық сауалнама әдісі екі түрлі этностағы «үй» концептуалды өрісінің мазмұндық жағын дәл жобалауға мүмкіндік береді.

Сонымен, home сөзі туралы ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында келесі ассоциациялар анықталды:

Nouns (зат есімдер): parent – ата-ана (31,7%), brothers – бауырлар (10,3%), window – терезе (7,8%), picture – сурет (6,9%), table – үстел (5,5%), bed – төсек (4,8%), comfort – ыңғайлылық, жайлылық (4,1%), carpet – кілем (3,4%), pillow – жастық (3,4%), dog – ит (2,7%), bungalow – жазғы үй (2,7%), curtain – перде (2,1%), TV – телевизор (2,1%), computer – компьютер (1,4%), food – тамақ (1,4%), happiness – бақыт (1,4%), garage – гараж (1,4%), support – қолдау (0,7%), childhood – балалық шақ (0,7%), goodness – жақсылық (0,7%), warm – жылу (0,7%).

1-сурет – “Home” сөзінде қатысты ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында ассоциациялар (зат есім)

Adjectives (сын есімдер): happy – бақытты (29%), әдемі – beautiful (24,8%), қамқор-саяси (10,4%), жақын – close (7,6%), тыныш – quiet (6,2%), бағалы/valuable (5,5%), small – кішкентай, үлкен емес (4,8%), ерекше-unusual (4,2%), clean – таза (3,4%), – қатал (2,7%), blue – көк (1,4%).

2-сурет – “Home” сөзінде қатысты ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында ассоциациялар (сын есім)

Verbs (етістіктер): live/reside – өмір сүру (24,1%), sleep – ұйықтау (12,4%), go – жүру (11%), relax – демалу, рақаттану (9,6%), cooking – тамақ дайындау (5,5%), return – оралу (4,1%), welcoming – қонақтарды қарсы алу (4,1%), renovate – жөндеу (3,4%), arrive – келу (3,4%), preserve – қорғау (2,7%), build – салу (2,7%), warm – жылыту, жылу жасау (2,1%), fly – ұшу (2,1%), rest – демалу (1,4%), laugh – күлу (1,4%), enjoy – ләззат алу (1,4%), comfort – жайлылық жасау (1,4%), сондай – ақ share – бөлу, үйде басқамен бірге тұру (0,7%), come – келу (0,7%), stay – қалу (0,7%), pay – кінәрат табу, біреуге күңкілдеу (0,7%).

3-сурет – “Home” сөзінде қатысты ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында ассоциациялар (етістік)

Ассоциативті эксперименттің мәліметтері бойынша, home лексемасы вербализациялаған «баспана» концептуалды өрісіне қатысты келесі сөздер (реакциялар) анықталды, бұл сөздер олардың жиілік дәрежесіне байланысты, қарастырылып отырған концептосфераның айналмалы аймағын, орталығы мен шеткері аймағын құрайды:

Ядро маңындағы аймақ мынадай лексикалық бірліктермен өрнектелген: parent – ата-ана (31,7%), brothers – бауырлар (10,3%), happy – бақытты (29%), әдемі – beautiful (24,8%), live/reside – өмір сүру (24,1%), sleep – ұйықтау (12,4%), «home» семантикалық өрісінің

орталығы келесі ассоциациялармен ұсынылған: parent – ата-ана, happy - бақытты, live/reside - өмір сүру.

Периферия келесі сөздермен ұсынылған-реакциялар: parent – ата-ана, brothers – бауырлар, window – терезе, picture - сурет, table – үстел, bed -төсек, comfort – ыңғайлылық, жайлылық, carpet – кілем, pillow – жастық, dog – ит, bungalow - жазғы үй, curtain – перде, TV – телевизор, computer - компьютер, food - тамақ, happiness – бақыт, garage-гараж, happy - бақытты, әдемі – beautiful, қамқор-caring, жақын – close, тыныш – quiet, бағалы-valuable, small - кішкентай, үлкен емес, ерекше-unusual, clean – таза, blue – көк, cooking - тамақ дайындау, return - оралу, welcoming - қонақтарды қарсы алу, renovate - жөндеу, arrive - келу, preserve - қорғау, build – соғу (үй, ғимарат), warm - жылыту, жылу жасау, fly - ұшу, rest - демалу, laugh - күлу, enjoy - ләззат алу, comfort - жайлылық жасау, сондай-ақ жақын жеке ассоциациялар share - бөлу, come - келу, stay - қалу, nagging – қайғыру, уайымдау.

Қорыта айтқанда, «Баспана» ұғымы мен адамдардың өмірі олардың баяғыдан бері келе жатқан салты мен тарихына байланысты болады. Бұл фразеологиялық бірліктердің ең универсалды ерекшелігі. Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерге сүйенсек, мақал-мәтелдер лингвомәдени тақырыптық топ бойынша жіктеледі: адамдардың тәжірибесі жайлы мақалдар, бірнәрсенің алдын алу жайлы мақалдар, адамдардың дағдысының сыни ойлауы жайлы, философиялық көзқарастар, адамдың даналығы жайлы мақалдар. Бұл зерттеу мақал-мәтелдердің бір тілден екінші тілге балама мағынада ғана тасымалданатындығын анықтады.

Қосымша

1. Сауалнама үлгісі (survey) Құрметті респондент!

Зерттеуімнің тақырыбы – «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «баспана» атауларының лингвомәдени ерекшеліктері». Осы тақырыпқа байланысты екі тіл өкілдерінен сауалнама алу мен үшін өте өзекті болып табылады. Зерттеуімде ассоциативті әдісті қолданылады, сондықтан төмендегі сұрақтарға шынайы, әрі нақты жауап берулеріңізді сұраймын.

Dear respondent!

The topic of my research is «linguistic and cultural features of the names «baspana» in Kazakh and English». It is very relevant for me to take a survey of representatives of two languages related to this topic. My research uses the associative method, so I ask you to answer the following questions truthfully and clearly.

1. Аты-жөніңіз/Full name:

2. Ұлтыңыз/Nationality:

3. Жасыңыз/Age:

4. Жынысыңыз/Gender:

5. Сіз үшін үйдің маңызы неде? What does the house mean to you? (Бір сөйлем жазыңыз/

please, write only one sentence)

6. «Баспана» ұғымына байланысты ойыңызға алғашқы болып келген сөздерді жазыңыз/

15 зат есім (Please, write down the first words that come to mind related to the concepts of «Home» and «House»/ 15 nouns for each concept)

7. «Баспана» ұғымына байланысты ойыңызға алғашқы болып келген сөздерді жазыңыз/15 сын есім (Please, write down the first words that come to mind related to the concepts of «Home» and «House»/ 15 adjectives for each concept)

8. «Баспана» ұғымына байланысты ойыңызға алғашқы болып келген сөздерді жазыңыз/ 15 етістік (Please, write down the first words that come to mind related to the concepts of «Home» and «House»/ 15 verbs for each concept)

9. Жоғарыда көрсетілген ассоциацияларды күнделікті өмірде жиі қолданасыз ба?

Do you often use the above associations in your life?

Иә/ Yes

Жок/ No

2. Сауалнама бойынша қазақ және ағылшын тілдеріндегі «баспана» атауларына байланысты тілдік бірліктер

«Home» сөзі туралы ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында келесі ассоциациялар анықталды/ ағылшын өкілдері:

Зат есім/ noun Сын есім/ adjective Етістік/ verb
parent - ата-ана, brothers - бауырлар, window - терезе, picture - сурет, table - үстел,
bed - төсек, comfort - ыңғайлылық
happy - бақытты, әдемі - beautiful, қамқор-caring, жақын - close , тыныш - quiet ,
бағалы - valuable , small - кішкентай, үлкен емес , ерекше-unusual , clean
- таза, blue – көк cooking - тамақ дайындау, return - оралу, welcoming - қонақтарды
қарсы алу, renovate - жөндеу, arrive - келу, preserve - қорғау

«House» сөзі туралы ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында келесі ассоциациялар анықталды/ ағылшын өкілдері:

Зат есім/ noun Сын есім/ adjective Етістік/ verb
building - ғимарат, structure - құрылы, payment - төлем, shingle - жабынқыш, үйдің
үстін жабатын жұқа қыш, haven - айлақ, баспана, car - машина, safety - қауіпсіздік empty -
бос, protected - қорғалатын, ornate - әдемі безендірілген, confusing - шатасқан, foreign - бөтен,
purchase - сатып алу, pay - төлеу, training - тәрбиелеу, оқыту, conceal - жасыру,
coordinate - үйлестіру, buy - сатып алу, make – соғу, work
- жұмыс істеу

3. Лингвистикалық ассоциативті экспериментке қатысқан қазақ өкілдері арасынан «баспана» сөзінен туындаған мынадай ассоциацияларды анықталды:

Зат есім Сын есім/ adjective Етістік/ verb
тамақ, дәстүр, этикет, аула, үйжай, тұрғын үй, есік, бөлме, балалық шақ, тыныштық,
жайлылық, жылу, мейірімділік, махаббат, отбасы, шатыр,
ақсақалдар бақыт, қуаныш, кең, ыңғайлы, сапалы, бірнеше қабатты, жарық, жоғары,
безендірілген,
ескі үйге кіру, жайғасу, тіл табысу, отыру, тең тізе қосу, бірге болу, қорғау, сатып
алу,
шығу, махаббат, адал болу

Жоғарыда көрсетілген мысалдардың келтіре отыра, қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Баспана» атауларына қатысты перифериялардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарды анықтадық.

Айырмашылықтар

Қазақ тіл өкілдері үй ұғымын көбінесе көшпелі өмір салтымен байланыстырса, ағылшын өкілдері отырықшылық өмірмен байланыстырады, сондықтан бақшаның әдемі болуы ағылшындарға маңызды. Сондай-ақ, қазақтың үй құрылысы ағылшынға қарағанда өзгеше, сондықтан төр, босаға ұғымдары тілдік бірлік ретінде көп кездесті.

Ұқсастықтары

Зерттеу барысында қазақ және ағылшын өкілдері де үйдің тәрбие ошағы екендігін анықтай келе, бақыт пен жайлылықтың мекені деп көрсетті. Соған байланысты қуаныш, бақыт, ыңғайлылық сөздерін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Akhmetov S.G. Dictionary of English proverbs, sayings, phraseological units and methods of transmission in Russian, Kazakh and German languages.- Almaty Mektep, 2009.-224p.

2. Modestov V. English Proverbs and Sayings with their Russian equivalents. – Moscow: Khudezhestvennaya Literatura, 2000 -412p.

3. Кузьмин С.С., Шадрин Н.Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. Спб, Лань.- 1996
4. Английские и русские пословицы и поговорки в иллюстрациях.- М.: Просвещение, 1995.
5. Баймаханов Т., Байтелиев А.А., Утешева Н.И., Тайтулеуова Н. Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках. Алма-Ата: Мектеп, 1998

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ ТАРИХЫ

Эльмира Темирова

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2-курс магистранты
Атырау қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада қазақ әскери сөздерінің зерттелу тарихына тоқталған кезде әскери сөздіктердің тарихын қарастырудың қажеттілігі, әскери сөздердің зерттелу, әскери сөздердің ғылыми зерттеулері, әскери сөздердің сөздіктерге топтастырылуы баяндалады.

Қазақ әскери сөздерінің зерттелу тарихына тоқталған кезде әскери сөздіктердің тарихын қарастырудың қажеттілігі де жоқ емес. Өйткені, әскери сөздердің зерттелуін екі бағытта жүргізді. Оның бірі – әскери сөздердің ғылыми зерттеулер нысанында зерттеуге алынуы болса, екіншіден, әскери сөздердің сөздіктерге топтастырылуы.

Қазақ әскери лексикасының қалыптасып, даму тарихы қазақ халқының ұлттық тарихының қалыптасып, даму тарихымен тікелей байланысты. Әрине, оның ғылыми тұрғыдан зерттелуі екінші мәселе. Әскери лексиканың алғашқы кезеңі – қазақ елінің түркі тайпалары құрамындағы кезеңіне сәйкес келеді. Түркі тайпалары кезеңінде елді сыртқы жаудан қорғауда қолданған қару-жарақтары бұған дәлел бола алады. Алайда бұл кезеңде халық тілінде қолданылған әскери лексика арнайы зерттеліп, сөздіктерге енгізіліп, жинақталмаған. Бір қызығы түркі тайпаларының қолданған қару-жарақтары басқа елдер тарапынан қызығушылық тудырып, назар аударған. Осы ретте еуропалық және орыс саяхатшылары пікір білдіріп отырған.

Қазақ лексикографиясының, сөздік ісінің дамуын 5 кезеңге бөліп қарастырамыз:

- 1) XII-XVI ғғ. түркі дәуіріндегі түркі халықтарының сөздік құрастыру кезеңі
- 2) XIX ғ. 2-жартысындағы отаршылдық кезеңдегі сөздік ісінің дамуы
- 3) XX ғ. басындағы алаш арыстарының сөздік жасау тәжірибесі
- 4) XX ғ. 40-ж. басталатын кеңес өкіметі тұсындағы сөздіктердің жасалу тарихы
- 5) Тәуелсіздік кезеңіндегі лексикография (сөздік) ісінің дамуы.

Міне, аталған 5 кезең ішіндегі әскери сөздіктердің жарық көруі 3-кезеңдегі алаш арыстарының сөздік жасау дәуіріне сәйкес келеді. Яғни, қазақ әскери сөздігін жасау 20-ғасырдың басында қолға алынып, алғашқы әскери сөздік 1926 жылы жарық көрді. Бірақ бұл түркі дәуірінен басталып, қазақ хандығын құрғанға дейінгі кезеңдегі қазақ даласында әскери лексика болмады дегенді білдірмейді.

Қазақ даласында алғаш сөздіктердің пайда болуы қоғамның рухани қажеттілігі мен сұрасынан туындады. Нақты айтқанда, қазақ лексикографиясының қалыптасып, даму тарихы сонау көне түркі дәуірінен бастау алады. VII ғасырдағы араб елінің түркі жұртын жаулап алуы және Ислам дінін тарату мақсаты түркі-араб тілдері арасындағы мәдени байланыстың орнауына ықпал етті. Түркілерге ислам мәдениеті, Құран тілін үйрету үшін арабтар тіл

менгертуді басты орынға қойды. Ал, тіл менгертуде сөздіктер бірден-бір құрал болатын. Осылайша дүниеге түркі тіліндегі сөздерге түсінік беретін М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі», түркі-моңғол, араб-парсы тіліндегі кейбір сөздерді салыстыра қарастыратын Замахшаридың «Мұқаддимат әл-әдаб», сондай-ақ, қыпшақ тілі грамматикасы мен сөздерінің жиынтығы іспетті Әбу Хайанның «Китаб әл-идрак ли-лисан», араб және қыпшақ тілдеріндегі сөздерге түсінік берген Жамал ад-диннің «Бұғат әл-мұштақ» сөздігі дүниеге келді. Бұлар XII-XV ғасыр мұралары болып табылады. Бұл кезеңдегі аталған сөздіктер түсіндірмелі сөздік мақсатында жазылған.

Қазақ лексикографиясының қарқынды дамыған 2-кезеңі қазақ халқының хандық алғаннан кейінгі, нақты айтқанда, хандықтың құлауы, XIX ғ. 2-жартысындағы орыстың отары бола бастаған кезеңге сай келеді. Бұл кезеңдегі сөздіктердің пайда болуы араб жұртының діни тарату мақсатында тіл үйрету, сөздік құрастыруды қолға алу секілді жоспарына ұқсайды. Айырмашылығы – XIX ғ. 2-жартысындағы орыс патшалығы қазақ халқын басқару, өзіне бағындыру, заң, жарлықтарын қазақ арасына тарату үшін орыс тілін менгертуді көздеді. Бұл кезеңде қазақ әдеби тілінің салаларының қалыптасуына, яғни, баспасөз, ғылыми стильдердің дамып, аударма, сөздік ісінің жолға қойылуына қарап, қазақ халқын рухани отарлау саясатының қарқынды жүзеге асқанын байқауға болады. XIX ғ. 2-жартысынан бастап XX ғ. басына дейінгі аз уақыт ішінде 40-тан астам орыс-қазақ тілі сөздіктері жарық көріп үлгерген. Бұл – сол дәуірдегі қоғамды басқару қажеттілігінен туындаған жағдай. Шындығына келгенде, қазақтың басқару билігі мен әскерін жаншып, құлатып, өз билігін, өз әскерін ала келген патшалық үшін қазақтың байырғы әскери лексикасын насихаттау, зерттеу аса зәру іс емес еді. Сондықтан бұл кезеңде қазақ қоғамына әскери лексика көптеп еніп жатса да, әскери лексика зерттеу ісіне көңіл бөліне қойған жоқ. Дегенмен, бірлі-жарым еңбек болса да жарыққа шықты. Қазақ сөздіктерінің тарихын зерттеген ғалым М.Малбақовтың зерттеулеріне назар аударсақ, ол сол кезеңдегі Семей жаяу әскер батальонында подпоручик болып қызмет атқарған жауынгер Н.Жетпісбаевтың 1890 жылы Қазанда жарық көрген «Начальное руководство арабского, персидского и киргизского языков с арабско-персидско-русско-киргизскими словами в конце» атты еңбегі. Бұл – әскери қызметкерлердің қажеттілігін өтеуді мақсат еткен еңбек [1].

Шындығында, бұл кезеңде қазақ тіліне әскери терминдер өте көп енді. Алайда, әскери терминдер сөздігін құрастыру ісі ұлттық тіл білімі қалыптасқан XX ғасырдың алғашқы жылдарынан басталады. Айталық, 1926 ж. алаш зиялыларының Қызылорда қаласында «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» атты сөздік баспа бетін көрген. Ол араб жазуымен басылған [2].

Аталмыш сөздіктің алғысөзінде Қазақ білім беру комиссиясы төрағасы – Ахмет Байтұрсынов пен комиссияның хатшысы Ғаббас Нұрымұлының атаулар (терминдер) туралы анықтамасы берілген: «Атаулар 1925 жылғы өктәбірден 1926 жылғы үйенге дейінгі аралықта қазақ білім кемесіесі мәжілістерінде болған тексерістер нәтижесіне қарай қабыл алынды» делінген [2].

XX ғасыр басында жарық көрген «әскерлік атаулары» да – алаш арыстарының пән сөздерін жасау барысындағы тәжірибесін қолданған еңбектерінің бірі. Ұлт танымына жақын болуын ойлап жасалған әскерлік атаулар сол кезеңдегі ойлау жүйесі мен жазу қағидаттарын басшылыққа ала отырып жасалған. Әскери атауларды қазақыландыру ісінде тілімізде бұрыннан бар атауларды мейлінше кәдеге жаратып, жаңа атау беруде ұлттық ұстанымды назарда ұстағаны байқалады [1].

Сөздікке енген әскери терминдер әліпби реті бойынша орналастырылған. Басым бөлігі қазақыландырылған. Мысалы, *авангард* – *алғы әскер*, *барабан* – *дабыл*, *конная* – *атты*, *бинт* – *орауыш*, *батарея* – *зеңбірек қосы*, *пулеметная* – *оқ шашар*, *атака* – *шабуыл*, *колотка прицельная* – *сығалау табаны*, *заграждение* – *бөгет* т.б.

Сөздіктен әскери сөз атауларын түгелге жуық аударып беруге ұмтылған алаш арыстарының еңбегін, тіл саласындағы еңбегін байқай аламыз. Әскери сөздіктің басы, негізі болып табылатын бұл сөздік кейін жарық көрген сөздіктердің жасалуына үлгі болды.

Айталық, 1931 жылы жарық көрген сөздік те осы бағытта жасалды. Мысалы, *академия – академия, брезент – бірезент, вымпел – бемпел, вольтметр – болтметр, грабус – қырадус, комутатор – көмететір, лаборатория – лабаратыр, почта – пошта*, т.б.[3].

«Атаулар сөздігі» – қазақ тіл біліміндегі латын жазуымен дайындалған алғашқы

терминдер сөздігі. Алаш арыстарының ұлттық терминқор қалыптастырудағы тарихи еңбегі. Бұл сөздікте әр түрлі ғылым салаларына қатысты термин – пән сөздерінің ана тілінде айтылу, жазылу үлгілері көрсетілген.

Көрсетілген сөздіктерден байқағанымыздай, бұл кезеңдердегі сөздіктерде кірме әскери терминдер сол қалпында алынбаған. Қазақ тілінің үндестік заңы, айтылымына сай жазылған. Орыс тіліндегі төл нұсқасына сай жазылған *штат – штат, динамит – динамит* сөздерді кездестіруге болады. Қалғаны түгелге жуық қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес «сындырылып» алынған. Бұл сол кезеңдегі алаш арыстарының ана тілі заңдылықтарын сақтап қалу, тілдік ерекшелігін сақтау ниетінен туындаған ерекшелік еді. Алайда, 1940 жылы орыс жазуының қабылдануы қазақ тілінің осы емле ережесін бұзып, орыс тілінен енген сөздерді өз түпнұсқасында жазылуына жол ашты. Ұлттық термин жасау жүйесі қолданыстан ығысты. Нәтижесінде 1941 ж. соғыс терминдерінің орысша-қазақша сөздігі жарық көрді. Бұл сөздік әскери терминдерді орыстандыруға ұмтылған сөздік болды. Біз Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы әскери термин атауларын зерттеу барысында ең алдымен, әскери сөздіктер тарихын зерделеуді жөн деп таптық. Өйткені, әскери терминдер – сөздікке жүгінуді қажет етеді. Себебі, әскери терминдер – белгілі бір салаға қатысты пассив сөз атаулары. Ізденіс нәтижесінде біз Б.Момышұлы шығармаларында қолданылған әскери сөз тұлғаларының қазақ тілінің орыс емле ережелерін қабылдағаннан кейінгі нұсқасы болып табылатынын байқадық.

Ұлы Отан соғысы 1941-1945 жылдары аралығын қамтығанын ескерсек, бұл кез – ұлттық тіл білімін негіздеген алаш арыстарының дүниеден озып, орыс жазуына сай емле ережесі түзілген дәуір еді. Алаш арыстары жасаған әдеби, ғылыми мұралардың жойылып, білім бағдарламасынан алынуы және олар ұсынған төте жазудың орыстың кирилл жазуына ауыстырылуы әскери терминдерді орыс тілінен енген түпнұсқасында қолдануға мәжбүрлеген кез болатын. Сондықтан да Ұлы Отан соғысының ардагері, ел батыры Б.Момышұлының соғыс тақырыбында жазылған шығармаларындағы әскери сөз атауларының орыстандырылған нұсқада келуі – қоғамдағы саяси-мәдени жағдай нәтижесінде орын алған шешімнің нәтижесі [4].

Ал, Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін А.Аманжолов пен А.Тасболатовтың

басшылығымен 1982 ж. жарық көрген қазақ әскери терминдерінің түсіндірме сөздігін 1941 ж. жарық көрген әскери сөздіктің үлгісінде жарық көрген еңбек деуімізге болады[5]. Әрине, азды-көпті толықтыру кездеседі. Дегенмен, көптеген әскери сөздердің ХХ ғасыр басындағы нұсқада емес, орыс емле ережесіне негізделген нұсқада жазылғанын байқай аламыз. Яғни, бұл дегеніміз қазақ тілінің үндестік заңына бағынбайтын сөз атаулары. Мысалы *командир* сөзі – ХХғ. басындағы сөздікте бірыңғай жіңішке буында (көмәндір) болып жазылса, 1941 жылғы сөздікте екі жуан, бір жіңішке, аралас буынмен келеді. Бұл ана тіліміздің үндестік заңына қайшы нұсқа.

Аталмыш сөздік 1999 ж. тағы да осы авторлардың басшылығы негізінде қайта жарияланады. Сөздіктің басылуына сол кезеңдегі Қорғаныс министрі, генерал-лейтенант С.Б.Тоқбақбаев түрткі болады. Ол өзінің 19.11.1997 ж. «Егемен Қазақстан» газетінде «Әскери әмірлер ана тілімізде айтылсын» деген мақала жариялап, әскери терминдерді қазақыландырудың қажеттігі жайында қоғамға ой тастайды. Міне, бұл жағдай әскери терминдерді өз ана тілімізде айтып, жазудың қаншалықты өзекті екенін дәлелдеп берді [6].

Бұл сөздікте саяси-әскери сипаттағы әскери сөздер, стратегиялық мақсатта әскер күшін ұйымдастыру, қаруландыру, әуе қорғанысы, әскери әуе күші және әскери теңіз флоты, жаппай қырып-жоятын қазіргі қару-жарақ түрлеріне қатысты түсінік берілген.

Қазақ елі тәуелсіздігін алған бүгінгі дәуірде 1926 жылы алаш арыстары жарыққа шығарған әскерлік сөздігі кирилл әрпіне түсіріліп, қайта басылды.

4000 (4 мың) әскери терминнен тұратын қазақ тіліндегі әскери терминдердің салалық ғылыми сөздігінің баспа бетін көруі – еліміздің қорғаныс күшіне қаншалықты маңыз беретінінің дәлелі. Аталмыш сөздікте әскери өмір саласына қатысты қосымшалар, бұйрық, жарлықтар терминдері қамтылған [7].

1931 жылы алаш арыстарының бастамасымен латын жазуында жарық көрген «Атаулар сөздігі» 2004 ж. тілші-ғалымдар Ш.Құрманбайұлы мен О.Жұбаевалардың бастамасымен кирилл жазуымен сөздіктің 2-басылымы ретінде баспадан шықты [8].

Қазақ әскери сөздіктерінің қалыптасып, даму тарихы 1 ғасырға жуық ішінде іске асса да, үш түрлі қоғамдық басқару жүйесінде жүзеге асырылды. Ең алғашқы әскери сөздіктер ұлттық тіл білімінің қалыптасу тұсы – XX ғ. басына сәйкес келді. Бұл дәуірде әскери терминдер тіліміздің заңдылығына (үндестік, айтылым заңы) сәйкес түзілген болса, XX ғ. орта тұсында еліміздің кеңес билігінің қол астына өтуіне байланысты ана тіліміз орыстандыру саясатына ұшырады. Сол себепті

XXғ.ортасынан бастап жарық көрген әскери сөздіктер орыс тілінен енген түпнұсқасында тұлғаланды. Оның дәлелін сол кезеңде дүниеге келген Б.Момышұлының әскери тақырыпта жазылған романдары мен публицистикалық туындыларындағы әскери сөздердің қолданысынан көруімізге болады. Әрине, бұл – бір ғана мысал. Десек те, әрбір туынды өз дәуірінің тілдік норма, ереже, заңдылықтарына сай жазылатынын ескерсек, ол тұтас бір дәуірдің жазуы мен, емле ережелерінің көрсеткіші екенін де ескерген жөн.

Қазақ әскери сөздіктерінің 3-і дәуірі – ел тәуелсіздігінен кейінгі кезең. Аталмыш дәуірде алдыңғы екі дәуірде жасалған тәжірибелерді ескере отырып, әскери терминдер саласын қазақыландыру жүре бастады. Кейбір әскери сөздер қазақ тіліне аударылып та берілді. Алайда, ғасырға жуық уақыт бойы орыс тілінің айтылым заңдылығы мен жазуына, емле ережелеріне негізделген тіл заңдылықтары қолданыс барысында үстем түсіп тұрғанын уақыттың өзі дәлелдеуде. Қаншама әскери сөздер тілімізге аударылып берілсе де, олар қолданысқа енуі оңай бола қоймады.

Әскери атаулар – әскери сала мамандары ғана қолданатын пассив сөздер болса да, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін елдің қарулы күштерінің тілі екенін назарда ұстағанымыз жөн. Сонда ғана оған маңыз беріп, ұлттық рухымыздың дінгегі ретінде бағалай аламыз. Шын мәнінде, ел болу елді қорғау арқылы іске асады. Ендеше, әскери сөздерді зерттеу, тану ісі қолға алынып, жас ұрпаққа насихатталуы аса өзекті, тарихи еңбек болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Малбақов М. Қазақ сөздіктері. Қазан төңкерісіне дейінгі сөздіктер хақында. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 112 б.
2. Орысша-қазақша әскерлік атаулары. Ред. басқарған – Қ.Кемеңгерұлы. – Қызылорда, 1926.
3. Атаулар сөздігі. – Қызылорда, 1931 ж.
4. Соғыс терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Құр. С.Аманжолов. – Алматы, 1942 ж.
5. Аманжолов Қ. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1982.
6. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақша әскери терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, «Білім», 1999.
7. Орысша-қазақша әскерлік атаулары / Жалпы редакциясын басқарған – Ш.Құрманбайұлы. – Астана, 1С-Сервис, 2005. – 136 б.
8. Атаулар сөздігі. Л-атын жазуынан кирилл жазуына көшіріп, баспаға дайындағандар – Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбаева. – Алматы, Сөздік-словарь. 2004 ж.

5-9 СЫНЫП ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫН ОҚИТУ ӘДІСТЕРІ

Ұлмекен Сейілханова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада педагогикалық технологияда педагогикалық процеске қатысушылардың белсенді іс-әрекетін көздеп, алады-ала белгіленген қасиеттері бар өнімді алуға мүмкіндік беретін әдістер мен процестердің жиынтығы мен бірізділігі қарастырылады

Білім берудің даму бағытында қазіргі заманның 50-ден аса педагогикалық технологиялар қолданысқа енгізілді. Өз тәжірибелерінде мұғалімдердің барлығы да қолдана алмайтынын, педагогикалық технология ұғымының мұғалімдер лексиконына енгенін, алайда оны көп аса мән-мағынасы толық ашыла бермейтінін, жаңа технологияның ғылымға енгізілген жүйе болғандықтан өзіндік логикалық, конструкциялық құрылымдарымен қатар, нормативтер мен стандарттардан сәйкестендіріледі. Оқушы мен оқушылардың біріге жұмыс істеу әдісі әрі оның арқасында білік, білім, дағды қалыптасып, оқушылардың қабілеттілігі мен дүниетанымының артуы оқыту әдістері деп аталатынын айтады. Оқытудың технологиясы оқыту процесінің алдын-ала жоспарлап, практикада оқытудың диагностикалы мақсатына ырізділік пен жүйелілікпен жету құралдары екенін айтады. Пәнді оқытудың ғылыми тұрғыдан дәлелденген әдістері мен ережелерін, тәсілдер жүйесін оқыту әдістемесі құрайды. Педагогикалық технологияда педагогикалық процеске қатысушылардың белсенді іс-әрекетін көздеп, алады-ала белгіленген қасиеттері бар өнімді алуға мүмкіндік беретін әдістер мен процестердің жиынтығы мен бірізділігі деп қарастырады. В.Беспалько педагогикалық технологияны былайша түрлі етіп сипаттайды:

- Оқытудың деңгейінің сапалы болуы;
- Оқытудың диагностикалық функциясын нығайту;
- Техникалық, дидактикалық, компьютерлік оқыту мен бақылау құралдарын құрылымды түрде пайдалану;
- Ақпаратты меңгеруге сәйкес құрылымдап, реттеп, нығыздау;
- Оқу мақсатын нақты әрі бірізділікті түрде дидактикалық, педагогикалық тұрғыдан анықтау;

Педагогикалық технологияның ерекшелігі ретінде қойылған мақсатқа жету мүмкіндіктеріне себі тиетін оқыту процесін құрастырып, іске асыр екендігін айтады. Сондай-ақ, педагогикалық технологияны үш аспекті қарастырады. Біріншіден, ғылыми аспектісі педагогикалық процесті жобалап, оқытудың әдісі мен мазмұнын жасайтындығын, процессуалды-сипаттамалы аспектіде жоспарланған оқыту нәтижесіне жету үшін мақсаттар жиынтығын, процесті, әдістер құралдары мен мазмұнын сипаттау болып табылады. Процессуалды-әрекеттік аспектіде технологиялық процесті жүзеге асыру барысында әдіснамалық, инструментальды, жеке тұлғалық педагогикалық құралдардың іске қосылуын айқындайды. Сонда, педагогикалық технологияның ғылымда оқытудың рационалды жол зерттейтіндігін әрі принциптер мен оқытудың реттеуші қызметін атқаратындығын айтады. Оқу процесінде технологияны қолданып құрылымдаудың ерекшелігі ретінде мынадай құрылымдар анықталады:

- Оқытудың циклін қайталау;
- Жоспарлау;
- Оқу процесін толық басқару, - сынды түрлерін ажыратады[1].

Педагогикалық технология оқушыларға білім-білік дағдыларын үйретуде маңызды болғандықтан, зерттеушілер ғылыми-зерттеу әдісін де жаңа технология ретінде қарастырады.

Зерттеу әдісі негізгі мәселелік оқытуға ұқсайтынын ескерсек, оқушылардың алдарында тұрған жаңа мәселелік тапсырмаларды шешудегі іс-әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Бұл әдістің негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, мәселелік тапсырмаларды орындау кезінде бар білімін пайдаланып, мәселені шешу негізінде жаңа білімді меңгеруге үйретеді. Зерттеушілік әдістегі тапсырмалар мынадай түрде келеді:

- Сыныптық зертханалық жұмыстар;
- Аналитикалық мәселені шешу;
- Белгілі бір мезімде орындалатын тапсырмалар;
- Үйде орындалатын тәжірибелік тапсырмалар;
- Жеке және топпен орындалатын тапсырмалар.

Сонымен бірге, зерттеу үдерісінің кезеңдерін қарастырсақ:

- Деректер мен құбылыстарды бақылау және зерделеу;
- Зерттеуге жататын түсініксіз құбылысты анықтап, мәселені қою;
- Болжам жасау;
- Зерттеу жоспарын құру;
- Қарастырылатын құбылыстан басқа құбылыстармен байланысын анықтаудың

жоспарын жүзеге асыру

- Зерттеу мәселесінің шешімін тұжырымдау, түсіндіру;
- Шешуін қайта тексеру;
- Алынған білімнің қолданылуының мүмкіндігі туралы тәжірибелік қорытынды

жасау [2, 143], - сынды зерттеу үдерістерінен тұрады.

«Зерттеу кезінде оқушылар өздері үшін жаңалық ашады. Бұрын тікелей байқай алмай жүрген ерекшеліктерді, қасиеттерді түсініп, меңгереді. Оқушыларда шығармашылық әрекет дами түседі. Ізденіс нәтижесінде алған білім олардың логикалық ойының дамуын тездетеді. Оқушылар ізденіс арқылы жеткен нәтижеге баға беру, оны басқа жағдаяттарда қолдану, ұқсас мысалдар келтіру әрекеттерін меңгереді. Бұл сияқты ой қорытындыларын жасау – дамудың белгісі екенін психологтар дәлелдеп отыр» [2, 143].

5-сыныпта оқушылар «Асанқайғының жерге айтқаны сыны» шығармасымен танысады. Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, Жерұйықты іздеген бабаның жер атаулары мен сыны оқушылар үшін жер-су атауларын оқуда аса маңызды.

Сарыарқа тауы, Ертіс, Түндікті өзендері, Үшқара тауы, Баянауыл, Шідерті, Өлеңті, Есіл, Нұра, Торғай өзендері, Жиделібайсын, Шыңғырлау сынды жерлерді көріп, оларға сын айтып, қазақ даласында халыққа қолайлы болар «жерұйық» жерді іздейді. Сонда автордың іздеген «Жерұйығына» сәйкестендіріп, оқушыларда «Жерұйықты іздеп», «Авторға хат жазу» арқылы Асанқайғы сынды жерге сын айтады.

Табиғаттың бала жанына жақын екендігін ескерсек, табиғат сырын түсінуге, педагогикалық тұрғыдан табиғат арқылы тәрбиелеуге қазақ әдебиеті пәніндегі жер-су атауларын оқытудың маңызы зор. «Табиғатты аялап, оның қызығын көре білген халқымыз табиғат заңдылықтары мен оның сиқырлы сырларын да жақсы білген. Халық арасындағы туған жер туралы әндер мен күйлер өнер адамдарының, өнерпаз халқымыздың туған жерін аялай біліп, ардақтай сүйетінін дәлелдейді. Қазақ композиторларының күйлері мен әндері туған жеріміздің тамаша табиғатын әсерлі суреттеп, жанымызды жадыратады» [3]. Солай, жер-су атауларын үйренуде әрі зерттеу технологиясы негізінде «Авторға хат жазу» әдісін қолдану тиімді болмақ. Қазақтың көркем де сұлу жерлерін, аталу тарихын үйренеді.

Тілдегі жер-су атаулары халықтың ерте кезден басталған ұжымдық шығармашылығының көрінісі дегендей [4, 3], жер-су атауларын білу, аталу тарихын зерделеу оқушылардың өзіндік жұмыс жасауына әсер етеді. Солай, оқушылар Асанқайғының жерге айтқан сынына сәйкес, қазақ жерінен автор іздеген жерге лайық қонысты тауып, ұсынады.

Оқушылар 6-сыныпта Доспамбет жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» шығармаларын өтеді [5, 30]. «Қоғалы көлдер, қом сулар»

шығармасында Бетегелі Сарыарқа аталып, ел мен жерді қорғауды жеткізеді. Оқушылар «Екі түрлі түсініктеме» әдісі арқылы тапсырма орындайды.

Мәтіндегі әсер еткен тұс Әсер еткен үзінді жайлы ой

Оқ қылқандай шаншылса,

Қан жусандай егілсе,

Аққан судай төгілсе,

Бетегелі Сарыарқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес! Жорық жырауы ретінде танылған Доспамбет жыраудың бұл өлеңінде ел мен жер үшін соғысып өлудің мәртебе екенін жеткізген. Сарыарқаның жазығында жаумен соғысуда батырлардың өкінбесін жеткізіп, қазақ жерін қорғаудың басты мақсат екенін ұғындырады.

Солай, оқушылар шығармадағы әсер еткен тұсты және көзқарасын жазып, ел мен жердің еліміз үшін қаншалықты маңызды екенін әрі батырлардың атамекенін қалай қорғайтынын ұғынады. Батырлық философиясына толы ақынның «Айналайын, Ақ Жайық» шығармасында екі өзеннің аты аталады. Еділ мен Жайықты мекендеген ата-бабаларымыз суды тіршілік көзі деп, өзен жанында қоныстанған. Оқушыларға зерттеушілік тапсырмалар беріледі. Оқушыларға Еділ мен Жайық, сонымен бірге өңірде орналасқан су атауларының, гидронимдердің шығу тарихы, орналасуы жайында ақпараттар жинайды.

1-кезең 2-кезең 3-кезең 4-кезең

Қазақ жеріндегі гидронимдерді қарастыру, орналасуын анықтау. Гидронимдердің қалыптасу себептерін анықтау. Гидронимдердің өзге авторларда суреттелуін Доспамбет жыраудың бейнелеуімен салыстыру. Қорытынды жасау.

Мәселен, өңіріміздегі Елек өзенін қарастырсақ. Көптеген ғалымдар «Елек» атауын әр түрлі топшылайды. Соның бірі Е.Қойшыбаев бұл атауды Түрікше «йел» тұлғасына сын есімдік –ек жұрнағын жалғау арқылы жасалған десе, А.Әбдірахманов болса: «Геродотта Лик деп аталатын осы Елек (Илек) болса керек. Сонымен, атау этимологиясы: И – ылғал, су мағынасын береді, + лек – туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ» деген пікір айтады. Тағы бір ескеретін нәрсе Ойыл, Тобыл, Қиыл, Есіл атаулары құрамындағы –ыл, -іл, -ел нұсқалары бірде –е, кейде –ы, -і түрінде кездесіп, көне түркі тілінде –юл «дымқыл су» болып өзгеріп отырғаны да түркі тілдерінің ерекшелігіне [5,74] байланысты қалыптасқанын айтады. Сондай-ақ, су, өзен мағыналарында, яғни осы сөздер тобына -ас, -аш, -ес, -ыс, -іс, -өс, -өз, -гем, -жем, -кем, -ген, -қан, -жыл (ға), -шел, -ыл, -іл, -л т.б. жұрнақтары жалғануы арқылы жасалған.

Солай, оқушылар су, өзен атаулары жөнінде зерттеулер жүргізіп, қазақ жеріндегі гидронимдер жайында ақпарат алады.

7-сыныпта оқушылар «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» шығармасын өтеді. Шығармада батыс өңіріндегі жер-су атаулары қолданыс тапқан. Brainstorming әдісі негізінде оқушыларға Қазтуған жырау жайлы, батыс өңіріндегі жер-су атаулары туралы сұрақтар қойылады. Бұл әдістің негізінде оқушылардың қандай да болсын білетін ақпараттары негізге алынады. Бұл тапсырманы жұптық жұмыс ретінде орындауға да болады. Оқушылар «Екі түрлі түсініктеме» әдісі негізінде шығармаға талдау жасайды.

Мәтіндегі әсер еткен тұс Әсер еткен үзінді жайлы ой

Еділді алса – елді алар,

Енді алмаған не қалар?

Жайықты алса – жанды алар,

Жанды алған соң, не қалар?

Ойылды алса – ойды алар,

Ойлашы, сонда не қалар? Бұл үзіндіде жырау Еділ, Жайық, Ойыл өзендерін қазақ үшін маңызды екенін аңғартады. Қазақ жерін қорғау керектігін аңғартады.

Ойыл да, Қиыл, Жем, Сағыз,

Қайран саланың жатқан аңғары-ай,

Ақ шалмалы пірлердің

Мешітке жаққан шамдары-ай!
Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім
Ауызы түкті кәпірдің

Күшті болған салдары-ай! Батыс өңіріндегі гидронимдер тарихи оқиғаларға толы. Батыста орыстармен шектесетіндіктен, жырау олардың әрекеттерінен қорқып, болжам жасағанын аңғарамыз. Жырау осы арқылы туған жерді қорғау керектігін ұқтырады.

Қазтуған жыраудың шығармаларында туған жер тақырыбы көтеріліп қана қоймай, ел мен жерді қорғауды да жеткізеді. Бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген Мәде де ұлтарактай жер үшін күрескені сияқты, Қазтуған жырауды туған жерді қорғаудың болашақ үшін маңыздылығын көрсетеді. Жырау алдағы жылдарға болжам жасап, аузы түкті кәпірлердің қазақ жерін отарлауды мақсат еткенін анық байқаған деуге болады. Аталған өзендерді, яғни жерді жаулап алудың соңы қазақты толық отарлап алу екенін аңғартады. Сонда, жерден айырылу еркіндіктен де толық айырылу екені түсінікті болады. Осынау идеяны оқушыларға түсіндіру мақсатында ғылыми-зерттеу әдісі негізінде оқу конференциясын өткізу тиімді болады.

Конференцияға қатысушы оқушылар үш топқа бөлінеді де, әр түрлі сұрақтарға жауап береді.

№ Ғалымдар Журналисттер Сарапшылар

1 Ғалымдар тобы Қазтуған жыраудың негізгі ойын анықтайды. Ғалымдар тобына тақырып аясында сұрақ қояды. Ғалымдар мен журналисттер тобын салыстыра отырып, өз пікірлерін білдіреді.

2 Шығармадағы жер-су атаулары, бейнеленуі талданады. Шығармадағы жер-су атаулары жайында сұрақтар қояды. Ғалымдар мен журналисттердің пікірлеріне сүйене отырып, болжам жасайды.

Солдай, оқушылар бірігіп жұмыс атқарып, Қазтуған шығармаларындағы жер-су атауларының қолдану мәнін талдайды.

Оқушылар 9-сыныпта Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» шығармасымен танысады. Шығарманың негізі Сырым Датұлының 1783-1797 жылдары ұйымдастырған көтерілісі және патшалық Ресейдің отарлық саясатын аңғартады. Оқушыларға С.Датұлы көтерілісінің болып өткен жерлері мен тарихи оқиғаларды сараптауда ғылыми зерттеу жүргізу аса маңызды.

Сырымның абыройы әсіресе Пугачев көтерілісі тұсында қатты көтеріледі. Малына өріс таппай қиналып отырған елді 1771 – жылы қалмақ түн көтеріле көшіп кеткелі бос жатқан Еділ-Жайық арасындағы жалпақ қонысқа жағалай қондырып, өзі артында ерген аламанмен Пугачевке қосылып кеткен еді. Содан екі жылда жортуылда күн кешіп Е.Пугачев әскерімен бірге «30 жасында орда бұзар ұрыстарға қатынасқаны» да рас. Патша генералдарының бірі сол кезде «Сырымды не тірі, не өлі күйінде қайткенде қолға түсіру керек» деп бұйрық берген болатын. Бұл кәдімгі Пугачев көтерілісін аяусыз басқан, кейіннен аты ауызға ілігіп, «генералиссимус» атанған Суворовтың өзі екен. Ол сол кездегі орыс әскерлерінің қолбасшысы граф Паниннің аодында кінәлі адамдай кішірейіп, Сырымды өлтіруге бұйрық бергенін айтады. 1755 жылғы башқұрт Батырша Әлиевтің көтерілісі кезінде қазақ даласын пана көріп келген башқұрттарды Нұралы хан орысқа ұстап беріп, қыянат қылған болатын. Бұған ерегіскен башқұрттар 1760 жылы Мамбеталы сұлтан менен оның қасындағы қазақтың 20 биін Орынбордан елшіліктен қайтқан жолда ұстап алып, қырып тастаған. Ел қатты ашынып башқұртты шаппақ болғанда Нұралы хан үндемей қалады. Оны әсіресе жастар «халықтың кегін қумады» деп қатты айыптайды [6, 18].

Оқушылар топқа бөлініп, мынадай бағыттарда зерттеу жұмысын жүргізеді.

Кезең/

тақырып 1-топ 2-топ 3-топ

Тақырып Сырым батырдың көтерілісінің себептерін анықтайды. Сырым батырдың көтерілісінің болып өткен жерлерін анықтайды. Көтерілістің ауқымы, жеңілу себептері.

1-кезең Тақырыпқа қатысты тарихи дереккөздерді саралайды. Тақырыпқа қатысты зерттеушілердің пікірлерін саралайды. Тақырып аясында жеңілу себептерін анықтайды.

2-кезең Негізгі себебі ретінде хан билігіне қарсылықтар екенін анықтайды. Көтерілістің болып өткен жері – Жем бойы екендігін келтіреді. Сырым батыр көтерілісінің жеңілуі қару-жарақты армияның жеткіліксіз болуы.

3-кезең Сырым батыр мен Нұралы хан арасындағы келіспеушіліктер. Көтеріліс Жем бойында басталып, Еділ мен Арал аумағын қамтыды. Патшалық Ресейдің қарулы, зеңбіректі жасағына қазақтың садақпен қаруланған әскерлері қарсы шықты.

4-кезең Сырым батыр көтерілісінің себептері Нұралы ханның билігінің әлсіздігі, патшалықтың отарлау саясатының тереңдеуі. Еділ, Жайық, Арал өңірлеріндегі топоним-гидронимдер: Орал, Ор, Орынбор, Жайық, Жем, Еділ т.б. Сонымен бірге, көтерілісшілер арасындағы алауыздықта әсер етті.

Қазақ жерінде болып өткен көтерілістердің ішіндегі ең ұзағы саналатын С.Датұлы көтерілісі Еділ мен Арал аумағын қамтыды. Шығармадағы қолданылған жер-су атаулары қазақ халқының, ата-бабаларымыздың жерді қандай жаугершілікпен қорғағанын ұғынамыз.

Қазақ әдебиетінде жер-су атауларын оқыту топоним, гидронимдермен таныстыру ғана емес, ата-бабаларымыздың жерді қорғағаны анық көрінеді. Осы негізден, жер-су атауларын оқыту тәрбиелік негізде жүзеге асады. Сондай-ақ, жер-су атауларын оқытуда ғылыми зерттеу әдісін қолдану оқушылардың өз бетінше жұмыс жасап, өзіндік пікірін қалыптастыруына әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманалиев М. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы: оқу құралы. Алматы: Альманах, 2016. – 122 бет
2. Жапбаров А., Рахымбек Д., Жұмабаев Ә. Мектеп пәндерін оқытудың жалпы әдістемесі: Алматы: New book, 2021. – 260 бет
3. Ибраимова Л. Этнопедагогика. Оқу құралы. Тараз, 2009. – 99 бет
4. Жер-су атауларының анықтамалығы, Алматы: «Арыс» баспасы, 2009 жыл, 254-бет
5. Т.Жанұзақ, «Жер-су атаулары»: этимологиялық анықтамалық. Алматы: Өнер, 2011. 493-бет
6. Сырым баба ізімен. По следам Сырыма. Орал, 2007. – 184 б.

ӘОЖ 821.512.122

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Наргиз Самғат

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2 курс магистранты
nargiz.samgat@mail.ru*

Аңдатпа: Қазақстан-тәуелсіздік алған отыз бір жыл тарихы ішінде, сан қилы оқиғаны бастан өткізді. Шарықтады, өсті, жетілді. Сыртқы және ішкі экономикасын тұрақтандырды. Барлық салаға жіті мән бере бастады. Оның ішінде ең маңыздысы білім саласы болды...

«Білім»-әлемде көш бастаудың бірінші сатысында. Техника мен инновациядан жаңалық ашсаңыз, сізден асқан заманауи білімдар жоқ. Қазақстан да білім саласында жанданып, өркендеп келуде. Еліміздің туын небір білімділер көкке қалықтатып келеді. Отыз бір жылдық тарихымызда білім: мектеп, колледж, университет қабырғасында беріліп келеді. Педагогтар саны артып, отандық құрметті жандар саны да көбейді.

Жаһандану дәуірінде біліммен ғана жаңалық аша аласыз, басқасы қызық емес. Әрбір дамыған мемлекет басында-қайнаған білім тұр. Әдебиет-мәдениеттің бір маңызды бөлігі. Әдебиет пәнін жалпы білім беретін мектептерде оқытудың өзіндік мәселелері бар. Аталмыш тақырыпты мақаламда кеңінен көрсететін боламын.

Түйінді сөздер:Қазақстан, әдебиет, оқушы, білім, сала.

Әдебиет пәні әлеуметтік ғылымның негізгі құралдарының бірі болып табылады. Әр жұмыстан тұжырымдамалар, ләззат ала алмайтын оқушының жаны өздігінен сәтті дамымайды. Бұл әр оқушының көркем шығарманы қызығушылықпен оқуға деген құштарлығы болған кезде білімнің басталатынын көрсетеді.

Сонымен, тәрбие жұмысының негізгі әдісі-әңгіме мен сөзге негізделген бақылау емес, дидактика заңдарын терең қолдану және жаттықтыру, яғни білімді мазмұннан қорыту арқылы дағдыларға айналдыру.

Жалпы білім беретін мектептерде сапалы сабақ үшін әр мұғалім ең алдымен оқыту теориясын (әдістемесін), сөздерді оқу мен объектілерді оқу арасындағы айырмашылықты жақсы білуі керек. Сонда сабақтың теориясы мен практикасы оған түсінікті болады. Мұғалім әдістеме, педагогика, психология сияқты ғылымдарға бірдей сүйенеді. "Дидактиканың мәні-бұл жеке тәжірибе ғана емес, бүкіл теория мен материалистік оқыту жүйесі. Мұны қазақтың ұлы ұстазы Ы. Алтынсарин атап көрсетіп кеткен болатын[1,-22 б]

Әдебиет пәні-өнер пәні. Ұлы адамдар әдебиетті "адамды зерттеу құралы" дейді, ал біз әдебиет пәнін "адамның білім беру құралы"деп айтамыз. Ол жасөспірімдерге әдебиеттануды, сөздің інжу-маржандарының құпияларын түсінуді үйретіп қана қоймайды, ең бастысы, ол өмірдегі ең қымбат, ең асыл - жақсылық пен ізгіліктің тұқымын себеді. Әрбір әдебиет сабағын адам бойындағы ең мөлдір сезімдер мен адами қасиеттер туралы әңгімелесу сабағы деп атауға болады, мысалы, жоғары армандар, әдемі сенім, сұлулыққа ұмтылу және мінсіздік. Оқушылардың рухани әлемі әдебиет пәні арқылы дамиды, олардың ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, өз еліне және адамзатқа деген құрметін арттырып тәрбиелейді.Әдебиет жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеуге үлкен үлес қосады. Бұл жақсылықты жаманнан ажырата білуге, адамгершілік сезімдер мен қасиеттерді оятуға ықпал етеді. Сондықтан әдебиетті оқытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша, әдебиетті оқытудың басты мақсаты - сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығымен, халық өсиеттерімен қоректену, кітапқа деген құштарлықты ояту, халықтың рухани байлығы әдебиетті жан-жақты меңгеру, сол арқылы адамгершілікке, тұтастыққа, даналыққа, сұлулыққа тәрбиелеу.Мектепте әдебиетті оқытудың мақсаттары мен міндеттері:

1. әдебиет ғасырлар бойы адамзат қауымдастығы құрған өнер түрі және бұл сөз өнер болған кезде өнер деген ұғымды қалыптастыру;

2. Сөз өнері-әдебиеттің нақты заңдылықтары мен ерекшеліктері туралы білім беру арқылы оның ерекшеліктерін басқа өнер түрлерінен ажыратуды үйрену;

3. әдебиеттің өзіндік сипатын даралау және саралау, ондағы дәстүрлер мен инновациялар, әдеби кезеңдер, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы туралы білімді қалыптастыру;

4.Өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты, мәдениетті оқырман дайындау. Еркін, шешен, көркем, ауызша және жазбаша жазуды үйреніңіз;

5. эстетикалық талғамды дамыта отырып, көркем шығарманы әдеби тұрғыдан сауатты талдау қабілетін дамыту;

6. туған әдебиетіміздің өзіндік ерекшелігі тұжырымдамасын, оның адам әдебиеті мен мәдениетіндегі орнын толықтыру және жетілдіру;

7. әдебиеттану, сын, оның мақсаты, мақсаты, әдебиет пен білім берудегі маңызы туралы білімді қалыптастыру;

Білім беру жағынан: эстетикалық сезімдерді оятады,адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу арқылы адамның барлық жақсы қасиеттерін береді. Туған халқының тілі, әдебиетке деген қызығушылығының әсерін туғызады. Оқытудың тиімді, жемісті сабақтары

оқытушының әдіснамасы мен дағдыларына да байланысты. Оқу процесінде келесі екі түрлі қызмет түрлері орындалады. Бірінші мәселе-мұғалімді оқыту, екінші мәселе-оқушыны оқыту. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас әр түрлі білім беру қызметтеріне, оқыту әдістеріне қатысты. Сонымен, тәсіл мұғалім мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты да өзгереді [2,-14 б]

Жалпы білім беретін орта мектептерге арналған бағдарламалар оқу пәнін белгілеудің нысаны болып табылады және жоспарланған мазмұнды жүзеге асыруға, белгілі бір білім беру процесіне білім беру мазмұнын енгізуге қызмет етеді. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін қалыптастыру процесінде бағдарламаға негізгі басымдық беріледі. Қазақ әдебиетін дербес пән ретінде оқыту 30-шы жылдары басталды, ал 1932 жылы жарияланған бағдарлама әдіснама тарихындағы әдістемелік еңбекке айналды. Қазақ әдебиеті бойынша алғашқы білім беру бағдарламасы ретінде тарихи маңызы бар бұл құжат негізінен әлеуметтік және саяси тақырыптағы шығармалардан құралған тізімдер түріндегі бағдарламалық мазмұннан алыс болды. Тек 1934 жылы ғана тарихи-әдеби жүйеге сәйкес құрылған таза әдеби бағдарлама жасалды. Алайда мұнда да көркем мәтіндерді оқытудың әдістері дұрыс көрсетілмеген [3,-30 б]

1937 жылғы желтоқсанда өткен тіл және әдебиет мұғалімдерінің республикалық кеңесінде "Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту сапасының жай-күйі, тұрақты оқулықтар мен бағдарламалар жасау мәселелері" талқыланып, нәтижесінде 1937-1938 оқу жылында Ана тілі мен Қазақ әдебиеті бағдарламасы әзірленді. Оқулықтар әзірленді және оның негізінде жазылды. 5-10 сыныптарына арналған бағдарлама мектепте әдебиетті оқытуды, 5-11 сыныптар үшін "әдеби оқуды", 5-11 сыныптар үшін "тарихи әдебиет курсы" қамтыды және екі кезеңде енгізілді. Мұнда әдебиетті оқыту әдістеріне біраз көңіл бөлініп, шығарманың көркемдік және идеологиялық мазмұнын түсінуге баса назар аударылды. Бағдарламаның әдістемелік нұсқауларының кеңеюі 1941 жылы жетілдірілген бағдарламада көрініс тапты. Бұл бағдарлама әдістемелік және білім беру жағынан алдыңғыларға қарағанда әлдеқайда жақсы екенін көрсетті [4,-41 б] Осылайша, бұл бағдарлама 1947 жылға дейін жұмыс істеді. 1947 жылы идеологиялық проблемаларды қайта құру жөніндегі үгіт-насихат шараларына байланысты қазақ әдебиетінің жаңа бағдарламасы жарық көрді, бірақ 1951 жылы оның саяси-идеологиялық деңгейін қайта қарайтын жаңа бағдарлама жасалды. 1952 жылғы бағдарлама марксистік-лениндік ғылым тұрғысынан зерттелетін өнер туындыларын қайта қараумен және іріктеп енгізумен осы туындыларды зерттеудің жұмыс түрлерін, әдістері көрсетті. 1950-1960 жылдар аралығында осы идеологиялық бағдарлардың тұрақты қалыптасуына байланысты 1954 жылы әдеби бағдарлама жаңартылып, жарияланды, оның негізгі бағыттары кейінгі бағдарламалар негізінде сақталды [5.-52 б]

Содан кейін қазақ әдебиетінің жаңартылған бағдарламасы 1967 жылы басталып, 1972 жылы мектептердің жаңа бағдарламаларға көшу қарсаңында, яғни 1972-1973 оқу жылдарында жарық көрді. Осылайша, егер біз мектепте қазақ әдебиетін оқыту үшін құрылған оқу бағдарламаларын әзірлеу мен қалыптастыру жолын қарастыратын болсақ, онда 1940-1990 жылдар аралығында уақыттың талаптары мен басым идеологиялық саясаттың ықпалына байланысты кейбір түзетулер болды деп айтуға болады, бірақ негізі қаланды, оқу жоспарлары мен оқулықтар тұрақты күйде болды. Бұл бағдарламалардың негізгі принциптері-тарихи, партиялық және концентрлік (жоғары қайталанулар). Айта кету керек, концентрлік позиция бүгінгі бағдарламалардың өзегі болып қала береді. Бүгінгі оқу жоспарлары партиялық ұстанымды айтарлықтай жоққа шығарса да, бағдарламаларды құру дәстүрлері мен тәжірибелері сақталатыны белгілі [6,-15 б]

Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытудың біршама атқарылатын мәселелері бар. Әдебиет сабақтарында негізгі жұмыстардың бірі-оқушылардың өнер туындысын қабылдауы, одан әсер алуы, өнер туындысын толық түсіну қабілеті. Яғни, мұғалім осы мақсатты іздеуі керек, оны жүзеге асырудың ең тиімді жолдарын қарастыра отырып, оны осы мақсатта қолдануы керек. Көркем оқу әдісі әдебиетті оқытуда маңызды рөл

атқарады. Бұл оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімдерін дамытуда өте тиімді болады[7,-26]

Оқушы әдебиет сабағында өнер туындысын қабылдауы керек. Бұл оңай процесс емес. Қабылдау сіз бере алатын нәрсе емес. Бұл шәкірт жанының өз қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекеттерімен жүзеге асырылатын әлем. Өнер туындысы қаншалықты жақсы болса да, мұның бәрі бос сөз, егер оқушы қабылдау үшін әрекет етпесе, автордың күйзелісінен, шалқар шабытынан өтпесе, оның көз алдында көркем суретті ұсынбаса немесе келтірмесе. Оқушыда бұл сезімді ояту мұғалімнің қолында, яғни оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерді дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдістерді қолданады. Бір сөзбен айтқанда, бұл даму, тұлғаның қалыптасуы. Әдебиет ұлттық білімнің қайнар көзі болып табылады, сондықтан көркем шығармадан оқулыққа үзінділер енгізген кезде олар келесі принциптерді басшылыққа алатынын білеміз.

- негізінде оқу дағдыларын қалыптастыру;
- өнер туындысын оқуға деген қызығушылықты, ынта-жігерді ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;
- сөйлеу өнерінің ерекшеліктерін түсінуге және тануға, оны ой көзімен зерттеуге негіз болатын білімді, дағдыларды қалыптастыру;
- ауызша сауатты сөйлей және жаза білу коммуникативті сөйлеуде тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өз ойларын дәйекті және жүйелі түрде жеткізе білу[8,-22 б]

Әдебиетті өнермен тануда, өнер туындысын өнер туындысы ретінде қабылдауда, бұл әдіс ежелден бері бірінші баспалдақ сияқты, яғни өнер туындысы оқушының жүрегіне енетін сезімдер туралы алғашқы көпір сияқты тиімді әдіс болды. Бұл әдістің негізгі әдістері-мұғалімнің мәнерлеп оқуы, шеберлердің көркем сөз оқуы, күйлерді, рифмаларды тыңдау және т. б. Мұғалімнің мәтінді оқуы, экспрессивті және түсіндірмелі, оқушыларды осы жұмыспен таныстыру, мәтінге жақын баяндау, жоспар құру, негізгі оқиғаларды баяндау, жалпылау және т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі бағыттары болып табылады. Сондай-ақ, оқушылардың оқу жұмысын ұйымдастыру түрлеріне көркем мәтінді оқу кезінде иллюстрацияларды, суреттерді қолдану (шеберлікке сәйкес сызбалар жасау), сценарийлер жасау, оқылған шығармалар туралы пікір айта білу, көркем суреттер (көркем фильмдер, пьесалар және т.б.) тиімді тәсіл ретінде жатады.

Мұғалім-бұл жұмыстың бас қызметкері, сонымен бірге жасаушы және орындаушы. Әр мұғалім оқыту әдістемесін мұқият оқып, оны сабақтың мақсатына сәйкес таңдап, шебер қолдануы керек. Бұл мұғалімнің шығармашылық ізденісін, жүйелі, қажырлы еңбегін қажет ететін өте маңызды сұрақ. Мұғалім әр әдістің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін білуі керек. Көп жағдайда мұғалімнің өзіндік, таныс әдісі бар. Мұндай мұғалімдер сабақты "дағдыға" айналған әдісті қолдана отырып, тақырыпты да, оны қай сыныпта өткізетінін де, сабақтың негізгі мақсатын да ескермей жалғастырады. Мұндай сабақтар тиімді деп айту қиын, олар оқушыларға өз дәрежесінде білім бере алмайды. Тәрбие жұмысының барлық бағыттарын шешетін бірыңғай әдіс жоқ. Сондықтан мұғалім әдістерді мұқият меңгеріп қана қоймай, оларды қандай жағдайларда және қалай қолдану керектігі туралы ойлануы керек. Мысалы, тәжірибе көрсеткендей, пайдалы деп танылған бір жағдайда тиімділігі дәлелденген әдістер кейде тиімсіз, екіншісінде пайдалы болып шығады. Неге олай, себебі неде?

Оқушылардың танымдық белсенділігін, ақыл-ой белсенділігін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды жасау қабілетінде бағдарланған оқыту ерекше маңызға ие. Оқытудың бұл түрі арқылы мұғалім оқушының алдында проблемалық жағдай жасай отырып, танымдық ізденушілік, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмаларды береді және орындай алады. Алайда, бұл проблемалық оқыту әдістерінің мүмкіндіктері шексіз емес. Барлық оқу материалдары, барлық тақырыптар проблемалық жағдайды қажет етпейді. Сондай-ақ, орташа немесе орташа белсенділігі бар сынып командасы үшін проблемалық оқыту әр уақытта жемісті болады деп айту мүмкін емес. Бұл әдістер де көп уақытты қажет етеді. Проблемалық оқытуға назар аударған пайдалы, егер тақырып тым күрделі болмаса және оқушылар тапсырмаларды өз бетінше шеше алмаса.

Түсіндірме-репродуктивті әдістің өзіндік ерекшелігі, мүмкіндігі бар. Бұл әдістің ең тиімді жағы-мұғалім барлық оқушыларды қамти отырып, білімді қысқа мерзімде жеткізеді. Ақпараттық, баяндау, түсіндірме сипаттағы оқу материалын береді. Оқушылар бұл білімді өз мүмкіндіктеріне сәйкес алады. Бірақ репродуктивті-түсіндірме әдісімен оқушының тәуелсіз ойлау арқылы жүргізетін өзіндік жұмыс түрлері әлсірейді.

Сонымен қатар, әдебиетті оқытудың тиімділігі ерекше, визуалды әдістің мүмкіндіктері де әр түрлі. Көрнекілік оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттырады. Алайда оны үнемі қолдану оқушылардың дербес дерексіз ойлауына кедергі келтіреді, көркем тілдің дамуына кесірін тигізеді. Сондықтан тиімділік идеялары мұғалімнің бір сыныпта қалай жұмыс істейтінін немесе оған белгілі барлық әдістерді бір сабаққа біріктіріп, бір ізбен жұмыс істеудің тиімсіздігін дәлелдейді[9,-3 б]

Тиімділік идеялары осы сабақтың оқу мақсаттарын, тақырыптың ерекшелігін, сабақ өтетін сыныптың жеке даралығын ескере отырып, оқыту әдістерін үйлесімді таңдау және сұрыптау қабілетін талап етеді. Белгілі, нақты жағдайға байланысты тиімді, пайдалы әдістер екінші жағдайда да тиімді болуы мүмкін. Сондықтан әдістерді тұрақты бірлікте, үйлестіруде қолданған дұрыс. Өз әдісіңізді көрнекілікпен, практикалық жұмыспен немесе зерттеу әдісін түсіндірме әдісімен біріктіруде қолдану үлкен маңызға ие болады. Кейде сіз визуалды әдіспен бірге практикалық, когнитивті іздеу әдістерін қолдана аласыз. Әдістер мен әдістердің үйлесімі оқушылардың жұмысын ғылыми, тиімді ұйымдастырудың маңызды саласы болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушылар жалықпайды, пәнге деген қызығушылық артады, белсенділік артады. Сабаққа дайындық барысында өтетін тақырыпты зерттей отырып, оқушыға мұқият білім беру үшін қандай әдістерді қолдануға болатындығы туралы ойлану керек. Ол таңдаған әдістердің тиімділігі мұғалімнің оқыту әдістерін қаншалықты жақсы меңгергеніне жетік байланысты. Егер мұғалім теориялық оқытудағы сөздік әдісінің тиімділігін ескермесе немесе оқушылар теориялық білімді өмірде қолдана алуы, оны практикалық әдістермен үйлестіруі үшін нәтиже болатынын білмесе, онда, әрине, бұл туралы айтудың қажеті жоқ, мұғалім таңдаған әдістер жүйесінің тиімділігі болуы шарт.

Білім жүйесін меңгеру-күрделі ақыл-ой жұмысының нәтижесі. Бұл ойлау тәсілдері мен формалары арқылы жүреді (тұжырымдама, пікір, ойдың қорытындылары). Ақыл - ойдың негізгі формасы - тұжырымдама. Бұл айналадағы заттардың маңызды, негізгі белгілері туралы қарапайым ой. Оқу процесінде оқушы үйренген ұғымдарды қалыптастыру тәсілі бірнеше кезеңнен өтеді. Бастапқыда бала үйренген тұжырымдаманың аумағы тар, содан кейін мазмұны тереңдей түседі. Тұжырымдаманы меңгеру сөз арқылы жүзеге асырылады. Сөз-ұғымның материалдық қабығы. Ұғым бір сөзбен де, бірнеше сөзбен де беріледі, өзекті, дерексіз немесе күрделі тек контексте анықталады. Оқушыларды жүйелі түрде оқыту олар күшті когнитивті тұжырымдаманы қалыптастырғанға дейін қиынға соғады. Мұндай жүйелер жалпы білім беретін барлық мектептерге қатысты.[10,-17 б]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2004.
3. Мемлекеттік білім стандарты. А., 1998.
4. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. А., 1997.
5. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. Ү—IX, X-XI сыныптар. А., Рауан, 1999.
6. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. 5-9, 10-11 сыныптар. Астана Рауан, 2013.
7. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., Мектеп, 1985.
8. Кәшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп. 1969.
9. Ақшолоқов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., Мектеп, 1993.
10. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан, 1997.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Б.С.Шинтаева, С.И.Байкадамова, А.Е.Есенбаева

М. Әуезов атындағы ОҚУ-інің магистр оқытушылары

akbota_0485@mail.ru

saltanat.baikadamova@auuezov.edu.kz

Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада жалпы ағылшын тілін оқытуда үйренушінің шығармашылық белсенділігін арттыру жайлы талқыланады. Ағылшын тілін оқытуда оқушының білімге, нәтижеге жетуге деген өте белсенді, дербес танымдық іс-әрекетін – шығармашылық іс-әрекет деуімізге болады және осыларға жеке түсіндірме жүргізілген. Танымдық және шығармашылық белсенділік оқушы іс-әрекетінің сапасы ретінде танылып, үздіксіз ізденіп, белсенді әрекет ететін жеке тұлғасының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Жеке тұлға ұғымының мәнін бірішама ашып, оның даму мәнін қарастырдық. Сонымен қатар ағылшын тілін оқытуда оқушылардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімнің теориялық сауаттылығы мен педагогикалық шеберлігіне байланысты. Оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқытуды ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер, мұғалім мен оқушы арасындағы жылы қарым-қатынас оқушылардың шығармашылық белсенділігінің артуына үлкен септігін тигізуі жайлы сөз етіледі. Оқушылардың тілді меңгеру барысында қандайда бір нәтижеге жетуі және мұғалім мен бала арасындағы қарым қатынастың маңыздылығы қарастырылған. Қазіргі педагогика жеке тұлғаны, оқыту мен тәрбиелеудің тек объектісі ғана емес, субъектісі ретінде зерттейді. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге сүйене отырып сараптама жасадық.

Түйін сөздер: қабілет, танымдық белсенділік, оқыту мен тәрбиелеу, жеке тұлға, дағды, ағылшын тілі.

Аннотация: В этой статье обсуждаются вопросы повышения творческой активности преподавателя английского языка в целом. В обучении английскому было проведено отдельное разъяснение, также говорится что творческая деятельность это активная, самостоятельная познавательная деятельность ученика к достижению знаний. Познавательная и творческая активность, как качество деятельности учащегося, способствует формированию личности, которая непрерывно ищет и активно действует. Мы раскрыли суть понятия личности и рассмотрели его развитие. Кроме того, познавательная активность учащихся в изучении английского языка зависит от их творческого поиска, теоретической грамотности и педагогического мастерства учителя. Разъяснение учебного материала, содержательность, эффективные методы организации обучения, отношения между учителем и учеником способствуют повышению творческой активности учащихся. Рассмотрено любые достижения учащихся при изучении языка, а также важность взаимоотношений между учителем и учеником. Современная педагогика изучает личность как субъект, а не только объект обучения и воспитания. Мы провели экспертизу, опираясь на философский, психологический, педагогический труд.

Ключевые слова: способность, познавательная активность, обучение и воспитание, личность, навыки, английский язык.

Abstract: This article discusses issues of increasing the creative activity of an English teacher in general. In teaching English, a separate explanation was carried out, it is also said that creative activity is an active, independent cognitive activity of the student to achieve knowledge. Cognitive and creative activity, as the quality of the student's activity, contributes to the formation

of a person who continuously seeks and actively acts. We revealed the essence of the concept of personality and considered its development. In addition, the cognitive activity of students in learning English depends on their creative search, theoretical literacy and teacher's pedagogical skills. Clarification of educational material, content, effective methods of organizing education, the relationship between teacher and student contribute to increasing the creative activity of students. Any achievements of students in learning the language, as well as the importance of the relationship between the teacher and the student, are considered. Modern pedagogy studies personality as a subject, not just an object of learning and upbringing. We conducted an examination, relying on philosophical, psychological, pedagogical work.

Key words: ability, cognitive activity, training and upbringing, personality, skills, English languages.

Қазіргі кезде мектепте ағылшын тілін оқытуда оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту педагогика іліміндегі көкейкесті мәселе болып отыр.

Адам баласы табиғатында қабілетті болады. Біреудің қабілеті жоғары, екінші біреудің қабілеті орташа немесе төмен болады. Қабілетіне қарай адам баласы өмірде көздеген арман-мақсатына жетеді. Дарынды адамның өз қабілетімен жасаған жұмысы халық тарапынан өте жоғары, орташа немесе төмен қабылдануы мүмкін. Яғни, адам жасаған жұмысы арқылы өзін көрсетеді.

Ағылшын тілін оқытуда дарындылық ұғымының мәні мен мазмұнын ашуда талант, данышпандық, жеке тұлға, танымдық белсенділік, шығармашылық, қабілет ұғымдарын ажырата танып-білу маңызды болып табылады. Олар – өзара тығыз байланысып жатқан, болмыстары тым күрделі де терең болып келетін ұғымдар.

Талант – қабілеттіліктің жоғары деңгейі. Ол кез-келген жұмысты шығармашылықпен шешуді талап ететін басқашалығымен, ерекшелігімен өзгешеленетін еңбектерінің бар болуымен танылады.

Данышпандық – қоғамға тарихи маңызы бар, шығармашылықпен көрінетін дарындылықтың жоғары деңгейі деуге болады. Данышпан адам өз ісінің нәтижесінде жаңа өмір тудырады.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру, ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарындылық туралы жазылған әдебиеттерді теориялық жағынан саралағанда күрделі дарынды тұлғаның дамуы да әр алуан. Дегенмен дарындылықтың әр алуан жолдары мен тәсілдері арасындағы ең нәтижелісі–дарынды тұлғаның жеке зерттеу тәжірибесі болып табылады [1].

Бір нәрсені білуге, шығармашылық іс-әрекетке ұмтылу дарынды балалардың мінездік ерекшелігі болып табылады. Олар өздерінің жеке көзқарасын айтып, жүзеге асыра алады.

Ғалымдардың пайымдауынша, зерттеулік іздену – бала дарындылығының ажырамас бөлігі.

Дарынды оқушыларды оқыту мен дамытудағы маңызды тәсіл мектептің педагогикалық үдерісіндегі оқушылар мен мұғалімдердің ынтымақтастығы.

Шығармашылық әлеует пен танымдық белсенділік дарындылықтың дамуының негізі. Дарындылықтың құрылымдық компоненттері мынадай қабілеттер жиынтығы:

- танымдық және шығармашылық мотивацияның үстем болуы;
- танымдық және шығармашылық белсенділіктің жоғары болуы;
- ой дербестігіне иелік;
- шығармашылық таным мен зерттеу жұмыстарына ұмтылыстың болуы;
- болжай білу мен алдын-ала сезу, білу мүмкіндігі;
- қызығушылықпен бастаған ісіне саналылық пен жауапкершілігі басым;
- жоғары эстетикалық өнегелік және интеллектуалдық бағасы бар және т.б.

Дарынды оқушылардың оқу пәндерінен алатын білімдерінің мазмұнына, жас ерекшеліктеріне және мектептегі білім берудің сатылары мен білім беру стандартының талаптарына сай біртіндеп күрделене отырып, шығармашылыққа баулу дарындылықтың айқындалуы мен дамуы кезеңдеріне бөлінеді.

Оқушы – өз табиғатында зерттеуші. Зерттеуші, ізденгіш, белсенділік – оқушының табиғи белсенділігі оның зерттеушілік қабілетінің маңызды бастауы және жеке дамуының маңызды шарттары болып табылады.

Танымдық және шығармашылық белсенділік оқушы іс-әрекетінің сапасы ретінде танылып, үздіксіз ізденіп, белсенді әрекет ететін жеке тұлғасының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Жеке тұлға ұғымының мәнін біршама ашып, оның даму мәнін қарастыруға көшейік:

Философиялық сөздікте: «Тұлға – белгілі бір қатынастар тұсында өмір сүретін адамның негізгі 3 қырының: биогенетикалық нышандарының, әлеуметтік қатынастар әсерінің және психоәлеуметтік қасиеттердің біртұтас бірігуінің нәтижесі» деп көрсетсе, келесі ғалым: «Жеке адам – әлеуметтік индивид ретіндегі адам, қоғам мүшесі. Ол қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде биоәлеуметтік организм», – деген анықтама берді.

Ал Ә.Х.Тұрғынбаевтың пікірінше, тұлға – іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, сана мен өзіндік сананың, дүниеге көзқарастың субъектісі [2].

Егер жеке тұлғаның дамуы мен өзгерісін психологиялық компоненттер арқылы көрсетсек (1-сурет):

1-сурет – Жеке тұлғаның дамуы мен өзгерісі

Қазіргі педагогика жеке тұлғаны, оқыту мен тәрбиелеудің тек объектісі ғана емес, субъектісі ретінде зерттейді. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге сүйене отырып, жеке тұлға туралы біз: жеке тұлға–«адам» ұғымына қарағанда кең ұғым; адам жеке тұлға болып тұмайды, қоршаған ортамен қарым-қатынаста, іс-әрекет барысында қалыптасады; жеке тұлға – ол қоғамдық қатынастың тек өнімі емес, оның субъектісі де; жеке тұлға – өзіндік ой-толғамы, көзқарасы, пікірі бар, саналы, еңбек және шығармашылық іс-әрекетке қабілетті дербес адам деп ой тұжырымдадық.

Демек, адамзаттың, прогрестің, жеке тұлғаның дамуындағы негізгі қозғаушы күш шығармашылық болып табылады.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының танымдық және шығармашылық іс-әрекетінің дұрыс қалыптастырылуында субъект бойындағы танымдық күштердің білім игеруде атқаратын қызметін дұрыс тану үлкен мәнге ие. Сондықтан қабылдау, ес, зейін, ойлау, ой қорыту әрекеттері мен танымдық және шығармашылық іс-әрекетінің ара қатынасын білу қажет. Танымдық және шығармашылық іс-әрекет оқу материалын меңгеру, қабылдаудан және оны талдаудан бастау алады.

Танымдық және шығармашылық іс-әрекет үдерісі мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

I кезең – проблемалық (кездейсоқтық) жағдайдың пайда болуымен (түсіну немесе практикалық қызмет барысында), оны талдаумен сипатталады.

II кезең – мәселені шешу жолдарын іздестіру кезеңі. Бұл ізденіс бар білімдер негізінде мәселені біртіндеп талдау барысында жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда оқып-үйреніп жатқан зерттеу объектісі туралы білімді тиісті әдебиетті оқу немесе қажетті тәжірибелік зерттеулер жүргізу арқылы толықтыруға болады.

III кезең – зерттеу жұмыстары бойынша алынған нәтижені негіздеп, дәлелдемелер жасау, қорытындылау, жаңа нәтижелерге жету.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін тиімді әдіс-тәсілдермен дамыту мен қызығушылығын ояту, пән мұғалімінің теориялық сауаттылығы мен педагогикалық шеберлігіне тікелей байланысты.

Қызығушылық жеке тұлғаның іс-әрекетіне күшті ықпал ете отырып, оның белсенділігін арттырады, дамытады.

Белгілі бір нәрсені жетілдіруді – дамыту дейміз. Дамытуды – ілгерілету, өсіру, күшейту, арттыру, ілгері(алға) қарай өзгерту деуімізге де болады.

Оқушының қызығушылығы оның педагогпен, құрбыларымен, ұжыммен бірлескен іс-әрекеттерінде, қарым-қатынастарында дамып, жетіледі. Оқушылардың оқу үдерісіндегі іс-әрекетінің мақсаттылығы танымдық қызығушылықты жемісті етеді.

Шындығына келгенде, оқушының білуге деген қызығушылығы ғана олардың белсенділігін, өздігінен ізденуге деген ынтасын демейтін ықпалды күш.

Ағылшын тілін оқыту үдерісіндегі белсенділік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен, оқу материалын түсінуімен, меңгеруімен анықталады.

Мұғалімдер мен ата-аналарға арналған көмекші құралда оқу үдерісіндегі оқушы белсенділігі сыртқы және ішкі белсенділік деп екі сипатта берілген. Оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде пайдалана білуге үйренуге оқушының істейтін сапалы әрекеті – оқушының оқудағы белсенділігі.

Жеке басқа тән, маңызды бір қасиет – белсенділік. Олсыз адамның кез-келген жұмысы нәтижелі болмайды. Оқушының белсенділігі, оқушының ой дербестігіне сүйенері хақ. Оқыту үдерісінде балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысуы керек. Себебі: оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым (еліктеушілікке, жай қайталауға, айтқанды бұлжытпай орындауға негізделген белсенділік) және күрделі (шығармашылық т.б. белсенділік) түрлері болады. Күрделі түрі оқушының жоғары саналылығы мен дербестігін керек етеді. Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: өзін-өзі тәрбиелеу, қимыл және сөйлеу, ойын және оқу т.б.

Ағылшын тілін оқытуда оқушы белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау мұғалімнің басты міндеті. Белсенділік деп адамның іс-әрекет үстіндегі жағдайын айтады. Оқушы белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл өмір бойы дамитын белсенділік. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Қарым-қатынас белсенділігі әсіресе, мектеп жасындағы балаларда айқын көріне бастайды. Сондықтан, оқыту үдерісі оқушының өз бетінше танымдық қарым-қатынасын, шығармашылық белсенділігін дамытатындай етіп ұйымдастырылуы маңызды.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытуға бағытталған педагогикалық қарым-қатынас стилі дұрыс жолға қойылған жағдайда комплексті міндеттерін шешуге мүмкіндік туады, аудиториямен қарым-қатынас жеңілдеп, әрі тиімді болады, ақпарат беру оңтайлы болып, әр оқушының белсенділігін дамытуға мүмкіндік арта түседі.

Белсенділік – дарынды баланың шығармашылық іс-әрекетіндегі маңызды элемент.

Белсенділік – тұлғаның маңызды қасиеті, дарынды оқушының белгілі бір іс-әрекетте білуге, нәтижеге жетуге жетелейтін ынта-ықыласының айрықша белгісі.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту, өздігінен білім алуына, оқыту әдістерін өмір талаптарына сәйкестендіруге, мектептегі оқыту үдерісінің оңтайлы ерекшеліктеріне, әдістеріне, сабақтың мақсатына қарай жұмыс түрлеріне, олардың психологиялық даму ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының оқу үдерісіндегі шығармашылық белсенділігі, қызығушылығы, бір нәрсені қажетсінуі, ынталануы олардың интеллектуалдық белсенділігінің деңгейін көрсетеді. Интеллектуалдық белсенділік оқушының білім қоры мен іскерліктері арқылы ізденіп, нәтижесінде шығармашылық белсенділігінің дамуына негіз болады.

Оқушының іс-қимыл сапасы, ерікті түрде оқу-танымдық мақсаттарды орындауға бағытталған әрекеті – белсенділіктің белгісі.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың оқу белсенділігі мәселелерін зерттеуде профессор Ә.Қ.Бүркіт, Ерматов Ш.Р. [5,6].

Танымдық белсенділіктің үш түрлі жағдайы тұжырымдалады: – жаңғыртушы белсенділікте оқушының материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Бұл жағдайда оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылысының болмауы айтылады;

– түсіндіруші белсенділікте оқушының оқығанын дәлелдеуге, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға ұмтылысынан байқалады. Бұл жағдайда оқушының бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылуы, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарын қарастыруы байқалады;

– шығармашылық белсенділікте оқушының мәселені шешудің жаңа жолдарын табуға деген ұмтылысынан көрінеді. Мұнда мақсатқа жетуге деген табандылығы, танымдық ынтаның тұрақтылығы байқалады.

Ағылшын тілін оқытуда оқушының белсенділігі жеке тұлғаның әрекетінде қалыптасып дамиды. Ал дербестік – белсенділікпен тығыз байланысты, оқушыларды оқыту мотивациясында маңызды болып табылатын компонент. Белсенділігі басым оқушыларда, көбіне дербестік те болады. Белсенділігі жеткіліксіз оқушылар бірте-бірте дербестігін жоғалтады.

Белсенділік білім алу үдерісін байытып, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтеді, оқушының өз күшіне деген сенімін арттырып, шығармашылығының дамуына жағдай туғызады.

Кеңестік психологтар мен дидактар да оқытудың тәжірибесі мен теориясына және оқушылардың танымдық және шығармашылық әрекетінің белсенділігіне үлкен үлестерін қосқанын атап өтуге болады.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының жаңа материалды қабылдауына негіз болатындай даярлық жұмыстарының жүргізілуі олардың танымдық және шығармашылық қызметін дұрыс, әрі нақты әрекеттер негізінде іске асыруға мүмкіндік береді. Баланың өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі, әрі жемісті болады.

Сабақтарымда көзімнің жеткені: шәкірттеріме еркін ойлауға мүмкіндік беріледі; ақыл ойы дамиды; шығармашылық белсенділігі артады; топтық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығы жан-жақты жетіледі; өз ойын жеткізеді.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігі деген ұғымды олардың танымдық белсенділігі тұрғысында дәлелдеп көруді жөн көрдік. Себебі белсенділіктің бұл түрі шығармашылық іс-әрекетке алып келетін бірден-бір түрткі боларлық мәселе екені анық, осыны дәлелдейік.

Оқушылардың таным белсенділігі дегеніміз – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеріп, оларды өмірде пайдалана білуге, үйренуге деген саналы іс-әрекеті.

Бүгінгі Қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер, компьютерлік технологияның жетістіктері мен оның мектептердің нақты өмірмен байланысының нығаюы, және т.б. факторлар ықпалымен дидактик, әдіскер педагогтардың танымдық және шығармашылық белсенділікті дамыту теориясына деген ықыласы күшейе түсіп, оқушылардың шығармашылығын дамыту, ұйымдастыру міндеттерін шешуді авторлар танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерді нысанды түрде ұйымдастыруда деп біледі.

Зерттеушілердің еңбектеріне, әдебиеттерге, ғылыми зерттеу жұмыстарына жасалған талдаулар нәтижесінде оқушылардың белсенді оқу-танымдық әрекеті ғылыми білімдерді игеруге, біліктерін ұштап, шығармашылығын дамытуға, жеке тұлғаны сан қырлы сапалық көрсеткіштерге жетелейді деп тұжырымдауға болады.

Ғалымдар танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық белсенділіктің дамуы мектеп оқушыларының білімді өз күшімен жинауға әрекет етуімен және ізденімпаздық қабілетімен тікелей байланысты деп қарастырады.

Ежелгі Рим философтарының түсіндірулері бойынша білімді игеруде оқушылардың белсенді танымдық және шығармашылық ізденімпаздығы айтарлықтай рөл атқарады.

Адамның белсенділігі, ізденімпаздығы туралы мәселелерді бірнеше ғалымдар зерттеген. Онда жеке адамның белсенділігін талдай және жүйелей келе, жеке тұлғаның мәні мен осы тұлғаның іс-әрекет ұғымына қатынасын ашуда әртүрлі көзқарастардың пайда болғаны айтылады. Ғалымның пайымдауынша, түрлі көзқарастардағы белсенділік: әлеуметтік нысанның іс-әрекеті–айрықша белсенділік; іс-әрекет ұғымымен теңестіріледі; іс-әрекеттің сапалық сипаттамасы; жеке адамның сипаты, қасиеті.

Т.И.Шамова белсенділікті, танымдық ізденіс іс-әрекетін біреудің жәрдемінсіз игеруге, қоршаған өмір шындығын өзгерту және жетілдіру мақсатында танымдық мәселелерді шешуге ұмтылысымен және бейімділігімен сипатталатын қасиет деп қарастырады. Расында да, егер танымдық ізденімпаздық білім мен әрекет тәсілдерін игеруге ұмтылушылықпен және бейімділікпен сипатталатын жеке адамның қасиеті болса, онда осыдан келіп белсенділікті–оқушының іс-әрекетінің сапасы деп қарайтынын, бұл сапада оқушының дара тұлғасы, оның іс-әрекет мазмұнына, сипатына көзқарасы және өзінің ерік-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға қол жеткізуге жұмылдыруға ұмтылушылығы көрініс табатынын атап өтеді. Танымдық белсенділіктің мәнін өзінің қалай түсінетініне сүйене отырып, оның үш деңгейін бөліп көрсетеді. Олар: белсенділіктің жаңғырту, түсіндіру және шығармашылық деңгейлері.

Т.И.Шамова ізденімпаздық іс-әрекетке өздігінен икемделудің сапалық көрінісімен; іс-әрекетте оқушыға тән арнаулы нысандары мен тәсілдерін синтездеумен; өмір шындығының белгілі бір жақтарына оқушының өзгермейтін, тиянақталған қатынасымен сипатталатын жүйелі білім алу жолы есебінде қарастырылады [7].

Зерттеушілердің жұмыстарына жасалған шолу, жеке адамның белсенділігі мен ізденімпаздығы мәселелері жөнінде бірқатар ауқымды зерттеулер орындалғанын көрсетеді. Зерттеулерде белсенділік пен ізденімпаздық ұғымдарының ара жігін ажыратушылық байқалады. Белсенділік адамның іс-әрекетпен қатынасынан, яғни өз бетінше іс-әрекет жасауға ұмтылудан, дайын болудан, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдаудан көрініс табатын жеке тұлғаның ерекше сипаты ретінде айқындалады.

Салыстыра айтсақ, жеке адамның белсенділігі–серпінді ізденімпаздық, ал ізденімпаздық–тұрақты белсенділік екені шығады.

Әрине, оқу-танымдық белсенділік мазмұны бір аяда ғана ашыла қоймайтын күрделі ұғым болып табылады. Тегінде, жеке тұлғаның бұл біріккен қасиетінің сипатын талдау жасау кезінде жүйелі түсіндіруді талап ететін көп қырлы болса керек.

Жалпы шығармашылық деп – күнделікті емес, кез-келген жағдайларда шешімін таба білу, жаңаны ашуға ұмтылу деуге болады. Болмаса, шығармашылық деп – интеллектуалдық іс-әрекеттер арқылы объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі. Олай болса, шығармашылық тапсырмалар – оқушының өз бетінше жасайтын, белсенділігінің дамуына ықпал ететін жұмыстар.

Шығармашылық үдерістің мәні әркім үшін бірдей. Айырмашылығы шығармашылықтың нақты материалында, жетістіктерінің өлшемінде және оның қоғамдық мәнділігінде. Шығармашылық үдерісті үйрену үшін данышпандарды зерттеудің қажеті жоқ. Тек көрегендік танытып, өткір көзбен емес, ең бастысы ми арқылы «көре» білу керек.

Шығармашылық та басқа іс-әрекеттер сияқты ой-түрткіні қажет етеді, бірақ барлық ой-түрткі шығармашылық туғызбайды. Олардың ішінде ең негізгісі өзін-өзі жетілдіру ой-түрткісі. Ол барлық шығармашылықтың көркем, музыкалық, техникалық және т.б. түрлерінде себепші болады.

Демек, оқушыларды білім беру үдерісінде шығармашылық жұмысқа баулудың маңызы өте зор. Ол үшін оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне және өздігінен белгілі бір

нәтижеге жетуге талаптануына, білімін жетілдіріп отырудың маңыздылығына ерекше көңіл бөлуіміз керек.

«Балаларды мектепте сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құмарландыратын сабақ ана тілінде қарапайым, қызықты ұғындырылып пайдаланылса, оқыту нәтижелі болады», – дейді Ы.Алтынсарин. Оның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі осы ойдан туындаған екен. Яғни, баланың ізденіп білім алуы, талаптануы оның қызығушылығын оятып, тәрбиелеген жағдайда ғана жеміс бере алады деген пікірді айтады.

«Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлық, яки алдау мен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздейтіндей болғанша ...

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалім балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзетіп отыру керек». Олай болса, бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті алдын ала зерттеп білу, оны тану аса қажет.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін өтеу талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу үшін шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері, сол шығармашылықтың жемісі.

Білім берудің классикалық жүйесінде оқу бағдарламалары оқушы әрекетінің репродуктивті әдістеріне негізделген. Осының салдарынан, жақсы үлгеретін оқушылардың өздері шығармашылық бағыттағы жұмыстармен кездескенде, мәселенің шешімін таппай қалады. Сол себепті, оқушыларды өнімді шығармашылық әдістеріне үйрету керек.

Шығармашылық бағытта баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру керек. Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеру керек деп ойлаймыз:

- шығармашылық тапсырманың қызықты мазмұндық түрін ойлап табу;
- шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;
- көркемдік шешім табу, нобай құру, образ жасау үшін негіз боларлық проблемалық жағдайларды тудыра білу;
- оқушының танымдық және шығармашылық іс-әрекетін дамыту.
- шығармашылық үдерістерді фактілермен мәліметтерге педагогикалық әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық практикалық тұжырымдар жасау. Осыған орай тұлғаның ақыл-ойын, ой мәдениетін, іс-әрекетін біртұтас дамыту мақсатында факультативтік курстар, үйірмелер, экскурсиялар, саяхаттар ұйымдастыру мен оны жүргізу, ұйымдастыру жолдары ғылыми негізде жүзеге асуы тиіс;

Баланың оқу әрекеті өте күрделі жан-жақты үдеріс. Ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Сондай-ақ оқу әрекетінің белгілі құрылымы мыналар:

- оқу міндеттері; – оқу әрекеті; – бақылау (тексеріп отыру), бағалау.

Зерттеушілердің еңбектеріне жүргізілген талдаулар нәтижесі дәстүрлі оқыту үдерісінде көрнекі құралдармен түсіндіруге көп мән берілгендігі байқалады. Бүгінде компьютерлік технологияның қарқынды дамуы, теория мен практиканың, мектеп пен өмір байланысы сияқты факторлардың әсерінен педагог-ғалымдардың танымдық іс-әрекет және оның нәтижесі – шығармашылыққа деген бағдары күшейе түсті. Өйткені: озат тәжірибе, білім, тұрмыстық ептілік пен дағдылар, сондай-ақ ғылыми және көркем туындылар, рухани-әлеуметтік қатынастар да адамның танымдық және шығармашылық қызметінің нәтижесінде пайда болады. Осы жетістіктерді өз «игілігіне» айналдырып, «меншіктеп» алу үшін жаңа әулет қайтадан бұл «затты» ақыл-саналық сипатқа келтіруі тиіс, яғни қай формада болмасын оны жасауға бағышталған іс-әрекетті (еңбектік, танымдық, көркемдік-эстетикалық) шығармашылықпен көркейте, байыта отырып, қайта жаңғыртып, бұрынғыдан дамыған түрде өзінен кейінгі ұрпаққа шығармашылықпен жеткізуге борышты. Міне, шығармашылық белсенділіктің дамуын осылайша бейнелеп айтуымызға болады.

Демек, ағылшын тілін оқытуда дарынды балалар мектеп оқушылары тек өз қызметінің күшімен, шығармашылық ұмтылысымен, белсенді іс-әрекетімен ғана қоғамдық тәжірибені және оның құрылымдық бірліктерін игеруі мүмкін болады.

Шығармашылық іс-әрекет қызығушылықтан туындап, соның негізінде белсенді іс-әрекетке деген қажеттілікті сезінуден пайда болады деп түсіндіреді Ерматов Ш.Р. Сонымен бірге, ол баланың ойлау қабілетін белсендіретін және оған қажетті бағдар беретін, қажетсінуі мен қызығушылығын оятатын мотивтерге тоқталады. Оның пайымдауынша, баланың дербес іс-әрекет етуі оның белсенділігімен ғана емес, оның жас ерекшелігіне сай іс-әрекет түрлерін меңгеріп, қажетті білім, білік қорларын игеруі және алған әсерлеріне байланысты [3,4].

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың білім алуында ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге қадам басқанда әр түрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асады. Оқыту үдерісіндегі ең негізгі қайшылықтармен оқушының мүмкіндіктерінің (білімі, дағдысы, дамуының қазіргі деңгейі) арасындағы қайшылық. Бұған тағы да оқушының білімділігінің арасындағы шығармашылық ойлауы мен репродуктивті ойлау арасындағы т.б. қайшылықтар жатады. Осындай қайшылықтарды шешу оқушының саналы түрде көп күш-жігер жұмсауын керек етеді. Мұғалім бала дамуының негізгі мынадай белгілері: белсенділігін, шығармашылығын танып, логикалық ойлауын бағалап оқушылармен жеке дара жұмыстар жүргізуі қажет. Осылайша, таным әрекетінің негізінде оқушыларда танымдық және шығармашылық белсенділік дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерматов Ш.Р. Дарынды балалар мектебі оқушыларының шығармашылығын компьютерлік технология көмегімен дамыту әдістері // «Жалпы орта мектептерде, кәсіптік лицейлер мен колледждерде бағдарлы және кәсіптік білім беруді өзара байланыстыра жүргізуді жетілдіру жолдары» атты облыстық ғылыми-әдістемелік конференция. – Шымкент, 2009. – Б.54-59.

2. Тұрғынбаев Ә.Х. Оқу құралы «Философия». – Алматы, 2005. – Б.-304.

3. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздемесі // «Жалпы орта мектептерде, кәсіптік лицейлер мен колледждерде бағдарлы және кәсіптік білім беруді өзара байланыстыра жүргізуді жетілдіру жолдары» атты облыстық ғылыми-әдістемелік конференция. – Шымкент, 2009. – Б.286-290.

4. Ерматов Ш.Р., Дайырбеков С.С. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін арттырып, шындаушы бағдарлама. Компьютерлік бағдарлама. – Шымкент: ОҚМУ, 2010. – 38,6 мб.

5. Бүркіт Ә.Қ. Дарынды оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту педагогика іліміндегі көкейкесті мәселе // Қазақстан Республикасының Конституциясына 15 жыл толуына арналған «Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамуына жас ғалымдардың қосар үлесі» атты жас ғалымдардың облыстық форумының еңбектері. – Шымкент, 2010. – Б.80-83.

6. Беркут А.К. Создание международного научного общества школьников (Одаренных детей) имени «Аль-Фараби» // Научно-теоретический и практический журнал “Современный научный вестник”. – Белгород. – № 8(90) 2020. – С.91-95.

7. Шамова Т.И. Оқу жүйесін басқару. – Москва, 2002. – Б.120.

«DEVELOPMENT OF STUDENTS' FUNCTIONAL LITERACY IN ENGLISH LESSONS»

Гульмира Губайдуллина

*Ж.Молдагалиев атындағы мамандандырылған мектеп лицей-интернатының
ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Атырау қ., Қазақстан*

Annotation: The article discusses the concepts of functional literacy, reading literacy, analyzes the features of the development of functional literacy in teaching foreign languages, provides examples of tasks and exercises based on working with text, aimed at the formation and development of functional literacy of students.

At present, a foreign language is increasingly becoming a means of life support for society. The role of a foreign language is increasing in connection with the development of international scientific, economic, social and cultural ties. The study of a foreign language and foreign language literacy provide an opportunity to carry and spread one's culture and master another.

The main task of teaching foreign languages is the development of students' speech skills: reading, writing, monologue and dialogic speech. Work on the development of these types of speech activity in students is carried out throughout the entire period of study.

When teaching English, special attention is paid to the formation and development of communication skills - the skills of free communication and the practical use of the English language.

At the same time, it is no secret to anyone that in the process of teaching teachers often face certain problems and difficulties for students when working with text. So, students do not know the meanings of many words, they do not know how to title the text, they do not understand the meaning of what is written, they cannot highlight key words, they cannot formulate a question, they cannot choose a way to solve a problem, they are not able to transfer knowledge and skills from one area to another. What is the reason for such problems and difficulties? First of all, this is due to the poorly developed functional literacy of students. Functional literacy is understood as “a person’s ability to use reading and writing skills in the context of his interaction with society (open a bank account, read instructions, fill out a feedback form, etc.), that is, this is the level of literacy that gives a person the opportunity to join in relations with the external environment and adapt and function in it as quickly as possible” [3, 4].

In this regard, in the modern teaching of a foreign language, and in particular English, teaching to read "cannot be limited to academic goals, it must include functional and operational goals related to everyday life and work" [3, 10].

The program of teaching foreign languages involves the development of skills and abilities at different levels of education, without which today it is impossible to cope with the solution of vital tasks. Such skills and abilities include the ability to meaningfully read and perceive by ear, as well as to produce texts of various types (informational and applied nature, literary texts); the ability to extract information from various sources; the ability to find and critically evaluate information from the media and the Internet; the ability to use sources and refer to them; the ability to read tables, diagrams, diagrams, symbols and apply them when preparing their own texts; the ability to implement different reading strategies when working with text.

Thus, we see that educational standards guide teachers to the development of students' functional literacy.

So what characterizes a student who has developed functional reading skills? First of all, this is a student who can "freely use reading and writing skills to obtain information from the text - for its understanding, compression, transformation, etc." (A.A. Leontiev). A student who has developed functional literacy skills is able to use various types of reading (studying, viewing, introductory). He is able to move from one system of methods of reading and understanding the

text to another, adequate to the given purpose of reading and understanding and to the given type of texts [2, 6].

Of course, in order to form and develop the functional literacy of students, the teacher needs to select or compose appropriate tasks.

At the same time, when compiling assignments for functional literacy, it is important for the teacher to answer the following questions himself: what goal do they pursue, what level of understanding of the text is they reinforcing or checking?

In the PISA study, as noted by L. Rozhdestvenskaya, I. Logvina, reading literacy is divided into the following levels:

- 1) search in the text of the necessary information by a simple criterion (the lowest level);
- 2) search in the text of the necessary information according to multiple criteria;
- 3) searching in the text for the necessary information, recognizing the connection between pieces of information, working with known but contradictory information;
- 4) search and establishment of a sequence or combination of passages containing deeply hidden information, the ability to draw a conclusion about what information in the text is necessary to complete the task;
- 5) understanding of complex texts and their interpretation, formulation of conclusions and hypotheses regarding the content of the text [2 6].

One of the most typical tasks aimed at searching for specific information in the text are tasks for choosing true/false alternatives. The teacher processes important (or difficult to understand) passages in the text using the true-false tool, and then invites students to answer these questions. The student carefully scans the text several times with a specific goal - to find the necessary information or to make sure that it is not in the text. But there may be a more far-sighted use of "true-false" tasks. For example, you can invite students to process the text themselves using this tool. The wording of tasks for choosing alternatives can be as follows:

1. Mark with * the correct answer, according to the text.
2. Read the text. Choose the correct answer (one of the suggested ones) according to the text.
3. Which of the statements corresponds to the text?
4. Read the text and mark with a tick what is NOT reported in the text.

When selecting texts, it is necessary to be guided by the following criteria: relevance of the text for students; taking into account the age characteristics of the target group (text adaptation); availability of new (for students) information; availability of facts, concepts, names, geographical names, product names, numbers, dates, etc.; the presence of illustrations, diagrams, diagrams; the presence of "facts and opinions" in the text.[1]

The distinctive features of tests for checking functional reading include: a large amount of text; unadapted text; information presented in the form of figures, diagrams, diagrams, tables, graphs; tasks that require the integration of knowledge from different subjects; tasks in which it is not clear which area of knowledge should be addressed.

It is important to follow some rules for selecting continuous texts for tasks for functional reading:

1. The text should be interesting to the student.
2. The text must contain information unknown to the student.
3. The text should develop horizons.
4. The text should not be overloaded with numbers, dates, terms.
5. Illustrations do not distract, but help to understand the content of the text. Illustrations should contribute to the development of cognitive activity.
6. The level of difficulty of the text should correspond to the age of the student. If necessary, adjust the text.
7. Unfamiliar words should be "read" from the text or be presented in footnotes.
8. The volume of the text should not exceed the norm.
9. The font should help the student to read the text easily.

10. The text must be structured.

11. The text should not contain errors. [1]

A variation of this type of task is the task of searching for information in small print (they are even found in some PISA tests: students are asked to analyze the contents of the cover of a magazine or book or, for example, a CD with a movie, and also draw conclusions about the nature of the work, its title, authors and etc.) However, it turns out that our students sometimes find it difficult to correctly interpret illustrations, flashy titles and commercials.

All of the above also applies to text, which in PISA terminology is called non-continuous text. These can be theater tickets, programs, posters, small posters, entrance tickets to cultural events, travel tickets, maps, plans for exhibitions and museums, website screenshots, etc.

Thus, we see that the main exercises for the development of functional literacy are various types of work with text.

As already noted, in order for the text to become a real and productive basis for teaching all types of speech activity, it is important to teach students various operations with text materials, taking into account its genre and stylistic features. This goal is served by various tasks created on the basis of the studied texts.

As you know, in the educational literature, in addition to tasks for actually reading and translating the text, there are also pre-text, text and post-text tasks. Such tasks are aimed at better understanding the content of the text, at working out and assimilation of lexical and grammatical material, at developing writing and speaking skills, as well as at developing various thinking skills, skills in applying information, analyzing it, and evaluating it.

When preparing text material for work in the lesson, the teacher can independently develop such tasks, taking into account the course of the pedagogical process in the group, as well as taking into account the characteristics of students. At the same time, tasks can be presented to students in a differentiated way, depending on their level of proficiency in the language material. Work with the text can be carried out both at the initial and at the subsequent stages of training.

For students of a more advanced level, it is advisable to develop and apply tasks of increased complexity, as well as problem tasks, use texts with a mental task.

Consider some types of tasks when working with text.

Pre-text tasks are aimed at modeling background knowledge necessary and sufficient for the perception of a particular text, at eliminating semantic and linguistic difficulties in understanding it and at the same time at developing reading skills and abilities, developing an "understanding strategy", and forecasting skills. For example:

- read the title and say what (whom) will be discussed in this text;
- look at the photo; say what kind of life the people in the photo can lead;
- describe the picture (corresponding to the subject of the text); then read the text and find the mistakes in the picture;
- define the following words;
- connect words with their definitions;
- identify different meanings of the same total word;
- find sentences with a certain grammatical form in the text;
- read the first sentences of the paragraphs and name the issues that will be considered in the text.

In text tasks, students are offered communicative settings, which contain indications of the type of reading (studying, introductory, viewing, search), speed and the need to solve certain cognitive and communicative tasks in the process of reading. In addition, students perform a number of exercises with the text, which ensure the formation of skills and abilities corresponding to a particular type of reading. For example:

- read the text; divide it into semantic parts, pick up names for each of them;
- highlight the elements in the text that carry key information;
- plan the text;
- fill in the gaps in the text with words in a certain grammatical form;

- convey the main idea of the text in a few sentences.

Post-text tasks are designed to test reading comprehension, to control the degree of formation of reading skills and the use of the information received:

- answer questions about the content of the text;
- choose the correct answer (test on the content of the text);
- fill in the table according to the content of the text;
- number the events in the order of their priority;
- fill in the sentences with words from the text;
- Express your attitude to what you have read;
- make questions to the text;
- prepare a retelling (annotation, review) of the text.

Problem tasks can be included in the system of all text tasks as the final stage of work on the text, since they are the most difficult, creative type of work. In the system of problem tasks, single-text and multi-text problem tasks can be distinguished.

Examples of single-text problem tasks:

- to the text in which any compositional part is omitted, give as many variants of this part as possible;
- say what the text can be about in which all thematic words are omitted; give as many options as possible, each time inserting the missing words;
- compose several texts from mixed parts of the text, each time placing these parts in a new way;
- find a way out of the situation (based on puzzle stories).

Examples of multi-text problem tasks:

- read texts expressing different points of view on the same issue; what other point of view can be expressed?
- combine two texts expressing different points of view into one, as if it were written by one author.

Thus, the use of various types of text tasks in English lessons contributes to the development of students' functional literacy, reading literacy and the comprehensive development of basic types of speech activity by students, and also develops creative thinking, accustoms students to an attentive and thoughtful attitude to the text.

Literature and sources

1. Written L., Yankevich M. Culture. Working with solid text. [Electronic resource]. – Access Mode: <https://docs.google.com/document/d/1hAAqir-39-drK1Tcbpr1scMddBZ-2OUHQTq7TIPhKOs/edit?pli=1>
2. Rozhdestvenskaya L., Logvina I. Formation of functional reading skills. A guide for teachers. A course for teachers of Russian as a mother tongue. [Electronic resource]. - Access mode: <http://umr.rcokoit.ru/dld/methodsupport/frrozhdest.pdf> [p.12]
3. Features of the formation of functional literacy of primary school students in the development of disciplines of the social and humanitarian cycle. Toolkit. - Astana, 2013 [p.26]

**ПРИМЕНЕНИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ:
ИССЛЕДОВАНИЯ И ПРАКТИКА**

Сагадат Сапанов

учитель математики

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления

г. Атырау, Казахстан

sapanovs@mail.ru

Аннотация: Аталған мақалада математика пәнін оқытудағы көптілділіктің маңыздылығы мен перспективалары тәжірибе арқылы көрсетілген. Математика сабақтарында академиялық тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде меңгерту әдістері нақты беріледі. Пәнді үш тілде оқытудың ерекшеліктері мен артықшылықтары айқындалады.

В данной статье через практику учителя, показаны значения и перспективы полиязычия в обучении математике. Представлены методы преподавания, которые способствуют овладению академическим языком на казахском, русском и английском языках. Определены особенности и преимущества преподавания предмета на трех языках.

In this article, through the practice of teachers, the meanings and prospects of multilingualism in teaching mathematics are shown. The methods of teaching are presented that contribute to the acquisition of the academic language in Kazakh, Russian and English. The features and advantages of teaching the subject in three languages are determined.

Кілт сөздер: көптілділік; қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі математикалық терминдер атаулары; оқыту әдістері;

Ключевые слова: полиязычие; математические термины на казахском, русском и английском языках; методы обучения

Keywords: multilingualism; mathematical terms in Kazakh, Russian and English; teaching methods

В настоящее время в системе образования нашей страны большое значение уделяется использованию полиязычия при изучении предмета. Используя на уроках обучение на трех языках, мы ставим перед собой задачу формирования полиязычной личности, так как это дает возможность нашим ученикам ключ к новым мировым технологиям.

Преподавание должно отвечать современным требованиям, а именно формирование у молодого поколения навыков всесторонне развитой личности, творчеством и инициативой. Следует отметить, что внедрение полиязычного образования, подразумевает параллельное и одновременное обучение на трех языках.

Суть платформы в стратегии «Триединство языков» определена таким образом: изучение казахского языка - как государственного, русского – как языка межнационального общения и английского- как языка успешной интеграции в глобальную экономику. [1]

Таким образом, язык можно изучать не как предмет, а использовать его как инструмент по получению знаний. Если ученик знает язык, то он сможет добыть знания самостоятельно, а не принудительно ради отметки в журнале. Языковому воспитанию детей нужно уделять особое внимание и поощрять учеников, стремящихся к высокой культуре полиязычия. Двужычие и полиязычие в наше время - реальное и необходимое явление для построения конкурентноспособного общества. Ведь нашим первоклашкам уже представляется такая возможность- изучение предмета на трех языках, так как они работают по новым красочным учебникам нового образца, в которых каждая тема сопровождается терминами, переведенными на двух языках. [2]

Трехязычное образование является важнейшей потребностью для современного и будущего поколения, открывающая путь к свободному освоению мирового образовательного пространства, позволяющая проникнуть в различные научные исследования предоставленные на различных языках и проявить свои способности. Поэтому одной из основных задач в обучении является формирование полиязычной личности, способной к социальному и профессиональному управлению, саморазвитию, самосовершенствованию. Значит наша главная задача – повысить любовь наших учеников к родному казахскому языку, их интерес и желание изучать другие языки, таким образом развивать свой интеллектуальный потенциал.

Также, если говорить о важности преподавания математики на английском языке среди естественнонаучных предметов, то, прежде всего, это создает большую возможность учащимся совершенствовать свои языковые способности, учиться выражать математические выражения на английском языке, таким образом, расширить свой словарный запас, связанный с математическими терминами.

Внедрение полиязычия также очень важно и для учителя, потому что, дает возможность учителю самому изучать все инновации в образовании и новые технологии на английском языке. В частности, книги и научные статьи, основанные на научных технологиях, публикующихся на английском языке. Английский язык считается важнейшим языком в контексте преподавания предметов математического, естественнонаучного направления.

При трехязычном обучении эффективным для учителей школ является использование современной методики CLIL.

CLIL — Контентно-языковое интегрированное обучение. Метод интегрированного обучения предмету и языку. С помощью данной методики можно достичь цели – знания предмета на иностранном языке. Особенность обучения данным методом заключается в том, что в разных учебных ситуациях урок ведется на двух языках (на родном и иностранном) в соответствии целям обучения. Применение методики CLIL позволяет интегрировать английский язык с естественными предметами, тем самым повысить интерес учащихся к обучению, развить их навыки научного языка, использовать математические величины и термины не только на родном языке, но и в их английском эквиваленте.

Например, на уроке математики для формирования словарного запаса математических терминов на английском языке, совместно с учениками записываем и говорим термины на английском языке. Затем работая в парах повторяем, чтобы лучше запомнились эти термины.

For example, to form a vocabulary of mathematical terms in English, we write and speak terms in English together with students. Then, working in pairs, we repeat to better remember these terms.

Как будет сложение, вычитание, умножение и деление на английском.

Plus (плюс, сложение)

Minus (минус, вычитание)

Divide (деление, делить)

Multiply (умножение, умножать)

Sign (знак)

Equal (равно, равняется)

To do sums (решать примеры)

Тема урока Многочлены 7 класс.

При изучении темы «Многочлены» в седьмом классе, для закрепления темы ученикам раздаются карточки с заданиями на английском языке. Работа ведется в группах. Следует отметить, что при работе в группах, ученик становится равноправным участником обучения. Задача каждого ученика в том, чтобы узнать что-то вместе, чтобы каждый участник овладел необходимыми знаниями, сформировал нужные умения. Особенность такой работы

заключается в том, что каждая группа помимо того что выполняют задания должны представить свои решения другим группам на английском языке.

Оценивание работы групп:

- оценка деятельности каждой группы учителем;
- оценка деятельности некоторых учащихся учителем;

To consolidate the topic, students are given cards with tasks in English. It should be noted that when working in groups, the student becomes an equal participant in the training. The task of each student is to learn something together, so that each participant has mastered the necessary knowledge, formed the necessary skills. Each group, in addition to performing tasks, must present their solutions to other groups in English.

Evaluating the work of groups:

- evaluation of the activities of each group by the teacher;
- evaluation of the activities of some students by the teacher;

Name _____ Per. _____ Date _____

Algebra 1- 10.1 Worksheet -Adding and Subtracting Polynomials

Show all work.

For questions 1 - 25, simplify:

Section 1—Adding Polynomials

1) $(5x^2 - 8x + 1) + (2x^2 - 4x - 11)$

7) $(3x^3 - x + 4) + (x^2 - 5x - 5)$

Section 2— Subtracting Polynomials

12) $(x^2 + 5x - 2) - (3x^2 - x + 4)$

19) $(8x^3 + 3x^2 - 8x + 10) - (7 + 5x^2 + 5x^3)$

Section 3—Operations with Polynomials

21) $4(a + 5) - 5(a^2 - 4a + 7)$

Критерий оценивания:

1	Раскрывает скобки перед которым стоит знак «+»
2	Раскрывает скобки перед которым стоит знак «-»
3	Приводит подобные слагаемые
4	Правильный ответ

Criterion evaluate:

1	Opens brackets preceded by a "+" sign
2	Opens brackets preceded by a "-" sign
3	To give similar terms
4	Right answer

Тема урока. Вариационные ряды. 7 класс

В начале урока дается глосарий.

Мәліметтерді жүйелеу	Систематизация данных	systematization of data
Таңдама	Выборка	sample
Вариациялық қатар	Вариационный ряд	variational row
Варианта	Варианта	option

Затем ученикам дается задание, работа в парах. Перепроверить друг друга, записывая слова и предложения на английском языке. Взаимопрос терминов на трех языках и составить предложения на английском языке используя выше указанные термины.

Тест «соответствие». Приведите в соответствие слова

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Жиілік	Относительная частота	Plotting
Абсолютті жиілік	Абсолютная частота	Relative requery
Салыстырмалы жиілік	Частота	Frequency
Мәліметтерді жүйелеу	Построение графика	Absolute frequency
График тұрғызу	Систематизация данных	Systematization of data

Также, если говорить о методах, используемых для изучения предмета на английском языке можно привести следующие примеры:

- проведение диктантов среди учащихся;
- выполнение упражнений на развитие общения учащихся друг с другом в диалогической форме;
- применять различные формы работы которые помогают научить учащихся запоминать различные термины и говорить на казахском, и русском и английском языках.

Например при изучении темы «Треугольники. Признаки равенства треугольников» учащимся дается задание выбрать верное утверждение. После того как выбрали верное утверждение нужно сказать, эти утверждения на казахском, русском и английском языках.

Выберите верное утверждение:

1. Үшбұрыштың бұрыштарының қосындысы 180°
2. Үшбұрыштың екі бұрышы тік бұрыш бола алады
3. Бұрыштары $80^\circ, 20^\circ, 90^\circ$ болатын үшбұрыш болады
4. Үшбұрыштың бұрыштары $70^\circ, 30^\circ, 80^\circ$ болса, онда ол доғал бұрышты болады
5. Үшбұрыштың бұрыштары $100^\circ, 30^\circ, 50^\circ$ болса, онда ол тік бұрышты болады
6. Тең қабырғалы үшбұрыштың әрбір бұрышы 60° -қа тең
7. Үшбұрышта екі сүйір бұрыш болуы мүмкін емес
8. Егер үшбұрыштың екі сүйір бұрышының қосындысы үшінші бұрышына тең болса, онда ол үшбұрыш тікбұрышты болады.

Выберите неверное утверждение.

1. Тең үшбұрыштардың сәйкес қабырғалары тең болады
2. Егер үшбұрыштың екі қабырғасымен бұрышы, басқа үшбұрыштың екі қабырғасымен бұрышына тең болса, онда үшбұрыштар тең болады
3. Теңбүйірлі үшбұрыштың табанындағы бұрыштары тең
4. Үшбұрыштың бұрыштарының қосындысы 180° -қа тең
5. Үшбұрыштың бір төбесінен, қарсы жатқан қабырғаны қамтитын түзуге түсірілген перпендикуляр, осы төбеден түсірілген үшбұрыштың биіктігі деп аталады.
6. Егер үшбұрыштың екі қабырғасы тең болса, онда ол теңбүйірлі
7. Медиана - үшбұрыштың бір төбесін оған қарсы қабырғасының ортасымен қосатын кесінді.
8. Егер үшбұрыштың бұрыштары $60^\circ, 60^\circ, 50^\circ$ болса онда ол теңқабырғалы үшбұрыш болады

Также очень эффективным будет применение следующего практического задания (учащиеся выполняют практическую работу, условия которых даны на английском языке.)

Практическая работа. Условия задаются на английском языке.

Выполните по порядку следующие действия:

- a) draw an acute triangle with different sides
- b) define its vertices as A, B, C

- c) get the median AK in it
- d) the bisector of angle C
- e) height from vertex B
- a) начертите остроугольный треугольник с разными сторонами
- б) обозначьте его вершины буквами A, B, C
- в) проведите в нем медиану AK
- г) биссектрису угла C
- д) высоту из вершины B

Оценивание: взаимно оценивают в парах.

Следующее задание на проверку знаний математических определений на английском языке.

Дополните предложения.

Complete the offer:

1. _____ is half the product of the length of one base and the height of the triangle from base.
2. _____ is half the product of its legs.
3. _____ is a circle inside the triangle which is tangent to each of its sides.
4. _____ is the line segment from a vertex to the midpoint of the opposite side.
5. _____ is the length of a perpendicular line segment originating on a side and intersecting the opposite angle

[3]

Как известно, проведение самостоятельной работы на уроках математики необходимо, так как они тренируют волю, внимание, дисциплинируют учащихся. Учителю на уроках математики необходимо опираться на самостоятельную работу учеников, самостоятельное рассуждение, умозаключение. Для оценки овладения учащимися терминами на английском языке можно предложить самостоятельную работу на английском языке. Ученики после выполнения задания комментируют решение на английском языке, тем самым развивают словарный запас математических терминов на английском языке. В результате проведенной самостоятельной работы обнаруживается не только уровень академических знаний, но и знание иностранного языка, творчество и нестандартный подход.

1 Giving your answers in descending powers of x , simplify

a $(x^2 + 3x + 2) + (2x^2 + 5x + 1)$

b $(x^3 + 4x^2 + x - 6) + (x^2 - 3x + 7)$

c $(4 - x + 2x^3) + (3 - x + 6x^2 - 5x^3)$

d $(x^5 + 8x^3 - 5x^2 - 9) + (-x^4 - 4x + 1)$

e $(3x^3 - 7x^2 + 2) - (x^3 + 2x^2 + x - 6)$

f $(x^5 + 3x^4 - x^2 - 3) - (x^4 + 2x^3 - 3x + 2)$

2 Simplify

a $(3y^2 + 2y + 1) + (y^3 - 4y^2 + 7y) + (2y^3 - y^2 - 8y + 5)$

b $3(t^4 - t^3 + 4t) + (6 - t - 3t^3) + 2(t^4 - 2t^2 + 4)$

c $(x^3 - 6x^2 + 8) + (5x^2 - x + 1) - (2x^3 + 3x^2 + x - 7)$

d $2(3 + m + 7m^2 - 3m^5) + 6(1 - m^2 + 2m^4) - 5(m^5 + 3m^3 - m^2 + 2)$

3 Giving your answers in ascending powers of x , simplify

a $x(2 - 3x + x^2) + 4(1 + 2x^2 - x^3)$

b $x(x^4 + 7x^2 - 5x + 9) - 2(x^4 - 4x^3 - 3)$

c $2x(-5 + 4x - x^3) + 7(2 - 3x^2 + x^4)$

d $x^2(8 + 2x + x^2) - 3(5 + 4x^2 + x^3)$

e $3x^2(x + 3) - x(x^3 + 4x^2) + 5(x^3 - 2x)$

f $x^2(6 - x + 5x^2) + 7x(2 - x^3) + 4(1 - 3x - x^2)$

Эффективны также, является применение на уроках математики следующего вида задания. Напишите термин на английском языке по заданной теме. Например угол, медиана, сторона и др. Задача состоит в том, чтобы подобрать слова, которые начинаются на каждую букву этого слова и связаны с темой урока.

Exercise. Write the terms in English. For example, angle, median and line, etc. The main task is to find related words to the theme of the lesson which begin with the each letter of this word.

Как показывает практика, индивидуальная работа с учащимися является необходимым условием развития личности школьника. Эта форма работы с учащимися должна присутствовать практически на каждом уроке. Планируя урок, я намечаю задания для учащихся в соответствии с темой на развитие языковых знаний. Индивидуальная работа на тему признаки равенства треугольников. Данное задание на речевое развитие. Требуется выполнить задания на готовых чертежах. Перечислить признаки равенства треугольников на английском языке (ASA, SAS, SSS). Такие задания развивают активную познавательную деятельность учащихся. На уроке создается необходимые условия для развития речи учащихся, при котором, с одной стороны они могут осваивать знания по предмету, а с другой – развивают навыки говорения на английском языке. Также, эту работу можно провести в виде диалога, работы в паре. Здесь достигается и развивающая цель урока. Развитие внимания, памяти, речи и развитие мотивации учебной деятельности.

Kuta Software - Infinite Geometry


Name _____

SSS, SAS, ASA, and AAS Congruence


Date _____ Period _____

State if the two triangles are congruent. If they are, state how you know.


1)




2)




3)




4)



17) SSS



18) SAS



Таким образом, как показывает практика и исследования, использование различных методов в преподавании математики на английском языке, побуждает учащихся к творческой работе, расширяя при этом знания иностранного языка. Технологии применяемые на уроках с использованием элементов полиязычия, проявляют интерес учащихся к изучению иностранного языка, направляют учащегося к самостоятельному изучению предмета на казахском, русском и английском языках, развитию познавательных навыков и творческих способностей. Самое главное при этом в сознании учащегося внушается, что полученные знания повышают их словарный запас английского языка, развиваются, обогащаются и формируются разговорные навыки.

Применение полиязычия, позволяет повысить любовь учащихся к родному языку, также способствует повышению их интереса и желания изучать другие языки.

Использованная литература:

1. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года.

Интернет ресурсы:

2. <https://multiurok.ru/files/elementy-poliiazychiia-na-urokakh-matematiki.html>

3. <https://melimde.com/tairibi-matematika-sabafinda-oldanilatin-tildik-materialdardi.html>

ӘОЖ 81-114

МАҒЫНАЛАС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН ЛЕКСИКАЛЫҚ СИНОНИМДЕРДІҢ КАТЕГОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мухайё Хакимова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2-курс магистранты

khakimova.m@mail.ru

Атырау қ. Қазақстан

Аңдатпа: Лексикалық синонимдер қазақ тіл білімінде семантикалық категориялар ішінде көп зерттелген тақырыптың бірі болды. Лексикалық синонимдер туралы ғылыми пікірлер арасында да даулы ұстанымдар көп кездеспеді. Көптеген ғалымдар мағына жағынан бір-біріне жуық, өзара мағыналық реңк негізінде ажыратылатын сөздерді синонимдер деп есептесе, кейбір ғалымдар мәнмәтінде лексикалық синонимдерді бірінің орнына бірін қолданған кезде еш айырмашылығы болмайды деп есептейді. Мақалада синонимдердің лексикалық жіктелуі талданып көрсетілген.

Түйін сөздер: синонимдер, фразеологизм, тіл білімі, лингвистика, лексика, синтаксис, категория, семантикалық-стильдік.

Тіліміздегі бір-бірімен мағыналас сөздер синонимдер деп аталатыны белгілі. Ал бұл – лексика саласында лексикалық синонимдер деп аталады және арнайы ғылыми зерттеулер нысанына алынған лингвистикалық категория. Аталған тақырыптың тіл білімінде зерттелгеніне де көп уақыт болды. Осы уақыт ішінде көптеген зерттеулер жазылды. Атап

айтсақ, Ө.Болғанбаев «Қазақ тіліндегі синонимдер» [1], «Зат есім синонимдер» [2], М.Серғалиев «Синтаксисті конструкциялар синонимиясы» [3], «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» [4] атты еңбектерін лексикалық және синтаксистік синоним тақырыбына арнады. Сондай-ақ, О.Жұмашев 1971 ж. «Қазақ тіліндегі етістікті синонимдердің семантикалық қызметі» [5], А.Османова 1973 ж. «Етістік синонимдердің семантикалық-стильдік қызметі» [6], 1979 ж. Ф.Оразбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер» атты еңбектерін жариялады [7].

Лексикалық синонимдер қазақ тіл білімінде семантикалық категориялар ішінде көп зерттелген тақырыптың бірі болды. Лексикалық синонимдер туралы ғылыми пікірлер арасында да даулы ұстанымдар көп кездеспеді. Көптеген ғалымдар мағына жағынан бір-біріне жуық, өзара мағыналық реңк негізінде ажыратылатын сөздерді синонимдер деп есептесе, кейбір ғалымдар мәнмәтінде лексикалық синонимдерді бірінің орнына бірін қолданған кезде еш айырмашылығы болмайды деп есептейді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде лексикалық синонимдерді анықтауда орыс ғалымы Ю.А.Апресянның тұжырымы басшылыққа алынады. Ғалымның айтуынша, тілдегі лексикалық синонимдерді жүйелеуде мынадай критерийлер басшылыққа алынуы тиіс:

1) синоним сөздерді сөздіктердегі түсініктемелері бойынша бірдей ұсыну, тар мағынасында түсіну;

2) сөздің іштей мағыналық жақтан жіктелуі, семантикалық дифференциациялау тәсілін қолдану [8, 81.].

Бұл тәсіл негізінде синонимдес сөздердің мағыналық ұқсастығы азайып, өзара квазисинонимдік сипаты артады, мағыналық тұрғыдан жақын сөздер көбейеді. Ал, осы ретте квазисиноним ұғымына тоқталудың қажеттілігі бар. Квазисиноним – ана тілімізге латын тілінен енген сөз (сол секілді, сондай, тура), синонимдес, мағыналас деген мағынаны білдіреді. Мысалы, *кісі-адам, кедей-жарлы, жалқау-еріншек, дәнеме-ештеңе, жолығу-кездесу, мұрат-мақсат, босқа-текке, мереке-мейрам, ауыр-қиын, мәселен-мысалы*, т.б. Бұлар тіліміздегі мағынасы бір-біріне өте жақын квазисинонимдер [2, 20.].

Мағыналық тепе-теңдік дегеніміз – сөздердің эмоционалдық, экспрессивтілігі жағынан тең түсуі. Соған қарамастан, синонимдерге тән сипат – сөздердің мағына жағынан жақындығы. Семантикалық өзара мәнмәтін сөздердің синоним ретінде бір-бірінің орнына жұмсалуды мынадай ерекшеліктерімен байланысты анықталады:

1) лексикалық мағыналық жақындық;

2) стильдік қолданысқа сай түсінік, ұғым тепе-теңдігінің сақталуы;

3) мағыналық жақындық ерекшелігіне орай сөз тіркесімділігі;

4) лексикалық мағыналар арасындағы дәлдіктің сақталуы [9, 50.].

Лексикалық синонимдердің зерттелуі фразеологиялық синонимдер тақырыбын зерттеуге жол ашты. Өйткені, тіліміздегі сөз тікесінен жасалған бірліктер арасында кездесетін мағыналыс сабақтастықтың бар екені белгілі. Сондықтан фразеологизм әлеміндегі мұндай семантикалық ерекшелік ғалымдар назарын аударды.

Лексикалық синонимдер көбіне атауыштық (номинатив) мәндегі сөздер болып келеді. Олар синонимдік қатарды құрап тұрған сөздердің атауын нақтылауға көмек береді. Сөздер бір-бірінің орнына жұмсалуды үшін бір-бірінің орнына жұмсалатын сөздер мағыналық жақтан бір-біріне жақын болуы – басты шарт. Мысалы, *беделді, абыройлы* сөздері – өзара мағыналас сөздер, түсінік, ұғым тепе-теңдігі сақталған сөздер. Адамға қатысты айтылатын сөздер бірінің орнына бірі қолданылған кезде мағына дәлдігі толық сақталады. Мысалы, *беделді қызметкер, абыройлы қызмет*.

Десек те қолданыс барысында сөз мағынасы «қозғалысқа» түседі. Осы ретте олар мағыналық жақтан жақын болғанымен, стильдік реңкі әр түрлі болады. Сондай-ақ, синонимдердің басқа да сөздермен тіркесуге бейімділігі назар аударады. Мысалы, *әкім бұйрығы, үкімет жарлығы*. Мысалдардың беретін ұғымы бірдей болғанымен, әр түрлі түсінік береді. Әкімнің бұйрығы белгілі бір аумақты, ауданды қамтыса, ал үкімет жарлығы бүкіл республика аумағын қамтиды.

Тіліміздегі мағыналас сөздердің қатарының артуына экспрессивтік лексиканың ықпалы зор. Әсіресе, мағыналас синонимдер қатарының артуына фразеологизмдер ерекше үлес қоса алады. Фразеологиялық синонимдер дара сөздердің баламасы да болады. Мысалы, *қашық, алыс ұғымдарын жеті қабат жер асты, айшылық жер, жер түбі, ит өлген жер, тұяғы түскен жер, ит арқасы қиянда*, т.б.

Жұмысы көп, жұмыс басты ұғымдарын белі бүгілмеу, қолы тимеу, мұрнына су жетпеу, мұрнынан шанышылу, мұршалы келмеу, сіңбіруге мұршасы келмеу, тыным таппау, дамыл көрмеу, күндіз күлкі, жарғақ құлағы жастыққа тимеу, түнді ұйқы көрмеу, т.б.

Тыныштық ұғымын сілтідей тынды, шыбынның ызыңы білінбеді, құлаққа ұрған танадай т.б.

Ұйықтамау ұғымын көзі ілінбеу, кірпік қақпау, таңды таңға ұру, таңды көзбен атыру, түн ұйқысын төрт бөлу т.б.

Тұрақты сөз тіркестерінің бір-біріне мағыналас синоним бола ала ма, болса оны қандай шарттар бойынша ажырата аламыз? Мағыналас синоним болу үшін оларға қандай талаптар қойылуы қажет? Бұл сұрақтарға жауап берместен бұрын тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық, тұлғалық ерекшеліктеріне орай, олардың мән, мағына тудыратын қағидаттары туралы айта кеткен жөн. Бұл туралы немістің тілші ғалымы Д.А.Райхштейн тілдегі лексика-грамматикалық жүйенің сөйлесу, тілдесу үрдісінде көптеген ақпаратты толық жеткізе алмайтын тұстары бар. Осы ретте қосымшалық (үстеме) қағидаты бойынша тұрақты сөз тіркестері олқылықтың орнын толтырады. Бұл тұжырымды қазақ ғалымы С.Исабеков одан әрі дамытады. Ол фразеологизмнің синонимдік қызметіне ономазиологиялық тұрғыдан баға береді [10]

Фразеологизмдер тура және ауыспалы мағына жасай ала ма, жоқ па? Бұл сұрақ туралы ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Ең алдымен, фразеологизмдер атауыштық мағынаны білдірмейді, оқиға, құбылыс туралы баға береді, сипаттайды. Сондықтан оларда ауыспалы мағына басым келеді.

Қазақ фразеологиясының негіздеген ғалым І.Кеңесбаев фразеологиялық нұсқа – варианттардан фразеологиялық синонимдерді басы ашық мәселе деп есептейді. Фразеологиялық синонимдерде ешқандай сөз – компонент қайталанбайды, мағына жағынан жуық болғанымен, сыртқы тілдік тұрпаты жағынан жуық болмайды [11, 591]. Бұл – қазақ тіл біліміндегі мағыналас тұрақты тіркестерді зерттеуге қатысты алғашқы бастама, идея болды. Осы ретте ғалым *бит қабығынан/терісінен биялай тоқыған, он қолынан өнері тамған, ағаштан түйін түйген* т.б. сынды ортақ сыңар нұсқасы жоқ тұрақты сөз тіркестерін мағыналас фразеологизмдер деп атап көрсете келе, мағыналас фразеологизмдер туралы алғашқы ғылыми пікірді негіздеді.

Синоним тұрақты сөз тіркестері бір-бірінен эмоционалды-экспрессивтік және стильдік жағынан ерекшеленеді. Бұл стильдік синонимдер деп аталады. Осы ретте стильдік және эмоционалды-экспрессивтік фразеологизмдердің бір категория емес екенін ашып айтқан жөн. Алайда, олардың бірін-бірі толықтыра алатын қызметтері де жоқ емес. Мысалы, *от ала келген кісідей, екі өкпесін қолға алып асығу, қайдан шықса, одан шықсын, тау күйіп, тас жанғандай* тұрақты тіркестеріндегі тәуекел әсері әркелкі. Бірінде бейнелілік сипат басым, экспрессиясы жоғары болса, екінші тұрақты сөз тіркестерінде соқыр тәуекел (қайдан шықса, одан шықсын) байқалады.

Тұрақты сөз тіркестерінен жасалған синонимдер қай стильдік деңгейде қалай қолданысқа ие болса да, экспрессивтілігі тұрғысынан сатылай қолданылады. Олар бір-бірінен семантикалық, стилистикалық синонимдерге ажыратылады. Мысалы, *көне көз, жолы үлкен* – үлкен кісі, *ит көйлекті бұрын тоздырған* – сыйлы кісі, десе де көне көз адам емес. Айырма жас шамасында ғана. Сондай-ақ, *қосып айту* тіркесі эвфемистік реңкпен айтылса, *беті бұлк етпеу, аузы-мұрны қисаймау* тіркестерінің ауызекі сөйлеу тіліне тән қолданыс екені белгілі. *Бит шаққандай көрмеу, сөзі аяқ асты болу* тіркестерінде стильдік бояу басым.

Салыстыра қарасақ, *сөзі аяқ асты болу* тіркесінен гөрі *бит шаққандай көрмеу* тіркесі стильдік бояуымен ерекшеленеді. Елемегеннен де төмен мүлде тыңдалмау секілді семантикалық, стильдік ұғымды білдіреді.

Синоним фразеологизмдер қолданылуы жағынан семантикалық және стильдік синонимдерге ажыратылуы тиіс. Осы ретте синонимдер семантикалық категория ғана емес, лексика-грамматикалық теорияны да қамтиды. Фразеологизмдер мағына жағынан бір-біріне туыс болғанымен, бір-бірінің орнына қолданыла бермейді. Бұл – синонимдік фразеологизмдерге тән шектеулілік.

Қазақ фразеологиясының негіздеген ғалым І.Кеңесбаев фразеологиялық нұсқа – варианттардан фразеологиялық синонимдерді басы ашық мәселе деп есептейді. Фразеологиялық синонимдерде ешқандай сөз – компонент қайталанбайды, мағына жағынан жуық болғанымен, сыртқы тілдік тұрпаты жағынан жуық болмайды [11, 59]. Бұл – қазақ тіл біліміндегі мағыналас тұрақты тіркестерді зерттеуге қатысты алғашқы бастама, идея болды. Осы ретте ғалым *бит қабығынан/терісінен биялай тоқыған, он қолынан өнері тамған, ағаштан түйін түйген* т.б. сынды ортақ сыңар нұсқасы жоқ тұрақты сөз тіркестерін мағыналас фразеологизмдер деп атап көрсете келе, мағыналас фразеологизмдер туралы алғашқы ғылыми пікірді негіздеді.

Түптеп келгенде, лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдердің өзара айырмашылықтары туралы мынадай тұжырым жасауға болады:

Біріншіден, фразеологизмдерде мағыналық жіктелу жоғары дәрежеде. Мысалы, *ұйықтау* сөзін алып қаралық. *Ұйықтау* сөзіне қатысты фразеологизмдердің қатары: *көз іліндіру – көз шырымын алу – тұяқ серіппей ұйықтау – мызғып алу*. Осы ретте болымсыз мәнді білдіретін ұйықтамау мағынасын білдіретін синонимдік тұрақты тіркестердің қатары да бұдан кем түспейді: *кірпік қақпады, таңды көзіме атырды, түн ұйқысын төрт бөлді, көз ілмеді*.

Міне, бір ғана ұйықтау сөзіне қатысты фразеологиялық синонимдерге қарап біз ойды әсерлі де, бейнелі жеткізуде тұрақты тіркестердің атқаратын орны зор екенін көре аламыз. Ал, лексикалық синонимдерге келетін болсақ, ұйықтау лексемасы сын есімдердің етістікті анықтауы, үстеулердің қызметін атқаруы тұрғысынан *көп, аз, жақсы, нашар, жаман, жақсы* анықтауыштары арқылы ұйқының сапасын анықтап беретін тіркестермен сипаттаймыз. Демек, лексикалық синонимдерге қарағанда, ой мен эмоцияны дәл, әсерлі жеткізуде фразеологиялық синонимдердің атқарар орны орасан.

Екіншіден, айтылатын ойдың әсерлілігі мен мазмұнның тереңдігі құбылыс пен көріністің образдылығымен тікелей байланысты. Лексикалық синонимдерде ондай образдылық болмайды. Мысалы, *шөлдеу – сусау – шөліркеу – кебу – қаталау*. Енді осы шөлдеу сөзіне қатысты фразеологиялық синонимдер қатарына зер салалық: *кenezесі кебу – қаны кебу – тілі аузына сыймау – таңдайы таңдайына жабысу – таңдайы кебу – ерні кезеру*. Аталған фразеологиялық синонимдерге негіз болған соматикалық, яғни адам дене мүшесіне қатысты сөз – *таңдай*.

Үшіншіден, лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдердің адам бойындағы түрлі сезім, эмоцияларды жеткізе білу ерекшелігі. Бұл ретте лексикалық синонимдердің фразеологиялық синонимдерге қарағанда образдылық әлеуеті өте-мөте төмен. Қазақ тілінің лексикалық қорында адам эмоциясын жан-жақсы, бейнелі және экспрессивті тұрғыда жеткізе алатын фразеологиялық синонимдердің қатары өте көп. Тіптен, эмоционалды-экспрессивті реңкті лексикалық синонимдер жеткізе алмаған жағдайда мағыналас фразеологизмдердің қызметіне жүгінуге тура келеді. Мысалы, *қу* сөзінің синонимдері: *айлакер, жұтыр, залым*. Осы *қу* сөзіне қатысты адамның мінез-құлқын жеткізуде мағыналас фразеологизмдердің мүмкіндігі тіптен зор. Дәлірек айтсақ, *қу* адамның қасиеттерін мағыналас фразеологизмдер түгелдеп бере алады. Мысалы, *қу* адам: *сырдан сыңар аяқ өткен, жыланнның аяғын көрген, алтыс екі айдалы, қу тақым, майлы қасықтай, іш мерез, бақай қулықты, ала аяқ, су жұқпас, тасбақаның аузынан шөп алған, қу мүйіз, тақыр жерден шөп өсірген, қара судан қаймақ алған, бір ұртында май, бір ұртында қаны бар*, т.б.

*Төртіншіден, ұғым мен түсінікті беруде лексикалық синонимдерге қарағанда квазисинонимдік сипат басым. Мысалы, қиындық көру ұғымы. Білдіретін мағынасы осы ұғым, түсінік ауқымына байланысты. **Қиындық көру:** от кешіп, суға түсу, мұз арқалап, күл төгу, отымен кіріп, күлімен шығу, шаруасы күйзелу, тақсіретін тарту, шымбайына бату, басына зобалаң туу, қиын қыстау күн кешу, көзінің жасы кеппеу, толарсақтан саз кешу, тұрмыстан тепкі жеу, ыстық-суықты көру, кеудесімен құм сызу, тісін тісіне қою, ащы, тұщының дәмін тату, тесік өкпе болу, көрген күнін итке берсін, өмірі өксу, қара күн туу, тақияда тамтығы қалмау, күні бір уыс болу, маңдайы күнге күйу, қара күн туу, таңы атып, күні шықпау, етігімен су кешу, жаны алқымға келу, тар қыспақ, тақым бұрау көру т.б.*

Мысалда берілген мағыналас фразеологизмдер арқылы қиындық ұғымы нақты, терең ашылғанын байқаймыз. Яғни, белгілі бір ұғымды толықтыру, ашу, бекітуде мағыналас фразеологизмдердің атқаратын қызметі зор. Лексикалық синонимдер мен мағыналас фразеологизмдердің айырмашылығын сараптай келгенде, экспрессивті-эмоционалды мағына дәлдігін беруде, бейнелілік тудыруда және сөз әсерлілігін де арттыруда мағыналас фразеологизмдердің артықшылығы көрінеді.

Мағыналас фразеологизмдердің мүмкіндіктері синонимдік қатар құрған кезінде ашыла түседі. Әрқайсы бейнелілік сипаттан тұратын мағыналыс фразеологизмдер бірін-бірі толықтырып, сөз мағынасын аша түседі. Ал, лексикалық синонимдерге ол қасиет тән емес. Тіпті лексикалық синонимдерді атауыштық (номинатив) мағынаға ұқсату артық болмас еді. Себебі, лексикалық синонимдер сөздің атауыштық мәнін ғана білдіреді, белгілі бір сөзді атап көрсетеді де, оған ешқандай эмоциялық реңк үстей алмайды. Сондықтан да тіліміздегі мағыналас фразеологизмдерді зерттеуге көңіл бөлудің қажеттілігі, өзектілігі аса жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 2000. – 250 б.
2. Болғанбаев Ә. Зат есім синонимдер. – Алматы, 2001. – 200 б.
3. Серғалиев М. Синтаксисті конструкциялар синонимиясы (Әдістемелік нұсқаулық). – Алматы, 2000. – 180 б.
4. Серғалиев М. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы. – Алматы, Қазақ университеті, 1997. – 210 б.
5. Жұмашев О. Қазақ тіліндегі етістікті синонимдердің семантикалық қызметі. – Алматы, 2000. – 220 б.
6. Османова А. Етістік синонимдердің семантикалық-стильдік қызметі. – Алматы, 2001. – 230 б.
7. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. – Алматы. – Арыс, 2003. – 242 б.
8. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, Елтаным. – 2010 ж. 244 б.
9. Исабеков С. Қазіргі қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, Елтаным. – 2000. – 200 б.
10. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы, Арыс. – 2007. – 300 б.

ИЛЬЯ ФРАНК ӘДІСІ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ

Абай Нұрсұлтан

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты
abay.nursultan@hta.kz
Алматы қ.Қазақстан*

Аңдатпа: Шет тілдерін білу – жаһандану заманындағы адамның ең маңызды және қажетті дағдыларының бірі. Бірақ бұндай дағдыға ие адамдар аз. Адамдар мектеп кезінен бастап көптеген курстарға барып, бейне сабақтарды қарап, тапсырмалар орындап, аптасына 100 сөз жаттап жүрсек те, әлі көбіміз полиглотқа айнала қойған жоқпыз. Сонда басқа тілдерді үйренудің тиімді әдістері мүлдем жоқ болғаны ма? Бағымызға орай Илья Франк әдісі бар!

Илья Франк әдісі кез-келген шет тілін үйренушілерге тіл жүйесіне тез үйреніп, лексикалық қорды толықтыра отырып, оған сөздіксіз кітап оқуға мүмкіндік береді (мысалы, күніне 2 сағат оқығанда — айына кемінде 1000 сөз). Осы әдіспен күнделікті оқып, жыл бойы машықтансаңыз кітапты еркін оқып кете аласыз. Сөздер мен сөйлеу фреймдарын есте сақтау - қиналып жаттау арқылы емес, мәтіндегі сөздердің үнемі қайталануы арқылы жүреді. Яғни сіз жай ғана кітап оқу арқылы тіл үйренесіз. Бұл әдіс ағылшын тілін үйренуде кең таралып кеткен. Көрші орыс халқы осы әдіс негізінде көптеген шығармалар мен кітаптарды аударып, оқырмандарына жолдап үлгерген. Ал біздің қазақ тілімізге бейімделген шығармалар мен зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан осы мақалада Илья Франк әдісі артықшылығы, ерекшелігі, қазақ тілін оқытуда қалай қолдануға болатындығы жайлы сөз етіледі.

Кілт сөздер: қазақ тілін шет тілін тілі ретінде оқыту, қазақ тілін оқыту, әдіс, тәсіл, қазақ тілі шет тілі ретінде, Илья Франк әдісі, оқылым, сөздік қор.

Шет тілдерін білу – жаһандану заманындағы адамның ең маңызды және қажетті дағдыларының бірі. Бірақ бұндай дағдыға ие адамдар аз. Мектеп кезімізден бастап көптеген курстарға барып, бейне сабақтарды қарап, тапсырмалар орындап, аптасына 100 сөз жаттап жүрсек те, әлі көбіміз полиглотқа айнала қойған жоқпыз. Сонда басқа тілдерді үйренудің сенімді әдістері мүлдем жоқ па? Бағымызға орай Илья Франк әдісі бар!

Илья Михайлович Франк - орыс филологы, полиглот және аудармашы. Өз атымен аттас жеке оқу әдісінің бастамашысы. Жалпы таралымы 1 миллион данадан асатын шет тілдерін зерттеу, мәдениеттану бойынша кітаптар мен мақалалар сериясының, сондай-ақ «Илья Франктың оқу әдісі» және «Скайп арқылы үйреніңіз, Илья Франктың шет тілдер мектебі» веб-сайттарының авторы. Төмендегі тілдерде еркін оқып, сөйлей алған: неміс, француз, ағылшын, испан, португал, итальян, румын, голланд, дат, норвег, швед, поляк, украин, чех, түрік, парсы, қытай, латын, венгр. Ал келесі тілдерді сөздік арқылы сөйлесе алған: жапон, исланд, санскрит, көне грек, араб, иврит, фин, татар.

Илья Франк авиация инженері және орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің отбасында дүниеге келген. 1985 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің филология факультетін герман филологиясы, неміс тілі мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Содан кейін ол бірнеше жыл орта мектепте, одан кейін шет тілі курстарында жұмыс істеді. Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінде (РМУ) сабақ берді. Соңғы жылдары шет тілі курстарының директоры және Franklang.ru көптілді жобасының жүргізушісі. Ол сондай-ақ орыс поэзиясына арналған орыс тілді жобаларды басқарады: Russian Europe және Tyutchev.ru. 2001 жылдан Илья Франктың оқу әдісіне сәйкес бейімделген шетел тілдеріндегі кітаптары Ресейде басылып шыға бастады. 2008 жылға қарай 25 тілде осындай 150-ге жуық

кітап дайындалды. Осы әдіске негізделіп жазылған жаңа кітаптар үнемі мен оқудың бұл әдісімен қамтылған тілдердің ауқымы кеңейіп, толықтырылып отырады. Аудармашылар мен редакция жұмысын үйлестіреді. 2000 жылы оның «Неміс грамматикасы Адам бейнесімен» (Deutsche Grammatik mit menschlichem Antlitz) жарияланды және содан бері жыл сайын қайта басылып келеді. «Басқа Троица» ("Другая Троица"), «Қылыштан түскен көлеңке» ("Тень от шпаги"), «Өгізден секіру» ("Прыжок через быка"), «Сөз портреті» ("Портрет слова") кітаптары қарапайым тілмен жазылған және әдебиет пен кинодағы қайталанулар мен қосылыстар туралы сөз етіледі.[1]

Бұл әдіс әсіресе оқуды ұнататындарға және тіл үйренудің бастапқы деңгейінде жүргендердің оң жамбасынан келеді.

Илья Франк әдісі шет тіліндегі кітаптарды оқу арқылы сөздік қорын толықтыруға негізделген.

- Әдіс бастапқы мәтінді бөліктерге бөлу арқылы жүзеге асырылады.
- Әр абзацтан кейін ана тіліне сөзбе-сөз аударма беріледі.
- Содан кейін сол бөлік аудармасыз келеді.

Илья Франк әдісінің бірнеше **артықшылығы бар:**

- тілді пассивті үйрену жүзеге асады;
- сөздік қорды тез молайтады;
- пассивті лексиканы молайту;
- сол тілде сөйлейтін адаммен байланыс болажы;
- бейтаныс сөздің, сөз тіркестерінің, тілдік оралымдардың аудармасы бірден берілген және іздеуді қажет етпейді;
- сөздердің транскрипциясы бар;
- мысалдармен лексикалық және грамматикалық түсініктеме қоса беріледі;

Франк әдісі күрделі ережелердің болмауымен және оқудың өз еркімен жүретіндігімен ерекшеленіп тұрады.

Егер сіз оқуды ұнататын болсаңыз, онда сіз тек шығарманың сюжетіне үңіліңіз. Біраз уақыттан кейін тіл құрылымына үйреніп кетесіз. Илья Франктің өзінің техникасының кемшіліктеріне оның әдісі бойынша кітаптар жасаудың күрделілігін, ұзақ уақыт пен ерік жігерді талап ететінін жатқызады.

Әдістің мәні неде?

Илья Франк шет тілдерін меңгерудің инновациялық тәсілін әзірлеп, көпшілікке таныстыра бастады. Бұл әдіс арнайы оқу әдістемесіне негізделген. Әдетте, оқырманға бейімделген мәтіндер ұсынылады. Осы тәсілдің көмегімен бір немесе тіпті бірнеше шет тілдерін меңгеруге әбден болады.

Бұл әдіс қалай жұмыс істейді?

Ең алдымен, осы әдіспен шет тілін меңгеру үшін арнайы құрастырылған немесе бейімделген мәтіндер қажет болады. Олардың қарапайым әдебиеттен айырмашылығы неде?

Әдетте, мұндай мәтіндер семантикалық бөліктерге бөлінеді. Әрбір үзінді әр негізгі фразадан кейін шағын түсініктемелермен жазылады. Осылайша, оқырман шығарманы оқудан алшақтап, жаңа сөзді сөздікке немесе басқа дереккөздерге іздеп жатудың қажеті жоқ. Мұндай тәсіл қабылдауды едәуір жеңілдетеді және жазбаны тез есте сақтауға ықпал етеді. Аудармадан кейін дәл сол мәтін түпнұсқада түсіндірмесіз беріледі. Бұл өткен материалды бекітуге мүмкіндік береді. [2]

Илья Франк аудармадан басқа әдісі жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтауға үшін сөздердің транскрипциясын да ұсынады. Сонымен қатар, кітаптарда транскрипция кітап жазылған тілдің дыбыстарымен жазылады. Бұл жаңа сөзді есте сақтауға ғана емес, оның дұрыс айтылуына да көмектесетіні сөзсіз. Төменде Джидди Вергтің «Румини мен Аяз патшалығы» шығармасының Илья Франк әдісі бойынша жасалған аудармасы берілген.

Райсер мен оның бұзақылары жайлы (О Райсере и его банде) бүкіл Маусвиль білетін еді(зналвесь Маусвилль). Олар(они) жолдарында кездескен(что встречались на их пути)

терезені шағып, қоқыс жәшіктерін төңкеріп(били окна, переворачивали урны), қабырғаларға сурет салып кететін(изрисовали все стены). Базардағы саудагерлер(торговцы с рынка) тезге келмейтін тентектерді(отпетых хулиганов) көре сала(увидев) тауарларын тығуға тырысатын(спешили прикрыть свои товары). Тіпті(И даже) жүдеген шағалалар да (облезлые чайки) Райсер бастаған тышқандар тобырының(орава мышей во главе с Райсером) кемежайға (в порт) баса-көктеп кіріп келе жатқанын(врывалась) көрген кезде (когда увидели) мазасыздана(тревожно) шаңқылдай бастайтын(начинали кричать).

Райсер мен оның бұзақылары жайлы бүкіл Маусвиль білетін еді. Олар жолдарында кездескен терезені шағып, қоқыс жәшіктерін төңкеріп, қабырғаларға сурет салып кететін. Базардағы саудагерлер тезге келмейтін тентектерді көре сала тауарларын тығуға тырысатын. Тіпті жүдеген шағалалар да Райсер бастаған тышқандар тобырының кемежайға баса-көктеп кіріп келе жатқанын көрген кезде мазасыздана шаңқылдай бастайтын.

Сақшылар(Полицейски) бірнеше айдан бері(уже несколько месяцев) бұзақы кеміргіштердің(безобразничающими грызунами) артына түсіп алғанмен(охотилась) Райсер мен оның(его) серіктері(компания) орайын тауып (у них из-под носа) құтылып кететін(ускользали). Олар қай(Они где) жерде бой тасалауға(спрятаться) болатынын(можно было) жақсы(хорошо) білетін(знали). Оның сыры(Его секрет), бәлкім(возможно), сол жерлердің(этих мест) көбін(большую часть) өздері жасап алғандығында(придумали сами) шығар..[3]

Сақшылар бірнеше айдан бері бұзақы кеміргіштердің артына түсіп алғанмен, Райсер мен оның серіктері орайын тауып құтылып кететін. Олар қай жерде бой тасалауға болатынын жақсы білетін. Оның сыры, бәлкім, сол жерлердің көбін өздері жасап алғандығында шығар..

Мұндай мәтіннің ерекшелігі - оқушының негізгі сөздер мен сөз тіркестерін оңай есте сақтауы. Бұл кітаптарды оқу кезінде оқудан басқа әрекеттерге алаңдаудың, сөздікте дұрыс сөзді іздеудің немесе басқа қажетсіз жұмыстарды орындаудың қажеті жоқ. Оқырманға қажет нәрсенің бәрі оның көз алдында тұрады. Илья Франк әдісін қолдана отырып, кез келген тілді бірнеше есе тез үйренуге болады.

Әдістің оң және теріс жақтары

Бұрын бұл әдіспен бейтаныс оқырманға мәтін бастапқыда тым күрделі болып көрінуі мүмкін. Сондықтан, мұндай шығармаларды өзіңізге сәйкес келетін деңгейге сай таңдау керек. Сонымен қатар, мәтіндер сөзбе-сөз аударылған, сондықтан сөз мағынасын түсінуде қиындық тудырмауы керек. Белгілі бір уақыт өте келе студентке бейімделген мәтінге жүгінудің қажеті жоқ болып қалады. Ол аудармасыз-ақ мәтінде түсіне алатын деңгейге жетеді.

Сонымен қатар, Илья Франктің өзі айтқандай, әдіс кез-келген жерде және кез-келген уақытта оқуға мүмкіндік береді. Кітапты қоғамдық көлікте, кептелісте, үзілісте, демалыста және т.б. оқуға болады. Өйткені, арнайы әдебиеттерді алып жүрудің немесе қосымша техниканы жинаудың қажеті жоқ.

Бұл әдіс қандай оқырманға сәйкес келеді?!

Шет тілдерін үйренудің бұл жүйесі қарапайым төменгі деңгейден бастап үйренуге де, тілді жеткілікті білетін, бірақ сөздік қорын кеңейткісі келетіндерге де көмектеседі. Кітапты оқып, тілді меңгеру үшін оқырман жасы маңызды емес. Себебі тек ересектер ғана емес, балалар да осы әдіспен тіл үйрене алады. Олар үшін балаларға арнайы кітаптар жазылады. Балаларға арналған кітаптарда негізінен ертегілер немесе шағын әңгімелер болады. Тілді үйренудің бұл әдісі тапсырмаға шынымен байыпты қарайтын кез келген адамға пайдалы болады. Дегенмен, сапалы білім алу үшін көп күш қажет болады. Мақаламызды қорытындылай келе, Илья Франк ұсынған инновациялық тәсіл кез келген адамның сөздік қорын айтарлықтай арттыруға көмектесетініне, тілді үйренуде оңтайлы әдіс екендігінде күмәніміз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.livelib.ru/author/229427-ilya-frank>
2. <http://www.franklang.ru/>
3. Румини / Джудит Берг ; [пер. с англ. В. Гришановой]. — Нур-Султан: Фолиант, 2021. — 272 с
4. <https://ru.wikipedia.org>

ӘОЖ 821.512.122

**ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ
САНДЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Жанаргүл Қуанышова

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2-курс магистранты
kuanyshova.zhanargul@mail.ru
Атырау қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада орта түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін мақал-мәтелдер, олардың сандық көрсеткіштері мен ортақ мақал-мәтелдер қарастырылады. Сонымен қатар төрт жазба ескерткішке ортақ мақал-мәтелдер талданды.

Кілт сөздер: мақал-мәтелдер, жалпытүркілік, паремия, статистикалық талдау, паремиялогиялық тұлға.

Түркілердің шынайы өмірлік жағдайлар негізінде қалыптасып, этнос болмысымен, дүниетанымымен біте қайнасып кеткен паремиялардың тарихи даму үдерісінің XI-XII ғасырлардағы қалып күйін көрсететін орта хасыр түркі мұралары «Диуани лұғат-ит түрк», «Құтадғу біліг», «Ғибат-ул хақайик», «Диуани хикмет» ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдердің сандық сипаттамасын жасау жалпытүркілік мақал-мәтелдер қорының хронологиялық-статистикалық ерекшеліктерін анықтаумен қатар тілдің көркемдік деңгейін, халықтың бейнелі ойлау жүйесінің даму үдерісін анықтауға да ықпал ететін маңызды мәселе.

Халық даналығының ұйтқысы, халық рухының айнасы болып табылатын мақалдар-мәтелдер тілдегі ерекше құбылыс. Мақал-мәтелдерге «Мақал дегеніміз өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы, ал мәтел дегеніміз – халық арасында көп тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшам да кестелі халық сөзі» [1] деп анықтама берілуінің өзі барлық паремиялардың салмағының ерекшелігін, олардың жалпы сөздік қордағы сандық үлесін шамалап, анықтаудың қажеттілік деңгейін айқындайды.

Тіл біліміндегі сандық әдістер–тіл мен сөйлеуді зерттеуде қолданылатын есептік жіне өлшемдік әдістер. Математикалық статистикаға сүйенетіндіктен оны статистикалық әдістер деп те атайды. Сандық әдістер тіл білімінде кез келген деңгейдегі тіл бірліктерін талдау үшін қолданылады [2, 272-б.]. Статистикалық әдіс салыстырмалы-тарихи тіл білімінде жиі қолданылады.

«Диуани лұғат-ит түрк», «Құтадғу біліг», «Ғибат-ул хақайик», «Диуани хикмет» шығармалары тіліндегі мақал-мәтелдердің мол қолданылуы XI-XII ғғ. түркі әдеби жазба тілінде ғана емес жалпыхалықтық ауызша тілде де халықтың бейнелі ойлау жүйесі мен тіл көркемдігін сипаттайтын паремиялогиялық қабаттың толық қалыптасқанын айқындайды. Себебі жазба тілдің арнасы, негізі халықтың ауызша тілі. Аталған төрт ескерткіш тіліндегі паремияларға статистикалық талдау жүргізу нәтижесі түркі халықтарының ұлы тұлғалары

Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Йүгнеки, А.Йассауи тілдерінде 1000-ға жуық мақал-мәтелдер қолданылғанын көрсетіп отыр.

Ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдердің жалпы саны:

Жазба ескерткіш	Мақал-мәтел көлемі
Ж.Баласағұн «Құтадғу біліг»	441
М.Қашқари «Диуани лұғат-иттүрк»	306
А.Йүгнекидің «Ғибат-ул хақайық»	96
А.Йассауи «Диуани хикмет»	125
БАРЛЫҒЫ	968

Бұл жерде ескеретін жайт бар, мақал-мәтелдердің негізгі ерекшеліктері айқындайтын белгілерді ескере отырып жүргізілген талдау нәтижесі көрсеткен статистикалық мәлімет ХІ-ХІІ түркілерінің тіліндегі толық паремиялар қорын көрсете алмасы анық, дегенмен кең қолданыстағы негізгі мақал-мәтелдердің сандық үлесін анықтауға мүмкіндік берді.

Белгілі бір дәуірдегі мақал-мәтелдерді тілдегі қалыптасқан құбылыс, қалыптасқан жүйе деп тану үшін, біріншіден, мақал-мәтелдердің белгілі мөлшердегі ауқымды саны болу қажет; екіншіден, олардың жазбаша нұсқасы сақталу керек; үшіншіден бір мақал-мәтелдің өзгеріссіз, тұрақты паремиологиялық формасы мен паремиологиялық мағынасын сақтап немесе паремия құрамындағы сөздердің фонетикалық өзгерістерімен бірнеше рет қолданылуы қажет. Соңғы белгі барлық мақал-мәтелге міндетті емес, ол мүмкін де емес. Себебі әр автордың өзіндік сөз қолданысы, стильдік ерекшелігі болады.

«Диуани лұғат-ит түрк», «Құтадғу біліг», «Ғибат-ул хақайық», «Диуани хикмет» тіліндегі паремияларға жүргізілген статистикалық талдау әрбір жазба ескерткіште барлығы 42-ге жуық дәлме-дәл қайталанатын мақал-мәтелдер қолданылатынын көрсетті. Ал, 4 (төрт) ескерткіште де кездесетін 6 (алты) мақал-мәтелдің кездесуі орта ғасыр ескерткіштерінің идеясы мен мазмұны үндес екенін, яғни сол уақыттағы халықтың игілігі үшін жазылған мұра екенін білдіреді.

Әр жазба ескерткіштің өз қайталанатын мақал-мәтелдер:

1. *Suv birmeske süt bir* (ДЛТ, III, 129). *Suv işürmeske süt ber* `Су ішірмеске сүт бер` (ДЛТ, I, 259);

2. *Ermegüke eşik art bolur* (ДЛТ, I, 42). *Ermegüğe bulit jyk bolur* `Еріншекке бұлт жүк болар` (ДЛТ, I, 167);

3. *Sartniñ azuqı arıy bolsa jol üzä jer* (ДЛТ, I, 95). *Sart azuqı arıy bolsa jolda jer* (ДЛТ, I, 342) `Саудагердің азығы таза болса, жол үстінде жер`. Бұл мақал айтқан сөзінің үдесінен шыға алмайтын, құр мақтаншақ адамға қарата қолданылады;

4. *Küz keligi jajin belgülig* `Күздің келетіні көктемнен белгілі. Мақал аяғы қалай болатыны бесенеден белгілі болып тұратын іске қатысты айтылады` (ДЛТ, III, 160). *Küz keligi jazın belgürer* `Күздің келісі жаздан білінер. Бұл мақал істің ақыры басынан-ақ белгілі болады дегенді аңғартады. Әуелден-ақ соңы белгілі істі айтады` (ДЛТ, II, 172);

5. *Evek evge tegmes* `Абдырап сасқан адам үйге жетпес. Өйткені, ол асып-сасып әбдіреп шаба бергендіктен атын болдыртып алады да, ылаусыз қалып өкінеді. Бұл мақал кісілерге істе әбдіреп, ұшқалақтыққа салынбай, мұқият болуды мегзеп айтылған` (ДЛТ, II, 36). *Ersek erge tegmes, evək evge tegmes* `Ерсіреген ерге тимес, асып-әбдіреген (ұшқалақ) үйге жетпес. Бұл мақал сасып әбдіремеуге, сабыр-парасатқа шақырғанда айтылады` (МҚ, I, 134);

6. *Kökke sayuzsa jüzge tüšür* `Көкке түкірсе, бетке түсер. Бұл өзінен зорларға қысастық, қастық істегендерге, сол жамандығы айналып өзіне тиетіндігін мегзеп айтылған` (ДЛТ, II, 102), *Kökke sudzsa jüzge tüšür* `Көкке түкірсе, жүзге (өзіне) түсер. Бұл мақал: «басқаға жамандық істесең, өзіңе қайтады» дегенді мегзеп айтылған` (ДЛТ, III, 188). Бұл мақал мәртебе, лауазымы өзінен биік, жоғары тұрған адаммен жауласатын, егесетін кісілерге қарата айтылады. Яғни жаулық пен оның жапасы бет жүзіңе түкірік тигендей өзіңе қайтады деген мағынада, ДЛТ, III, 582);

7. *Ikki buyra ikeşür, otra kökegün janşilar* `Екі бура сүйкенсе (алысып егесе), ортасында (көк) шыбын жаншылар (өлер). Бұл мақал екі мықты, екі бек тартысса, ортасында әлжуаз жаншылып қалады деген мағынаны мегзеп айтылады` (ДЛТ, I, 224). *Ikki buyra ikeşür, otra kökegün janşilar* `Екі бура үйкесер, ортасында көк шыбын жаншылар. Бұл мақал батыр егесіп, ұрысса, ортасында әлсіз әлжуаздар жаншылып өлетінін мезгейді` (ДЛТ, II, 416);

8. *Alimşiarşlan, berimşi sişyan* `Алымшы – арыстан, беруші (берешек) – тышқан. Қарызын талап етіп алушы түйілгенде арыстан болады, қарызды қайтарушы қорыққаннан тышқан кебінде болады` (ДЛТ, I, 105, ДЛТ, I, 469);

9. *Tüzün birle uruş, utun birle üsterme* `Түзумен ұрыс, бұзықпен (ұятсызбен) ұстаспа (үстемдеспе, егеспе); Яғни, айтыссаң түзу, момын адаммен ұрыс, сол түсініп, көтереді, ұятсыз, арсыз адаммен таласып-тартыспа, ол өзінді шерменде етеді (ДЛТ, I, 262)` . *Tüzün birle uruş, utun birle tireşme* `Момынмен ұрыс, бұзықпен тіреспе` (Өйткені, түзу, момын адам сенің артық шығып, жеңіп кеткенінді көтереді, әділ, тентек бұзық адам сені езіп-жаншып, қыр соңыңнан қалмайды, жеңеді). (ДЛТ, I, 474);

10. *Tilkü öz inige ürse udzuz bolur* `Түлкі өз ініне үрсе, қотыр (қор) болар. Бұл мақал өз елін, өз ұрқын және шахарын жамандаушыларға айтылған` (ДЛТ, I, 84; ДЛТ, III, 13);

11. *Qilnu bilse qizil kidzer, Jaranu bilse jaşil kidzer* `Қылынайын десе қызыл киер, Жарасайын десе жасыл киер (ДЛТ, I, 453). *Qilinu bilse qizil kedzer jaranu bilse jaşil kedzer* `Қылықтанайын десе, қызыл киер, жарасайын десе жасыл киер. Ер құрметіне ләзімдеп киінеді, сол реңдерге қарай ер де әйелді ұнатар демекші (ДЛТ, III, 32);

12. *Erdem başi til* `Әдеп – қасиет (өнер) басы тіл. Бұл жерде «жақсы сөз», «ізгі сөз» хақында айтылған` (ДЛТ, I, 394; ДЛТ, III, 189);

13. *Sögüt sölişe kadziş kasija* `Мәжнүн талға – нәзіктік, қайыңға қаттылық жарасар. Бұл мақал «Барлық нәрсе өз тегіне тартқаны жақсы» дегенді білдіреді (ДЛТ, I, 413; ДЛТ, III, 190);

14. *Jüzge körme erdzem tile* `Жүзге қарама, қасиет тіле` (ДЛТ, II, 18; ДЛТ, III, 200);

15. *Tay tayqa qavuşmaş kişi kişige qavuşur* `Тау тауға қосылмас, кісі кісіге қосылар. Бұл мақал сүйгенімен араға көп уақыт салып барып жолыққанға қатысты айтылған` (ДЛТ, II, 136; ДЛТ, III, 213);

16. *Qaniş qan birle jumas* `Қанды қанмен жумас. Яғни қанды қанмен, қырғынды қырғынмен тиюға болмайды, аласапыранды бітістіріп, жарастырып қана басуға болады` (ДЛТ, III, 93; ДЛТ, III, 219);

17. *Sabanda sandiriş bolsa örtkünde irteş bolmas* `Жер жыртқанда есеп-қисап болса, қырманда даушар болмас. Бұл мақал кейін түсініспеушілік, ұрыс-керіс болмау үшін істі бастағанда пысық-ширақтық жасау керек деген мағынада` (ДЛТ, I, 462). *Sabanda sandruş bolsa, örtgünde irteş bolmas* `Сабанда тартыс болса, қырман кезінде жан-жал, керіс болайды. Бұл мақал істі бастағаннан-ақ пысықтап, тиянақтап атқару қажет екендігін мегзейді` (ДЛТ, III, 554);

18. *Kökke sayuzsa jüzge tüşür* `Көкке түкірсе, бетке түсер. Бұл өзінен зорларға қысастық, қастық істегендерге, сол жамандығы айналып өзіне тиетіндігін мегзеп айтылған` (ДЛТ, II, 102). *Kökke sudzsa jüzge tüşür* `Көкке түкірсе, жүзге (өзіне) түсер. Бұл мақал: «басқаға жамандық істесең, өзіңе қайтады» дегенді мегзеп айтылған (ДЛТ, III, 188; Бұл мақал мәртебе, лауазымы өзінен биік, жоғары тұрған адаммен жауласатын, егесетін кісілерге қарата айтылады. Яғни жаулық пен оның жапасы бет жүзіңе түкірік тигендей өзіңе қайтады деген мағынада, ДЛТ, III, 582);

19. *Tikan tarişan jer üzüm biçmaz ol* (ҺХ, 40-бет) `Тікен еккен адам жүзім жинамайды` (ҺХ, 62-бет). *Iza iftarta amran fa žzir`ala-vatahu man jazra`uş - šavka la hahsud bihi`inaba* (ҺХ, 40-бет) `Жамандық етсең, салдарынан сақтан, өйткені тікен ексең жүзім шықпайды` (ҺХ, 62-бет);

20. *Gevher alur gavvas eger candın keşse* (ДХ, 120-х, 101-б) Сүңгуір болып дария ішінде гауһар термей (ДХ, 57-х, 68-б). *түрік тілі: «Denize dalmadıkça inci elde edilmez». Gevvas bolmay gevher için derya çommaz, Candan keşmey çommağınca hergiz almaz* (ДХ, 118-х, 99-

б)Сүнгү білмей гауһар үшін дария шомбас, Жаннан кешіп, шомбағанша ешкім алмас(ДХ,73-х, 86-б);

21. *Sözüngni küdezgil basıng barmasun, Tilingni küdezgil tişing sinmasun*(ҚБ, 33-бет) Сөзінді бақ, басың кесіп алмасын, Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын! (АЕ, 92-бет, 7, 167-бәйіт). *Tilig ked küdezgil küdezildi baş, Sözüngni kisurgil uzatildi yaş*(ҚБ, 34-бет)Тілінді бақ, басың аман болады, Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады (АЕ, 93-бет, 7, 176-бәйіт) т.б. [3].

Қорыта айтқанда, «Диуани лұғат-ит түрк», «Құтадғу біліг», «Һибат-ул хақайик», «Диуани хикмет» шығармалары тілінде мол мақал-мәтелдер қорының сақталуы, олардың біраз бөлігі тұрақты паремиологиялық тұлғасы мен паремиологиялық мағынасын өзгертпей ескерткіштер тілінде қайталанып қолданылуы, кей мақалдардың төрт ескерткіште де кездесуі. XI-XII ғғ. түркі әдеби жазба тілінде паремиологиялық жүйенің толық қалыптасқанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. –Алматы: Жазушы, 1967. –185 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Сөздік-Словарь,2005.–440 б.
3. Алашбаева Ж.Н. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі паремиологиялық жүйе (XI-XII ғғ) тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Нұр-сұлтан: 2020.

UDC 372.881.1

DEVELOPMENT OF INTEGRATION IN ENGLISH LESSON

Асемегул Махамбетова

Х.Досхұмедов атындағы Атырау университетінің

1-курс магистранты

makhambetova.90@mail.ru

Атырау қ., Қазақстан

Key words: integration, concepts, methods, implementation, assimilation, management, predominant orientation.

INTRODUCTION

In the modern educational process, the main organizational form of knowledge and skills transfer is a lesson. It can be carried out in a traditional and non-traditional form. In the traditional form, the student, as a rule, is a passive object of learning. Modern teachers are constantly looking for new forms of explaining the material and feedback that will help to activate all students increase their interest in classes and at the same time ensure the speed of memorization, understanding and assimilation of educational material. In the course of their teaching activities, English teachers, like no one else, are faced with the fact that only knowledge on this subject is not enough, knowledge from the field of geography, history, literature, arts, etc. is constantly required. At some point, I thought about the fact that who better to give children knowledge than the subject teacher himself. And if children receive knowledge in an interesting bright form, then it will be remembered for a long time.

I tried to learn as much as possible about integrated learning, studying theoretical materials while introducing new things into the practice of work. Studying the theory, I realized that integrated forms of teaching English contribute to the formation of the subjective experience of students, increase the motivation for self-development of their personality. Integration in teaching English is aimed, ultimately, at ensuring the integrity of the educational process - its ability to

implement personal development functions, ensuring the coordinated assimilation of all the main elements of the content of education - subject, activity, creative and personal experience. The modern content and technology of education are focused on the development of the key competencies of the student, designed to provide him with a real opportunity to succeed in his chosen field of life, to help realize his personal potential. Modernization of education, taking place in difficult socio-economic conditions, is based on pedagogical concepts, primarily on the model of personality-oriented education, on the humanistic traditions of pedagogy, respect for the inner world of the student and his free development as a person. (E.V. Bondarevskaya, M.V. Clarin, F.K. Savina, A.M. Saranov, N.K. Sergeev, V.V. Serikov, I.S. Yakimanskaya, etc.). These researchers identify various ways to implement the model of personality-oriented education, including training based on the dialogue of cultures, imitation-game, contextual and project-based learning technologies, etc. One of these ways is to build the learning process on an integrative basis.

THE MAIN PART

The modern content and technology of education are focused on the development of the key competencies of the student, designed to provide him with a real opportunity to succeed in his chosen field of life, to help realize his personal potential. Modernization of education, taking place in difficult socio-economic conditions, is based on pedagogical concepts, primarily on the model of personality-oriented education, on the humanistic traditions of pedagogy, respect for the inner world of the student and his free development as a person. (E.V. Bondarevskaya, M.V. Clarin, F.K. Savina, A.M. Saranov, N.K. Sergeev, V.V. Serikov, I.S. Yakimanskaya, etc.). These researchers identify various ways to implement the model of personality-oriented education, including training based on the dialogue of cultures, imitation-game, contextual and project-based learning technologies, etc. One of these ways is to build the learning process on an integrative basis.

Integration is aimed, ultimately, at ensuring the integrity of the educational process - its ability to implement personality-developing functions, ensuring the coordinated assimilation of all the main elements of the content of education - subject, activity, creative and personal experience. At its core, integration (from the Latin *integrano* - restoration, replenishment) is such a correlation, interaction of elements of the educational system, when the subjects of education can consciously and purposefully change the connections (relationships) between educational elements, implementing some principle of organization. Integration in this case involves the correlation of the content and technologies of learning with some central idea (feature). At the same time, heterogeneous subject areas are transformed into new structures.

Integrated forms of learning are understood by researchers as a way of organizing the educational process focused on the assimilation of types of experience that go beyond the scope of subject knowledge and provide a higher level of competence in the field under study than is the case in traditional subject-separated learning. For integrated forms of education (integrated course, integrated lesson, interdisciplinary problem situation), it is necessary to select the content and substantiate the pedagogical expediency of this choice.

Analysis of the theory and practice of using integrated forms of education in school reveals a number of contradictions between:

- the strengthening of integrative processes in modern education (integrated courses, integrated lessons, interdisciplinary problem situations) and the predominant orientation of the methodological system of secondary schools on traditional subject areas;

- the integrity of culture and its fragmentary representation in different academic disciplines, the inconsistency of programs, categorical and conceptual translation of knowledge from one academic language to another; the need to streamline interdisciplinary humanitarian ties, organize disparate information into a reasonable, scientifically based system adequate to cultural reality, and the lack of scientifically based ideas about the conditions for the development of students' consciousness;

- the need to integrally use educational resources of various disciplines to actualize the personal-developing situation in the educational process and to preserve the traditions of teachers in educating students "by means of their subject";

- the need to create a collective pedagogical entity in the school as a qualitatively new form of professional cooperation of teachers and the continued isolation of methodological associations of teachers, insufficient use of effective forms of methodological work management.

Integration of knowledge from various subjects is carried out with the help of an integrated lesson. The system of integrated lessons is the basis of integrated learning. An integrated lesson is a specially organized lesson, the purpose of which can be achieved only by combining knowledge from different subjects, aimed at considering and solving some borderline problem, allowing students to achieve a holistic, synthesized perception of the issue under study. Such a lesson harmoniously combines the methods of various sciences, has a practical orientation. An integrated lesson is a form of conducting a lesson where knowledge, skills and abilities acquired in the study of various subjects are combined, which implies that students will be able to obtain them by means and methods of various academic disciplines. This contributes to the formation of a scientific understanding of the world as an integral system of separate interconnected parts. A special place when using the integrated approach is given to the binary (integrated) lesson.

Signs of an integrated lesson:

1) a specially organized lesson, for example, if it is not specially organized, then it may not be at all or it breaks up into separate lessons that are not united by a common goal;

2) a specific (combined) goal; it can be set, for example, for a) deeper insight into the essence of the topic being studied; b) increasing students' interest in the subjects; c) a holistic, synthesized perception of the issues studied on this topic; d) saving study time, etc.;

3) extensive use of knowledge from different disciplines, i.e. in-depth implementation of interdisciplinary relations.

The types of integrated lessons can be different: explanation of new material, consolidation and generalization of knowledge, a practical lesson, etc. Integrated learning also implies conducting binary lessons and lessons with extensive use of interdisciplinary connections.

Types of integrated lessons:

lesson-lecture;

lesson-journey;

lesson-expedition;

lesson-research;

the lesson is staged;

educational conference;

lesson-excursion;

multimedia lesson;

practical lesson;

lesson-dialogue;

lesson - business or role-playing game;

role-playing and business games;

workshops;

lessons of project protection.

During my entire teaching career, I have developed and conducted 11 integrated lessons and 3 integrated events, where interdisciplinary connections with the Russian language, biology, physics, geography, history, literature, and service work were implemented. In all lessons, videos were used to create conditions as close as possible to practical scientific and economic activities, as well as authentic (authentic) materials from various spheres of the society's activities.

The most interesting in my opinion were:

1) Integrated English lesson – service work (Grade 7). Students are offered a video excerpt. Their English peer prepares a traditional English dish "English pudding". After the first viewing, they have to fill in the gaps in the ingredients, and after the second viewing, they have to number the scattered instruction sentences so that the recipe for this dish turns out. (Weaker students are also given the text of the video for visual support after 1 viewing.)

The lesson helped the students to integrate their knowledge of English with skills in the subject of service work in the course of getting acquainted with the preparation of the traditional British dish "English pudding" and repeating the recipe for cooking Ukrainian borscht.

2) Integrated English – Physics lesson (10th grade)

The workbook of the UMK "Enjoy English" offers children a text about an outstanding scientist who was ahead of his time – Nikola Tesla. So the idea arose to expand the knowledge of children in the field of physics through the English language. The children, divided into groups, were asked to collect as much material as possible about the scientist and his discoveries and prepare projects in English. At the same time, the physics teacher and I prepared interesting tasks to consolidate the knowledge gained.

3) Integrated open lesson "Effective environmental management" (ecology – English.) During the lesson, students developed listening and speaking skills when discussing the impact of electricity production on the environment, as well as traditional and alternative energy sources.

4) Lesson on the topic "How to keep healthy" (English – biology – using ICT) 7th grade.

A lesson was held during which students filled out an information bulletin about adolescent health problems in Russia and collected information on the Internet about school students in the United Kingdom, Ireland and China. Using computer technology, students reflected the collected information in a wall newspaper.

5) Open event "Ethnoexpedition "Where I come from" (English - literature). (6th grade)

During the event, the students told the "guests who came from Britain" about Russian traditions, famous writers and artists. Those, in turn, also introduced Russians to famous personalities in the field of literature, music and art of Britain. Russian pies and a tea party from a Russian samovar were served to the guests at the end of the event.

6) Open lesson "Journey into space" (English – astronomy) During the lesson, students talked about the cosmic past, present and future of mankind

7) Open lesson (English - history grade 7) lesson-consolidation of the material covered on the topic "Monarchy in England in the XVI century". as well as summing up the work on the English elective "Pages of British History". The objectives of the lesson were: to form students' sense of respect and interest in the history of the country of the studied language, education of communication culture, development of linguistic, intellectual, cognitive abilities of students, development of monological speech skills in English, familiarization with the cultural values of the country of the studied language.

During the lesson, students participated in theatrical productions to convey the atmosphere of that time, presented projects about the monarchs of that period, performed various types of tasks and by the end of the lesson the children had to answer the question "What is the role of power in people's lives? How important is it – who runs the country?"

8) Since I now work at a school where children study two languages – English and German, there was a desire to integrate these two subjects. Together with the teacher of the German language, the lesson "Harvest Festival" was developed. It was not by chance that we chose such a theme for our event as "Harvest Festival", because it seems important to us and lies in the sphere of children's interests. This holiday has deep folk traditions, both among the Russian, English and German peoples. In the process of preparing and participating in this holiday, children see the closeness of cultures of different nations and join their traditions. Thus, students gradually develop a tolerant attitude towards foreign language culture, respect and a deeper understanding of the language being studied and the people who initially speak it.

CONCLUSION

If we talk about the effectiveness of this unconventional form of conducting lessons, then we can note an increase in motivation to learn English. Some progress has been made in preparing students for Olympiads and competitions, including theatrical ones. I have concluded that the advantages of integration are as follows:

1. The world surrounding children is known by them in diversity and unity. 2. Integrated lessons develop the potential of the students themselves, encourage them to actively cognize the

surrounding reality, to comprehend and find cause-and-effect relationships, to develop logic, thinking, and communicative abilities. To a greater extent than usual, they contribute to the development of speech, the formation of the ability to compare, generalize, draw conclusions.

3. The form of integrated lessons is non-standard and fascinating.

4. The use of various types of work supports the attention of students at a high level, which allows us to talk about the developmental effectiveness of such lessons.

5. They relieve fatigue, overstrain of students by switching to a variety of activities, dramatically increase cognitive interest, serve to develop imagination, attention, thinking, speech and memory of schoolchildren.

6. Integration provides an opportunity for self-realization, self-expression, creativity of the teacher, promotes the disclosure of the abilities of his students.

Integration is a source of finding new facts that confirm or deepen certain conclusions, observations of students in various subjects.

7. Integrated lessons give the student a fairly broad and vivid idea of the world in which he lives, about mutual assistance, about the existence of a diverse world of material and artistic culture.

When planning and organizing such lessons, it is important for the teacher to take into account the following conditions:

1. In an integrated lesson, blocks of knowledge of two or three different subjects are combined, so it is extremely important to correctly determine the main purpose of the integrated lesson. If the overall goal is defined, then only the information that is necessary for its implementation is taken from the content of the items.

2. Integration helps to relieve tension, overload, fatigue of students by switching them to a variety of activities during the lesson. When planning, careful determination of the optimal load by various types of student activities in the classroom is required.

3. When conducting an integrated lesson by teachers (leading different subjects), careful coordination of actions is required.

4. In the form of integrated lessons, it is advisable to conduct generalizing lessons in which the problems most important for two or more subjects will be disclosed, but any lesson with its own structure can be an integrated lesson if knowledge, skills and results of analysis of the studied material by methods of other sciences, other academic subjects are involved in its implementation.

5. In an integrated lesson of several subjects, one is the leader.

6. Most often, integrated lessons are binary and are conducted jointly by teachers. Various integration of academic subjects is possible.

LITERATURE

1. Antonov N.S. Terms of knowledge. Arkhangelsk, 1969.
2. Baturina G.I. Interdisciplinary connections in the history of the Soviet school in pedagogy. In the book: Interdisciplinary connections in the educational process. - M.: Research Institute of General Pedagogy of the USSR Academy of Sciences, 1974.
3. Bezrukova V. Pedagogical integration: essence, composition, mechanisms of implementation / Collection of scientific tr. SIPI, 1990.
4. Borisenko N.A. Possibilities of integration // School, 2001. No. 2. pp. 39-41.
5. Bezrukova V. Integration processes in pedagogy. Yekaterinburg, 1994.- 152 p.
6. Bondarevskaya E.V. Education in search of human meanings. Rostov-on-Don, 1995.
7. Bondarevskaya E.V. The prognostic role of the concept of personality-oriented education in the development of a holistic pedagogical theory. Rostov-on-Don, 1999.
8. Gelman 3. "Quixote does not choose paths.", or whether Cervantes was a chemist. // Alma mater (VSH), 1991. No. 5. - pp. 52-63.
9. Danilyuk A.Ya. Theory of integration of education. Rostov-on-Don, 2000.
10. Dodonov B. About the "personality" system. // Questions of Psychology, 1995. No.
11. Zinchenko V.I. Science is an integral part of culture. Questions of philosophy.

12. Zverev I. Interdisciplinary connections as a pedagogical problem. // Soviet Pedagogy, 1974. No. 2. pp. 10-16.75.3. I.D. Integration and the "integrated" subject // Geography at school, 1983. No. 4. pp. 46-49.
13. Ilyin B.C. The process of education in education as a pedagogical problem. His essence. The problems of the study. In the book: Improving the educational process. - Volgograd, 1976.
14. The individuality of the teacher and the development of the personality of schoolchildren. Daugav-pils, 1988. -pp. 11-16.
15. Kapterev I.F. Didactic essays. // Textbook on the history of pedagogy. M., 1936. - Vol. 4. - p. 399.
16. Klarin M.V. Learning based on holistic personal experience. // Modern school: problems of humanization of relations between teachers, students and parents. Abstracts of the report. M., 1993. - Part 1. - pp. 68-69.
17. Kraevsky V.V. Methodology of pedagogical research. Samara: SamNII Publishing House, 1994. - 165 p.
18. Piaget J. Psychology, interdisciplinary connections and the system of sciences. / Questions of philosophy. 1966. - No. 12.
19. Razbegaeva L.P. Theory and practice of humanitarian education: value-communicative approach. Autoref. diss. Doctor of Pedagogical Sciences, Volgograd, 2001
20. Serikov V.V. Personality-oriented education: questions and answers. // On the way to the pedagogy of personality. Volgograd, 1997.

ӘОЖ 17.01.07

ЖАЗУШЫ Т.ӘБДІКОВТІҢ «ҚОНАҚТАР» ӘҢГІМЕСІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Гүлсезім Жетекова

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты
gulsok-98@mail.ru
Алматы қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада қаламгер шығармалары оқырманның рухани әлеміне белсенді түрде еніп, оны үйлесімді тұлға қалыптастыруға қажетті идеялық, адамгершілік, эстетикалық құндылықтармен байытылуы баяндалады.

Төлен Әбдікұлы - жеке қолтаңбасы мен авторлық ұстанымы қалыптасқан белгілі қазақ жазушысы. Оның шығармалары көптеген жылдар бойы сұранысқа ие болып, оқырманның сүйікті туындыларына айналды. Қаламгер шығармалары оқырманның рухани әлеміне белсенді түрде еніп, оны үйлесімді тұлға қалыптастыруға қажетті идеялық, адамгершілік, эстетикалық құндылықтармен байытады. Сондықтан Т.Әбдік шығармалары тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де бірнеше тілдерге аударылды. Төлен Әбдік өзінің әңгімелерінде, повестерінде, романында өз заманының көптеген өзекті тақырыптарын қозғады: Қазақ халқының тағдыры, балалық шақ, ақиқат, қоғамның арсыздығы, жазушы шығармаларында бірқатар мәңгілік тақырыптар ретінде: шындық, адалдық, махаббат, адам бақыты, өмірдің мәнін[1] алып қарастырды. Оның әңгімелері көлемі мен стилі жағынан қарапайым және қысқа, бірақ болмыстың терең сұрақтарын қамтиды. Оның шығармаларын әр жаңа оқыған сайын оқушылар оның әдемі, жұмбақ әлемінің жаңа, әлі белгісіз қырларын ашады.

Туындыгер шығармашылығы қазіргі заманға сай болып қала береді, өйткені біздің заманымызда адамдар махаббат, адамгершілік сұлулық, адам бақыты, өмірдің мәні туралы мәңгілік сұрақтарды толғандырады. Оның шығармаларындағы көптеген әлеуметтік мәселелер әлі де өзекті болып қала береді. Бұл проблемаларды тек ересек оқырманның ғана емес, сонымен қатар мектеп оқушыларының назарына жеткізу өте маңызды. Төлен Әбдіковтің "Қонақтар" әңгімесі бірнеше жылдардан бері мектеп бағдарламасына енгізілген.

Жалпы орта мектепте әңгіме жанрын оқып-үйрену мәселесіне қатысты көптеген тұжырымдар айтылды. Көптеген жазушылардың шығармалары бойынша жұмыстың негізгі бағыттары, көптеген әдіс-тәсілдері ұсынылды. Бүгінгі таңда әдебиетті оқытудың отандық әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі – көркем мәтіннің поэтикасын зерттеу мәселесі. Қазіргі уақытта әдебиет сабағында оқушылардың іс-әрекетінің бұл түріне жүгіну жазушы поэтикасының өзіне тән белгілерімен таныстыру ретінде қазіргі мектептегі әдеби білім беруді жаңарту мен жақсартудың мүмкін нұсқасы ретінде қарастырылуда.

Т.Әбдіков шығармашылығын мектептегі әдебиет курсында оқып-үйрену әдебиетті эстетикалық құбылыс ретінде қабылдай алатын тұлға тәрбиелеуге әсерін тигізеді. Төлен Әбдіктің әңгімелері қоғамға оның келеңсіздігін көрсете отырып, адамды «әлеуметтік дерттен» тазартуға, «емдеуге» бағытталған. Т.Әбдік ғажайып дәлдікпен және көркемдік көрегенділікпен өзінің қазіргі қоғамындағы келеңсіздіктерді көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге осы келеңсіздіктерден арылу жолдарын да меңзеп үлгерді. Бұл мәселелер бүгінгі күні де бар, сондықтан Т.Әбдікұлы әңгімелері өзектілігін жоғалтқан жоқ және жоғалтпайды.

Төлен Әбдіковтің романдары мен әңгімелерінің кейіпкерлері – біздің замандастарымыз. Жазушы өз шығармаларында соғыстан кейінгі, кеңестік және посткеңестік кезеңдегі адамдардың өмірін баяндайды, олардың ішкі рухани тәжірибесін ашады. «Қонақтар» әңгімесінде қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін, оның ерекшеліктерін, сан алуан кейіпкерлерін суреттейді.

Әр ұлттың жүріп өткен жолы, көрген тауқыметі, қызығы мен шыжығы, яғни бүтіндей дерлік тарихы әдебиетінде көрініс табады. Қазақ халқы үшін қашан да салт-дәстүр, ұлт мәдениеті, өзіндік қалыптасқан менталитет, отбасы құндылықтары мәселелері маңызды болып табылады. Ұлттық болмысымызды, отбасы құндылықтарын, ұлтымызға тән рухани ішкі әлемімізді, салт-дәстүрді, ұлттық мінезді танытатын прозалық туындылардың сөз өнерімізде айтарлықтай орны бар. «Отбасы» сөзінің өзі адам баласы үшін жылылықтың, махаббат пен сыйластықтың мекені. Отбасы құндылықтары – ата-бабамыздан әрбір ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатырған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және қалыптасқан көзқарастар мен мінез-құлық ерекшеліктерінің көрінісі. Қаламгер Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесі, арқылы қазақ қоғамындағы отбасында әкенің, оның ізін жалғаушы ұлдың рөлінің қандай екенін түсінеміз. «Қонақтар» әңгімесінде Ерғабыл шал үшін жалғыз ұлы Сапабектің алған жоғары білімі, қызметі бірінші орында емес, оның ұлынан бар күтетіні, ол үшін ең керекті – жалғыз тұяғының қара шаңырақты ұстап қалуы, немерелерінің өз төрінде ойнауы еді. Сапабектің орынсыз, ауыл адамдары түсінбейтін геология, әр түрлі тастар жайлы әңгімелері, ауылға, өз әкесінің үйіне көп келмей, тіпті баласын тастап кетпеуінен оның қара шаңырақтан алшақтап, болмысының қала адамдарына тән өзгергендігін аңғартады. Қалаға кері кетуге асыққан жалғыз ұл Сапабек пен немересіне деген сағыныштарын әлі баса алмаған Ерғабыл шал мен Бағыла кемпірдің көңілдері су сепкендей басылып қалады. Қазақ отбасында «келін» образы басындағы ақ орамалымен, ұзын етек жабық көйлегі, қазақы болмысымен ерекшеленеді. Жазушы Т. Әбдік қазақ отбасындағы келінге тән емес образды Бағыла кемпірге шай құйысып отырған орыс тілді Сапабектің әйелінің бейнесі арқылы көрсетеді. Автор қазақтың таным-түсінігіне тән емес отбасы құндылықтарын әрбір деталь арқылы көрсетеді. Т.Әбдіков осы тақырып төңірегіндегі «Әке» повесінде де отбасындағы Алладан кейінгі қорған, тіреу, ең мықты адам әке екендігіне қалам тербейді. Жазушы туындыдағы Сейсен шалдың көрегендігі, нағыз әкеге тән табандылығы және көрген тауқыметі арқылы оқырманға отбасындағы «нағыз әке» образын береді. Бүгін де қазақ отбасыларында қара шаңырақты, әке үмітін, ана махаббатын қала өміріне, қызметке тәрк еткен «Қонақтардағы» Сапабек сияқты, өкініш өзегін өртеген «Әке» повесіндегі Сайлау секілді ұлдар жетерлік. Тірі кезінде ата-анамыздың сөзін жерге тастамай, солар нұсқаған жолмен жүру – біздің парыз. Отбасында ер баланың әке шаңырағын бұзбай, сол шаңырақты сақтап, қартайған әке-шешені немерелерінің ортасында төрге отырғызып, келін қызығын көрсету – ұлттық танымымызда қалыптасқан қағида десек те болады.

«Қонақтар» әңгімесінің басты кейіпкері – асыға күткен қонақтардың келуін күтіп отырған жетпіс бес жастағы қария, сақалды Ерғабыл. Қонақтар ұлы Сапабек пен оның әйелі, келін Тома мен немересі Жеңіс болады. Ерғабылды шартты түрде жазушының тағы бір шығармасының кейіпкерінің қосарлануы деуге болады. Ол «Әке» повесіндегі кейіпкер, Сайлаудың әкесі – Сейсен. Бұл екі образды автордың ортақ қасиеті байланыстырады, олардың мүдделері ортақ, тағдыры ұқсас. Өртүрлі шығармалардағы қаһармандардың портреттік мінездемелерін осылайша дәлдеп беру автор бейнесінің жалпы принциптерін анықтауға мүмкіндік береді[2,99]. Ерғабыл мен Сейсен – ауылдастарының құрметіне бөленген аға буын өкілдері. Осы ерекшеліктермен автор мұндай кейіпкерлердің қаншалықты ұқсас екенін көрсетеді. Біріншіде де, екіншіде де автор өз ұлын символикалық түрде күтетін, оның амандығын армандайтын әке түрін бөліп көрсетеді, сол арқылы ұлттық мінез, діл ерекшелігін көрсетеді. Олар арқылы автор адамгершілік отбасылық және мәдени құндылықтар жүйесін сипаттайды. Өйткені, қазақ халқы отбасының жалғасын тек ерлер желісі арқылы көрсететіні айқын. Әке мен баланың өмірлік ұстанымдарының қарама-қайшылығы, аға және жас ұрпақ арасындағы қарым-қатынас алдыңғы орынға шығады. Бір айта кетерлігі, бұл көне мәселе классикалық әдебиет қаламгерлерін үнемі толғандырып келген, қазіргі авторлар үшін де өзекті. Ауылға сыйлы адам Ерғабыл туған ауылының тағдырына алаңдап, баласының қара шаңырақты ұстап қалуға емес, үнемі тек қонақ ретінде келгенін естіп, қынжылады. Айта кету керек, шығыс адамының мәдениетінде аға ұрпаққа тән құрмет, сабақтастық, сондай-ақ жалғыз немесе кенже ұлдың ата-анасымен бірге тұруы. Алайда қазіргі қазақ жастары бұдан да алыстап, ата-анасынан бөлек өмір сүруді жөн санайды. Автордың ирониясы тақырыптың өзінде жатыр, мағынасы терең. Қазақ халқы үшін отбасының қонағы болып сол үйде өскен, болашақта тұрмыс құратын қыздары болып табылады. Алайда бұл әңгімеде автор жалғыз мұрагер бола тұра, ұлды отбасында қонақ ретінде атаған. Әңгімеде автор қазақ отбасының мәдени құндылықтарындағы тарихи өзгерістерді, урбанизацияны және олармен өмір сүргісі келмейтін қазіргі жастардың көзқарастарын көрсетеді.

Жазушы Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесі 7 - сыныптың қазақ әдебиеті пәнінде оқытылады. Әңгіменің өн бойында келер ұрпаққа берер тәрбиесі мол, айтар ойы астарлы, тереңде жатыр. Оқушылар 7-сыныпта қазақ әдебиетінен жазушы, қоғам қайратері, драматург Төлен Әбдіковтің шығармашылық жолы, шығармашылық зертханасы, соның ішінде «Қонақтар» әңгімесімен танысады. Қазақ әдебиеті пәні негізінде бағдарламаның жеті модулін кіріктіре отырып 7-сыныпқа сабақ топтамаларына бағдарламаның барлық идеяларын пайдалана отырып, жоспар бойынша Блум таксономиясының тізбегіне Төлен Әбдіктің аталған туындысы «Қонақтар» әңгімесін алып қарайық. Осы жеті модуль негізінде сабақтың мақсаты, қолданылатын әдіс-тәсілдері, оқытудың нәтижесі, оқып үйренудің бағалау түрі, негізгі дереккөздері нақты бағыттармен айқын көрсете отырып, жеті модульдің 4-ші модулі оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдісін сабақта тиімді пайдалануға болады. Оқушыларға сапалы білім беру үшін әрбір мұғалім оқу процесінде жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, электрондық оқулық пен интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі арта түсері айқын [3,95]. Сонымен бірге еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ компьютерді терең меңгеруі қажет. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту - білім берудің бір бөлігі болып есептеледі. Қазіргі кезде заман ағымына сай білім беру жүйесі электрондық байланыс, онлайн сабақтар арқылы іске асырылуда. Күнделікті сабақта компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта, фламтор қолдану жақсы нәтижелер екенінен көз жеткізіп келеміз. .

1.Білу. «Жүзім сабағы» әдісі.

-Төлен Әбдіқұлы кім?

-Қандай шығармалары бар?
қандай?

-Өмір жолы жайында не білесіз?

-Шығармаларының тақырыптары



Жаңа сабақ «Ой шақыру» әдісі бойынша жалғастырамыз.


Түсіну.

Әңгіменің мазмұнын 3 бөлімге бөліп оқып, «Тұжырым» кестесін толтыру.

	Бөлім аттары:
I	Балаға деген сағыныш пен оны күту
II	Білімді, бірақ безбүйрек Сапабек
III	Жалғыз ұл – қонақ



Әр берілген тапсырмада оқушылардың жас ерекшелігіне орай, шығарманы, мағынаны тануға сай суреттер де беріліп отырса, білім алушылардың тапсырманы орындауға деген талпынысы, қызығушылығы және белсенділігі арта түседі[4].



Қолдану. «Мағынаны тану» Сұхбат алу.

1. «Қонақтар» әңгімесінде қандай жағдаяттар көтерілді?
2. Автор әңгіме арқылы не айтқысы келді?
3. Әңгімедегі көтерілген мәселелер қазіргі қоғамда да маңызды ма?
4. «Қонақтар» әңгімесінде қандай отбасылық, ұлттық құндылықтар сөз болған?

Талдау.

Әңгіменің композициялық құрылысы:

1. Әңгіменің басталуы - Ерғабыл шал мен кемпірінің әңгімесі.
2. Дамуы - Ерекеңнің малын іздеуі, ішкі ойы.
3. Байланысуы - Қаладағы баласының келуі. Ауыл қонақтары
4. Шиеленісуі - Сапабек пен әкесі әңгімелерінің жараспауы. Ауыл әні.

5. Шарықтау шегі - Мазасы кеткен қарт
 6. Шешімі - Соңғы үміті орындалмаған қария
 7. Қорытынды - Құлазыған көңіл

Жинақтау.

«Жүзім кластері» әдісі арқылы әңгіменің тақырыбы мен идеясын байланыстыра отырып өз ойларын жинақтайды

«Жаңа ұғым- жаңа ой»

Әңгіменің басты кейіпкерлерін жүйелеу. Естелік әңгімелермен таныстыру, дискіден үзінділер көрсету.

«ҚОНАҚТАР» ӘНГІМЕСІНІҢ ТАҚЫРЫБЫ	ӘНГІМЕНІҢ БАСТЫ ИДЕЯСЫ
Ұлттық құндылық негізі: ата үміті	Туыстық қарым-қатынас, ата-ананың алдындағы перзенттің парызы

«Ақыл-ой картасы» әдісінде карта сызу үшін шығармадағы кейіпкердің образын ашатын сұрақтарға жауап алу тапсырылады. Мәселен,

1. Ерғабыл қандай қария?
2. Ерғабыл қарияның бар ойы неде?
3. Сапабекке қария не үшін ренжіді?
4. Сапабек қандай ұл?

Әңгімедегі кейіпкерлер	Кейіпкерлердің бейнесі
<i>Ерғабыл қария</i>	Қазақи ұлттық болмысты сақтаған, сабырлы қария. Ұлының қара шаңырақты ұстап, ұлттық құндылықты сақтағанын арман етіп, үмітін үзбейді.
<i>Бәйбіше</i>	Жуас, жаулығын желбіретіп, әр нәрсеге көзінің жасын сығып қана алатын көнбіс ана.
<i>Сапабек</i>	Қалалық болып кеткен, қара шаңырақ пен қазақилықты, ұлттық болмысты түсінбейтін ұл.
<i>Тома</i>	Орыстілді, қазақ тілінде сөйлей алмайтын, ажарлы келіншек.
<i>Жеңіс</i>	Орысша тәрбие алған, ауыл тұрмысы мен ата-әжесін жатырқайтын қаланың баласы.

«Ой толғау»

Бағалау.

«Кенже ұл-қара шаңырақтың иесі» тақырыбына шағын шығарма жазу.

Шығарма несімен ұнады?	Сүйікті кейіпкерің?	Жасалған қорытынды.
Қызықты, тартымды, түсінікті тілмен жазылған	Ерғабыл қария мен бәйбішесі	"Қонақтар" әңгімесінің тақырыбы – отбасы құндылықтары мен ұлттық мүдде және

		<p>адамзаттың адамгершілік мәселелеріне арналған. Ал, идеясы - перзенттің ата - ана алдындағы парызы мен міндеті, қара шаңыраққа ие болуы. Автор өз көзқарасы арқылы отбасылық құндылықтардың жоғалып бара жатқандығын сыни көзқараста жазып, шығарма арқылы үлкен әлеуметтік мәселені көтеріп, әңгіме атауының өзін ирониямен берген.</p>
--	--	--

Әңгіме – көркем шығарманың тамаша үлгісі. Әңгіме – мағынасы толық, баяндау сипаты бар шағын прозалық шығарма, көркем шығарманың жарқын үлгісі болып табылады, сондықтан әңгімелерді оқу кезінде әдеби шығармамен жұмыс істеу процесінде талқыланатын жұмыстың барлық негізгі түрлері мен әдістері қолданылады. Әңгіме жанрын оқыту қазақ әдебиеті әдістемесінде тереңірек қаралып жүрген мәселелердің бірі. Т.Әбдіқовтің «Қонақтар» әңгімесінің болмысын, ұлттық ерекшеліктерімізді, ұлттық мүддені танытудағы маңызын көрсетіп, мектеп оқушыларына тиімді, әрі заманауи әдіс-тәсілдер арқылы оқыту – заман талабы. Әдебиет әлемінде көркем туындыларды оқу оқушыны әдебиет жанрымен таныстырып қана қоймай, сөз өнерінің құдіретіне үйретеді, ондағы өмір шындығына негізделген оқиғалары адамзат бойындағы ар, ұят, адалдық пен ақиқат, жақсылық пен жамандық, ізгілік сияқты қасиеттердің табиғатын ашуға жол көрсетеді [5,3]. Әрбір әдебиет сабағы өмір оқулығы іспеттес, одан оқушы өмірге құштарлық пен өмірлік тәжірибені меңгереді. Әдебиет сабағында оқушының рухани дүниесі нұрланып, туған тіліне деген сүйіспеншіліктен бастап, ұлттық құндылықтарын дәріптеуге, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері қалыптасып, дами түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төлен Әбдіқұлы. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 бет
2. Тарасенко Д.Н., Лекаца А.Н. Қазіргі қоғамдағы «әкелер» мен «балалар» мәселесі // Эксперименттік білім берудің халықаралық журналы. - 2015. - № 11-6. - С. 962 -963.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, «Рауан» 2008. -280б
4. Карпов И.П., Н.Н. Старчина. Открытый урок по литературе (5-11 кл.) М., 2002. 7-9 бб.
5. Тұрғынбаева Б.А. Қазіргі білімнің негізгі парадигмалары. // Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қазақстан, Тараз, 2 том. 2018.- 3-4 бб.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ПРОЗАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Әлихан Ералы

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2- курс магистранты*

Аңдатпа: Мақала әдебиет мұғалімдеріне және жоғары оқу орындарына пайдалануға арналған зерттеу еңбегі. Ол теориялық және қолданбалы мәселелерді шешуге таптырмас құрал. Жалпы білім беруде әдебиетті оқыту әдістемесі мектептер, академиялық лицейлер және кәсіптік колледждер білім беруді жаңғыртудың күрделі кезеңінде – көшуде, жаңа мазмұн, құралдардың, әдістер мен формалардың жаңартулары оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда қолданылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті; әдебиетті оқыту әдістемесі; әдістеме; білім алушылар; оқу шеңбері.

Мақала кәсіби педагогикалық қоғамдастықта белсенді талқыланатын мәселелердің бірі әдебиетте прозаны оқыту әдістемесін білім алушылардың оқу шеңберінде қарастыру болып табылады. Прозаны оқыту әдістемесін түсінікті, нақты, дәлелді, автордың идеясы мен көркемік шеберлігін жеткізу.

Жазушылардың шығармаларын нақты оқу үдерісінде төменде көрсетілгендей әдістерді алға тартамыз. Біз алға қойған мақсатмыз келесідей мәселелерді жоюға көмектеседі:

1. Білім алушылардың әдебиетті толықтай меңгермеуі;
2. Сөздік қордың аз болуы;
3. Тек ғана оқулықтармен шектелмей, шығармашылық еркіндік қалыптастыру;
4. Тіл тазалығы, еркін ойлау;
5. Білім алушылардың оқу үйірмесінде бос уақыт өткізбей шығарма идеясымен танысу.

Жаңа Қазақстанда ақылды, білімді ұрпақ тәрбиелеу заман талабына сай әдебиетті оқыту әдісін ұсынамыз. Білім алушылардың қазргі таңда әдебиет сабына деген сұранысы жоғары ал, сұранысқа мұғалім жауап беруі тиіс.

Түйін сөздер: қазіргі әдебиет; мектептегі әдебиеттің әдістемесі; Оқыту әдісі әдебиет; оқу шеңбері; жоғары сынып оқушылары; ҚОЛДАНУ; Бірыңғай мемлекеттік емтихан; емтихандарға дайындық; орыс әдебиеті; орыс жазушылары.

Оқыту тәжірибесінде көптеген әдістәсілдер ұзақ уақыт бойы психологияда, дидактикада қолданылып келеді. «Әдістеме» ұғымына біршама көзқарас бар:

- Модельдеуге бағытталған оқыту әдістемесі ретінде (нақты шындық).
- Инталандыруға бағытталған оқыту әдісі ретінде (оқу қызметі).
- Белсенді оқыту түрі ретінде (стандартты емес сабақ).
- Оқу қызметін ұйымдастыру формасы ретінде (топтық жұмыс).
- Жаңа оқыту технологиясы ретінде.[1, 27].

Әдістерді жіктеудің көптеген түрлері бар. Мұғалім сабақ сабақ барысында ойынның өтетін жерін сыныптық немесе сыныптан тыс екендігін анықтап алуы тиіс. Біз қолданғалы отырған әдістер:

- Білім мен біліктілікті тексеру;
- Бекіту және жалпылау;
- Оқу қызметін ұйымдастыру;
- Жеке және ұжымдық; [2, 35].

Әдістің жіктелу кестесімен таныстыру, ол екі белгіге негізделген: іс-әрекеттердің сипаты және мазмұнына байланысты.

Әдістердің еліктеу және еліктеусіз ойындар болып бөлінуі олардың жасау және пайдалану технологиясына байланысты. Егер сағат бойы әдістерді пайдалана отырып, кез келген оқу процесс немесе шындықтың қандай да бір түрі имитацияланады, содан кейін мұндай ойындар еліктеу деп аталады. Әдістемелік тұрғыдан қарастырсақ кейбір әдістерді жүзеге асыру ерекшеліктері оның классификациясына тікелей байланысты.

«Қазіргі уақытта» деп аталатын іскерлік әдіс-тәсіл шағын топтардағы интерактивті жұмыс әдістері болып табылады. Бұл әдіс әдебиет сабақтарында бұрыннан қолданылып келеді. Сонымен қатар, «Ара үйірі» әдісі, «Мозайка» әдісі, «Миға шабуыл» әдісі, «Синектика» әдістерін әдебиет сабағында қолдануға болады.

«Ара үйірі» әдісі – мәселені талқылауға арналған бүкіл сынып немесе шағын топ қатысуынан жасалады. Тапсырманы әртүрлі немесе бір тапсырманы бүкіл топқа беріледі. Топтар мәселелерді талқылап, олардың шешімі туралы есеп беру. Мұнда білім алушылар топ болып жауап беруі тиіс. Яғни, әр сөзді бөліп алуы керек. *Мысалы, Шерхан Мұртаза «Жүз жылдық жара» әңгімесіндегі соғыс жылдарындағы қазақ ауыл тұрғындарыны туралы айтыңыз. [3].*

«Қалам үстелдің ортасында» әдісі. Барлығының міндеті топ, әр оқушы параққа бір нұсқа жазады. Жауап беріп, көршісіне береді де, қаламын жылжытады үстелдің ортасы. Мұғалім топтың жұмысын және қатысуын бақылайды. Әр оқушының жалпы жауап дәптерге жазылады. *Әр қағазда Шерхан Мұртаза «Жүз жылдық жара» әңгімесіне арқау болған идеяны көрсетіңіз?» деген сұраққа жауап беріледі. [3].*

«Мозайка» әдісін оқу барысында қолдануға болады. Әдебиетте қысқа әңгімелерді оқыту барысында, өйткені әңгіменің жанрлық ерекшеліктері (кіші көлемді, бір немесе бірнеше кейіпкерлер, бір сюжет жұмыстың осы түрін жүргізуге мүмкіндік береді. Әңгіме мәтіні логикалық аяқталған 10-15 бөлікке бөлу керек, білім алушыларға оларды көрсетпей карточка түрінде дайындау керек. Карточка араластырып, кімнің карточкасы рет-ретімен тұратынын болжау керек. Ең алдымен әңгімелесу кезінде мәтін толықтай дауыстап оқылады. Бұл жұмыс логикалық ойлауды дамытады. Композициялық талдауды қажет етеді.

- Әңгіменің кесілгенін не түсіндіреді, жинауға болады ма?
- Әңгіменің себеп-салдары бар екенін дәлелдеңіз.
- Барлық оқиғалардың негізгі себепін атаңыз?
- Оның басты себебі?
- Әңгіменің басты кейіпкері кім?
- Әңгіме қалай аталады?
- Әңгіме шын мәнінде не туралы?
- Оқиғаның ең биік нүктесі – шарықтау шегі?
- Әңгіменің дәлелі?
- Әңгіменің сюжеті айтыңыз?

Миға шабуыл әдісі. Әдебиет сабағында қолданылуының мысалы:

1. «Миға шабуыл» әдісі арқылы мәселені шешетін оқушылардың оңтайлы саны 12-25 адам болуы керек. Олардың жартысы идеяларды тудырады, ал қалған жартысы оларды талдайды. «Басқарушылар» тобына кіреді

қиялы, абстрактылы ойлауға бейім оқушыларды жинау, «Сарапшылар» тобына аналитикалық, сыни көзқарасы бар оқушыларды жинау.

«Әдісті» топтағы сыныптарды басқаратын мұғалім басқарады.

2. «Басқарушылардың» негізгі міндеті шешімдердің максималды санын ұсыну. Оқушылардың ойлары жазылады немесе мұғалім дауыстап оқиды. Айтылған шешімге «Сарапшылар» тобына жүгінеді. Сыни ескертулерге жүгініп, сұрайды, сұрақтар қояды, кейде мәлімдемелерді түсіндіреді талқылауға қатысушылар қатысады.

3. «Әдістің» ұзақтығы шешілетін мәселенің күрделілігі байланысты болуы керек, бірақ 30-45 минуттан аспауы керек.

4. «Миға шабуыл» әдісінің қатысушыларының арасында еркін және достық қарым-қатынас болуы да назарда тұтылады. Бір қатысушы ұсынған идеялар басқа оқушылар жинап, дамытады. Талдау «сарапшылар» тобының идеялары өте мұқият жүзеге асыруында. Талдау кезінде идеялар бағаланады (мысалы, он балдық жүйеде), әрбір «сарапшының» пікірі ескеріледі.

Синектика әдісі. «Миға шабуылдың» одан әрі дамуы әдіс десек те болады. Бұл әдісті В.Дж. Гордон «Синектика» грек тілінен аударғанда «бір-біріне ұқсамайтын элементтердің қосындысы» дегенді білдіреді. Тұрақты топтар құрылып, олар бір-бірін түсіне алатын болуын да естен шығармауымыз тиіс.

- тікелей ұқсастық (мәсленің шешімі);
- жеке ұқсастық (кейіпкедің образына ену);
- символдық ұқсастық (мәселені қысқаша шешу);
- фантастикалық ұқсастық (кейіпкерлер не істеп жатыр тапсырманың шарттарымен талап етіледі). [4, 17].

«Синектика» әдісін әдебиет сабағында, тұлғалық ұқсастық қолданылса, кейіпкермен сәйкестендіреді немесе оны елестетуі мүмкін әдеби шығарма, елестетуге тырысады. Белгілі бір жағдайда шығарма кейіпкері қандай сезімдерді бастан кешіреді шығарманың сюжеттік жағдайларын келесі сипаттамадағыдай:

- Белсенділік – ойын әрекетінің негізгі принципі, интеллектуалды және белсенді көрінісін білдіретін ойынға дайындықтан бастап, оқушылардың психикалық күші оның процесі, сондай-ақ алынғанды талқылау кезінде нәтижелер.

- Түсінікті пен нақты, қарапайым болу керк.
- Ойын әрекетінің топтық сипаты: арасында қатысушылардың жаңа тапсырманы әзірлеуге күш-жігердің, мақсатқа тек бірлескен түрде қол жеткізуге болады.

- Көңілді және эмоционалды.
- Ойынға қатысушының мақсаттылығы, топтық мақсаттармен жеке мақсаттар сәйкес келуі.

- Ойын барысы жоспарлау процестерін, ұйымдастыру және мәселені шешу.
- Жекелік; ойын барысында дамиды оқушылардың жеке қасиеттері.
- Ойынның символдық сипаты қатысушыларға қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы оқушылардың ойын әрекеті, білім мазмұнының төрт құрамдас бөлігі де қалыптасады: білім, білік, дағды, шығармашылық әрекет тәжірибесі және әлемге эмоционалды және құнды қатынас тәжірибесін.

Қазіргі жағдайда нұсқалар, тәсілдер, шығармашылық ізденістер мұғалімінің алдында ұғымдарды таңдауға кең мүмкіндіктер ашады. Ең алдымен, мұғалімнің біліктілігін, жауапкершілігін ғана емес, талабын да арттырады. Біліктілік пен тәжірибе біртіндеп келеді. Мұғалімнің кәсіби жетілуі өзіндік педагогикалық ой-өрісін дамыту, нәтижелерді талау мен бағалау, білім берудегі қарым-қатынасты айтарлықтай әдістер арқылы жеделдете алады.

Біз бұл мақалада, педагогикалық зерделенген, практикалық тұрғыда сынақтан өткен әдістерді ұсынаып отырмыз. Бұл замануи әдебиетті оқыту технологиясы толығымен негізделген классикалық зерттеу. Дегенмен, бұл зерттеу қатып қалған жоқ. Ғылым жетілуі, тілдің дамуы, шығармалардың көбеюі, әдебиеттің дамуы секілді білім де жаңарып отырады. Осыған орай әдебиеттегі прозаны оқыту әдістері дамып, жетіліп отыруды талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жапбаров А. «Оқытудың жалпы әдістемесі». 5-кітап. – Алматы: 2021 – 292 бет.
2. Жақанбайқызы Б. «Сабақта қолдануға тиімді 300 әдіс-тәсіл». Әдістемелік құрал. - Алматы: 2019. – 178 бет.
3. Мұртаза Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. Повестер, пьесалар. – 392 бет.
4. Шаматов Д. «Білімге құштарлық». Әдістемелік құрал. – Бішкек: «Глобал Принт», 2020. – 104 бет.

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
МОТИВТЕРІН ЕСКЕРУДІҢ ЖАЙЫ.**

Ю.А.Нишанбаева

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
магистранты, Түркістан қ., , Қазақстан
nishanbaevva@mail.ru*

Аңдатпа: Оқыту әдісі – оқу пәні бойынша білім беру ісінің құрамдас ірі мәселелерінің бірі. Пән мазмұны маңызды болмайынша ол пән бойынша білім мазмұны да маңызды бола алмайды. Ал пән көлемінде берілетін білімнің мазмұны маңызды бола тұра оны білім алушыға жеткізудің әдісі жетілмеген болса, онда сапалы білім беру мүмкін емес. Сондықтан пәнді оқыту әдістемесінің сапалылығы білім беру жүйесінде үлкен қызмет атқарады. Оқыту әдістемесінің жоғары деңгейде болуы білім беру сатыларының барлық кезеңдері үшін міндетті. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту ісін әдістемелік тұрғыда жеткілікті негіздеу аса маңызды. Оның кейбір өзекті қағидалары жоғары мектепке арналған оқу құралдарында өз дәрежесінде көрініс тапқанын атап өткен дұрыс деп білеміз. Ал орта мектептегі оқыту әдістемесінің жоғары сапалы болуы – білім беру ісінің нәтижелілігінің басты шарты.

Орта мектеп оқу пәндерінің қатарында қазақ тілі пәнін жете білу – басқа пәндер бойынша сапалы білім алудың қажетті негізі болып табылады. Оқушының өз ойын тіл заңдылықтарының талаптарына сай лайықты жеткізуі, баяндауы, айтуы, негіздеуі – орта білім алудың басты құралы. Сондықтан рота мектепте қазақ тілі пәні бойынша білім мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне аса зор көңіл бөлінеді.

Түйін сөздер: оқыту әдісі, қазақ тілі, мектеп, мотив, әрекет.

Қазіргі кезде білім берудің өзіндік ұлттық үлесі қалыптасып келеді. Білім жүйесіндегі ескінің орнына жаңасы келуі, яғни, білім программасының өзгеруі жасырын емес. Бүгінде білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру ұстаздар қауымын үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктеп отыр. Технологияның өзі мұғалімдердің шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде әдебиеттерден қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын әр түрлі педагогикалық технология қолданылып жүргеніміз жасырын емес. Өз кезінде Ж. Аймауытов «... Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп оқыту үнемі ізденіспен, «жаңадан жаңаны» жасайтын іс-әрекет екенін айтқан еді. Сондықтан қай пән барысында да тек оқулықпен шектелмей, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына көңіл бөлу қажет.[1,13,]

Қазақ тілін оқыту әдістемесі тілдің адам өміріндегі, қоғамның әлеуметтік дамуындағы маңызы, тіл мен сана, сөз бен ойлау арақатынасы туралы лингвистикалық, психологиялық қағидаларға сүйенетіні белгілі. Бұл ретте қазақ тілін оқыту әдістемесі тіл білімінің тілдің әлеуметтік қызметі мен мәні жайындағы теориялық қағидаларына сүйенеді. Бірақ қазақ тілін оқыту әдістемесін қазақ тілінің құрамдас бір саласы ретінде түсінуге болмайды. Іс жүзінде қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні мен қазақ тілі пәнін бір санап, жоғары оқу орындарының оқу жоспарынан бірін шығарып тастауды жаңалық, инновация деп есептеу тәжірибесі де кездеседі.

Қазақ тілінен терең білім беруде деңгейлеп , саралап, даралап оқытуға грамматикалық тапсырмалары мол арнайы оқулық қажет. Егер мемлекеттік тіліміздің келешегін, дамуын

ойластырсақ , ғалымдарымыз бен тәжірибелі мұғалімдеріміздің өзге ұлт өкілдері мен қазақ баларына арнайы оқулық мезгілі жетті. Бұл - кезек күттірмейтін мәселе болуға тиісті. Филология ғылымының докторы, профессор Нұржамал Оралбаеваның: «Оқушы тілін дамыту ауызша және жазбаша жүргізіледі. Тілді оқытуда бұл екі бағыт қатар байланыста іске асырылады. Қазақ тілін оқытудың алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымырақ болды. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз болады», - деген пікіріне сүйенсек бөгде ұлт мектептеріндегі қазақ тілі сабағының арқауы – тіл дамыту жұмысы болуға тиіс.

Зерттеушілердің пікірінше, «адам – үнемі даму үстінде болатын және айналасындағы балалармен өзара қарым-қатынас үстінде жеке тұлға ретінде қалыптасатын динамикалық құрылым... Жеке тұлға динамикасы дегеніміз, біріншіден, оның әрекеті, екіншіден, оның қасиеттері мен сапаларының әрдайым өзгеруі, үнемі дамып отыруы. Сондықтан жеке тұлғаға даму үстіндегі құбылыс деп қарау бұл саладағы зерттеу еңбектері үшін ең маңызды кілт болып саналады». Сонымен қатар бұл мәселе білім берудегі жаңа бағыттармен: оқушылардың белсенділігін арттыру, білімнің өзі үшін қажеттігін сезіндіру, оқу ісіндегі демократиялық ұстанымның өріс алуы, білімнің гуманитарландырылуы оқушыны әрекет субъектісі деп танумен де үндеседі.

Оқу жағдайында оқушылардың белсенділігін арттыру, білім беру мазмұнын анықтау, оқу әдістерін жетілдіру, оқушы мен мұғалімнің өзара қарым-қатынасын жоғары деңгейде қйымдастыру секілді міндеттердің қай -қайсысы да оқу әрекеті категориясымен тығыз байланысты қаралғанда ғана дұрыс шешімін таппақ. Өйткені оқу әрекеті педагогикада да, оның ішінде дидактикада да негізгі рөл атқарады. Білім беру саласына қойылып отырған басты міндетті оқушының жеке тұлға ретінде дамып, қалыптасу мәселесінен тыс қарау мүмкін емес, өйткені даму қашан да әрекетпен ажырамас бірлікте болады. Адам еңбегінің оның танымының негізі екендігі туралы ғылыми тұжырым адам туралы зерттеумен айналысатын барлық ғылымдардың методологиялық тірегі болып саналады. Олай болса, оқушылардың жетекші әрекеті – оқу әрекеті туралы қағидалар да осыған сүйеніп танылады.

Адамның дамуы әр кезеңге сай қызмет атқаратын әрекеттердің алмасуымен, күрделеніп өсуімен қатар жүретіндігі белгілі. Оқу әрекетін дұрыс қалыптастыру үшін өзіне тән ерекшеліктері мен құрылымын, оқушының азаматын деңгейіне жетуіндегі атқаратын қызметін тану керек. Оқу әрекетінің өзге әрекет түрлерінен ең басты өзгешелігі оқушының үнемі «жаңа дүниеге енуімен» әрбір жаңа әрекеттің компоненттерін игерумен, әрдайым оның бірінен екіншісіне ауысып отыруымен байланысты. [2,289 б.]

Оқу әрекеті құрылымының басты бір бөлігі – оқу-танымдық мотивтер. Олар бастауыш сыныптардан бастап қалыптастырыла бастайды. Мотив – кез келген әрекеттің ішкі қозғаушы күші, оны бағыттаушы. Дидактикада белгілі бір объектіге бағытталған әрекетке түрткі жасайтын тілек, талпыныс, қызығушылық, ынта, ықылас – мотив, ал олардың бірігіп, кірігіп әрекетке бағыт беруі мотивация деп аталады.

Пәнді оқыту әдістемелерінде баланың оқуға қатысын, сол пәнге көзқарасын айқындайтын оқу мотивтерін тәрбиелеу мен баланың жас және психологиялық ерекшеліктеріне ерекше назар аударылуы керек. Мектептегі пәндерлі оқыту бағдарламаларынла анық та айқын белгіленген міндеттердің көп жағдайда жүзеге асырылмай келуінің себептерін нақ осы тұстарына мән бермеуден іздестірген жөн секілді.

Тілдің осындай танымдық, қарым-қатынастық негіздерін білімдік жүйеде әр қырынан ашып көрсетудің қажеттігін кез келген тақырып бойынша дәлелдеп, ғылыми тілдік ұғымдармен байланыстырып беру білім мен біліктілікті тең дамытудың басты факторы болып саналады, оқу мотивтерін де дамытады.

Тіл сабағында берілетін мәліметтерде оқушылардың қазақ тіл білімінің бүгінгі жайынан хабардар етіп отырылуы да оқулық мазмұнында қамтылуы қажет мәселелердің бірі. Бұл әсіресе, қазақ тілінің лексикасына, морфологиясына қатысты тақырыптарда ескерілуі қажет. Сөздік құрамдағы өзгерістер, тіл байлығының даму көздері, этнолингвистикалық

атаулар сыры, жаңа сөздердің жасалуы жайынан оқушының жасына сай деңгейдегі мағлұматтардың қамтылуы оқулықтың мазмұндық сапасын арттырады. Сондықтан тақырыптар тек тілдік факт түрінде түсіндіріліп қоймай, олардың қолданыстағы бүгінгі күйі қоса айтылса оқушылардың оқу мотивтерінің оянуына әсер етеді және сонымен бірге білім субъективтік мәнге де ие болар еді. Бұл әрине, пәнді оқыту әдістемесінің ең басты мәселесі ретінде сапалы білім беруге қол жеткізеді.

Оқулықтың әдістемелік аппаратының білім мазмұны мен оқыту мақсатына сай болуы да үлкен рөл атқаратыны да сөзсіз. Оқулықтың оқушы білімі мен білігінің арасындағы бірлікті қаншалықты ескергендігі онда қамтылған жаттығу, тапсырмалар жүйесі арқылы да анықталады. 5-сыныптың қазақ тілі оқулығында 66 параграфтық теориялық мәліметтерді меңгертуге 374 жаттығу ұсынылған. Бұл сандық көрсеткіші жағынан құптарлық; орташа есеппен әр тақырыпқа 6 жаттығудан келеді екен.

Оқушы үшін әрбір материал жаңа ұғым береді, сондықтан оны игерту баланың белсенді танымдық қызметін жандандыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл орайда жаттығу материалдардың тәрбиелік, дамытушылық мазмұнынан бастап, оқушылардың өтілген тақырыптың өзіндік ерекшелігін тануын, іздену нәтижесінде өз бетінше қорытынды шығара білуін, белсенді ойлау қабілетін шыңдауын қамтамасыз ететін жүйелі тапсырмаларды мол қамту шешуші рөл атқарады. «Қазақ тілі» оқулығында жаттығулар сюжетті мәтіндер, поэзиялық шығармалар, мақал-мәтел, жұмбақ, терме мәтіндер түрінде іріктеліп берілген. Олар арқылы патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесінде де ден қойылғаны байқалады.

Жаттығу шарттарында тақырыпты меңгертуге бағытталған тапсырмалармен қоса, оқушылардың өзіндік жұмыстарына ішінара ізденіс жасауына, тілін дамытуға қатысты мәселелер де қамтылып отырады.

Мысалы:

- мәтінді оқып, мазмұнын әңгімелету,
- мәтінге пт қойдыру, өзіндік жұмыстарды орындату: берілген мәтінге сүйеніп, өз бетінше мәтін құрату;
- мәтіндегі ойға өз пікірін білдіру;
- берілген сөздерді тірек ете отырып, сөйлем құрату;
- сөйлемдердің ара жігін ажырату;
- сөйлем мазмұнына сай келетін тиісі сөздерді тауып жаздыру;
- тақырыпаралық, салааралық байланысты табуға берілген

жаттығулар да ішінара кездесіп қалады.

Бұл жұмыстың қай-қайсысы да оқушының білімді әр қырынан меңгеруіне ықпал ететіні белгілі. Дегенмен, мәтінмен кешенді жұмыс істеу мәселесіне аз мөлшерде орын беріліп отырады. Яғни кешенді талдату жасөспірімдердің ойлау, тану дағдыларын қалыптастыратынына назар аударылмаған. Мәтіндердің ішінде тілі жұтаң, мазмұны күңгірттер де үзік-үзік сөйлемдерден құралған тартымсыз терме мәтіндер де кездеседі. Оқушы мәтінді жалаң игермей, тілдің эстетикалық қуатын сезініп, түсіну үшін ұсынылатын дидактикалық материалдың тілі құнарлы болуы қазақ тілі оқулығына материал іріктеудің басты талабы ретінде сақталуы көзделмесе, тіл мәдениетін дамыту, оқушының тілін ұстарту мақсаттарына толық жету де мүмкін емес. Бұл тұрғыда да оқулықтың жетістіктерімен бірге олқы тұстары да көңіл аударарлықтай деңгейде. Қазіргі кезде оқушылардың қазақ тілін оқуға ынтасының төмендегенін, міне, осы жайлармен байланыстыруға әбден болады.

Зерттеу проблемасының мектепте жүзеге асу жайын тереңірек бағамдау үшін қосымша оқу-әдістемелік еңбектерге де шолу жасалды. Оқу процесінің тиімділігін арттыруға септесетін қосымша оқу құралы – «Қазақ тілінен дидактикалық материалдар» /А.Прәлиева, Қ. Әбуева/. Бұл еңбекте тәжірибелі мұғалімдер балаларға тілдік тақырыптарды игертуге сан алуан тапсырмаларды қамтуға тырысқан. Оқушыларға сөздік жасату, грамматикалық тақырыптар бойынша кесте жасату, баланың ойын дамытып, сөйлеу тілін жетілдіру бағытындағы жоспар құрғызып, мазмұнын жаздыру, ана тілі туралы мақал-мәтелдер ұсынып,

оған талдау жасату секілді тапсырмалар сабақты жандандырумен қатар, оқушыны білімге ұмтылдырып қызықтырары сөзсіз. Әсіресе, «Ана тілің – арың бұл...», «Әдебиетті сүю – өмірді сүю», «Ана тіліңді қадірлей біл» деген тақырыптарда әдеби монтаж құрастыру, әңгіме өткізуге берілген тапсырмалар оқушының пән туралы түсінігін, ана тілінің қадір-қасиетін, әдебиеттің ана тілімен байланысын танытуға, мотив туғылуға ықпал етеді. Сонымен бірге оқушылардың сөз саптау дағдыларын да жетілдіреді. Тек пән мұғалімі бұл тапсырмалардың мақсатын түсініп, оны сабақта орынды қолдана алса ғана нәтижеге жетеді. [3, 141б.]

Мұғалімдердің оқу мотивтерінің мәнін түсіну деңгейін, оның пән мақсатымен бірлігін қалай шешетіндігін, оқыту үрдісінде мотивке қатысты мәселелерді қай бағыттарда пайдаланылатынын зерттеу мақсатында арнайы дайындалған сауалнамалар тараттық, әңгіме өткіздік. Біз пікірлескен 120 мұғалімнің көпшілігі «Пәнді оқытудағы басты мақсатыңыз не?» деген сұраққа «Оқушыға тіл туралы білім беру, сауаттылығын арттыру, сөйлей білуге үйрету» деп жауап берді. «Сөйлей білуге қалай үйретесіз, қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?» деген сауалға «Көрген оқиғаларды, кинолары туралы, оқыған кітаптары жайлы түсінгендерін айтқызамыз» деген тұрғыда түсіндірді. Мұндай жұмыс түрлері көбінде тіл ұстарту сабақтарында ғана жүзеге асырылатындығы мәлім болды. Ағымдағы сабақтарда тілдік қарым-қатынастық қызметін танытатын шығармашылық жұмыс түрлері аз қолданылады. Ал, грамматикалық тақырыптардың «оқушының тілін дамытуға септігі мәселелеріне де жете көңіл бөлінбейтінін оқушы білімін бағалауда қандай ұстанымға сүйенесіз?» деген сұрақтарға жауаптардан анық көруге болады. Мұғалімдердің көпшілігі білім бағалау критерийлері жайында «баланың сабаққа қатысуына қарай, жауабының дұрыстығына қарай, сауаттылық деңгейіне қарай т.б.» деп жіктеп көрсетеді. [4, 62 б.]

Оқу мотивтерінің ішінде көпшілікке кең танымал түрі, қызығушылықтың өзі де тек оқу әдісінің бір элементі ретінде аталады. Қызығушылықты қалыптастырудың факторлары сараланбайды. Көп жағдайда жекеленген тілдік фактілерге қызықтыру, пәннен берілген білімді жеңіл түсіндіруде оқушы зейін аудару үшін дидактикалық ойындарды ұйымдастыру арқылы қызығу тудыру секілді мәселелерді мұғалімдердің іс-тәжірибесімен танысу үсіінде де көп кездестірдік. Бірақ мұғалімдер қызығушылықты білім мазмұннан, тілдің қарым-қатынастық қызметін меңгеруден туындатуға көңіл бөлмейді. Мұғалімдермен ауызша әңгімеде де, мерзімдік баспа сөзде жарияланып жататын ғылыми-әдістемелік мақалалардан да, эксперименттік кезеңде сабақ жоспарларынан да мотив қалыптастыруды арнайы мақсат еткен жұмыстарды кездестірмедік. Мотивті туғызуға септесетін объективтік факторлар ішінара ұшырасқанмен, оларды жүйелі пайдалану жолдары қарастырылмаған. Мысалы, «оқушылардың ойлау қабілетін арттыру», «ауызша және жазба тілдерін дамыту», «білімді өзбетінше қолдануға төселу», т.б. мәселелерге мұғалімдер әрдайым назар аударады. Бірақ оларды білім меңгерудің негізі ретінде жеке бағаламайды.

Бізге арнайы зерттеу мақсатында 21 мұғалімнің күнделікті сабақ жоспарымен таныстық. Сол мұғалімнің 95-інің жазған жоспарының білімдік мақсаты грамматикалық тақырыпты түсіндіру деп қана аталып өтеді: хабарлы сөйлем туралы түсінік беру; зат есімнің тәуелдік жалғауларын меңгерту. Екі мұғалім ғана тілдік тақырыпты қолдану сипаты жағынан танытуды мақсат етіп қоя алған / сөйлемдердің ойды білдірудегі рөлін таныту; етістіктің болымды және болымсыз түрлерінің қолданудағы ерекшеліктерін түсіндіру/. Сабақтың тәрбиелік мақсаты көбінде жалпылама түрле көрсетіледі: отанды сүюге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру т.б. дамытушылық мақсат көп жағдайда оқушылардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту түрінде аталады. Ал, кейбір мұғалімдердің жоспарларында бұл мақсатқа мүлде көңіл бөлінбеген жайлар да кездеседі. Сабақ мақсатында оқу мотивтерін дамытуға қажетті мәселелерді қамту әзірше көп мұғалімдердің назарынан тыс қалып келе жатқандығы шындық [5, 45б.].

Балалардың пәнге деген көзқарастарын, ана тілінің маңыздылығын қалай түсінетіндіктерін анықтау үшін 318 оқушыға сауалнама таратылды. "Қазақ тілі пәнінің саған қандай пайдасы бар?", "тілдің адам тіршілігіндегі мәні қандай?", "қазақ тілі сабақтарында қандай жұмыс түрлерін орындауды ұнатасың?", "пән мұғалімдерінің қандай қасиеті

ұнайды?" және т.б сұрақтарға жауап алынды. Балалардың аз бөлімі 1-сұраққа "дұрыс оқып, сауатты болуға пайдасы бар", "қазақ тілі арқылы білім аламыз" деген тұрғыда жауап берсе, 2-сұраққа "тіл сөйлесу үшін қажет, тіл адамдарды достастырады, тіл сөйлеу үшін қажет" дегенді жиі айтады. Ал, 3-сұраққа оқушылардың көпшілігі шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындауды ұнататындықтарын білдірген. Бұл жасөспірімдердің психикалық ерекшеліктеріне сай жұмыстарды көп жүргізуге көңіл бөлу қажеттігін танытады. Өздік жұмыстарды оқушылардың ерекше ықыласымен орындайтындығына эксперимент барысында да көз жеткізілді. Ал мұғалімдердің қасиетінің ішінде түсіністікті, кешірімділікті жоғары бағалайтындықтары байқалды.

Балалардың пікіріне талдау жасай отырып, олардың көпшілігінің қазақ тілін тіл білімі туралы грамматикалық ұғым беретін оқу пәні деп түсінетіндері анықталды. Мұндай түсініктің қалыптасуына қазақ тілі пәнінде тілдің грамматикасын меңгеруді негізгі міндет етіп қойылатындығы, оқушының тілдің танымдық, қарым-қатынастық қырларымен көп таныс еместігі себеп болып отыр. Пәннің өмірлік қажеттілігін толық әрі дұрыс түсінбеуінен оқушылардың сол пәнге деген саналы көзқарасын, жағымды қатынасын қалыптастыру мәселесі шешім таба алмай келеді. Сонымен, эксперимент нәтижесінде оқу мотивтерін қалыптастыруға кедергі келтіріп отырған мынандай фактілер анықталды:

1) қазақ тілін оқыту үдерісінде оқу әрекетінің ең маңызды элементі – мотивтерді дамыту жайында арнайы көңіл бөлінбеген. Оқушыларға білім меңгерудегі оқу мотивтерінің рөлі сараланбаған;

2) пәннің білім мазмұнында оқу мотивтеріне сүйеніп оқытуға бағыт беретін факторлар айқын көрсетілмеген. Оқулық материалдарында да мотив қалыптастыруға көңіл бөлінбеген;

3) пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесінде оқу мотивтерін қалыптастыру міндеті белгіленбеген. Танымдық қызығушылық оқытудың әдістемелік бір құралы ретінде қарастырылмайды;

4) мұғалімдер оқу мотивтері, оқытудың психологиялық механизмдері туралы хабардар болмауы салдарынан оқыту процесінде стереотипке бой алдырады. Нәтижесінде оқушылар пәннен мәнін түсінбей, білімді көбінде жалаң түрде игереді;

5) ана тілінің қоғамдық сипаты/қолданыс аясының әлі де кең қанат жа алмай отырғаны, балаларды тартатындай теле-радио хабарларының аздығы, оқушыларға арналған оқу-дидактикалық құралдардың тапшылығы, т.б., отбасындағы үлкендердің ана тіліне салғырт көзқарасы/қазақ мектебіне бала бергенін міндет ету де кездеседі/мұғалімдердің шығармашылық бағытта ізденіс жасауға көп көңіл аудармайтындығы және т.б. секілді себептер кері әсерін тигізбей қоймайды.[6,189 б.]

Оқыту эксперименті материалдарын әзірлеуде осы кемшіліктер назарға алынды.

Қорыта келгенде тіл дамыту – қазіргі мектептегі оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциалды қарастыра оқыту қажеттілігі артты. Өйткені оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлініп отыр. Сондықтан мұғалімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тіл дамыту, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөліп, тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу (сөздің, сөйлемнің үлгілерін беру), оны дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады. Демек, қазақ тілі мен әдебиетін үйрету, оқыту барысында мұғалім оқушының ойын логикалық жағынан анық, дұрыс айта білуге жаттықтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кдыралиева Ж. Б., Балтабаева Г. С., Ерахметқызы Ж. ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ //Научный журнал «Вестник НАН РК». – 2022. – №. 6. – С. 120-129.
2. Леднев В.С. Содержание образования. – Москва, 1989. – 359б.

3. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп, 1993
4. Дәулетбекова Ж.Т. Әдістеме-шеберлік әлемі. Тілді оқыту: лингвopsихологиялық аспект. Алматы: «Үш Қиян» баспасы, 2021. I том. – 200
5. Айғабылов А. Лекциканы оқыту// Қазақ тілі оқыту методикасы. – Алматы, 1988. – 240б
6. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1988. – 240б.

ӘОЖ 81-115

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЗООМОРФТЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Арайгүл Рахым

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2-курс магистранты
Araikuldan@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада тіл біліміндегі зоонимдерді қолдану қаралады. Осы тақырып бойынша Махамбет ақын шығармаларындағы зооморфтық фразеологияның қолданым ерекшелігі мен оның түрлері сөз болады. Ақын өлеңдеріндегі малға, дала аңдарына қатысты зоонимдердің әлеуметтік қатынастарды бейнелеудегі көріністері талқыланып, нақты мысалдармен беріледі. Зооморфтық фразеологияларға әлеуметтік лингвистикалық талдау жасалып, қолданған зоонимдердің семантикасы ашылады.

Тірек сөздер: зоонимдер, зооморфтық фразеологизмдер, Махамбет өлеңдеріндегі зоонимдер, әлеуметтік қайшылықты зоонимдер арқылы беру

Қазіргі қазақ тіліндегі әр бағыттағы зерттеулердің бірі зоонимдерді тілдік тұрғыдан зерттеу жұмыстары. Тілдік тұрғыдан ғалымдар былай дейді: «зоонимдер – кез-келген үй жануарлары, жабайы аңдар, хайуанаттар бағындағы, цирктегі жануарлардың атауынан тұратын жалқы есімдердің разряды» берілген [1, 67]. Сондықтан соңғы кезде тілші ғалымдар да аң-жануар әлемінің сөздік ерекшелігін әр қырынан арнайы зерттеумен айналысып келеді. Қазақ сөз өнерін, ұлттық фольклорды, поэзияны қарасақ осы зоонимдерге байланысты көптеген сөз қолданысын көреміз. Оған таң қалуға әрине болмайды. Зоонимдер сонау бағзы заманнан аң, құс, жануар, мал дүниесімен бүкіл өмірі байланысты болған қазақ халқының өмір сүру салтымен, тіршілігінен туындаған тілдік құбылыс екені талас тудырмайды. Оны қазақтың ақындары да молынан пайдаланған. Сондықтан ақындар бұл әдісті қоғамды, адамды, олардың қатынасын бейнелеу үшін де қолданған. Оларды зооморфтық қолданыс дейді. «Жануар атауының астарлы мағынасы негізінде жасалған адамға қатысты қолданылатын зооморфтық метафоралардың өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай метафоралық қолданыстар адамның сыртқы бейнесін (аю, сиыр) мінезін (түлкі, қораз) сияқты т.б. түрлі қасиеттерін білдіреді. Әр ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына байланысты жасалатын мұндай зооморфтық метафоралар әр тілде әр түрлі сипатқа ие болады» [2, 67-б.]. Жалпы осы зооморфтық деген сөз- жануарға ұқсату деген мағына береді.

Біз бұл мақаламызда қазақтың дауылпаз ақыны Махамбет жырларындағы зооморфтық көріністерге шолу жасағымыз келіп отыр. Махамбеттің зоонимдер қолданысы қашанда антропоэзектік сипатқа ие. Біз ақын шығармаларындағы зооморфтық фразеологизмдерге тоқталсақ деймін. Соның ішінде Махамбет зооморфтық қолданысының лексикалық мағынасы да арнайы қарастыруды керек етеді. Махамбет зоонимдерінің тілдік мағынасы бір жағынан қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі семантикасына ие, екіншіден, оның поэзияда қолданылуы аң-құс атауының мән-мағынасын, семантикасын кеңейтіп, тереңдете түседі. Мысалы, Махамбет жырларында *ақсұңқар* құстың әлеуметтік мәні – еркіндік болса, *қара нардың* бейнесі – күштілік, шыдамдылық және т.б. білдіреді. Кезінде

көтеріліс басшысы, дауылпазы болған ақынның аңдар мен жануарларға қатысты сөздерді түгелдей дерлік әлеуметтік жағдайды суреттеуге қолданған. Сондықтан жоғарыда айтылғандай оның зоонимдерінің әлеуметтік мәні күмән шақырмайды.

Махамбеттегі зооморфтық атауларды екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, бүкіл Махамбет поэзиясының, күресінің, іс-әрекетінің негізін құрайтын «дос» және «жау» антоним сөздері бойынша негізгі екі топқа бөлінген анимализмдер. Екіншіден, Махамбеттің жеке басының жағдайын, көңіл-күйін білдіруге қолданылған зоонимдер мен зооморфтықфразеологизмдер. Махамбет үшін ерліктің, батырлықтың, өмір сүрудің идеалы болып табылатын *ер* тіршілігі *ат* сөзімен тікелей байланысты. Оның «Арғымақ сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Ереуіл атқа ер салмай», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» өлеңдері «Ер қанаты – ат» екенін дәлелдей түседі. Махамбет «Еңселігім екі елі» атты автопортрет өлеңінде өзін «құла бір сұлу ат мінген» деп суреттейді. Атақты Исатайдың Ақтабаны туралы, тағы да басқа көптеген өлеңдерінде ер серігі тұлпардың жан-жақты суреттелген образын жасайды. Ақынның өлеңдерінде жорық, жеңіс салтанаты ғана емес, сәтсіздік те атпен байланыстырылады. Мысалы, «Күн қайда?» өлеңінде:

Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?!
Арғымақтан туған асылды
Баптап мінер күн қайда?!

деп ақынның аттан түсіп, жорықтан қалған кездегі өкінішін білдіреді.

«Құла бір сұлу», «күрең» деп айтып отырғаны жануардың түсінен гөрі оның тұлпарлық сынын білдіреді. Бұл жерде жануар бірде қуаныштың, бірде қасіреттің орнына жұмсалып тұрған антоним сөз ретінде қолданылады.

Арғымақтың туған қазанат-
Шабуыл салса нанғысыз,
Қазанаттан туған қаз мойын-
Күніне көз көрінім жер шалғысыз...

Махамбет жылқы малына байланысты мына зоонимдерді қолданған: арғымақ, ереуіл ат, күрең, құла бір сұлу, қазанат, қазмойын, тұлпар. Енді оларға түсініктеме беріп, семантикалық жағына назар аударып өтсек:

«арғымақ» – жүрдек, асыл тұқымды жылқы, бұл теңеуді қазақ жырында кейінгі ақындарда қолданған, мысалы, «ат үстінде аударысып, ойнаған арғымақтың құлағында» - дейді ақын А.Жұмағалиев.

«Ереуіл ат» – ұзақ жортуылға төзімді, шыдамды, берік, мықты деген мағына береді. «күрең» - аттың түсі, қызыл қоңыр, қошқылтым түс.

«Құла бір сұлу» – аттың түсі, сары мен жиреннің арасындағы аттың түсі.

«Қазанат» – бұл қазақ жылқысының ертеден келе жатқан тұқымы, бұл аттар ұзақ жолға шыдамды болған екен, сондықтан жауынгерлер мінген.

«Қазмойын» – бұл аттың сұлулығын бейнелейді, яғни, мойны қаздікіндей ұзын, әдемі деген сөз.

«Тұлпар» – жүйрік ат, жылқының ерекше қасиетті түрі деген сөз. Махамбет өлеңдерінде жылқыға қатысты сын есімдер көп кездеседі. Ол өз өлеңдерінде ерлік пен батырлықты көрсету үшін жылқы жануарын теңеуге пайдаланғанын көруге болады.

Махамбет өлеңдеріндегі зооморфтық фразеологизмдердің аттан басқа қолданылған қазақы жануар – қара нар, «айырдан туған жампоз», «нар», «аруанадан туған мая» атаулары. Бұл жануарға қатысты ұлы ақын, батыр Махамбет мына зоонимдерді қолданған екен:

«Нар» – жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйе, оның синонимдік мағынасы- «нән (диал.), ірі, үлкен, қайратты, күшті, мықты».

«Нарқоспақ» – аруана мен бураның буданы, «бура» – айыр түйенің келеге түсетін еркегі, аталық түйе; «айырдан туған жампоз» – айыр деген қос өркешті түйе, сонда жампоз деген – нар мен айыр түйеден туған асыл тұқымды түйе. Бұл жерде қазақтың «жампоз» деп жігіттің төресін, нағыз ердің ерін айтқан теңеуін ескерген де жөн деп ойлаймыз.

«Аруанадан туған мая» – «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» аруанаға мынандай анықтама берілген: «бітеу өркешті, таза тұқымды нар, түйенің ұрғашысы, ал «мая» деген - нар түйенің інгені».

«Қоспақ» – тұқымы таза емес, будан түйе малы. «Қара үлек» - нардың таза тұқымды бұрасы. Міне, Махамбет өлеңдерінде түйеге қатысты атаулар да көп кездеседі. Бұлар «Тайманның ұлы Исатай» өлеңінде батырды дәріптеу үшін қолданылған теңеулер. Ақын «Арқадағы Әлім қайыспас қара нар» деп мақтаса, өз дұшпаны Баймағамбет сұлтанды «нар қоспақтың баласына» теңейді. Бұл Баймағамбеттің тегін кемсіткені. «Қоспақ» сөзі қазақта тегі таза емес деген мағынада қолданылады.

Белгілі «Мұнар күн» өлеңінде көптеген сәтсіздіктің қатарына түйеге байланысты «Буыршын мұзға тайған күн, Бура атанға шөккен күн», «Қатарланған қара нар, Арқанын қиып алған күн» сияқты жамандықтар беріліп, «Исатай батыр өлген күн» қоғамдық қайғы ғана емес, табиғаттың болмайтын құбылыстары іске асқаны сияқты айтылады.

Ал «Толарсақтан саз кешіп» өлеңінде ерекше күш иесі

... «қас үлектен туған кәтепті
қара нар керек біздің бұл іске»,
«қабағын шытпас ер керек», -

деп салыстырмалы беріледі. «Лөк – нардың таза тұқымды бұрасы екенін ескерсек, Махамбет қан тазалығына, тұқым асылдығына аса назар аударғанын байқаймыз). Тағы бір жерде мынандай теңдеу қолданады:

Айырдан туған жампоз бар-
Нарға жүген салғысыз.
Аруанадан туған мая бар-
Асылын айуан десе нанғысыз...

Осы екі күштің – адам мен жануардың – бірлігі ғана жорықтың әртүрлі қырларын аша түседі.

Жалпы Махамбет өлеңдерінде зооним ретінде ерлерді, ерлікті дәріптеу үшін еркек тұқымды аң-жануарлар қолданылады: еркек қой, нар, бура, төбет, серке, бөрі және т.б. Бұлай қолдану халықтың санасындағы ерлік тек қана азаматтар қолынан келеді деген түсініктен туған дүниетанымның көрінісі болып табылады.

Махамбет өлеңдерінде қолданылған зоонимдердің бір тобы – аңдар және құстар болып келеді. Ол құстар төмендегілер: қарақұс, ақсұңқар, тұйғын, лашын, қаршыға, қасқалдақ, қызғыш, бозторғай. Осылардың ішінде Махамбеттің жиі қолданғаны – ақсұңқар.

Мен ақсұңқардан туған құмаймын,
Мен ақсұңқар құстың сойы едім,

«Ақсұңқар» – махамбетше аса тәкаппар еркіндікті сүйетін құс. Ол өзін осы құсқа теңейді. «Мен қарақұстан туған қалықпан» деген жаңа теңеу қолданады. Махамбеттің құсты теңеуге алған атақты өлеңі – «Қызғыш құс». Махамбеттің қуғынды-соқтықпалы өмір кезеңін суреттейтін өлеңінде ақын өзін осы қызғыш құсқа теңейді.

Аспандап ұшқан *қызғыш құс!*
Сені көлден айырған-
Лашын құстың тепкіні.
Мен елден айырған-
Хан Жәңгірдің екпіні,- дейді.

Академик З.Ахметов: «Елден айырылып қапаланған, ханнан зорлық көрген батырдың көңіл-күйін, асқақ арманын біз оның өзін, өз жайын қызғыш құс бейнесімен теңестіру арқылы сезінеміз», - деп жазады.[3; 37]. Қызғыш құс лашынның тепкісінен көлінен айырылса, Махамбет Жәңгірдің кесірінен елінен айырылған. Келесі бір өлеңінде қасқалдақтың «көл өртенсе көркеймесін айта келіп, атадан қалған сауыттың шығыршығын тот басар, жыртыла тозса жағасы», - деп өкініш білдіреді.

Махамбет өзінің зоонимдер қолданысында аң-құстардың баласы, орналасқан мекені үшін жанқиярлығын, күресін, қиналысын жиі мысалға келтіреді. Ақбөкен құралайына қарайлап оққа ұшса, бүркіт шөжесінің жемі үшін торға түседі.

Мен тауда ойнаған қарт марал
Табаным тасқа тиер деп
Сақсынып шыққан қиядан.
Қаршыға құс қайғы етер,
Балапаным суға кетед деп,
Мамығын төккен ұядан
Ол -дағы біздей *сорлы* екен.

Ал батырлар елінің дұшпанда кеткен кегі үшін таршылыққа тап болады. Осылайша Махамбет ерлік пен жанқиярлықтың үлгісін табиғат түлектері аң-құстан табады.

Анималистік атауларды қолдану арқылы Махамбет батырларды мадақтау, дұшпандарды сөгуді параллель қолданады.

Махамбет өлеңдеріндегі тағы бір жиі қолданылатын атау – аңдар зоонимдері. Соның ішіндегі ең атақтысы – Махамбеттің Жәңгір ханға айтқан өлеңіндегі қасқыр, жылан, шаян. «Хан емессің, қасқырсың», «Қара шұбар жылансың», «айыр құйрық шаянсың» сияқты теңеулер.

Назар аударатын нәрсе, «Желп-желп еткен ала ту» өлеңінде жорықтағы ерлерді «бөрідейін жол жатып», немесе, «Исатайдың барында екі тарлан бөрі едім» деп теңесе, ханды қасқырсың деп айыптайды. Бұл жерде қасқыр мен бөрі зоонимінің мәні мынада деп ойлаймын. Жалпы түркі жұртының қасиетті тотемі–бөріні жоғары қояды да, ханды малшы халық үшін қашанда қауіпті жыртқыш–қасқырға теңейді. Олардың біреуі малға тиетін дала жыртқышы болса, екіншісі елге тиген қоғамдық жыртқыш деген ұғымда беріледі. Сүйтіп, зоонимдерде табиғи мен әлеуметтік теңесе көрініс табады.

Махамбеттің мысалға көп келтіретін аңының бірі – арыстан. Исатайды суреттейтін тұрақты теңеуі де – арыстан бейнесі.

Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл фәнидің жүзінде...

арыстан одан кім өткен ?!»,

...Арыстаннан күшті аң болмас..

Тағы бір жерде Баймағанбет сұлтанды айдаһарға теңеуінің де семантикалық мәні бар деуге болады. Сондай-ақ жауына «қой» атауын теңеуі де жиі қайталанатын тәсіл. (Бөріккен қойдай қылармын, жаралы қойдай қылармын). Бұл жерде ол қойдың зоонимдік сипатын үркектік, жуастық, әлсіздік ретінде алып отыр. Яғни, өзінің күштілігін, басымдығын көрсетуге ұмтылыс, соны мойындату.

Махамбет өлеңдеріндегі халық үшін күрескен Исатай бейнесін және өз бейнесін сомдауда зооморфтықфразеологизмдер мен зоонимдерді қолдануы хандардан өздерінің адами қасиеттерінің биіктігін және сол кездегі билікке деген әлеуметтік наразылығын

көрсету мақсатында еді. Міне, осылайша жорық ақыны Махамбеттің өлеңдерінде жануарлар дүниесі мен қоғам және адам тұтастығы әр түрлі тәсілдер арқылы бірін-бірі толықтырғанын көреміз. Оның поэзиясындағы аң-құс қасиеттерінің әлеуметтік тұрғыдан қолданылуы ақынның шеберлігін және дәстүрлі дүниетанымды ұтымды пайдалануын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері – 2005. 240 б.
2. Исаева Ж., Асенова А. Қазақ тіліндегі зоонимдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты. *ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ*, (120), 2021.129 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы. -514 б.
4. Ахметов З. Махамбеттің ақындық шеберлігі.// Махамбет ерлік пен елдіктің өшпес рухы. Атырау – 2002 ж.

ӘОЖ 378.147.811

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шынар Ситжанова

*«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті ББ 2- курс магистранты
adilbekkyzy.shynar97@gmail.com
Атырау қ., Қазақстан*

Аңдатпа: Қоғам дамуының ең бірінші негізі-білімнің дамуы. Ал білімнің дамуы танымның тереңдеуі ғана емес, жаңашылдыққа бейімделе білумен қатар жүреді. Қазақстан-өз тәуелсіздігін алған отыз жылдық тарихи толқынында сан қилы оқиганы бастан кешті. Дамыды, жетілді, көш бастады. Мемлекетті дамыту стратегиялары түзіліп, елдің ішкі және сыртқы экономикасы қалыптасты. Қазақстанды дамыту стратегияларының бірі һәм бірегейі-ол «отандық білім мен ғылым саласы», -еді.

Мемлекет-ел болып қалыптасуы үшін ең басты жіті назарда қолға алып, көңіл бөлетін нәрсе-білім. ХХІ ғасыр техника мен ғылым дәуірі. Әлем сахынасы тек қана технология саласынан жаңалық ашқан мемлекеттерді мойындауда. Білім саласы-сағат сайын сырғып, минут сайын жылжып, секунд сайын өзгеріске ұшырауда. Заман-талабы солай...

Мектепте әдебиетті оқыту, оның ішінде жалпы білім беретін мектепте аталмыш пәнді меңгерудің өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Әдебиет сабағын оқытудың алдыңғы мәселелері, отандық білім жүйесіне енуі, әр сыныпта қалай оқытылатыны мақалада тереңдетіле көрсетілген.

Түйінді сөздер:Әдебиетті оқыту, оқушыларға арналған бағдарлама, әдебиет ғылым ретінде, білім мазмұны.

Басқа пәндерді оқыту әдістемесі сияқты, қазақ әдебиетін оқыту да белгілі бір жүйе негізінде дамиды. Осыған байланысты әдебиеттің бай мазмұнын және оның әр түрлілігін ашатын пікірлердің алуан түрлілігін айту қажет.

"Әдебиет"- ғылыми пән. Бұл мыналарды қамтиды: объект, қарастырылатын мәселелер мұғалім мен оқушылардың мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезіндегі қарым-қатынасы болып табылады, олар педагогикалық ғылым теориясының жалпы ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдеби әдістеме, педагогика сияқты, жалпы оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін қарастырмайды, тек көркем әдебиетті оқу негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие аясында", - деп жазды көрнекті әдіскер-ғалым А. Көшімбаев. Осыдан біз әдебиет ғылымы мен жалпы педагогика өзара байланысты екенін көреміз. Көрнекті педагог Ж. Аймауытұлы

әдебиет қолданбалы ғылым екенін және ол жалпы дидактика негізінде әр түрлі болуы мүмкін екенін атап өтті.

Әдебиет әдістемесі-қазақ әдебиетін оқыту заңдылықтарын зерттейтін педагогикалық ғылым. Әдістеме әдістерден тұрады. Әдіс- "танымды одан әрі дамытуға қызмет ететін танылған заңдар негізінде құрылған ережелер". Әдіс-бұл белгілі бір жүйеге енген мақсатқа жету тәсілі. Әдіс-зерттелетін мақсатқа сәйкес келетін таным құралы. Әдіс жинақталған ілімдер мен тәжірибелерге, принциптерге, әдістерге және әдебиеттерді талдау мен бағалау әдістеріне негізделген. Мұны әдіссіз әдебиетті тану мүмкін емес. Бұл тәсіл оқушыларға анықтамалық сигналдарды жеткізу жүйесі болып табылады. Олар: бейнелі өрнек, көркем бейнелі сурет, графикалық визуализация[1,3-6]

Қазақ әдебиетін ғылыми пән ретінде жалпы мектептерде оқыту әдістемесі оқу бағдарламасында ерте енгені ешкімге құпия емес, бірақ ол оқу материалдық базасы тұрғысынан күрделене түсуде. Бұл салада 60-жылдары жарық Қоңыратбаев, А.Көшімбаев сияқты әдіскерлер жазған "әдебиетті оқыту әдістемесі", 1997 жылы жазылған әдіскер Қ. Бітібаевтың "әдебиетті оқыту әдістемесі" және әдіскер Т. К. Жұмажанованың 2009 жылы жазылған "әдебиетті оқыту әдістемесі" оқулықтарын атауға болады. Бұл оқулықтар уақыт өте келе білім беру мақсатында шыққанына күмән жоқ. Бүгінгі таңда әдебиетті оқу пәні ретінде оқытудың әдістемелік жүйесі жаңа әдістермен толықтырылуда. Білім беру жүйесіндегі жаңа зерттеу және педагогикалық технологиялар әдебиетті оқытуға жаңа серпін береді. Осылайша, қалыптасқан дәстүрлерге сәйкес әдебиеттерді оқыту жүйесін кеңейту, психопедагогикалық интеграцияда жаңа пайымдаулар мен жаңа технологияларды құру қажет екені белгілі болды. Оқулықта әдебиетті оқыту әдістемесінің мақсаттары мен міндеттерінен, әдебиетті жалпы мектептерде оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихынан, әдістерді жіктеуден, сабақ процесін жоспарлаудан, талдау түрлерінен, жанрлық ерекшелікке сәйкес әдебиетті оқытудан, әдебиетті оқыту пәні аясында қарастырылатын басқа мәселелерден бастап әдебиетті оқытудың жүйелі ғылыми негізі тұжырымдалды. Жалпы мектептердегі әдебиетті оқыту мәселелерінің бүкіл жүйесі жаңа оқу материалында түсіндірілді. Оқулықтың құрылымы әр бөлімде қарастырылатын сұрақтар жоспарын, оқу материалының соңында өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарды және әр бөлім бойынша қажетті әдебиеттерді қарастырады. Оқулықтың мазмұны тұжырымдамаға, білім беру стандартына және жалпы білім беретін мекемелердің білім беру мазмұнының міндетті минимум бағдарламасына сәйкес құрылған. Оқулық мазмұнының материалдары ғылым мен техниканың жаңа бағытын жарықтандыру деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп айта аламыз. Оқулықта отандық әдебиетті оқыту әдістемесі саласындағы жетістіктер мен инновациялар талданады және әдебиетті оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында оны жаңа әдістердің жиынтығымен толықтыру ұсынылады. Оқу материалынан кейін кітапта берілген сұрақтар мен тапсырмалар оқушыларға оқу материалын жалпылауға және өз бетінше іздеуге көмектеседі.[2,24-6]

Білім саласында өз мансабын Ы. Алтынсарин бастаған. Ұлы мақсаты қазақ балаларының қайнар көзін ашу болған. Ы.Алтынсарин алдыңғы оқулықтар мен антологиялардың ізімен "Қазақ антологияларын" тудырды. К. Ушинский ("Балалар әлемі және антология", "Радное слово") Л.Н. Толстойдың ("Алфавит") шығармашылық тәжірибесін басшылыққа ала отырып, "қазақ антологиясы" құндылықтары, тұжырымдамалары, қорытындылары, табиғаты бар толығымен қазақ мәніне негізделген жаңа үлгідегі оқулық ретінде дүниеге келді. Өзінің әдіснамалық бастамасымен ол келесі оқулықтарда көшбасшы болды. Негізінен орыс-қазақ мектептері А. Васильевтің "қырғыздарға арналған кітап", А.Е. Алекторовтың "орыс-қырғыз алфавиті" және Л. Н. Толстойдың "алфавиті" сияқты орыс баспалары шығарған оқулықтарды пайдаланды. [3,11-6]Сабақ дінді зерттеуге бағытталған, сонымен қатар жазу және арифметика сияқты пәндерді қамтыды. Қазан мұғалімдер семинариясының директоры Н.И. Ильминскийдің бастамасымен 1876 жылы Ы.Алтынсарин Торғай облысының инспекторы болып тағайындалды және бірнеше ауылдық мектептер ашты. Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің РСФСР Халық Комиссарлары кеңесінің

1920 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен КАССР құру туралы қаулы қабылданды және қазақ жеріндегі халықтық білім Кеңес үкіметінің саясатына бағытталды. 1918 жылдың 1 қазанынан бастап барлық бастауыш және жоғары бастауыш мектептер, діни мектептер мен медреселер, орта және төменгі деңгейдегі оқу орындары бірыңғай кеңестік еңбек мектебі болып қайта құрылды. Білім беру қозғалысының ықпалымен қазақ даласында оқумен айналысатын адамдардың саны артты. Мысалы, 1914-15 оқу жылында мектепке қатысушылар саны барлық академиялық жастағы балалардың 7,5% , ал 1920-21 оқу жылында 21,7% - ға өсті. 1-5 сынып оқушыларының саны үш есеге өсті. Осы жылдар ішінде қазақ облысында екі сатылы бірыңғай еңбек мектептері құрылды. Олар: коммунар мектебі; ересек балалар мектебі, коммунар бастауыш мектебі; Ф. З. О.; шаруа жастары мектебі және т. б. Бұл В. И. Лениннің мектебі - бұл үлкен буржуазияны құлату үшін күрес, саясаттан тыс мектеп жоқ деген идеясында да көрінеді. Мектептегі әдеби білімнің мазмұны 1990 жылдарға дейін кеңестік идеологияға қызмет етті... [4,24-6]

Бүгінгі мектеп тәжірибесі жалпы білім беретін мектеп оқушыларының өз шығармаларында баяндауымен шектелетіні ешкімге құпия емес. Оқушының сюжеттік желісін баяндау тегіс емес, тек мұндай тәсіл орта сыныптың 5-6 бірінші сыныптарына тән оқу әрекеті болып табылады. Оқушының сөйлеу тілін дамыту мақсатында жүзеге асырылатын тәсілдердің бірі. Ал орта мектепте оқырман ретінде көркем мәтінді өнер туындысы ретінде танып, оған талғаммен қараған жөн, шығармада көтерілген мәселе бойынша азаматтық ұстанымды білдірген абзал, шығарма кейіпкерлерінің әлемін типтік образ, байланыс тұрғысынан бағалаған дұрыс. Осы себепті жалпы білім беретін мектеп оқушыларына әдебиетке сын, оқулыққа енгізілген шығармалар туралы әдебиеттанушылардың пікірлері ұсынылады [5,13-6]

Тәуелсіздік жылдарында жарқын болған қазақ әдебиеті бағдарламасынан бастап (1997 жылы 5-9 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті бағдарламасының жобасы) 1-ші орта тап болып саналатын 5-9 сыныптар екі бағыт бойынша жіктеледі. Біздің авторлар 5-7 сыныптарда әдеби оқу принциптерін топтастырады, 8-9 сыныптардан бастап олар ежелгі әдебиетті, ХІХ-ХХ ғасырлардағы әдебиетті білдіреді. 9-сыныптан бастап әдебиеттің тарихи курсына ежелгі әдебиет кезеңінің, хандық дәуірінің әдебиеті, ХІХ-ХХ ғасырлар әдебиеті қайта ұсынылды. Біз 5-9, 10-11 сыныптардағы әдеби білім берудің мазмұны оқушылардың даму кезеңдеріне қатысты психологтардың зерттеулері негізінде қалыптасқан әдеби білім берудің екі кезеңінде сақталуы керек деген пікірді ұстанамыз. Әдебиеттің тарихын тек әдеби білімнің белгілі бір кезеңі бойынша топтастырудың болмауына байланысты (10-11 сыныптар) оқу материалының қайталануына жол береді [6,21-6]

10-сыныпқа арналған білім мазмұны қазақ халқының болашағын ағарту идеясымен байланыстыратын, саяси және рухани тәуелсіздік рухымен біріктіретін ХІХ ғасыр әдебиетіндегі ақындар мен жазушылар өміріне негізделген. Әдеби білімнің мазмұны жаңа заман идеяларына сәйкес тәуелсіз елдің мұрасын зерттеу мақсатында толықтырылды. Осыған байланысты әдебиеттің көрнекті өкілдерінің мұрасын өз бетінше зерттеу жоспарлануда. Қазақ өнері мен музыкалық мұрасының дамуына елеулі үлес қосқан сал, сері, әнші, композитор ақындардың шығармашылығы енгізілді.

Ал 11-сыныпта берілетін білім мазмұны ХХ ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтиды. Осыған байланысты Х.Есенжолов, І. Есенберлин, Қ. Аманжолов, Ж. Молдағалиев, А. Тәжібаев, А. Нұрпейісов, Ш. Мұртаза, М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, С. Жүнісов, А. Кекілбаев, Т. Молдағалиев, С. Мәуленов, Т. Ахтанов сияқты жазушылардың шығармалары, М. Шаханов, т. б. оқытылады. 11-сыныпта ХХ ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейін қазақ әдебиеті туралы білімді қалыптастыру қарастырылады. Бағытталған сабақтарда әдебиет теориясы мен әдебиеттану ұғымдары тақырыптық жүйе негізінде беріледі. Әдебиеттің әдеби шығу тегі мен жанрлары туралы түсінік, авторлық стиль, шығарманың композициясы, лингвистикалық ерекшелігі мен әдеби бағыты орта ғасырларда басталған әдеби тұжырымдамалардың тереңдеуімен тереңдей түседі [7,295-6]

10-11 сыныптарда көркем мәтінді оқыту әдістемесі орта деңгейдегі сыныптарда оқыту әдістемесінен өзгеше. Орта сыныптарда кішігірім көркем мәтіндердің көлемі сыныпта немесе үйде оқытылатын жалпы талдауға бағытталған, ал жалпы орта мектепте ұсынылған әдеби шығармалар фрагменттер емес, бірақ бұл сыныптарда ақын мен жазушының шығармашылығы монографиялық түрде оқытылады. 10-11 сыныптарда шығарманы мүмкіндігінше оқыту керек. Әдеби талдау орта мектепте де жүргізіледі. Алайда, орта тап белгілі бір мәселеге сәйкес сыныптарға қарағанда әлдеқайда күрделі құрылыммен талданады. Жазушының жұмысы, монографияны дайындауға байланысты, жазушының белгілі бір әдеби жанрадағы бірнеше шығармаларымен немесе осы саладағы басқа жазушының жұмысымен салыстырғанда талдануы мүмкін. Сондай-ақ, талдау объектісі болып табылатын маңызды жұмыс (роман, эпос және т.б.) әр тараптың проблемалық позициясынан талдануы керек. Орта сыныпта ішкі құрылым жүйесі, бір ғана шағын шығарманың бейнелері талданады, жоғары сыныпта талдау объектісі үлкен шығарманың тұтас құрылымы, әлеуметтік, саяси мәселенің суреті, суреттер галереясы, әдеби процестегі орны және т.б. белгілі бір мәселе аясында оқушының өзіндік көзқарастарын, дәлелдерін және жеке ұстанымдарын ескеру қажет.

Қазақ әдебиеті жақсы дамыған, жетілген теориялық және практикалық негіз болып табылады. Нысан, мақсат, зерттеу әдістері жүйеленген. Жалпы білім беретін мектепте әдебиет пәні-оқыту мәселесі. Қазақ әдебиетін оқыту мәселелері: әдебиеттану, лингвистика, тарих ғылымы, психология, педагогика теориясы, таным теориясы, эстетикамен тығыз байланысты.

Мектепте оқытылатын академиялық пәндердің ішінде қазақ әдебиеті лингвистикамен тікелей байланысты. Қазақ әдебиетінің әдістерін зерттеу-көркем әдебиетке негізделеді [8]

"Әдебиет сөзбен жасалады". Әдебиеттану болмаса, әдебиет мұғалімдері әдебиетті ғылым мен өнердің бір саласы ретінде оқыта алмайды. Бұл пәнді оқыту күрделі де қызықты. Әдебиет мұғалімі, ең алдымен, көркем өрнектің табиғатын ашатын заңдарды біліп, көркем шығарманы талдаудың ғылыми әдістерін меңгеруі керек. Мұғалім мен оқушы арасындағы әдеби шығармаларды талдау кезінде бірлескен жұмыс, бірлескен шығармашылық және көркемдік болуы керек [9]

Әдебиет-сөз өнері. Егер сіз барлық сөздердің алдында тізе бүгсеңіз, әңгіме нәтиже бермейді, ән шықпайды. Адамның жүрегі дірілдегенде ғана ақыл парасатталады және тілмен кестеленген сөз орнында қалады, әдеби өнер пайда болады. Ғылыми мәлімдемеде әдебиет "адамды зерттеу құралы", ал әдебиет пәні "адамның білім беру құралы" делінген. Шынында да, ғылыми-педагогикалық ұстанымға сәйкес, әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, негізінен ұлттық, адамгершілік, психологиялық, философиялық құндылықтарға негізделген, ал ол рухани көзқарастармен байланысты [10]

Ұлттық білім, ұлттық рухани-гуманистік сана. Сонымен қатар: қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, қазақ тілінің партисипативтік, эстетикалық және этикалық функцияларын меңгеруді қамтамасыз ету, оқыту процесінде ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту, оқу, түсіну деңгейіне жету, қазақ әдебиеті шығармаларын қазақ тілінде аудармасыз баяндау, қоғамның болашақ иелерінің санасында қазақстандық патриотизм идеяларын ояту. Орыс мектептерінде "Қазақ әдебиеті" пәнін оқытуға – ерекше назар аудару қажеттілігі еліміздің болашағы үшін үлкен міндет екенін бәріміз білеміз. Оқушыларға әдебиеттің күші туралы, оның адам жаратылғаннан бері бірге жасалғандығы туралы, бұл мәңгілік жаңару мен жасару процесі екенін айтып, оларға осы әдебиетті жасаушылар, ақындар мен жазушылар, олардың өнер туындылары туралы айту керек". Әдебиет сабақтарындағы маңызды жұмыстардың бірі-оқушылардың өнер туындысын қабылдауы, ол туралы әсер қалдыра білуі, өнер туындысын толық түсіну қабілеті. Яғни, мұғалімдерді осы мақсат үшін іздеу керек, оны жүзеге асыру үшін ең тиімді әдістер мен сұрыптау арқылы осы мақсатта пайдалану керек. Оқушының өнер туындысын қабылдау белсенділігін, әсер ету сезімін дамыту жолдарын қарастырған жөн. Әдебиет-өнер, әдебиет-ұлттық қазына, асыл мұра [11]

Әдебиеттану ғылымының үздіксіз дамуының арқасында әдеби әдістер жүйеленеді, көбейтіледі, қорланады және байытылады. Мектепте оқытылатын әдебиет пәні, қазақ әдебиеті әдебиеттану ғылымына енгізілген теориялар мен әдістердің көмегімен дамиды. Қазақ әдебиетін педагогикалық ғылым ретінде дамыту келесі бағыттарда зерттелуде:

ғылыми және әдеби эксперимент;

жаңартылған сабақ түрлері;

Шығармашылық оқыту жүйесі;

дидактикалық позициялар.

Жалпы білім беретін мектептегі әдебиет сабақтары.

Мектептегі әдебиет сабақтары жүйелі, үздіксіз, дәйекті оқыту принциптеріне сәйкес жүргізілуі керек[12]

Ол келесі кезеңдерден тұрады:

1 кезең: 1-4 сыныптар

2 кезең: 5-8 сыныптар

3 кезең: 9-11 сыныптар

1-кезеңнің негізгі мақсаты-оқуды, жазуды, білдіруді, оқушының көркем шығармаға деген ынтасын қалыптастыру.

2-ші кезеңде өнер туындысындағы көркем сөздің рөлі мен мағынасын анықтау бойынша жұмыс жүргізіледі. Оқу бағдарламасы жанр тұрғысынан талдау үшін ұсынылатын жұмыстарды қамтиды. Өнер туындысы туралы өз пікіріңіз бен ойыңызды білдіру қабілетін дамытады.

3-ші кезеңде әдебиетті оқыту ауызша әдебиетті байыта отырып, әдебиет тарихымен жалғасады. Оқытушы оқытумен айналысады, көркем шығармаларды өз бетінше талдайды, әдебиет тарихын, сын, әдебиеттану, стиль, ақын мен жазушының тілі, әдеби әдістер туралы білім береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақшолақов Т.Қ. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, 1994ж.
2. Ахметов К.К. Әдебиеттану әліппесі. Алматы, 2000ж.
3. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім Құдайбердиев, творчестволық өмірбаяны /методикалық нұсқау/ Алматы, 1989ж.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997ж.
5. Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы, 1997ж.
6. Хамзин М.Х. Қазақ романдарын қазіргі кезеңде оқыту мәселелері /оқу-әдістемелік құралы/ Жезқазған, 1993ж.
- Қайдаров Ә. Сөз өнері дертпен тең // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 5 наурыз.
7. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 295 б.
- 8.Федеренко Л.П. Закономерности усвоения родной речи. – М.: Просвещение, 1984. – 223 с.
9. Мұратбек Б.Қ. Қазақ әдеби тілін дамытудағы Ғ. Мүсіреповтің рөлі, көзқарасы мен ұстанымдары. – Алматы: Ана тілі, 1999. – 146 б.
10. Әмір Р.С. Қазақ тілі нормаларын зерттеу мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. – № 3. – 7-9 бб.
11. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981. – 140 б.
12. Уәлиев Н. Көркем әдебиет тіліндегі стильдік контраст // Жазушы және сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1983. – 9-11 бб.

**АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ «АДАСҚАҚ» ШЫҒАРМАСЫ – ЖАҢАШЫЛ
ҚАЛЫПТАҒЫ РЕАЛИСТІК ТУЫНДЫ**

Жадыра Боранчаева

Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

2-курс магистранты

jadi_26.97.kz@mail.ru

Атырау, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада Көрнекті жазушы-драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Асқар Сүлейменовтің «Адасқақ» шығармасындағы философиялық ой-толғамдары көркемдік идеялық тұрғыдан сараланып, талданады. Асқар Сүлейменовтың «Адасқақ» шығармасында қалыптасқан дағды, шынайы стиль бар. «Адасқақ» — ауыр ойға құрылған интеллектуалды - психологиялық туынды. Шығармада жазушы түрлі баяндау түрлерін шебер қолданады. Бұл шығармада жалпы ХХ - ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде болған сапалық өзгерістер жинақталған. Ол өзгешелік, жаңалықтар шығарманың ең жанрлық сипатынан-ақ көрінеді. Сонымен қатар, «Адасқақтағы» - таңбалық символдық образдар өз кезегінде атрибуттық негізге ие.

Тірек сөздер: Адасқақ, стиль, проза, символ, реализм

Сүлейменов – Қазақ елінің қара шаңырағы – қазақ әдебиетінің қара қазанына қара өлеңімен қолтаңба қалдырған арқалы ақын. Оның тіркестерін талдау, мән-мағынасын түсіну. Шығармаларын оқи отырып ақынның ішкі жан дүниесін түсіну, өмірге деген көзқарасын тану. Қазақ жастарына А.Сүлейменовтың шығармаларын оқытып, мәнділігін ұғындыру. Шығармаларының тәрбиелік жағын сезіндіру. А.Сүлейменовтың әдеби формасы - әлемдік стандартқа жауап беретін форма. Интеллектуалды-теориялық деңгейі де шын мәнінде ғаламдық (глобальды) деңгей. Осы өреге ол туған әдебиет топырағынан көтеріледі. Туған топырақтан тамырын үзген жоқ. Кез келген авторды, ден қойған, еліктіріп әкететін әлемдік әдеби флора-фауна А.Сүлейменов тұлғасын тұншықтыра алған жоқ. Ол өз жаратылысын сақтай отырып туған әдебиетін түрлендірді, түлетті, соған жанкештілікпен қызмет етеді. Өнер деген сикырлы заттың дегеніне көніп оған да өз айтқанын істете білді. Оған дәлел артта қалған шын сөз шеберінің қолынан шыққан хас туындылар. А.Сүлейменов шығармашылығы - ұлттық әдеби, мәдени мақтанышымыз. Жүз жылдық отарлық құрсаудан, рухани езгі қыспақтан босаған, азат болған тұста, шын тәуелсіз, рухани ерікті көзқараспен қарап, шын жауһар дүниелерді танытын кез жеткен секілді.

«Адасқақ» - А.Сүлейменовтың прозалық ең басты шығармасы болып табылады. Оның талантының шын - жарқырап көрінген тұсы. А.Сүлейменовтың негізгі поэтикалық қуаты ол - проза. А.Сүлейменов прозасы ХХ - ғасыр жаңалықтарын тұтас бойына әдемі сіңіре білген, жинақталған тығыз әлем. А.Сүлейменов «ой тасқыны» әдісіне өзінің жақындығын «Адасқақта» барынша байқатады. «Адасқақ» - А.Сүлейменов қолтаңбасының айнасы. Қалыптасқан дағды, шынайы СТИЛЬ бар. Осы шығармасында ол «ой тасқыны» әдісін мүмкін болған мөлшерде қолданысқа түсіреді. «Адасқақ» — ауыр ойға құрылған интеллектуалды - психологиялық туынды. Шығармада жазушы түрлі баяндау түрлерін шебер қолданады. Олар: ішкі монолог, жаттіке баяндау (несобственно прямая речь) деген сияқты құралдар. Бұл баяндау құралдары реалистік дағдыда кең қолданыс табатын элементтер. «Адасқақта» Асқар бұл баяндау құралдарын өзгеше басқа ракурста пайдаланып көреді. Мысалы: шығармадағы I диалог жаттіке баяндаудың (несобственно прямая речь) кемелді үлгісі. Ал, IV диалогта (Сол күн-түн. Ақан - эпизодында) ішкі монологтың жарқын үлгісі бар. «Ой тасқыны» әдісі - композициялық құрлымға төңкеріс жасаушы әдіс. Онда

кейіпкердің өзінен гөрі оның ішкі ой қатпарына көбірек көңіл бөлінеді. «Ой тасқыны» әдісінің кейіпкері сюжеттік кейіпкер емес, психологиялық кейіпкер (іс-әрекет кейіпкері емес, толғаныс кейіпкері). Біржан осындай ой-толғаныстық кейіпкер. Шығармадағы Біржан образы реалистік шығармадағыдай таза, айқын бедерленіп көрінбейді. Ол шығарманың өн бойында сұлбаланып, үзік-үзік бейне күйінде елес береді. Біржан бұл жерде қарайған объект. Кейіпкер болудан гөрі, сана, ой кейіпкер ретінде білінеді. Сыртқы бейне тұрғысынан қарағанда, Біржан - импрессионистік кейіпкер персонаж. Ал, кейіпкердің ішкі идеялық, иірімдерінде импрессионистік шашыраңқылық жоқ. Керісінше болаттай беріктік, жинақылық бар. Импрессионизм бұл тек бояу емес. Сонымен бірге дыбыс. Мысалы: «... үш өрме тізгін қатты бұралған ішек боп желге жылады, желмен жылады» [1.18б]. (Жылқы тізгінің тартқандашыққан дыбыс-авт.) Жалпы «Адасқақтың» структуралық қанқасы, ондағы образдар қозғалысы реалистік қалыптан гөрі импрессионистік қалыпқа жақын.

«Адасқақ» - сондай жаңаша қалыптағы реализм туындысы. «Адасқақ» - тұла бойы сапалы, нәрлі жаңалықтарға тұнып тұрған туынды. Осы шығарма бойына жалпы XX - ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде болған сапалық өзгерістер жинақталған тәрізді. Ол өзгешелік, жаңалықтар шығарманың ең жанрлық сипатынан-ақ көрінеді. Біреулер үшін «Адасқақ» - даусыз роман [2,8б.], ал біреулер үшін - повесть, ал автордың айдарлауында әңгімелер циклы. Мүмкін «Адасқақ» - философиялық притча жанрына жатар? «Адасқақты» реалистік қалыптағы тұрғыдан қарағанның өзінде жаңалықтар жағынан өте бай. Шығарманың жанрын анықтаудан-ақ «дау-дамай» тууы соның ә дегендегі көрінісі. (Әрине «дау-дамай» жаңа жаналық атаулының өлшем, эталоны емес екені анық). Шығарманың композициясына назар аударсақ, ол өте күрделі механизмнен тұратын дүние. Оның күрделілігі шығарма дағдыдағы бір қалыпты композиция жүйесімен құрылмаған. Шығарма еркін композиция жүйесімен құрылған. Кеңістік, уақыт ара-қатынасы өте ауыр, күрделі боп келеді. Баяндау жүйесі интеллектуальды алғыр ойға, шым-шытырық ассоциативті көркем образға құрылған. Композициялық жүйенің батыл еркіндігі жағынан: әсіресе кеңістік, уақыт феноменінің ғажайып ерекше ара-қатынасы тұрғысынан А.Сүлейменовты XX- ғасырдағы үлкен формашыл, реализм мектебінің өкілі У.Фолкнермен салыстыруға келеді. У.Фолкнерден «Адасқақтың» бойында кездесетін поэтикалық элементтер: шиеленіскен сюжеттік ретроспекциялар, күрделі сан қырлы монологтар т.б. «Адасқақ» тілінің оның құрылымдық әлемінде бұл тұрғыдан алар орны ерекше. «Адасқақ» тілінің айқын, анық бір-ақ мақсаты, идеясы бар. Ол - ұлттық идея. Тіл стилі бадырайып көрініп тұрған ұлттық-психологиялық өрнек тілі. Мұндағы ұлттық тілдік философия еркін құлаш сермеген. Керісінше кейіпкерлер бойына жаға алмаған ұлттық бояу ойды, идеяны жазушы тілдік тінге, тілдік конструкцияға көшірген, орналастырған. «Адасқақтың» тілдік бояуы сондықтан қалың жағылған шығарма. Өз алдына көркем дүние. Сондықтан да әр уақытта ол өзіне зерттеушілердің жіті көңіл бөлуін қалайды. Тілдік қағида бұл жерде жетекшілік рөлге көшеді. [4,39б.].

«Адасқақтағы» - таңбалық символдық образдар өз кезегінде атрибуттық негізге ие. «Көлбақа» ол – ономастикалық зоонимдік атрибут. Біз «Көлбақа» образы арқылы шығармадағы образдардың ішкі құрылысын тереңдей қарастыруды мақсат тұттық». «Адасқақтағы» образдар галереясындағы біз даралалап бөліп отырған үш образ бейне – атрибуттар: ән, домбыра, жылқы – үлкен әсермен бедерлене суреттелген образ бейнелер. Үш бейне де символдық әсерлеуге қатты беріле суреттелген. Образ әсерін немесе образдық әсерлеудің түп – төркіні неде жатыр? Ол образдардың атрибуттық негізінде жатыр. Енді әсерлеудің жаңағы біз даралап алып отырған үш бейнеге қатысты тұсын қарайық: «Домбыраға сұқтанба; дүниеде, әсте домбыраға, жылқыға, әйел жынысына сұқтанба; түсті ме көзің? Әйелдің, жылқының, домбыраның болмыста болмастай бірегейлігіне көзің анық – қанық жетті ме? Ал бас кетсе кетсін, ал; бірақ берме; айнытсаң егер, айныса егер таста; домбыраны басқа біреу ұстасын, тұяқты басқа біреу мінсін, әйелдің қасына басқа біреу,

біреулер, демі сасықтар, қарындар, кебеже қарнымен ойлайтындар жантайсын – таста; екі қолды көрген домбыра айнымай тынбайды, екі тақымды көрген жылқы бұзылмай тынбайды; екі еркектің демін жұтқан әйел – сыртымен қанша тұнжырамасын ішінен азбай тынбайды; домбыраның үкісіне, тиегіне, шайтан тиегіне, ішегі мен пернесіне тиме, жылқының ер - әбзеліне тиме, әйелдің құлыны, құлындарына әсіресе тиме; құлын тегіне тартса, таппай қоймайды, не қалада сенімен, не алып ұрып жетеді бір күні; таста; тастадың екен, бір жола, түгелінен таста, тек дабыра қылма». [3,5б.], Бұл өте көркем әсерлі текст – бөлшек үлгісі. Домбыраны, жылқыны қатты әсерлеу бар. Үшінші - әйел, сәл бізге қатысы жоқ. Бірақ әйел, домбыра, жылқы – араларында қандай байланыс бар. Оларды біріктіріп тұрған не? Бұл жерде сюжеттік желі жоқ. Концептуалды (лат. Ой – түсінік, жүйе) желі бар.

- Асқар Сүлейменов – ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі;
- Асқар Сүлейменов – интеллектуалды лингвистикалық проза өкілі;
- Асқар Сүлейменовтың прозалық жазу мәнерінде «ой тасқыны» әдісі үлкен роль атқарады;

- Жазушы әлемдік мәдениет деңгейіндегі интеллектуалдық қорға ие;
- Жазушы тілінің негізінде ұлттық шешендік мектебінің белгісі жатыр.

Зерттеу жұмысы ғылыми ой-пікірлер тұжырымы нақты деректер келтіру арқылы ғылыми негізде зерттелді.

Қорыта айтқанда, А.Сүлейменов ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің даму үрдісіне белсене араласып, осы кезеңдегі төл әдебиетіміздің дамуына сыншылдығымен де, көркем проза, драматургия саласындағы еңбектерімен де қомақты үлес қосқан сан қырлы талант иесі болып табылады. Асқар Сүлейменов шығармаларында айтылған ұшқыр ойлар егеменді еліміздің, қазақ тағылымындағы жас ұрпақтың ойына - ой қосып, жігеріне – жігер қосып, азаматтық рухта тәрбиелейді деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О. Томпащ.Аслам Иман Ғибадат, Алматы облысы, Қарғалы селосы,2001
2. Т. Тоқбергенов. Шым-шымдап ойды толғатып... // Таң Шолпан, 2001, наурыз.
3. А. Сүлейменов. Ситуация // Адасқақ, Алматы, 1988
4. А. Сүлейменов. Шашылып түскен тіркестер // Егемен Қазақстан, 1992, 9 мамыр.
5. А. Сүлейменов. Қара шал // Адасқақ, Алматы, 1998.
6. А. Сүлейменов. Бесатар// Бесатар, Алматы, 1997.
7. А. Мауқараұлы. «Адасқақтың» асты сырлары // Парасат падишасы, Алматы, 1998.
8. Р. Сыздықова .Асқардың өмірі // Парасат падишасы, Алматы, 2008.

ӘОЖ 371.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖАЗЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

З.М.Аязбаева

*№23 Жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныбы мұғалімі
Жылой ауданы
Атырау, Қазақстан*

Резюме. В статье рассматривается формирование функциональной грамотности учащихся начальных классов. Также статья посвящена формированию функциональной грамотности и развитию видов речевой деятельности (письмо) в начальной школе.

Ключевые слова: начальный класс, функциональная грамотность, казахский язык,

языковые навыки, отношение, речевая Деятельность, подписка, активность, творчество.

*Кекште. The cizhie cCncinkek ihe /ozmaiion o/ /unciiionai Iiiegacy o/ pntciyu kchooi
PiicCeiiIiy. The aziicie n aKo KecoIecC Io ihe /ozmaiion o//unciiionai Шегacy in pгiтагу kchooi
By ihe knitcnpriion nieihoci*

*Кеу поксК: pгiтагу kchooi, /unciiionai Iiiegacy, Kaccikh Iандиаде, Iандиаде ккiIK,
ciIIIincCe, kpeesh acii^iiy, кнЪкспrIion, acii^iiy, cgeaii^iiy.*

Еліміздің болашағы, ертеңі - бүгінгі білім алушыларды заман талабына сай тәрбиелеу мен оқытудың қажеттілігі бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген. Стандарттың «Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» бөлімінде: «Бастауыш білім берудің мақсаты кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады» [1].

Жоғарыда аталған кең ауқымды дағдылардың бірі, маңыздысы - оқушылардың коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде, тілдік дағдыларды меңгеруіне қол жеткізе алу. Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдысы өзара әрекет пен қарым- қатынас тәсілдері туралы білімі мен тәжірибесінің жиынтығын құрайды. Оқушының тілдік дағдысын жетілдіру арқылы оқу әрекетіне белсенді қатысатын, өздігінен жасампаздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, шебер қарым- қатынас жасай білетін, тілдік қатысымды тиімді қолдана алуға мүмкіндік беріледі.

Қазақ тілі оқу бағдарламасында қазақ тілі пәнінің маңыздылығын: «Қазақ тілі» пәнін оқытуда негізгі басымдылық коммуникативтік дағдыларды, сөйлеу әрекетінің төрт түрін - тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды меңгертуге, ауызекі және жазба тілде қарым- қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталады» деп көрсетеді [2, 4].

Демек, бастауыш білім беру сатысында қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу мен жазуға үйрету арқылы функционалдық сауаттылығын дамыту көзделеді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Функционалдық сауаттылықты дамытудың басты мақсаты Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс тандай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады [3].

Бастауыш мектепте оқушылардың оқу, түсіну, жазу және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындау сауаттылығын қалыптастыруда пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету болып табылады.

Әдіскерлер бастауыш мектепте қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдаманы ұсынады:

- оқушыларға бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;
- оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
- мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
- әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
- оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету;

- оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыту;
- қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу

[12].

Функционалдық сауаттылық - тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі [4].

Сөйлесім әрекетінің ішінде жазылымға тоқталатын болсақ, оқушы сөйлемнің мәніне, мағынасына көңіл аудара отырып, ойлау әрекеті мен пайымдауы арқылы санасынан өткізеді де, өз ойын байланыстырып жүйелі жазудың нәтижесінде жазбаша тілдік қатынасты жүзеге асырады. Баланың мектепке келгенге дейінгі өзі игеретін айтылым әрекетімен салыстырғанда жазылым әрекетіне үйрету белгілі бір жасанды дағды негізінде қалыптасады. Сондықтан бұл әрекет мұғалім мен оқушы тарапынан көп көңіл бөлуді қажет етеді. А.Байтұрсыновтың жазуға үйрету әдісі жайлы «...сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай қажет болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек... Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында өзгеріп, қалайша бір-бірімен қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» - дей отырып, сөйлеудің жазба түрінің күрделі екеніне көңіл бөліп, жазуға үйретуге ерекше мән берілуі тиіс екендігін айтады [2].

Бастауыш сыныптан бастап баланы сөзді саралап, талғап қолдануға үйретуден оның сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Р.Сыздық: «Сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстыра білу, дұрыс орналастыра білу де, дұрыс құрастыра білу де тіл, сөйлеу мәдениетіне қатысты жайттар» деген екен [3].

Бастауыш сыныпта оқушыларды жазылым дағдысына үйрету арқылы тек сөз бен сөзді немесе сөйлемдерді байланыстырып әңгіме құрауға дағдыландыру ғана емес, өз ойын өзгелермен қарым-қатынас барысында түрлі жағдайға сәйкес жеткізу мүмкіндігі ашылады. Таңбалардың белгілі бір мағыналық қасиетіне ие болуымен сипатталатын жазбаша сөйлеу әрекеті мәтін арқылы іске асып, жазбаша қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. «Жазылым - тіл үйренуге қатысты қиын да күрделі жұмыс. *Жазылым* термині - «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу, ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. *Жазылым* - тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген: лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазылым, біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; *екіншіден*, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; *үшіншіден*, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; *төртіншіден*, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; *бесіншіден*, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асырады. Ғалымдардың қалыптасқан пікір бойынша, жазылым үш бөліктен құралады:

а) себеп-салдарлық; ә) аналитикалық-синтетикалық; б) орындалымдық. Ф.Ш. Оразбаеваның пікірінше, жазылым бірнеше құрылымдық кезеңнен тұрады да, көпсалалы болады:

- 1) қажеттіліктен пайда болатын себеп;
- 2) себептің ойда, санада бейнеленуі;
- 3) ойдың сөз арқылы тізбектелуі;
- 4) сөздің графикалық әріптермен таңбалануы;
- 5) жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген хабарды білдіруі.

Жазылымның лингвистикалық ерекшелігі - ол әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды. Жазылымның лингвистикалық мазмұнын белгілейтін мәселелер мыналар:

- 1) графика;
- 2) орфография;
- 3) жазып алу;
- 4) жазбаша сөйлеу [5].

Жазбаша сөйлесім - лингвистикалық ерекшеліктерді толық меңгерудің көрінісі және ең күрделі тілдік құбылыс. Жазбаша сөйлесім дегеніміз - оқушының айтар ойын тілдік-қатысымдық бірліктерді қолданып, басынан аяғына дейін толық жаза білуі, көзқарасын, пікірін қағазға түсіріп, жеткізуі.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі - жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау. Жазба түрдегі сөйлеудің байланысын психолінгвистикалық тұрғыда зерттеген А.С. Звоницкая байланыстырып сөйлеуді «ой мен тілдің байланысы» тұрғысынан қарастырады. Оның ойынша, сөйлеудің жазба түрі «санада бейнеленген ой байланысының тілде көрінуі», ой байланысының өрбуі арқылы автордың (айтушы не жазушы) ойын оқырманға (тыңдаушыға) анық, түсінікті етіп берілуімен ерекшеленеді деп түсіндіреді [6].

А.С. Звоницкая байланыстырып сөйлеуді қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді жағдай ретінде ойды дамытуды көздейді. «Ойдың байланысы байланыстырып сөйлеудің алғы шарты» деген көзқарасты ұстанған ол оқушыға мағыналық байланысты қамтамасыз ететін тілдік құралдарды қолдану тәсілін, мәтінді құрастыру тәсілін меңгеру қажеттігін айтады. Бұдан ұғынатынымыз, бастауыш сынып оқушыларының жазылым әрекетін қалыптастыруда оқушының ойлау әрекетін белсендіруге жағдай жасалуы керек.

Сөйлеу мен ойлаудың арақатынасын зерделеуде американдық психолог Дж.Брунер мен швецариялық Ж. Пиаже екі түрлі бағытты ұсынады. Дж.Брунер түсінігі бойынша балада айналасындағылардың сөзін тыңдау арқылы түсінігі қалыптасады деп санайды. Дж.Брунер адамның әлемді тануы ең алдымен, сезім мен әрекеттің нәтижесінде іске асады деген көзқарасты дәлелдейді. Ол бала танымының табиғи жолмен дамуына сүйеніп қана қоймай, оның даму мүмкіндіктерін ашу керек деген көзқараста болған. Адамның ішкі сезімі мен әрекет белсенділігі арқылы қабылданбайынша біздің миымызға ешнәрсе «кірмейтінін» айтады. Бала сөз арқылы бәрін үнемі тыңдап, қабылдап, түсінуге тырысады, сосын біртіндеп танымы қалыптасады деп санайды. Сөйлеу әрекетін таным үрдістерін дамытудың маңызды құралына жатқызады. Ж.Пиаженің пікірі бойынша, «ойлауды дамыту адамның ағзасы мен қоршаған ортаның қарым-қатынасына негізделеді» деп санайды. Ж.Пиаже жеке тұлғаның сыртқы орта әсеріне үнемі бейімделуінің нәтижесінде таным үрдістері дамиды деген көзқарасты ұстанады. Оның пікірі бойынша, сөйлеу баланың танымдық қабілетін қалыптастырудағы символикалық белсенділіктің бір түрі ретінде ғана қарастырылады. Сыртқы әсердің нәтижесінде ғана сөйлеу дамиды дегенді айтады [7].

Бүгінде ғалымдар ойлауға қатысты таным үрдісін дамыту жағдайын когнитивтік тұрғыдан қарастырады. Когнитивтік бағыт бойынша ойлауды дамыту таным әрекетімен байланысты. Таным адамның ішкі сезімімен, психологиялық құбылыстарымен астасып жатады. Мысалы, миға, ішкі дүниеге қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттар туралы хабар немесе түсінік бармаса, ешқандай таным да, ойлау да болмас еді. Тілдік бірліктердің когнитивтік тұрғыда қарастырылуы адамның қоршаған ортаны, әлемді тануымен байланысты. Оқушының әлемді тануы оның бақылауы, түйсінуі, қабылдауы (есту, көру, ұстау, иіс сезу) арқылы жүзеге асырылады. Танымдық үрдістерді дамыту арқылы, яғни оқушының ой-өрісі арқылы сөздік қоры, сөйлеу қабілеті дамиды. Сондықтан қазақ тілі сабағында оқушылардың өзі құрастырып, өзі жазатын тапсырмалар көбірек берілгені дұрыс болады. Сабақта интербелсенді әдістер қолданылып, оқушылардың белсенділігін қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық тұрғыдан арттыру көзделеді. Мәселен, мәтінді құрастыруға үйрету шығармашылық тәсіл арқылы, яғни нәрсенің ерекшелігі мен ұқсастығын салыстыру барысында сөздер мен сөз тіркестерін іздестіру жұмыстары арқылы жүргізіледі. Оған мыналар жатады:

1. Теңеу құрастыруды үйрету;

2. Жұмбақ құрастыруды үйрету;
3. Өлең құрастыруды үйрету;
4. Сурет бойынша мәтін құрастыруды үйрету.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік болады да, сын есім, үстеу, есімдік сияқты сөз таптары сирек кездеседі. Сондықтан да байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысында заттың түр-түсін, пішінін, әр түрлі белгілерін бейнелейтін сөздерді, яғни сын есім сөздерді қолдануға үйрету көзделуі тиіс.

Жұмбақ құрастыруды үйрету. Оқулықта жұмбақ берілгенмен, жұмбақты шешуге көмектесетін нақты әдістемелік нұсқау көрсетілмейді. Оқушының ойлау қабілетін дамытуда жұмбақты шешуге қарағанда оны құрастыруды үйреткен тиімдірек. Жұмбақ құрастыру жұмысы заттар мен құбылыстардың ұқсас белгілерін, айырмашылықтарын ажыратуға ұласуы тиіс. Бұл әдіс логиканың аналогиялық ойлау заңдылықтарына негізделеді. Логика ғылымында: «Аналогия - умозаключение о принадлежности предмету определенного признака (т.е. свойства или отношения) на основе сходства в признаках с другим предметом» деген анықтама берілген [8].

Сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыру үшін мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- тақырыбын ашу мақсатында сурет құрылымын анықтау;
- суреттегі бейнеленген нәрселердің бір-бірімен мағыналық байланысын ашу;
- жеке нысананы алып, оны жан-жақты суреттеу, оның суреттегі орнын анықтау;
- жеке нысананың сезім мүшелері арқылы қабылданатын белгілерін сипаттау;
- теңеу, салыстыру, кейіптеу, т.б. көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып, суреттеу.

Сурет бойынша мәтін құру арқылы оқушының шығармашылық қызметі мен логикалық ойлау қабілеті жетіледі. Суретте бейнеленген нәрсені (затты, құбылысты) сипаттау арқылы автордың негізгі ойын (идеясын) ашуға үйренеді.

Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер
---------	-------------	----------------------	----------------

Өлең құрастыруды үйрету. Мәтін жанрының бір түрі өлең құрастыруға үйретуде «ұйқас табу» әдісі жиі қолданылады. Бірақ бұл жұмыстың нақты тәсілі толық қалыптасқан деп айту қиын. Балалар жазушысы К.Чуковский бала жаны поэзияға құмар болып келетінін айтады. Бала кішкентайынан шығармашылыққа ұмтылады. Өзі шығарған бір жол өлеңге, салған кішкентай суретіне мән болады. Өлең құрастырған кезде оқушының ойлау қабілетімен бірге шығармашылық қабілеті, сөз бен ой байланысын табу қабілеті дамиды. Өлең мәтінін құрастыру тілдің көркемдік ерекшелігін сезінуге, үйлесімділік пен ырғақты түсінуге негізделеді. Өлең құрастыруда баланың ойлау қабілеті, шығармашылығы, шабыты шыңдалады. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін лимерикті пайдалану тиімді әдістің бірі болып саналады. Лимерик деген сөз қала атымен байланысты болса керек. Мұндай өлең ұйқасын Ирландияның Лимерик қаласының тұрғыны осы жанрдың шебері, суретші, әрі ақын Эдвард Лира (1812-1888) өз шығармасында қолданыпты.

«Бес жол ұйқас», яғни Лимерикті құрастыруды үйрету былай жүргізіледі:

Бастапқы 1-2-ші жол бір-бірімен, 3-4-ші жол бір-бірімен өзара ұйқасады да, соңғы жолда ұйқас болмайды, ой қорытындысы жасалады. Бұл - «Бес жол ұйқас» өлең құрастырудың қарапайым бағдаржолы.

1-ші жол	Баяғыда (.....) болыпты
2-ші жол	Заттың ерекше белгісі
3-ші жол	Әрекет етуі, қызметі
4-ші жол	Қасиеті немесе жаман жағы
5-ші жол	Ой қорытындысы

Оқушыларға берілетін көмекші нұсқаулар, үлгі мәтіндер, жұмбақ, өлең құруға үйрететін бағдаржол, мәтін түрін, ертегі құрастыруға көмектесетін тірек-белгілер оқушылардың белсенді іс-әрекетін, өз бетінше жұмыс істеуін, шығармашылық ойлауын жетілдіреді.

Сонымен, жазылым әрекеті арқылы оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру мәтін ерекшелігін танытатын шығармашылық тапсырмаларды, көркем әдебиет туындыларынан алынған қызықты жаттығуларды, белсенді әдіс-тәсілдерді, жаңа технологиялық оқыту құралдарын қолданғанда нәтижелі болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Әдебиеттік оқу. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. - Астана, 2017.
3. Тойбазарова Н. Морфологияны оқыту әдістемесі. - Алматы, 2021.
4. Сламбекова Н. Бастауыш мектеп оқушыларының текст арқылы тілін дамыту әдістемесі. - Алматы, 1993.
5. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. - Алматы, 2022.
6. Звоницкая А.С. Психологический анализ связности речи и ее развития у школьников. - Л., 1999.
7. Ж.Пиаже. Избранные психологические труды: Психология интеллекта. Генезис числа у ребенка. - М: Просвещение, 1999.
8. Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, - Астана, 2019

ӘОЖ 371.3

ТӘЛІМ-ТӘРБИЕДЕГІ Ы. АЛТЫНСАРИН АҒАРТУШЫЛЫҚ РӨЛІНІҢ МАҢЫЗЫ

Н.Касанова

*№22 Жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог зерттеуші
Жылой ауданы*

Аңдатпа. Мақалада Ы.Алтынсарин өзінің барлық оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің рөлін және оның маңызын, оның әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы рөлін көрсетеді.

Қазақ халқының Ұлы ағартушысы, педагогы, алғаш қазақ мектебін ашқан Ыбырай Алтынсариннің туғанына екі ғасырға аяқ басты. Ұлылардың ұлылығын ұмытпау, оны бүгінгі өсіп келе жатқан жастарға жеткізу - зиялы қауымның абыройлы міндеті. XX ғасырдың заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезов: «Қазақстан тарихына көз жіберсек, көңілге медеу, көзге толық үш алып тұлғаны еске аламыз. Олар үшеуі - үш мұнара болған: Шоқан, Ыбырай, Абай. Бұлардың өмірі, еңбек еткен ортасы үш алуан болғанымен, үшеуін бір туғандай етіп тұрған ұқсастық бар. Ол ұқсастық олардың нәр алған тамырының бір болуы. Туған халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтауында. Қараңғы қазақ елін алдыңғы қатарлы мәдениетті елдер қатарына жеткізбек болуында [1]. Ыбырай Алтынсарин мұраларындағы ең негізгі мәселелер - халықтың сауатын ашу, оқу-ағарту ісін жандандыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, жастарға ұлттық және имандылық тәрбие беру т.б.

Бүкіл ғұмырын қазақ балаларын оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданында дүнеге

келген. Азан шақырып қойған аты - Ибрагим. Бала Ыбырай үш жасқа толғанда әкесі Алтынсарыдан айырылады. Осыдан кейін туған атасы, сол кездегі белгілі би, рубасы Балқожа Жаңбыршыұлының қолында тәрбиеленеді. Немересінің білім алғанын қалаған атасы тамыр- танысының көмегімен Ыбырайды Орынбордағы Шекара комиссиясы жанынан ашылған мектепке жаздырады. 1850 жылы 22 тамызда Ыбырай сол мектепке алғашқы 30 баланың бірі болып қабылданады.

1857 жылы жазда Ыбырай Орынбордағы мектепті үздік тәмамдап шығады. Осыдан кейін екі жылдай атасы Балқожа бидің хатшысы болып жұмыс істейді. Кейін Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаш болып қызметке алынады

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын білім нәрімен сусындатуға асықты. Осы арманын жүзеге асыру үшін облыстық басқармаға мектеп ашу туралы өтініштер жіберді. Жергілікті үкімет Алтынсаринге қол ұшын соза қоймады, сөйтіп мектеп ашу ісі ұзаққа созылды. Ақыры 1860 жылы облыстық басқарма Алтынсаринге Торғайдан қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырды, әрі өзін сол мектепке орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындады.

Ыбырай Торғайда мектеп ашуға кірісіп, он тоғыз жыл ішінде он бір мектеп ашқан. Бұл оңай шаруа емес. Бір шеті мен екінші шетіне ұшса құс қанаты талатын Торғай облысының ауылдарын қысы-жазы аралап, жалынып- жалпайып жұрттан тиындап ақша жинау үшін шыдам керек. Оның үстіне қараңғы халықтың көбі үмітпен емес, күдікпен қарап, «балаларымызды шоқындырып жібереді» деуі, өзін «шоқынды» атауы жүрегіне инедей қадалады. Түсіндіргендері қолдарынан келген көмектерін аямай, барын ұсынады, отын, кірпіш дайындауына қол ұшын береді. Ең сорақысы- чиновниктердің шовинистік көзқарастары, қазақ даласында мектептер салуға қарсылығы, аяқтан шалып, қудалауы, өтірік-өсек қаулатуы... Осының бәріне төзіп, қолға алған ісін тоқтатпауы - Ыбырайдың ерлігі, елін шексіз сүйгендігі.

Ыбырайдың армандаған мектебі араға төрт жыл салып, 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай жерінде салтанатты түрде ашылды. Бұл ұлт ұстазы негізін қалаған алғашқы білім ордасы еді. Мектепті Алтынсарин төрт жыл бойы жинаған ақшасына ашты.

"Қаңтардың сегізі күні менің көптен күткен ісім жүзеге асып, мектеп ашылды және оған қазақтың тамаша да, сүйкімді де, зерек те 14 ұл баласы қабылданды. Мен оларды оқытуға қойға тиген аш қасқырдай кірістім. Қуанышыма қарай балалар айналдырған үш айдың ішінде орысша және татарша оқуды да, тіпті жазуды да меңгеріп алды", - деп жазған еді Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай мектеп ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол қазіргі уақытта да көкейтесті мәселелердің бірі болып отырған жан-жақты, білімді, ұстамды, өзіндік пікірі бар мұғалім дайындау және ұлттық тәрбиенің құндылықтары сияқты мәселелерді де тысқары етпеді. Мұғалім- мектептің негізгі тұтқасы екендігін жақсы түсінген Ыбырай сол мектептегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалінің атқаратын рөлін жоғары бағалады. Оның *«Халық мектептері үшін ең көрнектісі-мұғалім. Тамаша, жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды»*, -деп жазуы мұғалім мамандығының қоғамда қаншалықты орын алатындығын және беделінің зор екендігін көрсетсе керек.

Тәрбиелеу мен оқыту әдістері-бір-бірінен ешқашан да ажырамайтын функция. Ол оқыту әдістерінің бәріне де қажет. Мұнда ең басты тәсіл оқушылардың көңілін тәрбиенің негізіне аудара білу, адамгершілікке, эстетикаға, ерекшеліктерге баса назар аудару. Осыған қоса оқыту әдістері оқушылар мен оқытушының және оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру.

Мұғалімнің оқушыларға деген дұрыс көзқарасы, қамқорлығы, оқыту әдістерін дұрыс қолдануы оқушылардың тәлім-тәрбиесіне, мінез-құлқына және еркіне жағымды әсерін тигізеді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани

тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Ы.Алтынсарин өзінің барлық оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің ролін және оның маңызын, оның әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы ролін көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Тәкаппаршылық» т.б. бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зирек болуға үгіттеді. Автор өзінің әңгімелерінде ұлттық сана мен мәдениетін, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, деп білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік ролі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұраларын мектеп оқушыларына насихаттауымыз керек. Ол үшін бастауыш мектептердегі сыныптан тыс жұмыстарға Ы.Алтынсариннің тәрбиелік маңызы зор әңгімелерін оқытуды жоспарлы түрде енгізу қажет. Қазақтың оқу-ағарту саласының апостолы Ы.Алтынсарин мұраларын жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұстазы деп қастерлеу, қадір тұту біздің міндетіміз. Қазіргі жоғары технологиялар уақытында жасөспірімдерді білікті де құзыретті маман ретінде қалыптастыру, қоғамның басты да маңызды мәселелерінің бірі. Бүгінгі күн тұрғысынан айтқанда, ұлы дала ұстазы Ыбырай Алтынсариннің білім-тәрбие жөніндегі ойларында инновациялық идеяларды байқайтынымыз анық.

XXI ақпараттық ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, жаңашыл сипатқа ие болып тұр. Осы бағытта, ұлы дала ұстазы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ісін тұтастай қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиеде тиімді қолдану, табысты оқыту процесінің басты талабы болуы керек. Білімге деген ұмтылыс Ыбырайдың қазақ ұлтына деген өлшеусіз еңбекпен қалдырған мұрасы болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы, 2008ж. 261 б.
2. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. - Алматы: 1955. - 413 б.
3. Алтынсарин Ы. Т аңдамалы шығармалары. -Алматы:«Ғ ылым»,1994
4. Қазақ хрестоматиясы, Орынбор, 1906; Мәктубат, Қазан, 1896, 1899
5. Қазақ хрестоматиясы, Орынбор, 1906; Мәктубат, Қазан, 1896, 1899
6. Бегежан Сүлейменов; Ыбырай Алтынсариннің Өмір Жолы және Қызметі, Ыбырай Алтынсарин Тағлымы, Жазушы, Алматы 1991. 39-40 б

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

Д.Б.Елгезерова

*№8 Жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі
Жылой ауданы*

Аңдатпа. Мақалада білім берудегі сауаттылық мәселесі, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, мемлекеттің экономикалық дамуына, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы, өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсіну жолдарын іздестірудің қажеттілігі баяндалады.

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, мемлекеттің экономикалық дамуына, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсіну жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр.

Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Өйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны тәжірибеге ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыптың өзектілігін дәлелдей түседі.

Сауаттылық ұғымы - дәстүрлі түрде жеке тұлғаның грамматикалық нормаларға сай оқу, мен жазу дағдыларын игеру дәрежесі. Ұлттың мінез - құлқына сай - бірден - бір базалық көрсеткіштер мен әлеуметтік - мәдени дамуының бет - бейнесі болып табылады. Сауаттылық ұғымының мазмұны тарихи тұрғыда қоғамдық талаптар мен индивидке қойылатын талаптардың ең төменгі шектік деңгейінің өзгеруіне байланысты өзгеріске ұшырады. Өйткені, бүгінгі күні тек сауатты болу жеткіліксіз, өйткені қазір екінші бірі, үлкен-кіші түгел сауатты.

«Функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. Функционалдық сауаттылық - тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Қазіргі қоғам дамуы жеделдеген өзгермелі заманда әлемдегі өзгерістерге тез бейімделетін адамдар қажет. Осы жағдайда мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие үрдісі «өмір бойы оқыту» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін құзыреттерді дамытуға бағдарлануы тиіс. Құзыреттілікті дамытудың алғышарты ретінде функционалдық

сауаттылық деңгейдің болуын атауға болады.

Функционалдық сауаттылық, яғни «адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» - осы процестің өзегі болып саналады [1].

Осыған орай, білім беру ұйымдарындағы оқыту, тәрбиелеу процесі функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталуы тиіс.

Білім беру процесі нәтижесінің сапасы, қоғамның жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайлары, білім берудегі бұрынғы құндылықтар мен басымдықтардың дағдарысы, білім беру жүйесін бағалаудың озық үлгілері мен технологияларына көшуі функционалдық сауаттылықты бағалаудың заманауи теориялары мен әдістерін құру қажеттілігін көрсетті. Функционалдық сауаттылықтың ерекше сипаттары:

- 1) тұрмыстық проблемаларды шешуге бағыттылығы;
- 2) нақты әлеуметтік жағдаяттарда көрінетіндіктен, тұлғаның ахуалдық сипаттамасы болып табылады;
- 3) стандартты, стереотиптік міндеттерді шешумен байланысты;
- 4) бұл үнемі дерлік оқу және жазу білігінің кейбір қарапайым (базалық) деңгейі;
- 5) көп жағдайда халықтың ересек тобының сапасын бағалауда қолданылады;
- 6) ең бастысы сауатсыздықты жоюдың жеделдетілген тәсілдерін іздеу проблемасымен мағыналы.

С.А. Крупник, В.В. Мацкевичтің пікірінше, жеке жағдайда, мемлекет өткеннің орнын толтыру, басқа елдерді басып озу қажет болған кезде ғана сауаттылық проблемасы (функционалдық сауаттылық) өзекті болады [2]. Сонымен, функционалдық сауаттылық - оқу және жазу білігін күнделікті өмірде қолдану («мәтінмен жұмыстың әлеуметтік практикасы»). Басқаша айтқанда, бұл - адамның іс-әрекетін оның басылым сөзін тұрмыста қолдануымен анықтайтын сауаттылық деңгейі [3].

А.А.Леонтьев өзінің бір еңбегінде функционалдық сауаттылыққа өте орынды және терең түсінік берді: «Егер формалды сауаттылық - оқу техникасының дағдылары мен біліктерін меңгеру болса, функционалдық сауаттылық - адамның осы дағдыларды нақты мәтіннен түсіну, қысқарту, тасымалдауға қажет ақпаратты алуда еркін қолдану қабілеті» [4].

А.К. Рауандина «функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулер бүгінгі күні отандық және әлемдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екенін көрсетті деп санайды.

Отбасы тәрбиесі, кең мағынада - балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудің бастапқы түрі, бұл процестің барысында тұлға дамиды және қалыптасады.

Отбасылық өмірдің барлық тәртібі ықпалымен өсетін адам тұлғасының адамгершілік және қоғамдық бағыттылығы, оның құндылықты бағдары мен психологиялық тұғыры қалыптасады. Ата-аналар және педагогтар одақтас болған жағдайда ғана бала мүддесін көздеген іс-әрекеттері табысты болады, ол баланы жақсы білуге, оны түрлі жағдайда көруге, үлкендерге балалардың жеке ерекшеліктерін түсінуіне, олардың қабілеттерін дамытуға, өмірлік құндылық бағдарын қалыптастыруға, мінез-құлқындағы теріс әрекеттер мен көріністерді жеңуге мүмкіндік береді. Сондықтан, педагогтар әрбір тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қатынас орнатуы, өзара көмек және ортақ мүдделілік ахуалын құруы тиіс.

Мектепке дейінгі оқу үрдісінде мультимедиялық технологияны (құралдарды) пайдалану:

- Ата-аналармен жұмыс істеуге айтарлықтай мүмкіндіктер туғызады;
- тәрбиешіге оқытудың жаңашыл әдістемелерін, жаңа құралдар мен ресурстарды пайдалануына мүмкіндік береді.

Сонымен, мультимедиялық технологияларды қолдану оқу ақпаратын көрнекті етеді, оны оңай және тез қабылдап меңгерілуіне жол береді.

Жалпы алғанда мультимедиялық технологияны қолдану:

- әр түрлі кезеңдерде оқыту мен басқару жүйесін жетілдіреді;

- оқу және тәрбие сапасын арттырады (ақпараттық мәдениеттілікті арттырады);
- ата-аналардың жаңа заманғы ақпараттық технологиялар жайлы түсінік деңгейін көтереді;
- мультимедияның тек ойын, байланыс, кино т.б. үшін ғана емес, басқа да мүмкіндіктерін көрсетеді.

Қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік - құқықтық, психологиялық - педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан - жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

Ақпараттық технологияларды білім беру жүйесіне енгізу оқу процесін ұйымдастырудың тиімді технологияларын таңдау мүмкіндігін береді. Сонымен бірге баланың жан-жақты дамуына жол ашады. Жан-жақты даму дегенде баланы мектепке дейінгі кезеңнен дамыту, үйрету үлкен нәтиже беретінін зерттеулер дәлелдеп отыр. Мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеу кезінде балалар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Осындай процесс барысында білім алып, оны іс-жүзінде қолданып ғана қоймай, сол ортадағы қосымша мәлімет көздерімен қажетті деген құралдарын өздері таңдап ала алады. Қоғамымызда компьютер маңызды әрі көрнекті орын алып отырған осындай сәтте компьютерлік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалану еліміздің болашағын барлық ғылым салаларында жаңа идеяларды ұсынып, оларды жүзеге асыра алатын сауатты ұрпақпен қамтамасыз ете алады. Қазіргі заманғы ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, жан-жақтан түсіп жатқан түрлі форматтағы мәліметтер ағыны білім беру саласындағы мамандарды да мультимедиялық құралдарға мұқият зер салуға шақырады.

Мультимедиялық құралдар білім беруді қазіргі заман талаптарына сай қажеттіліктер мен оқып-үйрену ерекшеліктерін ескере отырып икемдеп түрлендіруге зор мүмкіндік береді. Сапалы жасалып, дұрыс қолданылған мультимедиялық оқу құралдары пән мазмұнын игеруді әлдеқайда жеңілдететіні сөзсіз[5].

Қазіргі заманғы ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, жан-жақтан түсіп жатқан түрлі форматтағы мәліметтер ағыны білім беру саласындағы мамандарды да мультимедиялық құралдарға мұқият зер салуға шақырады. “Мультимедия дегеніміз не?” - деген сұраққа сан түрлі жауап алуға болады. Ұсынылып отырған зерттеу аясына лайықтап айтар болсақ, мультимедия - білім беру саласындағы видео және аудио үлгідегі мәліметтерді баланың оңай қабылдап, жадында мықтап сақтауына жағдай жасайтын құрал. Бүгінгі балалардың алдыңғы буын түлектеріне ұқсамайтыны сөзсіз. Оның бір себебі олар - “сандық дәуірдің перзенттері”. Аталған ұғымды ең бірінші болып футурист Марк Пренски сандық технологияларға есейе келе бейімделген буын мен өмірге сол технологиялармен бірге келген жас буын арасындағы айырмашылықты түсіндіру үшін қолданған болатын.

Мультимедиа жүйелерінің пайда болуы адам қызметінің көптеген облыстарында: компьютерлік тренингте, бизнесте және кәсіби қызметтің басқа салаларында революциялар тудырды. Мультимедиа технологияларын кеңінен пайдаланатын салалардың бірі білім беру саласы болып табылады. Жаңашыл қоғамды ақпараттандыру үрдістері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру үрдістері жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларын (АКТ) меңгеру және жапай тарату үрдістерімен сипатталады. Мұндай технологиялар қашықтан оқыту және ашық білім берудің жаңа жүйелерінде педагог мен оқып үйренушінің арасында қарым-қатынас орнату және мағлұмат алмасу үшін белсенді қолданылады. Жаңашыл педагог АКТ төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман болуы тиіс. Білім берудің жаңашыл жүйелерінде әмбебап кеңселік қолданбалы бағдарламалар және АКТ құралдары: мәтіндік процессорлар, электронды кестелер, презентация дайындау бағдарламалары, оргайзерлер, графикалық пакеттер және т.с.с. кең тараған. Компьютерлік желілердің және басқа оның АКТ құралдарының

арасындағы баламалары пайда болуынан білім беру жаңа сапаға ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. - Алматы, 2018.
2. Бент Б. Андерсон, Катя Ван ден Бринк. Мультимедиа в образовании: специализированный учебный курс. - М.: Обучение-Сервис, 2015.
3. Григорьев С.Г., Гриншкун В. В. Мультимедиа в образовании. –М, 2019

ӘОЖ 371.3

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БІЛІМ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БЕРУ ӘЛЕУЕТІ.

Б.М.Мухамбеталиева

*№22 Жалпы орта білім беретін мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Жылой ауданы*

Аңдатпа. Мақалада қазіргі уақыттағы технологияның қарқынды дамуы адамзат өміріндегі барлық саланың цифрлық кеңістігін қалыптастыруы, автоматтандырылған жүйелердің, интернет ресурстар мен сервистердің, платформалардың қызметін пайдалану және олармен жұмыс істеу қажеттілігі баяндалады.

Қазіргі уақыттағы технологияның қарқынды дамуы адамзат өміріндегі барлық саланың цифрлық кеңістігін қалыптастыруда. Автоматтандырылған жүйелердің, интернет ресурстар мен сервистердің, платформалардың қызметін пайдалану және олармен жұмыс істеу қажеттілігі туындады. Әлем елдері бұл мәселені шешу үшін арнайы ұлттық цифрландыру бағдарламаларын қабылдап жұмыстануда.

Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания ұлттық экономикаларды цифрландыру бойынша алдыңғы қатардағы елдер болып табылады. Қытай өзінің "интернет плюс" бағдарламасында цифрлық индустрияны дәстүрлімен біріктіреді, Канада Торонтода АКТ-хабын жасады, Сингапур драйвері АКТ болып табылатын "ақылды экономиканы" қалыптастырады, Оңтүстік Корея "Креативті экономика" бағдарламасында адами капиталды, кәсіпкерлікті дамытуға және АКТ саласындағы жетістіктерді таратуға бағдарланады, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға баса назар аударуда. ("Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы).

Қазақстан Республикасында Үкіметтің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бес негізгі бағыт бойынша жұмыс жасауда. Оның төртіншісі «Адами капиталды дамыту» - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын» іске асырудың жүйелі жеті реформасы мен жеті басым саясатының бірінші реформасы «Жаңа адами капитал» болып табылады. Аталмыш реформаның мәні «XXI ғасырдың жоғары сапалы және қажетті дағдыларға ие адами капиталды дамыту Қазақстан экономикасының одан әрі өсуі тәуелді болатын басым міндет болып табылады. Жаңа уақыттың құзыреттері қажетті дағдыларды үздіксіз үйрену мен игеруге дайын болуды қамтиды. Технологиялық жаңару мен цифрландыру өз жұмыс уақытын тиімді пайдаланатын, технология мен білімді қолдануға, процестерді жетілдіруге және инновацияларды жүзеге асыруға қабілетті персоналсыз мүмкін емес» деп айқындалған. Бұл өз кезегінде «еңбек нарығы қажеттілігін технологиялық әрі цифрлық құзыреттерге ие

білікті кадрлармен қамтамасыз ету» міндетін орындауды көздейд. (Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары).

Сонымен қатар «СОУЮ-19» пандемиясына байланысты 2020 жылдың наурыз айынан бастап еліміздің білім беру ұйымдары қашықтан оқытуға көшті. Оқу үрдістері білім беру платформаларында, сервистерде әртүрлі ресурстарды пайдалана отырып жүргізілді. Алайда бұл тәжірибе педагогтардың ІТ құзыреттіліктері, цифрлық сауаттылықтары мен дағдыларының деңгейіне зерттеу қажеттілігін көрсетті. Себебі, педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуеті ғылыми-теориялық тұрғыдан толық айқындалмаған, жан-жақты терең зерттелмеген.

Сондықтан бұл мақалада аталмыш саладағы зерттеулер мен қабылданып жатырған шешімдерге жасалынған шолуды ұсынып отырмын.

Зерттеу барысында елімізде қабылданған "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» мен отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, ЮНЕСКО көлемінде қабылданған ұсыныстар мен шешімдер сараланып талданды.

Тақырып бойынша шолу барысында қарастырылған мәселе төртінші индустриялық революция тұсындағы ғылым мен білім беру ісінде аса маңызды екенін көруге болады. Женевадағы Бүкіләлемдік экономикалық форумның негізін қалаушы және президенті Клаус Шваб өзінің «Төртінші индустриялық революция» атты еңбегінде «барлық жаңа жетістіктерге тән ортақ ерекшелік мынадай: олар қандай салаға болмасын тереңдей еніп жатқан цифрлық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады» деген тұжырымды мегатрендтік қозғаушы күш ретінде сипаттайды. (Клаус Шваб, Төртінші индустриялық революция, 2018)

Ал Элен Битэм мен Рона Шарптың «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны» атты еңбегінде:

«Цифрлық технологиялар оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастардың мүлде басқа түрін қалыптастыра бастады. Иә, бізге педагогиканың стилі мен мазмұнын қайта қарастыру қажет, себебі цифрлық дәуір бізге жаңа технологиялық сын-тегеуріндерін қарсы қойып келеді.

Соңғы жылдары модуль немесе сессияны құрастырушы жеке оқытушыға қарағанда бүтіндей бір курстарды құрастыратын командаларға көбірек назар аударылуда. Білім алушылардың интернет қорларына қолжетімділігі артып, олардың цифрлық дағдылары дамыған сайын, біз оқу барысын әрбір білім алушы жеке білімін жетілдіруді өз бетінше бақылай алатындай етіп, қайта құрастыруымыз қажет екенін терең ұғынып отырмыз» деген тұжырым жасайды (Элен Битэм, Рона Шарп, Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны, 2013).

Расыменде, әлемдегі білім беру үрдісінде тез қарқынды өзгерістерді бастан кешіп жатыр. Технологияландыру мен цифрландырудың нәтижесінде онлайн-білім беру, қашықтан оқыту, ашық университеттер платформалары белсенді қызмет етуде. «EdSpsh» жаңа білім беру технологияларына арналған глобальдық конференциясының тарихынан мына өзгерістерді көруге болады. 2015 жылы Ұлттық білім берудің ашық платформасын іске қосты. Ресейдің 8 жоғарғы оқу орны негізін қалған платформа арқылы студенттер пәндердің онлайн өте алады. Сонымен қатар студент политехникалық мамандықтан педагогикалық мамандыққа ауысқан жағдай, оқылмаған пәнді өз бетімен оқып, жаңа ауысқан мамандығына тапсыруға жағдай жасалған. Ал еліміздегі «Қазақстанның ашық университеті» - жетекші жоғары оқу орындары мен мамандары бірлесе әзірлеген онлайн-курстарға тегін қол жеткізу мүмкіндігін ұсынатын білім беру платформасы жұмыс істейді. Мақсаты сапалы тегін онлайн-курстар ұсыну арқылы Қазақстан халқының интеллектуалдық деңгейін арттыру. Цифрлық технологиялар көмегімен онлайн білімді баршаға қолжетімді ету.

Педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетіне зерделеу үшін НАФИ талдау орталығы 2022 жылы Ресей Федерациясының мектеп мұғалімдері мен жоғарғы оқу орындарының оқытушылары арасында сауалнама жүргізіп, педагогтың цифрлық сауаттылығын, олардың оқу үрдісінде цифрлық технологияларды қолдануға дайындығын бағамдайды.

Цифрлық сауаттылықты ЮНЕСКО сарапшылары ұсынған 5 деңгейлі 3 аспектімен қарастырады.

Білу	Дағды	Ұстаным
Ақпараттық сауаттылық	ақпараттың адам өміріне әсері мен орнын түсіну	әр түрлі ресурстардан ақпараттарды іздеу пайдасы мен зиянын түсіну
Компьютерлік сауаттылық	компьютердің техникалық құрамдары мен олардың әрекеттесуін түсіну	платформа мен интерфейс түріне «арналуын (предназначения)» қарамастан цифрлық құрылғыларды жеңіл және оның қолдану мақсатын түсіну
Медиалық сауаттылық	ақпараттар көзі, формалары таралу жолдарының әр түрлі олардың мен түсіну	жаңалықтарды әр түрлі көздерден іздеу және оның жаңалықтарға сыни тұлғастығы мен қатынаста болу нақтылығын тексеру
Коммуникациялық сауаттылық	му цифрлық байланыс қатынас пен әңгімелесудің айырмасын түсіну	заманауи құралдарын ортадағы байланыс желілер, нормалары мен (әлеуметтік желілер, месенджерлер) қолдану этиканың
Инновациялық және технологиялық өзгерістерді ендіру сауаттылық	технологиялық трендтерді түсіну	технологиялармен жұмыс істеуге инновациялардың артықшылықтарын бағалауға және оны басқаруға қабілетінде ғана емес, сонымен бірге олардың әріптестерімен, студенттермен, олардың ата-аналарымен, ғылыми қоғамдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен қалай жұмыс істейтіндігінде және қарым-қатынас жасауында. Бұл жалпы алғанда кәсіби тұрғыдан дамуға ұмтылуда, жаңашылдық пен инновацияны ендіру болып саналады.

1 сурет - Цифрлық сауаттылықтың деңгейлері мен өлшемдер

Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық Құзыреттілікті Еуропалық технологиялық құзыреттілік шеңбері (Еигореап ^іdііаі Сотреіеңсе Ғате\огк 2.0.) арқылы, мұғалімдер үшін ^іdСотрЕди қарастырылады.

^іdСотрЕди шеңберінде педагогтар үшін 22 Құзыреттілік 6 блокқа топтастырылады.

Цифрлық технологияларды қолдану саласындағы педагогтардың құзыреттілігі олардың оқу процесінде технологияны қолдану қабілетінде ғана емес, сонымен бірге олардың әріптестерімен, студенттермен, олардың ата-аналарымен, ғылыми қоғамдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен қалай жұмыс істейтіндігінде және қарым-қатынас жасауында. Бұл жалпы алғанда кәсіби тұрғыдан дамуға ұмтылуда, жаңашылдық пен инновацияны ендіру болып саналады.

Кез - келген мұғалім дамытуы керек негізгі құзыреттіліктің бірі - білім беру ресурстарын бағалау және оқу мақсаттарына, студенттер тобының ерекшеліктеріне және оқыту стиліне сәйкес келетін сандық ресурстар мен материалдарды құру және алмасу мүмкіндігі. Сонымен қатар, авторлық құқықты бұзбай және жеке деректерді қорғамай сандық мазмұнды пайдалану және басқару мүмкіндігі болуы керек.

Цифрлық технологиялар оқушыларды бағалаудың қазіргі әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерді жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар туралы және олардың сандық ортадағы белсенділігі туралы үлкен ақпаратты талдай отырып, мектеп мұғалімі/университет оқытушысы оған анағұрлым тиісті көмек көрсете алады.

. Оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың артықшылықтарының бірі олардың оқушыларды оқу процесіне және оны басқаруға белсенді тарту әлеуетіне байланысты. Цифрлық технологияларды оқу қызметін әрбір жеке алынған оқушы/студенттің құзыреттілігі деңгейіне, оның мүдделері мен қажеттіліктеріне бейімдеу үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар, қазіргі тең емес жағдайларды ушықтырмауға

(мысалы, барлық оқушылардың цифрлық технологияларға және олармен жұмыс істеу дағдыларына бірдей қол жеткізе алмауы) және барлық оқушылар үшін технологиялардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге көз жеткізу қажет.

Осы аспект аясында мектептің сандық ресурстарын басқару және оларды пайдаланатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары ұсынылады.

Шолу барысында зерделенген ақпараттарды қарастыра отырып педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетін төмендегіше қарастыруға болады:

Бұл кез келген білім беру ресурстары (оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, курс материалдарын, оқу құралдарын, бейнематериалдарды, мультимедиялық қосымшаларды, подкасттарды және оқыту мен оқытуға арнайы әзірленген басқа да материалдарды қоса алғанда), олар ашық қолжетімділікте ұсынылған және мұғалімдер мен оқушылар қандай да бір лицензиялық алымдар мен комиссияларды төлемей пайдалана алады.

Бұл ортақ іспен немесе қызығушылықпен біріктірілген адамдарға бір-бірімен интерактивті қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін веб-сайттар немесе қосымшалар. Әлеуметтік желі профильдерінде адамдар әдетте өздері туралы ақпарат жариялайды. Facebook, LinkedIn және Twitter және т.б. сияқты әлеуметтік желілер оқушылар мен мұғалімдерге сынып немесе мектеп ішінде де, басқа елдердің пайдаланушыларымен де ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін қосымшалардың көрнекі мысалдары болып табылады.

Бірақ қазіргі таңдағы елімізде аталмыш саланың педагогтар арасында мақсатты ұйымдастыруын дамыту қажеттілігі туындап отыр. Себебі, білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілер арқылы қарым-қатынасты ұйымдастырулары әлсіз, мүлдем жоқ деуге саяды.

Мобильді технологиялар

Бүкіл әлемде мобильді құрылғылардың иелері тұрақты өсуде. Мобильді құрылғыларға оқушылар оқу процесінде ақпаратқа қол жеткізу үшін жиі пайдаланатын смартфондар мен планшеттер жатады. Мұндай құрылғыларды шығармашылық тұрғыдан пайдалану барлығына бірдей білім алуға, сыныптағы жұмыс тиімділігі мен өнімділігін арттыруға және жеке оқуға мүмкіндік береді. Мобильді технологиялар мұғалімдер мен студенттерге оқу материалдарына кез-келген уақытта және кез-келген жерден қол жеткізуге мүмкіндік беріп, білім беру процесіне ресми және бейресми көзқарасты біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл үшін мұғалімдер мен оқушылар пайдаланатын құралдар жиынтығына мобильді технологияларды біріктіруге мүмкіндік беретін стратегиялар мен тетіктер қажет.

Елімізде педагогтар мен білім алушылар арасындағы бұл технологияны ұтымды пайдаланудың жарқын тәжірибесі жоқ. Сәйкесінше бұл құзыреттіліктерді дамыту жолға қойылуы керек.

Ал төменде келтірілетін әлеует құраушылар жақын болашақта өзінің ықпалын арттыра беретін болады. Себебі қазірдің ғылыми тұрғыдан зерделеніп, эксперименттер, тәжірибелер жасалынып жатыр.

Интернет бұйымдар

Күнделікті тұрмыстық заттарға (компьютерлер мен смартфондар емес) енгізілген есептеу құрылғыларының желісі, бұл оларға мәліметтер алмасуға мүмкіндік береді. Интернет бұйымдары күнделікті өмірдің көптеген аспектілеріне үлкен әсер етеді. Білім беру саласында оқу мен оқыту процестерін өзгертеді.

Адамдар мен құрылғылар арасындағы онлайн-өзара іс - қимыл күшейген сайын, қоғам цифрлық деректерді көбірек шығарады-олардың көлемі қазір адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған мәндерге жетті. Әлеуметтік инженерия, желілік құрылғылар, коммерциялық интернет-транзакциялар, мобильді есептеу, киілетін сенсорлар және қоршаған ортаны тексерушілер - мұның бәрі секундына миллиардтаған өзара әрекеттесуді тудырады және бұл деректердің көпшілігі кейіннен талдау үшін сақталады немесе нақты уақыттағы ақпарат ағынында талданады.

Бұл бағдарламалық жасақтаманы, қосымшаларды және веб-сайттарды құруға мүмкіндік беретін бағдарламалау. Код-бұл компьютер түсінетін нұсқаулар жиынтығы.

Адамдар компьютерлерге код жазады, ал компьютерлер өз кезегінде кодтың арқасында күнделікті өмір нысандарын басқарады. Сандық код электр қуатымен жұмыс істейтін барлық құрылғылардың жұмысына негізделген.

Қазір өмірдің барлық салалары автоматтандырылған, технологияландырылған жүйелерге бейімделуде. Педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетіне пайдалануға зор мүмкіндіктер бар. Аталмыш сала ғылыми теориялық, тәжірибелік тұрғыдан қарқынды зерттеулерді қажет етеді. Себебі, қазіргі білім алушылардың қабылдауларын блог, подкаст, интернет-іздеусіз мүмкін емес. Студенттердің оқуы барысында мобильді телефондарын белсенді түрде қолдануына мүмкіндік беруді ұтымды шешім ретінде қарастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы;
2. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;
3. Клаус Шваб, Төртінші индустрилық революция, 2018
4. Элен Битэм, Рона Шарп, Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны, 2013

МАҢҒЫСТАУДЫҢ СУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Г. Шырдабай

Ш.Есенов атындағы КТИУ

қазақ тілі мен әдебиетік білім беру бағдарламасының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Б.Ә. Көшімова

Ш.Есенов атындағы КТИУ қауымдастырылған профессоры

Ақтау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада қазақ топонимиясының құрамдас бөлігі болып табылатын Маңғыстау су көздері атауларының, оның ішінде құдыққа қатысты атаулардың қалыптасу жағдайы, оның этнос өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен байланысы қарастырылады.

Су көзі ретінде өзге өңірлерде актив қолданысқа түспеген, Маңғыстау аймағының топонимдеріне тірек сыңар ретінде қосарланып айтылатын географиялық терминдерге (шыңырау, орпа, күп, салма, ыза, тақыр, керіз т.б.) түсінік беріледі және су көздеріне қатысты жазылған еңбектерге шолу жасалады.

Кілт сөздер: топонимия, географиялық атаулар, гидронимдер, географиялық терминдер, құдық, су, шыңырау т.б.

Тіліміздегі барлық географиялық атауларды зерттейтін ғылымды топонимия десек, ол өз ішінде өзара байланысты бірнеше салалардан тұрады:

1. *Гидронимдер* – мұхит, теңіз, көл, өзен, бұлақ, құдық атаулары. Мысалы: *Каспий, Қошқарата, Сиырсу, Тамшалы, Саура, Қарашымырау, Шилі, Басар-Түрке, Сауытты, Құты, Мәстек, Ащыбұлақ т.б.*

2. *Оронимдер* – жергілікті рельеф (шың, тау, сай-сала, төбе, қырат) атаулары. Мысалы: *Үстірт, Ақтау, Құлаат, Қарашық, Доңға, Қаратау, Айрақты, Шерқала, Мерет, Құмыра сай, Үштөрткіл т.б.*

3. *Ойконимдер* – елді мекен атаулары (село, кент, ауыл т.б.). Мысалы: *Шайыр, Тиген, Бейнеу, Жармыш, Жарма, Құрық, Ақшұқыр, Қызан т.б.*

4. *Урбанонимдер* – қала ішіндегі нысан (даңғыл, көше, алаң, сквер т.б.). Мысалы: *Ынтымақ, Астана т.б.*

5. *Некронимдер* – жерлеу орындары атаулары. Мысалы: *Үштам, Тамды, Қостам, Сырлытам, Молалы т.б.*

6. *Агиотопоним* – киелі орындар атаулары: Мысалы: *Оғыланды, Құлбарақ, Саназарәулие, Шақпақата, Қарманата, Есената т.б.*

7. *Дримонимдер* – орман, тоғай, алқап атаулары. Мысалы: *Қорабай жидесі, Ақсексеуіл, Жусанды ой, Қаратүлей т.б.* [1, 6 б.].

Маңғыстау өңірінде басқа аймақта кездесе бермейтін, адам қолымен жасалған, қол күшінің еңбегі – құдық қазу өнері бар. Сондықтан Маңғыстау өңірі топонимдерінің ерекшелігі ретінде біз аймақтағы құдық атауларының көптігін айтар едік. Және құдық атауы құдық қазу өнеріне деген аса бағалаушытық көзқараспен астасқан өз кезеңіндегі жаңа бір мәдениеттің сатысы болып бағаланатын құндылық екенін атап өтер едік.

Әбіш Кекілбаевтың мәліметі бойынша: «Маңғыстауда ХІХ ғасырдың 70-жылдарында 817 тұщы, 322 ащы, барлығы 1139 құдық болса, олардың саны 1899 жылы – 1211 тұщы, 2957 ащы, барлығы 4168 құдыққа жетіпті» [2, 321 б.].

Құдық, ауыз су – Маңғыстау өңірі тұрғындары үшін аса қиындықпен келген тіршілік көзі. Өйткені Маңғыстау жерінің 1,3 пайызы ғана сулы жер болып саналады. Екіншіліктің үлесі 0,01 пайыз болса, сор 10,2 пайызды құрайды [2, 14 б.].

*Маңғыстау деген бұл аймақ,
Даласы шаң мен құм ойнақ,*

*Шулы өзендерге зар болып,
Кешпедік суын лайлап,
адыра қалған аспаннан*

Сұрадық жауын құдайлап, деп Қашаған Күржіманұлы айтқандай, табиғи су көзі ең тапшы аймақ.

Ғ.Қайырбеков те:

Болған ұрттам су арман, өткенді анық көрем мен.

Әрбір тамшы шамасы, айналғандай дәріге, құған сайын қара су, қаша берген әріге, деп қиялмен өткенге серуен жасаймын деп, өзі де шөлден қаталап келген жолаушыға ұқсайды.

«Суды айрықша қастерлеп жаңбыр мен қар суларының жиналатын орнын есепке алып, оларға айрықша ат беріп айдар тағуы да осыдан. *Құсымның тұраны, Қызыл тұран, Көктастың тұраны, Қаншым тұран* немесе су тұратын тақырлардың аты да атадан балаға мұра болып *Аранның тақыры, Елейдің тақыры, Ұланақтың тақыры, Бәйменнің тақыры* дейтін орын бар» [2].

Көріп отырғанымыздай, Маңғыстау жерінде судың маңыздануының арқасында су көздерінің бірнеше атауы қалыптасқан. Мұндағы *тақыр* – далалық жерде қар-жауын суын ұстайтын орын. Ал тақырды жиектей қазылған апандар *орпа* деп аталады сондай-ақ, бір маусымға ғана арналған уақытша пайдаланынуға арналған құдықтар орпа деп аталады: *Тасорпа, Алаторпа, Ащыорпа, Тереңорпа, Ауызорпа, Шағылорпа, Жаманорпа, Жаңаорпа, Орпасай, Орпалыой, Қоңырорпа, Сұлуорпа, Жыңғылдыорпа т.б.*

Ағыс бойындағы тас шұңқырларға іркілгені – *тасқақ*. Қатқыл жерлерде ойпаң шұңқырларға ағып жиналған табиғи су қоймасы – *тұран: Қызылтұран, Белтұран, Қасқатұран, Тастұран, Қаратұран, Сырымның тұраны, Құсымның тұраны, Шаңырақкүп, Үкікүп т.б.*

Күндеп сай тұйығындағы асты тастақты, шұңғыл, су жиналатын орынды атаған. Маңғыстауда күп бірнеше жерде: *Желшенің күбі, Қаракүп, Оңайкүп, Ойықкүп, Шаңырақкүп, Қотыркүп, Жетікүп, Қоңыркүп, Тесіккүп, Шайтанкүп, Шаттың күбі, Күптисай, Үкікүп т.б.* кездеседі [3, 217 б.].

Қоңырдаң – сай бойына ағын сулардың жиналатын орны: *Құйылыстың қоңырдаңы, Тас қоңырдаң, Келте қоңырдаң, Ақ қоңырдаң, Бес тастың қоңырдаңы т.б.*

Керіз – тайыз құдықтар суының жер үстінен үнгіліп, бір-бірімен жалғастырылып, бір жерге жиналғанынан пайда болған су көзі. Жер суаруға қатысты *Сәлменбөгет, Сенбайбөгет, Тобанияз жармасы, Жарма, Қонай жармасы, Керіз, Жарбөгет, Төленбөгет* тәрізді атаулар кездеседі.

Ыза – жер бетіне жақын құм етектеріндегі су көзі.

Еспе – тау аңғарларындағы қайраңнан шығатын су көзі [4, 23 б.]:*Еспе, Жаманеспе, Қареспе, Ащыеспе, Ақеспе, Тұщыеспе, Қызылеспе, Ортаеспе, Ұлыеспе, Желеспе, Еспелісай, Жалғызеспе, т.б.*

«Құдық түрлері қазу технологиясына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: *жарма құдық, жайпақ құдық, қауға құдық, өрме құдық, қима құдық, өрме құдық, қосқұдық, шегенқұдық, шыңырау құдық, орпа (құдық) т.б.*» [4, 239 б.]

Сонымен, су көзі ретінде өзге өңірлерде актив қолданысқа түспеген, Маңғыстау аймағының топонимдеріне тірек сыңар ретінде қосарланып айтылатын сөздер

- тақыр;
- орпа,
- тасқақ,
- тұран,
- күп
- құдық,
- керіз,
- бөгет

- ыза,
- еспе
- шыңырау сөздері екен.

«Маңғыстау – Үстіртте Қарақалпақ республикасы мен Түркіменстан шекарасына дейінгі жерлерде байырғы қыстақтар мен керуен жолдарының бойына орналасқан құдықтар көптеп саналады. Олар ғасырлар бойы сақталып келген көшпенділердің өмір тұрмысында үлкен қызмет атқарған. Маңғыстау мен Үстірт құдықтарының дені таспен өріліп, жоғарғы ауыз жағы шегенделген. Олардың әрқайсысының қашықтығы 40-45 шақырымнан аспайды» [5, 298 б.].

Негізі болған құдықтардың тарихы сонау орта ғасырлардан бермен қарай белгілі бола бастағанын айтады географ-зерттеушілер. Құдықтардың тереңдігі 65 м.-ге дейін болған.

Өлкенің су көздері туралы жазылған әскери топограф П.В.Алексеевтің «Бозашы түбегінің топографиялық сипаттамасы» және «Үстірттің солтүстік бөлігі мен оған шектесетін аймақтың Жемге дейінгі топографиялық сипаттамасы» атты еңбектерінің де маңызы зор болды. П.В. Алексеев Үстіртке 1834 жылы келіп, сапар қорытындысынан «Үстірттің солтүстік бөлігі мен оған шектесетін аймақтың Жемге дейінгі топографиялық сипаттамасы» атты еңбегін жариялайды. Өлкетанушы, жазушы Ә.Спан әскери топограф П.В.Алексеевтің осы еңбектерін мұрағаттардан тауып, аудармасын «Топограф Алексеев және Маңғыстау» атты еңбегінде жариялады [6].

«Бозашы түбегінің топографиялық сипаттамасы» – осы өңірдің жері, суы, табиғаты, өсімдігі, этнографиясы, мәдениеті, тұрғындарының тұрмыс-салты жайында алғаш хатқа түскен өте құнды еңбек.

1833 жылдары Сарытас шығанағынан кемемен келіп түскен соң, Ақтаудың теріс бетін Тұзбайыр сорына дейін, Өлі Қолтық, Қаракешу, Қайдақ шығанақтарының жағасымен бүкіл Бозашыны тегіс зерттеп картаға түсіреді. Құдықтардың саны, суының мөлшері мен ащы, тұщылығы түгел қамтылады [3, 99-100 бб.].

Бұлақтар, көздер мен құдықтар: Үстірттің солтүстік беті мен батыс ернегіндегі саны мен суының сапасы жөнінен елеулі бұлақтар, көздер мен құдықтар мыналар: *Қызылбас, Сақыр, Бугурстам, Утас, Ақжар немесе Ырмақ, Сейсим, Тайпақ, Қыштым, Қызылтөбе, Ақсай, Қарақұдық, Жиделі, Қарабұлақ, Көкшесу, Есет, Ащы және Тұщы Айрық, Ақсай.* Қойнау: *Маната, Қаратүйе, Жығылған, Алтынтөбе, Ақшабас.* Үстірттің үсті. Құдықтар: *Илегажы, Утас, Боранқұл, Ешкіқырған, Уәлі, Жолбаян, Киікбай, Төлеп, Қосқұлақ, Бешауыз, Арыстанбұғы.* Сайлар: *Құдайназар, Ақшеку»* –деп, жер-су атауларының әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, сипаттама беріп отырған.

Маңғыстаудың бұлақтары мен құдықтары, су көздері, ежелгі жолдар туралы мәліметті 1870 жылдары Маңғышлақ әскербасы және приставы болған, полковник Н.П. Ломакин жинастырған. Оның бұл жазбалары ИРГО-ның Батыс Кавказ бөлімшесі журналында (8 кітап, 1873ж.) жарияланған. «Маңғыстау түбегі және одан Каспий сырты өлкесінің әр пунктіне баратын жолдар» деп аталады. Құндылығы – керуен жолдары бойындағы ірілі-уақты құдықтар саны, суының ащы-тұщылығы, арақашықтықтары, маңының оты дәл көрсетілген» [3, 87 б.].

Н.П.Ломакиннің жинаған мәліметтері Маңғышлақ пен Үстірттің су көздерінің тізімін жасаған комиссия жұмысына пайдаланылған.

«Маңғышлақ байлығын игеру үшін 1892 жылы арнайы комиссия жұмыс жасады. Оның ең басты нысаны Маңғышлақ пен Үстірттің су көздерін анықтау болды. Комиссия 363 құдық пен бұлақты тіркеген. Н.П.Ломакин жинаған және комиссия тіркеген, сондай-ақ уезд бастығының көмекшісі Говоровтың тапқан мәліметтерінен Маңғышлақта құдықтар мен бұлақтардың үш түрі бар екендігін анықталған: билердің, рудың және қазақтар мен түрікмендерге ортақ су көздері. Маңғышлақтың бір өзінде, Үстіртті қоспағанда, 1870-ші жылдары 817 тұщы сулы құдық, 322 тұзды сулы құдық, барлығы 1138 құдық, ал 1899 ж. – 1211 ауызсулы, 2957 тұзды сулы құдық, барлығы 4167» болған [7, 14 б.].

Н.П.Ломакиннің, жоғарыдағы көрсеткен, еңбегінде бұлақтардың басында отырған қазақтар туралы да айтылады. Онда көрсетілген бұлақтардың саны – он жеті. Олар: *Ұланақ, Жыңғылды, Тұщыбек, Шетпе, Онды, Шон, Қызылтам, Ағашты, Көрпешік, Шайыр, Күркіреуік, Ақмыш, Арпалы ой, Аусары, Барыс, Сарқауақ, Жармыш* [2, 323 б.].

Ә.Спан мен Ж.Дүйсенбаеваның «Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы» атты еңбегінен 1878 жылы Айрақтыдан Қоңыратқа дейін керуен жүргізген ағайынды көпестер Васюшиндердің осы аталған бағытта кездесетін құдықтар туралы берген мәліметтерін кездестіреміз. «Айрақты – қазіргі Төлеп темір жол бекетінің тұсындағы теңізге сұғына енген арал түбек. Кеме тоқтауға ыңғайлы айлақ бар...бұл – сол кездегі үлкен елді мекен. Орны әлі сақталған. Аталған керуен 100 түйеден құралған және олар арбаға жегілген. Қоңыратқа дейін 17 күн жүрген. Жолшыбай суы мол құдықтар басында еру болған. Керуеннің сапар бағыты – *Тәңке (суы тұщы) – Тұрмұрын (алғаулы) – Қарабаян (тұщы) – Ақшымырау (алғаулы) – Бесшыңырау (тұщы) – Балақырғын (тұщы) – Сарымсақ (тұщы) – Қарақұдық (тұщы) – Белгісізқұдық, Аққұдық (аздап ащылау) – Табын су (аздап ащылау) – Итібай (сәл ащылау), Қоңырат*» [3, 85 б.].

Авторлар аталған бағыттағы құдықтардың саны, арақашықтықтары, қаншалықты тұщы, ащылығы дәл көрсетілген деп баға береді.

Өлкетанушы Ә.Спан мен филология ғылымдарының кандидаты Ж.Дүйсенбаевамен бірігіп жазған «Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы» атты кітабында [3] өлкенің су көздерінің зерттелуі, оған қатысты аңыз-әңгімелер қамтылып, суға қатысты терминдердің сөздігі құрастырылған.

Сонымен су көздеріне қатысты атаулардың қалыптасуы табиғатын таза тіл фактісінен тыс, этнос өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста да айқындауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Б.Ә.Көшімова. Маңғыстау топонимиясы (оқу құралы) – Ш.Есенов атындағы КМТИУ. – Ақтау, 2009 ж. -136 бет.
- 2.Ә.Кекілбайұлы Ә. Ұйқыдан оянған ару//Таңдамалы шығармалар жинағы. т.7.,– Алматы: Өлке, – 1999, 194-358 бб.
- 3.Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. – Алматы, 2006, -224 б.
- 4.Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. – Алматы, 1997, - 135 б.
Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997, – 384 б.
- 5.Спан. Ә. Топограф Алексеев және Маңғыстау. – Алматы, 2006, -200 б.
- 6.Турсынова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. – Алма-Ата, 1977, -184 с.

ӘОЖ 81-112

АДАМ ЕСІМДЕРІ ЖӘНЕ РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНАН ПАЙДА БОЛҒАН ГИДРОНИМДЕР

Г. Шырдабай

Ш.Есенов атындағы КТИУ

қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Б.Ә. Көшімова

Ш.Есенов атындағы КТИУ қауымдастырылған профессоры

Ақтау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа:Мақалада қазақ топонимиясының құрамдас бөлігі болып табылатын Маңғыстау су көздері атауларының, оның ішінде құдыққа қатысты атаулардың

антропонимдер мен этнонимдерден жасалуы қарастырылады. Адам есімдерінен жасалған гидронимдерді: Құдықты қаздырған адамдардың есімімен аталған антропогидронимдер; Құдықты қазған адамдардың есімімен аталған антропогидронимдер деп топтастырдық. Сондай-ақ этногидронимдер де қазақтың ішкі ру атауларынан, құдықты қазған кісінің руының немесе қаздырған кісінің руының атауымен аталып отырғанын байқауға болады.

Кілт сөздер: гидроним, антропогидроним, этногидроним, географиялық атаулар, құдық, құдық қазушы.

Антропонимика (грек. «antro pos» – «адам» және «онума» – «ат») – ономастиканың антропонимдерін, яғни адам есімдерін, фамилияларын, лақап және бүркеншік аттарын зерттейтін саласы. Антропонимдерден қалыптасқан географиялық атаулар антропотопонимдер деп аталады.

Маңғыстау өлкесі антропотопонимдері негізінен, гидронимдерде, әсіресе құдық атауларында молынан ұшырасады. Өлкедегі құдық қаздырушылар мен құдықты қазушылардың есімі объектіге беріліп отырған.

«Шөл даладағы бірден-бір тіршілік көзі – су». Сондықтан да Маңғыстау құдықтары – өлкенің негізгі су көздері болып табылады. Құдықтар белгілі адамдардың өмірімен, тарихи оқиғалармен, аңыз-ертегілермен тығыз байланысты [1, 56 б.],

Маңғыстау облысы антропотопонимдерін номинациялық тұрғыдан, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей топтарға жіктеуге болады: 1) құдықты қаздырған адамдардың есімімен аталған антропотопонимдер; 2) құдықты қазған адамдардың есімімен аталған антропотопонимдер.

1) Құдықты қаздырған адамдардың есімімен аталған антропогидронимдер. Құдықтар көшпенді қазақтар қоғамында меншіктік сипатта болғандықтан, ақы төлеп қаздырған адамдардың аттары да құдық атауына берілген және соның меншігі болып есептелген: *Бекес, Төлеп, Мәмек, Әліке-Қанай, Дүкен, Шотанқазған* т.б.

Мысалы: *Бекес* – Бейнеу ауданындағы құдық. Суы малға жарамды, тереңдігі 15 метр. Бекес бай Мәміш құдықшыға 200 бойдақ қой беріп қаздырған екен.

Төлеп – Үстірттің сол ернегіндегі әлі сулы құдық. Адай елінің ел қорғаны атанған аруақты батыры Төлеп Әнетұлы қаздырған.

Мәмек – Хиуа жолының оңтүстік Үстірттен шығар жеріндегі сай бойындағы құдық. Тереңдігі 8-10 метр. Қаздырған Шегем ауылының белгілі адамы Мәмек Түркебайұлы. Мәмек аты емшілігімен, сынықшылығымен шыққан. Мәмек құдықты елдің ортақ пайдалануы үшін қаздырған. Қазір қолданыста бар.

Әліке-Қанай – Үстірттегі құдық. Бейнеубай құдықшыға Жеменейдің атақты байы Әліке қаздырады. Әлікенің Қанай атты жалғыз сұлу қызы болған екен. Күйеу ұрын келейін деп жатқанда, қызына тіл тиіп, қайтыс болады. Құдық қазылып біткен соң, сол құдықтың атын бай жалғыз қызының құрметіне аталуын өтініп, «*Әліке-Қанай*» деп атаған екен [2, 11 б.].

2) Құдықты қазған адамдардың есімімен аталған антропотопонимдер. Құдықшылардың аттары өздері қазған құдықтардың атауына айналған: *Алтыбайқазған, Мәмішқазған, Қожақазған, Кенжеқазған, Жұнбасқазған, Бәліқазған, Ләтіпқазған, Боқышқазған, Қоқымбайқазған* т.б.

Мысалы: «*Қарашқазған*» құдығын халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесіндегі жиынтық бейнеге басты негіз болған, аты аңызға айналған құдықшы Қараш Бейнеубай Құлшарұлы қазған. Оның бұдан басқа Маңғыстау ойы мен Үстірт үстінде қазған мол сулы жиырмаға жуық құдықтары бар [1, 9 б.].

«*Мәмішқазған*» – Бейнеу ауданы, Ноғайты елді мекенінен солтүстікте 9 шақырым жерде. Құдықшы Бегей Мәміш 1910 жылы егіншілік, суландыру мақсатында арасын 11 қадам етіп екі құдық қазған. Мәміш күн шыға басына тымақ киіп, жер бауырлап жатып, құлағын жерге төсеп судың ең мол көздерін таба білген құдықшы екен.

Географиялық атаулардың антропотопонимиялық принципі, негізінен, антропонимді өзгелерден ерекшелеу, айқындауға құрылады. Адам есімінен тұратын атаулар сол өңірдің белді-беделді адамы, не сол жердің меншік иесі, не болмаса алғаш қоныстанған адам есімінен жасалады.

Сонымен қатар антропогидронимдер тек жеке адамдардың атын ғана емес, көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың жаз жайлауы, қыс қыстауының нақты межеге (шекараға) бөлінгендігін, сол меже көші-қонның негізгі бағыт-бағдарын айқындаушы фактор болғандығынан да хабар береді [3, 204 б.].

Этногидронимдер. Ономастикада ру, тайпа, халық, ұлт атаулары *этноним* деп аталады. Этнонимдерден жасалған географиялық атаулар *этнотопонимдер* делінеді.

Маңғыстау өлкесіндегі «ең мол ұшырасатын жер-су атаулары нақтылы әулет-аталар мен ру тайпаларға тікелей қатысты болып келеді. Яғни, әрбір этнотопонимдік атаулардың тарихын ел-жұрттың әлеуметтік өмірбаяны деуге де болады».

Қазақ руларынан қалыптасқан этнотопонимдер. Маңғыстау халқы негізінен, Кіші жүз Байұлы бірлестігінің құрамындағы адай тайпасын құрайды.

Шежірелік Адай атаның *Құдайке және Келімберді* деген екі баласы болған. Құдайкеден екі бала – *Тәзіке мен Қосай*, Келімбердіден алты бала – *Ақпан, Құнанорыс, Балықшы, Жеменей, Тобыш, Мұңал тараған*. Міне, осыларды, яғни Адайдың сегіз немересінен тараған ұрпақтарды «*Сегіз арыс адай*» деп атайды. Этногенездік құрамы жағынан адай руы өз ішінен ірілі-уақты бірнеше рулық топтарға жіктеледі.

Бабыққазған – Бейнеу ауданындағы құдық. *Бабық* – адай тайпасы Шегем руынан тараған аталардың бірі.

Балықшы – Бейнеу ауданындағы құдық. *Балықшы* – адай тайпасының Келімбердісінен тарайтын руы.

Бәубекқазған – Орталық Үстірттегі құдық. *Бәубек* – адай тайпасының тобыштан тарайтын аталарының бірі.

Дәулетжары – Бозащыдағы құдық атауы. *Дәулетжары* – адайдың қара шаңырағы делінетін Мұңалдан тараған Жары руының бір атасы.

Ескелдіқазған – Бейнеу ауданындағы құдық. *Ескелді* – Мұңалдан тараған Жаулы руының бір атасы.

Жаңай – Үстірттегі құдық және Жыңғылды ауылына жақын Қаратау аңғары. *Жаңай* – Адай тайпасының Тобыш тараған Зорбай руының бір атасы. Шежіре дерегі бойынша Адай, одан – Тобыш, одан – Жайық, одан – Әлменбет, одан – Зорбайдан Жаңай өрбіген. Бозащыда *Жаңайқазған* – су көзі де кездеседі.

Кенжеқазған – Бозащыдағы құдық атауы. Адай атадан айтумыс, одан – өрдек, одан – кенже тарайды.

Қарашқазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Адай атадан Тобыш, одан – Ораз, одан – Шегем, одан Қараш тарайды.

Қосқұлақ – Бейнеу ауданындағы құдық, қорым. Адай атасынан Мұңал, одан – Жаулы, одан – Қосқұлақ тарайды.

Қыдырша – Маңғыстау ауданындағы құдық, жер. Адай атасынан Мұңал, одан – Бәйімбет, одан – Алдаберді, одан – Райымберді, одан – Текей, одан – әнет, одан – Қыдырша тарайды.

Сарышоңай – Бейнеу ауданындағы құдық, қорым. Адай атадан Тобыш, одан – Ораз, одан – Жайық, одан – Әлменбет, одан Шоңай тарайды. Сарышоңай Шоңай руының адамы.

Шалбарқазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Шалбар (Мәмбетқұл) – адай тайпасының түрікпенадайдан тараған аталарының бірі.

Шегемқазған – Бейнеу ауданындағы құдық.

Шолаққазған – құдық. Адай атадан Жеменей, одан – Жомарт, одан – Қожамсүгір (Шолақ) тараған.

Алашақазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Кіші жүз құрамындағы он екі ата байұлының ішіндегі іргелі рулардың бірі – Сұлтансиық. Алаша – Сұлтансиықтан тараған аталардың бірі.

Этнонимдерден пайда болған атаулар халықтың қоныс аударуы, жылжуы сияқты этникалық процестермен байланысты. Маңғыстау өңірінің этнотопонимдік картасында қазақ руларының да және бүгінгі күні осы аймақты мекендейтін халық атауларынан жасалған топонимдер де кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. – Алматы, 2006, -224 б.
- 2.Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев – суреткер. – Алматы, 2002, -260 б.
- 3.Сағидолдақызы Г. Түркі (қазақ) және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. – Алматы, 2000, -254 б.
- 4.Б.Ә.Көшімова. Маңғыстау топонимиясы (оқу құралы) – Ш.Есенов атындағы КМТИУ. – Ақтау, 2009 ж. -136 бет.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ/ PLENARY SESSION

Жүсіп Қ.Ө. ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРЕР ТУЫНДЫЛАР	7
Акматалиев А.А.ЗЕЙНОЛЛА АГА АР ДАЙЫМКӨЗ АЛДЫМДА...	10
Дәдебаев Ж. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ЛЕКЦИЯСЫ	12
Бисенғали З.Қ. ӨЛЕҢ МЕН ӨНЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ ЖӘНЕ З.ҚАБДОЛОВ ТОЛҒАМДАРЫ	15
Жақып Б. АКАДЕМИК-ЖАУШЫ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ	25
Әбдезұлы Қ. МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ	30
Гювенш Л. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ НАЗЫМ ХИКМЕТТЕН АУДАРМАЛАРЫ	35
Ананьева С.В., Джумагалиева У.З. ВСЕЛЕННАЯ АКАДЕМИКА КАБДОЛОВА: СЛОВО И ОБРАЗ	39
Мауленов А. ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ БЕН ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТ	43

СЕКЦИЯ 1 ЗЕЙНОЛЛА КАБДОЛОВ – ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ

СЕКЦИЯ 1 ЗЕЙНОЛЛА КАБДОЛОВ – ПИСАТЕЛЬ И ПЕРЕВОДЧИК

SECTION 1 ZEYNOLLA KABDOLOV IS WRITER AND A TRANSLATOR

Әнес Ғ. БІР МАҚАЛАНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ (Ә.Кекілбаевтың «Дүние-ғапыл» жыр жинағына алғы сөз)	47
Әбдезұлы Қ. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ЖӘНЕ МАХАМБЕТ ТҰЛҒАСЫ	50
Мүтiev З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Сағидуллиева С.С. ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ	55
Бірәлі Г.А. З.ҚАБДОЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ М.ӘУЕЗОВ БЕЙНЕСІ	60
Отарова А.Н.,Қабдешова А. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ	66
Сүндетұлы Қ., Абуова Д.А. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢДЕРІ	71
Хайыржанова Б.С. ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ ӨШПЕС РУХЫ	79
Кенжебаева Ж.Е., Курмангалиева В.Д. О СОДЕРЖАНИИ ПОНЯТИИ «ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ» И «ТИП»	86
Аяпова Г.Б., Исламова А.С. БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП.....(З.Қабдоловтың «Ұшқын» романы хақында)	90
Дәулетова А.Н., Кусайнова А.Т. КҮЛӘШ АХМЕТОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АВТОР ОБРАЗЫ	93
Смагулова Н.Қ. З.ҚАБДОЛОВТЫҢ «МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ» РОМАН- ЭССЕСІНДЕГІ ӘУЕЗОВ ОБРАЗЫ	98
Ерғалиева М.Т. «МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ» - ШОҚТЫҒЫ БИІК ТУЫНДЫ	104
Жиенқұлова А.Т. ӘУЕЗДІ ЖЫРЛАР ЛЕБІ	107
Сүлейменова А.К. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ - КӨП ҚЫРЛЫ	112
ТАЛАНТ Онқалбаева Н. ТӨЛЕН ӘБДІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САНА АҒЫМЫ	116
Қуанышкереева А.Қ. Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН БІЛДІРЕТІН ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР	121
Амангалиева М.Ж. С.БЕРДІМҰРАТҰЛЫ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ	127
Елюбай Н. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ РӨЛІ	133

Камелова М.С. ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕҢК	136
Кенжебек А.А., Сапарбаева Қ.Ж. ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ	
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ КУЛЬТІ	141
Төлемісов Қ.М. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ – ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ	148
ШортанбайШ., СалықбаеваА. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАЛАМҒЕР	
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗІНДІК ҰСТАНЫМДАРЫ	153

СЕКЦИЯ 2 АКАДЕМИК ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

СЕКЦИЯ 2 РОЛЬ АКАДЕМИКА ЗЕЙНОЛЛА КАБДОЛОВА В РАЗВИТИИ ЛИТЕРАТУРОВЕДЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА

SECTION 2 ROLE OF ACADEMIC ZEYNOLLA KABDOLOV IN THE DEVELOPMENT OF LITERARY STUDIES OF KAZAKHSTAN SCIENCE

Әбдәзұлы Қ. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ	158
Мүтiev З.Ж. АКАДЕМИК З.ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫН	
ЗЕРТТЕУДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	162
Сабыр М.Б. ҒАЛЫМНЫҢ СЫРЛЫ ТҰЛҒАСЫ	167
Леонова А.И., Кайрлиева Н.Б. ZEYNOLLA KABDOLOV IS THE GREAT PRIDE	
OF KAZAKHSTAN	171
Қамарова Н.С. ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫНДА	176
Аяпова Г.Б. АКАДЕМИК З.ҚАБДОЛОВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ҚИСЫНЫН	
ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ	181
Абдрахманова Ж.М. ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ	
ЕРЕКШЕЛІГІ	186
Атаханова Н.А. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ	
ЗЕРТТЕУЛЕР	190
Дәулетова А.Н. СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ	194
Ламғалиева Б.У. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ	
ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ	197
Нугмарова А.К. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ – СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРІ	201
Амирханова С.Б. ӘУЕЗОВТИҢ СҮЙІКТІ ШӘКІРТІ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ	
ТУРАЛЫ ОЙ	203
Атчибаева Ж.Е., Жумағалиева А.И. КӨРКЕМ СӨЗ ШЕБЕРІ – ЗЕЙНОЛЛА	
ҚАБДОЛОВ	206
Каменова А.Т. СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕУ МЕН БЕРНЕЛЕУ	209
Ақтажиева М. ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ	214
ҰЛЫЛАР АСҚАР ТАУДЫҢ ШЫҢЫ ЕМЕС, ЖОТАСЫ	217
Атаханова Н.А., Сүлейменова А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ	
БАҒЫТЫ	221
Керімбекова Б. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКА НЕМЕСЕ ОҚЫТУШЫНЫҢ	
СӨЙЛЕУ ӘДЕБИ	226
Набиева Н.Т., Көшімова Б.Ә. ӘБШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ	
ТАРИХИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ АҢЫЗДАРДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ	
КӨРІНІСІ	229
Сүйеуова Ж. Б. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ	232
Турекешова В.Н. СҰЛУ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ	237

СЕКЦИЯ 3 ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

СЕКЦИЯ 3 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

SECTION 3 ACTUAL PROBLEMS OF MODERN EDUCATION

Кенжәлиев Қ. Ж. З. ҚАБДОЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ	240
Сахипова Г.У. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ «СӨЗ ӨНЕРІ» ЕҢБЕГІН ОҚЫТУ	245
Миров М.О., Мирова Г.О. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	249
Сабиrowa Ж.Н., Избасарова Н. М.ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ	253
Байниева К.Т.,Султангубиева А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ	257
Кушкимбаева А.С. М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ДАМУ	260
Байниева К.Т., Мурадова Р.Р. ОБУЧЕНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫХ ПРИ ОПИСАНИИ СЕЗОНОВ ГОДА НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ	266
Муханбетжанова А.У., Сатмағамбетова М.А. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	271
Муханбетжанова А.У., Абдолова А.А. КІРІКТІРІЛГЕН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ	276
Муханбетжанова А.У., Сабиrowa Э.Ж. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛЫ ҰСТАНЫМЫ	282
Базарғалиев Ғ.Б. ЗИЯТКЕР ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ	287
Отарова А.Н., Орынбасар Р. ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР	291
Салихова А.З., Салимова Н.С. ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ БИЛИНГВИЗМ (ҚОСТЫДІЛІК) ТҮСІНГІ	295
Салихова А.З., Машаева Ж.Н. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ – ФАНФИК ҚҰРАЛЫ	300
Аймұратов С. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ КЕЛБЕТІ	303
Тлепалдина Н. ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖЫРАУЛАР ТОЛҒАУЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ	305
Қосанов С.Қ., Бегалиева А.А. ҚАЗАҚ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ «АЯР ӘЙЕЛ» МОТИВІНІҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	309
Джакыпбекова М.Т., Ералина Г.Х. 5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ АЛҒЫШАРТТАРЫ	318
Nurzhanova Zh.Zh., Khalykbergen A. SELF-FACILITATION BASES OF PEDAGOGICAL COMMUNICATION	325
Сақұлова А.Б. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	329

Нұғманова А.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	333
Ержанова А.Г. ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ В СИСТЕМЕ ОБНАВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ШКОЛ И КОЛЛЕДЖЕЙ	337
Кайреденова Г.К. МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ОБНАВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ	341
Утебалиева Г.М. ҰСТАЗДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒАСЫН ДАМЫТУ	344
Тулегенова Н.Ж. ЖАСТАРДЫҢ ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМІН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	346
Амандәулетова С.Т. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ	349
Темірғалиева Г. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕПІЛІ	353
Асқарова Ж.М., Ермеков Б.Қ. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ	356
Джолдыбаева А.У. ПАТРИОТИЗМ НЕГІЗІ САЛАУАТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖАН САУЛЫҒЫ МЕН РУХ ТАЗАЛЫҒЫ	362
Ғабитова А.Ғ. ТҮЛҒАНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ	364
Хамзина Р. ЖАС ҰРПАҚҚА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ	368
Тампиева А.Ш. ЖАҢА МАЗМҰНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ	371
Сабыр Ж.З. «БАЙБӨРІ БАЛАСЫ БАМСЫ-БЕЙРЕК» ЖӘНЕ «АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ	374
Балтабек А.Б. ЖАЗУШЫ А.КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ШАШТЫ» ӘҢГІМЕСІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	380
Көшек А. «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ӘҢГІМЕСІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ	385
Исатай А.М. Ғ.МҮСІРЕПОВ «ҰЛПАН» РОМАНЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	390
Қайыржанова М.Ө. ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АСПАН ДЕНЕЛЕРІ АТАУЛАРЫНЫҢ КОНЦЕПТІСІ	394
Букенова Ж.С. ЖАМБЫЛТАНУ – АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҒЫЛЫМИ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖОЛ	400
Рысбекова З.К. ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	404
Мұқанова А.Қ. ДЕҢГЕЙЛЕП САРАЛАП ОҚЫТУ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТИІМДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСІ	409
Кеңесбек Ш.М. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «БАСПАНА» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ	413
Темирова Э.Ж. ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ ТАРИХЫ	419
Сейілханова Ү. 5-9 СЫНЫП ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ «ЖЕР-СУ» АТАУЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ	423
Самғат Н. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	427
Шинтаева Б.С., Байқадамова С.И., Есенбаева А.Е. АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	432
Губайдуллина Г.М. DEVELOPMENT OF STUDENTS' FUNCTIONAL LITERACY IN ENGLISH LESSONS»	440
Сапанов С.Ж. ПРИМЕНЕНИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ: ИССЛЕДОВАНИЯ И ПРАКТИКА	444

Хакимова М.У. МАҒЫНАЛАС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН ЛЕКСИКАЛЫҚ СИНОНИМДЕРДІҢ КАТЕГОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	450
Абай Н.Н. ИЛЬЯ ФРАНК ӘДІСІ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ	455
Қуанышова Ж.А. ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ САНДЫҚ СИПАТТАМАСЫ	458
Махамбетова А.М. DEVELOPMENT OF INTEGRATION IN ENGLISH LESSON	461
Жетекова Г.Ж. ЖАЗУШЫ Т.ӘБДІКОВТИҢ «ҚОНАҚТАР» ӘҢГІМЕСІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	466
Ералы Ә. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ПРОЗАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	473
Нишанбаева Ю.А. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МОТИВТЕРІН ЕСКЕРУДІҢ ЖАЙЫ	476
Рахым А.Т. МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЗООМОРФТЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР	481
Ситжанова Ш.Ә. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.	485
Боранчаева Ж.Н. АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ «АДАСҚАҚ» ШЫҒАРМАСЫ – ЖАҢАШЫЛ ҚАЛЫПТАҒЫ РЕАЛИСТІК ТУЫНДЫ	490
Аязбаева.З.М БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖАЗЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	492
Касанова.Н. ТӘЛІМ-ТӘРБИЕДЕГІ Ы. АЛТЫНСАРИН АҒАРТУШЫЛЫҚ РӨЛІНІҢ МАҢЫЗЫ	497
Елтезерова.Д.Б. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ.	500
Мухамбеталиева.Б.М. ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БІЛІМ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БЕРУ ӘЛЕУЕТІ.	503
Шырдабай Г. Көшімова Б.Ә. МАҢҒЫСТАУДЫҢ СУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	508
Шырдабай Г.Көшімова Б.Ә. АДАМ ЕСІМДЕРІ ЖӘНЕ РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНАН ПАЙДА БОЛҒАН ГИДРОНИМДЕР	511

«ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ: ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» (IV ҚАБДОЛОВ ОҚУЛАРЫ) АТТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, ҚР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ЗЕЙНОЛЛА КАБДОЛОВ: ПРОБЛЕМЫ МИРОВОГО И КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ» (IV КАБДОЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ), ПОСВЯЩЕННОЙ ПАМЯТИ АКАДЕМИКА НАН РК, НАРОДНОГО ПИСАТЕЛЯ КАЗАХСТАНА, ЛАУРЕАТА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРЕМИИ РК, УЧЕНОГО, ОБЩЕСТВЕННОГО И ГОСУДАРСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ ЗЕЙНОЛЛЫ КАБДОЛОВА

COLLECTION

MATERIALS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE “**ZEYNOLLA KABDOLOV: THE PROBLEMS OF WORLD AND KAZAKH LITERATURE STUDIES**” (IV READINGS OF KABDOLOV) DEDICATED TO THE MEMORY OF ACADEMICIAN OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, FOLK WRITER OF KAZAKHSTAN, A LAUREATE OF STATE PRIZE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, PUBLIC AND STATE FIGURE **ZEYNOLLA KABDOLOV**.

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 64,25 б.т.
Таралымы 150 дана



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Төкешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Марк